Мерейтойлық әдебиет

Ғабит МҮСІРЕПОВ

Естеліктер

Ғабит МҮСІРЕПОВ

туралы естеліктер

Екінші басылым

«АЛАШ ЖОЛЫ»
Алматы 2012

УДК 821. 521. 122
ББК 84 Қаз-7 83 Қаз7
О 14

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды.

Құрастырушы және суреттерді мұрағаттан жинақтаған: **Сұлтан Оразалы**

О 14 Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер. 2-бас.
Құраст. С.Оразалы. – Алматы: «Алаш жолы», 2012. – 592 бет.

ISBN 978-601-7401-01-6

46418

Өмірімен де, еңбегімен де туған халқының ілтипатына бөленіп, оның сүйіктісіне айналатын ұлдары болады. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин осындай ұлы тұлғалар болды.

Олардың жазушылық өнерін қазақ халқы ғана емес, бүкіл әлем мойындап, шығармалары көптеген шет тілдерде басылды.

XX ғ. қазақ әдебиетінің абыройын асырып, мәртебесін биіктеткен классиктердің бірі, көркем сөздің ұстасы, тапқырлық пен шешендіктің нұсқасы, дарқан дарын, академик-жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов еді.

Кітапта ұлы сөз зергері, халқымыздың алыптар тобындағы ақиықтарының бірі – Ғабит Мүсірепов туралы ұлы тұлғалардың, ақын-жазушылардың, сыншылардың, ғалымдардың, тума-туыстарының естеліктері берілген. Құрастырушы Мемлекеттік мұрағаттағы Ғ.Мүсіреповтің жеке қоры мен оның мұражайында сақталған және жеке адамдардан жинастырылған сирек фото деректерді де кеңінен пайдаланған.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

УДК 821. 521. 122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-7401-01-6

012

© Оразалы С., 2012
© «Алаш жолы», 2012

Құрастырушыдан

Ғабит Мүсірепов – ұлттық шеңберден асып, әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихынан өз орнын ойып алған суреткер. Ол өмір сүрген XX ғ. Батыс пен Шығыстың ең көрнекті жазушыларының жеткен көркемдік деңгейі мен өз халқының мәдениет тарихындағы орнына көз жіберсек, Ғабең солардың ешқайсысынан да олқы түспейді. Керісінше, ол – тұтас бір халықтың проза, драматургия жанрларын өзінің ұлы замандасы Мұхтар Әуезовпен қатар жүріп жасасқан, қалыптастырған, дамытқан, қазақ мәдениетіндегі драмалық, опералық, кино, балет театрларының туып, дамуына һәм осылардың биік дәрежеге жетуіне өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Оның өз заманындағы көптеген ірі суреткерлерден артықшылығы да осында: сегіз қырлы, бір сырлы сирек талантында.

Ғабең ғасырға жуық өмір сүрді. Ал шығармаларында бейнеленген өмір – әлденеше ғасырлардың көркем шежіресі. Ол аса бір мазасыз, қым-қуат, аласапыран заманда ғұмыр кешті. Қазақ халқының басына төнген әлденеше зобаланды көзімен көрді. Зорлық пен жалақорлық, оспадарлық пен даңғазалық, өктемдік пен екіжүзділік мемлекеттік саясатқа айналған дәуірде адамдық адал бетінді сақтап қалу кім-кімге де оңай болған жоқ. Көп адам заманға «бой алдырып, аяғын көп шалдырды» (Абай). Ал Ғабең арын да, абыройын да аман сақтап шықты.

Ол өз заманында қазақ қауымындағы барша зиялы адамдармен аралас-құралас болды. XX ғ. өмір сүрген әдебиет пен өнердің, ғылым мен саясаттың, шаруашылық пен өндірістің тізгінін ұстаған көрнекті адамдардың Ғабеңмен араласпағаны кемде-кем. Олардың жақсы-жаман істері, мінез-әрекеттері ұлы суреткердің назарынан тыс қалған жоқ.

Ол елін емірене сүйді, ерлерін қастер тұтты, ездерін келеке етті. Құдайдың пендесі ретінде қателесті, қамықты, қасірет шекті. Махаббатты ту етіп, сұлулыққа құштар болды. Сүйе білді, өзі де сан арудың сүйіктісі болды. Атақ пен абыройдың тәтті дәмін, қақпайлау мен қудалаудың ащы запыранын бір адамдай-ақ татып көрді. Бірақ қайсар мінез, ер жүрек, табиғи таланты оны жасытқан емес. Өзінің алуан мінез кейіпкерлері тәрізді Ғабең де өте кесек әрі күрделі

адам болатын. Екінің бірі оған жуыса алмас еді, екінің бірі көңілінен шыға бермейтін. Аса кірпияз, сұңғыла, талғампаз ол көп адамнан тез жеритін. Ал көңілі толған адамға құшағы ашық еді.

Бұл – Ғабең туралы замандастарының естеліктері топтастырылған жинақтың екінші басылымы. Алғашқысы 2004 жылы ұлы жазушының 100 жылдық мерей тойынан соң жарық көрді. Ғабең өмірден өткен соң ол туралы естеліктерді жиыстыра бастаған едім, бірақ өкінішке қарай, мардымды ештеңе жазылмапты. Сондықтан Ғабеңнің көзін көрген, үзеңгілес жүрген, ұлы суреткердің қуанышты да, ренішті сәттерінің куәсі болған елуден астам замандастарына: қазақтың көрнекті жазушылары мен өнер қайраткерлеріне, белгілі ғалымдарға хат жазып, өз пікірлерін білдіруді сұраған едім. Ол кезде «Өнер» баспасының директоры болғандықтан қолжазба әзір болса, жазушының тоқсан жылдығы қарсаңында кітап етіп шығаруға кепілдік те бердім. Бірақ мен күткендей нәтиже болмады. Бір жылдың ішінде 15–20 баспа табақ жиырма бес адамнан келіп түскен қолжазбалардың көпшілігі естеліктен гөрі ертеректе жазылған сын-зерттеу мақалалары болып шықты. Сондықтан шағын ғана кітап шығаруды Ғабеңнің ұлық бойына лайық көрмедім. Дегенмен менің бұл талпынысым көп адамға қозғау салды. Қазір көзі жоқ талай ағаларым сол кезде Ғабең туралы жүрекжарды сөздерін жазып үлгерді. Олардың бәрі осы жинаққа кірді.

Жылдар жылжып өте берді. Ұлы суреткердің бейнесі уақыт озған сайын сараланып, дараланып, асқақтай түсті. Естелікке лайық дүниелердің қарасы да молайды. Ол, әсіресе, жазушының бір ғасырлық мүшел тойының қарсаңында көптеп жарық көрді. Кейбір жазушылар алғашқы қолжазбаларын кеңейтіп, жеке кітап етіп бастырды.

Ғабең – халқымыздың тарихындағы ұлы құбылыс, терең сырлы адам, әрі ірі тұлға дедік. Өмірден баз кешкелі ширек ғасырдан аса уақыт өтсе де ол туралы айтылар сөз толастаған емес. Тек соңғы бір жылдың ішінде тың естеліктердің баспасөзде жиі жарияланауы соның дәлелі. Біз бұрынғы кітаптағы әлсіз туындыларды қысқартып, бұл жинаққа мазмұны бай жаңа шығармаларды қостық, әрі Ғабеңнің өмір жолын бейнелейтін фотосуреттерге кеңінен орын бердік.

Фотосурет те – естелік, әрі бұлтарыс-қалтарысы жоқ

нақты дерек. Ғабең өмірінің қас-қағым сәттерін бейнелейтін бұл суреттердің кейбірі тұтас мақалаға жүк болардай. Біз осы кітапты әзірлеу үстінде Қазақстанның Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы жазушының жеке қорын, Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық мұражайы мен туған аулындағы мұражайда бар суреттердің көшірмесін жинақтасақ деп бәрін аралаған едік, бірақ, өкінішке қарай, талабымыз толық жүзеге аспады. Орталық Мемлекеттік мұрағат басшыларына көп алғыс, олар бізді түсініп, қолымызды қақпады, кітаптағы суреттердің 90 пайызы солардан алынғанын айту ләзім. Ал Ғабеңнің мұрасын жинап, насихаттауға бірден-бір міндетті мекеме – әдеби-мемориалдық мұражай басшыларынан ондай қолдауды көрмедік. Азын-аулақ суреттердің көшірмесін берді. Ал ауылдағы мұражайдың іші «жетім қыздың жасауындай» деуге де келмейтін қораш болғандықтан іліп алар ештеңе табылмады.

Осы жерде бір айта кетерлік жай: Ғабең – өмірінде еліміздің төрт бұрышын түгел аралаған, шет жұрттың көп жерін шарлаған, кездескен, арнайы жолыққан, табақтас, дәмдес болған кісілері, жазушы, ғалым, қоғам қайраткері көп адам. Солардың қолында, оларды түсірген фото-кино мамандарында сақталып қалған суреттер мен киносюжеттер аз емес. Осыларды бір орталыққа жинақтап, барлық деректерін: түсірілген уақытын, жерін, уақиғаның себебін, қатынасқан адамдардың аты-жөндерін т.б. анықтап тарихи құжатқа айналдырып отырған ешкім жоқ. Тіпті, әдеби-мемориалдық мұражайдағы суреттердің өзінде де анықталмаған адамдар, деректер жетерлік. Әттең, талап болса, ыждағаттылық жетсе, әрбір құжатты жанашырлықпен іздестірсе әлі де белгісіз көп фотосуреттердің басын құрауға болар еді. Сондай-ақ, осы кітапта шыққан естеліктердің түпнұсқасын мұражайда сақтаса да артық емес. Жылдар өткен сайын олардың құны арта бермек.

Ғабит мұрасы – ұлттық байлық. Оның шығармаларымен коса өзінің өмірі де біздің рухани тарихымыздың жарқын беттері. Сондықтан ол туралы айтылған әрбір әділ сөз, сақталған әрбір дерек келешек ұрпақ үшін де құнды болмақ.

Сұлтан ОРАЗАЛЫ

Мұхтар ӘУЕЗОВ, академик

Реалистік драма жолында

...Енді осы тұрғыдан қарап, қазақ совет драматургиясының III съезден соңғы жылдардан басталған ірі табыстарына тоқтайық. Туған мезгілінде және өзінің қазақ совет драматургиясында алатын орнына қарағанда, осы он бес жыл ішіндегі қазақ драматургиясының ең зор табысы біздің талантты жазушымыз Ғабит Мүсірепов жазған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы болады. Осы пьесаны ұсынып, талдап көрейік. Жоғарыда реалистік пьеса жөнін барлық талабымыздың тірегі, тетігі еткен халде «Қозы Көрпеш» пьесасына қалай қарауымыз керек? Ең алдымен, бұл пьесаның оқшау тұрған өзгеше ірі қасиеттерін атап өтейік.

Белинскийдің айтқанына орай бұл пьеса адам жайында. Ал адамдары сом, салмақты, шебер қалыптанған. Өзінің поэзиялық, психологиялық шындықтарымен аса көркем кейіптелген адамдар бар. Горькийдің пьесаға қойған талабы бойынша – пьеса сюжетті болу керек. Оқиғасы шиеленіскен, қою құрылысты болу шарт. «Қозы Көрпештің» құрылысында бұл зор талап та ақталған. Пьесада халықтық тілге поэзиялық қасиет бітіріп, әсем күйлілік қалпында кестелеген. Бұл пьесаның ішінде жырланған сезімдер, молынан ашылған жеке-жеке мінездер, барлық тартыс атаулының өсіп, өрбуі, шарықтап жетіп, шарт сынып аяқталуы – барлық осы сипаттары өз қалпында, өз орнында үлкен шеберлікпен қиюласқан. Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш» пьесасы – қазақ драматургиясының ғана емес, соңғы он бес жыл ішіндегі бар қазақ әдебиетінің көркем шығарма туғызу жолындағы биік белінің бірі.

«Қозы Көрпеш» пьесасы – қазақ әдебиетінің бір салада ірілеп өскендігінің айғағы. Драматургия құрылысы қиын, ауыр жанр болғанда, «Қозы Көрпештің» жазушысы сол қиыншылықтарды шеберлікпен ақындық, көркемдік ұсталықпен шеше білген. Пьеса осы сипаты арқылы қазақ әдебиетінің қатты өскендік айғағы болып шықты. «Қозы Көрпешті» қазақ әдебиеті өзінің үлкен мақтаны ете алады.

Сондықтан да қазақ театрының сахнасында қазақ совет көрушілерінің көңілінде бұл спектакльдің аса ыстық мәнді, тұрақты қазыналық қадірі бар.

Ал енді осындай ірі қасиеттерін атаумен қатар реалистік пьеса жасау жолындағы ізденіс зор талаптарды еске ала отырып, соны осы ең жақсы деген пьесаның өзіне өлшеу – мөлшер етіп байқасақ, нені көреміз. Көретініміз – бұл пьеса

реалистік пьеса болып шықпайды. Бұл – романтизм үлгісіндегі пьеса.

Екі түрлі романтизмнің – реакциялық революцияшыл романтизм деп бөлінетін жіктерін бұл пьесадағы романтизмге шендестірсек, «Қозы Көрпеште» ол екі романтизмнің екеуі де жоқ. Социалистік реализм үлгісінде жазылған «Қозы Көрпеш» болса, онда біз революцияшыл романтизм пафосына құрылған шығарма дер едік, бірақ бұл пьеса ол қалыпта шықпаған. Идеялық ең мүддесі – халықтың ұғым, сезім, санасы – махаббат азаттығы. Содан ары ескі тақырып көлемінде социалистік реализм әдісімен жазылатын қоғамдық ірі талап, идеялық ірі пафос. Мысалы, ескілік атаулыны әшкерелеу пафосы, соны құрту, жою пафосы дейтін еңсесі биік ойлар бұнда жоқ. Өз орнында, өз дәуірінде, өз тақырыбына сай ағартушылық бағасы бар «Қозы Көрпештің» идеялық салт-санасының ең биіктеп барып жеткен төрі әлгі ғана. Ғабит пен біз жастық, албырттық шақтың ыстық отты сезімі билейтін адамдар емеспіз. Талантты жазушы Ғабиттің табысы мен салмағы, жеткен өрі, көтерілген биігі «Қозы Көрпеш» пьесасы десек, менің өз басым оны Ғабитке жеткіліксіз дер едім.

Шынайы үлкен табыс, үлкен шеберлік өрісі Ғабит үшін «Қозы Көрпеш» алуандас романтизм стилінде емес, ол анау «Оянған өлкедей» боп Қарағанды тақырыбына жазылатын ірі еңбектерде. Реалистік полотно жасау жолындағы өрісте деп кесіп айтар едім. Бұлай дейтін себебім не? «Қозы Көрпешке» қайта оралайық. «Қозы Көрпештің» Ғабит қалыптастырған болмысын, бар тынысын, шығарма ішіндегі шындығын алып қарасақ, осындай шығарма тек қана советтік дәуірдің, социалистік мәдениет құрушы қайраткерінің ғана туғызатын пьесасы ма?..

Жоқ! Менің ойымша, дәл «Қозы Көрпеш» үлгісіндегі халықтық-ағартушылық сананың дәрежесіндегі пьеса XIX ғ., халықтық санадағы жазушының жазуында да мейлінше боларлық шығарма.

Бұл пьеса революциялық романтизм дәрежесіне өзінің барлық аңсағанымен, еңсесімен жетіп болмаған. Романтизм, Шиллер үлгісіндегі романтизм, қайталап айтайын, Шекспир үлгісіндегі де емес, анық «Зұлымдық пен махаббат» стиліндегі, Шиллерше шыққан романтизм «Қозы Көрпеш» пьесасының көркемдік стилі мен ішкі болмыс кенеуін қалыптайды.

Бұл тұста Энгельстің айтқан бір ойын еске алмай болмайды. «Шиллер үшін Шекспирді ұмытпау керек», – деген еді. Сонда

Энгельс Шиллерден нені таппады, Шекспирдің қай қасиетін жоқтады? Менің ойымша, Шекспирдегі романтизм реалистік кеңдікке, даналыққа, кемелдікке қосымша бір сипат есебінде қатысады. Ал Шиллерде болса, романтизм адамды көбінше кең көрсетпейді. Барынша жалындап, өзеуреп тұрғанмен, адамын бір-бір-ақ сезімге, бір-бір-ақ импульске қадалтып алады. Оның адамында анық, дана келген жан-жақты, әр тарау мол диапазонды, кең құлашты кемел сипат болмайды. Сол ерекшеліктер «Қозы Көрпеште» де бар.

Сондықтан да, жоғарыда айтқан поэзиялық, қызықтық, қалың оқиғалы ыстық жалынды жайлардың бәрі де пьесаның ішіндегі адамдарды тараудан да, бір-бір-ақ сезім, бір-бір-ақ сипаттың бірден-бір ғана импульстің адамдары етіп шығарған. Мысалы, Қарабай – тек сараңдық импульстің құлы. Жантық – тек қана шағымқой, аярлық импульсін ұстанады. Қодар – негізінде жалғыз ғана қызғаныштың тұтқыны. Қозы мен Баянда жақсы сезім, сұлу сезім болса да, тек қана махаббаттың сусағандары, тұтқындары болады да қояды. Осы жайды пьесадағы жаңағы аталған басты геройдың бәрінің сөздерінен, сезімдерінен айқын көреміз. Аңсағандары мен әрекеттерін білдіретін сөздерін алсақ, соның тоқсаны бір-ақ сарын болады. Рас, «Қозы Көрпеш» жазылатын қарсаңында әдебиеттік, тарихтық бір жағдай болады. Барлық совет әдебиеті көлемінде біз «Шекспирден үйрену» деген жақсы бір аңғардың соңында жүрдік. Соған бой ұру салдарынан «Қозы Көрпештің» ішінде Ягодай шағымқой аярдың қазақ топырағындағы егізінің сыңары боп Жантықтың туғаны рас. Бірақ, сол Жантықтың бір өзінің келуімен Шекспирлік сипат келмейді екен. Ягоның ар жағында күнес белдей болып Отелло, Дездемона психологиясы тұр. Олардың адамдық кең, өзгеше терең және аса шыншыл сипатталған бейнелері жатқанда, Яго бірақ импульстің адамы боп жүре беруге болар еді. Ал «Қозы Көрпеш» барлық идеялық көркемдік бітімін биікке көтеріп әкетпеген. Адамдар ылғи біржақты ғой, олар бір-ақ қана қырларынан көрінеді. Сондықтан әр образдың реализмге шарт болатын кеңдігімен жан-жақтылы болмайды. Қаншалық қызықты, әсерлі қою оқиғалы болғанымен, «Қозы Көрпеште» толысып жетпеген шығармашылық жастық ыстық та болса, жалынды да болса, тар тынысы танылып тұрады. Оның ең үлкен себебі кейбір реалистік элементтер болғанымен, пьесаның негізгі стилі романтизм арнасында қалғандықтан. Рас, Ғабит Мүсіреповте реалистік әдіспен социалистік реализм дәстүрінде жазылған басқа пьеса бар. Ол «Қозы Көрпештен» мүлде бөлек стильде қалыптанған Амангелді жайындағы

пьесалар. Тегінде Амангелді әрекетіне байланысты Ғабит жазған отызыншы жылдар ішіндегі алғашқы вариант пьесаның өзі де реалистік стильде қалыптанған болатын. Бері келе Ұлы Отан соғысынан кейін Ғабит сол Амангелді тақырыбына тағы оралып, жаңа, тың вариантта соңғы пьесасын жазды. Тақырыптық, образдық, сюжеттік, барлық мазмұн санасымен, тіл, сезім, әрекет атаулысымен бұл пьесадағы жағымды, жағымсыз бейнелердің бәрі де, көбінесе шындық, реалистік үлгіде қалыптанады.

Реалистік стильді өнімді шығармашылық оймен қолданғандықтан негізінде әр адам өзінің тарихтық ортасында сенімді күйде суреттеледі. Кейіпкерлердің кеудесіне келетін сезімі, тіліне оралатын сөзі, қайраты мен әрекеті, қимылқажыры, мінездері тегіс заманына лайықты шындықпен беріледі. Бұл адамдардың жаңағы санаған сезімі, ойы, істері, мінездері Ғабиттің суреттеуінде, әсіресе «Амангелдінің» соңғы вариантында типтік жағдайда жаратылған типтік образдардың сипатын танытады. Бірақ, сонымен қатар, реалистік пьеса бағытында қалыптанған «Амангелді» пьесасының да барынша толық үлкен көркемдікке жете қоймауына себеп боп тұрған едәуір кемшілік-олқылықтары бар. Соның ең бастысы, «Амангелді» тақырыбын жазуда Ғабит бір пьесаның көлеміне сыймайтын екі дәуірді бір Амангелді арқылы тұтас көрсетем деп жаңсақ басып жүрген сияқты. 1916 жылғы Амангелді, азамат соғысы кезіндегі Амангелді біздің ойымызша екі пьеса болмаса бір пьесаға сыймайтын тарихтық тақырыптар. Сондықтан да «Ленин Октябрьде», «Ленин 1918 жылда» немесе «Мылтықты адам» сияқты тартыс алынады емес пе?

Осы жағынан қарағанда, аясы аз пьеса көлемінде шарасыздық күйге өзін-өзі салған авторлар «бар Амангелділік әрекеттерді бір-ақ береміз» деп талпынады да, арман еткен мүддесіне жете алмай қалып отырады.

«Амангелді» жөнінде қызық, қою тартысты, күшті пьеса жасау үшін аз мезгілдің тартыс-тайталасын шоқтай қып жия суреттесе, сол пьесаның сәті оңайырақ түсер еді. Болмаса Ғабиттің мынау пьесасында жаңа тарихтың таңында, аяғына оралып жүрген, типтік жаңасы жоқ хандықтың пьесадан орын алуы лайықсыз сияқты. Осымен қатар, реалистік образ жасауда «Амангелді» пьесасында кейбір адамдардың, соның ішінде әсіресе, жағымды зор кейіп Амангелдінің өзінің және Петр Логинов тәрізді орыс халқының жағымды өкілі болған адамның образдарын бейнелеуде реалистік қонымды шындыққа қабыспайтын көріністер бар.

Амангелдінің алғаш сахнаға шыға көрсететін кейбір өз әрекеттері, мысалы, приставты атқа өңгеріп алып қашып кетуі, Эверсман жандаралдың алдында тағы атқа міне шапқылай жөнелетіні, аспаннан құс атып түсіретіні тәрізді кинонын әдісіне қызудан туған жасандылықтар бар.

Сонымен қатар кей кезеңдердегі Амангелдінің диалогтары, мысалы: Зілқарамен сөйлескендегі сөзі – ұзақ, тұзсыз, драмасыз, солғын жүріп жатады. Қысыр кеңес, іш пыстырар жай сөздер, драмалық шығармалардың көркемдік қасиетіне өзінің сылбыр созалаң, шикілеу қалыптарымен көп залал келтіреді.

Ал адамның сөзі мен сезімін, мінезін алғанда Тымақбай образы қызық шыққан, көркем шыққан образ болмағаны жарамсыз. Тымақбай – қоғамдық сырына қарағанда жағымсыз ортаның жат адамы. Бірақ соған өлшеусіз, көп күлдіргі, жазықсыз простак сипаты сынсыз берілген тәрізді.

Ал, осы пьесадағы орыс халқының ең жақсы өкілі Петрге келгенде Тымақбай үшін табылған типтік сезім, типке лайық тіл табылмаған. Оның орайына Петрдің образын Ғабит тіл мен сезім жағынан жеңіл, үстірт жасаған. Бұл пьесадағы Петр атты орыс болғанымен сөйлер сөзде, пьесаның ең қымбат сырлы өзгеше материалы – тіл жөнінде нағыз қарапайым қазақ боп қалыптанады. Петр: «әйтеуір бір кірбең бар арамызда», – дейді. Осында «кірбең» деген сөз тек қазақтың ғана аузында және өте анайы қазақтың аузында болатын сөз. Петрдің тағы бір төмендегідей диалогы бар: «Үйкүшік боларын сезінген қазымыр жанның дәрменсіз қыжыртуы да әшейін, басқа не бар дейсің?» – деп сөйлейді. Осылайша фольклорлық теңеу қолданып, қазақтың ескі шешендік үлгісінде осынша оюлап, кестелеп сөйлеу Петр образына мүлде қонбайды.

Петрдің кадеттер туралы айтатын кейбір сөздері, сөйлемдері мүлде жабайы қазақы тілде айтылады. Бір емес, пьесаның өн бойында осылай өз бойына, образына, болмысына қонбайтын тілмен жағымды геройдың сөйлеуі оны суреттеген бояуды көп жерде жалған бояу етеді. Ендеше осындай тұстарда пьеса реалистік, өмірлік, шындық талаптарынан табылмай қалып отырады.

Негізгі қазақ совет драматургиясының реалистік пьеса жасау бағытында туған «Амангелді» пьесасының осы алуандас олқылықтары бар. Бірақ қалай да бұл пьеса соңғы жылдардағы реалистік пьеса сипаттарын шебер жазушысының тілімен едәуір елеулі етіп танытып тұрған шығарманың бірі болады.

Сәбит Мұқанов, академик

Ғабит Мүсірепов туралы

(Қысқаша биографиялық очерк)

I. Ғабиттің ата тегі туралы

Ескі ауылдың тілімен айтқанда, Ғабитпен мен руласпын. Екеуміздің де арғы атамыз – Керей. Керейді «Ашамайлы», «Абақ» деп екіге бөлгенде, біз «Ашамайлыға» жатамыз. Ашамайлының басым көпшілігі – Совет Одағында (кейбір шежіреші карттардың айтуынша, бертінде жүз болыстай ел болған деседі). Абақтың басым көпшілігі – Қытай мен Моңғолияда (Оларды алпыс болыс болған деседі). Ашамайлы ішінде біз Сибанбыз. Одан Ерімсары, Қортық, Күнгене, Шоқыматар, Шимойын. Бастапқы үшеуінің ұрпақтары, қазіргі Қостанай облысының Ұзынкөл және Урицкий аудандарында және Солтүстік Қазақстан облысының Преснев, Октябрь, Ленин аудандарында тұрады. Шоқыматар – Ақмола облысының қазір Сталин ауданында. Шимойынның үшінші тоқалынан Жылыбай, Қосай деген кісілер туған екен. Қосай менің жетінші атам. Бастапқы екі «шешемізден» туған балалардың біразы Семей облысының Шұбартау ауданында, басым көпшілігі Моңғолияда сияқты.

Ғабит Сибан ішінде – Қортыққа жатады. Қортықтан Тоқпамбет, Сейіт туған екен. Тоқпамбет тұқымы өсіп, біздің заманда екі старшин ел болды. Сейіт тұқымы өспей, жалғыз-жалғыздан туып келді де, ең соңы менің Зәуре дейтін апамнан туған жиенім – Нұрке (Нұрсұлтан) Сүлейменов, Совет Армиясында кіші офицерлік қызметте жүріп, Ұлы Отан соғысы күндерінде ерлікпен қаза тапты, сонымен Сейіт ұрпағы бітті!..

Ғабит Тоқпамбет ішінде Беспайға жатады. Осы арада бір кішкентай «кілтипанды» айта кету керек. Ғабит туған ауылды, Сибан ішінде «Түрікпен» дейді. Оның себебі мынау: Беспайдың сегіз ұлының бірі – Тасболаттан Қуат, Сәдір деген екі ұл туады екен. Тасболат бай болған екен, оның қалың жылқысын бақтыруды баласы – Қуат басқарады екен. Бір күндері Қуат жайылған жылқыны аралап жүрсе, бір жас жігіт атын қаңтарып, жерде ұйықтап жатыр екен дейді. Қуат оятып жөнін сұраса «Затым түрікпен, батыр жігіт ем, ханымызға қарсы болам деп қуғынға ұшырадым да, осылай қарай қаштым, ұлы жоққа ұл болуға әзірмін», – депті. «Ендеше маған ұл бол», – депті Қуат. Жігіт соған көнгеннен кейін, атын Жолғұтты қойып, үйіне алып келіпті де, Әділбай

Амангелдінің алғаш сахнаға шыға көрсететін кейбір өз әрекеттері, мысалы, приставты атқа өңгеріп алып қашып кетуі, Эверсман жандаралдың алдында тағы атқа міне шапқылай жөнелетіні, аспаннан құс атып түсіретіні тәрізді кинонын әдісіне қызудан туған жасандылықтар бар.

Сонымен қатар кей кезеңдердегі Амангелдінің диалогтары, мысалы: Зілқарамен сөйлескендегі сөзі – ұзақ, тұзсыз, драмасыз, солғын жүріп жатады. Қысыр кеңес, іш пыстырар жай сөздер, драмалық шығармалардың көркемдік қасиетіне өзінің сылбыр созалаң, шикілеу қалыптарымен көп залал келтіреді.

Ал адамның сөзі мен сезімін, мінезін алғанда Тымақбай образы қызық шыққан, көркем шыққан образ болмағаны жарамсыз. Тымақбай – қоғамдық сырына қарағанда жағымсыз ортаның жат адамы. Бірақ соған өлшеусіз, көп күлдіргі, жазықсыз простак сипаты сынсыз берілген тәрізді.

Ал, осы пьесадағы орыс халқының ең жақсы өкілі Петрге келгенде Тымақбай үшін табылған типтік сезім, типке лайық тіл табылмаған. Оның орайына Петрдің образын Ғабит тіл мен сезім жағынан жеңіл, үстірт жасаған. Бұл пьесадағы Петр атты орыс болғанымен сөйлер сөзде, пьесаның ең қымбат сырлы өзгеше материалы – тіл жөнінде нағыз қарапайым қазақ боп қалыптанады. Петр: «әйтеуір бір кірбең бар арамызда», – дейді. Осында «кірбең» деген сөз тек қазақтың ғана аузында және өте анайы қазақтың аузында болатын сөз. Петрдің тағы бір төмендегідей диалогы бар: «Үйкүшік боларын сезінген қазымыр жанның дәрменсіз қыжыртуы да әшейін, басқа не бар дейсің?» – деп сөйлейді. Осылайша фольклорлық теңеу қолданып, қазақтың ескі шешендік үлгісінде осынша оюлап, кестелеп сөйлеу Петр образына мүлде қонбайды.

Петрдің кадеттер туралы айтатын кейбір сөздері, сөйлемдері мүлде жабайы қазақы тілде айтылады. Бір емес, пьесаның өн бойында осылай өз бойына, образына, болмысына қонбайтын тілмен жағымды геройдың сөйлеуі оны суреттеген бояуды көп жерде жалған бояу етеді. Ендеше осындай тұстарда пьеса реалистік, өмірлік, шындық талаптарынан табылмай қалып отырады.

Негізгі қазақ совет драматургиясының реалистік пьеса жасау бағытында туған «Амангелді» пьесасының осы алуандас олқылықтары бар. Бірақ қалай да бұл пьеса соңғы жылдардағы реалистік пьеса сипаттарын шебер жазушысының тілімен едәуір елеулі етіп танытып тұрған шығарманың бірі болады.

Сәбит Мұқанов, академик

Ғабит Мүсірепов туралы

(Қысқаша биографиялық очерк)

I. Ғабиттің ата тегі туралы

Ескі ауылдың тілімен айтқанда, Ғабитпен мен руласпын. Екеуміздің де арғы атамыз – Керей. Керейді «Ашамайлы», «Абақ» деп екіге бөлгенде, біз «Ашамайлыға» жатамыз. Ашамайлының басым көпшілігі – Совет Одағында (кейбір шежіреші карттардың айтуынша, бертінде жүз болыстай ел болған деседі). Абақтың басым көпшілігі – Қытай мен Моңғолияда (Оларды алпыс болыс болған деседі). Ашамайлы ішінде біз Сибанбыз. Одан Ерімсары, Қортық, Күнгене, Шоқыматар, Шимойын. Бастапқы үшеуінің ұрпақтары, қазіргі Қостанай облысының Ұзынкөл және Урицкий аудандарында және Солтүстік Қазақстан облысының Преснев, Октябрь, Ленин аудандарында тұрады. Шоқыматар – Ақмола облысының қазір Сталин ауданында. Шимойынның үшінші тоқалынан Жылыбай, Қосай деген кісілер туған екен. Қосай менің жетінші атам. Бастапқы екі «шешемізден» туған балалардың біразы Семей облысының Шұбартау ауданында, басым көпшілігі Моңғолияда сияқты.

Ғабит Сибан ішінде – Қортыққа жатады. Қортықтан Тоқпамбет, Сейіт туған екен. Тоқпамбет тұқымы өсіп, біздің заманда екі старшин ел болды. Сейіт тұқымы өспей, жалғыз-жалғыздан туып келді де, ең соңы менің Зәуре дейтін апамнан туған жиенім – Нұрке (Нұрсұлтан) Сүлейменов, Совет Армиясында кіші офицерлік қызметте жүріп, Ұлы Отан соғысы күндерінде ерлікпен қаза тапты, сонымен Сейіт ұрпағы бітті!..

Ғабит Тоқпамбет ішінде Беспайға жатады. Осы арада бір кішкентай «кілтипанды» айта кету керек. Ғабит туған ауылды, Сибан ішінде «Түрікпен» дейді. Оның себебі мынау: Беспайдың сегіз ұлының бірі – Тасболаттан Қуат, Сәдір деген екі ұл туады екен. Тасболат бай болған екен, оның қалың жылқысын бақтыруды баласы – Қуат басқарады екен. Бір күндері Қуат жайылған жылқыны аралап жүрсе, бір жас жігіт атын қаңтарып, жерде ұйықтап жатыр екен дейді. Қуат оятып жөнін сұраса «Затым түрікпен, батыр жігіт ем, ханымызға қарсы болам деп қуғынға ұшырадым да, осылай қарай қаштым, ұлы жоққа ұл болуға әзірмін», – депті. «Ендеше маған ұл бол», – депті Қуат. Жігіт соған көнгеннен кейін, атын Жолғұтты қойып, үйіне алып келіпті де, Әділбай

деген баласы өліп, жесір отырған келінін қосыпты. Жолғұтты сіңісіп жақсы бала болып кеткеннен кейін, балалы-шағалы болғаннан кейін, Қуат енші беріп «Қояншоқ» дейтін ағашты, шұрайлы жеріне қыстау салдырады.

Жолғұттыдан Еламан туған екен. Менің ауылымның қазіргі мекенінде «Еламан» атты көл бар. Жолғұттының да, Еламанның да зияраты осы көлдің теріскей жағындағы дөңесте. Ескі зияраттардың үстіне қалың шие шығады.

Еламаннан әлсіреп, Мүсіреп, Кенжетай туады. Мүсіреп орта дәулетті кісі екен дейді. Ол сөзге шешен, іске қажырлы адам болса керек. Сондықтан, Сибан ішінде ғана емес, бүкіл керей руында әрі бай (бес мың жылқысы болған), әрі ірі феодал болған, әрі батыр боп, патша үкіметінің әскерін бастап Кенесары Қасымовты арқаға қарай айдап тастаған, сол қызметі үшін Хорунжи чинін алған, XIX ғ. орта кезінде, Құсмұрын дуанының Сұлтан-Правителі Шыңғыс Уәлихановты түсіріп, орнына Сұлтан-Правитель болған Есеней Естемесов, Мүсірепті оң қолы ғып ұстап, өз ауылының қасынан қоныс беріп, қыстау салдырған. Дөңес жерге жалдана біткен бұл ағаштың атын «Елтін жалы» дейді. Елтін – Қыпшақтың Күрлеуіт руынан шыққан адам екен, өзі – Есенейдің туған апасын алған жездесі екен. Елтіннің әкесі – Нияз:

Абылай аспас Арқаның сары белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.
Қырық мың жылқы түссе де лайланбас,
Нияздың Аюлы мен Қаракөлі, –

деген өлеңдегі Нияз. «Нияздың Қаракөлі» Баян мен Ереймен тауларының арасында екені мәлім. Қалың Күрлеуіт елі де сол маңайда деседі. Есеней Елтінді қасына содан көшіріп алған. Артынан басқа күрлеуіттер де келе бастап, жеріне сыймайтын болған соң, Есеней оларға Қостанай облысының қазіргі Урицкий ауданынан жер берген. Қазір оларда үш колхоз күрлеуіт бар. Шоқан Уәлиханов 1841 жылы «Едіге батыр» жырын жазып алған Күрлеуіт Жаманқұл (Шоқанда қатеден «Жұмағұл» аталған) ақын осы арадағы Күрлеуіттен шыққан. Елтінді басқа қоныска көшіргеннен кейін, оның мекенін Есеней Мүсірепке берген. Ауыл шаруасы колхоздануға дейін, Түрікпен ауылы Елтін жалын мекендеп келді. Қазір ол Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы «Жаңажол» аталатын Ғабиттің туған ауылының қарамағында. Ертерек кезде, кейбір шығармасына Ғабиттің «Елтін жал» деп қол қоятын себебі осыдан.

Мүсірептен Кәжімбай, Ботбай туады. Кәжімбай момын мінезді, кедей шаруа болған, шаруа бағудан басқамен айналыспаған адам. Осының қылығындағы ерекшелік – ұмытшақтық пен ұйқышылдық екен. Осы жайында, ел ішінде тараған неше түрлі қызық әңгімелер бар. Кәжекең 1931 жылы, тоқсан бір жасында қайтыс болды. Сонда сақал-шашы ағарған жоқ. Ботбай елдегі маңғаз жігіттердің бірі болған, ол палуан да, шешен де, әнші де, қобызшы да, күлдіргі де адам екен. Дәулеті шағын бола тұра, ол жазғы, қысқы үйлерін таза ұстаған, өмір бойы әдемі киінген, жақсы ат мінген, сері болған кісі. Есенейдің мал-мүлкіне ие болған күйеуі (Есенейде ұл бала болмаған) – Торсан Тілемісов, өзі болыс кезінде Ботбайды төрт биінің бірі қып ұстаған. Кейін Ботбай Торсанмен араздасып, өмір бойы дауласып өтті. Ботбай 1911 жылы, 56 жасында қайтыс болды.

Кәжімбайдан: Мақмет (Мақмұт), Ақан, Мақан, Самырат туады. Мақметті (Ғабиттің әкесі) Мүсіреп бауырына салады да, Кәжімбайға енші бергенде алып қалады. Мақмет сол үйде өсіп, сол үйде үйленіп, сол үйден енші алып шығады. Мақметтің әйелі – Дина, Обаған бойын жайлаған Шекті руында (Арғынның бір бұтағы) Оңғарбай деген кісінің қызы екен. Түрікпен ауылынан атпенен екі-үш күндік бұл елден, Динаны Мақметке, ат үстінде көп жүретін Ботбай айттырған екен деседі. Мақмет мұсылманша сауаты бар, кітап, газеттерді қарап отыратын, ақылды, парасатты кісі еді. Оның бір сайлауда ауылдық старшын болғаны да бар. Дина үлкенге келін боп, кішіге жеңге боп, жастарға шеше боп жаққан, мінезі биязы, пейілі кең, асы дәмді, абысын-ажын арасында ұйымшыл, ақылды болған кісі. Ол менің кіндік шешем. Мен Түрікпен ауылында туған екем де, жерден Ботбайдың бәйбішесі – Тұрағұл көтеріп ап, кіндігімді Дина кескен. Сондықтан да ақылды, пейілді адам болғандықтан да, Дина апайды өле-өлгенше сыйлап, алдынан кесе-көлденең өткен жоқпын, сыпайылықтан басқа сөз айтқан жоқпын. Дина 1959 жылы 82 жасында қайтыс болды. Шаруасы кедей Кәжімбайдың өзге балалары – Ақан, Мақан, Самырат өмірлерінің көпшілігін жалшылықта өткізді. Ақан мен Самырат ертерек өлді. Мақан (бұл кәдімгі «Өмір мектебінде» сипатталатын жылқышы – Мақан әлі тірі) жалшылықтан ол ауыл шаруасы колхозданғаннан кейін босанды. Бала-шағасы өскен, өзі де еңбекші ол, туған ауылы – «Жаңажолда» соңғы отыз шақты жылда жақсы тұрып келеді. Қазір оның жасы сексенді алқымдап қалған болу керек.

Мақметтен: Хамит, Сәбит, Ғабит, Баязит, Гүлсім, Әшім туады. Хамит оқу жасына жараған шақта, сол елге («Сағындық ауылы» дегенге) Уфа қаласындағы медресе Ғалияда оқып

жүрген Камал Жайсақов (Қаз дауысты Қазыбектің ұрпағы) келеді де, жаз айларында мұғалімдік құрады. Бұрын қадымша аздап оқыған Хамит, «төте оқу» аталған жәдиттен тез сауаттанып, шәкірттердің алдыңғы қатарында болады. Революция жылдарында, Хамит қысқа мерзімді курстан өтіп, 1917 жылдың күзінен өз еліндегі бастауыш мектепке мұғалім болады. Мен өзім де 1918 жылы Хамит сабақ берген мектептен қазақша сауатымды аштым. Сонан бері алдынан жүздеген балаларды өткерген (олардың көбі даңқты кісілер боп кетті) Хамит ағай (1894 жылы туған), сол мектепте әлі күнге дейін мұғалім. Қырық жылдан астам ауылдық мектепте қызмет сіңірген бұл қадірлі адамның кеудесінде Ленин ордені жарқырайды.

Сәбит («Түрікпен тұқымы өскелең» деп, менен бұрын ұлы болмаған әке-шешем, маған осы Сәбиттің атын қойған) жұмысшы жігіт еді. Мақмет үйінің дөңгелек шаруасын бақканнан басқада жұмысы жоқ ол, 1936 жылы қайтыс болды. Ғабит туралы кейінірек айтамыз. Баязит көп жылдан бері партия мүшесі. Ертеректе мұғалім де болған, аудандарда советтік қызметтер де атқарған ол, кейінгі жылдарда газет қызметкері. Қазір Қостанайдағы «Ленин жолы» газетінде. Гүлсім де көптен бері ауылдық мұғалім. Шешек дертінен бала шағында құлағы кеткен Әшім зеректікпен жақсы сауат үйреніп, ертеректе баспа орындарында қызметкер еді, соңғы жиырма шақты жылда туған ауылына барып ұсталық қызметіне орналасты. Сонан бері сол қызметте.

II. Ғабиттің өз өмірі туралы

Оның азанмен қойған аты – Ғабде-әл Ғабит. Бұл арабша – «Құлдың құлы» деген сөз. Ғабиттің бір кезде, кейбір жазуларына осылай қол қойып жүрген шағы болды.

Ғабит документтерінде «1902 жылы туған» болып жүреді. Отызыншы жылдардың ар жағында, оның документтерінде «1900» цифрі болатын. Осы «қайшылықтың» себебі неде?

Өзара ойнағанда, біз Ғабиттің мұнысын «жасырғысы келуі» деп дәлелдейміз. Онымыздың жаны да бар, өйткені жүріс-тұрыс жағынан, киіну-сәндену жағынан, жігітшілік не аңшылық құру жағынан қазіргі қазақ жазушыларының ішіндегі серіміз де салымыз Ғабит екені рас. Мұндай адамның көп көзіне жасырақ көрінуге тырысуы да табиғи іс.

Осы жайда тағы бір ойынымыз бар: Отан соғысынан кейінгі жылдардың бірінде, Алматыға, Ғабиттің үйіне Дина апай келіп, мәжілістесіп отырғанымызда, мен ол кісіден Ғабиттің туған жылын сұрадым. Сонда Дина апай, «қай

жылы екенін қайдан білейін» – деді де, маған «қазақша жыл қайыра білуші ме едің?» деген сұрау қойды. Мен «білем» дедім. «Ендеше, – деді Дина апай, – Ғабит та, сен де сиыр жылы туғансыңдар: сен басында, Ғабит аяғында. Содан санап ала бер!

Санаған шағымызда, Ғабиттің да сөзінің жаны бар болып шықты: мен туған жылдың «сиыры» – 1900 жыл болар деп жүрсем, анық бір мәліметте» 1901 жыл» екен. Қазақша жыл наурыз айымен, яғни марттың жиырма екісінен басталады. Сонда, егер мен 1901 жылдың апрелінде тусам, (бұл жасымды Ғабитша дұрыстауға тырысқан жоқпын, себебі – бір жас жасарғанда қайда барам?!), сиыр жылының аяғында туған Ғабит, әрине 1902 жылы туған болады.

Мақметтің шаруасы дөңгелек болғанын жоғарыда айттық. Бірақ, ол, бірінші жақтан – Ботбай қолынан енші алғандықтан, екіншіден – Кәжімбайдың басқа балаларына сүйенгендіктен, өзі жалшылықта жүрмеген, «ел адамы» аталатындардың санатына қосылған кісі. Шаруасы шағын бола тұра, ол үлкен ұлы Хамитті жалшылыққа бермей оқытқан, Хамит мұғалімдікке ілінген соң, Мақметтің шаруасы аздап түзеле бастаған. Дегенмен, Хамиттің аз табысы көп жанға көмек бола алмаған соң, малтүлігі болған шақтарында Мақмет, Сәбит пен Ғабитті жаз маусымдарында жалшылыққа да берген. Ғабит мысалы, 1914–1915 жылдардың жазында, ауылдың қасындағы Исаевка селосының сиырларын жаяу бағуға жалданды.

1916 жылдың жазында, Ғабиттің нағашысы – Оңғарбайдың балалары (аттарын ұмыттым) приемға ілігеді де, қолында шаруаға жұмсар адамы қалмаған Оңғарбай, Ғабитті үйіне алып кетеді. Ғабит сол үйдің қолғабыс жұмысында жүрген шақта Февраль революциясы болады да, Оңғарбайдың майдан жұмысына кеткен балалары қайтады, Ғабиттің қолы жұмыстан босайды. Енді не істеу керек…

Сол ауылда, Ыбырай Алтынсарин жүйесімен ашылған орысша-қырғызша (қазақша) бастауыш мектепте қызмет атқарып жатады екен, учителі – қазақ әдебиетінің революциядан бұрынғы ақындарының бірі, 1913 жылы «Жиған-терген» деген атпен өлеңдер жинағы шыққан, демократтық бағытта болған, ауыл мектебінде елу жылдай үздіксіз еңбек атқарып, кеудесіне Ленин орденін қадаған, Коммунистік партиясының мүшесі, Ұлы Отан соғысынан кейін, қартаң жасында қайтыс болған – Бекет Өтетілеуов. Ғабиттің айтуынша, бұл Бекет патша үкіметіне де, Алашордаға да қарсы болған адам.

– Патша тақтан құлады деген хабар анықталғаннан кейін, –

деді Ғабит, – бұрын міндетті түрде, школаның төрінде ілулі тұратын II Николайдың портретін Бекет жұлып ап жерге тастап, оқушы балаларға тепкілетті. Патшаның кім болғанын, Февраль революциясының не екенін мен 1917 жылы, мектеп қабырғасында, Бекет Өтетілеуов аузынан есіттім.

1917 жылдың алты айында Бекет школынан орысша оқыған ересек Ғабит, тілі жетілмегенмен, орыстың жазу-сызуына төселіп, бастауыш білімді еңсеріп тастаған сияқты. Сол жылдың күзінде еліне қайтқан Ғабитті, әкесі жалшылыққа салмай, қазақша – Ыстап, орысша Пресногорьковка аталатын казак-орыс (казачество) станицасындағы «бастауыштан жоғары» аталатын орысша жеті жылдық школаға сабаққа береді. 1918 жылдың көктемінде, ағасы – Хамиттің мектебінен сауатымды ашып жүрген шағымда, Ғабиттің менен орыс тілінен экзамен алатыны («Өмір мектебінің» бірінші кітабының аяқ жағын қараңыз), маған достебреннің (удостоверение) «үлгісін» жазып беретіні осы школадан оқып жүрген шағы.

Одан кейін, Ғабитті мен 1920 жылдың қысында Ыстапта оқуда жүрген күндерінде жолықтырдым. Қазақтар Ыстапты орысша «штаб» деген сөзден бұрмалап алған. Патша өкіметі қазақ даласын отарлаған шақта, Орал, Орынбор, Петропавл, Омбы, Семей, Өскемен аталатын қалалар салып, солардың арасына казак-орыс станицаларын тартқан ғой. Сол кезде Тройцкий мен Петропавл арасындағы ең зор станица осы Пресногорьковка болып, соғыс штабы орнап, атаман сонда тұрған. Қазақтардың «Ыстап» деуі содан. Жыл сайын, көктем кезінде Ыстапта үлкен жәрмеңке ашылып, алыс жерлердің саудагерлері келеді екен. Ыстапта сабынның, былғарының, пиманың, ұнның кішірек зауыттары болып, маңайдағы көшпелі ауылдар, осы бұйымдарды солардан алған. Ыстап бертінде мәдениеттің де орталығы болып, орталау школасынан бірталай қазақ балалары оқып шықты да, артынан көрнекті қызметкерлер болды. Мәселен: Ақмола губерниялық сотының председателі болып жүріп, 1927 жылы өлген Қажығали Қосаев, республикалық прокуратурада жауапты қызметте жүріп, отызыншы жылдардың аяғында қайтыс болған Махмуд Таукин, Қазан қаласында теміржол инженері болып жүріп, жеке адамға табынушылықтың құрбаны болып кеткен Сәруар Ташатов, көп жыл партиялық қызметте келе жатқан Өмірзақ Данияров, офицерлік қызметте жүріп Ұлы Отан соғысында ерлікпен қазаға ұшыраған Қази Есенәлин, тағы басқалар. Ғабит осылармен бірге оқыды.

Ғабитке мен 1920 жылдың қысында азық-түлік разверстка-

сының отрядын басқарып жүрген шағымда жолықтым. Мен ол кезде орыстың әрпін таныққаннан басқа оқуын білмеймін. Орысша тілім «нан жеу» мен «бұйрық беруге» ғана жетеді. Сондықтан ба, әлде, рас солай ма, Ыстапта оқып жүрген Ғабит маған «орыс тілінің профессоры» сияқты көрінді. Ал, саяси мәселеде мен оған «ұстаз» екем. Ыстапта оқып жүрген ересек қазақтар (ішінде Ғабит те бар), қазақ аузынан Совет өкіметінің жайын менен ғана естіген сияқтанды.

Одан кейін Ғабитті көруім – 1922 жылдың күзі. Көріспеген азғантай уақытта, Ғабиттің басынан бірталай оқиғалар өтіп қапты, жиырма бірінші жылдың февраль айында, сол маңайдағы құлақтар мен байлар Совет өкіметіне қарсы көтеріліс жасағанда Ғабит сол араның қызыл партизаны – Дмитрий Ковалевтің отрядында болып, бандыларды жойысыпты. Одан кейін «Таузар» деп аталатын болыстың соғыс бөлімін басқарғанда ол бөлім жойылып, Ғабит үйінде қызметсіз жүр екен. Оған табан аузында қызмет ұсындым: сол кезеңде, біздің арада қазақша – Жекекөл, орысша – Благовещенка аталатын селода, қазақтың аудандық милиция штабы құрылатын болып, начальнигіне біздің елдің атақты байы және белді феодалы – Абылай Рамазановтың баласы – Сұлтан (орысша «реальное училище» орта школаны бітірген жігіт) тағайындалған екен; мен бұл кандидатураны ұнатпап ем, губерния милиция начальнигі Зікірия Мухеев: «Жоғарыда бекіліп қалды, бұзуға болмайды, оған жақсы орынбасар табу керек», – деді. Сонда менің есіме көптен көрмеген, бірақ нелер істегені сырттан естіліп жүрген Ғабит түсіп, Мухеевке «осындай жігіт бар» деп ем, ол «ризаласса тағайындайық» деді.

Ғабит менің ұсынысымды қабылдады да, 1923 жылдың жазына дейін Жекекөл милиция штабында начальниктің орынбасары болып қызмет атқарды. Оның мінезі жалпы каталдау адам. Жас кезінде тіпті қатал болып, байларды, әсіресе ұрыларды өте қысып ұстаған. Сондықтан болу керек, 1922 жылдың күзінде Орынбор рабфагына оқуға түсіп, 1923 жылдың жазында каникулға Петропавлға келсем, губерниялық милицияға Ғабиттің үстінен шағымдар түсіп қалған екен. Осы жайды басқарушы жолдастармен кеңескенде, Ғабиттің Орынбор рабфагына оқуға кеткенін мақұл көрдік. Бұған ризаласқан Ғабиттің ауылынан оқуға қалай аттанғаны, «Өмір мектебінің» екінші кітабында суреттелгендіктен, бұл арада қайталамаймын.

Орынборда Ғабит екеуіміз әуелі Сәкен Сейфуллиннің пәтеріндегі (ул. Деевская, 5) қараңғылау кішкене бір

бөлмеде тұрдық. Мұнда екі кереует сыймағандықтан, бір темір кереуетте құшақтасып жататын едік. Тұрақ жайынан ыңғайсыздық көргенмен, тұрмыс жағымыз жаман болған жоқ. Мен сол жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитетіне мүше боп сайланғам. Мүшелерге ол кезде червонец аталатын ақшамен айына 75 сом беріледі. Ол тіпті көп ақша: мәселен, қойдың құны ол ақшамен бес сом, жүн матаның жақсы костюмі – он бес, жиырма сом, жаңа хром етік он, он бес сом... сондай арзаншылықтан да және «қазақшылығымыз» бойымыздан арылмаудан да болу керек, екі бойдақ жігіт, соқа қара басымыз тұрып, Сәкеннің үйіне жұма сайын әкеп бір қой соятын едік те, азғантай ғана етін пайдаға асырып, көбін шірітіп алатын едік.

Рабфакқа түскен Ғабит, оқуды жақсы алып кетті. Оның айтуынша, қоғамдық ғылымдар болмаса рабфактің былайғы пәндері бұрын өзі жеткен пәндер.

Келер жылдың оқуында, Ғабит екеуіміз «Советская» аталатын мейманхананың номерінде тұрдық. Мен өкімет мүшесі болғандықтан, номер бізге тегін берілді. Ғабит екеуіміз ол жылдың қысында, оқумен қатар, «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясында қызмет атқардық. Негізгі жұмысымыз үкіметтің газетке жарияланатын бұйрық-жарлықтарын аудару. Осы істің үстінде, мен өзім төмендегідей қызыққа ұшырадым: өкіметтің бір қаулысында: «Труженники сельских полей в текущем году проявили хорошую инициативу и успешно справились с уборкой хлеба» – деп жазылған екен. Мен «труженники» деген сөздің мағынасын түсінбедім де, редакция қызметкерінің бірі, Бейімбет Майлиннен сұрадым. Ол да орысша шорқақ болушы еді, сондықтан «мен де білмеймін» деді де, осы сөздің түбірін табу керек деп, «түбірі – трус» дегеннен шыққан болар» деген жорамал айтты. Мен сол жорамалға тоқырадым да «труженники» деген сөзді «қорқақтар» деп аударып, газетке сол қалпымен басылды да кетті. Сол бір кезде, Воскресенов деген орыс авторының мақаласын қазақшаға аударған біреу, атын да қазақшалап газетке «Жексембин» болып басылып кеткен. Осы екі фактіден кейін, көргіш біреу газетке «қорқақ жексенбі» деген фельетон жазып, жұрт маған көпке дейін күліп жүрді. Ғабиттің аудармаларында мұндай сорақылықтар болмауға тиісті. Орыс тілін жақсы білетіндіктен оның аудармалары дұрыс болуға тиісті.

«Совет» мейманханасы Ғабиттің алдағы семьялық өміріне жол ашты. Сол мейманханада, шыққан тегі ақтөбелік, жасамыс учительдердің біреуі – Әбіш Тойбазаров дейтін адам

тұрды (қызметі оқу комиссариатында болды ғой деймін). Арық та, талдырмаш, бойы шарғалау бұл кісінің Ұлтуған есімді зор денелі, жарқын мінезді, шала сауатты әйелі бар еді, балалары жоқ еді. Осы семьямен танысқаннан кейін, асы дәмді Ұлтуғанға Ғабит екеуміз «нахлебник» болып, сол үйден коректеніп жүрдік. Әбіш сол қыстың аяғында қайтыс боп колымыздан жерлестік.

24 жылдың жазында мен елге каникулға кетіп, Орынборға күз қайтсам, Ғабиттің өмірінде «драма» басталып қапты. Сол бір шақта Қазақ педагогика институтында Құсни Яғфарова дейтін татар қызы оқиды екен де, Баймен Алмановтың үйінде тұратын осы қызбен, Ғабит Ұлтуған арқылы танысып, енді үйленуді ойлайды екен.

Мен бұл оқиғаға қарсы болдым. Оған себебі: Ғабит болыстық военком болып жүрген шағында «Сәпі балалары» аталатын байлардың біреуінің жас Қаншайым атты келінін алып қашып, үйіне апарған. Ғабит Орынборға оқуға аттанғанда, келіншек оның әке-шешесінің қолында қалған. Енді соны тастау маған қиянат көрінді де, Ғабит менің ырқыма көнбеген соң, елдегі туыстарына хат жаздым. Кешікпей Орынборға Ғабиттің ағасы Хамит келіп қалды. Ғабит ағасын да тыңдамай Құсниға кешікпей үйленді. Ғабиттің тұрақты семьялық өмірі осылай басталды.

Рабфакты мен 1925 жылы бітірдім де, сол жылдың жазында Қызылордада шығатын «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарып, күз Петропавл барып «Бостандық туы» газетіне орналастым. Ғабитті содан кейін көргенім – 1928 жылдың күзі. Мен 1926 жылдың ортасынан 1928 жылдың ортасына дейін, Қызылорда қаласындағы Қазақстан Мемлекеттік баспасының (Казгосиздат) бас редакторы болып қызмет атқардым да, жаз ортасында ол қызметтен босанып, Ленинград Мемлекеттік университетіне оқуға баруға жиналдым. Бас редакторлық қызметке мен Ғабитті ұсындым.

Орынбор рабфагын 1926 жылы бітірген Ғабит, сол жылдың күзінде Омбыдағы ауылшаруашылық академиясына барып оқуға түсті. Менімен жиі хат жазысып тұратын ол, 1927 жылдың басында «Әмірқан бидайығы» (Американский пырей) дейтін тақырыпқа кітапша жазды да, Қазақстан Мемлекет баспасына жіберіп, біз басып шығардық. Менде Ғабиттің «осы кітапшаның ақшасы семьямызға жарты қыс азық болды» деген хаты бар.

Академияның бірінші курсын бітірген Ғабитті, Ақмола губерниялық партия комитеті 1927 жылдың күзінде, (Ғабит

сол жылдан партия мүшесі) Бурабай ауыл шаруашылық техникумына оқытушы қып жіберді. Сонда жүріп, Ғабит «Теңіз текпісінде» деген атпен алғашқы ұзақ әңгіме жазады да, Қазақстан Мемлекеттік баспасына жібереді. Осы әңгіменің қалай жазылып, редакциясы қалай жасалып, «Тулаған толқында» деген атпен жеке кітап болып басылар алдында, Ғабиттің өз қолымен 1928 жылдың 18 апрелі күні маған жазған хаты бар. Оның жазушылық жолын ашқан осы хатты төменде түгел келтіруді мақұл көрдім.

Сәбит!

Бүгін сенің хатыңды алдым. Әңгіме менің «Теңіз тепкісі» жайында болғасын, мен де сол туралы жазбақпын. Негізінде оны қысқартып, яки түзегеніне алғыс айтпасам ренжімеймін ғой. Бара салысымен басу жағын қарастырғаның, мені ілгері сүйремесе кейін кетірмес. Біраз елігіп алғашқы екпінмен көр-жерді жазып тастауым да мүмкін. Шарт деген жағын өзгертуге құмар еместігім саған жасырын сыр болмауы керек: мен гонорары емес, еңбегімнің өзін бағалайым. Менің көбінесе, көкейімді тесетін ақшасы емес, жазғанымның іске аса алғаны екендігін аңғар. Енді хатыңды бөлшектейік:

Мен әр бөлімді нығыз түймегендігімді білем. Бірақ онымның өзіне бір баға бермекші едім. Көркем әдебиетте, менің бір сүйетін нәрсем, жалғасы білінбей көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсе екен деймін. Бұл мүмкін ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар, әсіресе, байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқитынымды білетін едің ғой: көбінесе ол маған осы жағынан ұнайды. Қазіргі бет алыста, жасырын жақтар аз болу керектігін біле тұрсам да, мен ұнатқанымды істеп едім. Әрине, сендер көп. Әр жерде тексерген боларсыңдар. Бұлай болғасын көпшіліктің ауқымы ұйғарды – мен риза. Одасын – көпшілік көптен бері төселіп келе жатқан, бауыры жазылғандар, мен – шикі. Сондықтан сендердің – төселген көпшіліктің бетінен алуым әлсіздігімнен басқа нені көрсетер дейсің.

Менің тағы бір ұнатпайтыным: алған теманың өзінен басқа, ешқайда бұрылмайтын әдет. Мұны мен жек көрем. Әсіресе, болмысы, тұрмысы.., тағы тағылардың ізі түсіп отырса екен. Осы күні (меніңше) жазушылар «саяси жақ» деп алғанда, басқа жағын ақсақ тастайды. Мен оған қарсы. Сондықтан қай күнде болса да, менің жазғандарым көлденең материалды көбірек қосып отырады. Бұл әдетті (әзір жүзеге асыра алмаған әдетті) түбінде, жазып кете алған күнде де

тастамаспын деймін. «Теңіз тепкісіне» де бірталай көлденең материал кірген себебі сол еді.

Етістік деген бір ит қой. Өткен, қазіргі, келешек уақыттар араласып кетуі мүмкін. Алғашқы хатымда біраз беттерді көрсетіп едім ғой. Сөйлемнің аяғы көбінесе, сказуемоға тоқтайды да, сұмдық бәле болады.

Түгел алғанда, алғашқы адым әлсіз екендігіне не күдік болсын, кейбір алып тастаған жеріне қарсылығым болса да баспаға беріліп қалғасын, әңгіме қысқа ғой. Мысалы: «Теңіз тепкісі» мен «Тулаған толқынның» қайсысында адамгершілік, достық көп екеніне таластан кейін ғана мойынсұнар едім. Матвейдің бай екені бір жанды жасыруға бөгеті жоқ еді. Өйткені, ол саудагер, қазақтардың балығын алып үнемі еңбегін жейді. Байлар көбінесе, іштен жейтін әдетін ескермеген екенсің.

Қысқасы, кітапшаның басылғаны үлкен қуаныш. Түзегеніңе алғыс. Сыншылар кемін көрсетсе тіпті жақсы.

Қайтадан сенің хатыңа келейік (басына қарай). Сенің «Ағаш қамшың» маған да тиетін секілді (кейбіреулер «бәлен жолдамын» деп, босқа компиятыны бар ғой, сол секілді болып кетпесе?) өйткені, қалам сүйген болып, «идеология» деп шатасудан құр емеспін ғой. Басқалардың неге қатынаспайтынын білмеймін, өзім туралы мынаны ғана айта алам: мен болып жатқан айтыс-тартысқа[1] қатынаспаймын демейім. Айтысты ұнататынмын да, ешкімді сынап көрмесем де, сынауды жақсы көретін әдетім де бар. Қорықпаймын да, түсінемін де. Бірақ мен қалам сүйе бастағалы мынадай екі кесір ұшыраттым: бірі, айтыс болып жатқан жерден, алыс жатқандығымнан, кезінде қол жетпей қалады. «Е.Қ.»[2] көбіне, дұрыс келмейтінін білесің ғой. әлгі Шаймерденнің де, тағы біреулердің, Елжастың, Әзімбеттің, тағы басқалардың сынын көргенім жоқ, естідім ғана. Солар секілді нәрселердің көбі көрілместен кетеді. Кейде басын, кейде ортасын, әйтеуір бірдемесін толық оқи алмай қаласың. Солай болғасын қатынаса алу қиын.

Мен жазу ісіне қатынаса бастағалы жазатын орындардан кеудеге итеру болмаса, өзіне тарту көргем жоқ. Жазуға жаңа араласа бергенімде «Е.Қ.» бостан-босқа шығарып тастағанын білесің бе? (Бейімбет, Смағұл, тағы басқалары). Өзге-өзге болсын, Бейімбет көрер көзге құйыршықтанып мені алдауға кірісті. Алдамастан тура айтса қайтеді?.. Әрине, жазу үшін газет маңында қызмет істеу міндет емес. Мадагаскарда жатып та жазуға болады. Бірақ газет күнбе-күн сабақ береді. Одан кейін де газетке жазып қарадым. Ең нашар

дегендерімді басады да, жақсы дегендерімді баспады. Саған айтылмаған мынадай бір әңгіме болды. Былтыр «Оқшау сөз» бәйгесі кезінде Омбы оқушылары бірігіп «Е.Қ.-ға» екі оқшау жібердік. Біреуі «Қалаудың өмірі», екіншісі «Май сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеміз?» деген. Оқшаудың иесі Қартқожа еді. Сөзін құраған мен едім, екі рет Омбы оқушыларының алдында оқып, сынап түзеп, жібергенбіз. Біреуі де басылмады. Өйткені, бірі (алғашқысы) Аббас туралы да, екіншісі Абдрахман туралы да. Коммунистерді түйрелеуіміздің өзі бір қате болар, бірақ біз кім екені туралы, ашық түсіндіріс бергеніміз жоқ. «Көменес» жағынан еш нәрсесі жоқ еді. Баспады. Екінші рет, барлық оқушының қолын қойып «басылуын» сұрап жаздық. Міне, осы арада бір иттік араласты. Біздің хатымызды конвертін жыртып оқыпты да, «Е.Қ.» қызылжардағы «Б.Т.-ға»[3] айдап кеп қалыпты. Сыртында «Айсаринға» деген бар да. Дәлелді сол. Бірақ хат емес, мақала болғасын, мақала екенін конвертті жыртып, оқып көргенсін, Айсарин неге қудырады? Міне, бұл иттік. Күздігүні «Көлеңкенің кемшіліктерін айтса баспайтынын, әсіресе басындағы қызметкерлерінің қол жаулығы болып кететін жақтарын айтқан едім. (Дұрысында баяғы Сәкен, Молдағали, Смағұлдардан бері қарай Аббасқа дейін «Е.Қ.» арқылы өз әдістерін жүргізбеді дей аласың ба?) Бұл және басылмады. «Е.Қ.-қа» жазу да, таныс біреуің болмаса, мақаланды оқу да қойылды. Сөйтіп, газетке қатынаспай, күнбе-күнгі хабардан, айтыстан сырт қалдым. Жаза алсам кітап жазғым келеді. Осының барлығы «Ағаш қамшы» етпей не қылады? Бір ұйымның, тілектес жолдастардың маңайында болсам, мүмкін, қатынаса алған болар едім. Жөндеп жаза алмағасын кеудеге итеру дұрыс та шығар. Бірақ, өйтпес едім. Қаламынан үміті бар адамды бауырға тартар едім. Мінекей, Сәке, осындай жайлар мені күнбе-күнгі айтыс-тартыстарға қатынастырмай келді. Мені нағыз сүйетін жақтарымнан жырып тастады. Үміт кеспе, кейін орталарыңа барып, ат ерттеуге жарармын.

Сен оқуға барамын дейсің бе? – Қайда? Қашан? Неге? Тоқта! Ендігі жылы бірге Литхуд[4]-қа барайық! Жарай ма? Жаз! 15-майда елге келу ерте…

Сәбит! Ғабит мына хатын аяқтамай кетіп қалған екен. Почта келіп қалғасын мен беріп жібердім, қалған сөзі болса тағы жазар.

Өзімізден бәріңізге көп-көп сәлем! Хат жазыңдар? Мен өзіме тиісті ақшаны күтіп тұрмын.

Достық сәлеммен Құсни.
18/ IV. 1928 жыл».

Көркем әдебиетке осындай бейімділігі болғандықтан және идеологиялық беті дұрыс деп ойлағандықтан, менің ұсынуымен, Қазақстан өлкелік партия Комитеті (Қазкрайком) Ғабитті Қызылордаға шақырып алды да, Қазақстан Мемлекеттік баспасына бас редактор ғып қойды. Мен оқуға, Ленинградқа жүріп кеттім.

Қаражат жағым аса қысыңқы болғандықтан, маған университетте бір-ақ жыл оқуға тура келді де, 1929 жылдың күзінде Қызылжар барып, «Кеңес ауылы» газетіне редактор болып тағайындалдым. Бұл кезде газет-журнал беттерінде бірталай әңгімелері басылып, жазушы атанып қалған Ғабит екеуіміз, әдебиеттік кейбір мәселелер туралы баспасөз бетінде қаттырақ айтысып та қалдық. Келер – 1930 жылы мен Москвадағы қызыл профессорлар институтына оқуға кеттім де, Алматыға 1936 жылы оралдым. Бұл мезгілдің ішінде Ғабит Қазақстан Мемлекеттік баспасының директоры болып, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болып қызмет атқарған екен де, 1936 жылы Қазақстан Орталық партия Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгеруші қызметінде екен.

1937 жылы басталған жеке адамның басына табыну (культ личности) «науқаны» Ғабитқа да шарпуын тигізіп, 1938 жылы партия қатарынан шыққан ол, 1956 жылы, бұрынғы стажымен (1927 жылғы) партия қатарына қайта алынды. Одан бері Ғабит Қазақстан Жазушылар одағының бірінші секретары. 1958 жылдан Қазақстан Ғылым академиясының академигі, сол жылдан КСРО Жоғары Советінің депутаты.

III. Ғабиттің жазушылығы туралы

Бұл очерктің мақсаты Ғабиттің әдебиеттік еңбегін толық талдау емес, оның өмірбаянымен ғана қысқаша таныстыру.

Жазушылық алғашқы бетінде, қазақ совет әдебиетінде Ғабит сіңірген жақсы екі еңбегі бар: біреуі – жиырмасыншы жылдардың аяғында қатты шиеленіскен тап тартысы, көркем әдебиетке де әсерін тигізіп, алашордашылар мен байшыл-ұлтшылдар өлмеуге жанталасқан шақта, Ғабит идеологиялық майданның алдыңғы қатарынан орын алды да, социалистік құрылыстың жауларын публицистикалық қаламымен де қатты түйрейді; екіншісі, осы бағытта көркем шығармаларымен де қызмет атқарып, ауылдағы тап тартысының сол бір кездегі айқын және көркем бейнесін көрсететін бірнеше әңгімелер жазды.

Бұл жүйедегі табысы мол да, көрнекті де болған Ғабит «Көк үйдегі көршілер», «Бір адым алға», «Туннель» сияқты кең көлемді прозалық шығармаларға да құлашын ұрғанмен,

ол талабы сәтті бола қойған жоқ, аталған повестер мен романдар аяқталған жоқ. Көлемді прозада Ғабиттің алғашқы сәтті еңбегі, меніңше, «Қазақ солдаты» (1949 жыл). Мазмұны қызғылықты, жазылуы көркі болғандықтан, бұл роман Совет Одағында да, шетелдерде де бірнеше тілге аударылды. Одан кейін туған «Оянған өлке» (1953 жыл), бірінші кітап Ғабиттің прозадағы бойы бұрынғыдан да биіктей түсуіне кепіл болды. Бұл жайда Ғабитқа қояр тілегіміз: «Оянған өлкенің» екінші кітабы да тезірек жарық көруі және бірінші кітабындай сәтті шығуы.

Ғабит 1936 жылдан бері драматургия жанрымен де шұғылданып жүр. Бұл жүйедегі оның тұңғышы «Қыз Жібек» аса қызғылықты жазылғандықтан, күні бүгінге дейін театр көрушілерін өзіне құмарттыра түседі. Драмалық театрларда ойналатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Ақан сері – Ақтоқты» да сондай. Ғабит – бұл үш пьесада, меніңше, қазақ драматургиясының ең күшті өкілінің бірі. Тарихи тақырыпта осындай жетістікке ие болған Ғабит, меніңше, советтік заманның тақырыбына ондай күшті емес. Бұл тақырыпта қазақ драматургиясында оның алдына түсіп кеткен кісі де жоқ. Дегенмен, сахна заңын жақсы білетін, драматургия заңын жақсы білетін, тарихи тақырыпта жазған пьесаларында жақсы шеберлік көрсеткен Ғабит жаңа тақырыпта да шарықтар деп үміттенеміз.

Ғабит қазақ совет әдебиетінде очерк жазуға да төселген адамдардың біреуі. Бұл жанрда да оның қаламынан көптеп туған жақсы шығармалар бар. Соңғы он шақты жылда, осы аса қажетті жанрда да аз жазуын мақұлдай алмаймыз.

Қазақ совет әдебиетінің мәселелерін талқылауға да Ғабит сіңірген еңбек аз емес. Ол соңғы отыз жылдың ішінде көркем әдебиеттің партиялығы үшін үздіксіз күресіп келе жатқан адамның біреуі. Көп жылдар біріне-бірі жалғасып келе жатқан бұл еңбегінің соңғы жемісі – биылғы жылдың март айында болып өткен қазақ совет жазушыларының төртінші съезінде жасаған баяндамасы. Ғабиттің осы жемісті және қажетті істі ілгері алып баруына сеніміміз күшті.

Қазақ совет әдебиетіне Ғабит сіңірген зор еңбектің біреуі – орыстың және Еуропаның классикалық шығармаларын қазақ тіліне аудару. Өзі де жазушы болғандықтан және орыс тілін жақсы білгендіктен, оның аудармалары дәл де, сапалы да болады.

Ғабиттің жазушылығын тұтас алғанда, өзіне тән бірнеше өзгешеліктері бар: бірінші – бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайды: екінші – бойына сіңірген тақырыбын тез жазып

тастауға асықпайды; сондықтан шығармаларының шикісі аз болады; үшінші – жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе, игерген тақырыбын да жаза қоймайды; төртінші – шығармасына өте ұқыпты, сондықтан халқадары жеткенше, олпы-солпысыз шығарады; бесінші – тілге үнемшіл, сипаттап отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбайды; алтыншы жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып, шешен сөйлеуге тырысады; жетінші адам портретін жасауға, қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі.

Ғабит биыл 57 жаста. Ол ойы да, бойы да толысқан адамның біреуі. Сондықтан да, алдағы күндерде қазақ совет әдебиетін байыта түсуге белсене араласып, өзі шұғылданып және төселіп жүрген жанрлардан, әлде де көрнекті шығармалар берер деген үміттеміз.

26. XII. 59 ж.

Ғабиден МҰСТАФИН,
Қазақстанның халық жазушысы

Ғабит туралы бірер сөз

«Елу жылда – ел жаңа» депті бұрынғылар. Ел жаңарғанымен заман жаңара бермейді. Әлденеге елу жылдарда өзгермей келген заманды Октябрь революциясы алпыс-ақ жылда түбірімен өзгертті. Сол өзгерістің мыңнан бірі жазушы Мүсіреповке арналған қошемет жиналысымыз. Жас шағымызда көрмеген, білмеген әдебиет мерекесі қарт шағымызда, міне, салтқа айналды. Ескі заманның жазба әдебиетін айтсақ тек Абайды ғана айта аламыз. Ал, совет заманында Сәкеннен басталған қазақ совет жазушыларының атын жүздеп атауға болады.

Өткен заманғы әдебиетіміз ауызда, көңілде сақтала келіп, қайсыбірі ғана қысаға айналса, қазір қалпымен жазбаға айналады. Бірақ, жазылғанның бәрі есте қала бермейді, көбі ұмытылып, өшіп жатады. Өйткені жақсы әдебиет өте қиын, өмірі өте ұзақ, адам жанына күшті әсер ететін өнерлердің бірі болғанда бірегейі. Сондықтан халық оны сүйеді, жоғары бағалайды, рухани азық етеді.

Ленин мен Горький бір күні әңгімелесіп отырған кезде Толстойды «Глыба! Глыба!» дейді сүйсініп. Сол Глыба «Жексенбі» романын тоғыз рет көшіріп жазған, «Набег» деген әңгімесін жиырма үш рет түзетіпті. Ол уақытта машина жоқ, қауырсын қаламынан темір қаламға ғана көшкен кез. Міне, үлкен адамдардың шығармаға шыдамы да, махаббаты да осындай үлкен болған. Бұған қарағанда жақсы шығарма жасау жас нәрестені тәрбиелеп өсірумен бірдей.

Менің бұл арада әдебиетті аздап шолып өтуім әлдеқалай емес. Жазушы еңбегі әрі қиын, әрі ардақты демекпін. Осы сана жазушының басынан әрдайым шықпасын демекпін. Жазушылық нан табу кәсібі емес, адам жанын тәрбиелейтін мейлінше нәзік, сұлу, әрі күшті құрал өнерін жасау өнері демекпін. Осы тұрғыдан қарап Ғабит Мүсірепов жайында азын-аулақ пікір айтамын.

Ғабит жетпісті орталап сексенге бет алды. Оның елу, алпыс, жетпіс жасқа толған кезін жұртқа әйгілей өткізгенбіз, жақсы сөз, жақсы тілек тыңкия тойғанша айтылды. Бірақ юбилярлар мақтай бергенді жаратады, қайсыбірі тіпті бала сияқты, мақтаса лепіреді, мақтамасаң кемсеңдейді. Мен лепірмей де төмендетпей де айтып көремін.

Жазушы деген бір сөз болғанымен қыры, сыры, қабілеті әр қилы, айта берсек көп сөз. Оның бәрін тәптіштеп жатпай-ақ

Ғабитті әдебиет төріне шығарған бірер ерекше қасиеттерге тоқталайық.

Біз бір тамаша заманда – совет заманында өмір сүріп келеміз. Сөйтсе де оның түп тамыры ескі замандарда жатыр. Қорсыз қымыз ашымайды. Әрбір жаңалықтың әріден келе жатқан қоры бар. Бүгінгі қазақ совет әдебиетінің қоры – атам заманғы сол ауыз әдебиеті. Ауыз әдебиеттен өскен, жаңа заманға сай жазба әдебиеті жасалды, қиссалардан сахна өнерінің биігіне көтерілген пьесалар жасалды. Осы пьесаларды жасау жолында екі жазушының еңбегі ерекше. Олар – Мұхтар мен Ғабит.

Халқымыз сүйген жырын ғасырлар бойы ауызда, көңілде сақтап келгенде, сол жырлардан шыққан бұл екеуінің пьесалары ондаған жылдар бойы сахна төрінде келеді. Мұхтар мен Ғабит ескі қазақ жырын, қазақ тұлғаларын әлемге әйгілесе, ол ескілер бұл екеуін де әлемге танытты.

«Елді ел теңгермейді, ер теңгереді» деген сөз бар. Бұл елден ерді жоғары қойғандық емес, елдің еріне сүйсіне баға бергендік. Осыған жалғастыра елдің елдігін әдебиет танытады. әдебиет геройлары ел тұлғасы деуге болады.

Жазушының барлық жазғаны жұрттың жадында қала бермеген. Ондаған томдар жазған Толстойдың әлемге әйгілі шығармасы онға жетпейді. Жұрт жақсы дегендердің ішінде ең жақсысын ұмытпайды. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» пьесалары сол ұмытылмастардың қатарында тұр. Бізді мұнша көтерген Ғабит Мүсірепов тұр.

Бұған қарап тек ескі тақырып өтімді деуге болмайды. Әр заманның өзіне тән қамал бұзған батыры, ғашық жырлары бар. Біздің заманның батыры – халық байлығын жасау, ғылым, білім, өнер байлығын жасау жарысында үздік шыққандар. Махаббат жырының да арқауы солар. Жазушы алдымен өз заманының жыршысы десек, халықтың осы сүйгенін жырлайды. Халық сүйген тақырыпты алудың өзі шығармаға бір сәтті қадам. Егер романының аты «Абай» болмай, пьесаның аты «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» болмай атақсыз біреулер болса, ол шығармаларды жұрт көрген жерде құшақтай алмас еді, тосырқай сынай қарап көңіліне қонғанын ғана қабылдар еді. Бірақ, тақырып канша беделді болғанымен оны билеуші автор. Әлі жеткен автор тақырыпты күшейте түседі, жетпесе әлсірете түседі. Ғабит қабілеті әбден жеткен автор.

Жазушыға шабыт керек, Маркс айтқандай еркелету (ласка) керек. Ғабит еркелету жағынан кендемін дей алмас. Шабытқа кенде. Жасына қарағанда бергені әлі аз, шабыт келгенде

жазады, келмесе талантты қаңтарып қояды. Шабытқа кенделік жазушының міні бола алмайды. Атышулы аспан қырандары, жердегі желдей жүйріктер – бәрі шабыты, күйі келгенде ғана самғайды. Бізде талантқа жайдақ міне салып шаба беретіндер бар. Өйтіп құйрықты жауыр еткенше, шығарманың суын молайтып көп бергенше, нәрін молайтып аз берген пайдалы. Бір шара шалаптан бір тостаған сүт әлде қандай нәрлі. Ғабит осыны қағида етіп, мықты қолданған жазушы. Әдебиет – ойдың, тілдің жемісі. Олақ тіл көркем ойдың көркін бұзады. Алғыр тіл күн шалмағанды шалады, қараңғы көңілге сәуле бере алады, суық көңілді жылыта алады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген халқымыз. Ғабит бұл өнердің бүгінгі биігінде тұр. Оның жұмыс үстелі қоқсып, бықсып жатқанымен, шығармаларында олақ, салақ айтылған бос сөз емге табылмас. Оның шығармаларын оқығанда, шөлден кетіп мөлдір бұлақтан су жұтқандай боласың. Бұл тек тіл байлығынан емес, шеберліктен. Шеберлер қарапайым сөздің өзін сан-саққа жүгіртеді. Жүгірте алмағандары ұтымды сөзді күн мен айдың, алтын, ғауһардың маңынан іздейді. Ал Ғабит қайтеді? Міне, бір мысал:

«Біз де әкемізді ұрушы едік. Бірақ арбаға байлап қойып ұрмаушы едік» – дейді бір еңбегінде.

Осы қарапайым сөз әке ұрғыш анау найсапты сықақтай, келемеждей, мақтамен бауыздап тұрған жоқ па?! Қалауын тапсаң, кезін тауып айтсаң, көкейге қона қалады әрбір сөз. Таба алмасаң бетімен кетеді барлық сөз.

Тағы да бір мысал:

«Бала кейде бір қонып кеткен қонаққа тарта салады», – депті автор. Бала қонағына тартса, қонағы авторына тартқан сияқты. Оны былай қоя тұралық. Ал осы қарапайым сөздің күшін байқайсыздар ма? Қалжыңға қанат бітіріп тұр. Сөз шеберлері қашаннан бері сөзге қанат бергізіп келеді. Қанатты сөз халық үстінде қалықтайды, қанатсыз сөз үй маңынан ұзамайды.

Әдебиет ой мен тілдің жемісі дедік. Жазушы екеуін де елден үйренеді. Тек үйрену қанағат емес, үйрете де білу керек. Ғабит үйрете білген, өнеге көрсете білген жазушы. Ол туралы айта білсең, сөз табыла беретін түрі бар. Бірақ, осы карт юбилярымыздың терісі жұқалау сияқты еді, сынай берсе шетінеп кетер, сондықтан сөзді қысқарта бір-ақ айтамын: аузында тісі қалмай, жағы таңулы, төсекте алжып жатқанын, уа, шіркін бір көрсем...

Әлжаппар ӘБІШЕВ, Қазақстанның халық жазушысы

Жан дауыс

(Ғабең туралы естегілерден)

Ұрпақтарға арнап айтар осынау сырымды Ғабит ағамыздың қабірінің басында сөйлеген сөзден бастауды жөн көрдім: «Қымбатты бауырымыз. Біздер бүгін бүкіл халық болып аза тұтар ауыр қазаға тағы да душар болдық. Алыптар тобының ең соңғы асыл көзі, арқа сүйер асқарымыз, алдымыздағы мандай жұлдызымыз Ғабеңмен мәңгілікке қоштасқалы тұрмыз ...»

«Ағасыз ел – жағасыз» – дейді дана халқымыз. Халқымыздың еш заманда ескірмейтін осынау есті сөзі соңғы күндері ойымызға жиі орала береді. Оның себебі, бауырымызды баптай білмесек, асылымызды ардақтай білмесек, оны алауыздықтың алапес алапатынан қорғай білмесек, жоғымызды іздеп таба білмесек, келер шақта елдігіміздің жағасы жырымдалған кезеңге кездесуіміз мүмкін. Бүгінгі бұл қаза соны сездіріп, сонан сескендіреді. Соның бәріне төтеп беретін қайратты, қайыспайтын қайсарлықты, арқа сүйейтін асқарлықты біздер енді өз бойымыздан да, Ғабит ағамыздың қасиетті өнегесінен де іздеуге тиістіміз.

Ғабең мол білгірлігімен келешекті дәл көре білді. Көрегендігіне күрескерлігі қосылып, қаламына қанат болды да, оны дегеніне жеткізді. Дегеніне жеткені сол: ол жасайтын ғұмырын түгел жасап, жазатын дүниесін түгел жазып, өмірден аларын түгел алып, армансыз кетті. Тіпті, соңғы бір жылдың ішінде екі дүркін ағынан жарыла, ақтарыла сөйлеп, тіршілігіміздің тірегі ана тілімізден бастап, елдігімізге керектінің бәрін бүгінгілерге де, ертеңгілерге де айтып кетті... Ол аманатты орындау бәрімізге де парыз. Егер де сол парызды өтей алсақ, яғни, алдағы заманымызға сай азамат бола алсақ, біздерді қайыстыра алатын ешқандай қайғы жоқ.

Қымбатты Ғабе, жан аға! Өткен күндерге ой жіберіп карасам, сіздің менің томағамды сыпырып, әдебиет аспанына ұшырғаныңызға бүгін жарты ғасырдан тура жарты жыл асыпты. Сонан бергі өткен жарты ғасырдың ішінде жарты минут салқын тартқан кезіміз бір болмапты. Сіз маған ең қымбат аға бола білдіңіз, мен сізге ең қымбат іні бола білдім. Сондықтан, өмірімде сізге жасаған қылдай киянатым жоғы өзіме аян болғандықтан сізден өтірік кешірім сұрағым келмейді. Сол сияқты мұндай жерде айтыла беретін

«топырағың торқа болсын» деген тілекті де айтқым келмейді. Өйткені, сіздің ендігі барар мекеніңіз халқымыздың жүрегі, ендігі орнататын торқаңыз – сол жүректердің ыстық қанының ыстық лебі. Сондықтан сіз қазақ халқы бар кездің бәрінде, бар ғасырда тірісіз. Сіз тірісіз, Ғабеке».

Бұл – 1986 жылы 3 қаңтар күні Ғабит ағамыз қабірінің басында сөйленген сөз. Аңдаған боларсыздар, оның ішінде «елдігіміздің жағасы жырымдалған кезге кездесуіміз мүмкін» деген сұмдық сөз бар. Халқымыздың қалыптасқан халықтық қалпынан айырылып, тайпалыққа қарай тайғанақтап бара жатқанын ойлай қалсаң, осы сұмдық сөз көкейге келіп ұялай қалады. Тіпті, кейде жырымдалған жағалар да елестейді. Оны елестеткен, елестетсе де сескеніп, бетті түзегісі келетін жан аз. Бәрі де қаннен қаперсіз ескі шыңырауға қарай беттеп барады. Ұрпақтарға айтылар сырды бейіт басындағы сөзден бастауымның себебі осы.

Қара жиын Мұхтар Шахановтың жоқтау өлең оқуымен аяқталды. Қара жалауланған тұғырдан төменге түсе бергенімде көзім Манаш Қозыбаев пен Мұхтар Шахановтың көзіне түсті. Ғабеңнің қазасына қатты қайысып жүргендердің бірі осы екеуі болатын. Бірімізге-біріміз сүйеніш болғымыз келгендей олар маған, мен оларға жақындадым. Бірақ сөзіміздің демеуі болмады.

– Қалай?

– Мына жер ұнай ма?

– Тіршілігінде көрмеген босағаны Ғабекеңе өлген соң көрсеткен екенбіз, бәрімізге «рақмет» айтатын шығар.

Екеуінің жарыса берген сұрауына менің қайтарған жауабымның сиқы осы. Олар «ана алаңнан біз ала алмадық», «басқа жерден таба алмадық» десіп қала берді, мен «лағынет» – дедім де, олар «ала алмаған» алаңға қарай жүріп кеттім. Ол лағынетті кімге, не үшін айтқанымды да жөнді білмеймін, сыңсыған қалың жұрттың арасымен сығыла он қадамдай жердегі көлденең жолға шықтым. Сол жолдың жиегімен жалғасып алақандай алаң жатыр. Көзім сол алаңда, ойым астаң-кестең.

Егер қытайлардай көп болса, жерге солардай орналаса білсе, ата-бабамыздың мекені болып келген жерімізге 350 миллион қазақ сияды екен. Сол 350 миллион қазақ сиятын жеріміздің, мынау аяғымның астында жатқан алақандай алаңнан Ғабеңдей ардағымызды, әдебиеттегі алыбымызды жерлеуге 350 см жер ала алмадық. Кімге ала алмадық? Қазақ КСР-інің халық жазушысы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР Жоғарғы

Советінің депутаты, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсіреповке ала алмадық. Бұл неліктен?

Мен жерлеу комиссиясының мүшесі едім. Ғабеңнің мәңгілік мекеніне лайықты жерді белгілеу комиссиясының екінші бір мүшесі, қалалық атқару комитетінің төрағасы Заманбек Нұрқаділов екеуімізге жүктелді. Екеуіміздің ұйғарған жеріміз Ғабиденнің жаны еді, оған өзінің тауға шыға алмайтынын айтып Ғабеңнің кемпірі қарсылық білдіріпті. Комиссияның төрағасы Закаш Камалиденов жолдас «апайды ренжітпеңіздер, басқа жерден іздеңіздер» деп біздерді Кеңсайға қайта жұмсады. Біздер қанша іздесек те табатын жеріміз, Ғабитке лайық деп білетініміз – біреу-ақ, ол – осы алақандай алаң. Кеше осында келіп, алаңның орта тұсынан бір жерді ұйғарып тұр едік, соңымыздан қаланың бірінші хатшысы Шулико қуып келді де, «Басқа жерден іздеңіздер, басқа жерден!» деп, машинадан түсер-түспестен қолын ербеңдетті. Оның сөзінен гөрі қой айдағандай қолын ербендеткені қытығыма тиіп кетті. Соның салдарынан болар, «Неге?» деген сауалым да зілдірек шықты. Оның міңгірлеген жауабынан кімдердің жұмсауымен келген шабарман екенін сездім де, секретарлығын ұмытып кеттім. Ар жағын айтпай-ақ қояйын. Лағынет деген сөз аузымнан осы арада шығып кеткен-ді. «Бұл жер болмаса Ғабиттің өзі тұрған үйдің есігінің алдына жерлеуге рұқсат етсін, оған лайық басқа жер жоқ» деген қиқар тілегімді Нұрқаділов Заманбектен комиссия бастығы З.Камалиденов жолдасқа жолдадым да, қайтып кеттім.

Бұл жұмыс біздерден кейін М. Қозыбаев пен М.Шахановқа тапсырылған екен, көздеген алаңға олар да жете алмай, етегіне жете бере «жылжыпты». Олардың жаңағы жерде саған «ұнай ма?» деген сұрауды беру мәнісі сол.

Ғабитті осылай жерлеу халықтық қадір-қасиет сонымен бірге жерленгендей мені қатты қинап, қилы-қилы қиялдарға алып кетті. Сол қиялдардың жетегіне еріп, күндерде ой жіберіп қарасам, кешегі тоқыраудың кезеңі біздің қазақ халқы үшін құлдыраудың заманы болған екен.

Бұл жөнінде бүгінгілерге айтарымды айтып, жазарымды жазып болған секілдімін. Сондықтан ендігі айтарымды ертеңгі ұрпақтарға айтып, жазарымды жазып кетуге бекіндім. Ол үшін бүгінгі күндерден көргенімді, көргенімнен түйгендерімді – азаматтық арым не бұйырса соны қазқалпында, бар ашы шындығымен қағаз бетіне түсіре бастадым. Ол күнделік емес, эссе түрінде жазылған дәйекті әңгіме.

Ғабекең жерленген күндерді мен жаралы жандай ашынумен өткіздім. Әсіресе, Ғабекеңнің айта алмай кеткен екі аманаты жанымды бұл күндерде қатты қинады. «Шіркін-ай, сонда не айтқысы келді екен?» деген ой күні бүгінге дейін мазалайды.

Ол кісі реанимацияға түсіп, ауыр хал үстінде жатқан кезінде екі рет бардым. Алғаш барғанымда дәрігер рұқсат етпеді. Ғабең қазір ауыр сырқат кезінің өзінде жанындай жақсы көретін Галина дейтін бір медсестра қыз барып, сөйлессе сол қызбен ғана сөйлесетінін, тамақты сол қыздың ғана қолынан ішетінін естігенмін. Алғаш барған жолы сол қызға Ғабеңнің аузынан шыққан сөздің бірін де жібермей, қағаз бетіне түсіріп отыруды өтінген едім, соңғы кездесуде сырқаттың жайынан кейінгі сұрауым осы өтініш туралы болды.

– Кісінің жүйелеп сөйлеуге шамасы жоқ. Үзіп-үзіп айтқан сөздерінен ой түйіп алу қиын.

– Бүгін ештеңе айта алды ма?

– Жоқ, кешеден бері сөйлеуден қалды.

– Кеше сөйлескен бе еділіздер?

– Иә, жарты сағаттай уақыттың ішінде айтқаны бес минуттай.

– Ең соңғы сөзі есіңізде. ме?

Қыз сәл ойланып барып тіл қатты:

– Иә, есімде, «Егер сол он сегіз жыл» – деді де жалғасын айта алмай тынып қалды.

– Он сегіз жыл дейсің бе? Бұл сөзде қандай мән бар?

– Ыңқыл-күрсілдің арасында үзіліп шыққан сөздерін жинақтап айтқанда: сіздерде бір үлкен жиналыс боп, сол жиналыста өзі баяндама жасаған секілді. Осыларды ауыр ыңқылмен ақырын айтып келді де, кенет бар күшімен ышқынып «сол жиналыста сөйлеген достарым Сталиннің мені жазықсыздан – жазықсыз он сегіз жыл қуғынға салғанын есіме түсірді. Егер сол он сегіз жыл...» деп бір сөзді екі қайталады да, ар жағын айта алмастан талықсып кетті. Егер сол он сегіз жылдың азабын шекпесем, тағы бір он сегіз жыл өмір сүрер едім-ау дегісі келді ме, кім білсін, әйтеуір ауыр өкініш бар. Осы ғана менің бар естігенім, білгенім.

Менің де одан басқа болжам болған жоқ. Екеуіміз Ғабеңнің палатасына кірдік. Бұл басқа палаталарға ұқсамайтын, ажалмен алысатын алуан түрлі аспаптары аңдыздаған бөлме екен. Ғабеңе сәлем бере жақындап қол бердім. Ол көзін ашып қарады да, қолымды босатпастан сұлқ жатты. Хал-жайын сұраудан бастаған сөзімнің ешқайсысына жауап қатқан жоқ.

Галина бетіне бетін тақап, «Бұл кісімен сөйлесе беріңіз», – деп еді, онан да ештеңе шықпады. Әлдене айтқысы келеді, айта алмайды. Мен «Айтарыңыз бар ма?» деген сұрауды ауық-ауық беремін. Сол бір сұраумен жарты сағаттай уақыт өтті. Бір кезде ол күш жинап алғандай көзін кеңірек ашты да: «Саған айтарым көп қой» – деді жылағысы келгендей ышқына ыңырси сөйлеп, бірақ ештеңе айта алмады. Мен енді сұраудың сарынын өзгертіп, «Не айтасызға» көштім. «Ғабе, айтыңызшы, бірдеңе деңізші?» деп қайта-қайта жалынамын. «Саған айтарым көп қой» дегені маған артар аманатының жеңіл еместігін сездірді. Соны сезінген сайын оны естіп қалуға ынтығамын. «Не айтасыз?» деген жалғыз сұраумен тағы бір сағатты өткіздім. Оның бәрінен ештеңе шықпады. Бір кезде ол өкси еңіреп қоя берді, дәрігер жүгіріп келді де, мені шығарып жіберді. Ғабеңе қосыла қан жылаған жүрегім мені де еңіретіп далаға қарай ала жөнелді.

Ғабеңнің «жиналыста сөйлеген достарым Сталиннің мені жазықсыздан жазықсыз он сегіз жыл бойы қуғынға салғанын есіме салды» деуінің мәнісі мынандай: Сол жылдың бас кезінде ол кісінің шығармашылық есебін тыңдауға арналған партия жиналысы болған-ды. Сол жиналыста өзі баяндама жасап, біздер, бірнеше коммунистер сөйлегенбіз. Ғабеңнің табиғатын таныстыра түсу үшін мен өзімнің сол жиналыста сөйлеген сөзімнің тексін келтіргелі отырмын. Осыған байланысты оқырман қауымға айтар екі ескертпем бар. Оның біріншісі, бұндай материал кейін де кездеседі, оның бәрінің бір-бір данасы партия архивінде сақтаулы, сондықтан екінші ескертуім, кейінгілер архивтегі данасымен салыстырып қарай қалса, айырма шықпас үшін бір де бір сөзін өзгертпестен алғаш жазылған қалпында жіберуді жөн көрдім. Ағат кеткен жерім болса, кешірерсіздер. Әйтеуір, өз мүддем үшін айтылған жарты ауыз сөз жоқтығына сенемін.

Енді сол Ғабең өмірінің соңғы минутінде есіне түскен сөзге көшейін:

«Өткен күндерге ой жіберіп қарасақ, Ғабеңнің кейінгілерге танылып болмаған сыры, алынып болмаған өнегесі әлі де мол екен. Сол жайында, әсіресе, танылып болмаған өнегелі сыры, атап айтқанда, өмірдің соккысы қашанда қатты тисе де шыңдала, шымырлай түсетін болат темір секілденіп қадіріне қаяу түсірмейтін, қиындықты да, қиналыстарды да жеңе білетін ғажайып қайсарлығы жайында, сонымен бірге, ол кездескен кез-келген кедергілер, ол кешіп өткен кеселі мол кездер жайында сіздерге бүгін ұзақтау сыр шертуді мақұл көрдім. Жоғын жасырмай, барын асырмай, жадымда

сақталған қалпында түгел айту үшін біраз уақыттарыңызды аламын, ол үшін айып етпеңіздер. Бұл тақырыпта бұрынсонды ешқандай сөз болған емес, уақытты көбірек керек ететіні сондықтан.

«Ғабит жеті жылдан бері партияда жоқ, бірақ ол бір күн сыртта қалған жоқ». «Бір күн сыртта қалған жоқ! Қандай жақсы сөз! Менің бұл айтып отырғаным Жұмабай Шаяхметовтің мұнан қырық бір жыл бұрынғы сөзі.

44 жыл, Отанымыздың жері жаудан тазарғаннан кейінгі күндердің бірінде мен екі үлкен тілекпен ол кісінің алдына бардым. Шаяхметов ол кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшылығының үстіне біріншінің міндетін атқарып отырған кезі болатын. Мен осы Жазушылар одағы партия ұйымының хатшысы болатынмын. Оның алдына тарту үшін өзімізден кеткендері бар, өзім екі рет майдан аралағанда майдан газеттерінің бетінен өлеңдері, яки әңгімелері кездескен бейтаныстары бар – отыз бір ақын-жазушылардың тізімін жасап алғанмын. Ол сөз тани білетін адам еді, сондықтан жүрегіне тез жететін бір уытты сөздерді жолшыбай сайлап алдым. Оның бірі әншейінде айтуға ауыз бармайтын, өзім өмірде айтып көрмеген бір сұмдық сөз. Бұрын айтып көрмесем де алдына барып амандық сұрасқаннан кейінгі айтылар тілегімді сол сұмдық сөзбен бастадым.

– Жұмеке, мен артынан қара ермеген бір қу бас болдым. Шамам оны айтуға ғана келді, көзімнен жас ыршып кетті. Бір тәуірі менің көзімнен ыршып түскен жас оның жанын ыршытып жіберді. «Қалайша, сенің балаларың бар емес пе еді», – деген сөз ышқына шықты. Бес бала барын айтып едім, оның көкшілдеу көзі шатынап, жалтыр басы төбесіне дейін қызарып кетті. «Енді не айтып отырғаның?» – деп зірк етті.

Оның көңіл-күйімді аңдамай отырғанын сездім де, мен тез ширығып алдым. «Мен қазір отыз жетідемін, Жұмеке, менің соңымда келе жаткан жалғыз қара – Сатыбалдының Қапаны ғана. Оның өзі де жирманың жетеуіне келді. Сонан әрі тұлдырымыз жоқ. Жазушы деген халық он бес жыл оқытып дайындап ала қоятын кен инженері емес, табиғаттың өзі ғана жарататын жан инженері ғой. Егер Москваның алдына қойып, мына тізіміміздегі ақын-жазушыларды өз Отанымызды қорғасқанын ескеріп, кері қайтарып алмасаңыз, ол майданнан қайтпай қалса, әдебиетіміз ұрпақсыз қалғалы тұр».

Осы сөздерден кейін оның өңі кенет жадырап сала берді. Бірақ көпке дейін үн қатқан жоқ. Нендей ойға қалғанын

білмеймін, әйтеуір бетіме үнсіз қадалып аз отырды да, ақырын жүріп келіп, қарсымдағы креслоға отыра бере менің қолымдағы тізімді алды.

– Мұны Москваның алдына қойып көрейік, тағы қандай жұмыспен келдің?

– Өшкенімізді жағып, өлгенімізді тірілтіп беріңіз дегелі келдім.

Жолшыбай сайлап алған сөзімнің бірі осы.

– Қалай? – деді ол түсінбегендей түр көрсетіп.

– Партиядан шығу – моральный өлу дейсіздер ғой. Партия ұйымының секретары болғандықтан, Ғабит ағамызды қайта тірілтулеріңізді, ол үшін партия билетін қайтарып берулеріңізді сұрай келдім.

Ол қолындағы тізімді жай тастай салып ойлана түрегелді. Ойлана жүріп, кнопканы басты, ойлана жүріп барып орнына отырды. Сол арада сызыла басып кірген көмекшісіне:

– Бізге шай, тағысын-тағылар, – деп иек қақты да, маған айтар ойын ол кеткеннен кейін барып ашып салды. – Ғабит жеті жылдан бері партияда жоқ, бірақ ол бір күн сыртта қалған жоқ, қалмайтын, қалдырмайтын қымбат адам. Бюро мүшелерінің көпшілігі қазір командировкада жүр. Солар келісімен өзіне хабар бергіземін, дұрыстап мінездеме бергейсің. Тағы не айтасың?

– Рақметтен басқа айтарым жоқ, – дедім.

– Сенде жоқ болса, менде бар. Бастықтарың Сәбит қабылдауымды көптен сұрап жүр еді, онан бұрын сені қабылдауымның мәнісі біраз жайды, әсіресе ана үш үлкендеріннің жайын сенен білгім келеді. Осыларға не жетпейді? Кінә кімнен?!

– Кінә Сәбиттен. Өйткені, ол коммунист, әрі басшы. Коммунист басшы бола тұра партияда жоқ ана екеуін бауырына тарта білмейді, – деп басталған жауаптың әңгімесі ұзаққа созылып кетті.

Осы екі арада шай келді. Шаймен бірге ол айтқан «тағысын-тағылар» да келді. "Оның тағысын-тағылар» дегені екі тәрелке қуырдақ пен тағы бірдеңелер екен. Қуырдақ желініп, шай ішіліп болғанша, біздің ауыр сұраулармен басталған әңгімеміз де аяқталды. Мен ол кісінің ықыласына бір тойсам, уәдесіне екі тойып үйге қайттым.

Әңгіменің үстінде бір байқағаным, ол Ғабеңнің 32 жылы жау шаппастан «ақтабан шұбырындыға» ұшыраған халқымыздың ауыр күйін Сталинге жазғаны үшін қуғынға түсіп, Жетіқараға жіберілгенін де, 37 жылы «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деген бір ауыз сөзі үшін

партиядан шығарылғанын, тіпті 38-жылдың көктемінде Алматының орыс-казак сегіз газеті бірдей және бір күнде «жау мұндалап» шыға келгеніне дейін біледі екен де, соның бірде-біріне қайыспаған қайсарлығына іштей сүйсінеді екен. Бірақ ықыласы сондай жақсы, құдіреті сондай күшті бола тұра өзінің бүгінгі берген уәдесін орындай алған жоқ. Оның себебіне кейінірек токталамын.

Арада бір аптадай уакыт өткен-ді. Бір күні Жазушылар одағының президиумы болып, жұрт тарай бастаған кезде Сәбит:

– Әуезов, Мүсірепов, сендер кала тұрыңдар. Әбішев, сен «Мәдиіңді» ала кет, – деді.

Оның «ала кет» дегені – Жайсаков Камалдың Мәдидің өмірін баяндайтын дәптер. Менде Әбілхайыр Баймолдиннің бүкіл өмірін өз колымен жазған калың дәптері бар-ды. Сәбит соны басында танысу үшін сұрап алды да кейін: «Мен роман етіп жазайын» деп кайтармай койды. Соның төлеуіне Жайсаковтың дәптерін бермек-ті. Сөзін үзбестен столының тартпасынан сол дәптерді іздей бастады.

– Мен кеше Шаяхметов жолдастың кабылдауында болдым, – деді Мұхтар мен Ғабитке мегзей сөйлеп – ол мені де оңдырған жоқ, но екеуіңді де тәуір-ак сойды. Сол жайында кенесетін жайлар бар. Отыра тұрыңдар. Ол мына Әлжаппарға катты риза екен. «Баска жазушылар тамак пен киім сұрап келуші еді, ол менен жазушы сұрап келді, сонысына риза болып алғыс айттым. Тағы да айтамын, сәлем айт. Сол алғысты сен де айткайсың» деп еді, карыз боламын, рақмет, – деді де калың дәптерді колыма ұстата салды. Мен рақметіне рақмет айттым да, шығып кеттім.

Сол күндерден бастап Ғабең жеті жыл төлейтін айлық жарнасын, біздер ол кісіге беретін мінездеменің текстін дайындай бастадық. Бірак осының бәрі зая кетті. Өйткені, Ғабеңнің «Социалистік Қазакстан» газетіне шыға калған «Желкелер неге қышиды?» деген жаңа очеркі кайсыбір басшылардың көзіне жаулыктың жаңа түрі болып елестеді. Себебі ол очеркте казактың құрып бара жаткан киіз үйі сөз болатын. Сол жалған қырағылыктың қырсығы, үмітімізді бірнеше жылға алыстатып жіберді. Сол екі арада бірінші басшымыз болып Г.А.Борков дейтін келе калды. Оның жаңа келгендігін пайдаланған біреулер Ғабеңнің басына кауіптің жаңа бір кара бұлтын үйіре бастады. Осы арада Ғабеңе бүкіл партия ұйымының көмегі керек болды. Соны ойлап біздер мінездемені партия жиналысының каулысымен бекітіп беруге бекіндік. Ол кезде баспаның және баска жерде

істейтін жазушы-коммунистер біздің ұйымның есебінде тұратын. Соларды тегіс хабарландырып, жиналысты сағат 4-ке белгілеп едім, ойламаған жерден Орталық Комитеттің сол кездегі хатшысы Әбдіхалықов жолдас мені сағат 2-ге шақыра қалды.

Ол біздің Ғабитке берілетін мінездемені бүгінгі жиналысқа не оймен салып, қай түрде беретініміз жайында хабардар екен. Ондай мінездемені берудің қандай қате екенін айтып, мені екі сағат бойы езгіледі. Оның бір жарым сағаты ескі жараны ақтаруға кетті де, бір ғана «Желкелер неге қышиды?» үшін жарты сағатты жіберді. Отырып та айтатыны сол, тұрып кетіп те айтатыны сол. Мені бір қолымен құшақтап алып кең кабинетін кезіп жүріп те айтатыны сол. Тіпті, әңгімені әріден бастап, әкелеріміздің Спасск зауытын ағылшындар билеп тұрған кездің өзінде қандай дос болғанына дейін айтып кетеді. Екеуіміздің көже тамырлығындай көңіл жақындығымыз да бар еді, бірақ көңіліміз жақын болса да, мына мәселелерде пікіріміз жақындаса алмады.

Сондықтан оның айтқаны менің құлағыма, менің айтқаным оның құлағына кіре қойған жоқ. Менің нақты уәде бере алмауыммен, оның нақты уәде ала алмауымен әңгімеміз аяқталды. Мен кете бере қайта оралып, «ауданымыздың бірінші хатшысы Қ. Қайшыбаев жолдасқа айтыңызшы, біздің партия ұйымының бүгінгі жиналысына қатынассын» деп едім, ол зілденіп: «Немене, сен өзіңнің хатшының бесеуіне төтеп беретініңді білмейсің бе, қиқақты қой, бар» деп қолын бір-ақ сермеді. Оның астыма қойған бес қабат көпшігіне қарамастан жолшыбай Қайшыбаев жолдасқа соқтым. Өйткені, содан бір жеті бұрын ол мінездемені жақсылап беретін ниетімізді қостап, Ғабитті шелите мақтаған еді, мен келіп жеткенше құлағы бұралған болуы керек, ол райынан айнып қалыпты. Есіктен кіре сөйлеп, өзіне жеткенше не үшін асығып келгенімді айтып та үлгердім. Ол «басыңа пәле тілеп қайтесің, айтқандарын істей сал» деді басын көтерместен. Мен не айтарымды білмей тісімді бір қайрадымда, тізе бүкпестен шығып кеттім.

Ғабиттің тілеуін бәрі де тілейтін болуы керек, коммунистердің бірі қалмастан келіпті де, жиналыстың басталатын мезгілі өтіп кетсе де, бірде біреуі шашау шықпапты.

Мен екі сағат бойы не естігенімді баяндай келіп, Ғабиттің партияға қайта алынатынын, бірақ біздің коммунистер өзінің коммунистік сөзін Орталық Комитеттің Бюросына қалайда жеткізуі керек екенін айтып едім, менің ол қылығым

кейбіреулердің көзіне өз басымды өзім балта астына төсеумен бірдей көрді. Солай деп айтып салғандар да болды. Мысалы, Еркінбаев. Тіпті, Ғабиден де сақтық айтты. Бірақ дайындалған тексті оқып, талқыға салған шақта бірде біреуі қарсы болған жоқ.

Арада біраз күн өткеннен кейін Орталық Комитет Ғабиттің мәселесін қараған кезде мынандай бір қырсық кездесті. Бюро мәжілісіне біз берген мінездеменің орнына онан бірнеше жыл бұрынғы бір қырсығы мол мінездеме салыпты. Ғабит бюро мүшелерінің қайсыбірінің сол ескі мінездемеге алданып отырғанын сезіпті де, біздің ұйымнан жаңа мінездеме алдыруын өтініпті. Мәжілісті басқарып отырған Борков алдында жатқан мінездеменің ақырына қарапты да парткомиссияның секретарынан мұның мәнісін сұрайды. Ол жаңадан алдырылған мінездеменің барын, оны Әбдіхалықовтың қостырмағанын жасырмай айтып береді. Борков ашулы дауыспен «Сіз коммунист емессіз бе?» – деп зіл тастайды. Осы зілді сөзден шошынған парткомиссияның хатшысы ақсаңдай жөнелді. Оның бір аяғы ақсақ еді, сол ақсақ аяғымен бірінші этаждағы өзінің кабинетінен мінездемені алып келгенше он минуттай уақыт өтіпті. Әлде ұялу, әлде жаңа басшыдан имену, әйтеуір сол он минуттың ішінде қыбыр еткен бір жан болмапты. Борков секретарь әкелген мінездемені ішінен оқып шығады да Ғабитке: «Жолдас Мүсірепов, сіз кішкене бара тұрыңыз» – дейді.

Ішінде болғандардың айтысына қарағанда, Ғабит шығып кеткеннен кейін Борков: «екеуіңіз бірігіп бюродан жасырған мына партиялық документ Мүсіреповті ғана емес, маған сіз екеуіңізді де жақсы таныстырды, рақмет», – дейді кекесінді үнмен. Сол кекесіннен басталған айтыс бір сағатқа созылыпты да, ақыры Ғабиттің тілегін қабылдамаумен тыныпты. Мұның зардабы он екі жылға созылды.

Бұл хабарды мен сол сағатында естідім, бірақ қиналғаным сондай, Ғабиттің көңілін жұбатуға бара алмадым. Ертеңінде сәске кезінде телефон соғып:

– Мен Шаяхметовтің атына бір хат жазған едім, осыны жолшыбай саған оқығым келеді, екеуіміз театрдың жанындағы скверде кездессек қайтеді?» – деді. Мен мақұл дедім де айтылған кезде, қазіргі Жамбылдың ескерткіші тұрған жерге бардым. Көп кешікпей ар жағынан Ғабит те келді. Мен оның сұп-сұр болып кеткен өңіне бірден артық қарай алмадым. Ол басқа сөзді айтқысы да, тыңдағысы да келмейтін болуы керек, скамейкаға отырар-отырмастан қалтасындағы қағазын ала бастады. Тым қиналып жазған

екен, тыңдаудың өзі ауыр. Маған, әсіресе «Сіздердің кешегі қаулыларыңыз менің жүрегіме қанжардай тиді» деген сөзі сұмдық көрінді. Сондықтан ол үшін партиядан айрылу жүрегінен айрылумен бірдей еді. Сол хат сақталған болса, ішінде сондай сөз бар. Мен хатты мұнан әрі оқытқаным жоқ та, өзін мұнан әрі жібергенім жоқ, жалынып отырып сол жерден үйіне қайтардым.

Осы айтылған фактіге ой жіберіп қараңыздаршы. Осынша ауыр, осынша қат-қабат соққыны ол не үшін көрді? Біріншісін халқының мұнын жоқтаганы үшін, екіншісін халқының аяулы перзентінің ажалына араша түскені үшін, үшіншісін халқының жоғалып бара жатқан сәулетіне жоқшы болып, дабыл қаққаны үшін. Осы үшеуі үшін ол он сегіз жыл бойы шалажансар күйде жүрді. Қандай ауыр күйде жүрсе де бір қайысқан жоқ, қаламын бір тастаған жоқ. Ең кереметі, қадіріне қылдай қаяу түсірген жоқ. Сондықтан ол дегеніне жетеді.

«Сондықтан да» деген сөзді шіреңкіреп айтуының мәнісі Ғабеңнің кейінгілерге мирас болып қалатын, тіпті, бәрімізді бірдей шетімізден қанымызға сіңіріп алатын ең асыл, ең қымбат өнегесі – осы азаматтығы еді Соның кейінгілерге қаншалықты дарығанын ойлай қалсаң, куана алмай қынжылып, қиналасың. Өйткені, халықтың «Ағасыз елдің – жағасы жыртық» дегені рас болса, біздің алдымызда сондай жыртық жағалы кездің күтіп тұрғаны да рас. Оның себебін ойлай қалсам, өзімнің ескі сырласым, бұрын аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған, бұл күнде пенсионер Дермен дейтін қарт коммунистің мынандай бір ащы сөзі есіме түсті.

«Өзің бала кезіңнен көрген шығарсың, құтырған ит аспандағы айға да арсылдаушы еді ғой. Сол сияқты Қазақстанның аспанында бір жаңа жұлдыз жарқырай қалса, соны өшіру үшін өңеші үзілгенше арсылдай беретіндер бар. Біреулер өзгенің беделді бетіне безеу салмасын деп жүріп өзінің мерезге айналғанын білмейді. Мені мезгілсіз қартайтқан солардың қайғысы» дейтін. Шынында, бұл елінің елдігін ойлайтындардың бәрінің де қайғысы. Ауыр. Ауыр болса да айтайын, бұл, әсіресе, алыптары азайып, тізгін ұстар тұлғасы тумастан тозып бара жаткан біздің қазақ әдебиетінің қайғысы. Лениндік норма қалпына келгеннен кейін, яғни 1956 жылы дегеніне жетіп, жаңа билетін алған күннің ертеңінде Ғабең шаңқай талтүсте екі үйдің арасындағы он екі көшені – бір-ақ аттағандай қатты екпінмен біздің үйге жетіп келді. Қуанышында шек жоқ. Сол шексіз қуанышы жетелеп келген болуы керек, отырар-отырмастан:

– Сәкеннің кетер алдында айтқан, бұл күнге дейін жан

баласына айтылмай келген бір аманаты бар еді, соны саған айтқалы келдім, – дейді.

Бұл кез Сәкеннің әлі ақталып болмаған кезі, сонда да оның аманатын естуге ынтықтым.

Алдымен мынандай бір кіріспе айтайын.

1937 жылы наурыз айында «Каз. правда» газетінің бетінде «Қызыл сұңқарын» қатты сынағаны үшін Сәке Ғабеңе өкпелі болатын. Ол кезде талғамымның төмендігінен болар, «Қызыл сұңқардың» ішіндегі «осы қыздың екі жамбасының арасы құрттаған» деген бір сөзінен басқасы өзіме ұнаған еді, сондықтан Ғабеңнің ол мақаласына өзімше мен де наразымын-ды. Жол-жөнекей айта кетейін, менің ол ұнамсыз сөзді Сәкеннің өзіне айтуым, оның қабылдаған түрі қызық болды. Антракт кезінде фойеде жүр едік, Өтекин дейтін досы мен екеуі қарсы кездесе кетті. «Қалай мынау ойын ұнады ма?" деді салған жерден. Мен қыздарды төмен қарататын бір сөзі бар екен, басқасы ұнады» деп едім, ол өзінен именіп оқшау тұрып қалған менің серіктеріме көзін алыстан бір тастады да: «Айпыр-ай, қыздарды жерге қаратып қойған ол қандай сөз екен» деді миығынан күле сөйлеп. Мен өзіме ұнамаған сөзді айтып едім, ол «соның өзі жақсы» деді де, жүріп кетті. «Соның өзі жақсы» деу өзінің мәтелі болатын. Менің «төмен қаратты» деген сөзімді оның «жерге қаратты» деумен қаншалықты тереңдеткен бұл сөздің де өз шарапаты барын кейін, өте көп сезіндім.

Енді Ғабеңнің есіндегі жайға оралайын. Мұны да естіген, жадымда сақталған қалпында айтатынымды ескерткенім жөн болар.

«... 1937 жылдың күзіне таман менің Қазақстан Орталық партия Комитетінің мәдениет бөлімінің бастығы болып жаңа отырған кезім. Бір күні біреу кабинеттің есігін таяғымен серпіп ашып жіберді. Қарасам Сәкен екен. «Қызыл сұңқарлар» сыналғаннан бергі алты айдың ішінде ол менің сәлемімді бір жөнді алған емес-ті. Сондықтан жанжалға келді деген оймен тез қатуланып алдым. Ол есікті таяғымен жапты да, өзінің сәнді жүрісімен керіле басып маған қарай келе жатты.

– Сұрланбай-ақ қой, мен сенімен соғысқалы келгенім жоқ, – деді кердең дауыспен.

– Менде әлі үн жоқ, тек екі көзім оның ажарлы өңінде. Ол қарсымдағы креслоға отыра бере:

– Мына тағыңа құтты болсын айту үшін де келген жоқпын. Сенің азаматтығыңа аса бір ауыр жүк артқалы келдім.

Сол сөзден кейін ол сәл бөгеліп қалды. Мен не дерімді

білмей, қарсысына отыра бере қолын ұстап алдым. Сәлемдескен түрім осы. Ол басын сәл изеді де, сөзін қайта жалғады.

– Ел басына мынандай зобалаң күн туды. Мұндайда, қаратай, ала тайлардың талайы аш қасқырға айналды. Олар өзінен басқасының бәріне жаладан жаңбыр жауғызар. Ондайлар мені де сау қалдырмас. Ажары көзіме ұшыраған тәуір әйелдердің байсымақтары да, жаман өлеңі қырыма ұшыраған ақынсымақтары да қарап қалмас. Жаулықты қолдан жасап жатқандар сондайлардың жарасын жарақ етіп алар да, менің өмірімді шапқылар. Сен мына шатырдың астына дер кезінде, жақсы келдің. Жаңбырдан қорғайтын қол шатырындай болса да мұның саған панасы болар, сен аман қаларсың. Бірақ сен өз басыңның амандығына мәз болмай, сонау соңымызда келе жатқан он шақты қара домалақтарға қорған бола біл. Әдебиетіміз ұрпақсыз қалып жүрмесін. Мен саған соны айту үшін келдім».

Екеуінің ұзақ күнге созылған әңгімесі осылай басталыпты. Бұл – Сәкен ағамыздың өз адамдарымен ең соңғы дидарласуы, бұл оның ең соңғы сырласуы.

«Құрметті Ғабе, Сәкеннің сол аманатын есіңізге түсіріңіз де, мына залға қараңызшы. Сәкен жете алмаған арманға сіз жеттіңіз. Сәкен аманат еткен он шақты «қарадомалақтардың» бұл күнде қалың армияға айналғанын сіз көрдіңіз. Сол қалың армияны жасақтаған алыптардың бірі өзіңіз. Бүкіл халқыңыз солай дейді. Үкіметімізбен партиямыз да солай дейді. Бүгінгіге ертеңгілердің көзімен қарап айтар болсақ, ертеңгі ұрпақтар да солай дейді. Сіз осыны сезінген сайын шаттанатын шығарсыз. Шаттық адамды шаршатпайды да, қартайтпайды ғой. Соңыңызда келе жатқан қалың армияға қарап сіз шаттаныңыз, сізге қарап біздер шаттанайық. Маңқиған маңғаз қалпыңызда мақтанымыз болып алдымызда әлі де жүре беріңіз. Бұл – бір ғана менің тілегім емес, бүкіл халқымыздың, өзіңіз он сегіз жыл бойы зарығып күткен партияңыздың тілегі».

Ғабеңнің ақтық демі бітер алдында есіне түскен жиналыстың бар сыры, ондағы мен сөйлеген сөз – осы.

Сол жиналыстан кейін үйге қайтар бетінде:

– Сен маған көп жасаудың керектігін айттың да, оған қалай жетудің жолын айтпадың ғой. Соны саған мен айтайын, ертең сағат он бірдің кезінде маған келші, – деді Ғабең.

Мен преферанс ойнауға шақырып тұр деген оймен:

– Он тиыннан кем емес, – деп едім, ол дауысын көңілдендіре түсіп:

– Жиырма тиынға да қарсы емеспін, тек ол сәл кейінірек, -деді де, жүріп кетті.

Ертеңінде мен айтылған сағатында дәл барсам, ол кісі Төлебаев көшесінің басында сейілдеп жүр екен. Сәлемдескеннен кейін колтығын тосып, маған ұстатты да, сол көшені өрлей жүре бастады. Үй артта қалып барады. Біздер Виноградов көшесінен де өтіп кеттік.

– Ау, қайда барамыз? – дедім.

– Қазір жетеміз.

Елу қадамдай жер жүргеннен екі үлкен үйдің аралығында бос қалған бір аядай алаңның алдына келіп тоқтады.

– Жазушының ұрпақтан-ұрпаққа жетер жалғасы – өзінің атымен аталатын музей. Өзің білесің, мен соны көптен бері армандап, қанша армандасам да бір жете алмай келемін. Оған бір жағынан өзім де кінәлімін, өйткені, бүкіл Алматыдан осынау аядай алаңнан басқа жердің бірін де ұнатпадым. Осыдан біраз был бұрын Димашпен кеңесе отырып салынатын жерді де, салатын мекемелерді де белгіледік. «Құдай айтса, пайғамбар қыңқ демейді» дегендей, ол айтқан соң қаланың қырсау басшылары да елгезек болып кетті. Аз күннің ішінде музейдің чертежі де, сметасы да жасалды. Өзімнің музей салуға бөлгенім 40 мың сом еді, оған тағы бір 20 мың сом қосу керек болды. Оған да көндім. Бірақ дәл шартқа қол қояр кезде осы алаң есіме тағы түсті де «Салсаңдар осы жерге салыңдар, салмасаңдар жоғалыңдар, басқа жерге салынған музейдің маған керегі жоқ» – деп шалкамнан түстім.

– Мұның бәрі маған белгілі ғой, енді несіне айтып тұрсыз?

– Сені Димашқа жұмсамақпын, сол үшін айтып тұрмын. Кешегі жиналыстан менің алып қайтқан олжам – бұл жұмысты тездетуге бекіндім.

– Ол кісіге өзіңіздің барғаныңыз жөн емес пе?

– Екі түрлі себеппен өзімнің барғым келмейді. Біріншіден, өзінің алдында байласқан келісімнен өзімнің айнығанымды айтып отыру ыңғайсыз. Екіншіден, бұл жерді сол сапарда да сұрағанмын. Сонда есімде жоқ. Бір сылтау айтып бермегенді. Бұл сапар тағы бермесе қаттырақ кетуім, ең болмағанда, сонау жылы Оспанов Ғазиздың үйінде айтылған ащы сөзді айтып салуым мүмкін. Ол кезде ол Министрлер Советінің орынбасары ғана еді. Қазір Саяси Бюроның мүшесі ғой. Сонан өзің байқай бер. Есіңде ме, Ғазиздің бір баласы туған шілдеханада менің оған не дегенім.

– Есімде. Онан бері қырық жыл өтті ғой, соны әлі ұмытпай жүрсіз бе?

– Ол ұмытпаған секілді, сондықтан мен де ұмыта алмай жүрмін, – деді де, үйге қарай беттеді. – Қалай, біреулерді тауып алып, айналдырып жібереміз бе?

Менің тарапымнан қарсылық болған жоқ.

Ғазиздың Нұғман дейтін балдызымен Димаштың Роза дейтін балдызы жұбайласатын болып, той салтанаты жақындаған кезде Нұғман кенеттен майданға кеткен-ді. Содан ол қайтқан жоқ. Бірақ бұлардың қылдай нәзік құдалығы әлі үзілген жоқ-ты, Ғазиз есесіне баласының шілдеханасына біздермен бірге Димашты да шақырған екен, ол зайыбы Зуһра екеуі едәуір кешігіп келген еді. Соған шамданды ма, жоқ әлде ескі қыжылы бар ма, әйтеуір Ғабит осы арада бір оғаш мінез көрсетті.

– Осынша кешігіп, елді қаңтарғанын қарашы...

Есіктен сәлем бере кірген Димашты Ғабиттің қарсы алған түрі осы болды. Онымен де тынған жоқ, Димашқа төрден орын бергелі тұра бастаған жұртқа ауыр зіл тастады:

–...Құрт кіргендей неменеге жыбырлап қалдыңдар... Бақалшының сататын инесі мен түймесі болғыларың келді ме? Шошаңдамай отырыңдар.

Димаш күле сөйлеп: «О, жездеке...» деп бастап, әлденендей әзіл айтты да, зайыбымен екеуі есік жаққа отыра кетті.

Ғабиттің мұнан қырық жыл бұрынғы сол сөзі бүгін есіме түсті.

Арада біраз күн өткеннен соң мен Димашқа бардым. Бірақ бұл баруымнан мәнді ештеме шыққан жоқ. Ұзақ сонар әңгімеміздің ақыры «Ғабиттің сұрап жүрген жері музей салуға онша қолайлы емес. Менің көз сап жүрген бір-екі жерім бар, соны өзімен ойласып көрейік, өзі мен демалысқа кеткенше келсінші» деуден арыға барған жоқ.

Арада бес-алты күн өтер-өтпес екеуі кездесіп, кеңесіпті де, Комсомол көшесінің бойындағы бір жерге келісіпті. Бірақ Ғабит ол жердің қай көшеге жақын екенін ұмытып қалыпты. Димаштан қайыра сұрамақ болып жүрген кезде Димаш демалысқа кетіп, ол келгенше өзі сырқатқа шалдықты да, жанымен қайғы болып кетті. Айта кетейін, Төлебаев көшесіндегі сол жер күні бүгінге дейін бос тұр...

Өткен күндерге ой жіберіп қарасам, мұндай қырсық Ғабитті шалудан бір тынбаған екен. Соның біреуінен ғана мысал келтірейін.

18 жыл бойы аңсатқан партбилетіне 56 жылдың жаз айының бір күнінде жететін болды. Қазақстан Орталық Комитетінің ол кездегі Бірінші хатшысы И.Яковлев, екінші хатшысы Н.Журин еді. Олардың не ойлағанын кім білсін.

Ғабиттің партиялық мәселесі қаралатын бюроға 37-жылы оның үстінен арыз жазғандарды түгел шақырыпты. Олардың ішінде де жазушылар да, ғалымдар да, әртістер де бар, ұзын саны – 27. «Ғ.Мүсіреповті қаралап, 37-жылы НКВД-ға жазған арыздарыңды қуаттайсыңдар ма, жоқ па? деген сұрау сол жиырма жетінің бәріне де беріліпті. Бәрінің де қайтарған жауабы «жоқ» деген бір-ақ сөз болыпты.

Ғабиттің өмір бойы көксегені бір ұл болса, он сегіз жыл бойы көксеген, осы партбилеті болатын. (Бұл арада кейінгі ұрпақ үшін ескерте кетер бір жайт, о заманда партиядан шығу – шығармашылықтан шеттелу ғана емес, шынайы өмірден біржола аластауға пара-пар жағдай еді ғой). Сондықтан оған жеткенде бар арманына жеткендей қуанғаны сондай, сол қуанышына арналған дастарқанына өзіне қастандық жасағанына қарамастан сол жиырма жетіні түгел шақырыпты. Олардың кімдер екенін білуге асыққан біздерге:

– Кінәлі заман екенін айтып, бәрін де шақырдым, бәрі де келер, келген соң көресіңдер ғой, бірақ күнде көріп жүрген таныстарың болса да танымай қалмаңдар, – деп сөзінің соның жұмбақтатып жіберді. Мен бұл түсінбей қалғанымды жасырғаным жоқ. Ортамызда Қайнекей бар еді, ол біздер келместен бұрын олардың кімдер екенін сұрап, біліп алған болуы керек:

– Маған бәрі де белгілі, – деп ширыға түсті. – Қанша бетсіз болса да ешқайсысы келе қоймас.

Жұрт үсті-үстіне келіп жатыр. Бұл келгендердің сөз әлпеттеріне қарағанда бюроға барғаны байқалмайды. Қанша ұзақ күтсек те, жиырма жетінің біреуінен басқасы келген жоқ. Оның өзін де кейін, дастарқан басына отырып, біраз қызғаннан кейін ғана Қайнекей кердең дауыспен айтқан кекесінді сөзінен ғана білдік. Қызбаса да қызуланып, уытты сөйлейтін ол: «Жолдас, келіңіз, 37 жылы атқан оғыңыз тимей, тисе де өлтіре алмаған күйігіңіз үшін, Ғабеңнің қанын өзіне қалдырайық та, арағын ішіп жіберейік», – деп рюмкасын соғыстырмастан өзі қағып салды.

...Алпысыншы жылдары басталып, кейін ен жайылған тамыр-таныстық, жерлестік, рушылдық сияқты індеттің шарпуына ең алғаш ұшыраған тағы да Ғабең. Мүмкін оның айта алмай кеткен сырының бірі осы жайында болар, оған да ой жүгіртіп көрейік.

Бұл жай ой жүгірту емес, ауыр ойдың толғанысы.

Ол толғаныс кейіпкерлерінің ішінде ұрпақтардың сотына тартылатындар да аз емес. Олардың ішінде жасақшыларын жетектеген қайсыбір жазушылар да, қосшыларын құйрығына

байлап алған қайсыбір басшылар да, залымдығын ақсақ ойына балдақ етіп алған қайсыбір ғалымдар да, өтірік күлетін қастары да, өтірік жылайтын достары да бар. Оның достығы байланған қазық азаматтық емес, ала қағаз (карта) екенін Ғабиден жақсы сезінетін де Ғабең сезбейтін. Тіпті бұл эссенің кейіпкерлерінің ішінде Қарғабай сияқтылар да жоқ емес. Қарғабай дегенім, өзімнің «Сәкеннің аманаты» атты пьесамның бір кейіпкері. 37– жылы жауыздықтың отына қаламынан май құйып маздаткан қара ниетті біреу.

Соңғы жылдардың ішінде көзім анық жеткен бір шындық: заман өзгергенімен Қарғабайлар өзгермепті. Олардың атақ – даңқтары өсіп-өрлеп, көсегелері көгергенмен көкіректері көр күйінде қалыпты. Киімдері жаңарғанмен жаны жаңармастан, қара ниеттері ағармастан бүгінгі мұрагерлеріне қаз-қалпында жетіпті. Бағымызға қарай, заман өзгерді, әйтпесе 86-жылымыз 37-жылдың кебін молынан кигізетін еді. Тіпті, онан да асып түсуі мүмкін еді, өйткені, рушылдықтың зұлымдылығы ешуақытта қазіргідей күшейген емес. Сондықтан оның қатерін қаламнан қағыс қалдыруға болмас. Рушылдық отын мүлдем тапап, өшірудің орнына өздерінің Құдіретті қолымен көсеп, халықтың қадір-қасиетін түгел шарпитын қалың өртке айналдырмағандар кімдер еді? «Сен – маған, мен – саған» дейтін базар ашып, адамның ар-намысын саудаға айналдырған, жеңдерінің ішін адам тағдыры допша домалайтын жолға айналдырған, талай азаматты ақшаның буымен, мансаптың уымен улап аздырған кімдер еді? 65-жылы бірі Целиноградтан, енді бірі Жамбылдан келіп Орталық Комитеттің Бюросына, әрі Д.Қонаевтың қолтығына кіріп алғаннан кейін азғындықтың алуан-түрін заманымыздың заңына, заманымыздың салтына айналдырған С.Имашев пен А.Асқаров еді ғой. Олар еккен індеттің біздерге тигізген бір ғана кеселін айтсам, сол бір кеселдің өзі қаншалық қасірет әкелетінін байқауға болады.

66 жылы А.Асқаровтың бір жерлесін жоғарылатып, Министрлер Советі Председателінің орынбасары ету үшін ол орында отырған Әди Шәріповты босату керек болды. Ә.Шәріповқа орын іздеген басшылардың көзіне ілінген бос орын – қазақтың ең маңдай жазушысы Ғабит Мүсірепов отырған орын болды. Ғабең ол кезде Жазушылар одағының председателі болатын. Оны өз өтініші бойынша деген желеумен шығармашылық жұмыска жіберді де, оның орнына Ә.Шәріповті әкелді. Осы бір ғана шешімнің өзі әдебиетке деген қадір-құрметтің құлдырауының бастауы болып шықты. Осы құлдырауды бойлай ой жіберсем, әдебиетіміздің келешегіне

жабыскан дерттей сезілетін бір сөз есіме түседі. Ол Д.Қонаев жолдастың Ә.Шәріповті бізге жіберетін Бюрода айтқан бір сөзі.

Иә, сол күні...

Мен «Алматы» санаторийінде жатыр едім, таңертең сағат тоғыздың кезінде бүгін сағат 11-де пленум болады деген хабар алдым. Мұнша жедел шақырылуы ойды он саққа жүгіртті. Неше саққа жүгірсе де күдіктен құтыла алмай келе жатыр едім, Үкімет үйі жағынан Жұбан кездесті. Алыста ол келген жақтан бір топ жазушылар шұбап келеді. Амандық сұрасқаннан кейін Жұбанға қойған бірінші сауалым:

– Ей, мұнша дүрліккендей не боп қалды? Ғабең қайда?

– Жаңа бастық сайлаймыз.

Жаңа бастық сайлағаны қалай? Ғабең қайда?

– Ол кісі арыз беріпті, сол арыз бойынша босатыпты да, оның орнына Шәріповті сайлайтын болыппыз.

– Қай Шәріпов? Қасым Шәріпов пе?

– Жоқ, Әди Шәріпов. Мен не дерімді білмей:

– Мыналардың есі дұрыс па? – деп едім.

– Соны мен де біле алмадым, – деді де, ол ішке кіріп кетті. Жұбан ол кезде Жазушылар одағының екінші секретары болатын.

Пленум председательдің кабинетінде басталды. Ә.Шәріповті алып келген – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеологиялық жұмыс жөніндегі секретары С.Имашев. Ол Орталық Комитеттің Бюросы Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов жолдасты өзінің өтініші бойынша Жазушылар одағының председательдігінен босатып, орнына Ә.Шәріповті ұсынған қаулы алғанын айта келіп, өзінің сол қаулыны біздің қолдауымызды өтінді. Суырылып сөзге ешкім шықпады, әр жерден «қостаймыз», «қолдаймыз» деген күңкіл ғана естіліп жатты. Тек босаға жақта отырған Ә. Әлімжанов қана орнынан түрегелді. Ол да ұзақ сөйлеген жоқ: «Қойды да қойдың жайын жақсы білетін шопанға баққызамыз ғой, әдебиетіміздің қой құрлы көрінбеуі түсініксіз» деген сиякты жап-жақсы зіл тастады да, отыра кетті. Оған тіл қатқан, не үн қосқан жан болған жоқ. С. Имашев өздерінің ұсынысын дауыска салып еді, жұрт жаппай қол көтерді, ал мен көптен қалысқым келмесе де, қолым көтерілмеді. Соны қасымда отырған Ә.Жұмабаев байқап қалыпты. Ол Орталық Комитетте сектор меңгерушісі болып істейтін. Мәжіліс бітіп, жұрт көтеріле бастаған кезде ол орнынан тұра бере: «Әлеке, сіздің қолыңыз көтерілмеді-ау», – деді.

– Мұндай теріс басқан қадамға менің аяғым да көтерілмейді, –

деп мен де тұра бастадым. Дәл осы арада бір ой сап ете қалды. Бұл сәтте С.Имашев Ғабеңді төрден түсіріп, орнына Ә. Шәріповты отырғызып үлгерген-ді. Жұрт шығып барады. Ғабең Имашевқа әлдене айтып тұр. Мен әлгі сап еткен ойдың жетегімен соларға жақындадым.

– Орталық Комитеттің ана бір қызметкері маған замечание жасап барады, өсек болып жетер, соны айта кетейін. Әди, мен саған дауыс бергенім жоқ, өйткені, сенің келуің теріс, Ғабе, сіздің кетуіңіз теріс, – деп едім, С.Имашев маркұм арқамнан қаға тұрып қабақ шытты.

– Әлжеке, мұныңыз дұрыс емес.

– О, Сәке, кімдікі дұрыс, кімдікі теріс екенін өмір әлі көрсетер, асықпайық, – дедім де кете бардым.

Ұзақ өмірге ой жіберіп қарасам, партияның қаулысына қосылмау менде бұрын болмапты. Онан кейін де болған жоқ. Әди екеуіміз ол кезде Абай мен Мир көшесінің қиылысындағы «Дворяндар ұясы» аталған үйде тұратынбыз. Екеуіміз бір есіктен кіріп, бір есіктен шығатын тату-тәтті көрші едік. Өзі бастық болып сайланған күні кешке ол мені серуенге шақырады. Мен манағы сөзім үшін өкпесін айтар деген күдікпен шыққан едім, олай болмайды. Жаңылыс болмас үшін оның көшеге шақырғандағы сөзін жадымда сақталған қалпында дәл келтірейін.

– Мен сені манағы сөзің үшін алғыс айтқалы шақырдым, – деді ол сөз бастап. – Шынында, олардың бұл істеп отырғаны жүз пайыз қате. Әрине, ол қате енді жөнделмейді, бірақ сенің Имашевқа айтқан манағы сөзің оларды ойландырады. Мәселе былай болды. Менімен не Қонаевтың өзі, не Имашев бұл туралы алдын-ала бір ауыз сөйлескен емес. Ойламаған жерден Бюроға шақырылдым. Мен отырар-отырмастан Д.Қонаев: – Әди, біз сені Ғ.Мүсіреповтің орнына Жазушылар одағының председателі етіп жібермекпіз. Бюро мүшелері бірауыздан солай ұйғарды... Бұған қалай қарайсың? – деді.

Мен:

– Ойбай, Димеке-ау, мен жазушы емеспін ғой, өзім жазушы болмай жазушыларды қалай басқарамын? – деп едім, ол:

– Сенің ана «Партизан қызын» классический шығарма, – деп қолын бір-ақ сермеді. Мен енді не дерімді білмей, С.Имашевқа қарап едім, ол бүлдіріп отырған өзі екенін сездіргісі келмегендей, маған ту сыртын беріп, күжірейе түсті. Бюро мүшелерінің көңілі жақындауы Г.Мельник еді, содан демеу күтіп, көз тастап едім, ол басын да көтерген жоқ. Сонымен дауысқа салындым да, бекідім. Міне, бастық болуымның бар тарихы...

Осы арада Абайдың атасы Өскенбай қажының бір сөзі еске түседі. Ол кезде бес болыс Тобықты елі Қарқаралы округіне қарайтын. Құнанбай сол округтің аға сұлтаны болып сайланғанын ести сала Қаракесектің Кенже дейтін шешені қасына бірнеше жігітті ертіп, Өскенбайдан сүйінші сұрауға барады. Өзі бір елдің белді адамы бола тұра сүйінші сұрап баруының мәнісі Қаракесек пен Тобықтының шекарасында бір даулы жер бар екен. Кенжекең дәмесі сүйіншіге сол жерді алу. Бұлар болса Өсекең ауыл сыртындағы тебе басында бір топ адаммен әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Ол кездегі ауыл адамдарының түсінігінше, аға сұлтандық бұрынғы хандықтың жаңа түрі, хандық – Шыңғыс ханның өзінің ұрпағы, төрелерге қалдырған мұрасы. Хандыққа тек сол төрелер ғана ие. Кенженің ұғымынша, Шыңғыс ханның сол төрелерге салып берген салтын қара халықтан шыққан Құнанбай бұзғандай көрінеді де:

– О, Өсеке, қарадан туған баланыз хан болды, сүйінші, – дейді. Өсекең таяғымен жер шұқып, үнсіз отырып қалады. Кенже сөзін қайта жалғайды. «Ау, Өсеке-ау, тезегін көмген мысық құсап жер шұқып қалғаныңыз қалай, өзіңіз қуанудың орнына қайғырып отырсыз ғой» – депті. Өскенбай сонда ғана үн қатыпты:

– А, сен мені қуанттым деп отыр ма едің?

– Астапыралла, Өсеке, мына күпір сөзді қалай айттыңыз? Періштенің құлағына шалынар, тезінен тәубәға келіңіз, – деп Кенже қанша безектесе де Өскенбай міз бақпапты. Аздан соң:

– Аға сұлтандық дейсіңдер ме, дуан басы дейсіңдер ме, хандық дейсіңдер ме, жарты патша дейсің бе, әйтеуір бұл аймақта мұнан биік дәреже жоқ. Бұл далада сонау Шыңғыс тауынан биік тау жоқ. «Менің Құнанбайым баққұмар еді, бүгін бағы тасып жарты патша болды да, сол Шыңғыс тауының басына шықты. Ертең тағынан түскен күні сол Шыңғыс таудың басынан құлап түскендей күл-талқан болады. Мен баламның бүгінгі бағы тасып тау басына шыққанын да, ертең бағы тайған күні сол таудың басынан құлап түскендей күл-талқан болып жатқанын да көріп отырмын. Қайсысын қалайсың: қуанайын ба?» – деген екен. Сонда Кенжекең іркілместен:

– Бәрібір қуаныңыз. Ертеңгі мың қайғыдан бүгінгі бір қуаныш артық, – депті.

Осы сөзге Өсекең де тоқтапты.

Егер де біздер сол Өскенбайдай көреген болсақ, Ғабиттей ел ағасының басшылықтан кетуі әдебиетіміздің

қадір-қасиетін кетіру болып шығатынын білер едік те, бүгінгі құлдыраған күйімізді сол кезде көрер едік. Егер де әдебиетіміздің, қала берді, бүкіл халқымыздың қасіреті болудан бір талықсымай келе жатқан жұлын құрттардың қайсыбірі жағасына жармаспай, қайсыбір басшыларымыз кекшіл болмай, елшіл болып баптай білсе, ол қашан қара басы жерге кіргенше әдебиет көшін бастай алатын еді. Ол Одақтың жұмысын басқарудан 66 – жылы, 64 жасында кетті. Ал, біздер оның бойында әлі де керемет кемеңгерлік күш барын 18 жылдан кейін білдік.

Ғабең Сәкеннің:

«Шіркін, тауық шырқ айналар, жемің болса қолыңда, қайдағысы сені тауып, топырлайды жолыңда.

Қылт етеді, бұлт етеді жемің кетсе қолыңнан.

Көре қалса, тайып кетер келе жатқан жолыңнан», – деген өлең шумақтарын жиі айтатын еді. Сол жыр өмірінің соңғы кезінде өз күйіне айналғаны айқын сезілетін. Соны сезген біздер оны «Ағалар алқасының» құрметті төрағасы етіп сайладық. Осының өзі оған үлкен демеу болды. Өмірде бұрын болмаған, тек Олжас әкелген бұл жаңа қоғамнан ел ағалығын көргендей Ғабең қатты қуанатын да қызығатын. Алысқа ұша алмай, тұғырынан ұзай алмай мүлгіп отыратын кәрі қыранның күйіне жеткен Ғабеңе ондай желқанат берген ағалар алқасының қандай кереметі? Тіпті дүниедегі ең кеп халық – қытайдың жазушылары да мұндай қоғам құруды бізден бір ай кеш ойланды. Бірақ олар кеш ойланса да кенже қалмай алға түсті. Олай дейтінім – олар бұл ізгі қоғамға зор мән беріп, 84 жылғы съездерінің күн тәртібіне қойды. Қоғамның 34 кісіден құралған құрамын съезде сайлап, жазушылар ұйымын басқару аппараттарын сол қоғамға бағынатын етті. Ағалар алқасы құрылған кезде біздер мұнан бейхабар едік. Халқымыздың жақсы үлкен жақсыларын пір тұтып сыйлап өскен салты бар ғой. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осы ұлы мұраны жалғастыра беруді мұрат еттік. Олжас одаққа басшы болып келгенде осы мұраны ұран етіп ала келді. Сірә, ол Махамбет атамыздың «жасы үлкен болмаса, жастары болар диуана» дәл бүгінгі біздерге арнап айтылған өсиет екенін сезген болар.

Біз халық мұрасының жоғына жокшы, барына баптаушы болуды бүкіл халықтың парызы еттік. Ол ұмтылыстан тапқан олжамыз – сол жылдан-жылға жұтаң тартып бара жатқан әдеби тіліміздің тағдыры жөнінде 1984 жылы жазушылардың ғалымдармен бірігіп өткізген ғылыми конференциясы. Бұл конференцияны өткізудің ой дабылын

қаққан екі жағдай болды. Оның бірі және ең бастысы біздің халқымыздың саны көбейген сайын оқырмандардың азая түсуі. Мысалы, бүкіл Совет Одағындағы қазақтар саны 1970 жылы 5. 295.000 еді, 1984 жылы 6.551.000-ға жетті. Оның ішінде Қазақстандағы қазақтар саны 1970 жылы 4. 234. 000 еді, 1984 жылы 5. 700.000-ға жетті. Яғни, соңғы он төрт жылдың ішінде 2 млн-ға жақын, дәлірек айтқанда, 1. 955. 000-ға көбейді. Бұл тек Қазақстандағы ғана. Бірақ осы зор қуаныштың аржағында көңілге кірбең келтіретін мынадай да бір цифрлар тағы бар. Мысалы, 1970 жылдары 10000 тиражбен шыққан кітаптарымыз 100 күнге жетпестен оқырмандарымыздың жан азығына айналып кетуші еді, қазіргі кезде 30 000 тиражбен шыққан кітаптарымыз оқырмандарымыздың азығы болмай, магазиндердің қазығы болып, шаңның астында жылдап жататынды шығарды. Неге олай? Оқырмандарымыздың саны көбейіп, санасы өскен сайын ықыласы неге өшіп барады? Оның себебі, тілі шұбар, түсініксіз дүмбілез дүниелер көбейіп кетті де, халқымыз әдеби тіліміздің шұбарлауын шешек ауруының шұбарындай көріп, іргесін аулақ сала бастады. Бұл өте қауіпті беталыс. Сондықтан әдебиетіміздің бетіне түскен дақ еліміздің елдігіне, жазушы деген даңқымызға, азаматтық арымызға түскен дақ екенін сезетін, сезініп қана қоймай, бір кезде халқымыз шешек ауруымен қалай күрессе, әдеби тілді шұбарлаушылармен солай күресетін шақ жетті деген ойға келдік. Мен осыдан бірнеше жыл бұрын Чили халқының тамаша ақыны Пабло Неруданың «Сөз» деген толғауын оқыған едім. Оның тіл тағдыры туралы тебіренісі маған қатты әсер етті. Ол Латын Америкасын мекендеген үлкенді-кішілі халықтардың тарихтың небір қиын өткелдерінен өтерде, сұрапыл, сындар елдің елдігіне ауыр салмақ салғанда олардың ең қымбаты тілін сақтап қалғанын өте әдемі айтқан екен.

«Басқыншылар, – дейді ол – біздің салтымызды, дәстүрімізді тіпті түрімізді де өзгертіп жіберді. Олар түгімізді қалдырмай тонап кетті. Бірақ олар негізгі байлығымыз тілімізді ала алған жоқ» депті. Ойлап қарасақ, осы сөзде керемет мән жатыр. Өйткені, жазуы, мәдениеті елдігі бар халық үшін тілден асқан байлық жоқ. Тіл – оның тіршілік тірегі. Тіл – олардың басқа халықтармен терезесі тең екендігінің негізгі белгісі. Сондықтан тіл жай ғана байлық емес. Тіл туралы әңгіме бола қалғанда «байлық» деген сөзді оған ойланбай тіркестіре салуға мүлде болмайды. Менің түсінігімше, тіл – халықтық бақыт... Ана тіліміздің тағдыры

– біздің тағдырымыз. Ол қазір үлкен сөз ететін кезеңге келді. Біз өз тағдырымызға немкетті қарай алмаймыз. Ана тілімізді ойыншыққа айналдырғысы келгендермен ымырасыз күрес жүргіземіз. Тіл – біздің ұлттық намысымыз, арымыз, қорытып айтсақ, барымыз. Ендеше тіл тағдырына біз – өз халқын, өз анасын сүйетін баршамыз бірдей жауаптымыз. Тіпті, бүгінгі ең үлкен мұратымыз да, ертеңгі ұрпақтарға қалдырар ең үлкен мұрамыз да осы.

Біздер ана тіліміздің ауылдағы шопандардың тілі ғана болып қалуға беттеп бара жатқанын неге жасырамыз? Шындығына келсем, ана тіліміз Қазақстанның кең-байтақ даласын кернеген байлықтың қанжығасында байланып бара жатқан жоқ па? Осы бір ой мазалай берген соң, алдымен бұл мәселені газет бетінде көтеру керек сияқты көрінді. Сол үшін бірнеше адамға тапсырма да берілді, өзім де жаза бастадым. Аздан соң бұл ойдан да айныдым. Өйткені, газет бетінде айтылған ойды малталап отыру Ағалар алқасы үшін ескі сүрлеу сияқты көрінді. Сондықтан арнайы баяндама дайындалып, сол баяндаманы Ағалар алқасының кеңейтілген үлкен мәжілісінде талқылауды жөн көрдім. Егер бүкіл ел болып бұлқынбасақ, Шыңғыс Айтматовтың айтқаны келмей ме? Ол «тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалады» деген еді ғой. Ана тіліміз туралы ой қозғау идеясы: кешегі кеткен Мұхтар, Сәбит сияқты алып ағаларымыз жазарын жазып, алары бола тұра айтқыза алмай кетті-ау, мүмкіндігіміз бола тұра айтқыза алмай арманда қалдық-ау деген өкіністен туған еді. Сондай өкініште тағы да қалмас үшін қолқа салғалы Ғабеңе бардым. Өзімнің әлі аяқталмаған шала мақаламды да ала бардым. Ол кісі жай-жапсарды Ағалар алқасының жайын сұраудан бастады. «Ағалар алқасының халі қалай?», «Қазақ әдебиеті» газетінің бетіндегі хабарларға, келіп-кеткендердің айтысына қарағанда, алқаның ағалық беті жақсы сияқты ғой, қадамдарың құтты болсын. Мектеп оқушыларымен, театр әртістерімен өткізген екі мәжілістерінің екеуі де маған қатты ұнады, әсіресе ана тіліне қозғау салуларың қуантады».

Оның «қуантады» деген сөзіне қуанып:

– Сол қуанышты өзіңіз молайта түсіңіз, – деп жабыса кеттім. – Ол үшін талай жылдан бері талмастан айтып келген тіл турасындағы ойларыңызды жинақтап, болашақ ұрпақтарға тарту етіп тартыңыз. Ол үшін бүгінгілерге де, ертеңгілерге де айтарыңызды ағалар алқасының кеңейтілген мәжілісінде айтып берініз.

Ол дір еткендей ширығып, «мынандай қалжыраған халде отырып, ондай жауапты баяндаманы қалай жасамақпын?»

деп зірк етті. Тіпті, жаңағы жайдарылықтың бәрін жоғалтып, түсін тез суытып алды. Мен «әлі де ойланыңыз» деуден әріге бара алмай, мақаламды қолыма алдым. Мынау – менің тіл туралы жазған тырнақалды мақалам. Мұнан дәл жарты ғасыр тырнақалды әңгімемді оқыған едіңіз. Енді осы бұрын тырнақалдымды сіз оқыңыз. Қалай, зауқыңыз бар ма?

– Бар. Тек сенің тышқан ізіндей жазуыңа көзім жарамас, өзің оқы.

– Сіз Пабло Неруданың «Сөз» дейтін эссесін оқыдыңыз ба?

– Оқығанмын.

– Мен сөзді сол «Сөзден» бастаған едім, оған байланысты алып тастап оқиын.

– Еркің.

Мақаланың бір жарым беттейін алып тастап оқуға кірістім.

«Байқап қарасақ, бұрын тілбұзарлар біреу, екеу болып саналушы еді, енді байқасақ, тіпті көбейіп кетіпті. Бұған себеп не? Мұның себебін әркім әртүрлі түсіндіреді.

Біреулер жастай ізденбейді, ағаларын оқымайды, олар қазақ әдебиетінен гөрі шетел әдебиетін көбірек оқиды. Олар туып өскен ауылынан гөрі басқа республикаларды шарлауға әуес десе, екінші біреулер, жастар сөйлемді әдейі бұзып жазады. Олар ерекшеліктің белгісі – түсініксіз жазу деп ойлайды дейді.

ҮШІНШІСІ – тілбұзарлар талантсыздардан, әдебиетті күнкөрістің көзіне айналдырып алған кәсіпқорлардан, ана тіліміздің тағдырына жаны ашымайтын тас жүректерден шығады деседі.

Өз басым осы пікірлердің барлығына да қосыламын. Дегенмен, ана тіліміздің осыншама жылдам шұбарланып бара жатқан себебін, әрине, негізгі себебін басқадан іздеймін.

Тіл – ұлттық сана, ұлттық психологиямен тамырлас. Мыңдаған жылдық тарихы бар тіліміз Абай сөзімен айтқанда «соқтықпалы сокпақсыз жерлерден» өтті. Халықтың ұлттық санасымен бірге өсті, бірге дамыды, бірге қалыптасты. Демек, сол халықтың бала кезінде туған тіл сол халықтың дана кезіне ұлан-асыр жүк, ғажайып мұра арқалап жетті. Ертеде жазу-сызу болмаған қазақ халқы үшін тілден қасиетті ештеме болған жоқ. Ол – тарих, ол – мәдениет, ол – өнер, ол – әдебиет. Қазақ халқының ана тілі мен анасын соншалық қадір тұтатыны да сондықтан болса керек. Тауып айтылған бір сөзге бір қауым елдің тоқтайтындығы, дауласқан екі жақтың әділ қазы – биге жүгінетіндігі де халықтың тіл өнеріне деген

ыстық махаббатының белгісі. Қазақтың аса бай теңеулермен сөйлейтіндігі тегін емес. Тілдің бүкіл тарихы сол халықтың тағдырымен тамырлас. Ендеше тілдің қалыптасып, дамуы ұлттық психологияға, ұлттық санаға, дәстүрге тікелей байланысты. Біздің қара сөзді сапырып сөйлеп үйренген, қара сөзбен-ақ адамды жылатып, қаласа күлдіре алатын ерекше дарынды шешендерді көріп, карт қаламгердің «тіл тозып бара жатыр» дейтіндігіміз де сондықтан. Өз топырағынан аяғы көтеріліп кеткен тілдің көсегесі ешқашан көгермейді. Қайсыбір тілші-ғалымдарымыз көп ретте тілдің шұбарланып бара жатқанын ғылыми-техникалық прогрестің әсері деп түсіндіруге тырысады. Егер қазақ тілі енді-енді қалыптаса бастаған тіл болса, мен олардың дегеніне толық сенер едім. Жоқ, мәселе басқада. Нағыз жазушы халық ортасынан шығады. Осы күнгі жазушыларымыздың, аға буын жазушылардың көпшілігі атасы мен әжесінің ертегісін тыңдап өскендер. Ал, қазір ше? Біздің сәбилеріміз болашағын балалар бақшасынан бастайды. Тілді балалар бақшасында жүріп үйренеді. Ал, ондағы тәрбиешілердің қазақ тілінен білетіні бес-ақ ауыз сөз. Осы күні «орысша ойлап», «қазақша жазатын» қаламгерлердің көбейіп кетуінің негізгі бір себебі осында жатыр. Оларды оқып, түсіну мүмкін емес. Өкінішке орай, олардың жазғандарын кейде орысша аудармасы арқылы түсінетін болдық. Бұл күлетін емес, жылайтын жай. Өйткені, тіл қадірін білмейтін елде бұдан асқан қасірет жоқ. Қазақ тілі өзінің ежелгі жұпарынан айырылмауға тиіс. Оның қасиеті де сол жұпарында. Тіл білмейтін кейбіреу қазақ тілін қазақшалап арамтер болып жүр. Кейбіреу қазақ тілінің ұлттық айшық, өрнегін сылып тастап, қолдануға әуес.

Қырсықтың бір үлкені – кейбіреулері езінің бала кезінде естіген балдыр-батпақ сөздерін де балдай көріп, көркем әдебиетінің кәдесіне жаратқысы келеді. Филология ғылымының докторы, белгілі ғалым Шора Сарыбаев жолдас «Қазақ әдебиеті» газетіне берген интервьюінде, ондайларға М.Горькийдің мына сөзімен жауап беріпті: «Мен мұндай сөзді естігенмін, біздің жақта солай айтылады, – деп таласуы ықтимал, – дейді данышпан М. Горький – оның естігенінде тұрған не бар? Ұлан-байтақ еліміздің қай түкпірінде қай сөздің қалай айтылып жүргенін кім біліп болмақ. Әдебиетші өз еңбегінің суреттеу құралына өте өміршең, тиянақты, қарапайым, мағынасы айқын сөздерді таңдап ала білуге тиіс».

И.С.Тургенев өзінің сөйлеу тілінде диалектик ерекшеліктерді көбірек қолданатынына қынжылып,

С.Т.Аксаковқа жазған бір хатында былай депті: «Егер провинциялық сөйлеу мәнеріне келетін болсақ, өкінішке орай, сөз арасында оларды қалай қолданып жіберетінімді өзім аңдамай қаламын. Сондықтан да марқұм В.Г.Белинский ылғи маған «орысша білмейтін орловтық» деп кейитін. Сізден өтінемін, ондай сөздер кездесе қалса өзіме көрсеткейсіз».

Ш.Сарыбаев жолдас өз сөзін осы мысалмен де дәйектей түсіпті. Қазақ тілінің ерекше қасиеті – табиғилығында. Оның бойында титтей де жасандылық жоқ. Қазақы ұғымға сыймайтын тіркестерді оқығанда мен қатты қиналамын. Өйткені, қазақ тілінің өзіне тән ырғағы бұзылса оның сәні де, мәні де кетеді.

Тіл сақтауды мен тарихымызды, мұрамызды сақтаудан бастау керек дегім келеді. Кешегісіз бүгін, бүгінгісіз ертең жоқ. Кешегіні бөліп тастау – екі аяқтың біреуін кесіп тастаумен бірдей. Мұраға мұқият болу әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз. Амал не, өкінішке орай, көпшілігіміз осы борышымызды жылы жауып қоюға тырысамыз. Жанды қатты ауыртатын бір жай осы.

Жуырда ағалар алқасының ұйымдастыруымен бастауыш кластар мен орта мектептерге арналған әдебиет оқулықтарын талқылау болып өтті. Бұл күтпеген жерден өзімізге ғажайып ойлар салған мәжіліс болды. Бұған қалалық оқу бөлімінің көмегімен қазақ тілінде сабақ жүргізетін мұғалімдердің қаладағылары ғана шақырылған еді. Осында білімін көтеру үшін облыстардан келіп жатқан мұғалімдер де қаптап кетті.

Олар ана тілімізді, көркем өнерімізді дамытудың жолын бізден кем іздемейді екен. Әсіресе, баланы өз ана тілінде сөйлеуге баулу керектігін, ол үшін мектеп сахнасының қандай керемет роль атқаратынын айтқанда мүлдем шабыттанып кетеді. Сонымен бірге, қайсыбір жағдайымызға қынжылатындарын жасырған жоқ. Мысалы, 5 мектеп-интернатының оқу ісінің меңгерушісі, педагогика ғылымының кандидаты М.Көпжасаров өзінің сөзінде қайсыбір спектакльдің шұп-шұбар, дүмбілез сөздеріне балалар түгіл өзіміз түсінбейміз, оның үстіне актерлер көп бажылдайтын болып кетті десе, Өскемен педагогика институтының оқытушысы Н.Соколовская өзінің орыс мектебінде факультеттік сабақ жүргізетін программада қазақ әдебиетінің де барын, бірақ орыс тіліне аударылмағандықтан Спандияр Көбев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Махамбет Өтемісовтерден орыс оқушылары бейхабар қалуы қынжылтатынын айтқанда қатты ұялдық. Сол мәжілісте мен мұндай сорақылықтың талайын естідім. Шығып сөйлеген жолдастардың көпшілігі

әдебиет пәніне жеткілікті дәрежеде мән берілмейтіндігін, мектептерде бұл пән формальды түрде ғана өткізілетіндігін, олардың бүгінгі талаптарға жауап бере алмайтындығын қатты айтады. Қазақ тілі сегізінші кластан оқытылмайды екен. Неге? Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі КазПИ-ді бітіріп барған жиырма бір балаға жұмысқа алу туралы арыз жаздырған екен. Әлгілердің бір де біреуі сауатты жаза алмапты. Филология факультетін бітіріп барған бір қызымыздың арызынан он бес қате шығыпты. Біздің болашағымыз – балаларға тіл үйрететіндердің сиқы осындай.

Сол мәжілістің үстіне көруге көз, естуге құлақ ұялатын мынандай бір фактіге кездестік. 9-сынып оқулығында Шоқанның бір топ мақалалары мен хаттарынан үзінді басылған екен. Соның 4-бетінде адам түсінбейтін мынандай бір балдыр-батпақ бірдеңе бар. «Ал, қоғамның артық жағдайдағы таптарының пікірлеріне халықтың шын мұң-мұқтаждарына мүлдем қайшы келген пікірлер деп қана қарау керек, өйткені, жоғары мәдениетті қоғамдағы атақты бай адамдардың мүдделерінің өздері де, көбінесе бұқараның, көпшіліктің мүдделеріне өшпенді, қарсы болып отырады».

Мұны қазақ тіліне аударушы кім екенін білмеймін, кітапта көрсетілмейді. Бірақ мұндай көкмылжың «білгіштерден» түк білмейтін мылқаудың өзі жақсы екені кімге болса да анық...

Шала біткен мақала оқылып болды. Байқаймын, манағындай емес, Ғабеңнің қабағы жадырай басталып. Екі шынтағын столға тіреп қойып, сигаретін ойлана сорып біраз отырды да:

– Материалын жинап берсеңдер баяндаманы жасап көрейін. Ал, сен мына мақаланды газетке берместен бұрын сол жиналыста оқитын бол.

– Мақұл.

Мен кетуге бет алған кезде ол қуана үн қатты:

– Айтпақшы, ана бір жылы Жазушылардың съезі Кремльдің сарайында жүріп жатқан кезде біздер жаңағы сен айтқан Пабло Нерудамен суретке түскен едік қой, сол сурет менде жоқ, сенде бар ма?

– Менде де жоқ. Өйткені, фотосуретші бірдеңесін жерге түсіріп, қиратып алдым деп бермей кеткен-ді.

Қолын салмақпен бір сілтеп:

– Саясат суретке де араласқан ғой, – деді де қала берді. Мен Олжаска келіп ағалардың осындай ойы барын айтып едім, ол:

– Өте жақсы... бірақ... – деді де тұрып кетті. Оның ой толғағына түскен кездегі бір әдеті ерсілі-қарсылы кезуілдеп

жүретін де, терезеге барып алысқа көз жіберетін. Сол әдетімен терезеге барып, алысқа қарап аз тұрады да, сәлден кейін қайта бұрылды.

– Бұл өте игілікті іс, бірақ мұны ағалар алқасында емес, тіпті Жазушылар ұйымның пленумында да емес, Академияның тіл білімі әдебиет пен өнер институтымен біріккен конференция етіп өткізгеніміз жөн, – деді. Ақырында оның жөн дегені болып шықты.

Ғабең біз әзірлеп берген материалдың бір де бірін қабылдамай, өзі алты ай бойы дайындалып алып, 82 жасқа жеткен қарт халіне қарамастан екі сағат бойы талмастан тұрып баяндама жасап шықты. Сол конференцияға қатысқандардың қарттың мұндай қайратына таңғалмағаны жоқ. Екі күнге созылған бұл конференцияның барлық материалы «Өнер алды – қызыл тіл» деген атпен жеке кітап болып баспадан шықты. Баяндамашылар мен барлық сөйлеушілердің сөздері пленкаға жазылып, өздері телеэкранға түсірілді. Ертеңгі ұрпақтар енді олардың бәрінің де дидарын өз көздерімен көріп, бәрінің де сөздерін өз ауыздарынан еститін болды. Бұл конференция туралы Олжастың съезде жасаған баяндамасында: «Интернационалдық өлшемдегі ұлттық әдеби тіліміздің тағдыры туралы мұндай қатаң талдау, терең мүдделі әңгіме республикамызда бұрын-соңды болған емес», – деуі сондықтан, шындық солай дейді.

Иә, шындық солай дейді. Сол шындықтың біздерге салар тағы бір салмағы бар. Ол адамгершілікті азғындықтан аршып алу. Бүкіл халық үшін мұнан салмақты, мұнан қымбат парыз болуы мүмкін емес. Қазіргі кезде біздің қоғамымызда толассыз қатты қарқынмен жүргізіп жатқан күреске, революцияға теңдес өзгерістерге ой жіберіп қарасақ, азғындықтың ауруы бүкіл елімізде тым асқынып кеткен екен.

Шынында азғындық дегеніміз – аурудың түріне ұқсайтын сияқты. Мысал: бірліктің берекесін кетіретін жікшілдердің адам денесін ірітіп, шірітетін алапестен айырмасы аз. Мен бүгінгі өмір тынысын тыңдаумен өткізген соңғы жиырма жылдың ішінде анық байқағаным, адамшылықты сыйлай білмейтіндердің өкіметті сыйлауы жалған, «білім жағынан мейлінше жетілген, саяси жағынан мейлінше кемел деген болып көрінуі» мансапқа жету үшін жасап алған жалауы.

Абай атамыздың «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда? – дегені де рас болып шықты.

Біздің ендігі ең үлкен парызымыз әдебиетіміздің сүтін уға айналдыратын жыландарға қарсы бүкіл жазушы қауымын, тіпті әдебиеттің өзін жұмылдыру. Ол үшін халқымыздың Арал

теңізіне ұксап суалып бара жатқан асыл қасиеттеріне түгел ие болып, ұрпағына мұра етіп қалдыру. «Мұнан салмақты, мұнан қымбат парыз болуы мүмкін емес» деуіміздің бір мәнісі сол.

Әрине, сиырдың шөпті сүтке айналдырғаны жыланға ұнай ма, ұнамай ма – оны білмейміз, біздің аға қаламгерлердің әдебиеттің сүтін уға айналдырып жүрген жыландарға – әкесінің сақалын жұлып, ағасының жағасын жыртып жүрген сотқарларға, басында бағы, астында тағы болса да беделі жоқ бедеулерге ұнамайтынын да білеміз. Ондайлардың керегеге таңып қойып сабасаң да жөнделмейтінін Абай атамыз:

«Арсыз адам арсаңдап арсылдайды,

Әр жерден-ақ керегеге таңылса да», – деп мұнан жүз жыл бұрын айтқан-ды. Сондықтан біздер өзімізді бейне керуен сезінеміз де, келешекке қарай көшіп кете береміз.

Осының бәріне ой жіберіп қарасақ, белгілі қаламгерлеріміздің көксеген Жазушылар ұйымының көмектесу, әдебиеттің жүгін көтерісу ғана емес, халқымыздың ежелден ескермей, жүректің қанымен, ананың ақ сүтімен тұқым қуалай ағып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ең асыл қасиеттерін ардақтай білу екенін көреміз.

Ол қасиеттердің ең негізгісі – адамшылықты ардақтау. Адамшылықты ардақтайтын ел ғана қарттарын қастерлеп, жастарын азаматтыққа баулиды. Жастарын азаматтыққа баулыған ел елдігін сақтай алды. Біздің көзіміз осыған жетті. Сондықтан да біздер сексенге беттегенімізге қарамастан, қайыспастан, қоғамымызбен қоян-колтық араласып, алға ұмтылумен келеміз

Мұның бәрі ортақ ойдан туған мүлде ғой. Бұл біздерден де өтіп, үзілместен келешекке қарай кете беретін жорықтағы мүдде. Біздер сол жорықтағы жауынгерлерміз. Ендеше ұрпақтарымызды шын аяйтын болсақ, өзімізді-өзіміз аямай, бар күш-жігерімізді, бар ыза-кегімізді кездескен кеселдерге, әсіресе сәнін кетіретін кеселдерге қарсы жұмсау – кәрі-жас бәрімізге бірдей парыз. Сол парыз өтелсе ғана ұрпақтарға адамгершілігі мол, ары таза азаматтықты мұра етіп қалдыра аламыз.

Осы соңғы жолдың бел ортасында тұрған «мұра» деген сөз Ғабеңнің өзі қайтыс болардан он жыл бұрын мұрасы туралы Ғабиден екеуімізге Москвадан жазған бір хатын есіме салып жіберді. Айта алмай кеткен бір арманы осы мұрасы жайлы болар деген оймен сол хатты келтіре кетуді жөн көрдім. Өйткені, оның мұрасы өзі күдіктенгендей трагедияға айналып кетті.

«Ғабиден, Әлжаппар екеуіңе!

Жетпіс бесті артқа салып алғаннан кейін, кейбір жайларыңды ойлау да керек сияқты көрініп, осы хатты екеуіңе «өсиетнама» ретінде жазып отырмын. Орысша «завещание» болу керек.

Дегенмен, бұл соңғы айтардың соңғы тарауы ғана. Жазушының негізгі аманаты шығармалары жайында болу керек қой, бұл ол емес: семьялық-жабайы мұрагерлік жайлары. Мұхтар айта беретін «кәрі арқардың өрісі қысқара берединен» туған ойлардың ұшқыны. Артымда семьялық жанжал-дау болмаса екен деген қаупі барлығы.

Менің қазіргі заңды әйелім – Ғазиза. Бұл кісіге кездейсоқ емес, ойланып барып үйлендім. Наразылығым жоқ, жақсы күтеді, ұрыс-керісіміз жоқ, үй ұстай біледі, ризамын.

Бұл кісінің бір-ақ міні бар – айыбы емес міні. Бұл – жылылық деп аталатын мейірімі де жоқ.

Менің Раядан туған екі қыз балам бар, бірі он үште, екіншісі он екіге шықты. Мен сол екі қызымды жақсы көремін, әкелік жауапкершілігімді де есімнен шығара алмаймын. Қыз балалар үшін 12-13 жас деген ата-анасына үлкен жауапкершілік артатын кезең. Оқулары жақсы, спортқа да жақсы, талантты дерлік балалар. Осы балаларымды Ғазиза үйге жуытқысы келмейді. Мен ең көп болса айына екі рет (жексенбі күні) бірнеше сағатқа барып қайтамын. Балаларым көп келмейсің, көп отырмайсың деп өкпелеп қалады. Осы жайларымыз қазір драмалық күйде. Мен олай-пұлай болып кетсем, трагедияға ауысып кете ме деп қауіптенемін.

Мұндайға бас себеп болатын нәрсе артында не қалды, соны бөлісуден басталады ғой. Осы жөнінде сендерге мынандай бір аманатты ертерек тапсырып қойғым келеді. Менен не қалса да, соны былай бөліп берсендер деймін:

Ғазизаға 30 пайыз.

Гауһар мен Гүлнарға 40 пайыз.

Ғалия, Роза, Райхан, Әшім төртеуіне 30 пайыз.

(Ғазиза Еңбек Ерінің әйелі – заң бойынша персональный пенсия алатын болды). Үлкен қыздарым өз алдына үй болды. Ең кіші балаларым әлі жас, аяқтанып кеткенше, жоқшылыққа ұшыраспаса екен деймін. Олар менің фамилиямда.

– Мүсіреповалар.

Мүмкін екеуің күлерсіндер маған, күле беріндер. Мен өлім тілеп отырған адам емеспін, өле қоярмын деп қауіптеніп жүрген де адам емеспін. Ондай халге жетсем алдымен еңбектерім жайын жазар едім. Мына бір үй ішілік мәселе барған сайын шиеленіп бара жатқан соң, сол мұнымды

амалсыз жазып отырмын. Оның өзі жіпке тізе берсең таусылмайтын, күнде бір тық етіп қалып болашағының белгісін беріп келе жатқаны амалсыз жаздырып отыр.

Қош, көріскенше күн жақсы. Ғабит.

22.5.77.
«Москва» 630.

Р. С. Менде сақтық кітапшасы үшеу: академияда, екеуі Калинин – Фурманов бұрышында. Мұның біреуі «срочный», біреуі жалпы. Ғ. М.

Қандай ауыр сөз. «Осы жайларымыз қазір драмалық күйде. Мен олай-пұлай болып кетсем, трагедияға ауысып кете ме деп қорқамын...»

Ғабең өзі көзін жұмбай тұрып ол трагедияның куәгері болып, жан азабын кешіп кетті. Өйткені, зайыбы пендешілік жасаған болуы керек, оның аурудан әлсіреп, қалжырап жатқан кезін пайдаланып 6 мұрагеріне 12000 сомды қалдырыпты да, қалған ақшаны түгелдей өзіне аударып алыпты. Сафунаның анықтауына қарағанда, Ғабеңнің артында қалған ақшасы 186000 сом. Сонша ақшадан мұрагерлеріне тигені әлгі ғана. Ғабиден екеуіміздің атымызға жазған хаты іске аспайтынын ерте сезген соң ол аманатын нотариусқа жасатып, заңдастырған еді. Ол документ жоқ, оның орнына Ғабекнің 12000 сомды 6 мұрагеріне бөліп, қалтыраған қолымен жазылған бір жапырақ қағазы ғана бар. Жанталасқа түсіп канша аласұра да сөйлеуге шамасы келмей «Саған айтарым көп қой» деп қиналғандағы айтпағанының бірі осы болар деген ойдамын.

Әлде оның айта алмай кеткен өкініші, ойы мынау ма екен?

Ол кей кезде екеуінің сыр шертісетін көп кештің бірінде айтылған мынандай бір әңгіме еді.

«– Мен өзімді жазудан әлі қалған жоқпын деп білемін, – деген еді онда Ғабең. – Егер жазудан қала бастасам, қала бастағанымды сезе қалсам, шатпақтау мен шаршауды бірден тоқтатып, әдебиеттің кеңесшісі болуға бірден көшермін деймін. Тыңдасын, тыңдамасын, қабыл алсын, алмасын ешкімнің бет-ажарына қарамастан өз ойымды ортаға салып отырар едім. Қазір оны істей алмаймын, өйткені, қалған аз ғана өмірімде бірдеңелер беріп кеткім келеді. Сол үмітіме анау сотқарлардың сойқаны тиеді деп қорқамын».

«Қорқамын...» Неткен қорқынышты сөз. Басқалар болса бір сәрі, осы сөзді дәл Ғабеңнің аузынан естудің өзі нет-

кен қорқынышты. Оны сыйламағандар кімді сыйлайды? Халқымыздың қай қымбатын, қай қасиетін, қай аяулысын ардақтайды? Онан ұялмағандар кімнен ұялып, кімді қорқытпайды? Ең сұмдығы оны қорқытатын көшенің бұзықтары емес қой. Соны ойлап мен сілейіп қалдым. Көзім Ғабеңде, ойым астан-кестең, тек құлағыма бір күңгір күбір келеді. Ол содан біраз күн бұрын өзінің бір құпия сырын айтқан бір кандидат досымның күбірі. Ол «Сіздің «Найзағайыңыз» керемет дүние екен, соны мақтап жазайын десем нанымнан қағылам ба деп қорқып жүргенім» – дейді мұнайып.

Бұл не? Кеудесінде Алтын Жұлдызы бар батырымыз да, батыр емес ғалымдарымыз да қорқады, бұл қалай? Сонда біздер қарақшылар жайлаған қараңғы құздың ішіндегі елміз бе? Мен көзімді Ғабеңнен алмастан кандидат досыма берген өз жауабымды есіме түсіріп отырмын. «Бүгінгі жазушылардың бұрынғы классиктерден де бақытты бір жайы бар. Оларды әдебиетті ешбір сыншыдан кем танымайтын, бір өзінің қара қылды қақ жаратын әділдігі шалапай сыншылардың сағын сындыра алатын оқушылары бар. Ондай оқушылары бар жазушы үшін сыншының құны шамалы. Шатпақтарына дейін мақтау үшін сыншылардың алдына түлкі болып бұлаңдап, мысық болып мияулайтын сайқалдық менде жоқ. Мен мұны сенің сөзіңнің орайына қарай бүгін айтып отырғаным жоқ, осыдан бірнеше жыл бұрын, М.Әуезов атындағы үлкен театрдың сахнасында тұрып жүздеген көрермендердің алдында айтқанмын. Сенің «нан» деп тұрғаның алдағы жылы қорғайтын докторлығың болар, «найзағайды» мақтағаның үшін наныннан қағыла коймассың, бірақ бір-екі дауыстан айырылуың сөзсіз. Сондықтан мен үшін ондай апатқа ұшырама. Ықыласыңа «рақмет» дегенмін. Ол байғұс кандидат досымның қағылатыны не екені белгілі, ал Ғабеңнің қағылары не? Қанша қартайса да жаман жазбайтыны өзіне де, халыққа да аян. Әдебиеттің барлық төрі Мұхаңнан кейін өзінікі емес пе? Оның халқынан, партиясы мен Үкіметінен көрмеген қандай қадір-құрметтері бар? Жоқ қой. Ендеше оның жоғалтары не? Жоқ қой... Жоқ, жоғалтары бар екен. Ойлап қарасақ, оны қинайтын халқының жоғалып бара жатқан сыйласымы екен. Сондай алып ағаны да сыйламай, жүйкесіне дейін жұлмалап, үмітіне дейін жаралайтындар кімдер? Ол әлгі бір, жөргектеріне, жемтіктеріне қарай үймелесетін, өздерінен басқаны ілгері бастырмау үшін қолдарынан келсе жазушылар кіретін есіктердің барлық босағасына өздерінің қабаған иттерін де байлап қойғысы келетін, өздерінің мешкей мүддесі үшін өзгенің өлігін де

азық етуден тайынбайтын таймастар. Ғабит ағамыздың жанын шошытқан сондай сотқарлар. Арқаға аты шыққан, Абайдың досы болған әйгілі Кенже дейтін шешен «сотқарлық азғындықтан туады, азғындықтан сатқын туады», – дейді екен. Сол әулиенің айтқаны рас болып шықты.

Осы дана сөзге бой ұрып ақиқатты айтар болсақ: «сол адамшылықты сыйламайтын, бірін-бірі қаралаудан ұялмайтын, бір жақсысы шыға қалса, жүзі жабылып жаралайтын азғындық біздің арамызда, көзіміздің алдында асқынып барады. Оны көрмеу – көзсіздік, елемеу – ессіздік екенін ойлайтын жан жоқ. Неге олай? Бұл сұраудың жауабын әркім әр түрлі сәуегейлейді. Біреулер – заман азды десе, енді біреулер адамшылық тозды. Өйткені, өзіне тән асыл қасиеттерінен жұрдай болып жаланаш қалды. Соның салдарынан «арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?» – дейтін құлқынның құлдары, сан жетпестей болып көбейіп кетті. Оны сезген, сезсе де сөз еткен жан жоқ. Әдетте, заман жайын сөз ете қалсақ, күрсіне күңіреніп, аштықтан миллиондап қырылған, зомбылықтан мыңдап айдалып, жүздеп атылған бауырларды тілге тиек етеміз. Олардың өміріне жасалған қастандықтың ең ауыры өзімізбен бірге жасап келе жатқан күншілдік екенін сезбейміз, сезсек те үндемейміз. Үндей қалсақ, бар жаланы Сталиннің қара мұртымен бүркеп жүре береміз. Бар пәле, осыдан, санадағы жараны жасырудан. Заманның азғындауы сондықтан» – дейді. Мен осы айтылғандардың барлығы қаңғырған бастың әр киялдың тасына бір соғылған жаңғырығы болса да қосыламын. Өйткені, ұрпағымызды азамат етіп өсіруді ойлаудан бәріміз де алыстап барамыз. Тек балаларымызға білім әперсек болды, бар борышымыз өтелді дейміз де сонан кейін мейлі ғалым, мейлі залым болсын бәріне де мәзбіз. Ондай тоғышарлық бүкіл адамзат баласы алдында кешірілмейтін ауыр қылмыс. Ондай қылмыстан адамшылықты қорғап қалу – барша жанға бірдей парыз. Сол парызды өтей алсақ қана мынау лайсаң дүниеден арымызды таза сақтай аламыз. Сонда ғана біздер ұрпағымызға адамгершілігі мол, таза азаматтықты мұра етіп қалдыра аламыз.

Ғабит ағамыздың ақтық демі бітер алдында айтпақ болған аманатының ең үлкені осы болар деймін.

Дихан ӘБІЛЕВ, Қазақстанның халық жазушысы

Өнеге

Менің көңілімде Ғабеңмен кездескен сәттерім, айларым, жылдарым уақытында жазылып отырмаса да сақтаулы хаттай. Өмірде бір жақсы көріп, сүйсініп өтетін адамың болады. Оның сені қалай көретінінде ісің болмайды. Табиғат бізді солайша етіп те жаратқан-ау?!

1934 жылы Петропавлдан («Ленин туы» атты қарағанды облыстық газеті редакторының орынбасарлығы қызметінен) Алматыға журналистер институтына оқуға кеп түстім, 1937 жылы бітіріп, әуелі «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторының орынбасары болдым. Аз уақыт өтпей Жазушылар одағының секретары, одан председатель болып 2–3 жыл қызмет еттім. Осы бір қарсаңда алай-түлей, біреуді біреу білсе де біліп болмастай кезең өтті. Ғабең Өлкелік комитетте насихат бөлімі басқарушысының орынбасары, одан кейін өнер комитетінің басшысы боп қызмет атқарып жүріпті. Мендегі кемшілік – ол кісіні іздемедім. Оқумен, одан кейін қызметпен бола бердім.

Сол жылдардың солақайлығынан соққы көрген Ғабең орнынан алынып, тіпті партия қатарынан да шығарылып қалғанына жаным қатты ауырып жүрді.

Мен бастықпын, Жазушылар одағын басқарамын. Ғабеңді (Мүсіреповты) Президиум сайын мәжіліске шақыртамын. Келмейді! Келмейді!

1938 жылдың күзі. Президиумның кешкі мәжілісі жүріп, орталап келе жатқанда Ғабең есік ашты. Мендегі ақындық сезім лып етті. Басшы екенімді, мәжіліс басқарып отырғанымды ұмыттым да, орнымнан атып тұрып Ғабеңді қарсы алдым. Төменіректе бос тұрған бір орындықты төрге, өз қасыма әкеп Ғабеңді отырғыздым.

Ғабең сөйлемеді. Ажарлы, маңғаз қалпын сақтап мәжілісті аяқтасып шықты. Ертеңіне «белсенділердің» бірі мені кінәлай бастады.

– Партиядан шығарылған, бүгін бе, ертең бе халық жауы болғалы тұрған Мүсіреповке одақтың бастығы орнынан тұрып, үстел әкеп беріп, өз қасына отырғызу кешірімсіз? – деп сокты. Қорқытып отыр, ал мен қорықпадым:

– Дей бер. Депсің? Бәрібір сен Ғабит бола алмайсың! Ол халықтың адал перзенті. Оны өмір көрсетеді. Өмір бір күндік емес, достым? – дедім.

Осы бір өкінішті жайды Ғабеңе осы күнге дейін өмірі бір айтқан емеспін.

Иә, «өмір бір күндік емес» боп шықты! Қазақ көркем

өнері мен әдебиетінің тұңғыш онкүндігіне мәдениетіміз бен әдебиетіміздің шолпаны боп жарқыраған «Қыз Жібекке» қанаттаса «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» бірінен соң бірі қауым жүрегін баурай жөнелді. «Амангелді» киносы көз жанарында ғана емес, көкірек түкпірінде жалын лаулатты. Демек, Ғабит пьесаларының сырлары қазақ жұртшылығының ақ тілеуі, ақ-аяулы аналарының емшек сүтіндей тамыр-тамырына жүгірді. Жан-күйіне сіңді. Демек, мен қателеспеппін...

* * *

1953 жыл. Мәскеу.

Мұның алдында біраз жайлар бар. Мен 1946 жылдың аяғында ғана әскер қызметінен босап келгенмін. Келе сала «Жүректен», «Тұлға» деген екі өлеңдер жинағымды кітапшалар етіп шығардым.

Төрт жыл ұдайы Риддерде жұмысшылар ортасында екі-үш айдан болып әңгімелесіп, сырласып, архив материалдарымен де сусындап, ақыры «Алтай жүрегін» атты роман-өлең жаздым. 1953 жылдың басында жеке кітап боп басылып та шықты. Орысша сөзбе-сөз аудармасын жасаттырып алып Москваға тарттым.

Алдымен Жазушылар одағына, Александр Александрович Фадеевке бардым. Амандықтан кейін автограф жазып алып барған «Алтай жүрегі» (кітап) ұсындым. Рақмет айтып, құттықтады да:

– Бұл көріп отырмын, ана тіліңізде, қазақ тілінде ғана ғой. Сәтті шығарма болса еліміздің басқа тілді халықтары да, солардың ішінде мен де түсініп оқығым келетінін қайтесіз?! – деді.

Мен іркілер жөн қалмады, «Алтай жүрегінің» сөзбе-сөз аудармасын жасатып алып келгенімді, Москвада орыс тілінде шығартпақ ниетімді айттым. Александр Александрович «Алтай жүрегі» мән-жайын, сыр-сипатын сұрай бастады. Терлеп-тепшіп дегендей шамалы орысшаммен шығармамның «шежіресін» шерттім. Түйінінде: Азамат соғысы кезінде жау қолынан қирап қалған Риддерді, ағылшын миллионері Урквардқа концепция бермей, жұмысшылар тілегін орындаған Ленин данышпандығын, Лениннің өзеңбектерімен сусындағанымды айттым.

– Бұл өте қымбат документ. Тарихи документ! – деді Фадеев. Мен едәуір мәртебеленіп, көңілденіп қалдым.

Бір ай шамасындай уақытта сөзбе-сөз аудармадағы «Алтай жүрегі» поэмам оқылып шықты. Арнаулы талқылау-пікірлесу

болды. Оқығандар: Москваның әйгілі ақындары: Ильяс Сельвинский, Владимир Луговский, Павел Шубин, В.Смеляков, Константин Симонов, ғалым сыншы Зоя Сергеевна Кедрина және басқалар.

Бәрі де әділ де батыл пікірлер айтты. Сөзбе-сөз аударма сапасының нашарлығын сөз етті. Алтайда поэманы қайыра қарап, жөндеу керектігіне мойындатты. Қандай автор болса да, шығармасы жөнінде айтылған мін-кемшіліктерді бірден мойындай қоймайды. Мен де сол күйдемін. Өзім жатқан «Москва» қонақ үйіндегі номеріме келгенше де, келгенсін де бейберекет болдым. Іштей талқаным шығып, тулап отырмын. Осылай да осылай төрт күн бойы ренішті боп жүріп, поэманың бітіміне, жан сарайына, оқиғаның мезгіл сырына, адамдарымның әрекет-бейнесіне, жан-жүйелеріне үңіле-үңіле талқылаудағы пікірлердің дұрыстығына тізе бүктім.

– Қайта жазам, және осында Москвада отырып жазып бітірем! – дедім Александр Александровичке.

Сөйтіп, мен енді «Алтай жүрегін» қайтадан, керек десеңіз, мүлде жаңадан жазып жатырмын. Батыл кірістім, талқылаудағы сын пікірлер көп жайды қайта толғанттырды.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демей ме, Құдайдың дес бергісі осы тұста Москваға Ғабең келе қалды. Бұл кісі жетінші қабатта мен үшінші қабатта тұрдық. Бірінші кездескенімізде-ақ, «Қызыр ғалайссаламды» көргендей қуандым да, мән-жайымды айттым. Орыс совет әдебиеті үлкендерінің пікірін, поэмамды қайта жазуға кіріскенімді және осында Москвада жазып бітіріп баспаға ұсынуымды – бәрі-бәрін шерттім.

– Жай басып сенімді аяндайтыныңды білем. Сәтті болсын, тиянақта! – деді Ғабең.

– Мен енді «Алтай жүрегін» үлкен ауқымда жазбақпын. Талқылау, Москва ақындарының пікірі үлкен ой салды. Роман етіп жазам. Үш кітап.

– Тәуекел! Сөйтсең, сөйтіп те бір көрші! – деді Ғабең.

Мен жоспарымды айттым. Ол кісі қадағалап тыңдап негізінен мақұл көрді де.

– Сен, бірақ, ана, Зейнептің Есейін ер жеткіз! Азамат болып Ленин үмітін ақтаған шағына жеткізіп көр. Мүмкін бұл жолы сыймаса кейін де бір ойланарсың. Есіңе тұт! Жазған жолдарыңды оқып беріп тұр маған! – деді Ғабең.

«Соқырдың тілегені екі көзі» дегендей, маған да керегі осы! Тәжірибелі, кең пейілді, сезімтал ағаның осы ниеті жетіп жатыр. Ақылшым, арқа сүйерім бар енді. Өзімді сенімді сезіне бастадым.

Сөйтіп, мен күнімен, түнімен жазған өлең жолдарымды таңертеңгі тамақтанудан кейін, сағат он бірлер шамасында Ғабеңе барып оқимын...

– Жөн! – дейді Ғабең. Үнінде ұнату бар. Мен және ілгері сілтеймін...

– Шындық. Социалистік реализм шындығы – деді Ғабең. Мен дереу өз номеріме келіп, жазу үстеліме отырам да және ілгері сілтеймін.

Сонда оның данышпандық ой тізбегі,
Келер күн деректерін көп іздеді.
Ескінің жарамсызы жаңа өмірге,
Қасқырдай ұлып жатты жат түздегі.

Тірлігін түгел қамтып бүгін таңның,
Озат ой орағытып жатты алдын
Жүзіне келешектің кескін жасап,
Көрді ол коммунизм ғасырларын.

Ұлы ойдың мұхитының толқындарын,
Көтеріп жеткізе алар қандай ағын!
Көрер едім поэзия мұхитындай,
Жыр етсем бір ойының сарқыншағын.

Иә, менің арманым сол еді. Ғабеңе бұл да қатты ұнады.

– Өлең ұйқастыра біледі екем деп бос лепіріп кетпей, көңілге қонар наным дүниесін кестелеу бар екен мұнында! – деді. Әсіресе, бұл жолы ұнағаны мына бір шумақ болды.

«Риддерді өзіміз жүргіземіз. Ағылшын миллионеріне концепцияға бермеңіз!» – деп келіп отырған жұмысшы уәкілдері:

Егер де... сіздер өйтіп... алда-жалда...
Урквардқа берсеңіз кенді жалға
Батырмай қоймаймыз біз оны қанға... –

дегенде, Ленин: «Оларың халықаралық заңға сыймайды!» – дейді. Осы бір шумаққа Ғабең сонша риза болды.

Ғабең кешкілікте менің номеріме келіп отырып, әңгіме дүкен құрып кетіп жүрді. Ол тұста менің қаражат жайым да мол болмайтын. Ішімдік атаулының бар түрінен безгеніме де үш жыл болған. Ғабең менің бұл сырыма да қатты риза болатын. Сол тұста Ғабдол Сланов «Шалқар» деген повесін әкеліп, осы қонақүйде 6-кабатта тұратын. Ғабең маған келген кешкіліктерде Ғабдол да келді. Ғабеңе көрсетер қонақ асы – сый-құрметіміз электр шәйнекке қайнатқан сүтсіз

қара шай. Үшеуіміз отырып стакандап шай ішеміз. Әңгіме. Ғабең кейде жастық шақ әңгімелерін, кейде жігіттік-серілік жайларын, оқуға, жазуға алғашқы талпыныстарын айтады. Бапты шертеді. Біз рақаттана байыпты тыңдаймыз. Үлкен жазушының өмір жолы, шығармашылық өркені-өрнегі сонша қызықты сезіледі. Соның бірінде 1924 жылы Орынборда рабфакта оқып жүргенінде қысқы каникулда Керекуге командировкамен келуі. Сол сапарында Майрамен кездесуі, бірге өткізген бірер күні (пойыз станциясында, вокзалда мінген арбакештерінен «бір тәуір үйге түсіріңіз!» десе оның әкеп түсірген үйі Майранікі боп шығады). Ғажап әңгіме. Ғабеңнің сол әңгімесі бұл естелікке сыймайды. Ғабеңе сол жолы да, кейін де «жазсаңызшы, Ғабе осыны» деп өтіндім. Әзір жазбағанымен, жазатын шығар деп ойлаймын. Өйткені, ол өте қызық әңгіме. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында ересен талант Майра әншi-композитордың жаңа өмірге түсіне қоймаған ұғымы мен жаңа сана-сезім арпалысы жатқан әңгіме. Сөзге сараң Ғабең осы әңгімені рақаттана шертеді. Тыңдай бергің, тыңдай бергің келеді.

Бұл да өз алдына бөлек шағын естелікке жазып болмайтын ғажап әңгіме. Және бұл әңгімені Ғабеңнің өзі ғана жазса классикалық шығарма болатын тақырып.

«Жақсы ұстаздың шәкіртіне қаталдығы – әкенің балаға қаталдығымен тең» дейді халық даналығы. Ал, әкенің балаға қаталдығы – баласының болашағының қамы, болашағына қамқорлық. Ұстаз да солай. Ұстаз тағылымын әркім адамшылық арына иман-шарт етеді.

Мен Ғабенді қатал ұстаз сезінгенім, әсіресе, осы жолы, Мәскеуде «Алтай жүрегінің» жаңа тұлғасын пішіндеп жатқан тұсымда болды. Ақпан айы түгел, наурыздың алғашқы он күні менің өлең романымның алғашқы бөлімі «Кремльде» әр күнгі дүниеге келген шумақтарымен Ғабеңнің алдынан, Ғабеңнің сынынан өтті. Бір шумақты, кейбір жолды, кейде бір-екі бетті қайта-қайта жаздырып та «ыза қылды». Ақыры «Алтай жүрегінің» ол бөліміне өзінің ризалығын білдірді.

Сөйтіп, мен «Алтай жүрегінің» «Кремльде» деген бірінші бөлімін аяқтадым. Енді бастан-аяқ қайта оқытып тыңдады.

– Желі дұрыс тартылып шыққан. Оқиға сом. Тыныс кең. Адамдарыңның мінез, іс-әрекеттері, сөз өрнектері өздеріне тән сараланып келеді екен. Поэзиялық кестелер нанымды да көркем. Менің саған қатал талабым – алдымен осылар еді. Бүгін ғана айтуға тура кеп тұр, – деп Ғабең шылымын бір тартып, стол үстіне қайта қойды да тебіреніске кетті. Алексей Максимович Горький данышпандығын есіне түсіргені екен.

КСРО Жазушылар одағының бірінші съезінде жасаған баяндамасында Александр Максимович «бұрын, қол басты үйретсе, енді бас қолды үйрететін кезең туғанынан» бастапты сөзін. Сөйтсе, ұлы жазушының мейлінше миландырып түсіндіргісі келгені социалистік реализм екен. Реализм не? Шындық! Ал ол кездері біз үшін шындық не еді? Социализм жолымен өршіл өмірді қайта жасау.

– Ленин бейнесі көркем әдебиетте сан ғасырлар, сан заманалар жырлана беретін шексіз бейне. Біздің ғасырда Маяковскийден артып Ленин бейнесін жасау қиын. Ал сен нақтылы тақырыпта, – күйреп қалған Риддерді қалпына келтіруге байланысты Ленин өмірінің, Ленин даналығының бір көрінісін алған екенсің, мұның жөн. Нысапшылдық. Осы жайда Ленин жайлы көңілге қонымды сәттердің құптарлық та қуанарлық түрде екен. Бірақ, сен... Үш бөлімді (үш кітап) етем деп талаптанасың. Соның бәрінде де Ленин бейнесі, Ленин идеясы электр сымының желісіндей үзілмей жүріп отырсын!

– Өзім де, Ғабе, сол оймен...

– Ендеше соныннан көз жазба, ой үзбе!

Ғабең орнынан тұрып кетті де кең люкстегі анау ортада тұрған дөңгелек үстелдің үстіне алдырып қойған қауыннан баптап тұрып екі тілім алып бірін маған ұсынып, одан кейін өзі диванға барып отырды. Бір тілім қауынды жеп, қабығын подноска салып, орнына қайта отырды. Мен тағы не кеңес айтар екен деудемін.

Бұл жолы «Кремльденің» адамдары жөнін сөз етті.

– Анау Деев (партком), Горин (инженер), Зейнеп, Қарабек жұмысшылар, Рудаков (управляющий) бейнелері қазірде де өз мінез, әрекеттерімен, өткен өмір жолдарымен кейінгі іс-әрекеттеріне нысана белгілейді екен. Жау – Рудаков болып шыққпақ түрі бар. Мықты болсын. Жағымды күрескерлерің сонда ғана мықты болады. Әлсізді алып соғу оңай олжа. Есейің (Зейнептің жетім баласы) есейіп Ленин үмітін ақтайтын азамат болмақ керек! Бұлардың кейбіреуі жөнінде бұрын айтқанымды әдейі қайталап айтып отырмын. Қиындық алда. Жаңағылардың бейнесін жасауда.

Ғабең Алматыға қайтып кетті. Мен ол кісіден кейін де төрт ай Москвада жатып «Алтай жүрегін» жазып шықтым. Ғабеңнен кейінгі жақсылығын ұмытпас адамым Зоя Сергеевна Кедрина. Ғабең ұнатқаннан кейін «Кремльде» бөлімінен бастап жолма-жол орысша аударта бастадым. (Қалжан Нұрмаковқа – ол «Дружба народов» журналында әдеби қызметкер болатын). Оның аударып үлгергендерін

Зоя Сергеевна оқып, кеңес беріп отырды. Ақыры бітті. Зоя Сергеевна өзінің пікірін жазып «Советский писатель» баспасына ұсынды.

«Бүкіл Орта Азия мен Қазақстанда жұмысшы тақырыбына жазылған, – сәтті жазылған тұңғыш шығарма» деп жазды Зоя Сергеевна (қолжазбасы әлі күнге өзімде бар).

Алматыға келдім. «Алтай жүрегінің» қазақшасын кітап етіп шығаруым керек. Рецензия талап етеді. Мұканның рецензиясы бар. «Тағы біреу керек» дейді. Ғабеңе телефон соқтым.

– Оқып шығайын! Енді тұтас тұлғасын көрейін – деді Ғабең.

Оқып та шықты.

– Шығарма бар. Сәтті! – деді.

Өзінің айтқан уақытында пәтеріне бардым. Шаруасы бар адам ерте оянып кететін еді ғой. Ертерек барып қаппын. Құсни жеңгей есік ашты. Ғабең ұйқыдан оянып керіле төс керген тоятты лашын тәрізді бапты тұр екен. Коридордан қарсы алып кабинетіне апарды да:

– Рецензия ма? – деді.

– Иә, Ғабе!

Жазу үстіне отыра қалып сұңғақ қаламын жорғалата бастады. Мүдірмей жазып бітіруді бірінші рет көргенім. Былай жазыпты:

"Біздің қазақ совет әдебиетінің күні бүгінге дейін тарихында өлеңмен жазылған роман деп Сәбит Мұқановтың бір ғана «Сұлушашын» атап келеміз. Өлеңмен жазылған роман дүниелік әдебиетте де сирек кездеседі. Өйткені, ол түр жағынан да, мазмұн жағынан да әрі теренді, әрі кеңдікті талап етеді де, жылдармен есептелетін күшке тиетін еңбекке жатады. Сондықтан поэзиялық шығарманың мұндай түрі қандай әдебиетте болса да ерекше де, елеулі орын алады. Ақын Дихан Әбілев жолдастың «Алтай жүрегі» романы осы қатарға қосылады. (1953 жыл. 5 август) Ғабит Мүсірепов».

Ғафу етіңіздер! Бір жайды естеріңізге сала кетейін. Менің бұл естелік әңгімем жазушы туралы болғандықтан, және ол жазушы ұстаз тұтқан ағамыз болғандықтан, естелікте соған орай шығармашылық желі өзектес өрімделеді. Үлкен жазушының өзінің өкшелес қаламгергекөмегі, шығармаларына назарын, ақыл-кеңесі, талабы, сын-пікірі, ризашылығы бәрі-бәрісі қат-қабат дестеленбек керек. Мен осы бағытта жазып отырғандығымнан өз шығармашылығым айналасына қазығын айналған арқанды аттай оралып соғып отыруға мәжбүрмін. Естелік әңгіме шындықтан шырай табатынын ескердім. Өйткені, өзімнің азды-көпті шығармашылық

өмір жолымдағы негізгі шығармаларымның басалқы кезеңкезеңдерінде Ғабең алдынан өтпеген, ақыл-кеңес көмегін алмаған мезгілім болған емес. Әсіресе, маған эпикалық жанрда (поэзиямда тарихи абырой әперген, даңқ-құрметке бөлеген өлең-романым «Алтай жүрегі» тұсында) Ғабеңнің қаталдығын, қамқорлығын да шығарманың кемшілігін дөп басып, бүкпесіз айтатын адамгершілік қасиетін сезіндім, оң әсер етті.

Диагнозын дәл қоюындай, жаныңды ауыртпай жайлап айтып, баппен айтып отырып-ақ «еміңді» табады. Ол емші өзің ғана бола алатыныңды айтады. Оған өнерің жетпейтін болса өкпелеме, достым. Ал, шығарман ұнаса ризашылығын пікірінің егізіндей реңімен де білдіреді. Бұ кісінің осындай жайларына талай-талай куәгер болғаным бар.

Үлкен жазушы ағаларымыздың бірі Ғабиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романын оқып шыққанында (қолжазбасын):

– Дара туынды. Даңғыл қаламгердің сол жылдардағы дала өміріне профессорлығы. Шебер сюжет, ұтқыр тілі әр сөзін орнынан ешкім қозғалата алмастай ұқсатып, орын орнына берік құйып, шегелеп тастаған. Үйреніңдер, осылай жазу керек шығарманы! – деп отырды Ғабит.

Әбудің «Ақша бұлтын», Қасымның «Абдолласын» соғыс уақытындағы майдан жырларының ішінен сүзіп алып, сүйікті жұлдыз етіп бағалағанын жақсы білеміз. Ал менің «Майданбек» атты поэмамды әрі ұнатып, әрі ұнатпады. Ұнағаны – Майданбектің – өмірі қоян атып та көрмеген шаруа қазақтың соғысқа, айқасқа тұңғыш кіргендегі сасып қалған психологиясы. Кейіннен жауды өлтірмесе өзін жау өлтіретінін сезген Майданбектің жалынды жауынгерлік-ерлік қимылдары.

– «Майданбегіңді» қайта жаз! – деді Ғабең.

– Неге, Ғабе?

– Оқ астында, от ішінде жүріп асығып жазғандығыннан сенің поэзияң ақындық мүмкіндігіннен әлдеқайда төмен жатыр. Солай, – деді.

Оны өзім де қатты мойындаймын. Бірақ, қайта жазуға уақыт мүмкіндігім болмай келеді...

Ғабең өзі ақын адам. Оның ақындығын біз «Қыз Жібек» операсының либреттосынан да көреміз. Ал, «Ақан сері–Актоқты», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» пьесалары ақ өлеңмен жазылған поэзия екеніне кім дау айта алады?! Ғабеңнің жанының тазалығы да, ішкі сұлулығы да осы ақындық қасиеті болар деп те ойлайсың кейде.

Соның бірі – 1958 жылы Мәскеуде өтетін қазақ әдебиетінің

онкүндігіне әзірлік үстінде тағы да өзінің жарқын сипатын көрсетті.

Онкүндікке қазақ поэзиясының антологиясын Мәскеуде орысша шығару мәселесі көтерілді. Тарихи жауапты іс. Осыған шығармалар іріктеуді басқаруға тек қана Ғабең лайықты екеніне тоқтам болды. Ғабең қабыл алды.

Қазақ поэзиясы сонау ата-аналық жаратылысынан бергі дерлік көне төркінінен-төрінен бері қарай бүгінгі совет ақындарының (1958 ж.) кенжелері Ж.Өмірбеков, Н.Шәкенов, А.Шамкеновтерге дейін ескерілді. Антологияға поэзиямыздың ең інжу-маржандары баруға тиісті. Ауыз әдебиетінде – фольклорда осылар қаншама! Оның ішінде батырлар жыры, махаббат дастандары, салт-сана, әдет-ғұрып жырлары, ақындар айтысы ше?! Абай мен Сұлтанмахмұттан кейінгі совет ақындары көк теңізді сапырып жатқан көп толқындай десек жалған ба? Міне, осындай мол – яғни, бір вагон толық қазақ поэзиясынан небәрі алпыс баспатабақтық шырын іріктеу орасан парасат, білгірлік, әділдік, талғампаздық керек ететін іс еді. Соны Ғабең ғана ұқсата алатынын Үкімет пен партия, жазушылар ұйымы дәл тапты. Ғабең тамаша атқарып шықты. Осы бір үлкен істің үстінде Ғабең жүрегінің үлкендігіне тағы да ден қойдық.

Төрт ай бойы Жазушылар одағында таңертең келіп (қызметі жоқ, үйде істейтін кезі) кешкі сағат 6–7-ге дейін қазақ поэзиясының ұлан-ғайыр қазынасына сүңгиді де отырады. Алдында қағаз, қолында қалам. Пәк жанымен ғасырлар бойы қазақ поэзиясы теңізіне жүзіп, алтын балықтар сүзеді... табады, таппайды; ұнатады, қынжылады, шаттанады... Бұл тұстағы Ғабеңнің жай күйі осындай алуан толқынды болатын. Көбіміздің (Тайыр, Жұмағали, Әбділдә, Әбу, тағы басқаларымыздың) антологияға ұсынған өлеңдерімізді өзімізге оқытып тыңдап, талай рет қайтарып, талай рет қайтадан сұрыптағаны әлі есімде!

– Бұл – антология ғой. Ауыл арасындағы тай шабысы емес, бүкіл дәуір тынысының жүрек үні болмақ керек. Бүкіл қазақ поэзиясының үлкен жүрегі, өміршең жүрегі! – дейді Ғабең.

Советтік бүкіл оқырман қауымға қазақ поэзиясы өмірінен тұтас таныстырған алғашқы антологиямыз Ғабеңнің талғамымен, кең парасат, келісті бірлігімен осылай дайындалған еді! Сындарлы, әсем де сол кітап боп шықты!

* * *

Ғабеңе «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілген КСРО

Жоғарғы Советі Президиумының Указы шыққан күні бүкіл қазақ совет әдебиеті қуанышқа бөленді! Ол күнгі кеште Ғабең үйінің есігінде дамыл болмады. Құттықтаушылар үстіүстіне құйылып толқып жатты. Орта кезінде мен де бардым. Ғабең өте көңілді. Бірақ, өзіне тән маңғаз қалпымен қарсы алды. Менен бұрынғылар сөйлеп қойған ба, әлде маған ерекше назары ма, мен дастарқан басына отырысымен маған сөз берді Ғабең.

– «Ешінен кеші жақсы» депті бабаларымыз. Мұхаңнан кейін не лауреатымыз жоқ, не «Алтын жұлдызымыз» жоқ боп жүр едік. Бұл өзі өте бір орынды құрмет болды, жолдастар! Ғабеңнің «Алтын жұлдызы» – бүкіл қазақ совет әдебиетінің жұлдызы деп білейік, – дедім.

Бұл кеште Ғабең үйінде тек қана рақат, бақыт толқыны. Ғабең өзі де сонша нұрлы. Телефонда дамыл жоқ, – құттықтаулар. Үй толы біздер. Біздің қазақтарға ғана тән жайлы, жатаған мінезді құттықтау сөздер. Тербеле шырқалған шынайы қоңыржай ән. Созыла басып қонақтарды құрметтеп, сыйлап жүрген сұңғақ бойлы, көңілді, күлімкөз жеңгей... Қатар бөлмедегі шкафтарда сап түзеп сандықталып тұрған кітаптар ансамблі!

Бір кезде Ғабең өзі сөйледі.

– Бұл атақ – деді Ғабең – менің азды-көпті еңбегім үшін ғана емес боларға керек. Мұнда қазақтың ғасырлар бойғы талант, көркемдік өсу-өркендеу жолы жатқан болар. Бүгінгі советтік еңбекші қазақ халқының миллиард берген, беретін дәнді даласын, жерінің астын, миллион мыңғырған тұяқты малды өлкесін көркейтіп, әлемге даңқын паш етіп жатқан еңбек адамдарының толқыны шығарған даңқы да болар, – деп бір тоқтады да, қайыра сөйлеп кетті. Бұл жолы тіпті кішіпейіл үлкендікпен жанымызды риза етті және көңілімізді босатты.

– Бұл атақ, бұл «Алтын жұлдыз» Сәкеңдікі, Мұхтардікі, Сәбиттікі болмақ керек еді. Тағдыр ол ұлыларды бұл күнге жеткізбеді. Маған лайықталған бұл құрмет үстінде мен сол үшеуінің есіміне бас иемін! – деді Ғабең.

Әбділдә ТӘЖІБАЕВ, Қазақстанның халық жазушысы

Ғабе, құлағым сізде!

Ғабит Махмұтұлының өкшелес өскен інісі, бері келе (шаш қатар ағарып, көз қатар бұлдыр тартқанда) құрбысына айналғандықтан, маған бүгін сөйлеу, оның жетпіс жылдық тойында сөйлеу, әрі жеңіл, әрі ауыр. Жеңілі: мен Ғабит туралы кем дегенде 45 жыл бойындағы көрген-білгенімді, сезген-түйгенімді айта бастасам, бір күн емес, бірнеше күнге жететін сөз табылады. Расында да солай ғой. Қанша жыл, қанша айлар өтті содан бері. Қанша рет жер көгерді, көктем шықты… қанша рет қыс оралып, аяз қысты…

Онда Сәкен, Бейімбет, Ілиястар көп жасаған көсемдер сияқты даңқтары жер жарып жатса да, отыздың ортасындағы, осы күнгі Қадыр, Тұманбайлар қатарлы ғана жігіттер еді. Сөйте тұра олар ірі қимылдап, ірі сөйлеуші еді… Өткен тарих ертеңгі болашақ туралы да сөйлейтін олар. Ғылым мен әдебиет, өнер туралы сөйлеуші еді.

Мен жасадым, көп жасадым,
Көрдім Сәкен, Бейімбетті,
Қатар тұрып жыр қашадым,
Мені олар да құрмет етті.
Інім деген олар маған,
Сарқыттарын сан асағам,–

деп мен шынымен айтқанмын, шын-ақ аңсаған тұсымда айтқанмын. Біздің Ғабең олардан жастау еді. Бірақ, сол кездің өзінде бәрімен де терезесі тең отыратын, барлық мәселеде олармен тең сөйлесетін. Демек, мен Ғабит Махмұтұлын сонау тұстың өзінде-ақ игі ағалардың бірі, Мұхаң, Сәбең сияқты қимастарымның бірі деп санағанмын.

Өмір деген қызық қой: кейде күлесің, кейде жылайсың. Кейде күліп отырып жыласаң, жылап отырып күлуге де тура келеді. Бүгін ып-ыстық жарастық бар жерде ертең шаншу желі есіп тұрады. Жымдасу, ырғасу жылдары да кезектеседі екен. Соның бәрі өтті басымыздан,

«Көкті – бу көтереді,
Жерді – су көтереді
Жүйрікті – ду көтереді,
Ауырды – нар көтереді,
Өлімді – ер көтереді», –

депті ғой бұрынғылар. Біз де бәрін көтердік. Елдің бітімшісі, бүтіншісі болған да осы ағалар. Сөйтіп жүріп егделікке ауыстық. Елуге келгенімізді шын-ақ тойымыздай, кісілікке жеткен мерекеміздей көңілді қабылдадық. Бойымызға кірген кейбір қарттық белгілерін күлкіге айналдырып, әзіл-қылжақ үстінде өткізіп едік, ал алпысымыз одан едәуір салмақтырақ соқты, әлгі елудегі әзілкештігіміз пәлендей байқалған жоқ.

Мінеки, сол, сол алпыстан көбіміз жарыса өтіп едік. Ал Ғабең жүйріктеріміздің бірі болып бізден бұрын, бүгін 70-ке жетіпті. Ағамыздың қараңғы түндей жетпіске қалтырамай-қалтақтамай, қорастанбай-жалтақтамай ер қалпында жеткеніне қуана құтты болсын айтамыз! «Еркек, ер күйінде» деуімде себеп бар: алпысқа айқасқан соң талайымыз пенсионер деген сөздің рақатын көре бастадық. Трамвай мен троллейбустарға тегін-билетсіз мінетіндердің санын молайттық. Ал Ғабең олай емес, ол қалжыраған, қожырағандардың біріне де ұқсамайды. Жас кезінде «Еңбекші қазақ» газетіне қандай редакторлық етсе, Республикалық көркемөнер комитетін қандай пысық басқарса, Қазақстан Орталық партия Комитетінің аппаратында қандай жігерлі қызмет істесе, бүгін де сол қайраттылықтан айныған жоқ. Ол бүгін қазақ елінің атынан да, бүкіл совет халқының атынан да әрі ірі жазушы, әрі көрнекті ғалым болып шығатын әлеумет қайраткері. Қай континентке, қандай мемлекетке жіберсек те Ғабең шегінбейді, жас жігіттердей жеп-жеңіл, суықтан ыстыққа, ыстықтан суыққа қалай болса солай жылдам ауыса салады, жермен де жүреді, сумен де жүзеді, көкпен де ұшады. Соның бәріне үлкен қайсарлықпен төтеп береді. Бүгін ол Қазақстан Жазушылар одағында, ертең Мәскеудегі Одақтық союзда іргелі проблемаларды талқылап шешуге қатысады. Кімге, қандай бәйге беру керек, қай шығарма қандай сый-сыяпатқа лайық. Бұл әңгіме де Ғабитсіз өтпейді. Ол – Каир мен Римдегі, Токио мен Делидегі өтетін үлкен жиындардың да белсенді шешені. Ол жерлерде де Ғабең бүкіл жер жүзіне аттары мәлім, атақты қайраткерлермен кездеседі, солармен қол ұстаса, қатар тұрып, бүгінгі тірлігіміз, бейбіт өміріміз, оны қанды соғыстан, сұрапыл апаттан қалай қорғау, қалай сақтау жөнінде бәріміздің атымыздан сөз сөйлейді.

Соның бәрінде мықты жердің, айбынды мемлекеттің жасампаз, жеңімпаз халықтың атынан барынша ұғымды, барынша сенімді түрде баяндайды. Сонда Ғабең бір рет қабақ шытпайды, шаршаған-шалдыққандарын аңғартпайды.

...«Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» да бірінші болып біз оқыдық, бірінші болып сахнадан да біз көрдік. Сондағы бір ойымда қалған әсерді мен былтыр шыққан драматургия туралы кітабымда

былай жазыппын: «Ол Мұхаңмен екеуіміздің кешкі асты бөлек ішпейтін кезіміз еді. Әсіресе, ортақ әсер алған күндеріміз жайлы бірге кеңесіп, бірге қорытатынбыз. «Қозы Көрпеш – Баянды» сахнадан көргеннен кейін де бірер кешті бірге өткіздік. Мұхтар оқтын-оқтын ұзарта сөйлеп кетіп, толқыған көңілін баса алмай отырды. Кейде әртістердің ойындарына да байланыстырып айтады. Бірақ, көбінесе-ақ пьесаны сөз еттік. Сабағынан үзіліп түскелі тұрған қызыл алмадай Баян, сол алмаға қолын созған, ғашық алдында күлшылық зарын айтқан Қозы көз алдымыздан кетпейді. Кейде лезде жадымызда жатталып қалған сараң шалдың сөзін айтып күлеміз. Ішімізде қуаныш сезімі ғана бар. Көптен күдік боп байланған, алдырмай, жеңдірмей жүрген үлкен бір жұмысымыз тынғандай сезінеміз. Сонымен бірге қызығуымыз, ең жақсы мағынада қызғануымыз да жоқ емес сияқты.

«Ақан сері – Ақтоқтыны» ұмытпасам біз Совнаркомда, Шарипов Исағалидың кабинетінде оқыдық. Қателеспесем, пьеса сонда Абай атындағы бәйгені алған болу керек. Ондағы алған әсеріміз де керемет ыстық еді. Онда да Мұхаң, Сәбең, бірнеше әртістер қатысып тыңдағанбыз. Биік ақындық рухпен, шешендік ұштасқан жерде ірі мінездер жалын ата, жарқырап кетеді екен. Бірінші рет тыңдағандықтан және автордың дәл қасында отырып, өз аузынан тыңдағандықтан қатты дүрліктік, ерекше сілкіндік. Біздің бұл сияқты ду ете қалған әсеріміздің тұтанған автор да барынша жігерлі оқыды. Адамдық қуатын, адалдық жолын іздеп жүрген Ақан бізге көненің көзі емес, жаңаның өзі болып көрінді. Оны біз әлдеқандай, қазақбай хазіретке қарсылық жасаушы емес, дәл сол жылдардағы жалғыз-ақ сәждеге жығыл, жалғыз-ақ адамға табын дейтін хазіреттерге қарсы ашылған майдандай қабылдадық. Ақан біздің әбден жуасыған, тіпті, ынжыққа айналған намысымызды ызаландырғандай болды. Ерекше сілкіндік деуімнің де мәнісі осы еді. Ақан жайы осылай болса, Ақтоқты рөлін бәрінен асыра мақтадық. Өлгенше өжеттігі айнымаған, сөнгенше жалыны бір төмендемеген махаббат еркіндігі, сезім, сөз бостандығы үшін құрбан болған қыз біздің жаңағы сілкінген жанымызды, арымызды, намысымызды қылыштай қайрап кетті.

Ал, «Қазақ солдатының» бірінші көлем жағынан шағындау вариантын осы күнгі Совминнің 2-демалыс үйінде – тауда оқыдық. Ғабең бірсыпыра жазушыларға өзі хабарлап, шақырды. Әрине, ол кезде де біздің арамызда қағысып қалулар, өкпелесулер болып тұратын. Бірақ оның бәрі өзара қатынасуымызға, шығармаларымызды ортаға салып, оқып бірге қуануымызға, әділ пікір айтуымызға бөгет жасамайтын, Мұхаңның тілімен айтқанда, ет пен терінің арасындағы бір терлегеннен қалмайтын

жеңіл «жел сияқты» нәрселер-ді. Біз бұл повесті де өте жылы қабылдадық және қызу талқыладық. Әлі есімде... әсіресе, бізді мәз еткен шаштараз көзімен көрінетін бастар еді. «Шекесі шығыңқы домалақ бастар, бүйірі солыңқы ұзын бастар, қуық шеке сопақ бастар, қыжыр-қыжыр қыртысты бастар...», тағы сондай бастар ішек-сілемізді қатырды. Ол бастар қазір де қызық, қазір де оқушыға ой салады.

«Оянған өлке» журналға басылып шыққан соң, арнаулы мәжіліс шақырылып, сонда талқылайтын болдық. Сан рет күліп сілеміз қатты, сан рет қабақ түйдік, соның алдында ғана Мұхаңның «Абайын» қояр жер таппай жүрген біздер, дәл сондай екінші шығарма туа бастағанына керемет шаттандық.

Қорыта келгенде, өзімізше түйіп айтарымыз мыналар:

Бірінші: – Ғабит Мүсірепов шығармасының барлық қосындысын алғанда, өз халқымыздың жарты ғасырлық көркем тарихы сияқты. Біз осы тарихымыздан осынау өткен ұзақ жолымызды көреміз: талай-талай бел-белестер, үдерген көштер, түнгі сарындар, күндізгі сарындар жатыр екен артымызда. Талай-талай қатер көпірлерінен өтіппіз, талай-талай күлкі көпірлерінен де өтіппіз. Соның бәрін Мүсірепов шығармасы сипаттапты.

Екінші: – Ғабит Мүсірепов шығармалары біздің ұлттық ой-сезіміміздің дамуына, жетілуіне болысыпты. Қазақ екенімізді, және қандай қазақ екенімізді жан-жақты таныппыз: қуатты, мақтаныш боларлық қасиеттерімізбен бірге, әлсіз, қасиетсіз жақтарымыз да аз емес екен. Ғабең бізге мақтап отырып ұрсыпты, ұрсып отырып мақтапты, сөйтіп отырып біздің социалистік санаға көшуімізге де жәрдемдесіпті. Ол бізді турашылдыққа, талғамшылдыққа, еркін ойлап, еркін сөйлеуге, барлық құбылыстарды өзімізше еркін қабылдауға тәрбиелесіпті. Міне, әрекет жағынан жүректілікке, ірілікке шақырыпты.

Үшінші: – Ғабит Мүсірепов сезімдеріміздің таза жеттігуіне кескір, ұшқыр боп ұшталып, барынша нәзіктене түсуіне еңбек сіңіріпті. Ол бізге бояулардың құбылыстары мен жарастықтарын жарық арқылы құлпырып туатын сансыз реңдерді тануды ұғындырыпты, ол бізге дыбыстардың қиын, күрделі гаммаларын, контрастық күштерін алғырлықпен қабылдауды үйретіпті.

Төртінші: – Туған әдебиетін жарты ғасыр бойы трибунадай пайдаланған ағамыз – туған жұртымен тілдесіп отыруын бір мезет те ұмытпапты. Оның көркі сөзінде отты, серпінді романтика мен ғажап реализм үнемі астарласып отырыпты. Сондықтан да, біз оның шығармаларын үлкен олжадай, қымбат шашудай қабылдап келіппіз.

Ғабең бүгін жетпісінде де биік трибунада.

Сөйлей бер, Ғабе, құлағымыз сізде!

Хамит ЕРҒАЛИЕВ, Қазақстанның халық жазушысы

Іні лебізі

Көп жанрлы қазақ әдебиетінің бірден-ақ іргесін ірілендірген алты-жеті адамды Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов «Алыптар тобы» деп атаған еді. Әбден ойланып болмай өз пікірін білгізе бермейтін осы адамның өзін де көзінің тірісінде сол «Алыптар тобының» бел ортасына қойып отырушы едік. Және жұрттың сол бағасы соншалық жарасып та тұратұғын. Бірақ, соңғы түйе жүгінің ауырлығын айту жағы әр қилы мөлшерде аңғарылатын. Бұл бағаның бір шеті еппен емеурін танытып, үнін үнемдеп (қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінде үш ай ғана бастық қылғанымыз секілді) кібіртіктеп жатса, енді бір шеті арнадан асып-төгіліп, құдайдың осы бір пендесін бүкіл сексен асқан өмірінде «жаңылмаған жақ, сүрінбеген тұяқ» дәрежесінде танып жүрді. Соңғы көпірмеге ол зәру еместігі себепті де қасын қиғаштандыра қарап, бір түрлі ыңғайсызданса да, жөні түзік пейілдер тұсында көңілдің ішкі толқынын іркіп қала алмай: «Еркектер өзара сүзісуге шебер де, сүйісуге олақ келеді, бетіңнің бір жерінен сүйер едім, әйел болып жаратылмаған өзіңнен көр» деген секілді есте қалардай ескертпелермен шектелер еді. Осы ризашылығын ол кісі менің «Іні лебізі» деген өлеңіме байланысты айтқанды. Ал, сол өлеңде мынадай жолдар болған:

Артық, кем сөз ауанына ермей біз,
Аға дейміз, Ақын дейміз, Ер дейміз.
Махмұтұлы мәшһүр Ғабит іләйім
Күнде сенің мазаңды ала бергейміз.

Күнде емес-ау, түнгі ұйқыдан тұрғызып,
Телефонға жалаң шапан жүргізіп:
– Ақыл керек, кеңес керек!.. – дейтұғын
Ерке зорлық біздер үшін бір қызық.
Өмір – дауыл! Бөлмейді қыс, күзді бұл.
Сұрапылда тағдыр қанша үзді гүл!..
Алыптардан қалып қалған бір дарақ,
Өкпек желде шулап тұрған бізді біл!

Сөйлесем де қанша ділмәр қазылып,
Сен тұрғанда қайда маған қазылық,
Сабырың мол-ау, сараңдаусың ұрсуға,
Тек осыны кешеулетпей қазір ұқ!..

Шынында да, қартайған сайын молырақ тыным берудің орнына түн ұйқысын түгел бұйыртпаған кездеріміз көп болды. Партияның үлкен үйі дедік пе-ау, әдебиеттің, музыканың, театрдың, киноның үйі дедік пе-ау, қойшы әйтеуір, осылардың бас-басына сағат тағайындап, соның әрқайсысына Мүсіреповтің кешікпей келуін талап еттік. Әл-қуаты азайған ұлттың тілі мен ұлағатты бітімінен көз жазып қалмау проблемасы оның өзін де өле өлгенше беймаза қалпынан бір босатпады. Бір кезде осы кісінің өзі алып берген жазушылар үйін Қазақстанға жоғарыдан түскен ұлық бұйрығы бойынша біреулер тартып алғалы жатқанда да екі Ғабең жұбын жазбай жұмсалды. Сөйте жүріп, қартайған адамның басқадан қайырымдырақ болу құқына да қол сұғып, оныңды қой деп, бұйрық раймен түгендескенімізді жаңағы ақынның өлеңінен де көрдік қой.

– Мен ендігәрі олай істемеуге уәде беремін, – деп құдды бір шәкірт баладай шағынып, зал толы жұртты бір күлдіргені талайдың есінде бар да шығар.

Иә, қауырт жұмыс үстінде қартайған бұдан басқа алып біздің арамызда болған емес. Оны басқадан бақыттырақ қылған да, бәлкім, осы соңғы түйенің ауыр жүгін арқалай білгендігі шығар-ақ. Ендеше, Ғабит Мүсірепов өлгеннен кейін мақталып жүрген марқұмдар санатына кірмейді. Бәрін де өзі құлағымен естіп, көзімен оқып, тоқып та кетті. Ғабең рухы алдында арылып бір айтайын дегенім осы.

Естеліктің ерекше бір қасиеті – онда әркім еске алып отырған адамын өзінше танып, жұртқа да өз арақатынасы арқылы танытады ғой. Мен де ел қатарлы Ғабеңді баяғы «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Талпақ танау» атты әңгімелері, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясы арқылы өзімше таныған болдым. Бәрінде де – майдандасқан қастасымен ымыраға ыңғайы жоқ бір Ғабит. Дүниені дүрліктірген, өзіне де осал соққы боп тимеген «Желкелер неден қышидысы» әлгі онсыз да бірбеткей ожар түсінігімді тереңдете түсті-ау деймін. Ойлау жүйесі өр мінезді драмадан жаратылған осы адам шығармашылығына қайтсем жұғысам деп жүрген мен – рабфак студенті – жазғы демалыс кезінде, жұмысшылар күшімен «Қозыны» Мақат сахнасына шығардым. Спектакльді қоюшы да, режиссер де – бір өзім. Қарабайдан өш аларда Ғабеңе көмектесейін дедім бе екен, – әйтеуір, өзім Жантық рөлінде ойнадым. Ал, келесі, 1939 жылы қазақстан жазушыларының екінші съезіне келгенімде «бөрік алып қашуға ғана жарайтын» дәрменсіз сыншыларды қапысыз қатты сынаған Ғабитті көріп, «жоқ, мына кісі

ұрыншақтың бәрін бірдей құптай бермейтін құпиясы мол адам боп шықты» деген ұғымға ойыса бастадым. Бірақ, Қайырғали, Сүгірәлі-Байжан, Амангелді, Еркебұлан, әйел затынан қаһарман Ұлпан, құс баласынан қыран тұлғалары кейінгі қабырғалы туындылардан самсап шыға-шыға келгенде, Ғабиттің өзі батыр деген бастапқы позицияма біржола орныктым. Иә, аса сезімтал, сұлу сурет иесі, сөлді, сөрелі сөздің зергері мен үшін бәрінен бұрын батырлығымен мектеп өмірінде де НКВД назарына «Бейімбет жау болса, мен де жау» дегені секілді, нағыз өр мінезді шығармашылықтың шебері еді ғой жарықтық.

Өзгелер еліктесе де тап солай етіп шығара алмайтын өз кемшілігі өзінше тұрыпты ғой. Ал, Ғабең жалпы үлкеннің де, кішінің де орнын бағалай білген кісі. Кішіге кісілігін дәлелдейтін деректер өзімнің арақатынасымнан да табылады. әуелі үлкенге ізетінің ірілеу бір үлгісін оқылық: 1938 жылы Жамбыл шығармашылығының 75 жылдығына баяндама жасау үшін жоғарыдан талай адамға тапсырыс берілген. Солардың бірінші кезектегісі Орталық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімін меңгеруші Бекболат Мұстафин болған екен, оған аяқ астынан «халық жауы» деген атақ тағыла қалып, қамауға алынған. Екіншісі де сондай бір сенімсіздікке душар болып, үшінші кезек әлгі аппараттағы мәдени-ағарту бөлімін меңгеруші Ғабит Мүсіреповке келеді. Бірақ, ол бірінші хатшыны Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы Ораз Исаевтың баяндамашы болуына көндіреді. Осы бір орайды әңгімелей отырып, тапсырыс алған күні-ақ тамаша баяндама жасап берген Исаевтың білгір, сұңғыла шешендігін Ғабең айрықша бағалаған. Ғабеңмен менен де гөрі жиірек араласқан Сафуан Шаймерденовтің айтуынша, осы кісі Ораз Исаев хақында әр кез әрлі пікір білгізіп отырған көрінеді. Ал, нақ сол кезде Исаевты білмейтін біреулер, әйтеуір Үкімет басы болғаны үшін, Голощекинмен қосақтап жазғыру бағытын ұстанған. Мен Исаев туралы мақаламда («Халық кеңесі», 10.01.1992 ж.) бұған да тоқталғам.

Біреуді біреу «өлтіре сынау» өмір заңына айналған заманда менің «Құрманғазы» атты шығармамның бірінші кітабы сондай күйге ұшыраған. Екіншісі енді ғана жарық көріп, әлі пікір өзгеріп үлгермеген де кез еді. Дегенмен, Мұхтар Әуезовтің ұнамды көзқарасы жазба түрде қолыма түсіп үлгерген-ді. Сол кездегі бірінші бастығым Ғабең маған телефон шалды:

– Ертеңгі сағат оннан бастап екеуміз «Құрманғазыны» тұтастай оқып шығалық, одаққа кел.

Дастанды оқуға уақытында кірісіп, кіші бесін әлетінде аяқтадық. Аралықта күрең шаймен жарты сағатқа ғана үзіліс жасадық. Ол кейбір тарауларды тапжылмай отырып тыңдаса, енді бір бөлектерін ту сыртымнан бір қолын иығыма артып қойып, өзі де жарыса оқып тұрды-ау деймін. Ақырында айтқаны:

– Жә, болды, ты, собака, бар, бара бер үйіне. Бұл енді сенің шығарма емес, халықтың мүлкі.

Қайтыс боларынан аз бұрын, яғни, арада ширек ғасыр өткен соң, жазушылар алдында ұзақ сөйлеген ақырғы аталы сөзінде баяғы сол көкірегі ұялаған көңіл қошын екі ауыз жайсаң лебізбен есіне түсірді. Бұл кісі менің талай шығармамды өз қолынан өткерді. Некрасовтың «Ақын мен азаматын» аударғанымда соны түпнұсқамен салыстыруға да уақыт бөлді. Қазақ поэзиясының өзі басқарған орысша антологиясына шығарма іріктегенде менің эпиктігімді ескеріп, «Біздің ауылдың қызы» мен Чапаев туралы поэмамды енгіздірген де өзі болатын. Менің сол Чапаев жөніндегі «Оралдағы отты түнімде» Ғабеңнің «Қазақыландыра түс!..» деген пікірі ерекше ескерілген болатын. Ал, «Сенің өзенің» атты дастанымды Мәскеуге жүрер алдында оқып, Құсни апайға қалдырып кетіпті. Қолжазбаның ашық жеріндегі: «Оқыдым. Жақсы екен. Көзі де, көңілі де жаңа екен!.. Айналайын!..» деген маржандай тізілген әсем жазу менің архивімде сақтаулы.

Ғабең бірде Бейімбет ағасының үйінде шараптан босаған рюмкасын жарға лақтырып сындыра беріпті. Оның солайша еркелегенін Биаған бәйбішесі Гүлжамал жеңгей бірде мақтана еске алған еді. Сондай-ақ, кезінде біз де ағамызға еркелеп бақтық. Мен Ғабеңнің қара «ЗИМ»-ін тауға сұрап мініп, тасқа да соқтырғам. Жұбан екеуміз тәбәрік аламыз деп, Ғабеңді өмірде басын сұғып көрмеген кафеге де апардық. Одан хабардар Шолпан, Құрекеңдер (Жандарбековтер) біздің үстімізге келіп, ол аз дегендей, қытайға кетіп бара жаткан қырғыз әртістері (Киізбаева, Бишенәлиева, т.б.) және қосылып, Ғабеңді аттай мың сомға шығындандырғанбыз.

Кімнің кім екенін бірге жол шығып ел аралағанда біліңкірейсің. Өзінен өзгенің абыройын ойлауға мәдениеті, кісілігі де жетпейтін жетесіздің талайын көрдік қой. Ал, Ғабеңмен екеуден екеу жол шекпесек те, қанаттас жатқан республикаларға топ құрап барғанымызда әлденеше сапарлас болдық. Ол отырғанда сенің арқаң кең: өлкеміздегі, астанамыздағы жаңалықтар хақында, тіпті қасындағы сен жайлы да оның келістіре әңгімелеп береріне сен сенесің де, ол

өз биіктігімен сені соған сендіреді де. Дастарқан басындағы сауық кештерінде Ғабең қасындағы жолсерігін ыңғай қанаттандырып, көрінеу өсіріп отырар еді. Сайып келгенде, ағайынмен қауышудың сондай кештері мәдениет, әдебиет төңірегіндегі талай тарихты айқара ашып та тастайтын.

Ғабеңнің өзінен үйренген осы тәсілдің мән-мағынасын онан да ірілендіріп бір пайдаланайық деген ұсынысты мен осы кісінің сексен жылдығы қарсаңында айтқан едім. Менің ондағы жоспарым бойынша, жеке меншік машиналары барлардан автокеруен жасақтап, Алматыдан Ғабеңнің Қызылжарына дейін ғылыми-көркем шеру күндерін өткізуге тиісті едік. Бұл ұсынысты жолдастар да, Ғабеңнің өзі де құлшына құптаған. Той иесінің әйелі ауырып қалып, ойлағанымызды орайына келтіре алмадық.

Аракідік Ағаның сәл артық артқан салмағын ауырсынған інілері болды десек те, «Тай тулап үйірінен шыққанды» көрмедік. Өз арамызда жан баласы оның бетіне жел болып тиген емес. «Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек» деп, академик Қабдолов айтқандай, біз оның есімін, Еңбек Ері деген атағын да туған әдебиетімізге бедел тұттық. Ал, осы кісіні қатыгез бейуақ қанша дүркін ренжіткенін еске алудың өзі ауырдан да ауыр. Арғы отызыншы жылдар оқиғасын қопара қозғап жатпағанда да, соңғы бір сорақылық жадымыздан жаңғырып сыртқа шыға береді. Сәбит ағай апта бойы сарылып отырып даярлаған сол уақыттың тәп-тәуір баяндамасы әуелі шартты түрде Үлкен үй дейтінде оқылып, сол үйден қайта шыққанда жылы сөз атаулыдан жұрнақ та қалмаған.

Тойға бәріміз бірлесіп даярлаған тартуымызды үйіне алдын ала кіргізіп қойған біздер, бетіміз күйіп, есігінен де қарай алмағанбыз. Елу жылдығына орай жарық көрген жаңа кітабының қаламақысын Ғабең түгелдей облигацияға өткізіп жіберген.

Енді құдай сондай бейуақтың бетін аулақ қылсын! Ғабит Мүсіреповтің тоқсанға мәртебелі мерейін бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің жарқын болашағына бағыштайық!

Мұхаметжан ҚАРАТАЕВ, академик

Ғабитпен қауышқан шақтар

Ақмешіт округінің Жаңақорған интернатында екі жылға жуық (1923-1924 жж.) оқығаннан кейін, 1925 жылы жаз айында қаладағы Ленин интернатына түстім де, бір айдан кейін Орынбордағы қазақ медицина техникумына ауыстым. Онда да даярлық курсында үш жылдай оқуға тура келді (1925–1928 жж.). Мақсат жеті-жылдық мектеп программасы көлемінде білім алу. Бұл курстарды басқаратын Жұмабай дейтін қазақ мұғалімі болды. Қазақ тілін, әдебиетін айрықша жетік білетін жадыра жан еді. Біздің сана-сезімімізді оятып, халықтың рухани өміріне деген ынта-ықыласымызды өсірген сол бір даркан кісі болатын. Бұрын-соңды жарық көрген әдеби туындыларды оның дәріс оқығанда қолынан көретінбіз, кабинетінде кезектесіп оқитынбыз.

Бір күні, 1928 жылдың күз айында кабинетке көңілді кіріп: «Балалар, мына кітап жаңа ғана дүкенге түсіпті, алып қалыңыздар», – деді Жұмабай аға. Кітапты жағалай қарап шығуға жалтақтап отырған 15 балаға ұсынса бола ма? Жапырлай қарап шықтық. Араб әрпімен басылған «Тулаған толқында» повесі екен. Авторы – Ғабит Мүсірепов. Барлық бала сыныптан шыға сала жабыла дүкенге жүгірдік. Баруын бардық. Бірақ сатып алуға ақша қайда? Жалтақтап бір-бірімізге қарадық та, ақыры қалған-құтқан тиын-тебенімізді қосып екі кітап алып, екі жерге бөлініп, жабыла оқыдық. Бұдан бұрын қолға түскен басқа кітаптарды солай оқитынбыз, қызығатынбыз, кейде тіпті тәнті боп тамашалайтынбыз. С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, М.Әуезовтің сол кездегі шығармаларымен осылай танысатынбыз.

Ғабиттің тұңғыш повесі «Тулаған толқында» жайында алған алғашқы әсерімнің нәтижесі болу керек, кейін осы повесть жөнінде пікір түйгенде былай деппін: «Бүгінгі қазақ әдебиетін, бейне бір образ тілімен айтқанда, алуан шоқылы заңғар тауға баласақ, Ғабит Мүсіреповтің сол қорымда өз шоқысы бар. Ол Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбиттер көтерген шоғырдың қатарында негіз бірлігімен қабат, өз өресі, өз тұрпаты, өз көркі бар зәулім шың іспетті. Бұл шыңның бірінші іргетасы жоғарыда аталған «Тулаған толқында» повесінен бастап қаланды. Повестің тақырыбы ежелден жанкүйер проблемаға айналған әйел бостандығы мен махаббат құдіреті дейтін мәселені қозғағанымен, оның шешімін заманның ұлы оқиғасы – Октябрь революциясы мен азамат соғысы шындығына ұштастырып алуымен жаңалықты қадам боп көрінеді.

«Тулаған толқында» повесімен танысқан тұста авторының кім екенін көрмесек те, сырттай естіп, біраз біліп танығандай түсінік алғанбыз. Оған себеп, содан екі-үш жыл бұрын Ғабиттің Орынбордағы жұмысшы факультетінде оқығанын, өзінің әдеби талантымен үздік танылғанын Жұмабай әңгімелеп берген-ді. Ғабит Мүсірепов туралы осындай шағын мағлұматпен келесі жылы күзде (1930 ж.) Алматыға барып, қазақ педагогикалық институтына түстім. Енді бір жыл өткен соң, 1931 жылы қыста ҚазПИ-ге бірқатар белгілі жазушылар келгені есімде. Ішінде Сәкен, Ілияс, Бейімбет бар. Бұларды бұдан бұрын көргенмін. Мына жолы осылардың қатарында танымаған кісім – әсем киінген әдемі, ширақ жігіт. Қасымдағы Әлібек Қоңыратбаевтан: «Мына кісі кім?» – деп сұрап едім, «Өй, білмейтін бе едің? Ғабит Мүсірепов деген зергер жазушы ғой» дегені бар. Селт ете қалдым, сырттай кітабын оқып, өзін көруге құмар болған жазушымды көріп қуанып қалдым. Басында дөңгелек бөрік, үстінде жеңіл пальто, алдағы үшеуіне ілесе, бәрімізге бас изеп, конференц-залға кіре берді. Мұнда азын-аулақ жазушылардың мәжілісі болды. Оны сол кездегі қазақ пролетариат жазушыларының (ҚазАПП) ұйымдастыру комитетінің төрағасы Ілияс Жансүгіров ашты. Ұйымның алда тұрған міндеттері туралы сөйледі. Баяндамашыға әр қилы сұрақтар қойылды. Соның бірі – әлгі танысқан Ғабит Мүсірепов: «Пролетариат жазушысы деу үшін қандай шарт керек?» – деді. Ілияс сәл күмілжіп қалып еді, Тайыр орнынан ұшып тұрып: «Кім кеңес үкіметінің жағында болып, кедейлерді жақтап жазса, соны айтпай ма пролетариат жазушысы деп» – деген жауап қайырды. «Ол жөнінде ендігі жылы толық сөз болады съезде», – деді Ілияс жымиып. Ақыры Ілиястың айтқанындай, 1932 жылы жазушылар ұйымын КСРО Жазушылар одағы етіп қайта құрған Орталық партия комитетінің белгілі қаулысы шыққанын білеміз. Содан бастап Ғабит біздің ҚазПИ-ге жиі келіп, Сәкен екеуі жастармен жиі ұшырасып тұратын болды. Осы тұста, сондықтан да болу керек, әдебиетке құштарлығым өршіп, газеттерде бірен-саран мақалаларым шыға бастады. Соның бірі – 1933 жылы 22 февральда «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Қызыл ат және социалистік реализм» дейтін мақалам. Бұл мақалаға Сәкенмен бірге Ғабит те тәнтілік пікір білдірді. «Бағытың теріс емес, бірақ жассың ғой, әлі мұндағы жағдайдың терең тұңғиығына жеткен жоқсың ғой», – деп қалды бір сөзінде Ғабең. Осыдан кейін көп ұзамай ол кісі командировка алып, Бетбаққараға кеткенін білдім. Бұл, ұмытпасам, 1933 жылдың жаз айы еді.

Сол жылы-ақ газет бетінде жарқ етіп «Шұғыла» әңгімесі жарияланды. Әңгімені оқи сала, қызыққаным сондай, дереу рецензия жазуға кірістім. Рецензиям «Шоғырдан озған шұғыла» деген атпен 1934 жылы 21 февральда «Лениншіл жас» газетінде жарық көрді. Бұдан екі айдай бұрын ҚазПИ-де отыр едім, ҚазПИ-дің ректоры Бәймен Алманов маған "сені Ілияс Жансүгіров шақырады" деген соң келсем, сол кездегі жазушылар ұйымының ұйымдастыру комитетінің меңгерушісі кабинетінде Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов екеуі отыр екен. Өзінің баяу үнімен салмақты сөйлейтін Ілияс көзілдірігін көтере түсіп:

– Бізде әдебиет газеті ашылғалы жатыр. Мынау Ғабит аған редакторы болады. Екеуміз сені хатшылыққа ұйғарып отырмыз. Қалай қарайсың бұған? – деді көзінің астымен қарап. Не дерімді білмей қалдым. Көзім бұлдырап, бірдеңелер дөңгеленіп, жүрегім қобалжып кетті.

– Сен де, мен де өз жұмысымызда қала береміз. Мына газеттің жетісіне бір нөмірін шығару қиын сокпайды ғой, – деді Ғабең. Одан әрі ойлануға мұрша болған жоқ.

– Сіздер қаласаңыздар... – деп отырып қалдым.

Бірнеше күннен кейін ұйымдастыру комитетінің мәжілісінде бекіндік те, іске кірістік. Содан былай бастық болған соң да, редколлегия мүшесі болған соң да Ілекеңе, Ғабеңе жиі барып материал көрсетіп, мақала алып жүретін болдым. Ғабең екеуіміз Ілекеңе барып, газетке әдебиет шығармаларының сапасы жөнінде бір бас мақала жазуды ұсынғанымыз бар.

– Бұларың жөн, – деді Ілекең, – сапа мәселесін күнбе-күн ыждағаттаңыздар. Ертеңгі съез де осыны айтатын көрінеді, – деді де бір шығыс даныишпанының нақыл сөзін еске алды.

Ғабеңмен жалпы пікір алысатын тұстарымыз бір жағынан газет материалына байланысты болса, екінші жағынан, әдебиет жаңалықтары жайында жиі болып тұратын. Соның ішінде біреуі жоғарыда айтылған «Шұғыла» әңгімесі жайында екені есімде. Әуелі осы әңгіме туралы менің мақалам жарияланған тұста Ғабең: «Мақаланды біздің газетке бермей, «Лениншіл жасқа» бергенің жөн болар» – деп қалды. Мен мақаланың өзіне оның қалай қарайтынын білгім келіп: «Ғабе-ау, мақала туралы өз пікіріңіз қандай?» деп қалдым.

– Пікірім жаман да емес, оның дұрыс, бірақ менің де, сенің де тым тереңге бара алмауымызға бір себеп бар. Ол өмір шындығын жан-жақты қамтып, тұңғиығына түсу үшін мүмкіндігіміз бен мұратымыз жетеді ғой. Бұл – алғашқы әсеріміз ғана, – деп саликалы сөзін тұжыра түйіп қойды.

«Шұғыла» әдеби шығармалардың жылдық конкурсында бірінші сыйлық алғанда да Ғабең: «Бұл – ұлы жұлдыздың ұшқыны ғана» дегені бар. Мұнымен оның не айтқысы келгенін түсінбесем керек, ойланып қалдым.

Менің Ленинградта оқыған үш жыл үзілістен кейін Ғабең екеуміз ойранға толы 1937 жылы қайта ұшырастық. Ол – Қазақстан өлкелік партия комитетінің мәдениет жөніндегі бөлім меңгерушісі, мен қазақ совет Жазушылар одағының хатшысы қызметінде жиі қатынасатын болдық. Сол зобалаң жылы күзде Сәкен, Бейімбет, Ілияс секілді атақты аға жазушылар қамауға алынған шақта осы қиямет жағдайдың қысталаң зардабын шеккен Сәбең, Ғабеңдер болғаны белгілі. Ең ақыры қамалған жазушылардың семьясын НКВД қаладан қуып жатқанда, солардың пәтерлерінің жат қолына түспей, үйсіз жазушыларға тиюіне жан салып қызмет еткен өлкелік комитетінің атынан осы Ғабит Мүсірепов еді. Мәселен, Ілияс Жансүгіров ұсталып, семьясы көшірілгенде, онын пәтеріне жатақханадағы менің семьямды көшірген де Ғабит Мүсірепов болды. Аман-сау жүрген біздің өзіміз қай күні ұсталамыз деп қыл көпірдің үстінде жүргендейміз. Әуелі Жазушылар одағының басшысы Сәбитті партиядан шығарды. Ендігі кезек біздікі дегендей Ғабит жүрді үрейі ұшып. Ақыры оған да, оған еріп жүрген маған да келді күткен кезек. Және бір күнде келді. Ой, сұмдық-ай!

Осынау орасан жағдайда тоқтамай тұрып, осының алдындағы екеуміз бірге өткізген тарихи оқиғаны еске алуға тура келді. Ол – тоқсаннан асқан Жамбыл ақынның шығармашылығына 75 жыл толуына қатысты. 1937 жылы декабрь айында Жамбылды КСРО Жазушылар одағы Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» поэмасының 750 жылдық тойына шақырғанда карт Жамбыл мен қазақ делегациясының баруына рұқсат әперуге күш салған Ғабит Мүсірепов болатын. Делегацияның құрамына Кененді, Сатышты, Тайырды, мені қосқан да Ғабең еді. Юбилейді өткізуге Москвадан, Тбилисиден келісім алып келгеннен кейін Ғабең екеуміз Қарақастектегі Жамбылға барып, юбилейдің барлық жағдайын дайындап келіп, Жәкеңнің туған жерінде және астанамыз Алматыда бірге өткізгенімізбелгілі. Аталмыш жағдайды Ғабеңмен ақылдасып, сырласып, жақындай түсуімнің арқасында, адамгершілігіне, адалдығына, әділдігіне көзім жетіп, жақындай түскен жайым болды. Жәкеңнің ауылына бара жатқанымызда, машинаның ішінде Тбилисиге бару сапарымыз жайын толық әңгімелеп бердім Ғабеңе. Қызығы мен қиындығы қатар болған сапар

жайын ынтамен тыңдаған Ғабең: «Енді мына юбилейін жаксы өткізсек, ең үлкен абырой осы болады. Біз басқаны былай қойып, тіпті Абайдың өзін таныта алған жоқпыз ғой әлі», – деді. Расында юбилей ауылда да, астанада да жаксы өтті. Тойға Украинадан Павло Тычина, Микола Бажан, Москвадан В.Ставский келді.

Тойдан қайтарда, машина үстінде Жамбыл туралы әңгімеге қайта оралдық. Ғабең бастапқы әңгімені жаңғыртып: «Жамбылды таныту Жамбылды ғана емес, алдымен оның халқын, қазақты таныту емес пе?» деді. Мен әңгімені жалғастырып: «Сіз өткен жолы өз деңгейінде танылмаған деп ұлы Абайды атап едіңіз. Басқа кімді айтар едіңіз?» деп қалдым.

– Өй, о не дегенің, Мұхаметжан? Мен сені көп біледі деп жүрсем. Ахаң, Жақаң, Шәкеңді, Мәкең, Сәкен, Бейімбет, Ілиясты қайда қоясың. Апатқа ұшырап жатқан жоқ па? Қалай айтасың? – Сөз сонымен доғарылды. Жұмған ауыз қайта ашылмады.

Сонымен юбилей өтті.

Бірақ, юбилей өтісімен, июнь айының басында, төбемізге жай түскендей бір күні, бір ұйымда екеуіміз бірден партиядан шықтық. Сондағы екеумізге таққан айыбы біреу-ақ: Ол – халық жауларымен байланыс. «Ал, балакай, берік бол енді, – деді Ғабит. – Басқа түскен бәледен қалай құтыламыз? Қиын-ақ құтылу. Мен осылай болатынын бұрын-ақ білгенмін. Ел басына туған бәле, ер басына туады деген осы да... Жүгіреміз енді».

Мен тұтығып, қолым дірілдеп, ештеңе дей алмай қалдым. Ақыры, айтқандай, жүгіріс басталады. Әуелі ісіміз райкомда каралды. Қаралған жоқ, қараландық. Екеуіміз де еңсеміз түсіп кабинеттен шыққан күйіміз әлі көз алдымда. Партиядан шығып, Ғабитпен хабарласпай, жүдеп-жадап жүргенде, шамасы тағы бір айдан кейін 1938 жылы 5 август күні мені Алматы қалалық партия комитетіне шақырды. Жүйкем құрып, әрең деп келсем, коридорда кәдімгі Ғабит отыр. Қасында екі-үш адам... Бір бос орынға Ғабитпен амандастым да, сылқ етіп отыра кеттім. Сәлден кейін бір орыс жігіті: «Кто Мусрепов? Зайдите!» деп есікке Ғабитті жанамалай кірді. Көп ұзаған жоқ, 4–5 минуттан соң Ғабит аяғын ілбіп басып шыға келді де: «Бәрі өз қалпында», – деді дауысы сәл тарғыл тартқандай естіліп. «Өз қалпынданың» не екенін түсіндім де үндемей қалдым. әлгі орыс жігіті іле-сала мені шақырды. Кірсем, бюроны басқарып отырған бұрын бір көрген кісім татар жігіті. «Хош, – деп бастады ол сөзін, – почему вы,

один из руководителей Союза писателей, позвонили в среде писателей орудовать врагам народа?» Мұндай үзілді-кесілді айыпқа қалай жауап берудің жолын таппай: «Ложь. Клевета!» деуге ғана мұршам болды. Ақыры, ұзын сөздің қысқасы – соңында айтқаны: «Каратаев, вы восстановлены в партии» деген сөзі есімде шегеленіп қалыпты. Сөйтіп, мәселенің шешіміне келсек, Ғабит партиядан шықты да, мен партияға қайта алындым. Бірақ ғаламаты сол – Ғабит ұсталмай аман қалды да, мен үш күн өткен соң, 8 август күні түрмеге түстім. Сол-сол екен, содан Ғабит аға екеуміздің арақатынасымыз он жылдай үзіліс тапты. 1948 жылы жер ауып жүріп Алматыға соққанымда, Ғабең мені үйінде жылы қабылдап, шай берді. Оның жұбайы, бір кезде, машинистка курсында менен сабақ алған Құсни жеңгей екеуі көп әңгіме қозғады. Әңгіменің сарыны заманның шектірген зардабы, көп жылы көрген қорлығы, мен болсам, түрмеде, лагерьде көрген алапат азабым жайлы мұң айтыстық.

Ғабит ағамен арақатынас, сыйластық жағдай арқауы тағы бірқатар жылдарға үзіліп, 56–60 жылдары қайта жалғауын тапты. Мен айдаудан оралғаннан кейін әдеби өмірге құлшына кірістім де, қазақ көркем әдебиет баспасының директоры болған тұста Москвада 1958 жылы өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне дайындық жоспарымен Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке» сияқты, тағы басқа тамаша туындыларын жарыққа шығаруға атсалысқаным бар. Бұл еңбегімді жоғары бағалап, Ғабит ағаның 1960 жылы менің 50 жылдық юбилейімде сөйлеген сөзі, сосын Қазақстан Жазушылар одағы съезінде берген белгілі бағасы жұртқа мәлім.

Юбилейде сөйлеген құттықтау сөзінде Ғабит ағаның: «Мұхаметжан іні, мен аға болып үзеңгі қағысып келеміз» – дегені мен үшін ең бір асыл сөз ретінде есімде қалыпты. Съезде жасаған баяндамасында Г.Ломидзенің маған берген бағасын құптай келіп, өзінің ризалығын айтуы мен үшін ең қымбат баға.

1958 жылы Ташкентте өткен Азия, Африка жазушыларының конференциясына Ғабитпен бірге қатыстық. Конференцияда қазақ совет драматургиясы туралы баяндама жасауды Ғабит маған тапсырды. Баяндамам конференцияның үлкен кітабында жарияланды. «Баяндамаң сәтті шықты, қысқа болса да нұсқа дерлік болды. Шетелдік әдебиетшілерге осы да қажет» дегенді көңілдене айтқанына мен де мәз болдым.

Әдеби аумақта әр қилы ажырасудан кейін 25 жыл бойы жұп жазбай қатар қанат қағысып келген Ғабит ағамен қашанда

бір мақсатта еңбек етіппіз. Ол ақылшы, ұстаз ретінде әман алда, біз шәкірт ретінде одан ылғи үлгі, өнеге алып келіппіз. Оның «Тулаған толқында» повесінен бастап, «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Өмір ертегісі», «Бір адам кейін, бір адым ілгері», «Шұғыла», «Талпақ танау», т.б. әңгімелері мен «Оянған өлке», «Қазақ солдаты» романдарын, «Амангелді», «Қыз Жібек», «Ақан сері – Ақтоқты», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесаларын оқымаған, көрмеген, қызықпаған кезіміз болған жоқ. Біразына әл-қадырымызша пікір де айтқан болдық, мақала жаздық, баяндама жасадық, оқулыққа, монографияға енгіздік. Соның бәріне Ғабең ризалықтан басқа наразылық білдірген жоқ. Мысалы, жеке рецензияларды тізіп жатпай-ақ жоғары оқу орындарына арналған оқулыққа еніп талай рет басылған Ғабит Мүсірепов тарауын алсақ, өзімнің екі үлкен монографияма енген «Жайсаң талант» («Революция рухымен», А-А. 1978 ж.), «Дарқан дәстүр діңгегі» («Ізденіс іздері», А-А. 1982 ж.) делінген тараулар тұтас Ғ.Мүсірепов шығармашылығын қамтыған тараулар. Ғабең мақтағанға мәз болып, сынағанға сырдан қағатын кейбір қаламгерлердей емес, сабырмен салмақтай қарайтын сарабдал суреткер еді ғой. Келіспейтін жеріне уәж пікір жарыстыратын. Айталық, 1978 жылғы жарияланған «Жайсаң талант» тарауында Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық жолын шоли келе, талдай келе, мынадай бір ауыз түйінді пікірмен токтаппын: «Ғ.Мүсірепов – қазақ совет әдебиетінің мақтаны. Өйткені, ол туған әдебиетінің алпыс жыл бойы кенелген алтын қорына қосқан өзінің үлкен жазушылық үлесімен де сол әдебиеттің кемелденуіне, көркеюіне сіңірген басшылық, қамқорлық, ұйымдастырушылық қызметімен де халық құрметіне бөленді. Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Социалистік реализм әдебиетінде Ғабит көтерген көркем сөз өнерінің шоқысы қазақ әдебиеті Алатауының шоқтығын көтерісе түскен зәулім көркем шыңның бірі». Ал енді екінші «Дарқан дәстүр діңгегі» дейтін тарауда тұжырған түйінім мынау еді:

«Бүгін бүкіл халқымыз сексенге келген дарқан талант иесі, көркем сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің заңғар суреткерлік тұлғасы мен тамаша шығармашылық мұрасын зор мақтан сезіммен бағалап отырған тұста, таразы басатын тағы бір үздік қасиетін айрықша айтпай өте алмаймыз. Ол – Ғабеңнің дәстүр жалғастырғыш, яғни мираскерлік қасиеті. Бұл – оның туған әдебиетімізге деген сүйіспеншілік пен қамқорлықтан туған төл қасиеті. Мақаламыздың басында алдымен ескерткеніміз Ғабеңнің Абайдан бастап, өзіне дейінгі әдебиетіміздің айтулы да санаулы

өкілдеріне деген шексіз құрметі еді ғой. Мұны біз жүрек қанымен жазылған «Биаға» әңгімесінен және басқа талай реттерде көріп келеміз. Ал, сол құрмет, сол қамқорлық өзінен соңғыларға, әсіресе, осы күнге жас буын ұрпақтарға жасалғанының және әлі де жасалып келе жатқанының куәсіміз».

Ғ.Мүсіреповтің өз қатарындағы үздік ерекшелігі жайында сөз болғанда, айрықша атап айтпасқа болмайтын бір қасиеті – оның тіл байлығы, шеберлігі. Бұл жөнінде әрқашан айтып та, жазып та келдім. Сонау 1971 жылы шыққан үлкен оқулықта, Ғабитке арналған тараудың соңында тура тұжырыппын: «Ғабит Мүсіреповтің жазушылық еңбегінің жөні мүлдем басқа. Оны оқушы жұртшылық бәрінен бұрын үлкен суреткер жазушы деп таниды, көркем сөздің шебері, зергері деп біледі. Ғабит Мүсіреповтің проза мен драматургия саласындағы сүбелі шығармаларын сүйіп оқиды, сүйсіне ләззат алады». Міне, содан бері, 22 жыл ішінде кім не айтса, не жазса, бәрі бір ауыздан мойындайды осыны. Өйткені, бұл шындық. Естелік жанрын қолданып, классик жазушы туралы көрген, білгеніңді бүгінгі оқырман қауымға жеткізу негізгі мақсат болғандықтан өмір жолында, оның ішінде әдебиет саласында аралас жүріп, қауышқан, пікір алысқан жайттарды қамту шарт екен. Сондықтан өзімнің алдағы үлгі тұтқан аға жазушым туралы әр кездегі ой-пікірімді ортаға салуды жөн көрдім. Бұл шындықты мен ғана тауып айттым деп мақтану емес, классик жазушы мен жас сыншының түбегейлі түсініскен тұсын аңғарту.

Мұндағы маңызды мәселе неде? Сөз болған жағдайда шығармасын мақтауға немесе сынағанға жазушы қалай қарады – міне, сонда. Шынын айту керек, Ғабең еш уақытта әдеби сынның жағымдысына шаттанып, жағымсызына шамданып көрген жоқ. Лепірмей, өпірмей, бәріне байсалды, пайымды жауап қайыратын. Кезінде кейбір шығармасының кішігірім кем-кетігі жайлы сөз болғанда, («Қазақ солдаты», «Ұлпан») сабырлы да салиқалы автор байсалды түсінік бере келе, кей жерін жөндеңкірегені бар. «Қазақ солдаты» алғашқы нұсқасында «Қазақ батыры» болатын, кейін өзі «Қазақ солдаты» деп жөндеді. «Ұлпан» повесінің алғашқы нұсқасына мұндай қазақ қызы болған ба деп күңкіл болған тәрізді. Оның бейнесін өзгертпей-ақ, кітап вариантына жеңіл-желпі редакция жүргізген сияқты. Сол кітапты Ғабең маған өз қолынан тапсырып, мынадай автограф жазып берді:

«Қадірлі Мұхаметжан іниме, дос көңілден,
ағалық тілектестікпен
Ғабит Мүсірепов
17/12-76 ж.»

Осылай аға, іні санатында бір-бірімізбен бірде бірге, бірде ажырап, қалай да қарым-қатынасты халде өмір сүрген жарты ғасыр есімде не қалдырды деп ойлансам, көп нәрсе көңілімде көмескі із қалдырғаны байқалады. Соның бәрін бұл жерде түгел тізу мүмкін емес. Дегенмен, астанамыз Алматыда, Мәскеуде, Ташкентте бас қосқан әдеби ортада, Жазушылар одағының пленумдары мен съездерінде қатар жүріп, қанат қағысқан тұстарды өзімше қамтыған болдым. Ғабит ағаның 80 жылдық мерекесіне орай алдын ала жазған мақаламда мен былай дегенім бар: «Ғабеңнің елу, алпыс, жетпіс жас делінген, енді, міне, сексен деп баршамыздың сүйсініп отырған өмірлік бел-белестерінің бәрінде өз басының тәнтілік сезіммен үлгі етіп айтатын жайлары бар. Оны қайталап айтудан жалыққан емеспін, жалықпаймын да. Неге десеңіз, мен Ғабит ағадан да, оның алдындағы аты әйгілі ағалардан да тәлім алған шәкірті болдым. Ғабеңді 1930 жылы алғаш көріп, ұстаз тұтудан бастап, 1934 жылы редакторлық басшылығымен жаңа ашылған «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы болып, одан үйренуім, 1938 жылы Жамбылдың ақындығының 75 жылдығын бірге өткізісуім, әр кезде Қазақстан Жазушылар одағында бірде қатар, бірде қарамағында жүріп, көп нәрседен сабақ алуым ұмытылмас мектеп болды. Бір ғана мен емес, басқа да сансыз көп әдебиетшілер оны ұстазым деп таниды. Сондықтан Ғабиттің суреткерлік бейнесін бірде «Дарқан дәстүр діңгегі», бірде «Жайсаң талант» деп баламаласам, енді бірде 80 жылдығына орай «Лениншіл жас» газетіне «Алыптар тобының ақиығы» деп жаздым. Ғабең екеуміздің үзбей үнемі жиі қауышатын тұсымыз 1960-1980 жылдары. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы жыларалық комитет мәжілісінде өтетін еді. Бір рет сондай мәжіліс «Қыз Жібек» пьесасының киноға түсірілген жылы болды. Фильмнің авторы – Ғ.Мүсірепов, режиссері – Сұлтанбек Қожықов, мен – комитеттің мүшесімін. Қаралған мәселе – сол фильмнің сыйлыққа ұсынылуы. Ұсынысты талқылауға кіріскен кезде, менің аяқ астынан таңғалған нәрсем – пьеса авторының (Ғабиттің) фильмге сыйлық беруге қарсы шығуы. Фильмде көш, ауыл, ойын тиісті динамика таппаған деп сыналды. Комитет мүшелері (оның ішінде мен де бармын). Ғабиттің кейбір дәлелді ескертпелерін қолдап, фильм үшін тұтас күйінде сыйлық бермеуге келістік те, режиссер С.Қожықовтың қиын жағдайға қарамастан, фильмнің жасалуына айрықша зор еңбек сіңіргені үшін оған дербес сыйлық беруді ұйғардық.

Көп ұзамай қазақ жазушыларының ішіне бірінші рет

Социалистік Еңбек Ері атағын алған Ғабит Мүсіреповті бүкіл қазақ халқы болып қуана құттықтап жатқан жылы бәріміздің мәз-мейрам болғанымыз белгілі. Кейінгі жылдары сексенге келіп, көкірегіне «Алтын Жұлдыз» қадалған батыр ағамыз қазақ әдебиеті мен мәдениетінің, ана тіліміздің мәнжайы туралы ұлы жиындарда өнегелі өсиет сөздер сөйлейтін болды.

Бір өкінішті нәрсе – Ғабең 1985 жылдан басталған жаңа бетбұрыс дәуіріне жетпей кетті, «ақтаңдақтар» деп аталған қазақ әдебиетінің алыптарын ақтау кезеңіне араласа алмай кетті. Әйтсе де қысталаң жағдайдың өзінде, оңаша, жеке әңгімелескенде сыр шертіп, әрқайсысы жөнінде бағалы пікірін жасырмайтын еді. Әсіресе, алабөтен жақсы көретін, өзіне шеберлігі бойынша ұстаз тұтатын Жүсіпбек Аймауытов туралы әлденеше сүйсіне айтқаны есімде мықты сақталыпты. «Жүсіпбектің көркемдік стиль шеберлігі мен үшін алабөтен қымбат» дейтін еді Ғабең.

Осының өзі Ғабеңнің жоғарыда аталған, жарты ғасырдың өн бойында өмір сатысынан қалай өткенінің айғағы іспетті еді. Бір күні Жазушылар одағында кездесе қалдық. Президиум басталғанша бір оңаша бөлмеге бұрыла бергенімізде: «әй, Мұхаметжан, оқыдым мен туралы жазғаныңды. Рахмет, дұрыс қой бәрі де. Бірақ менің өткен қыл көпіріме бара алмапсың, батылың бармаған ғой, сірә?» дегенде, не дерімді білмей қалдым да, «солай шығар» дедім күмілжіп. Бұдан бұрын көп жағдайда жалпы әдебиет жаңалықтары мен баспа, энциклопедия мәселелері жөнінде, сын проблемасы жайында қауышып ақыл-кеңес алып жүрген кездерім жетіп жатыр. әсіресе, үй-жайларымызда дастарқан жайып сыбайласқан кездерімізде де кемістік жоқ десек, ондағы сырласқан шақтарымыз да молшылық. Мұндай шақтарда Ғабит ағаның үлгілі, өнегелі сөздерді пленкаға жазылып алынғаны да бар. Қаншама ақылды, әдемі айтылған сөздері бөсуден аулақ, әділ, ақиқат шындыққа құрылатын.

Мен өз басым Ғабит шығармашылығы туралы түйген түбегейлі ой-пікірімді 1971 жылы Алматыда, «Мектеп» баспасында жоғары оқу орындарының факультеттеріне арналған оқулықта тұжырып айтыппын. Ол мынау:

«Ғабит Мүсіреповтің жазушылық еңбегінің жөні мүлдем басқа. Оны оқушы жұртшылық бәрінен бұрын үлкен суреткер жазушы деп таниды, көркем сөздің шебері, зергері деп біледі. Ғабит Мүсіреповтің проза мен драматургия саласындағы сүбелі шығармаларын сүйіп оқиды, сүйсіне ләззат алады». Әлі де айтарым осы.

Дмитрий СНЕГИН, Қазақстанның халық жазушысы

Күрескер

Ғабит Мүсіреповтің есімімен нәзік стилист, сөз сиқыршысы, қазіргі өмір барометрінің сәл қозғалысының өзін сергектікпен сезінгіш сезімтал суреткер туралы ұғымдарымыз тығыз байланысты. Мұның бәрі мағынасы үлкен бір ғана «зергер» деген сөзге сыйып кетеді. Алайда, бұл сөз де ғажайып жанның табиғатын толық түсіндіріп бере алмайды. Тарихта талай-талай тамаша таланттардың әп дегенде желкілдей көрініп, келе-келе тамыры қурап, таусылып бітуі жөніндегі мысалдар аз емес. Мұның себептері де қыруар. Дегенмен, ең басты себеп – әлгіндей таланттардың тіршіліктен селкеу өніп, айналадан қол үзіп, өзінің оқшау ортасында бұйығы өсуінде ғой деп ойлаймын. Замандастар өмірі, олардың құштарлығы мен күресі әсер етіп, қозғау салмағандықтан жазушыға нәр бермейді. Ол өз қабыршағының тұтқынында шіріген жұмыртқаға ұқсап қалады.

Ал біздің Ғабиттің басынан мұндай құбылыс өтуі мүмкін де емес-ті. Өткен де жоқ. Оның таланты халық топырағында өніп, онымен тығыз байланыста болды, туған даласының арман-мүддесімен, қайғы-қасіретімен, үміт-сенімімен сусындады. Оның бойында өзінің өмірлік міндет-максатын сезінуге және оны абыроймен орындап шығуға деген талап ерте оянды. Басқа сөзбен айтқанда, заңғар Талант пісіп-жетіліп, үлкен Тұлға өсіп-толысып келе жатты. Талант пен Тұлға Ғабиттің бойына таң шуағының күні бойы дүниені нұрға бөлеп келіп, кешкі шапаққа астасуындай керемет үйлесуші еді. Қазір біз Ғабит Мүсіреповтің өз тәжірибесінен-ақ жақсы білеміз: бұл кез келген адамның қолынан келе бермейді және кез келгеннің пешенесіне де жазыла бермейді. Ал бізге бүгін басқасы да белгілі, біздің Ғабиттің бірде-бір күні, бірде-бір жылы бос өткен емес, тіпті шолақ белсенділер оны шығармашылық және қоғамдық жұмыстан қудалауға тырысқан тұста да оның республика өмірінен, бүкіл елдің өмірінен сырт қалған кезеңі болған емес. Өз заманынан озық туған үлкен суреткердің басынан мұндай жағдай сирек өткен. Дегенмен, ізгі сезімдерді оятушы Талант пен Тұлға кейде, тіпті, тағдырдың жазмышынан жеріне жете алмай жолы қиылып жатса да сан ұрпақтардың миы мен жүрегінде орнап қалған.

Осыған ұқсас жайлар қозғалған кезде Ғабит өзіне тән қуақы мысқылымен мырс ете түсіп:

– Мен өйте қоймаспын. Мен ұзақ өмір сүретіндердің

санатынанмын. Лев Толстой... Бернард Шоу, бәріміз әдебиеттің қара наны қара сөзбен, одан да дәмдірек – драматургиямен қанағаттанамыз. Мұнда ойыңа алғаныңды бір сағатта айтып тауысып тастай алмайсың, – деген еді.

Бұл сөзімен ол поэзияның мықтылығына шәк келтірейін деген ойдан аулақ еді. Оның жан-дүниесінің өзі поэзияға толы болатын, ауыз әдебиетінің кәусарлары – батырлар жыры, ғашықтық қисса-дастандар оның шығармашылығын суарып, эстетикасы мен көркем ой жүйесінің қалыптасуына көп әсер етті. Мұның жарқылдаған ұшқындарын біз Ғабиттің пьесаларынан, беллетристикалық туындыларындағы шебер қолдан шыққан әйелдер образынан (Ұлпан қандай?) көреміз. Ал осының құпиясы басқада. Қашан да, біздің Ғабиттің ойы түпсіз терең де, қат-қабат. Оның жұмбақ тартымдылығы да осыдан. Оның айтып, жазып кеткен ойларына қайта-қайта ден қойған сайын өзіңмен әуендес, әсем жаңа бір әлемді ашқандай боласың. Оның ойларының астарлы мәні жаныңды байытып, қанаттандырады. Қозғалысқа, ізденіске шақырады. Нағыз талант табиғатпен туыстас: екеуі де дүниеге туынды береді. Ал біз оны тауып, жұртқа танытамыз. Айта кетер бір жай, табу мен таныту да – қабілет, тек осыны дамытып, тәрбиелей білу керек. Ғабиттің өзі бұл қасиетті ең жоғары дәрежесінде игерген болатын.

Ой-санасының әзілге жақындығы Ғабиттің жүрегіне дем беріп отырған. Атақ-даңқы жер жарып, аспанға өрлеген жылдарда, асыра сілтеу мен аласапыран кездерінде де ақыл-парасаты оны тоғышарлықтың тозғын торынан қорғап қалды. Ол бұл сындарға төзе біліп қана қойған жоқ, жазып, күресіп, өз биігінде қала да білді. Белгілі прозашы Елизар Мальцев: «Жазушыларды «Социализм идеяларына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын тұрмыс күйбеңдеріне ұзақ уақыт, үздіксіз, аяусыз теліп келді. Бізді өтірік, көпірме сөзбен әбден тұншықтырғаны сондай, бүгін біз әр нәрседен бостан-боска сақтанатын болдық!» деп атап көрсеткен кезеңде де Ғабит өз болмысынан айнымады. Өз басына қауіп төнген тұстарда да әліптің артын бағып бұғып қалмады. Оның ерлігі әділетсіздіктен туған қысастықтан шыңдалды. Сөз жақсылық пен жамандыққа, шындық пен өтірікке тірелген жерде жоқтан өзгеден сақтана қалу оның мінезінде жоқ болатын. Мұндай жағдайларда оның отты қаламынан ашу-ызаға толы әшкерелегіш жолдар төгілетін. Осы орайда «Шұғыла», «Желке неге қышиды» сияқты туындыларын еске алсақ та жеткілікті.

Алпысыншы жылдардың басында шыдамды «ГАЗикпен»

туған даланың бір шеті мен екінші шетіне шапқылап жүргенде, біз кейбір жердегі басшылардың мал өнімдерін (әсіресе, май) дайындап, мемлекетке өткізу жоспарларын қалай орындайтынына куә болдық. Олар қажетті өнімдерді қала магазиндерінен сатып алып, Үкіметке өткізумен жоспар орындап, озаттар қатарына шығады екен. Ғабит осы тақырыпқа келеңсіздіктің түп тамырын тауып, қолдан келсе қопарып жұлып алуға көмектесерліктей маңызды, тыңғылықты очерк жазуды ұсынды. Оның бос даурықпамен даңғазаға төзбейтінін бәріміз де білетінбіз. Қандай іске болмасын ол асқан жауапкершілікпен қарап, түбегейлі тындыратын.

Оның ұсынысына «Мұндай очеркті жазып қажеті қанша? Бәрібір баспайды ғой», – дедім мен. Сонда Ғабит: «Егер саған салсақ, біз, жазушылар, халықтың ар-ұяты емес, бастықтардың астындағы көпшігі болып шықтық қой!» – деп тастады. Осы жерде ол сөз өнерінің жұрт алдындағы қадір-қасиеті мен міндетін еске салып өтті.

Ол болашаққа сенетін, сондықтан да кемшіліктерге кешірімсіз еді. Әсіресе, сөз бен істің сәйкес келмей жатқанын байқап қалса қатты азапқа түсетін.

Өз халқын сүю деген – әр адамның туа бітті асыл сезімі. Алайда ол қазақтың ұлттық мінезінен мін іздеушіліктің титтей нышанына да төзбейтін. Әсіресе мұны өз жерлестерінің бойынан байқап қалса, үлкен болсын, кіші болсын айтып, тыйып тастайтын. Мына бір оқиға есімде. Екеуіміз бірде Алматыдағы Карл Маркс пен Комсомол көшелерінің қиылысындағы азық-түлік дүкеніне келдік. Кірсек, барынша малынып киінген, үлкендігі шарадай көлеңкелі көзәйнек таққан бір сылқым сатушы егде тұтынушы әйелге менсінбеген мәнермен ысқырынып тұр екен: «Соқырмысың? Жазулы тұрған жоқ па «қаймақ» деп!» деп тебінеді. Ал әлгі әйелдің «неге бүйтесің?» деген бәсең ескертуіне сатушы бикеш: «Немене, мен сенімен сүйісуім керек пе?» – деп дүрсе қоя берді. Осы кездегі Ғабиттің түрін көрсең!.. «әй, сен қызылшақа Қыз Жібек!» деп даусы саңқ ете қалды. Одан әрі не болғанын айтпай-ақ сезінуге болар... Дүкеннен ұзап, ашуы сабасына түскен соң ол: «Бұл жерде әлгі қыздың кімнің сүтін емгенін сұрап қажеті жоқ. Мен кінәлімін, сенің де кінәң бар: ол қыз өзінің ана тілін білмейтін меңіреу» – деді.

Ғабит екеуіміз тыңның алғашқы қыртыстары қопарылып жатқан кезде оның туған жеріне барып, Қызылжар даласында болдық. Көптеген тыңгерлердің ішінен бір қызық жігітті жолықтырдық. Шикілсары. Еңбеккор. Қалжыңбас.

Фамилиясы – Пугачев. Украинның әзіл-қалжыңға өткір, әуезді, келісті «мовасын» жосылтқанда аузыңды ашып қаласың. Ғабит жігіттің фамилиясы орысша болғанымен украиншаны өз ана тіліндей білетіндігіне таңыркап еді, жігіт өзінің орыс екенін мойындады. Ата-бабасы да, өзі де Украинада туып-өскендіктен, олардың семьясы орыс тілін ұмытқалы қашан... Ғабит бұл жерде де төзіп тұра алмады. Өзіннің туған тілінді (мейлі, ол орыс, қазақ, украин тілі болсын) ұмыту – өзіннің тарихи, рухани тамырынды шабу, яғни өзінді құл сезіну деген сөз. Бұл – әлемдегі бүкіл тілдің кез-келгеніне саңыраулық пен самарқаулық танытқанмен бірдей көргенсіздік деп карады ол.

Осы жайттарды еске түсіре отырып, егер де Алматыдағы өзіміз болған декабрьдің қолайсыз оқиғаларын көзі тірі болып көрген болса, Ғабит қайтер еді деп еріксіз ойлаймын. Жауабын Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің XVI съезінде айтылған сөздерден табамын. Бұл сөздер өз ұлтының ішінде тәрбиеленіп, өмір сүретін әрбір адамның бойында адамдық, таптық-әлеуметтік немесе интернационалдық қырларынан басқа тіл, мәдениет, сана, мінез-құлықтан көрінетін этникалық, ұлттық-болмыстық өзіндік сипаттар да болатыны туралы. Менмендік, дандайсу, ұлттық өзімшілдіктен нағыз ұлттық ерекшеліктердің ауылы алыс. Ұлттық құрам біздің жағдайымызда өздігінен артықшылық та, ұлттардың бір-біріне қысымшылық жасауына сылтау да бола алмайды және болуға тиіс емес. Біздің Ғабит «артықшылықты» да, «сылтауды» да жақтырмайтын. Ол қайнаған өмірге Ұлы Октябрьдің шақыруымен араласып, ақырына дейін социализм идеяларына адал болып қалды. Оның «Оянған өлкесі» қазақтың ұлттық жұмысшы табының тууы мен қалыптасуының, әрі дүниені жаңартушы совет жаңалығының үлгісі мен символына айналды. Ғабит өзінің сексен бесінде де бізбен бір сапта. Уақыт қандай жүйрік болғанымен біздің Зергердің алдында дәрменсіз. Хас шебердің вахтасын кейінгі жас толқындар жалғастыруда. Ол – әрқашанда бізге Замандас. Ұстаз. Күрескер.

Сафуан ШАЙМЕРДЕНОВ,
Қазақстанның халық жазушысы

Көңілдің кейбір пернелері

Бір жолы өнержайдың есік көзіндегі сәкіде отырған Ғабит Мүсірепов әзілінің тиегі мен болдым.

– Біздің Сафуаннан аңшылық өтпеген. Есіктерін шалқайта ашып тастап ЗИМ машинасымен қоян куады, – деді жымия күліп.

Жұрт құлағы еленеп қалды: иә, ал қалай куады? Міне қызық?!

Бұл – бір мың тоғыз жүз елу үшінші жылдың тамыз айының бас кезінде Қарағанды мен Ақмола арасында түнде болған оқиға еді. Машинаның ЗИМ екені де рас. Жаңа ғана сатып алған, қызығы әлі басылмаған Мүсірепов ЗИМ-і. Алдымызда менің қайын жұртым – Нұра ауданындағы Шілік колхозы. Мақсатымыз – жетіп қону. Даланың даңғыл жолымен ызғытып келеміз. Кенет машина жарығына бір қоянның тап бола кеткені. Шофер тоқтай қалды. Ғабең қаптамасынан мылтығын суырды да сыртқа шықты. Куатты жарықпен көз алдының бәрі шелей болып кеткен қоян он бес-жиырма қадам жерде бүгіжеңдеп айнала береді. Мылтық гүрс етті. Шошыған қоян қарғып қалып, қараңғылыққа сүңгіді де зымырай жөнелді. Ғабит ізіне түсті. Шофер машина жарығын солай қарай бұрды. Құлағы секеңдеп кетіп бара жатқан қоянды аңшы тағы атып, тағы мүлт жіберді. Бірақ соңынан қалар емес. Ет қызуымен біз де ілгері жылжи беріппіз. Машинаның ашық қалған есігін жабуды ұмытқанбыз ғой. Бүлінген ештеңе жоқ. Сөйтсе де таз ашуын тырнадан алады дегендей, «есікті неге жаппайсыңдар» деп жол басшымыздың кейіңкіреп қалғаны рас еді.

Бұл – сол сапардағы әңгіменің ұшығы ғана. Осы орайда мынадай бір қызық мысал келтіргім келіп отыр: әкемнің немере ағасы Рамазан шаруаға ұстам, тыңғылықты, есті кісі еді. Атамыздың жалғыз кемшілігі – ұсақ-түйекке де қатты мән беріп, көбірек сөйлейтіндігі. Сол мінін өзі де жақсы білетін де, кейде жұрт құлақ салмай қояды деп оқиғаның тоқ етерін ғана айтып тоқтай қалатын-ды. Әрине, мұндайда тыңдаушылар еленеп, аузының суы құрымай ма.

– Иә, сосын?

Ондайда Рақаң:

– Асықпасаңдар әңгімені басынан бастайыншы, – деп ұзын-сонар жайларды баяндай жөнелер еді.

Рамазан атама тартып мен де бұл әңгімені басынан қайта бастағым келіп отыр.

Бір мың тоғыз жүз елу үшінші жылдың шілде айының аяқ кезінде Мүсірепов ЗИМ машинасын алды да, үлкен жоспар құрды: кең жатқан қазақ сахарасын аралап, Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Қызылжар арқылы туған ауылы – Жаңажолға бармақшы. Лепті де қызғылықты осы сапарға Ғабең мені шақырды. Әрине, бұл ұсынысты қуана қарсы алдым. Атақты жазушының қасында жүріп өнегесін үйренуден, тағылымын алудан артық жазушыға қандай бақыт керек?

Кез келгеннің бәрін төңірегіне үйір ете бермейтін паң да кірпияз ағамыздың көңіл құрығы маған бекер түспесе керек-ті. Мүсірепов менің жазушылық бетімді ашқан кісі. Дәл сол күндері баспада теріліп жатқан, мен мына сапардан қайтып оралғанша кітап магазиндеріне түсіп те қалуға тиісті «Болашаққа жол» романының сиясы да кеппеген алғашқы тарауларын Қарағандыға келіп «Оянған өлкені» жазып жүрген кезінде уақыт бөліп мән бере оқып, көпшілік көңілін аударған, ресми орындарды хабардар еткен сол кісінің өзі. Оның үстіне туған ауылымыздың аралары да жақын. «Сәбит екеуміздің артымыздан ерген прозашы балаларың бар», – деп таныстыра жүрсе, кім жек көрмекші? Әрине, бұл менің өз жорамалым. Мәселенің турасына көшсек, Ғабитке ондай қошеметтің керегі жоқ. Айналып келгенде даңқты жазушының қасында жүру – менің мәртебем. Қалай десеңіз де, қазақ әдебиетінің алғашқы буын өкілі мен араларында кере қар жиырма жыл жатқан кейінгі буын өкілінің қарым-қатынасында шығармашылық жарасты байланыс туғаны рас. Бұл байланысты «Оянған өлке» романы нығайта түскен секілді. Ғабең мені кішісінбей, қомсынбай жазып жатқан кітабының көп жайларын айтатын. Кейде осы қалай-ау, деген жерлеріне пікірімді білгісі келіп тұратынында байқайтынмын. Есімде қалған бір мәселе – романның аты туралы талас. Мүсірепов жазып жатқан шығармасының басқы тарауларын «Әдебиет және искусство» журналына «Қарағанды» романы деп жариялаған болатын. Әрине, Қарағанды туралы кітап жазсаң, бұдан артық қандай ат қоймаксың? Бірақ бұл жердегі кілтипан – бұдан басқада, әрі бұрынырақ жазылып, жарық көрген Қарағанды атты романның барлығында. Ол кітап Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романы.

Осы жайлы романның барлығын біле тұра Ғабит Мүсірепов өз романын неліктен «Қарағанды» деп атады? Мен, әрине ол тұста аты әлі Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов дәрежесіне көтеріле қоймаған Ғабиденге көрсетілген қыр еді деп айта алмаймын. Сөйтсе де өз бойындағы талант-қабілетке

кәміл сенген жазушының көңіл түкпірінде «Қарағанды туралы романды былай да жазуға болады» деген бәсекежарыс жатпады деу де қиын. Қалай десеңіз де фамилиялары бір әріптен басталып, есімдері тіпті ұқсас келетіндіктен оқырман қауымның аңқаулау тобы онсыз да бірін-біріне шатастырып ала беретін екі үлкен қазақ жазушысының енді аттас романдарының шығуы жағдайды мүлде қиындатып жібергені. Бұрын – үлкен Ғабең, кіші Ғабең, – деуші едік. Енді сол анықтамаларға үстемелеп: үлкен Қарағанды романы, кіші Қарағанды, – дейтінді шығардық. Сол себепті Мүсіреповке романның атын басқаша қоюды ұсындық. Ғабит қарсы болған жоқ. Ал сонда не деп атау керек? Авторды да, автордың жас достары – біздерді де қинаған сауал осы болды. Жазушы кітабын «Оянған жер» дегісі келді. Оянғанын теріс көрмедік. Бірақ жері – ұнамады. Романның өн бойынан сезіліп отыратын лепті кеңдік, әдемілік пен көркемдік жоқ. Аясы тар, ауқымы шағын ұғым. Осындай қиналыспен Ғабит Москваға ұшты. Бізден ойлана жүруді, қолайлы ат табыла қалса, хабарлауды өтінді. Жазушы өтінішін жұрттан бұрын мен орындадым ғой деймін. Жерден гөрі – өлке – әлдеқайда ауқымды, әлдеқайда көркем емес пе?! Менің ұсынысым қабыл болды. Суретшіге заказ бергісі келіп тықыршып отырған баспаға Москвадан: ««Оянған өлке». – Құптаймын», – деген телеграмма келді.

Біз сапарға шығар шамада Мүсірепов екеуміздің арамызда, міне осы секілді шығармашылық байланыс қалыптаса бастаған еді.

Сөйтіп ол кісі ұсыныс жасады. Мен қуана қарсы алдым.

Қазақ даласын аралайтын шағын «экспедицияда» бес адамбыз. Командир Ғабит Мүсірепов. Қасында шофері. Артта командирдің немере інісі Әбділдә, Мұқанов Сәбиттің ортаншы баласы Марат және мен.

Біз Алматыдан екінші тамыз күні аттандық. Дәл сол жерде тоқтала кетер жай бар: бұл – Мұхтар Әуезовке, оны «Абай» романына жауыққан арнайы марксизм жандайшаптарының үстемдік құрып, масайрап тұрған кезі болатын. «Абай» романын сынамайтын, Мұхтарды қараламайтын газет-журнал жоқ. Толассыз ағылып жатқан мақалалар тасқыны. Осы жөнсіздікке тосқауыл қойылмақ па, әлде ұлы шығарма мүлде мансұқ етілмек пе, қайтсе де бір тоқтамға келу мақсатымен тамыздың бесі күніне қалалық үлкен жиын шақырылып қойылған-ды. Біз соған қарамай кетіп бара жатырмыз. Әрине, мен емес, күнді тағайындаған жолбасшымыздың өзі. Менің көңілімде күдік ғана. – Алда тұрған үлкен жиынды, «Абай» романының тағдыры шешілер жиынды өткізіп

барып неге жүрмейміз? – Өтірік айтып несіне көлгірсиін, мен бұл сұрақты Мүсіреповке қоя алған жоқпын. Күдік деп отырғаным да содан. Бірақ менің көңілімде осындай күдік барын нені болсын әртіннен ойлағыш Ғабит сезген болса керек. Балқаш көлінің жағасында демалып отырған кезімізде:

– Ерте шығып кеткеніміз қандай жақсы болды. Енді бір үш-төрт күнге кешіксек қара жаңбырға ұрынатын едік. Дым бүріксе де мый-батпақ, қорыққа айналып кетер мына шақатты сортаңнан шығып көр содан кейін.

Ғабең сөзінде жан бар. Өйткені, тамыздың екінші жартысынан бастап, біз бет алып келе жатқан өлкенің ашық күні кем де кем болатынын жақсы білем.

Бірақ білмейтіндерім де тым көп екен. Мәселен, мен аманда талантына табынып, кісілігіне ден қойып жүретін, сөзге сараң, қимылға сараң, не айтса да қабағын құс қанатындай кере қимылдатып ойлана айтатын, ішімдегіні тап деп сыздамаса да, ойындағысын айттырмай орындағанды жақсы көретініне кейінірек көзім жеткен осы үлкен кісінің мінезін біле бермеймін. Сол білмейтін мінездің бір қырын Мүсірепов бізге аттанар сәтте танытып тастағаны. Шығарып салуға келіп тұрған Сәбит:

– Ал Ғабит, ұзақ жолға кетіп барасың, үйіне бас сұқпаймыз ба? Жолаяқ жаса, – деген.

– Өй, сенің ойының қалмайды екен жоқ жерде... Есіл-дертің ішіп-жеу, – деп ағамыз тік кетті.

Сәбит не күйде болды, білмеймін. Қараптан қарап тұрып мен қысылғаным. Себебі, жүреміз деген уақыттан бір сағат кешігіп келдім. Сөйтсем, кешіккен жалғыз мен емес екенмін. Таңғы сағат төрт жарымда машинаны қыздырып баптаймын деген шофер жігіттің өзі де бес жарымда келген. Қалай болса да, командор ренжіген соң, машина ішіндегі ауа райы да тарылып кетті. Бәріміз де үнсізбіз. Ұзынағаштан асырып асфальт біткен жерге дейін шығарып салған Сәбит пен Мәриям жеңгеміз де көңілсіз қоштасты. Мен тегі үлкен кісілерді аты неғұрлым зор болса, мінезі солғұрлым кең болуға тиісті деп түсінетін иіс алмас аңқаудың өзі болсам керек; кең машинаның ішін тарылтып, алда үнсіз отырған ағамыздың мына қылығына таңмын. Қалай ойласам да ақылым жетпейді. Даланың жолы соншалықты ұзақ әрі сондай өнімсіз. Кез келген төмпешік пен қазан-шұңқырлар онсыз да бауырын жаза алмай келе жатқан жақсы есік пен төрдей қара ЗИМ-нің тізгінін тартып, шаужайынан алып келеді. Алда сапарлас жолаушылар үшін бірге атырар таң

да, бірге батырар күн де көп. Бұлай бола берсе, не етпек керек? Бұл қиналыстан көп кешікпей Ғабеңнің өзі шығарды. Түс ауа бір жерге келіп демалдық. Қонаққа шақыра қалсаң, қашанда әр тамағына сығалай қарап барып, тазалығына көзі жеткен соң ғана шанышқыны қолына алатын кісіңіз бұл жолы тамақты қолымен жей бастады.

– Ғабе, мында шанышқы бар, – деймін үйден әдейі алып шыққан шанышқылардың бірін ұсынып.

Ғабит жымия күліп қолын сермеді.

– Мен далада шанышқы ұстап көрген жан емен.

– Неге?

– Адам далада атам заманғы тағылық қалпына қайтып оралар болса керек. Әйтеуір қолмен жегенді ұнатамын.

Әңгіме түзелейін деді.

... – Кеше өмірде татпаған арақты іштім. Не нәрсе екен, білерсің. Үйімде осындай қонақтар болды. Осындай арақ ішті деп жолдастарыма көрсетейін. Босаған шишасын алып қаларсың деп...

Үй қожасы бұрын-соңды аузына алып көрмеген двин коньягінің өзін дәметті ме, жоқ па, ойлап жатпадым, әйелді далаға ерте шықтым да қоржыннан ашылмаған двинді суырып қолына ұстата бердім.

– Үлкен кісіден қожаңызға деген сәлемдеме бұл. Кешке жұмыстан оралған соң жолдастарымен бірге отырып ішетін болсын.

Әйел алмаймын деп қиқаңдап еді, қоймадым. Сол жайды Ғабең байқап қалса керек, былай шыққан соң осы сапарда бірінші рет артына бұрылды:

– Сафуан, сенің двинің таусылмайды екен.

Кешелі бері меніңептеп етім үйрене бастаған секілді. Ойыма келіп қалған сөзді ірікпедім.

– Мынадай машинада сіз секілді ағаның қасында жүріп, Әбділдә екеуміз Жамбылдың сасық арағын ішсек, ұят болатын шығар, Ғабе.

Мүсірепов рақаттана күлді.

Осы сәттен бастап менің туған ауылым Амангелді колхозына жеткенге дейінгі алты күннің ішінде Ғабит маған алты тиын шығарттырмады. Тамақтанған, қонған жерлерде қалтамнан ақша суыра бастасам, маған қоя тұр дегендей белгі жасайды да, асықпай, саспай баппен отырып өзі есептеседі.

– Ғабе, есепті мен-ақ айырысамын ғой.

– Сен бай адамсың. Сол себепті кейінірек шығынның молдау тұсына салсам ба деп тұрмын, – дейді сәл жымиып.

Сөйтіп, біз жетінші күн дегенде бесін әлетінде менің туған

ауылыма келіп ат басын тіредік. Жаңажол колхозы бұл жерден қырық-ақ шақырым. Сөйтсе де жолдағы келісім бойынша, Ғабең біздің үйге аялдайды. Не кештетіп түнде жүріп кетеді. Немесе ертемен аттанады. Қайтсе де Шаймерден ақсақалдың бір малын жейтін болады. Шынын айтсам, ол кездегі біздің үй сондай қоңыр еді. Етімнің тірілігімен университетте оқып жүріп-ақ ағаш үй қидырттырғанымен хал-тұрмысымыз тіпті жұпыны. Қала тұрмысына үйренген адамға үйіміздің іші-сырты да барынша олқы, қораш. Бір жақсысы, әкемнің сойыстық малы бар екен. Ғабиттің өзі баласын ертіп келген соң құрақ ұшып жатыр. Бірақ жолбасшымыз салқындап қалған секілді. Бірер шашке шайдан кейін ұсыныс жасады:

– Ерте күнді кеш қылмайық, Сафуан. Менің ауылым да кіріп-шығып жол қарап отырған шығар. Бір жетіден кейін саған қайтып соғамыз ғой. Шәкеңнің малын сонда жейік. Рұқсат бер.

Үй-ішіміз болып біз бұл ұсынысты жөн көрдік. Ғабит аттанып кетті. Мен үйімде қалдым. Осыдан кейін жолбасшымды жеті күн емес, табаны күректей он күн күтейін. Ұшты-күйлі хабарсыз кетті. Ақыры шыдай алмай, Жаңажолға бардым... Мүсіреповтің аттанып кеткеніне үш күн болған...

Әдебиетке келуіме тікелей себін тигізіп, тұсауымды кескен алғашқы романымды жұрттың бәрінен бұрын оқып, көмек көрсеткен талғампаз ұстаздың ойлаған жерінен шыға алмадым-ау, жақсы жолсерігі бола алмадым-ау тегі деген көңілсіз тоқтамға келіп, Алматыға самолетпен оралдым.

Жердің шалғайы-ай!

Ғабит Мүсірепов әңгіме айтып отыр:

– Шығыс елдерін аралаған бір сапарда Тайландтың президенті генерал Лон Нол совет делегациясын қонаққа шақырды. Шақырысы тіпті қызық: менің резиденциямда ішімдік деген болмайды. Егер бірер шиша бірдеңелеріңіз болып, ала келем десеңіздер, қарсылық жоқ.

Біз, сөйтіп, қонаққа құралақан бармадық. Жанқалтамызға президент айтқан «бірдемелерді» сала бардық. Лон Нол жұбайы екеуі ілтипатпен қарсы алды. Дайындығы да жақсы. Дастарқанында жоқ емес нәрсе жоқ. Ал шын бірдемесін біз толтырдық. Генерал өзі ішпейді екен. Онысын барған бетте-ақ ескерткен-ді. Барған бетте демекші, барған бетте президенттің айтқандары бірталай. Соның бір парасы өз әйелі туралы:

– Менің жұбайым бұрын пәлен деген генералдың әйелі еді. Мен сол генералдан мықтырақ шықтым да тартып алдым, – деді ол.

Әйелінің жымия күлісіне қарағанда, бұл елдегі ұғым

бойынша мықтының әйелін тартып ала алсаң, одан асқан абырой жоқ болса керек. Сырт естуімізше, Лон Нолдың мемлекет басына келуінің бір себебі осы оқиғада жатса керек.

Сөйтіп, Лон Нол біз апарған арақтан татып алмады. Оның есесіне әйелі тартынған жоқ. Кәдімгі өзіміздің әйелдерше кетті. Және бір қызығы, ол ішкен сайын генералдың жаны кіріп, кол соғып, рақаттана күліп отырды. Ал ханша болса, барған сайын бал-бұл жанып, ашылып кетті. Негізінде сұлу да, ақылды әйел екені көрініп-ақ тұрды, – деп Ғабит ақсақал әңгімесінің соңында жымия күліп қойды.

Осы жерде әзілі жарасқан ағамызды қағытып қалуға тура келді:

– Әрі ақылды, әрі сұлу болса, қазақта Лон Нолдан да мықты адамның барын танытып, тартып алып келмедіңіз бе?!

Інілер әзілін көтере алмай шамданып қалар ма деген Ғабең сылқылдай күлді:

– Алып-ақ келетін едім, әттең жер шалғай болды... Тауып айтылған жауапқа бәріміз де мәз болыстық.

Мүсіреповтің аңшылығы

Тобымызды тұтас алғанда біз көп әкетіп, аз әкелетін аңшылар қатарына қосыламыз. Әкету – үйден, әкелу – түзден. Бұл тұтас алғандағы жайымыз. Жекелеп алғанда бірлі-жарымды көп әкетсе де, көп әкелетіндеріміз де бар. Бірақ аз кетіп, көп әкелетініміз жоқ.

Ғабит Мүсірепов

«Достар қалжыңы» әңгімесінен.

Бір күні әлде бір шаруам болып үлкен сәскеде Мүсіреповтің үйіне бардым. Әманда бір мінезден айнымайтын, қылтыңсылтыңы жоқ Құсни жеңгеміз келіп есік ашты.

– Ғабең үйде ме?

– Кабинетінде. Әлі тұрған жоқ.

– Талтүс болды ғой, жай жатыр ма?

– Үш күн жүріп таң ата аңнан келді.

Мен жазушы кабинетіне кірдім. Ғабең өзінің атам заманғы жамбас серігі – кушеткасында қалың салынған төсекте жатыр екен. Мен кірген соң көзін ашты.

– Мұхтар, Қалыбек бар, адам аяғы баспаған бір қалыңға кіріп кетіп, үш күн демалдық. Құсты да жосылтып түсірдік. Мұхтар он үйрек, Қалыбек тоғыз үйрек атты. Ал мен болсам, үш күннің ішінде жиырма сегіз үйректі жайратқаным. Асып жегенді, кездескенге байлағанды санамағанда сол олжаның он сегізі үйге келді, – деді Ғабит сондай бір ырзалықпен.

– О, қанжығаңыз майланған екен ғой.

– Сұрама тіпті. Айта жүрерліктей сәті түскен жорық болды.

Осы кезде кабинетке Құсни жеңгеміз кірді.

– Әлі жатырсың ба? Үш күн жүріп әкелген ана жалғыз қасқалдағынды қуырып қойдым. Тұр да, Сафуан екеуің жеңдер, деді.

Құсни шығып кеткен соң, Ғабең төсектен ыңырана асықпай тұрып:

– Аңшы атаулының аздаған қоспасы да болады осындай, – деп езу тартты.

– Аздағаны мынадай болса, көптегені қандай екен?!

Аңшымыз сылқылдай күліп қолтығымнан алды да, ас ішетін бөлмеге қарай икемдеді.

Қанжығасы қатты адам

Қазақ сөз өнерінің айтулы шебері, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсірепов алдағы жылы 90 жасқа толады. Ақырет сапар шеккеніне алты жыл өткен аяулы нұрлы бейнесі көзден кетсе де көңілден кетер емес. Онсыз да күрделі тағдыры уақыт өткен сайын жұмбақтанып, тылсымданып бара жатқандай.

Бүгін біз жазушы, қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сафуан Шаймерденовпен ақын Абзал Бөкеннің сұхбатын жариялай отырып, Ғабең өмірінің кейбір қырларын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Абзал Бөкен: Сафуан аға, алыптардың алыстаған сайын анық көрінетінін айтып жүрміз ғой. Меніңше, ірілердің ірілігі өзі тектес тегеурінділермен қатар қойғанда тіпті тұлғалана түсетін секілді. Бұлай дейтініміз, Ғабең тізбесін жасаған «алыптар тобынан» кейін де талай кемеңгер ойдың кермиығын тірілтіп (Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, т.б.), тұғырына қондырдық. Қапы кеткен қыранның орнын басқан қайсыбір жапалақтар жалтаңдап-ақ қалды. Әдебиет айдынында ондаған жыл бойы «еркін жүзген» қайықшылар кемешілерге орын босата бастады.

Бірақ мұның Мүсіреповке қатысы болған жоқ. Тәңір жазған орнынан тапжылмаған ол алыс сапардан арып-ашып оралған рухани ағаларын атажұртта иықтас іні, үзеңгілес жолдас қалпында қарсы алып, мәңгілік ғұмыр керуеніне бұйдасын берік ұстатқан тәрізді. Алайда, арамыздан кеткеніне алты жыл толғалы отырған асыл аға жөнінде аялы сөз алғы күндердің еншісінде қалғандай. Өйткені, Ғабең тағдыры ерекше күрделі құбылыс. Бір қарағанда арманы жоқтай көрінетін ақылманның «Арызым айтсам өтер ме?»

деп (Махамбет) дағдарған кезі де жоқ емес. Қалай болғанда да, қалам ұстаған қазақтың жұлдыз таққан әзірше жалғыз жампозын жолы болғыштардың қатарына қоса алмас едік.

Сафуан Шаймерденов: Ғабең ұзақ та мағыналы тірлік кешкен жан. Ұзақ дегенге сексеннен асқан жасын ғана емес, уақыт өкіміне бағынбас өмірлі шығармаларын да меңзейміз. Оның есімі көзі тірісінде-ақ жел жағынан жүруге болмайтын есімге айналды. Құдай берген кірпияз мінезіне болмысы бекзат шығармалары қосылған соң пайғамбар болмай қайтесің? Туған жұртының тағдыры тығырыққа тірелген тағдырлы тұста «еркек тоқты құрбандық» деп басын бәйгеге тіккен тәуекел жүрегі және бар.

Біреу атан түйе беріп тіркей алмай жүрген айшықты анықтауыштарға оның фамилиясы дәнекер еместі. Ұлы Толстойға академик дегенді жалғағаннан келіп-кетер ештеңе жоғы секілді Ғабең есімді де артық ештеңені қажет етпейтін. Зейнолла Қабдоловтың: «Ғабит Мүсіреповті мақтамайық, Ғабит Мүсіреповпен мақтануымыз керек» деп тауып айтуы да содан. Суреткер үшін бұдан өткен бақыт бар ма?

А.Б.: Оныңыз рас. Бірақ бақыт дегеніңіз кейде шартты ұғым емес пе?

С.Ш.: Әрине, Ғабеңдей бірегей бітім иесін жалғыз сөздің қауызына сыйғызу қиын. «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» деп әулие Абай айтқандай, Мүсіреповті мұнсыз десек, мүлт кеткен болар едік. Мықтылардың қай-қайсысы секілді бұл кісінің де мұң мен музасы қоңсы қонып отырған ғой. Анда-санда емес, ат жалын тартып мінгеннен солай. Асылы, алысты көздегендер мұнартқан мақсат тауына жетер жолда кезіккен пенделік кедергілер мен отбасының күбір-сыбырын ұсақ-түйекке балағыш келеді емес пе? Ғабең де нар жүрегіне осындай жүктер артып, өмірдің майда майдандарынан мұзарт-мұраттардың майып болатынын аңғармаған алып. Тұжыра айтқанда, бертінге аман іліккен ірілер арасында Әуезовтен кейінгі тағдыры күрделісі Мүсірепов дер едім.

А.Б.: Мұндайды тарата айтқан жөн болар еді.

С.Ш.: Бұл үшін жазушының өмір сорабын түгел қамтымасақ та, негізгі тұстарын көктей өтуге тура келеді. Оның әдебиетке келуі де қызық. Енді болмағанда басқа кәсіптің жалына бекем жармасайын деп тұрғанда тағдыр тізгінін күрт бұрады. Күрт бұрғанымен күрп ете қалса, қане? Өз айтуынша, алғашында: «Осы кім, қайдан келген өзі?» дегенді де естіпті. Бірақ, Мүсіреповтің сиқырлы қаламынан туындаған бірегей дүниелер көп ұзамай-ақ қазақ көркем сөз сарайының кем-кетігімен лезде қиюласып кетті.

Кейде ұлтымыздың уыздай ұйыған зиялыларының опыр-топырын шығарған «отыз жетіден» аман өткен Сәбит пен Ғабитте арман жоқ деп жатамыз. Ұшқары тұжырым. Халқымыз бастан кешкен сүргін атаулы Ғабитті айналып өтті десек, қатты қателесеміз. Керек десеңіз, ол «тұзының жеңілдігімен» өмір бойы қуғында өткен жан ғой. Ақыр-аяғы о дүниелік қонысы да аманат еткен жерінен бұйырмады...

А.Б.: Мәселен?

С.Ш.: Мәселен, әйгілі ашаршылықты-ақ алайық. Сталиннің мақсатты түрде жүргізген сүзеген саясатының мүйізіне «өз еркімен» ілінетіндей дәл сол сәтте Ғабит дастарқаны тарыға қойған жоқ-ты. Бірақ қынадай қырылған қандастарының шашылып қалған сүйегі сауысқанның сақтығын ұстануға мұрша бермеді. Голощекиннің сұрқиялығын, Сталиннің жауыздық, зұлымдығын біле тұра, бес миллион қазақтан шыққан бесеудің бірі болып белгілі хатты жазды. Бұлайша ақ мылтықтың аузына келу – сәтті келешекке кепілдік берер тірлік емес-ті. Жұрт көлеңкесінен қорқып жүргенде 28 жасар жалын жас осындай қарекетке барды.

Әрине, «арымнан жаным, халқымнан қара басым садаға» деген Ғабитті Голощекин мандайынан сипаған жоқ. Оны «айыбын ісімен ақтауы үшін» Қостанай облысына алты айға «жер аударды». Саңылауы бар адамға мұның ақтық ескерту екені белгілі. Бірақ, Голощекиннің «ісімен түзелуге» жіберген адамы барған өңірін күйеден жалап, өлшеусіз қасірет әкелген аштық ахуалын ашына суреттейтін «Шұғыла» атты повесть жазып, «түзелу» орнына «кисая» түскен ғой. Орда бұзар отызға да жетпеген жас жігіттің өмір-тұрмысына бұл оқиға онды әсер етті дей аламыз ба? «Құйрығына қоңырау байлаған» қаламгердің құмайы талай рет қырын жүгіріп, қымыраны талай рет іріді де. Ғабең қиын тағдырдың табалдырығынан осылай аттаған...

Сөйтсе де, «аузы күйген – үрлеп ішедінің» кебін киген ол емес. Күйсе де, не үшін күйетінін өзі білетін. Содан да болар, Қасым ақын айтқандай, үрейлі «отыз жетіде» тағы да «от шайнады». Онда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі болып істейтін. Бұл – кезінде ренжісіп жүрген Сәкеннің өзі арнайы келіп: «Мынау саған аласапыраннан аман шығуыңа қорған болатын орын, мен қарауылға іліккен адаммын, бірақ сен қара басыңның амандығын күйттемей, қатары селдіреп қалған қаламдас бауырларыңа қорған бол. Әдебиетіміздің кендірі кесіліп кетіп жүрмесін» – деп аманат ететін тұсы. Бұл жалғанда дұшпаны жоқ пенде бар ма? Бақай есептің адамына таптырмайтын-ақ қызмет.

Бірақ, мансаптың буына балқып, өңін өзгерту Ғабиттің қолынан келмейді. Оны айтсаңыз, көз алдында жасалып жатқан қиянаттан күйіп кеткен тумысы тұнық тұлға: «Майлин халық жауы болса, мен де жаумын», – деп жолбарыс жүрегінің түгін тағы да тікірейтті. Және бұл анау-мынау емес, бәле-жаласы түтеп тұрған отыз жетінші жылы айтылған сөз ғой. Пендешілікті, пендешілік емес-ау, пасықтықты қойсайшы, осыдан кейін де Ғабеңмен ерлік жарыстырғысы, кісілік салыстырғысы келген біреулер табылыпты-ау. Сонда Мүсіреповтің әлгіндей мәрт мінезін республиканың белді газеті былай «бағалаған».

«...Писатель, коммунист Ғабит Мүсірепов бывший в то время заведующий культпросвет отделом ЦК КП(б) К, бил себя в грудь, заверял тогда партийную группу Правления союза советских писателей Казахстана в том, что он несет полную ответственность соавтора Беймбета Майлина.

Б.Майлин разоблачен как подлый писатель Родины, как один из соучастников национал-фашистской банды» («Каз.-правда», 11.X.1937 год).

Ғабит Сәкен аманатына адалдығын танытты, бірақ оны аяғына дейін жеткізе алмады. Ол үшін халқын сүйген мәрт жүрек иесі ғана емес, мысықтабан саясатшы да болуы керек еді. Алғашқысы қолынан келгенімен, соңғысы қолынан келмеді. Орталық Комитеттегі жылы орнын босатып, партиядан қуылып, соңынан қора-қора сөз ертіп, сол сөздер арқылы қара басының амандығына үрей бұлтын үйіріп, енді не болар екен деген үркек сезіммен өмір сүріп жатты. Біреулерге мұнысы алтын табақтан шоршып түскеніндей көрінді. Бірақ халқың қан жылап жатқанда араша сұрай алмаған басыңның алтын астауда жатқанынан не қайыр?.. Ғабең алтын деп емес, халқым деп туған ер еді. Ел басына күн туған сағатта хан сарайын қалқаламай, жатақ жұрттың жанынан табылғаны да содан.

Мүсіреповтей «екі дүниеде арманы жоқ» жанның қырқыншы жылдарға дейінгі арпалысқа толы жеңген, жеңілген аласапыран ғұмырының желісі осындай болса, бұдан кейін де жағасы жайлау, жаны жаз бола қойған жоқ. Ұлтының шын мәнінде ұлт, халқының халық болуын көксеген, жоғалғанын іздеп, барынан айырылып қалмауға тырысқан қайсар қаламгердің әр қадамынан Кеңес үкіметіне жаулық іздеген иісшілдер аз болмады. Соның бірі – 1944 жылы қазақ киіз үйінің жалпы этнографиялық игілігінің ит мініп, ирек қамшылаған халін жария ету мақсатында жазылған «Желкелер неге қышиды» атты көкейкесті очеркі үшін қуғынға түсуі.

А.Б.: Киіз үйімізден безіп, салт-дәстүрімізден жеріп, домбырамызға дөңайбат мінез көрсетіп, тілімізді талақ етуге талпына бастаған сорманДай кезеңіміздің бастауы ғой ол. Жалпы біздей бейімделгіш халық жер бетінде болды ма екен. Бейімделе-бейімделе кім болып шыққанымызды енді ғана біліп жатырмыз. Осының бір ұшығы қазақтың баққұмар, таққұмарлығында жатыр ма деп ойлаймын. Не жасыратыны бар, мансап үшін қандай жаулыққа да барғанымыз, баратынымыз рас қой. Орыстың жез түймелі қатырма кителі үшін ғана бүтін жұртының мүддесін сатып жіберген қандас тілмәштар, кіші шенді әскерилер мен кеңсе шенеуніктері аз болды деймісіз. Қазақ осы мінезінен бүгін арылды дей аламыз ба? Халқының арындай ардагерлерін сату арқылы «ұшпаққа шыққандар» жетерлік. Ендеше, сүріндірсе Мүсіреповтей маркасқаны, Сейфуллиндей сұңқарды, Майлиндей маңғазды, Жансүгіровтей жүйрікті сүріндір. Майда-шүйдемен мансап биігіне көтеріле алмайсың. Саясаты жылым, оқпаны кең жарылқаушың өз жампозыңды өзіңе жайратқызбай ықыласы түсе қоймайды. Алтын иық, жез мұрттың ұсынар азын-аулақ мансабы тұрғанда Мағжан мен Міржақып кім, Ахмет кім? әйда, айда.

Билікқұмар бауырыңыздың көбі осыны кәсіп еткен ғой.

С.Ш.: Иә, бұл – керуен соңына ерген бұралқы иттей қалмай келе жатқан ғадетіміз. Қарақан басының қамы үшін халқын сатқан «білімді» мәңгүрттерді күні кеше де көрдік емес пе? Бұл – империялық жүйе санамызға әбден сіңірген құлдық мінезіміздің мысалы болса, сондай сатқындықты кезіндегі Ғабитше әшкерелей алатын ерлердің де бар екенін байқадық. Ақын Жұбанның ат басындай жүрегі қай батырдікінен кем?

Халқының қалпы мен салтын жоқтағаны үшін сын найзасына іліккен Ғабекеңе қайта оралайық. Аясында өзі дүниеге келген киіз үйдің шаңырағын ортасына түсірсе, тас үйде туғандардың көңілінен шығатынын жатқа білетін «сұңғылалар» «қазақтығын көксеген» пақырды тұс-тұстан сүзгілеп берді дейсің. Әсіресе, көп сүңгінің ішіндегі көк сүңгі Қ.Есенбаев деген біреудің «Социалистік Қазақстанда» жарияланған «Жазушы Мүсіреповтің зиянды пікірі туралы» атты мақаласы болды. Мұның айтқанына иланса қ, социалистік қоғамға жат пиғылы ұлтшыл Мүсіреповтің көзін жоюға да болады екен.

Немесе елуінші жылдардың бір оқиғасын еске алайық. 1952 жылы Ғабит елу жасқа толды. Қисын бойынша, болашақ Социалистік Еңбек Ерінің мерейтойы қауым боп қаумалап өткізер мереке болуы керек қой. Осыны дәметуге

сол кезге дейін есімі елге мәшhүр болған жазушының да, оның қаламынан туған дүниелерді қағып алып оқитын оқырманның да толық құқығы бар-тын. Амал қанша, қазақ драма театры (қазіргі ұйғыр театры) үйінде өткен қоңырқай жиналыс жетім қыздың тойындай тым жүдеу болды. Баяндамашы Сәбит Мұқанов мұның аз жазатын, саз жазатын кірпияз мәнерін жалқаулыққа балап, шығармаларының сапасын айтпай, санын бетке салық етті. Тіпті қайсыбір сөз орамынан роман-повестерден мая салған қаламдастарыннан үлгі неге алмайсың деген дүдәмал ойлар да қылаңыткандай болды. Дөңгелек тойда ат мініп, сөлкебай тағу салт еді ғой онда. Ғабитке мұндай «батпанқұйрықты» кім беріпті. Оны қойыңыз... Үлкенді-кішілі газет, журналдар аузын да ашпады ғой. Оны айтасың, керек десең елу жасқа толғаны туралы ҚазТАГ-тың бес жол хабары да бұйырмады. Дүниеде жақсының жүрегіне жара, жүзіне әжім түсіруден оңай нәрсе бар ма? Сырттан Ғабеңнің сағын осылай сындырып, тойына жайған дастарканын осылай топалаңға айналдырған күндер де болған...

А.Б.: Сәке, атақты жазушының бұлтарысы көп заманда бұдырлы өмір сүргенін білсек те, мынадай сұмдықты естімеген едік. Ұлы Мұхаңның жөні бір басқа дейік, дәл осы кісінің сүргінге түсетін жөні жоқ еді ғой.

С.Ш.: Ғабит – кесек дарын, кемел мінез иесі. Нар қамыстың ішінде ыңыранған шерінің майда-шүйдеге мойын бұру тұрсын, көз қиығын да салмайтын тәкаппарлығы әдебиетті саудаға салып, сәйгүлігін сар желдіріп жүргендердің шабына шоқ түсірмей ме? Содан жолына қақпан құрып, жолына тор жаюдан басқа не қалды.

А.Б.: Апыр-ай, ә?

С.Ш.: 1966 жылы қазақстан Жазушылар одағын басқарып отырған Ғабең айдың аманында аттан ауып, омақасты да қалды. Қызметінде тамшыдай да күнәсі жоқ адамның тартпасын тіліп, таралғысын кескендер мансаптың марқасқасын қазіргі ақсақалымыз Әди Шәріповке тезірек мінгізуді мақұл көрген екен. Мұндай секірісті өзі де күтпеген Әлдекең: «Жазушы емеспін, жазушыларды қалай басқарам?» – дегенде, билік басындағы кереметіңіз: «Сенің әлгі партизан өмірінен жазған дүниең бар еді ғой, соның еш кемдігі жоқ», – деп қайрат берсе керек. Бұл – қиянат емей немене?

1974 жылы Ғабең Социалистік Еңбек Ері атағын алғанда бөркін аспанға атпаған қазақ қалмаған шығар. ««Жұлдызды» көтеруге омырау керек», – деп Ғафу ақын жырлағандай, ағамыздың алыптығына, алыптығының анықтығына

алақайладық. Бұл үшін тілектес қауымды кінәлауға болмас. Бірақ, бір сәт желпінген көңілдің желкенін түсіріп: Ғабеңді батырлыққа ел болып өзіміз ұсынып, жұлдызды өзіміз қадап жатсақ үйірімен үш тоғыз болар еді ғой. Өкінішке орай, қазақ қара сөзі құлагерінің қамау терін алып, бәйгеге қосқан Ақан – біз емес, КСРО Жазушылар одағындағы орыс ағайындар десек, шындықтан алыс кетпейміз. Бірақ, ол тұста жұмған аузымызды ашпадық. Ашсақ, әлдекімдердің айыбы әшкере болатындай көрдік. Қара шалдың «қақ тұрмайтын жүрегіне» бұл оқиға жара салмады деп ойлайсыз ба?

Жөні келген соң айта кетейін, мен бұл қуанышты хабарды қазіргі Бішкек атанған қаладан қайтып келе жатып, жолда радиодан естідім. Үйге келе салып, телефон шалып Ғабеңді құттықтадым.

– Кеше ғана өзіңізбен кездесіп едім ғой, сонда неге бұл қуанышты хабардан белгі бермедіңіз? – деген өкпені де басып қалдым. Сонда телефондағы маңғаз дауыстан Ғабеңнің жүзіне күлкі жүгіргенін ойша сезінген едім:

– Сен түгілі Үкімет басшыларының өздері де білмей қалыпты. Ниязбековіңіз осы әлгінде ғана келіп құттықтап кетті. Кешіге қойған жоқсың, – деді.

Сексенінші жылдардың иек артпасында депутат Ғабең Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы болып сайланды да көп кешікпей тағы да мұрттай ұшты. Алты айдан асса, аты мертігетін әдет бұл жолы да жаңылған жоқ. Жан түкпірінен жарып шыққан жалғыз ауыз сөз түбіне жетті. Мәселенің байыбы мынадай: Сол тұста Академиядағы бір жиында әулие бабаң әл-Фарабидің ескерткішін орнатар лайықты орын таппай әркім әр қиырға тартады ғой. Сонда дүниеде мүлде бейхабар, ойында түк есеп-кекесіні жоқ Ғабит өз үйінің алдындағы келісті алаңды (Киров көшесі мен Мұқан Төлебаев көшесінің қиылысы) ұсыныпты. Жұрт үндемей қалған. Мәжіліс тарап, жиналғандар залдан шыға бергенде бір ғалым келіп:

– Ғабе, білмейтін бе едіңіз, ол алаңды ана мықтыңыздың өзі иемденіп жүрген жоқ па? – дегенде, Ғабең санын бір-ақ соққан. Қалай соксаң, олай сок, әкімдікті әулие тұтып тұрған заманда қарауылдың ұшында жүргеніңді сезбесең, мұрттай ұшатыныңның бір айғағы осы. Қызмет, лауазым үшін ештеңең күйе кетпейтін адамдар санатынан болсаң да, оңған тірлік пе бұл?

Ғабиттің ғұмыр соқпағын шұғыл шолғанда ойға оралатын қадау-қадау мысалдар осындай. Ардагер ағаның көрген құкайы мұнымен де тынбайды. Дүниеден озған жанның

«алды пейіш, арты кеніш болсын» деуші еді. Алды пейіш болды ма, жоқ па, бірақ көсіліп жатар мәңгілік мекенін көңілдегідей ете алмағанымыз өкінішті-ақ. Сонау Ғабиден, Бауыржан ақсақалдар жатқан биік төбеге апарып қоюға «басына барып тұруым қиын болады» деп Ғазиза көнбейді. Етектегі «тәуірлер» жайғасқан таңдаулы орынды сол кездегі идеологиялық хатшымыз З.Камалиденов қимады. Жоқ, алғашқы күні қиған еді. Келесі күні әлде кімнен жарлық болды ма, айнып кетті. Ғабиттің қазіргі жатқан жерінің қолайсыздығы сондай, белгілі қаламгерлеріміз шығарып, көпке тарап кеткен уытты өлең шумағы қазір ел аузында жүр. Сөйтіп, 2 миллион 725 мың шаршы шақырым қазақ жерінен енді айналып келмейтін бір туар асыл перзенті Ғабитіне дені дұрыс екі қадам жер бұйырмады. Осыдан кейін өмір бойы сүргін тірлік кешкен Ғабитті репрессиядан аман қалды деп көріңіз.

А.Б.: Сафеке, бұдан біраз уақыт бұрын Ғабеңнің туған інісі Әшімнің қызы Жанатпен әңгімелескенде, былай деген еді: 1981 жылы оқуымды бітіргеннен кейін Пушкин атындағы көпшілік кітапханасына қызметке орналасқан едім. Ағаның жасы ұлғайып қалған кезі. «Мені күтіп, бағасың, қасымда бол» деген соң, үйінде тұрып жаттым. Бірде ауылға демалысқа барып келсем, Ғазиза апа кіргізбейді. Жатақханаға шығып, аға жағдайын телефон арқылы ғана біліп тұруға тура келді. Ондайда: «Мені сендерге тақатқысы келмейді» деп шешемізге ол жоқ жерде кейитін. Соңғы рет ауруханадан үйге әкеліп, әлсіреп жатқанында үстіне ағайын-туғандарын кіргізбей қойғаны есімде. Аға жан тәсілімін қылар сәтте ғана байқатпай бөлмесіне еніп кеттім. Кірпігі ғана қимылдап жатыр екен. – Кімсің? – деді.

– Жанатпын, – дедім.

– Әкеңді шақыр, – деді иегі кемсеңдеп. Әкем Әшімді ертіп кірдім.

– Мені мыналардың қолына қалдырма, елге – ата-анамның қасына жерле, – деді сөзін үзіп-үзіп.

Жанаттан осы әңгімені естігеннен кейін өмір бойы бір ұлды арман еткен Ғабең қартайған шағында жалғыздық зарын шеккен екен-ау деген ойға келдім. Төңірегіндегілерге оның өзінен гөрі жиған-тергені қымбат болып, алакөздік туғызғанын аңғардым. Мұны Ғабеңнің ертеректе Мәскеуден Алматыға жолдаған мына хаты бекіте түсетіндей. Арап қарпімен жазылған хаттың (кириллицаға көшірген Әлжаппар ақсақалдың өзі) қажет жерлерін сөзін өзгертпей келтірейік:

«Ғабиден, Әлжаппар екеуіне.

Жетпіс бесті артқа салып алғаннан кейін кейбір жайларыңды ойлау да керек сияқты көрініп, осы хатты екеуіне «өсиетнама» ретінде жазып отырмын... Менің Раядан туған екі қыз балам бар. Осы балаларымды Ғазиза үйге жуытқысы келмейді. Мен ең көп болса, айына екі рет (жексенбі күні) бірнеше сағатқа барып қайтамын. Балаларым көп келмейсің, көп отырмайсың деп өкпелеп қалады. Осы жайларымыз қазір драмалық күйде...

...Мұндайға бас себеп болатын нәрсе – артыңда не қалды, соны бөлісуден ғой... Соны былай бөліп берсендер. (Бұдан әрі оны қалай бөлудің жобасын айтады. – А.Б.) Мына бір үй-ішілік мәселе барған сайын шиеленісіп бара жатқан соң, сол мұңымды амалсыз жазып отырмын.

Қош, көріскенше күн жақсы, Ғабит.

22.05.1977 ж. «Москва». 6.30.

P.S. Менде сақтық кітапшасы үшеу: академияда, екеуі Калинин-Фурманов бұрышында. Мұның біреуі «срочный», біреуі жалпы. Ғ.М.».

Қаламгер қазасынан сегіз жыл бұрын жазылған бұл хатты жайбарақат оқу мүмкін емес. Мәселе құжаттың ескі-жаңалығында емес, оның факт ретіндегі айғақтығында ғой. Бұдан қандай ой түюге болады?

С.Ш.: Мұнда жазушы өз тағдырының шындығын асырмай да жасырмай жазған. Орайы келген соң айта кететін бір жай: Ғабең өзінен кейінгі жай-күйін, арты не болатынын қатты ойлап мазаланғаны байқалады. Содан болса керек, осындай бір өсиет хатты академик Манаш Қозыбаев інісіне де арнайы бағыштаған. Өйткені, қартайып, тұғырдан түсе бастаған соңғы жылдары оның дәулетіне мұрагерлік мәселесі ушыққаны анық. Не керек. Ғабең өсиеті орындалмады ғой. Соның салдарынан жиған-тергенінің бәрі де өз нәсіліне бұйырмады, көлденеңнен киліккен көк аттыға жем болып кетті. Ақсақалдың басын торлаған тұрмыс бұлты жетпісінші жылдары-ақ қоюлана түскенін жұмыс үстеліндегі күнпарағына өз қолымен жазылған мына сөйлемдер де дәлелдей түседі: «14.11.1977 г. 02 ч. ночи. Поднялась температура (термометра нет). Пульс 92. головокружения. В 01 ч. Газиза подняла скандал, она со скандалом ушла от Жуманиязовых. Причина скандала со мной: она не была приглашена в Чиликский, р-н куда я был приглашен А-Ат. ОК КПК. Глотаю валидол. Газиза становится нетерпимой».

Бұл жерде өзі де о дүниелік болып кеткен жеңгеміздің

аруағын мазалау мақсат емес. Ондай ой болса, мұсылмандығымыз қайсы. Тіршілікте айтысасың, тартысасың, сүйекке таласқан иттей ырылдасасың. Бірақ ку дүние кімге опа берген? Уақытында Ғабеңнің шаруасын басқарған кемпірі де қазір алаңсыз барып Кеңсайға орнықкан. Ұрыс та, керіс те жоқ, мәңгілік тыным тылсымында.

А.Б.: Иә, адам ғұмыры деген не? Жалқы сәтке жарқ еткен шырпы-мезет қой. Тек, артына өшпес із қалдырған жақсының басында белгі, жамиғат жұрты тәуап етіп тұрар берекелі босағасы болсын деңіз.

С.Ш.: Моласының басына орнатылар мүсіні мен музейін меңзеп отырсың ғой. Көптеп-көмектеп жүріп музейінің бетін бері қараттық-ау. (Бұл істе белгілі кітапхана маманы Нәзира Дәулетованың біліктілігі мен тынымсыздығын атап айтқан жөн). Енді сыртқы кіреберіс есіктің маңдайшасын көрнекті етуіміз керек. Баспасөзде де, басқосуларда да қозғап жүргеніміздей, қаламгер үйінің керегесін көрші пәтерлер есебінен кеңейту шаруасы – келешектің ісі. Өйткені, Ғабит мұрасы төрт қанат қараша үйге сыйып, көшкенде қоңыр інгеннің қомында кете беретін кедей-кепшіктің кесірінен емес. Дөңгеленген дәулеті, дүбірлеген әулеті бар. Келімді-кетімді кісісіне алты қанат ақ боз үй лайық. Осыдан бірер жыл бұрын Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа барғанымда Ғабеңнің артында қалған жай-күйі жайында тәптіштей айтып, музей үйін кеңейту туралы тілек білдірген едім. Ол кісі барынша түсініп, ыңғай-ілтифат танытқанды. Ерте ме, кеш пе, сол тілек орындалады деп ойлаймын. Өйткені, мен Нұрсұлтан Әәбішұлы бағымызға қарай 229 жылдан кейін өмірге келген, қазақ халқының екінші Абылайы деп білемін. Дүниенің төрт бұрышына даңқы жетіп, бар әлемді табындырып жатқаны да сол даналығы мен әтіннен ойлап, ой толғайтындығынан, сөзі мен ісінің қабысып келетіндігінен, іскерлігінен. Кемеңгер де көреген басшы үшін мәселенің кезегімен шешілері, кезексіз шешілері болады, бірақ үлкені мен кішісі, уағы мен ірісі болмайды. Әсіресе әдебиет пен өнер саласында мұны айнымас қағида деп қарауымыз керек.

Мүсіреповтің қашанға дейін жолы бола бермеуге тиісті? 90 жылдық торқалы тойына жеті-ақ ай қалса да, мерекелік комиссиясы құрылар да жұмыс істер, музейі ашылар, басы да қарайтылар...

Осындай дәтке қуат үмітпен сөзімді аяқтағым келеді.

А.Б.: Лайым осылай болғай.

Қасым ҚАЙСЕНОВ, Халық қаһарманы

Ғабеңе еріп...

– Ғабең еліне баратын еді. Қайтыс болған ағасы, қарындасының басына бармақ. Жалғыз жібергеніміз жөн болмас, еріп барсаң қайтеді? – деді Әдекең. Әдекең деп отырғаным – Әди Шәріпов, сол кездегі Жазушылар одағының бірінші хатшысы.

– Барсам барайын, бірақ... – деп мүдіріп қалдым. Әдекең неге «бірақ» дедің дегендей бетіме қарады.

– Қайдан білейін, ол кісіге бұрын еріп көрмеген соң, – дей беріп ем. Әдекең мені не айтқалы отырғанымды түсінді ғой деймін.

– Ғабеңмен бірге жүру рақат емес пе? Сөзді қой, барасың, – деп енді ол бастықтығын көрсетіп бұйыра сөйледі.

Сөйтіп, Ғабеңе еріп жолға шықтым. Петропавл қаласына келген соң Ғабең түскен қонақүй номеріне облыс басшылары келіп, ол кісіге сәлем беріп амандасып жатыр. Дегенмен, Ғабеңнің көңілінен шығамын деп өзіме өзім сеніп жүрген жоқпын. Сөйткенмен, шамам келгенше ренжітіп алмауға тырысып-ақ жүрмін. Бірақ ол кісіге істеген ісің ұнады ма, ұнамады ма оны Ғабеңнің сабырлы жүзінен байқау қиын. Кейде көзілдірігінің арғы жағынан маған қарап қояды. Осы қарағаны маған ұрысқаны ма, әлде «жарайсың, Қасым» дегені ме, оны айта қою оңай емес. Ол кісінің жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, бар мінез-құлқы үлгі үшін жаралған адам сияқты.

Міне, қонақ үйде отырмыз. Ғабең әдеттегісіндей шылымы аузынан түспейді. Өзім шылым тартпаған едім, сонау сұрапыл соғыс жылдарында Украинада астыртын жұмыстарда жүргенде де аузыма алмадым. Кейбір өлім мен өмір бет-тескен қиын жағдайда украиндық достарым мені аяп: «Вася, шылым тарт аз да болса көңіл күйінді жеңілдетеді», – деп қолыма шылым орап та ұсататын. Әлгі құрғырды бірер сорсам шашалам, тіпті, құлағым да іскендей болып мазам кететін. Соны ойлап отырдым да:

– Ғабе, Сіз үлкен адамсыз. Біреудің Сізге ақыл айтуы қиын ғой, дегенмен, осы шылымның зиянды екенін Сіз менен жақсы білесіз. Осы құрғырды неге тарта бересіз? – дедім. Ол маған қарап отырды да сәлден соң:

– Сүр – ысталған ет көпке шыдай ма, жас ет бүлінбей көпке шыдай ма? – деп қарсы сұрақ қойды. Сөзінің төркінін таныдым, бірақ өтірік айтқым келмеді:

–Әрине, сүрі – ысталған ет көпке шыдайды, – дедім.

«Ендеше не айтып отырсың» дегендей сол сабырлы күйімен менен көзін алмады. Мен еріксізден күлдім. Жай қалжың ретінде айтып отырған шығар деп ары қарай сөз таластыруға бата алмадым. «Жарайды, айтқаныңыз келсін, ысталып ұзақ өмір сүре беріңіз» дедім ішімнен.

Ертеңіне Ғабең туған жерге аттанбақ болды. Облыстық партия комитеті бір қызметкерін қосып берді. Енді Ғабеңе көмекші екеу болды. Жаңадан қосылған жас жігіт иненің жасуынан өтіп кететіндей пысық екен. Ғабеңді былай қойғанда мені «Қасеке» деп асты-үстіме түсіп жүр. Ғабең туған жері өзінің мінезі сияқты жап-жазық болады екен. Қай жерінен қарасаң да жердің дәл төбесінде тұрғандай сезінесің, айналаң да көкжиек тұрған жерінен төменде жатқандай. Тау, төбе, тас дегеніңді көрмейсің.

Ғабең машинаның алдында шылымын жайлап тартып отыр. Екеуміз машинаның артқы жағында бір-бірімізбен сыбырласып сөйлесіп келеміз. Ақ жауын сібірлеп жауып тұр. Бір кезде жанымдағы жігіт:

– Ғабеңді жас жазушылар маршал деп атайды дейді ғой, – деді құлағыма сыбырлап.

– Иә, – деп сөзімізді естіп қойып жүрмесін дегендей сұқ саусағыммен аузымды жаптым. Ол түсінгендей жымиып күлді. Бір кезде асфальт жолдан бұрылып едік, машинамыз сазға батып тұрды да қалды. Екеуміз машинадан түстік, машинаның артынан итеріп әуре болып жүрміз. Бірақ машина ілгері жылжыр емес. Үстімізде батпақ шашырамаған жер қалмады. Бір кезде машинаны батпаққа өзім батырғандай Ғабеңе кешірім сұрағандай қарасам өз жайында көңілі қоңыр күздей, астындағы машинасы батпаққа батпағандай жайымен шылымын тартып отыр. Онымен қоймай менің батпақ болған үсті-басыма қарап:

– Саған сол керек, – дейді жайлап.

– Неге Ғабе? – деймін.

– Сонау қырғыннан аман келгенде осыны көрейін деп келгенсің, – дейді.

Сол күні өзі туған ауданға әзер жеттік. Аудан басшылары Ғабеңді құшақ жая қарсы алды. Біраз уақыт айналып Ғабең аудан шаруашылығымен танысып, оларға ақыл-кеңес берді. Олар Ғабеңді туған ауылына алып келіп, қайтып кетті.

Ғабең інісі Ыдырыстың үйіне түсті. Ғабеңе келіп сәлем берушілер көп-ақ. Қонаққа шақырушылар тіпті кезекке де тұрды.

Ғабеңді аяймын. Бірақ «ол кісіге тыныштық берсеңіздерші!» деуге аузым бармайды. Өйткені, олардың барлығы Ғабеңнің

жақындары, туыстары, тұстастары. Ғабең ел жайын тыңдап отыр. Қуанатын да, ренжитін де жайларды ағайындар айтып жатыр. Ғабең бірқалыпты ұйып тыңдайды. Жанында біраз отырған соң сыртқа шығамын. Шаңырағы шағын болғанмен өте қонақжай, көңілді ауыл екен. Әсіресе, ауылға көрік беріп тұрған маңайына қарағай, қайың, терек араласа біткен орман болса, көшелеріне көрік – балалары. Бала басы әр үйде баршылық. Тіпті осы өзіміз түскен үйдің балалары нешеу екенін бірден айта алмайсың. Ал балаларының кісіге үйіршектігі ерекше. Есік алдына шықтың болды сені айнала қоршап алады. Балалардың басым көпшілігі – «партизандар», ер балалар. Енді осы балалардан «Ерікті палуандар қоғамын» ұйымдастыруға кірістім. Ең алдымен, олардан «күресесіңдер ме?» деп сұрадым. Олар «күресеміз, күресеміз» деп шулап кетті. Енді оларды жастарына, салмақ, бойларына қарай екі топқа бөліп, қара жолдың екі жағына отырғыздым. Оларға қазақша күрес жайлы түсінік беріп:

– Бұл – спорт. Жығылсаңдар жер көтереді. Ыза болмайсыңдар. Бірақ әлгі мен көрсеткен әдістерді қолданып жығуларың керек, деймін өзім талаймен күресіп, талайын жыққандай.

Күрес екі күнде бір жүйеге келіп қыза түсті. Ауылдың үлкен адамдары қызықтап, балаларды ата-аналарына қарай, дәл жастарына қарай бөліп берді. Енді көрермендер «Иә, сәт» деп, аталарының аттарын ұран ете бастады. Әрине күрес жай күрес емес, жыққандарына ақшадай (ұсақ ақшаның, 20, 15, 10, 5 тиындық) бәйгесі бар.

Бірде Ғабеңе еріп сыртқа шықсам «палуандар» жиналып күтіп тұр екен.

– Ғабе, мынау менің палуандарым, ішінде жауырындары жерге тимейтіндері де бар, – дедім. Ғабең «не деп тұр?» дегендей әдеттегісінше маған қарайды. Сөйткенше болмай, әдеттеніп қалған балалар екіге жарылып отырыса қалысты. Күнде «бас палуан» аталып жүргендері тіпті, белдіктерін буынысып біріне-бірі қарама-қарсы бір тізерлеп отыра да қалды. Байқаймын, балалардың беталысы Ғабеңе ұнады-ау деймін, топқа жақындап келіп тұрды. Үйден бір орындық алдырып, Ғабеңді отырғызып, «бас палуандарға» «белдесіңдер» деп белгі бердім. Бұл кезде жұмыстарынан оралған ауыл адамдары да жиналып қалған болатын. «Палуандар» бірінен соң бірі шығып белдесіп жатыр. Жыққандары бәйгелерін алып, жан-жақтарына мақтана қарайды. «Өзіңе қарай тарт», «Іштен шал», «Иә, сәт!» деген дауыстар. Магазиннен ұсаттырып алған ұсақтарым да азайып

қалды. Ғабең жайлап күліп мәз болып отыр. Ең соңында:

– Соңғы түйенің жүгі ауыр дегендей, енді «түйе палуандарым» күш сынасады, – деп хабарладым. Оларым аяқтарын басканмен әлі тілдері шыға қоймаған, екеуі де бір жарым жастардағы балалар еді. Екеуінің де үстерінде шолақ, қолдан тіккен майкаларынан басқа ешнәрсе жоқ. Бірі шашы алтын сияқты сап-сары да, екіншісі томпиған таңқы танау қара домалақ бала. Екеуін ортаға шығарып белдеріне белдік буып берген соң:

– Күресесіңдер ме? – деп сұрадым. «Күресеміз» деуге екеуінің де тілі шыққан жоқ. «Күресеміз» дегендей екеуі де бастарын изеді. Оларға Ғабең мәз болып отыр. Екеуін бірінің белінен біріне ұстатып «ал күресіңдер» дедім. Бірінен бірі ұстап тұрып екеуі де құлап қалып, екеуі де жылады. Дереу орындарынан тұрып бір-біріне жармасуға жықтым деп жыққан белгісін көрсетуге де ақыл ауқымы әлі жетпей жатыр. Жұрт күліп жатыр. Екі баланың әке-шешелері де анадай жерде күліп тұр.

– «Түйе палуандар» жығыса алмады. Бәйгені екеуі тең бөліп алады, – деп хабарладым. Жұрт қол шапалақтап «палуандарына» құрмет көрсетіп жатыр. Әрқайсысының қолына бес тиыннан ақша ұстатып, екеуінің беттерінен сүйіп, бастарынан сипап уатуға тура келді.

Сол жылы Ғабең аудан орталығына қайта оралып, аудан азаматтарымен бірнеше шаруашылықты аралап аудан болашағы, табиғатты қорғау жайлы ағалық ақылын айтты.

Ғабит аға берген сурет

Бір күні сәті түсіп Ғабеңнің үйіне бардым. Жалғыз отыр екен. Сол баяғы өзгермес сабырлы қалпында қабылдады. Біраз отырып келген шаруамды тындырған соң, орнымнан тұрып столының үстінде жатқан республикамыздың саяси картасына көзім түсті. Бұл кісіге картаның неге керек болғанын ойлап тұрып қағазға түсіп көлбеп жатқан байтақ жерге қарап:

– Ғабе, тегінде біздің бабаларымыз мықты болған ғой деймін. Заңсыз күш қолданатын «ұр да жық» заманда осынша жерді иеленіп сақтап қалу деген мықтылықтың, батырлықтың айғағы емес пе? – деп бұрыннан көңілде жүрген ойымды айтып ой шашуға сараң ол кісіден пікір тартпақ болдым. Ғабең өңін ешбір өзгертпестен маған қарап үнсіз отыр. Әрине, өзімен терезесі тең не сырлас адамдарына шешіліп сыр ашатын шығар, ал маған тағы біраз сынай карағандай үнсіз. Мүмкін ел тарихынан хабарым шамалы

екенін ойлап отырды ма, кім білсін. Әлден уақытта жайлап тұрып кітаптар сіресіп тұрған шкафтың бірін ашып үш-төрт кітаптың арғы жағынан сары қағазды алып кітаптарды қайта орындарына қойды. Өзі қайта келіп орнына отырды да әлгі сары қағаздың орауын ашып бір суретке, ең алдымен өзі қарады. Маған «отыр» дегендей өзінің қарсы алдында тұрған орындықты нұсқады. Орындыкка отырдым. Маған осы суретті ұсынды да:

– Мынау Абылай атаң. Хан Абылай, – деді. Әрине, Абылай ханды естуін қай қазақ естімеді, мен де естігенмін. Бірақ ол Атаны «хан» деп, «Қанішер» деп атайтын атаулар есімде жүретін. Шынымды айтсам, ол кезде Абылай атаның тарихтағы орнынан хабарсыз едім. Ал мына суретті бірінші рет көріп, оның бүкіл айбынды алып тұлғасына қараған адамының өңменінен өтер көзқарасына сүйсіне қарап отырмын. «Ал, Абылай атаң кандай екен?» дегендей маған қарады да:

– Сен партизансың ғой, басқа жұрттай қорқа қоймассың, осы суретті ал, саған берейін. Бұл атаңды кейін білесің. Бұл кісінің заманындағы ел, жер қорғап қан кешкен батырларды да білгенің жөн. Сонда әлгі маған қойған сұрағыңа өзің де жауап бере аласың деп орнынан тұрды. Бұл суретті қашан, қайдан алғанын сұрауға бата алмадым. Сұрағанмен жауап ала алмайтынымды түсіндім. Оның үстінде «қабылдауым бітті» дегендей орнынан тұрып қойған соң, суретті өзі орауын ашкан сары қағазға қайта орап алып ағамен қоштастым. Келісімен суретті кітап тұрған суреттің көрнекті жеріне қойдым. Үйге келген адамдар көріп кейбіреулері «қайдан алдың», «маған беріңіз» деп сұрап та жүрді. Кімнен алғанымды да айтпадым, сұрағандарына да бермедім. Оның аяулы қолынан алғанымды біреуге беру де ойыма келген емес.

Бұл сурет қазір жарық көріп жатыр ғой, бірақ суреттің бұл данасын қайдан алса да, бастан кешкен қилы-қилы уақыттарда ұлт тарихына жанашыр әділетті болашақтан үміт үзбеген қайсар Ғабит ағаның берген суретінің осы данасы менің қолыма қалай келгенін айтқым келді.

Зәки Ахметов, академик

Терең таным, биік талғам

(«Абай жолын» ең алғаш, ең әділ, ең биік бағалаған Ғабит Мүсірепов болатын)

Ғабит Мүсірепов – әдебиетіміздің классигі, көркем прозаның асқан шебері, кемел драматург, шабытты публицист, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, белгілі қоғам қайраткері. Өзінің таңдаулы шығармаларымен XX ғ. әдебиет пен мәдениет саласында адамзат ойының асқар шыңына көтерілген жазушы. Ол – тарихымыздағы, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздегі XX ғ. туғызған аса ірі, алып тұлғалардың бірі.

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов меңгерген тақырыптар, қозғаған әлеуметтік, рухани өмірімізге қатысты мәселелер оның шығармаларында терең көркемдік шешімін тапқандығы ұлттық әдебиетімізде ғана емес, әлемдік әдебиеттің шеңберінде де жоғары бағаланды.

Керемет дарындылығының, ізденгіштігінің арқасында Ғабит Мүсірепов қазақ әдебиетінің алдыңғы шебіндегі маңдайалды қаламгерлердің қатарына ерте қосылды. Көркем сөздің қадір-қасиетін білетін ортада оның әңгімелерімен, «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Ұлпан» секілді кесек туындыларымен, «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ақан сері–Ақтоқты» сияқты шығармаларымен таныс емес адам кемде-кем болар.

Ғабит Мүсірепов мүсіндеген әрбір кейіпкердің бейнесінен біз тұтас бір өмір шындығын көргендей күй кешеміз. Оның кейіпкерлері негізінен еңбек адамдары. Бұлармен қатар сұлу қыз, сері жігіт, адамға өмір берген ардақты ана бейнесі де Ғабең шығармаларының төрінен орын алған.

Жазушының айналадағы өмір, кешегі халықтың басынан өткен тарихи оқиғалар жайлы ешбір жасандылығы жоқ ой-толғаулары, адамның ішкі сезіміне бойлауы, мінезін, кескін-келбетін бейнелеу шеберлігі, орнын тауып айтатын әжуа-мысқылы, сөзді мәнерлеп келтіруі де – бәрі өзінше, өз қалпында танылады. Әңгіме, романдарында, әсіресе, пьесаларында кейіпкерлердің әрқайсысын өзінше сөйлете білетіні және әр сөзді терең психологиялық астармен айтқызатыны – осы бір үлкен драматургке тән шеберлік те – көпшілік мойындаған жай.

Халықтың рухани дүниесін байытатын әдебиет пен өнерді өркендетуге барлық саналы өмірін арнаған классик жазушының ана тілімізді қастерлеуді бар ынта-ықыласымен

уағыздағаны әсіресе, сүйсінерлік, бүгінгі уақыт талабына толық үндес.

Жазушының өмір жолы, шығармалары туралы жазылған мақалалар мен зерттеулерде оның өнерпаздық өнегесі, суреткерлік шеберлігі хақында аз айтылған жоқ. Алайда, біз бүгін Ғабит Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толған мерекесі аталып өтіп жатқан тұста оның еңбегін, артына қалдырған бай мұрасын түгел танып-білдік дей аламыз ба? Тіпті оның азаматтық тұлғасын, адамгершілік қасиеттерін анық ұғып-түсіне алдық па?

Ұзақ жасаған, көпті көрген Ғабит Мүсірепов жылымық аталған кезді, жылдар бойы идеологиядағы қатқыл сең бұзыла бастағандай кезеңді көрсе де, кейінгі заманның мүлде өзгергенін, шындықты айтуға толық мүмкіндік туған уақытты көре алған жоқ. Сондықтан ол өзі жақсы білген қоғамдық өмірдің қайшылықтарын, айталық, белгілі Алаш қайраткерлері жайындағы ой-пікірлерін, ішіне түйгенін толық айта алмады. Өзегін өртеген өкінішін, кейде сүйінішін де іркілмей айту мүмкіндігін тағдыр оған жазбады. Қысымды, қиыншылықты көп көргеннің әсері болар, Ғабит Мүсірепов біз білгенде ақтарылып, сырын ашуға бейілді емес те еді. Кесімді байлауын, іште сақтаған пікірін керек деген жерінде ғана немесе екіұдайда ғана ашып айтатын. Сондықтан Ғабит Мүсіреповтің азаматтық тұлғасын, танымы мен тағылымын оның шығармаларын зерделеп, тереңдеп түсіну арқылы ғана аңдай аламыз. Мұның толық іске асуы – алдағы уақыттың ісі, өсер ұрпақтың үлесінде десек те болады.

Қай кезде болса да, кеменгер жазушының, өнер қайраткерінің ұлылығын танып-білу, даналығынан ғибрат алу алдымен, тіпті бірден-бір қажет екені даусыз. Үлкен өнер иесінің даналығын да, даралығын да көтерілген биігінен көре білу, суреткерлік шеберлігін, ақыл-парасатын, азаматтық тұлғасын да шабыты шалқып, бойына біткен таланты, күш-қуаты толығынан ашылған тұстарынан танып-білу – әділдікке тура апаратын жол ғой.

Осыны ескере отырып, біз Ғабит Мүсіреповтің танымы қаншалықты терең, талғамы қандай биік болғанын аша түсу мақсатымен оның «Абай» романы туралы айтқан пікірлеріне тоқталмақшымыз.

Біздің бұл жерде тілге тиек ететініміз – Ғабит Мүсіреповтің «Абай» романы – төрт томдық эпопеяның алғашқы кітабы 1942 жылы жарық көргеннен кейін келесі жылы шығарманы талқылауға арналған жиналыста сөйлеген сөзі (көлемі кейін кітапта мақала болып басылған қалпында 17 бет).

Мазмұн байлығы, талдау-баяндауының байсалдылығы жағынан мұны іргелі зерттеу еңбек деуге әбден болады.

Әдетте, белгілі жазушының көркем шығармалары – пьесалары, роман-повестері, әңгімелері көпшілік назарына көбірек түседі де, мақала, зерттеулері ауызға іліне бермейді. Ал Ғабит Мүсіреповтің ««Абай» романы туралы» деп аталған, біз сөз еткелі отырған еңбегі Мұхтар Әуезов шығармасын бағалауымен қатар Ғабеңнің өз таным-талғамын, шыншылдығын да, сыншылдығын да айқын танытатын қасиетімен құнды.

Мұхтар Әуезовтің романы алғаш талқыға түскенде, әлі анық бағасы берілмеген, тиянақты пікір қалыптаса қоймаған кезде сын, ескертпе айту жағы көбірек болатыны түсінікті ғой. Ал Ғабит Мүсірепов «Абай» романына жан-жақты терең талдау жасай отырып: «Мен бұл романды сынаудан гөрі тереңірек түсінсем екен деген тілектен туған азын-аулақ ұғынғанымды ғана айтамын», – дейді.

Алайда, кең толғап, көсіле сөйлеуінен-ақ суреткер-сыншының түсінігінің тереңдігі, ойының өткірлігі бірден байқалады. Және сөз болып отырған шығарманы «тереңірек түсінсем» деген ниетінің өзінен, шын ықыласымен зерделеп талдап-саралауынан ашық түрде мақтап-мадақтаудан артық әсер аламыз.

Ғабит Мүсірепов В.Г.Белинскийдің «Евгений Онегин» романын талқылауға едәуір жүрексінумен кіріскелі отырмын деген сөзін еске алып, «Мұхтардың «Абайына» шын мағынасында сын айтуға мен де жүрексінемін» дейді. Білген кісіге талғампаз, қалаған жерінде тәкаппар жазушының осы сөздерінде қанша мағына жатыр. Тіпті мақтаулы деген шығарманы да мойындай бермейтін, ешкімнен тайсаламайтын Ғабеңнің мұндай сыпайылық көрсетуі, әрине, оның Мұхтар Әуезовтің суреткерлік дарынын тани білгендігінен, ерекше құрметтегендігінен туғаны анық. «Өткен заманның оң-терісін, үлкендігі мен болымсыздығын, қараңғысы мен жарығын, жұдырығы мен ойын, қысы мен жазын барынша толық көрсете алған роман бізде осы ғана», – дейді ол.

Мұхтар Әуезовтің романын жекелеп, бөлек алып, артықша бағалағанда басқа шығармаларға көлеңке түскендей болады-ау деп ешбір қысылмайды. ««Абай» романын неше рет қайталап оқысам, сонша, әрдайым жаңа бір ой, жаңа бір көркемдік, бұрын оқығанда байқалмай кеткен тереңдік табам. Көбінесе, өз шығармаларымдағы кемшіліктерді түсіне түскендей боламын. Мұнымды жалған сыпайылық деушілер болса, «өзің де қайта бір оқып көр!» дегеннен басқа айтарым жоқ», – дейді Ғабит Мүсірепов.

Ауызға алынып, аталып жүрген шығармаларды «бірнеше рет қайта суарып, қайта пісіруді керек ететін» нәрселерден сынағанда, солардың қатарында Ғабит Мүсірепов өзінің қаламынан шыққан «Көк үйдегі көршілер» мен «Тулаған толқынданы» да атап кетеді.

««Абай» романы» қазақ өмірінің энциклопедиясы деген пікірді алғаш айтқан Ғабит Мүсірепов екенін атап айтуымыз орынды. Ғабит Мүсірепов: ««Евгений Онегинді» ұлттық, халықтық, энциклопедиялық еңбек деуге Белинскийге олқы келмеген ең көп дәлелді бізге «Абай» романы анағұрлым артығымен береді», – дейді.

Кейін романның ауқымы кеңейіп, кесек дәуірнамаға, эпопеяға айналған соң, оны қазақ өмірінің энциклопедиясы деп атауға ешкімнің де күмән келтіре алмайтыны айқын болды. Және бұл ұғымның мән-мағынасы толыға, зорая түсті. «Абай жолы» роман-эпопеясы елдің тарихы мен тұрмыс-салтының көл-көсір көп суреті ғана емес, ол – халықтың тағдыры, өткені мен келешегі жайындағы терең толғаныс, тарихи шындық, өмірдің философиясы мен поэзиясы ұштасқан кесек көркемдік туынды дейміз.

Әуезов романының осындай терең мағынада энциклопедия деуге лайық сипаттары мол екенін Ғабит Мүсірепов алғашқы, бірінші кітаптан-ақ байқап, толық дәлелдей алды.

Ғабит Мүсірепов: «әдебиетіміздің көркем, қара сөз, поэзия, драматургия сияқты барлық саласын түгел алғанда «Абайдай» шығарма бұл күнге дейін бізде болған емес» дейді. Осы түйінді пікірін «Біздің өскен әдебиетіміздің қай саласын алсаң да, «Абай» романы бәрінен де биік, бәрінен де терең жатыр» деп тағы шегелеп, нықтай түседі. Және «бәріміз де жазушымыз, бәріміз де күндеушілік сезім жоқ емес» дегенді айта отырып, «өнердегі бәсекелестікті жарыс деп жақсы мағынасында түсіне отырып, «Абай» романын жаңа белді меңзейтін үлкен арналы, мол қасиетті еңбегіміз» деп бағалайық деген ойын алға тартады.

Ғабеңнің «Абай» романы «үлкен арналы, мол қасиетті еңбегіміз» деген сөзінен-ақ бұл шығарма ортақ табысымыз, қазақ әдебиетінің зор жетістігі деп ерекше мақтаныш сезіммен бағалай білгені анық байқалады. Көңілдің тарлығынан, көре алмаушылықтан биік тұрған осындай әділдіктің, кеңпейілділіктің тек қана кемел суреткердің сыншылдық ойына тән қасиет екені талас тудырмаса керек.

Ғабит Мүсірепов «Абай» романында қоғам өмірінің шындығы мейлінше шынайы суреттелетінін айта отырып, шығармадағы басты кейіпкерлердің мінез ерекшеліктеріндегі

даралық сипаттардың айқын дәл көрсетілетініне де айрықша мән береді.

Ғабит Мүсірепов «Абай» романында «сала-сала болып келетін тартыстың Абайға соқпай, Абайдың көзқарасын анықтамай кететін бірі жоқ. Абайды өсіретін де, барған сайын қалың бұқарамен, елмен арасын жақындатып келе жатқан да – сол ел ішінің күресі» дейді. Романның композициялық құрылысын, сюжеттік желісін, солардың қиыннан қиыстырылған күрделілік сипатын анық аңғарып, талдап, түсіну үшін бұл пікірдің мәні зор. Сырт қарағанда әрқайсысы өз арнасымен өрбитіндей көрінетін оқиғалардың бірін-бірі толықтыра, тұтаса келіп, романның басты кейіпкері Абайдың тұлғасын сомдап суреттеуге мүмкіндік туғызатынын Ғабең дөп басып, дәл көрсетіп береді. Ғабит Мүсіреповтің шығарманы жан-жақты талдай келіп, ойын жинақтап, түйіндеп айтқан «Абай» романы толық мағынасында халықтық, ұлттық сипаттағы, көркемдік сапасы өте жоғары әдеби туынды бола тұрып, ол дүние жүзі әдебиетінің ең таңдаулы үлгілерімен қатар қоюға лайық шығарма деген қорытынды пікірі мейлінше дәлелді, көңілге қонымды болып шыққан.

««Абай» – әрі шын мағынасында қазақ халқының шын өмірінің шын бейнесін көрсете алған ұлттық роман, әрі мәдениетті елдердің жақсы деген қай романымен болса да салыстыруға болатын роман», – дейді Мүсірепов.

Мұхтар Әуезов «Абай» романын дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілерін игере отырып жазған дей отырып, Ғабит Мүсірепов «бірақ ешбір үлгіні көшіріп те алған жоқ, еліктеген жоқ» деген пікірін баса айтады. «Бұл жазушының өз өзегін өртеп, өз жүрегін тербетіп шыққан өз еңбегі», – дейді.

Ғабит Мүсірепов «Абай» романын талқылауға атсалысқан басқа жазушылардың, сыншылардың пікірін де толық ескеріп, електен өткізіп, кейде құптап, кейде теріске шығарып, өз пікірін ширатып, айқындай түсу үшін ұтымды пайдаланып отырады. Бұл орайда да Ғабеңнің талдаулары, байлам-түйіндері басқалардың пікірлерінен әлдеқайда терең, өткір болып келеді.

Ғабит Мүсіреповтің «Абай» романының жағымды жақтарын – танымдық, көркемдік құндылығын, қоғамдық мәнін ашып көрсеткен пікірлері, ой-түйіндері қандай маңызды болса, оның талқылау үстінде айтқан сын-ескертпелері де авторға, оқырмандарға ой саларлықтай тапқырлығымен еріксіз елең еткізеді.

Романның «басты міні, үлкен кемшілігі» туралы айтпақ

болғанда, Ғабит Мүсірепов әсіресе, Қодар мен Қамқаны түйеге асып өлтіру әрекетін және сонда да жаны шыкпай жатқан Қодарды құздан құлатып, жабылып таспен ұруды «тым өрескел қылықтар» деп атап көрсетеді. Сонымен қатар, екі жас жігіттің келіншектерін айырбастасуларын да өрескел қылық деп бағалаған. Кейбір ұсақ кемшіліктер дегеніне тоқталмай-ақ, осы екі пікірге назар аударсақ та, Ғабит Мүсіреповтің сыншылдық ойының ерекшелігін, деңгейін айқын аңғаруға әбден жеткілікті болар деп санаймыз.

Алдымен соңғы сын пікірге назар салсақ, өйткені, бұл мәселенің мәнісі де, жауабы да айтуға, түсінуге әлдеқайда жеңіл. Бұл жерде тілге тиек етіліп отырған оқиға – құлыншақтың «бес қасқа» деп аталған бес баласының (кішісі – қатарға қосылып қалған немересі) үлкені Манас өзінің құрдасы Қарақатын деген жігітпен қымыз ішіп, қызып отырып, екеуі әйелдерін айырбастамақ болады. Араласып жақын дос болып жүрген құрдас жігіттер сол жерде отырған адамдардың көтермелеуімен осы ниеттерін іске асырып, Манас өз әйелін қарақатынға ертіп жіберіп, оның әйелін өз үйіне алып келеді.

Бір көңіл аударарлық нәрсе – осы екі жігіттің – Манас пен Қарақатынның әйелдерін айырбастағаны өмірде болған оқиға. Сол болған оқиғаның оқырманға бір түрлі жасанды секілді оғаш көрінетінін, ойдан шығарғандай қабылдануы мүмкін екендігін Ғабеңнің сынынан кейін Мұхтар Әуезовтің өзі де сезінген секілді. Сондықтан да болар, автор оны кітаптан мүлде алып тастайды, 1942 жылдан кейінгі басылымдарда бұл эпизод жоқ. Өзі оқшау тұрған оқиға болғандықтан оның кітаптан бүтіндей алынып тасталғаны байқалмайды да.

Енді Қодар мен Қамқаның тағдырына, трагедиясына келсек бұл – мүлде басқа мәселе. Қодардың таспен ұрып өлтірілгені Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» атты поэмасында айтылады. Ал адамды түйеге асып өлтіру сол кезде Тарбағатай жақта да болғаны туралы Сұлтанмахмұт Торайғыров жазған болатын. Мұхтар Әуезов қодардың өлімін болған уақытынан он шақты жылға шегіндіріп, Абайдың қаладан ауылға қайтып келген кезіне дөп келтірген. Бұл оқиға романдағы өзекті қақтығыс, талас-тартыстың басталуына түрткі болып, бірталай оқиғалармен тамырласып жатыр.

Ендеше Мұхтар Әуезовтің бұл сын ескертуді қабылдамағанын түсіну қиын емес. Құнанбайды, оның қолдаушыларының каталдығын, қайырымсыздығын, Абайдың жас кезінен жазықсыз адамдарға жаны ашитын мейірімді болғанын көрсету үшін Қодардың өлімін кітаптағыдай

баяндау Мұхтар Әуезовке қажет болғаны анық. Осы және бірлі-екілі ұсақ ескертпелерді Ғабең шығарманың басқа кемшіліктері жоқ деу үшін айтқандай. Оған романды толық құптап, құндылығына өзі қуана сөйлегені куә.

Ғабит Мүсіреповтің кемел суреткер ретіндегі ақ пен қараны ажырата білетін шыншылдығына оның әдеби шығарманы зерделеп, талдап, таразыға тартқандай бағалаудағы әділ сыншылдығы толығымен үйлесіп келуі, әрине, әбден заңды. Өйткені, талғамы зор өнер иесінің өзіне де өзгеге де қоятын талабы бірдей болса керек. «Абай» романына берген бағасы Ғабит Мүсіреповтің әдебиетте, өнерде де, өмірде де, адал болуға, әділетсіздіктің, жалғандықтың қандайынан болса да аулақ тұруға ұмтылғандығының бір айғағы дей аламыз.

«Абай» романының бірінші кітабынан соң екінші кітабы жарық көргеннен кейін де талай қым-қиғаш, оғаш та орашолақ пікірлер айтылған болатын. «Абай жолы» төрт кітаптан тұратын эпопея, дәуірнама болып шыққаннан кейін, ал онан да кең мөлшерде алсақ, сол бірінші талқыланған 1943 жылдан бастап бүгінге дейінгі уақыт арасында Мұхтар Әуезовтің Абай туралы көркем туындысы ондаған көлемді зерттеулер еңбектерінде, бірнеше мың мақалаларда сөз болды. Солардың бәрі де Ғабит Мүсіреповтің бұдан алпыс жылдай бұрын үлкен білгірлікпен, батыл да еркін айтқан пікірлерінің, берген бағасының мәнін жоя алған жоқ десек, асырып айтқан бола қоймас.

Ғабит Мүсіреповтің шығармалары бүгінде шын мәнінде халықтың игілігіне айналды. Оның баға жетпес асыл мұрасы сан мыңдаған оқырман үшін, келер ұрпақ үшін де рухани байлығымыздың қайнар көзі бола беретіні күмәнсіз.

Сонымен, «Абай жолы» сынды ұлы туындыны ең алғаш, ең әділ, ең биік бағалаған адам – қазақтың көркем сөзінің кемел суреткері Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов болатын. Бірінші кітабы ғана жарық көрген, авторы қырықтың бесеуіне жаңа шыққан романды дүние жүзі әдебиетінің ең таңдаулы үлгілерімен қатар қоюға лайық шығарма дегенде Ғабеңнің өзінің қырыққа жасы жаңа толған тұсы екен. Неткен қайран, Ғабең!

Серік ҚИРАБАЕВ, академик

Ғабит Мүсіреповті еске алу

Өмірімен де, еңбегімен де туған халқының ілтипатына бөленіп, оның сүйіктісіне айналатын ұлдары болады. Біз көрген тұста жазушылар ортасындағы осындай ұлы тұлғалар Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин болды. Олардың жазушылық өнерін қазақ халқы ғана емес, әлем мойындап,. шығармалары көптеген шет тілдерінде басылды. Өздері де елінің еркесіндей шалқып өмір сүрді, партия да, мемлекет те бағалады. Олардан бұрынғы ұлылар заманының ауырлығынан халқымен дәл солардай қоян-қолтық келе алмады. Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжандар ел есін жия алмай жатқан заманда өмір сүріп, жасаған еңбегінің қызығын да көре алған жоқ. Сәкен, Бейімбет, Ілияс та өмірдің ауыртпалығынан өтіп, халқымен енді табыса бастағанда мерт болды. Халқымен, оқырмандарымен ұзақ бірлікте өмір сүріп, қызығын көрген де жоғарыда аталған төртеуі.

Біздің әдебиетке араласа бастаған кезімізде ақын-жазушылар көп болмайтын. Сондықтан да, сол ағаларымыз әдебиет айналасындағы әр жасты көз алдарына ұстап, кімнен не шығатынын байқап жүретін сияқты еді. Жазғандарыңды оқып, ақыл-кеңестерін беретін. Атағы үлкен болғанмен, өздері қарапайым, кішіпейіл ағалар қолтығына біз өстіп жүріп қалай кіріп кеткенімізді байқамай да қалдық. Жазушылар одағы маңында, көркем әдебиет баспасы мен әдебиет журналы редакциясында қызмет істей жүріп жақындап, олармен ресми емес, отбасымызбен де араласып кеттік. Мұхаңның ақыл-парасаты, Сәбеңнің көпшіл әңгімешілдігі, Ғабеңнің маңғаз тұлғасы, Ғабекеңнің ақсақалдық даналығы бірін-бірі толықтырып, олардың өз тобындағы орнын да айқындап тұратын.

Сәбең мен Ғабеңді мен бірінші рет 1947 жылдың күзінде өткен жас жазушылардың кеңесінде көрдім. Сәбеңнің баяндама жасап тұрып, бір сөздің орысшасын сұрап, қайнекейге (Жармағамбетов Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің хатшысы, сол кеңесте екінші баяндама жасаған) қарағаны, Қайнекейдің: «Анда Ғабең отыр ғой, баяғыда достобрен жазып берген», – деп Ғабитке жұмсағаны, Сәбеңнің «Ей, Ғабит, айтып жіберші, баяғыда достобрен жазып беріп ең ғой» деп күлдіргені есімде қалыпты. Сәбит президиумда, Ғабит залдың алдыңғы қатарында отырған. Сәбең кеңеске бастан-аяқ қатысты, Ғабең баяндамадан

кейінгі үзілісте кетіп қалды-ау деймін, қайтып көзге түспеді. Мұхаң мен Ғабиден сол кеңесте болмағанға ұқсайды, есімде қалмапты. Кейін оларды мен театрда кездестірдім.

Ол кезде жұрт театршыл болатын. Жаңа спектакльдерге билет табылмайтын. Күнделікті қойылып жүргендерінің өзінде де халық көп болушы еді. 1947 жылдың күзінде қазан мейрамына арнап Опера және балет театрында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Төлеген Тоқтаров» атты операсы қойылды да, студенттер болып таласып-тармасып, билет алып бара қалдық. Мұхтар, Сәбит, Ғабиден үшеуі де барыпты. Үшеуінің үзіліс кезінде қатар әңгімелесіп жүргенін көріп, олардың нар тұлғасына сүйсінгеніміз де есімде. Ол кезде үзілісте қазіргідей аңтарылып, топ-топ тұру емес, астыңғы қабаттың кең вестибюлінде айналып, әңгімелесіп жүру салты болатын. Бұл менің театрдан алған алғашқы тәрбиемнің бірі еді. Екі-үш студент үш жазушының артынан ере жүріп, әңгімелерін, әзіл-қалжыңдарын тыңдауға тырысқанбыз. Ғабит ол кеште болмады. Сол бір жылдары Қарағанды тақырыбына роман жазып жүрген ол Алматыда аз болып, көп уақытын көмірлі қалада өткізді. Бұл жайлы әңгімені біздің ұстазымыз Қайнекей Ғабеңнің серілігін, маңғаздығын, шешендігін, тағы басқа қасиеттерін аңызға айналдырып айтатын.

1950 жылы қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы ашылды да, мен сол баспаға қызметке бардым. Баспаға Жазушылар одағы өзі отырған шағын ағаш үйді босатып берді де, өзі сонымен қатарлас тұрған кеңдеу үйге кірді. Онда бірер жыл істеп, кейін «Әдебиет және искусство» журналына ауыстым. Редакция одақтың өз үйінің ішінде болатын. Менің жазушылармен, оның ішінде аға жазушылармен жақынырақ білісіп, танысқан тұсым да – осы кез. Баспада мен Ғабиденнің «Қарағанды» атты романының алғашқы нұсқасының редакторы болдым. Журналда Ғабиттің «Оянған өлке» романының басылуына қатыстым.

Қайнекей бұл кезде Орталық комсомол Комитетіндегі қызметінен ауысып, Жазушылар одағы басқармасының жауапты хатшысы және «Әдебиет және искусство» журналына редактор боп келген. Әрі мен оқитын КазПИ-де сабақ береді. Мені журналға ауыстырып алған да сол еді.

Редакция қызметкерлерінің құрамы шағын болатын. Жаппар Өмірбеков – редакцияның жауапты хатшысы, Айқын Нұрқатов сын бөлімінің, Аманжол Шамкенов – поэзия бөлімінің, мен – проза бөлімінің меңгерушілері болып саналамыз. Бір бөлімде бір-бір қызметкерміз. Бір күні Қайнекей бәрімізді жинап алды да, Жаңа жылдан (1952 ж.) бастап, Ғабит Мүсіреповтің Қарағанды туралы жазған

жаңа романын басатынымызды айтты. Қолжазбаны танысу үшін бізге берді. Біздің қызметіміз шын мағынасында танысу ғана болды. Оған пікір айту қайда? Оқып, таңырқап, мақтап, баспаға жіберумен тоқтадық. Тек екі-ақ нәрсе ойландырды. Бірі – шығарманың аты «Қарағанды» екен. Ғабиден Мұстафиннің осы аттас романы басылып кеткен. Екеуін де бір атпен атау қалай болар екен. Екіншісі – роман аяқталмаған, жазылып бітпеген. «О жағы қалай болар екен?» дестік. Бұл мәселенің шешімін редакцияға келген Ғабеңнің өзі айтты.

– Мен басында бұл романды «Қарағанды» деп атап едім, аздап созып алдым, солай бара берсін. Жұрт қай «Қарағандыны» қалар екен, көрейік, – деді. Және романды аяқтау үшін үздіксіз жұмыс істеп жатқанын, алды басылғанша, артын аяқтайтынын айтты. Сонымен 1952 жылдың басынан біз журналға «Қарағанды» деген атпен Ғабит Мүсіреповтің жаңа романын баса бастадық. Тек аяғы біткенше, соза тұру мақсатымен аздап-аздап бірнеше номерге беруге ұйғардық. Роман 1–5 номерлерде шықты. Бірақ аяғы бітпей, үзіліп қалды. Оқырмандардан хат келе бастады. қызық басталған романның «соны қайда, қашан басылады» деп сұрайды. «Бітпеген дүниені басып, неге оқырмандарды әуре қыласыңдар» деген ашулы бір хат түскені есімде. Бұл жағдайдан шығу үшін Қайнекей Ғабеңмен келісіп, күнделікті жазғанын алып келіп, машинкаға бастырып, дайындап отыру және Ғабеңнің жұмыс істеуін асықтыру жағын ойластырды. Айқын марқұм екеуміз күнде таңертең кезекпен Ғабиттің үйіне барып отырамыз. Біз отырған соң ол жұмысын үзіп кете алмайды. Түсте біткен жағын алып, редакцияға қайтамыз. Ал, Ғабең түстен кейін жазбайды, қыдырады, демалады, ертеңгі жазуына керек материалдарды дайындайды.

Бұл біздің Ғабеңмен, оның отбасымен жақын танысуымызға себеп болды. Кітапханасы бай, соны қарап, қалағанымызды оқып отыруға рұқсат етті. Оқи отырып, оның жұмыс істеу әдетін бақылаймыз. Ғабең өзінің жұмыс столында емес, соның алдында көлденең қойған шағын столда отырып жұмыс істейді екен. Столының үстінде өзінің керек жабдығынан басқа ештеңе болмайды. Ал, жабдық дегенің – кәдімгі беттік форматты екіге бөліп (одан сәл жіңішкелеу ме, қалай?) дайындап қойған ақ қағаз, қалам сауытына толтырып қойылған үші өткір ғып ұшталған қарындаштар, өшіргіш қана. Сол қағазға қарындаштың ұшын баспай жеңіл, анық етіп жазады. Бетте бірде-бір сызылған, үстінен өшірілген сөз болмайды,

тап-таза. Егер белгілі бір сөзді өшіру қажет болса, ол жазуын тоқтатып, әлгі сөзді өшіргішпен тазалап өшіріп, өшіргіштің дабын үріп ұшырып, орнын тазалап, әрі қарай жазады. Егер өшіретін сөз көбейіп кетсе, немесе сөйлемді қайта құру қажет болса, жаңа қағаз алып беттің бәрін көшіреді. Асықпайды, оның жазуының өнбейтіні де осыдан сияқты. Жалпы мұндай баптылық Ғабеңнің бүкіл өмір стилінде қалыптасқан әдет екенін кейін байқадық.

Ғабең көбіне жұмысын түске қарай тоқтатады. Түс болып қалғанын хабарлап Құсни апай есікті екі рет тықылдатып кетеді.

– Ал, біздің бәйбіше шайға шақырып жатыр ғой, жинақтайық, деп Ғабең асықпай қағазын жинастыра бастайды.

– Жүр, шай ішейік.

Біз үлкен кісінің шай ішуіне, бөгет болмай, әрі ыңғайсызданып, қолымызға тиген қағазды алып кетіп қалуға тырысамыз. Кейде Ғабең зорлап столға отырғызады. Құсни столы бай, тамағы дәмді болатын. Мен беляши, шак-шак сияқты тағамдарды алғаш сол үйде жедім. Ондай тамақтар әлі қазақ ортасына кең жайыла қоймаған, оның үстіне біздің елде, таза қазақ ішінде, пісірілмейді.

Соғыстан кейінгі жүдеушілік кез ғой. Жалғыз ғана бүтін костюмім бар. Оны қонаққа, театрға, жиналыстарға ғана кием. Ғабең үйіне киіп барам. Өйткені, шешініп отыруға тура келеді. Қалған уақытта, әсіресе жұмысқа барарда шалбарының құйрық жағы жыртылған ескілеу костюм киемін. Кеңсе суық. Жұмыста пальтомен отырамыз. Бір күні осы күйіммен кешігіңкіреп, түске қарай жұмысқа барсам, Ғабит үйіне баратын Айқын ауырып қалыпты. Редактор мені «Ғабең тосып отыр, жазғандарын алып кел» деп жұмсады. Кеттім. Барып ала салып қайтам ғой деп ойладым. Есік қағып кірсем, үй ішінің бәрі Ғабең бастап шай үстінде отыр. Бір топ адам.

– Кел, кел, Серік, шайға кел, – деп шақырды Ғабең мені көріп.

Шешініп ішке кірдім. Қысылмай кірдім, киімім ескілеу болғанмен, алдыңғы беті бүтін, таза. Шет жағына отырып, бір-екі кесе шай іштім. Бір беляши жедім.

– Бұл жігіт – біздің жас сыншымыз, Серік Қирабаев – журналда істейді. Менің романымды басып жатыр, – деді маңғаз сөйлеп Ғабең. Отырған кісілерге таныстырғаны. Отырғандары негізінен өз балалары екен. Соның алдында ғана Роза деген екінші қызының Шабал Бейсекованың інісі Бабасқа тұрмысқа шыққанын естігем. Шабал – біздің

елдің қызы. Сыртынан білем. Ел адамдары айтып отырады. Қаратайдың Бейсегі деген белгілі адам болған, інісін де көргем. Төрде отырған сол екеуін аңғардым.

– Ал, болдың ба, болсаң тұр, кеттік, – деді Ғабең.

Алдыммен батыл кірген маған артыммен шығу қиын болды. Шалбарымның арты жыртық. Дегенмен, артыммен шегіншектеп барып, есікке таянғанда бұрылып, кабинетке тез кіріп кеттім.

Ғабең үйіне барғаным еске түскен сайын әрдайым осы оқиға ойымда тұрады.

Қолжазбасын осы жолмен жинаған романның аяғын сол жылдың 10–12 номерлерінде жарияладық. Маған романның аяғы асығыс біткендей көрінеді. Басы асығыссыз, эпикалық кеңдікпен, үлкен суреткерлікпен басталған романның соңғы жағында оқиға жүйесі тым тез өрбіп, уақыт жылдамдықпен дамитыны осыны аңғарткандай. Егер бас жағын жарияламай тұра тұрып, тұтас күйінде біткен соң жарияласа, оқырман қысымына түспес пе еді, қайтер деп ойлаймын. Елуінші жылдардың басындағы идеология маңындағы айғай-шу Ғабеңді де айналып өтпеді. Тікелей сынға сылтауы болмағанмен, әр қилы мақалаларда іліп-тартып сыналып жүрді. «Қазақ батыры» повесінде («Қазақ солдаты» әуелде осы аттас повесть болып жазылған) соғыс кезінде жазған «Желкелер неден қышиды» деген бір очеркінен «ұлтшылдық» іздеді. Осылардың салдарынан 1952 жылдың соңғы кезінде өткен жазушының елу жылдығы тым жүдеу ұйымдастырылды. Құттықтаулар да аз болды, орден бермеді, баяндама да сынға құрылды. Бірақ қазақ драма театрында әдебиет сүйгіш халық көп жиналып, жазушыға құрмет көрсетті. Ең бастысы – ел сүйіспеншілігі ғой.

Бұдан кейінгі жылдары Ғабеңмен қарым-қатынасымыз ресми ғана өтті десе де болады. Мен баспасөз маңында істедім. Үлкен жазушыға, оның шығармашылығына деген құрметім өзгерген жоқ. «Социалистік Қазақстан» бетінде ол кісі жайлы бір мақала жариялағаным да бар.

1957 жылы Бейімбет ақталған соң Ғабең партиялығын қайтып алып, қайтадан атқа міне бастады. Бейімбетті ұстаз тұтып, оған жақын жүрген жас жазушының оның адалдығына көзі жеткен тұста «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деген сөзі оны осы уақытқа шейін партиядан да, жауапты қызметтен де ысырып келіп еді. Сондай қиын заманда ұсталмай қалғанының өзіне шүкіршілік. Әуелі жаңадан ашылған «Ара» журналына редактор болды да, кейін Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы

болып сайланды. Бұл тұста мен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде істедім. Ол кезде мәдениет бөлімі болмайтын, мәдениет жұмысын үгіт және насихат бөлімі меңгерушісінің бір орынбасары басқаратын. Маған сондай міндет жүктелді. Сыпайы, келісіп жұмыс істеген сияқтымыз. Менің де төрешілдік мінезім жоқ, Ғабең алдында баяғы күйде балаша сезінеміз. Ол кісімен сөйлесу керек болса, шақырмай өзім барам, оны-мұны асығыс шаруа болса, одақтың жауапты хатшысы Сейтжан Омаровқа тапсырамын, елгезек Секең әрқашан керек қағазды уақытында дайындайды. Осы жолмен одақтың пленумдарын өткізуге, тағы басқа шараларды жүзеге асыруына қолқабысым да тигені есімде. Әкімшілік қызметпен қоса сыншылық қызметімді де жалғастырып жүрдім. Сәкен ақталып, бір томдық шығармалары шыққан кезде, «Лениншіл жас» газетінің бірнеше санында «Сәкеннің поэзиясы» атты үлкен мақала жариялағам. Осы және басқа жазғандарымды жинап, бір сын мақалалар жинағын бастыруды ойлап, «Жазушы» баспасына ұсынғам. Ол баспаның 1959 жылғы жоспарына да кірді.

Ол кезде сын жинақтарын шығару дәстүрі біздің әдебиетімізде қалыптаса қоймаған еді. 1958 жылы өзі баспаға директор боп барған Мұхаметжан Қаратаев «Туған әдебиет туралы ойлар», «Рожденная октябрем» деген атпен екі тілде мақалалар кітабын жариялаған. Соны көріп біздің де талпынғанымыз ғой.

1958 жылдың тамызында мен басқа қызметке ауысып, Орталық Комитеттен кеттім. Кешікпей, менің жинағымның жоспардан түсіп қалғанын естідім. Сұрастырсам, Ғабит баспаның жоспарын алып қарапты да, көп нәрселерді сызыпты. Ішінде менің де кітабым кеткен. Оған келген кезде: «Ондай мақалалар әркімде бар, менің де жазғандарым жинаса бір жинақ болады», – депті.

Мен өзім сыйлап жүрген үлкен жазушының бұл мінезіне әрі таңдандым, әрі ренжідім, бірақ алдына барғам жоқ. Алда жазушылар съезі тұр. Сонда бір есесін қайтарармын деп ойладым.

Міне, менің алдымда сол съезде сөйлеген сөзім жатыр, қолжазбам да, съездің стенограммасы да бар. Бұл – менің өмірімдегі ең бір қатты сөйлеген сөзім. Ғабитке «менің ЦК-м Серік болды» деп айтқызған сөз. Бұл сөздің қандай жағдайда айтылғанын, оның мазмұнын білмейтін кейінгі ұрпақтың кейбір өкілдері Ғабеңнің сөзін тікелей түсініп, ЦК-да істеген кезінде Серік Ғабиттің соңына түсіп, тыныштық бермеген екен деп ұғады. Солай деп жазғандар да бар. Шынында, бұл

сөз бірге жұмыс істесіп, мен қызметтен кеткен кезде, менің кітабымды жоспардан сызып тастаған адамға өкпеден туған еді. Ашумен автор одақ жұмысының көптеген кемшіліктерін ашып, бәрін одақ басшысының жауапкершілігіне артқан, сөзді түгелдей келтіріп жатпай-ақ қояйын. Ол әрі ұзақ, әрі орысша жазылған. Оқырманға түсінікті болу үшін оның негізгі қағидаларына тоқталу қажет болар деп ойлаймын.

Сол кездің салты бойынша сөздің партияның әдебиетке жасап отырған қамқорлығы мен талаптары жайында айтудан бастаппын да, біздің әдебиеттің кемшілік тұстарын көрсетуге көшіппін. Алдымен бүгінгі заман тақырыбына арналған шығармалардың жетімсіздігі және көркемдік сапасының төмендігі, жазушылардың өмірмен байланысының әлсіздігі, сынның әдебиет дамуына көмектесе алмай отырғаны туралы сөз болыпты. Сынның ағайыншылық мінезден арыла алмай отырғаны жайында айтқан Ғ.Мүсірепов сөзін қолдай отырып, баяндамашының өзі де батыл, өткір сынға барған жоқ. әркімнің аузымен сөйледі деп бір түйреп өтіппін. Баяндамада талдаудың жетімсіздігінен әдебиет табыстары қатарындағы шығармалар тиісті бағасын алмады. Т. Ахтанов романы жөніндегі Н.Тихоновтың, М.Қаратаев кітабы жөніндегі Г.Ломидзенің пікірлерін қоштайтынын ескертумен баяндамашы тыңдаушыларын алдаңқыратып кетті. «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде сынаған Қ.Бекқожин мен Х.Ерғалиев шығармалары жөніндегі көзқарасын айтып, соңғы екі ақынның кітаптарын әпербақан сыннан қорғауға тырысыппын. Осыдан соң Қазақстанда әдебиет сынының дамуына жағдай жоқтығына, шығармашылық командировкаға сыншылар жіберілмейтініне (менің де командировка сұраған өтінішім қанағаттандырылмағанына), сыншылар кітаптарының шықпайтынына арнайы тоқтаппын. Бізде жалғыз әдебиет журналы бар, көлемі сегіз-ақ баспақ табақ. Қазақстандағы бүкіл әдебиет жаңалығы осы журнал арқылы өтеді. Ондағы ең көлемді орын прозаға беріледі. Өлең-поэмалар да басылады. Ал, сын журналдың ең соңғы беттеріндегі артылған орынға ғана орналасады. Сондықтан редакция сын мақала көлемін шағындауды ескертеді де жүреді. 5–6 әңгіме жазған жас прозашы не он шақты өлең жазған жас ақын жинақ шығарады. Сыншы кітабы шықпайды. Әдеби сынға өмірін арнаған Б.Кенжебаев, Е.Ысмаилов, Т.Нұртазиндер осы күнге шейін бір жинақ шығарып көрген жоқ дей келіп, «Бұл мәселеге Мүсірепов жолдастың теріс қарайтыны мені таңғалдырады. Осы тақырыпқа әңгіме боп қалса, ол өзін көлденең тартады. Менде де бір кітаптық мақала бар дейді. Ол

рас, жолдас Мүсірепов, сізде әдебиет тақырыбына арналған мақалалар көп. Оларды жинап бастырам десеңіз, ешкім қолыңызды қақпайды. Өйткені, әдебиетті жасаушы тәжірибесі – біз үшін үлкен сабақ. Онда әдеби шеберліктің мәселелері де сөз болады. Мұндай еңбектер С.Сейфуллинде де, М.Әуезовте де, С.Мұқановта да бар. Оларды жинап бастыру керек. Мәскеу басшылары осылай етеді. Олар Фединнің, Жаковтың, Исаковскийдің, Чуковскийдің жинақтарын шығарды. Сіздің де бұған құқыңыз бар, Мүсірепов жолдас! Құқыңызды пайдаланыңыз. Ал, пайдаланбайды екенсіз, басқаға бөгет жасамаңыз. Сіз одаққа басшы боп келгенде, біз қуанып едік. Сізден көп үміт күткеміз. Онымыз ақталмады. Бұл Абайдың «дәрежең өскенше, тілеуіңді өзің де, ел де тілейді. Дәрежең өскен соң тілеуіңді өзің ғана тілейсің» деген сөзін келтіріп, шығып қалған тағы да жеті жас ақынның тағдырлары жайлы айтыппын. Ғабеңе батқан осы сөздер болса керек. Ышқынып кетті. Мұндай сөздерді, әсіресе менен күте қоймаған болу керек. Зал толы. Жазушылар съезіне халық көп жиналатын әдеті. Жазушылардың өздерінен басқа шақырумен келгендер көп. Олар мен сөйлеп болғанда ду қол шапалақтады. Сөздің оларға жасаған әсерін басу керек болды да, Ғабең мен сөйлеп болысымен, бірден жауап беруге ұмтылды. Бәрін де жұмсартып, екеуміздің арамызда бұрыннан келе жатқан бір кикілжің бар сияқты көрсетуге тырысты. «Менің ЦК-м Қирабаев болды», – деді. Жұртқа бұл сөз кері әсер етіп, қайта қол соғылды.

Әрине, мен дәл осы тұстағы Ғабең психологиясын түсінемін. Өмірдің азапты, ауыр соқпағынан көп өткен кісілер ғой, өмірлері күреспен өтті. 20-жылдардан бастап қазақ оқырмандарының өзін екі жікке бөліп, ауыр тағдыр айтыстырып қойды. Үлкен жиындарда кімді-кім жеңеді деп қарайтын. Сонда жалған да болса халық көзіне өздерін өктем көрсету үшін алдап кетуге де баратын. 20-жылдар тарихын көп қараған маған ол мінез мәлім еді. Ғабең осы жолы сол кәрі әдісін қолданды. Аудиторияны алдап кетті. Мұны мен кейін съезд соңында қайта сөз сұрап алып айттым. Бірақ ол кезде залда жазушылар ғана қалған. Сөз терген көп жұрт Ғабең сөзіне иланып кетті.

Ал, Ғабең болса, мен сөйлегеннен кейін: «Ал, мен қойдым, біріміздің соң біріміз справка беріп жату жараспас» деген сөзбен тоқтады.

Осыдан біраз күн кейін Сафуан Шаймерденов үйіне конаққа шақырды. Барсақ, Сәбең, Ғабең бәйбішелерімен келіпті. Басқа адам жоқ. Қой сойған екен, бірден әкелді.

Сәбеңе бас тартты. Мәкең (Мариям – Сәбиттің жолдасы) алдына тіл қойды. О кісілермен қатар отырған Ғабең қалжыңға сүйеп:

– Сен екеуің, бірің – бас ұстап, екіншің тіл жегенде, біз не жейміз, – деді де, Мариямның алдындағы тілді өзіне тартып алды. Оның ұш жағынан үлкендеу қып кесіп алды да: «Мә, тілің өткір болсын! Осымен қояйық, татуласайық!» деді. Мен «рақмет» айтып, тілді алып жедім. Ғабең қылығын ел мақұл көріп мәз болып қалды.

– Е бәсе, дұрыс, – деді Сәбең.

– Өзім де осылай болар деп шақырып ем, Ғабеңнің қолын ал, – деді Сафуан. Мен қолын ұстадым. Осымен өкпе тарқағандай болды.

Сын деген дәрі сияқты ғой. Ащы да болса пайдалы. Менің сол съезде айтқандарым ешкім мақұл деп бас шұлғымағанмен, үн-түнсіз жүзеге асты. Үлкен жазушылардың сыншылдық ой-пікірлерін жинап бастыру қолға алынды. Әуелі Мұхаңның «Әр жылдар ойлары», Сәбеңнің «Өсу жолдарымыз» атты кітаптары шықты. Аға сыншылар да кітаптарын бастыру қамына кірісті. Менің жоспардан шығып қалған кітабым 1960 жылдың жоспарына кірді. Ал, Ғабең өзі де мақалаларын жинастыра бастады. Ол сәл кейіндеу «Суреткер парызы» деген атпен жарық көрді.

Осы жылдары Ғабеңмен менің жақынырақ табысуыма, отбасымызбен араласуыма Ғабиден Мұстафин себепкер болды. Бұл кісімен мен Мәжит Сейфуллин арқылы танысып, туыс боп араласа бастағам. Екі шал (Ғабитті «қара шал», Ғабиденді «Сары шал» деуші едік) карта ойнайды. Оған мені де шақыратын болды. Әлжаппар мен Жұбан осы топтың белсенді мүшелері. Арагідік басқа адамдар қатысып ойнайды. Ол кезде Жазушылар одағының Министрлер кеңесінің екінші демалыс үйінде екі үйі болатын. Әр қайсысында сегіз бөлме (екі жағынан кіретін 4 бөлмелі пәтер) бар. Барлығы 16 бөлме. Жазушылар үлкендеуі екі бөлмеден, жастары бір бөлме алып жазды осында өткізеді. Мұхаңа, Сәбеңе, Ғабеңе, Ғабекеңе Үкімет жеке-жеке саяжай бөлетін. Демалыс үйінің корпусынан да орын тиетін. Онда көбінесе, әртістер тұратын. Жаз бойы ел у-шу, «ойдағы ел, қырдағы елмен араласып» ерлер карта, әйелдері лото ойнайтын. Екі жағы қосылып «тоғызыншы валл» деген карта ойынына жиналатын.

Кейінгі бір жылдары екі шал инфаркт алып, тауға шықпай қалды. Бір жазын қалада өткізді. Демалыс күндері тау жаққа емес, ой жаққа, Талдықорғанға баратын жолдың үстінде Дмитриевкадан өте, Николаевкаға жетпей, өзеннің

бір кең, ағашты алқабы болатын, сонда күн ұзаққа демалып, карта ойнап қайтады (ол жер кейін су қоймасына айналып кетті). Екі машинамен төрт семья барамыз. Әйелдер тамақ дайындайды, әңгімелеседі. Біз карта ойнаймыз.

Екі шал да содан кейін тауға шығуды тоқтатты. Қарғалыдағы тұтынушылар қоғамының демалыс үйінен саяжай жалдайтын болды. Бірер жылдан кейін Ғабиден сол жерден үй салдырды. Сөйтіп, сонда орнығып қалды.

1960 жылы күзде мен машина алдым. Жеке меншікке машина алу салтқа кіре бастаған кез. Үлкен жазушылардың көбінің машинасы бар. Кейінгі ұрпақ өкілдерінен әуелі Сафуан, содан соң Әбдіжәміл, үшінші боп мен алдым. Бір күні Жазушылар одағында Ғабең кездесіп қалды.

– Әй, сен машина алды дей ме? – деді даусын соза түсіп ыңыранып.

– Иә, алдым.

– Оны өзің жүргізесің бе, шоферің бар ма?

– Жүргізуді үйреніп жүрмін, әзірше шоферім жоқ.

– Онда менің Анатолий деген шоферім бар, жақсы жігіт. Бір жылдай соны ұстай тұр. Мен машинамды сатып жібердім. Келесі жылы машина алған соң қайтып алам. Қазір басқа жұмысқа орналасып кетсе, айырылып қалам ғой.

– Жарайды.

– Онда мен соған жіберейін.

Анатолий келіп, машинаға ие болды. Бір күні Құсни марқұм телефон соғады.

– Серік, Анатолийді бізге жіберсең қайтеді?

– Жіберейін.

Машинаға үйреніп қалған адам қолы қысқарып қалған болар деп ойладым. Құсни базарға, оны-мұны шаруаларына барып, қайтарады. Кейде Анатолий келіп: «Ғабең шақырып еді» дейді. Сонымен машинаны кезек міне бастадық. Бұл жағдай да екі үйдің өзара жақындасуына себеп болды.

Ғабеңнің бәйбішесі Құсни маған өте тәрбиелі адам сияқты көрінетін. Әуелі барып жүрген кездерімде оның жұмыс істеп отырған күйеуінің үстіне баса көктеп кірмей, түскі тамақ кезінде есікті екі рет тақылдатып кеткенін көріп едім. Осының өзі тәрбиеліктің белгісі болатын. Кейін араласа жүріп байқағаным – Ғабең сол үйдің ерке баласы сияқты екен. Ешуақытта әйелге есеп берген кісі емес. Келем деген уақытында келеді, кетем деген уақытында кетеді. Құснидің осы мінезділігін, төзімділігін Ғабеңнің пайдаланып кететін тұстары да аз болмаған. Ол кісінің серілігі, жүріс-тұрысы көпке аңызға айналғаны белгілі. Құсни Ғабеңнің еш ісіне араласпайды, отбасына, ас-суына ғана ие.

Ғабит мінезі басқа шалдардың бәрінен де ауыр еді. Қарта ойнап отырып, быт-шыт боп ашуланып, картаны тастап, отырған үйдің асына қарамай кетіп қала салу ол кісінің әдетінде жиі болатын. Қонақ үстінде ашуланып, тұстас құрбыларына бутылка лақтырған да шағы болған. Бірге жүрген әзіл-қалжыңы жарасқан достарының үстінен арыздар түсіп жатқан кезде, оған ара түсу орнына «шоқ, шоқ деп» мінез көрсеткені де жасырын емес. Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар комитетінде қазақ жазушыларының шығармалары талқыланғанда, оларға қолдау жасамағаны да мәлім. Мен мұның бәріне басқаша көзбен, түсініспікпен қараймын.

Ғабит – үлкен шебер жазушы. Оның өнері, алдымен, тілінде. Ал, тіл деген аударылмайды. Ғабит шығармаларының орыс тіліне өз дәрежесінде аударылмай жүргенінің өзі жазушы тілінің өрнектерін жеткізе алмаудан. Сондықтан Ғабит кітаптары орыстардың назарына аз ілікті. Қазақ жазушыларынан алдымен орыстар М.Әуезовті таныды. Одан кейін «Шығанақ», «Миллионердің» кезінде Ғабиден көзіне түсті. «Ботакөз», «Сырдариямен» Сәбит көрінді. Өзін осылардан кем санамайтын, тіпті қайсысы біреулерінен тәуірмін деп есептейтін Ғабит олардың табыстарына, сол себептен, қуана қоймады, оны ішкі қызғаныш, пендешілік сезім жеңді. Осы жағдайлар оның жүйкесіне әсер етті. Өзі Жазушылар одағының басшысы болып, одақтық ұйымның хатшысы болған тұстарда орыстар оның өзін танығанмен, шығармаларын мойындап үлгермейді, «Ұлпаны» Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, кейін түсіп қалды. Онымен бірге ұсынылған Жұбан Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болып кетті. Осындай жағдайда Ғабеңді пендешілік мінездердің жеңіп кеткені жасырын емес.

Өскен, қызмет істеген замандары да соған тәрбиелеген болар, Ғабең қайшылықты, күрделі кісі еді. Ол кісі уәде берді деп малдану қиын болатын. Белгілі бір жағдайларға қарай өзгеріп, айнып кете салатын. Креслоны жек көрмейтін, креслосы бар адамға жалтақтау әдетінде бар еді. Жайшылықта басшылықты ұнатпай, оның кейбір істеріне сын көзімен қарап, оппозициядағы адамша көрінетін ол, бетпе-бет келгенде басшылар алдында сол пікірлерін айтпайтын. Отызыншы жылдардан бастап басшы қызметтерге араласқан ол басшы алдында пікірін ашық айту неге апарып соғатынын жақсы білген. Сол әдетінен кейін де өзгерген жоқ. Мұны мен Орталық Комитетте істеп жүрген кезде байқағанмын, кейін

де Жазушылар одағының президиумында, секретариатында бірге мүше боп жүрген кездерде де аңдадым. Екі рет 60 және 70 жылдығымен құттықтап, Д.А.Қонаевтың алдына бірге барғанымыз (секретариат мүшелері) бар. Сол кісінің алдында да шешіліп сөйлегенін көргенім жоқ. Қайта Ғабиден ойындағысын ашық айтатын, жалтақ емес еді. Әнуар әлімжанов пен Олжас Сүлейменов одақ басшылығына сайланарда да Ғабиттің «қазақ тілін білмейді, қазақша кітап оқымайды, бұл ұлт әдебиетіне зорлық қой» деп талай жерде айтқанын естідім. Бірақ, оларды сайлайтын пленумдарда сөйлемеді. Олжас Жазушылар одағына бірінші хатшы болайын деп жатыр деп естіген бір «досы» Ғабитке барыпты. Ғабең ол кезде ауруханада жатқан. Осы хабарды айтып, Қонаевқа барып, тоқтатуды сұраған. Ғабең Ғабиденге телефон соғады: «Мен ауруханада жатырмын. Сен Қонаевқа бар, екеуіміздің атымыздан айт, мынау сұмдық қой, әдебиет қазақ әдебиеті болудан қалады ғой» депті. Келген жігіт Ғабиденге барып, оны алып келеді. Қонаевқа бірден кіре алмайды, идеология жөніндегі хатшыда болады. Ол мәселенің шешіліп кеткенін, енді ол кісіге кірудің қажетсіздігін ескертеді. Салы суға кетіп Ғабиден мен Олжастың «досы» қайтады. Сөйткен, Ғабеңнің Жазушылар одағының кезекті бір пленумында: «Олжастың одаққа келгені жақсы болды, оны жіберген Қонаевқа рақмет!» деп сөйлегенін бәріміз де естігенбіз.

Тағы бір мысал: Ғылым Академиясында сайлау өтетін болып, академиктік орынға Әбділдә Тәжібаев пен Зәки Ахметов таласты. Жоғарыда айтқан Олжастың «досы» әр нәрсеге араласқыш. Сол Ғабитті, Әбділдәны қосып қонаққа шақырады. Әбділданы қолдауын өтінеді. Ғабит тебіреніп сөз сөйледі, Әбділдәның әдебиетке қосқан үлесін, әлдеқашан академик болуы керектігін айтады. Жиналған жұрт риза болысып, Ғабит қолдаған соң сайланып қалғандай көрініп, Әбділдәны құттықтай бастайды. Сайлау үстінде Орталық Комитет те, Академияның басшылары да Зәкиді қолдайды. Димекеңнің сәлемін жеткізеді. Осы кезде Ғабит сөйлеп: «Ал, жігіттер, тұрып дауыс берейік, Димекең айтса, не тұрыс бар? Зәкиді қолдайық» деп орнынан тұрады. Серікбай Бейсембаевқа бұрылып: «Сен, Серікбай, бұра тартпа, Зәкиге дауыс бер» деп оны үгіттейді. Сөйтіп, сол жолы Зәки Ахметов академик боп сайланды. Әбділдә сол сөзінен кейін Ғабитпен тіпті суысып кетті.

Ғабиттің әдебиет, әдеби шығарма жөніндегі екіұшты пікірлері де аз емес. «Абай» романының алғашқы кітабы шыққанда «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында

отырып «мылжың кітап, маған берсе, тең жартысын қысқартар едім» дегенін, кейін сол романды мақтап мақала жазғанын Мұқан Иманжанов таңғалып айтатын еді. Мұқан – өтірік айтпайтын адам. Ғабеңнің жазушылығын сыйлайтын, өзі құрметтейтін, жазушының әлгіндей екі сөйлегеніне таңырқайтын. Тұрсынзада Есімжановты мақтап, оның кітабына алғысөз жазып, кітап Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда, бұғып қалғанын мен көзіммен көргенмін.

Әрине, бұлардың бәрін мен Ғабитті мұқату мақсатында жазып отырғаным жоқ. Естелік болған соң есте қалған жақсы-жаман қылықтардың бәрі адал, шын айтылуы керек қой. Тарих мақтауды да, даттауды да көтермейді. Барды барша, жоқты жоқша айтуды сүйеді. Біртіндеп ұлы адамдардың пендешілік қылықтары ұмытылады. Артында қалатыны, ұзақ сақталатыны – олардың кітаптары. Ғабит те тарихта шығармаларымен қалады.

Ғабиттің құрбыларымен қарым-қатынасы біркелкі болмағанын сөз еттік қой, кезінде Сәкенді өкпелетіп алғанын өзі де, көргендер де айтатын, Мұхтармен екі арасындағы әңгімені Әлжаппар Әбішев талай жазды. Сәбитпен де, құдалығына қарамай (Ғабиттің үлкен қызы Ғалияға Сәбиттің үлкен ұлы Арыстан үйленген) бірқалыпта қалтқысыз көңілмен өмір сүрді деу қиын. Құрбыларының ішінде қатты сыйласқаны – Ғабиден. Екеуі құрдас, бірге карта ойнайды, қатты қалжыңдасады. Бірін-бірі көргенде шыдап тұра алмайды, «тазды таз көрсе, басы қышиды» дегендей, міндетті түрде бірдеме айтып қажап отыруды әдетке айналдырған. Солармен бірге болған күндерде өзім куә болған екеуінің қалжыңы, әзілі, ойыны жайында кезінде Ғабиден туралы естелікте жазған едім. Оларды қайталамай-ақ қояйын. Ғабиден үйіне келгенде Ғабит біресе арақ ішем деп, біресе коньяк ішем деп, «мынаның екеуі де татымсыз екен, шампанская аш» деп әйтеуір барлық бутылкаларын аштырып рәсуа етіп кететін. Бір жолы қызмет еткен мен «не құяйын?» деп сұрағанымда, «ағаңның арағын аяйсың ба, әр қайсысынан құйып қой, қалағанымызды ішіп отырайық» деген. Ғабиденді сарań деп қажайтын еді, мынасы соған жасаған қысастығы.

Ғабиден де ақысын жібермейді. Бір жерде екеуі қатысып карта ойнапты. Ғабит «Мизер» десе, Ғабиден «тоғыз» деп басып алыпты. Жерден алған картасы нашар болғанына карамастан Ғабиден «10» деп жариялайды. Ғабит картасын тастай салады. Сөйтсе, қолында «8» ойыны бар екен, соған тәуекел етіп ойнаса, жерден карта шықпайды. Тоғыздан

құлаған не, оннан құлаған не, тәуекел, бұларды қорқытайын деп, 10 жариялапты. Сөйтіп, алдап кетіп, «қорқақ» деп Ғабитті мазақ ететін. Осы мінезін Жұбан екеуімізге де бір қайталағысы келіп еді, біз сезіп қалып, ұстап алғанда «әлгі итті, сөйтіп қорқытып ала беруші ем» деп құрдасын еске алғаны бар.

Жоғарыда айттым ғой, алпысыншы жылдардың аяқ кезінде бір жазда екеуі де инфаркт алып, тауға шықпай, қалада болды. Демалыс күндерін Дмитриевканың арғы жағындағы бір өзен алқабында, ағаш ішінде өткізетін. Бір жолы одақтың үлкен «ЗИЛ» машинасының үстінде жеткенше отырып карта ойнадық. Ғабеңнің жаңа алған бір туфлиі бар екен, біреуі аяғын қысып, шешіп қойып отырды. Ғабиден оны ақырын аяғымен сырғытып, машинаның есігін ашып, насыбайын түкірген болып, түсіріп кетті. Машина тоқтаған жерде Ғабит туфлиін таба алмай ақыры Ғабиденнен көріп тынды. Дмитриевка селосына машина жіберіп, аяқ-киім алдырып киіп қайтты.

Екінші бір жолы, содан бір жеті кейін, демалыс күні тағы сол жерге бардық. Ғабиден, Ғабит, Ғали, мен – төртеуміз едік. Әйелдерден Құсни мен Ғалекең бәйбішесі Айтбала ерген. Зейне мен Әлия бара алмай қалған. Екі әйел тамақ дайындағанша, біз карта ойнап, тамаққа таянғанда, жуынып, бой сергітейік деп өзенге суға түстік. Ғабит асығыс киінді де, алды-артына карамай кетіп қалды.

– Ана ит бір нәрсені бүлдіруге кетті, – деді Ғабиден. Артынан ере жүрді. Біз де аяндадық. Келсек, Ғабиденнің ағаш бұтағында ілулі тұрған пиджагын тығып тастапты. Ғабиден барып оның карта ойнаған жерде жатқан көзілдіріктерін жинап алды. Екеуі беріспей біраз отырды да, енді райларынан қайтқан кезде, Ғабит пиджакті қай ағаштың түбіне тыққанын таба алмай қалды. Бәріміз іздеп таппадық. Сол күні Ғабиден пиджаксыз қайтты. Мұндай әзілдері көп болатын. Ғабең – темекіні көп тартқан адам. Бірін сөндіріп, екіншісін тартып, бұрқыратып отырғаны. Мүштүкпен тартады. Жайшылықта жинақы, таза адам, темекі тартқанда, оның күлін бір жерге түсіріп отыруды да ескермейді. Темекі күлі кез келген жерге үгіліп түсіп жатады. Ол тамақ ішіп отырған дастарқан ба, карта ойнап отырған үстел, бәрібір. Сонсоң үстел үстіне түскен күлді үріп, отырғандардың үстіне шашыратады.

– Ит, жеген боғынды дұрыстап жемейсің бе? – деп боктайды Ғабиден.

Менің бірде (инфаркт алған кезде):

– Осы темекі денсаулығыңызға зиян емес пе, тым көп тартасыз дегенімде:

– Сен білесің бе, сүрленген ет көпке шыдай ма, жас ет шыдамды бола ма? – деп кері сұрақ қойғаны бар.

Суреткер адам ғой, образбен ойлап отыратын. Бірде ауруханада жатқанда көңілін сұрап барған маған:

– Мен пеницеллиннің образын таптым, – деді, – ол өрт сөндіруші екен. Өртті сөндіргенмен, үй ішін түгел талқандап, бүлдіріп кетеді. Пеницеллин де сондай, ауруды жазғанмен, дененді, іш құрылысынды ойрандап кетеді екен.

Әдемі табылған образ. Ойға келмеген. Ғабең ғана ойлап тапқан.

Ғабең – қазақ жазушылары ішінде ең көп жасаған адам. Ғабиден екеуі құрдас еді. Қатар жасады. Ғабең Ғабиденнен бір жылға жуық кейін қайтты (Ғабиден қаңтарда, Ғабит желтоқсанда). 6–7 айдай үлкендігі тағы бар. Көп жасаған адам көп көреді. Қазақ жазушылар ішінде құрметті де, сыйды да көп көрген осы екеуі. Кейінгі ұрпақ өкілдерімен көп араласты. Ұлттық әдебиетіміздің өсіп жетілгенін көрді, талантты, жаңа ұрпақты таныды. Құрбыларына жасаған мінезін кейінгі жастарға көрсеткен жоқ. Олардың жаңа шығармаларын оқып, көмектесті, қамқорлық жасады. Елуінші жылдардың басында Сафуан Шаймерденовтің «Болашаққа жол» атты тұңғыш романын қолдап, Жазушылар одағындағы талқылауда баяндама жасағанын көзіммен көргем. Сонда Сафуанға көп үміт арта сөйлеген. Мұхтар Шаханов пен Мұхтар Мағауин жөнінде жазған «Екі Мұхтар» деген мақаласы көпке мәлім. Сонда екеуінің сәтті ізденістеріне қуаныш білдірген. Баяндамалары мен мақалаларында көптеген жастардың аттарын атап, әдебиет болашағын танығанын байқатады.

Өзінің айтуы бойынша, Сәкен ұсталарынан аз күн бұрын келіп: «Заман беті бұзылып барады, біз кетеміз. Сен аман қаларсың. Сені мынау үй (өлкелік партия комитетін айтады, Ғабит сонда істеген) сақтар. Кейінгі жастарға басшы боп сен қаларсың, соларға қамқор бол» депті. Шынында, сол міндетті тағдыр Ғабитке жүктеді. Сәбит барда сонымен бөлісті. Сәбең де жастарға көмектесуден шаршамайтын еді. Ерте кетіп, артын Ғабитке тастап кетті. Бүкіл әдебиет қауымы, үлкені бар, кішісі бар, оны аға тұтты. Атын да атамай «Ғабе» деді. (Ғабитті «Ғабе», Ғабиденді «Ғабеке» деуші ек). Елі де құрметтеді. Көп жылдар КСРО Жоғары Кеңесіне, Қазақстан Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды, Орталық Комитетінің мүшесі болды. Ол көрген құрметті бұған дейін бір де-бір жазушы көрген жоқ. Сәкен, Бейімбет, Ілиястар қырықтан жаңа асқан кезінде өтсе, Мұхтар алпыстан аса, Сәбит

жетпістен аса қайтты. Сондықтан Ғабитке деген халықтық құрмет арманда кеткен арыстарға деген ел ылтипаты еді. Сол ағаларына бұйырмаған атақ та Ғабитке тиісті болды. Қазақ жазушылары ішінен жалғыз Социалистік Еңбек Ері атанды. Екі рет (1957–1961 жж., 1964–1966 жж.) одаққа басшылық жасады. Ол да ағаларына ерекше құрмет көрсететін. Оларды ылтипатпен атайтын, қылықтарын сүйсініп, сағынып еске алатын. Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Сәбит – бесеуін «алыптар тобы» деп атандырған да сол. Олардың әрқайсысы жөнінде естелік-эссе жазды. Мұхтар мен Сәбит қайтқанда тебіреніп сөйлегені көз алдымызда. Өзі де сол «алыптар тобының» соңы болды.

Соңғы жылдары Ғабит Жазушылар одағының «Ақсақалдар алқасын» басқарды. Сонда әдебиеттің сапасы, көркемдік жетістігі, жастарды тәрбиелеу мәселелеріне зор көңіл бөлгенін ерекше атауға болады. Ол тіл білмеген, сөзді орнына қолдана алмаған адамды жазушы деп танымайтын. Оны талай айтты, Жазушы тілі, көркем әдебиет тілі тақырыбына оның сөйлеген сөздері, жазған мақалалары, жасаған баяндамалары – өз алдына бір кітап боларлықтай. Ақсақалдар алқасы көркем әдебиет тіліне арнап арнайы конференция өткізді. Алқаның тапсыруымен мен оны ұйымдастыруға қатыстым. Конференцияны да кіріспе сөзбен мен аштым. Ғабең сонда керемет баяндама жасап еді. Ұзақ сөйледі, көп материал келтірді, көп сын да айтты. (Конференция материалдары кітап болып басылды). Соның бәрі әдебиетке деген ағалық қамқорлық болатын. Ағаны еске алғанда, бұлар ешуақытта ұмытылмайды. Сондықтан оның еңбегін, кітаптарын қандай сүйіп оқысақ, есімін де құрметпен атаймыз. Қазіргі «Жаңа ұрпақта» кешегі кеңес дәуірінде туған әдебиетке, жасалған өнер туындыларына, оқымай, көрмей, білмей тұрып, қол сілтей салатын «соқырлық» пайда болғанын көріп жүрміз. Бұл – ұлттық мұраны өркендетпейді, оны сыйламауға үйретеді. Сол бір қиын заманда кім қалай өмір сүрді, не жазды, қалай жазды, оның өзі қандай жазушы, ақын, өнерпаз екендігін білу үшін олардың еңбегін оқу, көру керек. Тек осылай қарағанда ғана кімнің кім екенін түсінеміз. Ғабиттің де ұлы тұлға екенін білеміз, мойындаймыз.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ,
Қазақстанның халық жазушысы, академик

Мүсірепов туралы сөз

«Қастары қиғаш-қиғаш біткен қара кісі паң да, тәкаппар да емес. Дауысын көтере сөйлегенін, бір адамға суық жүз көрсетіп, қабақ шытқанын ешкім көрген де, естіген де емес. Ала көзін бір төңкеріп, қалың қабағын бір түйіп қалса, бұл маңайдағы елдер басына жамылғандай болар еді. Бірақ күш белгісін көрсетуді ол ұмытқан адам сияқты. Айбар барын өзі де жақсы білетін болғандықтан, құдірет тізгінін қаңтарып ұстайды. Бұйырғаны – өтінгендей ғана, кесім айтқаны – бітім айтқандай ғана.» Осы елдің мұндай момынды осы күнге дейін қалай талап тауыспағанына таңғалғандайсың!..

Бұл кім?

Бұл – Мүсірепов Ғабит.

Жоқ, Ғабит емес, Мүсіреповтің бас кітабындағы бас кейіпкер Игілік.

Бола берсін, бәрібір өзі – Ғабит.

Гюстав Флобер: «Эмма Бовари – мен» десе, Лев Толстой: «Наташа Ростова – өзім» десе, Валентин Катаев: «Менің ғұмыр бойы жазып жүргенім – тек өзім ғана» десе, Игілік неге Ғабиттің өзі бола алмайды?

Қараңыз: қара кісінің дәл көзінің үстінен үркіп ұша берген зымыран құстың қос қанаты тәрізді қиғаш-қиғаш қас – сөз жоқ, Ғабиттің қасы. Бұл қас бізге мектеп қабырғасынан – оныншы сыныптың әдебиет оқулығынан таныс. «Ғабит Мүсірепов» деген монографиялық тараудың жоғарғы жағындағы жазушы суретіне қызыға қарап отырып:

– Япырым-ау, қас деген қабақ үстінде доғадай иіліп көлденең жатпаушы ма еді, мынау миыққа серпіле шаншылып қалған неткен қас? – деп таңданатынбыз.

Осылай Ғабеңнің әшейін қасы-көзіне сырттай тамсанып жүрген біздер есейе келе әдебиет ордасының есігін ашып, өзіне кездестік.

Төрде төрт адам отыр: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин. Пah!..

Бұлар кәдімгі Мүсірепов саралап-даралаған «Алыптар тобының» сол кезде көзі тірі төртеуі. Тағы бір үшеуі – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров жоқ, өздерінен бұрынғы Шәкәрім Құдайбердиевтен кейін, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов секілді хас зиялылармен қарайлас атылып кеткен.

– Жазықсыздан жазықсыз...

– Жазықсыз болса, неге атылады?

– «Халық жауы» болған соң атылады.

– Жазықсыздан жазықсыз қайтіп халық жауы болады, айналайын-ау?

– Өй, халқын жақсы көрсе қалай «халық жауы» болмайды: ұлтын сүйеді, ұлтын сүйген адам – ұлтшыл. Ұлтшылды неге атып өлтірмеске!

Ал керек болса!

Он бес жасынан бастап сексен үшке дейін Мүсірепов өмір сүрген миғұла мезгілдің мінезін, Мүсірепов шығармашылығы қалыптасқан опасыз уақыт пен кеңістік сырын өзіңіз осыдан-ақ біле бергейсіз.

Қазақтардың ары – аппақ, тап-таза ары, көркем тарихы, сұлу шежіресі болып табылатын және осынау қазақ ұлтының – ұлы халық екенін алдымен осы халықтың өзіне, содан соң өзгелерге – шет жұртқа, мүмкіндігінше күллі адамзатқа танытқан, танытып келе жатқан, алға қарай таныта беретін біздің сөз өнерімізге хан-қазына болып қосылған «Оянған өлке» мен «Қазақ солдаты», бұлармен бірге том-том таңдаулы прозалық һәм драматургиялық туындыларын Ғабит Мүсірепов туған халқының жартысынан көбі шыбындай қырылып аштан өліп, одан қалғаны қуғын-сүргін көріп, итжеккенге айдалып атылып-асылып, одан қалғаны сұрапыл соғыс майдандарында қаза тауып жер жастанып жатқан әлгідей адам айтқысыз аласапыран, қара жамылған қасіретті мезгіл мен мекенде өмір сүре – әрі-сәрі, ит-ырғылжың тіршілік ете, ғұмыр кеше жүріп жазып, өзінің құдіретті дарын – қайсар талант ретіндегі қайталанбас шығармашылық автопортретін жасап, оны халқымыздың көркемдік даму тарихындағы мәңгілік мұнаралардың біріне айналдыра сомдап, Твардовский айтқандай, шыңдап қана қоймай, шегелеп кетті.

Демек, суреткер туралы сырды оның бір кітабындағы бір ғана суреттен бастағанымыз жайдан-жай емес. Задында, жазушының шығармашылығы оның ғұмырнамасымен тығыз байланысты. Әр суреткердің өнері аумай-төкпей өмірдегі өзіне тартады.

Міне, сол – жаңағы өзіміз кірген әдебиет ордасындағы төрт алып – төрде отырған төрт классик. Әлгі бір Игілік – Ғабиттің портреті секілді осы отырғандардың тек бір-бір кітабындағы бір-бір бейне (айталық, Мұкановтың – Бүркіті, Әуезовтің – Құнанбайы, Мұстафиннің – Сойдақтісі) арқылы әркайсысының тек ішкі-сыртқы кескін-келбетін шолып

шығудың өзі-ақ олардың әркайсысының шығармашылық болмыс-бітімі қандай және сол арқылы бүгінгі әдебиет дегеніміз не, әдебиетші дегеніміз кім екенін анық аңғартып, терең танытар едік.

Бірақ, ол мәселе өз алдына бөлек, бұл жолы қозғамаймыз; бүгінгі сөз бір ғана Мүсірепов туралы...

Жә, «Ғабит, сірә, осы болар» деген оймен әлгі төрт пайғамбардың ортасында отырған маңғаз қараға қарайсыз. Ол да сізге қарайды: онсыз да қиғаш-қиғаш қасын одан сайын қиғаштай керіп, толық денесін сізге қарай түгел бұра бере, шамадан тыс шалқая маңқиып, өр қарайды Көзімен емес, танауымен қарайтын секілді. Сырты тым салқын, самарқау, салғырт, сұсты да сесті. Сіз бір түрлі именіп, ыңғайсызданып қаласыз. «Не деген ақсүйек – кербез, тәкаппар, пан» деп ойлайсыз. Бірақ мұныңыз алғаш көргендегі тосын түйсіну, сырттай сезіну.

Одан соң тағы кездесесіз, одан соң тағы... Егер тағдыры мен талайы ұқсас таланттар тобынан болсаңыз, ол сізді сыртқа теппейді, сіз оның талғамы мен талабына ыңғайласып, келекеле кәдімгідей жақындасып, тіпті қоян-қолтық араласып, ақылдасып, пікірлесіп кетесіз. Дейтұрғанмен, сонда да баяғы маңғаз қалпы, самарқау, сізді өзіне тым етене, еміненркін жібермейді, белгілі бір қашықтықта ұстайды, бір түрлі бір алыстан құшақтайтын секілді.

Ғабеңнің жай Ғабит емес, Игілік – Ғабит екенін, яки өнері өзіне, өзі өнеріне айналып кеткен өзгеше бір бүтін бітім, тұтас тұлға екенін, міне, дәл осы тұста анық танып-білесіз. Сонда байқасаңыз, әлгіде өзі кескіндеген өзінің Игілік секілді мұның өзі де тіпті «пан да, тәкаппар да емес». Орынсыз даусын да көтермейді, қабағын да шытпайды. Ішінде үй жыққандай дауыл жатса да, сырты жым-жырт. Тағы да өзі суреттегендей, ешкімге күш көрсетпейді, құдірет тізгінін қаңтарып ұстайды. Шынында да «бұйырғаны – өтінгендей ғана, кесім айтқаны – бітім айтқандай ғана». Осы мінез бен мүсіннен, осы мазмұн мен пішіннен, осы болмыс пен бітімнен бір сәт айнып, не өзгеріп көрмеген феномен қалпында осы ғасырдың басында туып, аяғына аз қалғанда көз жұмып, дүниеден өткен қайран Ғабең – Ғабит аға Мүсірепов осындай еді ғой, шіркін!

Тоқтаңыз:

– Шіркін, шіркін!

Бұл не күрсіну? Ғабең қазір арамызда жоқ деп, жоқтап тұрмыз ба?

Жоқ, жоқ емес, бар. Ол тірі.

«Әдебиет әлемінде өлім болмайды, – деген Гоголь. – Өлгендер де құдды тірілер секілді, біздің іс-әрекетіміз бен

қимыл-қаракетімізге тікелей араласып тарта береді».

Абайды жатқа айтамыз:

«Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырған, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған».

Әрине, сыймайды. Мүсірепов – біртуар талант. Ал біртуардың ғұмырнамасында екі, яки туған күн, өлген күн дегендер болмайды, тек туған күні ғана болады. Сондықтан да ол – біртуар. Ол өмірге бір-ақ рет туады, яки бір-ақ рет келеді; келеді де кетпейді, солай тұрып қалады.

Қалай кетсін, қалай тұрып қалмасын?

Міне, біздің үлкен театр. Осы театрдың әрбір бұрышында көзінің нұры жалтырап-басылып, сахнасында сөзінің сыры жарқырап-ашылып, залдағы көп орындықтың бірінде Ғабеңнің өзі отырғандай емес пе?

Көзіміз көрер-көрмес, көкірегіміз сезер-сезбес, әйтеуір маңдай алдымызда аққудай тізіліп, «Гәккуін» сызылтып Күләш бастаған, Бибігүл қоштаған бұлбұл қыз Жібектер өтіп жатпай ма?

Қынаптан суырылған қылыштай жарқ-жұрқ етіп:

«Ер арманы – Жібек,
Тұғырында түлеп,
Түлеуменен жүдеп,
Отырмысың, тотым?», –

деп Құрманбек бастаған, Кәукен қоштаған тұлпар Бекежандар кіріп:

«Жайықтың ақ маралы ар ма, Жібек,
Алты айда әрең жеттім жадап-жүдеп.
Деуші еді күн тимеген, жел сүймеген,
қасында әлдебіреу бар ма, Жібек?» –

деп Қанабек бастаған, Байғали қоштаған сұңқар Төлегендер келіп:

«Тотыдайын таранған,
Сұңқардайың сыланған.
Сұлу Жібек ар ма екен?
құлап түскен қос жылан,

қолаң шашың иықта,
Бойында бір мін бар ма екен?» –

деп Манарбек бастаған, Ғарифолла қоштаған Шегелер жортып жүрмей ме?

Байсейітова, Төлегенова,
Жандарбеков, Кенжетаев,
Байсейітов, Досымжанов,
Ержанов, Құрманғалиев...

Осынау сегіз ғажайыптан кейін буын-буын сексен саңлақ – өнер саңлақтары; одан сегіз жүз, одан сегіз мың қыз Жібек, Төлеген, Бекежан, Шеге – андап-андап, күллі қаламызды жайлап, даламызды шарлап, қазақ елін алпыс жыл бойы ән мен жырға, сұлу сөз бен сырға, наз бен сазға бөлеп келе жатқан жоқ па? Ғабиттің «Қыз Жібегінсіз», жалпы, саз сахнасы бар ма қазақта? Ал экран да ше?

Мәскеуде – Қазақстан елшілігінің алдында – биік тұғырда Грибоедовтың ескерткіші тұр. Маңын қоршаған – өзін орыс әдебиетінің ұлы классигі етіп тарихта қалдырған жалғыз комедиясы «Ақыл азабының» персонаждары – тас мүсіндер: «Зевсті халық жасаған, Фидий тасқа қашаған» дегендей... Керемет емес пе?

Ал, енді драма театрына бара қалсақ, Мүсірепов жасаған және әйгілі сахна саңлақтарымен қосыла сомдаған Қожамқұлов – Қарабай, Қожамқұлов – Қоңқай, Қармысов – Қозы, Қармысов – Жантық, Жантөрин – Қодар, иә болмаса Айманов – Ақан, Қуанышбаев – Мылқау, немесе Өмірзақов – Амангелді... Грибоедовтікінен де керемет! Өйткені, Мүсірепов драматургиясы ұлы актерлер өткен, өскен, ұлыларды ұлылыққа жеткізген керемет мектеп – шеберлік мектебі болды. Көркем сөз шеберінің тағылымы қаламгерлер ғана емес, өнер қайраткерлерінің де осылайша туу, қалыптасу, даму, өсу-өркендеу қайнары болды. Сөйтіп, Мүсірепов театры қазақтың сахна өнеріне ренессанс әкелген театр болды. Кереметтің кереметі осы арада жатыр.

Затты айтсақ, жалпы жазушы деген, нақты айтсақ, жазушы Ғабит деген кім сонда? Жазушы қалай және неден жасалады?

«Жазушы – адам жанының инженері» деп білдік, оны «Ұлы көсем» айтты» деп жүрдік.

Одан да бұрын, осы ғасырдың басында Горький Сургучевке «Русьтағы ең жауапты және ең қиын қызмет – патшаның қызметі емес, жазушының қызметі» екенін айта келіп, «егер әдебиетші шын мәнінде әдебиетші болатын болса, тек қана әдебиетші қалпында қалуын» талап еткен. Өйткені, әдеби талант қолдан жасалмайтын, өзінде жоқ

Ғабит Мүсірепов
(1902–1985)

Ғабит және Құсни. 1929 ж.

Ғабеннің анасы – Дина
(1877–1957)

Ғабит, Құсни және қыздары – Энгелина мен Роза. 1929 ж.

Ғабит. 1926 ж.

Қазақстан Кеңес жазушыларының бірінші пленумы. 1932 ж.

Қазақ ССР жазушыларының 1-құрылтайы. Алматы, 25–29 ақпан. 1932 ж.

Қазақстан Кеңес жазушылары бірінші пленумының президиумы. 1932 ж.

Ғ.Мүсірепов, К.Байсейітова, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев т.б. Қазақстанға келетін кезекті қонақтарды әуежайда күтуде

1936 ж. Жамбыл қазақ ақын-жазушы, әншілерінің ортасында

Жамбыл мен Ғабит. 1936 ж.

М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев т.б. тау қойнауында

Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, К.Әзірбаев

М.Әуезов, Б.Кербебаев, К.Симонов, Ғ.Мүсірепов, З.Кедрина, Ғ.Мұстафин т.б.

Әзілдері жарасқан құрдастар. Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин

Үш бәйтерек: Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов

Т.Жароков, М.Әуезов, А.Сурков, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин т.б.

Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, П.Вершигора. Мәскеу. 1979 ж.

Жайлауда. Ғ.Мүсірепов, М.Әуезов, Ғ.Мұстафин т.б.

Қос құрдас: Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов

Мәскеу. Кремль. Қазақстан делегациясының С.Буденныймен ескерткіш үшін суретке түсуі

Ғ.Мүсірепов, Б.Кербебаев, Ғ.Мұстафин т.б. 1973 ж.

Тың өлкесінде. Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, И.Шухов. 1954 ж.

Ғ.Орманов, Ғ.Мүсірепов т.б. 1973 ж.

Ғабең – қазақ театр өнерін жасаушылардың бірі. Оның әңгімелері осы өнердің шежіресі іспеттес. Ғ.Мүсірепов, С.Оразалы. 1982 ж.

Ғ.Мүсірепов және Л.Соболев

Ғ.Мүсірепов,
Г.Марков, М.Әлімбаев,
Ә.Әлімжанов,
Ә.Шәріпов

Ғ.Мүсірепов,
А.Салынский,
С.Мұқанов

Сол жақтан: Бауыржан Момышұлы,
Мәжит Бегалин, Шәкен Айманов,
Ғабит Мүсірепов

Г.Абашидзе, К.Симонов, Ғ.Мүсірепов

Ғ.Мүсірепов, Т.Жароков, С.Мәуленов, С.Мұқанов өзбек жерінде

болса, өзгеден қарызға алу мүмкін емес, жер-жаһаннан іздесең де таптырмайтын нәрсе!

Сайып келгенде, жазушы – ұлттың рухани көсемі деп түйдік.

Бүгінде дүниедегі бар қасиеттің бәрі арзандап, жан инженерінің әшейін малтабарға айналып, пайғамбарлықтың әзәзілдікке ауысып, «көсем» дегеніңіздің көсеуге тұрмай құнсызданған шағында «жазушы» дегеннің эталоны керек бізге!

Демек, бүгінгідей биігірек той тойлаған тұсымызда тереңірек ой ойлап, жазушы Мүсіреповтің әрқашан (қай тұс, қандай жағдай болмасын) тек қана сол жазушы қалпында қалып қою құпиясын іздеп табуымыз шарт!

Талант тумыстан! Италиядағы «қайта өрлеу» бір ойшылы: «Рафаэль Санти анадан екі қолы жоқ шолақ болып туса да, бәрібір ғажайып суретші болған болар еді» депті.

Сол секілді, Ғабит Мүсірепов өзінің тұла бойы тұңғышы «Тулаған толқында» повесін жазбай, тіпті қағаз бетіне қалам тартпай тұрған тұмса тұсының өзінде-ақ жүрегі тола жыр, жаны жұмбақ сыр, сиқыр талант – тек әзірге жазбаған жазушы болатын. Сондықтан да, Мүсірепов қаламы қағазға тиген сәттен бастап-ақ бірден Мүсірепов болып шыға келеді. Сондықтан да «Қос шалқар» мен «Ұлпанның» арасында жарты ғасыр жатқанмен, жиырмасыншы жылдардың Ғабиті мен жетпісінші жылдардың Ғабиті өмірге өнер төгуде, өнерге өмір беруде бірін-бірі бірде-бір рет жатырқамастан өтті. Талант құдіреті деген осы болады.

«Алтын кездік қын түбінде жатпайды» дейді қазақ. Тумыстан талант болып жаралған жан сол талантын танытпай тынбайды. Бұған да Мүсіреповтің өмірі дәлел.

«Ақындық оқуы» дейтін оқу жоқ. қаламгерді қалам қызметіне тағдыры жетелейді, өмір әкеледі. Оның академиясы – өмір. Әйтпесе, Мүсірепов университет бітірген кісі емес.

Ғабеңнің еңбекке араласуы да қызық, шығармаларындағы шырғалаң тартыстар секілді қым-қиғаш: он екі жасында далада жүріп сиыр бақса, жиырма екі жасында қалаға келіп, өзі айтқандай, «кісі қорқытатын» милиционер болады. Бірақ, асылы, қаламгерлік қасиет – тума талант милицияның шинеліне сыймайтын болса керек, қолына наган орнына калам алып, әлгі кәсіптен тез тайқып шығады. Сірә, милиционердің міндеті – адамдарды, әсіресе, адамдардың ақыл-ойын түрмеге салу емес, түрмеден шығарып алу, қаралау емес, ақтау деп ұққан-ды. Бұл, әрине, заңгер емес, жан инженеріне тән мінез.

Шын, шынайы таланттың ішкі принципі әрқашан берік болады.

Отыз жетінші жылдың ала-топалаңында, мысалы, Мүсірепов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Мәдениет секторын басқарған екен. Мұның өзі әжептәуір әкімдік. Бірақ бұл жолы да оның әкімдігін ақындығы жеңіп, «халық жауы» атанып, ұсталып бара жатқан Майлинді өзі отырған үлкен мекемедегі әпербақандарға қосыла қаралаудың орнына жанұшыра ақтап:

– Бейімбет жау болса, мен де жаумын! – деп қасқиып қарап тұрған.

Бұл да мансап дегенді ешқашан мақсат тұтпаған марқасқа дарынға тән қайсарлық. Сонда деймін-ау, сонда сырты жұп-жуас, моп-момақан, момын Мүсіреповтің іші қандай алай-дүлей, асау, тентек! Міне, осы қарама-қарсылық яки хаос гармонияға көшкен жерден, дәлірек айтқанда, Мүсіреповтің түрі сырына, яки пішіні мазмұнына ауысқан шақтан, яғни өмірі өнерге айналған тұстан оның шығармашылығы басталған.

Аңыз бар. Өзіміздің Шығыста Керім дейтін бір керемет болыпты. Ұлтым, жұртым дегенде оттай маздаған, шоқтай қоздаған өз жүрегінің жалынына өзі күйіп, өртеніп өліпті. Адам жүрегіндегі осынау өрт махаббатты Назым Хикмет өлеңге айналдырған. Мен оны былай аудардым:

«Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап,
Біз жанбасақ лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ?»

Жаңағы өзін-өзі сырттай сөндіріп қойып, сап-салқын жүретін маңғаз Ғабит іштей дәл осылай лапылдап, жанып, жалындап, өртеніп өмір сүрген адам. Сондықтан да ол жазушы өз ұлтының рухани көсемі екенін өмірімен де, өнерімен де дәлелдеп кеткен адам.

Ал, өмір күнде той емес. Өмір сүру – азап, бейнет. Өмір сүру – толассыз тартыс, талас, күрес. Адам баласы қашаннан қараңғыдан жарыққа, төменнен жоғарыға, тапшылықтан молшылыққа, бейнеттен рақатқа ұмтылумен келеді. Адамның адам қоғамында өмір сүру мағынасының өзі осы. Дәл осы мағынада бүкіл әлемдік әдебиеттің, оның ішінде қазақ әдебиетінің алдында әдебиет әдебиет болғалы күн тәртібінен түспеген орасан өзекті, өте-мөте іргелі де күрделі екі-ақ сұрақ тұрған, тұр және тұра бермек.

Бірінші. Адам тіршілік ету үшін өмір неге жайсыз? Осыған кім жазықты?

Екінші. Адам жайлы өмірге қайткенде жетпек? Ол үшін не істеу керек?

Орыс әдебиетінің алтын ғасырында туған Герценнің «Кім жазықты?» романы мен Чернышевскийдің «Не істеу керек?» романы өздерінің атымен әдебиет аталуының затын нұсқап, көрсетіп тұр.

Әр жазушы тек осы екі сұраққа жауап беру үшін ғана өмір сүруі шарт. Әр жазушының өмір мен өнердегі орны осы екі сұраққа берген жауабымен өлшенуге тиіс.

Солженицыннің XX ғасырдағы орыс әдебиетіндегі ең үздік қаламгер, орыстардың бүгінгі Толстойы болып жүргені – әлгі екі сұрақтың біреуіне – «Кім жазықтыға» Солженицынше жауап бере білгендігінде. Ал енді екінші сұраққа – «Не істеу керекке» келгенде Солженицынның әзәзіл-шайтандығы басым. Осы албастының, мәселен, қазақ жері туралы сандырағы – үш ғасыр бойы қазақ жерінің кеңдігін қазақ халқының қасиетінен қасіретіне айналдырып келген империялық менмендіктің – озбыр отаршылдықтың жаңғырығы. Ал жаңғырықтан дыбыс тумайды. Әр ұлт үшін секілді «хаосты гармонияға», яки үндестікке көшіретін әдебиет – ардың ісі екенін ұмытып, арсыздыққа ауысқан Солженицын екінші сұраққа жауап бере алмайды.

Ал, біздің Мүсірепов ше?

«Оянған өлке» – Мүсіреповтің бас кітабы. Кітаптың тақырыбы қазақ қоғамының өткен ғасырдағы өмірі. Кітапта күн тәртібіне қойылып, романға арқау болған тарихи мәселе – отар қазақстанды отарлаған үстіне отарлай түсу арқылы дала тіршілігіне капиталистік қарым-қатынас еніп, осы дүбірден байтақ өлкенің оянуы, шошып оянуы. Романда Мүсіреповтің зергер қолымен шебер шешімін тапқан осынау сөз өнерінің өзегі, ар мен адамгершілікке суарылған анық, ашық идея – Солженицыннің зымиян, пасық идеясына қарама-қарсы. Бұл ретте Солженицыннің «толстойлығынан» гөрі Мүсіреповтің «толстойлығы» басым. Ендеше, Мүсірепов екінші сұрақтың да жауабын Мүсіреповше тапқан деуіміз керек.

«Теңіз сыры – тамшыдан» дегендей, «Оянған өлкенің» идеялық-көркемдік қасиетін тану үшін бір-ақ сөйлемін алайық: «Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп қонып жатқан екі бай ауыл ақ үйлерін әлі тіккен жоқ еді». Не аңғарамыз?

1. Тіл. Сымға тартқан күмістей. Сырлы да сиқырлы тіл. Мұндағы сөз – жай сөз емес, сөзбен салынған сурет. Ғабит шеберлігі әр сөздің орнын тауып, ойната білуінде. Олай болса, оның орнын тапқан екі сөзі қатар тұрса, Александр Потебня айтқандай, біріне-бірі сәуле түсіреді де, суретке айналады. Оның образы

осыдан туады. Осыдан да ол жазған сөзді оқып, көріп қана қоймайсың қолыңмен ұстайсың... Ал Ғабит сөзін қолыңмен ұстай алсаң, біріне-бірін ұрып байқашы, сыңғырлаған сұлу дыбыс шығады. Ғабиттің тілі үнді, әуенді, музыкалы тіл. Ғабитті оқығанда күллі көкірегің күйге толып, өз-өзіңнен ән салып отырасың.

2. Стиль. Стиль – адам. Ғабиттің әр сөйлемінің мақамынан, сазы мен назынан Ғабиттің өзі – оның сөзі, майдақоңыр дауысы, дыбысы анық танылады.

3. Тақырып. «Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп...» қайран қазағым, таласпай, тақаспай жүре ме? О заман да бұ заман, «алты бақан, ала ауыз» қазақтың бірлігі болған ба? Мынау егемендік алған, Ақ Орданың төбесіне аспан түстес азаттық Туымызды желбірете тігіп, бүкіл халық болып тұңғыш Президентімізді сайлаған бүгінгі тәуелсіз мемлекет кезіміздің өзінде бірлік бар ма бізде?!

4. Идея. Ақ боз үй... Игіліктің он екі қанат ақ үйінің «әр керегесін төрт жігіт қолдасып, әрең көтеріп, әрең жайды. Шаңырақты әуелі желбауынан керегеге асып қойып, одан кейін төрт жігіт бақанмен әрең көтерді. Дәл қазір үйді айнала тұра қалған салт атты жігіттер әрқайсысы бір-бір уық шаншып, шаңырақты жоғары көтеріп алып бара жатыр еді».

Байтақ даланың қожасы Игілік бидің он екі қанат ақ боз үйі – символ. Осы орданы озбыр отаршылдық қалай шайқалтқанын:

«Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек», –

деп Абай айтқандай, Игіліктер мен Жұмандарды заман қалай қарай, қайтіп сүйрегенін, малдылар ма, қалталылар ма, ол заманды кім билегені, жақсысы қайсы, жаманы қайсы, әйтеуір, заманға қай жаман қалай «күйлегенін», оны заман қалай илегенін Мүсірепов «Оянған өлкеде» асқан шеберлікпен һәм сұңғыла білгірлікпен жарқырата ашып көрсете тұра, елдің ен байлығын ақыр-аяғында бәрібір «Жат қолында» қалдырды. «Жат қолында» – «Оянған өлкенің» екінші кітабы. Осы романның идеялық-көркемдік құнын, «социалистік реализм» дейтін шынжырлы шілдердің, реализм, романтизм деген әдеби дамудың қашаннан жосылып жатқан қос рельсіне – екі даңғылына қарма-қарсы қырсық, кедергі екені, оның Мүсіреповтей әрі терең реалист, әрі биік романтиктің күллі шығармашылығындағы көркемдік киімін тонап-шешіп алып, оны жалаңаш, жарымжан идеяға ғана

тели жаздағанын дәл әлгі тұрғыдан байыптап-пайымдау қажет.

Адамды алға сүйремектің орнына жығып салып қамырдай илемек зар заманның әдебиетке тигізген зардабын дәл осы арадан іздеу керек.

Амал қанша, осы зардап Мүсірепов шығармашылығын да мықтап шарпыды.

«Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім қорқып келемін». «Қазақ солдатының» бас кейіпкері неден қашады? Колхоздан қашады... Мұнда үлкен астар бар. Бірақ, «Қазақ солдатының» авторы осы астардан асып алысқа бара алмады – астарды аллегориялық биікке көтеріп әкете алмады. Бұл да баяғы реализмнің алдына «социалистік» деген жасанды эпитет қосып, реалистік өнердің өзінің табиғи даму жолынан тайғызған адуын, аққөз әкімшілдіктің – партократияның қылған қылығы ғана емес, қылмысы еді.

Сонымен, Мүсірепов озбыр отаршылдық Игіліктің дарқан даладағы он екі қанат ақ үйін келе-келе қалай қаңыратып бос қалдырғанын, келе-келе күлдіреуішін сындырып, керегесін қиратып, қалай құлатып түсіргенін, осы ойранға кім кінәлы екенін жеріне жеткізіп айта алмай кетті.

Міне, «әдебиеттің таптығы», «әдебиеттің партиялылығы» деген шырмаудың әдебиетке әкелген шырғалаңы...

Бірақ, әйтеуір, шүкір, қазіргі қазақ әдебиетіндегі Мүсіреповтің ең талантты деген ізбасарлары – Абай, Әуезов, Мүсірепов дәстүрлерін одан әрі жалғастырып, әдебиет алдында тұрған әлгі бір-екі ұлы сұрақтың жауабын іздеп, еңбектену үстінде.

Мүсірепов туралы сөзімді мен оның өзі туралы, өнері туралы көзі тірісінде айтқан мына тұжырыммен аяқтасам деймін.

«Күллі қозғалысы, ең бір елеусіз қимылының өзі, ең арғы жағы шылымының күлін қаққанына дейін сабырлы, тіпті, салғырт, бірақ дәл, санаулы; әр қимылы мақсатсыз қыбыр етпейтін кісінің қылығы мен құлқын танытып тұр».

Фединнің Горький туралы айтқан осы сөзін оқысам, менің көз алдымда Мүсірепов тұрады. Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне солғұрлым ұқсас болады. Ғабит Мүсірепов – ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден «Мүсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек.

1992 жыл.

Сырбай МӘУЛЕНОВ, Қазақстанның халық жазушысы

Жол үстіндегі әңгімелер

(Ғабит Мүсірепов туралы)

– Жаңа ғана бесінші жолда тұр едік, енді ерсілі-қарсылы сүйретіп алтыншы жолға әкелді. Міне, тағы да селкілдетіп қозғап ала жөнелді. Қай жолдан шығар екенбіз. Әбден сілікпемізді шығарды. Қанша домалата беретінін бір құдайдың өзі білсін.

Бұл Омар, Сәт, Нұрқан ақсақалдардың Челябі станциясында әрлі-берлі жылжытылып, тұрағын таппай сүйреленіп жүргенде Қостанай вагонында айтқан сөздері еді... Ол кезде біз Алматыға Челябілетіп, Новосібірлетіп бір апта жүретінбіз. Қостанай вагоны тіркеуден ағытылып, Алматы бағытын бетке ұстайтын поезды күтетін.

– Тон деп, етегі жерді сызып жүрген Омекеңнің тонын айт. Омырауын ашып жіберсе, сүңгіп кетіп, жылынып шығамын. Сенің келте тоның кімге ықтасын болсын, кімді паналатуға жарайды, – деп Нұрқан маған әзілдеп қояды. Оның сөзін вагонда бірге келе жатқан әкімсымақ біреу қостап:

– Келте тонды қастерлеп, етек-жеңін кестелеп, бүрмелетіп қойыпты, – деп әзілдейді. Нұрқанның әзілі маған майдай жағады. Ал мынаның сөзі менің намысыма тиеді.

– Келте тоным болса да, көкірегімде санам бар. Тонға қарап тон пішер, сен секілді надандар, – деймін оған. Ол жақ ашпай, жым болады.

... Біздің вагонымыз тіркелетін пойыз келесі күні келді. Күн батар кезде Челябінің жыпылықтаған көмескі шамдары шығарып салды. «Алматыға, айтысқа барамыз деп, ауылды таба алмай, айдалада қалмасақ жарар еді» дейді Сәт ақын. «Өлең жолында өлсем де өкінішім жоқ» дейді Нұрқан.

Новосібірскіде де Челябінің кері келді. «Ал, алтыншы айналым, оныншы оралым басталады» дейді Нұрқан. Біздің вагонды тағы да қай жолға апарып тастайтыны белгісіз. Доңғалақтар зырылдап тағат таппайды. Келесі күні Новосібірден Қарағандыға бет алдық. Жерді жапқан қалың қар. Вагон әйнектері боз қырау, поезд ертеңгілік баяу ырғалып, ақырын жылжып Қарағандыға тоқтады. қарағанды күні қақап тұр екен. қарағандының қара суық желі адамның қойнынқонышына кіріп, өңменінен өтіп, іші-бауырыңды қалтыратады. Біздің алдымыздағы вагонға бір топ адам беттеп келе жатыр. Ортасында орта бойлы кісі маңғаз басып келеді.

– Мынау Ғабит қой, – деді қасымдағы Нұрқан ол кісіні

анадайдан танып. Олар вагонға отырды. Кешегі келе жатқан паровоз аз аялдап, «осы тоқтағаным да жетер» дегендей, бір айқайлап алып, ауыр теңселіп орнынан қозғалды. Қарағандыдан шыққаннан кейін Нұрқан: «Ғабитке сәлем беремін. Ашаршылық кезінде Торғайда болып, біраз уақыт дәмдес болып едік», – деді. Мен Ғабитті көруге, әңгімесін тыңдауға құштармын, қуанып кеттім. Қарттар купеде қалды да, біз, Нұрқан екеуміз, келесі вагонға қарай адымдадық. Ғабең бір купеде төрт адам отыр екен.

– Ә, Нұрқан, аманбысың? Отыз екінші жылы бір жүк машинасын атып алған құсқа толтырып, Торғайға құлап едік-ау. Одан бері он жыл өтті. Жер құнарланып, ел тыңаяды деп, ол тұста кім ойлаған. – Ғабең осылай толғанға үн қатып, Нұрқанды бір шолып өтті. – Әмір, бұл ақын қарағандылықтар сияқты Алматыға, республикалық айтысқа бара жатқан болуға керек, – деп жанында отырған жас жігітке қарады. – Бұл – түбі қостанайлық Әмір Қанапин деген жолдас, Қарағанды обкомының секретары. Айтысқа ақындарды бастап барады, – деп оны Нұрқанға таныстырды.

– Мына жігіт кім? Түрі Жамбылдың Тезекбайына келеді екен, – деп мойнын маған қарай бұрды.

– Бұл бала – ақын, біздің басшымыз. Соғыста жараланған. Газет қызметкері.

– Бала да болса басшы екен ғой, – деп әмір кекете сөйледі. әмірдің сөзінен тәкаппар мінезі белгі беріп тұрғандай. «Оқ тигенде қан көп кетті. Жарақат жарты өмірімді алып кеткендей. қыстың көзі қырауда, алыстағы Алматыға сапар шегуім қиын болар деп едім, оған жергілікті әкімдер көнбей бізге осы баланы қосты» деді Нұрқан.

– Бізге басшылық қайда, атқосшы болсақ та жарайды, – дедім әмір сөзіне орай. «Қасыңда тағы кімдер бар?» – деп Ғабең Нұрқанға тағы бір сұрау қойды.

– Омар Шипин, Сәт Есенбаев сияқты қарт ақындар бар.

– Ол екеуін білемін. Екеуі де Амангелдіні айналдырып жүр ғой. Мен де сол тақырыпты жағалап жүрген адаммын, – деді. – Бір кезде бұл айтыс Сақараның сахнасы, даланың театры болған. Сәнлақтарды саралап, табанда айтылатын тапқырлыққа, елдің, жердің тарихын көкірекке құятын кемел ойға, шетсіз-шексіз шежіреге, семсердей өткір сөздерге ақындарды баулыған. Саясат саласына да белсене араласқан, – деді. Күн еңкейіп, ақшамның қызыл қанаты қыстың бозғыл бұлтын шарпи бастады. Біз вагонымызға қайттық. Мен бала кезімізде кітабын оқып өскен Ғабитті көргенімізге мәз болып, түні бойы ойға батып, ұйықтай алмай шықтым.

Пойыз Алматыға да жетті-ау, әйтеуір. Ақындарды қарсы алып орналастыру бір-бір жазушыға тапсырылған екен. Қостанай ақындарын вокзалда белгілі жазушы Әлжаппар Әбішев қарсы алып, «Делегаттар үйі» деп аталатын мейманханаға түсірді. Бұл, ұмытпасам, желтоқсан айының 20-жұлдызы болуы керек. Екі-үш күннен кейін халық ақындарының республикалық айтысы ашылады. Алматының қары еріп, көксылпылдақ болып жатыр. Арқаның аязынан келген біздер көктемнің құшағына кіріп кеткендей болдық. Айтысқа дейін мейманханада күнде жиын, күнде мәжіліс, дүрілдеп жатады. Жамбылдың, Исаның, Шашубайдың, Нартайлардың көзі тірі кезі. Домбыра, сырнай тартылып, ән әуелеп, өлең-жыр қанат қағады. Ақындардың арасында Алатаудай болып Қажымұқан палуан отырады. Соларды көруге көшеде өтіп бара жатқан адамдар, асханаға кіруге келген болып, жиналып қалады... Көбісі өлең тыңдауға келсе, енді бірсыпырасы Қажымұқанды көргісі келіп ентелейді.

1948 жылдың желтоқсанының 23-жұлдызында қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында айтыстың сахнасы ашылды. Ауыздықпен алысқан асау тұлпарлардай ақындар бірін-бірі кимелеп, бірін-бірі найзадай сөздермен түйрелеп, намысына тиіп, әрқайсысы өз облыстарының жақсылықтарын жырға қосып, алқалы топта арқалары қозып, көмбеге жеткенше көсіле шапты. Айтыс бірнеше күнге созылды. Театр залында отырғандар ақындар-ды «Ой-пәлі! Тусаң ту! Ой, арыстаным-ай! Мынау қайтеді! Мынау қыра ма! Шашасына шаң жұқтырмайтынның өзі екен! Мынаның сөз саптасы бөлек екен!» дегендей сөздермен қолпаштап сахнаға өздері шығып, айтысқа араласып кетердей болады.

Ол кезде Ілияс Омаров Қазақ КСР-інің Сауда халық комиссары болатын. Айтыс аяқталғаннан кейін бізді үйіне шақырды. Үйінде Ғабит аға отыр екен. Ол екеуі амандық-саулықтан кейін бас жұлдеге ие болғандардың бірі – Нұрқанды құттықтады. Ас келгенше Омар Шипин, Сәт Есенбаевтар Амангелді туралы әңгіме қозғады, өлеңдерін оқыды.

– Сен де қонаққәде жасай отыр, – деді Ілияс маған. Мен қысқа қайырылатын, майдандық өлеңдерімнің үш-төртеуін оқыдым.

– Бұл лирикалық акварельдер, майдан миниатюралары екен. Асылы, Абай айтқандай, өлеңде артық сөз болмауы керек. Қысыр, қызыл сөзден аулақ қашу керек. Сөз образдарының құдіреттей шымыр құйылуына көңіл бөлген жөн, – деді Ғабит.

...Келесі жылы қысқа қарай жас ақын-жазушылардың семинарына келдім. Аллажар Теміржанов, Қабікен Мұқышев, Әбен Сатыбалдиевтер Алматыға бізден бұрын келген екен. «Колхозшылар үйі» деп аталатын мейманханада бізді олар қарсы алды. Бұл семинар жарты айға созылды. Күндіз тәжірибелі тарлан жазушылар, ақындар бізге лекциялар оқиды. Кейде олардың жұмыс тәжірибелерімен танысуға үйлеріне барамыз. Бірде Ғабит ағаның үйіне шақырылдық. Жазу үстелі жинақы, қалам-қағаздан артық басқа еш зат жоқ, шкафтар толы, рет-ретімен жиналған мұқабалы кітаптар. Сауытта тұрған ұшталған қаламдардың біреуін қолына алып, Ғабит аға ақырын сөзге кірісті.

– Ешкім де ақылмен, үйретумен ақын-жазушы болмайды. Ақын болып туу керек. Талант – табиғат сыйы. Соған ие болған, жаратылысынан бөлек туған адамдар өз елін айдай әлемге танытады. Виктор Гюго: «әлемде кіші халық жоқ. Адамның тұлғасы оның бойының ұзын-қысқалығымен өлшенбейтіні сияқты, халықтың да үлкен-кішілігі санының аз-көптігімен өлшенбейді» дегенде, осы талант адамдарының азды көпке теңейтіндей күшін меңзесе керек.

Содан кейін ол өзінің шығармашылығы жайында сөйледі.

– Мен аз жазатын жазушылардың қатарынанмын. Жазғанымды қайта-қайта қарай беремін. Қайта өшіріп, қайта түзетемін, қайта сызамын. Сонда да кемшіліктер кетіп жатады. Шиллер «Өмір деген қателіктерден тұрады. Бәрін біліп, бәрін тап басып танып, қателеспеу өлім деген сөз» депті. Шеберлікте шек жоқ, қанша мінсіз жанмын дегенмен қайтадан бір қарап жіберсең, кемшілігі көрініп тұрады. Бальзактың дүниеден өтер алдында «шығармаларымды қайта бір қарап өтсем» деп тағдырға жалбарынып жалынуы осыдан туса керек. Оның бұл тілегінің, сұрағының түбінде сол шеберлік мәселесі сабақтасып жатқандық байқалады, – деді.

Құсни жеңгей шайға шақырды. Дастарқан басында да дарқан дарын шеберлік жайындағы әңгімесін жалғастыра отырды.

– Шын дарын иесі кішкентай төбешікті таудай етіп тұлғаландырып алдыңа айқын әкеле алады. Мұны сөз сиқырын білетіндер ғана істей алады. Ал дәрменсіз жазушының қаламынан таудың өзі тарыдай болып, көзге болар-болмас көрінері ақиқат, – деді Ғабең.

...Арада бір-екі жыл өткеннен кейін қостанайға Сәбит, Ғабит, қасым Тоғызақов, Елубай Өмірзақовтар келді. Менің кішкентай бөлмем базарға айналып, кеңіп кетті. Әуелі

Қостанай облыстық газетінің редакциясында бас қостық. Баспаханада істейтін татар жігіттері мен келіншектері сырнайлатып, әндетіп кешті думанға бөледі. Сара Исмагилова деген келіншек татардың «Ғалия-Бану» әнін шырқағанда Сәбең шыдай алмай «айта түсші, осыны» деп көтеріліп-көтеріліп қойды. Ғабит сүйсінсе де сыр бермей, сабырлы қалпынан өзгермеді. «Ән көңілдің ажары мен базары ғой. Әнсіз үй – жансыз үй. Ән тіршіліктің тірлігі, халықтың жүрегі. Халық әнмен өзінің өмірбаянын жазып, көңіл күйінің тебіреніс, толғанысын, шаттық-қайғысын, үміт пен арманын білдіріп кейінгі ұрпаққа, келешекке аманат етіп қалдырып отырған» – дейді.

Келесі күні жазушылардың қала жұртшылығымен кездесуі болды. Кездесуде Ғабит Амангелді жайында шығармалар жазып жүргенін айтты.

Қырық тоғызыншы жылы май айында Мәскеуде қазақ әдебиетінің он күндігі өткізілді. Он күндіктің аяғында Мәскеу өзенінде серуендеп, жағада өскен жасыл орманның құшағында демалдық. Орыстың атақты жазушыларының ортасында, қасына белгілі қоғам қайраткері Сәлімжан Ғалиевті алып, Ғабең отырды.

– Мен мына отырған Сәлімжан Ғалиевті, Ілияс Омаровты, Сәлімгерей Тоқтамысовты жаныма жақын тарта, жақсы көремін. Бұлар – елдің жүгін арқалауға жарайтын күшті де, көрікті де, білікті азаматтар, – деді Ғабең. Бұл пікірді ол бұдан кейін де талай сәт айтып жүрді.

Қостанайдан Алматыға бір келгенімде, бұрын облыстық газетте бірге істеген, Ғабеңнің інісі Баязит Махмұтовтың Меңдіқара ауданында атқару комитеттің төрағасы болып сайланғанын айттым. Ғабең тұрып ойға батты да: «Ай, біздің тұқымға болыстық жараспайтын еді. Ол болыс болып ұзақ тұра алмас», – деді. Ғабит ағай айтқандай Баязит шамалы уақыттан кейін төрағалықтан түсіп, редакцияға қайта оралды.

1960 жылдың басында Ғабит бастап оңтүстік облыстарды аралайтын болдық. Соны естіп бір күні кешкісін маған Ғафу Қайырбеков келді. «Мені осы сапарға іліктіре гөр. Ғабитпен жақын танысуға көмектес» деді. Мен Ғабитке барып, оның өтінішін білдіргенімде: «Мен кілең өнерлі жастарды апарсам деп ойлаймын» деді. «Олай болса Ғафу сол ойыңызға дәл келеді, домбыра да тартады, ән де салады» дедім. Сол айтқанға Ғабеңнің көзі сапар барысында айқын жетті.

Ғафу өлеңдерін оқумен бірге Қасымның «Дариға сол қыз» деген тамаша әнін қайта-қайта айтып жүрді. Сапар аяқталар кезде Қызылорда облысының Майшы деген мал жайылымында өткен шопандар мерекесіне қатыстық.

– Сол мерекедегі Ғабиттің естен кетпес екі әңгімесі көңілімде көнермей сақталып қалыпты, – дейді бұрын тәптәуір өлеңдер жазып, кейін журналистік жұмысқа ойысқан Орынбасар Сүлейменов.

– Ғабит аға ағаш аяқ бір шопанның алдында еңкейіп рөмке қағыстырды. Сонда оған Әбен Сатыбалдиев: «Ешкімге имейтін, тәкаппар басыңызды неге иіп тұрсыз?» деді. Ғабит аға оған қарап: «Бұл кісі соғыста менің қорғаушым болды, бейбіт күнде асыраушым болды. Бұған басымды имегенде, кімге иемін» деді. Екінші бір сөзінде: «Баяғы бір ерлік, махаббат дастандары өлмей халықпен бірге жасап, оның кәдесіне жарап келеді. Ал біздің жазғандарымыз өзіміздің көзіміздің тірісінде қалт-құлт етіп күн көруге әсер жасап, аз күндік нәпақа ғана болып жүр», – деді. Бұл сөздер Ғабит секілді кемел ойлы кемеңгердің аузынан шығады ғой, – деп Орынбасар ой кешеді.

Былай қарағанда тәкаппар көрінетін Ғабит аға сәті келгенде өте кішіпейіл де болатын. Мұхтар Әуезовтің Абай эпопеясының алғашқы кітаптары жөнінде баяндама жасағанында:

– Мен бұл кітапты оқығанда сынау үшін оқығаным жоқ. Үлкен жазушының үлгісінен үйрену үшін оқыдым, – деген сөздері әлі есімізде... Ғабит ағаның Мұхтар Әуезовтің қабірінің басында сөйлеген сөзі де халықтың көкейінен кетпейтін сөз болды. Бұл Виктор Гюгоның Бальзактың басында сөйлеген сөзімен пара-пар десек асыра айтқандық болмас еді.

Сәлімгерей Тоқтамысов облыс басшылығынан кінәсіз, жазықсыз ығыстырылып қордай ауданының бір совхозына директор болып келгеннен кейін Сәбит, Әбілда, Құрманбек Сағындықов ақсақалдармен бірге менің де барғаным бар. Бізді жол бойында қарсы алған Сәлімгерейге Ғабит: «Әкең өмірі бірінші хатшы болып өткен жоқ. Осы жұмысыңда да сен маған баяғы Сәлімгерейсің. «Қызмет деген қолдың кірі» деп баяғыда үлкендер айтыпты ғой. Бүгін әкім болсаң, ертең қатардағы шаруа боласың. Әйтеуір, халықтың игілігі үшін қызмет істесең, жарап жатпай ма. Қайда болсаң да, қандай қызмет істеп жүрсең де азамат болып қалсаң, халқына қарыздар болмайсың, – деді. Бұл сөз маған оның сонау Бейімбет жөніндегі сөздерімен, ашаршылық жылдары Сталинге жазған хатыменен тамырласып, астасып жатқандай болып көрінді.

Совхоз жанында үлкен канал бар екен, түсте Сәбең бастап бәрі суға түсті. Мен салқын тиіп ауырып жүргендіктен жағада, суға түспей жалғыз қалдым. Бір мезгілде Ғабеңді қатты ағыс қақпақылдап, үйіріп шлюзге қарай алып барады. Ғабең бір бүйірлеп, жиекке қарай құлаш ұрады. «Жақсы болсаң,

келерсің судан өтіп. Жаман болсаң, қаларсың суға кетіп» деп мен жар жағалап жүгіремін. Ғабең судан шыққаннан кейін: «Біреу иірімде жанталасып, алысып жүрсе, сенің өлеңдетіп, мәз болып жүргеніне жол болсын!» – дейді.

– Сізді каналдың суы түгіл, мұхиттың да суы жұта алмайтынына көзім жетеді ғой. Мен Сіз шын қысылсаңыз, киім-миіммен қойып кетіп, Сізді алып шығуға жараймын ғой жалғыз қолыммен, – деймін. Ғабең жай езу тартады. Менің көңілім жайланып, жеңілдеп қалады.

АлпысыншыжылдарыҒабитпенҒабиденодақбасшылығына бірін-бірі ауыстырып, алма кезек бір-екі реттен келді. Ғабең соңғы рет бастық болып келгенінде Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы Нұрымбек Жандилдин қатысты. Жұрт Ғабит жөнінде сөйлеп жатыр. Мен ол кезде Одақтың Партия ұйымының хатшысы едім, сөйлегім келмей отырмын. Бір мезгілде Жандилдин: «Секретарь жолдас неге сөйлемейді, неге пікірін ортаға салмайды» деп маған өктем қарады. «Ананың өзі айтқан соң амал қанша» деп Тайыр Жароков айтқандай, сөйлегім келмесе де амалсыз орнымнан түрегелдім.

– Ғабең бұрын да бастық болды. Бұл кісінің бастықтығы Памирдің ауа райы секілді. Аса ыстық та болмайды, аса суық та болмайды. Біркалыпты, қоңыр салқын болып тұрады, – дедім.

Ғабең сайланды. Жұрт қолын алып жатыр, мен де қолын алдым. Бірақ маған салқын қарайтын секілді... Кейінірек маған бір кездескенінде:

– Сен бір жиналыстың үзілісінде Жандилдин: «Сен қазақ әдебиетіне қайта барыпсың ғой» дегенінде: «Мен қайта бардым. Сіз де хатшы болып Орталық Комитетке қайта барыңыз» депсің ғой. Сұрауға да, жауапқа да болайын! – деді. Сонымен баяғы өкпесін өзі жуып-шайып жібергендей болып көрінді маған.

Бір күні Жазушылар одағында оңаша отырғанымда Ғабең біреуді іздеп жүріп маған кездесіп қалды. Мен ол кісіге:

– Жаңа жазылған бір өлең оқысам, қалай қарайсыз? – дедім. «Оқы» деді. Мен «Ақ түн» деген өлеңімді оқыдым. Ғабең:

– Мынау нағыз современный өлең екен, мен ескі өлеңнің соңы ма десем, бұл жаңа өлеңнің басы екен, – деді риза болып.

– Мен кеше түнде үйімде болғанында Шыңғыс Айтматов пен Сүйінбай Ералиевке осы өлеңімді оқып едім.

Шыңғыс: «Мазмұны да, формалық жағы да бүгінгі күннің деңгейіндегі, жаңа талапқа сай келетін өлең екен» деді. «Сіз екеуіңіздің пікіріңіз бір жерден шықты» дедім. Көп ұзамай «Ақ түн» Сүйінбайдың аударуымен қырғыз тілінде шықты. Бұл өлеңді, обалы нешік, Әбдіжәміл Нұрпейісов қаламақыны еселей қойып «Жұлдыз» журналына басты.

«Құс биікті, балық тереңді, ақын өлеңді іздейді. Шылаудың шұрайлысын балық жайлайды, жердің шұрайлысын халық жайлайды дегендей, сөздің құнарлысын ақын жайлауға тиіс. Әрбір сөз өзінің көркемдік күшімен де, мағыналық тереңдігімен де, жасалу шеберлігімен де халықтың талабына сай болса ғана қасиетті болмақ». Бұл Ғабеңнің сөзі.

...60-жылдары Ғабеңмен Жамбылға барып, ағасы Хамиттің баласы Екпіндікінде қонақ болдық. Таңертең көшеге шықтық.

– Осы күн таңертең ұялшақ қыздай қызарып ұйқысынан оянады. Түсте басар жерін бағдарлап тұрған салт атты жолаушыға келеді. Кешкілік мұңға батып мұнартып, көзі жасаурап, өткен күнін аңсаған қарияға ұқсайды. «Жатсаң жамбасың ойылады, жүрсең жалқаулық жойылады» деген. Жұрт ағылмай тұрғанында желпініп қайтайық, – деді Ғабең. Көшеде қол ұстасып қыз бен жігіт кетіп бара жатыр екен. Соларға қарап, Ғабең татар ақыны Тахташ: «Махаббат – ол ескі нәрсе. Оны әрбір жүрек өзінің сүюімен жаңғыртып, жасартады» деген. Міне, сол махаббатты жасартып бара жатқан жастарға қарамайсың ба! – деді. Мен:

– Махаббатты Мағжан да жаксы жырлаған ғой. Сіз ол кісіні көріп, сырлас болған шығарсыз? – деп сұраймын.

– Мен жиырмасыншы жылдың ортасынан ауа Бурабайдың орман шаруашылығы техникумына бардым. Техникум қақпасынан қызметтен босатылған Мағжан шығып бара жатты да, мен кіріп бара жаттым, – деп жауап қайтарды Ғабең.

Қырық жылдан аса кейде еркелеп, кейде именіп, әрдайым үйреніп, шәкірт болып жүрген мен секілді адамның Ғабең жөнінде айтары бір естелік көлеміне сыймайтыны белгілі. Соңғы кездесулердің бірінде Ғабит аға екеуміз Жазушылар одағынан жаяу шығып үйге қарай аяңдадық. Сексеннен асса да Ғабең қартайғанын білдірмеуге тырысып өзін сергек ұстап келеді. Менің ойыма Ақан серінің кәрілік туралы өлеңі түседі. «Кәрілік келіп қалды қай жағымнан» дегендей осы секілді сегіз қырлы, бір сырлы сырбаз адамға кәрілік қай жағынан келіп қалды екен деп ойлаймын. «Ой, өмір-ай! Адамды шалқайтасың да, адамды еңкейтесің. Жастығын алып, жалынын ұрлайсың, күш-қуатын кемітесің, күнін күңгірт, түнін жым-жырт етесің де, қалың ойдың түнектей түкпіріне апарып қамайсың» деп ойға кетемін.

– Көңіл шіркін, сол бұрынғы қалпында, телефондар соғу да сол бұрынғы күйінде. Бірақ жүрек құрғыр дауаламайды, жасқана, қорқа соғады, – дейді Ғабең үйіне беттеп бара жатып.

Акшам қызылы тарап, інір қараңғылығы түсе бастады...

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, Қазақстанның халық жазушысы

Тарлан талант тағылымы

(эссе-естеліктерден үзіктер)

1949 жылдың бас кезі. Алда Пушкиннің туғанына 150 жыл толатын үлкен той бар. Сол тойға арнап, қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы ұлы ақынның туындыларынан көлемді бір томдық шығармақ. Аударылатын өлең, дастандарды ақын Қ.Бекхожин бөліп береді екен дегенді естіп, «Пионер» журналында өзіммен бірге қызмет істейтін жас ақын Бүркіт Ысқақов екеуміз Қалижан ағайға барып жолықтық. Әрқайсысымыз аударуға он шақты өлең алдық.

– Аударғандарыңды Ғабеңе, яғни Ғабит Мүсіреповке көрсетіңдер. Бір томдықтың редакторы сол кісі. Байқаңдар, осыдан шалдыр-шатпақ аударсаңдар, мені ұятқа қалдырасыңдар, деп, иегін бір егеп қойды ақын ағай.

«Ойбай, онда аудармай-ақ қояйын» дей жаздап бір тұрдым да, іркіліп қалдым. «Абыройымның өзі – бір аттық» дейтін еді біздің ауылдың әбдірахман деген ақсақалы. Намысқа шауып, бас-аяғы 70–80 жол дүриені 7–8 күн әурелеп әзер дегенде бітірдім. Машинкаға бастырдым. Бүркіт те бүкжеңдеп бақты. Ендігі ең қиыны–редакторға аудармамызды көрсету, дәлірек айтсақ, үлкен жазушыға өзіміздің көрінуіміз. Алматыда 4–5 жыл оқып әжептеуір бауыр басып қалған Бүркіт бір көзін табар деген оймен:

– Сен телефон соқсайшы, «келуге бола ма» деп сұрасайшы, – десем, қызметтесім шоқ басқандай шыр ете түседі.

– Айта көрме! Ол кісі кереметтей паң дейді. Әлі бір ауыз тіл қатысып көрген емес.

– Енді қайтеміз?

Бүркіт үнсіз қалды. Арада 1-2 күн тағы өтті. Әріптесіме тағы да айтып көріп едім, қимылдар емес.

Нар тәуекел деп телефон трубкасын өзім көтердім. Трубканы тым құрыса әуелі жеңгей алғай да. Жоқ, олай болмай шықты.

– Бұл кім? – деген мығым да салмақты, сабырлы дауыс, мысымды салғаннан басып кетті білем.

– Сәлеметсіз бе? Біз Пушкин өлеңдерін аударған Бүркіт Ысқақов дегендеріміз, – деппін сасқалақтап.

– Иә, екеуің де Бүркіт Ысқақовсыңдар ма?

– Жоқ, жоқ. Мен Басқамын.

– Онда жарайды. Не айтпақ едіңдер?

– Қалижан сізге жолығыңдар деген соң...

– Ертең сағат онда келіңдер.

– Сау болыңыз! – деп үлгерер-үлгерместен трубканы орнына қойдым. Маңдайым жіпсіп қоя беріпті.

Бала емес, шаға емес, сол жылы 25-26 жастағы екі жігітті, бұрынғы екі бірдей майдангерді абдыратқан сиқыр сезімнің, жүрексінудің түпкі төркіні неде еді? Әдебиетте өз тұрғыластарынан ат жалын сәл кешеулеу тартқанмен, өз жүйрігін дәл таңдап тапқан азғананың бірі «Тулаған толқында», «Талпақ танау», Ана туралы асқақ адамгершіл әңгімелердің, жұлдызды туған «Қыз Жібек» либреттосының, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» сияқты классикалық трагедиялардың, осылар аздық етсе, азаматтық ерлігін әлеумет-қауым аңыз ғып жырдай айтып жүрген Ғабит Мүсіреповтің алды жас талапкер біздер үшін оңай талқы, жеңіл сын болып па?!

Сұлулықта сұс болса, абырой-атақта да айбын бар!

Ерен талантқа деген ел махаббатының мол мөлшерін сезгендіктен де сөйлесуге жүрексінген болармыз. Кейін бақсам, осы жүрексінудің өзінде де көргенділік, әдеп бар екен. Неге десең, қазір ер көрінгісі кеп, ожарлығын ашып алатын өжетсымақ жастардың да анда-санда төбесін көріп қалатынымыз өкінішпен айтуға тиісті қылық.

Ертеңіне қоңырауын қымсына қаққан үйіміздің иесі есікті өзі ашты. Кабинетіне бастап кірді...

– Аударған өлеңдерінің орысша текстін тауып қойыңдар, – деп Ғабең А.Пушкиннің столда жатқан үлкен бір томдығын нұсқады. Өзі көрші бөлмеге шығып кетті. Айтқанын ә дегенше орындап, стол бетіндегі қағаздарға қарасақ, қазақ ақындары жасаған аудармалар, қолжазбалар. Ағамыз соларды түпнұсқамен салыстырып қарап жатса керек. Өзі іле қайта оралды. Стол басына отырды да:

«Жазушым, немен әуресің?

Көрсет бір ойдың сәулесін», –

деп оқи жөнелді.

– Міне, осылай емін-еркін, мейлінше жатық болса ғой аударма! – деп бір қойды. Осы паузаның өзі менің иығыма тауды тастап жібергендей болды, шөгіп бара жатқандай сезіндім.

– Бұл қасым аудармасы! Гөзөлін табады-ақ! Әттең, кейде еркінсіп кетіп, тым қазақыландырып жіберетіні де бар, – деп түйді ойын. – Неге тұрсыңдар, отырыңдар.

– Қане, әкелген өлеңдерің қайда?

Манағыдай емес, жүрек тоқтатыңқыраған сияқтымын. әлгі аз әңгіменің өзі іштартқандық танытты, тең ұстап

сырласқандай жылылық таратты. Психолог қаламгер үркек бойымызды үйретіп алғандай болды. Бүркітке қарап ем, ол иегімен ымдап әуелі өзің көрсетсейші дегендей ишарат білдірді. Ғабеңнің алдына аудармаларымды қойдым. Әр өлеңді қалай аударғаныңды іші құрғыр сезеді де ғой... Дәмем барын дәл үстіңгі жағына салғанмын.

Ғабең:

– «Вот здесь лежит больной студент» деп жатқа дауыстап бастады да, менің қолжазбама үнсіз үңілді. Мен шалыс ұйқасқа салып аударған өлеңнің бір жолын тұмшалап апарып орнын ауыстырды. Өлең енді егіз ұйқасты болып шықты. Сөйтіп, жаңағы «Аурухана қабырғасындағы жазу» деген жалғыз шумақтың сол жақ шекесіне «Отл» деген белгі соқты да «Ғ.М» деп қол қойды. Бұдан басқа бір өлең «Қалпынан дүние айнымас» атты жыр да (ол да төрт-ақ жол) тап осындай баға алды. Солар қайбір аузымен құс тістеген көркем аударма дейсің. Ғабең сол кездің деңгейіне қарап өлшеп, жас адамды қолдау тұрғысынан келген болар. Оның есесіне екі аударманың үстінен крест түсті, үшеуі плюс пен минус белгілерін иемденді, қалғандары сұрақтардан «алқа» тағып, қайта қаралуға ұйғарылды...

Ғабең мана орысшасын іздеттіргенімен Бүркіт екеуміздің мына аудармаларымызға қатысты 2-3 жерде ғана кітапқа қарады, басқаларының бәрін де жатқа білетін боп шықты. Аты-атағы әмбеге аян жазушымен алғашқы кездесуден алып шыққан әсерім әлі күнге айқын. Сырт көзге, бір қарағанда пендені менсінбес мен-мен, тастай қатты тәкаппар көрінердей аға мінезіне келсек, бұл өзі қасиетсіз қаукөкіректік емес, сырсыз-сынсыз сыздану емес, майда мақпал мәнді маңғаздық, сырбаз табиғилық, өз басының өр қадірін өз деңгейіне орынды ұстағандық екен. Бұл – бір әсер.

Екіншісі – әсер емес, түйген ой, ағаның әдебиет әлеміндегі алып арыстандарды егжей-тегжейлі білуіне сүйсіну. Пендешілік екі күннің бірінде кездеседі ғой, «прозаик Ғ.Мүсіреповке ақын Пушкин кітабын редакциялауға берген» деп ішімнен күдіктене күбірлегендей де болып едім алғашында. Әттеген-ай, ағат пікір, асығыс тұжырым! «Ақын болам деп жүрген сен ақын А.Пушкинді неге ондай білмейсің?» – үйге келгеннен кейінгі көкіректі кернеген беймаза түсінік осы еді.

Үшіншісі, о да түйген ой. Қазақ прозаиктері арасында поэзияға қорымал ықыластысы да, білгір төбесі де, әділ төресі де сол ағаның өзі екен. Бұған бәріміздің де көзіміз талай рет

жетті. Оқырман қауымының есінде болар: «Социалистік Қазақстан» газетінде «Майданнан соққан соны леп» деген атпен шыққан жанашыр мақаланы біз Отан соғысының шайқастарында жүргенде оқып едік. Адуын ақын Аманжолов қасымның дастанына берілген дәл баға құндылығын ешқашан жоймас шығар. Одан бері де қазақ поэзиясы туралы Ғабит Мүсірепов газет беттерінде қаншама рет пікірін білдірді. Өйткені, Ғабит Мүсірепов астарлы, ауыспалы мағынасында ғана емес, тікелей, тура мағынасында да майталман ақын адам. Жұртшылық жатқа айтатын «Қыз Жібек» операсындағы ариялардың өрнекті сазы менің әлгі пікіріме бұлтартпас айғақ болғандай.

... Одан кейін мен Ғабеңмен 1951 жылы аз күн дастарқандас болдым. Сол жылы көктемде сырқаттанып таудағы «Алатау» санаторийіне барсам, Ғабең «Оянған өлке» романын аяқтағалы сонда жатыр екен. Жеке бөлмеде жалғыз. Күніне 8-9 сағат қағаздан бас алмай жазады. Ауруханадан үйге соқпай тура тауға тартқан мен мұнда ұстарасыз келіп едім. Келесі күні таңертең Ғабеңнің ұстарасын сұрайын деп бөлмесіне кірсем, өзі тысқа шығып кетіпті. Стол үстінде қолжазба. Екі қолжазба. Әбестік екенін біле тұра, әдептіліктен аттап өтіп, амалсыз үңілдім. (Әрине, «Оянған өлке») Маржандай тізілген әріптер (Жазушының құпиясын жайып қойғаным үшін ағамыз өкпелемес). Сол жақ қолжазба шекесіне жетінші вариант деп көрсетілген. Бір бейсауат таңба жоқ, тап-таза, таска басқандай айқын. Оң жақтағы қолжазбаға – сегізінші вариантқа романның көшіріліп жатқан кезі екен. Столда 20–25-тей ұштаулы қарындаш, 4–5 өшіргіш (кейін білдім ағамыз әлгі қарындаштарды бір күн ұштайды екен). Жазушы әлдебір сөзді ауыстырып алса, көкейдегісі көрік таппай қалса, жазуды сәл кідіртіп, өшіргішпен жаңағы жаңсақ түскен сөзді мүлтіксіз өшіріп, қайта бастайды екен. «Жан азабы – жыр ғажабы» деген нақылдың нақ өзі!

Бертінірек 1958 жылы Қызылордада бір айдай қасына ергенімде бір кеңес үстінде аңдап қалдым: Ғабең шығарманың ізденіс-толғанысына, іштей пісіруге ұзақ уақытын жұмсайды екен. Ал, піскен ойды, оқиғаны, образды қағазға шапшаң түсіреді екен. Мәселен, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясын 14 кеште жазыпты. Мольердің «Сараңының» тәржімесін бір жетіде тәмамдаған...

Тарлан таланттың кейінгі талапкерлер тағылым алар өнегелі ісі бірталай. Соның бірі – ақылман ағаның асқан ойшылдығы. қыбын тауып сұрай білсең, қыруар қапшықтың аузы ашылады, қымбат қазына шашу боп шашылады. Қашан

кездесіп, қалай сыр тартсаң да, Ғабит Махмұтұлының болмыстың небір құбылысы турасында, арғы-бергі тарихтың алуан асулары жөнінде толғағы жетілген толымды пайымдаулары о бастан әзірленіп ойында қатталып қойылған ба дерсің...

Терең тұжырымдар, өзіндік байламдар...

Ғабит аға жасы кішілермен қашан кездессе де, ақыл қосып, әлденелер жөнінде пікірлесіп, өзіне ой толғандыртып жүреді. Бір күні маған:

– Нравственность, гуманизм, человечность дегендерді сен қалай аударар едің? Солардың баламасын тауып көрші, – дегені бар.

– Пайшиктің қазақшасы сенше қалай?

Қызылорда сапарында көптен естімеген сөзім еді деп «төлежіп» деген атауды қойын дәптеріне түртіп алды. Тағы да сол жолы Ғабең сайлаушылармен кездескенде бір мұғалім сөйледі. Аты сирек ұшырасар есім екен: Сынабай. Мен әлгі атты жазып алдым. Маған бірдеңеге керек болар-ау деп жазған жоқ ем, кешкіде қонақжайға келгенде, жазушы ағамыз:

– Сен манағы бір есімді байқадың ба? Сықақ әңгіме жаза қалсаң, Сынабай кейіпкерге табылмас атау, – деп еді.

Әлгіндей тілдік ізденіс пен халықтан үйрену машығы да бізге тағылым.

Идеяшылдыққа икемделгіштік, саясатшыл елгезектік ол тұста орасан зор сапа боп саналатын. Ал Ғабит аға мұндайға іштей қарсы екен. Урашылдық пен ұраншылдықтың жаппай ойсыздығы өн бойымызды, санамызды билеп, кеулеп кеткендігі сондай, саналылықпен саралап, өтіп жатқан процестің мәнін түсінуге бой ұру деген басым көпшілікке ол кезде бұйырмаған үрдіс екен. Партия айтса болғаны – жеңістің қолға қонғаны... Бұл қандай жеңіс? Кімнің кімді жеңуі? Әлде конституция бұзу ма? Онда сенің жұмысың не... «Ер кезегі – елге сын» деуші еді қазақ атам. Сен сөйледің екенсің: туған халқыңа жақсылық әкеп, себіңді тигіздің бе, әлде басқа халықтар алдында қазақ халқы абыройын түсіресің бе? Соны ойлауың керек! Берілген заказдан бұлталақтап сөйлемей құтылуы Ғабит ағаның азаматтық ерлігі екен! Өзінен кейінгілерге үнсіз, уағызсыз ұсынған өнегесінің – азаматтық ғибраттың бір түрі екен бұл!

Аузына сақ. Өте сақ. Саяси мәселелер жайында сөз бола қалса, әсіресе үлкен аудиторияда Ғабит Махмұтұлы әдетте сөйлемейтін (мен әдебиетке келген жылдарда оған саяси сенім білдірілмесе де керек), ал бертін, 1937 жылғы айыптан ақталған соң да үлкен мінбеге өте сирек көтерілетін.

1943 пе, әлде 1944 жылы ма «Абай» романы жайында баяндамаға ұзақ дайындалып, ақырында уәжін тауып, баяндама жасамай құтылған екен... ««Қатардағы шешен, дискуссияға қатысушы ретінде ғана сөйлеймін» деп мінбеге көтерілді», – деп жазушы Мұқан Иманжанов бізге егжей-тегжейлі айтқаны бар. Баяндамадан да, басқалардан да басқаша, әрі терең, әрі тапқыр сөйлеген Мүсірепов қана еді. «Ғабит романның тарау аттарын атап тұрып, Абай соларды баспалдақ-саты ғып алға тартып, өрлеп бара жатса, Құнанбай сол баспалдақтар үстімен кері кетіп, шөгіп барады деген түйіні тыңдаушыларды керемет тәнті етіп еді», – дейтін Мұқан.

– Алматы қаласында не жоқ? Тәртіп жоқ. Ажар-көрік жоқ. Әуезовтің Құнанбайын әкеп астананы басқартып қойса, шаһарды қандай көркейтер еді?! Өйткені, Өскенбай ұлы ірі қайраткер! Ал қазіргі мәрлерімізді кім дей аласыздар? – деп жиналғандарды күлдіріпті Ғабит.

* * *

Ғабеңнің менің өзімді, іске оңтайлығымды, оңтайсыздығымды, қабілет-қауқарымды сынап жақыннан біліңкіреуі 1957 жылдың күзінен басталған тәрізді. Ол тұста менің «Пионер» журналынан «Қазақ әдебиеті» газетіне ауысып, көркем әдебиет бөлімі меңгерушісі болып жүріп, бас редактордың орынбасарлығына ойысқан кезім. Жарты жылдай жаңа лауазымда тәжірибе жинақтаған тұсым. Сол кезде Непалдың бір топ әдебиетшілері Алматыға сапарлап келетін болыпты. Мәскеуде өткен жастардың Бүкілдүниежүзілік фестиваліне қатысқан қонақтар енді бас астанадан шығып, Қазақстанмен таныспақ. Елуінші жылдарда бүгінгідей емес, шетелдерден меймандар өте сирек келетін. Сол ілуде бір төбе көрсететіндерді көңілдегідей күтіп алу, бабын табу, тілдесе білу, идеялық тұрғыдан сүрінбеу – тосып алушылар үшін үлкен сын... қит етсе қыпылдап, екі көзің жыпылықтап іштей қыпылықтайтын сәттерің аз болмайтын. Аузыңды бағып сөйлеп, аяғыңды санап басып, әуреге түсесің...

Қонақтарды аэропорттан қарсы алуға Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндер және республиканың ресми адамдары бас болып барды. Меймандар төбесі ашық ЗИЛ-ге мінген... Қалаға кіре бере жаңбыр құйсын... Қызметшілікке нөкер боп бөлінген жазушы Сейтжан Омаров екеуміз қонақтарды шаһардың тау беткейіндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті

демалыс үйіне бастап алып бардық. (Өзге қарсы алушылар үйді-үйіне тарасты).

Қонақтар төрт адам – кексе ақын, алпыстан асқан тарамыс қара. Қаусаған сүйектен ғана тұратындай арса-арса. Екіншісі – төртпақ, 27–28-дегі колледж профессоры. Үшіншісі – 23 жастағы композитор, әрі ақын, Непал Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы – Бупендра. Төртіншісі – он жасар қыз бала, о да қарғаның баласындай, қармаққа шаншым еті жоқ. Бесіншісі – өз отандасымыз, ленинградтық аспирант, ағылшын тілі маманы, тәржімашы – Наташа. Бөлінген бөлмелерге жайғастырысымен іле банкет залына бастадық. Дастарқан толы дәм, тағамның неше түрлісі бар – қазы да, каз да, тауық та, үйрек те, қымыз да, коньяк та, арақ-шарап, шампан, сыра... жеміс-жидек...

Ертеңіне Жазушылар одағына әрі өз редакцияма соғып, газетке қонақтардың келуі жайында хабар ұйымдастырдым. Ғабең дәлізде жолықты:

– Қонақтарың ырза ғой, – сені чекист депті ғой, бір мейман, онда олардың көңілін табуға жарағандарын, – деді. Мен демалыс үйіне келсем, Сейтжан ағамыз бес қонақты ресторанға бастап барады екен. Тәржімашы Наташа:

– Сыйлы қонақ, үлкен ақын Шрест мырза түнде «Алматының жаңбыры да қазақша сөйлейді» атты өлең жазыпты, – деді маған.

– Құттықтаймын! – дедім мен.

Машина үстінде Наташаға Жаңағы өлеңді непалшадан әуелі ағылшынға ақынның өзіне аудартып алыңызшы. Сонан соң, өзіңіз маған орысша жолма-жол тәржімалап беріңіз, – деп өтіндім.

Ғ.Мүсіреповтің таудағы саяжайына меймандарды алып келгенімізде ақын Шрест өлеңінің орыс тіліндегі жолма-жол аудармасы менің қолыма тиіп еді. Саяжайға Қазақстан жазушыларынан 15 шақты адам келіпті. Солардың көзінше:

– Ғабе! Бас қонағымыз антифашист ақын Шрест мырза «Алматының жаңбыры да қазақша сөйлейді» деген тамаша өлең жазыпты. Мінекей! Барлық қонақтар дастарқанға жайғасқан сәтте мен үй иесінен рұқсат алып, Ғабеңнің кабинетінде отырып өлең аударуға кеттім. Есік ашық тұрды. Дабырласқан топтың сөздерін тыңдай отырып, 45-50 минут шамасында қырық төрт жол өлеңді қазақшалап болдым да, дастарқан басына келдім:

– Ғабе! Құрметті мейманымыздың туған халқымызға деген қадір-қасиетінің қазақ өлеңі қалпындағысын оқып беруге рұқсат етіңіз! – деп қол көтердім.

– Рұқсат! Рұқсат!

Мен өз аудармамды оқып бердім.

Монархистім маған «осыныңыз рас па өзі?» дегендей, қолын көтеріп, кеудесіне басты... Ол сонда да иланбаған болуы керек.

Шрест өлеңі 2–3 күннен кейін «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Бұған Ғабит Махмұтұлы ырзалық білдірді:

Өз халқының қасиетін өзгелердің бағасынан танып-білесің, – деді үлкен ағамыз, Нұрмолда Алдабергенов колхозына барып түскенімізде «Қазақ әдебиетінің» сол күнгі санын сұрап алып, төрт бетіне түгел көз жүгіртіп шыққанында. Ғабит Махмұтұлы «Қазақ әдебиетін» қашанда қалт жібермей оқитын. «Бисмилла» сөйлемінен бастап, соңғы сөзіне дейін. Советтік жер серігінің тұңғыш ұшқан күндерінде өзіміздің үлкен ақындарымыздың бірі «Аспандағы ай енді бізге қажетсіз» деп жазды. Республикалық Жазушылар одағы басшысы Ғабит Мүсірепов шақырған соң, бардым. Келсем, кабинетте Мұхаң – Мұхтар Әуезов те отыр екен. Екі ақсақалға сәлем беріп, креслоға жайғастым. Ғабең:

– Поэзияға деген талғамдарың төмендеп барады. әйтпесе, пәленше ақын «Аспандағы Ай енді бізге қажетсіз» деп жаза ма? деді.

Мен әзілмен құтылдым:

– Ақынға ақыл не керек?!

Мұхаң да, Ғабең де күліп жатыр... (Авторлардың беделіне жығылып, ағалығына жалтақтап, әкелгенін баса беру газеткерлерге абырой әпермесін сол тұста да сездік, бұл күнде де көріп жүрміз-ақ!..)

Газет бетінде кеткен кәкірге байланысты шақырып алып, қолма-қол ескертпе жасау – Ғабеңнің дағдысы еді, әрі жастар үшін де газеткерлік, қаламгерлік мектеп болатын. Бір күні тағы шақырды.

– Бүгінгі сандағы қазіргі қазақ драматургиясы жай-күйіне арналған бас мақалаларыңды жаңа ғана оқып шықтым... «Жеңіл мінезді әнші Майрадан революционерка жасамақ болып, әуреленуден не шығады?» – депсіндер. Ұсақтамау керек. Әр адамның осалдығын тере беріп қажеті не?! Мәскеудің атақты балеринасы он жетінші «Котигін» Алматыдан жуырда ғана самолетпен алдырды. Мәскеу соны сөз етті ме, – деді ойлы жетекшіміз.

Мен бұл жолы уәж айта алмадым. Бас мақаланың авторы ауанына төңкеріліп кеткеніміз аян еді...

* * *

– Азық-түлік салығы отрядында мен де қызмет еткенмін. Сәбит Мұқанов сияқты. Кезекті командировкадан ауылға оралсам, молда таң намазына келе жатыр екен.

Үсті-басым толған мұздай қару: оң жақ жамбаста – наган, алтыатар, сол жақта асулы қылыш, иықта винтовка... Тұла бой толы жастық желік, ойсыз өркөкіректік... Кеңес өкіметіне ештеңе кесе-көлденең тұруға тиіс емес! Бізге большевик-комиссар осылай деп түсіндірген. Ендеше мешіт жабылуға тиіс! Менің басыма дереу келген ой осы еді.

– Молдаке! Екі шеге әкеліңіз, есікті қағамыз! Кеңес өкіметі осылай дейді! – деп зілдене иықтан винтовкамды түсіріп, көлденеңдете ұстап, жақындай беріппін. Домалақ діндарым шошып кетіп, домалана жөнелді.

– Қазір, қарағым, қазір!

Сары аязда сары аттылы шанамды қаңтарып қойып, Алланың үйі алдында қаңқиып мен тұрыппын. Молдакең әлі жоқ, көп күттірді. Бір сағат па, бір жарым сағат па – сарсыла түстім.

– Қарағым, бүкіл ауылдан бір-ақ шеге таптым, – деді алқына сөйлеп молдакең, қалтарыстан шыға келіп. Сыңар шегені мешіттің сыры түскен, қиюы қашқан есігіне винтовканың дүмімен қағып, өзіме-өзім ырза боп үйге жеттім...

Қанаушылар дүниесін жападан-жалғыз киратқандай қаһарман Ғабит келе сала, үйде көсіле жатып, көз жұмып тыныстамасын ба?!

Түсте оянып, шешей шақырған соң, дастарқан басына отыра бергенімде тыстан әкей кірді:

– Әй, су ми неме, Алланың үйіне тиісіп, ақылыңнан айырылайын деп жүрсің бе?! Санатқа қосылғаның рас болса, сандалмай жүр! – деді зілді.

Осыны айтты да, Ғабең қарқылдап күлді...

* * *

– «Дөңгелек ауылнай» деп аталатын бір топ ауыл шынында да алқа-қотан отыратын... Біз тіліміз шыға, сөз тыңдауға жараған жарғақ құлақ атанған кезімізден сол ауылдардың адамдарын жақсы танып өстік. Әркайсысын әр қырынан танып...

... Біздің ауылда Жағыпар деген жалғызілікті жігіт ағасы болды. Жалғыз сиыры ғана бар. Оны ауылдың табынына қоспай, өзі жеке бағады. Өзі сауады. Жағыпардың жалғыз қорегі – сол жалғыз сиырының сүті. Қыста қорасында қолда ұстайтын сиырына шөпті жазда үй маңынан шалғымен

шауып, қолмен жинап, құшақ-құшақ тасып алады. Жағыпар жан баласымен тілдеспейді, ешкімнен ештеңе сұрамайды, емінбейді. Кір-қоңын өзі жуады... Үсті-басын өзі бүтіндейді, – десетін көршілер. – Таза киініп жүреді.

Кішкентай кезімде де, бертін де тұйық адамның тылсым сырына ынтыға, «неге бүйтеді екен?» деп ішімнен жауабын іздеуші едім... – дейді Ғабең түнгі ауада тыныстап келе жатып, – сөйтсем, оның тарихы мен трагедиясы былай болыпты.

Көршілес казактар – казак орыстар үйір-үйір жылқысын қазақтардың егініне қаптатып жіберуді қоймапты. Қорлыққа қашанға шыдасын: бір күні біздің ауыл адамдары топтанып атқа қонып, егінге түскен жылқыларға тиіп береді. Талайының белін үзіп, талайының аяғын ақсатып, өшін алады. Топтың ішінде аса қайрат көрсеткендердің бірі жиырмаға әлі толмаған толағай бітімді әлгі Жағыпар екен. Орыстар сотқа арыз жазып, іс қозғалады. Қылмыскерлердің тізіміне Жағыпар да ілігеді. Абақтыға жабылып, бірнеше жылға кесіледі. Итжекке нге айдалады. Сонда қуғын-сүргінде жүргенде полицияның «қырғилары» ұрып-соғады. Басына зақым түседі. Жағыпар елге тілден айырылмаса да мылқау адамдай, мәңгүрттеніп қайтады.

Шанда бір шаттық тойларында Жағыпар да көптің ортасына сығылысып кіріп, дастарқан шетінен дәм татар еді. Сонда көрсең, Жәкең басын әлсін-әлсін екі жаққа кезек-кезек шайқап қояр еді. Жұқарған жүйкесі шыдатсын ба?

Міне, осындай-осындай 350–400 адамның тағдыр-талайынан шертер әңгімелерім бар сияқты. Өйткені, олар бірін-бірі қайталамайтын, біріне-бірі түрімен де, ділімен де ұқсамайтын пенделер...

Иә, солардың біреуі Сәбиттің туысы Сәрсенбай шоқынды. (Бұл сонау 1958 жылы көктемде баяндалған жайттар ғой, бәлкім мен осы кісінің атын басқалау атап отыруым да ықтимал).

– Бір жылы Сәбит екеуміз Орынбордағы оқуымыздан қысқы каникулға елге поезбен қайттық. Ауылға өкпе тұстау станциядан түстік. Бізді ауылдың бір жігіті көлік әкеліп қарсы алды.

Пәлен дейтін орыс селосында менің Сәрсенбай деген туысым тұрады. Өзі бір матушкаға үйленіп, шоқынып кетіпті... Үлкен ұят болды. Соны ауылға ала кетейік, – деп Сәбит ат басын айдаладағы елді мекенге бұрғызды.

Үлкен поселок екен.

– Сәрсенбай онда не істеп жүр? Немен күнелтеді? Орысша білетін бе еді? – деймін шанадан түсе беріп, шеткі үй адамдарынан жөн сұрамаққа.

– Сиыр бағады. Орысшаны қайдан білсін, тәйірі!

– Бақташы киргиз анау үйде, – деді бір кемпір.

Үйге Сәбиттен бұрын мен кірдім. Кірсем, ең алдымен көргенім есік алдындағы етженді әйелі. «Етженді» деген сөз тым сыпайы... Ірк-ірк еткен семіз, дәу дене, құдды саз балшықтан добарлай салған адам-қабан.

– Сәрсенбай здесь? – дедім.

– Что тебе нужно?! – деп баж етті, артындағы адамды алып денесімен көлегейлей.

Сөйткенше болмай, Сәбит те кіріп келген бойда:

– Сәрсенбай, қайдасың, киін тез! Ауылға кетеміз! – деді ол.

– Ой, киргизы, нападайт! – деп жыламсырап Сәрсенбай иконның астына қарай тығыла түсті.

Әлгінде шанадан жерге аяқ тигізгенде керегі болар дегендей лаушының қолындағы шыбыртқыны қолыма қыстыра кеткем.

– Әй, былшылыңды тоқтат! Киін тез! – деп Сәрсенбайды иығын ала тартып та жібердім. – Әйтпесе, байлап әкетеміз.

– Уймите! Уймите! – деп маржа үйді басына көтеріп, далаға қарай беттеді.

Сәбит Сәрсенбай ағасына тонын, пимасын, құлақшынын әперіп тез киіндірді. Шоқындының үні өшкен.

Шанаға ойда жоқта табылған олжадай ғып Сәрсенбайды басып алып, ауылға тарттық.

Содан не керек: «Ой, киргиз нападайт» деген сөз біздің арамызда мәтел боп кеткен...

– Күні үшін крестті сүйгендер бұл далада қаншама?! – деп Ғабең бір күрсініп қойды. Жосалы станциясының басында, вагон қасында түнде серуендеп жүргенімізде.

Әттең, ішіне сыймай жүрген інжулерін үлкен ағамыз сыртқа түгел шығара алмай кетті ғой. Солардың бел ортасында Елтінжал төңірегінде өткен ел-жұрттың болмысынан туындайтын 350-400 этюд те кете барды-ау. (Осы күні өкіне еске түсіргенде «шіркін-ай, арагідік болса да, Ғабеңе диктофонмен келіп, тыста серуендеп жүргенінде әлгі хикаяларын ауызша айтқызып, таспаға неге ғана жазып ала бермедім екен?!» деймін?! Иә, канша нәрлі новелла өшіп кетті?!).

* * *

– Сәкен, Ілияс, Бейімбет ұсталып, түрмеге жабылған күндерде (бұл 1937 жылдың күзі) Леон Исаевич Мирзоян – Өлкелік партия ұйымының бірінші жетекшісі – Алматыда болмаған, Мәскеуде командировкада еді. Сапардан оралып қызметке шыққан күні мені кабинетіне шақырды.

– Япырым-ау, ойсыратып кеткен екен. Әсіресе, қазақ

театрлары репертуардан жұтап қалды ғой. Бейімбетсіз, Бейімбеттің пьесаларынсыз енді қайтесіңдер?.. Бейімбетті сақтау керек еді, мен мұнда болғанымда оны бермес едім, – деп қиналғаны көз алдымда.

Қазақтар «Мирзоян» демей, «Мырзажан» атап кеткен осы кісі – яғни, Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы ұлт мәдениетіне, қазақ әдебиетіне мейлінше жанашыр қамқор болған екен. Қазақстанға жаңа келген тұсында Мирзоянның көмекшісі боп істеген Мәсімхан Бейсебаев аузынан естіген бір әңгіме есіме түсіп отыр.

Қазақстан өлкелік партия комитеті қапталындағы музыкалық мектептен ұлттық ән-күйлер орындалып жатса:

– Мәсімхан, барып біліп келші, скрипка тартқан, жаңағы әнді айтқан қазақ баласы ма, қазақ қызы ма? – деп жұмсайды екен. «Иә!» деп келсе, кереметтей қуанады екен.

– Бір күні Мирзоян мені және Өлке комитетінің үгіт және насихат бөлімі меңгерушісі Ілияс Қабыловты шақырып алып, «шатақ» тапсырыс берді. Ойласақ, ол тапсырыс – Мирзоян тарапынан оқыс қимыл...

– Екеуің Қазақстан Жазушылар одағына барып, Сәбит Мұқановты партия қатарынан шығарып келіңдер. Қазір Сәбиттің басына қатты қатер төніп тұр. Партиялық жаза алуы, әрі қызметтен босауы – оның өзіне құтқарыс болуға тиіс. Сонда ол тұтқындалудан аман қалады, – деді республика партия ұйымы бас жетекшісі. Амалың қанша, Ілияс екеуміз партиялық тапсырманы орындап қайттық. Мирзоянның «Сонда Мұқанов аман қалады» дегені соңынан расталды емес пе?!

Философ Қабылов пен әдебиетші Мүсіреповтің Жазушылар одағына келуін әркім әркалай таразылағаны, әр саққа жүгірткені бар! Солар Мирзоян стратегиясына бойлай алмады білем. Сәбиттің өзі де...

– Өзіңізге де қауіп төнгені ше?! – деп қалдым мен шыдай алмай.

– О да ұзақ әңгіме... Жүр ұйықтайық, ертең айтам, – деп бізге бөлінген арнаулы вагонға қарай бастады ағамыз.

Бүгінгі түнгі серуен де, өткенге саяхат – ұзақ әңгіме де осымен тәмамдалды дегені.

* * *

Сөз баласының саңлауына мұншама сақ қарап, сезім мен ойдың үйлесімді қосындысынан бір мысқал не артық, не кем түссе, көркемдік атты киелі шариғаттан пышақ қырындай ауытқыса, құдайға күпір боп, тамұқ отына тасталғандай қиналатын стилист қазақ қаламгерін мен әсте білмеймін.

Сөз зергерінің өзгенің жазғандары мен айтқандарын ha-

манда қадағалап, бағып та жүретіні – ағалығы. Мәслихат мәжілістерде жылан қарағы, ас қатығы бар әлдеқандай бір сөз айта қалсаң да, Ғабең оныңды елеп, «дұрыс айттың» не «тауып айттың» деп, не күлетіні қамқор көңіл лебізі, кішіні қолтықтан демеуі. Табиғатынан тарлан таланттың ең басты тағылымы шығармаларының егер қолдануға ерсі демесек, әлемдік стандарт деңгейінде болуы, яғни классикалық хрестоматиялық көркемдікпен жазылуы. Ғабең қаламынан бертінгі уақытта туған новеллалар жаңа мәнімен, тосын әрімен көркемдік ойымыздың, көркейген тіліміздің шарықтап шыңға тігілген жалауындай елестейді...

Мұхитта жүзген айсбергтің сегізден бір бөлігі ғана су бетінен көзге көрінеді екен. Ғабеңнің соңғы новеллалары мүлдем жаңа дүние – сол айсбергтерге ұқсайды. Астарлы ойлар, тұңғиық тереңдік соның дәлеліндей.

* * *

– Шәйың үйде қайнамаса, шөлің егер қанбаса, шабыт іздеп шарк ұра көрме, сол күні шығарма тудырам деп талпына көрме. Хозяйканның қабағы келіспеген күні қалам қаңтарулы тұрады. Бұл ежелден солай!.. Сенің үйіңде қаламың қаңтарылмайтынын сезем!

Қалам қаңтарылмасын,

Ақын аңтарылмасын!..

Бұл Ғабеңнің Ғазизасымен бірге келіп, басқа меймандардың көзінше сөйлеген тілек-тостынан үзінді. Иә, ақын дастарқан басында да ақын! (Бұл мәжілісте Д.Әбілев, С.Мәуленов, Ә.Нұршайықов, Т.Ақшолақов, З.Айтмағамбетовтердің бірге болғаны есімде).

– Сәламатсыз ба, аға?! – деді.

– Е, айналайын, танып қойдың ба? – депті аржағындағы дауыс. Бұл Ғабең екен, мені шақырыпты телефонға!

– Ассалаумағалейкүм, Ғабе!

– Әлейкомсалам! Ал, Мұзафар, мүшелтойың құтты болсын! қақсоқпен шаруасы жоқ, өзінің өлеңін өз бөбегіндей аялап, бір ғана еңбектенуді ойлап, өзгеге мойын бұрмай жүрген бір ақынды білсем, ол сенсің. Осы алған бетіннен танба. Ертеңгі мәжілісіне қатынаса алмайтын болған соң, әдейі телефон соғып отырмын. Оның себебі – осыдан жарты ай бұрын келісіп қойған бір сапарға 4–5 адам аттанып барамыз. 5–6 күннен кейін ғана ораламыз. Сапар Жамбыл облысы топырағында. Мен:

– Рақмет, тілек-батаңызға! Келген соң, өзім Сізбен хабарласамын. Біздің үйдің дәмін татасыздар?! – дедім.

Арада алты күн өткенде, яғни 31 қазанда (1973 ж.) Мүсірепов бастаған бір топ қонақ біздің үйдің төріне келді.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы республикалық Мемлекеттік комитетінде менің «Аспандағы әпке» кітабым (балаларға арналған) соңғы талқыланғанда Ғабит Махмұтұлы:

– Что касается книги М.Алимбаева, никаких сомнений не должно быть, – депті. Қаулы газетке шыққан күні түсте:

– Сен жөнінде кривотолктар (қисық-қыңыр пікірлер) айтылған жоқ, көптің ойы бір жерде, – деп телефон арқылы Ғабеңнің өзі құттықтады.

Ал «Аспандағы әпкені» жазушылардың саяжайында жатқан Ғабит Мүсіреповке өзім апарып бердім. Асханадан түскілік ішіп шыққан бетінде жолықты, вестибюльде ұзаса 5–10 минут отырды. Әр түрлі жайттар сөз болды.

– Менің серуенім қалып барады, – деп сыртқа беттеді.

Мен басқа әріптестермен сәлемдесіп, іште қалып қойсам да, қыдырысқа шыққан ағаны аулада анадайдан көріп тұрдым... Шағын форматты менің кітабымды оң қалтасынан алып, асықпай-аяңдаған бетінде үңіле қарап, оқып бара жатты... Осы кітабым да, менің сыйлаған өзге кітабым да жазушы архивінде ме, музейінде ме бар болар.

* * *

Халқымыздың алыптар тобындағы ақиықтарының бірі, жасым кіші болса да жақсы көріп бауырына тартқан, сырласқан, сыйласқан, асыл ағалығынан жазбаған заңғар Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің қадір-қасиетін жадымнан шығармай, әрдайым ой-санамда жаңғыртып есте тұтып өтсем, қапым не? Менің үйімде Ғабеңнің бір қолтаңбасы жазылған үлкен басылым бар. Өзі екі томдық. Аты – «Азиатская Россия». Санкт-Петербургте 1914 жылы жарық көрген. Соның I томының бетіне Ғ.Мүсірепов былай деп жазыпты:

«Қадірлі Мұзафар,

Жоқ болса сенде осы екі кітап жоқ болар деп, және менде 36 жыл сақталған кітап енді сенде 36 жыл сақталуын тілеп 50 жасқа толған күніне сыйлық еттім.

Ғ.Мүсірепов

31.10.1973»

(Сол бетте қарындашпен жазылған Мүсірепов 1937 г-I. деген жазуы тағы да бар).

* * *

Бұл – ұлы ағам, ғұламам жөнінде мен жазар дүниенің алғашқысы. Сәті түссе, азаматтық суреткерлік тұлғасына өзім тәнті болған асыл аға туралы көлемді ой-толғамдарымды да оқырманға ұсынар күн туар.

1972–1991 жж.

Тұрсынбек КӘКІШЕВ, профессор

Тәбәрік

Ғабеңмен жиырма жылдай бильярд ойнадым. Әуелінде Қазақстан Жазушылар одағының басшысы болып тұрғанда өзі құрғызған бильярд столының қызығын бірге көрмей қалғанға дейін ойнап жүрдік.

Бильярдты жанындай жақсы көретін Қазақстанның халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиев, медицина ғылымының докторы, академик Ишанбай Қарақұлов, қазақтың атақты сазгері Сыдық Мұхаметжанов, Кенжебек Күмісбеков, Еркеғали Рахмадиев, халық суретшісі Молдахмет Кенбаев, атақты дирижер Алдаберген Мырзабеков, Ғабеңнің сүйікті інілерінің бірі, бүгінгі атақты жазушы Сафуан Шаймерденовтермен жиі-жиі кездесіп жүрдік. Сол кезден есімде қалған бірді-екілі «ұсақ-түйекті» айтып, аяғын Ғабең екеуіміздің магнитофонмен үш сағат сөйлескен сөзімізге азды-көпті түсіндірме жасаумен аяқтасам, біраз сыр қылаң беруі ғажап емес.

Ол кезде мұндай қымбатшылық заман емес. Коньяк пен шампанскоенің нарқы шамаласты. Мұқан Төлебаев пен Бөгенбай батыр көшесіндегі Композиторлар үйіне қай дүкен болса да таяқ тастам жерде. Бір күні ұтылып қалып көрермендер қатарына қосылдым. Жай отырғанымды көріп өзінің «ұйымдастыратын уақытым болған шығар» деп есептеді ме:

– Әй-й, Тұр-сын-бек, ба-рып кел-ші, – дегенде орнымнан ұшып тұрып, шығуға ыңғайлана бергенімде, – ұ-ты-лы-сың бір ө-кі-ніш, о-ның үс-тіне қал-таң жұ-қа шы-ғар, – деп қолын созды. Машықтанып қалған қумыз ғой, қырағыдай қағып алдым. Сыртқа шығып қарасам табаны күректей 50 сом. Ол кезде долларыңның өзі 50–60 тиынның маңында болатын. Шөл басатынды да, сусын қандыратынды да, ащыға жөм болатындыны да сықита алдым. Келе сала жатаған үстелді жайнатып жібердім.

Ғабеңнің шар көздегені жұрттан ерекше болатын. әдетте, тура көздеп, тартып жібереміз ғой. Ал Ғабең болса асықпай-үсікпей көздейді де, ұрар кезде кийінің ұшын бұраңдатып тартып қалады. Шардың бүйірінен ұрғандай жер қалдырады. Далаға кеткен-ақ шығар деп тұрғанда ұясына топ ете түседі. Үстел үстінде біздің жақындауымызды тосып жатқан тағамдар Ғабеңнің сәтті ұрысына дейін телмірді. Ол кісі ниеттенбей ешқайсысымыз ұмтылмаймыз.

Жалғыз-ақ Ғабеңнен басқамызды ойын үстінде өлеңдетіп

жүріп сыбайтын Ғарифолла ағай «суып кететін болды-ау» деп бізге естірте-естіртпей сықпыртып тұр. Құмары қайтқан шақта Ғабең «как кра-си-во, это же лучше любого Па-риж-ско-го рес-то-ра-на» деп дастарқан үстіндегі шампан бокалына қол созды. Адамның мінезі әрбір ісінен көрінеді ғой. Апыл-ғұпыл жұта салмай, өзінің сабырлы жүріс-тұрысы мен үзіп-созып сөйлейтін әдеті сияқты шампан жұтқаны да сырбаз екен. Бильярдқа бұрыла бергенде қалған ақшасын ұсына беріп едім.

– Жа-рай-ды. Тәб-ә-рік де-ген-ді ес-ті-ген шы-ғар-сың, Ақ-мо-ла-ның қа-за-ғы, – деп кийінің басына бор жаға бастады.

Анда-санда жас жеңгемізді ертіп келетін кезі болатын. Ондайда Ғабеңе кезек тостырмай, ойынымызды тоқтатуға ниеттенетін:

– Жо-оқ, бол-май-ды. Бітіріңдер! – деп ойынға қосылмайтын. Жас жеңгеміз келген соң Ғабеңді онсыз да ұтуға жүрексінетін әдетімізге бағып, қисынсыздау әрекет жасасақ:

– Хал-тур-ить ет-пе! Он-да ой-ын-нан шық, – деп жекіріп тастайтын-ды. Шабыты келгенде шарды ғана емес, бізді де шатырлата ұтып, намысыңа тиетін сөзді қосатын сәті болатын. Сондай шақта «Жарайсың, жігітім» деп Ғабеңнің киімін зорлап беріп тұратын жеңгеміз. Партия үстінде адамның мінезі талай құбылады. Шындап ерегіскен кезде, шар домалақ қой, біздің де пайдамызға шығып қалса, Рая жеңгеміз «Бүгін ұйқысы бұзылып шығып еді» деп арқасын сипаған сәтті талай көріп едік.

Ғабең мен жеңгеме менің сәл еркіндеу болуыма бір себеп – 1967 жылы Баку қаласында бүкіл түркі жұртына «Молда Насреддин» журналын шығарған классик Жәлел Мамедкулизиденің 100 жылдық тойында бір жұма бірге болып, даяршылық жасаған ем.

Академия мен университетте талай үлкен жиын-сессияларда кездескенде ағалы-інілі болып жүрсек те, академияның кезекті бір сайлауында дауысымды Мүсілім Базарбаевқа беремін деп ашық айтып еді.

Бір сайлаудың өзінде үш рет дауысқа түскенде Ғабеңнің бір шары маған жетпей қор қылғаны әлі күнге дейін есімде.

1980 жылы Сәбит Мұқановтың туғанына 80 жыл толғанда Үкімет комиссиясының төрағасы Ғабең болған-ды. Алматыдағы салтанатты туған облысында жалғастырмақ болдық. Жазушылардың үлкен делегациясының құрамында мен де бар ем. Петропавлға ұшып келе жатқанда: «Об-лыс-

тық сал-та-нат-ты жи-на-лыс-та сен дел-е-га-ция а-ты-нан ка-ғаз-сыз ор-ыс-ша сөй-лей-сің. Дай-ын-дал іш-тей!» деп тапсырма берді. Бірдеме дейін деп ем, басын шайқап «болды!» деді. Бұл әңгімені қасымда отырған Берқайыр марқұм Аманшин естіп, Сафуанға айтса керек. Ұшақ ішінде жүріс-тұрыс көбейіп, бәрі де Ғабеңе барып бір еңкейеді, ол кісінің басы шайқалған соң амалсыз орнына қайтады. Іштей сезіп отырмын, күні кеше Алматыдағы жиында баяндама жасаған үлкен жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің сөйлегені дұрыс деген ұсыныстарын айтып жатқандары.

«Сәбит – полемист» деген Әбдіжәміл тезисінің ұнамағандығын ЧОН (Чрезвычайный отряд народного просвещения) отряды үйінде қағылған мемориалды тақтаны ашардағы Ғабең сөзінен бір-ақ аңғардық. «Революцияға араласқан адам – революционер болады, ол кезде мылжыңдап, дауласып жатуға уақыт болмайтын» дегенімен білдірген еді.

«Полемист» дегеннің бұрыстығын жиналыс үстінде мен де ешкімнің атын атамай айтқанымда, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің мәдениет саласына жауап беретін орынбасары, Сәбеңнің көп жылдан бергі тамыры Савченко (дұрыс-бұрыстығына көзім анық жетпейді, әйтеуір «қосы» бар) «Оны айтқан кім? Мұрнын бұзар ма еді өзінің!» – дегенін Әбдіжәмілдің өзі анық естіген-ді екеуіміздің ортамызда отырған сәтте.

Осы естеліктер жинағында Ғабең екеуіміздің 1974 жылғы сұхбатымыз берілетін болғандықтан көрген-білгендерімді баяндай бермей, сол сұхбатқа қатысты бір түсіндірме жасай кетейін.

Ғабең үйіне барған менің аяғым құтты болды. Сұхбаттасып кеткеннен кейін қыркүйек айында Ғабең Социалистік Еңбек Ері Алтын жұлдызын кеудесіне қадаған бірден-бір қазақ жазушысы.

КСРО Жазушыларының бірінші съезінің 40 жылдығына мәскеудегілер алтыннан алқа таққылары келгенде ұлт республикаларынан ыңғайлы адам іздей бастапты. Съезге қатысқан Сәкен, Бейімбет, Ғаббас Тоғжанов болса қызыл қырғында кетті, Сәбит бұдан бір жыл бұрын дүние салды. Ал кеңесші дауыспен қатысқан Асқар Тоқмағанбетов одаққа онда таныс болмағандықтан Ғабеңді лайықты көріпті. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне Мәскеуден хабарласқандарға «ол кандидатураны біз ұсынған жоқпыз, өздеріңіз біліңіздер» деп сыпайы шығарып салыпты. Осындай кезде алған жұлдыздың бағасы екі есе қымбат болса керек-ті.

Бір күні Ғабең телефон соқты.

– Тұр-сын-бек! Ғабит сөйлеген сөзіне дейін бастыратын болыпты деген сөзге қалдырма? Ана «Жұлдызда» жарияланайын деп жатқан сұхбатты бермеңдер дедім. Оның уақыты әлі келер, асықпа?!

– Сон-ан соң, ес-ің-де бар ма? Үзіліс жасап алғаннан кейін бір жөнді сұрақтар қойып едің ғой. Оны қазір жариялауға мүлдем қарсымын, сол пленканы маған әкеп берші, дабырлатпа, – деді.

Менің іс-әрекетімнен Ғабеңе жақын жүретін Жайсаңбек Молдағалиев хабардар болатын. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының кино-фонотека бөліміндегі сұхбатты тыңдап алғаннан кейін Жайсаңбек: «Жинақ шығарайық деп жатырмыз, соған бермекпіз» деп Ғабеңе «бөскен» көрінеді.

Бұған дейін аудиокасетаның төрт данасын жасап, біреуін институттың қорына, біреуін Ғабеңе, үшіншісін өзіме, төртіншісін университетке береміз деп дайындап қойған едік. Көбейтілмеген екен ғой деп ойласын деп пленканың соңғы жағын қиып алып, апарып бердім.

– Осы ғана ма? Ұзақтау сөйлескен сияқты едік қой, – деген соң мен тыңдатпаққа әрекет жасап едім, – Ө-зім, ө-зім уа-қыт бол-ған-да тың-дай-мын ғой. Рақмет! – деп пленканы алып қалған еді. Қазір музейдің бір экспонаты болып жатқан шығар. Ғабеңе арналған бір видеофильмге бұл сұхбатымыздан үзінді беріліп, атап көрсетілді.

Әлгі сұратып алған бөлікті менің сұхбатты оқыған кезде аңғарарсыздар. Біздің кейбір даңқой ақын-жазушыларымыз бен ғалымдарымыз Алаш қозғалысына қатысқандар ақталғаннан кейін кеңес замандағылардан ат-тонын ала қашып, Сәкен, Сәбит, Тұрар, Нығмет, Әліби сынды ұлы ақын-жазушылар мен қайраткерлерді «құрбандыққа» шалсақ қайтеді деген шолақ ойға беріліп, өздері болмағанмен, өздері «өсіріп» келе жатқан ожар «іні-қарындастарына» мақала жаздырып, күні кеше партияны, кеңесті, социалистік реализмді мадақтамағандай сыңай танытқылары келеді. Сол сияқты Алаш деген атауды естуден шошитындардың біразы енді Алаш қозғалысына қатысқандарға шаң жұқтырғысы келмей шырылдап, зерттеу жасадым деп кеудесін керіп жүргендер де жоқ емес.

Ғабеңнің сол 1974 жылғы сұхбатта айтқан ойларын күні бүгінге шейін сол қалпында еш өзгеріссіз пайдалануға болады. Сондықтан сұхбат аты – «Таланттар туралы толғау» деп аталатын бүгінгі оқушыға жол тартып отыр. Оқыңыздар, ойланыңыздар!

«Тұрсынбек Кәкішев. Қадірлі Ғабе! Биыл, 1974 жылы

қазақ әдебиетінің ұлы жазушыларына арналған жиындар өтіп жатыр ғой. Әнеу күні Ілияс Жансүгіровтің тойын өткіздік. Содан кейін университетте Сәкеннің 80 жылдық тойы өтті. Ол, әрине, қалалық жиналыс емес, университет коллективінің Сәкенге арнаған жиыны. Сонда өзіңіз естелік айттыңыз.

Сол айтқан естеліктеріңізге жұртшылық құлақтанып қалыпты. Сол жиында магнитофонымыз дұрыс істемей, жазып ала алмадық. Енді, әрине, ол өткен дүниені қалпына қайта түсіру қиын, дегенмен де сол жиналыста сөйлеген сөздеріңізді, айтқан естелігіңізді бүгін суыртпақтан шығарып алсақ деген едім. Сонымен қатар, жалғыз Сәкен емес, сіздің шығармашылығыңызға байланысты да біраз сауалдар туатыны сөзсіз. Осы жағдайларға байланысты сізбен дидарласып отырмыз. Сіздің Сәкен жайлы пікірлеріңізді, өз шығармашылығыңыз туралы ойларыңызды білгіміз келеді.

Әрине, Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің бір жылдың төлі болуы, қазақ әдебиеті классиктерінің молдығын көрсетеді ғой. Алайда, үшеуі үш жылда туса, сөз мерекесі, әдебиет мейрамы ұзара түсер ме еді деген ой келеді. Әрине, үшеуінің бір жылда туғанын енді түзету қиын, бірақ, дегенмен де біздің әдебиетіміздің танылуында, әдебиетіміздің халықаралық деңгейге шығуында осындай классиктерімізге, оның ішінде Сәкенге байланыстырып өткізсек деп едім. Мен бірнеше сұрақтар дайындап келдім. Сіздің пікіріңізді білгім келеді.

Мысалы ғой, Сәкен жөнінде қазір пікір айтқан адамдар аз емес. Сәкеннің әдебиетіміздегі орны, мәдениетіміздегі, халқымыздың тарихындағы орны жөнінде пікірлер көп айтылып, көп жазылды. Сіздің пікірлеріңіздің, жазған мақалаларыңыздың, айтқан ойларыңыздың барлығы да оқушы жұртшылықтың көңілінде, кітапханасында. Солай бола тұрса да, тағы да бір рет Сәкеннің қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетіндегі орны қандай? Соңғы кездің көзқарасымен қалай түйіндеуге болады? Сәкеннің қазақ мәдениетіндегі, әдебиетіндегі, халқының тарихындағы орны жайында түйінді пікіріңізді анық айтып берсеңіз екен.

Ғабит Мүсірепов. Сәкеннің қазақ әдебиеті мен қазақ совет мәдениетінің, жалпы халық ағарту жұмыстарының жаңа бет алыс табуындағы орны ерекше ғой. Сәкен алғашқы кезде жапа-жалғыз. Жаңа әдебиет, жаңа мәдениет дегеннің бағытын жапа-жалғыз белгілеген адамымыз деуге болады.

Біздің зерттеушілерде бір ескерілмей жүрген жағдайлар бар. Сәкен революция туын көтеріп шыққанда Сәкеннің қасында қаншама жазушылар бар еді, қанша қалам

қайраткерлері, қанша халық ағарту жағындағы әлеуметші қайраткерлер бар еді? Дәл Сәкен «Жасасын Совет» деп атқа мінгенде ондай жолдастары аз болатын.

Жұртқа мәлім ғой, бүкіл қазақ интеллигенциясының ол дәуірде 90 пайызы ұлтшылдық бағытта жүретұғын. Кейін олардың бізге келіп қосылғаны жоқ емес, бар. Бірақ ол дәуірде Сәкенге жолдас болғандары жоқ.

Сәкенді біз совет әдебиетінің негізін қалаушы деп айтатын болсақ, ең алдымен Сәкеннің сол майданды жалғыз басқарып, совет ұранын жалғыз көтергендігін ескеруіміз керек.

Шындығына қарағанда, «Қазақ», «Ақжол», «Сарыарқа», «Абай», «Сана», «Шолпан» журналдарының айналасы лыксып толып отырған бұрынғы ескі интеллигенция еді ғой. Оның барлығының да бағыты тап сол дәуірде совет құрылысының бағытымен ұштасып жатпайтұғын. Көпшілігі негізі қаланып жатқан жаңа құрылысқа қарсы болып отыратұғын.

Сол кезде Сәкен, әйтеуір шамасы келгенше, жалғыз да болса қызыл туды қолдан түсірген жоқ. Сәкеннің өзі үлкен ақын. Әсіресе, жазғанынан гөрі өзінің жаны үлкен ақын адам болатұғын. Сөйте тұрып, сондай жалғыздығына қарамастан, Сәкен бұрылмастан, айналмастан бәріміздің өсуімізге, бүгінгі Совет әдебиеті деп саналатын үлкен әдебиеттің балаң кезінде соның бағытын аудармай, бұлжытпай жаңа дәуірге карай бейімдеп басқарып отырды.

Сәкен жалғыз және сол жалғыздығына қарамай үлкен орын алған кісі. Сондықтан мен Сәкенді басқалардан ерекше бағалаймын.

Қанша өссек те ол кезде жаңа туып келе жатқан қазақ әдебиетінің кадрлары түбегейлі әзірлікпен келген, дүниетану жағынан белгілі көзқарасы қалыптасып болған жандар емес қой. Сонысына қарамай, Сәкен бізді дұрыс жолға, дұрыс бағытқа бастап кетті деп ойлаймын.

Сол бағыт, сол Сәкеннің берген үлгі-өнегесі біздің совет әдебиетінің тез өркендеп кетуіне үлкен бағыт, кәдуілгі орыс халқы айтатын, путевка берді. Бізде ондай путевка дегеннің дәл мағынасы шыға бермейді. Сәкеннің жалғыз жүріп алысқан, жалғыз жүріп, келе жатқан революциялық дәуірдің бағытын (Мен әдебиет-мәдениет майданындағы бағытын айтамын) жалғыз өзі берік ұстап, жалғыз өзі мойнына алған, жас кадрлар жинап, болашақтың жолын, бағытын сызып кеткендей адам көреміз.

Т.К. Кейінгі сұрақтардың ішінде ондай сауалдарым бар

еді. Алдын алып қойдыңыз. Ендігі бір мәселе: Сәкенді алғаш көргеніңізді айтып беріңізші. Алдымен Сәкеннің өзін көрдіңіз бе, әлде даңқын естідіңіз бе? Революция жолындағы ер-азаматтың іс-әрекетінің сізге жасаған әсері қандай болғанын баяндап беріңізші.

Ғ.М. Мен елде 20-жылдары ауыл кеңестің хатшысы дегендей, волисполкомның мүшесі дегендей, одан басқа да әр түрлі қызмет істеп, баяғы, колға газет түсіп қалса оқып жүретін жастардың бірі едім. Иә, 21-жылы Пресногоркеуде жоғары бастауыш училище бітірдім. Бұрын молдадан екі-үш жыл оқығаным бар.

Кейіннен біздің үлкен, атақты жазушыларымыз болып кеткен Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбиттер бұл кезде Сәкенмен қол ұстасып, жұмыс істесу болмайтұғын. Ұлтшыл интеллигенттер бір жағынан тұтас, қалың, барлық баспасөзді, газетті меңгеріп кетуіне шамасы келетін дәрежеде болса, Сәкенмен бірге қол ұстасып аттана қоятұғын жазушылар, Совет жазушылары дейміз ғой осы күні, ол кезде шыға қойған жоқ-ты. Сондықтан да Сәкеннің орны, тағы да қайталап айтамын, бөлек орын, ерекше орын, біздің мәдениетіміздің дұрыс бағыт алып кетуі жағынан қарағанда.

Т.К. Сәкенді алғаш кездестіруіңіз, көруіңіз жайында. Алдымен Сәкеннің даңқын естідіңіз бе, иә болмаса өзін көрдіңіз бе? Осы жайында алғашқы әсеріңізді айтып берсеңіз.

Ғ.М. Сәкен деген ақын, революцияны өз қолымен жасасқан, Ақмолада Советтің туын өз қолымен көтерген. Халық Комиссарлары Советінің Председателі, халықтың аса бір қамқор адамы деген атақ қазақ халқына кең жайылып жататын. Мен де солай алдымен даңқын естідім.

Сонан соң, 1923 жылы күзде мен Орынборға оқуға келдім. Рабфакқа, Орынбордағы оқу ісіне араласу Сәкеннің екінші бір қызметі сияқты екен. Сәбит рабфакқа бір жыл бұрын келіп түскен.

Сол отыз баланы анда-мұнда: ересектер мектебіне «опытно-показательная школа» дейтін он жылдық мектепке, Рабфакқа, қазақ институтына бөліп-бөліп орналастыруда Сәкен оқу жұмысын басқаратын адамдай қатынасты. Сол отыз шақты баланың бәрі де оқуға қабылданды.

Сәбит 22-жылы Рабфакқа түскен соң, Сәкенмен жақындасып кетіпті. Сәкеннің Орынбордағы Деевская, 5 дейтін үйінің бір бөлмесінде тұрады екен Сәбит. Сәбитпен бірге қыс ортасына дейін мен де сол үйде тұрдым.

Буденныйдың мұртындай қайырып тастаған мұртты, қара

толқынды келген шашты, өзі ақ құба, көз қиығы ерекше, денесі сом, еркек ішіндегі аса бір сымбатты адам еді. Мен Сәкеннің өлеңдерінен кейде ырғақ жағынан болсын, ой мен түр жағынан болсын, кемшілік таба аламын осы кезде, бірақ Сәкеннің кісілік жаратылысында бір кемшілік жоқ деп ойлаймын.

Ол шай үстінде көп әңгіме айтатын, өзі домбыра шертетін. Сәкеннің шайы деген 2–3 сағатқа созылады. Ол кезде арақ ішу деген жоқ қазақ арасында, темекі тарту аз. Кем болса он-он бес кісі Сәкеннің айналасына жиналар еді. Оның үшеу-төртеуі Қарсақбайдың, Қарағандының жұмыскері, 1912 жылы Лена оқиғасына қатынасқан Угар Жәнібеков сияқты, сонсын өзі оқуға түсіріп, өзі өсіріп келе жатқан бірталай жұмысшы жастар, ел жастары Сәкеннің үйінде тұратын, ал тұрмағандарының өзі де Сәкеннің мойнындағы асыранды балаларындай көп болатұғын.

Сәкеннің кескініне қарап, оның ақын екендігіне сенетін едік. Сәкен жиырма сегіз жасында Совнарком Председателі болған ғой.

Енді қарасақ, Сәкеннен біз сегіз жас кіші екенбіз, бірақ сол кезде ол бізге таудай, ұлы адамдай көрінетін. Өйткені, әрбір ісінде елдің қамы аңғарылатын. Өзі елді көп аралайтын. әсіресе, Орал өңіріне көп барып жүрді. Орынборға жақын маңайдан оқушылар әкеліп, ел тіршіліктерінен көп әңгіме айтып жүретұғын. Сол кездегі Сәкеннің жазғанынан Орынборға қарайтын елдердің біразының тіршілігі қандай екенін көресіз.

Т.К. Сәкеннің сізге тікелей тиген жәрдемі бар ма?

Ғ.М. Бірінші, Сәкен мені рабфакқа түсірді. Екінші, мен 1924 жылы партияға түсемін деп арыз бергенімде, Сәкен менің рекомендаторым болды. Сәкен арқылы мен Әліби Жанкелдинмен таныстым. Бір адам болса да революцияға дейінгі стажы бар адам керек болатын ол кезде. Әлекең маған рекомендация берді.

Ол кезде партияға рекомендация беруге 5 кісі керек еді. Сәкен мені сол кезде КазПИ-дің ректоры болған Баймен Алманов деген кісімен таныстырды. Ол да ескі коммунист еді. Маған рекомендация берді.

Тағы бір жайды еске алуға болады. Қарақұм деген жерде 30-жылы аудандардың ортасындағы жер таласы болып, Әліби Жанкелдин, Сәкен, мен, тағы біраз адам сонда бардық. Сол кезде біз Аралда бір вагонда тұрдық. Әркайсысымыздың бөлек купеміз болушы еді.

Сәкен бәріміздан ерте тұрып, қыдырып кетеді. Мұнда

таңертең Ташкентке қарай Москва поезы өтеді. Содан газет алып келетін еді Сәкен. Бір күні, мен тұрған жоқ едім әлі, купемді ашып, Сәкен менің бетіме «Литературная газетаны» «оқы» деп тастай берді. Өзі шығып кетті. Газетті жалма-жан алып қарасам, Маяковский қайтыс болған екен.

Маяковскийдің өліміне Сәкен қатты қайғырды. Өзінің де Маяковскийше жазған кездері бар ғой. Ешкімге айтып жарияламаса да, Маяковскийді өзіне арқа тұтатын.

Т.К. Маяковскиймен екеуі дос болыпты деген әңгіме бар ғой.

Ғ.М. Маяковскиймен Сәкен көп кездескен сияқты. Сол газетте Маяковскийдің «Товарищ правительство, моя лодка разбилась о быт, к чему теперь вспоминать бед и обид» деген жолдары бар еді. Соны Сәкен қайта-қайта еске алып, жазушылар арасындағы жағдайларды көбірек айтып кетті. Содан кейін біз жүк машинамен жолсыз Қарақұмға жүріп кеттік.

Т.К. Қарақұм деген қай жер сонда?

Ғ.М. Бұл – Шалқар мен Ырғыздың ортасында Жезқазғанның күнбатыс солтүстік жағында.

Т.К. Ақтөбе мен Жезқазғанның екі ортасында екен ғой.

Ғ.М. Иә, сол маңай. Сол жолда Сәкен ылғи тоқтаған жерде мені қасына ертіп, даланы кезіп кетуші еді. Әсіресе, Маяковскийдің өлімі Сәкенге үлкен бір ой салған сияқты. Ол Маяковскийдің ақындығының басқаларға ұқсамайтын ерекшелігін көбірек айтатын. Сол сапардағы екі нәрсе есімде қалыпты. Біреуі – «Сәкеннің досы көп. Сәкеннің жолдасы көп дейді жұрт. Шындап қарасам, менің жолдасым да, досым да, тіпті қайда барсам да толып жатыр. Бірақ солардың ішінде бір сырласым жоқ екен» – дейді. Мұңайып айтқандай болды.

Т.К. «Сыр сандықты» жазған кездегі көңіл күйлерінен әлі айыға алмай жүрген тұсы ғой...

Ғ.М. Иә, сол «Сыр сандық», айтпақшы, содан кейін жазылды ма екен?

Т.К. Алдында жазылды.

Ғ.М. Ә, солай ма?... әйтеуір, «Сыр сандықтың» әсерін сол далада көбірек айтып жүрді. Ол кезде мен жаңа ғана жаза бастаған кезім еді. Сонда сырласуға, иә болмаса, ең берісі ашылып сөйлесуге болатын жастардың бірі шығар деп үміттенуі де мүмкін. Мен оны солай үміттеніп еді деп айта алмаймын. Өйткені, Сәкеннің аты Сәкен.

Т.К. Сәкен сіздің «Тулаған толқында» атты шығармаңызды оқыған шығар?

Ғ.М. Оқыды.

Т.К. Сәкен түсінігіндегі сұлулықтың сыры қандай еді?

Ғ.М. Сәкен айтатын: «Кейбіреулер қиялындағы сұлу әйел бейнесін өзі ойда жасап алады да, сонсын оны өмірде кездестіре алмай, әуре болады да жүреді. Бірақ мен білетін, мен сүйетін әйелдің беті, көзі, мұрны, бойы, аяқ-қолы менің өз ойымда ғана болуы мүмкін», – деп. «Өз ойымда жасалған» деген жоқ, «өз ойымда ғана болуы мүмкін» деді.

Кеше «Иностранная литература» журналында Петрарка туралы үлкен зерттеу шықты. Авторы есімде жоқ, поляк жазушысы болуы керек. Сол Петрарка бір бейнені өзі ойдан жасап, соған өзі ғашық болып кеткен. Петрарканың 300-400 өлеңі бар. Соның барлығы бір адамға, бір ғана әйелге жазылған. Тарихта мұндай аңыздар бола береді. Өзі салған суретке, өзі тастан қашаған мүсінге өзі құмартып, ғашық болып жүретін көркемөнер қайраткерлері бар ғой...

Т.К. Сөзіңізді бөлгенге ғафу етерсіз. Сіздің «Кездеспей кеткен бір бейне» атты шығармаңызды, сұлулықтың символы ретінде, осы айтып отырған ойлардың дамытылған формасында...

Ғ.М. Соның ұшқыны ғой.

Т.К. Соны Сәкенге байланыстырған уақытта...

Ғ.М. Мен шамам келгенше, «Кездеспей кеткен бір бейнеде» «Ақлиманың бейнесін Сәкеннің өзі толықтырар ма еді» деген ойда болдым. Сәкен бір-ақ рет көріп қалады да, анықтай бейнелей алмайды, бірақ Сәкен оны өз ойымен өсіріп, өңдеп, әдемілеп, нағыз ғашық болатын қыз етіп алған ғой. Мен сол тұрғыда жазып едім оны.

Т.К. Сұлулықты, ажарлылықты, ақылдылықты қастерлеу жөніндегі ойларыңызды мына соңғы жазып жатқан повесіңіздегі Ұлпан бейнесімен байланыстыра кетсеңіз.

Ғ.М. Жазушы болған соң еліміздің тарихына байланысты нәрселерді қарастыра жүресің ғой. Менде шешілмей жүрген бір жұмбақ бар. Мынау жиырма екі болыс қаракесек елінің ұраны Қарқабат – әйел аты. Біржан Сарамен айтысқанда: «Сол Біржан салды әнге қарқабаттап», – дейді. Біржан ұлы жүзге келіп айтысқанда, арғынның ақыны болып айтысады ғой. Ол өзі – Нұралы Керей. Мынау мен жазып отырған Есеней сол қожағұл, кәдуілгі Біржанның атасы ғой. Өтеп деген адамның жерін тартып алған. Сол Біржан Арғынның атынан айтысқа түскенде сыйынатын аруағы, шақырған ұраны қарқабат – әйел. Екінші, қытай жерінде он екі болыс Абақ керей бар дейді. Сондағы Абақ деген кісі де әйел. Ал мынау орта жүзде Айбике, Нұрымбике, Күнкөке, Сүйінбике деген елдер бар, соның барлығы үлкен-үлкен руларға қойылған әйелдің аты. Сәкеннің елі Енең деп аталады.

Т.К. Иә, солай...

Ғ.М. Енең деген – «әжең» деген сөз ғой. Сонда бұлар Қыз Жібек немесе Баян сұлу сияқты сұлулығымен атағы шыққан әйелдер емес, болмаса матриархаттан келе жатқан сарқыншақ емес. Кәдуілгі патриархальды феодалдық дәуірде елді билеп кеткен әйелдер.

Мен алып отырған Ұлпан деген кісі біздің елден шыққан, өмірде болған адам. Зираты біздің ауылымыздан екі шақырым жерде еді. Бірақ ол менің көрген кісім емес, сондықтан анау әйелдерден желі тартып барып, бейне жасауға тиістімін ғой. Сол елге егін салдырған деген даңқы қалған, шөп шаптырған, қыстау салдырған. Есенейдің, бай Есенейдің малын бүкіл ел бағып, жалғыз соның аузына қарап, қара қазанына қарап ши болып қалғанда, солардың 15-20 жылдық еңбегін бөліп беріп, елді ел қылған адам дейді Ұлпанды.

Мен қазақ елінің бір ақылды әйелінің бейнесін жасамақпын. Басқа елде өзінің көрікті әйелін де, ақылды әйелін де, басқа әйелін де бейнелеп жүр ғой. Мынау Ұлпан сондай әйелдің бейнесі болар деп жаза бастаған едім. Мұнан кейін де тағы бір әйел суреттеледі, соны бейнелегенім де мен сонау Сәкеннің алыстағы әсерінен нәр аламын ғой деп ойлаймын. Кейде сол әйелді сипаттағанда, мінез-құлқын жазғанда, Сәкеннің «Шіркін-ай, сондай әйел болар ма еді?!» дейтұғын бір арманды өкініштері есімде қалған сияқты, ылғи көз алдымда тұрады.

Т.К. Олай болса, Сәкеннің, Сіздің сұлулық жөніндегі көзқарастарыңыздың барлық жиынтығы «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан» арқылы сыртқа шығып жатқан сияқты ғой, тегі.

Ғ.М. Солай деуге де болады.

Т.К. Енді Сәкеннің өзіне қарай қайтадан бір оралсақ қайтеді? Сәкен КазААП-ты құрған уақытта соның жетекшісі, алғашқы ұйымдастырушысы болды ғой. Совнаркомнан түскеннен кейін Мәскеуден «Кузницаның» өкілі, РААП-тың өкілі болып келді. Сондағы алған әсеріңіз, қазақтың совет жазушыларын ұйымдастырудағы Сәкеннің іс-әрекеттері қандай болды?

Ғ.М. Мұнда бір өте нәзік жағдайлар бар. Сәкен ұлтшылдық ықпалында жүрген адамдарды оңай тәрбиелеп аламын деп ойламаған кісі. Сондықтан әдебиеттегі, мәдениеттегі жаңа беталысты тезірек ұғынып, қолға алып кететін алдымен жастар болуы керек деп үміт артқан сияқты.

КазАПП-ты алғаш ұйымдастырған кезде мен ол маңайда болған жоқпын. Оқып жүрген кезім. Сонда Сәбит, Асқар Тоқмағамбетов, Тайыр Жароков, баяғы Қалмақан

Әбдікадыров, Елжас Бекенов, Әбдірахман Айсарин, Әбділда Тәжібаев секілді жеті-сегіз адамды бірден жастардан жинапты.

Бұл кезде Мағжанға қарсылық қатты күшейіп тұрған кез, оның да әлі бізге мойын бұра қойған кезі емес. Ол Жамбылдың кезі емес. Ол «Мен тоқсанмен біргенің» де кезі емес. әріректе, әлі шалқақ жатқан кезі Мағжанның.

Сосын біраз әдебиетшілер «Қазақстан» баспасының айналасында болды. Ташкентте шығатын газет-журналдың айналасындағылар КазАПП-тың бағытына түп-түгел қарсы. КазАПП-тың бағыты түгіл жалпы қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеу жолына қарсы. «Орыс жазушылары олай қылған екен деп, біз де былай қыла салмауымыз керек» деп сіресіп жатқан кезі ғой. Және олардың өзі білім жағынан Сәкеннен артық болмаса кем емес, қалай дегенмен тең. Оларды тәрбиелеймін деп Сәкен әуре болмай, әуелі жастардан жазушы жинаған. Әрине, келе-келе бұл жастардың ішінен де кішкене теріс азулар шығып кетті. Жалпы, осы өзімізден басқаны ішке кіргізбейік деген бағыттар болып, солақайлық жасалды. КазАПП-қа Бейімбет пен Ілиясты тартпау сияқты, бұл әрине жақсылық емес қой. Бірақ Сәкен, мен білетін Сәкен, Бейімбетпен, Ілияспен дос адам еді. Оларды қатты бағалайтын адам еді. Сол кезде де солақайлық күшейіп, Сәкенге сіз енді ақсақал болып үйде отырыңыз» деген сыңай байқалатын.

Т.К. Қалғанын өзіміз жөндеп аламыз деп қой, баяғы...

Ғ.М. Иә, қалғанын өзіміз істеп аламыз деп. Біраз адамды маңайларына жолатпай жүрді.

Т.К. Қайыпназаровтардың тұсы ғой.

Ғ.М.Қайыпназаровтардың тұсы. Баяғы Әбдірахман Байділдин болды. Солақайлық жағынан біздің Сәкен де ешкімге есесін жібере қоймайтұғын. Бірақ сол тұста «Жыл құсы» дейтін альманахта, «Әдебиет майданы» журналын шығаруда Сәкен басшы, көсем болды.

Т.К. Тағы да бір топ сұрақтарым бар. Ол көбіне Сәкеннің қоғамдық мемлекеттік қайраткерлігіне байланысты.

1923 жылы сіз Сәбеңмен екеуіңіз Сәкеннің үйінде жатқан уақыттарыңызда. Мемлекет басшысы ретінде біраз айттыңыз ғой әлгінде.

Жалпы халықтық тұрғыдан келген уақытта, қазақ мәдениетін, қазақ елін, шаруашылығын көтеру тұрғысынан келген уақытта Сәкеннің арманды ойлары, жүзеге аспай қалған жоспарлары бар ма? Өзіңіз білетін? Жоқ болмаса, солардың көбін өзі біраз атқарып, дендеп тастады ма? Осы жөніндегі ойларыңыз қандай?

Ғ.М. Сәкен адам ретінде, мемлекет басшысы ретінде, меніңше, ешкімге жақсылықтан басқа ешнәрсе ойламайтын. Бұл сол кездегі, менің жас кезімдегі әсерім емес, кейін де талай әңгімелерде, талай істерде байқалған Сәкеннің табиғаты ғой деп ойлаймын.

Сәкен «анаған қарсы болды, мынаған қарсы болды» дейді ғой. Бұның көпшілігі Сәкеннің атымен жасалған істер. Сондай қолайсыз жағдайларды, әсіресе мына жікшілдік жағындағыны, Сәкенге таңып жіберіп, Сәкен көбінесе содан күйіп жүретін.

Мен оны Совнарком кезінде, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болғанда да көріп, біліп жүрдім. Сол лауазымдарына қарамай, оқу істеріне қатты араласып отыратын адам еді. Әлгі, 1932 жылғы ашаршылық кездерінде Сәкен елдің жайына көбірек назар аударатын, әңгімесінің көпшілігі соған арналатын.

Ол кезде Сәкен Қазақ автономиялық республикасының Совнарком Председателі ғой. Біздің рабфакқа жаңа түскен кезіміз. Сәкеннің айтқан әңгімесін құлақ қойып, зер салып тыңдағанымыз болмаса анықтап сұрауға шамамыз келмейтін. Сол тұста сайлау деген де жиі болып тұратын: болыс сайлауы, ВЦИК-тің сайлауы, КазЦИК-тің сайлауы, Советтердің сайлауы...

Т.К. Әлгіндей әңгімелер үстінде өзінің Ленинге жолыққан, Кремльге тоқтаусыз кіре беретінін, Ленинмен қалай сөйлесетінін көбірек айтатын еді.

Ғ.М. Менің байқауымша, ол Ленинге 3–4 рет кірген, 3–4 рет мәжілісте болған сияқты сезілетін еді. Съезд уақытында Совнарком Председателінің президиумда болулары да мүмкін. Онда болмаса, съезд үстіндегі жүріс-тұрыстарда сөйлесуі, не өзінің кабинетінде Лениннің Сәкенді қабылдауы даусыз ғой деп ойлаймын. Ленин жайын сұрай қою бізге де ол кезде тіпті ретке келмейтін шаруа ғой. Соны біз анықтай алмай кеттік. Білсе, естігені бар, әлгі Қаскей Өтекин білер, құлағында не қалды екен, өйткені, ол «Еңбекші қазақ» газетінің секретары болатын.

Т.К. Әнеукүні университетте естелік айтқан уақытта Лениннің мінезін аңғартатын бір детальды: «Осылай емес пе?» деп басын қисайтып, бір сұрақ қоятын әдетін айтып едіңіз.

Ғ.М. Ондай жайларды Сәкен көп айтатын. Өзіне бір рет Ленин «Ты же поэт» деп қалғаны бар деп айтатұғын еді.

Т.К. Оны қандай жағдайда айтты екен?..

Ғ.М. Ондай әңгімелерде Лениннің айтқан негізгі, салмақты

мәселелерін бізге айта қоймауы мүмкін. Бірақ сол жеке кездесу кездерінде, әсіресе салынайын деп жатқан Көкшетау жолы әңгіме болған сияқты. Кейін оны «Жер қазғандарда» жазды. Осы төңіректе бір әңгіме болғаны анық. Кең байтақ қазақ даласының қарым-қатынасы жоқ, бір облысқа бару үшін қаншама күндер кететінін айтып, темір жол салу жағын тездетуді өтінген жайы бар сияқты. Сол кезде «Ленин оны тез жасайтын ақша қайда, ты же поэт, саған ол оңай көрінеді, ал біздің қалтамыз бос отыр ғой" деп айтқан сияқты.

Т.К. Қаракет мәселесіне, Ленинмен кездесуіне байланысты мынадай бір жай менің есіме түсіп отыр. Архив документтеріне қарап отырғанда, қаракет өзі қашанда жетпей жатады ғой.

Біздің республикамыздың жол қатынасын жақсарту мақсатында Сәкен аэроплан алу, темір жолды өркендету мәселесін қатты көтерген.

Ал сонымен қатар, ең бір айырықша, ақшаны көп тілеген және әлеуметтік ыждаһатын талап еткен мәселе – оқу-ағарту саласы. Сәкеннің айтатыны бар ғой: «Қазақ халқы енді бір жиырма жылдың ішінде мәдениетті елдердің қатарына қосылуы керек» – деп, мүмкін осыған қажетті қаражаттар жөнінде, осы мақсаттар деңгейінде болған әңгіме шығар.

Ғ.М. Сәкеннің аэроплан сатып алу керек деген екі-үш мақаласы бар ғой. Сәкен темір жолды, экспресті, аэропланды жазғанда да біздің еліміздің, жеріміздің сонша шашылып, бытырап жатқанын еске алған. Мәдениетті елдердің қатарына тез жету үшін темір жол, аэроплан керек дейтін ойлары оның Ленинге байланысты да айтатын әңгімелерінің бір үлкен саласы болатын.

Баяғыда Қызыл отау керуені деген жүргізілді ғой. Оны біз қазір Әліби Жанкелдин атына байланыстырамыз. әлекең тек сол қызыл отаудың, сол керуеннің бастығы ғана. Оны шығарып жүрген, елге спектакль апарыңдар, оқу апарыңдар, білім апарыңдар деген идеяның көбі Сәкеннен таралған болатын. Сәкеннің керуен қайтып келгенде, қатты наразылық айтқаны бар: «Спектакль беріңдер деп те кісі қостық, пьеса да, әншілер де, домбырашылар да бердік, соның барлығын пайдалана алмай, әншейін өлең айтудан басқа жағын келістіре алмай келді» деп.

Мен білсем, Сәкен өзі республикалық ЧК-ның сауатсыздықты жою жөніндегі комиссияның бастығы болатын.

Т.К. Ол жөнінде жазған мақалалары өте көп. Сонсоң, өзінің ағартушылық, мұғалімдік парызы да бар ғой мойнында.

Ғ.М. Ол өзі 1916 жылы мұғалімдік семинарияны бітірген,

енді бала оқытам дегенде қозғалысқа қатысып кеткен адам ғой. Содан соң ол қайтып бастауыш мектепке оралған кісі емес, сабақ берген кісі емес. Кейін, осы Алматының өзінде Сәкен сабақ бермей отыруына да болатын еді, бірақ сол әртіннен келе жатқан әлгі халық ағарту қызметкерлерінің парызы болуы керек, осы КазПИ-де, анда-мұнда сабақ беріп жүрді.

Т.К. Осыған байланысты менде тағы да бір сұрақтар туып отыр. 1922 жылдан бастап Сәкен қазақ тілін кеңсе тіліне айналдыру мәселесін көп көтерді. Ана тілі арқылы халықты өкімет ісіне жақындату, сол тіл арқылы елді өркендету, жеткізу мәселесіне Сәкеннің көзқарасы қандай еді?

Ғ.М. Сәкен қазақтың тілі дегенге қатты қарайтын кісі еді. Ол елдің конституциясының бірінші пунктінде «Мемлекеттік тіліміз қазақ тілі» деп жазу керек деп сөйлейтін. Ал біріміз орысшалап, біріміз қазақшалап, «шала молда дін бұзар» болып отырсақ, ел өз бетімен өзі дұрыс ойланып, өз сана-сезімімен түсінбесе, өз ісін өзі орнықты істей алмайды. Елдіктің негізгі белгісі – тілінде. Осы мағынада ол көп сөйлейтін, көп жазатын да еді.

Ол кезде көптеген қазақ аудандарында кеңсе, оқу-ағарту істері – барлығы қазақ тілінде жүретін.

Сәкен тілді жеке ғана сөйлесу үшін, жеке ғана қызмет атқару үшін керекті нәрсе деп ұғынбайтын. Тілдің өзі көп салалы. Жалғыз әдебиет тілі ғана емес, мемлекеттік, яғни кәдуілгі кеңселік тіл, заңтілі, әскер тілі, сонымен бірге ауылшаруашылық, өндірістік дүние жағындағы тілі болуы керек дейтін.

Менің алғашқы басылып шыққан нәрсем – «Американ бидайығы» деген кішкентай кітапша. Білмеймін, неше бет екені есімде жоқ. Сонда: «Сен маманмын деп маманша да жазасың, бірақ сенің тілің жақсы екен, шаруа адамдары түсіне алады екен олардың басын шатастырмапсың», – деп еді. Мақтаған түрі солай болушы еді ол кісінің.

Демек, ол тілге, тілдің өсуіне мемлекеттік көлемде кең қараған кісі. Онысы кейде өзіне зиян болып жүрді. Кейбіреулер әдейі бұрмалады ғой.

Т.К. Тоғыз мақала жазды ғой ол тіл жөнінде. Айтпақшы, осы кезде Би-аған қабырға газетінде жарияланған Сіздің «Тулаған толқынданы» оқитын еді ғой. Әлгі «Америка бидайығынан» туып жатқан ойлар ғой.

Ғ.М. Би-аған деген кісі бір қызық адам еді.

Жазушылардың бір түрлі болмай әр түрлі болғаны жақсы. Екі Сәкен болса бір жерге сыймас еді, екеуі қызық та болмас еді.

Би-аған Сәкенге мүлде ұқсамайтын. Оның мінезі – азырақ тұйықтау деуге келе ме, немесе қақ-соқта жұмысы жоқтығына қарап, тұйық көреміз бе, ол өзі кәдуілгі ішінен ойланып, ішімен тексеріп жүретін адам болатын.

Ол кезде мен «Еңбекші қазақта» корректор болып істейтінмін. Оқып жүріп сөйтетінбіз, ақша тауып, күн көру керек. Сол кезде, әйтеуір, Бейімбет араламаған институт болмайтын.

Бейімбет сол жиналыстарда президиумға да отырмайды, келгенін де ешкімге білдіртпейді. Талай жиналыстарда әншейін топтың бір шетінде отыра беретін еді.

Әрбір жиналыста бірдеңе оқылмай, бірдеңе айтылмай қоймайды ғой студенттер арасында. Соны Бейімбет ертеңіне ұстап алатын сияқты еді маған. Осы Тайырды (Тайыр КазИНО дейтін институтта оқитын) содан тауып алды, білдіңіз бе? Мені рабфактан тауып алды.

Т.К. «Біздің Би-аған» деген естелігіңізді айтып отырсыз ба?

Ғ.М. Иә, өзінің жазғандарын да, бастан-аяқ білесіңдер ғой. Әйтеуір, осы қазақтың тілі, психологиясы дегенге, боямаламай жазуға келгенде Бейімбет ерекше адам. Сосын, қазақ жазушыларында, осы Советтік Қазақстанның туған күнінен бастап, қаламы қолынан түскенше жазып кеткен өмірі – осы бүгінгі өмір ғой.

Т.К. Советтік өмірдің шежіресін жасап кетті ғой.

Ғ.М. Иә, шежіресін жасаған адам. Төрелікке, бірдемені баскаруға жоламайтын еді.

Т.К. Сізге «бастық сен бол, жұмысын атқаратын мен болайын» деп жүргені содан екен ғой.

Ғ.М. Мен бастық болып келгенімде партбилетім әлі қолға да тиген жоқ еді. Кандидаттық мүшелікке аударылғанмын. Сол кезде мені баспаның бас редакторы етіп бекітті.

Бейімбет сол баспада қызмет істеп отырғанда, менің кеңсе қызметіне араласқан бірінші қызметім ғой бұл. Шынында, келе сала бас редактор болу тіпті ойыма да, миыма да сыймай қойды. Баяғы рабфактан кейінгі бірінші кездесуім еді. Би-ағаңа сонша жалындым: «Сіз барда менің тіпті ретім келмейді», – деп. Әйтеуір мойнына арқан салудан басқаның бәрі істелді. Бейімбет көнбей қойды. Ол керемет қарапайым, еңбекші адам еді ғой.

Т.К. Бейімбет екеуіңіз бірігіп «Амангелді» пьесасын жаздыңыздар. 1936 жылы «Социалистическая Алма-Ата» дейтін газетте (қазіргі «Вечерняя Алма-Ата») орысша повесть жаздыңыздар ғой деймін.

Ғ.М. Иә, иә.

Т.К. Оған себеп болған жағдай не?

Ғ.М. 30-жылы біздің Қазақстанда бір ауыр жылдар болды ғой. Сонда...

Т.К. Әлгі «Бесеудің хатын»[1] айтасыз ба?

Ғ.М. Сол «Бесеудің хатының» ішінде мен де бармын. Бізді быт-шыт қылып, онда-мұнда қуды ғой. Мені алты айға елдегі кемшілікті түзеп кел, жәрдем бер деп Батпаққара ауданына жіберді.

Т.К. Кемшіліктерді көре біледі екенсіз, енді түзетіс дегені ғой.

Ғ.М. Шолақсай деген жерде Помголдың тарысы бар. Сонда Амангелдінің әйелі қыс бойы, байғұс, түйемен тары тасиды екен. Барарда 120 шақырым жерге мініп баратын көрінеді, қайтарда жаяу келеді түйені жетелеп. Әбден қалжыраған екен.

«Қыс бойы тасыдым, үйде ауру кемпірім бар. Бір жолға қалайын» деп рұқсат сұрап келді. Мен енді өлкенің уәкілімін ғой. Райкомға айтып, босаттырып жібердім.

Сол жолы Амангелдінің әйелімен жолығып, жай-күйлерін сұрастырып, Амангелдінің жайын біліп келіп едім. Мен ол кезде пьеса жаза алатын жайым бар деп ойламадым.

Би-ағаңмен өте жақын араласып, достасып кеткен адам едік. Амангелді жөнінде естіген-білгенімді айттым. Өзі де Қостанай жігіті ғой, оның да құлағында біраз әңгіме бар екен. Сол жылы күзде Амангелді жөнінде пьеса жаздық.

Сонан соң, 1936 жылы Мәскеуде бірінші онкүндік болды ғой. Сонда Сталин біздің басшыларға: «Сендердің Чапаевтарың бар ғой», – деген көрінеді. Ол кезде «Чапаев» киносы шығып, жер-көкті дүбірлетіп жатқан. Біздің адамдар: «бар» деп, Әліби Жанкелдинді атапты. Ол да онкүндікке барған тойдың ішінде екен. Сонда Сталин: «Жоқ, ол емес, анау әлгі Тургайский комиссар, тургайский», – деп бір-екі рет қайталайды. Сөйтіп, есіне түскенде, «Иманов» дейді.

Т.К. Сонда Сталин Амангелдіні білетін болған-ау.

Ғ.М. Қалайша білгенін айта алмаймын, бірақ білген. Біз сол арада Всеволод Ивановты тауып алып, «Ленфильммен» шарт жасастық. Жұрт та онкүндіктен елге қайтты. Ал біз Бейімбет екеуміз Батпаққара жағына, Амангелдінің еліне кеттік. Содан соң Бейімбет екеуміз жазған очерк 14-15 санға басылды.

Т.К. «Социалистическая Алма-Атада» ғой.

Ғ.М. «Социалистік Қазақстанда», «Казахстанская правдада» басылды, білдіңіз бе?! 37-жылы басылды. Сол

кезде 37-жылдың «науқаны» басталды. Сонан соң үзіліп қалды ол.

Т.К. Осыған байланысты бір сұрағым бар. Сол кездегі газеттерде жазылды. Сіз бір жиналыста Бейімбет мәселесіне байланысты сөйлеп: «Егер Бейімбет жау болса, мен де жау шығармын», – депсіз. Соны тарата баяндап берсеңіз.

Ғ.М. Ол енді болған нақты факті. Партия жиналысында айтылды. Осы мына Қара қастекте күллі әртістер, «Ленфильмнің» адамдары жаз бойы «Амангелді» фильмін түсіріп жатқан. Бейімбет ұсталардан бір-екі жеті бұрын Мирзоян маған: «Сәкен мен Ілияс ұсталып кетті. Енді, міне, Бейімбет те ұсталайын деп отыр. Материал көп...» – деп қынжыла айтты. Сонда мен Мирзояннан: «Онда мына фильмді қайтеміз?..» – деп сұрадым. «Түсіре берсін фильмді. Бір амалы табылар. Ол фильм керек қой», – деді ол. Айтқандай-ақ Бейімбетті Қарақастектен ұстап әкетті ғой.

Оны естіген соң Жазушылар одағында партия жиналысы болды. «Мына Бейімбет ұсталды. Сәкен ұсталды. Бейімбеттің достары бар» деп, қырағылық көрсетіп, атымды атамаса да, тие-тиісе сөйлеп жатыр. Мен партия жиналысында айттым: «Бейімбет ұсталыпты, мен де естідім. Бірақ Бейімбет халық жауы емес, Бейімбет халық жауы болса, мен де халық жауымын». Бұл менің батырлық істейін деп айтқаным емес. Бейімбеттің тазалығына, қақ-соқпен жұмысы жоқтығына біржола сенген сөзім.

Т.К. Дегенмен, өзіңізде батырлықтың бір белгілері бар-ау. «Ұлпандағы» түрікпен Мүсіреповтен қалған болар, сірә.

Ғ.М. Атадан балаға мінездер ауысатыны табиғи нәрсе ғой. Бірақ, сол тіпті жастықтың әсері болуы да мүмкін.

Т.К. Әйтсе де, Ғабе, «Бесеудің хатының» ішінде болдыңыз. Одан мына оқиға. Бұлар қорқақтың қолынан келмейтін іс. Айтпақшы, «Бесеудің хаты» Сәкен, Ілияс, Бейімбеттерге қалай әсер етті?

Ғ.М. «Бесеудің хатынан» кейін, Сәкен маған ерекше көңіл танытты. Сәкен мені алақанына салып алардай қуанды.

Т.К. Өйткені, ол кезде өзі «Қызыл атты» жазып жүрді ғой.

Ғ.М. «Қызыл атты» Мирзоян келген соң жазды.

Т.К. Оған дейін не жазды?

Ғ.М. Бірақ, кейін жарияланды.

Т.К. Алғашқы тараулары «Лениншіл жаста» 32-жылдың күзінде басылды.

Ғ.М. Солай ма? Әйтеуір біздің сол мәлімдемемізге Сәкен: «Егер шындықты айта алмасақ, жазушы болып не керек,

адалын айт, адалынан өлсең арманың бар ма» – деді. Солай бағалады ол кісі.

Бейімбет: «Әй, осы бірдемеге ұрынып қалмасаң жарар еді. Жай белгілі, жағдай қиын» деді. Ол солай дейтұғын.

Ал Ілияс мұрыны қолағаштай, қабағы қалың, денелі, күлмейтін кісі сияқты болғанмен, іштей юморист, қалжыңбас болатын.

Ілиястың бір-екі өте қызықты хаты бар еді. Мен Батпақкарада жүргенде, сүзек болып ауырып қалдым. Сонда Ілиястың: «Сен болсаң, курортқа кеттің, елге барып жатырсың. Біз мұнда іштен тынып отырмыз. Меніңше, сенің сүзек болып жатқаныңның өзі курорт» деп жазыпты.

«Бесеудің хатын» Крайкомның бюросында қарап, бәрі мақтаған болды. Жақсы қаулы аламыз. Сіздерге көңіл аударамыз, пәлен-түген деп Голощекин сөйлеген.

Бір-екі күннен кейін Ілияс кез болды. «Көңіл аударамыз депті.Құтты болсын көңіл аударатыны». Солай сөйлесетін ол.

Бұлар бір ерекше адамдар еді өздері. Үшеуінің бір-біріне ұқсастығы жоқ, бірақ ой түптерінде барлығының саятын жері бар.

Т.К. Енді осыған байланысты тағы бір сұрақ қоймақпын. Осы соңғы кезде, біздің кейбір әдебиетшілер арасында Сәкенді қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі деген деңгейде әңгімелеп, көптің бірі ретінде көрсетсек қайтеді дейтін сынай бар сияқты.

1957–1958 жылдары, «Қазақ КСР тарихы», «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» жасалған кезде, сонан соң Сәкеннің 70 жылдық тойларында жасаған баяндамасында Сәбит Мұқанов: «Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы – Сәкен Сейфуллин», – деуіміз керек деген пікірді нығыздап айтқан болатын. Сол тұжырым біздің әдебиеттану ғылымында қалыптасып еді. Қазір соңғы кезде көпшіліктің бірі деген сияқты ойларды айтқысы келетін әдебиеттер, солай деп жазып жүргендер де бар.

Ғ.М. Ол дұрыс емес. Әдебиетке біреуі ерте қатынасты, біреуі кеш қатынасты. Сәкеннен артық жазушы болып шыққандары да бар.

Сөйте тұра ол кезде Сәкен қазақ совет әдебиетінің туын көтеріп шыққанда қасында болғаны әлгі жастар ғана ғой.

Ал туған жылдары бір екен бәрінің, бәрі сексенге келеді екен, сондықтан бұлар бәрі бірге жасады деуге болмайды ғой.

Бейімбеттің «Шұғасы» 16-жылы жазылған, мысалы,

Торайғыровтың 15-16 жылдары жазғандары бар. Иә, «Қамар сұлулары» 16-жылы ма немене, бәйге алған шығармалардың біреуі ғой. Мына Мамановтардың бәйгесін алған шығарма.

Бірақ бұл кезде бұлардың бірде-бірінің басы қосылып, Сәкенмен бірге үзеңгілес атанғаны жоқ, білдіңіз бе?! Сондықтан Сәкенге, оның орнына тарлық жасамай-ақ қойған жөн.

Әр нәрсенің алдымен бағыты ғой ең маңызды нәрсе. Ал сол бағытты, біздің қазақ совет әдебиетінің бағытын сілтерде Сәкен жапа-жалғыз білдіңіз бе?!

Біреуінің кейінірек қосылуы, біреуінің Сәкеннен анағұрлым терең жазушы болып шығуы қай әдебиетте де бар нәрсе ғой. Олар Сәкеннің ана игі ісіне ортақтаса алмайды, совет әдебиетінің бірден-бір нұсқаушысы, бағыттаушысы болғандығына олардың қатынасы бола алған жоқ ол кезде.

Былай ғой енді, біз де жетпістен астық. Кейде бізді де қосып жібереді, сол совет әдебиетінің негізін қалаушылардың қатарына. Ол біздің жасымызға көрсетілген құрмет және біздің арамызда 5-10 жыл үзік бар Сәкеннің қасына еруге.

Демек, мұнда Сәкенге әдебиеттің бағытын бағдарлау жағынан ең жақын тұратын адам – Сәбит, білдіңіз бе? Өйткені, сол 22-жылдан бастап ұрандауы Сәкенмен бірге.

«Жыл құсы» альманағын шығаруда, «Әдебиет майданы» журналын шығаруда Сәбиттің еңбегі мол. Сәкеннің қол астында еңбек етті деп ойлаймын мен. Шынында да солай, сондықтан Сәкенге ең жақын тұрған адам – Сәбит.

Т.К. Сәкен қолбасшы болды да, Сәбең оның жауынгер генералының міндетін атқарды ғой.

Ғ.М. Бұл арада бірін-біріне теңейміз, бірінен-бірі кем емес деген бірдемені өткізейін дейді ғой. Бұл неме, Совет Үкіметін біреу жасасқан болса, келесі адам оның істерін қостасып-қол ұстасып аттанған болса, соның бірінен-бірі кем болып санала ма екен? Саналмайды ғой.

Мұнда әдебиетті жасаушы бар, басқарушы бар, идеялық бағыт беруші бар, бұл кезде Сәкен байғұс жапа-жалғыз.

Т.К. Әлгінде Сәбең жөнінде де әңгіме болып қалды ғой. Сәбең 20-жылдан партия иүшесі, өмір бойы жамбасы жерге тигенше, совет әдебиетінің туын көтеріп өткен адам. Көптеген құнды шығармалар берген жазушы. Сәбеңнің дүниеден өткеніне бір жарым жылдай болып қалды, ал Сәбеңді есте қалдыру шаралары, ескерткіш салу, музей ашу мәселелері мардымды емес, осы жөнінде қарын ашарлық істер болып жатыр. Осыған себеп не?

Ғ.М. Бұл да жаңағы өзің айтып отырғанының бір

саласы, бір көрінісі. Соның әсері ғой деймін. Осы күнгі ғалымдарымыз болсын, әдебиетшілеріміз болсын, бір уыс қазақты батысқа, оңтүстікке бөліп алу деген бір пәле ауру шықты ғой. Сондықтан Сәбит шығармаларының азды-көпті кемшілігін пайдаланып, кішкене кемітіңкіреп ұстау беталысы жоқ емес осы кезде. Оны байқап жүрмін.

Осы жайды Ілияска байланыстырғанда оны осы ұлы жүздің ақыны деп келе, соны кішкене өзінің дәрежесінен де, көтеріңкіреп, өресі жететін жердің бәріне де апарып, өзгелерді аз-кем одан төменірек қойғылары келетіндері жоқ емес. Ол дұрыс емес.

Кімді болсын, Сәкенді болсын, Ілиясты болсын жеке-жеке бөліп-бөліп алып, баяғы ескі ауылдың әдетінше ұранға айналдыру дұрыс емес, әрине.

Баяғы «Аққошқар Сайдалының заманында» деген сияқты бөліп-бөліп алып, сіздің орта жүзден біздің кіші жүздің ақыны күшті демек қой. Бұл бір жаман мінездер. Бізді біріктірудің орнына ыдыратудың әрекеттері болып шығады түптің түбінде.

Бір жақ Сәкенді жалғыз көтеріп жатса әулиеміз осы деп, екінші жақ Ілиясты көтеріп жатса оған қарсы, әрине бұл біріктіру емес, қайта ыдырату.

Бұларды ешбір жүзге бөліп алуға, ешбір туға бөліп алуға болмайды. Естеріңде бар ма, баяғыда Гурьевтің бір жігіті «біздің Хамит» деп әлсін-әлсін айта берген соң, мен бір жиналыста ептеп басып қойып ем: «Неге сенікі болады ол, қазақстанның Хамиті болуы керек», – деп.

Бұларды баяғы жүзге бөлу де қате, бірінен-бірін асырамыз деп талаптану да қате. Әрқайсысы өз орнында үлкен жазушылар бар. Әрқайсысының мінездемесі өзіне толық жетеді, білдіңіз бе?!

Ал енді основоположник деген мәселе – ол өз алдына бір мәселе. Основоположник болған адам міндетті түрде ұлы ақын не ұлы прозаик болу керек деген мағына тумайды ғой. Ол көбіне идеялық бағытта аңғартады.

Сонау шытырман заманда, ұлтшылдықтың шылқылдап тұрған кезінде: «Жоқ, біз бұл жақта, ескі бағытта қалмаймыз. Жаңа бағытқа көшеміз. Біздің бағыт мынау» – деп қолына ту көтеріп шыққан кісі – Сәкен. Оны сол мағынасында основоположник деуіміз керек.

Ал енді әдебиеттің өсуі бар, баспалдақтап өседі ғой ол. Сол тұсқа Ілияс та кіреді, сол тұсқа Бейімбет те кіреді, Сәбит те кіреді, Мұхтар да кіреді. Олардың жалғасы есебінде бір онжылдық ішіне бәріміз де кіреміз. Біз де кіреміз, алайда әрқайсысымыз өз алдымызға, өз дәрежемізде жазушымыз.

Т.К. Әдебиеттің қызықтылығының өзі де сонда ғой. әркімнің әр түрлі қолтаңбасы болғаны, келбеті барлығы қандай ғанибет.

Ғ.М. Иә, иә. Екі Толстой болса біреуі артық болар еді. Шолохов Шолоховтығымен құнды.

Т.К. Ендігі бір сұрағым, Ғабе, мына Сәкентану ілімінің қазіргі даму барысында жөнінде ой-пікіріңіз қандай? Сәкенді зерттеу, Сәкенді насихаттау жөніндегі істеріміз қазір көңіл толтырарлық па? Көңіл толтырса қандай табысымен, толтырмаса қандай кемшілігімен дегендей.

Ғ.М. Сырт жағынан қарағанда Сәкен жайында бірнеше еңбектер жазылып қалған екен өзі. Оның ішінде сенің «Жизнь замечательных людей» сериясында шыққан кітабың тексеруі піскен еңбек сияқты. Мен көп нәрселерді өте терең ұғынғаныңды байқаймын. Бұл жайында әнеукүні сендердегі жиналыста айттым ғой деймін. Бұл документальды жақтан дау туғызбайтын, барынша зер сала қараған нәрселердің айналасында екен. Точная науканың материалындай жақсы шыққан.

Сонымен бірге, көп зерттеулердің, көп жазылатын мақалалардың негізінде баспадан шыққан, біреулер айтқан пікірлердің ізі жатады, соны төңіректеп жүру көбірек сияқты. Басқа бір еңбектерден мен соны байқаймын.

Т.К. Сәкен шығармаларының мазмұнын айту, солардың қадір-қасиетін бір-біріміздан ауыстыра...

Ғ.М. Иә, ауыстыра беру бар сияқты. Тіпті үлкен деп танылып жүрген еңбектерде де сондай жақтар көп. Атын атамай-ақ қояйын, Сәкен туралы үлкен-үлкен еңбек жазған дегеннің өзінде де, әсіресе сондай еңбектерде жұртқа белгілі нәрселерді, айтылған нәрселерді қайтадан баяғы ежіктей айтып беру сияқты жайлар көп. Сәкенді шығармашылық жақтан тексеру әлі аяқталмаған ғой деп ойлаймын.

Мұнда бір жай бар. Ілияс, Бейімбет, Сәкен үшеуі енді пісіп келе жатқан кезінде, 43 жасында кетті ғой өмірден. қырық пен елудің арасы жазушылардың толығатын кезі, белгілі бір прозаик, не ақын болып танылатын шағы. Оған олардың бірде-бірі жеткен жоқ. Бұл үшеуінің ішінде проза саласында өзін-өзі толығырақ көрсете алатын Бейімбет, поэзияда Ілияс деп білемін.

Ал Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуі» өзіндік ерекшелігі бар ғажайып нәрсе. Мемуар, көркем проза жанрлары араласып келген, сөйте тұра бұл өзі бір тұтас дүние. Екінші бір адам «Тар жол, тайғақ кешуді» қайта жазып шыға алмайды. Бұл бір

дәуірдің таңба басып, мөр басатын жеріне мөр басқандай әсер етеді. Ендігі уақытта зерттеушілер Сәкеннің ақындық жағын бажайлап тексерулері керек қой деп ойлаймын. Мысалы, «Экспресс», «Советстан» – бұл Сәкенде Маяковскийден келе жатқан сала, ар жағында Сәкенде футуризм де бар ғой өзі, сол кейін өсе келе, «Советстанға», «Экспреске» жалғасқан. Ал Сәкеннің «Көкшетауы» ешкімнің поэмасынан кем нәрсе емес, өте сұлу жазылған дүние.

Содан соң «Сыр сандықты ашып қара, ашып қара сырласым», сонан соң әлгі «Шіркін тауық шыр айналар, жемің болса қолында» бар ғой, бұл Сәкеннің бір бағыты.

Ал «Домбырада», «Асау тұлпарда» келетін елдің ескі поэзиялық бір сарыны бар тағы. Сол жағын өз алдына, басқаларын өз алдына таза әдебиеттік, ғылымдық көзқараспен бір тексеріп шығу керек сияқты. Сондайларын насихаттау керек, олардың ішінде тіпті эстрадаға шығатын нәрселері бар Сәкеннің.

Ешбір жазушы бір жазғанда шығармасын бастан-аяқ ойдағыдай шығара алмауы мүмкін. Бұлар тәжірибесі, көргені, ойлары толысып, енді қалыптасатын кездерінде тұрып қалды ғой.

Мысалы, «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» дейтін шығармалары біздің советтік драматургияның алды деуге болады. Бұған қоса революцияшыл поэзиясы бар. Ал «Тар жол, тайғақ кешудің» өзі революцияшыл роман. Осы үш жанрда Сәкен еңбек етті. Сол уақытта «былай болу керек, олай болу керек» дей қойған Сәкеннен басқа жазушымыз жоқ біздің. Кейін бәріміздің ой-санамыз, біліміміз толыққан сайын, Сәкен бастаған шаруаны кеңейтіп, тереңдетіп әкеттік. Мысалы, Мұхтар основоположник деп аталмаса бір кемшілік туа ма оған? Білдіңіз бе?! Оны ыдыратпау керек.

Т.К. Бой салыстыратын әдет шығып қалды ғой осы күні.

Ғ.М. Сол құрғырды, бой салыстыру дегенді кішкене тереңдете ұғынсақ, ол бір үлкен пәле.

Т.К. Пәле болып тұр ғой.

Ғ.М. Ол жершілдік дейтініміздің, жікшілдік дейтініміздің тамырлас жатқан пәлесінің біреуі сол. Бірақ оған қарамау керек.

Демек, Сәкенді шын зерттеймін деген адам, ол жөніндегі еңбегін шамасы келгенше толық етіп беруі керек. Оны зерттей білуі керек. Ал Ілиястың поэзиясынан үйренетін көп нәрсе әлі бар.

Кешегі жиналыста Ілиясты мақтадық-мақтадық, бірақ Ілиястың ішіне кірген ешкім жоқ қой әлі. Меніңше, Олжас

өте жақсы баяндама жасады, бірақ Ілиястың ішіне кірген баяндама емес, ол сырты, білдің бе?! Қолға түскенін орысшадан алды ғой енді ол. Содан алды да, сонан соң әдемі тілменен, белгілі нысанаға қарай айтып берді. Ал Ілиястың поэзиясынан үйренетін көп нәрсе әлі бар.

Т.К. Әрине. Бұлардың қайсысы болса да дәстүр жасап кетті ғой.

Ғ.М. Дәстүр жасап кетті. Әңгіменің бар түйіні де, бар сөлі де осында.

Т.К. Сонан соң, Ғабе, мынадай пікірлер ойға оралып отыр. Абайтану ілімін жасадық. Сәкентану аяқтанып келеді. Ілиястану, Бейімбеттану басталып келе жатыр. Осыған кей уақытта тек зерттеу жұмыстары ғана емес, басқа салалар да, мысалы, көркем шығарманың өзі де қатынасуы керек. Мысалы, Абайтанудың биік өресін көтеріп кеткен Мұхаңның «Абай жолы» эпопеясы ғой.

Ғ.М. Әрине.

Т.К. Осындай салада сіз Сәкен жөнінде «Кездеспей кеткен бір бейнені» жазып, оқушы жұртшылықтың кітапханасына ұсындыңыз.

Ғ.М. Ол енді бір-ақ саласы оның.

Т.К. Онда тағы да қандай ойыңыз бар?

Ғ.М. Өкінішке орай, араласа алмаймын ғой деймін оған. Мен сол тегінде, ішкі сырластық сияқты бағытта бола берермін деп ойлаймын. Менің араласқан адамдарым көп, біреуінен анасын, біреуінен мынасын ұнатып ала берем ғой баяғы. әркімнің шығармашылық қолтаңбасы деген нәрселер әрбір фразада, әрбір подтексте бірдеңелерді бейнелеуде, яки сөзбен теңеуде жатады. Міне, зерттеушілер соған зер салулары керек.

Маған Ілиястың поэзиясы қатты ұнайды. Баяғыда «Талпақ танауды» алғаш жазғанымда, Ілиястың «Сары атан төрт табан құмды үйіріп, нан илеген» деген жерлерін ұнатып едім. Тамаша емес пе?! Ол өзі ауылдың, даланың бейнесін жасағанда, ғажап келтіретін.

Әдебиет дегеннің идеясы анау, адамдары мынау дейміз ғой. Мұның негізі ішінде жатады.

Т.К. Әнеукүні университетте сөйлеген сөзіңізде Сәкен жайында пьеса жазамын, киносценарий жазамын дегендей ойыңыз бар еді. Сол қандай деңгейде?

Ғ.М. Сәкен туралы осы бұл күнге дейін қомақты, салмақты ештеңе жаза алмағаныма кішкене өкінішім де жоқ емес. Ол қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушы, бастаушы деген ой ғана емес, жалпы өзінің зор адамгершілігі, іштей көп нәрсені

ойлап, көп нәрсеге толғана жүретіндігі жағынан сол кісі көрінбейді-ау деген ойдамын. Сондай ой Бейімбет пен Ілияс жайында да бар.

Сәкенге және басқаларға байланысты бір фильм жасауға келісім бердім. Осы жылы күзге дейін соның ең аз дегенде бірінші нұсқасын бітіреміз ғой деген ойдамын.

Мұның идеясы – Сәкен сияқты революционер адамдардың елді тезірек аяқтандырып, ел қатарына қосу іс-әрекетінен туады. Бірақ ар жағы Лениннің «24 сағатта» деген жарлығымен сабақтасып жатады. Сол «24 сағатта» деген идеяны мен уақыттың, сол кездегі дәуірдің негізгі идеясы, асығудың, тездетудің, тезірек ел болудың ұраны етіп алмақшымын.

Т.К. Сонда мұның сюжеті жалпылама емес, бір кезең, бір уақыттың, бір күннің оқиғасына ғана құрылмақшы ма?

Ғ.М. Бір кезең, бір сәтті ғана аламын. Сол кезде Лениннің «24 сағатта» дегеніне барлығы да сыйып тұрған сияқты. Оқу, өнер, елдің ел болуы, өзінің тілін өркендету, мәдениетін жасау, барлығын да тездету, енді ескі ауылша отыруға болмайды деген идея – сол кездегі барлық істің ұраны ғой деймін. Сонда Сәкен негізгі кейіпкер.

Т.К. Өте жақсы болады екен.

Ғ.М. Ол кезде РСФСР Совнаркомында орынбасар болып отырған Рысқұлов бар. Оны да ала кетейін деп едім. Әлі де ойымда бар. Бірақ о кісі менің құлағыма тиген, оқыған, көрген нәрселерімде әлі тексере түсетін жайлар бар. Бір кітап шығыпты деп естідім, бірақ көрген жоқпын өзін.

Т.К. Рысқұлов жөнінде ме? Мен де көрген жоқпын.

Ғ.М. Сондай бір кітап бар сияқты. Не басылып жатқан, не басылайын деп жатқан болуы керек. Олар не айтар екен деп, соған да қарайлап отырған жайым бар. Қалай болғанда да Еркебұлан сол фильмнің негізгі кейіпкері болады.

Т.К. Мұнда Еркебұлан болып атала ма, жоқ болмаса Сәкен бола ма?

Ғ.М. Мұнда Еркебұлан болып аталуы да мүмкін, бірақ Совнаркомның Председателі. Ал Еркебұлан «Кездеспей кеткен бір бейнеден» келе жатқан ат, оны енді ретіне қарай көреміз ғой, бірақ идеясы Сәкен жайында.

Т.К. Сәкеннің өз атымен аталғаны дұрыс қой.

Ғ.М. Әдебиетке сын береді ол. Негізінде Совнаркомның Председателі Сәкен Сейфуллиннің бейнесі көрсетіледі.

Т.К. Сөз әлпетіңізге қарағанда сценарийдің нобайы түсіп қалған сияқты ғой.

Ғ.М. Аздаған андай, мұндайлар бар. Манағы айтып

отырған Көкшетау жолы, Көкшетау – Қызылжар жолы, сол кездегі халық ағарту істері, тіл-әдебиет мәселелері бар, ол кездің шындығы – Поволжьедегі ашаршылық та бар. Ол ана «24 сағатта» айтылған еді ғой.

Сол Сәкеннің, мен көрген Совнарком Сәкеннің жайласып, шіреніп отырған уақытын білген емеспін. Анда-мұнда шапқылап жүретін.

Т.К. Төрағасы болып керіліп отырған Сәкенді көрген жоқсыз ғой, әйтеуір ол кезде.

Ғ.М. Көрген жоқпын.

Т.К. Жұмыс істеп отырған, ел қамын жеп жүрген азаматтың кейпі ғой.

Ғ.М. Ол өзі қатаң тәртіптің адамы еді. Орынбордағы Деевская, 5 деген пәтерінде өзінің екі бөлмесі болатын. Ол екі бөлмесіне жан кірмейтін. Жұмысына бір рет Сәкеннің елге барып келгенін газеттен оқитын едік. Талай мәселелерді қозғап келетін.

Т.К. Манадан бәрі әңгіме Сәкен жөнінде ғана емес, сіздің шығармаңыз төңірегінде де болып отыр ғой Бірімен-бірі байланысып жатқан дүние. Дәстүрлі сұрақтар болушы еді. Сіз «Ұлпанды» қашан бітіресіз? Ол одан кейін «Оянған өлкенің» екінші кітабы қайда дейтін сұрақ тағы бар.

Ғ.М. Менің жазайын дегенім «Оянған өлкенің» екінші кітабы еді. Мынау «Ұлпан» соның бірінші тарауы сияқты. Шағын көлемде бір повесть жазып, арнаға түсем бе деп едім, көптен бері үзіліс жасап алғаным бар ғой менің. Очеркке, әңгімеге ауысқан кезім бар. Сонан соң, бір бүйірде драматургия жүреді. Кино жүреді бір жағында. Менің өзім үшін, жанрға жанр араласып кетсе, қиын болып қалады.

Т.К. Алдымен бір саланы бітіріп алып барып, содан кейін екінші салаға көшеді екенсіз ғой.

Ғ.М. Иә, мысалы, «Қозы Көрпеш» пен «Ақан серіні» жазған кезде мен бір де әңгіме жаза алмас едім. Бір жанрдан бір жанрға ауысудың психологиялық жай-күйі әркімде әр түрлі болады ғой. Шығарма жазғанда кісі стилистикалық бір бағытта болуы керек. «Оянған өлкенің» баяғы бірінші кітабының стилін табу үшін, яғни сол стиліне оралу үшін «Ұлпанның» маған көп пайдасы болайын деп тұр. «Ұлпан» 10-15 күнде бітеді, екі бөлімі «Жұлдыз» журналының 6-7 сандарына шығады да, соңғы бөлімі 10-15 күннің мөлшерінде біткелі тұр. Содан соң әлгі киносценарийді бітіреміз.

Т.К. «Ұлпаныңыз» әдемі дүние. Мен басынан аяғына дейін бір-ақ күнде оқып шықтым. Әуезов атындағы институтқа барғанымда Оразгүл Нұрмағамбетова «Жұлдыздың»

алтыншы нөмірін қолына алып отыр екен. Мен әңгімелей бастап ем: «Жоқ, айтпа, айтпа, ары қарай айтудың қажеті жоқ, қызығы болмай қалады, одан да оқып алайын», – деді.

Сондай құштарланып жатқан адамдарды көп кездестірдім. «Жазушы» баспасының директоры Әбілмәжін Жұмабаев: «Осы күнге дейін шабыстан таңбаған мұндай керемет шығармаларды қадірлеуіміз керек қой», – деді.

Айтпақшы, Ғаббасты да кездестірдім, орысша жолма-жол аударма жасап жатырмын деді. Қазірдің өзінде жарияланған жарты дүниенің өзі қалың оқырман жұртшылығының арасында үлкен әңгіме туғызып жатыр.

Ғ.М. Кездескен адамдар ылғи солай деп айтып жүр...

Т.К. Сондай әдемі дүние болып жатыр. Енді осыны...

Ғ.М. Жаман болмас деймін.

Т.К. Журналдағы жігіттер «аяқ жағы бітпей жатыр әлі. Кешіктіретін ыңғайымыз бар» дегендей жайды байқатады. Соны кешіктірмегеніңіз дұрыс болар еді.

Ғ.М. Кешіктірмегенде, әнеукүні мына жеңген екі айдай ауырып қалды. Бір ай ауруханада жатты. Сонан соң 26 күн санаторийда болды. Оның үстіне биылғы жаз ыстық болды ғой өзі. Ыстықта күшеніп жазасың. Алғашқы екі бөлімін 20-22 күнде жазып тастап едім. Мына кісі ауырып қалғанда қалт тұрдым да қалдым.

Т.К. Ғабе, Сіздің шығармаңызды оқып отырғанымызда бір артық сөз кездестірмейміз, сол сөйлемнен бір бунақты алып тастасақ, кеміп қалатын сияқты болып көрініп тұрады. Осындай стильдік дәрежеге жеткенде, Сіз көп түзетесіз бе, жоқ болмаса бірден жазасыз ба?

Ғ.М. Мен егер бір бетті жазып шыққан болсам, оны енді қайтып түзетпеймін. Бірақ, осы бетті жазып шығу үшін 3-4 бетті бүлдіремін. Менің бір бетім өзіме оңайға түспейді, ең кемі 3-4 бет жазылып барып, содан бір бет шығады.

Т.К. Сонда оны қайтадан түзетіп, тазартып жазып отырасыз ба?

Ғ.М. Қайта жазамын.

Т.К. Ал алғашқы қолжазбаларыңыз сақтала ма?

Ғ.М. Жаман болмас деймін.

Ғ.М. Қалады жыртылып-жыртылып.

Т.К. Расымен жыртып тастайсыз ба?

Ғ.М. Жыртып тастаймын.

Т.К. Апырай, көп байлық қой ол. Оның ішінде талай дүниелер кетеді ғой.

Ғ.М. Кетеді. Соны жинайын деп талап етіп едім, жинауға реті келмей қойды. Сонан соң, мынандай, сыртына жазылатын

кезі де болады, өйтетіні-бүйтетіні болады. Әйтеуір мен бір бетті өмірімде таза жазып шыға алмаймын. Екінші рет таза бет шыкса, үлкен табыс. Мен үстінен түзетуді білмеймін. Бір-екі жолы сыйыспай тұрса, қайтадан көшіріп жазамын.

Т.К. Ойбай-ау, онымен уақытыңыздың бәрі кетеді ғой.

Ғ.М. Оның пайдасы көп. Үстінен түзетсең болмайды. Біздің жігіттерде бір түсінбестік бар, амандық болса, жазайын деп жүрмін.

Әр тілдің өзінің заңы бар. Біздің қазақ тілі маған қоңыр дауысты адамның үні сияқты естіледі. Қазақ тілінің кәдуілгі дауысты дыбыстары бар ғой, соған обал жасамау керек. «Боп» «кеп» дегендер, «боп қалды», «кеп қалды» дегендер, тілімізге келтіріп отырған зияндық десең де болады.

Әрбір елдің тілі, оның сұлулық дүниесі дауысты дыбыстарды толық пайдалануында, қысқартып пайдалануда емес.

Т.К. Таза әдеби тілді қолданғанды ұнатасыз ғой.

Ғ.М. Иә, «Райкомтұғын», «сосын» дейтін сияқты сөздерді естігенде, төбе шашың тік тұрады.

Тілді ауылға бөлмеу керек, тілді жүзге бөлмеу керек. қазақтың тілі – ортақ тіл, ортақ байлығымыз. Қай жерде қандай жақсы мағынада пайдаланылады, сол біздің ауылдың тілі болуы керек. Осы күні біздің қазақтың балаларының көпшілігі орыс мектебінде оқиды. Қазақ тілін соңынан үйренеді. Бәріміздің де балаларымыз сондай.

Прозада да ритмика бар, бір сөзді орнынан алып, былай қойсаң, сол әдемі құрылған фразаның өзі бұзылып кетеді. Сол сөздердің өзінен құраған сөйлемнің иін келтіру керек. Бұл ешкімнің мен әбден шештім деген мәселесі емес. Мен сөз қарастырғанда нені жақсы көретінімді ғана айтып отырмын.

Т.К. Сонан соң, тағы бір мәселе. Сіздің шығармаларыңыздың бәрі де әдемі, сұлу болып келеді де, ал орысша аударған уақытында ажары солғындап кетеді...

Ғ.М. Иә, солай болады. Пушкинді Абай аударғанда қандай, болмаса басқалар аударғанда қандай.

Т.К. Олай болғанда орыстың бір үлкен жазушыларымен достас, пікірлес болып көрмейсіз бе?

Ғ.М. Шығармаларымның көбін мен өзім аудартпаймын, журналдар аудартады. Өздері аударманы тауып, менен тек рұқсат сұрайды. Ал «Оянған өлкені» Дудинцев қайта аударып жазып шығып еді былтыр. Оныкі бұрынғылардан анағұрлым толық, анағұрлым жақын. Бірақ енді Дудинцевтің аударуы маған қиынға түсті. Жолма-жол аударма жасаған

жігітті екі рет Мәскеуге жіберіп алуыма тура келді. Сонда барып түсіндіріп отыру үшін. Бұл қиын ғой.

Т.К. Ол кітап шықты ма?

Ғ.М. Шықты. Дудинцевтің аударуымен.

Т.К. Өзіміздің Қазақстан басты ма?

Ғ.М. Жоқ, Мәскеуде басты.

Т.К. Мәскеуде ме? Ендеше оны қолыма түсіре алмадым.

Ғ.М. Оның аудармасы жақсы. Ал мына «Ұлпанды» Белянинов аударамын деп жүр. Өзі жақсы жігіт.

Т.К. Белянинов жақсы жігіт болғанмен, бірақ жақсы жазушы ма?

Ғ.М. Кім білсін енді?..

Т.К. «Кездеспей кеткен бір бейнені» аударды ғой.

Ғ.М. Иә, ол шыққан жоқ.

Т.К. Шықпады дейсіз. Енді оған тағы мына «Ұлпанды» беретін болсаңыз, сонда не болмақ?

Ғ.М. Журнал сұрайды.

Т.К. Басқа бір жігіттерді тапқан абзал. Мәскеуде жақсы таныстарыңыз болса, солармен байланысқан жөн.

Ғабе, тағы бір мәселе бар. Ол тарихқа байланысты. Біздің қазақ әдебиетінде шықпай, жарияланбай жатқан біраз дарындар бар...

Ғ.М. Мысалы?

Т.К. Мысалы дейсіз бе? Орыс әдебиетінде Иван Буниннің 9 томдығы, Марина Цветаеваның, Гиппиус, Мережковский, Бальмонт, тағы басқаларының кітаптары шықты. Осылардың көбі шетелде өмірін өткізіп, сүйектері сонда қалған адамдар ғой. Ал енді біздің әдебиетімізде де әр түрлі себеппен әдеби қарасы халыққа жетпей жатқан тұлғалар бар. Мәселен, Шәкәрімнің, Мағжанның, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларына бір қозғау салатындай жағдайды ойластырса қайтеді.

Ғ.М. Оған қозғау салынбай жүрген жоқ. Бір кезде мен, одақта отырғанда, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың мәселелерін қойып, тіпті комиссия да құрғанбыз. Іріктеп алуға, жауапты бір редколлегия құрып, түсіндірмелерімен, алғы сөздерімен басқымыз келіп еді. Оған тиісті жоғарғы орындар ризашылық та берген. Соны енді жүзеге асыруға келгенде, баяғы өзіміздің тарапымыздан, жазушылардың тарапынан көлденең тұрушылар көп болды, яғни жазушыларымыздың бір жағы басамыз десе, енді бір жағы құбыжық көріп, қарсы шықты. Сонымен бөгеліп қалған бір жағдай бар.

Екінші жағдай, сондай жаңалықтың хабарын естіп, соның абырой-атағын ала қояйық деп, осы сіздің КазГУ-дің

жігіттері даурықтырып жіберді. Жоғарғы жақ бір қаулы алса, солардың дегенімен алғандай етіп көрсетпекке тырысты. Сол бір қырсық болды.

Одан соң Аймауытов туралы бір шала, шикі нәрсе бар. Мен өзім сенбеймін оған. Аймауытов 1932 жылдары мына Сарысуда ма, басқа жерде ме, «көтеріліңдер» деп хат жазған дейді. Сол хат біздің қолда дейді. Тиісті бір мекеме айтады. Сол хаттың көшірмесі мен аудармасы бар да, түпнұсқасы жоқ. Аудармаға қарағанда, тіпті соның хаты болғанда да, кешірілмейтін күнә емес еді. Оны сот ақтады, реабилитация болды. Шындап келгенде, мен ол хатпен айналыстым, сол хатты Аймауытов жазды деп ойламаймын... Мен Жазушылар одағында отырғанда соның түпнұсқасын таптырып ала алмадым.

Т.К. Фабрикация болуы мүмкін ғой.

Ғ.М. Мен солай ма деймін. Өйткені, бір кезде оның көтеріліңдер деп жазған хаты бар деп айтқан адамдар соның ізімен барып, сұрастырғанда, ондай хат жоқ деген еді тиісті орган дейтұғын жеріміз. Артынан сол хат сонда болып шықты. Одан бері неше бастық өзгерді ғой. Сол екі арада фабрикация да болған шығар, фальсификация да болған шығар деймін. Хаттың түпнұсқасын көрсем, мен, мысалы Аймауытовтың жазуын таныр едім...

Т.К. Ахмет Байтұрсынов мұрасы, оқулықтар жөнінде не дейсіз?

Ғ.М. Бұған ғалымдарымыз қарсы.

Т.К. Тілшілердің өздері ме?

Ғ.М. Тілшілер қарсы. Өйткені, шындап алғанда, тілшілердің пайдаланып отырған есімдік, етістіктері, негізгі терминдердің барлығы Ахметтікі ғой. Ахметтің өзіне қайтарып берсең, оларға не қалады? Сосын, оның соңғы жазған кітабы болатын. Оның қолжазбасын өзімнің қолымнан алып кеткен. Кітаптың аты – «Қазақ тілінің теориясы».

Т.К. Жарық көрмеген бе?

Ғ.М. Жарық көрмеген. Мен 28–жылы күзде Қызылордаға бас редактор болып келдім. Сонда қолжазба мемлекеттік қауіпсіздік мекемесінде екен. Соның Шығыс бөлімінің бастығы Әбдірахман Бегишев деген жігітке Сәбит жіберіпті. Маған дейін баспаның бас редакторы Сәбит қой. Бір күні сол Бегишев келіп өзі айтты: «Маған жіберген сондай бір қолжазба бар. Менің оны шеше алатын жайым жоқ, өздеріне жіберейін», – деп. Ол менің таныс жігітім емес еді. Телефон соғып, «жіберіңіз» дедім. Содан олар қолжазбаны маған әкеліп берді. Сонан соң мен ол қолжазбамен таныстым. Қолжазба, кәдімгі ғылыми еңбек. Төрт жүз беттен астам. Соны біз басу-баспаудың амалын шеше алмай қойдық. Сол кезде Ахмет бір ұсталып шыққан.

Т.К. Жиырма тоғызыншы жылы ғой...

Ғ.М. Иә, иә. Сонан соң, аяғында, менен сол қолжазбаны Сапарбеков сұратып алды. Ол сол кезде Крайкомның үгіт-насихат жөніндегі секретары болатын. Оқып шығып: «Жақсы екен, бірақ басуға болмайды», – деді. Екі жылдан соң Ахмет қайтадан ұсталып кетті ғой. Кейін материалды мемлекет қауіпсіздік мекемесі қайтарып алды.

Т.К. Ал енді осы мекемеде жатқан архив дүниелері көп. Сәкеннің, Бейімбеттің, Ілиястың, тағы басқа да көптеген адамдардың дүниелері. Солардың ешқайсысын қайтармайды, соңына түсіп көрдік. Жазушылар одағы, мәдени мекемелер болып, соларды қайтаратын жағдай жасауға болмай ма? Біз шаршадық ол тарапқа бара-бара.

Ғ.М. Менінше, қайтарып алуға болар еді. Ол қолжазбалар, кітаптар неге керек оларға. Ғылыми-әдеби қолжазба ғой, кінәлайтын документ болса, мәселе басқа. Айтып отырмын ғой. Бейімбеттің «Қызыл жалау» романының қолжазбасы сонда, тағы бір пьесасы, либреттосы кетті. Олардың аты менің бір жазғанымда болу керек. Солардың енді ешкімге керегі жоқ, кінәлайтын документ емес, оның үстіне ақталғаннан кейін документ емес, керегі жоқ. Соларды біздің жігіттердің ізіне түсіп, сұрап алып жүрген кісі жоқ қой деймін.

Т.К. Мен талай рет талпынып ем, бірақ жолатпады ғой маңына.

Ғ.М. Сендерге енді частное лицо деп берілмейді ғой маңына. Мысалы, Мұхтардың материалдарын алдыру қиын емес. Мына Музейі бар, оған сұрап алу қиын болмайды. Ішінде саяси бірдеңелер болмаса, олардыкі қайтарылуға тиіс. Әдебиет музейін құрамыз, үй салдырып береміз деп жүр ғой. Сонда алдыруға болар, әзірге сонда жатқанының өзі теріс болмас.

Т.К. Сосын Ғабе, мынадай тағы бір сұрақ ойға оралады. Отыз екінші жылы Алашордаға, ұлтшылдық қозғалысқа байланысты үлкен жиналыс болды. Оған кейінгі зерттеулерде, әдебиетте, Октябрь революциясына дейінгі ұлтшылдық қозғалыстыңептеген оңды рөлі болды деген көзқарас айтылушы еді ғой. Сол жиналыстан кейін, тіпті, олар шешесінен туғаннан бастап ұлтшыл болды деп танылып, суреттеліп жүр. Осы көзқарас күні бүгінге дейін сақталып келеді. Бұл жөнінде пікіріңіз қандай?

Ғ.М. Байқайсың ба, патшалық құрылыс тұсында қазақ даласы өзінің мәдениеті, әдебиеті, тұрмысы жағынан оқшаулықта болды. Вельяминов-Зернов, Алекторовтардың материалдарын оқығанда, өзгені былай қойғанда, солардың өздерінде үстірттік аңғарылады. Демек, бұл елдің ішкі дүниесінің жасырылып жатқан жері болған. Сонан соң

Алтынсарин, Шоқан сияқты адамдар бұл елдің ішкі дүниесін ашып, бәрін жарқыратып береді. Олай емес, былай деп ашады. Елдің ішкі жағдайын сипаттаудағы әлгідей үстірттіктер қазақ интеллигенциясында оқшауланудың орын алуына белгілі бір дәрежеде ықпал етпей қалған жоқ. Осы жағдай «Қазақ» газетінің айналасындағылар кейде ұлтшылдықты айтам деп көбіне-көп демократиялық нәрселерді соғып отырады. Демократиялық идеяларды айтамын деп ұлшылдықты соғып отырады. Сұлтанмахмұттың «Социализм» деген мақаласын білесің ғой?

Т.К. Иә, білем.

Ғ.М. Соның ішінде социализмнен ештеңе жоқ қой. Идеясы бар сияқты басында, бірақ ешнәрсені анықтай алмаған. Сол сияқты изолированная интеллигенцияның көпшілігі басқа партиялардың, әсіресе коммунистік мағынадағы ықпалдарында болған жоқ қой. Интеллигенцияның көпшілігі ол кезде байлар табынан, дәулетті топтан шықты. Тіпті сол Сәкен де кедейліктен барып оқыған жоқ. Білдіңіз бе?! Ол орта шаруаның баласы, байдың баласы емес. Сол кезде шамасы келгендер оқыды. Сонан соң «осы біздің елден біреу неге оқымайды!» деп намыспен оқытқандар да бар. «Мынау адам болады, сол барсын» деп оқытқандар болды.

Әр кезде әр заманның алдында ақын тұрады, ақынның алдында заманы тұрады, соны бірден түсіне кету оңай нәрсе емес. Мәжит Дәулетбаев Петропавлдың мещаны ғой, ол үшін Совет өкіметі ме, басқа өкімет пе, оған түк есеп емес еді. Көп адамдар бізге қосылғанымен, жаңа идеяларды бірден түсініп кете алған жоқ. Ешкім де туғанда молда болып та, батырақ болып та тумайды, өсе келе, белгілі көзқарасты берік ұстай алатын дәрежеге жетеді. Ал бізде жаман солақайлықтың зияны сол болды, басында-ақ «идейный» болуды талап етті. Мен Бейімбет пен Ілиясты азапқа салды дегенде сондайларды аңғартамын. Сол жаман солақайлық ұзақ жасады. Мысалы, «Мен тоқсанмен біргемін» дейтін Мағжан да бізге жақындап қалған кісі еді. Сол кезде оған іші жылыған адам болмады ғой. Ал Жүсіпбектің «Қартқожасы» – біздің прозада жұмысшы адам жайындағы бірінші әңгіме. Сонан соң, «Ақбілек», мысалы, керемет нәрсе еді. Сол дүниелер қазір қайда екенін білмеймін. Жүсіпбек бұдан басқа да он шақты пьеса жазды. «Ревизорды» аударды. Сосын оны: «Мұхтар, осыны сен редакциялап бер театрға» деп Жүргеновтің уақытында тапсырған болатынбыз. Жүсіпбектің аудармасы жаман емес еді, бірақ Мұхтардың қолы тиді. Сол аударма бәлкім, Мұхтардың музейінен табылып қалар. Сонан соң, аты-жөні

есімде жоқ, бір автордың «Исатай-Махамбеті» болуы керек Мұхтардың музейінде.

Т.К. Ілияс Жансүгіровтің бе?

Ғ.М. Жоқ. Ол да болуы керек. Ол кейінгі ғой. Одан бұрын, ана Ақтөбенің бір ағартушысы жазып, «Қарагөзбен» бірге ол да бәйге алған. Аты аузыма түспей жатыр.

Т.К. «Шернияз» деген пьеса болған.

Ғ.М. «Шернияз» Аймауытовтікі еді ғой. Ал «Исатай-Махамбеттің» авторы ауырып, қайтыс болды ертерек. Мұхтар екеуі 1922 жылы бәйгені бірге алған екен. Мұхтар – «Қарагөзге», анау «Исатай Махамбетке».

Т.К. 25-жылы шығар, театр ашылар қарсаңында.

Ғ.М. Жоқ! 22-жылы. Оны Мұхтардың өзі айтты. Сосын осы күнгі Абай қыстауының қасында Мұхтар ауылының жері бар.

Т.К. Әуез қожаның.

Ғ.М. Әуез қожаның. Оны 22-жылы алып, сол жылы қыстаған екен. Бұл кезде Мұхтар партия мүшесі. Семейде губисполком председателі болғаны бар. КазЦИК-те секретарь да болған уақыты бар екен. 1945 жылы Абайдың жүз жылдығына барғанда, біз он шақты күн сол арада қалып қойдық. Өзінің қыстауына апарып көрсетті. Үйлерінің орны жатыр, керемет жақсы жер екен. Ат тұратын қорасын да көрсетіп еді.

Т.К. Ғабе, осы ойды түйіндеген уақытта, әлі де кедергіге кездесіп жатқан адамдардың мұрасы жөнінде қандай шаралар қолдануымыз керек деп ойлайсыз?

Ғ.М. Бұл енді әлгіндей біреулер көлденең асылып, біреулері қарсы айтып, шиелендіріп қойған мәселелер ғой. Жазушылар одағы болып, академия болып, ең алдымен Орталық Комитеттің алдына мәселе қойылуы керек. Орыс әдебиетінде мұндай тұлғалар аз ба?! Олардың бәрі де қазір кешірім алып, кейбіреулері ақталып жатыр. Бұл мәселелерді түгелдей әділ бағалап, орынды түрде көтерсе, шешуге болады. Бұл мәселені көтерген уақытта алдымен олардың шығармаларын басуға келетін-келмейтінін анықтап, күні бұрын іріктеп алып басу керектігін, оған алғы сөз, соңғы сөз, түсіндірме берілу керектігін, әсіресе әлгі ұлтшылдық сыңайдағы шығармаларының басылмауы керектігін айтып көтерсе, осы күні тыңдайды ғой деп ойлаймын. Анада әдемі-әдемі иіліп келіп еді. «Союз сүйтейін деп жатыр екен», – деп жазушылардың бір тобы ойбай салған соң кедергі болып қалған еді. Мысалы әлгі:

«Ертеде бар екен қалың Найман,
қытайға қалың Найман қанат жайған.
қалың Найман ішінде Бағаналы,
қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан», –

деп келетін нәрсе бар ғой. қобызын қосқан, қобызы бәйгеден келген. Сонымен тоқтатып, аяғын кесіп тастаса, мысалы аяғында: «Шіркін-ай, кері заманды күл қылар ем, бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан», – дейді ғой соңында. Ал енді мұны шын тексерген адамға, осы кер заманның өзі революцияның алды екен. Көрдің бе? Соны кейін жариялаған дейді. Кейін жариялаған соң, баяғы біздің заман сөз болып тұр.

Т.К. Бұрып жіберуге болады ғой.

Ғ.М. Бола береді, иә. Сол сияқты нәрселер бар. Расын айтайын, солардың шығармаларын жүзеге асыруға жоғары жақтан үзілді-кесілді қарсылық жоқ, болған емес. Ал ғылым иесі адамдарға ғалымдарымыз қарсы, әлгіндей ақын-жазушыларға ақын-жазушыларымыз қарсы болды.

Т.К. Өзіміз екен ғой аяқтан тартып жатқан?

Ғ.М. Өзіміз, өзіміз.

Т.К. Тарих әділетсіз емес, кезінде өзі айтады ғой.

Ғ.М. Тарих, әрине, өзі айтады. Біржола ұмытылып кетпейді ғой енді. Дүниеде бір ой айтылу қиын, айтылған ой өлмейді. Бірде болмаса бірде шығады. Ал қазір жағдайымыз осы. Әрине, университет көтерсе де теріс болмайды. Академия көтерсе де теріс болмайды. Союз көтерсе де теріс болмайды, бірақ жеке адамдардың араласуын енді тоқтатуға керек.

Т.К. Шаршадың-ау, Ғабе? Біраз шаршаттық-ау деймін, тегі.

Ғ.М. Шаршау екі жаққа да ортақ нәрсе ғой.

Т.К. Көп-көп рақмет. Бұл біздің жай ғана кездесуіміз болып қоймас. Бұл запись институттың дүниесі, тағы басқа реті келетіндей жағдай болса, халыққа керекті сыр шертісу болады ғой деп ойлаймын.

Ғ.М. Рақмет, рақмет.

Т.К. Сіздің шығармашылық табысыңыздың мол болып, әсіресе денсаулығыңыздың мықты бола беруіне, бильярдыңызды мықтап ойнай беруіңізге, содан шабыттана беруіңізге, біздің әдебиетімізге жаңа туындылар әкеле беруіңізге тілектестік білдірем.

Ғ.М. Рақмет. Бірақ келесі кездескенде мені бас салып ұстай алмай, бір кішкене әзірленуге мүмкіндік берерсіңдер. Ал жарайды, жолдас. Жолаушы жүріп бара жатыр екенсің, жақсы материалдар тауып қайт. Сол жерлерде Сәкеннің айналасында болған адамдар бар. Жолың болсын.

1974 жыл, 25 шілде

Өмірбектің ЖАППАРЫ, ақын

Сырбаз суреткер

Соғыс жылының жаз айы, Қарағандыда күн ыстық. Ескі қаладан жаңа қалаға келу үшін жапырлап трудовой пойызына мінеміз. Бір күні көппен бірге вагонға кіріп келгенімде, бұрын көрмеген жазық маңдай бір маңғаз қазаққа көзім түсті: шашын бір жағына қайыра тараған, жіті көз, бидай өңді келбетті адам топырлап кіріп жатқан жұртқа самарқау көз тастап отырды да терезеге қарап кетті. Мен қасына таяу келіп, сұқтана қарап тұрып таныдым – Ғабит Мүсірепов, бұрын суретін көрсем де өзін бетпе-бет көрмегендіктен, сәлемдеспей, именіп, үнсіз тұра бердім. Ол кісі жол бойы терезеге қараумен болды, оқта-текте ғана вагондағы жұртқа, кейде маған қарап қояды. Сәнді ақ жібек көйлек, қоңыр шалбар, қоңыр бәтіңке киген. Денесі де жүрісі де нығыз, пойыздан түскен соң алдында В.И.Ленин ескерткіші тұрған облаткомның екі қабат сары үйіне кірді, мен өз жөніммен кете бардым. «Сәлемдессем ғой, сөйлесер еді-ау!» – деп өкіндім.

Сол күні түсте өзімізбен оқытушылар институтында бірге оқыған Мәскеу суретшісінің қызы Магдалина Ивановская ұшыраса кетіп, амандықтан кейін:

– Әкеме Вера айтып келді, осында бір қазақтың сұлу жазушысы келіпті, сен соны білесің бе?

– Білемін, сол Мүсірепов болар...

– Сен онымен таныссың ба?

– Жоқ, шығармалары арқылы сырттай білемін, мана мен түскен пойызбен ескі қаладан осында келді.

– Е-е, солай ма? – деп, Магдалинаның көңілі толмай қалды. – Вера, қазір облаткомде ғой, кеше сол жазушымен танысып, жақсы сөйлесіпті – сондай сүйкімді, мәдениетті адам көрінеді...

Қазақ жазушысының бір сөйлескенде, Мәскеуден көшіп келген сұлу келіншекті сүйсіндіргеніне өзімше едәуір марқайып қалдым.

Вера Владимировна Ғабеңе арнап, Моцартты ойнап берген.

Қарағандыда Ғабең екі айдай болды, тұңғыш советтік айтысты әзірлесіп, оны Облпартком хатшысы Әмір Қанапин екеуі басқарып өткізді. Ғабең сол айтыста қысқа ғана кіріспе сөз сөйледі: «Бұл айтыстың Қарағандыда басталуы бекер емес, кешегі Тәттімбет, Біржан, Ақан, Мәди, Әміре елі, – Сарыарқа ғой, ән мен күйдің толқын атып, аспан күмбезіне

көтерілген, бүкіл қазақтың кең байтағына таралып жататын жері ғой» деп, орысша келістіріп сөйледі. Мен бұл арада ойының ұзын-ұрғасын, есте қалған мазмұнын ғана жазып отырмын...

Айтысқа жиналған жұрттың арасында қазақша білмейтін кеншілер болғандықтан, Ғабит ағаның орысша жеткізе сөйлегеніне сондай разы болып отырдым. Әйтсе де Шашекең мен Досекеңе түсінікті болсын деп, әрі ол кісілерге сөзін мақұлдаттырып, қазақша да сөйлеп қойды. Айтыс сондай қызықты, қызу өтті.

Біз айтысты ұйымдастырған Ғабеңе, айтысқа қатысқан Шашубай мен Доскейдің ақындық алғырлығына, Көшен Елеуовтің әдемі қоңыр үні, күмбірлеген күйіне разы болып қайттық.

– Ғабитжан! Бағың ашылсын, ел-жұртымызды, ата-баба аруағын бір көтеріп тастадың! – деп, Досекең батасын берді.

Ғабеңді, Әмір Қанапинді Доскей ақын қызыл құдықтағы ауылына қонаққа шақырып еді: «Соғыс уақыты ғой, мен босай алмаспын, Ғабеңді қасына мына Алдажарды не Фатима Дәненованы ертіп жіберемін» деп хатшымыз уағда берді. Мен сол кезде Доскей ауылындағы мектепте мұғалім әрі ақынның облпартком тағайындаған хатшысы болатынмын. Ғабеңмен жүздесіп, сөйлесу үшін Доскей ауылына келуін тілеп-ақ едім, бірақ ол кісі келе алмады. Облыстық комсомол комитетінің хатшысы Фатима Дәненова арқылы келе алмайтынын білдіріп, сәлем айтыпты.

Ғабит ағамен нақтылы танысып сөйлесе бастағаным 1947 жылы, университетті бітіріп, «Әдебиет және искусство» («Жұлдыз») журналында бөлім меңгерушісі болып істей бастағаннан кейін.

1949 жылы шығатын А.С.Пушкиннің үлкен бір томдығының ұйымдастыру, өңдеу жұмысын Ғабит Мүсірепов басқарды. Ол кезде әдебиетші де, аудармашы да көп емес, бірқатары майданда қаза тапты, жастар жетіле алмай жатты. Оқып, журналистік қызметке соғыстан соң маманданғандардың алды біз болдық. Сонымен, осы өнерге мен де бой ұрып, өзімше талаптанып, Пушкиннің «Наполеон», «Сығандар» деген екі өлеңін аударып, Ғабеңе, үйіне апарып бердім. Қолжазбамды алып қалып, бүрсігүнге шақырды. Айтқан уақытында барсам, Ғабең менің аудармамды түпнұсқамен салыстырып, қарап қойыпты. «Сығандарды» өзі едәуір өңдепті, «Наполеонды» әр жеріне белгі соғып, еркін түсінбеген жерімді көрсетіпті. Ғабеңнің бұл әдісі өнеге

аларлық – аударманың жаңсақ кеткен жеріне белгі соғып «қайта қара» деп жазып кояды. Тәуір жеріне плюс белгісін, кейде «ұйқас әлсіз» деп жазады. Ғабеңнің осы редакторлық тәсілін мен үнемі колданып келемін. Әлсіз жерін дәл тауып көрсеткен соң, өңдеу оңайырақ болады. Екі күн отырып, аударманды алып келіп едім, Ғабең оқып шықты да өлеңнің жоғарғы бұрышына «Төкен! қабыл» деп қол қойып берді (Төкен Әлімқұлов сол кітаптың редакторы болатын). Маған: «Осылай аудара бер, үйреніп кетесің, бұл қиын жұмысты сендер істемегенде, кім атқарады», – деді.

Осы сөзі аударманшылық жұмысым Ғабеңнің алғашқы сабағы болды.

Ғабеңе мен «Атыңнан айналайыннан» басқа кітабымды апарып көрсеткен емеспін. Бірақ өзі сырттай мені де оқта-текте оқып жүретіні байқалатын.

1984 жылдың 12 қаңтарында, Тұрсынханның үйінде қонақта отырғанда ««Халық жазушысы» деген атақ алдың, оның өзін ағаларың – мына біздермен бірге алдың. Ел алдында абыройың арта берсін!» деп лепті лебіз білдірді. Сол дастарқан басында, сөз арасында: «Сенің анау Гайаватаның аударма сы жақсы шыққан екен» деп қалды. Мен көңіл аударып оқығанына ризашылық білдірдім. Сол күні Ғабиден ағамыз да карта ойнап, көңілді отырды: «Бұл Ғабит қайда отырса да оқымыстылығын білдіріп жүреді», – деп мысқылдап қойды. Екеуі қалжыңы сондай жарасқан құрдастар еді. Қалжың сөздері кейде жан сүйсінерлік тапқырлығымен күлдіргі болып келеді.

1959 жылы шілде айында, ақын Қайнекей Жармағамбетов анкета берді де мен Жазушылар одағына өтуге өтініш жаздым. Бұл кезде, газет, журнал және «Жастар дауысы» жинағында өлендерім, мақалаларым жарыққа шығып, әдеби ортаға белгілі бола бастағанмын. Маған кепілдемені Тайыр аға мен Жұбан жазды. Президиум мәжілісіне келсем, Сәбең төраға орнында, қасында Ғабит, Ғабиден ағалар, оларға қатарлас Әлжекең, Тәкең отыр. Қайнекей анкетам мен өмірбаянымды оқып шықты. Сәбең: «Кімнің сұрағы бар?» деп еді, Ғабең асықпай, салмақты сөйлеп: «Партиядан неге шығып жүрсің?» деп сұрады. Мен нақтылы жауап бердім: «Сәкеннің, Мағжанның, Міржақып Дулатов, Бернияз Күлеевтің әрі Сәбеңнің өзі жазған қазақтың байшыл, ұлтшыл жазушылары туралы кітабын оқығаным үшін, ұлтшыл ұйымға қатыстың деп, түрмеге отырғызды, он бір айдан кейін, Особое Совещаниенің қаулысымен: «Наказание ограничить временным заключением» деп жазалап барып, шығарды. Партия билетімді қайырып бермей қалды».

Үнсіздік пайда болды. Тәкең: «Мен бұл арасын білген жоқ едім», – деп, өзінше анықтама берді. Әлжекең тікелей сұрады: «Тайыр, кепілдемеңді қайтып аласың ба? Әлде күшінде қала ма?»

Тәкең: «Жоқ, қайтып алмаймын, кепілдемем күшінде қалады...»

Президиум мүшелерінде басқа пікір болмады. Сәбең: «Жарайды, Жаппархан өттің» деді.

Кейін ойласам, Ғабит аға менің одаққа өтуіме қарсы болмаған, әйтсе де, көңілге күдік қалдырмау үшін әлгі сұрағын әдейі берген.

КПСС-тың XX съезінен кейін, маған ақтау қағазы келіп, 1943 жылдан бергі стажыммен партия билетімді қайтып алған соң, 1957 жылдың тамызында Ғабит ағаның қабылдауында болдым. Бұл жолы ол кісі оңаша отырып, қылмыс заңының 58 бабына қалай іліккенімді сұрады. Қасымызда жүрген студенттердің жасырын жеткізуі, ұлтшыл ұйымға қатысты деп жала жабуы болғанын, өз білгенімше, ашып айтып едім. әңгіменің соңында, Ғабең бір ақыл айтты: «Сен енді мұны аяушылық тілегендей болып, әркімге айта берме, сенің сонау студенттерің сияқтылар әлі де азаймаса керек. Арамызда кімдер жүргенін біле бермейміз ғой...

Сені жаңа бүршік жара бастағанда тапап тастаған екен, өте ауыр, әрине... біздің еңсемізді гүл шаша бастағанда басты...

Мәскеуге барып оқимын деген екенсің, оныңды мақұлдадық. Біраз освежится ет, «Үйде өскен бұзау өгіз болмайды» деген қазақ атаң. Ел көріп, жол көргенің дұрыс»...

Мен ол кезде қазақтың Мемлекеттік әдебиет баспасында поэзия, өнер редакциясын меңгеретінмін. Қазақ әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігіне әзірленіп жатқанбыз. Сол әзірлікті Мәскеу жазушыларымен бірлесіп жалғастырмақ болып, уағдаласып, Мәскеуге келдім де қазан айында, жоғары әдеби курста қалып қойдым.

Жоғары әдеби курсқа келуім – Ғабеңнің маған деген ықыласты демеуімен болды, өйткені, Жазушылар одағының жергілікті ұйымының кепілдемесінсіз бұл курсқа ешкімді қабылдамайтын.

Ғабең, Мәскеуде оқып жүргенімде, тағы бір жақсылық жасапты. «На земле казахской» деген қазақ дастандарының жинағын қазіргі халық жазушысы Дихан Әбілев ұйымдастырып, елу сегізінші жылғы Онкүндікке аударып шығарды. Сол жинаққа жастардан Ғафудың «Дала

қоңырауын», менің «Батырдың қалыңдығы» поэмамды кіргізуге ұсынғанда, Ғабең мақұлдапты. Өзі сол жылғы Пленумда сөйлеген сөзінде, бұл поэмалар туралы да ұнамды пікір айтқан.

Ғабеңмен оңаша сырласып сөйлесуім 1984 жылдың 7 қазанында болды. Зайыбым Зәуреш екеуміз кеш те болса деп, Ғабеңнің «Халық жазушысы» атағын алғанын құттықтауға бардық.

– Кеш келгендеріннің уақасы жоқ, – деді Ғабең, – «игіліктің ерте-кеші жоқ» деген ғой.

– Бұл атақты әлдеқашан алатын едіндер, басшылардың уақытында заң шығармағандығынан ғой.

– Дұрыс айтасың, – деді Ғабең, – біз Сәкен екеуміз, мен онда Өлкелік комитеттің агитпром бөлімінің меңгерушісімін, Өлкелік комитеттің екінші хатшысы Құрамысов жолдасқа бардық. «Халық ақыны» атағына Ереже бекіту туралы қағаз жазып апардық. Ол кісі қағазды алып оқысымен, шықылықтап күлді. Өзінің ұнатпаған ісіне солай сүйкімсіз күлетіні бар еді.

– Бұл атақты кім үшін тағайындаймыз? Сәкен сен де алмаксың ғой, сірә?!

– Лайық деп тапса, неге алмаймын?! – деді Сәкен. – Басқа елдер Заңын шығарып алды ғой...

Құрамысов тағы күлді:

– Бұл атақты алуға бір-ақ кісі лайық, сол жалғыз адамға бола Заң шығарамыз ба?! Бола қоймас!..

Сәкен үн-түнсіз Құрамысовтың алдындағы қағазды алды да шығып кетті. Мен ілесе дәлізге шығып едім:

– Мұның бір-ақ жазушы дегені кім болды екен? – деп сұрады Сәкен.

– Біле алмадым, – дедім мен. – Расында кім болды екен?!

Сірә, сол жалғыз адамы Сәбит шығар деп ұйғардық. Өйткені, сол кезде Сәбиттің өлең кітабына Құрамысов алғы сөз жазып жүретін-ді.

Ғабең бұл күні ұзақ сөйлесе алмады – тамағын орамалмен байлап алыпты. Сол екі арада Ғазиза апай шайға шақыра қалды.

– Сендермен отырсам, көп сөйлесіп қоямын. Ертең салтанатты Пленумды ашатын едім, тамағымды емдеп отырмын...

Осы тұста, сол жазда, шығармашылық үйде бір сырласқанымыз еске түсіп отыр. Ғабең, өз байқауымша, көп адам отырғанда сыр ашып сөйлеспейді, көбіне өзгенің айтқанын тыңдап, жай әңгімелеседі.

Бір күні шығармашылық үйінің есік алдында оңаша қалдық.

Бір көрнекті жазушы шығып бара жатып, былапыт сөйлеп, қасындағы жас жігітке сол кездегі ең үлкен басшының атын атап, боктап бара жатты.

– Мынау, қалай бейпілауыз болып кеткен! – деп қалдым.

– Бұл жігіт жасында биязы еді. Енді аз атаққа мәз болып, мен-менсіп, әбден шегіне жете бұзылған...

Бәріне Сәбит, Ғабиден үшеуіміз кінәлымыз, тым ерте дандайсытып жібердік. Қайта мынау ақ көңілділеуі ғой, анау мерезді айтсаңшы, Сәбиттің бауырына кіріп кетіп, үлкен баласындай шолжаңдап келді де, енді өзінің жағасынан алды, оған мынау тағы басқалары қосыла кетті... Және бұлар топ құрып, руға бөлгіш-ақ, қазіргі жастарды бүлдіріп бітті...

– Бір кезде әдебиеттің беделі ар-ұяты, осылар болады деп сендіңіздер ғой...

– Сендік, сенбегенде қайтеміз! Өздерін тіпті жақсы көрсете білді, жандары сенің үстіңде!.. Бір удобный случайды қате кетірмейді... Енді міне, ауыздарынан ақ ит кіріп, қара ит шығады...

– Енді бұларға қараған күніміз не болады?..

– Тым үмітсіздік жарамас... Мен де солай ойлаймын... Жастардың өз арасынан бір геройлар шығуы бұларды ауыздықтауы мүмкін... Елміз ғой, ел ішіне не данышпандар шыққан... Олардың көбісі мүрдем кетті...

– Саясат адамдарын айтасыз ба?

– Жоқ, қазіргі өнер, әдебиет даналары... саясат адамдары қу келеді... алдымен бетке шығарын бұктырады, тұншықтырады, осы күні адамды сүріндіру қиын емес... Бір тәуір жері нағыз өнер адамы, көрінбей қоймайды. «Болат пышақ, қап түбінде жатпайды». Оларды номенклатураға іліктірмей қор қылады... Ал оған ілікпегенді адам санатына қоспайды. Кімді ығыстыратындарын қатесіз табады... У них осечки не бывают...

Ғабеңнің осынша шешіліп сөйлегеніне қайран қалдым. Осыдан жиырма үш жыл бұрын, күз айында, В.И.Ленин ескерткішінің жанында отырып, бір әңгімелескеніміз есімнен кетпейді. Онда мен бесеудің хаты туралы нақтылы, әдейі сұрағанмын. Ғабең асықпай отырып, қай күні, қалай, қанша бет жазғандарына дейін, бесеуі неге одақтасқанын, материалды қалай жинағандарын тасқа таңба басқандай қып айтып берген. Сол сұраққа жауабының өзі бір сағатқа созылған. Бұл жолы ол тақырыпты қозғағым келмейді: өз алдына бөлек әңгіме болуға лайық, әйтсе де бір өзек өртер

жерін келтірейін. Ол – сол бірігіп хат жазған бесеудің екеуінің Ғабең бастаған үшеуін сатып кеткені, Голощекиннің сеніміне кіріп, бір-ақ күнде Наркомның орынбасарлығы дәрежесіне жеткені. «Естеріңде болсын, – қулардың көбісі мансаптарын біреулерге председательство жасап барып көтереді. Мені Голощекин хат жіберілген күні Қостанайға командировкаға асығыс аттандырған: «Сен сол жақтың аштан өліп жатқандарын жақсы білетін көрінесің ғой, бар дереу аштарды құтқар! Бұл саған партия аманаты!» деп, кекетіп аттандырған. Екінші күні поезбен Омбыға келіп, қазақ газеттерін алып қарасам, әлгі екі сатқын замнарком болып тағайындалыпты. Жүрегім зу ете түсті... Сөйтсе, А. мен (Ғабең бұл есімдерді толық атады, соңғысы 37 жылы айдалып кетіп, кейін ақталып барып өлгендіктен толық жазбай отырмын) екеуі бірдей, біздің қандай сөйлемге келіп тоқтағанымызға шейін күнде Голощекинге жеткізіп отырған. Бұлар бізді сатқаны үшін жоғары лауазымға жетті. Алайда екеуінің де оңып кеткен ештеңелері жоқ. «Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам» деген сол»...

Ғабең мейлінше маңғаз әрі сері адам еді. Саяжайда, кейін шығармашылық үйде асықпай бабымен жүріп бильярд ойнайтын. Көбіне ұтады, сирек ұтылатын. Ғабеңмен көбіне, Сыдық, Еркеғали, Сәкен, өзінің күйеу баласы Петя, Ахмет Елшібеков, Ғалым Ахмедов ойнайтын. Ал шахмат тақтасының жанында Шәкен Айманов, Омарғазы Оспановтармен ойнап ұзақ отыратын.

– Осы Аханмен неге ойнай бересіз бәрібір ұтылып қала береді, – деді біреу бір күні.

– Е, сендер Ахметті бағаламайсыңдар, бұл кісі культурно, грамотно ойнайды, фантазиясына беріліп кетіп, киял құшағында қалықтап жүргенде, шары түскір ырқына көне коймай, сәл киыс кетіп, түсіре алмай қалады. Тық еткізіп, шымыр атады, шары өз мінезіндей жұмсақ, – деп Аханды шын мақтап қоятын.

Ахаң сыпайы адам, Ғабеңнің осы мақтауына разы.

Ғабең өз атынан бильярдта турнир ұйымдастырып, бәрімізді қызықтырып, бір айдай бәсеке жарысқа салып қойды. Бәйгесі өз алдына, кейде ойын қызу жүріп жатқанда, коньяк алдырып, ойнап жатқандарға, қызықтап тұрғандардың бәріне жеткізіп, ішкізіп те қоятын. Ғабең сөзі, осындай мәрттік істері бізге тәбәрік. Қазір соларын еске алып, асылымыз жоғалып қалғандай, көңіліміз бейжай...

Ғабеңмен бірге жүріп көп әңгімелескендердің кітап

жазуына болады. Сондай кітаптың алды Ғафудың «Елтінжал» атты кітабы.

Ғабит Мүсірепов республика басшылары тарапынан әр кезде қысым көре жүріп, сағын сындыруға тырысқандарға айбар көрсеткендей, сұсты қарсылық жасай жүріп, ерлікпен ғұмыр сүрген адам. Өмірінің соңғы жылдарында жасаған асқан ерлігі Қарағанды жұмысшыларының өмірінен, Орталық қазақстанның қазыналы қойнауын игерген еңбек адамдарының тарихын, қазақ даласына капитализмнің баса-көктеп, өктем кіруін суреттейтін «Оянған өлкенің» екінші кітабы «Жат қолында» романын аяқтап, жарыққа шығарып, оқырман қолына тигізуі болды. Екінші бір ерлігі – денсаулығының төмендеп келе жатқанын сезіп біле отырып, 1984 жылдың 11 желтоқсаны күні Қазақстан Жазушылары одағының залында көркем шығарманың тіліне арналған конференциядағы баяндамасы. Қазақ зиялы қауымына ғажайып әсер еткен бұл тарихи баяндама филология ғылымына қосылған үлес, жастарға тағы бір өнеге еді. Қазіргі тіл бұзаризмнің небір түріне дәлелдер келтіріп, әшкереледі. «Тіл жоқ, идея жоқ мұндай ақындарға қандай ноқаттар жетпей жатқанын айту қиын!.. Ұяты жоқ, аты жоқ – бұларға ақын-жазушылық – сауын сиыр, гонорар, машина!..

...Рухани күшіміз болмашыға алданбауы керек, – дей келіп, Ғабең жетістікке қуана білуді уағыздайды: «Адамға табын, жер енді!» дегенді өзің тауып айтқандай қуанасың!»

Ғабеңнің ұлағатты өнегесі санап айтуға келместей ұлан-ғайыр. Ең алдымен, өнеге тұтарымыз – ол кісінің жан-жақты суреткерлігі, ақындық жүрегі, жазушылық көрегендігі, азаматтық ерлігі, ұлтына, еліне, ана тіліне жан-тәнімен беріліп, ғажайып зергерлік дәрежеге жетуі.

Қазақтың ұлттығына, халықтығына қамқор болып, ел бірлігін қорғап жан салған ұлы Абай мен Ыбырай Алтынсариннің туын Ахмет Байтұрсынов, (саясатта Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқай) Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов жоғары ұстап, көгімізде жұлдыз болып жарқырады, сол қасиетті туымызды ұстау эстафетасы Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафинге тиген еді. Бұл абзал ағаларымыз қазақ мәдениеті мен әдебиетінің жарық жұлдызын өз еңбектерімен нұрландырып бізге жеткізіп, абыройлы, ауыр аманат тапсырып өтті.

5 наурыз, 1992 ж.

Кәукен КЕНЖЕТАЙҰЛЫ,
Қазақстан Республикасының халық әртісі

Ұлы Ғабең туралы бір-екі ауыз сөз

1933 жылы Ғабит Мүсірепов Семей қаласында инпроста (ағарту институтында) оқып жүрген Шәкен Аймановты, оның досы тамаша актер Жағда Өгізбаевты Алматыдағы қазіргі М.Әуезов драма театрына алып келеді. Өйткені, Шәкен сол институтта қойылған спектакльдерге қатысып көзге түсіп жүрген болатын. Оны ұлы жазушымыз бірден танып, Өгізбаев екеуінің өнердегі болашақ жолын ашуға бірден-бір себеп болады.

Содан бастап Ғабит пен Шәкен арасындағы достық, аға-інілік, құрметтеу-қасиеттеу өнердегі екі алыптың жақындығы өмірлерінің ақырына дейін тереңдей берді. Шәкен Ұлы Ғабеңді туған ағадай сыйласа, Ғабең оны өзінің інісінен кем көрмеді. Әдебиет пен өнердің қол жетпес, көз тоқтатар екі шыңындай болып көрінуші еді. Шәкең Ғабеңді өнерде де, өмірде де пірім деп санап, қолға ұстаған туым деп білді.

Сондықтан да қос серінің жақындығы да, достығы да, бірінің-біріне зор құрметі де ел аузында аңыз болып та кетті емес пе?!

Шәкен мен екеуінің арасындағы аңыз-әңгімелер, сықақ күлдіргілер, анекдоттарды естігенде көзден жас аққанша күліп, көңіліміз бір көтеріліп қалушы еді ғой.

Шәкеңмен бірге мен де Ғабеңнің үйіне көп барушы едім. Ғабеңнің баппен айтқан әңгімелерін естіп, көп нәр алып, құмға құйған судай денеме сіңіріп отырушы едім. Ол кісінің жүріс-тұрысы, шылым тартысы, көздің астымен бір қарап кісі тануы, әңгімені қалай бастауы барлығы есте қаларлық үлкен өнеге болып көрінуші еді – маған.

Ғабеңнің есігі ашық, үйге кім келсе де құрметті қонағы, өзінің кең жүрегіндегі үлкен дөңгелек столында сары самаурыны бұрқырап, шудалары желпілдеп, келем, білем деген даналы қазақ азаматтарына кең дастарқаны жаюлы. Құсни апайдың күрең төбел күміс самаурынынан құйып берген шайын ұрттап отырып, Ғабеңнің әңгімесін естігенге не жетсін. Бұл столдан дәм татпаған қазақ азаматтары аз болар.

«Менің мектебім, алдымдағы өнер мен өмір жолын көрсеткен осы ағаларым. Институтым да, университетім де осылар», – деуші еді Шәкен. Онысы рас еді. Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Сапарғали мәдениет пен әдебиет алыптарының ортасында бір күн болып әңгімелерін естігенде

өмірлік рухани азық алып қайтқандай болушы едім. Тіпті біріне-бірінің әзіл әңгімелерінің өзі көңіл-күйінді көтеріп, өмірге басқаша қарайтындай әсер ететін. Ғабит пен Ғабиден арасындағы сұлу қалжың, бала көңілді Сәбеңнің әңгімелері, терең ойлы Сапекең мен Мұхаңның әңгімелері мәңгілік естен шығар ма?..

Мен өзімді осындай ұлылардың арасында көп жүріп, көп әңгімелерін естігеніме бақытты екенмін деп санаймын.

1971 жылы опера театрында «Қыз Жібек» операсының бір өзгерген жаңа түрін қойдық. Ол маған тапсырылды. Ол кезде мен де опера режиссері болып спектакльдер қойып жүрген кезім еді. «Қыз Жібектің» авторы Ғабең болғандықтан ол кісімен көп араласып, көп ақылдасып, операның жалпы желісі қалай болу керек, Ғабеңнің бұл жөнінде ойы қалай деп ақылдастым. Әрине, Бекежан рөлін өзім ойнайтын болғандықтан Бекежан деген кім? Ол – кісі өлтірер қарақшы ма, Қыз Жібек екеуінің арасындағы жақындық – махаббат жақындығы ма, жоқ, Бекежан оның байлығына қызыға ма, міне, осы мәселе жөнінде көп ой таласы да болды.

Құрманбек Жандарбеков – операны ең бірінші қойғаннан бастап Бекежан рөлін ойнаған адам. Халық көзімен қарағанда Құрманбек тап Бекежанның өзі, одан басқа адам айту мүмкін емес сықылды көрінетін және Құрекең Бекежан десе Бекежан еді ғой. Көрген адам Құрекеңді Бекежаннан басқа адамға қимаушы еді. Сондықтан да Құрекеңнен кейін Бекежанды ойнау, не есі жоқ әртіс, не шатасқан әртіс деп ойлаушылар да көп еді. Мен осы әңгімені Құрекеңе айтқанымда ол кісі: «Иә, солай деуі де мүмкін» деді. «Олай болса, сен менің Бекежанымды ойнама, сен өз Бекежаныңды тауып ал» деп бір-ақ айтты...

Бұл ой Ғабеңе де айтылды. Ол кісі де мырс етіп бір күлді де: «Құрекеңнің онысы дұрыс» деді.

Сөйтіп, менің Бекежаным қарақшылықпен күн көрген адам емес, оның да жүрегі бар, махаббат зарына шырмалған, Жібексіз оған өмір жоқ деп сол жолда көп адамшылдықтан адасып ғашық оты оны теріс жолға әкетеді. Аса қызба, тез ашу шақыратын, алды-артына қарамайтын еркін адам.

Төлеген алты ай жүріп Қыз Жібекті тауып, екеуі біріне-бірі ұнап келісімге келіп, көп жыл аңсаған арманына жеткен Жібек Бекежанға:

– Ал, Бекежан, той үстіне оралдың, енді сен де қуан, құттықта, – дейді. Сонда Бекежан жұлып алғандай:

– Жоқ, құт болмас, Жібек, жұт болар!

Кеудеңе қара құс қонар!
Тірі жүрсе Бекежан
Жүрегіңе шер толар!
Тоқтай тұр, Жібек, тоқтай тұр.
Көзіннің жасы көл болар!
Қанмен жуып тойынды,
Тойында салып ойынды,
Өз қолыммен алатын,
Күн туғанда келермін!
Қателестім қапым көп.
Алданып қалдым бір сен деп.
Жарайды, дер кезінде келермін!! –

деп қанжарын еденге шаншып сахнадан жоқ болады. Мына сөзден кейін жүрегінде жаны бар әртіс бір тебіренбеуші ме еді?!

«Қыз Жібектегі» Ғабеннің жазған тамаша сөздері әртістерге көп жәрдем беріп, әр образдың кім екенін айқындап жетелеп отыратын сықылды болатын. Қараңызшы. Шеге сахнаға кіре сала:

Ей, Аққудайын таранған,
Сұңқардайын сыланған,
Сұлу Жібек ар ма кен?
қолаң шашың иықта,
Бойында бір мін бар ма екен?!
қасы көзің қиылып,
құдай мойынын иіліп,
Ақ маңдайлы ақша бет,
Жүрекке салмас қалай өрт?!
Ақ сабағын үзілген,
Тісің меруерт тізілген,
Бейне бір етің қар ма екен,
Алты ай жүріп жыл кезіп,
Келіп тұрған алыстан,
Төлегендей мырзаның,
Арманы, сірә, бар ма екен, –

деп айқайды сахна сыртынан бастап, сахнаның тап ортасына дейін бір демменен Шеге рөліндегі, алғашқы орындаушы күміс көмей, жез таңдай, халқының еркесі, сахнаның серісі, ғажайып әнші Манарбек Ержанов шыға келгенде жұрт орындарынан атып-атып тұрып, Мәкеннің әдемі дауысына елтігендей естерінен айырылып қалушы

еді. «Міне, Шеге! Па, шіркін, Шеге деп осыны айт» – деп қол шапалақтау театрды жаңғыртып шуласып, бір көтеріліп қалушы еді-ау! Залда операны тыңдап-көріп отырған көп мақтауға, мақтануға да сараң Ғабең де жымиып, бір күліп қатты ризашылығын сездіретін. Спектакль бастан аяғына шейін осылай өрлеп халықтың көңілін бір көтеріп тастаушы еді.

Спектакльді шығарарда Ғабеңмен көп ақылдастым, тәлім алдым. Көп сөйлемейтін Ғабең өзінің мағынасы зор аз сөзімен көп ойландырды. Көп ойға шомды. Асыл ағамыздың жәрдемі бос кеткен жоқ, спектакль ойдағыдай болып шықты. Ғабеңнің маған жазған бір қолтаңбасы бар онда:

Кәукеш,

Мынаны 2–3 күннің ішінде бастырып аларсың да, өзіме қайтарып берерсің (Баспадан 2–3 күнге қайтарып алдым).

Ғабит.

22.12.71.

Р. С. «Қыз Жібек» 40 б.

Енді мұны көріп өзін көргендей болам.

Қазақ халқының басынан не өтпеді. Талай арылмайтын қара бұлттар төнбеді ме. 1937 жылдың қасіретін осы күнге дейін ұмыта алмай келеміз. Қалай ұмытарсың, мүмкін емес қой... Осы жылдары әдебиетіміздің, өнеріміздің, халқымыздың талай саңлақтары азап шегіп, дүние салған жоқ па?.. Бұл қайғы Ғабеңе де соқпай кеткен жоқ. Қолынан келгенін аямады, бірақ күші жетпеді. Әсіресе, өзінің сүйікті жазушы ағасы Бейімбет Майлинді «халық жауы» деп әкеткенде Ғабең, «би ағам Майлин халық жауы болса, мен де халық жауымын, мені де бірге алыңдар!» деген шешіле айтқаны не деген ерлік десеңші. КГБ Шәкеңді де тыныш қойған емес. Оны шақырып алып:

– Сіз Ғабит Мүсіреповпен ылғи бірге жүресіз, ол кісіні жақсы білесіз ғой? – деп сұрайды.

– Әрине, ол кісіні кім білмейді.

– Ендеше сізге тапсырма, сол кісі туралы бізге мәлімет керек. Сіз бізге соны жеткізіп тұрыңыз.

– Маған тыңшы бол дегеніңіз бе?

– Қалай ұқсаңыз, солай ұғыңыз.

– Ғафу етіңіз, мен оған бара алмаймын. Мен актермін, тыңшы емеспін.

– Байқаңыз.

– Байқасам да, байқамасам да сол, – деп Шәкен шығып кетеді. Сол бетімен Ғабиттікіне келеді. Өз стилінде былай дейді:

– Ғабе, сізге айтатын үлкен жаңалығым бар.

– Ол не?

– Мен жаңа ғана үш ғаріпте болдым, енді мен сіздің не істеп жүргеніңізді соларға жеткізіп отыруым керек.

– Былайша айтқанда шпионмын де!

– Иә, тыңшымын. Сіз бұдан былай менен қорқып, маған бағынып отыруыңыз керек, – дейді.

– Бүгін апарып жаптырып қойсаң да, преферанстан мен саған ұтыла алмаймын, – депті Ғабең.

Екеуі бұл әңгімеге көп күлісіп, қалжың етіп, өткен өмірлеріне көп шолу жасайды. Кешегі өткен ағаларын еске алып мұңлы ойларға шомылады. Неткен опасыз өмір, неткен қайырымсыз адамдар өткеніне қайран қалысады...

Манаш ҚОЗЫБАЕВ, академик

Ғабеңнің аясында

Өнер қайраткерлерінің ішінен Хәкімжан Наурызбаевпен ерте кезден сырласпын. Бірде Хакаң адамның жеке қасиеті мен оның мүсіні арасындағы байланысты сөз етті.

– Мариям Хакімжанова апайдың мүсінін тез жасадым. «Апа, осы сіз қалай ақын болдыңыз?» – деп сұрадым. Қарсы алдымда отырған апай өзгеріп сала берді. Балғын жас шағы, алғашқы махаббаты туралы ғажайып әңгіме бастады. Ғашық болған екі жастың бір-біріне шығарған өлеңдері терең де тұңғиық сырға толы. Қуанышы мен қасіреті, өкініші мен өксігі қат-қабат араласқан жастықтың лебі есіп тұр. Мен мөлдір махаббаттың құдіретін сезінгендеймін. Апайдың мұңлы үні тіпті тас жүрек жанға жеткендей. Омырауы жасқа толып кетті, ақ жүрегінен ашылды. Мариям апайдың мүсінін бір сеанста жасадым. Өзім осы құдіретке күні бүгінге дейін таңғаламын.

Енді бірде есімі елге танымал адамның мүсінін жасауға тура келді. Алдымда тастан маска киіп алған адам отыр. Сұраққа қысқа, устав тілімен жауап береді. Ал мен болсам осы жұмбақ тұлғаның жан дүниесін ашқым келеді, тасқа тыныс беруге тырысамын-ақ. Бірақ, менің кейіпкерім өз мінезінен өзгермеді. Амал қанша, мен тек қана жалпы бейнесін жасағаныма қанағат еттім...

Қазір Ғабеңнің мүсінін жасауға талпынудамын. Бірақ, бір ғажап жері – Ғабең маған ашылмай-ақ қойды. Сен осы жексенбіде сеансқа қатысып, маған көмектессең қайтеді?

Мен уәде бердім. Келіскен күні, сол сағатта мен де келдім. Ғазиза жеңгеймен кешікпей Ғабең де жетті. Сеанс басталды. Мен шеберхана ішінде Ғабеңе естірте әңгіме бастадым.

– Аға! Қазақтың ескі бір әңгімесінде үш сөз бар екен. Бірі – «Мыңның жүзін білгенше, бірдің атын біл». Екіншісі – «Екіге орын бер, үшке берме». Үшіншісі – «Жаныңдағы жақсыңды ортаға салма!».

– Қызық екен. Сонда бұл үш сөздің түп-төркіні қайда деп білесің? – деді Ғабе мені сынағандай.

– Қазақ танымайтын жанға одағай сөзбен сөз арнамаған халық. Адамның есімі – ол адамның өзі, оның қадірі, парасаты, қасиеті. «Танымасын сыйламас» дейді халық. «Жақсы әке нашар балаға өмірлік азық» деген де бар. «Пәленше!» деген сөзім қамал бұзады. «Сырым айтты», «Бұқар жырау айтты», «Қаз дауысты қазыбек айтты» деген сөздердің құдіреті осында болар.

– Жарайды, – деді Ғабең. – Бірінші сөз түсінікті дейік. Ал екінші сөздің сыры неде?

– Қазақ сый-құрметті таспен де, аспен де білдірген. Бас табаққа төрт адам отырған. Үй иесі және үш қонақ. Егер төрде отырған адам екінші адамға орын берсе, үшінші орын құрметті топтың санатында болады. Ал одан жылжып үшінші адамға орнын берсе, төменгі қатарға сыдырылып қалғаны.

– Қызық екен. Ой, шіркін қазақ, айтқышсың-ау.

– Жанындағы жақсысы ол заманда ер-тұрманы, қару-жарағы, кездігі, пышағы, белбеуі, шақшасы. Шын мәнінде санаулы ғана дүние. Кедей өз бойын күте алмаған. Насыбайдан көңілі қалатын қазаққа жанындағы жақсыны ортаға салсаң, ханталапай қылып, тіпті болмаса талап алған. Үшінші сөз осыдан шыққан болу керек.

Ғабеңнің көңілін баулаған мен қазақ әдебиетіндегі әйел образы туралы сөз қозғадым.

– Ғабе, Сіз Горький дәстүрін қазақ әдебиетінде жалғады дейді кейбір әдебиетшілер. Меніңше, бұл жаңсақ пікір. Горький қазақ әйелдерінің бейнесін қандай данышпан болса да сомдай алмаған болар еді.

– Иә, қазақ әйелдері өз алдына бір дүние. Халқымыз «он үште ұл ұлан, он алтыда қыз ұлан» дейді екен. Ұлы да, қызы да қолына қару алып, ғасырлар бойы байтақ даланы қорғады ғой олар. Міне, сондықтан да қазақ қызы бетін жаппаған, садақ тартқан, қылыш шапқан, найза шанышқан, ол жігіттей жіптік иықты, білекті келген. Қос анарын тартып тастаған ол жараулы бәйге атындай емес пе? Жоқ, қалай десең олай де, қазақ қызының омырауы салпылдап, алқам-салқам болғаны біздің ата дәстүрінде болмаған. Қазақ қызы сәйгүлік мінген, теңмен ойнап-күлген, ер қасиетін төсекте емес, қан майданда білген. Ғажап, жорықта жүрген жас абыройсыздықта қалмасын деп, қойдың қос бүйрегін қоламтаға салып, шала пісіріп жегізген. Ондай әйел баласы бір жыл бала көтермеген. Біздің ата-бабамыз қыз баланы атқа ұлан қылып мінгізгенде еріккеннен істемеген. Амал қанша, әрбір соғыста бес жасар баладан бастап қолына қару ұстар еркек кіндіктіні жау қырып отырған. Міне, осылай біздің ата-бабамыз ұлан-байтақ жерді қорғап қалған. Мен қазақ әйелінің алдындағы жазушылық парызымды өтедім деп әлі де айта алмаймын.

Ғабең ашыла бастады, тебірене сөйлеп кетті. Жайшылықта баппен асып-саспай сөйлейтін жазушы өзінің қалаулы тақырыбына келгенде бәйгеге жаратылған белдеудегі тұлпардай қыза сөйледі. Сөз қазақ әйелінің тағдыры, тарихы, бүгінгісі мен болашағы туралы ұзаққа созылды...

Ғабең жершілдікті, тексіздікті жек көретін. Бірде отырып: «Жақында бір топ жазушы (олар бұл күні де бар) келді. Алдағы жазушылар съезіне шоқпар жинап жүр екен. «Осы сендер партия-партия болып бөлінуді қашан қоясыңдар!» – дедім мен. Сонда олардың бірі: «Ғабе, сіз қызық екенсіз. Біз Сіздің партияңызда емеспіз бе?» – дегені бар емес пе! «Ендеше, – дедім мен, – сол партияны сендермен тарқатты деп есептендер», – деп оларды қуып шықтым.

Ғабеңнің бәйбішесінен туған қызы Райхан қайтыс болды. Жерлейтін күні қалың қар жауды, халық көп келді, көңіл айтты. Алайда, Жазушылар одағы жағынан қол ұшын беретін ықылас бола қоймады. Келесі күні келсем, Ғабең Жазушылар одағы хатшысының бірі Шерханмен сұхбаттасып отыр екен. «Одақ деген ұйым бар, ол біздің үйіміз, күйіміз. Одақ ордалы болса бағымыз, намысымыз, арымыз. Ол әрбір жазушыға қамқорлық жасауға міндетті. Егер одақтың қаралы болған маған жасаған қаракеті сол болса, басқаны жарылқай қоймас деймін».

Ғабең түнеріп, түңіліп ұзақ сөйледі, ренішін, өкпесін жасырмады. Ол одақтың тағдыры туралы ойларын ортаға сала отырып, жазушылардың қалың қауымы туралы ойлады. Олардың әлеуметтік қорғансыздығына қынжылды, жалған фәни дүниеде шығармашылық адамының дәрменсіздігіне күйіне сөйледі.

Ғабеңнің ұзақ жыл жазған шығармасы «Жат қолында» бітуге айналғанда жазушының қалауымен мен шығарманың тарихи негізі туралы пікір жазып бердім.

– Аға, мен бөсіп кеттім-ау деймін. Басы артық жері болса қысқартайын.

– Жоқ. Біз олай келіскен жоқпыз. Мен керегін өзім аламын, ескеремін, ол оқырман мүддесі үшін керек.

Емханада жатып, қолжазбаны соңғы рет өңдеді.

1980 жылдардың басы. Бір жиналыстан Ғабеңмен үйге бірге қайттық. Абай мен Ленин көшелерінің қиылыскан бұрышында Жоғары партия мектебі ғимаратының жартысын алған Л.И.Брежневтің суреті ілулі тұратын. Кранның бесігіне мінген суретші Л.Брежневтің кеудесіндегі алтын жұлдыздарын бояп, оны кішірейтіп, сандарын көбейтіп, сыйғыза алмай әлек болып жатыр екен. Ғабит аға: «Манашжан, осы ит темірдің неше түрін барша мүшесіне ілген сияқты. Бүкіл тәнінде темір ілінбеген бір-ақ мүшесі бар ғой деп ойлаушы едім. Тірі болсақ, кешікпей мына түрімен оған да ілетін шығар-ау», – деді.

Бір күні ағамен Хакімжан Наурызбаевтың үйінде қонақта

болдық. Шайға арналған конфет қорапшасын ашқызбады. Бір кезде ол маған бұрылды:

– Батыр, ана конфетті, шампан, коньякты бір дорбаға сал да, мені шығарып сал. Жеңгең менің қайда баратынымды біледі.

Сәтбаев көшесімен Пчеловодная көшесіне жетпей тоқтадық. Есік ашыла бергенде папалаған бір қыз мойнына асыла түсті. Бақсақ, бұл Рая жеңгеміздің үйі екен, Ғабеңнің кіші қызының туған күні екен.

– Батыр, – деді Ғабең панданып, – мен бүгін үйге қайтпаймын. Ғазиза жеңгеңді өзің үйге жеткізерсің...

Ұлы дарын иесі өмірінің соңғы кезеңінде ел тағдыры, халық тағдыры, тіл тағдыры туралы толғаныста болды. Талай тебіренген, толқыныс, күйзеліс сәттеріне куә болдым. Кішкене кідіріп, салмақпен, жігерлі үнмен:

– Көсемің сор болса, халық қор болады! – деді. Біраз үндемей отырды да:

– Ел бастайтын көсемге жаритын күн туа ма бізге! – деп бір түйді.

Шіркін, қалған дүние-ай! Ғабең қайта құру кезеңін аңсап күтіп, жете алмай кетті. Көп арманы жерге айналды. Ғажайып жанның, ұлы жазушының басын бастап, аяқталмай қалған істері ізбасар қаламгерлерге аманат болып қала берді.

Адамгершілік

Ғабеңнің көп ашылып сөйлей бермейтіні көпшілікке аян. Бірақ, ашылып бір сөйлесе, көсіліп кететін еді. Ондайда көңіл сарайының төрінде бөлек жатқан сырлар айтылатын.

1983 жылы көктемде қазақ КСР Ғылым академиясына жаңадан толық мүшелер, корреспондент-мүшелер сайлау бір күн бойы өтті, іштері пысқан бір топ академик үзіліс кезінде әңгіме-дүкен құрды.

Ғабең сол күні Мұхаң туралы көп әңгіме айтты.

Соғыс алдында Мәскеуге бара қалдық. Күнде астана театрларына барамыз. Бір күні мен театрдан кеш қайттым. қасымда театрдың актрисалары бар. Улап-шулап, қонақ үйдің коридорынан өтіп бара жатсам, Мұхаң өз бөлмесінен шығып, біздің артымыздан қарап тұр екен. Ойымда ештеңе жоқ: «Мұха! Жүріңіз, біраз ойнап-күліп, демалайық», – дедім. Сонда Мұхаң тұрып:

– Пәлі! Не люблю я собачую свадьбу, – деп саңқ етті. Өзім ұялып қалдым.

Мұхаң бала мінезді адам болатын. Соғыс бітуге айналған, жеңістің төбесі көрініп-ақ қалған кез. Ғалым Кәрім

Мыңбаевтың шақыруымен Мұхаң үшеуміз Ұзынағаш жағына аң аулауға шықтық. Бірақ сапарымыз нәтижесіз болып, үйге көңілсіз оралып келеміз. Кенеттен Мұхаң: «Мына тасбақа сияқты машинамен үйге жеткенше түн болады ғой», – деді. Ақ көңіл Кәрім Мұхаңның сөзіне намыстанып: «Мұха! Қалаға бір сағатта жеткізсем не бересіз?» – дегені бар емес пе. Мұхаң: «Пәлі! Кәрім, сен бір қиялшыл жан екенсің. Бір сағат мөлшерінде жетсек, жарайды, мынау қолымдағы сағатымды шешіп берейін» депті.

Кәрім машина жүргізушісімен сыбырласты. Шынында, машина қатты жүріп келеді. Жол онша емес. Кейде орнымыздан ұшып барып, қайта топ ете түскенде, Мұхаң екеуміз бір-бірімізге қарап, жымыңдап қоямыз. Айтқандай бір сағатта қаланың шетіне келдік. Машина тоқтады. Кәрім жымиып күлді:

– Мұха! Сағатыңызды шешетін шығарсыз?

– Пәле! Тапқан екенсің ақымақты. Машина жүргізушінің құйрығына тотияйын қыстырсаң, бір сағатта Алматы түгіл Фрунзеге жеткізер. Жоқ, біз бұлай келіскен емеспіз.

– Жарайды, – деді Кәрім, – бермей-ақ қойыңыз сағатыңызды. Келініңіз бір шай даярлап қоярмын деп еді. Біздің үйге барайық!

– Жоқ, бармаймыз, – деді ашуы басылмаған Мұхаң. – Сен бізді төрге отырғызып қойып, келін алдында бөскің келетін ойың бар. Жоқ, жоқ, құдай сақтасын, өз үйімізге барып шай ішкеніміз абзал.

Жарықтық-ай, бала сияқты еді ғой, мәз болып рақаттанып күлетін, болмашыға көңілі қалатын, балаша ренжитін. Шын мәнінде ұлы адамға да пендешілік тән болса керек.

Академик Сақтаған Бәйішұлы 70-ке келген құрметіне бір топ қонақ шақырды. Үзіліс кезінде:

– Ғабе! Зиялы қауымның көшін бастап келесіз. Замандасыңыз Ғафура екеуіміз ақылдасып, сізге шапан жабуды жөн көрдік, – деді.

Шапан жабылды. Ғабең орнынан тұрып, тебіренді:

– Сақтаған! Ықыласыңа рақмет. Бірақ жол менікі емес. Егер тағдыр көпсінбесе, бүгін мынау Мәкең жеңгеміздің қасында Сәбит болар еді, сый-құрмет сол ағамызға жасалар еді. Сондықтан да мен осы шапанды Мәкеңе жабуды жөн деп білемін. Мария жеңгейді құшақтап, зерлі шапанды өз қолымен жапты.

Бір күні Ғабең телефон қоңыраулады:

– Батыр, – деді ол, – маған келіп кетші. Күйзеліп отырмын.

Ғабең қатты ренжіп отыр екен.

– Ғабиден болса дүние салды. Мен оны көп жазушылардан жақсы көретін себебім: ол елді қаралау, жазалау науқанына қатыспай, бойын таза сақтаушы еді. Зейнел байғұс қаланың сыртында абажадай дачада жалғыз қалды. Қаладағы үйін балалары жайлап, қоныс тепкелі қашан. Енді сол шүйкедей кемпірге бір баспана керек емес пе? Жақында Д.Қонаевқа бардым. Сөз арасында: «Қалтам толы мандат, кеудем толы награда. Елге, халыққа, үкіметке, партияға өкпем жоқ, рақмет. Мен өз қара басымның шаруасымен келгем жоқ. Ғабиден құрбымның жоғын жоқтап, мұңын жырлауға келдім», – дедім. Сол арада қалалық кеңес атқару комитетінің төрағасына телефон соғылды. Байқаймын, басшының дауысы бәсең шықты, немқұрайды айтқаны белгілі-ақ болды, тапсырма жеңіл-желпі берілген сияқты. Мен болсам, «қартайған маған солай көрінген шығар-ау» деп өзімді жұбатып, үйге оралдым. Бірақ алжымаған екенмін. Жаңа Зейнел телефон соқты. Қаланың бастығы ыңғай бермей, шығарып салыпты. Өз асылының қасиетін не тіріде, не ол дүниеге кеткен кезде сыйлай алмаған елдің болашағы қандай болмақ?

Ғабең көп сөйледі, таусыла сөйледі. Көңіл күйі күйзеліске түскен жазушы ағамды жұбата алар сөз таба алмай мен кеттім.

Тұғыры асқар таудай Ғабеңнің адамгершілігі де асқақ еді-ау шіркін.

Пендешілік

Бір күні Ғабең телефон соқты:

– Сені келінмен бірге «Ақан сері – Ақтоқты» операсына шақырамын, – деді.

Премьераны тамашалауға келген халық лық толы. Ығай мен сығайлар. Аға бізді қарсы алып, өзі бастап келеді. Бірінші қатарда мәдениет министрі, жазушының көп жылғы сырлас досының бірі Мүсілім Базарбаев бастаған топ Ғабеңді өз қатарына шақырды. Ғабең оң қолын көтеріп:

– Чау! – деді күліп. Біз сол қатардың екінші қапталына барып отырдық. Көрермен ұлы жазушының жаңа туындысын зор ықыласпен қарсы алды.

Спектакль бітті. Жұмағали (Ғабең оны «Жұмаш» деп еркелете атайтын) екеуіміз ағаның шақыруымен театр директорының кабинетіне келдік. Ақан серінің рөлін ойнаған Мыржықбаев Кенжеғалиға:

– Кенжеш, сен менің жасыма келгенше талай Ақтоқтыны кездестірерсің. Бүгін Ақтоқтыны маған бер, – деп күлді де, актриса Қорлан Қалиламбекованың білегінен ұстады.

Ақтоқтының рөлін көңілдегідей орындаған актрисаға Ғабең көңілін білдіріп, бетінен сүйді. Фотографты шақырып, суретке түсті. Наздана сөйледі, жас актрисаны еркелетті, құшақтады, тізесіне отырғызды. Спектакльге қатысқан өнерпаздар ұлы жазушының ғажайып кішіпейілділігіне таңғалды. Театрдан түн ортасы ауа үйге қайттық. Екі інісі қолтықтап, Ғабеңді алып, үйге де жеттік.

– Батырлар, – деді Ғабең, – сендердің не ойлап тұрғандарыңды білем. Ағамыз бөсіп, шаршап қалды деп ойларсыңдар. Жоқ, олай емес, ішкеннен емес, жемісті аяқталған іске дән ризашылық билеп тұр мені. Егер мені бір баспалдақ сүйемелдейді екенсіңдер, онда үйге кіреміз. Әйтпесе, келіндерге жетіңдер, өзім де көтерілемін.

Біз кішкене тұрып, Ғабеңді көзбен ұзатып салып, үйге қайттық. Бұл бір Ғабеңнің шығармашылық шабытта жүрген кезі еді. Сексеннен асқан қыранның осындай қайрат көрсетіп, жасқа тән эмоциялық тебіреніске түскенін көргенде, бізді де қуаныш билеуші еді.

Ғабең 1983 жылдың күзінде жазушылардың демалыс үйінде болды. Бір күні Еркеғали (Рахмадиев) телефон соғып:

– Ағаң сені қатты іздеп жатыр, – деп хабарлады.

Жұпыны келген шағын бөлмеде Ғабең қарсы алды, жүзі сынық, көңілсіз. Амандасып болғаннан соң біраз үнсіз отырды. Мен сабырсыздана бастадым.

– Аға! Тыныштық па? Неге көңілсізсіз?

– Ой, шырағым-ай! 80-нен асқан жанның қайбір шекесі қыза береді дейсің. Жас болса келді. Өмір өтіп, қызығы азайды, жоқ, азайған жоқ, бітті десе де болады. Алда тұрған биік бір нысана болмағаннан кейін өлім жатсаң да, тұрсаң да көлбеңдеп, есіңе орала береді екен. Сенің қалай ойлайтыныңды білгім келеді, мына бір өсиетнама жазғым келеді.

– Ағажан, халық айтпай ма «өлім болжаусыз, өмір болжаусыз» деп. Артық болмас, жазыңыз. Бірақ сол құрғырды қайта-қайта жазып әлек болмаңыз. Өмір шіркінге не жетсін. Асықпаңыз ол жаққа! – дедім мен.

– Мен шынымды айтайын. Бұрын да бірнеше рет жазғанмын. Ол кезде өлімге өзім де сенбейтінмін. Қазір әбден сенемін. Мен шайтан емеспін ғой, өлетін шығармын. Сенің алдыңда күлтелетіп қайтейін. Мен сол өсиетнаманы жазып қойдым.

Ғабең жазу столының суырмасын ашып, бірнеше парақ қағазды алып, оқи жөнелді. «Қысқасы қаржыға байланысты

барлық шараларды басқару жұмыстарын түгелімен Еркеғали Рахмадиев пен Манаш Қозыбаев жолдастарға аманат етемін», – деген сөздерді естіген кезде:

– Ауыр тапсырма ғой бұл, аға! – деген сөздерді қалай айтып қалғанымды білмеймін. Ғабең басын көтерді:

– Саған тапсырмағанда кімге тапсыр дейсің. Мен сенің адамгершілігіне сенемін, ағаңды әкеңдей сыйлайтыныңа сенемін.

Қатты қысылып:

– Ғабе, кешіріңіз, түсінемін, – дедім.

Өсиетнама оқылды, маған аманат етіп, қолыма берілді. «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты – Депутат Верховного Совета Казахской ССР: десятый созыв» деген төрт парақ қағаз. «12 қыркүйек, 1983». Төменде осы өсиетнаманың толық мәтінін келтіруді жөн көрдім.

Өсиетнама

«Мен, Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов, енді алты айдан кейін сексен екі жасқа толып, сексен үшке ауысамын. Сондықтан өз қолыммен жазылған өсиетнаманың уақыты жетті ғой деп ойлаймын. Осы жазып отырғаным сол өсиетнамам.

Менің мұрагерлерім кімдер:

1. Әйелім Ғазиза Нұрғалиқызы Бисенова.

2. Әлі оқып жүрген кіші қыздарым – Гауһар мен Гүлнәр Мүсіреповалар.

Ең үлкен қыздарым – Энгелина мен Роза Мүсіреповалар.

4. Роза Мүсірепованың тұңғыш қызы Динаны менің қайтыс болған бірінші әйелім Хұсни Ягофаревна бауырына салған еді.

5. Менің қайтыс болған қызым Райханның жалғыз ұлы Бекет Мүсірепов.

6. Менің қайтыс болған ағамның баласы Екпін Махмұтов.

7. Менің қайтыс болған інім Әшім Махмұтов.

8. Менің қайтыс болған Баязит інімнің әйелі Шамеш Махмұтова. Барлық алыс жақындастарым осылар.

а) Осылардың әрқайсысына бір мың сомнан, он мың сом ақша берілсін.

б) Үстіміздегі 1983 жылғы 12 сәуір күні ең кіші қыздарыма – Гауһар мен Гүлнәр Мүсіреповаларға бес мың сомнан он мың сом енші бергем: 6219/4127 нөмірлі сберкассадағы 49792, 49793 нөмірлі есепшоттарына түсіргенмін.

в) Жоғарыда аты-жөндері аталған туыстарыма он мың сом сол менің 3833 және 43384 санды сақтық книжкелерімнен

алынып үлестірілсін. Сол книжкелерден үлестен қалған қаржы түгел әйелім Ғазиза Нұрғалиқызы Бисеноваға берілсін.

г) Жоғарыда аталған сберкассада жатқан (срочный вклад) 420298 санды сберкнижкадағы қаржы әйеліммен екеуіміздің бейітімізді түзеуге арналады. Одан артылып қалғанын тағы да сол жоғарыда аталған мұрагерлеріме бірдей етіп үлестірілсін.

д) Қаржыны үлестіруді, бейітімізді дұрыстауды, қысқасы қаржыға байланысты барлық шараларды басқару жұмыстарын түгелімен Еркеғали Рахмадиев пен Манаш Қозыбаев жолдастарға аманат етемін.

е) Өлі бұйым, үй-ішілік нәрселерді, киім-кешек сияқты мүлік деп саналатындарды туыстарыма бөліп үлестіруді Ғазиза, Мариям, Зейнел, Роза төртеуіне аманат етемін.

ж) Бұдан едәуір жылдар бұрын Ғабиден мен Әлжаппарға өсиетнама сияқты бір хат жазғаным бар еді, ол енді ескерілмесін.

з) Осы Өсиетнама қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты дәптерінің үш бетіне жазылды.

Осы менің қысқаша өсиетнамам.

Ғ.Мүсірепов.

12 қыркүйек, 1983 жыл.

Бөлек бір қосымша IV бетке жазылды. – Ғ.М.

Қосымша

Мен қайтыс болғаннан кейін театрлардан, баспа орындарынан түсетін гонорар болса, бәрі де төменгі аталған үш балама бірдей тиетін болсын:

Ғауһар Ғабитовна Мүсіреповаға,

Гүлнәр Ғабитовна Мүсіреповаға және Бекет Мүсіреповке.

Бұл қосымшаны көшірмесімен бірге Литфондыға, қазіргі «Охрана авторов, их прав" аталатын басқармаға тапсыруды тағы сол Еркеғали Рахмадиев пен Манаш Қозыбаевқа аманат еттім.

Ғ.Мүсірепов.

12 қыркүйек 1983 жыл.

Өсиетнама 1985 жылдан кейін, оған дейін тірі болсақ, қайта қаралмақ.

Ғ.Мүсірепов.

Арада біраз уақыт өтті. Бір күні телефон соғып, Ғабең 16 карашада құдалыққа Серік Мұхамеджанов келетінін айтты, бізді сол құдалармен бірге болыңдар деп өтінді. Мен ертерек

бардым. Ғабең шылымды үсті-үстіне тартып, абыржып отырғандай көрінді.

– Біз өзі Манаш заң жағынан сауатсыз екенбіз. Өткен жолы саған аманат еткен өсиетнаманың заң жағынан күші жоқ екен. Сондықтан нотариустан адам шақырып, өсиетнаманы заң жағынан растатып алдық. Енді саған берген өсиетнама күшін жойды.

– Жараған екен, аға! Бізден бір батпан жүкті алып тастадыңыз, екінші жағынан заңның аты заң ғой...

Ғабең болашақ құдасы Серікті жылы қарсы алды, ықыласын берді.

– Секе, шырағым, балаларымызды ренжіткен емеспін. Ырыздықтарын молынан беріп тұрмын. Жақында ғана әрқайсысына біраз тиын-тебен бөліп бердім. Той екеумізге де ортақ. Бірақ менің жасым келді, той-томалаққа күшім жете бермес. Сіз қысылмай той тауқыметін алсаңыз. Ал тиын-тебенін менен ұялмай алғайсың. Бұл менің Сізге өтінішім, ағалық назым...

Ғабең сол күні бір серпіліп сөйледі. Болашақ құдалар ұлы жазушының ықыласына бөленді.

Ғабең күрт құлады, науқасы лаулап күшейе түсті. Осы өмірінің ауыр сәтінде Жұмағали Ысмағұлов інілік, шәкірттік парызын барынша өтегенін айтқан абзал.

1983 жылы 25 желтоқсан күні кешке Ғабеңмен ақтық рет қоштастым. Ғазиза жеңгеміз:

– Қалқам, Манаш, ағаң сендерді күтіп жатыр, – деді. Бөлменің іші қара көлеңке, шам жаққанды Ғабең қаламаса керек. Ауырған бауырын сол алақанымен басып жатыр екен.

Жеңгеміз тұрып:

– Манаш пен Сараш келді, – деді.

Мен Ғабеңе жақындап:

– Аға, мен Манашпын ғой, – дедім. Жеңгеміз Ғабеңнің оң қолын менің басыма салды. Шашымды уқалап, сипап ақырын ыңырсып, жылағандай болды. – Аға! Өмірге ер болып келдің, ер болып өткін, берік болғай! – дедім.

Ғабең ыңырсып, сыңсығанын кенет тоқтатты. Жақсы көретін келіні Сараның қолынан сипап, ұзақ ұстады, қатты қысып-қысып біраз жібермеді. Міне, біз ағамен осылай бақұлдастық.

Ғабең өмірінің соңғы қияны артта қалды.

Ағаның маған деген көңілінен әкенің балаға, ағаның сүйген інісіне деген ықыласы сезілетін. Өмірінің соңғы он

шақты жыл дәм-тұзымыз жарасып, көріспесек сағынып жүздесетінбіз. Арада уақыт өтіп кетсе, дегбірсізденіп:

– Сен батыр қайда жүрсің? – деп телефон шалатын.

Ағаның күнделікті қаракеті, өзіндік дастарқан салты, өзгеше араласатын адамдары тұрақты болатын. Көңілі қалған адаммен кілт араласпай кететін. Өмірінің соңғы бір сәтінде араласқан жандарды мен саусақпен санап айтар едім. Қайтыс болғаннан кейін «Мен Ғабеңе жақынмын» дейтіндер көбейгенін не дерсің. Дастарқаны мол, көңіл-күйі жаймашуақ аға өзінің отбасында белгілі бір ритммен өмір кешетін. Карта ойнағанда қолын созып, жан-жағына жалтақтамай, ашық ойнайтын. Өмірде де, ойында да, әзілде де ашық, адал, ақ пейіл аға ғажайып бір жан еді-ау.

Мүсілім БАЗАРБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы

Ғабит Махмұтұлы жайында

(есте қалғандар)

Ес кіргелі бері айта беретініміз сияқты, ес жиғалы бері Ғабеңді – Ғабит Махмұтұлын білемін-ау десем, оным артық болмас. Қызмет бабына байланысты, Жазушылар одағы, Академияның әдебиет және өнер институты тарапынан үнемі кездесіп, жолығысып жүретін себептер, жастары көп үлкен болғанымен Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Сәбит Мұқанов, Ахмет Жұбанов сияқты алыптармен, онан кейінгі лек Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайлов, Мәлік Ғабдуллин сынды белгілі ғалым әдебиетшілерімен ақылдасу, кеңес жайларым көп болды. Әсіресе, 1961 жылы жаңадан әдебиет және өнер институты құрылуына байланысты мұндай пікір алысу, сөйлесу жиіледі. Сол институтқа, қанша бас тартсам да қоярда-қоймай өзімізді жетекші етіп қойған ұлы ғалым, ауқымды қайраткер, Академияның президенті Қанекеңнің – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жөні бір бөлек. Ол кісінің есімін бұл жерде атамай кетуіме мүлде болмайды. Қанекеңнің пәрменімен ілгері аталған адамдардың бәрі түгелдей жаңа ғылым мекемесінің ғылыми кеңесшілері болатын да, бірсыпырасы тікелей жұмыс атқаратын. Бұлардың қай-қайсысымен болса да, тығыз аралас-құралас қатынаста болдым. Әсіресе, Мұхаңмен кездесіп, сұхбаттасу сәттерім бір кітаптық естелікке тұрады. Ол жазылар да деп ойлаймын. Бүкіл әдебиет әлемінің көшбасшысы жаңа институттың директоры, құрамы, адамдары жөнінде Мұхаңның Қанекеңе ықыласы көп болды. 1958 жылы Ғабең академик болып сайланған. Сол жылы Әлкей Хақанұлы мен Есмағамбет Самұратұлы мүше-корреспондентке өткен. «Социалистік қазақстан» газетіне бұл жөнінде мақала жазғанмын. Мұның бәрі әдебиет ғылымының іргелі мәселелерін қозғауға, кадрларды жетілдіруге, әсіресе, жастарды өсіруге әсер еткен жайлар еді.

Ғабит Махмұтұлы өмірде де, әдебиетте де жөн-жосығы бір айрықша жан еді. қазір бірсыпыра уақытты артқа салғаннан кейін, оның халқымыздың ардақты перзенті, заман мөлшерімен алсақ, ғасыр ұлы екеніне көзіміз жетеді.

«Сөз өнері дертпен тең» деген ұғымға қол қойсақ, сол қиындықты кімде болса, бастан кешіруге даяр тұруы шарт. Әрине,түбасылы талант болмаса, құр азаптану ештеңе

бермес. Бірақ шын талантқа да көркем сөз азабы жеңіл тимейтіні анық. Өйткені, оны шегіне жету үшін, талай кезден өткізу қажет. Мұның төркіні жауапкершілік. Өз шығармасын ұқсату, әдемілеу, шын көркемдік дәрежеге көтеруге ұмтылу Ғ.Мүсірепов жауапкершілігінің бір жағы болса, екінші жағы әдебиетке, көркемөнерге жанашырлықпен қарау еді. Мүмкін болса, оған үлес қосу, молайту, байыту, ал жүдету болмайтын.

Күні кешеге дейін жазушының өзі де, өзгеге де осы шеберлік жайында көп айтқан. Осының бәрі орынды болса да, ол кісінің сараң жазатындығын ақтау үшін айтылғандай болып тұратын. Бұл ұғымның да әділ еместігін енді көріп отырмыз.

Соңғы елу жылды алсақ, Ғабит Мүсірепов қоғамдық өсудің қай тұсында болса да, қажырлы құрылысшы. Елімізде ұлттық мәдениеттің бұғанасы қата бастаған заманындағы еңбеккері, жоқшысы. Бұрын драматургия мен театр өнерінің, музыкалы театр – операсының, көркем прозаның, жалпы әдеби, мәдени өмірдің сан алуан салаларын дамытушы, негізін қалаушы.

Өскелең әдебиетке өсірер сын айтып, оның «Абай жолы» сияқты туындысына алғаш қуанысқан, кейін де көркем сөз қамын әсте естен шығармай, оның бар-жоғын тынбай саралап отырған ұстаз болатын. Ой-ұғымымыздың шеңбері кеңіген дәуірде Ғабең «Оянған өлкенің» екінші кітабын дүниеге келтірді. Суреткер жазушы өлке оянуын өткен ғасырдан бастаса да, оның түкпі мақсаты, ой-идеясы бүгінгі қиыншылықпен жаңарған өлкенің өскен жандарына арналғаны анық, олардың арғы тегін, туу, түзілу дәуірін меңзегені түсінікті.

Қазақ халқының эпостық қазынасына сүйене отырып, жаңадан жасалған ірі тұлға, характерлер туған әдебиет тарихына ірі-ірі көркемдік жетісіктер болып енді, әрі қайталанбайтын Ғабеңдік таңбасы бар бейнелер ретінде танылды.

Үлкен қаламгер болған соң, ол бір жағынан ұстаз. Бірақ Ғабеңнің ұстаздығы өзгеше болатын. әдебиетте ме, әлде ғылымда ма, ол аз да болса, бір жарық сәуленің, таланттың көзін іздейтін, жітілік алғырлық белгісін тапсам екен дегендей болып тұратын. Ал тапқан күннің өзінде, ол бірден арқадан қағып қолпаштау дегенді білмейтін. Көңілшек ұстаз емес, орысша «строгая любовь» дегендей-ақ салқынқандылықпен, таразы көзбен қарайтын сыншыл ұстаз еді. Соңғы Мағауин және басқа да танымал болып қалған талапкерлер жайында

айтқан жылы лебіздерін жақсы білеміз. Өте орынды сөздер еді. Ал ілгеріректе ұстаздар мен шәкірттер жайында бір айтқан ойы есімде қалған. Сол кезде жазып алған едім. 1967 жылы 20 қарашада Ғали Ормановтың үйінде, ол кісінің 60 жылдық мүшелтойы үстінде айтылған еді. «Иә, біз болсақ Октябрь тұсында өмір сүрдік, өсу, өнуіміз соған тікелей байланысты. Өзімізді бақытты санайтынбыз. Біз жастарды күннің аптап ыстығынан қорғауға, аязы үскірік қарып кетпесін деп ығымызда ұстауға даярмыз. Бірақ олар да өне бойы қорғаншықтай бермеуі керек. Мені бірсыпыра жастардың әдебиетте батыл қадам басып келе жатқанына қуанам. Қалай десек те, біз бәріміз алғаш қалам ұстаған аға буынның шәкіртіміз. Сәбит болсын, Ғабиден, Әбділдә, Ғали, яки Дихан болсын – бәріміз айналып келгенде, Мұхтар Әуезовтің, Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Ілияс Жансүгіровтің шәкіртіміз, әрі кеткенде солардың ісін жалғастырушымыз. Әрқайсысымыз әр түрлі, жеке дарамыз десек те, бәріміздің басымызды қосатын, біріктіретін бір жай бар: ол – қайткен күнде де біз өзімізден бұрын болған, бұрыннан бар дүниені әрі жалғастырушымыз, ілгері алып барушылармыз. Қазіргі уақытта жаңа буын өсіріп, бекіп келеді, олар әдебиетте өз үнін, өз дауысын танытып, жаңа іс бастауда. Олардың өзіндік ойы, ізденісі, талпынысы бар. Тахауи Ахтанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Зейнолла Қабдолов, Олжас Сүлейменов және басқалары сол қатарда. Бұрынғы дәстүр, үрдістен қол үзбей олар, сонымен бірге, жаңалық тауып, жаңашыл жолмен келеді. Ол дұрыс та. Өйткені, бұрыннан бар нәрсені айту, ол – қайталау, эпигонство. Бұл сірә, жаңа заманның, жаңа дәуірдің атқамінер зор рөлінен болар».

Бұл сипаттас ой-түйіндер әр жерде-ақ айтылған. Бірақ, осы тұжырымында алды мен артына қарайлайтын әдебиет жанашырының жайы байқалады.

Ғабит Мүсірепов халықтар әдебиетінің бір-бірімен жалғастығын, дәстүр мен жаңалық бірлестігін көп айтып, бүкіл көпұлтты әдебиеттің көркемдік жетістіктерін мақтан ететін. Осы тарапта қимыл, іс көрсетіп жүрген, кейде өзіне тетелес, не болмаса көп кіші талант ұшқыны бар талапкерлер үнемі қолдап отыратын. Мұның өзі ол кісінің ақсақал, ұстаз басына әбден жарасатын. Москва, Киев, Ташкент және басқа мәдениет орталықтарындағы жазушылық, мәдениет істеріне байланысты жиын-жиналыстар, шет елдерде үстемелеп өтіп жататын шығармашылық, немесе бейбітшілік қозғалысына байланысты конференция, форумдар Ғабең өкілдік еткен

абыройлы мінберлер. Азия, Африка жазушыларының Ташкенттегі 1958 жылғы тұңғыш кездесуінде, онан кейін де Ғабең дос көңілді талай ел жазушыларына достық қолын созған.

Қазір, Ғабит Махмұтұлы жайында 90 жасқа толуына байланысты айтар болсақ, ең алдымен, әрине, оның қайраткер, қаламгер кейпінің әр тұстағы көріністерін еске алу керек. Ең алдымен, адамгершілік, адамдық қасиеттері қандай еді деген сұрау кімнің де болса ойында тұрар.

Ғабеңнің өмір-тұрмыстағы, тіршілік бабындағы тұлғасы жұртқа мәлім. Істес болған, яки аралас-құралас жүрген жандар ол кісі мінезінің, өзін-өзі ұстау, сөйлеу, мәнерінің, не болмаса жалпы көңіл-күйі жайының сан алуан көрініс, қырларын жақсы біледі. Сөйте тұрса да, кім де болса, ол кісі тап мынадай еді деп, дәл кесіп-пішіп айта алмас. Себебі салмақты еді, ұстамды еді, тіпті маңғаз, сабырлы еді, аз сөйлеп, көп тыңдаушы еді деген сияқты анықтаулар Ғабең кейпін түгел бере алмайды. Жазудағы: стилі бөлек, аз жазып, терең көрінетін қаламгер еді деген, белгілі, танымал ұғымдар да толық анықтама емес. Ғабеңнің адамдық, тұлғалық жайы тіпті бөлек-тін. Біз әдетте: көп сөйлесе, шешен деп, білгірлік етсе терең деп, ақыл айтса ұстаз деп, айтпаса тұйық деп айта береміз. Мұның бәрі, айналып келгенде, үстірт жатқан белгілер, бейнені толық ашпайды. Ғабең кейпінің сонда өзіне тән сипаттары болмағаны ма, немесе аз болғаны ма? Жоқ, онан емес, керісінше, оның мінез қырларының аса молдығынан, ішкі сырларының байлығынан. Әрбір ойшыл, сыршыл жанның айтқанынан айтпағаны көп, бергенінен бермегені көп болып келетіні сияқты, ендігі бір сәтте оның сырт ажары қай жақтан белгі, қай тұстан хабар әкеледі дегендей болып тұратынсың. Көңілі жай кездерде, жүзінде бір мысқыл күлкінің ізі өнебойы байқалады. Ықыласы түссе, оның сырын айтады да түспесе, сол жабық күйінде қала береді. Ұзақ өмірі ішінде көрген-түйгені мол, берілген де, безінген де жайлары көп адам бәлкім осылай, сырт қарағанда тым анық сияқты емес күйде қалыптасатын шығар, сөйте тұра өмірде нағыз эстет, сері екені де даусыз ғой, мұны еске алсақ, өзі жазған көп сұлу дүниелер ойға оралмай қоймайды: ілгерідегі қыз Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш пен Баян, Ақан сері мен Ақтоқты, Ұлпан, соңғы драмалық поэмасындағы қыпшақ қызы Аппақ пен ұлы ақын Низами – осының бәрі де эстетикалық талғамның, шынайы көркем тұлғаға айналған жайлары емес пе? Әйтпесе де осындай, қай жағынан алсаңыз да жеткілікті, ішкі бай дүние бірден көзге

ұрып, жарқ етіп тұрмайды, оның есесіне, бірақ тегеурінді, мол рухани қазынадан хабардар етеді, нәр береді. Мұндай А. Пушкиннің «Терең су жай ағар, асыл адам саябыр болар» дегені еске түседі.

Адамның мінезі, ішкі дүниесі жайында айтылып отырғандықтан, Ғабең өзі туралы не дейді, қалай ойлайды – мұны білу аса қызғылықты болар еді. 1985 жылы осындай бір жай туып, жазушының достары арасында бір шешіліп сөйлеген жайын магнитофонға жазып алған едім. Сонан үзінділер келтіріп көрелік (30 маусым).

23.1.92 жылы магнитофонға көшірілді.

Ғабиттің сөзі (30.VI.85).

Мүсілім: Бүгін, 30 июнь 1985 жылы бірсыпыра жандар, үлкеніміз-кішіміз бас құрып отырған кез.

Ғазиза: Бір ауыз Гүлбарашқа спасибоңды айтсаңшы.

Мүсілім: Сөзіңді жазып алайын деп отырмын.

Ғабит: Менің бе? Мен не айтайын?

Мүсілім: Мынадай сурет алдыңыз ба? ЦК-дағы Сұлтан Оразалинов даярлап апарып берем деді. Баяғы 80 жылдық кезіндегі сурет қой. Ана кітапханада.

Ғабит: Бәрекелді. Бөтен кісі жоқ қой. «Өзіміздің арамызда айтар болсам, мен бірде алай, бірде былай, бірде ақ, бірде қара болып жүретін адамдармен еш уақытта достасып, ұзақ сырласып көрген емеспін. Менің де алданып қалатын уақытым бар. Біраз уақыт қолға түсіп қалып жүрем, бірақ қашан да сол, әр түрлі мінезі бар адамдар болса, мен сонан тезірек құтылуға тырысамын. Қазақтың ескі бір мақалы кеше Шоқанның үш томдығын алып, соны аударып отырғанда еске түсті. Жақсы мақал. «Дос болмайтын адаммен дос күнінде құтыл» дейді. Иә, ал енді әрбір дос болмайтын адамнан дос күнінде құтыла беру кісінің қолынан келе бермейді. Бірақ әрқашанда ақырындап, түбінде сол дос бола алмайтын адамдардан алшақтай берген дұрыс. Қазір де менен жасы көп кіші болмаса да, осы кісіні түсіне алмай-ақ қойдық дейтін адамдар жоқ емес. Менде түсінбейтін еш нәрсе жоқ, бірақ әлгіндей бір шикілігі, өзімшілдігі сияқты бірденесі табылса мен ақырын-ақырын өзім бөлініп кетем. Сен кет деп айту қиын ғой. Өзім қашып кетемін. Сондықтан олар: осы кісі бізге ақ көңілімен келмей-ақ қойды деп жазып жүреді, тіпті кітаптарына да жазыпты. Мына менің осы алпыстың бер жағындағы өмірім осы отырған адамдардың барлығына да таныс қой деймін, белгілі ғой деймін. Иә, сонда қай тұста қандай ақ жарқын, ашықтығым болды, қай тұста жабылып қалып отырғандығым болды, қай тұста қателескенім болды,

бәрін білесіздер. Мына біраз адам 60 түгіл, оның ар жағында, тағы отыз жыл бұрын таныс, дос күйіміз басталғаннан жарты ғасырдан артық, тек ай-шай деспей өтіп келе жатқан жайымыз бар. Бірақ, оның бір қызығы Ғабиден екеуіміз кез келген жерде шайқаса түсетұғын едік, кез келген жерде қалжың, ана-мынауымыз, мазағымыз, күлкіміз, жала жауабымыз барлығы жұртқа мәлім ғой деймін. Бірақ соның ішінде мына менің әдебиет майданында болсын, ең жақын досым Ғабиден болып өтті. Ол менің анау дворецтен қайтқанда, иә, дом правительстводан қайтқанда, өзін менен күшті көріп, мені қолтықтап алып жүретін еді, үйге әкеліп тастап, ал жеттің, есігің әне деп оттап, былшылдасып қаламыз, иә, сондай еді. Мына одан соң Әлжаппарды мен отызға толмай тұрған кезінде көрдім-ау деймін. Әлжаппардың алғаш жазғандары менің алдыма жұрттың бәрінен бұрын келген сияқты. Әлжаппардың өзінің бір жағынан қарағанда. Мүмкін теңдесе қойғым келмеген болар, анда-мұнда жіберіппін. Бірақ осының әлгі бір шығармасы бір жерде қалып қоймады ма екен деп, соңына түскен кезім барын Әлжаппар өзі жазды. Мына содан бері еш уақытта адамгершілігі жағынан сынға ілікпей, жұрттың айтқан өсегіне құлақ аспай жүрген екінші дос-жар мына Әлжаппар, сенің үйінде отырған. Қазір енді менен соңғы ақсақал осы Әлжаппар болып қалды. Мен 83-те «Оянған өлкенің» екінші кітабын бітірдім, бұл кісі кеше түнде жаңа спектаклін көріп келді. Осындай бір табандылық, әр түрлі жағдайда Әлжаппардың бір жарып шығатын кездері болады. Ал біз бүгін жолдастар Мүсілімнің үйінде отырмыз. Мен енді құдай ұрып Мұхтар мен Сәбиттен кейінгі бас ұстайтын кісі болып қалдым. Сапекең де жоқ қой, білесіңдер. Сол басты мен осы күнге дейін меңгере алмай қойдым. Бар білетінім екі құлағын екі кісіге кесіп берем де қоямын. Ал енді бірде олай, бір істе бұлай көрінетін болар, бірақ еш уақытта үлкендік сезінген емеспін осы күнге дейін. Маған Махмудович дегенде тіпті инедей шаншылады, мен әлі баяғы Ғабит емеспін бе деп ойлаймын. Сен, сен, сен. Біздің тәрбиеленуіміздің өзі басқашалау. Революцияның артын ала келдік қой жұрттың қатарына. Сәкен жұрттың бәріне «сен» деп сөйлейтін, мен бір рет «Сіз» дедім Сәкенге. «Кім үйретті саған», – деп қалды. Сонан Сәкенмен бір-екі рет жолдас болып шыққаным бар. Соның бәріне де Сәкен «сен, сен» деп сөйлейді. Ал Бейімбет енді менімен тұстас сияқты көрінді, өзі Сәкенмен құрдас. Ілияс алғаш әлгі кішкентай повесім шыққанда: «әй, сен қайда тығылып жатқан қара домалақсың», – деп жазды. Бурабайдың бір сұлуын бауырына басып,

көрінбей жүрсің ғой сен тегі, тастау керек, мында келу керек» деп жазды. Соның бәрін маған «сен, сен», Мұхтар, Сәбит бәріміз де сол «сен» деп кеткенбіз. Осы күні енді ең үлкені сияқтымыз жұрттың, сонда да «Сіз» дегенде, Махмудович дегенде, бір түрлі ұнатпай қалам. Мына Мүсілімге берген кітабыма дос-жарлық белгісі болсын деп жаздым. Жасы кіші болса да, ең жақын замандастарымыз осы Мүсілім. Жасы көп кіші бізден. Ана Еркеғали бәрімізден кіші ғой.

Оны да мен өзіміздің замандастай жақсы көремін, қалжыңдасып жүреді өздерің сияқты. Мына қазір енді қандай уақытқа келдік? Саясаттан қанша алыс болам деген кісі шынында алыс бола алмайды. Мына қазір жаңадан жасаймыз деген бар, ол құдайдың өзінің жасаған ісін біз мойынға аламыз деген сөз емес пе? Ал сол жаңаны өзіміз жаңа болмасақ, жасай аламыз ба? Әке баласына мына менің өнегем мынау деп ол отырса, шеше қызына сен алай бол, бұлай бол деп, өзінің ошақ маңайынан әрі жібермей ол отырса, жаңадан қалай жасалады ол. Біз үшін, қазақ үшін, естеріңде болсын, жаңадан жасау деген ең қиын мәселе. Өйткені, біздің халқымыздың көбі далада, малда. Даладағы, малдағы адам әлі революцияның алды-артындағы қалпында тұр. Оқыған баласы қалаға кетеді, анда кетеді, мында кетеді, бір баласы кетсе, оның орнына екі бала туып жатады. Жалпы осы қалада Алматыда біз үштің біріне әрең жетеміз ғой. Еш уақытта бұл қалада біз үштің екісі бола алмаймыз. қарағандыда, Семейде, Целиноградта басқаның пайызы артық. Біздің қаладағы бәлен пайыз дегенде, оның біразы оқушылар ғой, олар кетіп қалады, кейін қайта келіп орнын толтырған болады. Біздің біраз ойланатын нәрсеміз осы. Біздің арақ ішуді тоқтату болсын, жаңадан жасау болсын, ең күш салатын жер – біздің дала, халқымыз. Оған біз күш салып отырған жоқпыз. Егер болашақтың бәрі мектеп арқылы түзелетін болса, неше мектебің бар қазақстанда? Осы Алматыда неше мектебің бар? Мен қазақ мектебінің қасынан бір мықтап өткенім бар. Балалар орысша боқтасады, казақша оқиды. Биыл балалардың күні болды ғой, Москва көрсетіп жатыр әдемі мектеп, әдемі балаларды, Украина, Белоруссия көрсетіп жатыр. Біз Москвадан көрсете алмадық. Өзімізде көрсеткенде бір қоқыр-соқыр, тәртіп жоқ, форма жоқ, жауапкершілік, бір көркемдік іздеу деген жоқ. Аяғында Қалижан Бекхожин сөйледі, бұл кезде балалар да, бәрі де кетіп қалыпты. Қалижан жалғыз сөйледі. Өзінен сұраңдар. Сондай бізде бір ақымақтық па, дарақылық па, осы әйтеуір, біз дүние жүзінде бір-ақ рет бәйгеден келдік, ол осы арақтан,

біз орыс халқынан оздық. Ал енді қазір құдайға шүкір осыдан құтылсақ, бұл бізге бірталай нәрсе. Ал енді бүгін тіпті еш жерде сөйлеймін деп ойлаған жоқ едім. Дастарқаның кеңейе берсін, өнерлерің толыға берсін. Өнер еш уақытта артықтық етпейді. әсіресе, достарың көбейе берсін. Аумин, аумин. Сен, аппарат, біз стакан соғыстырғанымызды тоже естіп қал».

Қызметке байланысты да, үй арасындағы араласу ретімен де Ғабеңмен жүздесу оның өмірінің соңғы екі-үш жылында осындай жиі болды. Ол кісінің үйінде көп жолығысқандағы әңгіме-дүкен кездерінде кіші Ғабең – Ғабиден Мұстафин болар еді, құрдасынан бір жыл бұрын қайтыс болды, белгілі жазушымыз, Ғабең ылғи жақсы ниетін білдіріп отыратын әлжекең – Әлжаппар Әбішев, мен кереймін, сенімен руым бір деп, көп кіші болса да, Ғабеңмен ретін тауып әзілдесіп отыратын. Композитор Еркеғали Рахмадиев неге екені белгісіз, Ғабеңмен «сен» деп сөйлеседі. Жазушы, драматург Мұқамедқали Хасенов, оның жары Зейнеп, Сәбеңнің жұбайы белгілі Мәриям, Ғабеңнің жұбайы Зейнел, Әлжекеңнің үйінен Рымбала, белгілі театр қайраткері Гүлжиһан, композитор Базарбай Жұманиязов, не керек, осындай үлкенді-кішілі әр түрлі жандар болатын. Кей тұстарда Манаш Қозыбаев келіп сәлем беріп кетеді. Мұның бәріне иелік етіп, дастарқан жайып жүрген Ғазиза. Тап осы адамдар ендігі бір ретте айнакатесі жоқ сол қалпында кіші Ғабең мен Әлжекең үйінде, әйтпесе тағы біреулеріміздің үйінде табысамыз.

Ғабеңнің «Ұлпан» повесі жарық көріп, «Қыз Жібек» операсы қайта қойылып , «Ақан сері» операсы сахнаға шығып, «Қыпшақ қызы Аппақ» драмасы журналға басылып, не керек, тағы басқа шығармашылық жаңалықтар көбейіп жатқан кез. Ең үлкен жаңалық, әрине, «Оянған өлкенің» екінші кітабы «Жат қолында» романының 1984 жылы «Жазушы» баспасынан басылып шығуы. Бұл бір өз алдына әңгіме.

Ғабеңмен тағы бір жиі аралас болған сәт «Жат қолында» романының басылып шығу тұсы, яғни 1984 жыл. «Жазушы» баспасы қолжазбаны маған пікір айтуға ұсынды. Ұмытпас 621 бет келетін үлкен екі бума папканы қолға алғанымда, Данте Алигьеридің «Здесь нужно, чтобы душа была тверда, здесь страх не должен подавать совета» дегені есіме түсті. Жүрек даулап оқып шығу, әрі бұрынғы «Оянған өлкені» еске ала отырып, тез пікір жазу маған оп-оңай іс болып көрінген жоқ. Баспа тез арада жарыққа шығармақшы. Жұрт көптен күтіп жүрген кітап болған соң, бұл талап орынды еді. «Оянған өлкенің» бірінші кітабы шыққалы отыз жылдан асып кеткен.

Ғабең екінші кітабын жазып жатыр ма жоқ па, ол жағы онша анық еместі. Өйткені, арада көптеген шығармашылық басқа істер жүзеге асқан. Екі рет Жазушылар одағын басқарды, Мәскеуде де ісі жетерлік. Не керек, алаңы аз емес. Енді сексеннен асқанда, қалың романды қайтару жұртты қатты қуантты. Оның көркем сөз ескерткіші болып қалатынына ешкімде шүбә болған жоқ. Бір ай шамасында баспаға пікірімді жеткіздім.

1984 жылдың сәуір айында баспа авторды, пікір жазушыларды және баспаның редакторын қатыстырып, роман жайында, оны баспаға ұсыну туралы үлкен мәжіліс өткізді. Баспа директоры Әбілмәжін Жұмабаев, бас редакторы Есет Әукебаев, тарихшы Манаш Қозыбаев, ол шығарманың тарихи-әлеуметтік жағын қадағалап, пікір жазған екен, тағы басқалар сөз сөйледі. Мен де басуға даяр нәрсе екенін, көркемдік, композициялық жағына тоқтала пікірімді айттым. Ғабең өзі де сөйлеушілерге жауап ретінде әңгімеге араласып отырды. Романның аты жайында аздаған пікір-таласы шықты. Бас редактор Есет Әукебаев: «Жат қолында» деген сөз саяси жағынан қиғаш келіп тұрған сияқты, біздің жерімізді ешқандай жат, не жау алған жоқ қой, қате пікір туып кетуі мүмкін деген пікір айтып еді. Оған жұрт қосылмады. Алдымен автор қарсы болды. Әңгіме жер-судың рақатын кім көріп отыр, кен байлықтарын кім өңгеріп, пайдасын көріп жатыр – әңгіме осында ғой деген қорытынды болды. Оның үстіне бұрынғы «Оянған өлке» деген атпен шықса, оқырман жұрт оның екінші кітап екенін тез аңғара қоймайды, бұрынғы кітап қайта басылған екен ғой деп қалады деген автор ойы уәж болды.

Кітап баспадан 1984 жылдың аяғында шығып тарай бастады. 1985 жылдың 25 қаңтарында «Социалистік Қазақстан» газетінде ««Жат қолында» романы жайында» атты мақалам басылды. Оқып танысқан Ғабең: «Бәрі дұрыс екен, бірақ көркемдік, шеберлік жайында айтылмаған екен», – деп еді, мен дереу өзімнің көңілімде тұрған нәрсе болған соң: «Ойбай, Ғабе, газеттердің әдеті ғой, саяси, әлеуметтік, мазмұндық жағын айтады да, тілі, суреті, көркемдігі қандай деген мәселені «тілі жақсы» деп, сыдыртып өте шығады, қысқартып тастапты, әйтпесе қолжазбамда бар еді, пікірдің машинкаға басылған бір данасын беріп едім ғой, содан қараңыз, өзіңіз көрерсіз» дедім. «Е-е» деді де қойды. Не десін! Шынында да Ғабең шығармалары түзу, түзелген сөздің айғағы екенінен дау бар ма. Мағынасы терең ойлы сөз, мәнді-мәнерлі сөз туды. Егер стиль адамның өзі дейтін болсақ, Ғабең әдебиетімізде өзіне лайық стиль жасаған адам. Біздің

езу тартпай қалмайтын халіміз сол Ғабеңді ғана танытатын, Ғабең қаламынан туған сықақ, күлкі дүниелерден. Белгілі ақын С. Надсон сөз қасіретіндей қасірет жоқ десе, сөздің инемен құдық қазғандай, қиыннан қиыстырылған қалпын Ғ. Мүсіреповтанытты. «Жат қолында» романында әр қилы тауып айтылған ой-тұжырымдар, күлкі келтірер жайлар жеткілікті. Сол тіл оралымдары мен көрнекті суреттер, әрине, шеберлік құдіретінен туып тұрған дүниелер. Мәселен, Поштабай, қолбаң істері. Әсіресе, Тұрсынбайдың базарға барып, екі атынан, екі өгіздің ақшасынан айырылуы қызық-ақ. Осы жерде баяғы өзіміз білетін (Сәбит Мұқановтан) достобірен-удостоверение кездеседі. Тұрсынбай Кенжеқараға: «Сіз оқыттырған балалар сауатты, олар жазған достобіреннен бір қате шықпапты, ал бүлдірген өз балам, ұрлық малы емес, өз аттарым дегенді бүлдіріп, керісінше жазып қойыпты, сонан екі атымды урядник алып кетті» дейді. Алдында жаман түс көрген екен, оны жаманға жорып, садақаға мектеп салып құтылмақшы. Ырымшыл Құнанбайдың мешіт салдыру кебімен салыстыру күлкілі-ақ. Оған Кенжеқара аурухана үйін сал дейді. Қуана-қуана көнген Тұрсынбай «жеті жұттан» құтылғандай болады. Ғ.Мүсірепов қаламына тән басқа да оралымды сөз тіркестері көп. «Қазақтың шақырмаса да келетін, қусаң да кетпейтін екі жиналысы бар – сайлау мен сот». «Қазақ байлығының жұртында бір уыс күл қалады. Қазақ байларының үй орнында күл қалады», «Тағылық белгілері қой болып маңырауда, шошқа болып қорсылдауда емес». Осындай тың айтылған орамдар жетеді. Романның көркемдік мәнін бұлар, әрине, көтеріп тұр.

Жазира даланың кеңдігі, қысқы бораны, «ақ аю үсіп өлгендей суығы», сонымен бірге, жазғы жайлау, шүйгін шөпті жерлері аспан төңкеріліп көрінгендей тұнық көк көлдері, күн шапағы мен түн тыныштығы Ғабең сүйіп суреттеген табиғат ғаламаттары. Мұның бәрі романға айрықша рең, өң беріп тұрғаны даусыз. Кітап шықпай тұрғанда біраз ескертпелердің бірін айтып: қазақ «Білек кімдікі болса, киіз сонікі» дейді ғой, Сіз керісінше – «Киіз кімдікі болса, білек сонікі» деп қойыпсыз», деп едім, Ғабең біраз ойланып, жаңылтпаштан жаңылғандай, білек пен киіздің бір-біріне катынасын ажырата алмаған адамша тамсанды да, үндемей койды. Кейін кітапты қарасам, сол жөнделмеген күйінде кетіпті (92-бет.). «Жас келіндер бүгін ауыздарына бір тал шөп алмаған екен» (203-бет) деген сөйлем де сол орысша күйінде басылған. Қазақша олай демесе керек еді. Бір рауаятта: «Жалғыз қурайдың түбіне от жағып, қай жағынан

шалқиды» деген екен бір қазақ деп едім. «Ә, қалай-қалай, не дейді?» – деп маған қайталап айтқызды. Сонсоң еңк-еңк күлді де, «тауып айтқан», деді.

«Жат қолында» романы жазушының дер кезінде үлгеріп аяқтап кеткен соңғы ерлік ісі екені анық.

Өмірінің соңғы кезінде жазған сұлу шығармаларының бірі «Қыпшақ қызы Аппақ». Ұлы Низами өміріне байланысты осы өлеңмен жазылған хикая Ғабеңнің аса бір ден қойып зерттеп мұқият қарап жазған дүниесі екені байқалады. Басылып шыққанда «драмалық поэма» депті. Алғашқы жобасы кәдімгі либретто, операға арналған либретто болатын. әрине, қазірдің өзінде оған жарап жатыр. Драмалық сахнадан гөрі музыкалық сахнаға лайық. Бірақ ол үшін әдемі, көркем музыка керек, яғни опера керек. Тақырыпқа қанық композитор ондай ерлікке барып опера жаза қалса, әрине, құба-құп болар еді. Либретто алғаш жазылған сәтінде Ғабең оны маған беріп: «қалай екен, оқып пікірінді айт», – деген еді. Сол кезде-ақ текспен танысып, аз ғана ойымды Ғабеңе жазып білдіргенмін:

Қымбатты Ғабе!

«Қыпшақ қызы Аппақ»

Лиретто шыққан. Оған дау жоқ. Уақиға құрылысы, тіл бейнелеу жағы мүлтіксіз. Аппақ. Даңғаз, Хакім, әрине, Низами образдары екшеленген. Басталуы да осылай болғаны дұрыс шығар – батыр қыз Аппақтың бірден көрінуі жөн ғой. Аяқталуы да заңды – Низами мен Аппақтың табысуы.

Бір-екі ой:

1. Даңғаздың ғашықтығы солғындау. Қолға түскендегі ісі де іс емес – қарындасын сатып кетуі ездік. Өзіңіз айтқандай «әкесін арбаға байлап сабау» болып жүрмесе?

2. Оның қарындасы көп көрінбейді. Ол да сұлу болып, жайраңдап жүрсе дейміз ғой (қолға түскендегі ашынуы аздау).

3. Аппақ қолға түсіп Хакімге келген сәт кульминация ғой. Осы жерде біраз оқиғалар болып жатса: у-шу топ, ән, би, қызхананың бейбастақ сұлулары, канизактар. Осылардың үстіне кіріп келген Аппақ бірден көзге шалынса, Хакім де аңтаң қалса. Ашулы ария, не дуэттер де керек болар (Хакімнің май сылауда ғана жатуы аздау сияқты).

Аяқталар тұста Низамиға толғаныс керек дегеніңіз дұрыс. Ол ұзақ та болмас. Ақынның ілгеріде қызылбастар жеңісін, жалпы соғысты жырламаймын деуі жөн екен. «Патша ағзам», «тәртіп» деген сөздерді ойланса. Жалпы көне сөздерді біраз алыпсыз. Солай болу керек қой. Текс жолдары ылғи біртектес

буынды сияқты көрінді. Композитор әр түрлі мотивтерге бару үшін буындарды (геройына қарай) құбылта түсу керек пе?

Алғашқы әсерлер осындай. Тегінде бір әдемі дүние туып келе жатқаны хақ.

Сәлеммен М. Базарбаев.
24.VI.82.

Көп кездесу, әңгімелесу, әсіресе Академия төңірегінде 60 жылдардың басында жаңадан құрылған әдебиет және өнер институтының қабырғасында болып тұрушы еді. Академияның президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев: «Жазушылар жағында баскөз болып жүрген Сәбең, екі Ғабең сияқты адамдарды ғылыми кеңеске мүше етіп, ақылдасып тұруың керек, институттың сүбелі істеріне тартып отырғаның дұрыс», – деп, ылғи кеңес беретін. Мұхаң болса екі бастан ғалым адам, ол бұрыннан институтта істейтін де, 1961 жылы әдебиет институтын құруды өз қолымен атқарған (біраз үзілістен соң, 1957 жылы январьда бұрынғы Тіл мен әдебиет институтында фольклор бөлімінің меңгерушісі болып келген) Сәбеңнің де, Ғабеңнің де әдебиет тарихы, ескі мұраны жарыққа шығару ісінде үлкен пайдасы тиді. Әсіресе, институт құрылысымен, 1961 жылы Мұхаң қайтыс болған соң, институт жұмысына жиірек араласатын болған. Кейінірек Шәкәрім мұрасын жарыққа шығаруға, әрі ақынның өзін ақтауға атсалысты. 1969 жылы Сәбеңмен бірге Шәкәрім жинағын талқылау аса бір нәтижелі іс болып еді. Артынан Орталық Комитет басып тастады да, істі соңына жеткізер адам болмай, аяғы 1989 жылға дейін созылды.

Осы тұстарда Ғабеңнің екі мәселеге байланысты институт жұмысына қоян-қолтық араласуына тура келді. Өткінші істер болғанымен біраз принципиальды мағынасы бар жайлар еді. 1963 жылы «Литературная Россия» газеті мен «Литературная газета» аяқ астынан қазақ әдебиетінің жайы, тарихы туралы айтысқа килікті. Мұның арғы түбі Қазақстан Жазушылар одағында оқта-текте, бірақ түгел толастамай, үнемі болып тұратын топ-топқа бөлініп, өзара айтысу, дауласудың салдарынан еді. Сол жылы Ғабиден Мұстафин екінші рет одаққа бастық болған. қараша айында, мейрам өтісімен жалпы ахуалды жақсарту жайында одақта жиналыс болып, оған Орталық Комитеттің насихат жөніндегі хатшысы Н.Жанділдинмен бірге екінші хатшы М.С.Соломенцев келді. Біраз адамдар сөйлеп ұсыныстарын айтып жатты. Есімде, Әбділдә Тәжібаев риза көңілін білдірді. Кімді кінәлап тұрғаны белгісіз, «тек басқасын былай қойғанда, депутатпыз

ғой, Жоғарғы Кеңес Президиумының мүшесіміз, Одақ менімен санаспайды» дейді. Тап осы кезде М.Соломенцев те шапшаң адам екен, жұлып алғандай: Жолдас Тәжібаев, мұның бәрі Сізге ауырлық етіп жүрсе, онда құтқарайық ол міндеттен», – деп салды. Ә.Нұрпейісов сөйлеп Сәбеңді сынады. «Мен нағыз кәрі арыстан, жай жатқанда тырнағым бүгулі, көрінбейді, ал қарсы шығар жан болса, онда тырнақтарым сойдиып шыға келеді», – депті-міс Сәбең. «Жастарға қамқор көзбен қарау жоқ», – деді Әбдіжәміл. Ол кезде Ә.Нұрпейісов «Жұлдыз» журналының редакторы. Жастарды көтеріп, олардың өлең, әңгіме, мақалаларын топ-тобымен басатын. Сондай жарияланымдарының бірі Сәбеңе ұнамай қалса керек. Не керек, осындай ашу өкпе, дүрдараз сөз қаптап кетті. Мен де бір-екі ауыз сөз айтып, «елде дүниеде алуан-алуан істер жүріп жатқанда, одақта отырып, екеу-ара керісу ұят-ақ», дегендей пікір айттым. «Жұлдыз» журналының беталысын жақтадым. Жалпы наразылықты түсінгенмен, сырт адам кімге кім қарсы, не үшін екенін біле қоюы қиын деді. Рас, сол тұста, не онан сәл кейін жоғарыда айтылған мақалалар шығып, екі ұдай айтыс басталып кеткен. «Литературная Россияда» Б.Кенжебаев пен М.Хамраев «қазақ совет әдебиеті беріден басталды, оның Ғабиден сияқты өкілдері 30-жылдары әлі қалыптаспаған, ол бар болғаны Батыс Сібірде журналист болып жүретін» деп жазыпты. Бұған қарсы «Литературная газетада» Ә.Әбішев, Т.Ахтанов, С.Сейітов жауап жазып, қазақ әдебиетінің өсіп өрлеу жайын бұрмаламай, дұрыс талдау керек деген пікір айтқан. Екі түрлі ұғым таратылып кеткендіктен, «Литературная газета» әдебиет және өнер институтынан төрелік сұраған. Біз институттан соңғы автордыкі дұрыс деген жауап қайырып едік, бірсыпыра әдебиетшілер оған наразы болып, алдымен ашық талқылалық, жауапты сонсоң берелік деген ұсыныс енгізді. Осы кезде Жазушылар одағына жаңадан басшы болған Ғабит Мүсіреповтің пікірін білу қажет болды. Бұл ақпанның аяғы, 1964 жыл еді, Ғабең Алматыда жоқ, Мәскеуде кезекті хатшылық қызметін атқаруға кеткен екен. Мәскеуге телефон соғып, бәрін тәптіштеп түсіндірген болдым. Ғабең өзі де бұл іске қанық екен. «Литературная газетаның» айтқанын қолдау керек, негізінен дұрыс айтқан ғой, ана газеттің жазғаны маңайға келмейді, бұрмалау деген пікірін ашық білдірді. Ақырында институт ғалымдары осы байламды қолдап шықты. Бұл арада Ғабеңнің тоқтамы бірден бір дұрыс болды, әрі мен үшін ірі қолдау еді.

Ғабең өзінің бір драма пьесасының атын «Болашаққа аманат» қойса, енді Ғабеңнің бейнесі, әдеби, мәдени мұрасы түгелдей бізге, онан әргі болашаққа аманат.

Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Толық адам

Адам мен адамның қарым-қатынас сипаты, сыйластығы, көңілдерінің жарастығы бір-бірімен сәлемдесуінен-ақ аңғарылып қалады. Араз кісілер беттерін теріс қаратып әкетеді. Көңілінде кірбіңі барлар бас изеседі. Бір-бірінің жақсылығын көргендер қуанғандарын жасырмай мәре-сәре болады. Көріскен кезде қыңырайсаң, қарсы кездескен кісінің бетінен нұр ойнап шыға келмейді. Ал үлкендерге, Ғабит Мүсірепов сияқты аса қадірменділерге сәлемің өзгеше...

– Ассаламағалайкум, Ғабе!

Ғабит Мүсіреповпен әлдеқалай жүздескенде не телефон арқылы хабарласқанда мен не себеп екенін қайдам, осы бір ежелгі рәсімге жүгінетінмін. Дегенмен, салақұлаш араб сөзін мақамына келтіріп созып жатпаймын. Сәлемімді генералын жолықтырған солдаттай тұжырымды, ашық, шапшаң айтуға тырысатынымды аңғарамын.

– У-а-ғалайкуммассалам!

Асығып-аптықпайтын, сабыр суын сепкен қоңыр дауыс келеді құлағыңа. Сәлем алудағы үні бейтарап, немқұрайды. Күні кеше ғана жолығып, айырылысқанда тонның ішкі бауындай сияқты едік. Енді тосырқап тұр ма қалай? Қарсы трубка жауабы қазақ ғұрпы бойынша «мал-жаныңды» қайыра сұрауға тиісті еді, бірақ ләм демейді. Үнсіздік тым созылыңқырап бара жатқан соң, танымай тұр ма екен деген күдік кіреді.

– Ғабе, бұл пәленше деген қазақ қой мазалап жатқан. Өстіп өзіңнің кім екеніңді есіне сала бастайсың. Бұл жолы қоңыр дауыс сәл жылығандай.

– Иә, иә танып тұрмын.

Сөйтіп, Ғабеңнің сәлем алуы құрғақтау шығады. Біреу бірдеңе деп, жамандап қойды ма деп секем ала бастайсың. Ең тыйыш отырғаны, бір кебісті бір кебіске сұғып қоятын казекем ғой. Бірақ, Ғабең әңгімеге шақыра білсең, шабыттана берген сәлеміннің қарымын еселеп қайтарады. Және қалай қайтарады десеңізші. «Бір жақсымен кездескенің мың-миллион мереке» деген сөз бекерден-бекер айтылмайтынына сонда көзің жеткендей болады. Ғабеңнің мәслихатына риза болатының сонша, көңілің бір түрлі көтеріліп, рақаттанып қаласың. Қайран Ғабе! Ғабит Мүсірепов деп таңдайын қаққан жұрт қаламыңа да, қайратыңа да, тіпті өзіңе ғана жарасатын пандығыңа да бас иетін еді ғой.

Ол кісі көп сырды ішіне бүгіп кетті. Айта алмады. Жеке басқа табыну мен тоқырау заманы айтқызбады. Сонда да ол басқа біреулердей әкімшілік-әміршіл дегенінің бәріне бас изей берген жоқ. Тәуекелге бел буып, аузынан жалын шашып тұрған арланның арланына тап берді. Біреуінің мойнын үзсе, екіншісінен өзі таяқ жеп, тиесілі сыбағасынан қағылды.

1937 жыл. Сталин жендеттерінің канды қасабының шаңытып тұрған шағы. Жиырмасыншы жылдардың аяғында Голощекин мен Сталин қазақтың Абайдан соңғы бас көтерген зиялыларының ең бір қасқа-жайсаңдарын, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов сияқты көсемдерін атқанын атып, атпағандарын итжеккенге айдатып жіберген кезі. Енді кезек екінші толқынға тиді. Ұлттың ой-санасы өспесін десең, оның интеллигенциясын құрту керек екенін Сталин баскесерлері әбден жаттап алған еді. Әрине, мұндайда әрі ақын, әрі романист, драматург, әңгімені Чеховша сайрататын Бейімбет Майлин сияқты реалист жазушыны аяушы ма еді? Ол да ежовшылардың қыл бұрауына ілігеді.

Осындайда шындық айтуға бола ма? Небір жүрек жұтқанның бұғып қалған кезі емес пе еді. Бірақ, Ғабит Мүсірепов бойын тік ұстап, жауырынын бүкшитпеген. Ерлік қана айтқызатын шындықты, қынаптан суырған семсердей, жарқ еткізген.

Ғабеңнен бір күні мен: «Бейімбет жау болса, мен де жау!» – деп ашулы айқай шақырып айтқаныңыз рас па?» – деп сұрадым.

Ғабең іркілген жоқ. қоңыр даусын соза әңгімелеп отыр. 1937 жылы ол қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде мәдениет секторының меңгерушісі қызметінде істейді екен. Жазушылар одағында өтіп жатқан партия жиналысына кешігіп келеді. Ол да жиылыс өтіп жатқан бөлменің табалдырығынан аттауы мұң, отырған қызыл көздің бірі тарпа бас салады.

– Міне, Бейімбеттің сыбайласы да келді, – деп жұртқа кекетеді.

Сөйтсе, абақтыға жабылған Бейімбетті партиядан шығарайын деп жатыр екен. Жиналғандардың сызданған, қайсыбіреулерінің үрейленген түрінен-ақ қазақтың білдей жазушысын, Би-ағаңды қорғап сөйлейтін ешкімнің болмағаны көрініп тұр.

Ғабең шыдамады. Би-аға деп қадірлейтін асыл ұстазын ғайбат сөзге, халық жауы деген жаман атаққа қимады. Оқталғанына атылмай қоймайтын барыс мінезді, әлі беті

ешқайдан қайта қоймаған жас Ғабит арты неге соғадыға қарамады. Тәуекел етті. Сөз алып, жұрттың төбесінен жасын түсіргендей, «аh» дегізді. қаншама ашуы алқымдап тұрғанымен, сабырлы қалпынан айнымай: «Бейімбеттің ұсталғанын білемін, – деді. – Бірақ оның қатеден ұсталғанына көзім жетеді. Бейімбет Майлин – адал коммунист. Бейімбет жау болса, мен де жау», – деп, сөзін шолақ қайырып, шығып кетеді.

Кеңсеге келіп, үн-түнсіз шылым тартып отыр еді, сол кездегі қазақстан Коммунистік партиясының Бірінші секретары, қазаққа шын жаны ашыған дос Леон Мирзоян шақыртып жатыр деген хабар келді.

Ұрса ма деп ойлап еді. Өйткен жоқ. Даусында мүсіркеу, қапалану бар.

– Ғабит Махмудович, сірә д бір нәрсені бүлдіріп алғансыңау, – дейді қынжылғандай.

Ғабең бұлтарған жоқ. Несін бұлтарсын. Айтылған сөз – атылған оқ.

– Айтқаным рас, – деді Ғабең бұл жолы күрсінгендей болып. – Бейімбет жау болса, мен де жау. Сәкен Сейфуллин, коммунист десең коммунист, революционер десең революционер. Қазақстанда Совет өкіметін орнатам деп талай азап көрген, тар жол тайғақ кешуден өткен адам. Ол да ұсталды. Жарайды, ол бастық, Үкімет төрағасы ретінде жауын көбейтіп алды делік. Жүз досы болса, жүз дұшпаны бар делік. Ал Бейімбетке не жорық? Қой аузынан шөп алмастың өзі еді ғой.

Ғабең қолын бір-ақ сермеді. Ар жағын айтудың қолайлығы жоқ. НКВД-ның жаласы екенін қалай айтсын.

Партия жиналысында Бейімбетті жақтап сөйлеген сөз Мүсіреповке пәле болып жабысады. Оған таңданған жоқ. Сау басына сақина тілеп алған өзі. Кімнен көреді, өзінен көрмесе. Бірақ өкінген жоқ. Не болса да көріп алдым деп түйді. Өкініш өтіріктен не аңдамай сөйлеуден тумақ. Бұл өйткен жоқ.

Қаза берсе, Ғабеңнің ондай ерлігі бір басына жетерлік. киянатқа қарсы күреске белін бекем буып, елім десе, аруақтанып кететін бүгінгі бетбұрыс заманының қаhарманын көзге елестеткіңіз келсе, алдымен Мүсіреповтің ұлы тұлғасын көз алдыңа елестетпей тұра алмайсың. Өзі солай болды да. Жуыкта Алматы сахнасында драматург Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» атты пьесасы қойылды. Сол пьесаның бас кейіпкері – Ғабит Мүсірепов. Ойын тартысы шын болған оқиғаға негізделген. Голощекин колхоздандыру ұранын пай-

даланып, қазақтың күнкөріс етіп отырған малын тартып алып, қасақана аштыққа ұшыратып, тең жартысын қырған кезде, дәлірек айтсақ, халық қолдан жасалған індетке тап бола бастаған кезде, бес адам жиналып, жоғарыға хат жазды. Қазақстандағы асыра сілтеуді аяусыз әшкереледі. Сол бесеудің хатын ұйымдастырып жүрген де жазушы Ғабит Мүсірепов болатын.

Бір күні Ғабең Баспа комитетінде істеп жүрген мені үйіне шақырады. Келсем, үйіндегі кабинетінде отыр екен. Сары картонмен жабылған үстелінде жаңа ғана баспадан шыққан кітабы жатыр. Мен де көргем. «Оянған өлке» романының екінші және соңғы кітабы. Құттықтап қолын қысқанда Ғабеңнің айтқаны:

– Екі кітаптың арасы босқа өткен жоқ. Созылып кеткені де рас. Өзімнің жалқаулығым да бар. Өзім сеніп болғанша қағазға түсіре алмауым да бар. 1980 жылы бастаған едім. 83-тің декабрінде тәмамдадым. Көп ойландым. Көп іздендім. Көп нәрсені оқи отырып, ешнәрсеге еліктемеу де қиын. Егер бұл кітап «Оянған өлкенің» дәрежесінде шықса, мен оған дән ризамын. Жалғасы бола тұра, алғашқы романның шеңберінен шығып кететін де жағы бар.

– Әсіресе, шет ел тақырыбы дейсіз ғой.

– О да бар. Шет елің – концессионер қулар ғой. Бұлар да отаршылардан кем соққан жоқ, кем сорған жоқ халқымызды. Бірақ шетелдікті суреттегенде тұрпайылаудан сақ болуға тырыстым. Өздері де керауызданып тұрған жоқ па? Ішкі мәні бар сөздерді туралап айтқаным да бар.

Мен Ғабеңнің жаңа кітабына сын жазып үлгергем. Екінші кітап қазақтың былайғы тағдыры туралы кітап болатын. Бұл шығармаға ерекше әр беріп тұрған ой – өткеннің бәрін қараламау керек, тарихымызда жарқын беттер көп, сол дәстүрден айнымауды да ойластыру қажет деген идея. Романда қазақ әйелі туралы қандай мақтаныш сезімнен туған биік сөздер, жолдар бар десеңізші.

Бірақ, шынын айту керек, Ғабеңнің әңгіме аяқталар кезде айтқаны жүрекке дық ете түсті.

– Енді осы кітапқа разы боласыңдар. Мен жазып болдым, – демесі бар ма.

– Ғабе, бұл сөзді айтпаңыз. Алдымен өзіңізге қиын соғады, – деп жатырмын.

– Сонда не жаз демексің?

– Естелік. Жұрттың бәрі естелік жазып жатыр емес пе?

– Мен өтірік жаза алмаймын. Ал сен батыр екенсің, мені Голощекиннің бесеудің хатынан кейін қалай қуғындағанын,

алтай қыс ашаршылықтан баудай түсіп жатқан алыс ауданда ұстағанын жазсам, кітап етіп басып шығарасың ба?

– Жазу керек. Түбінде шығады.

Ғабең қолын бір-ақ сермеді.

Иә, енді сексеннің бесеуіне шығып отырған Ғабит Мүсіреповке жаз деп сонша неге қадалдың дейсіз ғой. Орынды сұрақ.

Ол кісі не жазса да, елең еткізетін. Біз көрсек те, мән бермейтін әлдебір күрделі мәселеге халық назарын тіктіретін. Ел ағасы не жазса да туған халқының көкейкесті мүддесіне саятын. Сондықтан да Ғабит Мүсірепов сөзін жұртшылық сағынып күтіп отыратын. Тіпті кейде сөзін естімесең де, анадайдан жиналыс президиумында отырғанын, не театрға келгенін, не бір көшеден өтіп бара жатқанын, сейілдеп жүргенін көріп қалсаң да, көз тоятын еді-ау жарықтыққа.

Әрине, естелік жанры оның авторы тарапынан созылмалы монологтан бой тартуын қалайды. Мұндағы оқушы талабы – біреуге сипаттама бергеннен гөрі, оның характерін, сөзін көбірек еске алуды көздейді. Ғабеңнің жақсы көретін ақын інілерінің бірі айтпақшы, «детальмен сөйлеу керек, беталды сөйлемей».

Ғабең өз алдында біздің тым жас болып сөйлеуімізді қаламайтын. Тура сөгіп тастамағанмен, естір құлаққа түсінердей ғып айтатын: «Елуге келгендер бізден алыс тұрған жандар емес. Гете айтыпты: Қырық жас жігіттің кәрісі, елу жас кәріліктің жастығы деп».

Бұл 1971 жылы сәуір айында айтылған сөздер. Сол тұста Ғабеңнен «қазақтың кеші – өзінің көрмесі» деген сөздерді естіп жазып қойыппын.

Тағы бірде (II.IV.1974) Ғабең мансап мәселесін әңгімеледі. Өзіне тән жылы юормен шенейді. Соның ішінде өзін де. Алдымен езу тартып, күліп алады. Күлгенде бір түрлі: көмейімен күлмейді, кеудесімен қозғалып: ha-ha-ha, – көрік басқандай үн шығарады. Сөйтіп, күліп алған соң өз өмірбаянынан бір штрих келтіреді: «қазекең белсенділікке үйір ғой. Егер отыз жетінің әлегі болмаса, өзімнің тағы кандай қызметке баратыным белгісіз еді. Бюро мүшелігіне кандидаттыққа жеттік қой. Енді бір секірсең... Ал сол жылдардың бұрып жібергені де жақсы болды. Жазушылыққа ден қойып кеттік».

Мен де ойлаймын «қандай жақсы болған» деп.

Осы күнгі елуге келгендердің бірталайы орден дәметеді. Орден бермедің деп (сенің қолыңда тұрғандай) жұрттың апшысын қуырғанға тынбайтындар аз ұшыраспайды.

Ғабең елуінде орден тұрсын, Грамотаға да кезікпепті. Оның орнына республикалық газетте сын мақала шыққан сияқты. Кейін ойда жоқта Грамотаға іліккенде, ренжігенін сонда ғана шығарса керек. Оныншы сыныпты оқып бітірген қызы Грамота алуға тиіс екен. Ғабең сол кездегі республика басшыларының біріне: «әйтеуір бұған да шүкіршілік. Орта мектеп бітіргелі отырған қызымнан Грамотаны бір күн болса да бұрынырақ алатын болдым», – депті.

Ғабең өз айналасындағы жігіттерді іздеп, түгендеп отыратын. Аз уақыт хабарласпай қалсаң, өзі телефон шалып: «Ау, қайда жүрсіңдер?» – деп сұрағанда әжептәуір қысылып қалатынсың.

Жыл сайын Ғабең Алматы санаторийінде демалады. Тынығуға кетті дегеннен кейін араға біраз күн салып, көбіне Ғафу, Жұмағали Ысмағұлов үшеуміз барамыз.

Төртеу ара бір «соны» сөз табылды. Аты – «рукопись». Папкаға жолшыбай томпитып бір коньяк салып алғамыз. Санаторийдің ауласына кіре жолыққан таныстар: «Бұл не папкаларындағы?» деп сұрайды. «Рукопись қой» дейміз. Ғабең бөлмесіне кірген соң біраздан кейін мен Ғафаңа: «Жаңағы рукописің қайда?» дедім.

Ғабең осының алдында тайып жығылып қалып, аяғын ауыртып алыпты (2.01.1977). Әйтеуір, сүйегі аман. Сонысына рақмет. Дегенмен, денесі ауырлап қалған егде кісіге жай ауырсынғанның өзі біршама жүк. Байқамай, менің сұрағымды естіген Ғабең бізге суықтау бір қарап қойды. Ғафу: «Міне, рукопись» деп бес жұлдызын жымың еткізіп, шөлмекті суырып алғанда Ғабең де жымың ете түсті. Жайдарыланып: «Апырау, тынығып жатқан кісіні әурелеп бұлар не оқытайын деп жүр десем, мұндай «қолжазбаны» аз-маз ежіктеуге болады» деді. Кейін іздеп барғанда Ғабең «рукопись» деген сөзге шошымайтын болды.

Ғабеңді сөйлетуді жақсы көреміз. Сүйікті тақырыбы, жанды жері бізге белгілі – ол қазақ тілінің тазалығы мәселесі. Әңгімеге араласқан біреуіміз қысқартулардың бізге де қажет екенін айтқанда, тіл зергері қарсылық етті. «Сен бара-бара «осырақ» деген қысқартулар жасауың мүмкін» деп күлдірді.

Шама келмес іске ұмтылатындарды біраз әжуалады. Баяғыда Елтінжалдағы біреу ән айтамын деп бақырып-шақыра берген соң, Ғабеңнің ағаларының бірі ақырыпты: «Өй, шыға берісіңнен ұрайын. Өйтіп бақыра берсең көтеу боларсың», – депті. Көтеу – бүгінгінің тілінде – «геморрой».

Бір жолы (13.08.1981) Ғабеңнің өзі шақырып, М.Ю.Лермонтов атындағы орыс драма театрынан «Қозы

Көрпеш – Баян сұлу» спектаклін көрдік. қоюшы, ұмытпасам, Қостанай облыстық драма театры. Үзіліс кезінде Ғабеңнен «Көрпеш» деген сөздің мәнін сұрадым. Ол кісі: «Көрпеш» деп мал тұяғы тимеген балауса шөпті айтады, мұның және бір баламасы – «балқаш» деген сөз» деді.

1972 жылдың наурыз айында Ғабит Мүсіреповтің 70 жылдығы құрметіне ұлан-асыр той болды. Салтанатты мәжіліс Абай атындағы Академиялық опера және балет театрында өтті. Бірақ Баспа комитетінде онда сөз тимей, (партаппараттың ұнатпаған адамына ондайда сөз тигізбей, қақпайлай беретін кулық-сұмдығы бола береді), келесі күні Қазақстан Жазушылар одағының үйіндегі мәжіліс жалғасында юбилярға деген лебізін айтып еді. Сондағы Комитет басшысы ретінде сөйлеген сөзімді толық келтірейін деп отырмын. Себебі, ендігі әңгіменің кисыны сол сөзде айтылған кейбір пікірлерге ұласады. Сөз, әрине, ол жылдары тек орыс тілінде сөйленетін. Оны да сол күйінде келтірген жөн сиякты. Құттықтау сөзімде мен былай деппін:

«Дорогой и высокоуважаемый Габит Махмудович!

Позвольте мне от имени Ваших самых больших друзей – издателей, полиграфистов и работников книжной торговли передать Вам в день Вашего славного юбилея горячий привет и пожелания доброго здоровья, долгих лет жизни, дальнейших успехов в Вашей столь плодотворной творческой деятельности.

Свойственная нашему национальному характеру некоторая застенчивость в выражении чувств удерживает меня от бурного объяснения в любви к Вам. Как говорили еще братья Гонкуры: «Прекрасное – это редкое». Вы – из тех больших раскидистых чинар, которые не так часто встречаются в наших краях. Да и во всех других местах тоже, ибо истинный талант действительно редок. Созданный Вами поэтический мир является для всех нас, Ваших постоянных читателей, источником вдохновения, огромных жизненных познаний, мерилом чистоты нравственных поступков и побуждений.

На днях в Госкомитете по печати Вы прочитали свой неопубликованный рассказ. О впечатлениях, навеянных этим новым произведением, я не стану здесь распространяться, – все знают о неувядаемости, о неизбывной силе Вашего мастерства. Но мы не перестаем поражаться слитности Вашего художественного мировосприятия с великим временем, с коммунистическими идеалами, удивляться силе

синтеза Вашего дарования, позволяющей скупыми, точными мазками обрисовать историю стремлений целой нации, ее меняющийся буквально на глазах социальный облик. Задавая тон литературному процессу, придавая ему современный настрой, Ваше творчество однако же никогда не прельщалось завоеванными рубежами, а смело шло вперед, снова и снова удивляя читателей неожиданными художественными поворотами и открытиями.

Вы, Габит Махмудович, были одним из первых главных редакторов первого в истории Казахстана издательства. Вы и сейчас являетесь нашим главным редактором. Говорю это с полной ответственностью, потому что знаю, как неустанно, с какой заинтересованностью следите Вы за выпускаемой литературой. И порою поделом достается от Вас нашим издательствам за публикацию убогой серости. Ну что ж, нет оснований обижаться на объективную критику. Издатели всегда внутренне чувствуют справедливость Вашей гневной доброты. И в знак глубокого уважения к Вам и Вашему большому творчеству издательство «Жазушы» и республиканская типография №2 ко дню Вашего юбилея выпустили первый том Вашего пятитомного собрания сочинений. Это, так сказать, наш чапан, который мы привезли к тою. Позвольте мне от имени издателей и полиграфистов вручить эту книгу, приветственный адрес и крепко пожать Вашу руку...»

Осының алдында ғана Ғабең Баспа комитетінде болып қайтқаны рас еді. Неге көңілі түскені қайдам, бұрын бұл жаққа аттап баспайтын Ғабең бізге арнайы келіп, өзінің жаңа жазылған, ешқайда жариялап үлгермеген «Боранды күні» әңгімесін оқып берді. Революцияға дейінгі ескі қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігінен қозғалса да, әңгіме сарыны бұған дейінгі шығармаларға мүлде ұқсамайтыны, тіпті оларға кері қалаң жазылған ба деп қалдым. Алдымен бояуы жарқын. Бұрынғы көп-көп туындылардағыдай, өңшең түңілткіш қара бояулар, күңгірт түстер атымен жоқ. Баяндаушының да көңілі жайма-шуақ. Менің жаңағы сөзде «күтпеген бетбұрыс» деп отырғаным осы еді. Амал не, біз, сыншылар, мұнда біртұтас тенденция тұрғанын, шын мәнінде өткен қазақ өмір-салтының бәрін мансұқтайтын социалистік реализмге наразылық екенін ол кездерде түсініп жетпедік.

Ал Ғабеңнің бас редакторлығына келсек, бұл қызметін атақты суреткер 70 пен 80-нің арасында тіпті үдетті. «Авгейдің ат қорасынан бастайық» мақаласында, кейін Жазушылар одағында жасаған баяндамасында көркем

тіл проблемаларына айрықша көңіл бөлді. Осы ретте баспалардың адресіне де талай ашулы сын айтылды. Оның әрине, баспа орындарына көмегі зор болды. Баспагерлердің кай жиналысында болсын Ғабеңнің сынына сүйеніп, талай қызыл кеңірдек болып жататынбыз.

Әрине, Ғабең өзіне карсы сөз айтқызбайтын адам еместі. Бір жағы наз етіп, ұстазымызға: «Ау, онсыз да «Аз и Я» кітабына байланысты Мәскеу үстіміздан таяк түсірмейді...», – деп келе жатсаң, «... бөрі етектен» дейсің ғой деп сөзіңді бөліп жібереді. Біздің айтатын дауымыз: «Ғабе, сіздің сыныңыз Жазушылар одағы мен баспа аралығынан әрі аспайды. Кеше «Өнер» баспасында диктант жүргізіп, бір корректордың жазуынан 16 емле қатесі шықты», – дейміз.

– Оны кайт дейсің? Дұрыс корректор тауып алу керек...

– Қалтасында жоғары білімді деген қолақпандай дипломы бар. Сауаты жоқ кісіге неге диплом беріледі? – деп біз де ежіктейміз.

Осы әңгіменің жалғасы есебінде мен «Емтихан» деген пьеса жазып, системаның іріп-шіруін өзімше талдаған болдым. Сенімнен айрылып бара жатырмыз. Ал халық сенімін жоғалтудан артық қандай апат болмак? Пьеса осы тұрғыда ойлануға шақырады. Ғабеңмен осы төңіректе пікір жарыстыруға тырысамыз.

Ғабең күлді:

– ha-ha-ha... Жаман қыздан құтылу оңай, жаман ұлдан құтылу киын. Айтпағың сол ғой. Жаман ұлдан құтыла алмайтының, шаңырақта калады. Дипломды сауатсыздан құтылу, әрине, оңай емес. Ағаш түбірінен шіріп тұр ма деп коркамын. Студент орнын сатып алу деген сұмдық шықты. калай тиясың оны?

Ғабең сөзін шығындамайды. Токетерін айтып карап отырады. Сирек ашуланады. Онда да көбіне тіл шорқақтығы үшін. Әсіресе, сөзбұзарларға пышағын қайрап отырады. Қойылған сауалың орынсыз болса, не сөзің божырап шыкса, соншалық бүлініп күл-талкан боп ашуланатынды мен екі кісіден көрдім. Бірі – Мұхтар Әуезов те, екіншісі – Ғабит Мүсірепов. Тегі екі жазушының іштей пікірлестігі осы жерде бір түйісе ме деп ойлаймын.

Ұмытпасам, 1949 жыл. Қазақ әдебиетінің Мәскеуде өтетін онкүндігіне қызу даярланып жатқан шақ. Студент кезіміз. Қазақ Мемлекеттік университетінің өз колымыздан салған Комсомол-Ұйғыр көшелерінің бұрышындағы су жаңа корпусының екінші қабаты. Осы үйдің ұзыннан-ұзақ коридорына үзіліс кезінде шығып, темекі шегіп тұр едік,

анадайдан үстінде коверкот макентож, басында келісімді әдемі сұр шляпа киген кісі көрінді. Аяғын маңғаздана жай басады. Жазбай танидық. Әуезов! Жақындай бергенде, темекімізді артымызға жасырып, жамырай сәлем беріп жатырмыз. Мұхаң, сірә, бір ойдың жетегінде келе жатыр ма, біздің жаққа мойын бұрған жоқ, басын сәл изеп, өте шықты. Екі көзіміз Мұхаңда. Ол кісі жай басқан күйі үш-төрт адам жердегі деканаттың есігінің алдына токтап, тұтқасына енді қол арта беріп еді, есік өзі ашылып, арғы жағынан орыс факультеттеріне қазақ әдебиетінен сабақ беретін ақ сары, қасқабас доцент көрінді. Мұхаңмен сәлемдескен соң әлгі доцент жүре беруі керек еді, өйтпеді. Соры қайнағанда, Мұхаңа әйт-түйт жоқ тұтқиылдан сұрақ қойды.

– Мұха, немене, декадаға баратын болдыңыз ба? – деді.

Сол-сол-ақ екен, жай түскендей бірдеңе шарт ете түсті. құлағымызға Мұхаңның бір жағы ренжіген, бір жағы ашу шақырған дауысы келді.

– Мен бармағанда кім барады?

Біреу жағымыздан осып жібергендей, Мұхаңның ащы шыққан дауысы бәрімізді есеңгіретіп жіберді. Сырттан байқаған кісіге біздің халіміз Гогольдің «Ревизорындағы» ақырғы көрінісіне қатысқан дуанбасы үйіне жиналғандардың халін еске түсірер еді. Сондағылар сияқты бәріміз қалшиып, сілейіппіз де қалыппыз. Әлгі қасқабас доцент байғұс қып-қызыл болып, мойны солбырайып кетіп бара жатты.

Орынсыз сауалға Мұхаңның жауабы солай болды. Расында да, ол кезде Мұхтар Әуезовтің бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлықтың лауреаты атанған кезі. Онкүндікке ол бармағанда ше!

Осы секілді Ғабеңнен де байқалатын. Шығармасынан селкеу сөз шыққан автормен ол қалайда ұстасатын. Есебін тауып, әйтеуір бір сынайтын. Бір күні мен:

– Ғабе, таяуда баспадан бір жазушының естелігін шығардық. Ішінде сіз де жүрсіз. Сіз жөнінде пікірі тамаша! – дедім.

– Ә-ә, әлгі «Әмуіңнің жағасынан сүйдім бе?» деді самарқау ғана.

Әңгіме осымен доғарылып қалды.

Сөзді өзі көп шығындамайтындықтан, басқалардың көпіргенін ұната бермейтін. Қонаққа шақырсаң, шарты: «Барайын, бірақ бір-бірімізді мақтап, уақыт оздырмайық» дейді.

Бір қолақпандай ақынды аямай жерлегеніне куә болдым.

«Соншама сағыздай созасыңдар сөздеріңді. Бір-біріңді

көпіртіп өтірік мақтағанда қай мұраттарыңа жетесіңдер? Өй, өншең иісалмастар! Бұдан былай сен шақырма, мен келмейін, – деп есігін тарс жауып шығып кетті.

Ғабең төңірегінде әнші-күйшілердің ең бір ығайы мен сығайы жүретін. Солардың ішінде үй-іші араласып, етене жақын боп кеткендері бірталай. Атақты жез таңдай әнші Ғарифолла Құрманғалиевті ол жаныңдай жақсы көретін. Бір-бірін от басына қонаққа шақырысып дегендей, екеуі жұп жазбайтын. Ғабең өзі сауық-сайраншыл, сері кісі. Әйтеуір себебін тауып, дастарқанына қонақ жинап алып отырғаны. Соның бәріне дерлік Ғарекең міндетті түрде қатысатын. Ал осындай жақсы көретін кісісі тіл мәселесінде қапы соғып қалса, Ғабең табанда ашуға мініп, жаңағы кісісіне бетің бар, жүзің бар демей, айтатынын айтып салатын.

Мынадай бір әңгімені маған Ғарекеңнің өзі айтып еді.

Бір күні Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында репетиция жүріп жатқан. Ғарекең «Балқадиша» әнін орындауға тиісті болады. Ғайыптан дегендей, кенет залға Ғабең кіріп, алдағы орындықтардың біріне жайғасады. Ғабеңнің келгенін көзі шалып қалған Ғарекең әнге барын салады. «Шын жүйрік өрге шапса өршеленер» дегендей, расында да Ғарекеңнің мұндайда арқасы қозып кететіні бар. Өзінше әнді «көкесін танытып» айтып шыққан сияқтанады. «қалаймын?» дегендей Ғабең жаққа қараған екен, ол қолын бұлғап қасына шақырады. Ойында дәнеңе жоқ, ағамыз қатты болса, арқадан қағып, шайына шақырар деп, қасына арсаңдап жетіп барады. Ғабең салқындау реңмен жанындағы орындықты көрсетіп, «отыр!» дегендей ишарат жасайды.

– Езуім екі құлағымда, – дейді Ғарекең. – Отыра кеттім. Сол сәтте бір зілді қоңыр үн шықты дейсің. Ашуланып отырғанын сезіп, бойымды жинай қойдым.

– Сен не оттайсың?! – демесі бар ма!

– Ау, Ғабе, түсінбей қалдық қой, – дедім.

– Түсінбесең, «Балқадиша, Балқадишаң не?» деді тамағын қырнай мысқылдап. «Қа-қа» деп неге қақылдайсың? Жазылғанда «Балқадиша» болғанмен, қазақ әндеткенде «Балғадиша» деп әндетпей ме?!

– Әділ сөзге көнбеске әддің қайда. Ғабеңнен кешірім сұрадым, дейді Ғарекең.

Бірақ ашуы да, қайтуы да тез. Бір жылы Ғабең казпотребсоюздың саяжайында демалды. Сәлем беруге келіп, ну ағаштың ішінен жатқан жерін зорға таптым. Үйіне таяп келген болуым керек, Ғабеңнің өзіме таныс даусы

шалынды құлағыма. Дауысы көтеріңкі шығады. Ашулы ма деймін. Ағаш жапырағын ашып, ентелей сығаласам, қасында екі-үш кемпір, зіркіл сөз соларға арналғандай. Кемпірлер мойындарын салбыратып жіберіпті. Үн-түнсіз тыңдап тұр. Ғабең бір уақта, жеңі шолақ клеткалы футболкасының төс қалтасынан үстел үстіне қызыл құлақ ақша лақтырып жіберді. Сөйтті де: «Сендер енді мұнда келмеңдер. Мен сендермен ойнамаймын!» – деді дауысын соза сөйлейтін әдетіне бағып.

Әлгі кемпірлерде үн-түн жоқ, тастаған ақшаны дереу бас салып, бөлісіп ала қойды.

Соңынан Ғазиза жеңгемізден сұраймын ғой:

– Ғабең кемпірлерді қуып жіберген соң, олармен қайтып карта ойынын ойнады ма?

Ғазекең күліп, өзінің ашық, салдырақ дауысымен:

– Біраздан соң-ақ «әй, қайдасыңдар?» деп шақырып алды. Еркектерден ұтылса, ақшасын ренішсіз береді. Ал кемпірлерден ұтылып қалғанға шамданады ғой деймін.

Жалпы Ғабең картаны, көбіне преферансты бір кісідей-ақ ойнайтын. Бір күні карта ойнап отырғандарының үстінен шықтым. Ішінде Ғабиден Мұстафин, тағы бір таныс композитор, ауылдан келген жастау жазушы отыр. Жастау жазушыға Ғабең иегін қақты.

– Мына Шериазданға орын бер. Ойнасын бізбен, – деді. Анау орнынан тұрып келе жатыр еді, мен иығынан сәл басып, отыра бер дегендей белгі бердім. Сонан кейін Ғабеңе:

– Ғабе, мен екінші лиганың карташысы едім, – деп картаға жоқ екенімді сездірдім.

– А-а-а. Біз высшая лигамыз! – деді.

Тағы бір жолыққанда қысыла-қымтырыла сұрақ қойдым. Мұхтар Әуезовтің Ғабеңе байланысты бір сөзі жайында. Мұхаң Ғабеңдерді бір топ кісімен үйіне меймандыққа шақырса керек. Ғабең келе, бір компанияны ұйымдастырып жіберіп, анадай бұрыштағы үстелге барып, сызуға отырады. Мұны көзі шалып қалған Мұхаң жасының үлкендігін пайдаланып, ұрысқандай наз айтыпты: «Бір жерде бас қоссаңдар болды, ала қағаздан бөтен ермектерің жоқ. Ел ахуалы, әдебиет жайы. Басқа да пікірлесетін мәселе шаш етектен. Ала қағаз уақытты жеркана етіп рәсуалаудан басқа қандай пайда бермек?» – депті. Осы рас па? Ғабең темекісінің күлін асықпай, арнайы сауытқа қағып алды. Маған қарап сәл күлімсірегендей болды.

Ғабең мен айтқан әңгімені өтірік деген жоқ. «Рас» деп басын да иземеді. Тек қосымша бір әңгіме айтты.

Қызылорда қаласы Қазақстанның астанасы болып тұрғанда Ғабең баспада істейді екен. Бір күні Ташкенттен Мұхтар Әуезов келеді. Сыртынан білетін Ғабең онымен жүзбе-жүз танысады. Бір үйде қонақ етеді. Ол кезде қонақта арақ ішу салты жоқ. Дастарқан жиналып болған соң Мұхтар:

– Ал карта ойнауға қалайсыздар? Преферанс... Сызып жіберсек...

– Біз, – деді сөзін жалғап Ғабең, – аң-таңбыз. Аңырап «сен білесің бе?» дегендей бір-бірімізге қараймыз. Ешқайсымыз білмейтін болып шықтық. Сонда Мұхтар төгілген тілімен бізді біраз жерге апарып тастады.

– Пәлі, бұл күнде преферанс білмеу дегенің галстук байлау білмегенмен бірдей мәдениетсіздік саналады. Үйреніп алыңдар, – деді.

– Сол Мұхаң үйретіп, бір-екі ойнаған соң, өзін ұтып алуды шығардық, – деді Ғабең жай ғана езу тартып. – Үнемі біреулердің жемі бола бергенді кім жаксы көрсін. Мұхаңның ала қағазды жек көруінің сондай тарихы бар, – деді де, Ғабең темекісін тұтатып, қайта будақтатты. Замандасын, сөйтіп жылы юормен еске алды.

Естелікті осы жерден тоқтата тұрып, айтылуға тиісті нәрсе, Ғабит Мүсіреповтің қоғамдық ойға мұрындық болуға үнемі ұмтылып отырғандығын айрықша атау керектігі. Ол кезінде Совет өкіметін Сәкендермен, Сәбиттермен қол ұстасып жақтады. Бірақ асыра сілтеулеріне көп жолаған жоқ. Асыра сілтеулерге тойтарыс беруге тайсалмай харекет жасаған сирек жандардың бірі екенін білеміз. Кейін ол «ұлтшыл» аталып қуғындалып жүрген Мұхтар Әуезовпен бірлесті. «Казахстанская правда» газеті «Абай жолының» авторына саяси айып тағып жатқанда, Ғабең роман-эпопеяны көкке көтеріп мадақтап мақала жазды. Мұхтар мен Ғабит секілді екі алыптың тізе қосып күресуінде тағылымдық мән бар. Қазақ қауымының алдында тұрған міндеттерді ойласуда олар бір жерден табылды.

Қандай революцияшыл күш болсын, егер ол қоғам дамуының кезекті міндеттерін шешуден бас тартса, ол өзінің жетекшілік күшінен айырылып қалады. Ғабең осыны терең түсініп білді. Ол қайтыс боларынан бір жыл шамасы бұрын маған өзінің және Мағжан Жұмабаевтың үлкен фотопортретін сыйлады. Мағжанды саяси жағынан ақтау керек деп қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне хат жазып, бір данасын маған берді. Бұл бағзы біреулердей «жаңашыл» деген абырой, атақ алу үшін емес, өзінің іштей жаңғыруынан туған нәрсе еді. Бұл заман желінің бағыты

өзгеріп бара жатқанын сезіп, Мағжанның қазақ халқы алдында бейкүнә екендігін әбден жете түсінгендігінде еді.

Мағжан Жұмабаев 1922 жылы Орынбор қаласында «Педагогика» атты кітабын басып шығарды. Бұл кітап Қазақстан Мемлекеттік баспасынан Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Еңлік-Кебек», Сәкен Сейфуллиннің «Асау тұлпар», «Бақыт жолында», Жүсіпбек Аймауытовтың «Сылаң қыз», Ахмет Байтұрсыновтың «Алифба», «Алифба астары», Міржақып Дулатовтың «Есеп құралы» (бірінші жылдық), «Есеп құралы» (екінші жылдық), «Балқия» атты кітаптарымен бір мезгілде жарық көрді. Сол «Педагогика» кітабы бір кезде қазақ жұртшылығы арасында жоғары бағаланғанын, қазақ үшін педагогика кітабы інжілдей, ал Мағжан ақын Иса пайғамбардай болды деген пікір тарағанын айтып отырушы еді. Кейін «Педагогика» кітабы қолға түскенде оқып отырсам, бұл сөздер сол кітапқа кіріспе жазған М.Жолдыбаевтікі екен.

Мағжан «Педагогика» кітабында «қазақтың тың данышпаны» деп Абайға көп сүйенеді. Абайдың ақыл, жүрек, қайратты бірдей ұста дейтін кеңесіне ерекше тоқтайды. Осының біреуі адам баласында жетіспесе, оның толық адам болмағаны деген пікір қозғайды. Ал сол үш қасиет бір адамның тұлғасынан табылса ше? Ондай үлгіні біз нақтылы кімнен көрдік? Өзім білетін адамдарды тізбектеп көз алдымнан өткізгенде, алдымен көңіліме Ғабеннің асқақ бейнесі оралар еді. Ақылы қоғамның алдыңғы сапында жүрді. Жүрегі елім, жұртым деп соқты. Ой-сезімі қорытқан шешімді жүзеге асыруда тайсалған жоқ, нағыз қайраткердің өзі болды. Ендеше, заманымыздың толық адамы – Ғабең екендігінде сөз бар ма?

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ, Қазақстанның халық жазушысы

Ағаның ауылында

Көпке мәлім болар, мен Ғабит Мүсіреповтың сапардағы өмірі, 20–30 жыл бойындағы бірге кешкен жол хикаялары туралы дербес повесть-эссе «Елтінжалды» жазғанмын. Оның жеке тараулары алғаш «Жұлдыз» журналында басылып, кейін «Ақ желкен» деген кітабыма қосылған. Ғабеңнің бұлар көзі тірісінде жазылған. Кейін жеке «Елтінжал» болып басылғанын көре алмай кетті. Кітап қазір жұртшылықтың қолында.

Мынау естеліктер жинағына мен сол сапардың шағын біреуін жазғанымды ұсынып отырмын, бәрін қайта бастырып шығу қиын болар. Тек естелік айтушылардың ішінде жүрейін деген ой.

Сонда жұрттың есіне сол кітабым түсетін шығар.

* * *

Біз Мәскеуден шыққалы бір күн.

Орал ормандары өзінің ғажайып көркімен жолаушылар көзіне нұр толтырып, аласа тауларды биіктетіп, қойнына көк тұман ұялатып, ашық аспан астында дүние рақаты туралы мәңгі таусылмайтын жыр шертіп жатқандай...

«Мәскеу – Қарағанды» пойызының бір вагонында бір купеде төртеу едік. Екіншіміз Сәкен Жүнісов таңертеңгі шайдан соң, татарша жырлап, татарша сөйлей бастады.

– Шамасы – Қазан шаһары жақын-ау, – деді Ғабең, ажарына сәл жұқа күлкі үйіріліп.

– Оны қайдан білдіңіз? – деді Жайық ақсақал шын таңырқап.

– Осында күйеулер бар, – деді ол хабарлай сөйлеп, – соның бірі қайын жұртынша тіл қайтарып отырғанынан байқап қалдым.

Бәріміз күлісіп алдық.

– Сәкен, татаршаң енді әлі күнге біз естіп көрмеген бірдеңеге айналып барады, – деді Ғабең, Сәкеннің қазақ сөзінің әрпін жіңішкертіп, татарша деп сыпыртып бара жатқанын байқап.

– Мен шала татардың күйеуі болғандықтан осы да маған жарай береді, – дейді Сәкен татаршаның берекесі қашып бара жатқанын байқап.

Қазан қаласынан өткен соң оның ол өнері тоқталды.

Біз енді өзіміз оралып келе жатқан Орал тауының

бөктерінде кеше ғана аяқталған КСРО Жазушыларының үлкен форумы VII съезд жайындағы әсерлерімізге көштік. Съездің жалпы совет жазушыларының тарихи съезі болуымен қатар, қазіргі әлем мәдени өміріндегі үлкен саяси мәнді мәселелерді, әсіресе, дүниенің тыныштығын сақтау, ядролық апатты болдырмау қамын қозғаған барлық мәдениет қайраткерлерінің бәтуаласу мәжілісі болғанын айтыстық.

– Бұл, шынында да, қазіргі күніміздің ең толғақты мәселесі еді, – деді Ғабең, – гуманистік идеяны ту еткен үлкен совет әдебиетінің ең басты тақырыбының бірі де – бейбітшілік күресі болатын. Бүкіл дүние ядролық апатқа қарсы жаппай дауыс көтеріп жатқанда біздің съезд трибунасынан мәдениет қайраткерлерінің бұл тақырыпта сөз қозғауы – өте заңды еді. Бір кездегі данышпан Горькийдің: «Мәдениет шеберлері, сендер кімнің жағындасыңдар?» деген жар салу сұрағы құлағымызда қайта жаңғырғандай болды. Біз бұл съезде соған жауап алып қайттық.

Сапар беті – Солтүстік Қазақстан.

Біз осынау күрделі ойлар мен ауызбірлік, ынтымақ танытқан өзімізді асқақ идеялар, арманды биіктерге жетелеген зор мәжілістен шыға сала, сол әсерімізді елге айтпақ болып, ешқандай бұрылмастан Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің туған жеріне зымырап келеміз.

Онда осы күндерде қаулап өсіп келе жатқан егін бар, қайнаған еңбек, қалың туыс бар, жаңа совхоз – «Жаңажол» бар. Жақсы көңіл, жақсы жермен жақсы бауырлар құшағына асығамыз...

Мен бұл өлкеге көп келгенмін.

Жолаушылар қарасы әжептеуір. Алматыдан бізге келіп қосылған Мақсұт, Жоламандар мен Ғабеңнің жас ұрпақтары өз алдына, облыстық партия комитетінің өкілдері мен Зинаида, Уәп бар – олар шаруашылықты көру, басқару жұмыстарын қабат жүргізушілер. Сөйтіп, біз үлкен керуенбіз.

Баяғыдай біз білетін бір ғана қыдыру серуен емес – бәрі де бір мақсатқа – елді өркендету жолында күнде естіліп, істеліп жатқан игілік істеріне куә болу – елдің еңбегі мен рухани тіршілігіне куә болу, колдан келгенше жәрдемдесу мақсатына жұмылу сапары бұл.

Жол туралы хикаяны жолдың өзі бастайды.

«Осынау жауынды батпақ, құрғақ та шоқалақ, масалы-шыбынды мазасыз жолдың – жаңа дәуірі, жаңа сипаты – мен едім» деп жырлайды қоңыраудай сыңғырлаған қара көк асфальт.

«Бәлі, дұрыс айтасың, ол жылдың бәрін мен көргенмін», – дейді Ғабең.

Жолшыбай аппақ-аппақ поселкелер оларға бас изеп қалып жатыр. Жолшыбай дөңгелек дала көзіндей көлдер бетінде бейбіт қалқыған үйректерімен олар да қиқулап, сусылдап мына хикаяға өз тарауларын жалғайды...

«Жаңажол» – былтырғыдан да аумақтана түскен. Жаңа типтегі салынған үйлерден әдемі бір сұлу көше пайда болыпты. Сол көшенің басында сәулетті екі-үш қабат үйлер бой түзеген.

Осыдан әрі салғанда бес-алты жылдың жүзінде мұндай ғимарат «Жаңажолдың» түсіне де кірмеген еді. Сол жылдар ішінде мен үш-төрт келдім. Алғашқы ауыл кескінін көріп, газетке мақала да жазғаным белгілі. Ол кезде бұл ауыл – көңіл жүдететін, көңі үйіліп, күлі шашылған ауыл болатын.

Алғаш осында «совхоз орнайды» дегенде ауыл қарттары сенбей, «койсаңшы Жаңажолдан» совхоз шықпайды» деп қолдарын сілтесе керек. Қазір олар: «құдірет-ай, ә! Мұны да көрдік. Совхозыңның күші – дәу-перінің күшіндей екен ғой» деп, таңдайларын қағады.

...Біз ертеңгі күннің сәскесінде совхоздың жаңа құрылыстарын аралап жүрміз.

Совхоз түгіл аудан орталығында кездестіре бермейтін бір үлкен құрылысқа келіп тұрмыз. Бұл – тіпті зәулім де кең сарай совхоздың техника жөндеу шеберханасы еді. Техниканың денсаулығын мезгіл-мезгіл түзеп отыру – қазіргі күннің үлкен проблемасының бірі ғой. қаншама тығыз, шапшаң дайындалып жатыр дегеннің өзінде, жергілікті орындарда маман механизаторлар мүлде жетіспейді. Шалағай мамандар техниканы тез істен шығарып тастап, сайда саны, құмда ізі қалып, небір керемет машиналардың басына құс саңғып жатқанын әлі де көресің.

Ал осындай жағдайда «Жаңажолдың» маңдайына мынадай шеберхана бітуі ерекше оқиға. Баяғыда «Талпақ танауда» Ғабең сипаттаған «Жаңажолға» шөп шабатын машина келгендегі елдің таң-тамаша қалғаны есімізде. Енді сандаған трактор, комбайнды ауыл мынандай ғимаратқа ие болғанда таңданбасқа болмайды.

Ғабең осынау үйдің дәл ортасындағы көшедей кең залда біресе аспанға, біресе жан-жағына қарап, сүйсіне тебіренеді. Онысы – заңды. Қазақтың бір жас балалары сонау биіктегі сала-сала темір діңгектерге атша міниіп алып, әлдебір ауыр тетіктерді зырылдатып, жөңкітіп жатыр. Біздің миымыз жете бермейтін техниканың небір хикметін меңгеріп алған.

– Осылар – осы ауылдың балалары. Біразы мектептің оқушылары. Аудан, облыстан механик ұстаздар алдырып, оқытып

жатырмыз. Жастардың техникаға деген құштарлығы керемет. Соның арқасында бірталай жастар маманданып қалды. Арман – сондай өз адамдарымыз көп болса екен, – дейді Қаратай.

– Осының бәрі «Жаңажолдың» жаңалығы. «Жаңажол» – жаңа мағынасына енді көшті, – дейді Ғабең, рақаттана бір сергіп алып, жанындағы бізге қарап, ой аңғартып. Менің есіме оның осыдан аз жыл бұрын: «Біздің ауылда мал шаруашылығында қыздар бригадасы құрылып жатыр дейді – соны барып көремін», «Жаңажол совхоз болайын деп жатыр, соған кетіп барам» – дегенін ойлап едім. Елге деген перзенттік борыштың алыс-алыс істерін жақындату жолындағы әрекет – Ғабең әрекеті сол. Енді біз ойланбасқа шара не? Өз қамын, өз үй-жайын күйттеуге түсіп кеткен біздерге бұдан артық сабақ бола ма?

«Жаңажол» жайлы толғайды Ғабең. Ол совхоз оның енді өз баласындай, перзентіндей көрінеді бізге. «Совхозымды көрейін» деп едім дегені – «үйімді, баламды көрейін» деген секілді естіледі бізге. Оның әр үйі, әр жаңа қаланған кірпіші таныс оған.

Тағы бір сағаттарда жаңа кітапхананы ашу салтанаты өтті. О, қандай толқынды сәт еді ол! Бұл да оның кітапханасы. Бүкіл мәдениет қызметкерлеріне республика хат арнап, бастама жасап, ол сонау «Правда» газетінде жарияланып, көптен қолдау тауып, жасалған кітапхана ғой бұл! Алты мыңдай кітабы бар, бұл мәдени ошақ – тағы да сол совхоздың дәулеті болып тұр. Ал қызыл лентаны Ғабең өзі қиып, бізді, халықты білім қоймасына кәдімгідей мәз көңілмен кәдімгідей қол қусырып шақырады.

Бар тәртібімен қандай орынды орналасқан. Бейне Ғабең бізден мұнда бұрынырақ келіп, кітапхана тәртібімен ұйымдастырып кеткен секілді.

Келесі бір күнде бүкіл аудан совхоздарынан ел жиналып, «Жаңажолдың» клубында үлкен мәжіліс өтті. Белгілі жазушы Сәкен Жүнісов съезден алған әсер жайында, жалпы қазақ әдебиетінің қазіргі табыстары жөнінде баяндап берді. Біз де алма-кезек шығып, ауылдан алған қуанышты әсерлерімізді айтамыз, ел болашағы – жастар тәрбиесі, ауыл мәдениеті, барды-барша пайдалану, күн жақсылығын қадірлеу, бейбітшілік, тыныштық жайлы тебірене сөйлейміз. Бізді осылай ойлы да асқақ сөйлеуге жәрдемдескен алақандарына көтерген елге алғыс айтамыз. Мәжіліс ұзаққа созылады, ұзақтығын ешкім байқамайды. Ел таланттарының өнерін тамашалаймыз...

Тағы бір кеш «Ғабит орманында» өтті. Пәленбай қанат үлкен екі үй тігілген. Оның бірі былтыр да бар еді. Мұндағы

құрал-жабдықтар–отырар орын, тамақтанар жер, қыдырар тұс дегендей бәрі де Ғабең үлгісімен, нұсқауымен жасалған. Бәрі де орманның өз денесінен, ағаш-тасынан істелген. Әсіресе, ескі ағаштар түбірінен жасалған орындықтар ыңғайлы да ықшам. Орманды қалай сақтап, қалай пайдаланудың тап-таза үлгісі бар. Үлкен баспалдакпен көтеріп апарып, биікке орнатқан беседка бар. Онда келген сайын Ғабең өзі шығып отырып, күнге қарап кітап оқып, бейне орман сақшысындай сағаттар бойы төңірекке көз салып отырады екен.

Түнгі алау сәулесінде алқа қотан отырып, ән салып, күй тартып, ауыл жастары жақсы өмір жайлы жыр шертеді. Шекеден өтетін құдық суынан тостағандап жұтып, күндізгі ыстықты басамыз. Қандай рақат!

Сонымен «Жаңажол» туралы жыр – Ғабең туралы жыр, адам туралы, ағаң туралы жырға ұласады. Алыста ауылым бар еді деп бір кезек, қазақ әдебиетінің екінші әкесі – осы арадан ауылы «Елтінжал» арқылы қанаттасып жатқан – Сәбең, Сәбит Мұқанов өлеңін де еске аламыз. Айналасы он-он бес шақырым жерден әдебиетке екі алып сыйлаған ауылдарға ризашылық білдіреміз.

Ғабең бір кезек, талма түстер, күрең кештер тұсында өзі жасында жалаң аяқ келіп, талай шомылған «Құдайкөл» көліне апарады. Біз жаппай, жамырай шомыламыз. Ал, Ғабең, ақ қалпағы ғана көрініп, көл ішінде мүлде ұзақ отырады. Сонда оның ойына не түседі екен? Сексен демекші, амандық болса оның осы даңқты мүшелтойы келеді. Біз сонда Солтүстік өлкесінің осынау сұлу бұрышымен тағы да кездесерміз деген үміт әлдилейді.

«Жасай бер, көркейе бер, ағаның ауылы!» деп, аттанамыз.

2. Елтінжалға баратын жол

Аяулы жылдар... Асыл күндер...

Жаңа ғана төбеңнен сырнайлатып, сыңғырлатып, темірі шекті домбыраның дыбысындай үн таратып өтіп кеткен ақку-керуен анау шалғай көкжиектің астына түсіп барады...

Аяулы жылдар... Асыл күндер...

Бұл да әлгі ақку-керуенге ұқсайды.

О, арманды тірлік-ай! Төбе астына сен де түсіп барасың. Жалғыздық атты сол төбенің сол бер жағында мен тұрмын. Тұрып алып ойға батам, қиялға ерем...

Ақырын, ақырын шегініп, алыстап кетті-ау, құрғырлар! «Мен де шегінгім келеді. Шегінетін себебім – бәрі де артта калған секілді, аяулының бәрі, ардақтының бәрі...

Алда не бар? Не болушы еді?!

Бір кезде алдағының бәрі жұмбақ еді, сол жұмбақ бізді арбайтын да, алға асықтыратын. Енді асығатын ештеңе жоқ, жұмбақ та жоқ секілді, бәрі шешілген, бәрі аян...

Сол жылдарды аяулы еткен, сол күндерді асыл еткен адамдар еді ғой, сенің жаныңа жақын кісілер болатын. Енді олар таусылды десе болғандай. Кетіп жатыр... Кетіп жатыр. Бәрі де бір-бір сағыныш. Сарғайған бір-бір жапырақ. Сидиған сен бір қара ағаш.

Мынау бір өң мен түс тұманының ішінен, зерденің, жадтың алыс-жақын мұнарынан бір тұлға, бір ардақты кескін қазіргі кезде менің көз алдымнан кетпейтін болды. Ол – Ғабит Мүсірепов мүсіні. Ол кісінің мен үшін аты кім еді – әкем бе еді, аға ма еді, әлде екеуі де ме еді, – анық білмеймін...

Мен туған әкемді шала білген, туған ағаларды шала танып қалған кісі едім. әке өз ажалымен, соғыс әкелген ажалмен кеткен. Менің өмірімде, қазір алпыстан асқан жасымда – осы екеуін де айырбастаған Адам – Ғабит Мүсірепов. Оның үстіне әдебиеттегі әкелігі, аға ұстаздығы және бар.

Осы әрі анық, әрі жұмбақ жағдайды әуелі өзім түсінбек болып, содан соң елге дәлелдемек болып мен ұзақ әуреленділ. Оның көзі тірісінде сандаған өлең, ондаған әңгіме жаздым, сапарлар хикаясын сипаттап шықтым. Ол дүниеден кеткен соң да, сол кәсібімнен танбай келемін.

Бірақ, білмеймін, жұртты сендіре алдым ба, жоқ па? Сенбесе, сенбесін.

Дүниеден болса да кететін болған соң, бір құдайға сенумен, сендім деген ұғыммен жөнелгенің жақсы...

Шіркін, Елтінжал! Арқаның ару орманы!

Сенің орман екеніңді, сені бір көрудің арман екенін мен өзгеге ұқтыра алмай шаршағанмын. Өйткені, сенің атыңның өзі ұғымға тосын, тілге жат, жұмбақ еді. Ағашынан даласы көп ел сені қайдан ұқсын! «Елтін бе, әлде Алтын ба!», «жал» дегені не деп жұрт талай басты қатырған. «Елтін – деген адам аты» десең, «қазақта ондай адам аты болмайды» дейді. Мен: «Бәлкім, сендердікі дұрыс шығар, ал «жал» дегеніңіз, мен білетін жерде – жылқыда, арыстанда, толқын, теңізде, содан соң, орманда болмақ» деймін. «әдетте орманның қойынынан бөлініп далаға шыға қашқан бір қанатын «жал» деп атайды – деп еді Ғабең маған, – талдан басқа ағашы жоқ, тобылғыдан басқа панасы жоқ – жазық Торғай баласы – сен оны қайдан білейін деп едің», «Алтын ба», «Елтін бе» оны мен де білмедім, білудің керегі де жоқ шығар» – дейтін. Сонда мен ойланатынмын – дүниеде шешіп әуре болмайтын жұмбақ тылсымдар бар шығар... әр құбылыс, әр заттың

сұлулығының өзі – жұмбақтығы шығар деп. «Рас-ау», – деймін сол. Мысалы, – әйел заты тек қана көркімен ғана емес, жұмбақтығы, жабықтығымен сұлу еді-ау! Жалаңаштықта не сән бар!

Мен «Елтінжал» туралы осыншама неге толғап отырмын?

«Елтінжал» – қазақтың ғана емес, дүниенің ұлы жазушысы, жұмбақтығы құдаймен тектес Ғабит Мүсіреповтің туған орманы, алтын бесігі. Ол – Ғабит Мүсіреповтің әдебиеттегі екінші аты, негізгі есімнің сыңары, жалпы адамзат мәдениетінің тілінде – псевдонимі, қосалқы аты. Әкесінің, атасының атын ғана иемденетін қазекеңе, әлгі шығыс, батыс тарихында белгілі тұлғалардың туған, шыққан жерімен аталатыны қаншама! Македонский, әл-Фараби, Яссауи, Қашқари деген секілді.

Ғабит Мүсіреповтің «Елтінжалы» – осы соңғысына жатумен қатар, мұнда тағы толып жатқан астарлар бар. Солардың бірі – «Елтінжалдың» орман екендігі, сұлулығы, әсіресе, жұмбақтығы, алыстағы әшейіндегі еске келетін біздердей емес, оны – «Елтінжалды» өз есімі етіп алуда әуелден-ақ бір ғажайып сыр бар секілді. Сондықтан да «Елтінжал» туралы ойлағанда мен Ғабең туралы ойлаймын.

Ол кісінің ауылына мен, «Жаңажолға» сан рет бардым. Ғабеңмен барғандарымды айтқам. Сонда Ғабең маған «Елтінжалды» бір-ақ рет көрсетті. Жастық шіркінді қойсайшы «тағы да барайық» дегенде, үндеген жоқ. Ол кісі бір нәрсені қоштамайтындығын үндемей білдіруші еді. Мен өзіме-өзім: «бәлкім, әдемілікті де, әулиелікті де көп көре беруге болмайды дегені ме екен?» – деп, жорамал жасаушы ем.

«Елтінжалдың» бір алаңқайлау қолтығында Ғабеңнің туған қыстауы бар. Қазір жер болып кеткен. Мен соның түбінде тұрып, Ғабеңнің жалаң аяқ бала күнін елестетемін. Одан басқа жерде елес жоқ. Иә, «Елтінжал» – елестер мекені. «Елтінжалға» баратын жолды табу қиын болмас, бірақ қалың ішіне баратын жолды табу – оңай болмас.

«Менің сырым, жігіттер, емес оңай...» деп, Ғабең, Абай іштей қайталап тұрғандай болушы еді. «Иә... Иә... Иә!!!» деп, «Елтінжал»да жаңғырыққандай болатын.

...Мен сол көң-қыстаудың бірбүтіне рекқалған қабырғасына сүйене, көлеңке жасап өскен қалың көк майсаға аунап-аунап алдым. Сәл аялдап жаттым. Сонда Ғабең бір түрлі елжіреп, сүйсіне сөйлеп: «Ауна, ауна, мен үшін де ауна, еркеле, бірақ басыңды соғып алма, сол бір жерде ат байлайтын темір қазық

болушы еді» – деп еді. Осы сөзі кейін маған көп ой салды. Онысы: «Ерекелесең, еркеле, бірақ басына шығып кетпе, өзіне жақсы болмайды» – дегені секілді.

– Иә, иә, «Елтінжал» маған – Ғабең, Ғабең – «Елтінжал» сияқты көрінетін. Оның аттарының егіздігі де сондықтан ғой.

Е, адамда арман көп қой, киял кісіні қайда апармайды! «Ғабеңнің денесін «Елтінжалға» тапсыру керек еді-ау!» деп те қоясың кейде, ол – алғашқы да, соңғы да бесігі болса! Оған тағдыр, жазмыш көнер ме?!

«Елтінжалдан» соң оның дала жақ бетінде, батысында, қалың қорым, мазар, бейіттер бар. Ғабеңнің екінші баратын жері – сол. Онда басқаны қойғанда бүкіл Мүсіреп әулетінің өкілдерінің көбі жатыр. Оны көп «Елтінжал» кітабының «Ұлпан» деген тарауында жазғанмын. Тағы бір баратын жері – ендігі жұртқа естеліктерден, Ғабең туралы әңгімелерден таныс болып болып қалған, ауыл іргесіндегі орман сұлуы – «қыз қарағай». Қазір сол аттас әнді жұрт айтып жүр. Ол – Ғабеңнің дүниедегі ең қасиетті мекені, киял, талант, шабыт ұясы еді. Ол сол бір алып қарағайдың орта тұсына орын-сая жасатып, басқышпен өрлеп барып отырар еді. Бәлкім, күн ұзақ отыра ма, өзі біледі. Ол сонда киялымен көңіл айнасынан дүние құбылысының бәрін, өткен-кеткенін, жерде шарлаған жолын, көрген рақат-азабын, орындалған, орындалмаған армандарын, жақсы көрген, жек көрген адамдарын, алдының болғаны мен артының болашағын ұзақ шолып, көп ойланды ма, кім білсін. Әсіресе, артының, соңының не боларын уайымдады ма екен, қайтті екен?

Иә, ол – аса қиын тағдырдың, үзік-үзік бақыттың адамы еді...

Халық жалпы бәрін біле бере ме, атын атап, той тойлап жатсаң, олар соған келсе – «үлкен адам болыпты ғой, жарықтық!» дейді де қояды. Тіпті той-тобыр ішінде кімнің тойы екенін білмейтіндер де жүреді.

Мен бұл сөзде Ғабеңнің өз көңіліндегі бір сәттерінен туған ойларымды айтпақ едім. Әйтпесе, оның ұлан-байтақ Ұлы Тұлғасы мен қазақ әдебиетіне қалдырған асыл-маржан мұрасын, қазақ халқы мен оның мәдениетіне жасаған қызмет, ерлік еңбегін мадақтап айту түгіл, шет жағасынан қайту да ұзақ сапар.

Тіпті менің әлгі баласындай, інісіндей үйме-үй, дүзбе-дүз отыз жыл бойына бірге кешкен өмір кезеңдерін кітап етіп жазып, өлеңдетіп те тауысқан емеспін.

Мұндай ұлы тұлғалар әр дәуір, әр кезеңде қайта туып,

қайтадан тұғырына көтеріліп, әр түрлі құбылып, әр түрлі бағаланып жасай береді, жасай береді. Оларды «мәңгілік перзенттері» дейтін себебіміз сол.

Мен Ғабеңнің көзі тірі кезінде «Елтінжалға баратын жол» деген өлең жазғанмын, ол кітаптарымда бар. Ондағы ой – мен Ғабеңсіз «Елтінжалға» жеке өзім бармақ болып, жолға шығып едім, таба алмай қайтып келдім, соны Ғабеңе айтып едім, «ие, оны табу оңай емес шығар» деді, байқасам, «Елтінжалға» баратын жол Ғабеңнің жүрегі арқылы өтеді» екен деп тоқтатқанмын. Сол енді осы сөзді жазарда есіме түсті.

Өзімді бақытты санайтын бір себебімді жасырғым келмейді, ол – осы секілді Ұлы адамның қасында жанасып жүріп, өткізген қымбат күндерім. Бұларға жанасып, жуып кетудің өзі – өмір қызығы екен ғой.

Шынында Ұлы адамдар жүрегіне баратын жол – аса қиын болады екен. Яғни, «Елтінжалға» баратын жол.

Міне, енді биыл Ғабит Мүсіреповтің туғанына 90 жыл. Өкініші сол – өзі жоқ. Күні бойы бар деп отырып, «жоқ» деу де қиын. Дегенмен, «Елтінжал» бар, елі бар, халқы бар деген сөз.

Иә, оның ең ұлы арманы – қазақ халқының, туған жұртының азаттығы, дербестігі, мемлекеттігі еді. Ол – қазақ деген Ұлы мемлекетке лайықты болып туған сарбаз еді, тым үлкен, тым ірі, асқақ, маңғаз, тәкаппар, қайсар, ер перзент, түкті жүрек, батыр, ақ көңіл ақын еді.

Онымен біз тағы да «Елтінжалға» бара жатырмыз.

Біз онымен, Алла жазса, кездесерміз.

3. Сағыныш екен – сол бір кез

Менің ендігі жастары алпыстан асқан замандас-құрдас, жазушы қаламдастарымның өзгелерден ерекше бір үлкен бақыты бар. Ол – алдыңғыларын айтпағанда – қазақ әдебиетінің төрт бірдей алыбы, классиктері – Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафинді көзімен көріп, сәлемдесіп, қолдарын алып, кейбір қызметтес, сапарлас болып, сөйлесіп, кеңесіп дегендей бірсыпыра жылдар қастарында жүрдім.

Мұның тарихи бір маңызы – әлгі ол кездегі әдебиет жастары институт, университет қабырғасынан шыға салысымен екінші бір оқу орнына, әдебиет медресесіне келіп түсті. Ол медреседе сабақ жүргізген ғұламалар – жоғарыдағы төрт арыс еді.

Бұлар тек көркем сөз ұсталары ғана емес еді,

жаратылысында ұстаз, әкелікке, ағалыққа жаратылған, қазақтың әлеуметтік, қоғамдық, мемлекеттік істерінің жаңа заманда ғы негізін салушылар және соны өрге, алға апарушылар болды, рухани көсемдік қызмет атқарды.

Жоғарыда айтқан бірінші бақыттан соң екіншісі – сонау отыз жетінші жылдың алапат қанды орағынан осы төртеуінің аман қалуы да біз үшін бақыт еді. Революциядан бұрын да, кейін де XX ғ. қаулап өскен қазақ зиялыларының небір ақиық сұңқар, биік бәйтеректерінің соңғы қалған жұрнағы осылар болғанда, алдыңғыларының қандай болғаны бізге тайға таңба басқандай анық еді. Бұлардың кейінгі бізге берген мүмкіндіктері – осы тарихты түсіну, болжау болатын.

Төрт данышпан да есіл-дерттері – халқы, салт-дәстүрі, баяғы сән-салтанаты, жас ұрпаққа соларды аманат етумен өтті. Бұлардың «ә» деп бастағандағы үлкен тұлғасы, ірі қимылдары өле-өлгенше ұлғаймаса, азайған жоқ. Абай айтқандай «жайнаған туың жығылмай» кетті.

Бұлардың әрқайсысын жеке сөз қылудың алдында әуелі төртеуінің шоғын бұзбай, олардың рухани өміріміздегі салып кеткен іздерін, жолдарын айтып алу абзал. Баяғы «Есім жол ескі жол», «Қасым салған қасқа жолдан» бастап, қазақ данышпан-көсемдері қажетті дәстүр бойынша ылғи да тарихи кезеңдерде жол бастап келеді. Құдайға шүкір, оған мысалдарды шұбыртып келтіруге болады. Сонда біздің ұлттық басшылар тарихы келіп шығады. Ал ол тарихтың бар болуы – өте ірі халық екеніңді танытса керек.

Өзі «Алыптар тобы» деп атап кеткен қазақтың жаңа дәуіріндегі әдебиетінің іргетасын қалаушылар – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабиден Мұстафин болып келетін санаттың жуан ортасында тұрған Ғабит Мүсірепов осылардың ең соңы болып, ұзақ жасап келіп, өмірден аттанды. 84-ке қараған жасында, дәл жаңа жылдың алдында көз жұмды. Өмірінің соңғы жылында да тауда, биікте демалып жатып, ол қазақ әдебиетінің кілең жас өркендерінің арасында болып, оларға өзі куә болған дәуірлердің тарихи сабағын өткізгендей еді. Сонда қайта-қайта айта беретіні – елдік, туыстық, бірлік, өзі үшін емес, ел үшін қызмет ету мақсаты болса керек. Бәрімізге мәлім ол қайтарының алдында ғана өзінің арасына 30 жыл салған ең ірі шығармасы «Оянған өлкенің», «Жат қолында» деген екінші кітабын жазып шықты. Есіңізде болсын, бұл оның сексенге шыққан беті болатын. Іле-шала «Болашаққа аманат» пьесасын жазып бітірді. Олардың сәл алдында «Ақан сері – Ақтоқты» операсының либреттосын аяқтап, сахнада өзі көріп,

естіп үлгерді. Осының бәрі соңғы үш-төрт жылдың жемісі еді. Нақ аттанар алдында ол Қазақстан Жазушылар одағының кең залында аяғынан тік тұрып, екі сағат бойына қазақтың ана тілі жайында ұзақ баяндама жасады. Ойлап көріңізші, осынау жаста дүние, әлем әдебиетінің қай данышпаны осынша қуат тауып, бар ақыл-ой кемеңгерлігін бұлжытпай сақтап, осынша еңбек етті екен?!

Шынтуайтқа келгенде әлем әдебиеті әулиелерінің көбі ол жасқа жетіп те, жетпей де ақылынан ажырап қалған кездері болған. Ал, шамасы, алпыс жыл бойына талантына шаң жұқтырмай өткен Ғабит Мүсіреповті шын мағынасындағы данышпан жазушы демеске болар ма екен? Ауызға жеңіл, біз ананы да, мынаны да керемет дей береміз. Өйткені, оның дәлелін сұрап жатқан ешкім жоқ. Оның үстіне Ғабеңнің нағыз қатты қимылдап, түйдектеп тастап, еңбек еткен соңғы жылдар – біздің әрекет әдебиет, мәдениетке, жалпы рухани қазынаға салғырт қарап, жаппай дүние қызығына, мансап-билікке ұмтылған дәуірмен тұстас келеді. Бұл кезеңде бірдемені білу, оқу, зерттеу, қадіріне жету қиынның қиыны еді. Заманның сан құбылысын, халықтың соған тез бейімделетін мінезін ұзақ тексеріп, жақсы ұғынған ол – сол еңбектерін бағалайтын ұрпақты ерте-ақ біліп кетті. Өзінің Ұлы перзенттік парызын аяқтап шығуға асықты. Өйткені, өзі тұлғалас алды-артында ешкімнің қалмағанын байқады, байқаған сайын асықты.

Шынын айтсақ, біздің әдебиетіміздің көркін, күш-қуатын, тіліміздің асқан байлығын дүниеге дәлелдеген екі бірдей хас шебердің – Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсіреповтің ғажайып шығармашылығының сиқыр әлемін әлі өзіміз де толық ұққанымыз жоқ, кейінгіге де ұқтырғанымыз жоқ. Бір жақсысы – бұлар мәңгілік құбылыстар, сондықтан да келе-келе құпиялары ашыла бермек. Әттең, соңғы ұрпаққа соңғы 30 жылда әдебиетті дұрыстап оқыта алмадық. Оқу құралдары қандай дәрменсіз еді, айналасы бір 5-10 жазушымен оқулық шолтаң ете қалушы еді. Ол бардың өзі де оқулықта екінші сорттағы әдебиет есебінде оқылды ғой. Өткенді айтсаң, өкініш қаптап кетеді, қоя тұрайық.

Мен бұл мақалада естелікті көп айтайын деп отырғаным жоқ. Өйткені, өздеріңізге мәлім, шамасы отыз жылдың бойына мен Ғабит Мүсіреповтің ең кіші інісі ме екен, әлде баласы ма екен, ол менен жиырма алты жас үлкен, мен балаларымен құрдаспын, тым жақын қатынасқан, араласқан адаммын. Тағдыр маған сондай сыйлық ұсынды, ешқандай болжалуы мүмкін емес жағдайда кездесіп, содан былай үнемі, әсіресе,

оның жолсапарларында бірге жүрдік. Осылардан алған әсер, бақытты сезіммен мен ол кісінің көзінің тірісінде-ақ өзімше ақындықпен бедерлеп сапар эссе-әңгімелерін жаза бастадым. Менің көркем прозаға келуім осыдан басталды. Оның алдында мен орыстың классикалық әдебиетінен Пушкин прозасын, Лев Толстой, Иван Бунин, Владимир Короленко, Александр Куприн шығармаларын аударғанмын. Ғабеңмен көп сапардың соңғы бірінің алдында Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» кітабының екінші бөлімін аударып бастырдым, ол кісі соның жаңа шыққан кітабын жол үстінде жүріп оқыды. Ғабең ауылына бара жатыр едік. Петропавл мейрамханасында бір бөлмеде екеуіміз, кітапты берейін деп бергем жоқ, шамаданымды ашып, киімдерімді алып жатқанда, көзі түсіп кетті де, «мынау не кітап?» деді, мен жөнін айтып, «ауылдағы ақсақалдарға ұғынықты болған соң, соларға берейін деп сала салып едім» дедім. Ол үндемей, өзінің плащының қалтасына салып алды. Жолшыбай машина үстінде, кейде ауылдағы бір ертеңгі сәтте оқып қоятынын байқағам. Оған мен мәз. «Ғабеңнің бір кәдесіне жарасам» деп жүрген маған ол – үлкен мәртебе ғой. Мен «жарайды» дегендей бас изедім. Әрі қарай үндескен жоқпыз.

Содан соңғы жазған әңгімелерім әлгі еді. Алдымен «Жұлдыз» журналына басқан, редактор Шерханға рақмет, ол кезде көзі тірі адам жайында әулие болса да жазуға болмайды деген заң болатын, соған қарамай ол басып жіберді. Ол алғаш «Төрт толғау» деген атпен шыққан. Кейін жұртшылық жақсы қабылдап «осыны жалғастыр» деген тілек білдірген соң «Үш қайтарма» деп, тағы да үш тарау жазып, бастырдым.

Төрт толғау, үш қайтарма – жеті бәйіт,
Оқушы, жүре көрме етіп айып,
Алғашта шағын ғана дүние еді,
қапыда қара сөзім кетті ұлғайып.

Оны да жұрт жақсы қабылдап, тіпті мерейленіп кеттім. Бірақ, Ғабеңнің өзінен ешбір хабар болмады. Ол кісінің ол кезде көзінің әлсірей бастаған шағы еді. Аса зәрулік болмаса, шұғыл оқуға шамасы келмейтін. Осыны пайдаланған және абырой қызғанған біреулер: «Ойбай, Ғафу Ғабеңді емес, ылғи өзін айтып, өзін мақтап кеткен» деген сөз таратқан. Кейін әлгі тарауларды біріктіріп, «Елтінжал» деген ат қойып, «Ақжелкен» аталған алғашқы повестер жинағына кіргіздім де, кітап шыққан соң, өзіне апарып бердім. Риза болып қолымды алды, оқыдым да деген жоқ, оқимын да деген жоқ,

жалпы ол туралы ештеме де айтқан жоқ. Мен сұрамадым. Кейін жуырда музей-үйі ашылғанда кітаптарының арасынан «Ақ желкенді» кездестіре алмадым. Қызметкерлерден де сұрап едім «көрмедік» деді. Сірә, әлдебіреу «жымқырған» болу керек. Менің мұның бәрін айтып жатқаным – Ғабең туралы тұтас бір кітап «Елтінжалды» жазып, ол кейін «Өнер» баспасынан жеке кітап болып шықты. Баспаның алғашқы ойы Ғабеңнің 80 жылдығына байғазы – «сувенир» есебінде кіші форматпен басып шығару еді, әттең, не керек, баспаның машақаты аз ба, үлгере алмады. Мен Ғабеңе асығыс айтып қойып едім, соны кейін менен «сол кітап не болды» деп, сұрағаны бар еді. Қатты өкіндім, ақыры бұл кітапты көре алмай кетті. Кейін, көп кейін шықты. Айтайын дегенім – сол кітапта Ғабең туралы өз тарапымнан бәрі жазылған. Өзі қайтыс болғаннан кейін тағы бірнеше тараулар қоскан едім. Енді оның бәрін қайталап жату мүмкін емес қой. Ғабит Мүсірепов жайында естелік кітап дайындалып жатыр екен. Баспа директоры С.Оразалиновтан хат алған соң оған мен тек қана қатысу мақсатымен бір эпизодты ғана жазып бердім.

Жақында Ғабит Мүсірепов атындағы №86 орта мектеп ұжымы мен шәкірттері, олардың ата-анасы, аудандық, қалалық, облыстық және министрлік ағарту ісінің басшылары қосылып, тамаша кездесу кешін өткізіп, Ғабеңнің 90 жылдық тойын бастап берді, өте жақсы ұйымдастырылған іс болды, теледидарға түсірілді. Мен соған қатынасқанда мерекеге арналған кітап көрмесінен өзімнің «Елтінжалымды» көріп, қуанып қалдым. Шығарма – жазушының баласындай нәрсе ғой. Көптің ішінен баланды көрсең – қандай боласың! Мынау мереке тұсында Ғабең аруағы қайта тіріліп, есімі жаңғырып, ол өзі есі қалмай сүйген халқының егемендік алған, қатардағы ең үлкен ел, ұлт, еркін әрекет иесі болуын армандаған сабаздың аты әлденеше өсіп, той мәртебесі биіктейді деп сенемін. Оған осы күндерде көп қарыздармыз.

Өкімет, қала басшылары осынау ардагердің басына әлі орнатылмай жатқан белгі, ескерткіш мәселесін тез шешуі керек. Ғабең үшін емес-ау, өзіміздің енді елдігіміз үшін екенін каншама ұқтырудың қажеті бар? Әлі де қырсық-салақтық, ұқыпсыздық етектен тартып болмайды-ақ!

Ал, Ғабең жан аямай еткен ерлік еңбек, шын перзенттік, биік азаматтық, адалдық пен батырлық қасиеттер бәрімізге үлгі, мәңгілік серік, аруағы әмәнда демеу болсын!

Ағаларды сағынғанда олардың қадірін ылғи да ұмытпайық, бауырлар!

Шерхан МҰРТАЗА, Қазақстанның халық жазушысы

Қаңтарулы қазанат

(эссе-естелік)

Жазушы Ғабит Мүсіреповтің кабинеті бір жылдан бері жабық тұр. Құлыптаулы. Оқта-текте телефон шырылдайды. Сонда төрт қабырға, қабырға сірескен кітаптар... елең еткендей болады да... кабинет қайта мүлгиді. Егіз телефонның сынарын басқа бөлмеден жазушының жұбайы, кабинеттің «шырақшысы» Ғазиза Бисенқызы көтереді. Ал кабинеттегі телефонның трубкасын ешкім алмайды.

– Алло-о-у-у, – дейтін кербез, тәкаппар дауыс естілмейді.

Соңғы жиырма жылға жуық уақыттың көп күндерін, сан сағаттарын ол осы кабинетте өткізді. Үстіне қалың картон қағаз төселген жалпақ стол, көнетоз мығым кресло, жалпақ столдың үстінде жасыл қалпақты шырағдан, жанында хрусталь күлдеуіш, инедей өткір ұшталған қарындаш, бір десте аппақ ақ қағаз... және «Жат қолында» романының орысша шыққан кітабы қақ ортасынан айқара ашық жатыр. «Жат қолында» кітабы орысша жарық көргеніне көп те болмаған. Жазушы сол кітапты бірінші бетінен бастап шұқшия оқып, өткір қарындашпен түзетіп келе жатыр екен. Бірақ аяғына дейін жете алмапты. Орысшасында «три года» деген екен аудармашы. Оны автор «третий год» деп түзетіпті. «И тут произошло то, чего Кенжегара больше всего боялся» депті орысшасында. Автор «боялся» дегенді сызып тастап, үстіне «опасался» деп түзетіпті. «Не чужая вы мне, а сноха с дядиной стороны» дегенді «сноханы» үстінен сызып, жанына «тетя» деп жазыпты.

Ол қазақтың көркем сөзінің хас шебері болғанда, орысшасы да өте озық еді. Өзі айта беретін «Қос қанат» онда пара-пар болатын.

«Қазақтың қыран сияқты қос қанаты бар: бірі – қазақ тілі, екіншісі – орыс тілі. Сынар қанатпен ұша алмас болар».

Ол осылай дейтін. Сөйтсе де оның шығармаларының аудармасы бұрындары онша сәтті бола қойған жоқ. «Оянған өлке» – «Пробужденный край» болғанда, «Оянған өлкенің» сөз сиқыры солғындап, бояуы оңып кеткендей болды. «Кезінде онша мән бермей, аударманы бастан-аяқ өзім оқымай опынып қалдым» дер еді ол. Сол өкініш ұмтылмаған да сексеннен асқан шағында әрбір сағаты қымбат уақытын «Жат қолындағының» аудармасын мұқият қарауға амалсыз қиған ғой.

Иесіз кабинетте тұрғанда, «өткен күнде белгі жоқ» деген

сөз өтірік пе деп қаласың. Көңілде бәрі сайрап тұр. әне анау босағаға ілулі шоқпар... Жазушыға шоқпар неге керек? Осы шоқпар Игілік пен Жұман бай ауылдарының қақтығысында «кейіпкер» ретінде қатысатын болар.

Кабинеттегі әр зат қымбат, қастерлі, Ғабит Мүсіреповтың көзіндей аяулы. әне, анау жасыл блокнот... Өзінің көзі жоқ жазушының блокнотына үңілу әдепсіздік аталуы мүмкін. Өйткені, жазушының блокноты – жазушының жан сыры. Тіпті ол өзінің ғана құпиясы. Басқа бір адам білуге тиісті емес құпиялар болуы ықтимал. Тек, Ғабеңнің жұбайы, әрі Ғабит Мүсірепов әдеби мұралары жөніндегі комиссияның мүшесі (мен де со комиссияның мүшесімін – Ш.М.) Ғазиза Бисенқызының ризашылығымен сол жасыл блокноттан оқырманға бірер сыр ұсынуды жөн көрдік.

Беташарында:

«Январь, 1970 жыл, – делінген.

Қазақта ар-ұят ең жоғары саналады.

«Малым – жанымның садағасы,

Жаным – арым садағасы» – дейді қазақ халқы.

«Өлімнен ұят күшті».

Біздің пайымдауда, жазушы бұл белгілі мақалдарды блокнотқа тегін түсірмеген. Ар-ұят жөнінде бір толғам үшін, болашақ бір туындының желісі, өзегі ету үшін әдейі есіне берік сақтап отыр.

Келесі бір бетте:

«Абайдың философиялық ойларының тереңі, әрі философияға қосқан жаңалығы мына екі жолда болуы керек:

Кірленген көңіл өз ішін

Тұра алмас әсте жуынбай...

Саналы адам біреуге жәбір-жапа көрсетіп, өз көңіліне өзі дақ салған болса, ол сол дақты жақсылық істеу арқылы кетірмей тыншыға алмайды, көңілі дауаланбайды, – дейді...»

Абайдың әр өлеңінде, әр сөзінде шындықтың шыңырау тереңі жатқанын Мүсірепов әдейі бөлектеп отыр. Біздің көбіміз-ақ Абай өлеңдерін оқимыз, тіпті жаттап аламыз. Ал, сол сөздің ар жағында не жатқанына назар сала бермейміз. Тіпті, мектепте де терең, ойлы талдау бола бермейді. Ғабит Мүсірепов Абайды жақсылап таныңдар, тереңнен тартып түсініңдер, дегісі келеді.

«Жаны аласаны үлкейткенмен ол өспейді»

Бұл Ғабит Мүсіреповтің өз афоризмі. Күнбе-күнгі өмірімізде кездесіп қалатын жаман әдет. Қолынан іс келместі,

өресі жетпесті қоқырайтып қоятындар ара-тұра көрініс беріп қалмай ма? Ғабит Мүсірепов соны меңзеп отыр. Партияның кадр таңдау саясатымен үндес. Кадрды біліміне, іскерлігіне, парасатына, адалдығына, шыншылдығына қарап таңдамай, тамыр-таныстық, туыстық, жерлестік нышандарына қарай таңдаған жерде береке болмайды. Ол – ортаны, түптің түбінде сол қолдаушының өзін ұятқа қалдырады. Дарынсызды, парасатсызды қолдаушының өзі мұндайда екі есе кінәлі.

«Қай халықтың болса да мәдениетін, көркем сөз, көркем өнерін жоғары көтеріп, жалындатып жіберуге жүз талант көптік етпейді, он талант аздық етпейді».

Осында күрделі ой жатыр. «Жүз талант көптік етпейді». әрине, шын талантты айтып отыр. «Он талант аздық етпейді». Біздің республикалық одақта, мысалы, бес жүздің үстінде СССР Жазушылар одағының мүшесі бар. Бәрі бірдей сол биік атаққа лайық па? Көркем сөзді жалындатып жіберуге бәрі бірдей жарай ма? Сұңғыла сұрақ түйіні осында. Жер бетінде не көп – тас көп, алтын аз.

Сондықтан Ғабит Мүсірепов жасыл блокноттың тағы бір жерінде былай дейді:

«Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жаз?!»

Бұл талапты Ғабит Мүсірепов ең алдымен, өзіне қойғаны зайыр ақиқат. Осындайда ойға оралады, ол оңаша бір әңгімесінде: «Газетінде кейде марапатшылық бар. Тым әсіре мақтау ұшырасады. «Көркем сөз шебері», «Сөз зергері» деп жатасыңдар. Маған да әсірелеу жарамас болар. Зергер деген не? Егер сен сөзіңмен, сөздің құдіретімен қурап қалған ағашқа жасыл жапырақ бітіре алсаң – әне сонда зергерсің. Егер сен сөз құдіретімен үмітсіз ауру адамды аяғынан тік тұрғыза алсаң, әне сонда зергерсің... Егер әлдекімнің жүрегіне мұз қатып қалса, сенің кітабың соны жібітер болсын. Әне, сол зергер...» – дегені бар. Ол осы талапты, ең алдымен өзіне қоя отырып,өзге қаламдас бауырларына да арнаған ғой.

Соның анық куәсіндей мына бір жолдар бар:

«Сәбит-ау!

Біз, шалдар, жазбай отыра алмаймыз ғой. Тек бір ғана тілек айтқым келеді – жаман жазбасақ екен. Біздің жаман үлгіміз жастар үшін жақсы үлгі болып көрініп жүрсе, бізге бұдан ауыр кінә болмау керек...»

Шіркін-ай, – дейсің бұл жолдарды оқып, – біз, қазіргі қартаң буын, орта буын, бір-бірімізге осылай ағынан жарылып, наз-тілек айта алар ма екенбіз? Айтып алып, арылмас дауға қалмаймыз ба деген күдіктен айыға алар ма екенбіз?

Жасыл блокнот, мінекей, осындай бір зіл батпан ойларға қалдырады.

Хас қаламгер заман, уақыт тамыршысындай.

«Баяғыны көксей берген елде бүгінгі өмірге үйлесе алмаушылық болады.

Баяғының құрметтісін құрметтей білмеген елде болашақ та жоқ.

Көксеу мен құрмет екі текті түсінік».

Түсінік беріп жатудың өзі күнә. Диалектиканы бір тарының қауызына сыйдырып айту үшін осындай құдірет керек.

Жасыл блокноттың жазуы кейде арапша әріппен тізіліп кетеді екен. Ондай жерін Ғазиза Бисенқызы оқып береді.

Оқыр алдында:

– Қарай гөр өзін. Әйел туралы жазғанда жанып кетеді, – деп шалы алдында отырғандай жорта бұрқылдап қояды.

«Әйел ашуланса – жеңіледі, еркелесе – жеңеді».

«Әйел шынын айтса да себебі бар, өтірік айтса да себебі бар».

«Менің байқауымша, сұлу әйелді ит қаппайды. Олай болса, сұлулықты ит те сезінеді».

Әйел, Ана туралы неше алуан көркем дүние жазған Ғабеңнің әйел психологиясын, мінезін, жүріс-тұрысын суреткерлікпен зерттеп, терең білуі әбден заңды.

«Адам атаққа құмартса – қорлығы.

Адамгершілікке құмартса – зорлығы».

Осы бір ойын жасыл блокнотқа түсірген Ғабит Махмұтұлы өзі қалай еді? Осы қағиданы өмірде өзі ұстанды ма деген сұрақ тұрар көмейде.

«Ұлпан» романының кітап болып жарыққа жаңа шыққан кезі. «Ұлпанның» он шақтысын көтеріп, «Жазушы» баспасының сол кездегі директоры Әбілмәжін Жұмабаев екеуміз Ғабеңнен сүйінші сұрай бардық.

– Бәрекелде-е-е! Жақсы жігіттер осылай болса керек, – деп ол шын қуанды. «Ұлпанды» баладай сипалап, мәпелеп отырып сонда бір сыр айтты:

– Мансапқа менің өкпем жоқ. Кәдімгідей лауазымды қызметтерде де болдым. Мүшелік, депутаттық дегеннен кенде емес едім. Атақ та бар. Бірақ соның бәрі өткінші. Өткінші емес бір нәрсе – ол жазу. Жазушы қай күні қаламы тоқтаса – оның өлген күні сол. Одан кейін жасамаса да болады.

Ол өзі өмірінің ақырғы күндеріне дейін қолынан қаламы түспегеніне мына үнсіз кабинет куә.

«Минем кәр минутым бөтен дөнья бәкасенә тора» – деп Тоқай айтса, Ғабит Мүсірепов те, әсіресе, өмірінің соңғы жылдары әр минутін бүтін дүниеге балап ғұмыр кешті. Кәзіргі қазақ әдебиетіндегі көркем тіл туралы болған конференцияда (1985ж.) жасаған екі сағаттық баяндама, Қазақстан Жазушылар одағы партия жиналысына берген шығармашылық есебі (1985ж.), мақалалар, интервьюлер, «Жат қолындағының» жаңа редакциясы, т.б. көптеген жұмыс сексеннің үшеуіндегі жазушы әр күнді, әр сағатты алтындай бағалағаны ғой. Жасыл блокноттың жанында Ғабеңнің қолымен жазылған хаттар…Эпистолярлық мұра. Соның бірінде Ғабит Махмұтұлы 1967 жылы 12 ноябрьде өзінің болашақ жұбайы, әрі жазушының «жалғыздығына» жәрдемші Ғазиза Бисенқызына былай деп жазыпты:

«Ғазиза жан!

Сіз бұл жіберген беттерді «36» беттен бастап басарсыз. (Бұрынғыдан бір-екі бетті өзгертуге тура келді).

Осымен Жібек апаңыз да аяқталды.

Аса ұқыпты басады екенсіз, көп рақмет. Шашымды ағартып жүрген бір жай осы еді, бұдан былай сізбен байланысты болсам, ол бәледен құтылатын шығармын, тағы да рақмет. Сәлеммен Ғабит Мүсірепов».

Бұл кезде Ғазиза Бисенқызы «Үгітші блокнотында» машинистка еді. Ал, Ғабеңнің арапшасын кез келген машинистка баса алмас-ты.

«Жібек апаның» қалай біткенінен біз де біршама хабардар едік. Өйткені «Қыз Жібек» киносценарийі тұңғыш рет «Лениншіл жас» газетінде жарық көрді. Фильм болып кейін шықты. «Қыз Жібекті» жариялаған газет қызметкерлерінің мақтанышы мен қуанышы әлі есімде. Сол «Қыз Жібек» кейінірек экран арқылы бүкіл дүние жүзін аралап шықты. Еңбегі осынша жанған жазушыда арман, мұң атаулы бола ма екен?

Бұл келтірілген жазулар үнсіз кабинет байлығының бір тамшысы ғана. Әлі сыр шашпаған, «ауыз ашпаған» жазулар қаншама!

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов 1985 жылы 31 декабрьде дүние салды.Содан бері бір жыл өте шықты.

Содан бері бұл кабинет жабық. Иесі майдан даласында мерт болған қаңтарулы қазанат сияқты…

Аспандағы алтын орда

– Мынау Төлебаев көшесі. Мынау көлденең жатқан Виноградов дегеннің көшесі. Ал анау Төлебаевпен параллель жатқан – Карл Маркс.

Осыны айтып, Ғабең кабинетінің терезесіне қарап, сигаретін тұтатуға оқталып біраз отырды.

– Терезеден әне анау жатқан бос жер көрінеді. Күнде көріп отырамын. Содан маған бір ой келді. Мына этажды үйден жалықтым. әне сол бос жатқан жерге, егер басшылар рұқсат етсе, бір жайдақ үй салдырсам деп едім. Мұхтардікіндей болмаса да, соған жетеқабыл... Аздаған тал егетін, гүл егетін жері де бар.

Соны ойлап жинаған 40 мың сом ақшам да бар.(Ол кездегі өлшеммен 40 мың доллар – Ш.М.) Қонаевка кіріп осыны айтпақпын. Реті келмей жүр.

Жазушы неге жеке үйді аңсайды екен? Бұдан бұрын сонау алпысыншы жылдары Баукең де өз туған ауылынан үй салдырмақшы болған. Жергілікті басшылар алдында «Жарайды-жарайды» деп алып, артынан ұмытып кеткен. Немесе құлқы болмаған.

Ал көпқабатты үй шығармашылық адамының аяғына кісен салып қойғандай ғой. Көпқабатты үйде көктемнің қалай өтіп кеткенін, көбелектің гүлге қалай қонғанын көрмей де, білмей де қаласың.

Жазушыға кеңістік керек. Ол көк аспанды. Жұлдызды түнді биік үйде отырып көре алмайды. Жасы келген жазушыға жерге түсіп, шығып жүру де қиын. Ғабеңнің сонда тұрған үйінде лифті де жоқ еді.

Сондықтан болар, ол көбінесе «Горный гигант» деген жердегі Жазушылар одағының шығармашылық үйінде жатып, жұмыс істейді. «Жат қолында» атты романын сонда жазып бітірді.

Бірақ Ғабеңнің жеке үй салдырмақ ойы орындалмады. Себебін білмедім. Егер сол ниеті орындалғанда, қазір ол үй Ғабит Мүсіреповтың музейі болып қалатын еді. Оны құдай бұйыртпапты.

Бұл фәни дүниеден өткен жазушыға тірілер музей аша ма, ашпай ма – бәрібір. Мұндай әрекет, ең алдымен тірілердің өздері үшін қажет.

Таяуда Алматыға барып, Ғабең өзі тұрған үйді көрдім. Көпқабатты үйдің Ғабең тұрған подъезінің маңдайшасына «Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің музей үйі» деген жазуы бар екен.

Темір есіктің кодын (цифрлы кілтін) білмей, ішке кіре алмай кідірдім. Осы үйдің бір тұрғыны келіп ашпағанда, қайтып кетер едім.

Үшінші этажға да көтерілдім. Темір есік құлыптаулы. Қоңырауын ары бастым, бері бастым. Жым-жырт. Мұндай мылқау тыныштықтан тұла бойым біртүрлі суып кеткендей болды.

Күн сенбі. Музейлердің нағыз жұмыс істейтін кезі. Содан көшенің қарсы бетіндегі Сәбит Мұқанов тұрған үйге барайын. Онда да: «Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың музейі» деп жазылған. Есік жабық.

Содан ойландым: «Е, мұнда да «оптимизация» болған екен-ау» дедім. Екі музейді біріктіріп, «оңтайландырып», штат қысқартқан сыңайлы.

Бір жағынан «екеуі бір елден. Екеуі «мың жылдық құда, бұл да дұрыс шығар» дедім. Тіршілікте анау-мынау десе де, енді, әрине, мың жыл, мәңгі бірге…

Мен осындай ойлармен тұрғанда тротуармен қасыма бесік-арба итерген бір әйел келіп тоқтады.

– Немене жабық па екен?

– Жабық, – дедім мен. Бесік-арбада нәресте ұйықтап жатыр, езу тартып қояды.

Сонда менің есіме Ғабеңнің «Екінші Биаға» деген әңгімесі түсе кетті.

Баяғыда Бейімбет Майлин тірі кезде, Ғабит Мүсірепов екеуі командировкаға шыққан ғой.

Алыс аудан. Аудан басшылары екеуін ауыл сыртындағы бір үйге апарып күтеді. Қонақ асынан кейін екеуі сол үйде түнеп қалады.

Шырт ұйқыда жатқанда есік-терезе тарсылдайды.

Арбамен алыстан толғатқан әйелді әкеліп тұрған біреу екен. Сөйтсе бұл үй мейманхана емес, әйелдер босанатын үй екен. Ауданда қонақ үй болмаған ғой.

Бейімбет пен Ғабит әлгі әйелді босандырып алады. Баланың атын Ғабең БИАҒА деп қояды.

Әңгіме өте көркем. Оқып отырғанда өзіңнен-өзің күлетін жерлері көп-ақ.

Әлгінде қонақ асынан кейін айғыр стаканмен ішкен арақтың әсерінен екі жазушы өздерін ұлылармен теңестірген ғой.

«Бейімбет – Толстой. Мен – Горький» дейді Ғабең. Горький болса болғандай.

Алдымен Горькийдің:

«Адамның анасы»,

«Өлімді жеңген ана»,

«Ана кесімі айнымайды» атты әңгімелерін қазақшалады.

Соңынан өзі де:

«Ананың анасы»,

«Ашынған ана»,

«Ананың арашасы» сияқты төл көркем туындыларын жазды.

Ғабең тегінде Ананы адамзаттың асылы санап, әйел

сұлулығын ГИМН дәрежесіне көтерген қаламгер. Қыз Жібек, Баян сұлу, Ақтоқтылардан бастап, Ұлпанға дейін әйел затының әрі алып, әрі нәзік періште бейнесін салған шебер суреткер.

* * *

Төлебаев пен Виноградов көшелерінің қилысындағы Ғабең тұратын үйдің алдында Қонаев ескерткіші қойылған.

Көзінің тірісінде-ақ. Қос қапталы фонтан, қауыз. Айналдыра орындық-скамейкалар. Түстігі тізіліп тұрған жас шыршалар.

Ғабең, көбінесе сол шыршалар көлеңкесінде демалып отырады. Кейде әдейі, кейде кездейсоқ жолығысып қаламыз.

– Жалғыз ұлы бардың шығар-шықпас жаны бар, – дейді Ғабең сигаретін тұтатып.

– Екі ұлы бардың өкпе-бауыр, жалы бар.

– Үш ұлы бардың Бұхарада малы бар.

– Төрт ұлы бардың аспанға салған жолы бар.

Осыны неге айтып отыр десем,

– Менде соның біреуі де жоқ, – дейді де, сигарет түтінін алысқа аспандата будақтатып жібереді.

Міне, арман!

Ал көп адам Ғабитте де арман бар ма екен деп ойлайды.

– Сіздің ұлдарыңыз – өлмейтін кітаптарыңыз ғой.

Бетіме ұзақ қарайды. Дөңес шынылы көзілдіріктің аржағынан көздері шатынап көрінгендей болады.

* * *

Таяуда Алматығы барып, Карл Маркс (қазіргі Қонаев) пен сол Виноградов қилысындағы Ғабең терезеден қарап тұратын бос жерді іздедім.

Бос жер жоқ. Алты қабат ақ үй салыныпты. Жан-жағын биік-биік шойын шарбақпен қоршап тастапты.

Бұл дүние опасыз. Бұл дүниеден өте шыққан белгілі азаматқа арналып, алғашқы тақта да орнатылыпты.

Ғабең Алатаудың белуарынан асқақ сарай салдырмады.

Бар жиған байлығы қырық мың сом екен. (40 мың $).

Сонда да ол қазір таудың шыңына дейін үй салып жатқан пенделерге аспандағы алтын ордадан қарап, қарқ-қарқ күліп тұрған сияқты.

Морис СИМАШКО, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Ғабит аға ғибраттары

Бұл кісімен дидарласу әрқашан да қызықты. Оның әңгімесін тыңдау ғана емес, өзін ұстауын қадағалау да ғанибет болатын. Ол өзін айрықша бір бекзаттықпен ұстар еді. Көшпенділер қоғамындағы өзара қарым-қатынас тарихынан хабарсыз адам Ғабеңнің мұнысын паңдық көріп қалуы да ғажап емес.

Мүсіреповке осы мінез жағынан да еліктеушілер табылатын. Жазушылар жиынының мінбесіне көтеріліп бара жатып, бір ақынның – ол кезде әлі жас болатын – кенеттен кідіріп, күллі залдың көзінше еңкейіп, бәтеңкесінің бауын ұзақ байлағаны есімде. Бейне бір ол асықпаңыздар, нағыз ақынның елді күттіруге қақысы да бар дегендей. Осыны мойындағандай ақсақалдар да үндеген жоқ...

Мені осынау ақсақалдар буынындағы қарым-қатынас шынайылығы үнемі риза ететін. Олар кейінгі қарбалас онжылдықтарда біздер жоғалтып алған ерекше бір қасиетті нәрсені білгендей. Бәлкім бұл олардың қиын-қыстау қатал уақытты бастан өткергендігінен шығар. Мен Ғабит аға мен Иван Петрович Шуховтың достығына көп жылдар бойы куә болдым. Олардың достығы – біздердікіндей әсіре көп сөзді емес тілсіз, сенімді достық болатын. Біздерді тыңдай отырып, олар кейде бір-біріне үнсіз қарап-ақ түсінісетін, сонда жүздерінен бір нұр жүгірер еді. Сөз жоқ, бұл – революция жалынынан нәр алып жатқан нұр. Мен олардың «Интернационалды» қағазға қарамай бірге шырқағанын көрдім...

Ғабит аға әңгімені майын тамызып айтатын. Айтқанда оның жүзі де, үні де өзгермейтін. Бірақ әңгімесі соншалық нанымды, әсерлі естілетін; себебі жарты ғасырдан уақыт бұрын өткен сол оқиғалар мен адамдарды Ғабең көзбен көріп, бастан кешіргендей сезілетін. Мүсірепов өмірінің сондай бір эпизодын үшінші жақтан баяндағым келеді. Өйткені, мұны бірінші жақтан әңгімешінің өзі, Ғабеңнің тікелей өзі қатыспайынша дәл жеткізу мүмкін емес.

Қарапайым ғана оқиға. Аумағы жүздеген шақырымға созылып жатқан жазық, жаланаш дала. Ортасында жартылай отырықшы, балшық пен қамыстан соғылған отыз шақты жеркепе үйлі ауыл көрінеді. Ауыл шетінде мұнаралы ескі мешіт тұр. Оның іші де тозығы жетіп, құлауға айналған. Жұрттың үстінен күн көретін молда өз міндетін әлдеқашан ұмытқан. Халықтың сұрауы бойынша күні бойы мұнара

үстінде қарауылдап отырады. Оған себеп те бар. Өмір астаңкестені шығып жатыр. Даланы Колчак, Алашорда отрядтары, немесе қарулы бандиттер тобырлары дамылсыз кезіп жүр. Бір уезде совет өкіметі орнаған болса, басқа біреуінде өзге үкімет. Дүниеде не болып, не қойып жатқаны әлі әзір мәлім емес.

Шыжыған күннің астында қалғып-мүлгіп отырған кәрі молда кенеттен ауылға солтүстік жақтан бір қорқынышты аттылар келе жатқанын көреді. Оның иығында винтовкасы, бүйірінде маузері бар, белінe қылыш тағынған. Және жақындап қалыпты. Шал айқайлап дауыс беруге де қорқады, бірақ жүрегінің дүрсілін басып, көршілеріне хабар беру үшін тез төменге түсе бастайды. Алайда зорға ілініп тұрған баспалдақтар опырылып, молда бақыра-мақыра анадай жерге құлап түсіп, аяғын сындырып алады. Зәресі ұшып кеткен ауыл адамдары балаларын алып, көрінген жерге тығылады...

– Бұл қорқынышты адам – сол кезде енді ғана он жетіге толған мен болатынмын, – дейді Ғабит аға кірпігін де қақпастан.

Ал жаңа ғана милиция қызметіне тұрған ол туған ауылын әр түрлі қаңғырған бандылардан қорғау үшін уездік комитеттің тапсырмасы бойынша келіп еді.

– Әлгі кәрі молда бұдан кейін де отыз жыл өмір сүрді, бірақ аяғын ақсап басатын болды және менімен әрбір жолыққан сайын, тіпті белгілі жазушы болған кезімде де, біртүрлі сақтана қарайтын, – деп әңгімесін аяқтады Ғабит Махмұтұлы.

Әйтпесе, Ғабеңнің басқа бір әңгімесін еске түсірейікші. Бұл оқиға отызыншы жылдары болады. Ол кезде Мүсірепов әлі жас, әрі республикалық партиялық газеттің редакторы. Ол Москвада басшы партия қызметкерлерінің бірін валютаға алынған шетелдік баспахана құрал-жабдықтарының жартысын Қазақстанға беруге көндіреді.

– Барлығы он алты неміс ротация машинасы болса, соның сегізі біздің республикаға жіберілді, – дейді ол әрбір сөзіне мән бере қасын көтеріп. Оның бүгінгі күні бәрімізге үйреншікті болып кеткен осы бір фактіні өз өміріндегі ең үлкен жеңіс санауы да мүмкін. Сол кезде өз халқы үшін өте бағалы болған сыйды нақ қазір алып тұрғандай даусынан аса бір сүйсініс байқалады. Және осы бір «балалыққа» сайып жатқан мақтанышын жасырмайды да.

«Оянған өлкенің» екінші кітабын («Жат қолында») аудару үшін біз Ғабит Махмұтұлы екеуіміз өнержай үйіне

орналасқанбыз. Таңертең, түсте және кешке сұқбаттасамыз. Бұл жерде мен оның маңызы жазушылығынан кем түспейтін қоғамдық қайраткерлігіне куә болдым. Өзіне көмек сұрап, кеңес сұрап келгендерді зейін қоя тыңдап, аса қымбатты уақытын киып, қажет жағдайда қол ұшын беріп жататын.

Бірде оған ауданнан бір адам келді. Байқауымша, ол жазушымен тікелей таныс емес, бірақ арызын тек Ғабеңе ғана айтқысы келеді. Бастығы оны әлдебір нәрсе үшін қуғындап, күн көрсетпейтін секілді.

Оны тыңдап болған соң:

– Бастығыңызға ертең маған келіп кетсін деп айтыңыз, – деп қысқа қайырды Ғабит аға.

Келесі күні аудандағы қызметі жоғары әлгі бастық келді. Бұл да Ғабеңді тікелей танымайтын адам. Бірақ Ғабеңнің ұрысқанын жас баладай басын салбыратын отырып тыңдады.

– Бұның қазақтыққа жатпайды... Бұл тіпті де қазақтың тірлігі емес, – деп бітірді Ғабең сөзін.

Бұл іске байланысты ешкім қайта келмегеніне қарағанда, мәселе Ғабең сөзімен-ақ шешімін тапқан сияқты.

Содан соң Ғабит аға төрт күн бойы бір ардагердің пәтері мәселесімен айналысты. Бір жаққа барып жүріп, телефон шалып жүріп, әйтеуір әлгі ардагерді жайлы үйге орналастырғанша тынбады. Біреуге тағы да былай деп жатқанын естідім: «Мұныңыз қазақтыққа жатпайды. Ақсақал жетпіс бес жасқа келіпті. Осы Алматыда туып-өскен. Кешегі соғысқа қатысқан...» – байсалды дауыспен сендіре сөйлейді. «Бұл қазақтыққа жатпайды...» дегенді күйіне, жиі қайталайды.

Тек бір рет қана бір жас жігітке – байқауымша, жақсы танысы, не жақын туысы – көмектесуден үзілді-кесілді бас тартқанын көрдім. Жігіт түске таман қазынаның ашық түсті «Волгасымен» келді. Пальтосыз, қымбат костюм киген, аяғында модалы шетелдік аяқ киімі бар. Ғабит Махмұтұлын шетке шығарып алып, әлденені қызулана айта бастады.

Ғабит аға оны тіл қатпастан жарты сағаттай тыңдады. Сосын басын шайқап, үзілді-кесілді: «Жоқ!» – деп шолақ қайырды.

Жас жігіт кетіп қалды, ал Ғабит аға болса үнсіз, түскі тамақ кезінде де жақ ашқан жоқ. Тысқа серуендеуге шыққанда барып күңк етті:

– Тек бастық болғысы келеді... Тіпті әйтеуір бір ларек, немесе монша болса да басқарғысы бар. Жәй дәрігер немесе карапайым инженер болғысы келмейді. Тек бас дәрігерлік,

әйтпесе директорлық керек. Ең сұмдық дерт бұл. Туберкулез сияқты әлеуметтік дерт...

Ол тағы да көп уақыт үнсіз қалды, сосын қайта сөйледі:

– Сен менің романымда болысты қалай сайлайтынын көрдің ғой (Ол қатты толқығанда, «сенге» көшіп кететін). Алуан өсек-аяң, сатып алу, губернияға ағылған арыздар – бәрі де өз адамдарын өткізу үшін жасалады. Мұның бәрі мәңгілікке құрыды ғой деп ойлап едім. Жоқ, олай емес екен, қайта шығыпты, күшейіп шығыпты. Қазір «болыстар» көбейіп кетті. Ғылым мен әдебиетте де «болыстар» пайда бола бастады. Халыққа бұдан артық қауіп-қатер бар ма?..

Кешкісін біз жұмыс барысы: кейбір сөз-ұғымдарды қайтсек жақсы аударуға болатыны, орыс оқырманына өткен ғасырдың аяғындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі психологиясы ерекшеліктерін ұғындыру туралы кең әңгімелестік. Өйткені, шығарма орыс тілінен өзге тілге де тәржімеленеді ғой. Мен таңертең «Волгамен» келген адам жөнінде мүлдем ұмытып та үлгердім. Бір кезде Ғабит Махмұтұлы қолымнан ұстай алды да:

– Таңертең келген өзінің министр болуына көмектесуімді өтінді. Міне, солай Морис... – Ол бұл жолы да, бұрынғысындай, қатты құптамайтындығын білдіріп басын шайқады. – Жоқ, бұл қазақтық емес. Біздің халықтағы басты нәрсе – адал еңбек ету, арды сақтау. Осы лай өмір сүруге әлгіндей «болыстар» кедергі жасамаса екен... Себебі, олардың өмірі халықтан бөлек, бөлек өмір. Мақсаттары да басқа «болыстық» мақсаттар. Солай өмір сүру керек деп жастар ойлап қалмаса дейміз..

Нығмет ҒАБДУЛЛИН, профессор

Ғабит аға туралы

I

Қазақ көркем сөзінің үлкен шебері Ғабит Мүсірепов шығармашылығына арналған әдеби кештердің бірінде жас оқырман қауым Ғабең жөнінде бір қызық сауалдар берді. Өз байқап-барлағанымызды айтып ек. Ең әуелі сол сөздерді қайталағым келеді:

– Ол кісінің мінезі қандай еді?

– Ғабит аға салмақты адам болатын. Өзін үнемі бірқалыпты ұстайтын. Асықпайтын. Сөз сөйлегенде де жұмсақ қоңыр үнмен асықпай жай сөйлейтін. Отырыс-тұрысында, қимыл-қозғалысында сабырлы бап бар еді. Осы мінезі кейде оны тәкаппар сияқты көрсетіп, қайсыбір адамдар ол кісімен сөйлесуден именіп, жасқаншақтай беретін. Бекер жүрексінген дер едім оларға. Егер Ғабеңмен сөйлесе бастаса, жазушының өте кішіпейіл, қарапайым адам екенін өздері көрген болар еді.

– Ол кісі әңгімешіл ме еді?

– Ғабең онша әңгімеқұмар кісі емес-ті. Кез келген жерде, кез келген нәрсені сөз етіп әңгіме құрмайтын. Бір жайларды, болған оқиғаларды өзі бастап және сөйлемейді. Бұл кісіге әңгіме айтқызу үшін, бір сауалдар беріп, сөзді өзің қозғауың керек. Міне сонда, Ғабит аға сәл езу тартатын еді де, жайлап сөйлей бастайтын. Әңгімені, юмор араластырып, қызықты етіп айтатын. Анда-санда бетіне бір қарап қойып, сөзді қалай түсінгеніңді сынап та отыратын. Не жайында сөйлесе де, сізде екі-ұшты ой қалдырмай, өз көзқарасын анық білдіре сөйлейтін. Ал басқаның сөзін, оның жасы өзінен көп кіші болса да, ерекше ықылас қойып, үлкен зейінмен тыңдайтын. Сөйлеп отырған кісінің сөзін бөлмейтін. Жалпақтамай, мәймөңкелемей, шын ойыңды ашық айтып сөйлегеніңді жақтыратын.

– Шығармасын қалай жазатын еді?

– Ғабит аға сөз өнеріне келгенде, өзіне де, өзгеге де қатал талаппен қарайтын. «Әр шығармамды жазардан бұрын, оның бүкіл жүйесін, оқиғалар желісін, образдардың даму жолын – бәрін асықпай ұзақ ойланамын. Бұл ойлануым – бірнеше күн емес, бірнеше айға, тіпті жылдарға созылып кетуі мүмкін», – дейтін-ді Ғабең. Бірақ ойлануы ұзақ болғанмен, тез жазатын. «Қозы Көрпеш Баян сұлу» пьесасын он бес күнде, «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясын он сегіз күнде жазған. Ғабеңнің бір ғадеті: шығарманы қаламмен емес,

кәдуілгі қара қарындашпен жазатұғын. Жазуға кірісерден бұрын, бір уыс қара қарындашты, ұштарын біздей қып ұштап, шыны сауытқа сап алдына қояр еді. Біреуінің ұшы мұқала бастаған кезде, қолына екіншісін алар еді. Жазуы қағаз бетіне біркелкі боп түседі. Көңілінен шықпаған кей сөйлемді, яки сөзді сызып тастап, үстінен түзетпейді, өшіргішпен өшіріп отырады. Сондықтан жазулары маржандай мөлдіреп, шығарма жазған қағаздарының беттері ешқандай қол тимеген, түзету жасалмаған сияқтанып, таптаза боп тұратын. Сөз зергерінің сұлу жазуына сүйсініп қараған кезінде көз алдыңа бір әдемі сурет келер еді: сағым ойнаған теп-тегіс боз далада созылып шеру тартқан ұзын түзу көштің немесе көк жүзінде биікте тізіліп кетіп бара жатқан қаз-тырна қатарының сәні қандай! Сол тақылетті бір әсерлі көрініс елес береді. Ғабең жазушының әдемілік сыры әсемдікті сүюдің биік эстетикасымен сабақталып жатқанын аңғарасың.

II

«Бала кезімде қисса оқуға құмар болдым. Халқымыздың тамаша эпостық жырларын, қазақ арасына кең жайылған, шығыс аңыздарынан алынған таңғажайып дастандарды соншалық беріліп, елігіп, бас алмай оқитын ем. Менің әдебиетті сүюіме осы құрмалықтың себеп болғаны анық», дейтін-ді Ғабең.

Ал өзінің әдебиетке келуіне, жазушылық өнерге қадам басуына жол нұсқаған жетекшілерім деп екі адамды – Бекет Өтетілеуов пен Сәбит Мұқановты құрметпен атайтын-ды. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің белгілі өкілі, әрі ақын, әрі педагог Бекет Өтетілеуов – екі кластық орыс мектебінде Ғабит Мүсіреповке дәріс берген мұғалімі. Бекет жас шәкіртін көркем шығарма мазмұнының ішкі сырын, сазын, тіл кестесінің көркемдік құпиясын терең танып оқуға баулып: «Шығарма ұнады ма? Несі ұнады?» деп сауал беріп, талдау жасатып отырады екен. Өзі ұстаз тұтқан, бұрынғы өткен атақты ақын-жазушылардың өмірінен қызықты әңгімелер шертіп, әдебиетке ынталы шәкіртін сол өнер адамдарының жолын кууға талпындырған.

Ал Сәбит Мұқанов, Ғабит екеуі Орынборда рабфакта оқып жүрген кезінде, оған газет басқармасынан орысша жазылған қаулы-қарарларды алып келіп аудартып жүреді де, Ғабиттің қаламға икемі барын көріп, тілге ұқыптылығын және өзгенің шығармасына орнықты сын айта алатынын байқап: «Сен жазуға кіріс» деп күнде қозғау сала берген. Ол кезде өлеңдері газет беттерінде жиі жарияланып, жұртқа ақын ретінде

жап-жақсы танылып қалған Сәбит Ғабитті ыркына қоймай, жазушылық жолға еліктірген. Ғабит Мүсіреповтің тұңғыш көркем туындысы – «Тулаған толқында» повесінің әуелгі қолжазбасын бірінші оқыған, бірінші сын айтқан және осы шығарма баспа жүзінде алғаш жарық көргенде оның бірінші редакторы болған адам – Сәбит Мұқанов.

III

Алатаудың сұлу келбетіне қарап тұрып Ғабеңнің толғанып айтқан бір сөзі есіме түседі.

– Көз сүзіп қараңдаршы, біздің Алатау қандай әсем! Қарсы алдымыздан көрінген мына бір шыңы, тіп-тік боп, бәрінен мойны озып және ұшар басы найзадай сүйірленіп, өзгеше оқшау біткен. Оның екі жағындағы анау шыңдар одан гөрі сәл аласалау. Бірақ шыңдарына дейін, қарағай өрмелеген, сымбаты бөлек. Бұларға қанаттасып созылып жатқан өзге түйе өркеш шоқылардың да әрқайсысының бітімі дара: бірі шошақ төбелі, бірі жатаған, бірі иығына төгілтіп ақ шәлі жамылғандай, бірі мойнына жалтыратып алқа тағынғандай. Осы бірі үлкен, бірі кіші биіктер, бірін-бірі толықтырып, бірінің-бірі әрін кіргізіп, біртұтас болып, қандай ғажап ансамбль құрып тұр! Алатаудың ерекше сұлу, айрықша сымбатты көрінуінің сыры осында. Мен әдебиетті осындай ұлы тауға ұқсатамын. Көркем сөздің шеберлері осы таудың, бірі биік, бірі одан аласалау жаралғанмен, бірақ қанаттасып, тұтасып жатқанда, көзге соншалық әсем көрінетін сол әдемі шоқылары іспетті. Қандай ұлы жазушы болса да, ұлтының әдебиетін бір өзі жасай алмайды. Ұлтының әдебиетін ол өзінің бүкіл қанаттастарымен ғана биіктетеді. Орыс әдебиетінің «алтын ғасырын» мысалға алайық. Пушкин жалғыз ба? Гоголь жалғыз ба? Лев Толстой жалғыз ба? Олардың төңірегіне қараңыз: Лермонтов, Некрасов, Тургенев, Достоевский, Чехов, Гончаров... Кілең биік шыңдар. Солардың бәрі тұтасып, XIX ғасырдағы орыс әдебиетін ғарышқа көтеріп тұрған жоқ па?!

Ғабең қалам қайраткерлері туралы әңгіме қозғағанда: «Мынау жазушы ілгері, ал анау жазушы одан кейінірек тұрады», – деп, бірімен-бірі салыстырмайтын. «Осы жазушының жазғаны көңіліме ұнайды, немесе ұнамайды деген бір ғана баған болуға керек. Ал бұл баға өзіннің дүние танымына және талғамына байланысты нәрсе» дейтін. «Алуан-түрлі жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді» деген халықтың даналық сөзін өлшем етіп ұстайтынын аңғартатын.

Ал өзінің шығармалары жөнінде көңілі толып, мақтанып сөйлегенін көрген емен. «Ғабит Мүсірепов – драматург» деп аталатын монографиямды жазу барысында Ғабит Махмұтұлынан, жазушылық тәжірибесі хақынан сыр тартып, талай рет пікір сұрағаным бар. Сонда, ең алғашқы әңгімеде, Ғабең байсалды үнмен бір салмақты сөз айтқан:

– Жазғандарымның бәрі мінсіз деп, жөні түзу жазушының бірде-біреуі айтпаса керек. Менің де өз көңілімнен шықпаған дүниелерім жоқ емес. «қазақ солдатын» екі-үш рет өңдедім, әлі де олқы тұрған жерлерін сеземін. Мен соғыс отын кешкен жоқпын, майдан сұрапылының суреттерін көз алдыма ақылмен елестетіп жаздым. Шығарманы бірінші жақтан, әңгімені геройымның өзіне айтқызып отырып баяндаған тәсілім де сондықтан еді. Шындықты көзбен көргенге не жетсін. «Оянған өлкені» Ілияс Омаров жер-көкке сыйғызбай мақтады. әрине, мақтауды ешкім де жек көрмейді, бірақ бұл романымның да олқы тұстарын білемін. Сенен тілерім: менің жазғандарымнан байқаған мініңді, айтқың келген сыныңды, жасымның үлкендігі мен дәрежеме, беделіме қарап бүгіп қалмай, орағытып, кетпей, ашық сөйле. Тек дәлелің қисынды болсын. «Болашаққа аманат» «Жұлдыз» журналында жарияланған бойда, іле-шала өзіміздің орталық газеттерде екі-үш рецензия жарияланды. Осы пьесада менің не айтқым келгенін және сол ойымды қай үлгіде қалай айтып шыққанымды мақала авторларының біреуі де дәл танып көрсете алған жоқ, тек тамсана береді. Гиперболаның да шегі болуға керек. қантты тым көп салып жіберсең, қаймақ құйған күрең шай да жүрегіңді айнытады.

Мені осы сөздерін көңіліне тоқып алсын деп әдейі пауза жасағандай, Ғабең сәл үндемей отырып қалды. Сонан соң барлағандай бетіме қарап, сұрау қойды:

– «Болашаққа аманатты» оқыдың ба?

– Жақында оқып шықтым. Мен де мақала жазбақшымын, «Лениншіл жас» редакциясымен сөз байластым.

– Ендеше пьеса қалай шыққан екен деп сұрамаймын, менің пікірімнің ынғайымен жүріп кетпеуің керек.

– Кешіріңіз, Ғабе, менің бір сұрауым бар. Он сегізінші ғасырда жасаған Сырым батыр бір тұстағы монологында бүгінгі қазақтардың тілімен сөйлеп кетеді. Мәселен, қазақ елі ежелден мал шаруашылығымен шұғылданған ел дейді. «Мал шаруашылығы» деген тіркес – қазақ тіліне советтік дәуірде енген жаңа сөз ғой. Осы тың сөзді Сырымның аузына әдейі салдыңыз ба?

– Сырым «мал шаруашылығы» деген бе?

– Иә.

Ғабең сол жақ қасын сәл көтеріп қалып, езу тартты.

IV

– Бір жазушының қолданған теңеуі, эпитеті, немесе кейіпкерінің кейбір сөздері басқа жазушының сөйлеміне аз-мұз үндесіп кетсе, осыны «Еліктеу» деп түсінетін бір ғадетіміз бар, – деді ол жас жазушылармен кеңесіп отырған бір әңгімесінде. «Мөңіреп жұртқа ой қайтты, бұзауы өлген сиырдай» – дейді Дулат. «Адасқан күшік секілді, ұлып жұртқа қайтқан сөз» – дейді Абай. «Что за мастерское создание – человек!» дейді Шекспирдің Гамлеті. «Человек – это великолепно, это звучит гордо!» дейді Горькийдің Сатині. «Карамазовтың арының маңдайы жез еді» дейді Достоевский. Мұхтар Әуезов «қилы заман» романында патша отаршыларының оғына ұшып жайрап жатқан ағайындарының өліктерін көргенде денесі дір етпеген жылтыр тілмашты суреттегенде, «оның арының маңдайы көн терідей сірі еді» дейді. Осы үндестіктер «еліктеу» ме? Жоқ, мен мұны алдыңғы шеберлердің сұлу ойын кейінгі жүйріктердің дамытуы деп ұғамын.

Осы пікірін дәлелдегесі келгендей Ғабең енді тақырыпты кеңірек таратып сөйледі. Еліктеу дегеніміз не? әуелі соған анықтама берді. Өзінің жас, қаламының әлі ысылмаған, шығармашылығының әлсіз кезінде, қай жазушы болса да, алдындағы сөз зергерлерінің үлгісіне еліктеуі – табиғи нәрсе екенін, мұны «іздену жолы», «шаманы байқап көру әдісі» деп санау керектігін айтып өтті. Бірақ еліктеуден ұзай алмаса, қарашыл бола берсе, бұл – мін болады» деп және ескертіп қойды.

– Ал мына жайдың мәнісі бөлек, – деп сонан соң сөзді екінші арнаға бұрды. – Адал махаббаттың улануына «Отеллода» орамалдың, Лермонтовтың «Маскарад» пьесасында білезіктің жоғалуы себеп болады. Бұл үндестік – еліктеу емес, бұл – жарысу. Лермонтов – ұлы Шекспирмен жарысқа түсіп отыр. Мақсаты – Шекспирден озу емес, құлашты Шекспирше сілтегісі келгендігі.

Ғабең сәл бөгеліп, бұдан кейінгі сөзін өзіне қаратып айтты.

– Ғабиттің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасындағы Жантығы Ягоның, қарабайы Мольер сараңы Гарпогонның варианттары секілді, Ғабит бұл образдарды Шекспир мен Мольерге еліктеп жасаған деген пікірді ылғи естіп келемін. Мені мақтағаны ма, әлде мін тапқан түрі ме, – оны өздері біледі. Шекспир мен Мольердің шеберлігіне жету қиын шығар, бірақ мен бейнелеген Жантық – Венеция қолбасшысының әскери шенге таласқан күншіл поручигі емес, Қарабай – Парижді қоржынға ақша тыққыштаған қалтырауық карауы емес, екеуі

де – бұрынғы көшпелі қазақ елінің өз сұрқылтайы. Біреуі – «екі ұртының бірі май, бірі қан» екі жүзді арамы, біреуі – қараулығы үшін қара жерге жұтылып кететін безбүйрек қарымбайы. Менің москвалық орыс достарымды «сенің қалам тартысыннан түгенше классиктің мәнерін көремін» деп, Пушкиндей ұлы тұлғамен сабақтастырып мақтасаң да, «сонда қалай, менің өз өрнегім жоқ па?» деп, намыстанып қалады. Өнер адамы бірінен-бірі үйренеді, бірақ біріне-бірі ұқсап тұрса, бұл – мақтаныш болмаса керек.

V

Ол Гогольдің жазу мәнеріне ерекше сүйсінетін. Мысқылының күші жағынан оның алдына түсетін жазушы жоқ деп бағалайтын, юмор мен сықақты әр шығармадан да ұшыратамыз. Күлдіреді, езу тартқызады. Бар болғаны – осылай мәз еткені ғана ма? Циркте клоунның аренаға әлем-жәлем киініп шыға кеп, көпке қарап, көзін шегірейтіп, аузын қисайтып тұра қалғанына да мәз боп күлеміз ғой. Сонда ойымызға да ештеме түспейді, көз алдымызға да еш нәрсе елестемейді, құр күлеміз, юмор мен сықақта өткір астар болмаса, бұл да сол секілді, басына ой салмайтын, тек күлуге жақсы бұралқы сөз боп шығады. Гогольдің мысқылында нысана бар. Біреуді аяғынан шалып түсірген кекесіні, әжуасы қоғамның мініне барып дәл тиеді. Айызың қанады, рахаттанып күлесің.

Ғабең Гоголь шеберлігінің құдіретін осылай сипаттай бастар еді. Жиырмасыншы ғасырдың қуатты сатиригі деп, Генрих Маннды атайтын. Бұл неміс жазушысы өз шығармасында адамдар мінез-құлқындағы ерсіліктерді кекей отырып, қоғамның дертін найза тілмен өлтіре түйрегенін сипаттап сөйлеп кетер еді.

– Ал Генрих Манн – ұлы Гейненің қоғамдық өткір сатирасының дәстүрін ұластырған, дамытқан жазушы, – деп, үлкен шеберлік сырының бастауы қайда жатқанын аңғартып қояр еді.

VI

1965 жылы Москвада, «Литературная газетаның» алғашқы саны шыққанына 130 жыл толуына арналған мерейтойы өткізілді. Осы тойға қатысу үшін Қазақстан Жазушылар одағының атынан, қонақ ретінде, үш адам бардық: Ғабит Мүсірепов, Әнуар Әлімжанов және мен (ол кезде «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы боп қызмет істейтінмін). Алматыдан Москваға самолетпен ұштық. Әнуар екеуміз

Ғабеңді ортаға алып, оның екі жағынан отырғанбыз. Әуе лайнері аспанға көтеріліп, астанаға бетін түзеп, шарқау биікте бірқалыппен самғап сызып бара жатқанда, біз Ғабеңе сұрау беріп, оны әңгімеге тарта бастадық. Үлкен жазушы өзімен тұстас әріптестерінің қаламгерлік өнерін қалай бағалайды екен? Біз осыны білуге қызығамыз. Сондықтан бір ғана сауалдың төңірегінен ұзамадық.

– Мұхтар Әуезовті қалай бағалайсыз?

– Мұхтар – ұлы жазушы, – деді Ғабең. Сонан соң ойланыңқырап, бірер минуттей үндемей отырады да, сөзін салмақты үнмен жалғастырды. – Николай Погодиннің Мұхтар туралы «Әуезов – біздер үшін Шығыстың Шолоховы» дегені бар. Мұхтардай ірі таланттың тереңдігіне бас иіп айтқаны. Үлкен жазушыға үлкен бағасын беріп отыр. Бірақ Погодин теңеуінің шеңбері біздің Мұхтар үшін тарлық етеді. Мұхтар мұрасы ұшан-теңіз. Ол әдебиеттің әр жанрында мол, қымбат еңбек қалдырған, қуатты қалам қайраткері. Прозасына қараңыз: әр алуан тақырыпқа жазылған әңгімелер мен очерктер, повестер, романдар, «Абай жолы» эпопеясы. Драматургиясын алыңыз: «Еңлік-Кебек», «Қара қыпшақ Қобыланды», «Қаракөз», «Түнгі сарын», «Дос – Бедел дос» – ұзын саны жиырмадан асады. Классикалық аудармалары қандай: «Отелло», «Асауға тұсау», «Дворян ұясы» ... Әлеуметтік өмірдің, мәдениеттің, тұрмыстың, сан-сала келелі мәселесін көтерген публицистикасы мен сын мақалалары қаншама! әдебиет тарихын зерттеу саласындағы ғылыми еңбектері және сонша мол. Осыларға жоғары оқу орнында көп жыл ұстаздық еткен профессор Әуезовтің әдебиеттен оқыған лекцияларын қосыңыз. Бірнеше адам белі қайысып арқалайтын таудай жүкті бір өзі алып иығымен көтеріп тұрған жоқ па! Погодин оның орыс тіліне аударылған шығармаларын ғана біледі. Егер ол Мұхтар қаламынан туған, әлі орысшаға аударылып үлгермегені бар, бүкіл асыл қазынаға толық қанық болса, Әуезовтің ұлылығын сипаттау үшін, мүмкін, басқадай бір теңеу айтқан болар еді.

– Әуезовтің ұлылығының төркіні туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың мақалы бар: «Сөз анасы – құлақ, су анасы – бұлақ». Теңіз бұлақтан пайда болады. Мұхтарды теңізге айналдырған бірінші бұлақ – туған топырағының, өскен ұясының қасиеті, солардың өнегесі. Мұхтарды биікке көтерген қуаттың екінші қайнар көзі – мол білімі.

Ғабең енді осы пікірін дәлелдегісі келгендей, ойын кеңірек таратып сөйледі. Мұхтардың ата-бабаларының тегін кісілер емес екендігін, тәрбие алған ортасының ізгі қасиеттері мол

Ғабит, Раиса және қыздары Гүлнәрмен

Ғ.Мүсірепов және Р.Мұхамедиярова

М.Әуезов, М.Кәрім, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев Азия–Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясына қатысушылардың арасында. 1958 ж.

Б.Кербебаев, Ғ.Мүсірепов және украин жазушылары

Ғ.Мүсірепов Азия–Африка елдері жазушыларының Ташкент конференциясына қатысушы қазақ жазушыларының ортасында. Ташкент. 1958 ж.

Ғ.Мүсірепов жапондық қонақтардың ортасында. 1972 ж.

Ғ.Мүсірепов және өзбек ақыны Зульфия Азия–Африка жазушылары Ташкент конференциясына қатысушылардың ортасында. 1958 ж.

Жапония сапары. 1965 ж.

Ғ.Мүсірепов татар жазушыларының ортасында. Қазан, 1954 ж.

Ғ.Мүсірепов және Р.Ғамзатов

Жапония жерінде. 1965 ж.

Ғ.Мүсірепов шетелдік жазушылармен Н.Алдабергенов аулында қонақта

Николай Тихонов және
Ғабит Мүсірепов

Қол босағанда...

Ғ.Мүсірепов, П.Вершигора, С.Мұқанов, А.Фадеев. Мәскеу, 1958 ж.

Азия–Африка жазушыларының Каирдегі конференциясы.

Қытай елін аралағанда

Кентерберн соборының (Англия) қожасы Джонсон, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов т.б. Алматы, 1956 ж.

Ғ.Мүсірепов және С.Мұқанов Қытай жазушыларының ортасында.

Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов, Х.Ерғалиев және өзбек ақыны Ғ.Ғулам

Азия–Африка жазушыларының Алматыда өткен V конференциясының қарсаңында. Ғ.Мүсірепов және С.Оразалы. 1973 ж.

Ғ.Мүсірепов пен К.Симонов непал жазушыларының ортасында

Ғ.Мүсірепов бір топ шетел жазушыларының ортасында

Ғ.Мүсірепов пен С.Мұқанов орыс және гүржі жазушыларының ортасында

Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов, Ә.Тәжібаев Цейлон жазушыларымен бірге. 1960 жылдар

Ташкент. С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев Азия–Африка жазушыларымен кездесу. 1958 ж.

Ғ.Мүсірепов Азия–Африка жазушыларының конференциясына қатысушылардың арасында. 1958 ж.

Ғ.Мүсірепов Индонезия жазушыларымен кездесуде.

Ғ.Мүсірепов шетелдік қонақтар арасында

С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, М.Әуезов, Т.Жароков т.б.
шетелдік қонақтарға қонақасы беру

болғанын, осының барлығы оның табиғи дарын-қабілетінің дамуына игі ықпал еткендігін, өнер жолының қиынын аңсау, ғылымның биігіне қол созу, көп білуге құмарлану сықылды асыл сапаларды жас таланттың бойына сол үлгілі жақсы орта дарытқанын әңгімеледі. Көздеген үлкен мұратына жету сапарында Мұхтар Әуезовтің ірі күрескер болғандығын, алдынан шыққан кедергілерді алғыр ақылымен терең білімімен, қайратты мінезімен жеңіп отырғандығын мақтады.

– Мұхтардың даналығына қатысты екі қасиетін айрықша бөліп айтқым келеді, – деді Ғабит Махмұтұлы. – Әуелгісі: бір оқыған, немесе бір көрген нәрсесін жадында берік сақтап, ұмытпайтындығы. Мәселен, оның оқығанын біз де оқыдық, бірақ бәрі есінде тұра бермейді. Араға біраз уақыт түскенде, көбін ұмытып та қаламыз. Ал Мұхтардың есте ұстауы берік еді, бір оқыған нәрсесінің бір сөйлемінен де жаңылмайтын. Екінші артықша қасиеті – уақыттың беталсын сезімтал көңілмен қырағы барлап, ызғырықтаған теріс желдің өтінен дер кезінде сақтана білетіндігі. «Заманың түлкі болса, қыран боп шал» дейді халық. Отыз жетінші, қырық жетінші жылдарда интеллигенция басында ойнаған қара құйын кезінде, Мұхтар, міне халқының осы нақылын нық ұстанды. Мұхтардың өзіне-өзі үкім шығарған белгілі ашық хатының жазылу сырын да осыдан іздеу керек. Отызыншы жылдардың басында, нақақтан айыпталып, түрмеге жабылған белгілі қазақ жазушыларының қатарында Мұхтар да жапа шекті. Ол да бір жылдан аса қамауда отырды. Қаралайтын айғақтары жеткіліксіз болғандықтан, сот оны амалсыз босатты, бірақ соңынан тыңшы салып, ізін бағуын тоқтатпаған. Бұл кезде мен қазіргі «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы едім. Түрмеден шыққан бойында Мұхтар редакцияға маған келді. Оңаша отырып сөйлесіп, Мұхтардың ендігі жердегі қызметінің жағдайы жайында кеңестік. Мұхтарды ұлтшыл деп, алашордашы деп қаралаған хаттар редакцияға келіп жатады, мен оларды өз үстелімнің тартпасынан шығармайтынмын. Бәрін Мұхтарға көрсеттім. Ол үн-түнсіз отырып, хаттарды түгел ішінен оқып шықты. Таңданған да жоқ, кейіген де жоқ, ұстамды қалпын сақтады. «Бұларға не деуге болар?» – деді маған бұрылып. «Бұларға жауап қайтаруың керек шығар», – дедім. Мұхтар бетіме қарады. «Әркайсысына жалбарынып хат жазбақпын ба? Бұл қолымнан келмейді» деді. «Ондай ойым жоқ. Тілегім мынау: өзіңді қаралаған жалақорларға көркем шығарманмен жауап қайтар, құты қашсын» дедім. Мұхтар бұл сөзімді

мақұл көрді. Осыдан соң екеуміз Мұхтардың қандай жаңа тақырыптарға қалам тартуын, не жайында жазуы қажеттігі жайында ақылдастық. Әдебиеттің жылдамырақ жазылатын және жұрттың көзіне де тезірек түсіп, жеңілірек оқылатын қысқа да, ұшқыр жанры әңгіме ғой. Мұхтар әуелі осы жанрды қолға алуды жөн санады. Сөзге шебер суреткер өзінің қуатты талантының құдіретімен, небір қым-қиғаш оқиғаларды жаңа тақырыпқа әдемі ииып әкеп, бірнеше әңгімені, бірінен соң бірін, тез-тез жазып тастады. Олар газет-журналдарда бөгелмей жарияланып жатты. Мұхтардың отызыншы жылдарда колхоз құрылысы, тап тартысы тақырыптарына арналған бір алуан әңгіме-повестерінің жазылу тарихының осындай бір сыры да бар.

– Сәбит Мұқанов шығармашылығына қалай қарайсың?

– Сәбит – бәрімізден де көп жазған өнімді жазушы. Жазғандарының ішінде алтыны да, күмісі де, мысы да бар. Барлығын тұтас алып қарағанда, аса бағалы мол дүние. Сәбит шығармаларында Октябрьден кейінгі қазақ елінің өмір жолы кең қамтылып суреттеледі, өмірді өзгертуші жаңа адамдар тұлғалары көрсетіледі. Оның көркем туындылары әсіресе, осы қасиетімен қымбат. Сәбит, ең алдымен – қазақ поэзиясына тың дауыс, соны ырғақ әкелген үлкен ақын. Бірақ «Жұмбақ жалаудан» кейін прозаға ойысыңқырап кетті де, өлеңге оқта-текте ғана оралып жүреді, тіпті қол үзіңкіреп қалды. Сол тосаңсудың салдарынан болар, кейінгі кезде жариялаған өлеңдерінің жібі босаңдау шығып жүр. Алдабергенов туралы поэмасының қолжазбасын таныстырғанда, көркемдігінің тым әлсіз екендігін айтып, «бұл шығарманды баспаға ұсынба, жариялама, бұрынғы ақындық беделіне нұқсан келтіріп аласың» деп кеңес берген едім, Сәбит бұл сөзіме құлақ аспады. Поэмасы жарияланды, бірақ ешкімді елең еткізген жоқ. Тек «ана даңқымен қыз өтедінің» керіне ұшырады. Сәбиттің прозаик ретіндегі ең күшті жері – оқиға баяндаудағы шеберлігі. Оқиғаларды ғажап қиюластырып, халықтық қарапайым тілімен әрі жеңіл, әрі өте қызықты етіп әсем әңгімелейді. Бұл ретте одан озатын әңгімеші жоқ. Сәбитті бала да, кәрі де, жұмысшы да, интеллигент те қызығып оқиды. Ол – халықтың сүйікті жазушысы.

– Ғабе, кешіріңіз, бір тосындау сауал бергіміз келеді. Біреулерден естідік: сізді шошытатын үш жазушы бар дейді. Бір жаққа барғалы үйіңізден шығып, көшемен жүріп келе жатқаныңызда, сол үшеудің біреуіне кездейсоқ, кезігіп қалсаңыз, жаман ырымға жорып, «бүгін жолым болмайды екен» деп, кері қайтып кететін көрінесіз. Осы шын ба? Анекдот емес пе?

Ғабең езу тартты.

– Анекдот емес, бұл естіген сөздеріннің шындығы бар.

– Ол үш жазушы кімдер екен? Біз оларды білеміз бе?

– Аты-жөндерін айтсам, әрине, білесіндер. Біреуі – Өтебай Тұрманжанов, екіншісі – Темірғали, үшіншісі... Жоқ, оның есімін айтпаймын, ол – сендердің тұстасың. Менің бұларға өштігім жоқ, бірақ бір қылықтарын ұнатпаймын. Өздерін көргенде сол мінездері есіме түседі де, көңіл күйім бұзылады. Ал көңіл жайсызданған соң, берекелі іс бола ма? Ештемені тындыра алмайсың. Сондықтан кері бұрыламын да, үйіме қайтамын.

Ғабеннің Өтебайға көңілі қатты қалған бір жері бар екен. Отыз жетінші жылдың апаты елді жалап жатқан кез. Осы зобалаңның кәріне Ғабит Мүсірепов те ұшырайды. Қызметтен босатылады, партиядан шығарылады. Газеттерде оны қаралаған мақалалар жарияланды. Бір күні түн ортасында үйіне оқыстан телефон соғылады. Телефон тұтқасын Ғабеннің бәйбішесі Құсни көтереді. Трубкадан біреудің суық дауысы естіледі. Амандық-саулық сұрау жоқ, бірден: «Мен Өтебай Тұрманжановпын, ертең ертемен бұл үйді босатыңдар, халық жауына енді мұндай үй жоқ, бұл үйге мен кіремін, – дейді. «Жарқыным, халық жауы деп тұрғаның кім? Ғабит аман ғой әзір, оны әкеткен жоқ қой», – дейді Құсни өзін сабырлы ұстауға тырысып. «Бүгін әкетпесе, ертең әкетеді, шаруасы біткен!» – дейді Өтебай ызғарлы үнмен. Құсни шошып кетеді, телефон тұтқасын қолынан түсіріп алады.

– Біз ол үйден көштік, бірақ оған Өтебай кіре алған жоқ, отыз жетінші жылдың топалаңына өзі ілігіп кетті, – дейді Ғабең. – Ол да нақақтан жаза тартып, біраз жыл жапа шегіп келді ғой, тағдырына аяушылықпен қараймын, алайда менің көзімнің жоғалуын тілеген баяғы сұмдық сөзі жүрегімде шөгір боп қалып қойды. Осы күні жолығысып қалғанда, екеуміз де бір-бірімізбен жылы ұшырап амандаса алмаймыз. Ол баяғыдағы айтқанына ыңғайсызданады білем, ал менің есіме оның сондағы сөзі түседі. Ал Темірғалидің маған ұнамайтын мінезі: ол бір нәрсе туралы, оны өзі біліп тұрып, сенен соны білмегенсіп сұрайды. Ертең шатақ туа қалса, «мұны айтқан мен емес, бұл – түгеншенің аузынан тараған пікір» деп, даудың бетін саған бұра салу үшін әдейі жасайтын өзінше бір қулығы. Мұндай кісіге қалай сыр аша аласың? Енді үшінші жазушыға келейін. Оның бойынан жақтырмайтыным: әлін білмейді, өзін жұрттың бәрінен білімдімін, ақылдымын деп санайды. Басқадан асып жатқан артықшылығы болмаса да, білгірсініп, өзін-өзін зор тұтып жүреді. Көсемсуге құмар.

Жұртқа ақыл айтқыш-ақ, жөн үйреткіш-ақ. «Әңгімені қалай жазуға керек? Композицияны қалай құрса, шығарма қызықты болады» – деп, маған да лекция оқығысы келгені бар. Қолына қаламды қалай ұстауды өзіне менің үйреткенімді, тіпті ойына алған жоқ. Осы жігіттің және бір жарамсыз қылығы – басқаны кемсіткіш-ақ. Замандастарының бірде-біреуін өз қатарына қойып сөйлегенін естіген емеспін. Оның ойынша, жазушылығы жағынан олардың бәрі де мұның қасында жіп есе алмайды.

Үшінші жазушының аты-жөнін біз Ғабеңнен қайталап сұрамадық, оның кім екенін ішімізден жорамалдадық.

VII

Өз өмірінің кезеңдерін еске алып шерткен әңгімесінің бір тұсында Ғабең:

–Жоғарғы жақтан берілген жарлықты екі айтқызбай орындау заң дейміз ғой. Үш рет жоғарғы жақтың осындай бұйрығын орындай алмай, кінәлі боп қала жаздағаным бар, – деп күлді. Жоғарғы жақтың Ғабит Махмұтұлына берген бірінші арнайы тапсырмасының жайы былай екен: Елтай Ерназаров 1927 жылы қазақ КСР-ы Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы болып сайланған. Еңбекші халықтың өкілі деп көтерген, бұрын Бадамдағы тері илеу зауытында жұмысшы боп істеген осы қарапайым адам хат танымайды екен. Өзінің берген жарлықтарына бармағын басу ыңғайсыз, қол қоя алмағаны ұят. Енді не амал табу керек? Атқару Комитетінің Төрағасына, шұғыл жәрдем көрсетілуі қажет. Жоғарғы жақ осылай ұйғарады да, Елтайды жедел түрде, әрі ұзағанда жиырма шақты күннің ішінде, газет оқи алатын дәрежеге жеткізіп, сауаттандырып шығару жөнінде шешім қабылдап, оған сабақ оқытуды Ғабит Мүсіреповке жүктейді. Елтай күнделікті жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін тура үйіне барады. Бір сағат тынығады. Міне, осы шамада Ғабит оның үйіне келіп, дәрісті бастауы керек. Күнбе-күнгі сабақтың ұзақтығы екі сағаттан кем болмауға тиісті. Ал уақытты ұзартамын десе, бұл төрағасының ықтиярында. Сабақты жүргізу тәртібі осылай белгіленеді.

Сонымен, ұйғарылған сағатта Ғабит Махмұтұлы қазақ КСР-ы Орталық Атқару Комитеті төрағасының пәтеріне келіп, есікті ақырын ғана қағады. Ішкі жақтан Елтайдың: «Бұл қайсысың? Кіре бер!» – деген дауысы естіледі.

Ғабит ауыз үйге кіргенде, оң жақ бүйірдегі үлкен бөлменің ашық тұрған есігінен, төрде кілем үстінде, жамбасына жұмсақ көрпе төсеп, құс жастықты шынтақтап, басындағы бұлғын бөркін шешпестен, қисайып демалып жатқан Елтайға көзі түседі.

– Ә, бала, кеп қалдың ба? – дейді Елтай басын көтеріп.

– Жоғары шық! – деп өзі малдас құрып, түзеліп отырады да, Ғабитқа қасынан орын ұсынады. Әйелі бөлменің ортасында дөңгелек үстел құрып, дастарқан жасайды. Ұзын астауға салып ет әкеледі. Елтай Ғабитқа қарап: «Кешкі ас. Әуелі жақсылап тойып алайық, сабаққа сосын кірісеміз. Сабақ ешқайда қашпас, ал ас суып қалар» дейді күліп.

Ет желінеді. Оның артынан шай келеді. Кілегей қаймақ құйылған күрең шайдан кейін Елтай маңдайы тершіп, денесі балқып, қою қара мұртын қайта-қайта сипап, тағы да жантайып демалғысы келіп, мамық жастықты шынтағына қарай тартады. Ғабит портфелін ашып, дәптер мен қарындашын, ересектерге арналған сауат ашу оқулығын қолына алады.

– Бала, бүгін жұмыстан шаршаңқырап келіп едім, сабақты ертең бастасақ қайтеді, – деп тілек қылады төрағасы.

Келесі күні басталған бірінші сабақ жиырма минутқа созылады. Қарындаш ұстауға қолының ебі келмей, төрағасы тез шаршап қалады да, тыныққысы келіп, сабақты үзуді өтінеді.

Үшінші күнгі сабаққа Елтайға Ғабит Махмұтұлы «ата», «ара», «арба» деген үш сөзді оқыту үшін бұлардың әріп таңбаларын жаздыртып үйретеді.

– Менің есімім неше ғаріптен, әкемнің есімі неше ғаріптен тұрады? – деп сұрайды Елтай.

– Өз есіміңіз бес әріптен, әкеңіздің есімі жеті әріптен тұрады, дейді Ғабит.

Ендеше басқасын қой да, алдымен осы екі ғаріптің латынша қалай жазылуын үйретші маған, – дейді Елтай.

Ғабең осы оқиғаны күліп есіне алды:

– Бұл сабағымыз бір аптаға созылды. Елтай өз аты мен әкесінің атының бастапқы әрпін тәп-тәуір етіп жазатын болды. Ал қалған он бір әріпті қаншалық дәрежеде меңгергенін білмеймін, өйткені, қол қойғанда «Е» әрпін салатын да, соңғы жағын иректетіп жіберетін.

– Сіздің кінәлі боп қала жаздауыңыз қалай?

– «Бір жетіде хат танытып шығарды» деп Елтай мені мақтады. Мен үндемедім. Жоғарғы жақ екеумізге де сенбеген сияқтанады, – деді Ғабең.

Ғабит Махмұтұлы орындай алмаған, жоғарғы жақтан берілген екінші арнайы тапсырманың жайы былай екен: совет жазушыларының Бүкілодақтық бірінші съезінде Максим Горький алға қойған бір мәселе – халық ауыз әдебиетін құрметтеу, оның Сүлеймен Стальский сияқты тірі өкілдерінің

шығармаларын кең насихаттау, кітап етіп бастырып, қалың елге тарату ісіне байланысты Қазақстанда да бір шаралар жедел қолға алынады. Жер-жерден халық поэзиясының өкілдері ізделеді. Осындай бір жыр өкілін қазақстандық орыс ақыны Павел Кузнецов (ол кейін «Правда» газетінде көп жыл қызмет істеген) Ақтөбе облысына командировкаға барғанда оқыстан жолықтырады. Жазық дала. Шілденің ыстық күні. Сүрлеу жолмен, қос-қос егіз жегілген, астық тартқан, алты-жеті жәшікті арба бірінің соңынан бірі шұбалып, сықырлап келе жатады. Екінші арбаның үстінде – басында мыжырайған бөркі бар, қолқылдаған ақ көйлекті, ақ дамбалды, жалаң аяқ, шоқша сақалды арық қара шал, тозған ескі домбыраны сабалап, тақпақтап жыр айтып отырады.

– Мынау қария өлең айтып отыр ма? – деп сұрады Павел Кузнецов қасындағы жол бастаушы қазақ жігітінен.

– Иә, – дейді жол бастаушы.

– Кімнің өлеңін айтып отыр?

– Өзінің шығарған өлеңін.

– Бұл қария ақын ба?

– Иә, ақын.

– Есімі кім?

– Майымбет.

– Не туралы өлең айтып келеді?

– Арбадағы алтын астық туралы.

– Не дейді сонда?

– «Алтын астық – асыл қазына» дейді. «Әр дән – халқымның ырзығы, елімнің қуатына қуат қосады» дейді...

Павел Кузнецов қалтасынан дәптері мен қарындашын алып, оның айтқандарын асығып жаза бастайды.

Бірнеше күннен кейін Майымбеттің алғашқы өлеңі «Казахстанская правда» газетінде, Кузнецовтың аударуымен, орыс тілінде жарқ етіп шыға келеді. Осыдан соң, Майымбеттің Павел Кузнецов орысшаға аударған тағы да біраз өлеңдері орталық газет беттерінде, бірінің артынан бірі жарияланады. Газетте Майымбет ақын туралы көлемді очерк те басылады. Басына үкілі бөрік кигізіп, Майымбетті қазақтың сал серілеріне ұқсатып, ойша салынған суреті де беріледі. Енді жоғарғы жақ бұл ақынның қазақ тілінде өлеңдер жинағын шығару керек деген шешім қабылдайды. Павел Кузнецовтың берген ақпараты бойынша Майымбеттің туған жеріне, аудан мен облыс басшыларының атына ресми хат жазылып, бұйрық беріледі. Ол жақтан: «Бізде ондай ақын жоқ, Майымбет деген кісіні бүкіл Ақтөбе облысынан іздеп таба алмадық» деген хабар келеді. «Мүмкін емес!» деп сенбейді жоғарғы жақ. Майымбетті

жердің астына түсіп кетсе де табыңдар деп, қайтадан әмір береді. Бірақ өмірде жоқ Майымбет табылмайды. Енді оны іздетуді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретары Николай Александрович Скворцов өз қолына алады. Майымбетті іздеу үшін, Ғабит Мүсіреповті бастық етіп, Ақтөбе облысына арнайы комиссия жібереді. Комиссия аудандарды аралап, Майымбетті бір апта іздейді, бірақ бұл өлкеде ондай ақын жоқ болып шығады. Жан-жаққа сұрау салғанда, Ақтөбенің қалалық базарынан, Майымбет есімді бір арық шал табылады, бірақ ол өлеңде шаруасы жоқ, насыбай сатып, күн көріп жүрген мүсәпір біреу екен.

Елдің айтуынан комиссия тағы да бір дерек алады. «Ойыл жақта бір ақын шал болатын, сол кісі ақылынан алжасып, жуырда Қызылордадағы жындыханаға түсіпті деп естідік. Сендердің іздеген Майымбетің осы шығар» дейді біреулер.

Мүмкін рас болуы да. Ғабит Мүсірепов Ақтөбеден Алматыдағы Скворцовпен телефон арқылы сөйлесіп, Майымбеттің Ақтөбе ұялатынан табылмағанын, ол Қызылорданың психиатрия ауруханасына түсіпті-мыс деген сөз барын айтып, өзі естіген жайларды қысқаша мәлім етіп, бірінші хатшыдан кеңес сұрайды. Скворцов Ғабитке жедел Қызылордаға жөнел дейді.

Ғабит поезбен үш-төрт күн жүріп Қызылордаға келгенде, оның қасына облыстық партия комитеті бір қызметкерін, облыстық газет редакциясы бір журналисін қосып береді. Бұлар тікелей психиатрия ауруханасына барады. Қоңыр ала киімді он шақты кісі тура кіре беріс есік алдындағы ұзын орындықта, телеграф сымына қонған қарлығаштардай тізіліп, қатарласып отыр екен, өздеріне қарай аяңдап келе жатқан бөтен адамдарды көргенде, бәрі орындарынан ұшып түрегеліп, жүгірісіп кеп, жамырап сәлем береді.

– Кімге келдіңіз? Кімді шақырып берейін? Мен іздеген кісіңізді тез табам! – дейді Ғабитке алдымен қол берген ұзын бойлы, кішкене шоқша сақалды, қара шал күлімдеп.

– Біз Майымбет деген кісіні іздеп келдік, – дейді Ғабит.

– Менмін Майымбет, – дейді анау.

– Сен ақынсың ба?

– Ақынмын.

– Газетке орыс тілінде өлеңің шықты ма?

– Шыққан.

– Өлеңіңді орыс ақыны аударды ма?

– Иә, орыс ақыны аударған.

– Ол орыс ақыны өзіңмен сөйлесіп пе еді?

– Иә, сөйлескен.

Осы мезетте бұдан гөрі денелілеу біреуі, мұны ыығымен итеріп жіберіп алға шығып:

– Мынаның айтып тұрғаны қып-қызыл өтірік. Майымбет – мен боламын! – дейді кеудесін нұқып.

– Сен де ақынбысың? – дейді Ғабит.

– Ақынмын.

– Сенің де өлеңің газетке шығып па еді?

– Шыққан...

– Жоқ, бұл бекер айтады. Майымбет ақын менмін! – дейді бойы аласалау, беті жалпақтау келген және біреуі...

Сөйтіп, бұл жерден бес Майымбет шығады. Бірақ бұлардың бірде-біреуінің есімі Майымбет емес екен. Есақылы бүтін емес бейшаралар бет-алды сөйлей берген. Ауруханаиың бас дәрігері аурулардың жеке құжаттарын тексеріп қарап шығып: «Біздің психиатрияда ондай кісі емделген жоқ. Жалпы соңғы үш-төрт жылдың ішінде біздің ауруханаға Ақтөбе облысынан ешкім түскен жоқ» дейді.

Ғабит тағы да телефон арқылы Скворцовпен сөйлесіп, болған жағдайды хабарлайды. «Оны жер жұтып кеткен шығар. Таба алмасаңдар, қайтыңдар бос сенделмей» – дейді бірінші хатшы ашулы үнмен.

– Жоғарғы жақтың арнайы тапсырмасын үшінші жолы орындай алмағаныма Әлжаппардың бір сөзі себепті болды, – дейді Ғабең езу тартып. Әлжаппармен алғаш танысқанын есіне алды.

– Жұмыскерлер табынан қанат қаққан шахтер жазушы деп, Әлжаппардың есімі бірден дүркіреп шыққан. Өзі жер астынан кен қопарған жұмысшы болса, әрі қалам тартар өнері болса, қалай қошеметтемейсің. Оны халыққа насихаттау керек. Маған Әлжаппар туралы орталық газетке очерк жазуға тапсырма берілді. Алматыда қонақ үйде жатқанын біліп, іздеп бардым. Бірі аласа, бірі бойшаң – екі жігіт отыр екен. Таныстық. Аласасы – Әлжаппар, бойшаңы – Ғабиден екен. Екеуі де мені білетін боп шықты. Мені қонақ деп, сый көрсетпекші болып, Әлжаппар Ғабиденді асықтырып, бірдемелер әкелуге жұмсап, балаша дүкенге жүгіртіп жіберді. Мен келген шаруамды айтып, Әлжаппармен әңгімелесуге кірістім. Ол кезде оның кітабы әлі шыға қоймаған, әдеби журналда жарияланған бір-екі әңгімесіне көзім түскен. Әдет бойынша әуелі жас жазушыдан әдебиетке қалай келгені, бұл өнерге оны не нәрсе қызықтырғаны жайында сұрадым. «Кейбіреулерше бала кезімде қисса жаттап, өлең шығарған ғадетім болған жоқ, мен шығарманы бірден жазып кеттім», – деді Әлжаппар. Өнер жолы бір нәрсеге қызығудан басталады

ғой, сені де ұлы классиктердің кітаптары қызықтырған болар. Мәселен, Бальзак, Лев Толстой, Тургенев...» «Мен оларды оқыған жоқпын» деді ол. «Өзіміздің Сәкеннің, Бейімбеттің прозасына үйренген үлгілерің бар шығар» дедім. «Мен ешкімге еліктемей жазамын» деді ол. «Тақырып таңдау, сюжет құру, образ жасау әдістерің қандай?» деп сұрадым. «Менің әдісім – біреу, тек жаза беру, – деді ол. Очерк жазуым үшін, одан менің күткен жауаптарым, әрине, басқарақ еді». «Сен жөнінде қалай жазсам екен?» – деп Әлжаппардың өзімен ақылдастым. «Текке әуреленбе, мен туралы бәрібір келістіріп жаза алмайсың» деді ол. Маған мойындауға тура келді...

VIII

Көркем шығарманың тіліне Ғабең биік талап қоятын. Шығармадан жазушы тілінің жұтаңдығын көргенде, өте кейіп ренжитін. Олақ құрылған сөйлемдердің, сүреңсіз теңеулер мен қонымсыз сөздердің астын қарындашпен ұнатпай сызып қояр еді.

– Мына біреу повестің бір бетін өзімді-өзім зорлап әрең оқып шықтым, әрі қарай тіпті жылжи алмадым. Міне, қараңдаршы, автор алғашқы сөйлемінен бастап-ақ шатқаяқтап жығылып жатыр, – деп ренжіп сөйледі бір жолы. Астын сызып қойған жолдарды қарындашының ұшымен көрсетті.

– Жас қаламгер болса бір сәрі, көш жүре түзелер дер едік, ал мынау автор – бұған дейін бес-алты кітап шығарған жазушы. Тіл олақтығы жөнінен оған кешірім болмасқа керек. Өзім оқыған мына бір беттің ішінде он сөйлемнің соңы ылғи «кетті» деген етістікпен аяқталады. Мұндай жиі қайталау – тілдің жұтаңдығын көрсетеді. «Бір қолданылған сөз қырық бес бет өткеніше, екінші рет қайталанбауы керек» деп Мопассанның айтқаны бар.

Ғабең осыдан соң кейбір жас жазушылардың тілге жауапсыз қарайтындығына сын айтты.

– Қайсыбір жастар сөздің төркінін білмейді. «Жазира тілегім» деп жазады. «Жазира» арабша арал деген сөз. Сонда «арал тілегі» деген сөз бола ма екен? Енді бір ұнатпайтыным – «құсап» деген сөз. Қазақта мұндай сөз жоқ. Ол – «ұқсап» деген сөздің бұзылып қолданылған түрі. Мысалы: «бала құсап» емес, «балаға ұқсап», «адам құсап» емес, «адамға ұқсап». Ал біздің жігіттер «құсапты» көне сөз деп ұғып, төпей береді. Бір жазушы шығармасында: «киян-килы», «көрпе-жастық» деген қос сөздердің орнын ауыстырып, «килы-киян», «жастық-көрпе» деп қолданыпты. Сөздерді

әдейі алмастырып, өзінше құбылтып, әрлеген түрі болу керек, бірақ мұнысы – сәтсіз эксперимент. Тілде қалыптасқан тіркестердің қиюын бұзуға болмайды. Олай етсеңіз, сөздің құты қашады, қуаты кемиді. «Қас пен көздің арасында» деген тіркесті екі зат есімнің орнын ауыстырып «Көз бен қастың арасында» деп айтып қарандаршы. Не боп шықты? Көркемдік әрі жоғалып кетті...

– Бізде, әсіресе, балаларға арналған шығармалардың тілі оңбай келеді, – деді Ғабең сөзін жалғастырып. – Ең нәрлі, ең анық және ең жеңіл тіл балалар әдебиетіне керек. Балаға арналған шығарма баланың өзіне ғана қызықты болуы жеткіліксіз, ол – ересек адамдарды да қызықтыруы керек. Үлкендерге бөбектердің мінезі қандай тәтті көрінсе, балаға арналған шығарма да ересектерді дәл сондай тартымды қасиетімен сүйсінтуі шарт. Балаларға арнап жақсы шығарма жазу үшін, сөз шебері – әрі педагог, әрі бала жанын терең ұға білетін нәзік психолог болуға тиісті. «Война и мир» эпопеясының авторы, міне, осындай ұлы педагог-психолог болғандықтан, «Әліппеге» арнап аса тартымды көп әңгімелер жаза алған. Өлшем – осы болуға керек. Баланың жас ерекшелігіне сай ұғымы, өзінше дүниетанымы, сөйлеу тілі бар. Біздің жазушылардың балаларға арналған шығармаларында осы жақтары ескеріле бермейді. Көбінің тілі ауыр, мазмұны да қызықты емес. Ал балалар әдебиетінің зерттелу жайына келсек, оның халі де мүшкіл. Біздің зерттеушілер балалар әдебиетіне, әлі күнге дейін, дұрыс анықтама бере алмай келеді. Әдебиетші Шеген Ахметов «қазақ балалар әдебиеті» деген кітабында Мұхтардың эпопеясында Абайдың балалық кезі, «Қазақ солдатында» Қайроштың жастық шағы суреттелетін тарауларды жеке бөліп алып, балалар әдебиетінің сипатына қосыпты. Оның пікірінше, егер кейіпкері бала болса, ондай шығарма балалар әдебиеті делінуі керек. Мұндай «теорияға» күлерсің бе, ренжірсің бе?..

IX

«Леонардо да Винчи адамның бет-пішінінен сәл көрінген нәзік құбылысты бейнелеу арқылы жан-дүниенің сұлулығын қандай терең танытады! Қайран қаламын! – дейді Ғабит Махмұтұлы, он бесінші ғасырда жасаған ұлы суретшінің өнері жайында сүйсіне айтып. – Мен өзіміздің жазушыларға жан сұлулығын бейнелеудің нәзік құпиясын осы дана шебердің сиқырлы бояуларынан үйреніңдер дер едім. Леонардо да Винчидің салған суреттері де беттің мимикасы,

әрбір қимылы – адамның рухани сипатына ғаламат сәйкес келіп отырады. Біздің кей жазушылар портрет жасағанда кісінің кескін-кейпі, түр-әлпетінің құбылысы оның ішкі әлеміне қабысып тұруы керектігін ескермей, бояуды құр баттастырып жаға береді. Мәселе бояудың қою болуында емес, сыртқы пішіннің ішкі мазмұнға сәйкес келуінің сырын аша білу шарт. Ал бұл жағдай жазушыдан нәзік шеберлікті керек етеді».

– Жан-дүниенің сұлулығын жазушы сөзбен, суретші бояумен сипаттаса, балет оны қимылмен бейнелейді. Менің қазіргі қазақ балетіне көңілім толмай жүр, – деп Ғабең әңгіменің бетін екінші бір арнаға бұрды. – Ұлттық балетімізде жаңалық аз. Бұдан қырық жыл бұрын Шара билеген «Айжан қыздың» қимылы, сол баяғы қалпынан өзгермей, бүгінгі қыздар биінің бәрінде бір мәнермен қайталана береді, Абай атындағы опера-балет театрының да, қазақ-концерт пен филармонияның да сахналарынан сол бір үлгімен қойылған биді көресің. Баяғы «Айжан қыз» білектерін ғана бұлғақтатып, белдерін ғана бұралтып, желбіреңкі ұзын көйлектерінің етегі ғана дөңгеленіп, тек шыркөбелек үйіріле береді. Классикалық балеттегідей мойынның, аяқтың сәнді қимылдары мүлде жоқ. Ұлттық би бұрынғы үлгімен ғана өркендей алмайды. Бұл үлгілер де, заманның соны салттарына сәйкес түрленіп, жаңаланып отыруға тиісті. Киім үлгілері де соларға сай тігілмекке керек. Ұлттық биге классикалық балеттің элементтерін үйлестіріп қоса білсе, «Айжан қыз» биі тек құлпыра түсер еді.

X

Ғабеңнің бір ғадеті: әр түрлі ағаштан, қабығын аршымай, таяқ жинағанды ұнататын. Бұтақтары түп-түзу, сұлу бітімді ағашты көргенде, бұған ұзақ тамашалап қарар еді. Таяқ жасау үшін оның бір бұтағына ішінен қатты қызығып тұрғаны аңғарылар еді. Ғабең шет елге сапарға шыққанда да, барған жерінің орманын аралап, өзгеше қасиетті ағаштың бұтағынан таяқ кесіп ала кететін. Жапонияға, Индияға барғанда, сол елдерден жазушының ала келген қадірлі бір заттары – осы ағаш таяқтар. Ғабең ағаш таяқтарды өзінің жұмыс кабинетіне тізілтіп іліп қоятын. Үйіне келген қонағына осы ағаштардың тегі мен қасиеті жөнінде қызықтыра әңгіме шертер еді.

Қаңтар айы болатын. Алматының жұмсақ қысы. Ғабең «Алматы» санаторийінде демалып жатқан. Бір күні Ғабең Медеу Сәрсекеев екеумізді (біз де осында демалып жатқанбыз-ды) далаға ертіп шығып, санаторий территориясынан, қабығы

қоңыр қола түсті, бұтақтары қолдың саласындай сұлу біткен әдемі ағашты көрсетті.

– Кавказда үйеңкінің осындай бір сымбатты түрі өседі. Мынау ағаштың көшеті бұл жерге сол жақтан әкеліп егілген болуға керек, деді бізге.

Діңі әлі жуандай қоймаған әдемі жас ағашқа біз де қызығып қарадық.

Найзадай шаншыла біткен мына бір тік бұтағына қараңдаршы, – деді Ғабең сұқ саусағымен нұсқап көрсетіп. – Осы бұтаққа қызығып жүрмін. Екеуің осыны маған қалай кесіп алып бересіңдер?

– Санаторий территориясындағы ағашқа тиюге бола ма, Ғабе? Күзетші көріп қалса, жазалап жүрмей ме? – деп күліп сұрады Медеу.

– Ешкімнің көзіне түспей және ағаштың еш жерін бүлдірмей, тек осы бір бұтағын ғана кесіп аласыңдар, – деді Ғабең.

Енді бұл шаруаны қалай жүзеге асырудың жоспары жасалды. Ғабең қалаға барып, үйінен кішкентай қол ара алып келді. Медеудің қалтасында өткір бәкі бар. Күн кешкіріп, төңірек ала көлеңке бола бастаған кезде, тысқа шықтық. Өзіміз күндіз көрген ағашқа қарай ақырын аяңдадық. Серуендеп жүрген адамдарша, жай әңгімелесіп келе жатырмыз. Ағашқа қырық-елу қадамдай жер қалғанда, Медеу Ғабеңе бұрылып:

– Сіз осы жерде кідіріңіз. Осылай қарай беттеген біреу-міреу көрінсе, алдынан шығып, сөзге айналдырып, бөгеңіз, бізге қарай жібермеңіз. Амалын тауып, кейін бұрып жіберуге тырысыңыз, – деп ұсыныс жасады. Ғабең езу тартып, басын изеді.

Медеу екеуміз ағашқа жақын бардық. Бөгде біреудің көзінен сақтанып, әуелі жан-жағымызға абайлап қарап алдық. Бөтен кісі көзімізге шалынбады. Медеу менің иығыма шығып, бұтақты дәл түбінен қиып түсіруге араны енді сала беріп еді, дәл сол мезетте санаторийдің оң жағынан қараңдап көрінген екі адам, біздің келген жолымызға бұрылып түсіп, тура бізге қарай жүрді. Асықпай, ақырын қозғалып, жайбарақат аяңдап келе жатыр. Жақындаңқыраған кезде таныдық: «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы Кеңес Үсебаев пен оның жұбайы екен. (Бұл кісілер де осы санаторийде демалып жатқан). Олар ағаш түбінде тұрған біздерді әлі байқай қоймаған сияқты.

– Бұтақты ақырын-ақырын кесе берсеңші, – дедім Медеуге.

– Кішкене шыдай тұрайық, қазір бұрылып кетер, – деді Медеу.

Ғабең аяғын жайлап басып, екеуінің алдынан шықты. Қол беріп амандасты. Бөгеліп, сөйлесіп, сәл тұрды. Сонан соң оларды ертіп әкеткісі келіп, ілгері қадам басып еді, бірақ анау екеуі кері бұрылғысы келмей, тұрған орындарынан жылжи қоймады. Ғабең амалсыз қайтадан тоқтады. Оларды сөзге тартып, бөгей берді. Сөйлесіп тұрып, аздан соң кейін қарай қайыра қозғалғанда, олар да Ғабеңе еріп, кері бұрылып, үшеуі қатарласып жүрді. Біз тұрған жерден ақырын-ақырын ұзай берді.

Ғабеңнің қаладағы үйіне әдейілеп барып, бұтақ киюға алып келген құралы – сүйек кесетін, тістері ұсақ, әрі мұқалған, кішкене ара екен, ағашқа өтпей, бізді көп әуреге түсірді. Медеу екеуміз бірімізді-біріміз кезек көтеріп, жіңішке бұтақты ұзақ егелеп, зорға кестік. Құдды дөнбек аралағандай болды. Әйтеуір, бұтақты сындырып алмай, қабығын да сындырып кетпей, жақсы киып түсірдік. Сонан соң үш жағы мен ұлпа талшықтарын өткір бәкімен қағып тастадық та, таяқты Медеу ұзын пальтосының ішіне тығып, Ғабеңнің бөлмесіне алып келдік.

Ғабең балаша қуанды. Таяқты қолына алып, олай-бұлай айналдырып қарады.

– Мұны енді, күннің көзіне тигізбей, тым жылы жерге қоймай, бірқалыпты қоңыржай температурада кептіруім керек. Сонда жарылмай, мейіздей боп жақсы қатады. қабығы да май жаққандай жылтырап, құлпыра түседі, – деді ерекше көңілденіп. Сөзінің соңын әзілге аударды. – Осындай бір таяғым ыстық батареяға жақындау жерге қойылғандықтан, кеткенде қисайыңқырап кетті, оны Ғабиден Мұстафинге сыйға тартамын. Ол соны да олжа көріп, шала байып қалады, – деді. Құрдасына айтқан сықағы еді, Ғабиден екеуі катты әзілдесетін.

XI

Ғабең біреудің сөзіне тез сенетін. Өздеріне бедел жасау үшін Ғабит Мүсіреповтің маңында үйіріліп жүруге жандары құмар жағымпаз жылпостар, оның осы мінезін пайдаланып, біреулер жайында оған теріс сөз айтып кеткендігін, Ғабеңнің оларға күдіксіз нанып, бұрынғы пікірі сол себепті кенеттен өзгере қалған кездерін көргеніміз бар.

«Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор боп қызмет істеп жүрген кезімде мынадай бір оқиға болды. Сәрсенбі күні, кешкі сағат бестің шамасы болатын, газеттің кезекті санының

макетін жасап отыр ек, редакцияға Ғабең келді. Бір бұйымтайы бар екен.

– Қысқа-қысқа новеллалар әкелдім. Бір цикл. «Жапон әңгімелері» деп аталады. Осыларды газеттеріңнің алдымыздағы жұмада шығатын номеріне басуларыңды сұраймын, – деді Ғабең жаңа туындысын біздің алдымызға қойып.

Тың шығармасын басқа редакцияға апармай, «Қазақ әдебиетіне» әкелгеніне біз өте қуанып, әуелі құттықтадық. Сонан соң өз жағдайымызды: газеттің алдағы жұмада шығатын кезекті санының жоспары бекітіліп, материалдары баспаханада теріліп, гранкалары оқылып, әзірленіп қойылғандығын, ертең таңертеңгі сағат сегізде верстқасы басталатынын айтып, «Жапон әңгімелерін» бұл номерге беруге үлгере алмаймыз ғой деп қиналдық. Баспаханаға жіберу үшін новеллаларды машинкаға жаңадан бастыру керек, шығарманың тақырыбына, мазмұнына лайықты клишелер жасату керек. Осының бәрі демде тындыра қоятын шаруалар емес. Ал жұмыс уақыты болса – аяқталып қалды. Үлкен жазушының жаңа туындысын, асығыстық жасамай, келесі номерге жақсылап бергеніміз дұрыс-ақ болар еді.

– Жоқ, осы жұмада шығарыңдар. Мұның принципиально қажеттігі болып тұр, – деп өтінді Ғабең.

Біз орындауға уәде бердік, бірақ тағы да бір жайды келісіп алғымыз келеді. «Қазақ әдебиеті» ол жылдары үлкен форматпен төрт бет болып шығатын. Ғабит Мүсіреповтің жаңа новеллаларын тұтас екінші бетке көрнекті етіп жарияласақ, газетімізге бедел де болар еді. Бірақ екінші беттің верстқасы күні бұрын жасалып қойылған-ды. Жас жазушылардың республикалық мәслихаты ашылуына бағытталып әзірленген арнайы бет болатын. Мұны келесі номерге қалдыра алмаймыз. Ал үшінші бет – ежелден сын бөлімнің орны. Сынды төртінші бетке түгел көшіріп жіберудің де қисыны жоқ. Сын бөлімнің біраз материалын алып қалып, Ғабеңнің әңгімелеріне үшінші беттің жартысын берсек, соңын төртінші бетке шығарсақ, – сонымыз жөн болар. Осыдан басқа амалымыз жоғын айтқанымызда:

– Оған қобалжымаңдар, газет бетіндегі орынның бәрі де – төр, онда босаға деген болмайды, – деп Ғабең өзімізді демеп жіберді.

Жұма күні «Қазақ әдебиетінде» әңгімелері басылып шыққанда, ертемен редакцияға қуанып телефон соғып, бізге шын жүрегінен алғысын айтты. Газеттің осы санының он бес данасын сұрады. Бір сағаттан кейін өзім барып алып кетемін деді.

Газеттерін алуға келгенде, бәріміздің қолымызды қысып, тағы да рақметін айтып, өзінің өте риза болғандығын білдірді.

Сол күні түнгі сағат он бірде үйіміздегі телефон оқыс шылдырады. Телефон тұтқасын көтергенімізде, трубкадан құлағыма салқын дауыс естілді. Ғабеңнің дауысы:

– Сен менің әңгімелерімді екі бетке бөліп, берекесін кетіріп, неге жүн-жүн ғып бердің? Жұрттың көзіне бірден шалынбасын, эстетикалық әсері кемісін дегенің бе? Анау Әмен Әзиев құрлы болмағаным ба? Оның әңгімесіне екінші беттен ойып орын беріпсің ғой. Сенің газетіңе бұдан былай ештеңе ұсынбаспын. Қош бол!

Телефонның тұтқасын сарт еткізіп қоя салды. «Мұнысы қалай?» Күндізгі айтқан алғысы қайда? Пікірі не себептен өзгеріп қалды?» деп қатты қобалжыдым. Ойым удай ашып, сол түні дұрыс ұйықтай алмадым.

Келесі күні Жазушылар одағы үйінің үшінші қабатына орналасқан редакциямызға баспалдақпен ақырын көтеріліп келе жатсам, екінші қабаттағы жұмсақ креслолар қойылған кең фойеде Ғабит, Ғабиден, Жұбан – үшеуі күліп әңгімелесіп отыр екен, бұрылып қастарына барып, сәлем бердім.

– Сөздеріңізді бөліп жібердім бе? Кешіріңіздер, – деп едім.

– Жоқ, сөзімізді бөлген жоқсың, біз жай кеңесіп отырмыз, – деді Жұбан.

– Онда, Ғабе, айып етпеңіз, сізге бір шағымым бар, – дедім Ғабит Махмұтұлына сыпайы үнмен.

Түндегі телефонмен айтқан сөзі есіне түсті білем, ол қасын көтеріп:

– Иә, – деді даусын созып.

– Ғабе, сіз кеше «Жапон әңгімелерін» «Қазақ әдебиетінің» бетінен көргенде, қуанғаныңызды білдіріп, бізге риза болып, бір емес екі мәрте алғыс айтып едіңіз. Ал енді түнде, ел жатар уақытта телефон соққаныңызда, мүлде басқаша сөйледіңіз, жүректі ауыртатын сөз айттыңыз, осының себебіне түсіне алмадым, – дедім мен. Ғабең үндемеді.

Сөзімді бір бастап алған соң, енді көңілімде тұрған ойымды бүге алмадым.

– Құдай біледі, қасыңызда дәл сол кезде бір алааяқ отырды. Сіздің маған телефонмен айтқаныңыз – соның пікірі. Сіз оның сөзіне иланып, дос көріп қалдыңыз. Ал шынында ол – сізге жаны ашымайтын нағыз оңбаған адам. Соның әзәзілдік сөзінен соң нервіңіз қозғалып кетті де, бізге ашуландыңыз. Сізге ол алааяқ достық жасады ма? Жоқ, денсаулығыңызға

зиян келтіріп, қастық жасады. Осындай алапестің сөзіне қалай нанып қалдыңыз?

– Біздің ақсақалдардың кейде сондай мінездері де бар ғой, – деп күлді Жұбан.

Мен Ғабит Махмұтұлынан сөз тосып тұрмын:

– Ғабе, төрелігін өзіңіз айтыңызшы, жаңағы сөздерімнің қисыны бар ма, жоқ па? Түнде телефон соққаныңызда, қасыңызда бір алааяқ отырды деген жорамалым дұрыс па, бұрыс па?

Ғабең өзінің дағдылы даусымен «eh-eh-eh» деп, ақырын күлді. Айтар сөзі болмай қалды ма? Шығыстың бір данышпаны айтқан екен: «Ұлы адамдардың ұсақ міндері де болады» деп. Бұл да – табиғаттың бір жарасымы шығар. Атақты кісілер де, ақын айтқандай, «сүйек пен еттен жаралған адамдар» ғой.

Герольд БЕЛЬГЕР, Президент сыйлығының иегері

Кәрілік

(эскиз)

Қарттықтың оңай емесін, кей-кейде тіпті, жас кездегі шәләй-бәләйлар үшін зауал екенін мен стилист-жазушы Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің өмірін көріп, көзім жеткендей болды. Ғабеңді ондаған жылдар бойы жақсы білдім. Көзін көріп, аралас-құралас болдым, сөзін тыңдап, әңгіме-дүкен құрдым, базбір дүниелерін аудардым да. Шығармаларының мектепте жүргенде оқырманымын.

Не дері бар, жүзі жарқын, бетті адам-тын. Өзіне тән мінезі болатын. Тазалық, тектілікті қалайтын. Өзін көрсете білетін. Арагідік актерлігі де байқалып қалатын. Жас кезінде әжептәуір сері болған деседі. Жинақы, байсалды паң, инежіптен жаңа шыққандай таза киініп, шетелдік қымбат шылым шегетін, әр сөзін таразылап, маңғаздана сөйлейтін. Ойы өткір, мысқылшыл, оқығаны да, тоқығаны да көп. Дегдар, сымбатты, сәнқой – міне, жұртшылық оны осылай біліп, осылай қабылдады, қазір де айтылып жүретіндей, оның өмір салты дәл солай болған. Онымен салыстырғанда Сәбит Мұқанов ауылдың қарапайым қазағы сияқты. Ал Ғабит Мүсірепов өз бағасын жақсы білген.

Бұлардың бәрін кең көсіліп, рет-ретімен нақты факті, байқау-бақылаулар, күнделік жазбалар мен есте қалғандар бойынша баян етуіме болушы еді, әрине. Көптеген азамат қостап, қуаттар да еді. Амал нешік, жылдар зырлап өтуде. Ғабеңді оқитындар азаюда, дәурені өтті, ұшқыр өмір ағысы көп-көп нәрсені басқа тұрмақ, замандастарының жадынан да өшіріп жатыр. Иә, уақыт өткен сайын замандастарының қатары да сиреуде. Аяулы жандардың үлкен тобы бақиға аттанып жатқанына куәлердің бірімін.

Халықтың еркесі, серкесі болған суреткер өмірі мезгіл жеткенде күңгірт те аянышты, дәрменсіз қарттыққа ұласты. Осыған орай, ғаламат сөз зергері ғұмырының сарқылуға жақындаған тұстағы мұңды кезеңдерінен бір эпизодты баян етуге бекіндім.

Жасы 80-ге толар қарсаңда Ғабит Мүсірепов мені өзіне шақырды. Одан бұрын өмірден ерте өткен дарынды сыншы Сағат Әшімбаев телефон шалып, классик-ақсақалдың өтінішін айтқан-ды: осыдан сәл бұрын «Қазақ әдебиетінде» жарияланған «Жол-жөнекей» атты очеркін орысша аударса екен. Ол орындалған. Енді автордың өзіне көрсету керек.

Айтылған сағатта Ғабеңнің пәтеріне келдім. Кең үйде бір

өзі екен. Бұл жолғы көріп тұрғаным мүлде басқа Мүсірепов. Әбден шөккен, екпіні басылып, ұнжырғасы түскен, жөнді көрмейтін, жөнді естімейтін, шалбары мен кеудешесі ұйма-жұйма, аяқта көне шәркей, құты қашқан карт адам. Көз алдымда күні кешегі сергек те қунақ, ойнақы, бильярдты қырғиша соғатын зипа жазушы тұрды.

Мені «Бэлгэр» деп қарсы алды да, қалбаң қағып, орысша-қазақшаны араластыра сөйлеп, кабинетіне бастады. Жазу столының қарама-қарсысындағы тозығы жеткен, ескі креслоға отырғызды. Пәтер ішінде қалыпты өмір білінбейді, бәрі ескі, көнерген мебель, жартылай бос кітап сөресі, (баспасөзде жазушы жеке кітапханасынан жерлестеріне мыңдаған томды сыйға береді деген хабар болған), жазу столдың шет жағында ұзақ жылдар бойы табыс етіліп, өңі қашқан құттықтау папка, қолжазбалар, басқа да ұсақ-түйектер: қарындаш, резеңке, үлкейткіш шыны, қалың әйнекті көзілдірік, қаламсап, т.б. Бұрышта қолға ұстайтын неше алуан әшекейлі таяқтар.

Ол жылдарда мен деген қазақ әдебиетшілерінің көбінің үйінде болғанмын. Олардың мұнтаздай таза, жинақы бөлмелерінде ас үй жақтан неше қилы дәмді тағамдар исі келіп, мұрын жаратын. У-шу, әңгіме-дүкен. Улап-шулаған балалар, немере-шөберелер. Аяғынан тік тұра қызмет ететін апа, жеңгелер...

Ал мұнда олардың бірі жоқ. Өлі тыныштық. Жалғыздық. Кәрілік. Терезе түбіндегі көлденең қойылған жазу столы көнеріп, тозған. Үйреншікті орнында жарбиып Ғабең отыр. Шалды аяйсың, ішің қан жылайды.

– Баста, Бэлгэр, – дейді қария. – Құлағым сенде. Тек сәл даусыңды көтеріңкіреп, асықпай оқы.

Өзі шашы сиреген үлкен басын шалқайта, әлсіз денесін түзу ұстауға тырысып, креслода жоғары қарап отыр.

Мен аудармамды оқуға кірістім. Ол қостаған сыңаймен: «Иә... ә... ә...», – деп қойып, зейін қоя тыңдайды. Кейде кідіртіп: «Асықпа», – дейді. «Әрі қарай», «Жайырақ», – дейді. Ойланыңқырайды да: «Мына жерін ұштай түсу керек», «Мына тұсты басқаша келтірген дұрыс», – деп ескерту жасайды.

Ұмытпасам, машинкаға басылған очерктің көлемі 15-18 бет секілді еді. Жарты сағатта тең жарымын бітірдік.

Кенет есіктің қоңырауы шырылдады. Ғабит Махмұтұлы естімейді. Қоңырау құлақты жара үсті-үстіне шырылдайды. Бәрібір естімейді.

– Ғабе, – дедім қазақшалап. – Біреу есік қағып тұр.

– Ә, солай ма? – деп селт етті.

Креслодан тұрды да, аяғына жылы шәркейін әрең іліп, теңселе басып, коридорға қарай қозғалды. Мен демімді әрең алып отырмын. Үй жағдайындағы бейресми Мүсіреповке көндіге алар түрім жоқ. Менің ұғымымда қалыптаскан бейне мүлдем басқа. Мен оның егде тартса да өңін бермей, өзінен әлдеқайда кіші, жап-жас актриса Р.Мұхамедияроваға үйленіп, серілік құрған сәттерін көргенмін. Екеуі Қазақстан Жазушылар одағының холында қолтықтасып, Ғабеңнің пандана басып жүретін тұрпаты басқа еді. Ондайда кабинеттерінен атып-атып шығатын әдеби кеңесші ақын-жазушы жігіттер: «Лейла мен Мәжнүн», «Ромео мен Джульетта» деп бір-біріне көздерін қысатын. Содан бері санаулы-ақ жыл өтті, Мәжнүн қарайды, қаусады. Ай, заман-ай!

Шынымды айтсам, кәрілік жеңіп, басына жалғыздық түскен Мүсіреповті бұған дейін жазушылардың Алматыдағы шығармашылық үйінде әлденеше рет кездестіргенім бар-тын. Тұғырдан тайып, қайраты қайтқанын пайдаланып қалғысы келетін әдебиет төңірегіндегі кей пысықайлардың шалды майлы ішектей айналдырып, күмәнді дүниелеріне жағымды алғы сөз жаздырып алуға жан салып жүретіндеріне жыным келетін. «Күлсең, кәріге күлді» малданып, кәрі арыстанды кәдімгідей басынып, келемеждеуді қызық көргендер де болмай қалған жоқ.

– Мен базарға бара жатырмын, – әкіреңдеген әйелдің өктем даусы естілді. – Ет ала келейін. Қанша керек?

– Рақмет. Қазір, қазір... – деп ашықтан-ашық әйелдің ыңғайына көнген Мүсірепов сүрініп-қабынып кабинетіне келді. Столдың жәшігіне қолын жүгіртіп, қағаз ақшаларды алып шықты да, тырп-тырп, былқ-сылқ басып, сыртқы есік жаққа қайта кетті.

– Осы-ақ па? – деп тепсінген қақсал әйелдің зәрлі даусы шықты. – Неге жетеді бұл?

– Солай ма?.. Қанша керек? – деп кішірейе тіл қатты Мүсірепов.

– Тым болмаса, тағы осынша!

Шаптыққан әйел терісіне сыймай тұр.

– Қазір, қазір...

Қожайын кабинетке тағы келді, жәшікке қол сұқты, әлгіндей қағаздың екеуін шығарып, әйелге апарып берді-ау, әйтеуір. Сыртқы есік жабылды. Демін әрең алып, ырс-ырс еткен үй иесі әжептәуір қысылған күйде креслоға кеп жайғасты. Көзілдіріктің қалың әйнектерінен ілтипатпен карады да:

– Білесіз бе, Бэлгэр... – деді жайлап. – Қазір жалғызбын. Әйел ауруханада. Сөйтіп, солай...

Мен әрі қарай оқи бастадым. Кейбір сөйлемдерді екі-үш рет қайталаймын. Соңында да жеттік. Жалпы, автордың аударма риза екенін сезіп отырмын.

– Жаман емес, Бэлгэр, – деп Ғабең жайлап, ыңырана тіл қатады. – Ендігі менің сізден өтінерім, материалды Мацкевичке апарып берсеңіз. Мерейтойыма «Известия» сұрап жатыр.

– Ғабе, бәлкім, өзіңіз берерсіз? Менімен кім санасады? Телефон соқсаңыз, келіп алып кетеді.

– Жо... оқ! Сіз аудармашысыз. Телефонмен алдын ала келісілген. Және мұны бүгін беру керек.

Мен тұрдым да, «Известияның» Қазақстандағы меншікті тілшісі Эдуард Мацкевичке тарттым. Ол оқымай жатып:

– Очерк пе? – деп сұрады. – Не жөнінде? Көлемі көптеу екен. Қысқарту керек!

– Қысқарту? Қазақ әдебиетінің классигін бе? – деп шыр-шыр болдым.

Әбдіжәміл Нүрпейісовпен ұзақ жыл жұмыс істегенде, көзім жеткен бір нәрсе – жазғандарын қызғыштай қорғап, ешкімге бір сөзіне тиюге рұқсат етпейтін. Редакторлық күзеу-жөндеуге көнбейтін, тіпті жалғыз сөйлем үшін мәскеулік алпауыттардың өздерімен жан алысып, жан берісуден тайынбайтын. Ал мына жердегі әңгіме қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі хақында! Мұндайды өз басым түсіне алмаймын.

– Қысқарту керек! – деп өзеуреді Эдуард. – Алты бетке дейін!

– Қалайша? – деп ашу шақырамын мен. – Біртұтас очерк. қысқартқан соң не қалады?!

– Газет Бүкілодақтық басылым. Шалға алты бет жарайды. Рақмет айтсын!

Қысқартуға қолым барған жоқ, әрине. Мүсірепов материалының үштен екісін қысқарту! Ешқашан! Қорлық қой бұл?! Эдуард қалада тәрбиеленген, мен ауылда қазақша оқып, жасы үлкендерді сыйлап өстім. Көзі тірі классиктердің жөні бөлек. Ашуымды баса алмаған күйі қайтадан Ғабит Махмұтұлының үйіне бардым. Ол мені кабинетіне ертіп кіріп, асып-сасып сөйлеген сөздерімді зейінмен тыңдады. Енді ол ашуланар деп ойладым. Оның орнында Нұрпейісов болар ма еді, ол мұндайда қағаздарды жыртып-жыртып, лақтырып тастар еді, Чайковскийді де, Баруздинді де аямасы анық. Дәп қазір классик те сөйтеді, дереу Мәскеуге телефон шалып, ондағы

басшысымақтарды тәубесіне келтіреді, олар ақсақалдан кешірім сұрап, очеркті қысқартпай басуға уәде береді және сөйтсе әбден жөн болмақ деп ойлаймын. Басындырмау керек! Өзі классик, академик, депутат.

Кенет бұл бассыздыққа бас иген, көнген, жасып-жабырқаған үн естіледі.

– Бәлгәр, бұлардың айтқанына көну керек қой деймін. Келісу керек шығар. Газеттің Бүкілодақтық басылым екені шын, кең тарайды. Алты бет деген де жаман емес.

– Ғабе, Сіздің еңбегіңізді қысқарта алмаймын. Онда өзіңіз жасаңыз.

Үнсіздік. Қожайын ұзақ ойланды, әлденені таразылап, сарапқа салатын сыңайлы. Бір кезде барып:

– Жо-жоқ, Бәлгәр. Сіз бұларды жақсы жасайсыз. Ертең әйелім ауруханадан шығады, халі ауыр. Мен оның бабын табуға тиіспін. Шайын беремін дегендей. Менде уақыт жоқ, – десін.

Мелшиіп тұрмын. Мұндайды кім күткен.

– Иә... иә... Өзіңіз жасаңыз. Сөйтіңіз де Мацкевичке апарып беріңіз.

Классиктің төменшіктеп, бейшаралық жасаған пенделігінен көңілім қалған мен пақыр тағы да Мацкевичке барайын:

– Ғабит Махмұтұлы қысқартуға қарсы емес. Сөйт деп маған жүктеді. Бірақ ол менің қолымнан келмейді. Өздеріңіз қысқарта беріңіздер.

– А, солай ма?! – деді Мацкевич айы оңынан туғандай. – Өте дұрыс. Қам жемеңіз. Бәрі дұрыс болады. Мүсіреповті сыйламайтын кім бар? Жазғаны шығады. Хабарласып тұрсын, сәлем айтыңыз. Мен де оған телефон соғармын. Сізге де! Ренжіменіз дос!

Көп ұзамай Ғабит Махмұтұлының очеркке де, мерейтойға да мойын бұруға шамасы болған жоқ.

Очерк осы күнге шекті үйімдегі шкафта жатыр.

Екі жылдан соң жазушының өзі де бақиға аттанды.

Көп жылдар өткеннен кейін, осындай үлкен жазушы, ірі тұлға Ғабит Мүсірепов жайлы ойлай қалсам, онымен әр кезеңде дидарласып, әңгіме-дүкен құрғаным, сырласып, ашық сөйлескен сәттерім еске түседі. Басына бақыт құсы қонып, абыройы көкке өрлеген, шексіз ілтипатқа бөленіп, тасы өрге домалаған, еш нәрседен кенде емес, төрт құбыласы тең адам жадымда. Олар да жазушының кісілік келбеті, өмірінің кейбір өзім білетін басқадай қырлары да күнделіктерімде көрініс тапқан.

Өмір – баянсыз, өткінші. Фәни жалғанның қызығымен бірге, шыжығы да аз болмайтынын қазақ та білген, айтқан: «Аяғы дүниенің ырың-жырың» деп. Қызық дәурен, өшпестей көрінетін шадыман шақ түптің-түбі жым-жылас, құрдым. Жастық шақ – сағым. Бұйырғаны – қарттық, кәрілік, жалғыздық. Олар да сарқылады, суалады. Артында өшпес із қалса, ғанибет сол. Міне, бұл жағынан Ғабең шексіз бақытты, жұлдызы мәңгі сөнбейтін аяулы тұлға.

Қайтыс боларынан сәл бұрын қазақ тілінде үш томдық таңдамалы шығармалары жарық көрді. Бірін Әбдіжәміл Нұрпейісовке ұсына тұрып, ұзақ ғұмырында жазған дүниелерінің мәйегі осы дегені – тектілік, әрине қалғандары да сорлы емес қой. Бірақ өзі солай деген соң, не шара!..

Кей-кейде ойлаймын: ХХ ғасырда Мүсіреповтен не қалар екен деп. Меніңше, бірнеше әңгімелері мен екі пьесасы қалатын шығар. Онан соң, әрине, замандастарының ізгі ниеті тілек, естелігі шексіз сүйіспеншілігі.

Суреткер үшін, аз есем.

Жұмағали ЫСМАҒҰЛОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Батырлыққа бергісіз батылдық

Бұл әңгіме бұрын еш жерде айтылмаған. Қалыптасқан қатаң партиялық тәртіп бойынша оны айтуға хақым да жоқ еді. Ал өмірінің соңғы жылдарында Ғабеңе өте жақын жүре тұра, ол кісінің мінез ерекшеліктерін байқағандықтан, тұлға ірілігіне көрген сайын көзім жетіп жүргендіктен, мен бұл оқиғаны Ғабеңнің өзіне де айтпағанмын. Қазір жағдай өзгерді. Ғабең де өмірден өткен. Сондықтан ардақты ағаның өзінен кейін бірінші рет аталып өткелі отырған үлкен мерейтойы тұсында осыны жария етуді мүмкін деп санаймын – Автор.

1957-жылдың ерте көктемі. Бұрыңғы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің аппаратында, дәлірек айтсам, оның Насихат және үгіт бөлімінің баспасөз секторында нұсқаушылық қызмет атқарып жүрген кезім. Бір күні бөлім меңгерушісі А.Т.Ивановтың кабинетіне шақыртылдым.

Көп қағаздың ортасында шұғылдана жұмыс істеп отырған бастық мені қарсысындағы креслоға отырғызып, қалың көзілдірігінің әр жағындағы көмескілеу көзін төмен жібере, аз үнсіз отырғаннан кейін, бір тығыз, бәрі маңызды және бәрі құпия. «Мұны неге, ескертіп отыр?» деп ойлап үлгергенше, алдында жатқан қалың екі папканы қолыма ұстатты.

– Мыналармен жақсылап таныс. Бірде-бір факті ескерусіз қалмасын. Сонан соң мына кітаптарды қарап шық та, ең білікті деген адамдарға қосымша рецензияға бер. Кімге беретініңді өзің шеш. Ана газеттегі мақала да есте болсын, – деп, ұзын мәжіліс столының үстінде жатқан ескі газет тігіндісін нұсқады. – Осылардың барлығын зерттеп, жинақтап, егжей-тегжейлі анықтама әзірлеу керек. Филипповтың кабинетіне бар деп, іштен бекітіп алып, іске кіріс. Бір апта уақыт беремін.

Осының бәрін үнсіз тыңдап отырмын. Екі көзім қалың папкаларда. Сыртында «Личное дело Г.М.Мусрепова» деген жазуы бар. Бірінші том, екінші том деп белгі соғылған.

Сәлден кейін бастықтың бетіне аңғара қарадым. «қай бағытта жазу керек?» деген сауалды аңғарта қарағанымды түсінді де, тағы бір қағазды ұсынды. Орталық Комитеттің Бюросы деген бланкіге басылған қаулы. «Ғ.М.Мүсіреповтің партиялық мәселесін қайта қарау жөніндегі комиссия туралы» деп жазылған. Құрамында 5 адам бар. Төрағасы – Н.И.Журин, Орталық Комитеттің екінші хатшысы. Мүшелері –

Іздегенге сұраған дегендей, солардың құдайы беріп, көп ұзамай атышулы «Бесеудің хаты» туралы мәселе бұрқ ете қалсын.

Бірінші папкада осы хаттың мәтіні бар. Ол да бір беттей. Күлгін лентамен машинкаға басылған қағаз әлі күнге көз алдымда. Сондағы авторлардың жазба түсіндірмесіне қарағанда, бұл әңгіме жолдастар арасында, сөзден сөз шыға келе, кездейсоқ туып кеткен.

Күн демалыс екен. Паркке барып серуендеп қайтайын деп шыққан біреуіне тағы бір жолдас жолығып, екеуі бильярдқа қарай беттейді. Олардың үстіне бір-бірлеп басқалары келе бастайды. Әңгіме арасында, өлкедегі қиын жағдай ауызға алынып, әр жерде аштық біліне бастағаны сөз болады. Саналары толысып қалған жас қызметкерлер елге жандары ашығандықтан, осы жайды жоғары жаққа неге хабарламаймыз деседі. Ақыры, ие бәсе деп уәделеседі де, ойындарын тоқтатып, қаланың сыртына қарай жиналады. Дереу көлік тауып алып, бір оңаша демалыс үйіне барады да, отыра қалып жазады.

Сондағы Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекиннің атына жазған хаттарының мазмұны мынадай: Осыдан бір жарым жыл бұрын Қазақстан өлкелік партия конференциясында жасаған баяндамаңызда сіз республикадағы мал санын әрбір түлік бойынша келтірген едіңіз. қазір сол мал бес еседен астам кеміп кетті. Ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік саясатын өрескел бұрмалау нәтижесінде мал басы жаппай қырылуда. Біріне-бірі жалғасқан қуаңшылықтан егін шықпай қалды. Соның салдарынан қазір жекелеген аудандарды аштық жайлай бастады. Осы жағдайды сізге арнайы хабарлап, шұғыл шаралар қолданылуы қажет деген ойымызды білдіреміз.

Жыры бірнеше жылға созылған хаттың бар мазмұны осы ғана.

Қағаз тиісті жеріне барып жетуі-ақ мұң екен, адам айтқысыз дүрбелең басталып кеп кетеді. Бес жігітті бірінен соң бірін жауапқа шақырып, әрқайсысынан түсінік алады. Сонан соң мәселе өлкелік комитеттің бюросына дайындалады. Мәжілісте революциялық маңызы бар партиялық шараны түсінбеген «шикі» коммунистер қатты талқыға салынып, олардың «дүмбілез» ойлары қатаң жазғырылады. Әсіресе, бастаушыға қадала шұқшиысады. Бәрі де қателескендерін мойындап, «райдан қайтуға» мәжбүр болады. Әркім өз кінәсіне қарай әр түрлі партиялық жазаға тартылады, қызметтерінен босатылады.

Сондағы Ғабеңнің үлесіне тиген жаза – ол ашыққандарға көмек көрсететін «төтенше өкіл» ретінде Қостанай округінің шалғайдағы Батпаққара ауданына ұзақ мерзімді командировкаға жіберіледі.

Кейінірек бір жылдары Ғабеңмен оңаша сапар кезінде, сөзден сөз тауып, әңгіме сол «Бесеудің хатына» қарай ойысқан тұста, ағамыз өзінің үйреншікті әдетімен сәл ыңыраңқырап отырды да:

– А... Сол жолы біздің арамызда да бір собака бар болып шықты, – деп тоқталып қалды.

«Ол кім еді?» деп сұрауға батпадым. Сұрамағаным да дұрыс болды-ау деймін. Аз бөгелістен кейін Ғабе Батпаққараға сапарын өзі баяндап кетті.

Қалтасында «төтенше өкіл» деген бір жапырақ қағаздан бөтен түгі жоқ, поезбен жарты Қазақстанды орап өтіп, бірнеше күнде қостанайға жетеді. Округ басшыларына кіріп, келу жайын баян еткеннен кейінгі анықталғаны: биыл қыс қатты, қар қалың. Апталап, айлап соққан бораннан қатынас-байланыстың бәрі үзілген. Батпаққараның ашыққан халқына көмектесу үшін бергі жақта, Шолақсай деген жердегі глубинкаға жетіп, сонда құйылған тұқымдық тарыға рұқсат беру керек. Шолақсай Қостанайдан екі жүз шақырым. Мына толассыз боранда оған жеткізе алатын көлік жоқ.

Шаруашылықпен айналысатын адамдар әрі ойланып, бері ойланып, ақырында ондай көлікті тапты. Мұндай алыс жолға жарайтын әрі күйлі, әрі мықты ат округтік жоспарлау комиссиясында ғана бар екен. Бірақ оны алу үшін Зиновьевтің тікелей өзімен сөйлесу керек.

Ол қай Зиновьев? Кәдімгі Григорий Евсеевич Зиновьев. Партия мен Үкіметтің Троцкийден кейінгі қас жауы. Сталинмен айтысып жеңілгеннен соң, жазалау ретінде төмендетіліп, осы Қостанайға жіберіліпті.

– Айтып ауыз жиғанша болған жоқ, окружкомға Зиновьевтің өзі де келіп қалды. Үстінде котик жағалы қара пальтосы, басында дәл сондай қара құлақшыны бар, сырт әлпеті сыпайы, интеллигент кісі екен. – Мені таныстырғаннан кейін пейіл білдіре сөйледі. Алматыдан бір жазушы келді дегенді естіп, өзім де көргім келіп еді дегендей оң рай танытты. Мұндағылар менің шаруа жайымды құлаққағыс етті.

– Жарайды, окрпланға барып сөйлесейік, – деді бұл кісі.

– Өзінің кабинетіне барғаннан кейін Алматының, жалпы өлкенің жайын сұрастырып, біраз сауалдар берді. Одан мәдениет жайына ауысып, жазушылар қауымына, ұлттық

әдебиеттің жас өркендеріне ықылас білдірді. Ақыры ат-көліктің орайы келіп қалды.

Атшысы қаба сақал орыс шалы екен. Соны шақыртып алып, өзі ауызба-ауыз тапсырма берді:

– Қанша күн керек болса, сонша күн осы кісінің қарауында боласыз. Айтқан жеріне апарып салғаннан кейін рұқсатымен ғана қайтарсыз.

– Сонымен біз жүріп кеттік. Ол жолдың қиындығын сен сұрама, мен айтпай-ақ қояйын. Қанша еді Қостанай мен Семиозердің арасы? (Мен жүз шақырым екенін айттым. – Ж.Ы.). Ендеше сол жүз шақырымға біз табаны күректей жеті күн жүрдік. Ол жерде жол дейтін ұғым атымен жоқ. Ат құлағы көрінбейтін боранда ат бауырынан келетін күртікті кешіп, күніне екі-үш сағаттай жылжимыз. Сонан соң атты ағытып, шанадағы азғана шөптен шалдырамыз. Өзімізде алып шыққан азық бар. Қатқан нан мен суық колбасадан қаужап аламыз да, бой жылытқыштан аздап жұтамыз. Сондағы біздің жол бойындағы адастырмас қарасынымыз – бірінің соңынан бірі шұбырып келе жатып, құлаған жерінен тұра алмай қалған өліктер болды.

«Бесеудің хаты» үшін Ғабең тартқан жазаның бір парасы осындай екен. Бірақ ақыры қайыр дегендей, көп ұзамай Голощекиннің қарасы батып, орнына Мирзоян келеді де, республика өмірі жақсылыққа қарай күрт өзгере бастайды. Сол тұста, 1933 жылдың жазында болған Өлкелік партия комитетінің пленумында «Хат» авторлары ақталып, артынан Ғабең «Социалды Қазақстан» газетіне редакторлық қызметке жіберіледі.

Сонымен, Ғабит Махмұтұлы жауапты журналистік қызметке кірісіп, айналасына Би-ағаң сияқты көрнекті қаламгерлерді топтастырып, алаңсыз жұмысқа берілгендей болып еді. Сөйтсе, бұл әншейін кемді күндік толас қана екен. Бұрынғы жамалған айып-кінәлардың бәрін қайта тірілтіп және бірнеше есе зорайып, шын зобаланды ала келген отыз жетінің сұмдықтары күтіп тұр екен. Бұл нәубет халықтың ең аяулысы мен ардақтысынан бастады да, қуғын-сүргіннің құрығын алдымен соларға салды. Сәкен, Бейімбет, Ілияс сынды арыстарымызға қарсы баспасөз бетінде нағыз қасекі науқан ашылды да, оның аяғы тура абақтыға апарып тығатын талқылауларға ұласты.

Бұл кезде Көркемөнер істері жөніндегі комитетті басқарып жүрген Ғабең өзінің талай жылдар бойы сыйлас, сырлас бола жүріп, ақтығы мен пәктігіне әбден көзі жеткен Биағасы осындай талауға түсіп жатқанда шыдамады. Барып

араша түсті. Әбден күйініп кеткен бір тұста: «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деп салды. Сол-ақ екен, жылдар бойы аңдаусыз баскан әрбір қадамы жіпке тізіліп, баяғы ескі әңгімелердің бәрі жаңғырып келіп, қара пәледей төнді-ау дейсің басына. Баяғы «Тулаған толқында», баяғы «Бесеудің хаты», соларға жаңа айып-кінәларымен келіп қосылған «Шұғыла», оның колхоздастыру саясатына тікелей қарсы бағытталған дұшпандық мазмұны үйіп-төгілді-ай келіп. Сөйтіп, 1938 жылдың бір сәтсіз күнінде Ғабит Мүсірепов қызметтен де алынды, партиядан да шығарылды. Оның жиырма жыл бойғы саналы өміріне крест қойылды.

Бірақ, әйтеуір құдай қағып, абақтыдан аман қалды. Ал абақтыдан аман қалғаны атудан аман қалғаны еді. Бұл Ғабеңнің туралап келген ажалдан екінші рет құтылуы болатын.

Міне, осынау отыз сегізінші жылдан былай қарай Ғабеңнің сырты тыныш өмірінде іштей бір мазасыздық билеген, сол мазасыздық ешуақытта толастамай, әрдайым ызыңдап, республика басшылығында өзгеріс болған сайын мұны қайтадан қозғап, жаңа бір үміттің елесімен емексітіп, дәмелендіріп, өзін-өзі рухани дағдарысқа салып отырған кезең басталады. Анықтаңқырап айтсақ, республикада партияның бірінші басшысы өзгерген сайын арыз жазып, өзінің партиялық мәселесін қайта қарауды, сөйтіп өзі жөнінде жіберілген әділетсіздікті түзетіп, партияға мүшелігін қалпына келтіруді өтіне берген.

Осындай арыз алғаш рет Н.А.Скворцов атына, одан кейін Г.А.Борков, Ж.Шаяхметов аттарына жазылған. Соның әрқайсысында өтінішін жаңа бір қисынмен негіздеп, партия ісіне адалдығын барынша дәлелдеп, таусыла жазған сөздерді тебіреніс-толқыныссыз оқу мүмкін емес еді.

Сондай кезде әрдайым көлденең тартылып отыратын бір қайырсыз заңдылыққа қайран қаласың. Тіпті ғажап! Ғабең жаңа келген бастыққа жаңа бір үмітпен өтініш білдірген сайын, оның алдынан жаңа бір айып, тың кінә сопаң етіп шыға келеді.

Соның бірғана мысалы. 1945 жылы жаңа келген біріншінің атына өтініш жолдағанда, сол бойынша анықтама әзірлеген аппарат қызметкері бұрынғы ұлтшылдық ауытқуларының жаңа бір фактілерді қосып, арыз иесінің түзелмегендігін, қайта бұрынғы қателерін қасақана асқындырып жүргенін дәлелдеп бағады. Және оған фактілері де дайын. Мәселен, 1943 жылы М.Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабы талқыланғанда, бұрынғы алашордашыл ұлтшыл жазушының

ескілікті дәріптейтін зиянды шығармасын жалғыз Мүсірепов қана белсене қорғап шыққан. Ол аз болса, 1944 жылы республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған «Желкелер неге қышиды?» атты мақаласында ол советтік малшыларға жала жауып, оларды қазақтың ескі киіз үйін, ою-өрнектерін көксеуші етіп көрсетеді. Демек, арыз иесінің өтінішін қабылдауға болмайды.

Ғабеңнің ең соңғы үміті, ең соңғы ышқынуы 1954 жылы П.К.Пономаренко атына жолдаған арызда бейнеленген. Бірақ оның нәтижесі де бұрынғылардай. Орталық Комитеттің жанындағы парткомиссияның бір мүшесі (соңғы жылдары қайтыс болды. Ж.Ы.) ерекше әпербақандық көрсетіп, бұрынғы құжаттарда айтылып келген айып-кінәларды барынша мұқият тізбектеген де, Ғабит Мүсіреповтің алдынан Коммунистік партияға оралар жолды біржола жапқандай үзілді-кесілді үкім шығарған.

Сөйтіп, Ғабеңді партиялық абырой-беделін қайтарып алу жөніндегі үміті осымен біржола сөнеді де, ол енді арыз жазуды тоқтатады. Бірақ ождан күші өзінің дегенін істетпей қоймайды. Мүсірепов енді Коммунистік партияның мүшелігіне кандидат болып жаңадан кіру жөнінде тілек білдіреді. Бұл тілек қабыл алынады. Сол-ақ екен, қазақтың белгілі жазушысы, көрнекті қоғам қайраткері Ғабит Мүсірепов қайтадан номенклатураға алынады, жаңадан ұйымдастырылғалы жатқан сатирикалық «Ара» («Шмель») журналына бас редактор болып тағайындалады.

Сонда қалай? Ғабең жиырма жылдай қуанғанда, осы үшін ғана қуанғаны ма? Тек мансап үшін бе? Жоқ, олай емес. Оған әрдайым тыным бермей, жанын жеп, еріксіз итермелеп отырған бір-ақ күш. Ол – жоғарыда айтқанымыздай, ождан күші, ішкі сенім серпіні, өмірлік мұратқа деген айнымас адалдық болса керек.

Ендеше дәл қазір. Коммунистік партия таратылып, оның қызметіне тыйым салынып, бүкіл тарихы халыққа жат саясаттың салдары деп бағаланып отырған кезде, өмірден өтіп кеткен ағамыздың ұзақ жылғы арпалысы жай бір адасқан әурешілік болып шыққаны ма?

Бұл жерде тек «жоқ!» деп кесіп айту керек. Бір ғана Мүсірепов емес, бүкіл өмірі мен талантын туған халқына арнаған талай боздақтардың, өмір сапарының белгілі бір кезеңінде большевиктер ұранын халық бақытымен байланыстырған талай ержүрек күрескерлердің тағдырына бүгінгі күн тұрғысынан қарап, қиянат жасамауы керек. Әміршілдік пен әкімшілдіктің дәуірлеп тұрған кезінде

бұрынғы асыл мұраттан аяққа басылғаны болса, оған алдыңғы буынның құрбандары кінәлі емес.

Өзгені былай қойғанда, коммунистік идея жолында күрескені үшін атаман Анненковтың ажал вагонында азап шеккен Сәкен ағамыздың аруағын ақыр-аяғында өзін дәл сондай айуандықпен азаптап өлтірген коммунист жендеттерден арашалап алу кандай парыз болса, сол Сәкен, сол адал ниетіне дак түсірмеу – дәл сондай парыз.

Әңгімемізді әрі қарай жалғастырайық. Бөлім меңгерушісінің тапсырмасы орындалды. Машинкадан шыққан көлемі 25 беттей жазбамды Ивановтың үстеліне әкеліп қойдым. Арада бірер күн өткеннен кейін бастық қайыра шақырды.

– Анықтамаң шығыпты. Керек жерлерін дұрыс іліп алған екенсің. Біраз ықшамдап, стиль жағынан әлі де иін кандыратын жерлері бар көрінеді. Кешке кел. Бірге отырып қарайық.

Ол кезде кешкілік жұмыс істейтін тәртіп бар. қызыл інірде отырғаннан түн ортасы ауғанша тырп етпестен қағазға үңілген бойымызбен анықтаманы түгел қайыра карап шықтық. Бірінші нұсқасы түбегейлі түзетіліп, әжептәуір жұмырланып калды.

Әділін айту керек, біздің бастық мұндай іс қағаздарын жазуға да, жазылғанды өңдеуге де шебер болатын. Және осы істің үстінде ерекше ықыласын салып, барынша ыждағаттық білдірді. Ғабең өмірінің қиын-қыстау кезеңдеріне келгенде соншалықты жанашырлық танытып отырғанын айтпай кетсем әділетсіздік болар еді.

Әсіресе, Бейімбет жөнінде айтқанын естігенде, ішкі сезімін ірікпей:

– Ну, какой это смелый человек! Как же он уцелел после этого? Наверное, в счастливой рубашке родился, – деп қайран калды.

Осы тұста, біраз жері өзіме катысты болғандықтан, ыңғайсыздау көрінсе де, тағы бір шегініс жасауды борыш санаймын.

Белгілі жазушы С.Адамбеков «Қазақ әдебиетінде» жарияланған естеліктерінде осы газеттің тарихындағы бір киын кезеңде А.Ивановтың, тағы басқа кейбір лауазымды адамдардың теріс позиция ұстанғанын, сөйтіп біраз жазушы-журналистерімізге киянат жасағанын жазады. Оқырман ұғымында Садықбек ағамызбен арада қайшылық тумауы үшін мен мынаны айтуға тиіспін.

Мүсірепов оқиғасынан бірер жылдай бұрын, әдебиет

газеті төңірегінде көтерілген әңгімелер тұсындағы Иванов шынында да мына мен айтып отырған Ивановтан мүлде өзгеше көрініп еді. Сол кезде өз бастығымды өзім танымастай халде болғаным бар.

Мен бір жолы қызмет бабымен ұзағырақ жолсапардан оралсам, осы газет төңірегінде пыш-пыш әңгіме көтеріліп жатыр екен. Оны сектордағы жолдастардан сөз арасында ғана естігенім болмаса, иә бөлім, иә сектор басшылары тарапынан өзіме тікелей тапсырма да берілген жоқ, «осы қалай?» деген түсінік те сұралған жоқ. қайта, ұзын-ырғасы ұзаққа созылған осы мәселені әзірлеу кезінде өзімнің сыртқары қалдырылып жүргенімді сезіндім. Тіпті бір күндері баспасөз кабинетіне келетін газеттің бақылау данасы да бізге берілмей, басқа сектордағы қазақша түсінетін орыс қызына беріліп жүргені мәлім болды. Содан бірде өзімнің тікелей бастығым А.Филипповтың кабинетіне кіріп келгенімде, ««Қазақ әдебиеті» газетінің өрескел саяси қатерлері туралы» деген тақырыппен дайындалып жатқан жобасына көзім түсіп кетіп еді, бастық оны теріс аударып, жауып қойды.

Мәселені әзірлеуге қатынаспағаннан кейін, әрине, бюроның мәжілісіне де шақырылған жоқпыз. Бірақ талқылау қатты болып, көп адамдарға ауыр-ауыр кінәлар тағылыпты дегенді естідім. Міне, сол қаулы бөлімнің партия жиналысында талқыланатын болды. Газет қызметкерлерінен кейінгі енді «той иесі» біз, секторда істейтін екі қазақ қызметкері Қ.Шалабаев екеуіміз болып қалдық. Осындай өрескелдікті көрмеген, дер кезінде дабыл көтермеген кінә, әрине, бізге жүктеледі.

Бөлім меңгерушісінің зілді баяндамасынан кейін жауапқа біз шақырылдық. Алдымен маған сөз берілді. Бір тықырдың таянғанын сезіп, дайындалып келгенмін. қағазға түртіп алғандарым да бар. Ақталмай, жұмыстағы ағаттықтарымды мойындай тұрып, әлгі жайттардың бәрін де айттым.

– Бұрын баспасөзге байланысты мәселеде алдымен біздің пікіріміз тыңдалып, біздің ұсынысымыз ескерілуші еді. Бұл жолы бәрі керісінше болды. Біз көрінеу сыртқары қалдық. Бізге сенімсіздік көрсетілді. Оның себебі бұл бөлімде енді қызмет істемеуім керек. Күні ертең өтініш беруге әзірмін.

Менің сөзімнің негізгі мазмұны осындай еді. Жиналыс төрағасына таяу отырған лекторлар тобының жетекшісі А.Пыхтин шыдай алмай сөзге араласты.

– Ты здесь неправ, Иванов. Ты совершил ошибку, – деді.

Бастықтан жасы да үлкен, тәжірибесі де мол, әккі саясатшы. Көп мәселеде оның ақылшысы болып жүретін

сенімді адамы. Әңгіменің қалай қарай өріс алып кетуі мүмкін екенін сезген болуы керек, тұтанғалы келе жатқан өрттің алдынан осылай қорғаштап жіберді.

Онсыз да ауыр басталған жиналыстың әуені одан сайын ауырлап кеткендей болды. Ертеңіне бөлім бастығы мені шақырып алып, біраз басалқы сөздер айтты:

– Сіз ренжімеңіз. Біз сізді бағалаймыз. Оқуға барамын деп жүрсіз. Егер шындап шешсеңіз, түсуге де көмектесеміз. Оған дейін алаңдамай жұмысыңызды істей беріңіз, – деп жуып-шайды.

Мынау содан кейінгі маған арнайы берілген бірінші тапсырма болатын. Осының үстінде бастық екеуміз біраз жақындасып та қалдық. Сонан соң, обалы не керек, Ғабең мәселесі тұсында Алексей Тимофеевич үлкен белсенділік көрсетіп, шын тілектестігін танытты.

Билік басы, саясат төңірегі деген қызық қой. Кейде үлкен бастықтардың ыңғайымен ықтап, мәселенің аңғарына көшіп жүргенде, адамның шын адамдық бейнесін танымай қалатын жайларың болады. Жайшылықта жап-жақсы кісілігі бар деген әріптесің шын сыналар кезеңде сырдақсып шыға келетінін қайтерсің. Ал енді қатардағы орындаушылар арасында бастықтың аужайына күні бұрын орайласып алып, жорғалап кететіндер немесе өзінің пікірін іркіп қалып, көрінеу әділетсіздікке баратындар, абыройлы біткен бір іске көлденеңнен ие бола кететіндер немесе сені орға итере салып, жылы орныңа отыра кеткісі келіп тұратындар, жарықтық, партия аппаратында жиі-ақ кездесіп тұрушы еді. Осы мәселені дайындау кезінде кездескен бір эпизод есіме түссе, оңашада отырып осы күнге дейін езу тартамын.

Жеке кабинетке орнығып алып, кіріп-шығып жүргенімді көріп қалған бір бастық ағамыз мені тоқтатып алып, соңымнан ере кіргені бар.

– Мұнда не ғып отырсың?

– Жәй бір жұмыс қой.

– Жұмыс болғанда немене, менен жасырамысың? Сені таба алмай жүрмін ғой.

Жан алқымыңнан алған бастық адам айтқызбай қоя ма? Шынымды айтуға тура келді.

– Бюроның шешімі көрінеді. Бөлім меңгерушісі құпия деп осындай бір тапсырма беріп еді.

– Ә, – деді әлгі ағамыз өзінің қалыс қалғанына іштей шамданғанын маған сездіргісі келмегендей. Сонан соң сәл ойланып тұрды да, тағы сұрады. – Ал біздің осындай іс істеп жатқанымызды Ғабекеңнің өзі біле ме?

Бұл сұраққа мен де аңтарылып қалдым.

Ол сәл ыңылдап тұрды да, шығып кетті.

Аппарат жұмысындағы неше түрлі құбылыстар мен адамдар

мінезіндегі бұралаң-бұрылыстар осындайдан құралатынын мен ол кезде білмейтін едім. Бәлкім, жаңағы Иванов жолдастың екі мәселе кезінде жұртқа екі түрлі көрінуінде де осындай сыр бар шығар. Тегінде, сол елуінші жылдардың орта кезінде республикада ахуал өте ауыр болатын. Кім білсін, тың лебінің салқыны ма екен, әйтеуір қазақ басылымдарына қамқорлық әлсіреп, олардың көбі аудармаға көшіріле бастаған. Көптеген кадрларға көзқараста да бір түрлі жатырқаушылық байқалатын.

Бәлкім, «Қазақ әдебиеті» айналасындағы әңгімелерді соншама зорайтып, құбыжық етіп көрсетуде тыс белсенділік таныткан біздің бөлім меңгерушісіне де өз бастықтарының бағыт-бағдары, сол кездегі жалпы орталықтың теріс саясаты әсер еткен болар.

Тіпті арада сәл уақыт өткеннен кейін, тым асыра сілтеп, ұлттық интеллигенция өкілдеріне жеккөрінішті болып қалғанын сезген басшылар кейін қайтып жақсы атты көрінудің амалын қарастырмағанын кім біледі? Бәлкім, Ғабит Махмұтұлына тосыннан тосын қамқорлық білдіруде де осындай астар жатпады ма екен?

Бірақ бір күмәнсіз нәрсе, өзінің қадір-қасиетін анық білетін, сондықтан ешкімнің алдында елпілдеп салмағын кемітпейтін ағамыз өзінің ұлы тұлғасын бұдан кейін де ұсақтап, ірі бітімін кішірейтіп көрген жоқ. Қайта, осыдан кейінгі отызға тарта жылдың ішінде тек қана өзі атқарып, өзі тындырар небір келел істердің үстінде әбден кемеліне келіп, өз бойынан ақыл-парасат қазынасының небір асылдарын ашқан кемеңгер ағамыздың бітім-табиғаты барған сайын биіктей түскен тәрізді. Ол өмірден сол биік тұлғасын еңкейтпей биік ұстаған қалпында өтті.

...Ғабеңнің партиялық ісі жөніндегі қағаздар (анықтама, қаулының жобасы, шығармалары жөніндегі жабық рецензиялар) түгел өткізілген. Енді нәтижесін күтіп жүрмін. Бір күні ертеңгілік қызметке келе жатқанымда кіре берісте Иванов кездесіп қалды. Күндегісінше қолын беріп амандасқанан кейін:

– Ну, можешь поздравить своего Мусрепова, – деді Жолшыбай сөйлесіп келеміз. Бюроның жабық мәжілісі кеше кешкілік болғанын айтты. – Ты, наверное, не представляешь, каково было там некоторым его друзьям, – деп тағы қандай әңгіме болғанын, әрине, сұрамадым.

Қызмет бөлмеме келгеннен кейін басқа жұмысқа кірісе алмай, біраз толғанып отырдым. Бірақ бас салып Ғабеңе

телефон шалып, құттықтай қоятын пысықтық ол кезде менде жоқ. «Не де болса жұмысына келсін», – деп ойладым.

Ал шынында жеделдете телефон соғуға мүмкіндігім әбден бар еді. Өйткені, менің қызмет шеңберімдегі басылымдардың бірі жаңа құрылған «Ара» журналы болатын. Соны алғаш ұйымдастыру жөніндегі қаулының жобасын әзірлеуден бастап, басылымның атын қою, штатын белгілеу, аппаратын толықтыру, үйге орналастыру, т.т. көп шаруалардың басы-қасында жүргендіктен, Ғабеңмен әжептәуір жақын араласым болатын. Бірақ мынадай жеке мәселеде еркінси алмадым. Үкімет жүйесіндегі «вертушка» аталатын телефонмен бір-екі рет қоңыраулатып көріп едім, Ғабең әлі келмепті.

Сағат он екілер кезінде үйіне телефон соқтым. Трубканы ағамыздың өзі алды. Сәлемдескеннен кейін жайлап қана құттықтаған болдым.

– А... Оны қайдан естіп қалдыңдар?

– Ғабе, осында жүрген соңептеп естиміз ғой.

– А... Цекадағы жігіттер, бәріңе де рақмет.

Әңгімеміз осымен бітті. «Осы рақметке анадағы бастық ағамыз да ортақ-ау» деген ой ол кезде маған келген жоқ. Тіпті ол кісі менен бұрын құттықтап қойған болар деп те ойламадым. Бірақ көңіл орнына келгендей жайланып қоя берді.

Ғабең өмірінің өзім сырттай куәсі болған кейбір өткелдері осындай еді.

Ғалым АХМЕДОВ, жазушы

Ғабеңмен аңға шыққанда

Қазақта құс алып, ит жүгіртіп, мылтық атып аң аулау жөнінде «құс қызығын өзі көреді, ит қызығын өзі көреді, тек мерген ғана аңшылықтың қызығын көреді» деген сөз бар. Өте дұрыс айтылған! Жұмыстан шаршап, қаланың шаңдақты түтінді ауасынан басың ауырып, қабағың түсіп жүргенде анда–санда кең далаға шығып, арналы өзеннің не шалқар көлдің жағасында таза ауада, тоғай аралап, көк орай шалғын шөптің үстімен, еш нәрсе ойламай,тек қана жерден құс не аң тап болар ма екен деп алаңдап, қолындағы қосауызды қыса ұстап жүргеніңнің өзі қандай қызық! Сөйтіп, келе жатқанда тап аяқ астынан қырғауыл «пыр-р-р» етіп қанатын сабалап тік көтеріле жөнелгенде, атқанның тимегеннің өзінде де шоқып қалған денең бір сілкініп, қырғауылдың қоразының әсем шоқ гүліндей қауырсынына, өзінің сұлулығына сүйсіне қарап қаласыың. Ал егер оған тие қоймаса, жерден жеті қоян тапқандай аңға бірге шаққан жолдастарыңа мақтанып барасың, ал бәйбішеңе мақтанып айтатын әңгіме өз алдына ғой.

Ғабит ағай аңға құмар. Ол әлі, көзіне көрінгенді атып қыра беретін қомағай аңшы емес, тыныңу үшін, бейнеті ауыр жазу, жұмысынан біраз серпіліп қайту үшін шығатын аңшы. Үйінде бес – алты мылтығы бар, солардың ішінде, әсіресе екі арнаулы (штучные) мылтығы ерекше көзге түсеті.

Ғабит ағаймен отызыншы жылдары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде бірнеше жыл бірге істегенбіз. Ол сонда мәдени-ағарту бөлімінің бастығы, мен нұсқаушы едім. Әдебиет, өнер, ағарту, орындары осы бөлімге қарайды. Жазушылар, театр, кино, ағарту орындарындағы қызметкерлер көп келді, бөлім қызметкерлері де облыстарға, аудандарға шығып тұратын. Ғабит ағай қала ішінде жұмыс жөнінен бір жерге жұмсаса, алдымен «машинаны шақырып алып сонымен барып кел!», – дейді. Ол кезде машина тек бөлім бастықтарында ғана бар. «Жақын жер ғой, жаяу-ақ барып кел” – деп, « – жаяу жібермейді. Ешқашанда адамға қатты сөз айтпайды, қандай жағдайда салмақты, сабырлы бір қалпынан аубайды.

Осыдан кейін елуінші жылдары Ғабит Жазушылар одағының председателі болған кезде де одаққа бірге істедік, мен онда әдеби консультант қызметінде едім. Сөйтіп, ол кісімен біраз жыл қызметтес болдым.

Бір жолы аңға шыққанымызда, менің мылтығымның бір

жері бұзылып қалып, Ғабиттің ең жақсы екі мылтығының біреуін сұрап алдым. Аңға бізбен бірге марқұм композитор Мұқан Төлебаев та шыққан. Екі машинамен Шелек жақтағы Қаракөл деген жерге кештете барып қондық. Күз, әсіресе көл жағасы салқын. Түннің біраз уағына дейін от жағып шай қайнатып ішіп, одан кейінде от басында әңгімелесіп отырдық. Таза ауа жан – жағың қалың қамыс, төбеде жыбырлаған жұлдызт от жалыны бәсеңдегенде жарқырып шыға келді. Онда, еш нәрседен алыңсыз, тек алаулаған оттың жалынына қарап отырғанда әркімнен де әңгіме туа береді және бірінен– бірі қызық болады. Солай түн ортасы ауғанша отырған соң ұйқы қысып, есіней бастадық. Сонан соң қапшық төсектерімізді жазбай– ақ, басымызға жастанып, киімізбен құлай кеттік.

Қатты ұйықтап қалған екенбіз. Бір кезде біреу түртіп оятты. Басымды көтеріп қарасам, Ғабең. Таң әлі атпаған, қараңғы, ай да жоқ. Мұқан мен оның жолдасы да тұрып үстерін қағып жатыр. Ғабеңнің резеңке қайығы бар, кешкісін құрып дайындап қойғанбыз. Екеуміз соған мініп көлдің арғы бетіндегі қалың нар қамысқа қарай тарттық. Көл үстінің салқын лебі тұла бойымызды мұздатып тоңдырып жіберді. Қайықты ақырын есіп барып, қалың қамыстың бір қойнауыма кіріп тоқтадық. Төңірек, біраз көз үйренгенімен де, әлі қараңғы. Енді таң атып, үйректердің енді ұша бастағанын күтіп отырмыз. Екеумізде үн жоқ. Суыққа бұйығып отырып қалғып кеткен екенбіз. Бір кезде Ғабит мені түртіп, қолын шошайтып бір бүйір жақты көрсетті. Қарасам, жалғыз кегер үйрек қалың қамыстан шығып жайымен жүзіп барады екен. Өзі ұшып бара жатқан құсты атуды сүйетін Ғабең, су бетіндегі үйректі атқысы келмеді ғой деймін. Мылтығымды көтеріп басып қалдым, үйрек тыпырлады да қалды. Сол-ақ екен, жан-жақтан тарс та тарс мылтық атыла бастады. Біз көл басына кештетіп келгендіктен ешкімді көрмеппіз, көл жағалай аңшылыр қаптап тұр екен. Кейбіреулерінің аспандата аткан бытырасы біздің үстімізге келіп түсіп жатыр.

Әлі-беріден кейін күн де жарқырап шыға келді. Көлдің қалың көк майса қамыс көмкерген беті айнадай жарқырайды, бірақ суы қара көк. Жұрт бұл көлдің атын «Қаракөл» бекер қоймаса керек. Суының қара болып көрінетіні, түбі қара балшық, оның үстіне, шіріген қамыс, қараөлең шөптің үгітінділері басқан, сондықтан суының түбі көрінбей қап-қара болып жатады. Ал құм, сондықтан оның суы мөлдір, қайықпен жүзіп келе жатқанында түбіне дейін көрінеді.

Көл айнала тұрған аңшылар үйректерді біресе олай, біресе

бұлай қуып, ақыры олардың көбі далаға егіндіктерге жайлауға кетті. Олжамыз шамалы. Енді қосқа барып үйректер даладан қайтқанша жатып ұйықтап біраз демалайық деп жағаға қарай жүзіп келеміз. Көл ортасына жеткен кезімізде жоғарыда, тым биікте, бес-алты шүрегей ұшып барады екен:

Ғабеңе:

– Атыңыз, – деп ем, ол кісі.

– Алыс, оқ жетпес, – деді.

Мен тәуекел деп мылтығымды көтеріп алып, біразырақ оздыра көздеп атып жіберіп едім, бір шүрегей қалбалақтай құлап суға шолп етті. Ғабең ырза болып, дауысын соза:

– Мо-ло-дец! – деп қалды. Бұл жерде, мақтанып айтсам, менің мергендігім де бар шығар, бірақ сонша алыстан тиген мылтықты да мақтамаска болмайды.

Ғабеңнің осы мылтығына өте қызығып:

– Сіздің мылтығыңыз көп қой, маған сатыңызшы, – деп едім, ол кісі әркездегі сабырлы үнмен:

– Сатылмайды, – деді.

Тағы бір жолы белгілі натуралист-жазушы Максим Дмитриевич Зверев және ақын Леонид Кривощеков төртеуіміз Іленің арғы бетіне аңға бардық. Көктем кезі. Жер беті әлі былтырғы күзден қоңырайып қалған қалпында. Екі машинамен кетіп бара жатырмыз. Іленің арғы бетіне шыққан соң оқтай түзу тартылған асфальт жолмен Шеңгелдіге дейін барып, одан оңға бұрылып, сүрлеу жолмен Шолақ тауының етегін ала Ілені өрлей жоғары жүріп кеттік. Қырық шақырымдай жүрген соң Зверевтің танысы, Іле су жолының күзетшісі бір кісінің үйіне барып түстік. Үй иесінің шайын ішіп отырып сұрастырғанымызда, ол бізге өзеннің арғы бетіне өтіп аң аулауға кеңес берді.

– Арғы бетте қазір жайылған қар суы, ортасында бір жерде аралдар бар. Қаз да, үйрек те сонда көп болады. Мен сіздерді қайықпен арғы бетке өткізейін. Қайтқанда жағаға келіп айқайлаңдар, барып алып қайтамын ғой, – деді. Соның ақылын мақұл көріп, шай ішіп болған соң нәрсе-қарамызды қайыққа салып алып арғы бетке өттік.

Алдымыз жайылма қар суы, едәуір жерде үлкен бір арал көрінеді, ортасында мая шөп те бар екен. Сол аралға қарай жүрдік. Үстімізде қалың киім, аяғымызда қонышы айырттан келетін резеңке етік, әрқайсысымыз мылтығымызды, оқ-дәрімізді, қапшық төсегімізді, азық-түлігімізді, шәугімдерімізді арқаланып жүріп келеміз. Су тайыз, тізеден аспағанымен, түбі батпақ, аяғымызды әрең суырып аламыз, кей жерлерде су түбіндегі былтырдан қалған қалың қау шөп-

шалаң аяққа оралып жүрісімізді ауырлатады. Аралы түскір де жағадан қарағанда онша алыс емес сияқты көрінгенімен, тіпті жеткізер емес. Малтығып қара терге түсе бастадық, отырып демалар құрғақ жер жоқ, төңіректің бәрі шылқыған су.

Ішіміздегі жасы үлкеніміз Максим Дмитриевич. Ол Ғабеңнен жеті-сегіз жас үлкен, жетпісті алқымдап қалған кезі. Бірақ әлі тың, біздерден елу-алпыс қадам озып келеді. Аяғымды батпақтан әрең жүріп келем. «Ай, сірә жете алмаспын, бір жерде мына суға белшемнен батып отыра кетермін» – деп ойлаймын. Итпектеп жүріп ақыры аралға жеттік-ау! Бәріміз де құрғақа шыққан бойда жерге құлай кеттік. Сөйлеуге хал жоқ. Біраз жатқан соң Ғабеңнің шофері Иван Михайлович тұрып отын жинастырып шай қоюға кірісті. Шай дайын болған соң, бәріміз де сүйретіліп от басына барып отырдық.

Далада ішкен, оттың ысы тиген қою қара шай қандай тәтті! Аузымызды күйдіре ішіп жатырмыз. Шаршағанның үстіне шөлден де қаталап-ақ қалған екенбіз. Сонда Ғабең отырып:

– Жігіттер, өмірімде мынадай тәтті шай ішіп көрген жоқпын! – деп бір күлдірді.

– Япыр-ай, Ғабе, аралға жете алмай, жолда құлап қалатын шығармын деп едім, – дедім мен.

– Сен бе, мен бе, ондай халде болған. Менің де жығылмай жетемін деген үмітім жоқ еді, – дейді ол.

Осы компаниямызбен аңға талай бірге шығып жүрдік. Кривощековтың жаңа үйленген жас кезі. Келіншегі Зоя Васильевна: «Леня сіздермен бірге шықса, үйде көңілім жай тыныш отырамын, өйткені, сіздер арақ ішпейсіздер, ал басқалармен шықса, қашан қайтқанша қорқып мазам кетеді, аңшылардың көбі далаға арақ ішу үшін баратын сияқты», – дейді.

Максим Дмитриевич ескі аңшы. Ол кісінің мылтығы да, оқшантайы мен кісесі де қайда, революциядан талай жыл бұрын алынған, кейбіреулері орман қызметкері болған әкесінен қалған заттар екенін тыныққан жерде Максим Дмитриевич айтып отырады. Жас кезінде де арақ пен шылымға үйір болмаған, мамандығы зоолог болғандықтан өмір бойы далада жүрген, сондықтан әлі тың.

Тағы бір жолы Ғабең екеуіміз Іленің төменгі жағында Үшарал деген жерге аңға кеттік. Астымызда «Мерседес-бенс» дейтін мықты машина. Іленің жағасына барып түстік. Күз болғанымен күн шуақ. Қырғауыл атамыз. Басқа құстар

жылы жаққа кеткен. Бізден басқа бір де аңшы жоқ. Далада ұйқымызды қандырмай, қостың шайын рахаттанып ішпей тұрып аңға шықпаймыз.

Бір күні кешке таман аңға шыққанымызда күн ашық еді, мен ұзын коныш кимей, қалың ботинкамен шықтым. Қостан ұзаңқырап кеткен екенмін. Бір кезде бір кішкентай қара бұлт келіп он бес минуттай себелеп өте шықты. Сол жаңбырға шалынып үлгерген қалың шөп пен камысты аралап қайтқанымша белшемнен суға малындым. Ғабең ұзын коныш етік киіп шыққан, оның үсті құрғак. Кешқұрым от жағып шай қайнатып отырмыз. Мен шалбарымды құрғасын деп оттың үстіне төніп тұрған жиде бұтағына жайып қойғанмын. Шай ішіп отырғанымызда үстімізде бірдеңе лап ете қалды. Қарасақ, шалбарым лаулап жанып барады. Ғабең мәз болып күліп:

– Хе-хе-хе! Ештеңе етпес, бұл жерде әйелдер жоқ қой, дамбалшаң жүре беруіңе де болады, – деді.

Сол жерде үш күн жатып аң ауладық. Енді қайтатын болып нәрсе-қарамызды жинап, машинаға салып, жүрейік десек, мотор от алмайды. Аккумулятор шөгіп қалыпты. Алдында аңға шығарда ғана зауыттан алынған аккумулятор еді. Шофер моторды қолмен бұрап әуре. Ол шаршаған кезде мен бұраймын. Тіпті сәл де болса ұшқын білінсейші! Екеуіміз де қара терге түстік, алақандарымыз күлбіреп қалды. Ештеңе шығар емес. Сонан соң жерге бір түкіріп, нәрселерімізді машинадан қайта түсіріп, конып от жағуға кірістік. Сол жерде, не керек, тағы үш күн жаттық. Қаладан алып шыққан азығымыз таусылды. Әйтеуір, шай бар. Атқан қырғауылдарымызды асып жейміз. Тұзы болмаған соң оның еті шөп татиды екен. Енді қалаға қалай жетеміз, ең болмаса Іле поселкесі өзеннің төменгі жағында болса, резеңке қайығымызбен жетіп басқа машина алып келуге болар еді, бірақ ол жоғары жақта және жақын да емес, шамада қырық-елу шақырым жерде, оған қалай жетерсің? Осыны ойлап мазам жоқ, өйткені маңайымызда тірі жан көрінбейді, көктем кезі емес, күз, ауа райы бұзылып кетсе жағдайымыз не болады деймін. Ал Ғабеңнің ойына ештеңе кіріп шығар емес. Тоғай аралап жүріп-жүріп келіп бір жерге демалуға тоқтасақ, ол кісі жерге қисайып жатады да, пысылдап ұйықтай бастайды. Япырым-ай, жүйкесі мұндай мықты болар ма?

– Ғабеке-ау, енді не істейміз, қалаға қалай жетеміз? – деймін мазасызданып. Ол кісі саспай:

– Бір реті болар, далада қыстамаспыз – дейді. Қосымыздың желке жағында екі-үш шақырым жерде ескі

қыстау бар. Ғабең оны әзілдеп: «Жақанның қыстауы» дейді, сол қыстаудың алдымен жол өтеді. Бесінші күні ертеңгі шайды ішіп болған соң, біреу-міреу өтпес пе екен деп, сол «Жақанның» қыстауының қасына барып тұрдым. Күн шуақ, әлі де мизан ұшып жатыр. Анадай жерде қалың шеңгелдің ішінде қырғауылдар жүргені байқалады, оларға тіпті қарағым да келмейді.

Түске дейін тұрдым. Ақыры қарыным ашып, күдерімді үзіп қоска карай кетіп бара жатыр едім, арт жағымнан ат дүбірі естілді. Бұрылып қарасам, бір кісі әлгі жолмен сыдыртып келе жатыр. Сол аттыға айқайлап қолымды бұлғап шақыра, кейін жүгірдім. Торы ат мінген бір жас жігіт екен. Амандасканнан кейін:

– Уа, қайдан келесің бауырым? – деп сұрадым.

– Қаройдан келемін.

– Қайда бара жатырсың?

– Мына жерде зооветучаске бар, сонда барамын.

– Ол қай жерде?

– Міне, мына қырдың астында.

– Он да ел бар ма?

– Әрине, бар. Мал дәрігері, бұзаутекнік (онысы зоотехник екенін түсіндім), дүкен бар.

– Жақын ба?

– Міне, мына жерде, – деп ол тағы да иегін көтерді.

Сонан соң қуанып қоска келдім.

– Ғабе, тап мына жерде ауыл бар екен, сонда барып машина-бірдеңе болса алып келейін, – дедім.

– О, жаксы екен. Қазір мына шайды ішіп алған соң екеуіміз барамыз, – деді.

Шофер шай қайнатып мойыны салбырап отыр. Бұл жолғы шоферіміз Ғабеңнің Иваны емес, басқа бір жігіт. Бұл да машинаны жақсы-ақ білетін адам, бірақ аккумулятор шөккен соң оған не істесін.

Шай ішіп алып Ғабең екеуміз мылтықтарымызды аркалап, итімізді ертіп, жаяу ауыл қайдасың деп жүріп кеттік. Күн бесін ауған кез. Манағы жігіттің иегін көтеріп «ауыл осы жерде» дегеніне сеніп, қазір күн батпай жетеміз ғой, енді ауыл табылды, несіне сасамыз деп тоқмейілсіп, жайымызбен әңгімелесіп келе жатырмыз. Бір қырдан астық, ауыл көрінбейді. «Е-е, бұл қыр болмаса ана қырдың астында шығар, қайда кетті дейсің» – деп тағы жүре бердік. Екінші қырдан асқанша күн де батты, бірақ ауыл көрінбейді. Үшінші қырдан асқанша көз байланып қараңғы түсті. Ғабең:

– Сен сол жігітті анық көріп пе едің, адам ба еді өзі, жынпері болып жүрмесін, – деп маған күле бастады.

– Анық болғанда қандай! Жоқ, жігіт өтірік айтпаған шығар, қалжыңдайтын мен оның не құрдасы, не нағашысы емеспін ғой, – деп келемін.

Аспан бұлт, төңірек тастай қараңғы, не бір дыбыс, не жылтыраған от көрінбейді, оның үстіне күн жауып кету қаупі де бар. Жаз болса бір жөн, ал қара күзде, қарашаның бас кезінде, айдалада мұндай жағдайда қалу кімнің де болса көңілін жабырқататыны сөзсіз. Бірақ Ғабеңнің ойына ештеңе кіріп шығар емес, тіпті жайбарақат әңгімесін айтып келе жатыр.

– «Қазақтың иегінің астында алты ай жүрдім» – деп өзбек әкем бекер айтпаған ғой. Оған да бір қазақ «Мына қырдың астында» деп иегін көтере салған ғой, – деп келеді Ғабең.

Бір кезде алдыңғы жақтан от жылт еткендей болды да, көрінбей кетті.

– Жаңағы отты көрдіңіз бе, Ғабе? – дедім көңіліме қуаныш сезімі кіріп. Егер ол «көрмедім» десе, өзіме-өзім сенбеуім де мүмкін.

– Көрдім: әне тағы от, – деді ол. Мен Ғабең не дер екен деп соған қарап келе жатыр едім, жалт қарасам енді бір емес, бірнеше от жылтырап тұр екен. Сонан соң-ақ аяғымызды шапшаңырақ басып, әлі де жарты сағаттай жүріп бір ауылға жеттік-ау!

Шеткі үйдің алдында кездесіп қалған адамнан сұрастырғанымызда ол бір үйді көрсетіп:

– Анау үйде колхоздың орынбасары мен бұзаутекнек бар, – деген соң сол үйге бардық.

– Кеш жарық! Амансыздар ма? – деп кіріп келдік.

Төрде серейген бір мұртты қара шалқасынан шірене жатыр екен. Сол кісіге:

– Мына кісі жазушы, академик Ғабит Мүсірепов, – деп едім, ол былқ етпеді. Сірә, өзбектерше айтқанда, – «кәйіф қылып» жатқан біреу болар деп оны қойып, үйде жүрген бір орыс жігітіне бұрылып, әлгі кісіге айтқанымды орысша қайталап едім, ол бірден стол жанына орындық қойып бізді соған отырғызып, өзінің «бұзаутекнек», яғни зоотехник екенін айтты. Біздің жағдайымызды естіген соң ол:

– Бүгін осында қоныңыздар, ертең азанда ауатком председателі келеді, сол кісінің машинасымен барып машиналарыңа от алдыртасындар. Қазір салма дайын болады, тамақ ішеміз, – деп бізді адамша қарсы алды. Серейген мұртты қозғалар емес, бізге пысқырып та қарайтын түрі көрінбеді.

– Ана кісі кім? – деп сұрадым зоотехниктен.

– Колхоз председателінің орынбасары.

Зоотехник жігіт нанын турап, Ғабең екеуімізге ет салған екі табақ салма әкеліп берді. Соны ішіп тойып алған соң Ғабең отырып, ертең келетін ауатком председателіне қағаз жазып тастады, сонан соң маған:

– Ал, жүрейік, қосқа қайтайық, – деп орнынан тұрды. Сағатыма қарасам он болған екен. Зоотехник:

– Ау, түн ішінде қайда барасыңдар, күн жауайын деп тұр, қоныңдар, – деп бар ниетін білдірді. Ғабең далада жатуға бар, бірақ кісі үйіне қонуға жоқ адам. Ол кісінің осы мінезін білетін мен ештеңе айтпай жинала бастадым. Зоотехникке рақмет айтып, шығып кеттік.

Аспан қою бұлт, дала, әсіресе жарықтан шыққан бетте, тастай қараңғы. Жүріп келеміз. Былайырақ шыққан соң қараңғыға көзіміз үйренейін деді. Бірақ қалай келе жатқанымызды бағдарлау қиын, өйткені, жұлдыз жоқ, әрі бейтаныс, бұрын көрмеген жер.

Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Ауылдан шыққанда бір сүрлеу жолға түсіп едік, ол тоғайдан шөп тасыған жол екен, тоғай ішіне кіре жоқ болды. Сонан соң: «адасқанның алды жөн, арты сокпақ» деп жүре бердік. Іле өзені бізге сол жағымыздан көрінуі керек еді, бір кезде ол оң жағымыздан жарк ете қалды.

Адасқанымызды енді білдік. Ауылдан қашық шығып кеттік. Манағы жолдан адасып қалдық. Қосымыз алыс, өзеннің жоғары жағында. Сол кезде жаңбыр да сіркірей бастады.

– Ал енді мая шөп іздейік, мына жер шабылған шабындық қой, осы маңда, егер бар шөбін тасып әкетпеген болса, мая бар шығар, – деді Ғабең. Айтқанындай, сәл жүрген соң бір мая шөп табыла кетті. Сонан соң екеулеп, әлі шөбі басылып нығарланбаған маяның шөбін қолымызбен жұлып ық жағына үйіп, соның астына кіріп жаттық. Менің үстімде сұлығым бар. Ғабең мана күн жылы деп, плащын алмаған. Екеуара бір плащты жамылдық. Ғабеңнің ар жағына иті жатты, мұндайда оның жылуы да пайда. Мен аяқ демалсын деп, ұзын коныш етіктерімді шешім тастадым. Шөптің үстінде сытырлап жаңбыр жауып тұрғаны сезіледі, бірақ бізге өтіп жатқан жоқ.

Ұйықтап қалыппыз. Бір кезде оянсам, таң атып қалған екен. Түнде тоңамыз ғой деп едім, бір ғажабы, тоңбаппыз. Екеуіміз де тұрып киініп шөптің астынан шықтық. Күн ашылыпты, аспан ала бұлттанып, шығыс жағына күн шапағы шашырап жайылған. Жан-жаққа көз жіберіп қарасақ, түндегі ауыл бізден едәуір жоғары қалыпты. Енді сол ауылға қайта жүрдік.

Күн шыға жеттік. Шеткі үйдің алдында үш жүк машинасы тұр екен, тура сол үйге бардық. Үйде үш шофер ыссы сүт ішіп, нан жеп отыр. Біз жағдайымызды айтқан соң ішіндегі егделеу біреуі:

– Олай болса жақсы, қазір тамақтанып алған соң барайық. Далада қонсаңдар тоңып қарындарың ашқан шығар, мен нан берейін, ана хозяйкадан ыссы сүт алыңдар, литрі бір сом, – деді.

Ғабең екеуміз бірімізге-біріміз қарап күлдік. Соны байқаған шофер:

– Ә, білдім, ақшаларың жоқ екен ғой, онда мен төлейін, хозяйка, мына кісілерге бір литр сүт беріңіз, – деп сүт сатып алып берді. Ыссы сүт ішіп, нанға тойып жылынып алдық. Шоферлер де тамақтанып болды. Сонан соң машинаның біреуіне мініп, қосымызға келсек, біздің шоферіміз адасқанымызды біліп, таңатқанша лапылдатып от жағып отырыпты.

Машинамызды ана машинаға тіркеп алып тартқанда, он қадам жүрмей-ақ моторы гүр ете қалды. Сонан соң ана шоферге Ғабең өзінің адресін берді.

– Көп рақмет, жігітім, қазір саған беретін көк тиынымыз жоқ екенін көріп тұрсың ғой, қалаға барған соң үйіме кел, – деп оның қолын қысты. Сонан соң машинамызға мініп тартып кеттік. Түс мезгілінде бұрынғы Іле селосына жетіп, бір таныс үйге түсіп шай-су іштік. Үйден шыққанымызға алты күн болған. Үй ішімізге үш күнде қайтып ораламыз деп кеткенбіз, әйелдеріміздің мазасы әбден кетсе керек. Ғабең үйіндегі Құсни жеңгей де, менің әйелім де бар кезі. Ғазиз Оспанов Жазушылар одағының хатшысы болатын. Құсни жеңгей соған біздің келмей жатқанымызды айтқан соң ол бір машинаға міне сала бізді іздеп кетіпті. Сірә біз Іледе шай ішіп отырғанда әрі өтіп кетсе керек, далада жүріп-жүріп түнделете қалаға қайтыпты. Ол кезде біздер үйлерімізге қайтып, моншаға барып жуынып (Ғабең моншашыл, шабынғанды жақсы көреді), ұйықтап жатқанбыз.

Ыссыны да, суықты да елей қоймайтын жасырақ кезіміз. Таза ауаның өзі де адамды ауруға бере қоймайды, анау-мынау ауруың таза ауада жаяу жүргеннің не жеңіл жұмыс істегеннің өзінде кетіп қалады. Біз аңға шыққанда даланың таза ауасының осы жақсы қасиеті үшін шығатынбыз. Талай күндер мен түндерді далада өткізгенбіз.

Кейін бері келе аң аулауды қойдық. Мылтықтарымызды көктемде бір, күзде бір жақсылап майлап, қабына қайта салып қоямыз. Осы күні бала-шағаның бәрінде де мылтық, бәрінде

де машина не мотоцикл бар. Көбі беталды құсты үркітіп тарсылдатып ата береді. Соның үшін де өкімет бірқатар сиреген аңдарды атуға тыйым салып, басқаларының ататын мезгілін ықшамдап, бақылауға алып отыр.

Кейін бір жолы Ғабеңе:

– Ғабе, аңға шықпаймыз ба? – десем ол кісі:

– Қара тышқаннан басқаның бәрі «қызыл кінегеге» кірді, ненді атасың? – деп күлді.

Шынында да, бейбастық аңшыларды еркіне қоя берсең, қара тышқаннан басқа аң қалмаған да болар еді.

«...Ер басына күн туса...»

Ел сондай қырылып жатқанда Голощекин астық, ет және басқа да жоспарлардың орындалуын қатты талап етті. Тек Мирзоян келгеннен кейін ғана, ол кісі алдымен ел ішіне жағдайды өз көзімен көргеннен кейін бірден халыққа азық жағынан жәрдем бергізіп, ел мойнындағы бұрыннан келе жатқан алым-салықтардың бәріне кешірім жасап, колхозшыларға мал бергізді, әр шаруа жүз елуге дейін кой, ешкі, бес-алты ірі қара ұстауда ерікті болды. Аштық жылдары Өзбекстан, Түркменстан, Қарақалпақстан жағына ауған қазақтардың біразын астанадан арнаулы адам жіберіп, елге қайтартты, Голощекин кезінде шетке кеткен қазақтарды Қазақстанға шақырып алды. Солардың ішінен Темірбек Жүргеновті Оқу комиссары етіп қойды. Мәдениет жағынан аса көңіл бөліп, Опера және балет театрын, мәдениет сарайын (бір кезде онда киностудия болды, қазір концерт залы), көптеген мектеп үйлерін, консерватория үйін салғызды, опера театры, филармония, қазақтың домбыра оркестрі ұйымдастырылды. Сол жылдары Темірбек таңертең кызметке бара жатқанда алдымен салынып жатқан опера театры құрылысына барып көріп, бірдеңе жетпей жатыр десе, керектерін Мирзоянның өзіне дейін барып, тауып беріп жүрді.

Ел енді есін жинап, халық тойынып келе жатқанда тағы бір зобалаң туды. Сталинге табынушылық күш алған кезде, алдында партия документтерін тексеріп ауыстырудан басталған 1935 жылғы науқанның аяғы қып-қызыл террорға айналды. Осыған тамызық болған уақытта 1934 жылы бірінші желтоқсанда Николаев деген біреудің Ленинград обкомының бірінші хатшысы С.М.Кировты Смольныйда атып өлтіруі еді. (Кейін мұны ұйымдастырған Сталиннің өзі десіп те жүрді. Жұрт: «Ох, огурчики мои, помидорчики, Сталин пришил Кирова в коридорчике» деп те жырлаған).

Партия бұл науқанда өз қатарына кіріп кеткен мансапқор, пайдакүнем, ниеті басқа және қолдарынан іс келмейтін масыл (балласт) адамдардан арылуды көздеген еді. Бірақ қыза келе, тіпті партияға төңкерістен бұрын кіріп, патшаның сүргінінде болған, бертінде кіргендердің ішінде, мысалы, біздің Қазақстанда, Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан, азамат соғысына қатысқан, талай жылғы адал еңбегімен партия мүшесі деп аталынған коммунистер де «халық жауы» деген атақпен ешбір дәлелсіз, жазықсыз, ешбір заңсыз, сотсыз өлім жазасына кесілді немесе осы дүниенің тамұғы – лагерьлерде шіріп өлді. Сол жылдары қазіргі КГБ-нің орнында болған Ішкі істер министрлігіне айрықша пұрсат беріліп, олар тіпті партия орындарының бақылауынан шығып кеткен еді. Онда қызмет істеген адамдардың көпшілігі шикі надан, адамгершілік, заң дегенді аяқтарына басқан «ұр да жық» біреулер болды, бірен-саран жөн білетіндеріне әлгідей «әпербақандар» жол бермеді не «халық жауларын жақтайсың», деп жала жабуларынан қорқып бас сауғалады. Бұл науқан әуелі қалалық жерлерден басталып, ауылкеңес, колхоз басшыларын, тіпті кейбір жай колхозшыларды да шарпыды. Ұсталған басшы қызметкерлердің әйелдері де қамалып, балалары жетімханаға берілді, олардың кейбіреулерінің әкесі не шешесі қайтып оралғаннан кейін балаларын таба алмай, қалған өмірлері зар еңіреумен өтті. Мысалы, Қазақстан Орталық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімі бастығының орынбасары болып істеген Кузич деген кісі әйелімен қамалып, екі баласы жетімханаға берілген екен. Сол екеуі 15–16 жылдан соң ақталып қайтып келгеннен кейін балаларын таба алмай, ақыры әйелі ақылынан ауысты...

Голощекин тұсында астанадағы қызметкерлер қазақ туралы айтқанда «бұратаналар» (туземцы) деп сөйлеуші еді. Мирзоян келгеннен кейін бір партактив жиналысында: «Республиканың негізгі халқын «бұратана» деулерің ұят» деп бұл сөзді қойғызды.

Қазақтың көзі ашық оқыған азаматтары жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінен ұстала бастаған еді. Мұндай жұмыс Ресейде де жүргізілді. Қазақстанда алдымен «Алаш» партиясында болды деген желеумен (оның үстіне сол адамдармен бас араздығы не күншілдігі бар) немесе бастықтардың алдында оп-оңай жақсы атты болғылары келген мансапқорлардың көмегімен Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Германияда оқып жүрген Ғазымбек Бірімжанов, Дәмолла

Битілеуов (онда жеті-сегіз жас оқыған еді, басқалардың аттарын ұмытып қалыппын) және басқалары қамауға алынды.

«Оразаның түбіне мақсым жетер, азған елдің түбіне тақсыр жетер» дегендей, колхоздастыру кезінде шолақ белсенділердің елге тигізген зияндары туралы ілгері жазғандарымда айтқан едім, сол «шолақтар» жиырмасыншы жылдардан басталып, отызыншы жылдардың соңында аяқталған, одан кейін елуінші жылдары қайта қозып барып көп ұзамай басылған науқандарда момын елге білгендерін істеді. Отызыншы жылдары Қазақстанда орысы, қазағы, басқа ұлт өкілдері бар қанша халық ұсталып, қаншасы атылғанын, қаншасы концлагерьлерде биттеп-құрттап азап шегіп өлгенін кім білсін, ал Одақ бойынша, баспасөз беттерінде жарияланған хабарларға қарағанда, миллиондап саналатын сияқты. Осыған елді колхоздастыру кезіндегі адам шығынын қоссаңыз, басыңыз айналып кетеді. Бұған кім айыпты? Жалпы Коммунистер партиясын айыптағанымыз болмаса, бұған жеке басы айыпталып жауапқа тартылған адам жоқ. Қамалған сорлыларды нақақтан-нақақ айыптап, ұрып-соғып азаптаған адамдардың көбі өліп қалған, тірілері дым көрмеген кісіше зейнетақыларын алып үйлерінде отыр. Сол жылдары белсенділік көрсетіп-ақ адамдарға өтірік жала жапқан, тыңшылық етіп өтірік айыптау мәліметтерін жинаған адамдар қызмет жағынан жоғарылады, олар сол істеген жұмыстарын «Біз халық жауларын әшкереледік» деп мақтан етіп жүрді. Сондайлардың бірі 1950 жылы Орталық партия комитеті бюросында өзін ақтау үшін беті былш етпей: «Мен жүз отыз жеті халық жауын әшкерелеген адаммын» дегенінде жүрегім мұздай болып кетті, өйткені, ол адаммен баспада біраз жыл қызметтес болған едім.

Сол жылдардағы болған уақиғалардың бәрін айтып жеткізу мүмкін емес, сондықтан кейбіреулеріне ғана тоқталайын.

1935 жылдан 1938 жылға дейін қазақстан Орталық партия комитетінде қызмет істедім. 1936 жылға дейін Өлкелік комитет еді, сол жылғы съезде ресми түрде Қазақстан компартиясы жарияланып Орталық Комитет болды. Ғабит Мүсірепов Орталық Комитеттің Мәдени-ағарту бөлімінің бастығы, мен сол кісінің қол астында нұсқаушы болдым. Сол жылдары Ғабит ағайдың да басы әбден қатып жүрді ғой деймін.

Бір күні мені шақырып алып, Жүсіпбек Аймауытовтың «Делебесі қозған жігіт» деген әңгімесін қазір тез орысшаға аударып бер деді. Айтқанын тез-ақ орындап апарған соң:

«қалай, әңгіме ұнады ма, не ұқтың?» деп сұрады. «Осы кісінің жазғандарын ұнатып оқимын, тілге шебер және орысша оқығандарынан ба, үлкен орыс жазушылары үлгісімен жазады. Бұл әңгіме неге сонша тығыз керек болып қалды?» – дегенімде: «қайтесің оны» деп қолын бір сілікті. Жүсіпбекті Орынборда көргенім бар, өте бір келісті, артық сөйлемейтін сабырлы, түрі де көрікті адам болатын. Орыс әйелінен екі баласы бар деуші еді, бір баласы Алматыға келіп біраз тұрғаннан кейін «көз түрткі» бола берген соң басқа жаққа кетіп қалған көрінеді. Қызы осы күні Ақтөбе қаласында тұрады екен, әкесі ақталғаннан кейін Алматыға келіп Міржақыптың қызы Гүлнарда қонақ болып, Бішкектегі ағасын іздеп барып қайтыпты, бірақ ол кісіні тіріліктен үміт үзген ауру халде тауыпты.

Мағжан лагерьден қайтқаннан кейін Алматыда еш жер жұмысқа алмай қиыншылық көрген соң, Мирзоянға арыз жазған екен. Мирзоян ол арызды Ғабитке беріпті. Ғабит аға арызда көрсетілген адресі бойынша тауып, осында шақыр деп маған тапсырды. Арыз қолмен орысша, анық танылсын дегені ме екен, сойдақталған ірі әріппен жазылған. Мен қағаз жазып, телефонымды көрсетіп арыздағы адрес бойынша Ғабеңнің шоферін жіберіп едім, үй иесі Мағжанның Меркі жаққа кеткенін, келген соң хабарласатынын айтып жауап қайырды.

Арызында Мағжан лагерьден келгеннен кейін ешбір жер өзін қызметке алмағанын, лагерьде жүргенде Кеңес өкіметінің адамды қайта тәрбиелеуі жөнінде бір үлкен поэма жазғанын, баспа орындары оны да алмағанын, сондықтан өте қиын жағдайда қалғанын, егер идеология саласында жұмыс істеуге рұқсат етілмесе, лагерьде оқып үйренген фельдшерлік мамандығы бойынша қызмет берулерін өтінген екен. Сол бір күндері Ғабитке кіргенімде Көркем әдебиет баспасының директоры Жаманқұлов деген кісі (кейін ол да қамалды) Мағжанға аударуға бір роман бергендерін, аудармасы жақсы екенін, бірақ басуға қорыққандарынан комиссия құрып аудармасынан жоқты-барды кемшілік тапқан болып қаламақысын төлемегендерін айтып отыр екен. Осыны олар тек қорыққаннан ғана істеді, әйтпесе Мағжанның екі тілге бірдей ұста екеніне ешкімнің де күмәны болмауға тиіс.

Арада бір жеті-он күн өткеннен кейін бір күні телефон шылдырлады. Алсам, Мағжан. Ол кісі пропуск беретін жерге келген екен. Сонан соң Ғабитке айтып, өзім сыртқа шығып Мағжанға пропуск жаздырып, Ғабиттің кабинетіне алып келген соң екеуін оңаша қалдырып шығып кеттім. Мағжан

аға тым жүдеу, көңілсіз, үстінде қоңыр диагональ френчі, аяғында етік. Ғабит екеуі біраз сөйлескеннен кейін Мағжан аға маған келді, мен пропускісіне қол қойып ол кісіні сыртқы есікке дейін шығарып салдым.

Одан кейін ол кісіні Үкімет үйі жанындағы саябақта тағы бір кездестірдім, бұл қадірлі Мағжан ағаны соңғы көруім болды.

Сол жылдары Ғабит аға қиыр Шығыс жаққа айдалып кеткен Ыбырай деген ақынды жырларын жазып алу үшін елге қайтару жөнінде Ішкі істер комиссариатына хат жазған еді, бірақ одан ештеңе шықпады.

Орталық партия қызметкерлерінің партия жиналысында Бейімбет Майлин туралы сөз болғанда Ғабит оны жанын сала жақтап: «Ол кісіні өте жақын білемін, адал ниетті, нағыз коммунист, егер оны жау десеңдер – мені де жау деп санауларыңа болады» – деп сөйлеген еді. Тап сол күні түнде Бейімбет қамалды. Келесі күні аппараттағы адамдардың кейбір белсенділері: «Кеше Мүсірепов халық жауы Майлинді жақтап сөйлеп еді, міне, оның өзі де жау болып шықты» – деп шуласып жүрді. Бірақ Мирзоян Ғабитке жақсы қараушы еді, сондықтан Орталық Комитетте ол туралы сөз болған жоқ.

Кейін елуінші жылдары Ғабит Жазушылар одағының бастығы болып жүрген кезде отызыншы жылдары ұсталған жазушылардың өздерімен бірге алынған қолжазбаларын қайтару жөнінде Ішкі істер министрлігімен сөйлескенде олар архивте ештеңе де жоқ депті, іздеуге ерініп айта салғандары ма, кім білсін.

Ғабит ағамен үйлеріміз қатар болатын, ол кісі де партиядан шығарылған, қызметтен алынған. Кешке қыдыруға шыққанда кездесеміз. «Япыр-ай, науқанның басы мен ортасынан аман өтіп едік, енді мына аяғынан өтіп кете алсақ жақсы болар еді» – дейтін. Өзі сол күндері қатты жүдеп кеткен еді. Ол кісінің де балалары жас, әйелі Құсни жеңгей де жас. Сәбит аға да қызметтен босатылып, партиядан шығарылған еді. Ол кісі қырылдай сөйлеп: «Осы күні әне жерде Сәбитті біреу сабап жатыр десе, арашалауға кісі шықпайды» деп жүруші еді. Кейін: «Мені аман алып қалған Жұмекең ғой» (Орталық Комитет хатшысы Жұмабай Шаяхметов) дейтін.

«Құдай сақтайын десе от ішіндегі мақтаны сақтайды» деген бар ғой, сол лаулаған оттың ішінен аман қалғаныма, мінекей, жарты ғасыр уақыт өтсе де әлі күнге дейін таңқалып шүкіршілік етемін.

Мұхтар МАҒАУИН, Қазақстанның халық жазушысы

Менің жолымды ашқан – Ғабит аға

Асан Қайғы, Қазтуғаннан бастап, Шалкиіз, Доспамбетпен жалғасатын, Бұқар жырау, Шал ақынмен аяқталатын ежелгі қазақ әдебиетінің төрт ғасырлық қазынасы! Көбінің шығармасы түгілі, аты-жөнінің өзі белгісіз он екі ақын, жырау!

Бұлардың әрқайсысы бір адам, жай ғана ұлы тұлға емес, әрқайсысы бір ғасыр, алаштың өткен өмірінің, үлгілі рухани тарихының, биік санасы мен көркем ойының көрсеткіші. Осы ұлы жыраулардың арқасында қазақ сөз өнері орта ғасырларда әлем поэзиясының асқар биігіне шықты. Көне жыраулар мұрасы – біздің кісілігіміздің ғана емес, елдігіміздің көрінісі. Біреуінің аты өшсе, тұтас бір ғасыр үңірейіп қалмақ. Ырысың ортайып, рухың төмен түспек. Сондықтан ұмытылмауға тиіс еді. Жарыққа шығуға, ең алдымен өзімізді-өзімізге танытуға, советтік идеология қалыптастырған кемшін санадан айыруға тиіс еді. Жеке бір кісіге емес, бүкіл ұлтқа керек еді.

Адамға рас, Аллаға анық – сол ұлы жыраулардың қайтадан тірілуі біздің азап-бейнетіміздің арқасында ғана мүмкін болды. Ұмытылғандарды еске түсірдік, есімі көмескілерді қайта жаңғырттық, бір өлең, жарым өлеңнен тірнектеп құрадық, ғылыми-текстологиялық екшеуден өткіздік, әр қилы көшірме, басылымдарын беттестіру арқылы кетігін бүтіндедік, сөйтіп, тұтас бір дәуірдің әдебиетін нұсқаладық, сол әдебиеттің деректі негіздерін айқындап, мән-мағынасын белгіледік, нәтижесінде, ұлт тарихындағы төрт ғасыр – қазақ Ордасы заманындағы әдебиет мүмкін болған дәрежесінде қалпына келтірілді. Осының бәрі «Қобыз сарыны», «Алдаспан» деген кітаптар негіздеп, жүзеге асырған іс. Егер, есірік болмаса, аз-маз сауаты бар әдебиетшінің ешқайсысы бұған күмән айта алмайды.

Дегенмен, қазір бәрі де оңай көрінсе керек. Ал ол кезде, барлық заманға тән ғылыми тұрғыны айтпағанда, оңай ештеңе жоқ еді, ескілікке үңілудің өзі қылмысқа парапар іс саналатын.

Мен жыраулар туралы дайын еңбектің алғашқы талқысында білімдар ғана емес, ғұлама саналатын, парасатты ғана емес, ақылман есебіндегі әдебиетшілердің болмашыны түсінбес тасырлығына таңғалған едім. Ғылыми жетекшім профессор Бейсенбай Кенжебаев пен көлденеңнен келген, университетте уақытша, азғана дәрісте жүрген профессор Мәлік Ғабдуллин ғана қолдап шықты. қазақ университеті

Қазақ әдебиеті кафедрасының басқа мүшелері – ақ бас академик, доктор, профессор, қара сақал доцент, жазушы, сыншы, зерттеуші – түгелімен төбе шаштары тік тұра қарсы болды: бірыңғай ағым деді, идеологиялық тұрғысы ұстамсыз деді, Шалкиіз бұл айтқандай көкте жүрген жоқ, жерде жатқан киіз деді, менің өзімді «таланты теңіз» деп мадақтай келе, қоғамға жат элемент дәрежесіне жеткізді.

Мен кейін, тіпті, күні кешеге дейін осы, 1965 жылғы 11 қазанда өткен талқы туралы көп ойландым. Өзімді тану үшін, өзгені тану үшін, заманымның сұрқия кебін байыптау үшін қажет еді. Бірақ дәл осылай өткеніне ешқандай шешім таппадым.

Мен университетке он жеті жасымда келдім. Мұрты тебіндеп үлгермеген бала. Ұстаз деген ұлағатты сөз – Бейсекеме ғана тиесілі, бірақ қалған жұрттың – осы отырған доцент, профессор, әдебиетші, жазушы қаска мен жайсаңның алдынан өттім. Жақсы жүрдім, жаман атым шыққан жоқ. Бірден аспирантураға қалдым. Бес жыл студент, үш жыл аспирант – сегіз жыл бойы қыздай сызылдым. Көлгірсу емес, жасы үлкен алдындағы әдеп. Кафедрада түрегеп сәлем бердім, көшеде қол қусырып иба білдірдім, ешқайсысының алдын кесе көлденең өткем жоқ; қараптан-қарап жақпай қалатын, әдеби ортадан аулақ, жеке-дара тіршілік кешіп жатырмын, жазғаным жақпай қалды дейтіндей, қанша құлшынсам да, баспасөзге өтпей келдім. Ал соңғы үш жылда осы, алдарына тартылып отырған жұмысты жеріне жеткізуден басқа тіршілік болмапты. Міне, ұсындық. Басқасын айтпағанда, қаншама жаңалық дерегі бар. әдебиет тарихындағы жаңа сөз демесін, қопарыпты, төңкеріпті демесін, мейірленбей-ақ қойсын, жан салып қолдамасын, – қайткенде де, қарсы болмауға тиіс еді. Ғылым мұратын жинап қояйық, адамдық ар-ұят қайда. Сегіз жыл бойы алдарында жүрген, үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас баланың обалы... Ойламайды. Жақсымен жақтасудың орнына қастасуды ғана білген адам ешқашан обал, ұятты ойламайды. Десе де... Ол – жоспарлы шаруашылық заманы, мана, ағам айтпақшы, соңғы бес жыл бойы бір аспирант қорғамай, кафедра жаманатқа ілініп тұр. Міне, осы кезде осындай жұмыс әкелген мені көтеріп әкетсе керек қой.

Жас баладан сақа балаға дейінгі сегіз жыл – бар саналы ғұмырымда алдын кесіп өтпеген, ақ тілеуден басқа ниеті жоқ деп білген мәртебелі ағаларымның әлпетінде сыз, сөзінде зіл бар еді, жеті атадан қалған кегін қуғандай, екілене ұмтылысты, жапырып, майырып тастамақ болды.

Жүйке берік, жүрекке қорқыныш енбеген кез, мен жасығам жоқ, жабыққам жоқ, тек қана қайран қалдым, – сосын оқыс қатайдым, – оралымсыз жала, орынсыз даудың бәрінің бетін қайырдым, ағаларымды серпінді сөз, нақты жауаптармен, күтпеген дағдарысқа – шарасыз кейіпке түсірдім, ақыры жұмыс мақұлданып, қорғауға ұсынылды. Маған бір нәрсе айқын еді – мына адамдардың ертең Ғылыми кеңесте дауыс бермесі, қорғатпасы. Бір нәрсе жұмбақ еді – осыншама өшпенділіктің сыры. Мен ол кезде ұлылық – қашанда ыза мен кек туғызатынын білмеуші едім.

Қош. Біздің төрт ғасыр бойғы қазақ рухын арқалады деген еңбегіміздің әуелгі қабылы осындай болды.

Мұндай алмағайып жағдайда мен жападан-жалғыз, қорғансыз қалуға тиіс емес едім. Түріктің Тәңірі, Алаштың Аруағы бәрін көріп отыр екен. Үшінші күні сес берді, хабар айтты, он жеті күн толғанда астыма ат мінгізіп, қолыма қылыш ұстатты: күш-қуат, қолдау-демеу – туа біткен еншім. Енді көзбен көріп, құдыретін тануға тура келген, сенім бекіп, қайрат қабындай түскен.

Кафедрадағы қым-қиғаш талқыдан соң арада не бары үш күн өткенде, 14 қазан күні мен ғана емес, мен арқалаған, бәлкім, мені арқалаған, шынында да солай, бәрі жабылып, қансырамасам да қатты жарадар болған, тас қабырғаға маңдайым тиіп, мәңгірмесем де дағдарып тұрған мені демеуге біржола ден қойған жырау аталарым алдымнан қасқа жол ашарын, әрине, нақты білгем жоқ. Жарым әскерінен айрылып жеңіске жеткен Эпир патшасы Пирр сияқты, келесі қадам, келесі ұрыстың байыбын барлап тұрғам. Алды-артымды жинақтадым, төрт дана диссертациямды түгел алдым, енді анда-мында мақала тасу керек. Ол өтеді-өтпейді. Жұмыс іздеп көру керек. Оның қисыны тағы аз. Ең дұрысы – Семейге кету. Пединститутқа. Ұзынқұлақтан естуімше, орын бар. Әрі келіншегің үзілген оқуын тәмамдайды. Бірақ Алматыдан, орталық баспасөзден алыстаймын. Мұндағы сұғанақ ағам ай бойы отырып, түгел көшіріп алды. Енді бой-бойымен бастырады да отырады. Байбаламға қарамайды. Құдайдан қорықпайды. Сенің қан төгіп, миыңды сығып жазып бітірген еңбегің итжемеде басқаның иелігіне өтеді. Ең қиыны осы еді. Мен қайткенде де Алматыдан кетпеуге бекіндім. Келер айда ауылға барып қайтпақпын. Кемпір-шалдың барын сыпырып әкелемін. Одан соңғы ілігімді тағы артамын. Айына жүз сом жеткізіп тұрса. Шамалары келмейді. Жоқ, бұрынғы мөлшер – алпыс-жетпіс сом. Бұл да көп ақша. Жиырма бес сомнан пәтерге, қалғаны айлық сорпа-суға... жетпейді. Жетеді.

Арасында өзім де қаламақы, немесе басқа бірдене тауып қалармын. Тек уақыт ұтып, ептеп жылжи беруім керек. Қысты өткеріп, жазға жетсем. Жай жатпаймын, жұмысымды бір белеске шығарсам...

Осылай деп шештік. Екі күн ойланып. Үшінші күні еңсемді жазып, қалаға шықтым. Қандай шаруа болғаны есімде жоқ, сірә, еріккеннен, әйтпесе, әдепкі, жай сәлемдесу, Әбішке көшедегі автоматтан телефон шалдым. Әбіш Кекілбаев, курстас, қанаттас, тілектес досым, бұл кезде Мәдениет министрлігінде әлдебір қызметте отыр. «Кекілбаев...» деймін. «Ау, әй, сен Тұңғышбаймен сөйлестің бе?» «Қайдағы Тұңғышбай?» деймін. «Смағұлов. Сені іздеп жүрген. Білесің бе?» Іздегенін білмеймін, өзін білем. Университетте бізден бірер курс жоғары оқыды. Орта бойлы, дембелше, ұяң, сары жігіт болатын. Адал, жақсы жігіт екені, имене сөйлеген сөзінен, сыпайы жымиған күлкісінен көрініп тұратын. Мәселе былай екен. Тұңғышбай республикалық теледидарда қатардағы бір қызмет атқарады. Сірә, комментатор. Қазақ руханияты туралы хабар өткізуге тиіс екен. Қазақтың ән-күйі, сәулет өнері және ежелгі әдебиеті. Соған мен сөйлеуім керек. Жоспарға енгізіп қойған, эфир – бүгін кешке. Міне, апта болды, сені іздеп таба алмай жүр. «Менің теледидарға шығып, былжырап отыруға ынтам жоқ» дедім. «Әй, сен де... – Әбіш күйгелектеніп, кейіп қалды; мұндайда бұртиып, балаша өкпелеп, үндемей қалатыны болушы еді, ары қарай жалғастырды. – Әй, сен бара салсаңшы... Жырауларыңды насихаттайсың». «Жыраулар...» – мен жырауларымның ауыр ахуалын айта жаздап, іркіліп қалдым, ұзақ әңгіме, қажеті қанша. Мен іркілгенге ойланып тұр деп шамаласа керек. Әбіш шынын айтты. «Сен бармасаң, ол жігіттің жоспарлы хабары құлайды. Обалы маған. Сені енгіз, осындай-осындай кереметі бар деп, аузымнан қағынып айтқан мен едім». «Онда жарайды» дедім. Әбіш қуанып кетті. Тұңғышбайдың телефонын берді. Сен автоматтан іздеп тапқанша, мен хабарлап қоям деді.

Ол заманда қазіргідей ілкі жазба жоқ, эфир – тікелей. Мезгілді уағында студияға бардым. Тұңғышбай мені сағынып күткен туысындай, қызара күліп қарсы алды.

Хабар басталды. Маған он бес минут бөлінген еді, тарихи дерегі бар, әдеби бағасы бар, арасында семсердей жарқылдаған отты толғаулар бар, ол кезде де, қазір де қағазға қарау әдетімде жоқ, бірақ сөз әуезім қазіргіден сәл көтеріңкі, әрі тез болса керек, біркалыпты екпінмен соқтырып шықтым. Оператордың желкесінде тұрған Тұңғышбай сұқ саусағын

көтеріп, бір минут қалды деп белгі бергенде, әрең қайырып үлгердім. Хабар аяқталды. Риза болған Тұңғышбай алақанын уқалап, қызара күліп, «жақсы болды, жақсы болды» дей берді.

Сөйтсем, мен сөйлеп жатқанда үлкен оқиғалар болыпты. Көзі тірісінде классик атанған, ақ дегені алғыс болған, дәл сол кезеңде Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Ғабит аға Мүсірепов кешкілікте, кейінгі жас жеңгеміздің көңілін аулап, немесе оқудан, жазудан жалығып, тыныстап, теледидар көріп отырады. Біз экранға шығып, сөзге қосылғанда, біз емес, ежелгі жыраулардың ешкім білмеген ғажайып толғаулары арындай, арқырай тоғытыла бастағанда... риза болады, қайран қалады, қолмақол телефонын алып, одақтың үшінші хатшысы, ақын Қабдыкәрім Ыдырысовтан сұрайды. «Ә-ә-әй, бұл кім-м, сөйлеп жатқан-н?» дейді. Қабдыкәрім аға теледидарды ашып қалады да, «атын білмеймін, осыдан бірер күн бұрын маған келіп кеткен сияқты, қызмет сұрады ғой деймін, бұл жігіттің жайын Нығмет біледі, университетте аспирант болса керек» дейді. «Онда бұл баланы маған тауып бересің» дейді Ғабең. Ол кезде Ғабең айтқан әрбір сөздің заң күші бар, арада онон бес минут өтпей, Қабдыкәрім қайыра телефон соғады: «Нығметтен білдім, аты-жөні сондай, аспирант екен, мынау – біткен жұмысының бір ұшығы болса керек, «Қазақ әдебиеті» үлкен бір мақаласын басыпты. «Лениншіл жаста» да шықты дейді, мен жазда, демалыста жүргенде көрмей қалыппын. Нығмет өте жақсы деп отыр, бала да жақсы, білем, табам деп отыр» дейді. «Онда келер дүйсенбіде... жоқ, ертең... ертең түстен кейін келсін маған, шақырыңдар» дейді Ғабең.

Ертеңіне көңілім күңгірт, университетке, өткен талқылаудың мәжіліс хатының жайын білмекке кафедраға барып едім, Бейсекеңмен бірге қайта шығып келе жатқанбыз, бұл кезде университеттің негізгі оқу корпусы және филология факультеті – Бас почтамптың қасында, бір замандағы Үкімет үйі, Мұхтар Әуезовтің дәрістерін біз осы жерде тыңдадық, Жазушылар одағына жақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің орынбасар редакторы Нығмет Ғабдуллинге есік алдында, қарсы жолықтық. «Бейсеке, сізге келе жатырмын» деді Нықаң. «Кел, кел...» деді Бейсекең. «Бір қалауым болып тұрғаны...» «Ал, ал...» деді Бейсекең. «Қалауым – мына жігітіңізде азғана шаруам бар еді...» «Дұрыс» деді Бейсекең. Біз Нықаң екеуіміз оңаша қалдық. «Кешегі теледидардағы сөзіңді Ғабең тыңдапты – Ғабит Мүсірепов, – деді Нықаң мәселеге бірден кірісіп. – Қабдыкәрім арқылы біліп, маған

шықты. Сені іздеп жатыр». «Не үшін іздейді?» дедім мен бұл сөздің байыбына бармай. «Сөйлескісі келеді. Мүмкін, жұмысқа шақырар». «Қандай жұмыс?» «Қазақ әдебиетінің» сын бөлімінің меңгерушісі. Әбірашты Сырбай сұрап отыр. Орын босайды. Сонда келгеніңді қалар едім. Сен... – деді содан соң өзімсініп, – саған газет жұмысы қиынға түспеуге тиіс. Ғылымның ешқандай бөгеті болмайды. Әдетте, – деді содан соң ағынан жарылып, әрі мен келіспей қоя ма деген қауіп, – бұрын баспасөз маңында істемеген адамның жазуы ойқы-шойқы болады. Ал менің таңғалғаным, сенің қалыптасқан, жақсы тілің бар. Біздің жазғыштардың мақаласын түзеу, редакциялау қиынға түспейді. Әрі өзіннің мына еңбегіңді бөлек-бөлек мақала түрінде жарыққа шығаруыңа жол ашылады. Баспа да қасыңда. Жазушылар қауымымен жақынырақ танысасың. Көп нәрсе көресің. Академия, институттардан бұрын одақта, баспасөзде біраз қызмет атқарған жөн...». Мен сенер-сенбесімді білмей, бас изегендей болдым. «Жөн, – деді Нықаң қанағаттанған сыңаймен. – Менің айтып тұрғаным – құдай қаласа деген сөз. Ғабеңнің көңілі түссе. Қазір одаққа барып сөйлесіп, шет жағасын, тақатып қоям. Бүгін сағат үште қабылдайды. Оған дейін маған емес, Қабдыкәрімге кел. Сол ертіп барады Ғабеңе. Артынан, бар жағдайды Қабдыкәрімнен өзім білем», – деді.

Қабдыкәрім аға өткендегідей емес, өзімсіне, көтеріңкі қарсы алады. Орнынан тұрып, қолымды алды. Зерттеу еңбегімнің мән-жайын тәптіштеді. «Жөн-ақ, – деді, – қайырлы болсын!» Ал, үшке бес минут қалды, Ғабең қабылдауға тиіс».

Қабекең мені Жазушылар одағының осы, екінші қабатының орталық алаңға қараған, сол жақ қапталындағы, бірінші хатшының, ауызғы бөлмесінде секретарь-машинистка отырған атшаптырым кабинетіне алып кірді. Ғабит аға шалқая шіреніп, төрдің қақ төбесінде отыр екен. Оң жақ қатарында, сәл төменіректе, есікке дейін созылған ұзын, кең столдың басында тағы бір кісі отыр – Жұбан Молдағалиев, білуімше, одақтың екінші хатшысы. «Ғабе, мынау – кешегі, өзіңіз теледидардан көрген бала», – деді Қабекең мені төрге таман, бас столдың қарсы алдына жеткізіп. «Ә-ә... сенн екеннсінң ғго-ой!» деді Ғабең ыңырана қозғалақтап. Сол, отырған қалпында еңсесін иместен қолын созды. Ыстық та емес, суық та емес, қатқыл да емес, жұмсақ та емес. Мен сәлемдескен кісімнің қолын қатты қысып ұстайтынымды кейін байқадым, өлі балық сияқты, сылқ еткізіп тастай

салатындар көбейіп кеткеннен болар, соған қарағанда, Ғабең қолын жай ғана соза салмаған, адамша амандасқан сияқты. Мен келесі ілтифатты күтіп, селтиіп тұрғам жоқ, бас изеген ишарат байқалды ма, білмеймін, бірден отырдым. «Алл балаа...» деді Ғабең. Аты-жөнімді сұраған. Мұхтар Мағауин. «Атың үлкен екен, – деді Ғабең. – Өзің де ұнадың маған. Сөзің ұнады. Ал, мұның бәрін қайдан теріп жүрсің?» Мен бұл деректердің бәрі қадым кітап, қолжазбалардан алынғанын, жазып бітірген зерттеу еңбектің бір пара тезистері екенін айттым. Портфелімде тұрған диссертацияны алып көрсету ыңғайсыз тәрізді, қолым барып қана қайтты. «Талқылаудан өтті, қорғауға ұсынылды» – дедім. Өтірік емес, талқыдан шықты, қорғауға жіберілді. Жұбан ағама көзім түсіп еді, ол кісі тұқырған қалпы, жағын шынтағына сүйеп, үнсіз тұнжырап отыр екен. «Бойдақсың ба?» деп сұрады Ғабең. «Жоқ, үйленгем. Кішкентай қызым бар». «Оқуың... қалай?» «Аспирантураның барлық минимумы тапсырылған. 1 қараша күні уақыты да бітеді». «Онда... бізге жұмысқа келуге қалайсың?» – деді. Күткен сөзім болса да, жүрек лүп ете түсті. Қатып қалған, кешегі аттан, талапай кезінде де селт етпеген жүйкем балбырай босаңсып кеткендей. Шынында да ғажап емес пе! Кешегі ғалым ағаларым өздерінің көз алдында өскен баланың соны серпін, тың дерек, мәнді толғам, түйіндерге құрылған, қазақтың ұлттық әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, төрт ғасырлық бастау көзін айқындаған жұмысын алақайлап қарсы алуы керек еді, ал олар ұрандай аттандап, тарпа жабылды, басымды мүжіп, етімді жеп, сүйегімді итке тастамақ болды, ал айдаладағы, менің атымды естіп, жөнімді білмеген, әрі атақ-абыройы аспандап тұрған ақсақал – тірі классик жазушы ағамыз, менің екі-ақ ауыз сөзімнен өткен ғасырлар сырын, ежелгі әдебиет жөнін аңдап, өзі іздеп тауып, өзі сұранып қамқорлық жасап отыр. Маған емес, ұлттық сана, әдебиет шеруі, ежелгі мұраға жасалған қамқорлық. Сол сәтте дедім. «Ондаа... – деді Ғабең ыңыранып, Жұбаңа қарап еді, мен де қарағам, ол кісі манағы қалпы, не мақұл емес, не теріс емес, шынтағын жазбаған қалпы, сұлық отыр. – Ғабең қоңырау басты. – «Жұлдыз» журналының сын бөлімін басқаруға барасың... Есіктен кірген орта жастардағы, шашы қиылған, толықша, қара торы әйелге қарады. – Роза, – деді. – Сырбайды шақырып жібер». Жұбаңа аз-маз ғана қозғалақтап қалды: «Ғабе, ол орынды... ол орынды Әбірашқа уәде беріп қойып едіңіз ғой... «Ә-ә... солай екен-ау... онда... – Роза апай үнсіз бөгеліп қалды. – Онда, Әбіраштың орны босамай ма? – деді Ғабең қиын есептің түйінін тапқандай

жадырап, қабағын көтеріп. – Онда, Қапанды шақыр». Роза апай майда тілмен: «қазір» деп бұрыла берген еді. Ғабең тағы да тоқтатты: «Бірер минуттан соң Сырбайды да шақыр!»

Қазіргі бас редакторлар қызмет орнында үнемі отыра бермейді, өзіміз де санатқа енгелі қанша заман, редакция жұмысының көбі үйде жасалады, кеңседе көп болмаймыз, ол кездегі жұмыс тәртібі басқаша, әрі біздің істің сәті, «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы Қапан Сатыбалдин орнынан табылды, тез келді. Ортадан төмен бойы бар, шашы жалбыраған, ұшпа, қағілез кісі екен. Қапан, мынау осындай бала деп, Ғабең екі ауыз сөзбен менің мән-жайымды айтты. «Осы жігітті, Әбіраш «Жұлдызға» кетеді, сын бөлімінің меңгерушісі етіп аласың ба?» деді. Қапекең қалбалақтап қалды. «Әрине, әрине! Сіздің сөзіңізден артық не керек. Аламын» деді. «Ал, Сырбай, – деді Ғабең. Сырбай ағамның қашан кіріп, қалай отырғанын аңдамаппын. – Енді мына Мұхтар – бала Мұхтар деген жігіт саған үлкен мақала әзірлеп береді, осы бір аптаның ішінде. Қырық бет. Мына көтеріліп отырған мәселені, әдебиет тарихының түп негіздерін ашып көрсетуі керек сенің журналың. Сол үлкен мақаланы таяудағы алғашқы нөміріне басасың!» «Жарайды, басылады» деді Сыраған салмақпен, бір жақ қолының бірнеше саусағы әлде бітеу, әлде молақ екен, жағын уқалап-уқалап жіберді, маған қабағының астымен қарап, бас изегендей болды.

«Онда бітті, жолдарың болсын», – деді Ғабең.

Рымғали НҰРҒАЛИЕВ, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, академик

Жал құйрығын сүзген жүйріктер

Телефондағы дауыс:

– Сені іздеген мен – Мүсірепов. Адресті білесің бе? Келсін деп едім ғой. Қазір күтем.

Үстіне спорт костюмін, көзіне қара көзілдірігін киген Ғабең тың көрінді. Бір парақ қағаз, ұшталған қарындаштан басқа ештеңе жоқ, жалаңаш столдың қасына келіп, бетіме үңіле қарады:

– Солай де. Солай, – деді созып. Бұл «солайлардың» астарында не жатқанын ұққам жоқ.

– Жастар түгіл, қырықтағылардың өзі арабшаға сұқараңғы, өзің оқып шықтың ба, әлде біреу көзілдірік болды ма? – деді. «Көзілдіріктің» астарында не жатқанын да ұққам жоқ.

Ғабең суық жымиды:

– Өзің меңіреу адам секілді сыңқиып, ішімдегіні тап деп, үндемейсің ғой. Өзің тартып оқи алатын қауқарың бар ма, жоқ әлде, ескіше танитын біреуге оқытып, тыңдадың ба деп сұрап тұрмын.

Осы кезде ғана оянған болсам керек, жауап қолма-қол айтылды:

– Жарты қарыс кітапты маған кім оқып береді? Митыңмен жүріп, аяғына шықтым. Университетте Мәрзия Мәженова есімді Ленинградтан араб бөлімін бітіріп келген қарындасыңыз оқыткан.

Ғабеңнің түсі енді ғана жылыды:

– Е, е. Ол анау Махамбеттің падиша өкіметіне баламды оқуға ал деп жазған хатын тауып, соны ажыратып оқып берген Мәженова болды ғой. Солай де. Солай.

Тағы алдымнан шыққан «солай де, солай» енді қайда бұрар екен деп ойладым.

Ғабең стол тартпасынан сырты қапталған кітап шығарды да, ыңыранғандай үнмен сабырлы сөз сабақтады:

– Бұл өзі жазылып біткен күннен бастап тағдыры ауыр болған шығарма. Бурабайдағы ауылшаруашылық техникумының оқытушылығынан аяқ астынан көтеріліп, Қызылордаға, сол кездегі Қазақстанның астанасына, үлкен қызметке, Қазақстан баспасына бас редактор болып дік ете түсейін. Мұхтардың жаңа шығармасы турасында көп әңгіме, дау-шар бар екен. Екі жақ дай-дай. Бірі аспанға шығармақ, екіншісі жермен-жексен етпек. Оқи бастап едім, тартып әкетіп барады. Бұрын пьесаларын, әңгімелерін білуші

едім. Журналдарда басылған (жиырмасыншы жылдары қазақша басылым қаулап кетті ғой), кітап боп шыққандары бар. Мұхтар қалай күрт өскен деп таңғалдым. Бар болғаны отыз-ақ жаста. Соншалықты ауыр да терең, күрделі де қиын тақырыпқа қаймықпай барып, орасан көркем туынды жасаған. Ресми қызметте отырған кісіге, әсіресе ол кезде қоңырауы бар адамның шығармасы туралы ағынан жарылып пікір айтуға болмайды, мақтау жағынан сақтық қажет. әсіресе қызыл көз пәленің бірі байбалам салып, аттандап шыға келсе, біреуге жақсылық істемек түгіл, өз басыңды қорғай алмай қаласың. Содан анау «алғы сөзді» ойлап таптық, – деп барып Ғабең маған сұстана қарады. – Сен мақаланда қадала сынап отырған сол «алғы сөз» болмаса, ол кезде «Қилы заманның» басылу-басылмауы екіталай. Дүние төңкеріліп түсіп, астан-кестен болған аласапыран уақыттың мінезі де шатақ, асау. Ал Мұхтар шығармасы шалға бармаймын деп жылаған қыз, байдан қорлық көрген кедей хикаясы, ауыл арасының үйреншікті итжығысы емес, Ресей мен Қазақстан қарым-қатынасының күрделі кезеңін көрсетіп отырса, ондай намысты туындыға қалай ара түспейсің? «Қилы заманның» басылуына бел шешіп, білек сыбанып кірісіп кеткенімді қазірдің өзінде жас кезімде жасаған бір батылдығымдай көремін, – деп Ғабең тұнжырап, қабағы қоңыр тартып барып тоқтады.

– Осы уақытқа дейін осындай туындыны түсінбей... – дей бастағанымда сөзімді аяқтатпай, кесіп кетіп, қатқыл сөйледі:

– Пәлі деген. Түсінген. Сендерден артық түсінген. Бейімбетке байланысты менің бір айтқан сөзімді естіп пе едің? Естісең сол. Уақыттан, мезгілден үлкен ешкім жоқ. Соңғы сөзді, әділ сөзді қашанда солар айтады. Және кейінгі ұрпақ аузымен айтпақ. Міне, сен «Қилы заманның» жоқшысы, жанашыры болып, ақтаушысы болып келіп тұрсың ғой. Түсінгендерің дұрыс, енді Мұхтар атымен қазақ еліне тек бәйге, тек жақсылық, тек абырой-атақ, махаббат-даңқ келеді деп білемін. Солай, – деп Ғабең мақаламды қолыма ұстатып, енді хош бол дегендей сынай таныткан.

Сөздің қапелімде аяқталғанына сасқандық па, әйтеуір аяқ астынан мінез шығарып:

– Қол қойып берсеңіз жақсы болар еді, – деппін. – Ахмет Жұбанов пікір жазып, қол қойып берді.

Ғабең шұғыл бұрылып, бетіме ажырая қарап, қатқыл үнмен:

– Немене, саған «Ғабит Мүсірепов басылсын деп айтты»

деген сөз жетпей ме? әлде редакторың қағаздатып, мөр бастырып, заңдастырып әкел деп пе еді? Жүре бер. Нығметке айтам, қажет болса, – деп сөзді шарт үзді.

Жазушы үйінде екен. Телефоннан егде адамның қарлығыңқы таныс даусы естілді.

– А, а, солай ма? «Жалын» альманағының тапсырмасы дейсің бе? Жолықпай жазу мүмкін емес дейсің бе? Үй-ішімнің жағдайы қиындап тұр. Бәйбіше қатты сырқат. Көп уақыт бөлуге шамам жоқ. Сен ертең сағат он бірде кел. Сұрақтарыңды дайындап жазып әкел. қош. Келістік.

Уәделескен уақытта есікті Ғабит Мүсіреповтің өзі ашты. Бір қалада тұрсақ та, көрмегеніме жарты жылдан асып кетіп еді. Өңі жүдеу, қабағы салыңқы көрінді. Үстінде жеңіл ғана үй киімі. Бөтен адам жоқ екен.

– Шешін де, кабинетке бара бер, – деді. – Көз ауырады. Мен қазір басқа көзәйнек киіп келейін.

Залда сіресіп, жарқырап, адамның мысын басып тұрған жиһаз-дүние, асыл мүлік жоқ. Бір қабырғада И.И.Левитанның әйгілі «Владимир жолы» деген картинасы, екінші қабырғада маған белгісіз суретші салған қазақ әйелінің бейнесі, сірә, Ұлпанды келтіргені болу керек.

Залдан кабинетке шығады. Бұрын келгенімде кітаптан белдері қайысып тұрған сөрелер енді босап-босап қалған екен. Оның себебі түсінікті: көп кітап «Жаңа жолға» жеткен. қабырғадағы А.К.Саврасовтың «Ұзақтар ұшып келді» дейтін картинасы кабинетке жылылық беріп тұрғандай көрінеді.

Жазу столының үстінде араб графикасымен жазылған қағаздар, ұшталған қарындаштар, өшіргіштер жатыр, – басқа еш нәрсе жоқ.

Жазушы столына келіп отыра бергенде, телефон шылдырлады. әуелі үнсіз тыңдады. Артынан жауап бере бастады:

– Архив қызметкерлерінің ол қамқорлығына рақмет. Бірақ қазір суретке түсетін жағдайым да жоқ, көңіл-күйім де жоқ. Таяуда «Қазақ әдебиетінен» келіп түсіріп әкеткен, аса қажетсінсеңдер, солардан алыңдар. Сөйтіңдер.

(Ғабит Мүсірепов – әлеуметтік күреске, қоғамдық қызметке, көркем шығармашылыққа XX ғасырдың басында келген, революция қуатымен түлеген, мәдениеттің барлық саласында халқымызды мол олжаға кенелткен ғажайып талантты буынның өкілі. Әдебиет тарихында Ғабит есімі Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбиттермен қатар аталады. Бұлар – өнеріміздегі жаңа арналардың көш бастаушылары. әрине, кемел суреткерлік, үлкен жазушылық – бақыт, ал көш

басы – одан зор абырой. Іргетас қалау миссиясы осыларға бұйырған. Ғ.Мүсірепов шығармашылығы – қазақ өнерінің сұлу бір арнасы. Ғабит әні – таза үнді, әсем әуезді шырқау ән. Ғабит арнасы – мөлдір, тұнық арна. Ғабит шығармалары ұзақ баптап, әбден жаратып, жал-құйрығын сүзіп барып, бәйгеге қосқан жүйріктерді еске түсіреді, оның шығармалары әдебиетімізге мәдениет, көркемдік, тереңдік әкелді, ұлттық және интернационалдық сипаттарды тұтастырды).

Телефонмен сөйлесіп біткен жазушы жымиып күледі:

– Несіне мелшиіп отырсың? Келген шаруаға кіріс. Телефонда ұят-аят деген болмайды. Тағы бөліп кетеді. «Жалын» альманағының оқушылары нені білгісі келеді?

– Неше жаста хат таныдыңыз? Кімдердің әсер-ықпалы болды? Өзіңізді кімдермен сарындас санайсың?

Жазушы бірталай үндемей отырды. Сөзін ақырын бастады:

– Әрине, бұл қысқа қайырып, тез тоқталатын әңгіме емес. Күні бүгінге дейін есімде, бәрі көз алдымда тұр. Алты жасымда ауыл молдасынан оқи бастадым. Аты – Уәйіс еді. Біздің ел орыс шаһарларымен ерте араласқан, тұрмыс-салтына, өмір тіршілігіне қала салты бұрынырақ кірген жұрт. Шай-қант, киім-кешек қана емес, кітап, қағаз дегендер келе бастады. Сән-салтанат, жайдақ мақтан үшін емес, кедей ауылдардың өзі бірігіп, арнайы ақы төлеп молда ұстайды. Бес-алтыға келген балалардың тілін сындырып, мұсылманша хат танытады. Шамасы жеткен әлді, ауқатты кісілер балаларын орыс мектептеріне береді.

Бір жылдан кейін Уәйіс кетіп, Балағұр деген молда келді. Кейін башқұрт Мұқаметқалидан оқыдым. Не білді дейсің ғой? қазіргі тілмен айтқанда, арабша графика негіздері, араб-парсы, шағатай сөздерінің қазақша баламасын табуға машықтандық. Ең бастысы, хат танып алған соң, ерекше, ғажап, бай дүниеге кірдім де кеттім. «Қазақ әдебиетіне» жазған мақаламды оқыған шығарсың. Революциядан бұрын қазақ тілінде 500-ге тарта кітап басылып шыққаны белгілі ғой. Кешке жақын, әсіресе қыстың ұзақ түндерінде үлкендер бас қосқанда хат танитын балаларды ортаға алады. Дауыстап хисса-хикаят оқытады. Негізінен татар баспаларынан шыққан қазақ кітаптарында бөтен, қос сөздер көп болушы еді. Мен оларды қолма-қол іштей аударып, қазақшалап саулата жөнелем. И.Ильминский бастырған «Ер Тарғыннан» бастап, «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Алпамыс», «Шора», «Едігейлерді» талай рет дауыстап оқып жүрдім. Баланың таза, тұнық санасында олар тайға таңба басқандай болып, мәңгі ұмытылмастай жатталып қалды. Тыңда:

Астыңдағы Тайбурыл
Арандай аузын ашады.
Аяғын топ-топ басады,
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Жаңбырдай тері сіркіреп,
Жауған күндей күркіреп,
Қар суындай тасады.
Құлан менен құлжаның
Ұзатпай алдын тосады.
Көл жағалай отырған –
Көк құтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша
Белінен кесе басады...

Бұдан кейін «Шаһамран», «Бәдіғұл – Жамал», «Сал-сал», «Заркұм», «Көрұғлыға» түстік. Олардың да көп жерін күні бүгінге дейін жатқа білем. Шамамен айтқанда, революцияға дейін шыққан қазақша бес жүз кітаптың жүз елу – екі жүзін мен ауыл шалдарына бір емес, бірнеше рет оқып бердім. Ауыл арасының өлеңші, әңгімеші, жыршыларының, ата-анамның, көрші-қолаңның аузынан естіген әңгіме, ертегі, жыр, ескі тарих, аңыз өз алдына, мен негізінен көп нәрсені оқу арқылы алдым ғой деп ойлаймын. Көрдіңіз бе, орыстың көркем әдебиетін жиырма-жиырма бір жастарымда еркін оқитын, кемел түсінетін халге жеттім. Көп нәрселер жатталып қалған: «У судьи губы находились под самым носом», Гоголь ме?

Печально я гляжу на наше поколение!
Его грядущее – иль пусто, иль темно.
Меж тем, под бременем познанья и сомнения,
В бездействии состарится оно.

Бұл Лермонтов шығар, а? Қазақтың көп дүниесі есте.

Түскендей әуе жерге қырық күн шілде,
Ішкен мас, жегендер тоқ күнде-күнде.
Қысқа түн қымқырылды, таң көрінді,
Кел, шық деп, иек қағып, жарық күнге,
Ән салды таңды мақтап сансыз торғай,
Бас ииіп, бәйек болып, жерге қонбай,
Қағылып таң желіне тербетілді,

Көк майса көзі ілініп тұрған сондай...
Сұлтанмахмұт қой.
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кетпесе, енді өз ырқың.
Ағайын жоқ нәрседен етер бұлтың,
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың,
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын.

Абай ғана осылай айта алады.

Ең сүйіп, тұшынып оқыған жазушыларым – Гоголь мен Горький. Әсіресе, Гоголь ықпалында ұзақ уақыт болғанымды жасыра алмаймын. Кейінірек Марк Твен, Джек Лондонды айрықша құмартып, ұзақ беріліп оқыдым. Жюль Верн, Виктор Гюголар оқылды. Лев Толстой, Федор Достоевскийлер баурады. Бірақ маған әдеби әсер еткен, шығармашылық сарындас қаламгер дегенде, ең алдымен – Гоголь мен Горькийді бөліп айтар едім. Әрине, ешкім басқа біреудің әсерімен, ықпалымен жазушы болмайтыны анық.

Қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезов екеуіміз, әсіресе, драматургияда Вильям Шекспирден көп өнеге алдық, көп еліктедік деп ойлаймын. Өз басым сол арнамен жүргенде, «Қозы Көрпеш», «Ақан сері» тұсында көркемдік олжа таптым-ау деп санаймын. Ал ол дәстүрді бұзған кездерім белгілі ғой, табысқа жеткен емеспін. Айтпақшы, әңгімелерімде Чеховтың сарындары жоқ емес. Мен оны жақсы білем: я далеко и не Шекспир, и не Гоголь, и не Чехов.

(Ғабит Мүсірепов тіліне шешендік, мақал-мәтелдердегідей ықшамдылық тән. Ол аткөпір көп жазудан қашқан қаламгер. Бұл автордың керенаулығы емес. Классикалық әдебиет үлгілерін нысана етіп ұстау – алғашқы күннен бастап-ақ тізгін тартып отыруға үйреткен. Мүсірепов палитрасындағы ерекше жарқын бояу – күлкі; ескіні де, жаңаны да, жақсыны да, жаманды да, өмірді де күлкі арқылы беру. Ғабит қашанда сөздің шұрайлысын іздейді, оның жазу машығы қара тасқа жан бітіретін мүсіншіні еске түсіреді. Астарлы ой, қалжың, юмор – негізгі пафос. Символ, емеурін, философиялық меңзеу соңғы жылдар шығармаларында, әсіресе бел алды. Оларды әлемдік шедеврлармен үзеңгілес деген тұжырымда қате жоқ).

– Шығарманың туу процесі қалай болады? Қойын дәптерлеріңіз, күнделік дегендер бар ма?

Жазушының көз қиығында кекесінді күлкі туды. Тұнжыраңқырап отырып барып, ыңырана, баппен тіл қатты. Ара-арасында терезеге қарап, үндемей қалады, қайта жалғайды:

– Болашақ шығарманың сүйегі көп арналардан жиналады. Әр түрлі кітаптар, материалдар қарайсың. Арнайы көріп, аралап, зерттейтін кездерің де болады. Олардың бәрі әсер берері, ассоциация тудырары хақ, бірақ мыңнан бірі де шығармаға енбей қалуы мүмкін. Жеке сөйлем, дайын абзац дегендер менде болмайды. Ондай жиған-терген баста, жүректе жүруге тиіс. Әйтпесе, қолбайлау, бөгесін. Қойын дәптерден көшіріп отырып, көркем туынды жасаймын деу бекершілік шығар.

Шығарма деген кейде бір жылда, кейде он жылда қаламгер жүрегінде пісіп шығады. Ішкі ағыстар әбден күшейген кезде қағазға түспек. Менде шығарманы машинкаға бірден басу, яки стенографисткаға айтып шығу деген әдеттер жоқ. Әрине, ондай тәсілдерді қолданған жазушылар бар екенін білемін. Өз тәжірибемде ол машықтар жоқ. Тіпті, күні бұрын жазып алмасам, ауызша сөйлегенде, берекем кетіп, қиналам. қарындашпен неге жазам? Өшіргіш неге керек? Баз біреулер шығарманы әр жерінен оңтайы келген тұстан жаза береді. Мен олай істей алмаймын, көңілде дық қалады. Сондықтан ұнамаған нәрсені өшіріп, қайта жазам. Мүсірепов шығармашылығының болашақ зерттеушілері сөйлем варианттарын іздеп таба алмас. қолжазбаларымда қандай азап шеккенімді өзім ғана білем. Түптеп келгенде, оқырман үшін керегі шығарма. қай шимайдың тарихын қуа беруге болады? Шимайлар өшіргіш табанында кетсін, сол дұрыс.

Ал әбден піскен туындылардың дүниеге келуі ұзақ уақыт алды дей алмаймын. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиялары – ұлттық драматургияның інжу маржаны. Әуелден сөзді шекеден шертіп қолданатын жазушы драматургияда әлемдік ұлгілерден терең сабақ ала отырып, өнеріне өнер, шабысына шабыс қосты. Қайталанбас образдар жасады, ана тіліміздің тамаша кестесін төкті, ақ өлеңнің өлмес нұсқаларын жасады).

– Жазу үстіндегі машық, дағдыларыңыз қандай?

– Көріп отырсың ғой, міне. Алпыс жылдан бергі кәсіп осы. Кәдуілгі жұмсақ қара қарындаш. Күні бұрын ұштап, найзадай етіп дайындап қоямын. Өшіргіштің бірнешеуі әзір

тұру керек. Мынау оқушы дәптерінің тор көз беті. Білетін шығарсың және әлгінде айттым ғой, мен сауатымды араб графикасы бойынша ашқан адаммын. Әрі отызыншы жылға дейін қолданып келдік ғой. Әбден сіңісті болып, үйреніп кеткендіктен шығар, мен көркем шығармаларымның барлығын араб графикасымен қағазға түсірем. Әрі тез, әрі сыйымды. Мына оқушы дәптерінің бір бетінен машинкада бір жарым бет шығады.

Жазып кеткен кездерімде тәртіп, режим дегенді мен білмеймін. Басқа әрекеттерден мүлде тыйылып, күн демей, түн демей, тек жазу соңында ғана боламын.

Біз қалам тартқан кезде қазіргідей жағдайлар түске де кірмейді. Күндіз кеңсе қызметі, аласапыран заманның ауыр шаруалары. Аядай бір бөлме үй, бала-шаға, қонақ. Сен бірдеңе шимайлайды деп олар ұйықтай ма? Қайтсең де жазу керек. Сондықтан абыр-сабыр басылып, ел жатқан соң, шымылдықтың артында бір бұрышта, түңгі сменадағы жұмысшы секілді жазуға отырасың. Сол қиын кездегі өмірдің дағдысы, кейін жағдай түзелгеннен кейін де қалмай қойды. Көз жанарым нашарлаған соң, дәрігерлер түнде жазуға тыйым салды. қазіргі әрекет тек күндіз ғана.

– Демалыс жағы қалай болады?

– Ә, ә, қолым босап, уақыт табылса, далаға, тау-тасқа, өзен-көлге тартар едім. Далада не көп: отын көп, су көп. қамыс, шеңгелді, сай-жыраны, жартас-тұғырды шарлап, әбден қара сирақ болып ең кемі 14 – 15 километр жаяу шарлап, шаршадым-ау дегенде, қоналқыға бір жерге тоқтайсың. Ағаштан иіп, қос жасайсың. Жаңбыр жауса, конус секілді қос жаса. Күрекпен іргені сыза салсаң, су өз жөніне кетеді. қазақшық, шайнегім болатын. Айдалада, иен табиғат құшағында төрт-бес күн жүрген соң, құлжадай ойнап, құлпырып, түлеп шыға келер едің. Өтті ғой ол күндер.

Жетпіске келдім. Демалысқа көштім. Курорт-санаторий дегендер шықты. Ыңқыл-сыңқыл содан кейін басталды.

– Шығармаға дайындық кезіндегі материалдар сақтала ма?

Жазушы орнынан тұрып барып, суырманы ашып, бірнеше папка алып келді.

– Мынау – «Оянған өлкені» жазуға әзірлік кезіндегі қағаздар. Сен көре бер. Мен есік ашып келейін, біреу келді ғой.

Қалыңдығы жарты қарыс дәптерлердің бәрі де тап-тұйнақтай екен. Біреуін алып қарай бастадым. Жазушының өз қолымен жазылған. «История горной техники»,

«Горноспасательное дело», «Карагандинское угольное месторождение», «Киргизский край, т. XVIII» деген кітаптардың беттері көрсетілген, үзінділер алынған, конспект жасалған.

Москвадағы тау-кен департаменті архиві, Алматыдағы мемлекеттік архив, Ақмола архиві материалдары қаралып, қажетті цифрлар, фактілер көшіріп алынған.

Шахта құрылысы, ондағы әр түрлі атаулар, солардың қазақша баламасы – бәрін жазушы жіпке тізгендей етіп, қағазға түсірген. Сан алуан суреттер, схемалар, диафрагмалар, цифрлар, тау-кен породаларының аттары, техникалық терминдер.

Көріп болсаң, мені тыңда дегендей қабақ білдірген соң, тағы үй иесіне қарадым.

– Әрине, бұлар «Оянған өлкеге» кірген жоқ. Бір қарағанда, сырттай айтқанда кірген жоқ. Шындығында мен бұларды білмесем, арнайы зерттемесем, роман да тумас еді. Екінші кітап неге созылып кетті. Бірқыдыру себептер айтылды. Оның үстіне үлкен коллектив, жұмысшылар ортасы туралы жазу бір семья, бір ру, бір ұрпақ тағдыры жөнінде жазу емес қой. Қашанда қоғамдық тағдырлардың ең үлкені – революция, сол революцияда басын жоғары көтеріп жүретін тап – жұмысшылар екенін сен жақсы білсең керек... Сондықтан да қазақ жұмысшы табының қалыптасуын көрсететін романның екінші кітабын аяқтауды өзімнің азаматтық, жазушылық парызым, борышым санаймын. Қазіргі негізгі жұмыс сол романның үстінде. Міне, мынау – сол шығарманың қолжазбасы.

(«Қазақ солдатында» қаһарлы соғыс шындығы қазақ әдебиетінде алғаш рет реалистік шыншылдықпен бейнеленді. Негізгі оқиғаларды басты қаһарман төңірегіне жинақтай суреттеу үстінде қаламгер еуропалық романтистика дәстүрлерін жақсы меңгергендігін көрсетті. Романтикалық стиль, психологиялық талдау тәсілдері жаңа көркемдік дамудың белгілері болатын. Кейін қазақ әдебиетінде үлкен бағытқа айналған соғыс туралы әдебиеттің алғашқы зор шығармаларын тудырған. Қазақ жұмысшы табының тууын бейнелеген әлеуметтік-психологиялық «Оянған өлке» романының күрделі характерлері, сом образдары оқырмандар жүрегіне жол тартты).

– «Оянған өлке» романының жалғасын, екінші кітабын қашан бітіресіз?

– Бұл сұрақ кәрі қызға неге күйеуге шықпайсың деген секілді. Жазбайын деп жүрмін бе? Жазбай жүрмін бе?

«Оянған өлкенің» бірінші кітабы сегіз айда жазылды.

Бес айы – Қарағандыда, үш айы – Алматыда, тауда. Оның есесіне екінші кітабын отыз жылдай созып келем. Әдейі, қасақана созып жүр деймісің? Бірталай ойды, жиған-терген, тоқығанды «Ұлпан» қағып кетті. Біреулерге кішкентай нәрсе көрінер, өзім үшін «Кездеспей кеткен бір бейне», тіпті, күні кешегі «Достар қалжыңы», «Жаңбырлы түнде», «Майралар» ұсақ дүние емес. Сүйіп жазған нәрселерім. Әр шығарманы өзіне лайық қалыппен, бұрынғыларға ұқсамайтын қалыппен құйғым келеді. Содан барып, «Оянған өлкенің» ырғағынан шығып кетем. Қазір ол романның стиліне қайтадан түстім ғой деп ойлаймын. Он баспа табақтан артық дүние жазылып бітті. Енді он бес баспа табақтай нәрсе жазу қажет.

– Шығармаларыңыз толық басылды ма? Жарияланбаған дүниелер бар ма?

– Бәрі де басылған. Анау соңғы қалың үш томдыққа прозаның таңдаулы, өзім әбден ұнатқан үлгілерін ғана қостым. Әр түрлі қолжазбалар, бастап, аяқтамай тастаған 6-7 повесть, бірталай әңгімелерді әдейі кіргізбедім. Менің оқырманға ұсынатыным осылар. Ғабиттің анасы бар, мынасы бар деп, өзге нәрселерді тықпалап мені ешкім байытпай-ақ қойсын. Менің прозам – осы үш том.

– Алдағы жоспарыңыз қандай?

– Тіршілік болып, нәсіп қылып уақыт жетсе, жоспарлап жүрген шығармаларым бар, неге жоқ болсын. Әуелі естелік, мемуар түріндегі туынды бергім келеді. Анау «Достар қалжыңы», «Жаңбырлы түнде» циклы стилінде, сол ырғақта жазсам деп жүрмін. Талай дәуірлерді, талай адамдарды білген ескі көз, кәрі құлақ дегенің енді мен болып қалдым.

Ұлпанның Ұмсын деген сіңлісінің тағдырын жазғым келеді. Ол – Александрияға барып оқыған, елге келген соң, біліміне орын таба алмаған орасан зор қайғылы тарих. Өзгелердей емес, мойны ашық жүреді, шашын жаппайды. Сиыр сауу қолынан келмейді, тезек тере алмайды. Өзенге барып, жібек көйлекпен суға түседі. Сөйтіп, жүріп мезгілі өтеді. Еріксіз қатын үстіне тиеді. Арғы жағы белгілі трагедия.

Бұл – жоспар, ниет секілді нәрселер. Ал өмір не бұйырады? Күнібұрын не дерсің...

Сұрақтарың біткен шығар дегендей жазушы орнынан тұрды.

– Айттым ғой мана. Бәйбіше сырқат. Ауруханада жатыр. Бүгін шай ішпей кетесің. Тағы хабарлас. Жөнімен қойылған сұраққа жауап беруге болар. Ал, қош. Кел.

– Сау болыңыз, Ғабе!

Сұлтан ОРАЗАЛЫ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Теледидар және радио академиясының (JATR) академигі

Алыптар тобының соңғы сардары

«Ақын орны – қаламының қанаты
қандай биікке көтеріп шығарса – сол жерде»
Ғ.Мүсірепов

«Жоқ, мен сіздердің ұғымдарыңыздағы естелік деген сөзді қабылдай алмаймын. Мен үшін оның ешқандай мәні жоқ, – деген еді Гете композитор және шебер орындаушы Мария Шимаковскаяның ғажайып талантын еске алушыларға, – өйткені, ұлылықты, әсемдікті, жақсылық атаулыны еске түсіріп жатпайды, оның өзі қас қаққанша баурап алып, барша болмысымызға кірігіп кетеді де, бойымызға асыл қасиет пен ізгілік нұрын себеді және үздіксіз жаңғырған күйде жан-жүрегімізде өмір сүреді».

Ғабит Мүсіреповтің ұлы өнері біздің ұрпақтың бойына ізгілік нұрын қашан, қалай дарытқанын айтып беру қиын болар. әлде ана сүтімен, әлде дала желімен бірге жетті ме, ес білгелі оның құдіретті рухын сезіп келеміз. Алғашқы махаббат іңкәрлігін соның сөздерімен жеткізуге, албырт көңіл алқынысын Ғабең тілімен айтуға, қоғамдық өмірге, халық тағдырына, әдебиет тарихына соның асқақ ойымен қарауға талпынатын баршасы. Оның қуатты таланты бір саябыр таппай әрбір туындысы, тіпті, әрбір мақаласы жаңашылдығы, ойтереңдігі, тілкөркемдігімен соңғы сағатына дейін таңырқатып келді. Дүниеден Виктор Гюго өткенде бір замандасы «оның ұлы таланты мен әрбір туындысының құдірет күшіне таңдай қағып, таңырқаудан шаршаған едік» дегеніндей, кейбір пенделер Ғабеңнің қартайған шағында да еңістен салсаң өрде озған дүлдүл мінезінен қажып, алдын орап, жолын сол бөгеп жүргендей күңкілдесіп те қоятын. Ол бір шет-шегі жоқ, толас таппайтын құбылыстай еді.

Сол Ғабеңнің әл үстінде жатқанын, татар дәмі сағат сайын таусылуға айналғанын біліп отырсам да жаманат хабар жеткенде өн бойым қалтырап кетті.

– Ғабеңнен айырылдық, – деді телефоннан ауруханаңың бас дәрігері Мұхтар Айтхазин даусы жарықшақтанып. Кейде зілбатпандай ауыртпалық санаңа барып жеткенше тіл бұрын қимылдайтын әдеті ме, кім білсін. – Қашан? – деппін бәрінің мәні сонда тұрғандай.

– Он минуттай бұрын. Жағдайды өз басшыларыма хабарладым. Келісім бойынша сені құлақтандырып отырмын.

Орталық Комитет пен Жазушылар одағы басшыларына өзің хабарларсың (мен Орталық партия комитетінде әдебиет секторын басқаратынмын). Ол үнсіз қалды. Сәлден соң ауыр күрсінді де сөзін жалғады. – Халқымыздың тағы бір бәйтерегі құлады. Міне, алыптардың ақырғы тұяғы да өмірден өтті...

Өлімде де, адамның тән азабы мен жан азабын жиі көретін дәрігер әдеттегі ұстамдылығына бақты ма, әлде көңіл толқынын сездіргісі келмеді ме, менің жауабымды тоспастан телефон құлағын іліп қойды. Шиқылдаған бос трубканы құшақтаған күйі отырып қалсам керек. Санаулы сағаттардан соң туатын Жаңа жыл қызығы жайына қалды. Онымен ең алғашқы және соңғы рет жолығып, тілдескенім көз алдыма келді...

– Кіріңіз, – деді Ғабең 1973 жылғы тамыз айының бір күні үйінің есігін өзі ашып. – Ә, сіз бе? Таниды екенмін ғой. Теледидардан көргенмін. Ұмытпасам, Мұхтар әуезов туралы хабар жүргіздің емес пе? Ал, кабинет жаққа баралық.

Үстіне жеңсіз сұр көйлек, жұқа трико киген жазушы өзі бастап алға түсті. Небір сәнді жиһаз, асыл дүниеге толы үйді көремін ғой деп ойлаған мен Ғабең тұрмысының қарапайымдылығына ерекше таңырқадым. Кабинетіндегі кітаптар да көп емес. Жазу столының үстінде шет жағы қарайып, кірленіреген сарғыш картон қағаз төселіпті. Бірі басталмаған, екіншісі ортайып қалған темекі қораптары мен күл салғыш және мұқият ұшталған бір топ қарындаш жатыр. Столының екінші шетінде әлдебір журнал мен жазуға толы бірнеше парақ қағаз көрінеді.

– Мен теледидардан сөйлеуге онша құштар емеспін. Сенен бұрын да қолқалаған адамдар болған. Келіспегенмін. Бірақ сен мынау болғалы жатқан Азия, Африка елдері жазушыларының конференциясын көлденең тартып, көңілімді босаттың. Сонан соң көндім. Бірақ бір шартым бар: мен анау Андроников сияқты ауыз екі сөзге жүйрік кісі емеспін. Ұшқыр сөз, алма-кезек жауапқа да шорқақпын. Өткенде Жапонияға барғанымда Токионың аэропортында өзің сияқты журналистер жабыла кетіп, біраз тершітті. Әрең құтылдым. Сондықтан айтайын дегенімді қағазға түсіріп қойдым. Соны оқып беремін.

Ол алдында жатқан қағазды маған ысырды. Қарындашпен маржандай етіп арабша жазылған екен. Менің қағазға ұмтыла қоймағанымды байқап:

– Ә, сендер бұл жазуды тани бермейсіңдер ғой. Өзім оқиын. Сен пікіріңді жасырмай айт, – деді. – Осы мақаламен «қазақ әдебиеті» газетінің де қолқасынан құтылғалы отырмын.

Ол кейіннен шығармалар жинағына кірген «Әзірлен, Алматы, әзірлен!» атты мақаласын баппен оқып шыққан соң өз ойымен өзі сырласқандай үнсіз отырды да: – Екі құрылықтың да біраз елдерін аралағанымда көп жайға көз жеткіздім, – деді. – Сөнген оттары қайта тұтанып, елдік ойлары еркіндік алып, өзінің кім екенін рухани күштері арқылы таныта бастаған ол елдердің жазушылары Алматыда келелі сөздерге барады. Идеологиялық майданның бітіспес күресіне біздің де әзір тұрғанымыз жөн. Сен мынаны көрдің бе? – деді ол алдындағы журналды нұсқап. «Курьер» журналының соңғы саны екен. – Мына сурет Монна Лиза ғой. Байқайсың ба, Монна Лиза жылап тұр. Ол неге жылайды? Аяққа тапталған сұлулықты жоқтайды. Капитализмнің темір өкшесі жаншып-таптап кеткен мәдениетке қайғырады. Ертең Алматыда осы жайлы да өткір айтыс тууға тиіс... Ал жақсы, – деді Ғабең ойын кілт үзіп, – басты әңгімемізге көшейік. Жазылған сөзге не айтасың?

– Сөзіңіз жақсы екен, аға, бірақ бірінші сөйлемін өзгертсе қайтеді. «Алдымыздағы жиырма жеті күннен соң, Қазақстан астанасы Алматы-Азия-Африка әдебиет қозғалысының тарихына кіргелі отыр» – деп жазыпсыз. Біз сізді киноға түсіріп, оны эфирге бергенше жиырма жеті күннен аз қалады ғой. Онымыз қисынды болар ма екен?

Ғабең ойланып қалды. Орнынан баяу көтеріліп бөлмеден шығып кетті. Көп ұзамай қайта оралды. Үстелінің жанында арлы-берлі жүрді. Содан соң тартпасынан қызғылт өшіргіш алып, оның қырын алмаспен жұқалап кесіп тастады да бірінші сөйлеміндегі «жиырма жеті күннен соң» деген сөздерді мұқият өшірді. Бір топ қарындашты уыстап алып ішінен біреуін ұзақ таңдады. Оны да инедей етіп ұштаған соң қағаздың үстіне көлденең тастап, ойға батты. Жазушының жанары тұманытып, мені біржолата ұмытқандай. Болмашыға бола қинағаныма қысылып үнсіз отырмын. Кенет ол ширақ қимылдап жаңағы бос орынды жазуға толтырды. Көңілі толмай, қайта өшірді. қарындашын да қайта ұштады. қағаз бетіне үңілген күйі ұзақ отырған ол іздегені табылғандай өңі жылып, екі-үш сөзді тез жазды да маған қарады:

– «Алдымыздағы айға толмас аз күндердің ішінде» деген жақсы келмей ме?

– Жақсы келеді екен, аға.

– Ал тағы айтарың бар ма? Студияна баратын да уақыт болып қалды. Менің киінуім керек.

– Екінші айтайын дегенім: сөздің жүйесі де келіп тұр екен, мен соған ыңғайлап үш сұрақ қойсам, сіз қағазды оқымай-

ақ ойыңызды ауызша жеткізсеңіз, тыңдаушы жұртқа бағалы болар еді.

– Сендердің осындайларың жаман, – деді жазушы жаратпай. – Жаңа ғана айттым емес пе? – Ол ойланып тұрды да қолын баяу сермеді. – Жарайды, сұрағаныңды қоя бер, бір-ақ қағазым алдымда жатсын, көрерміз.

Ақ көйлекке қызыл галстук тағып, үстіне ақшыл сұр костюм киіп шыққан Ғабеңді көргенде танымай қалдым. Жаңа ғана денесі болбырлау, іші шығыңқы, жетпістен асқан қартаң адам еді, енді құлжа асығындай шымыр, бойын тіп-тік ұстаған, өңіне де елу жасты әрең қиятын ел ағасы алдымда тұр. Ол айна алдына барып шашын тарауға кірісті. Үш түрлі тарақты кезегімен жұмсап, сұйықтау көкбурыл шашын жөнге келтірген соң үстіне иіссу септі де далаға бет алды.

...Шағын студия іші жарқыраған прожекторлардан ысып, қайнап кетті. Әлденесін жөнге келтіре алмай бізге оқталған кинокамераны шұқылап жатқан оператор күйбеңі бітер емес. Айтар сөзімізді қайта-қайта пысықтап, дайындық жүргізген режиссер де мазасыз күйде. Самайынан сорғалаған терін құрғатып, Ғабең режиссерге шытынай бұрылды: – Сендер өзі сипалақтап кеттіңдер ғой. Бастамаушы ма еді? Шаруам бар, кетуім керек.

– Қазір, Ғабе, қазір, – деді сасқалақтаған режиссер сыртқа бет алып. Істі бөгеп тұрған кинооператорға мойын да бұрған жоқ.

– Токио аэропортында интервью алған жапон тележурналистері біз қонақүйге барып жеткенше жазғандарын теледидардан көрсетіп те үлгеріп еді. Ал сендер шаруа бастағанша ұзақты күн кеш болды.

Осы кезде қолында екі бокалы бар, салқын су көтеріп режиссердің көмекшісі келді. Тұлға-бітімі сымбатты, ақшыл жүзі өте көрікті әсем қыздың сыпайы қимылына Ғабең аңтарыла қарап қапты. Кенет көзінде әлде бір ұшқын ойнап, жүзі жадырай жөнелді. Ыстықтан балбыраған бойын да тез ширатып, өткір әзіл айтып жіберді. Қыздың орынды жауабына риза болған жазушы, тіпті, сергіп кеткендей. Бізді де, өзінің неге келгенін де ұмытқан. Өңі алабұртып, жайнаң қағады, құштарлықпен әзіл-қалжыңға тартады. Бұл не? Жетпіс төрт жасында он сегіз жасар Ульрикаға ғашық болған Гете қарттың мәңгі жас көңілі ме? Сол құштарлық әлем поэзиясының інжу-маржаны «Мариенбад эллегиясын» тудырған жоқ па еді? Ғабең де әсем қыздан көз алмаған күйі, кинокамера алдындағы сөзін шабыттана айтып шықты...

... Міне, өмірге, сұлулыққа құштар осы жан бір-ақ уыс

боп, ақ дәкенің үстінде боп-боз күйде жатыр. Аурухана төсегі бесік тәрізді екен, ал жүрек соғысын өлшеп тұрған сан түрлі аппараттың сымдары айқұш-ұйқыш айқасып, оны нәрестедей бөлеп тастаған.

– Үш-ақ минут, – деді дәрігер. – Одан артық сөйлесуге болмайды. Жазушы Қалдарбек Найманбаев екеуміз аурухана бөлмесіне кіргенде Ғабеңнің көзі жұмулы еді. Аяғыма қорғасын құйып қойғандай әрең жылжимын.

– Ғабе, біз ғой, – деді қалдарбек даусын бәсең шығарып. – Халіңізді сұрай келдік. Қалайсыз?

Ғабең көзін ашып, бізге үңілген күйі ұзақ жатты. Ақырын ғана:

– Рақмет, шүкір! – деді.

– Сізге барша жазушы қауымының сәлемін айтып тұрмыз, Ғабе. Ешкімді кіргізбейді екен, Сұлтан екеумізге әрең рұқсат етті. Ел-жұртыңыз тез сауығуыңызға тілектес.

– Рақмет, олардың тілектес екенін білемін. Менің де тілеуім солардың амандығы. – Қарт жазушы демігіп, сөздерін үзіп-үзіп айтты. «Тыныстап алайыншы» дегендей ұзақ үнсіз жатты. Әлден соң, бізді ымдап өзіне жақындатты да: – Тірі пендеге киянатым болмап еді, адамдарға жақсылық жасай алдым ба, жоқ па, білмеймін, бірақ жамандыққа бармап едім. Мына, тосын кеселге қалай ұшырағанымды... Енді тұрып кете алмаспын, бәріне сәлем деңдер. – Ғабең аппақ құдай арық қолын жабудың астынан шығарып бізге созды. Екеуміз бірдей ұмтылдық. Алақаны салқын екен. – Қош! – деді Ғабең қамығып. – Қош! Ел-жұртқа сәлем...

«Қазақтың ата буын әдебиетінің» іргесін қаласқан «алыптар тобының» ең жақсы және ұзақ ғұмыр кешкені Ғабит Мүсірепов. Пендешілікпен қарағанда да асарын асап, жасарын жасап, атақ-абыройдың, сый-құрметтің биік шыңына шығып, армансыз өткен бақытты адам.

«Мен жасадым, көп жасадым.
Көрдім Сәкен, Бейімбетті,
қатар тұрып жыр қашадым,
Мені олар да құрмет етті», –

деп Әбділдә ақын жырлағандай, иық тірестіре қатар жүргенінде қыршындарынан қиылған Жүсіпбек, Міржақып, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбет сынды ұстаз ағаларының тағдырына оның да ұшырап кетуі әбден мүмкін еді. Ұрпақ бақыты үшін тірі қалған, сол ата буын мен кейінгі көп толқынның арасындағы алтын көпірі іспеттес Мұхаң, Сәбең,

Ғабен, Ғабидендердің өмірін де сан рет қыл үстіне, жар жиегіне тіреген қатал тағдыр бір халықтың бар аяулысын отап түсіруге дәті жетпеген сияқты.

Ғабене жиі жолығып жүрген күндерде: – Сіз өзіңізді бақытты санайсыз ба? – деген сауалды қою ойыма сан рет келгенімен, жұртты мезі еткен қайталаудан тартынғаныма қазір өкінемін. Сұрау керек еді. Бәлкім ұлы суреткердің жүрек түкпіріндегі тіршілік, өмір, бақыт туралы кейбір сырына толық қаныға түсер ме едік. Бірақ, сол тұста қоғамның барша кінәратын жүрегінен өткізетін, халқының тағдырын, оның арман-мүддесін жанымен сезінетін адамға, ұзақ ғұмырында жауыздық пен жақсылықты, қайғы мен қуанышты көп көрген ойлы жанға бақыттылық деген тоқмейіл ұғым тән болмаса керек деп ойлағанмын. «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ», әлдебір жан жарасын ауыртып аламын ба деп те сескенгенім рас. Бекер екен. Өйткені, Ғабең бақытының тұғыры биік. Аясы кең болып шықты. Ол бірде: «Бақыт ұзақ өмірде емес, қызықты өмірде болатын шығар» – дегені бар. Ал, Ғабеңнің қызықты өмірі – халқымен ажырамас бірлікте, ыстық пен суықты бірдей кешкен, еңбек пен шығармашылық бейнетке, ізденіс пен толғаныска толы мәнді, мағыналы күндерден құрылғаны баршамызға аян. Екінші, «Заман мен әдебиет» атты кітабында жазушы: «Тегінде, мен өзімді бақытты екенмін деп ойлаймын, – деп жазды, өйткені, менің алдымдағы алыптар тобының жазушылық, азаматтық, адамгершілік, қоғамдық дәстүрлерінің өнегелерін көрдім. Солардың жақсы өнегелерін үйренуге, бойыма жинауға тырыстым». «Ата көрген оқ жонар» дегендей, Ғабең ағадан алған асыл қасиеттерді бойына сіңіре отырып кейінгі ұрпағына өзі де үлгі, өнеге шашатын мол мұра қалдырды. Жазушы шығармашылығын, оның тұтас бітімін танимын деген адам ең алдымен, жоғарыда өз бақытым деп санаған өнегелі, яғни жазушылық, азаматтық, адамгершілік, қоғамдық дәстүрлерді тереңдеп зерттемей Ғабит Мүсіреповтің биік тұлғасын, тарихи орнын айқындай алмайды.

1973 жылы қыркүйек айында Алматыда өткен Азия мен Африка елдері жазушыларының V конференциясы біздің елдігімізді сынаған ұлы жиын, үлкен дүбір болды. Бұған дейін қазақ жерінде жетпістен аса ел мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатынасқан, бүкіл әлемді толғандырып отырған саяси-әлеуметтік, көркем өнер, мәдениет мәселелерін кең талдаған бұндай зор бас қосу болған емес. Сондықтан осы конференцияны дайындау, оған қатынасатын делегация мүшелеріне қонақжайлылық таныту, әр елдің

қаламгерлерімен жақын араласып, пікір алмасу, жиынның сәтті өтуіне қолғабыс тигізуге Алматыдағы жазушылардың бәрі дерлік белсене араласты. Мен сол кезде қазақ теледидарының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясын басқаратындықтан конференция жұмысын насихаттайтын баспасөз тобына қосылдым. әрине, конференция жұмысын көрсету, оған қатынасқан шетелдік қаламгерлермен сұхбаттасумен бірге осы қозғалысқа көп еңбек сіңірген қазақ жазушыларының экрандық бейнесін жасау да жоспарға кірді. Біздің бірінші тоқтаған адамымыз Ғабит Мүсірепов болды. Өйткені, әлемдік мәні бар осы жиында бүкіл өмірі ауыз толтырып айтуға лайық, алдағы ұстасақ абыройы зор, келе жатқан ақ, қара, сары жұрттың өкілдеріне аты да, жүзі де жетік таныс бірден-бір көзі тірі қазақ қаламгері Ғабең еді. 1956 жылғы Делидегі Азия жазушылар қозғалысынан бастап, кейіннен екі құрлық қаламгерлерінің басын қосқан Ташкент, Каир, Бейрут, Дели конференцияларына белсене араласқан бұл адам өзінің өткір ойларымен, дүниелік мәдениеттің даму заңдылықтарын жетік біліп, оны өз халқының тарихымен ұштастыра, шендестіре айтатын мол білімімен талай рет көзге түскен. Бұл ретте ұлы замандасы Мұхтар Әуезовтің Ташкент конференциясындағы кемеңгер ойлары оның сөздерінде жалғасын тауып жататын. Осы қозғалыстың басы қасында өзімен бірге жүрген Мысыр жазушысы Жүсіп әс-Сибаи, пакистандық ақын Фаиз Ахмат Фаиз, Оңтүстік Африка жазушысы Алекс Ла Гума, Анголаның ақыны, әрі ірі қоғам қайраткері Агостиньо Нето, Африка мәдениетінің қоғамын құрған сенегалдық Алиун Дион, Үндістанның даңқты жазушылары Мулк Радж Ананд, Саджад Захир, Сенегал президенті, ақын Леопольд Сенгор – бәрін де сан рет көріп, достасып, кейбіреулермен пікір-таласына да түскен. Әсіресе, алпысыншы жылдардың басында Римде бас қосқанда «Африка халықтарының мәдени беталысы қай бағытта болмақ, мәдениет деп аталатың кең майданның адамгершілік принциптерін қайдан іздеп, қайдан алу керек?» – деген сауалға: «Жаңадан жасалмақ Африка мәдениетінің айнымас, тапжылмас универсалдық принциптері католик дінінен алынуы керек», – деп дәлелдемекші болған атақты француз жазушысы Франсуа Мориакқа, «Негритюд» жан сала қорғап, Африка мәдениетінің қан араластырмай томаға тұйық дамуын қолдаған Леопольд Сенгор мен Жан Поль Сартрға бұлтартпас дәлелдермен қарсы шыққан Мүсірепов мына келе жатқандардың көпшілігінің есінде мықтап сақталған. Ол, мейлі, Еуропа қалалары мен

Азия астаналарындағы басқосуда болсын, Жапония мен Индонезияны араласын, бәрінде өз халқының тағдырын тілге тиек ете отырып, көпшіліктің көңілінен шығатын көшелі ойды шебер тілмен мысқыл араластыра айта білетін. Бір қарағанда маңғаз, марғау көрінетін, ыңырана баяу сөйлейтін осы адамның пікір-таласына түскенде түлеп, ширығып, көп сөздің түйінін бір-ақ ауыз жауабымен шешіп кететін алғырлығы тағы бар. қысқасы, даңқты драматург, ғалым, сыншы, көсемсөз шебері, қазақ өнерінің көшбасшыларының бірі, ірі қоғам қайраткері Ғабит Мүсіреповтің телеэкрандық бейнесі қалай жасалуы керек? Ғабең шығармашылығын, оның барша болмысын бір хабарда түгел қамту мүмкін емес. Сондықтан оның қай қасиетін, өнерінің қандай қырын тілге тиек еткен жөн? Ойлана келе, мынау дүбірлі жиын үстінде Ғабеңнің азаматтық, қайраткерлік істеріне ерекше ден қойып, шығармаларындағы өткір ой-пікірлерді, кесек тұлғаларды барынша дара көрсетуді мақсат тұттық. Бұл міндеттің ауырлығы сценарий жазу кезінде-ақ көрінді.

Жалпы өнер адамдарының әдеби портреті қазақ теледидарында бұдан бұрын да жиі көрсетілетін. Ол – өзіндік ізденісі, қалыптасқан дәстүрі бар, көбіне танымдық мәні зор жанр ретінде жұртшылықтың көңілінен шығып жататын. Бұл ретте кино мен театр қайраткерлеріне, ақындар мен қылқалам шеберлеріне көбірек көңіл бөлінуші еді. Оның себебі: бейнелеу материалдары мол, яғни әртістің ойнаған рөлдері, суретшінің салған суреттері, ақынның жырлары хабар кейіпкерінің шығармашылық сырын, өнер ерекшелігін телеэкранда ашуға зор септігін тигізетін. Ал, жазушыны, оның азаматтық тұлғасын, қоғамдық қызметін қалай көрсету керек?.. Мұрағаттық деректерді, кино, фото, құжаттарын жинақтауға салақ қарайтын халық екеніміз бесенеден белгілі. Оған толықтай иек артқанмен алысқа ұзай алмайтынымды ішім сезеді. Дегенмен, жұмысты республикалық мұрағаттан бастауға тура келді. Ойлағанымдай-ақ, киноленталардың арасынан әр жерде бар жылт еткен көріністерден басқа ештеңе көзге түспеді. Оның көпшілігі «Советтік Қазақстан» киножурналындағы түрлі-түрлі жиынның төрінде отырған сәттер. Ең болмаса, жазушының бет-бейнесін толық көрсететін ірі жоспардағы бірде-бір портреті кездеспейді-ау. Алпыс, жетпіс жылдық мерейтойын бүкіл Совет елі атап өткен классик жазушының өмірдегі өз қалпын көрсететін шынайы, жылы бейнесін іздеу үстінде мен бір-бірінен айнымайтын ондаған, көріксіз кинотаспалар легіне тап болдым. Бәлкім, тарих үшін бұлар да керек шығар. Бірақ кезінде әлемді аузына

қаратқан Жамбыл, ұлы суреткер Мұхтар Әуезов, тіпті, күні кеше ортамыздан кеткен алып жазушы Сәбит Мұқанов туралы көзі тірісінде мардымды ештеңе түсірілмегені кино мамандарының қаперіне кіріп шықпаған. Рас, ардақтылар дүниеден өткен соң өкінген боламыз. ... Бірақ сол «баяғы жартас, бір жартас...» Сонда Ғабең беделі, еңбегі, халқына деген қадірі онсыз да мың-мың метрден рәсуа болып жатқан бірер сағаттық кинотаспасының құнына тұрмағаны ма? Бұл әсіреқызылды қызықтаған кейінгі кезеңде де өзгере қойған жоқ. «Ақын – заман, бір күндік те емес, бүгіндік те емес. Оның кешегісі – бүгіндік, бүгінгісі – ертеңдік» деген Ғабең сөзі, шын өнердің мәңгілік сыры, шынайы өнерпаздық қуаты барша ұрпаққа ортақтығы қолына мәдениеттің билігін ұстаған талайлардың санасына жетпей-ақ келеді.

Міне, осындай көңілсіз ойлармен енді фотодеректерді ақтарғанымызда абырой болып, кезінде Ғабеңнің өзі тапсырған бір топ құнды құжаттарға тап болдық. Оның ішінде жазушының шетелдік сапарларын, түрлі мерейтойларын, әр жылдардағы қалпын бейнелейтін суреттері мол екен. Киностудия мен телефильмнің мұрағатынан да азын-аулақ кинокадрларды еншіледік. Ал теледидардың қорында алпысыншы жылдардың екінші жартысында бір жолың болғыр инженердің өнертапқыштығы арқасында монитордан (телеэкраннан) кинотаспаға бірталай театр қойылымдарынан үзінділер жазып алғанымыз есіме түсті. Олардың ішінде Шахан Мусин мен Шолпан Жандарбекованың Ақан сері, Ақтоқтысы, Серке Қожамқұловтың Қоңқайы, Камал Қармысовтың Жантығы сақталыпты. Әсіресе, Жантық пен Ақан сері, Ақтоқтыны ойнайтын әртістеріміз ерекше бабында, шабытты шағында, мүсін-сымбаттары шау тартпаған қалпында екен. Бұған қоса осыдан бір айдай бұрын Ғабеңнің Азия мен Африка жазушылар қозғалысы туралы маған берген интервьюі эфирден бір рет көрсетілсе де мән-маңызы кемімеген, біздің авторлық ойымызды ашуға септігі зор дүние ретінде сақтаулы тұр. Осылардың бәрін көңіл таразысына салып, ой елегінен өткізген соң Ғабең шығармаларын, оның ішінде көсем сөздері мен сын мақалаларын тағы бір сүзіп шығып пайымдасам, жазушы бейнесі әлі де жадағай, жансыз, плакаттың дәрежесінен аспайтындай көрінді. Әрине, жазушының еңбегін, шығармаларын жүргізуші ретінде мен айтармын-ақ, бірақ үлкен қайраткерді өзімен замандас адамдар танып, бағалағаны ғанибет қой. Мысалы, осы жиынға келетін Берды Кербебаев, Камил Яшен, Шыңғыс Айтматов, Зульфия, Расул Ғамзатов сынды адамдар

ағамыз туралы не айтар еді? Ғабеңнің шетелдік достары мен кездескен сәттерін киноға түсіріп алсам деймін. Сценарийдің алғашқы нұсқасын қағазға түсіріп болған соң: «Апыр-ау, осы Ғабеңнің өзімен неге ақылдаспаймын? Ол кісі біздің не істеп жүргеніміздің бейхабар ғой» – деген ой келді. Бірақ, өткен жолы интервьюден соң студиядан шығарып салғанымда тым салқын, елемегендей сыңай танытқан. қоштасарда, тіпті, бұрылып та қарамай, бірмойын адамша жүре берген. Біртүрлі тауым шағылып, хабар эфирден өткен соң хабарласуға да батылым жетпеді. Сондықтан енді ненің жосығы бар? Осы хабарды аман-сау, көңілдегідей өткізсем, қайтып маңына жоламаспын деген ойдамын. Бірақ...

Осындайда еске түседі: 1965 жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 20 жыл толуына орай Бауыржан Момышұлы туралы телехабар жазуға есім кетті. Бұған дейін Баукең теледидардың маңын баспаған адам. Білетіндер: ол кісіні әурелемей-ақ басқалар туралы жаза берсеңші деген ақыл айтты. Ал кейбірі төтесінен: «әй, баламысың деген, сен түгілі әкеңдей адамдар одан ығып, алыс жүреді, бетің қайтады, қайтесің? – деп жанашырлық танытты. Дегенмен, жастықтың әсері ме, ешкімге көнбей хабарды әзірлеуге кірістім. Қатты қиналғаным есімде. Жиырма минуттық телехабардың сценарийін он шақты рет қайта жазып, батырға деген жүрек сөзімді аянбай-ақ айтқан сияқтымын. Осы күндері Баукең туралы деректі фильмдер мен телехабарларда қайталанып жүрген көптеген кино, фотокадрларды сол жолы режиссер Әсман Дүйімбаев екеуіміз мұрағаттан тұңғыш рет тауып, көрсетуге әзірледік. Бұл жұртшылықты елең еткізетін салмақты олжа еді. Хабарды эфирде өзім жүргізбекшімін. Жиырма төрт жасар жігіттің көңілінде батырдан мақтау естіп қалсам деген жасырын дәме де бар. Ол кезде теледидарда жазып алу аппараттары жоқ, бәрі ашық эфирде жүргізілетіндіктен бағдарламаның уақыты жиі ауысып, кейбір хабарлар түсіп қалатын. Осыған байланысты әр түрлі дау-дамай, реніштер туып жатады. Сондықтан редактор өз хабарларының уақытын көруге тиісті адамдарға тағы бір ескертуді әдетке айналдырған. Бойға сіңген осы мінезден бе, жоқ жастық желік пе, әйтеуір сайтан түртіп, Баукеңе телефон соғайын. Арғы жақтан бір гүжілдеген дауыс телефон мембранасын дірілдетіп жіберді. (Бәлкім менің қолым болар дірілдеген, білмеймін).

– Кімсің?

– Бауке, ассалаумағалейкум! (Дәл осылай сәлем бер деген ақылшыларым). Мен теледидардан едім.

– Кімсің? – деген сұрақ алғашқыдан да қаһарлы шықты.

«Әй, бір ашулы сәтіне тап болдым-ау» деген ой миымды осып өтті.

– Журналистпін. Сұлтан деген ініңізбін.

– Қай Сұлтан? Киностудияның Сұлтаны, Қожықовпысың?

– Жоқ, теледидардың Сұлтанымын.

– Ә-ә! Орыста Иван көп, қазақта Сұлтан көп. Сол көптің бірімісің? Танымаймын!

– Танымайтыныңыз рас, Бауке, бірақ өз ісімнің бірегей Сұлтаны болсам деген дәмем бар.

– Хм, – деп Баукең менің ессіздігіме таңырқағандай қатты жөткіріп қалды. Сәлден соң: – Ал айтқын, бірегей жігіт, не шаруа? – деді даусы сәл жұмсарып.

Осы сәтті пайдаланып, өзі туралы телехабар әзірлегенімізді, бүгін кешке түгенше сағатта көрсетілетінін, мұрағаттан қызықты деректер тапқанымызды асыға-үсіге баяндап шықтым.

– Менің бұған қатысым қанша? – Баукеңнің даусы қайтадан қатая бастады. – Ол сендердің шаруаларың.

– Енді, сіз туралы болған соң ескертейін деп...

– Оныңа рақмет! Бірақ полковник Момышұлын мазақ етіп алсаң, жақсылық күтпе! Солай! Баукең қоштаспастан трубканы қоя салды.

Өрекпіген көңілім су сепкендей басылып, осыған жолама деген ақылшыларымның Баукең мінезіне байланысты айтқан сан қилы әңгімелері санамда қайта тіріле бастады. Сценариймнің сапасына іштей сенімді болғанмен хабарды өзімнің жүргізуім қауіпті көрінді. Соғыс туралы сөйлейтін мен кіммін? Түрімді көрсе Баукең одан сайын шамырқанып кететін сияқтанады. Бұндайда лайықты жүргізуші табу да оңай емес. Онымен дайындықты кім жасайды? Режиссер Әсман Дүйімбаев бұған келісе ме? Телестудияның алдынан Әнуарбек Байжанбаев кездесе кетті. Құдіретті даусы бүкіл қазақтың жүрегін жаулап алған диктор. Анда-санда телеэкранға да шығып қоятыны бар. Өзі көңілділеу екен.

– Бала, бар қайғың сол ма? Қане, сценарийінді көрсетші! – қағазыма арлы-берлі көз жүгіртіп шыққан соң: – Дұрыс жазылған, қорқатын дәнеңе жоқ, – деді нық сеніммен. – Ал қалғанын маған жібер, ақысын-берсең боқысын шығарамын!

Ол сценарийді екі бүктеп, пиджагінің іш қалтасына салды да хабар басталардан бір сағат бұрын режиссермен дайындық жасайтынын ескертіп кетіп қалды. Ұзын сөздің қысқасы,

хабарымыз көлденең кеселден аман, дәл уақытында біткен соң үйге тез қайтып кеттім. Ертеңіне Әнекең шарқ ұрып іздеп жүр екен.

– Сен кеше қайда жоғалып кеттің, – деді бірден ығырып. – Момышұлындай адам пейіл беріп, іздеткенде табылмау деген сұмдық қой! Әсман да жоқ. Мен шақыртқан соң жалғыз барып, бұйырған дәмді татып қайттым. «Теледидардың Сұлтанын, бірегей жігітті көргенде болатын еді» – деп күліп қояды. Мен де сенің пайдаңа, шашпауыңды көтеріп, үстемелетіп жібердім. Бұл еңбегім есіңде болсын! Солай бала, хабарың болса тағы айт, Байжанбаев араласқан шаруа думанмен бітетінін көрдің ғой. Сендер Баукеңнің сыртқы айбарынан қорқасыңдар, ол кісінің ішкі сарайы кең жайлау ғой, кең жайлау...

Міне, осы оқиға есіме түсіп, Ғабең жөніндегі көңіл түйткілі таркай бастады. «Әр адамның бір мінезі бар, ондағы менің шаруам қанша?» – деймін. «Әрі-беріден соң Ғабең неге иіліп қоштасу керек? Бәлкім шаршаған шығар? Жоқ, одан да қолайлы сәтті пайдаланып, ұлы адамның әңгімесін тыңдай берейін. Ғайыптан жазушының көңілі түсіп, бұрын ешкімнің көзі шалмаған құжаттарын көрсетер, үйіндегі мұрағатын ашар. Өзін, жұмыс кабинетін киноға түсіруге келісімін алсам да үлкен олжа емес пе?» Осы ойларға нық бекіндім. Бойымды реніштен гөрі қызығушылық биледі. Бір таңғаларлығы Ғабең сөз айтпастан жылдам келісті. Не үшін келетінімді тыңдап болды да, күнін, сағатын белгіледі.

– Жинаған деректеріңе қарағанда бірталай тер төгіпсің. Телеэкранда бос сөз – бақыр, анауы бар, мынауы бар дегенше соның өзін көрсеткен тиімді екенін түсінемін. Бірақ біздің үйді киноға түсіруге әурелеме, көрем десең суреттерді берейін, қарап керегіңді ал.

Қара қағазға оралған қомақты түйіншекті шкафтан алып, менің алдыма қойды.

– Ал қолжазба дегеннен, менде шығармаларымның әр түрлі варианттары болмайды. Өткенде көрдің ғой, жазуды қарындашпен жазамын. Ұнамаған сөзді бірден өшіріп тастаймын. Әр бет көңілдегідей таза шықпаса, ілгері жылжи алмаймын. Ақыр соңында шығармаларымның бір-ақ нұсқасы қалады. Ол кітап болып басылған соң, үйді ыбырсытпай тастай саламын.

Ғабең орнынан тағы көтеріліп, қабырғаны тұтас керіп тұрған сөрелердің бұрыш жақтағы түбінен сопақшалау, бүйірі ыдырап, тозығы жеткен қоңыр папканы өзінің алдына әкеп қойды.

– Мынау, «Оянған өлкеге» жиған деректерім. Оқылған кітаптардан алынғаны, ел аузынан жиналғаны бар, өз қолымнан салған карталар мен қарағанды өңірінің тарихы түгел осында.

Менің көзім тұнып кетті. Мойнымды созып, көрсетер ме деп ұмтылып қоямын.

– Ғабе, осыларды киноға түсірсек, шығарма сырын ашуға септігі тиер еді.

– Жоқ, оған бере алмаймын. «Оянған өлкенің» жалғасын жазып жүрмін. Бар жиған-тергенім деректер осында. Сондықтан қолдан шығармаймын. Бұрын да сұраған ғалымдар болған. Бермегенмін. Өкпелеме. Бәлкім, кітап біткен соң көрерміз.

Жазушы қоңыр папкасын алақанымен бір сипап, қайтадан орнына апарып қойды. Оралып тұрған олжадан айрылған аңшыдай опынып: «Бұнысы несі, бергісі келмесе неге көрсетеді?» деймін іштей. Ол креслосына шалқая отырып, темекісін тұтатты. Мені жаңа көргендей, қалың көзәйнектерінің астынан ұзақ карады. Шалқайғандай көзі шүңірейіп, жанары бұлдырап көрінеді екен. «Осының өзі кім? Қолынан бірдеңе келетін адам ба?» – дейтін сияқты.

– Сценарий жазып әкелдім дедің бе? Бұның өзі қағажу қалып жүрген жанр. Шындап айналысатын қазақтар аз. Бастайды, көбі тастап кетеді. Киноға сценарий жетпей жүргенде енді теледидардың көмейін толтыру оңай болмас. Жақсы, жазғаныңды оқып көр, бас жағынан екі-үш бетін тыңдайық.

Ғабеңнің сөз әлпетінен: менің өзі туралы не жазғанымды білуден гөрі, «қағажу қалған жанрға» қаншалықты ыңғайым барын байқағысы келетінін аңғардым. Құрғап кеткен тамағымды қайта-қайта қырнап, оқи бастадым.

«Аспанға әлдебір көрінбес жіптермен іліп қойғандай, тіршілігі жиі-жиі қаққан қанаттарынан ғана білініп, шырылдап тұрған бозторғай кенет төмен қарай құлдырай жөнелгенде оның соңынан ілескен камера қарасаң жанарың талғандай сайын даланы көз алдыңа тосады. Жусанды қырлар, көгілдір өлкелер кезек алмасып, алып даланың төсіндегі жатаған таулардың тобылғылы, шилі, талды қолаттарындағы қайнаған тіршілік тынысы сезіледі. Күн нұрынан жер бусанып жатыр. Жүрек шымырлатқан қобыз үні баяу басталып, біртіндеп күшейе түседі. Осы көріністердің бетіне титрлер шығады.

ТИТР: Оянған өлке жыршысы

ТИТР: Жазушы Ғабит Мүсірепов туралы сыр

Шарбы бұлттар қалықтаған көгілдір аспанға Алатаудың

асқақ шыңдары найзадай қадалған. Оның бауырындағы сай-салада мыңғырған мал, қайнаған еңбек. Буырқанған тау суы көбік атады. Камера одан жылжып айдыны шалқар теңізге ауысады. Балықшылар тіршілігі. Олардың ортасында айдынға көз тіккен жазушы Ғабит Мүсірепов көрінеді (мұрағаттан алынған кадр). Сарыарқаның шетсіз-шексіз егінді алқабы теңіздей тербетіледі. Есіл өзенінің түнгі ай сәулесіне шағылысып, дала төсінде күміс таспадай бұратылып жатқан суреті. Бағанағы қобыз үні тынар емес, қазақ даласының бүгінгі тіршілігін сыр ғып айтады.

Жүргізуші даусы: Халқымызға мекен болған осынау шексіз дала, шұрайлы өлке саясында талай таланттар дүниеге келіп, ел өмірін, оның асыл арманы мен мүддесін толғап өткен.

Қазақ елі тағдыр тауқыметін, өмір зілін сан рет бастан кешсе де, талант тапшылығын көрген емес. Салқар көштей ұзақ дәуірлердің қай кезеңінде де алмастан өткір сөзімен, парасатты ойымен жарқ етіп шыққан өрен жүйріктер туып отырған, туа да бермекші. Сұлулықты, сиқырлы сөзді, өрелі ойды мұрат тұтқан елдің жүрегінде сол бір өнерлі жанға деген ыстық жалын, махаббат та бөлекше.

Камера ойдым ойдым қарағайлы, қайыңды өлкеге ауысады. Бірнеше жеңіл машина солардың арасындағы ирелеңдеген қара жолмен алыста көрінген ақ шатырлы ауылға бет түзеген. Кене тақ қайыңдар ортасындағы гүлді алаңға тоқтаған машинадан Ғабит Мүсірепов бастаған бір топ адам шығып, мынау жайнаған табиғатты қызықтай бастайды. Жазушы өзінің туған ауылына бет түзеді.

Жүргізуші даусы: Өзінің дарқан дарыны мен тамаша шығармалары ел жүрегіне ұялаған асылдарымыздың бірі – Ғабит Мүсірепов. Оның қаламынан туып, халқымыздың алтын жамбысындай асыл қазынасына айналған шығармалары – қашанда көптің қолында, карттың көңілінде, жастың тілінде жүр.

Қаумалаған қалың жұрт жазушыны қоршап алған. Олардың ортасында замандас карттар да, соңғы жас ұрпақ та бар. Бірі құшақтасып, бірі қол алысып амандасады. Жазушыға деген ыстық пейіл, ықылас олардың көңілді күлкі, жайдары жүздерінен аңғарылады. (Бұл кадрлар мұрағаттан алынған).

Жүргізуші даусы: Міне, жазушы ел ортасында. Оның талантының қайнар көзі, ой мен қиялының түп тартар тамыры осы ортадан, «Жаңажолдан» басталады. Елі де азаматын, ардагер ұлын емірене сүйеді. Өйткені, Ғабеңнің

барша саналы өмірі халыққа қызмет етуге бағытталған. Сан түндер сарыла отырып терген сөз маржандары ел жүрегінің қылын шертіп, халық тағдырының сан қатпарларын ақтарады, оқушысын өрісті ойға жетелеп, өнегелі өмірге үндейді. Ол жазған шығармаларда елдік пен жаулықтың, ерлік пен ездіктің, адамдық пен арамдықтың ара жігі ажыратылып, кеселді мінездер ащы мысқыл мен әжуаға айналса, өріс алып, өркен жаяр асыл қасиеттерді ардақ тұтады. Жазушы халқының бойындағы еркіндік сүйгіш бұла мінезін, жалыны өшпес асыл махаббатын тынбай жырлап келеді.

Жүргізуші кадрде: Бүгін Азия мен Африка құрылықтарының озат ойлы қаламгерлері астанамызда сұхбат құрып, жазушының өмірдегі орны, азаматтық парызы туралы ой толғап жатқан шақта Ғабит Мүсірепов есіміне тегіннен-тегін тоқталып отырғамыз жоқ. Ғабит есімі, оның шығармашылық жолы әдебиетіміздің тағдырына тікелей байланысты. Өйткені, Ғабит есімі қазақ әдебиетінің төлбасыларымен бірге тұр. Ғабит есімі – қазақ өнерінің қай саласында болмасын бірінші ауызға алынады. Соның бәрінде де ол шынайы шебер, биік парасат иесі, зор қайраткер ретінде көңілімізге ұялаған. Біз Ғабит Мүсірепов туралы айтқанда жүрегімізде әдебиетіміздің шоқ жұлдызы Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің, кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезовтің, даркан дарын иелері Сәбит Мұқанов пен Ғабиден Мұстафиннің ардақты есімдері тұрады. Жазушы Мүсірепов те солармен бірге қанаттас жүріп, тынымсыз еңбек, үздіксіз іздену арқылы шеберлік шыңына өрмелеген болатын.

Кадрда Ғ.Мүсірепов туралы әр жылдарда, араб, латын, орыс әріптерінде басылған газет, журнал мақалалары, кітаптар шетел, бауырлас халықтар тіліндегі әдебиеттер көрсетіле бастайды. Біраздан соң екінші экспозицияда баяу қалқып жазушының фотосуреттері шығады. Камера оларға зерттей үңіліп, әр кадрдан сыр іздегендей. қобыз үні тынып, оның орнына еңсені көтеретіндей жаңа музыка ойналады.

Жүргізуші даусы: Ғабит Мүсірепов жайлы айту әрі оңай, әрі өте қиын. Оңай дейтініміз, оның шығармалары, өмір жолы, халқына сіңірген еңбегі әркімге мектеп қабырғасынан бері таныс. Әр кезеңде, көп тілді ондаған мақалалар мен зерттеулерге, монографиялық еңбектерде ол туралы жиі жазылып, құлаққа сіңісті болған. Сондықтан бәрі де айқын сияқты.

Ал қиын дейтініміз: өнер де өмір тәрізді шексіз құбылыс. Оны әр ұрпақ, әр адам өзінше танып, өзінше түйеді,

жүрегіне жақын сырларын табады. Мүсірепов шығармалары да сондай шынайы, терең мазмұнды, жан тебірентер сезімге бөлеп, көңілге көрікті ойлар құятын, оқушысын өсіріп, тіршілік суреттерінің сыр астарын ашып беретін туындылар. Сондықтан да арналы дария іспетті алып дарын иесінің барша қасиетін түгендеп жатпай-ақ, бүгін біз оның азаматтық, қайраткерлік істеріне, көркем туындылары мен көсем сөздеріндегі кейбір ойларына тоқталамыз...

Жұмсақ орындықта шалқалай жатып, үнсіз тыңдаған Ғабең «тоқтайық» дегендей бір қолын көтереді.

– Жә-ә, көпшігің қалыңырақ сияқты. Маған салсаң мақтау сөздерді азайтып, біраз ықшамдаған жөн болар.

– Ғабе, бұл хабар қалың көпшілікке арналғандықтан танымдық жағына көбірек мән берілді. Көрушілер мен тыңдаушылардың білік дәрежесі әр түрлі ғой. Екіншіден, сценарийдің авторы ретінде мен өз ұғым-түйсігімді, көңілімдегі шын сөздерімді жазып отырмын. Сіз айтқандай, көпшік қою ниетім жоқ.

Ғабең сәл жымиып, қолын баяу сермеді. Келіскен сияқты.

– Ғабе, хабар конференция күндері көрсетілетіндіктен сіздің еңбегіңіздің бір-ақ қырына тоқталғанды жөн көрдік. Әр нәрсенің басын бір шалам деп шашылып қалмай, нақты, деректі әңгіме болсын деген ниет бұл.

– Ол өз еріктерің. Сен мақтап отырсың, ал мен сол атқамінерліктен көп опық жеген адаммын. Жазушының негізгі өмірі стол басында, ақ қағаздың алдында өтуі тиіс. Леонид Леоновтың бір сөзі бар еді: «Алдындағы ақ қағаз – енді жазылатын ұлы шығарма, ал жазылған беттер – беті шимайланған ақ қағаз деп. Сол айтқандай, менің өмірім қағазға үңілуден гөрі кеңсе қызметінде, түрлі жиналыстарда, сапарларда, әдебиет пен өнердің айтыс-тартысының үстінде өтіп келеді. Талай шығармаларым көлденең шаруа киіп кеткендіктен аяқталмай, жазылмай қалған. Жазып келе жатқан күйіннен жаңылған соң алғашқы қалпыңа қайта келу қиын. Бәрін жаңадан бастау керек, не тастауға тура келеді. Мен көбіне тастап кетем. Орта жолда қалған ондай роман, повестердің саны бес-алты, ал жоспары жасалып, көңілімде пісіп келе жатқанда суынып кеткен дүниелер тіпті көп. Дегенмен, қоғамдық өмірден алшақ, азаматтық белсенділігі жоқ адамнан жақсы жазушы шығады деп ойламаймын. Мен білген үлкен қаламгерлердің бәрі де – үлкен қайраткерлер. Өзім үлгі тұтқан алдымдағы ағалардың асыл қасиеттері – азаматтықтарында, қоғам, мемлекет ісіне белсене араласу-

ында жатыр. Рас, аумалы, төкпелі қиын дәуірде өмір сүрдік, төгілген қан мен көз жасын көп көрдім. Бірақ қандай нәубат келсе де бозбала күнімде тұңғыш рет қолыма қағаз алғызып, газетке оқшау сөз жаздырған әділетсіздікке қарсы сезімімді, адамшылық сөзімді өшірмеуге тырыстым. Мына жер түбінен, әр елден Алматыға келе жатқан ақын-жазушылардың барлығы да бір-бір халықтың азаматы, күрескер ұлдары. Ат үстінде жүргеннің бір пайдасы солармен талай үзеңгілес болдық. Ертең жолыққанда айтысатын ортақ сөз аз емес. Ал, қоштасайық! Шаруа бар.

Ғабең орнынан тұрды.

– Айтпақшы, екі-үш адамды сөйлетем дедің бе? Атап отырғандарың лайықты, абыройлы жазушылар. Тек қолдарына түсер ме екен? Мейлі, бұл сенің шаруаң, мені араластырма.

Әңгіме осымен аяқталып, есікке беттедік.

Конференцияның бірінші күні абыр-сабырмен өтті. «Қаламгер» кафесіне кіре берістегі сол жақ бүйірден бір шағын бөлмені жабдықтап, көшпелі теледидарлық станцияның телекамераларын орналастырғамыз. Күн сайын жиыннан қазақ, орыс тілдерінде репортаж жүргізіп, делегаттармен сұхбат өткізбекшіміз. Жазушылар одағының конференция залының үстіңгі қабатында дыбысты қоса жазатын кинокамера тағы тұр. Бірнеше кинооператорлар қонақтардың жүріс-тұрысын, залдың ішін түсіруге бекітілді. Жұмыс істеуге бес қаруымыз сай еді. Бұл күні ығы-жығы көп адамның ішінен өзіме керекті Берды Кербебаевты, Камил Яшенді, Шыңғыс Айтматовты таныдым. Бірақ жолығып, сөйлесу мүмкін емес. Конференция жұмысынан сәл босаған үзіліс кезінде орталық радио, теледидар, газет тілшілері бұрыннан келісіп қойса керек, оларды іліп әкетіп, қолға тигізбейді. Бірінші күн кешкіріп, жұмыс аяқталар шақта жиын өтіп жатқан залға тағы кіріп шығайын деп келе жатсам терезе алдында оңаша сөйлесіп тұрған Берды Кербебаев пен Әнуар Әлімжановқа көзім түсті. Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы болып істейтін Әнекең осы жиынды өткізуге айрықша қайрат көрсетіп жүрген азамат. Совет жазушыларын айтпағанда, шетел делегаттарының қайсысын сұрасаң да өмір бақи сонымен бірге жүріп, бірге өскендей тұқым-тұяғын қалдырмай әңгімелеп беруге әзір. Мың-сан жұмысына қарамастан біздің әрқайсысымызға жүктелген міндетті де жатқа біледі. Мен өздеріне бел алғаннан-ақ, сұңғыла көңілді Әнекең мақсатымды сезсе керек, Берды ағаға таныстыра бастады. Денесі тіп-тік, ұзын бойлы, жылы

шырайлы карт жазушы мұрты күлімдеп, қоңырқай қолын ұсынды. Әнуар қазақшалап таныстырғандықтан, мен де өтінішімді өз тілімде жалғай бердім.

– Дәл казір ме? – деді түркмен әдебиетінің классигі әлі де сол күлімдеген калпы. – Тығыздау ғой. Ғабит туралы ойланып алмай төтеннен сөйлеген киын. Жарты сағат мұрсат бер, мен бір айналып келейін.

Берды аға дәл уақытында кинокамера тұрған жерге өзі келді.

– Ең алдымен, – деді жазушы, – бауырлас, туыстас қазақ халқының, оның ақын-жазушыларының жетпістен аса елден келген каламгерлердің зор құрметпен күтіп алып, олардың халықаралық маңызы бар мәселелерді шешуіне бар мүмкіндікті жасап отырғанын мен мақтаныш тұтамын, оған өте куанамын. Қазақ елінің даңқы, меймандостығы осы бір ұлы жиын үстінде жер шарына тарап, айрықша құрметке бөленуде.

Ал, каламдас, канаттас іні Ғабит туралы жақсы сөз талай айтылған. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген ғой, бүгінгідей күнде сол сөзді қайталасақ артықтығы жоқ. Оның тамаша кітаптары, өлмес кейіпкерлері өзімізде ғана емес, алыс ел, шет жұрттарға да таныс. Түрікмен халқы Ғабитті шебер жазушы, ұлкен қайраткер ретінде таниды. Басты шығармала-рының бәрін өз тілінде оқиды.

Біз Ғабит екеуіміз ұзақ жылдардан бері таныс, дос болып, дәм-тұзымыз араласып кеткен адамдармыз. Куаныш-қайғы да екеуімізге ортақ. Азғана уақытта қайсыбірін айтайын. Ұзақ өмірде бір-бірімізге сый-құрметіміз төмендеген жоқ. Мен оның әр шығармасын іздеп, қызыға оқимын, шеберлігіне сүйсініп отырамын. Қазақ халқының атақ-даңқын алысқа жайып жүрген осындай ақылды, дана ұлының бары куаныш қой. Жолы бола берсін!..

Жүріс-тұрысында ғажайып сырбаздық, канға біткен кісілік байқалатын Берды аға, бәрімізбен сыпайы қоштасып, залға кіріп кетті. Менімен бірге жұмыс істеп жүрген адамдардың бәрінің көңілінде шуақты сезім ұялап қалды.

Камил Яшенге ертеңінде жолықтым.

– Жоқ, жоқ, сөйлеуге мұрша жоқ. Жұмыс бастан асып жатыр, деді ол менің не жөнінде сұрайтынымды білместен. Әрине, Азия мен Африка елдері жазушылары ассоциациясы Советтік комитетінің төрағасы, белгілі драматургтің бұл күндері тыным таппай жүргені рас. Қазір де өңі солғын тартып, маңдайы тершіп тұр. Шикіл сары жүзді, шағын денелі адам екен. Бұрылып кетуге айналған соң, ең болмаса өтінішімді тыңдауын сұрадым. Ол тез құбылды.

– Ә, бірден солай демейсің бе? Ғабит туралы ма? Болады, болады. Мақұл. Ой онға бөлініп жүр. Сөкпе. Шығармаларының атын есіме түсірші. «Оянған өлке» – білемін. «Қазақ солдаты» – бұл тамаша кітап. «Қозы Көрпеш...», «Ақан сері...» нағыз классикалық пьесалар. Қоғамдық қызметі – көз алдымда. Жақсы. Қане, тез баралық. Он минутта бітіретін бол. Әйтпесе, мені іздейді.

Ол меніңалдыматүсіп,алды-артынақарамайкинокамераға бет алды.

Камил Яшен екі құрлық жазушылары қозғалысының тарихи мәнін айта келіп, осы ұлы істі ұйымдастыруға айрықша еңбек етіп, көптеген жақсы істер істеген адамның бірі – Ғабит екенін атады.

– Ол екеуміз қозғалыстың алғашқы күнінен бастап, бүгінге дейін тізе қосып, қатар келеміз. Ғабит – зор білімді, аса парасатты адам. Қандай орта болсын – Ғабиттің өз пікіріне табандылығы, терең ойлылығы, аса үлкен жазушы екендігі сезіліп тұрады. Әсіресе, шет елдердегі әдебиет пен қоғам өмірінің түрлі мәселелері төңірегіндегі айтыстарда талай рет оның айдыны асып, абыройы көтерілді. Сөз жоқ, ол – әдебиет пен мәдениет саласындағы ірі қайраткер.

Ал көркем туындыларына келетін болсақ, оның прозасы – өте мәдениетті проза. Маған, өзім драматург болғандықтан ба, пьесалары ерекше ұнайды. Олардың ішінде «Ақан сері – Ақтоқты» мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» жоғары бағалаймын. Бұл шығармалар зор таланттың қаламынан ғана туатын дүниелер. Біздің өзбек жұрты оның шығармаларын төл туындысындай қастерлейді.

Ғабит туралы ұзақ сөйлесуге де болады. Бірақ халқына қадірлі, көп жұртқа аты танылған досым туралы белгілі шындықты несіне қайталай берейін. Оған ұзақ ғұмыр тілеймін.

Түсіру бітер-бітпестен конференция залына асығыс бет алған Камил Яшен кенет орта жолдан қайтып келді.

– Дегенмен, тым қысқа сөйлеп жіберген жоқпын ба? – деді ол сәл абыржығандай. – Хабарларыңның болатын уақытын айтшы. Қол тисе көрейін. Осындай күндері Ғабит туралы көрсетіп жатқандарың жөн екен. Өте дұрыс.

Ол біздің жаңа көргендей ілтипатпен қолымызды қысып қоштасты. Осы құрмет Ғабеңнің беделі-ау. Жақсы ағаңның болғаны қандай бақыт. Шапағатына шомылғандай үнсіз тұрып қалдық.

Бұл күні Шыңғыс Айтматовты ұзақ тостым. Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысының кабинетінде түстен кейін басталған Азия, Африканы мекендеуші

халықтардың ежелгі мәдениеті, тарихына арналған пленарлық мәслихаттың төрағасы болғандықтан ол кешке дейін бізге мойын бұра алмады. Күн бата аяқталған жиыннан шыққан бетте оған бірнеше журналистер қатар ұмтылдық. Менің әріптестерім конференцияның алғашқы күндерінен алған әсерін сұрап жатыр.

– Шынымды айтсам, – деді Шыңғыс, – мен дәл қазір үлкен әсерден айыға алмай тұрмын. Оған себепші болған ақын Олжас Сүлейменовтің Ежелгі Шығыс мәдениеті туралы бүгінгі баяндамасы. Ол өзінің зерттеулері арқылы пленарлық жиынға қатынасқандардың зор құрметіне бөленді. Бүгінгі Олжастан естігеніміз – бұрын айтылмаған сөз. Мен оның ақындығын бағалайтынмын, ал оқымыстылығын енді ашып, ерекше қуанып тұрмын. Бұл қазақ мәдениетінің қандай дәрежеде өсіп бара жатқанының дәлелі. Ал енді, жолдастар, мені бөгемеңдер, асығып барам, қонақүйде Америка мен Еуропаның бір топ жазушы, журналистері тосып отыр. Жолығуға уәде бергем.

Осы уақытта мен ретін тауып өтінішімді айтып үлгердім. Шыңғыс аға басын сәл жоғары көтеріп, ойланып қалды. қиналып тұр. Уақыттың аздығын, кездесуді басқа күнге көшіруге болмайтынын да ескерткем.

– Олай болса тос. Кешкі сегізде осы жерде жолығайық.

Ол көмірдей қап-қара, қайратты, қою шашын жоғары қарай салалы саусақтарымен тарақтап өтіп, баспалдақпен төмен қарай адымдай жөнелді.

– Мен Ғабит Мүсірепов туралы жан-діліммен айтуға әзір адаммын, – деді Шыңғыс интервьюінде. – Өйткені, Ғабеңнің тамаша шығармашылығы туралы, халыққа кең таралып кеткен шығармалары жайында сүйсіне айтпасқа болмайды. Оның өзі де бізге үлгі-өнеге. Мұхтар Әуезовтің замандасы, қазақ совет әдебиетінің негізін салушылардың бірі Ғабең терең ойлы, шебер қаламгер. Мен ол кісімен Қазақстанда, Москвадағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар комитетінде жиі кездесемін. Сонда Ғабеңнің сөйлеген сөздерін, әдебиет жайлы ойларын тыңдай отырып, оның білімдарлығына, ақыл мандығына сүйсінемін. Ол аса жауапты жиындар үстінде өзінің табандылығымен, дәлелінің нақтылығымен, мол білімімен жұртты баурап алады. Әрине, Ғабең туралы айтылатын сөз көп-ақ. Бірақ оны түгендеп шығу қиынның-қиыны. Өйткені, әрбір үлкен қаламгер тәрізді Ғабең шығармашылығы өте күрделі, арнайы зерттеуді қажет етеді. Сондықтан мен үлкен ғұлама, зор қайраткер, қазақ әдебиеті ғана емес, бүкіл совет әдебиетіндегі ірі тұлға – қадірлі

азаматымызға ортамызда жүре беріңіз адамгершілігіңізбен, шебер жазушылығыңызбен үлгі-өнеге бола беріңіз демекшімін. Мынадай алқалы топтың ортасында Ғабеңдей ағамыздың отырғаны елдің мерейін өсіретіні ақиқат.

Шыңғыс интервью беріп болысымен күні бойы кетпей, онымен кездесуді аңсап жүрген бір топ адам оны қоршап алған еді, ол аялдамастан:

– Жоқ, жоқ, кешіріңіздер, басқа бір уақытта кездесерміз, – деді жүре сөйлесіп. – Сенсеңіздер шаршап, қалжырағаннан әрең тұрмын. Теледидарға да келе алмайтын едім, бірақ інілік парыз, Ғабеңе деген құрмет жетелеп әкелді. Ал, қош болыңыздар.

Адам мен адамның, халық пен халықтың бір-бірін ұғынуына, жақындасуына көркем сөз бен жазушының тигізер ықпалы ежелден мәлім. Ғабең қаламынан туған шығармалар талай жұртқа қазақ өмірінің шындығын жайып салып, жан сырын ұғуға көмектессе, өзі де үлкен жүректі азамат ретінде көптеген елдің зиялыларымен ынтымағы жарасып, олардың халқымызды құрмет тұтуына септігін тигізді. Мұрағаттан алынған фотодеректер осы бір ойды тірілтіп, бекіте түседі.

Міне, ол Азия мен Африка елдерімен ынтымақ жөніндегі Жапония делегациясының ортасында тұр (1956 жыл). Ғабеңнің Жапонияға сапары, ол елді аралап, белгілі ақын-жазушылармен жақын танысуы қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ «Жапон балладаларын» тудырды. Көркемдік бітімі де бөлекше жаратылған бұл туынды атом қасіретін басынан кешіп отырған қазақ халқы үшін ерекше құнды. Тілден бұғау алынбаған кездің өзінде ретін тауып, өз халқының қасіретіне жаны жылап отырып жазылғанына күмән жоқ. Өйткені, Ғабең Абай еліне барған сайын атом дүмпулерінен жүдеп бара жатқан елді талай рет көрген-ді.

Үнді жазушысы Беренрет Бегимен кездесу.

Камерун, Гана, Өзбекстан жазушыларын өзі қабылдап отыр.

Сомали, Нигерия, Уганда қаламгерлерімен бәлкім «негритюд» теориясын талқылап тұрған болар. Қалай десек те Ғабеңнің олармен әңгімесі жарасқаны байқалады.

Ташкентте өткен Азия мен Африка елдері жазушыларының бірінші конференциясына қатынасқан Қазақстан делегациясы. 1958 жыл.

Екі құрлық жазушыларының 1962 жылғы Каирдегі екінші конференциясы. Ғабит Мүсірепов осы үлкен форумды басқарушылардың қатарында, секретариатта отыр.

Ал мына сурет – Бейрутта 1967 жылы өткен үшінші конференциядан ескерткіш.

Енді, міне, бесінші Алматы конференциясы. Кинооператормен бірге жұмыс істеп жүріп менің байқағаным, қонақтардың қай тобымен жолыкса да Ғабеңе ықылас-пейіл

бөлекше. Оңтүстік Африканың атақты жазушысы Алекс Ла Гума мен Пакистанның даңқты ақыны, Халықаралық, Лениндік сыйлықтарының лауреаты Фаиз Ахмад Фаиз Ғабеңді көргеннен жадырай күліп, қос қолдарын созып, арқадан қағысып, мәре-сәре күйге түсті. Үнді елінен Саджад Захир бастап келген делегация, Жапонияның бір топ қаламгерлері онымен бұрынғы кездесулерін еске алысып, жамырай сөйлеп, Алматының әсем көркін, қазақтардың қонақжайлылығын айтысып жатты. Ғабең солардың қайсысын болса да сыпайы сабырмен, артық та кетпейтін, кем де қалмайтын сырбаз мінезімен баурап әкетеді. Кейіннен кинотаспаны қарап отырғанда Ғабеңмен жанасып кеткен басқа да ақ, сары, шымқай қара түсті әйел-еркектердің көздерінде бір жылылық пайда болып, құрмет сезімі, алғыс сезімі ойнап шыға келетінін аңғардым. Ол бәлкім, өздерін адал көңіл, ақ пейілмен құшағын жая қарсы алған халыққа Ғабең арқылы жеткізген ризашылығы болар.

Кино, фото деректер өмірдің қас-қағым сәтінің мәңгілікке тоқтап қалуы ғой. Оларды ақтара отырып, Ғабеңнің әдебиет пен өнердегі, ғылым мен қоғамдық істердегі, ел өмірінің сансаласындағы қызметін парақтап шыққандай боласың. Көз алдымызға мәдениетіміздің жартығасырлық тарихы елестеп өткендей. Міне, 1936 жылғы Мәскеуде өткен онкүндіктен соң «Қыз Жібек» операсынан түсірілген үзінді. Мәңгілік жас қалпында қалған Күләш пен Қанабек. Ал енді бір кадрда 1949 жылғы Абай атындағы опера және балет театрының он бес жылдық мерекесі көрсетілген. Осыларды 1968 жылғы «Қыз Жібектің» мыңыншы қойылымынан сақталған кинокадрлармен салыстырсақ өткен өмір, өзгерген адамдар жүзіне, өнердің мәңгі жастығына таңырқайсың.

Өнердің мәңгі жастығы... Қазақ сахнасында Шахан мен Шолпан Жандарбекованың тамаша талантын ашқан Ақан мен Ақтоқты бейнесі екені мәлім. Тағдырдың өзі 1942 жылы уыздай жас Шолпанды Ақтоқтымен табыстырып, сүйгені үшін, сүйікті болғаны үшін азап тартқан, ер мінезді Ақтоқты адал жар, асыл сезімнің, сұлулықтың биік бейнесі ретінде актрисаның өнер жолындағы жан серігіне, арман құсына айналып кетті.

Ақан

Нәркес көзің қадалғанда,
Құр қансырап қалсын деп пе ең
Қу моладай күңіреніп?
Жүрегімді қанға былғап,
Шаңға аунат та,
Төбетіңнің біреуіне тастай бер,
Мен де жерден көтермеспін қызғанып...

Құлағыма мәжнүн күйі келеді,
Бар айтарың осы болса,
Енді нем бар қарайлайтын артыма?
Бар сұлудың бір жары бар – қара жер,
Мен де апарып әнді сонда көмейін...
Жүгінгенім – жүрегіңді жалғыз-ақ,
Билігіне көнбесіме шарам не?

Ақтоқты сол күйінде, Ақан ренжулі кетеді.

Ақтоқты

Аярсыған жерім бар ма,
Шынымды айттым, кінәм не?
Қара көзден нұр тайғанша,
Жүрек сөніп қартайғанша,
Атың қалар жүрегімде,
Шығара алман есімнен.
Сәнді кештер,
Жақсы түстер –
Бәрі Ақанды елестетер көзіме...
Сары белден сарғайып таң атқанда,
Нәрестедей ойым таза кезінде,
«Ақаным» деп оянармын қашанда...
Салған әнің бәрі есімде, бұлбұлдарға
үйретермін тоғайда...
Дұғам сенсің, өмір бойы оқитын...
«Өлім – бір де, себебі – мың» деген бар,
Соның бірі болмайын деп,
Іштегі өртті сөндірумен
Әурелікте өтер қалған өмірім!
(Жалмұқан келіп тыңдап қалады)
Жер бетінде жалғыз қазық, көк жүзінде
Найзағайлы қара бұлт жолықпасын жолында!
Шынымміне – мойныңа бір асылып,
Өліп кетсем, басқа тілек
Тілемес ем тәңірден...

(Ақан деп Жалмұқанның мойнына асыла жаздайды)

Осы бір Шекспирдің құдіретті драмаларымен ғана салыстыруға болатын жолдары талантты актерлердің ойнауында сай-сүйегіңді сырқыратады. Сахнадағы өнер өткінші, ол көбіне замандастарының жадында ғана сақталып, алғы ұрпаққа жетпей жатады. Сәтті сағатында кинотаспаларға түскен үзінділердің асылдың сыныгындай қастерлі болатыны сондықтан. Шынын айтсақ, ұрпақ үшін сондай

кинодеректердің құнын немен өлшеуге болады? Жалпы оның өлшемі бар ма?

Ғабеңнің қазақтың ірі ғалымдары, жазушылары мен өнер қайраткерлерінің ортасында өткізген сәттері, 1958 жылғы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігі, 1959 жылғы Қазақстан жазушыларының төртінші съезі, 1962 жылғы татар әдебиеті мен өнерінің Қазақстандағы апталығы, халық қалаулысы ретінде республикамыздың түкпір-түкпірін аралаған кез, әр түрлі мәртебелі мінбелерде сөйлеп тұрған сәт, орыс совет әдебиетінің алыптары Михаил Шолохов, Константин Федин, Леонид Леонов, Леонид Соболев, тағы басқаларымен құшақтары айқасқан достық белгілері – міне, осының бәрі тынымсыз өмірді, белсенді еңбекті танытады. Бұл кино, фото деректер – жазушы қызметінің аясы кеңдігін, өз халқының аяулы перзенті, сөзін ұстар шешені, маңдайға ұстаған көсем-серкесі болғанын, кез-келген елдің ұлығымен де, ұлысымен де иықтас, тең тұрған қайраткер екенін дәлелдейді.

Көркем шығарма – жазушы жан дүниесінің айнасы десек, нағыз суреткер халықтың ар-ожданы. Өйткені, ол өз халқының өмірінен, оның қуаныш-күйігінен тыс қала алмайтындықтан ақиқаттың жоқшысына, шындықтың күрескеріне айналады. Ғабит Мүсірепов әңгімелері мен повестерінде, пьесалары мен романдарында ел өмірінің ең елеулі кезеңдері суреттеліп, халықтың көкейінде тұрған толғақты ойлар, ащы шындықтар айтылады. Бұл ретте суреткер көзі көреген, жүрегі сезімтал. Ол адамдардың сан құбылған мінез-құлқын, әлеуметтік құбылыстардың адам санасына тигізген әсерін, белгілі бір дәуірдің жемісі – типтік характерлерді жазбай танып, асқан шеберлікпен бейнелейді. Ол қай кезеңді алса да, ең алдымен уақыт рухын, заман лебін сездіре біледі. Әр туындысы сол дәуірден кесек-кесек күйінде, үзіліп түскен өмірдің шынайы бір бөліктері тәрізді. Оның туындыларының өзегінде халқына деген перзенттік құрмет, азаматтық намыс жанашыр сезімдер жатады.

Ғабит Мүсіреповтің ірі туындылары «Қазақ солдаты», «Оянған өлке» романдары адамгершілік идеяны – әр ұлт өкілдерінің бауырмалдығы мен ынтымағын, өз халқының рухани жан дүниесінің қуаттылығы мен тазалығын айшықты көрсетсе, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» адамның ең қасиетті сезімі – махаббатты, достықты, адалдықты көркемдіктің биік шыңына көтерген. Бұл пьесалар халқымыздың көкейіндегі әсем әндей, қанына, жанына сіңісіп кеткен.

Жазушы өзінің алғашқы шығармаларында-ақ күйкі көрініс, кораш ой, татымсыз тақырыптардан, ал өмірде түбі жоқ жылымдай оңай батырып әкететін ұсақ дау-дамайдан бойын аулақ салып, бірден әлеуметтік мәні бар елдік ойлардың жалынан ұстап, өрісті, аумақты тақырыпқа барады. Бұл ретте Ғабең өзінің замандасы ұлы Мұхтар Әуезовтің әдебиеттегі бастауын еске түсіреді. Тырнақ алды туындысы «Тулаған толқында» повесінде жиырмасыншы жылдардағы аласапыран кезең, бірі ойға-қырға тартып, елді есінен тандырған түрлі топ-тобырлар, белшеден басқан салбөксе ескілік, енді ғана қылтиып көріне бастаған жаңа өмірдің өркені, осы ортада өмір сүріп жатқан әр түрлі жандардың бейнелері – әдебиетке жаңа келген жастың алқынбай шабар кең тынысын, мол қарпуын танытса, оның келесі шығармалары – «Қос шалқар», «Талпақ танау», «Шұғыла», ана туралы әңгімелер шоғыры жастық, шәкіртке аялдамай өткен кемел таланттың қаламына лайық кесек туындылар. Әрине, көлемімен емес, көл көсір ойы, көркем нақышымен жұртты мойындатты. Осылардың ішінен бір ғана «Шұғыла» әңгімесін оқи отырып, 1932 жылғы ашаршылықтың себептерін, жетесіз басшылық, парықсыз саясаттың өзін де, құрбандарын да көреміз. Халқымыздың ең қайғылы кезеңі – колхоздастыру дәуірінің сиықсыз келбетін ізін суытпай суреттеген осы бір бармақтай дүние, не бір томдардан салмақты жатыр. Бұл әңгімелерден жазушының азаматтық тұғырының беріктігі, қан тамса да шындықтан танбайтын табанды мінезі танылады. Бұл – ұлы талантқа лайық ер мінез.

Ғабең кейіпкерлерінің арасында бостандық үшін күрескен ер жүректі адамдар да аз емес. Бүгінгі Азия мен Африка құрлықтарын мекендеген халықтардың елдік, тәуелсіздігі үшін алысқан ерлерінің жүрек отында, қимыл-әрекетінде, жалынды сөздерінде Ғабең сомдаған Амангелдімен үндестік, күресінде ұқсастық жоқ дей аламыз ба? Сондықтан жазушы портретін жасауды қазақ киноөнерінің қарлығашы болған «Амангелді» фильмін сценарийге қоспай кету мүмкін емес еді.

Адам мен адамның, сан тілде сөйлейтін халықтардың бір-бірін түсінісуіне, сыйласуына, рухани баюына көркемөнердің тигізер ықпалы ерекше. Ұлт пен ұлтты, халық пен халықты теңестіретін ең баянды байлық – қарудың күші, санының көптігі емес, әлемдік руханиятқа қосқан үлесі болса керек. Қазақ халқының көркем сөзінің туын ұстап, жер шарының жетпіске жуық елінен келген ығай мен сығайдың ішінде

еңсесі биік, алғыр ойлы, ұлы талант иесі Ғабит ағамыздың жүргені бәріміздің де мерейіміз еді. Сондықтан осы айтқандарымыздың түйінін жазушының өзіне шештіріп, оның терең ойлы сөздерін, жұмсақ қоңыр үнін тыңдау, жетпістен асса да сұлу жүзін көрсету керек болатын. Оған менің бір ай бұрын кинотаспаға түсірген интервьюім жарап кетті. Ғабеңнің бұл сөзі жазушының мол білімін, биік интеллектісін, әлемдік ауқымда ой толғайтын сырбаздығын танытады. Ғабең:

– Сонымен, Азия-Африка халықтары үшін жиырмасыншы ғасыр – сөнген оттар қайта тұтанып, елдік ойлар еркіндік алып, әр ел өзінің кім екенін рухани күштері арқылы таныта бастаған дәуір, – дейді толғанып. – Қазір бұл елдерде жүздеген, мыңдаған ақын-жазушылар, көркемөнер қайраткерлері туып қалды. Бұлар, көбінесе, ұлт-азаттық күресінің майданында пісіп-қатқан халықтық қайраткерлер.

Қай елдің болса да отаршылдық тұсында аяқталмай қалған әндері бар, ертегі мен ерліктері бар. Өз қолымен жасаған мәдениеті, елдік дәстүрі бар. Қобыландысы, Манасы бар, Қыз Жібегі, Ләйлісі бар. Капитализмнің темір өкшесі мұның бәрін де жаншып-таптап, қанға бояп, топырақпен бастырып, күлмен көміп кеткен.

Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінгісіз ертең жоқ. Азия-Африка жазушыларының шығармаларында Чака Зұлыс пен Манас, Қобыланды мен Баян қайта тірілсе, оған таңдануға болмайды. Әр ел өзінің кім екенін кешегісімен де, бүгінгісімен де толық таныта алмақ. Ертеңгі бейнесі осылардан тумақ...

Дала кемеңгерінің асықпайтын бапты сөздері талайдың көңілінен шыққанын келесі күні көп жұрттан естідім. Хабар конференция әбден қызған шақта, 6 қыркүйек күні ең қолайлы уақытта көрсетілген болатын. Ертеңінде келгенімізде қазақ жазушылары өз алдына, хабарға қатынасқан Берды Кербебаев, Камил Яшен, Шыңғыс Айтматовтар «Ғабең туралы жақсы айтылды» десті. Тағы да біраз мақтау сөздер қосты. Ал қара түсті, сары жүзді бірнеше шетелдік жанымнан өтіп бара жатып, хабарды көргендерін ыммен түсіндіріп, ашамайға ұқсатып қос саусағын шошайтты. «Жеңіс сізде!» дегені. Біреу аударып берді ме, яки жай суретін көрді ме, ол жағын сұрай алмадым. Мені толғандырған Ғабеңнің пікірі еді. Ол кісі түк болмағандай қасымнан өтіп бара жатқанда жанасалап барып сәлем бердім.

– Ә, Сұлтан, сенсің бе? Кеше мен туралы біраз жерге бардың. Мана Берды мен Яшен, тағы біраз адамдар құттықтап кетті. Жарайды... Рақмет! – деді. Мен орнымда тұрып қалдым.

Бұдан кейінгі күндерде Ғабең мені көріп жүрсе де, иек қағып амандасқаны болмаса, ығын бере қоймайды.

Ғабеңмен барынша жақын араласып, ұзақ-ұзақ әңгімелескен тұстарым жазушының 75, 80 жылдық мерейтойларына дөп келеді. «Сұхбат» хабарын жазғанға дейін үш ай бойына үйіне бара жүріп, көлемі жиырма сағаттан аса әңгімесін тыңдадым. Талай сырына қаныктым. «Сұхбат» хабары эфирден екі сағаттай көрсетілгенімен Ғабең екеуміздің әңгімеміз төрт сағатқа созылған болатын. Осы әңгіменің жазбасы әлі сақтаулы тұр. Жазушының өмір туралы, өнер, әдебиет, ғылым, заман жайлы толғаныстарын амандық болса тағы бірде жазармыз. Оның ішінде бүкіл шығармашылық құпиясын ақтаруға, «Оянған өлке», «Жат қолында» романдарының туу, жазылу тарихын, оның төстабанына алынған оқиғалар мен деректер жазылған «Көк дәптерінің» сырын ашатын кез де туады.

1985 жылдың көктемінде Ғабең Жазушылар одағының таудағы шығармашылық үйінде жатыр екен, бір күні мені жолығуға сонда шақырды. Ол кезде Орталық партия комитетінің әдебиет секторының бастығы болатынмын. Екі сағаттай әңгімелестік. Ағымдағы саясат, әдебиет, мәдениет жайы, жас таланттар туралы сөз болды. Менің кейбір қатқыл ойларым мен пікірім себепші болды ма, қайдам, Ғабең ойланып ұзақ отырды да:

– ЦК деген жер Жазушылар одағы емес, жолы жіңішкелеу болады. Ол жерде жүріс-тұрысыңа, айтқан сөзіңе қатты мән береді, – деді шалқалай қарап. – Мен де ол жолдан өткенмін. Білемін. Енді бұрынғыдай еркін кетпей, бойыңды да, ойыңды да бағып, сақ жүр. Әйтпесе, жаныңдағылардың өзіақ шынтағымен бүйірлеп кетеді.

Сөзден сөз шығып, әңгімеміз таяуда жарық көрген «Жат қолында» романына ауысты.

– Бітіре алмаймын ба деп, қауіптеніп едім. Тым ұзақ жазылды. Сенің пікірің қалай? – деді бетіме тіке қарап.

Романды алдында ғана оқып шығып, риза болғам. Шығарманың табыстарымен қоса, өзім байқаған ұсақ-түйек міндерін де айттым. Ғабең дауласқан жоқ.

– Жақсы. Пікірің тиянақты екен, – деді сабырлы күйде. – ЦК-ға кеттім деп әдебиеттен шеттемей, кейде өзекті мәселелер туралы мақалалар жазып тұрған жөн.

Ғабеңнің осы сөзі түрткі болды ма, көп ұзатпай «Кең тынысты, кесек туынды» деген атпен «Жат қолында» романы туралы мақала жазып, «Қазақ әдебиетіне» бастырдым. Бұл Ғабеңнің көзі тірісіндегі ол туралы жазылған соңғы сөзім еді. Ғабең мақаланы оқыған соң:

– Анада өзің айтқан кемшіліктеріңе байланысты ештеңе

жазбапсың ғой, – деді. Ұмытып кетті ме десем бәрі жадында екен.

Мынандай алып туындының бойындағы ұсақ-түйек мінді теріп жазудың қажетсіздігін түсіндірдім. Ғабең жай ғана:

– Жарайды, – деді – Айтарың бар адамсың, жазумен көбірек айналысу керек.

Ұлы сөз зергері оқыған мақала мынау еді:

Ғ.Мүсіреповтің қуатты талантын қадір тұтатын оқушы қауым отыз жылдай күткен «Оянған өлке» романының екінші кітабы «Жат қолында» жұрт қолына тиеді. Ұлы «Абай жолының» соңғы кітаптарымен қатар дүниеге келіп, қамтыған дәуірінің күрделілігі, адамдар бейнесінің шебер мүсінделуі, көркемдік бітімінің тұтастығы, өзегінде қайнап жатқан дүние суреттерінің молдығы арқылы оқшау танылған бірінші кітап әдебиетіміздегі жеке-дара сеңгірлердің бірі ретінде санамызға сіңіп кеткелі қашан. Енді сол шырқау биіктік аласармай, суреткерлік қуат бәсеңдемей, шығарманың ширатыла тартылған арқауы алғашқы серпінін әлсіретпей барар өрісіне жетіп, байсал табуын барша қауым тілектестікпен күткені де рас. Әрине, көп томды күрделі шығарма құрғақ тілекпен жазыла қалмайды, кейде, тіпті, қанша алымды болғанымен жазушы еркіне де бағына бермейді. Ол ең алдымен, суреткерлік табиғатқа тікелей байланысты: жүйрік атаулының бәрі аламан бәйгеге жарамайтыны тәрізді, талантты деген жазушының әрқайсысы кең тынысты, мол үнді эпикалық туындыға иек артуға жүрегі дауалай бермеуі мүмкін. Бұндай күрделі туынды жазушыдан алысты қамтыр ауқымды ойды, соныға бастар тартысты оқиғаны, өмірлік бай тәжірибе, мол білімді қажет етумен қоса, ауыр еңбекке мойымайтын қажыр-қайратты да тілейді. Міне, осы жолда өзек талып, ой қажытқанда үлкен істің ұштығына жете алмай күдер үзіп, тастап кетуі де, немесе аяқтауға өмір жетпей арманда өтуі де әдебиет тарихында кездесе беретін жайлар. Соның біріне де ұрынбай, «Оянған өлкенің» тиянақты аяқталуы әдебиетіміздің үлкен мерейі дер едік.

«Шығарма деген белгілі оқиғалардың тізбегі емес. Шығарма жазушы жүрегінде, ойында қайнап-пісіп, кітап оқушылары зейін қоюға тұратын жігер-қайрат, адам қоғамының өсе беруіне, еселей беруіне үн қоса алатын жанды сөз». Әрбір туындысына осындай қатал талап тұрғысынан қарайтын Ғ.Мүсірепов «Жат қолынданы» жазғанда да осы сөзінен айнымапты. Романның қамтыған кезеңі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың алғашқы ширегі. Оқиға Орталық

Қазақстандағы Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді өндірістерінде өтеді. Шығарманың алғашқы бетінен-ақ «Оянған өлкедегі» таныс кейіпкерлер көзге түседі. Ел де, жер де сол орнында, тек уақыт өзгерген. Ал уақыт адамдарға да, олардың тағдыр-талайына да жаңалықтар енгізіпті. Жазушы бейне кең алқап тегіс көрінетін биік тұғырдан бір өлкенің барша тіршілігін, ондағы өзгеріс-құбылыстарды жарты ғасыр бойына қас қақпай жіті бақылап отырған тәрізді. «Оянған өлкеден» таныс адамдардың біразы қартайып, күрес алаңынан шығып жатса, олардың орнын жаңа ұрпақ, тың кейіпкерлер алмастырады. Адамдар әрекеттері, бір-біріне бетпе-бет тұрған күштердің арасындағы тартыс та бұрынғыға қарағанда өзгере бастаған. Ілияс Омаров бейнелеп айтқандай «басы көрінбейтін спруттың шеңгелді бір аяғындай болып дала өндірісін орап алған Рязановтың» да желкесі үзіліп, оларды жалмап-жұтқан дүниенің обыры ағылшын-француз алпауыттары сол спруттан да қарулы қанды шеңгелін даланың көкірегіне бойлата салыпты. Қорлаудың, қанаудың бұрын-соңды көз көрмеген қатыгез кезеңіне тап болған қазақ бұқарасы мен орыс жұмысшылары тіршілік жолын іздеп жанталасуда. Олардың ішінде Назыкештің шахта түбінде көмір таситын соқыр атындай көнбестері де, жаңадан ел боп бас біріктірген Бұланбай ауылы сияқты еті тірі, өр көңілді бір қауым жұрты да бар. «Оянған өлке» үнсіз мүлгіген момақан даланың төсіне орнаған зауыттың өңешінен мөңіреп шыққан үні қырат-қырқалар мен сай-салаларды ұзақ кезіп жүріп, тыныш ауылдарды шошытып, талмаураған көп ұйқы мен маужыраған ойды сергітіп далада жаңа өмірдің басталғанын паш етсе, «Жат қолында» романы беймаза тіршілікке, қауырт қимылға толы қазақ елінің байлығы мен бағын албастыдай басқан шет жұрттықтарға, орыс пен қазақтың обыр тобына қарсы күресте шыныққан жаңа қауымның өсіп жетілгенін танытады. Оянған елдің саналы азаматтары ендігі бет алар бағдарын да дәл тапқан. Олар өз тағдырын қарағанды, Ақбұйрат, Нілдінің тар зыңдандарында кен қазып жатқан, өкпесін тас тескен жұмысшы бұқарасымен берік байлапты. Дүниені өзгертіп, сан ғасыр еңсесін басқан езгіні серпіп тастайтын күш те тек солар.

Ғ.Мүсірепов романдарында адамзат тағдырына үлкен өзгеріс әкелген қазан төңкерісіне қазақ халқының тар қылта тас кешулерді көріп жеткен тарихи шындығы хас шеберлікпен бейнеленіпті. Екі романды тұтас оқып шығып, артқа көз салғанда ондағы оқиғалардың дамуына, адамдардың қарым-қатынасына, ниет-пиғылына, өмірдің сан қырлы тартыс-

күрестеріне, даланың кескін-келбетіне өзгеріс енгізген тағы бір алып күштің бейнесін көргендей боламыз. Жазушы қаламының сиқыры сонда, аты аталып, түсі түстелмесе де, Игіліктің шөп машиналарының шарылы боп Жұманның берекесін алады: Карно мініп келген қара пәле боп, бір өкіргенде-ақ Күреңкөз қожаның түбіне жетеді. Тас қырқаның басындағы гүрс-гүрс еткен тас диірмендер, күркілдеген тас електер, барқ-барқ жөтелген пар машинасы болып, маң-маң басқан паң атанның аяғына асығыстық қосады. Ол – қазақ ауылына мектеп боп орнайды. Үйінен аттап шықпаған шаруа баласының алыстан ғылым-білім ізденуіне, тағдыр-талайы, қайғы-шері бір жандардың күрес жолына түсуіне түрткі болады. Ол – сан түрлі соқпақ арқылы тұрмыс-тіршілікке ендей кіріп, ой-санаға өзгеріс әкеліп жатады. Оның аты – уақыттан ілгерішіл сипатымен дамуы, бір сөзбен айтсақ – прогресс... Лион Фейхтвангер: «Тарихтың көрінбейтін асыраушысы» деп атаған осы бір ұлы күшті жазушы уақытына лайықты шыншыл суреттермен дәл көрсеткендіктен, ол айрықша тұлғаға, ерекше сипатқа ие болыпты. Бұл – үлкен таланттың ғана қолы жететін шеберлік.

Суреткер тарихқа үңілгенде оның шаңын бұрқыратып, сөнген оттың күлін шашу үшін емес, қоламтаның астында сөнбей жатқан шоқты тауып, игілікке жаратуды мақсат етеді. Кешегі күннің арман мұратында бүгінгі күнді айқынырақ танудың, тереңірек ұғудың сырлары жатпай ма? Сондықтан да жазушы өзінің түпкі ойын, басты кейіпкерлері арқылы жеткізетіні әлімсақтан белгілі жайт. Осы тұрғыдан қарағанда Ғ.Мүсірепов үшін Кенжеғара бейнесі ерекше мәнді екенін бірден аңғарамыз. Романның алғашқы беттерінен-ақ көзге түскен жас жігіт шығарма аяқталғанша үнемі өсу, ержету үстінде болады.

«Кенжеғара... Игілікке тартқан сом денелі, еңселі, кең иықты, көрнекті жігіт болып келеді, – дейді жазушы. – Алымды да шалымды, ұтқыр жігіт болатын. Не тапсырсаң да орындалады деп есептей бер. Кенжеғара оқымаса Игіліктің өзі болар еді. Оқығаннан кейін екі-үш Игілікке татитын сияқты. Заманы қалай құбылса да Кенжеғараны алдай да алмас, адастыра да алмас».

Игіліктің кім екенін жақсы білетін оқушыны бұл мінездеме бірден дір еткізді. Дала көкжалы, табиғи ақыл мен айланы қатар берген, «жұтуға келгенде, кімсің демей, көзді жұмып жіберетін» Игіліктің өзі шалымына тұрмайтын ол ә дегенде қызыл көз пәледей көрінгенімен, оның кейінгі іс-әрекеттерінен терең парасаттылықты, кісілікті

танимыз. Азып-тозуға айналған халқының тағдыры, кен орындарындағы ағайын-туғанның қайыршылықты халі, қазақтан шыққан жетесіз, паракор билеушілердің тірлігі мен Бұланбай сияқты атпал еркектің өмір бойы жұтаң жоқшылықта қала беруі оның жанын жегідей жейді. Әке ұйғаруымен болыстыққа сайланғанда ол, ең алдымен еліне қандай жақсылық жасауды, өктемсіп бара жатқан шет жұрттықтарға қалай тосқауыл болуды ойлады. Өз-өзіне: Кім боламын, кім бола аламын, қайтсем бола аламын?» деген сауалдарды қойғанда да қара басының қамын ойлап отырған жоқ. Оның бойындағы әке қанымен сіңген адуындылық, ақылдылық, іскерлік, алғырлық қасиеттеріне Игілікте жоқ оқымыстылық, азаматтық, адамгершілік, ізгілік, елдікті ойлайтын сұңғылалығы қосылып, өз заманының көрнекті адамына айналдырады. Жазушы Кенжеғара бейнесін сан түрлі тәсілдер арқылы жарқыратып ашқан. Ол қимыл-әрекет үстінде, ой-толғаныста, дау-тартыста, білім-парасат жарысында, әзіл-қалжында, адамгершілік қарым-қатынаста көрінеді. Өзінің айтсам-ау дейтін ең бір жарқын ойларын да жазушы Кенжеғараның аузына салады. Рас, кей тұстарда Кенжеғара семинария ғана бітіріп, одан соң тереңдеп оқуға мүмкіндігі болмаған жаннан гөрі көп ғұмырын кітапханалардағы сирек кітаптар бөлімінде өткізген бүгінгі академиктің білімдарлығына ұқсап кететіні де бар: осы бір азғана селкеулігін ескермесек, романда келтірілген XX ғ. басындағы қазақ қоғамына қатысты көптеген деректер шығарманың танымдық қасиетін арттырып, кейіпкердің бейнесін толықтыруға да септігі тиген.

Кенжеғараның Игілік сынды атақты байдың баласы, әрі болыс бола тұра жарлы-жақыбайға, жұмысшы жұртына іш тартуын да жазушы дәлелді жеткізген. Кейіпкердің өсу эволюциясы оның іс-әрекеті мен жан дүниесіндегі өзгерістер шынайы суреттеліп, өмірдің өзінен туып жатады. Романдағы қамтылған дәуірде шыққан тегінен безініп, революция жолына түскен адамдар саны аз емес еді. Ал Кенжеғараның осы жолға келуі оның бойындағы бостандыққа, тәуелсіздікке деген құштарлық пен қорланған ел ұлының намыскер сезімімен де байланысты. Бұл ретте оның некесіз туып, шерлі ананың мұң зарын естіп өсуі де себепкер болса керек. Кенжеғара ешбір жатырқамастан жұмысшы қауымының бауырына кіргенде Бұланбай да: «Бұл қанымен де, жанымен де біздің бала», – деп жатырқамай қарсы алады. Шығарманың өн бойында осы бауырластықтан таймай өмірдің сан түрлі қыспақтарынан өткен Кенжеғараға мынау орнап жатқан

жаңа дүниенің де көш басында болуға тиіс, елінің тағдыр-таукыметін көтере алатын қайраткер екеніне көңіл сенеді.

«Жат қолында» романы – көп үнді, көп сырлы, сан түрлі тағдырлардың басын қосқан туынды. Бұл кітапта «Оянған өлкеде» барша болмысымен көрінген Игілік, Күреңкөз қожа, Сикорский, Рязанов, Ушаков, Байжан, Бұланбайлардың тіршілік сапары аяқталады. Осылардың әрқайсысының кейінгі әрекеттері мен өмірден баз көшуінің өзінде терең мәнмағына жатыр. Жазушы бұл кейіпкерлер мүсінін «Оянған өлкеде» қандай шеберлікпен қашаса, сол ұсталығынан «Жат қолында» да жазбапты. Олар көркем өнердің қадау-қадау тұлғалары болып, әдебиетіміздің тарихында қалатын, адам бейнесін жасаудағы шеберліктің үлгісіне айналған.

«Жар басынан секіргелі отырған көлбақаға ұқсап қылмың етіп, кеудесін көтере бір қозғалып» алатын Қожекеңнің өлімі қандай бейшара еді. Бұл – ескі лашықтай әбден тозып біткен қожа-молдалықтың күйреуі, ізсіз-ұрпақсыз жоғалуы. Игілік болса тұғырынан таймай, ешбір сырын алдырмай, тіпті, Кенжеғараны тануы арқылы өзінің көрегендігін, өлер сәттегі адамгершілік мінезімен сүйкімін арттыра түсіп, құз жартастай бірақ құлайды. Барлық жақсылық-жамандығымен өмірде сирек туатын неткен кесек тұлға еді. Ол кетісімен арты іріп-шіріп, қыбыр-жыбыр құрт-құмырсқаға айналды. Іргесін де солар кеміріп бітірсе керек. Арты дәл осындай күйге ұшыраған Рязановтың сенімін де жазушы ащы кекесінмен суреттейді:

«Жаралды – туды, өсті – ұлғайды, қартайды – өлді, кім болсаң да бір соқпай кете алмасың осы ғой. Ешбір хан, ешбір патша, ешбір ұлы мәжіліс-құрылтай қол қойып, мөрін басып бекітпесе де адам өмірінің айнымас, бұлжымас бірінші заңы осы болады.

Одақтастарын тістеп, теуіп, айдап тастап, қазақ жерінде жатқан байлықтарға жеке-дара ие болып қалған Александр Рязанов та осы баспалдақтардың ең соңғысына көтеріле беріп қайтыс болды. Өлді. Жеке дара иеліктің қызығы да, азабы да шексіз емес екен, өліп қалды...»

Дүниенің тұтқасы – дінде, байлықта, билікте деп арпалысқан адамдар тірлігі өмірден осылай өшіп жатса, Ғ.Мүсірепов жасаған ең бір сүйкімді бейне Байжан образы екінші кітапта толыса түседі. Кезінде жазушының үлкен табысы ретінде көп айтылған Байжекең сол әулие қалпынан айнымай, түсіп-аттанған жеріне ылғи бір өткір сөз, ойын-күлкі шашқан қалпымен, ең асыл қасиеттерін еліне үлгі етіп қалдырып, аттанып кетеді. Демі үзілер шақта көңілін сұрауға кірген Кенжеғараға:

«Ойпырмай, сен кіріп келгенде әзірейілдің өзі де үйден ығысып шыға жөнелді білем, бойым сергіп кетті ғой»

дейді әзілдеп осы сөзін үзіп-үзіп әрең айтып жатса да, езу тартып мұңайған жұртты сергітеді. «Жат қолынданың» көп беттеріндегі тамаша әзіл, адамгершілік мінез, әділдік, өткір тіл осы Байжекеңнің атымен байланысып, шығарманың бойына әр кіргізген. Байжан төңірегіндегі әңгімелерге келгенде жазушы қаламы да еркін тыныстап, шабытты күйге енеді, небір тамаша өрнек іздеп табады.

Романда суреттелген бір топ әйелдер тұлғасы да өз өрісіне жетіп тынып тыныпты. Олар – Наркез, Көпей, Назыкеш, Айғанша, т.б. Осылардың ішінде, әсіресе, Айғанша бейнесіне недәуір идеялық жүк артылғаны байқалады. Қазақ әйелінің тағдыр талайына байланысты жазушы толғаныстарының бір тармағына Айғанша тағдыры дәлел болғандай. «Оянған өлкеде» қысыр жыландай жүйткіп жүретін сылаң тоқал соңғы романда қартайып, Игілік өлген соң өгей балаларының қорлық, мазағына ұшырайды. Баласыз әйел – панасыз. Жүйкені босатарлық қайғылы халі бар осы бейне оқушы жүрегінде ауыр мұң қалдырады.

Өмір көші тоқталмайды. «Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер» кезекпен алмасып, тіршіліктің кемесінде тағдыры әр түрлі жандар бірге маңып барады. «Жат қолында» романында ой-өрісі, тыныс-тіршілігі алдыңғылардан өзгешелеу бір топ жастар бейнесі жасалған. Анар, Нартай, Гүлбәдән, Әлішер, Қарлығаштардың тәрбиесінде, мінез-құлықтарында заманмен бірге кірген еркіндік бар. Олар жұмысшы ортасында өскен, көздері ашық, көңілдері ояу жандар. әзіл-қалжыңдары да жарасымды. Ел тағдырының ауыр салмағы енді осылардың иығына ауыса бастаған.

Сейіт пен Назыкештен туған, Жабай тәрбиесінде өскен сүйкімді қыз Қарлығаш бейнесі басқаларына қарағанда оқшау танылады. Ғабең жас баланың ерке қылықтарын өсу, ержету шағып асықпай, байыппен бақылайды. Романның соңғы бөлімінде түрмеде жатқан туыстарына қамқорлық жасаушы, жұмысшылар жиынында М.Горькийдің «Дауылпаз» жырын оқушы өжет қыз Қарлығаштың барша іс-әрекеттері сенімді, дәлелді. Оқушының көз алдында Яков, Зуев, Кенжеғара Берікқарин, Нартай Бұланбаевтар сияқты ел тізгінін қолында ұстай алатын ақыл-парасаты жетік, жігерлі қайраткер өсіп келе жатқандай.

«Тарихты дәл бейнелеуде ғылымнан гөрі поэзия ыңғайлы» дейді Аристотель. Бұл сөздің шындығына «Жат қолынданы» оқығанда көзіміз жете түседі. Қарағанды, Ақбұйрат, Нілді кен орындарға тұрмыс тіршілікті өндіріс құралдарын, басшылар мен жұмысшылар арасындағы қарым-қатынасты бүкіл қазақ

даласындағы ауытқу, толкуларды, саяси-әлеуметтік топтарды бәр-бәрін романнан құмартаокимыз. Шығармадағыағылшын-француз капиталистері мен олардың қызметкерлері, көптеген инженерлер, жұмысшы қозғалысының басшылары тарихта болған адамдар. Жазушы мұрағатына үңілгенде солар жайлы жазылған сарап деректерді ыждағатпен жинағанын, тау-кен істеріне байланысты ғылыми еңбектерді түбегейлі оқып, өз объектісін жан-жақты зерттегенін көреміз. Ғ.Мүсіреповтің қолымен сызылған карталар, бұрынғы керуен жолдарын, төте сокпақтарды өзі жүріп өтіп өлшеген цифрлар: бүкіл Орталық Қазақстандағы үлкенді-кішілі кен орындары мен зауыттардың тарихына байланысты өз болжамымен салған суреттер, түрлі диаграммалар да аса қажет болыпты. Роман жазу үшін ағылшын-француз отаршыларының Индиядағы, Таяу Шығыстағы саясатын, жергілікті халықтармен қарым-қатынасын да білген жөн. Осы екі елдің Ресейге ендеп кіре бастау сырын ұғып, сол кездегі Еуропа мен Ресейдегі қоғамдық құрылысты, ел басшыларын, байлық иелерінің өмір жолын зерттеуге тура келген. Тұтастай алғанда, «Жат қолындағы» жазуға жиналған материалдардың көлемі романның өзінен әлденеше есе қалың, бірнеше ғылым саласынан көлемді еңбектер жазуға жетерліктей сапалы деректерге толы. «Осының бәрінен ұғынған бір нәрсем – мұны жұртшылықтың бәріне де айтқым келеді, – дейді жазушы, – Спасск зауытының құрылған жері Көкөзектің қабағында Ушаков болып тұрдым, бірде кіреші Ыбырай болып тұрдым, кейде жұмысшы болып тұрдым. Бір өндірістің өзін әр мамандықтан, әркімнің көзімен карап, сол адамның тілегімен шұғылданбасаң, өндірісті түгел көре алмайды екенсің. Көкөзек Ушаков үшін бір тұрғыда, оның орнына өзіңді қоймасаң, көп нәрсе ішін алдырмай кетеді».

Суреттеп отырған ортаны жан-жақты зерттеп, терең тану мен жазушылық бай киял және шеберлік қосылғанда ғана шығарманың бойына қан жүріп, кейіпкерлеріне жан кіретінін Ғабең тәжірибесі дәлелдей түседі. Орыстар Рязанов пен Ушаков, француз Карно, неміс Фон Штейн, ағылшындар Нельсон Фелль, Хорслей туралы аз ғана тарихи деректердің өзі қарағандының байырғы тұрғындарының әңгімелеріне қосылып, жазушының бай киялына жеткілікті азық болған. Суреткер шындықтан бір елі де ауытқымастан кейіпкерлерінің іс-әрекетін, ниет-пиғылын, мінез-құлкын саралап ашыпты.

Рас, шет жұрттықтарға қарағанда «өз капиталистеріміз» Рязанов пен Ушаков образдары әлдеқайда шоқтықты, толымды. Дегенмен, ағылшын-француз байларының да қимылы шалт, істері озбыр, көмекейі кең. Карно да, Нельсон Фелль де, Хорслей де, т.б. адам ретінде дараланып тұрғанымен ішкі тілек пен түкпі максат бірлігі оларды бір

кеудеге орнаған жеті басты жалмауыздай жиынтық бейнеге айналдырыпты. Күн өткен сайын күшейіп, қазақ жерінің байлығына ендеп кіріп, еселеп алып жатқан, артында патшалық Ресейдей тіреніші бар олармен күресу де оңай емес. Сондықтан да романдағы тартыстың аясы ұлғайып, бірлердің күресі мыңдардың бас көтеруіне ұласады.

Романда көптеген эпизодтық кейіпкерлер бар. Олар қазақ қоғамының орыс жұртының әр түрлі ортасынан шыққан, көзге бір түскеннен-ақ Ғ.Мүсіреповтің сиқырлы қаламы арқылы өзіндік тіршілік кеше бастайтын, шығарманың тынысын кеңейтіп, суреттеліп отырған аукымын ұлғайтатын, жазушының түкпі ойына қызмет ететін жандар. Санай берсек – көп. Біразының ғана атын атайық. Олар – адал азамат, сергек жанды атқосшы Шаяхмет, қазақ «Буккингемі» деген атқа мастанып жүрген жалдаптардың бірі Бекберген сұлтан, жұмысшылар ортасынан шыққан опасыз Тополев, қазақтың болбырлығы мен кеңдігінің, адалдығы мен ақжүректігінің үлгісіндей болған колбаң, сараңдығы да, кулығы да бір басына жетерлік надан бай Тыран, туған жерінің байлығын жатқа тауып беріп, енді туған анасының койнын ашқандай күйзеліп жүрген Тұрсынбай, орыс көрсе «испасибадан» басқа айтары жоқ жетесіз болыс Арыстан, сырты жайдары, адал, қамқор болып, ішкі есебі өз пайдасын шашау шығармайтын ояз бастығы Никулин. Бұларға ел дауын екі-ақ сөзбен шеше алатын жүйрік ойлы, ақылды болыс әйел Ақпатшаны, орыс жұртының адал мінезді, адамгершілігі мол перзенті, адвокат Степановты, құрылысшы Ремизовты, кірешілер Тастанбек, Дәнекер және т.б. қоссаң, романда қаншама адамдар тағдыры тоқайласқанына еріксіз таңырқайсың. Нағыз эпикалық кең тынысты шығармаға лайық мінез.

Ғ.Мүсірепов сөзбен сурет салудың, мінез ашудың шебері. Ол табиғатты сараң жазады, бірақ сирек те болса суретін көз алдыннан кетпейтіндей етіп дәл түсіреді. Кенжеғара болыстықтан түсіп, еліне қайтып келе жатқандағы дала келбеті кейіпкердің көңіл-күйімен кірігіп кеткен. Ақмола мен қарағанды аралығындағы шүйгінді алқаптар, көк құрақтың ортасындағы айна көлдер, қайыңды тоғай бәрі-бәрі жадырап, дала иісі мұрнына келгендей әсер етеді. Бұл ретте Ғабең жүрегі нәзік, көңілі сергек, көзі көреген.

«Жат қолынданың» стилінде, оқиғаның дамуында «Оянған өлкеге» қарағанда біраз жеделдік бар. Екінші кітапқа қатынасатын адамдар саны да көбірек. Бұл ширақтық ең алдымен, уақытқа байланысты, оқиғалардың жылдам ауысып, күрес аренасының ұлғаюынан туған. Дилогияның басында баппен өрбитін оқиғалардың екінші кітапта шиыршық атып жеделдеуі XX ғ. басындағы дүниелік толқыныстармен де іштей астасып жатыр. Сондықтан өмірлік өзгерістер шығарманың тынысына әсер етуі заңды.

Түйіндеп айтсақ, үлкен еңбек сәтімен аяқталыпты. Халқымыздың жарты ғасырға жуық өмірінің кең картинасы жасалған роман-эпопея дүниеге келген. Біздің көз алдымызда екі формацияның ауысуы кезеңіндегі қиян-кескі күрестер, қазақ ортасында жаңа жұмысшы табының туып, қалыптасып, енді өмірді өзгертуші күшке айналған дәуірі, дала тынысына жаңа леп әкелген болмысымен ашылып, ондағы адамдардың кесек-кесек бейнелері шеберлікпен мүсінделген. Бұл – көркемдік қуаты жоғары, шеберлік үлгісі мол, айтары көп айдынды туынды.

...Біз Қалдарбек Найманбаев екеуміз барып шыққаннан кейін де Ғабең оншақты күн өмір сүрді. Соңғы рет, Жаңа жылға бірер күн қалғанда тағы да бардым. Өз үйінде, терезесі алакөлең-келенген жататын бөлмесінде екен, менің дыбысымды естіп, қозғалғандай болды.

– Бұл келген Сұлтан ғой, – деді бәйбішесі бөлмеге ертіп кіріп. Мен қолын ұстадым. Сап-салқын, әрі өте әлсіз екен. Көзін аша алмады. Бірақ «білдім» дегендей саусақтары сәл қимылдап, алақанымды сипады. Мен ұлы суреткердің небір тамаша шығармалар жазған еңбекқор қолын соңғы рет ұстап отыр едім. Қобалжыған көңілімді баса алмай, тезірек шығып кеттім.

Сексеннен асқан шағында шабысынан танбай «Жат қолында» сияқты алып туынды берген Ғабең соңғы демі үзілгенше халқының бірлігін, елінің мерейін, әдебиет пен өнердің болашағын ойлаумен өтті: «Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам, қуанышым да, ренішім де мол екен, – деді ол соңғы өсиетінде. – Жаңа қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгінгі күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық. Бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт болып есептелмейтінін ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуға керек. Өзім іргетасын қаласқан қазақтың ата буын әдебиетінің атынан, өздерінің қадір тұтқан алыптар тобының атынан өтінемін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімді еске алыңдаршы».

Қалам ұстауға халі болмай, жүргендегі соңғы зар сөзін жанындағыларға жаздырып отырған жанның биік рухы еріксіз тәнті етеді. Бұл рух ұлы суреткердің барша тірліктынысы мен сан жанрлы шығармаларына тән асыл қасиеті еді.

Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ, жазушы

Өшпес өмір

(эссе-әңгіме)

1983 жылдың қоңыр күзі. Ғабаң (Ғабит Мүсірепов) телефон шалып:

– Сен, бала, уақытың қалай, маған соғып кете аласың ба? – деді. – Мен жазушылардың Шығармашылық үйіндемін...

– Келгенде қандай, қазір жетемін! – дедім елгезектік танытып.

– Келгенде сенің көлігің бар ма еді? – деді Ғабаң.

– Бар болғандай қандай! Өзім рульдемін...

– Иә, солай екен-ау, машинаңа сан отырсам да ұмыта берем, онда күтемін, – деген жазушы телефон құлағын қойды.

Тез жиналып, айтылған адреске жетпедім бе. Ғабаң Шығармашылық үйдің екінші қабатындағы №10-шы люкске орналасқан екен, есікті қағып ішке кірдім. Сәлемдескеннен кейін ол:

– Жылдам келіп қалдың ғой, батыр, – деді. – Саған пәлендей тапсыра қоятын шаруа жоқ. Кішкене ұйқымның берекесі болмай жүр, көзім ілінсе болды бастырылыға берем, мұнда жұмыс жасау үшін емес, аздап жоғарғы жақтың ауасын жұтып сергимін бе деп келіп едім, олай болмады, қайта кергитін өнер шығардым... Бастырылықпайтынның емін білесің бе?

– ?! – Не деуге болар, аузыма сөз түссейші...

– Жә, оны мына 80-нен асқан мен білмеймін, сен қайдан білейін деп едің...

– Дем алу керек, көп қимылдау керек деп жатады ғой білгіштер...

– Таза ауа дейтін Алматыда ауа қалып па, мұнда да маңайдың бәрі түтін сасиды, содан да көбіне-көп бөлмеден шыға бермеймін, ермегім – күнделікті газет-журнал қарау. Телевизор дегенді көруді қойдым... Көз ауырады... Өзі дүниеде не жаңалық болып жатыр?

– Айта қоярлықтай онша ештеңе жоқ қой деймін,..

– Солай болуға тиісті, бәрі бір сарын – бір әуен! Бітпейтін бір қайта құрылу... Жә, неге тұрсың, отыр, жайғас, – деп, диванды нұсқады.

Жазушының залдағы жазу столының үстінде Мұхтар Әуезовтің көп томдығының бір кітабы, төрт-бес ұшталған қарындаш және ақ парақ қағаздар жатыр. Басқа басы артық зат көрінбейді.

– Сағат қанша болды өзі?

– Екіден кетіпті...

– Онда екеуіміз жоспар құралық. Мені машинаңмен бүгін алаңсыз қыдырт! Шаршасам мүмкін түнде қатты ұйықтармын, бәлкім бастырылықпаспын да. Өзімді сөйтіп алдарқастырайын бір. Қан қысымы әурелемесе тау жақты көрелік, содан кейін қырғы жолмен Жәкең (Жамбыл) ауылына қарай ұзап шығалық. Осында кешкі асқа жетсек болады ғой...

– Әбден болады!

– Болса мен киінейін...

Ғабит Махмұтұлы асықпай жүріп киінді. Айтса айтқандай, Ғабаң нағыз баптың адамы екен, сыланып-сипанып, бипазданып, таранды. Біз тысқа шықтық.

Сырттағы есік алдындағы скамейкада Сафуан аға, ақын Өтежан және тағы басқа жігіттер отыр екен, олар жамырай түре келісті.

– Ғаба, бір жаққа жиналдыңыз ба, бізді қайда тастадыңыз? – деп.

– Иә, кішкене сыртқа шығып қайтайын дедім, – деді жазушы қаламдас інілеріне. – Көп ұзамаймыз, кешке ораламыз!

Өтежан университетте менімен бірге оқығандығына басып, өзінің қалжыңдай беретін дағдысымен:

– Сен, қыпшақ, «кодекс-куманикустігіне» басып Алаши ағамызды қайда алып қашып барасың? – деп қалды маған.

– Мені бұл інім алып қашып бара жатқан жоқ, қайта мен әмірлеп шақырып алып, қыдырып қайтайық деп тұрмын, – деп Ғабаң мені Өтежанның сөзінен арашалады.

– Қоғаңның әкелген сыбағасы бар шығар, – деді және Өтежан. – Қаузауға біз дайын!

– Бәрі болады, – дедім мен. – Асықпа!

Біз жүріп кеттік. Бағытымыз – Медеу! Жоғары өрлеп келеміз. «Аспанкөк» деп ат қойған менің жигулиім су жаңатын, ызылдай зуылдап тартты.

– Шоферлігің қалай еді? – деді Ғабаң жолда келе жатып.

– Бір сыдырғы дейін бе, қалай, Сіздің сынағыңыздан өтіп жүрмін ғой, соған қарағанда жаман болмауға тиісті...

– Асыра мақтамайын, әзірге менің «Ғабиден-шоферімнен» артық сияқтысың ба, қалай?!

Ғабеңнің «Ғабиден-шоферім» деп отырғаны өзінің құрдасы, жазушы – Ғабиден Мұстафин. Өткенде де айтқан. Ол кісі де ертеректе машина айдапты, Ғабаң ол «жүргізушісіне» «үштен» артық баға қоймайды екен, соны айтып күлдірген.

Жолда «Жайлауға» тақағанымызда жазушы «тоқта» деді. – Осы бір жер жазықтау екен, кішкене кідіріп серуенделік!

Таулы жердің саф ауасына тәнті болған жазушы аяғын жай басып, мені қолтықтай ұстап, бұлақ ағып жатқан тау суына бетін жуып алып, көңілдене жүрді.

– Неткен табиғат! Сұлулық деген осы!.. – дейді ол жаны рахаттанғандай.

Менің көкейімнен әлгіндегі Өтежанның «Алаши ағаң» деген сөзі кетпей қойды. Соны білгім келіп Ғабаңнан осы сөздің мәнін сұрадым. Әрі Ғабаң «Алаш» сөзін көп қолданбайды дейтінді еститінмін. Соны осы жерде біліп қалғым келді.

– Қазақтың «Алаш» атанғанынан хабардарсың ғой. Бұл сөз сонау Шыңғыс хан тұсынан бастау алады, – деді жазушы. – Шыңғыс хан бүкіл мүліктен төрт баласына бөліп бергенде Дешті Қыпшақты, Сібірдің күн батыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға берген деседі. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар екен. Сол алты рудың әр-қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран беріпті, әр руға өзіне бөлек таңба, ағаш қос беріпті. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан «Алты Алаш» болады. «Алаш» деген сөздің алғаш мағынасы – Отан кісісі (соотечественник) деген сөз десетін бұрынғылар. Және қазақта «Алаң келе ме, Алаш келе ме» деген бір мәтел сөз бар. Сондағы Алаң – шет елдің кісісі, Алаш – Отан кісісі мағынасында алынған. Тіпті сол заманда Жошы ханға «Алаши» деп лақап ат қойылған ғой. Алаши – алаштың басшысы (глава соотечества) деген сөз.

Сөз суыртпақтай тартқанда ғана сабақталады. Мен жазушыдан әлгінде жазу столының үстінде Мұхтар Әуезовтың көп томдығының төртінші томын көргенімді айтып, неліктен осы кітаптың жатқанын сұрадым.

Ғабит аға маған жалт бұрылып қарады. Сынай әрі таңырқай қарады. Содан кейін қарсы сұрақ қойды.

– Сеніңше қалай, осы кітап менің столымда қалайша, неге жатыр деп ойлайсың?

– Астары бар ма деймін, менің түсінігімде «Абай» романының бар түйіні осы «Абай жолының» бірінші кітабында, кітаптың соңғы беттерінде – әке мен баланың – Құнанбай мен Абайдың қақтығысында ма деймін. Абай бойындағы үш мінді Құнанбай қалай тізіп, жеткізіп айтады. Осы жерін жазушы шебер шешіп, шыңына жеткізе жазған ғой, – дедім.

– Бәрекелді! – деді жазушы. – Дөп басып айтып тұрсың, ой бір жерден шықты. Маған да шығарманың осы түйіні ұнайды. Ең күшті тұсы! Соны ара-тұра қарап қоямын, сүйсінемін! Мұхтарды білгісі келген кісі осы тұсқа назар аударуы керек, сонда көңілі жайланады. Әлгі әлдекімдердің бұл романдағы әке мен бала тартысы, Абайдың әкесіне бірден салғыласа жауап беретініне қарап Европаға еліктегендік, орыс әдебиетінен үйренгендік деуі бос былшыл! Ешқандай әдебиетте мұндай философия жоқ. Тыңдашы, Құнанбай Абайға: – Ең әуелі арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіндегі барыңды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың, досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішінде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді. Үшінші, орысшылсың, солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – демейтін бе еді. Мұхтардың тұстастары, біздер, жалпы көзі ашық барша исі қазақ жатқа білуге тиісті, есінде сақтайтын бұл аталық сөз қазір кім-кімнің де жадында жүрер сөз! Әттең, дүние, соны хаттап, жүректе сақтар кеуде қайда. Әуезов ұлылығы, міне, осында! Эпопеяның тұтас кілті осы жерде. Сенің сұрағың, қарағым, мені тірілтті, есімді көптен бір жинағаным...

Ғабаң жүзі бал-бұл жанып, нұрланып алды да қызына және сөзін ұштады. – Абзалы, мен Абай жайлы, Мұхаң жазған Абай тақырыбын көп талдаған адаммын. Әрдайым адал сөзімді айтыппын. Тіпті Абай туралы ой салмақталып, пікір қорытылып болмаған кезінде де тура сөйлеппін. Пьесасы жөнінде де солай. Ал, 1943 жылы роман туралы болған жиналыста қосымша баяндама жасағанмын. «Абай» сияқты роман қазақ әдебиетінің төл табысы болғаны және өтірік емес. Сөзді асырып айтқанға, «Абайдай» шығарма бұрын-соңды бізде болған емес. Бәріміз де жазушымыз, бәрімізде де күндеушілік сезім жоқ емес, жамандағанды ешкім жақсы көрмейді, бірақ, үлкен істің үстінде қараулық етіп, көз жұмсақ, ол барлық әдебиетімізге содырын тигізетін қылық болады. Мұхтардың «Абай» романы қазақ әдебиетіндегі тұңғыш кәсіби тарихи роман!

– Ғабит аға, сөзіңізді бөліп жібердім бе, ғибратылы ой тастадыңыз. Сізден естір әңгіме көп қой, мені және бір сұрақ қызықтырып тұр. Сізді Абылай хан туралы роман жазыпты деседі, соны неге жарыққа шығармайсыз? – дедім жазушының осындай иіп тұрған сәтін пайдаланып.

– Бұл бекер әңгіме-е, – деді қаламгер өзіне тән мәнермен сөзін соза сөйлеп. – Осындай сұрақты әр кезде, әр қалайда менен Сәкен-сері де сұрап қояды, себебі өзінің де жазбақ ойы бар сиякты ма қалай. Жазсын, оған кім қарсы. Рас, мен де Абылай ханды біраз зерттеп баққанмын. Зерделедім. Маған Абылайдай тұлғаның қалпы, кісілігі, батырлығы, ақылы ұнайды. Абылайды сан қырынан жазуға болады, өйткені ол сондай широко форматный тұлға... Тіпті оның Бұхар жыраудай дала данасын танып, қасында ұстауын айтпайсыз ба. Немесе, Асан Қайғыны пір тұтқанын көріңіз. Абылай хан бір мерекеде тұрып, бір карт, әрі данышпан шежіреші биінен:

– Асан Атаның «қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» дегенін естіп едім, мәніне бара алмадым, бұл қандай сөз, – деген екен. Сонда би қырын қарап, көзіне жас алып, қамшысын ер басына іліп:

– Ай, хан-ай, бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді. Ханға жауап айтпасам, хан, сенің көңілің қайтады. Қандыра жауап сөйлемесем халқым не деп айтады. Хан Абылай, Абылай, қайғылы мұндай хабарды, сұрамасаң нетеді. Сұраған соң айтпасам, кісілігім кетеді. Енді айтайын тындасаң, маған қаһар қылмасаң, қарағай судан қашып, шөлге біткен бір дарақ (ағаш), шортан суға шыдамсыз, балықтан шыққан бір қарақ. Ойлама шортан ұшпас деп, қарағайға шықпас деп, күн батыстан бір дұшпан, ақырда шығар со тұстан. Өзі сары, көзі көк, бастығының аты боп. Күн шығысқа қарайды, шашын алмай тарайды. Құдайды білмес – діні жоқ, жамандықта міні жоқ, осы сынды бір кәпір, аузы-басы жүн кәпір, жаяулап келер жұртыңа, жағалы шекпен кигізіп, балды май жағар мұртыңа. Жемірлерге жем беріп, ел қамын айтқан жақсыны, сөйлетпей ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, өлтірмей алар жаныңды. Қағазға жазар малыңды, есепке салар барыңды, еліңді алар қолыңнан, әскер қылар ұлыңнан, тексізді төрге шығарып, басына ол күн туғанда, теңдік тимес құлыңнан, бұл айтқан сөз Абылай. Болмай қалмас артыңнан, есітсең мына қартыңнан, – деп сөзін аяқтап, Абылай хан да бекер сұраған екенмін деп аһ ұрып қалған. Бұл сөздер қазақ үлкендері білетін, жиындарында айта жүретін сөздер.

Жазушының зеректігі өлең-жыр, кестелі сөзді жатқа айтуынан анық көрініп тұрды. Ол Асан Қайғының сөзі деп және бір жыр кестесін төкті:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң түзіп жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.

О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлың, қызың орыска бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер.

Асан Атаның сөздерінде өзгеше бір мағыналар көп. Моңғол-татар мен Сарай хандарының, орыс княздарының аяқ алыстарын пікірге алып, өз хандарының орынсыз, лайықсыз кісі бола тұра ел басқарып, елдің берекесін алып, ақыры мұның соңы Ресей сияқты бір алыптың азуында кетуге ыңғай жасарын байқап, соған ишара жасаған.

Абылай хан соңғы күндерінде науқастанып жатқанда атақты жыршы Бұхар жырау келіп былай деген екен:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай.
Қалыңсыз қатын құшқызған ханым-ай,
Үш жүзден үш кісіні құрбан етсем,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай, –

деп және сөйлемек болғанда хан оны тоқтатып, мен жұртыма осы айтқан үш қызметтен басқа пайда келтіргем жоқ, егер енді сөйлесең менің көкірегім өсер, сен жалғаншы боласың депті. Демек, бұл тақырыпты бір кісідей біледі дей беріңіз. Бірақ бөлек шығарма жазуға отырмадым, ал әлгі естіген-білген жайттарды кейбір жерде пайдаландым, пьесалар жазғанда кәдеге жарады. Солай батыр, тағы қандай сұрағың бар, тосылма, мұндай мүмкіндік туа бермес сыр ашуға...

– Сіз Аманкелді батыр жайлы жазған адамсыз, батырды қанды балақ ұры дегенге әуелде сендіңіз бе?

Жазушы қарсы сұрақ қойды.

– Өзің де Аманкелді туралы жаздың, осы сұрақ сенің де алдыңнан сан шығуға тиісті, сонда не дейсің?

– Шындық солай болса қайда қашамын, маған қайта Аманкелдінің «ұры» атағы керек, батыр бейнесін жан-жақты аша түсу үшін бұл кейіпі де керек, кейіпкердің етегінен намаз оқығаны оқушы үшін тіптен қызықты да емес қой...

– Сен Міржақып Дулатовтың «Белқұдасын» оқыдың ба?

– Жоқ, оқыған жоқпын.

– Онда сен ертедегі «ҚАЗАҚ» газетін тауып алып оқы, Аманкелдінің кім болғанын сонда аңғарасың. Мен Аманкелді батыр жайлы пьеса, Бейімбет екеуміз киносценарии жаздық, ол кино болып шыққан. Содан кейін «Социалистік

Қазақстанда» «Батырдың биік тұлғасы» дейтін эссе-портрет жазғанмын.

– Мен Сіздің «Кездеспей кеткен бір бейне», «Жиырма төрт сағатта», «Бірінші фонтан», «Біздің Би-аға» сияқты шығармаларыңыздың алғаш «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бетінде қалай шыққанының куәсімін ғой, сол кезде газеттің әдебиет бөлімінде қызмет атқардым...

– Иә, жадымда... Үйге келіп материалдың тасқа басылған гранкісін оқытып, алып-кетіп жүрдің... Содан есімде қалыпсың...

– Жазушылық, оған келу жолды сұрау дәстүрлі сұрақ қой, Ғаба, мүмкіндік болса жұртқа белгілі жағы емес, басқадай тасадағы тұстарына тоқталсаңыз. Сіздің этнографиялық, автобиографиялық әңгімелеріңіз қызық-ақ, осыған толықтырулар қоса аласыз ба?

– Пәлі, бұл сұрағың тым қызық, әрі алысты шарлайтын сұрақ қой. Содан кейін жөпбелдемеде өткенге үңіліп көп сөз айта алмайсың – «архивті» ақтару үшін бәр өміріңді сүзіп шығуың керек. Содан кейін бұл тақырыпқа кеңінен бір оралармыз, әзірге тілге оралғанын шолайын. – Біз, қазіргі қалам ұстап жүргендер шамамен айтқанда бір мезгілде, бір ұядан, яки іргелес ұядан ұшқан, жаңа әдеби ортаға негізінде тоғысқан тәрбиемен келіп қосылған өкілдерміз ғой. Біреудің ерте, біреудің кеш туғанын, біреудің ерте, біреудің кеш ер жеткенін, саяси, мәдени өсу тұстарын жекелеп тастасақ, жалпы ортамыз бәрімізге де ортақ: бәріміз де екі дүние көрдік. Он төрт жыл кеңес топырағында өсек, одан бұрын көшкен елдің шаңында туған «Ақ патша» билеген отар қазақтың баласымыз. Бірақ «қазақтың баласымыз» әркім бір сүйретіп жүрген «отар» деген сөздер мәселені шешпейді, қайта шырмай түседі, сондықтан қандай қазақтың баласымыз, дәл өзіміз өсіп-өнген ортамызды жеке айтпасқа болмайды.

Қашан туғандық кімге қажет, аз ғана кішілігіміз болмаса жиырмасыншы ғасырмен бірге жасасып келеміз, әкеміздің шаруасы тайға артқан қоржындай бұлтылдап кедей мен орташаға кезек ауысудан көз ашқан емес. Әйткенмен көбінесе кедей болды. Бай болуды қанша ұнатқанмен, кеудесін көтергенмен, орташаға жетіп барып сылқ етіп құлау дағдысы еді деуге жарайды... Қазақта «Доңыз» жылы бар. Сол мен туған Доңыздың бір жылында есімде қалғаны біздің үйде он алты жан едік. Мұның ішінде төрт ақ адам жұмысқа жарайды. Өзгесі біз – өңкей өңез көз, ас иесі, қызыл аяқтармыз. Үйдің қақ жартысын алып жатқан жалпақ пештің

аузында қара шүгенке қайнап тұрады. Шүгенкенің ішінде сақыр-сықыр еткен өңкей сүйек болады. Сирақ, кәрі жілік, шеке секілді сүйектер асылған күні сорпаның бетіне май көбірек шығады да, шүгеннің бір жақ бұрышына жиналады. Біз үш бала үш қасық ұрлап, көз таса бола бергенде әлгі майды қалқып кеп әкетеміз, жер үй бу басқан қараңғы, бір бұрышқа апарып іше қоямыз. Тағы қайталаймыз... көрініп қалсақ таяқ жейміз. Бірақ бір қасық сорпа майы үшін бір күн таяқ жеуге біз әзір...

Тіршілік қамы не істетпейді, өзеннен балық аулаймыз. Жұмысқа жас та болсам мен де жегілдім. Көкше мұз екі еліге іліксе-ақ балықшы ел балыққа аттаныс жасайды. Обаған өзенін мың-мың жерден кесіп тастаған қаза, ау, сүзекі... Сөткесінде төрт сағат ұйықтаймыз ба, жоқ па, басқа уақыт балықта... Қазаны қарап үлгірмейсің! Балықты сақпен сүзіп алуға мұршаң келмейді. Тау-тау болып балық Кавказдың қанжарындай жарқылдап, мұзды шапалақтайды да жатады... Шортан, шорағай, алабұға, табан, сазан, қара балық, күмістей жалтылдаған ақ шабақ. – Жиен бала балықты жинай бер, – дейді нағашым... Қол босаса қамыстан қаза тоқимыз...

Балық науқаны қыс ортасында саябырлады. Нағашым ауылында орысша мектеп бар екен. Алты сом пара алып, «учитель» мені мектебіне алды. Алты сом пара алғанын әлі күнге ұмытқаным жоқ: үйткені бұл дәл төрт пұт балық еді...

Келесі жылы Бекет Өтетілеуұлы оқытты, ондай жақсы кісіні әлі ұшыратқан емеспін. Нағашым үйіне жекжат адамдары келгенде маған қысса оқытатын. Сол ауылда, Бегеннің Омары деген бай бар. Үйінде қысса көп болады. Соның баласынан кейде сұрап, кейде ұрлап «Сал-сал», «Зарқым», «Мұңлық-Зарлық», «Боз жігіт», «Ер Тарғын», «Сейпілмәлік», «Бадиғұлжамал», «Шаһарман», «Кер баланың шөлі», «Көрғұлы» тағы-тағы толып жатқан қыссаларды оқыдым. Бекетті жақсы дегенде жай айтқаным емес, менің қыссаға құмарлығымды бағалап, мені әдебиетке тартқанын айтам. Әуелі «Жиған-терген» деген өзі шығарған өлеңін берді. «Жиған-терген» маған өте ұнады. Бекет өлең жазса, өлең шығару үшін өзгеше бір адам болу керек емес қой деген ой туды да, менің де өлең шығарғым келді.

Кейде өзім шығарған өлеңдерді есептесем оннан асатын еді. Бәрі де жаман, айтуға ұят өлең. Сондықтан ешкімге айтпай өте жасырып ұстаймын. Жақсы көргендіктен Бекетке айтуға әлденеше рет оқталдым да, бата алмадым... Ұялдым қысқа жері...

Абайдың қызға шығарған өлеңдерін елге әкелетін өңкей

инструкторлар. Не көп инструктор көп, инструкторларда өлең көп. Көбі қыз-бозбала өлеңі. Колчак тұсы болсын, кеңес үкіметінің алғашқы жылдары болсын, не түрлі әдемі өлеңдерді инструкторлар әкеліп таратады. Елдегі хат білетіндер көшіріп аламыз, өлең таратушының ірі бір «уәкілдері» Байбатыр Ержанұлы, Сәбит Мұқанұлы, Есім Досболұлы, Нұрмағамбет Жамшин тағы толып жатқан басқалары.

Бұл кез менің боз бала болып қалған кезім. Менің қалап жүрген қыздарым да болады. Мен де сондай өлеңдерді өте құмартып отырып көшіріп алам. Өз жадымнан жыр жазам:

«Көлеңкеннен кескініңді, –
Кесіп алдым жас қайың, –
Елемесең біздің мұңды –
Сен ренжіме, тоқтайын», –

дегендей.

Осы секілді қой батпақтың әлденешеуінің соңына қолымды қойып жүрдім. Бірақ үлеспейтіндігі табан аузындаақ сезілетін еді де, жаба қоятын едім.

1918 және жиырма-жиырма бірінші жылдары мен осы күнгі жеті жылдық мектеппен программдас жоғарғы бастауыш мектепте оқыдым. Аз-мұздап Крылов, Пушкин, Лермонтовтардың өлеңдерін оқып көрдім. Бірақ ол кезде, орыс тілін тіпті білмейтін едім. Тіл білмеген соң, сабақ та ауыр болды. Қажғали, Махымбет, Мүсен жолдастар болмағанда, өзім де жанталаспағанда, мен ол мектепті бітіре алмайтын едім.

Жиырма үшінші жылы Сәбит мені Орынборға әкелді. Он сегізінші жылдан былай қарай Сәбит қалада, мен ауылда болдым. Сондықтан ол менен «озып» кетіпті. Бұрын мен «көп озық» едім. Рабфаққа кірдім. Сәкеннің көрдей қараңғы бөлмесінде Сәбитпен бірге тұрдым. Бір кісілік төсекте Сәбит екеуіміз жатамыз, төсекке салғанымыз шай жәшіктің жұқа тақтайы екеуімізді көтере алмады, жер жарылғандай бытырлап сынады: гүрс етіп еденге түсеміз. Сәбиттің жатысы жаман, әрі ауыр. Көбіне тақтайдың шыдамауына сол себеп... Қараңғы бөлме тазалықты бақыламауға қолайлы-ақ: махорканы тартамыз да, қалғанын кез-келген жерге тастай береміз. Темекі таусылғанда қайта жинап алып тартамыз... Сәбиттің күнбе-күн жазғандарының бәрін оқып отырдым. Оның күнбе-күн жазған өлеңдері газет, журналдарға басылып екеуімізге көлденең азық болып тұрды. Баспаға апарудан бұрын екеулеп «сынап жүрдік». Бейімбет, Сәкен

өлеңдерін газет, журналдардан оқи бастадым. Бірақ, Сәбит секілді ақын атын алып қойған адамның қасында мен өлең шығарып шатасуым адам айтқысыз масқара көрінді. Оның үстіне Сәбит өлең жазғанда іркілмей жазады. Не туралы жазуды тез таба қояды да бірдеме-бірдеме деп өлең қылып шығарады. Мен ше? Шамаласам, жан адам жоқ жерлерде күніне бір-екі ауыз өлең ғана жазатынмын – масқара емес пе? Түгел бездім бәледен.

Бірақ сол жиырма төртінші жылдан бастап Гогольдің, Пушкиннің, Лермонтовтың, Достаевскийдің қара сөзбен жазған повесть, романдарын шет-пұшпақтап Толстой, Горький, Шекспир, Чеховтарды оқыдым. Бұлар өте ұнады. Бейімбеттің «Шұғаның белгісі» бір түрлі әдемі жазылғанын көрдім. Әйткенмен оқу ауыр, бір жағынан «кемеші қасында қайықшы дыбысын шығара алмайды» екен. Ішімнен жазуға құмартсам да қалам ұстауға бата алмадым. Менің құмарлығымды Сәбит сезді білем, «Сен жазуға кіріс» деп мазалап жүрді. Газет басқармасынан қаулылар әкеліп аудартып жүрді (сол кездегі ылғи қате аударылған Совнарком, КазЦИК қаулыларында менің де еңбегім бар...).

Оның үстіне «Алаш ордаларға» қарсы Сәкенді жақтайтын бір мақала жазғызды. Аяғына мен қол қойсам да желісін тартып жаздырған, артынан түгелімен қайта жазып шыққан Сәбит еді. «Балтабай» деген біреуге қарсы жазылды ма, немене, әйтеуір біреуді «сұлатып» салдым. Менің алғашқы жазған мақаламды Сәбиттің сонша түзеткені маған жаман батты, «жаза алмайды екем» деген қорытындыға келдім де жазудан тағы безіне түстім. Бірақ Сәбитке сездірмедім.

Рабфакта қабырға газетін шығарып жүрдік. Қазақша қаламшылар жоқтың қасы. «Өзімнен» артық ешкім болмағасын тағы жазуға кірістім... «Теңіз тепкісінде» деген әңгіме жаздым. Сол әңгіме жиырма жетінші жылы «Тулаған толқында» деген ұзақ әңгіме болып, жиырма сегізінші жылы басылып шықты. Жиырма сегізінші жылдан бастап журналға төрт-бес қысқа әңгіме жаздым да, «Көк үйдегі көршілерді» үш-төрт номерге бастырған кезде «бұл әңгіме әлі ерте» дейтін еді. Қазір ол әлденеше қырдың астына түсіп артта қалды. Одан кейін «Өмір ертегісі» деген роман бастап, о да біткен жоқ. Бұлардан басқа да ірі-ұсақ басталған нәрселерім бар, бірақ ақтауға қол тимейді. Күнбе-күнгі кеңсе жұмысы, мәжіліс, наукан, табан тоздырған жүгірістер барлық уақыттың еріксіз иесі болып жүрген жәй бар.

Ұғына алдық па, түсіндік пе, ол өз алдына мәселе, маған әсер бергендер негізінде жоғары айтылған орыс жазушылары

мен Ғалымжан Ыбырайымұлы шығар деп ойлаймын. Кәсіби жазушылыққа бетбұрғанда зерделеген ұстазым – Жүсіпбек Аймауытов. Жалпы көп қазақ қаламгері Аймауытовқа қарыздар, өйткені ол зор стилист болатын. Жазу, төселу, жазушы болып шығу, міндетіңді атқара алу жалғыз өз қара басыңа ғана байланысты емес көрінеді. Жә, біраз жерге бардық-ау деймін, осымен шектелсек қайтеді, жылжиық...

Ғабит аға машинаға қарай жүрді.

– Әжептәуір сергідік білем, уақыт та біраз болып қалған шығар...

Күн екіндіден ауғандай екен. Жазушының қалауымен қалаға қарай бет алдық. Жолшыбай Ғабаң терең тұңғиық ойға батқандай бір сәт үнсіз отырды да кенет Орталық Комитеттің Демалыс үйінің тұсынан өте бергенде:

– Бұл ғимаратта да біраз ғұмыр өтіп еді, – деді. – Осы күнгі Жазушылар одағының үйін алғанда әңгіме осы жерде пісті. Қазақстанның сол тұстағы ет-сүт өнеркәсібі министрлігі өздеріне деп ғимарат салдырған ғой, Костин дейтін министрі бар. Мен оның атын қазақшалап «Сүйекбаев» дейтінмін. Жаман адам емес-тін, әзіл көтереді. Біз сол министрліктің ғимаратының бір бөлмесін жалдап тұрамыз. Ой бұзылып жүрді – қалайда осы ғимаратты Одаққа алып алсақ қой деп. Ақыры осы ойымызды сол кездегі Республика партия ұйымының жетекшісі Яковлевке жеткіздік-ау, сұранып, қабылдауында болып. Обалы не керек, бетімізден қақпады, ұсынысымызды қабыл көріп, ғимаратты министрліктен Жазушылар одағына табанда шешім шығартып, алып берді. Сонда мен осы демалыс үйінде жатып едім, Одақтың үйінің қуанышын осында жуып, қызықтағанбыз, ол да бір өмір, дәурен екен-ау...

– Мұныңыз нағыз ерлік іс қой, Ғаба!

– Жә, қайтесің гөйітіп, кісі, әрбір адам қолынан келсе төңірегіне игілік іс атқара жүруі керек және ол істеген ісін мақтан үшін емес қажеттілік деп қараса игі...

– Сіздің сонау – қиын-қыстау заманда (1937 жылдары) партия жиынында Бейімбет Майлинді қорғап «Биағам жау болса, мен де жаумын» деген сөзіңіз әлі күнге дейін жұрт аузында, – дей берген менің сөзімді Ғабең өзі бөліп жіберіп:

– Қарағым, осы әңгімені қоя қоялық, тыңдау жүрекке ауыр! – деді.

Тиыла қойдым. Бірақ менің тілім ұшында ендігі кезекте Ғабит Мүсіреповтың қалай партиядан шыққаны, араға 25 жыл салып қалай партияға қайтып алынғаны жайлы сұрақ тұр еді, сұрақ ауыр еді. Мен бұл төңіректегі әңгімені «Қазақ

әдебиеті» газетінде жұмыс істеп жүргенімде басылымның бас редакторы, ақын Сырбай Мәуленовтен естігенмін-ді.

Ол Ғабаңның партиялылығын қайтаруға Сәлімгерей Тоқтамысов дейтін сол тұстағы Казсовпрофтың бастығы болған азаматтың септігі тигенін жыр ғып айта келіп:

– Сәлімгерей ағамыз Республикалық Казсовпрофтың бастығы болуымен бірге әрі Қазақстан Орталық партия комитеті Бюросының мүшелігіне кандидат болды. Ол өзінің сол мүмкіндігін пайдаланып Ғабаңды қайталап партияға алу жөніндегі мәселені Орталық комитеттің алдына қояды. Ұсыныс оң шешімін тауыпты, – деген. Ғабаңның ыңғайымен енді жазушы қол қойып Сталинге жолданған атақты «Бесеудің хаты» да бұл жолы ауызға алынбады.

Әлден уақытта жазушы тіл қатып:

– Монша да ұмытылды, саунаны да қойдым, – деді.

– Жаңа моншаға бардыңыз ба? – дедім мен.

– Бардық қой,.. енді бәрі қалды,.. все позади...

Мен сөз қоспадым, жазушының ауыр қиналысты кейпін байқап, «уақыт-ай» деп отырмын іштей, бір кездері сал-сері болған Ғабаңның уақытты мойындағаныма бұл... Осы сәтте жазушы келесі жүрер жол маршрутын айтты.

– Батыр, енді сен Тимирязев көшесіне түс, Весновкаға сәл аялда, содан кейін арғы жағын көрерміз...

Ол кезде Алматыда дәл қазіргідей жол кептелісі жоқ. Менің «Аспанкөгім» (машинам) жазушы айтқан тұсқа лезде жеткізді. Ғабаң меңзеген ауданға жеткесін «қай жерге аялдайын» дегенімде:

– Осы тұс, «Көктемнің» тереңінде (сайын айтады) тар сүрлеу бар, соныменен жоғары жаяу өрмелейік, – деді.

Ғабаңа таныс жағалаулық бойымен жүріп келеміз. Жазушы жан-жағына қарағыштап, көз тоқтатып, әлдене есіне түскендей, көгілдір аспанға шалқақтай қарап, үніліп және қозғалады.

– Осы бір тұста скамейка болушы еді, – деді әлден уақытта. – Ол да жоқ, бұ заманның адамдары варвар, қоймаған ғой, жұлып әкетіпті... – Ілгері және жылжыдық. Бір, екі,.. он қадамдай жүрдік пе, Ғабаң тағы тоқтап, маған барлай қарап тұрды да:

– Біржан-Сал шебер айтқан: Шекпендей қысқа пішкен дөңгеленіп – дүние өтерінде шыр айналды, – деді жұмбақтата. Содан кейін сөзін жалғап: – Сен Абайды таныдың ба? – деп төтеден, мен тіпті де күтпеген жерден сұрақ тастады.

– Қай Абайды?

– Құнанбаевты-ы айтамын! – деді сөзін шегелей ныңарлап.

– Оқыдық қой, енді, – дей бастап едім, тоқтатып тастады.

– Абайды оқу аз, Абайды көкірекке тоқу керек! – деді енді зілді түрде. – Абайды оқу программасында ғана оқу – бұл әлі оқу емес! Абайды оқу үшін Абайдың адам сүю қасиеттеріне үңілу керек. Осы керектердің ішіндегі ең керектісі – Абайдың махаббаты. Білсең айтшы, Абайдың қай махаббат жырын білесің?

– ?!

– Міне, көрдің бе, мүдіресің, мүлдем білмейсің! Сендер Абайдың махаббат жырларын өңшең түсінбей оқыған қазақтың сортынансыңдар. Так что, біле жүр: Абайдың некелі үш – Ділда, Әйгерім, Еркежан, некесіз әркездегі ғашық, көңілдестері үшеу – Тоғжан, Салтанат, Бүбі деген арулары болған! Осылардың бәріне де Абай жыр арнаған.

– Бұған Қуандықты қосыңыз, – дегенімде Ғабаң елең етті.

– Сен оны қайдан шығардың?

– Мен бұл деректі сіздің аса талантты жазушы ініңіз, менің қаламдас досым Мұхтар Мағауиннің бір әңгімесінен естіп едім, – дедім.

– Мұхтар айтса ол біледі, әлгі Абайдың ауылына келгенде «Мені аттан Абайдың өзі түсіріп алсын» деп кергитін әйел ғой... Еститінмін... Ұмытпасам маған бұл әңгімені Қайым айтқан...

– Дәл солай! Мағауиннің айтуы бойынша аттан түспей пәлсінген әйел дауысын танып, Абай сыртқа өзі шығып, Қуандықты аттан қолтықтап түсіріп, үйіне кіргенде, әйелі ишарат білдірмесе керек, сонда Қуандық тіке кетіп: «Сен қатын, неге қойқаңдап тыжырындың, Абайдың қолын сенен бұрын мен ұстағам» депті.

– Е-е, бәсе, осылай сөз демелгенде әңгіме түзеледі. Абайға үңілген қазақ жаман қазақ болмайды. Абзалы, шалшықтан өту оңай деп тереңге бойламау қиындықтан қашумен тең. Абай – біздің тереңіміз. Мен бұл тақырыпты неге қозғадым – мына біз келе жатқан терең сай – менің көп жүрген, көп серуендеген ләззат іңкәрім, көбелек көңіл содан да осы жаққа тартып тұрады! – деді жазушы енді қабағын ашып. – Көп сыр бар бұл бұлақ басында. Осыдан өрлей берсең сонау трамплинге жетесің...

– Ғаба, Абай данамыздың аруларын түгендедіңіз, өзіңізге соқпадыңыз ғой?

– Сұрағың түсінікті. Білгің келсе айтайын: Үш некеде тұрдым. Біріншісі – Хұсни – құдай қосқан әуелгі жарым,

өмірден озды; екіншісі – Рая, бұйрық па, тағдыр ма – жарасып, жараспадық; қазіргі жеңгелерің, өзің білесің – Ғазиза, тоқтап, тұрақтадық. Қалған жағында өткенде бұйырған бұралқылар болды ма, болмады ма – санамаламаппын...

Ғабаң сағатына қарап:

– Бүгінге осы ләззат жеткілікті, біраз жай еске түсті, бәріне қанағат, – деді. Жатағымызға оралалық! – Ғабаңның «жатағымыз» деп тұрғаны – жазушылардың Шығармашылық үйі.

Шығармашылық үйге қарай оралдық. Күн еңкейген. Болашақ КазГУ қалашығы тұсынан өтіп бара жатқанымызда Ғабаң жойқын құрылыс алаңына қызыға қарағандай болды. Менің есіме Ғабаңның 1969 жылы Қазақстан жас ақын-жазушыларының республикалық мәжілісіне жолдаған сәлем хаты түсті. Бұл хат шын мәніндегі тарихи хат болатын. Жазушының болашақ алғы ғасыр ұрпағына жазған хаты! Осы тұста сол хаттан шағын үзінді келтіре кету орынды. Жазушы: «Енді 31 жылдан кейін адам баласы 2000 жылды қарсы алады. Елдер мен жерлер тағдыры, тілдер тағдыры қақтығысар, қабысар дәуір басталады. Бүгінгі өнер, білім қуған талапты да талантты жастар, әке табысына семірген еркетай жастар, ой қумай, ойын қуатын футбол жанкүйерлері, бөрік ала қашатын ұры-қары, бұзақы-бұзық – заман бұралқылары, бәрі де сол дәуірдің аға буыны болмақ. Ал, ағалық деген ардақтылықтан гөрі жауаптылық болады.

Адам қоғамы қолдан жасалған бақша емес, ну орман сияқты. Аралас өскен қарағай, қайың, қыз-қарағай, терек, шынар, мойыл, ырғай, тал... жас өмірдің балаң-балғын шағында аңызақ желден көлеңке, үскірік желден ығын керек. Мал баласын бауырында өсіреді, ағаш біткен тұқымын ығына қарай төгеді. Адам баласы анасының құшағында, қоғамның шылауында өседі. Аға буынның жауаптылығы да осында.

Мен ойлы, өнерлі деп үміт ететін, мұрты тебіндеп қалған ақын-жазушы жастарға бір-екі ауыз тілек айтқым келеді. Соңғы кезде осындай жастарымыздың аузына идея, идеология, революция, мораль, тап күресі дейтін сөздер көп түспей барады. Өздері сол идея, сол революция, сол тап күресі арқылы күл-күрме өмірден құтылып, адам деген ардақты атқа ие болғандарын біле тұра, соның бәрін қасиет тұтпау ақылдылық емес, есерлік болады. Бұл бір.

Екінші, «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейтін ескіден келе жатса да ескірмейтін бір қағидамыз бар. Біріміздібіріміз сынау, менің үлкен бір арманым бойынша – бірінші жолдастық, бірінші достық, бірінші әділ сөз болу керек. Амал не, кейде қандай әдемі сөздер, қандай ұтқыр сөздер

жолдасынды мұқатуға арналып жатады. Бұл үлкен өкініш. Кейде сол ұтқыр сөздер – «Орнынды босат, маған бер!» – дегендей естіледі. Бұл үлкен өкініштен гөрі де үлкен өкініш. Әрбір ақын-жазушы әдебиетіміздің кең жайлауынан өзі тапқан орынға ғана келісімді болады. Ақын орны – қаламның қанаты қандай биікке көтеріп шығарса – сол жерде. Ондай орын әсіресе биікте көп. Қырандай құлаштап, сермеп барып сол орынды ал. Өзгенің бәрі мансап та мансұқ!

Үшінші, жастарды ерте қартайтпауымыз керек. Балғын шақтың өз сұлулығы бар, өз қызуы, ұшқырлығы бар. Буыны қатқан, қызуы басылған аға буын аяғын қия басқан жасты дүрелей бастамауымыз керек. Әсіресе, жас дарынның жалынын тұншықтыру – қылмыс. Жалынды жас, дарынды жас көк шыбықты көрмей-ақ өссін.

Қазақстан жас ақын-жазушыларының республикалық мәжілісіне көп-көп сәлем, аз тілекпен – Ғабит Мүсірепов», – депті. – Кемеңгер жазушы сол кезде алпыстың ішіне еркін кірген қаламгер екен. Жоғарыдағы сөздерді даналық демей көріңіз, нағыз суреткерлік көрегендік десек те болар. Сенім мен үміт! Қазір ойласуға негіз бар. Бүгінгі пайғамбар жасына келген, не асқан әріптестерімізді Ғабаңмен салыстырыңыз – ошақ басы, от басынан аса алыппыз ба, алысты болжауға қайсымыздың өреміз жетіп жүр, көбіміздің төгілтіп жастарға бата бере алатындай, тіпті, қауқарымыз бар ма, мақтана алмасақ керек, үлгіміз аз, сондықтан да, әй, ұятты-ақ шығармыз...

Машина ішінде Ғабаң:

– Келін іренжімес пе екен саған қолқа салсам, – деді.

– Қандай қолқа, аға?

– Сен бірер күн менің қасымда болсаң, Ғазиза жеңгең сырқат алдыртуға, әлгі бастырылыққан кезде біреу оятып жібермесе кәдімгідей қиналып қалам...

– Әбден болады, сіздің қасыңызда болғаныма келініңіз қуанбаса іренжімейді, – дедім сеніммен.

– Онда ше бұл мәселені де шешілді деп нүктесін қойдық.

– Шешілді! Қазір Сізге сыбаға да келіп қалар, мана үйге ескертіп кеткенмін, әлгі Өтежандар да аузын ашып отыр...

– Иә, өңкей бір жаланөстер, маған әбден үйір боп алды, біразымен осы жерде танысып тәуір болды, әйтпесе кейінгі жастарды біле бермейді екенбіз, әйтсе де сен бекер әуре болғансың, Гүлбаршын келіннің қолынан дәмін татып жүрміз ғой...

– Оқа жоқ!

Демде Шығармашылық үйге де жеттік. Аузын ашып

отырған Ғабаңның «балапандарымен» отырып, кешке асханадан дәм іштік. Дәмнен кейін және біраз серуендеп, Ғабаң бөлмесіне оралдық қой. Және әңгіме. Әңгіме әртүрлі, сан алуан. Қызықты. Ғабаң әр тараптан әр қалай сөз ұштайды. Бірде әдебиет, бірде тарих, бірде өнер, бірде ел, бірде жер, енді бірде бүгінгі тұрмыс, жекелеген адамдар ма, тегі, Ғабаңдай сырбаз, әңгімені келістіре шебер айтатын кісі аз шығар, тыңдай бергің, тыңдай бергің келеді. Зерікпей тыңдайсың. Ғабеңнің әр әңгімесі бір дәріс, үлгі, өнеге, тәрбие!

Бір сала әңгіме – Сәбең – Сәбит Мұқанов төңірегінде өрбіді. Байқатқаны: Ғабит Мүсірепов жазушы Сәбит Мұқановты алға тарта сөйлейді, тіпті ұстаз санайды, аға тұтады, жазу-сызу өнерін үлгі көреді. Аңдағаным, сөзінің арасында ирониясы бар, мақтап-мақтап отырып, сылқ еткізіп жерге тастап жібереді, бой теңестіріп қалады, тіпті сынап алады, қайта қатарға қосады. «Қасқыр да қас ойламас жолдасына» деп алып, өзінің Сәбеңмен елдес, жерлес, белкұда, ілік екенін сездіріп, Мұқановтың басты шығармаларын талдай қарап, негізінен оң пікір айтады. «Сәбит төңкеріс дауылында әр аралға бір қамалған ақын емес, ол әр орынға бір паналап әдеттенбеген жазушы. Оның бар білетіні – кеңес жұртшылығы еді» дейді. Мәселен, Сәбиттің «Адасқандары» – ең бір көрнекті шығарма. Ол Рабиндранат Тагордың үлгісімен жазған новелла түріндегі роман. «Ботагөзі» ше! Ақ өлең! Қазақстанда мұндай еңбек еткен жазушы аз. Сөз жоқ, өндірімді, әдебиеттің бар жанрында төгіле жазған қаламгер, – деп ағынан жарылады. – Әттең, осындай жазушыға да тіл тигіздік, оның сыннан көз ашпаған кездері болды, өз басымның ЦК-да жұмыс істеп жүрген кезімде уақыт тезіне еріп шолақ белсенділік танытқан кездерім болғанын жасырмаймын, 1938 жылы оның «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті: ұлтшылдық-байшылдық дәуірі» деп аталатын оқулық кітабын зиянды кітап деп бағалаған кезімізді бүгін ұялыспен еске алуға тиістіміз, деп опынады. Жә, айранды көжеге қосқан сәттер жеткілікті, дей келе Ғабең мүдірді. Күйелісті толқығандай болды да: «Жалпы Сәбит (Мұқанов) те, Мұхтар (Әуезов) да бетке ұстасақ беделіміз, аркаға ұстасақ панамыз еді, бұл алыптардың жаны мен рухы үнемі бізбен бірге, бейнелері көз алдымызда. Енді олар жоқ – қазақ әдебиеті жұтқа ұшырады демелік, даналарымыздың өзімізді тиісті жерінде еркелеткенін де, қажетті тұсында ұрысканын да сағына тұрып, тектілеріміз алдында бұл пәни жалғанда түсінбестікпен жіберген кемшіліктерімізді, өкпелеткен, ренжіткен кездеріміз болса еске алып, еске

алған сайын үлкен рухтарынан кешірім өтінеміз, сөйтіп тазарып, бойымыз жеңілдер. Айту да қайту», деп барып тоқтады. Осыдан кейін Биаған – Бейімбетке ойысты. «Бір өкінішім – Бейімбеттің «Қазақ қызы», «Қызыл жалау» дейтін романдарын қатарға қоса алмадым. Жазылғанымен ортаға түспей шығарма белгісіз боп барады», – деп Ғабаң өкініш таныпты. Осыдан кейін ол Ілияс Жансүгіровке түседі. Ілиясың «Турксиб» пьесасы ғажап пьеса. Диалогқа қараңыз:

Орыстың инженері:

– Саба қазақты, жой мақұлықтарды, – десе, қазақтың ұлтшыл инженері:

– Сой орысты, сары орыстың бәрі орыс! – дейтін.

Осындай шығармалар әлі «зынданда» жатыр. Сыртқа шықпай тұншығып жатқан қазақта алтын қор жеткілікті. Аймауытовтың Мағжан туралы толымды мақаласы, Мұхтардың Аханның (Ахмет Байтұрсынов) 50 жылдығына байланысты жазған көсемсөзі, Аханның Абай туралы баяндаған «Қазақтың бас ақыны» деп аталатын «Қазақ» газетіндегі көлемді материалы, Бөкейхановтың Қобланды батыр жайлы зерттеуі келер болашаққа аманат боларлық дүниелер. Бұларсыз әдебиет орта...

– Ғабит аға, жұрт сізді Алашордаға қарсы дейді, сол рас сөз бе? – деп қалдым мен сөз арасында. Сұрағым, әрине, орашолақтау шықты, қайтерсің бірақ ауыздан шығып қалды.

– Тек, – деді ол шошынып, – жұртың кім?

– Халық!

– Мен ұшқары сөзді қабылдамаймын!.. – Сөз үзіліп, Ғабаң демалғысы келетінін сездірді. – Осы сыймен жаталық!

«Қап!» Ғабаңды іренжітіп алдым ба? «Осы сыймен жаталық», дегені ауыр сөз болды-ау, деп, ал қиналайын... Ғабаң күнібойы жолдан шаршады ма, көзі бірден ұйқыға кеткендей болды. Мен болсам, сергек жатуым керек, әрі жаңағы төтеден қойып қалған соңғы сұрағымды оғаш көріп, қараңғыда көз ілмей жаттым да қойдым. Тек таң ата көзім іліниіпті...

Бір жақсысы, Ғабаң сол түні жақсы ұйықтап шықты, бастырылыққан жоқ. Таң атты. Жазушының ықтиярымен мен жұмысқа кеттім. Түс ауа келсем, Ғабит Махмұтұлының көңілі көтеріңкі, мені жақсы қарсы алып:

– Түнде тәуір ұйықтап шықтым. Ауаң жақсы екен, бастырылықпадым, – деді. Кешегі әңгімені жалғаған жоқ, ұмыт қалдырғандай. Сыртқа шығып серуендеп қайттық.

Мен баспа маңайында істеймін ғой, бүгінгі әңгімені осы төңіректе өрбітті. Өзі де бұрынғы баспагер, кәсіпқой маман ретінде ол:

– Осы күні кітап саудасы қалай? – деді.

Бұл саланы тәп-тәуір білетін болғандықтан әңгімені жүйе-жүйесімен айтқасын ба, жазушы кәдімгідей сөзіме ризалық танытып, комитет бастығын мақтап сөз қосты:

– Елеукеновты білем, іскер жігіт қой, Шерияздан жұмысты жақсы жолға қойған екен, – деді. Осыдан соң ол өзінің ертеректе баспа жайының өзекті мәселесін көтерген «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде жарық көрген мақаласын айтып, сонау 1928 жылдары жазылған сол материалдың әлі күнге дейтін актуалды екендігін алға тартты. Әсіресе кітап дүкендерінің мән-жайына тоқталды. Таралым, кітап шығару мәдениеті төңірегінде әңгіме көрігін қыздырды. Соңғы жылдары жазған «Жат қолында», «Ұлпан» романдары жайлы айтты. Сөздерінде мақтан жоқ, мағына бар.

– Жұрт көп томдыққа құмар, мен осыған қарсымын. Алға қарасақ қайтеді деймін ағайынға – қандай заман келеді? Оқушы кім? Космос, компьютер ғасыры кітапты ысырып тастамаса қайтсын, бұл – қауіп! Ала бағанның аржағындағы жұрт бүгінде қол қоя алмайды дейді – халық түгелімен компьютерге көшкен деседі, ал осы басқын бізге келсе ше? Әрине, беті аулақ...

Жазушының қасында болған екінші күнім, түнім, менің осындай бүгінгі күн тақырыбында өрбіді. Осы күні ойлап отырсам Ғабаңның сол сөздерінің көбі жанды сөздер екен. Оның замана, қоғам туралы толғаныстары бүкпесіз шындыққа айналып отыр. Әсте ұмытылмайтыны: оның түнде, шам сөнгесін, өз бөлмесінде, қараңғыда жатқа оқыған бір ақ өлеңі! Төбе шашым тік тұрып, құйқа шымырлаған. Ғабаң бейне бір театр актері іспеттес, жаңылыспайды, жаңылмайды, дикциясы қандай, үнді, қоңыр дауысымен жатқа жыр оқып шықты. Сөздері екпінді, ғажап!

«Бір кездегі өткен түс секілді, көрген күнің көр секілді еді. «Баяғыны» сағынушы едің, «қазіргіге» қамығушы едің. «Әттең Тәңірімен» күнің өтті. Тілің шықса, үнің шықпады. Үнің шықса, күнің шықпады.

Қазақ деген халық едің. Еділ-Жайық, Есіл, Нұра, Арқа, Сыр, Ертіс, Орал, Алатау, Алтай мекенің еді.

– Осылардай ұжмаққа меңзес жерлерің бар еді.

– Айдын шалқар көлдерің бар еді.

– Ту ұстап, тұлпар мінген ерлерің бар еді.

– Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін билерің бар еді.

– Дұшпан күндерлік күйлерің бар еді.
– Ел бастайтын көсемің бар еді.
– Сөз бастайтын шешенің бар еді.
– Ақ киізге көтерген хандарың бар еді.
– Ізгі қария шалдарың бар еді.
– Сауық-сайран жиының бар еді.
– Бақ-береке ұйымың бар еді.
– Кедейің жоқ, бай едің.
– Төрт түлікке сай едің.
– Сол күндерде арманың бар ма еді?
– Жоқ секілді еді. Сонан да қазақ айырылдың!
– Онан қымбат нең бар еді?
– Мойныңа бұғалық түсті бұлқынбадың.
– Құрық көтеріп еді, қолға тұрдың.
– Арғымақ едің, жабы болдың.
– Жүгенсіз мінді, қақпалап жүрді. Еркашты қылды, көне бердің. Баяғы дәурен көзіннен бір-бір ұшты. Қамықтың, жабықтың.

Біздің қазақтың басшылары тана, моншаққа қызығып, жер жүзінде еш халық дәреже көрмеген болыстықты зор абырой, бақыт көріп адасты. Талас қанына сіңді. Атадан балаға мирас болып қалды.

– Ер адасса, ел адасушы еді.

Ерлеріміз адасып еді, еліміз де адасты. Сол адасудан әлі беті оңға бұрылған жоқ.

– Енді біз қашан жұрт боламыз?

– Адасуды әлі де қоймасақ, істің түбі неге соғар? Алаштың азаматы, осыны ойлайық!

Ардақты ақсақалдар, атқа мінген ағалар, ел билеген жақсылар!

– Талас-тартысты енді қойыңдар!

– Ынтымаққа қайтыңдар!

– Құдайдан қорқыңдар!

– Жұртты ойлаңдар!

– Нәсіл-несіптің көз жасына қалып жүрмеңдер!» – Жазушы «уh» дегендей болып басылды, үнсіз жатты. Әлден уақытта: «Шуда жіп тартылды, енді тыныcталық!» деп дауыстады.

Бақсам, Ғабаңның сол оқыған ақ өлеңі Міржақып Дулатовтың сөзі екен, бәрі кейін белгілі болды ғой – Алаштың отты сөзі! Кеше мен одан: «Сізді Алашордаға қарсы дейді, сол сөз рас па?» деп сұрамап па едім, ал керек болса, міне, сол сұрағыма берген жауабы! Бұдан асқан жауап бола ма – болмайды әрине.

Сөйткен Ұлы Ғабаң – Ғабит Мүсірепов – 1985 жылдың

31 желтоксанында, Алматыда дүниеден көшті. Әкемдей көретін көркемөнердің ақ сауыт панасы – Ғабаңның суық хабары құлақтанған соң-ақ үнемі түнемелік мен жазу столына отырып жүрдім. Тақырыбын «Мүсірепов жайлы сөз» деп қойыппын. Еш жерде жарияланбаған сол жазбамды енді оқушы назарына ұсынайын: «Көз көргенмен көңіл әлі сенетін емес. Былайғы жерде арамызда Ғабит Мүсірепов сынды ұлы жазушымыз болмайды дегенге илану қиын, тіл мүлтік.

Бірақ не шара? Табиғат заңы осындай ғой, жанған сөнеді, туған өшеді, тірі пендеге ажал қас деген рас.

«Ұлы дәуірдің үш революциясын басынан өткерген шырағдан сөнді. Орыстың соңғы классигі ортамыздан кетті» деген ғой Алексей Толстой Максим Горькийдің қаралы пәнихидасында. Ғабит Мүсіреповтей нокта ағамыздан айрылған сәтте біз де сол Толстой сөзін жаңғырта: «Алыптар тобының» ақырғы арысы арамыздан аттанды. Қазақтың соңғы классигі дүниеден көшті», – деуге тиістіміз.

Иә, бұлай демеске амал жоқ. Мұндай азада: ай ұлысынан, күн шығысынан тұтылады, тау шынарынан құлады, көз шырағынан сөнді, діңгек тұғырынан тайды деу орынды. Қайғыға егіле білетін халық жайсаңын адақтағанда ілгері-кейін осылай әспеттеген ғой. Енді қорғанын сағынармыз, көз үйренген төрдегі ол отыратын орындық (кресло) қалған уақытта бос тұратынын елестетсек көңілге ауыр, жүрекке жүк.

Ғабит Мүсіреповтің өмірі бай да ұзақ өмір, ғұмырнамасы қызығуға тұратын ғұмыр, жазушылық өнері шынайы мектеп. Ол – өз ұлтының, қазақ, халқының символы бола білген арыс. Бұл оның бойына жарасатын шындық еді, боямасы жоқ анықтама болатын. Сол арыс, саналы уақытын бос өткізбеген жазушы – Ғабит Мүсірепов соңында мол мұра қалдырды. Асылдың сынығы – сол асыл мұра енді жұртымен бірге жасау қамына кіріседі. Ендігі жерде тектінің сөзі,жақсының тұяғы – том-том туындысына қырағы көз, жылы қабақ, есті оқушы керек. Мүсірепов сонда түгел, өлмейді, өшпейді қазақ қауымымен бірге жасайды. – Сегізінші қаңтар күнгі түнде жазған осы бір Ғабаңмен қоштасу сөзімді мен осылай аяктаппын. Жүрек осылай депті. Ұлы Ғабаңмен қоштасу кімге оңай тиген, бәрі ауыр. Елі, халқы күңіреніп-ақ қалды ғой, не шара – ақырдың таңы атқанда кім кім де қайталанбас суреткерімен осылайша қоштасқан болар, мен де соның бірімін. «Бақұл бол, Ғабе!» дей тұра менің есіме ұлы жазушының тәлімі түсіп отыр.

Әлі жадымда, 1977 жылы өзімді көптен толғандырып жүрген тақырып – халық батыры Амангелді Иманов жайлы, ол өскен орта төңірегінде көркем шығарма жазуға отырдым. Роман уақиғасы бір кітапқа симайтындай болды да көп томдық дүние болатын болып жоспарланды. Алғашқы бөлігі жазылып біткен. «Жұлдызда» шықты. Оқушылар жылы қабылдады. «Қызыл жалау» деген атпен «Жалын» баспасына ұсынылды. Баспа қолжазбамды жасырын рецензияға берген. Ақ-қараны рецензеттің пікірі шешеді. Баспа директоры Қабдікәрім Ыдырысов бұл іске өзі араласып, мен жазған тақырыпты жете білетін түпқазық жазушымыз Ғабит Мүсіреповке оқуға беріпті. Оқуға бергенде журналдық нұсқасын – «Жұлдыздағы» вариантын қатар ұсынған.

Ұлы жазушының тезінен өту – емтихан біткеннің ең қиын, әрі зоры, тағат таппай күтумен болдым. Көңілдегі бір медеу, жығылсаң нардан жығыл деген деп, үлкен кісі не айтар екен дейтін бір үміт, бір күдікпен күткен айлар өтіп жатты...

Осылайша қобалжып жүргенімде баспа директоры Қабдікәрім ағамыз жолығып, көрген беттен:

– Құттықтаймын бала! Ғабең саған сәт сапар жазыпты, романың ұнапты, бар, алып кел! Маған ауруханада көңілін сұрай барғанымда айтқан, басуға болатын тәуір шығарма, – деді.

Бұдан артық қуаныш болар ма, абдырай сасып, қобалжыған қалпыммен директордың кабинетінен шыға бердім-ау деймін. Ғабаң үйіне қалай барамын, есіме Сәкең – Сәкен Жүнісов түсті, жақсы араласатынын білетінмін. Жолшыбай бір телефон-автоматтан телефон шалып, болған жайды айттым. Сәкен ағамыз да екі сөзге келген жоқ, келісе кетті. Салып ұрып Ғабаңның үйіне келдік.

Ғабаң Сәкенмен жылы сәлемдесіп, өзара шүйіркелесе кетті. Мен елеусіздей отырдым. Сәлден соң барып, келген шаруамызды айтқанда Ғабаң баяу қозғалып, жазу столының үстінен жазған дүниесін алып, маған ұсынды.

– Тақырып қоймадым, – деді жазушы. – Баспадағылар оқып көрер...

Толқығаным сонша, не дермін... Дүниедегі ең бір қымбат қазынаны тәу ұстап тұрғандаймын! Жазған басым, ең құрыса «рахмет» дей де алмаппын-ау, жүрек дүрс-дүрс соғып барады, күміжіктей қызарақтап, бірге келген Сәкеңді де ұмытып, дәлізге қарай шыға беріппін.

– Ау, тоқта, қазір бірге барамыз! – деді Сәкен. Сол кезде барып, кілт тоқтағаным есте.

– Оқа жоқ, – деді Ғабаң сәл жымиып, – Қабдікәрімге

апарып бер, оған айтқанмын, баспаның кәдесіне жараса байқар!

– Жарайды, Ғабе! Мына Қоғаш өзі жалғыз келуге қобалжыған соң бастап келіп едім, Сізге рахмет, табысты боп барамыз, тәу романы ғой, мұның қуанышында шек жоқ! – деді Сәкен жазушының үйінен шығарда. – Хабарласамыз әлі...

Жазушы жазу столына қарай беттеді. Біз үйден шығып кеттік. Жердің үстімен келемін бе, білмеймін. Сәкең екеуіміз жазушының үйінің алдындағы бауға келіп, Ғабаңның жазғанын оқығанымыз есте, Сәкең дауыстап оқыды,.. содан кейінгісі,.. иә, шіркін көңіл! Ғабаң рецензия емес – кітапқа алғы сөз жазыпты...

Ғабит Мүсіреповтың алғы сөзімен роман 1979 жылы жеке кітап боп, жарыққа шықты. Әр кітаптың өз тағдыры бар, менің бұл жердегі айтпағым – ұлы адамның бет-бағдары, мені бағыттаған сара жолы. Тегінде, жазушы романымның құрылымын барынша ұғынған. Әр сөзінде мән-мағына жатыр, сілтеме бар. Бұл – тақырыпты жақсы білген адамның мінезі. Осы реттен де оның пікірі маған бәрінен де ыстық көрінеді. Дөп басып айтқан ақылы әлі күнде есте тұрады. Бір кезіккенде ол:

– Сен Амангелдіні большевик қылам деп бос әуреленбе, батырды адами қалпында ғана көрсетуге тырыс! – деп еді. Сол тұста бұдан артық қалай айтсын!

Тағы бірде ұлы жазушы:

– Бұл тақырыпты қаузаған жазушы алашқа соқпай өтпейді, абай бол, алаш арыстарына тілің тиіп жүрмесін! – деді – Аруақтар алдында бәріміз де қарыздармыз, біліп айтқанымыз бар – білмей айтқанымыз бар, жаққан жала, шашқан күл жетеді, күйе аз емес, бәріне уақыт безбен, түбі ақиқат айтылар күн туады, асықпай жылжы! – деп еді және.

Жазу столымда Ғабеңнің шағын портреті тұратын. Үйде қонақта болғанында сол суреттің сыртындағы қатырмаға: «Қоғабай іниме, күтумен, сеніммен, үмітпен» деп жазыпты. Сол жылдары Ғабаңның «24 сағатта» дейтін кішкентай сувенирлік кітабы шықты. Сол кітапқа менің Ибрагим дейтін балама: «Қай Ибраһимге тартсаң да өзің біл!» деп қолтаңба жазып берді. – Даналық, даралық деген осы! Әр сөзінде астарлы шашақ жататын жазушының бұл аталық сөзі қандай қымбат, күн өткен сайын тіптен ыстық сөз болып көрінетінін енді сезіне байқағандаймыз...

Естен кетпейтін және бір сөзі бар Ғабаңның. Сексенінші жылдардың басында менің бір балдызым үйленді. Тойға Ғабаң

құрметті қонақ ретінде шақырылған болатын. Байқамаппыз, басы артық көлік болмағасын, әлем-жәлем ленталармен жабдықталған той машинасын Ғабаңды бәйбішесімен алып келуге жібермейміз бе үйіне. Бір уақытта Ғабаңдар келді. Ал кеп іренжісін. Бірақ езуінде күлкі бар.

– Ау, сен бала, өзіңде ес бар ма, өзі? – дейді. – Мынау, үрлеген шарың мен қызылды-жасылды машинаңды көріп, көршілер терезеден қарап қапты. «Ғабит тағы үйленіп жатыр ма?» – деп сығалай қарайды. Кісі өсти ме екен? Онсыз да әйел алудан атым аз шықпап еді, өсек және өрбитін болды!

– Қап, ұят болған екен! – деп жатырмыз. – Енді қайттік? Ғабе, бір білместік өтті!

– Жә, болар іс болды! – деген жазушы жақсылап күліп алып, ішке – той дастарханына өткен...

Ғабаңның сол күнгі ақжарқын отырысы бөлек болды. Есіп сөйледі, жастарға төгілте батасын берді, тіпті билегені бар. Жазушы драматург Әлжаппар Әбішев, ақын Ғафу Қайырбеков, Сәкен-сері Жүнісов, ағайынды академиктер Сайлау, Сәбит Байзақовтар... Бәрі жұбайларымен бір жарасқан топ – той ажарын келтіріп жіберіп еді-ау...

Ғабаң, Ғабаң еді ғой... Ұлы жазушы жазу өнерінде қандай жоғары, өр, биік болса, жеке өмірінде де қайталанбас тұлға еді... Қайран, Ғабаң!

Ғабит Мүсірепов – қазақтың ар-ұяты дерлік кісісі-тін, өмірде Абай айтқан жарық дүниенің толық адамы болып өткен күмәнсіз жаны еді-ау! Ғабаң өшпес өмір кешкен қазақтың бес аспап суреткері, ол өткен ХХ ғасыр еншісінде бұл әлемге келіп, өз ғұмырындағы бар дүние зұлматының куәсі болған перзент, сол өзі көрген замана жырын ақ қағаз бетіне түсірген көркемсөздің қас шебері, ұлт азаматы, Алаш Арысы!

Ғабаң бейнесі жүректе сақталар, шығармашылығы ойда тоқылар, берген дәрістері әсте ұмытылмас, үлгі-өнегелік тағылымы көкіректе жүрер.

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ, жазушы

Өмірде де, өнерде де өнеге өркейткен – Ғабит Мүсірепов

Өлім

Ғабит Мүсіреповтің қайтыс болғаны туралы хабарды мен кешкі сағат тоғызда естідім. Қайғылы хабарды Алматыдан біздің Мәскеудегі үйге қазақтың бір туар азаматы, суреткер-жазушы, аяулы досым Оралхан Бөкеев телефонмен хабарлапты.

Мен ол кезде Мәскеудегі Орталық әдебиетшілер үйіндегі кафеде орыстың хас жазушысы Юрий Домбровскиймен бірлесіп қазақ жазушыларының бір томдық әңгімелер жинағын Мәскеуде шығару туралы жобаны талқылап жатқан болатынмын.

Мәскеуден Алматыға соңғы самолет түнгі он екіде ұшатын. Енді сол самолетке үлгеру керек болды.

«Ғабит өлді деген сөз, қазақ халқының асыл бір ғасыры өлді дегенмен бірдей. Асқан дарын, асқан адал адам еді. Әуезов жоқ. Мүсірепов жоқ. Қазақта бұл екеуінен асқан жазушы да жоқ. Қазақ әдебиеті қайғы құшағында. Қазақ халқы аза тұтып жатқан кез. Отыра тұр, мен қазір келемін», деді Юрий Домбровский.

Ол лезде қайта оралып: «Ақ қағазыңнан берші», деді. Қалтасынан бір тұтам өткір қарындашын алып шықты да, ақ қағазға төнді. Иығына түсетін бұйра сары шашы басын төмен салғанда бетін жауып кетті. Сөйдектетіп жылдам жаза бастады. Графин мен стакандарын шылдырлатып лезде официантка Татьяна жетті. «Екі стаканға бөліп құй», деді Юрий Домбровский жылдам қарындашының қарқынын еш тоқтатпастан. Татьяна қара нан мен бір табақ балықты қатар қойып кетіп қалды. Юрий Домбровский де жазуын доғарды. Қағазын бір қайтара оқып шығып, бір үтіріне тиіспестен әдемі ғып бүктеді. «Аэропорттан конверт сатып алып саларсың», деп қағазды маған ұсынып жатып: «Олжастың өз қолына бер. Қалғанын қыпшақ өзі шешеді», деді. Самолетте ұшып келе жатып, үйден ала шыққан Ғабеңнің бір томдық кітабын парақтап ақтардым. Мұхтар Әуезовтің қазасына жазған азалы сөзі бірден көзге түсті.

«...Бұдан былай біздің арамыздан бәріміздің ерекше қадірлейтін ардақтымызды көре алмайсыздар. Ол қазірдің өзінде ортамызда тұрған жоқ, міне, алдымызда жатыр.

Бүгін қазақ әдебиеті көлденең бір жұтқа ұрынғандай,

басқа мадақтарын қоспай-ақ, Мұхтар Әуезов дегенде ғана аузымыз толмаушы ма еді? Ойымыз да лық толатын. Бұл Мұхтар енді жоқ арамызда. Сағынар кезіміз, іздер кезіміз, жоқтар кезіміз аз болмас, таба алмаспыз бірақ.

Әдетке кірген сөзді айтпасаң амал жоқ: қош бол, Мұхтар, баладай нәзік жан, көркем өнердің өзіндей қатал сыншы, әділ жан! Үлкен аға! Еркелеткеніңізді де сағынармыз, ұрысқаныңызды да сағынармыз. Бар бейнең көз алдымызда болар.

Бетке ұстасақ – беделің қандай еді, арқаға ұстасақ – панаң қандай еді! Оны ешкім ұмыта алмас!

Өмір – күнде той емес, өкпелеткен, ренжіткен кезіміз болса, онымызды үлкен өкінішпен еске аламыз: еске алған сайын үлкен рухыңнан кешірім сұраймыз. Көркем сөздің ұстазы, сенімен қоштасу үшін бұл ойлар таяз, бұл сөздер бояусыз, әрине. Бірақ біз сенің жер құшағына тапсырылар тәніңмен ғана қоштасып тұрмыз, жаның мен рухың бізде қалады, ең қасиеттеп ұстар мұрамыз – сол, оған шаң жұқтырмаспыз. Ең қасиетті борышымыз сол болар. Көп боп табар ойымыз болса, көп боп көтерер сол борышымызға салармыз. Сенің орнынды сөзбен емес, іспен жоқтатпауға тырысармыз. Бұл уәдені анттай берік ұстармыз!

Қош бол, ардақты аға, атақты сөз шебері! Қош!..»

Бұл – қара жамылып тұрып аза айтқан, асыл досымен қоштасқан сәті. Мұндай асыл сөзді XX ғ. ортасында бұл қазақта Ғабит қана айта алыпты. Ал бүгін Ғабит жоқ... Оның өліміне қайғырып қай қазақ келісімді сөз айта алады екен?.. деген ой маған маза бермеді.

Кезінде Шыңғыстаудың төрінде жайлауда жатқан Шаһкәрім қажыға жас Мұхтар Әуезов арнайы келіп, Санкт-Петербургте бастап жазған «Еңлік-Кебек» трагедиясын оқып береді. Пьеса оқылып болған соң, Қажы: «Әй, Мұхтар, қаламың мен қағазыңды қолыңа ал, ескі билер былай сөйлеген» деп шешен тілмен тарам-тарам кесек ойларды айтып кеткенде, жас Мұхтар жазып үлгерудің мүмкін еместігін түсініп, Қажыға үндемей таңырқай қарап қалған көрінеді.

«Абай», «Еңлік-Кебек» трагедияларындағы кесек-кесек ойлы, ішкі сыры берік билер мен Нысан абыз сөздерін Шаһкәрім қажы Мұхтарға сый ғып тартқан. Оны Мұхаң да жасырмаған. Ретіне қарай белгілі адамдарға айтып отырған. Ес-ақылдан еш шықпасын деген көреген ой.

Мола басында адам көп болды. Ғабитке татыр сөз айтылмады. Ол мүмкін де емес еді.

Тамыры үзілген сөз осылай бос сандалса керек. Сандалдыртса керек дегеніміз дұрыс болар. Ғабиттей алыпқа сай сай-сүйекті сырқыратар сөз тауып айта алмаған қазақ қазақ болып жарытпас дедім. Жеті атамызды білмесек, жеті ғасыр тарихымызды танымасақ қазақ болғанымыздан не пайда?

Ғабиттің, Мұхтар Әуезов қайтыс болғанда абызша сарнаған ойлы сөздеріне жету қиын еді. Ғабит сөзінің гармоникасы мен ойы ерекше үйлесімде болатын. Бұл қазақ ортасындағы ойлы ортаның құрдымға кетіп бара жатқанын аңғартқан. Таным да, талғам да, талант та талауға түскен кез еді.

Бүгін емес, ертең емес, бірақ қазақтың рухани әлемі еңкейіп құлауға бет алғанын анық сезінгенмін. Сонан жанды азалы үн жаулаған. Бүгін құлап болған да болар. Енді, бір кезде алып аспанда еркін қалықтаған қазақ рухы жандану, жаңару ізденістеріне шұғыл кірісуі қажет-ақ. Әйтпесе орта жолда қалып, құрдымға кетіп құлармыз.

Оралхан екеуіміз сол кеште қаланы ойсыз кезіп жүріп алдық. Айналшықтап мен жататын «Алматы» қонақ үйінің айналасынан шыға алмадық. Бір-бірімізге тіл де қатысқамыз жоқ. Ой үнсіз. Сөз үнсіз. Көз ғана сөйлегіш еді.

Оралхан, жүр тауға тартайық?!.

Жаның оңашаны қалады ма?..

Жалғыздықты!

Таңғы жетіде мені әуежайдан қарсы алған Оралхан екеуіміздің он сағаттан соң тұңғыш сөз қағыстырғанымыз осы болды. Алатаудың бауырындағы «Медеу» қонақ үйінен екі бөтелке арақ, тіске басар дәм алып биік төбенің бір басына көтеріліп жайғасып отырдық-ау.

Қараңғы тау іші. Түн. Толық айдың жарығында толы стакандарды түйістірмей үнсіз төңкеріп тастадық. Аздан соң, өне бойымда жып-жылы қан толқи жүгірді. Шалқамнан жаттым. Алматыда көрінбейтін жұлдыз, Алатаудың бөктеріндегі көкте самсап тұр еді.

Біз қазақ өнерінің ең ардақты саңлағы, соңғы патриархы Ғабит Мүсіреповпен осылай үнсіз қоштасқанбыз. Өмірден озғандар бір дәуір. Тірлікте қалғандар бөлек дәуір болатын.

Бүгінгі тіршілік аясында Әуезов пен Мүсірепов бастаған көштің аспаны аласармаған, болмысқа бет қойған мақсат-мүддесі киелі болатын, үйткені олар өз бастарын емес, бүкіл бір халықтың мәдени мұрасы мен рухани салмағын кеңістік пен уақыт аясында бұрын-соңды болмаған биікке көтеруге жан салған тарихи тұлғалар еді. Заттарына да, аттарына да

қылау түсірмей, тіршілік аяларын баянды бастаудан айырмай, бұл тіршілікте бастарын имей, тік ұстап өткен аяулы ұлт асылдары еді-ау.

Мүсірепов қазақ өнерінің даусыз соңғы Могиканы болатын. Сонан да, аяулы ағамен қоштасу Оралхан екеуімізге ауыр тиген.

Елу жасқа толмай сырт жұртта кенеттен көз жұмған асыл досым Оралхан қайтыс болғанда да мен сол Медеу шатқалының биік төбесіне көтерілгем. Өкінішке қарай жалғыз көтерілгем. Биік төбе басында жалғыз отырғам. Оған да 25 жыл өтіпті. Қым-қуыт тіршілік төскейінде бір-бірімізден ажырап қалып, бір-бірімізді жоғалтып алып жатқанымыз қанша ма?..

Дәл бүгін біреуді арбап, біреуді алдап күн кешкен сұрапыл заманның бет қаратпайтын қатал болмысынан сескеніп, құты қашқан қалың қазақтың жәйін көру де қиын еді.

Мәскеу

Жазушының өзімен емес, жазғанымен жақындасуды тәуір көретін мен үшін кітап бөлек құндылық болатын. Қазақ жазарларының арасында мен араласқан адамдар саусақпен санарлық қана еді.

Олар Ілияс Есенберлин, Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов, Сайын Мұратбеков, Оралхан Бөкеев. Жаныма жақын Мұхтар Әуезов, менің бала кезімде о дүниелік болып кеткен.

Сол кездері Мәскеуге, Мемлекеттік сыйлықтар беруге арналған Бүкілодақтық комитет мүшелері Ғабит Мүсірепов, Әзірбайжан Мәмбетов жиі келетін. Асыл Әзекең де, Әуезов пен Мүсіреповті ерекше құрметтейтін. Олар туралы өте есті естеліктер айтатын. Ахмет Жұбанов пен Ғабиден Мұстафин туралы ойлары да кесек болатын. Әзекең көп сөйлемейтін, сөзге сараң, ойға терең, силасымға берік адам еді. Мәскеуге келгенде маған телефон соғып: «Роллан, Ғабеңе сәлем беру керек қой. Бірге барайық», дейтін. Ғабеңнің шау тартып қалған кезі болғанымен, еңсесін биік ұстайтын. Қимылы сабырлы, сөзін салмақтай созып сөйлеп отырғаны ерекше еді.

«Әзірбайжан, Мұхтар дүниеден озғалы, біздер жақсы пьеса, тәуір қойылымдар қоя алмай жүрміз. Бұл ойында болсын», деді Ғабит Мүсірепов.

«Қан мен терге» Одақтың мемлекеттік сыйлығын алдық. Шет елдерде қойылымдар қойып жүрмін ғой», Ғабеке!

Жазушы темекісін әдемі сорып алып, хрусталь күлсауытқа жайғастырды да, сәл үндемей отырды.

«Коньяктан алып қоялық, Ғабеке», деді Әзірбайжан Мәдиұлы.

«Алсақ алайық», деп Ғабекең шағын рюмкадағы француз коньягіне ернін тигізді, бірақ ішпеді.

Менің байқағаным, Ғабекең арақты да, коньякті де талғап, талдап сәл-пәл ұрттап қана ішетін. Қимыл-қозғалыстың бәрі ұстамды, салмақты, сәнді деген лайық болар.

«Әзірбайжан, атаң Ахмет, қазақ өнерінің көсегесін көтеруге жанын салды. Ғазиза екеуің ылғи қасында болдыңдар. Оны жақсы білесіңдер. Ұлттық өнерімізді көтеруде тоқмейілсуге болмайды. Әйтпесе, құр мақтанға еріп көштің соңында қаламыз. Біз өзі де, мақтаншақ, даңғаза халықпыз ғой. Маған салсаң, бүгінгі қазақ әдебиеті мен өнерінде көп нәрсе ұнаудан қалды. Қазылары түлкі, тұлғасымақтары наданданып бара жатқанға ұқсайды. Сабыр ет, мен бергіні көріп емес, арғыны ойлап айтқаным. Бізге көп оқыған, терең білімге құштар, көкіректері көк өрістей талғампаз жастар тәрбиелеу керек».

Ғабең біраз үнсіз отырды. Сөніп қалған темекісін қайта тұтатты.

«Соңғы отыз жылда біз қатты бүліндік. Біздің сөзімізде де, ісімізде де бояма көп. Той көп. Ой аз. Құрып бара жатқан тіліміз, құрдымға кеткен қазақшылығымыз... Ойландыратын нәрсе көп қой... Саяси келбеті бұзылған мемлекет мемлекет бола алмайды. Біз ішімізден іріп жатырмыз. Айтатынымыз өтірік, істейтініміз өтірік, мақсатымыз да өтірік. Коммунистік партияның өзі де өтірікке қақалып болды. Генеральный секретарьға халық, халыққа генеральный секретарь сенбейді. Совет Одағы дегеніміз, алдау мен арбау мемлекетіне айналды. Бұл менің жаныма батады, Әзірбайжан. Роллан баламыздың құлағына алтын сырға. Ол әлі жас қой. Мен кейде ойлаймын, осы Мұхтар уағында о дүниеге аттанып кетті ме деп?! Жеті жылдыққа жеті роман жазамын деп шатасқан шағын да Алла тағала қожаның баласын үлкен қатерден сақтап жіберсе керек. Өтірік пен өлексе лозунгтар туралы қандай ән, қандай роман жазуға болады. Сатқындық торында той тойлап үйреніп алған «өнерпаздар» әкелері өлсе де тойдан қалмайды ғой. Олар «ән» де жазады, «роман» да жазады. Ақша төлесе болды. Біз ақша үшін аталарын сататын пенделер тәрбиелеп өсірген мемлекетпіз. Қай халықты да жиырма жыл өтірікпен суғарсаң, өтірікші болмағанда кім болады, Құдай-ау?! Ондай ортада өтірік айтпасаң сені жынды деп атып тастайды. Жынды мен жынды болмасаң тағы өмір жоқ. Осының бәрін ойлау керек, Әзірбайжан, ойлау керек. Біз аң емеспіз, адамбыз ғой, жақсы інім!.. Адамбыз!..»

Бұл Мәскеудің жайма шуақ кешінде болған әңгіме еді.

Мен сол түні ұйықтай алмадым. Социалистік Еңбек ері,

Халық жазушысы Ғабит Мүсіреповтің жүрек түкпіріндегі азаматтық ойы менің жүрегімді дүр сілкіндіріп еді. Коммунистердің мемлекеттік құрылымына қарсы адамдар көп болатын. Бүкіл Совет Одағы десе болатын еді, бірақ ешкім дауыс көтеріп айта алмайтын. Дауыс көтермей Генсектер бірінен кейін бірі о дүниеге үнсіз аттанып жатқан кез еді. Маған сүйектері сартылдап қаусаған шалдар бұл дүниеде өмір сүргеннен, о дүниеге әупірімдеп қайтқанды Құдайдан мың да бір тілеп сұрап жатқандай көрінетін. Биліктің биігіндегі трагедия атаусыз жау ғой. Оның қаһарын көруді ешкімнің басына бермесін. Билік тұрған жерде, биік жаза да тұрады. Онан ешкім құтылған емес, құтыла да алмайды. Билік басында тұрып, биік болып қалған адам болған емес. Барлығы да, не Адамның, не Алланың қарғысына ұшырағандар. Үйткені Билікте меже жоқ. Адам биліктен кетер кезді аңдымайды. Межесін асырып алады да, билік базарында асылып өледі.

Мәскеудің түбіндегі жазушылар үйіне барып бір апта оңаша жаттым. Жазу да жазбадым. Кітап та оқымадым. Түні бойы орман кезіп жүрдім де қойдым.

Ғабеңмен сонан кейін де Мәскеуде сан кездестік. Алматыда бірде бір рет кездескен емеспіз. Кездесуді қаламадым. Жасы жеткен адамды мазалауға арым жібермеген.

«Мәскеу» қонақ үйіне, мені соңғы рет арнайы шақыртты.

«Екі-үш күн ғана боламын. Сонан сені арнайы шақырттым, Роллан».

«Өзімде сәлем берейін деп жиналып жатыр едім, Ғабит Махмудович!»

«Үйге бармайын, келінге, балаларға сәлем айт. Осы бөлмеге тамақ алдырайық. Соңғы кездері көңілім болмай жүр. Оны мен саған неге айтып отырмын? Айтатын кісі болмағаннан болса керек. Менімен карта ойнайтын іні-достар бар. Бірер сырлас іні-дос бар. Менде ендігі жерде одан өзге ешнәрсе қалмаса керек», деп Ғабең бөгелді.

Мен телефонмен даяшыға ас қамын айттым.

Осы жолы сен мені Алматыға демеді, Алатауға шығарып сал, деді Ғабең. «Советский писатель» баспасының директоры келеді. Соған да ас ата, Роллан. Ол өзі дұрыс адам болса керек. Оны маған, бағана Георгий Марков айтып еді. «Советский писатель» баспасынан бір томдық үлкен кітабымды шығаруды Марков ниет қылды. Мен өзі, сұрағанды ұнатпайтын адаммын, сен қалай ойлайсың?..»

«Сіз қолқа салып, тіленіп тұрған жоқсыз. Шындығын айтсақ, Сіз үшін Қазақстан жазушылар Одағы сұрауы керек еді ғой. Ниет сізден, парыз Одақтан».

«Бұл оң сөз. Осы сөзге тоқтағанымыз абзал болар».

Кеш тілектес көңілдердің ықыласты бас қосуына

айналды. Келесі жылы «Советский писатель» баспасы Ғабит Мүсіреповтің үлкен бір томдығын шығаратын болды. Ол кітапқа ішкі пікірді жазу маған тапсырылды. Ғабеңнің жүзі алабұртып, бетіне қан жүгірді. Дәл сол отырыста Ғабең терең әдеби әңгімеге барған жоқ, Отан мүддесі, халықтар достығы, ұлттар мәдениетінің дамуы туралы шуақты әңгімелер өрбіді.

Ертеңінде Ғабеңді «Домодедово» әуе жайына алып бардым. Самолет ұшуға әлі де бір сағат уақыт бар еді. Арқасын кеңге салып отырды. Шайға арнайы бал алдырды.

«Жазып-ақ тастайтын, көңілде аманат болып сан жылдар жүрген уақиғалар бар еді, әттең денсаулық көтерер емес. Кең тынысты жүйрік аттай даланы дабырлатып шабатын қайран жастық қайдан қайтып келсін?! Қайдан?.. Жамбылға, Жәке, шұмақ-шұмақ өлеңдерді лақтырып-лақтырып тастаңыз дегеніміздің әбестік болғанын, енді мына өзіміз шау тартқанда ғана түсініп, танып отырмыз. Әр нәрсенің өз уақыты болады екен. Көсілген соң, уақытына қарай көсілу керек екен. Оны ұғуға да уақыт қажет көрінеді, Роллан. Осы сен, маған бір кітабыңды сыйға тартпапсың. Ел беріп жатады. Жазсаңыз, деп сұрап жататындары да бар. Сұрағандарға жазған емеспін. Көркемөнерде қолқа салу, міндет арту әбестік. Дұрысы ессіздік. Бір сөзбен айтқанда мәдениетсіздік. Маған сенің сұрамайтындығың ұнайды. Тірлігіңде тіленбе де, сұранба да. Мен білсем ол саған жараспас. Оны өзіңе ішкі сезімтал әлемің де айтып тұрғанға ұқсайды. Мен сенің «Лениншіл жастағы» бірнеше әңгімелеріңді оқығанмын. Сен даланы да, қаланы да қатар ұстайтын өзгеше жазушы болмақ түрің бар. Ешкімге ұқсамайсың. Саяқ жүресің. Осы бір қасиеттерің маған ұнайды. Сол қасиеттеріңе бекем, мықты бол. Бұл мінез деген биік төбе. Сол төбеңнен төмен түспеуге жазсын. Алысты қаралама, жақынды жаралама. Абай бабаңша адамзатты бауырым деп сүй, құрмет тұт. Аумин!»

Бұл қасиетті адамның ақ батасы еді. Мен ыңғайсызданып не айтарға білмей қысылдым. Қайтып асыл ағамызда тіл қатпады. Өзімен өзі болып ұзақ ойға кетіп қалып отырды.

Самолеттің трапына қолтықтап көтергенімде Ғабең маған молынан бұрылып: «Ал, қарағым, қош тұр», деді. Жылы саусақтары, жып-жылы алақаны иығымнан аялай сипап өтті.

Ғабит Мүсіреповты бұл менің соңғы көруім болыпты.

Өнер

Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Шәкен Аймановтар қазақтың дәуірлеу кезеңінің алғыр, ержүрек сайыпқырандары еді. Бұл айбынды, ардақ тұлғалардың барлығы да, бүгінгі күннің ғана емес, келешек

тілер парызды да, қалт жібермей, алысты ойша болжап қаракет қылар нағыз ұлтжанды қайраткерлер болатын. Қазақ ұлтының қоғам болып дамуында олардың қосқан үлесін ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Қазақтың енжарлығына, дәрменсіздігіне, Абайдан соң, аяусыз соққы берген осылар болды. Олар адам айтқысыз айуан заманда өмір сүрсе де, адамдық қасиеттерін жоғалтпады. Қай-қайсысы да ары мен ождандарына қаяу түсірмей өмірден өтті.

Олар қандыбалақ, текетірес заманның көзсіз ерлері болатын. Уақыт пен кеңістіктің өрісіне алқынбай шығып, екі ұғымды да қазақтың пайдасына шешуге жандарын салған, Алаштың асылдарынан кейінгі, бел шешіп кіріскен қайраткерлер еді.

Ұлттық дамуды көздің қарашығындай қорғалаған да солар болды. Сонан да кеңес дәуірінің жетпіс жылында, қазақ қоғамы өзінің жүздеген жылдарғы мешеулігінен арылып, жаңа үрдіс заманның алдыңғы қатарына еркін бой көтерді.

Заманды жасасқан сол аға ұрпақтың ерен еңбегін елеп, солардың кемел ойларын XXI ғ. арқау қылып тартар жаңа ұрпақтың рухани, мәдени, саяси әлеуметтік биігі канша екенін осы біз білеміз бе? Оны ойлаған орта бар ма? Күнде ойын, күнде тойға салынып жүріп, аспаннан түскен Дербестіктен айырылып, аһ ұрып қалып жүрмейміз бе? деген үркек ой мазаны алғанда арқаннан суық тер төгіледі.

Сеуілде бас көтермей он сағат талмай жұмыс істейтін корейлерді көргенде, Астанада күндіз-түні ән салып, би билеген, бір бітпейтін той-думанды көргенде абайшылап, бұл қазақтың келешекте күні не болады деп көзіне жас толып ұйқысыз түндер өткізесің... Үнсіз өткізесің. Бүкіл Дешті-Қыпшақ даласы меңіреу, дел-сал ұйқыда.

Аса үздік суреткер Ғабит Мүсірепов шын мәнінде халық жазушысы, үйткені ол тұтас халықтың болмысына ғасыр әлемінен көз тігеді.

Біздің жас жазба әдебиетіміз енді ғана қалыптасып құлашын кеңге салған кезде, жап-жас Ғабит Мүсірепов ұлттық прозамыздың да, ұлттық театрымыздың да, ұлттық киномыздың да, ұлттық ғылымымыздың да, ізденімпаз экспериментаторы ретінде де, сыншысы ретінде де ұлан-ғайыр қажырлы еңбек жасады.

Стильдік ізденістерге сонша мол барған, әдебиет теориясын терең саралаған Ғабит Мүсіреповтей суреткер бұ қазақта жоққа тән. Өкінішке қарай суреткердің бұл ерекше әдеби ізденістері, бүгінгі жас буынның шығармаларынан ұшыраспауы жан қинайды. Прозамыздағы концепциялық

тұжырым, образ кескіні, деталь мәнділігі, композициялық айқындылық, әлеуметтік ағым, кең көркем тыныс психологиялық талғам мен талдау бояуы әлсіреген сайын, әдебиетіміз де әлсірейді деп санай беріңіз.

Қазақ әдебиетінің жаңғыруы үшін, жаңа сапаға көтерілуі үшін, Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсіреповтің әдеби мектебі, әдеби университеттері туралы ерекше талдау, ерекше зерттеу, ерекше пайымдау жасау керек. Бұл өте терең тақырып. Халықтың халықтығын, азаматтың азаматтығын таразыға тартатын сәт.

Менің қойын дәптерімде Ғабеңнің мұражайларының бірінен жазып алған мынандай сөздер бар:

«Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда, ұлт ұлы болып есептелмейді». Ғабит Мүсірепов.

Қисынын тауып айтылған таптырмас ой. Алыптар ойы, дәуірдің ең бір өзекті рухани ізденістерін айшықтайды. Қашанда идеялық тентіреуге, саяси салғырттық пен сатқындыққа жол бермейді, үнемі атойлап қарсы шабады. Ғабит Мүсірепов кескілескен идеологиялық күрес үстінде ержеткен ұрпақтың өкілі.

Өмір

Сөзінен таймаған, уәдесін бұзбаған, сертінен айнымаған. Қоғам қайраткері, мәдениет қайраткері бола білген Ғабит Мүсіреповтің болмысы осы. Тәккәппар талант мінезі де осы.

Қазақ халқының тағдыры мен қазақ қоғамының тағдыры бірдей сынға түскен тұста өзін де, өзгені де сатпаған тұлға. Заман үшін адамға, адам үшін заманға қиянат жасамаған тұлға.

Бір күндік дәурені үшін, бір күндік асы үшін, бір күндік күйкі тірлігі үшін, жанын да, тәнін де сатпаған тұлға.

Абайша айтқанда ақылы мен еңбегіне сенген, жүрегін сара ақылмен салқын сабырға жеңдірген тұлға.

Дау-дамайға салынып дүбірге еріп бұлқынбаған, жүрегінің лүпілін тыңдап, сол жүректің ақылына табынған тұлға.

Кемел суреткер, қажырлы қайраткер қашанда қиянатқа, топастыққа, арсыздыққа қарсы күреске шығады. Жазушы кашанда халық жағында. Ол халықтың қорғаушысы, қамқоршысы, жанашыры. Алла тағала, тіліне от салып, жүрегіне мейірім төгіп, халқының жалғыз жанашыры қып қара жерге жазушыны жіберген. Халқының қорғаушысы да, қамқоршысы да, жанашыры да сол жазушы.

Суреткер-жазушының жер бетінде үш міндеті бар, ол адамзаттың адалдығы үшін күрес. Қара жердің тазалығы

үшін күрес. Ел билеуші пенденің ойының адаспасы үшін күрес.

Адамдық қасиеттерімізді жер қылсақ, әділетті тізерлетсек, арсыздар мен парықсыздарға жол берсек, онда біздің кісілігіміз қайда?.. Осының бәрін көріп отырып үнсіз қалуға өнерге өмірін арнаған адамның хақы бар ма?.. Хақы жоқ болса керек.

Ғабит Мүсіреповтің жол жазба әңгімелерінің өзінде – Тас сөйлеген, Арқа сөйлеген, Көз сөйлеген – кездесетін сұрапыл жан айқайының қуаты, Сізді тірідей жерге көміп жіберердей әсерге бөлейді. Жазушы адам жүрегін жаулап болып қалған астамшылдыққа, кеуде керушілікке, кещелікке, қараулыққа, дүниеқоңыздыққа, тоңмойындыққа, рухани «күптілікке» барша жанымен қарсы тұрады. Атойлап алғы шепке шығады. Ар-ұятты қорлап өлтіріп, қара жердің қойнына тықса да, жазушы, адам санасының ақылына арқа сүйейді. Ар-ұят өлген соң, адам да өледі. Малға айналған екі аяқты, ең қатал, ең әділетсіз хайуанға бой береді. Бізге сонан да білімді, адал, ойшыл интеллигенция керек. Қара жердің қамын жеген жауапты қазақ интеллигенциясы керек.

Ғабит Мүсіреповтің өмірдегі де, өнердегі де өнегесі, Ана-Отанды жанындай сүюде жатыр. Қазақтың тілі мен әдебиеті үшін жасаған еңбегі ерлікке пара-пар. Ол рухани ізденісті үзбеді, тоқмейілсуді білмеді, табанды еңбектен танбады. Сондағы жазғаны бес-ақ том кітап.

Бірақ қандай кітаптар! Стилі жақұттай ойнаған, композициялық құрылымы сұлу өзендей созыла көмкерілген, ой астары қалың ормандай тұңғиық тыныштыққа бой қойған, әр томы бір дәуірдің жүгін көтерген айтары мол Асыл Кітаптар!

Тарлан таланты қапысыз кісілігіне сай, өзгеше тұлға, оның бойында жалтақтық та жоқ, кеуде керу де жоқ, кесірлік те жоқ. Бұл топтың адамдарының өздері де кесек, өнерлері де кесек, өмірге деген махаббаттары да кесек. Көлгірсімей ірі сөйлейді, ірі қимылға барады, ірі істер тындырады. Үлкен адамның кісілігі де үлкен болуы керек-ау!

Қиын заманда туып, қиын ғұмыр кешсе де бұлар адамдық келбеттеріне қылшық түсірмепті. Адал, әділ, арлы қалыптарынан бір өзгермепті. Бұл неткен парасатты тұлғалар, деп ойға кетесіз.

Қазақ даласын аралап жүріп, күздің бір сұрғылт кешінде Қызылжардың «Жаңажолына» келіп аялдадық. Бұл – Ғабит Мүсіреповтің туған ауылы. Мұражайы да осында екен. Күтпеген жерден қадырлы ағамыздың ауылына келіп ат басын тірегенімізді өзім жақсылыққа жорыдым.

Мәскеудегі Бүкілодақтық жазушылар съезі өтер күннің алдында Шерхан Мұртаза, – сол кезде Қазақстан жазушылар Одағының екінші хатшысы – бір топ жазушыларды Ғабең сәлем беріп шығуға ертіп барды.

Қазақтың осы бір үлкенді сыйлау дәстүрі адамның жанын тебірентеді. Ұлағаты байтақ, айтары мол, киелі дәстүр.

Ал Қазақтың ру-руға бөлініп, үш жүзге таласа тартысқанын көргенде, жаның түршігеді. Ол кезде өмірден мән кетеді. Ит құрлы болмадық-ау, деп көзіне жас аласың. Ғабеңе келген адам көп, ыдыс-аяқ аз еді. Ғабеңнің кесесі босағанда, «ағамның кесесін мен алайын», дедім. Шерхан ағам: «Ырымшылын қарашы, мынаның!» деп сүйсінді. Жайсаң көңіл жақсы ағамыз, кесеге ыстық шай құйып берді.

«Ер жігітке ырымшыл, баташыл болған жарасады», деді Ғабең. «Бұл дәстүрді қолдау керек. Кейінгі жастар ұмытып кетіп жүрмесін».

«Қазақ қалай қазақ болмақ керек деген сыяқты шағын ғана қалта кітабы керек. Салт-дәстүр, ырым, Құран сөздері, Пайғамбардың хадистері, Қожанасырдың әзілдері болса жақсы болады», дедім мен.

«Дәл айтады, дұрыс сөз. Осындай кітапты сен құрастыр, Роллан. Біз шығаруға болысайық. Мұхаңның, Ғабаңның, мына Қалтайдың да әзілдері ол кітапқа кірсе дұрыс болады», деді Қалмұхан Исабаев.

«Қалеке, сол кітапты құрастыруға сіз де қатысыңыз», деді Шерхан Мұртаза.

Мәскеудің төрінде айтылған сол сөз, Ғабаңның сол аманаты іске аспады. «Жаңажолда» малдас құрып отырып, Алла қаласа, Ғабит Мүсіреповтің сол бір өміршең аманатын орындауға бел будым. Шынында да, бүгінгі жас қазақтарға XXI ғ. қазақ қалай қазақ болып қалмақ деген ойды жеткізуді өзіме парыз санадым. Әрине, бұл ойды айту оңай, ал орындау өте қиын болатынын қай-қайсымызда жақсы түсінеміз ғой.

Өзі

Қызылжардың ұшы-қиыры жоқ шексіз даласында мен суреткер-жазушы Ғабит Мүсіреповтің өмірдегі де, өнердегі де өнегесі туралы көп ойландым. «Жаңажолдағы» оңаша ұзақ кеш пен орамға келмейтін келте түнде, Ғабит Мүсірепов тәлімінің біз үшін аса қымбат болғанын ерекше пайымдадым. Ғабит Мүсірепов мектебінің тазалығы мен талғампаздығының бөлектігін де ойға алдым. Әуезов мектебі, Мүсірепов мектебі

аталатын рухани биіктікті кезінде біздер жас жазушылар өз өремізге ыңғайлап бағындырған болдық. Ал олардың терең, кең сапалы нағыз ұлттық әдеби мектептері олар дүниеден озған соң ұстассыз қалған. Ол ғажайып мектептерге қайтадан жан бітіретін әдеби білім тас қараңғы мешеу күйде еді. Қазақтың филологиясы мен сыны пысықтықтан, адамзаттық саналы толғанысқа әлі де аяқ баса қоймаған. Енді аяқ баспайтын да болар. Аяқ басуға өре де, тәрбие де, мәдениет те, намыс та, рух та жетіспейді. Сауатсыз университеттер, сауатты білім бере алмайтыны көзі тірілердің бәріне де белгілі болған. Қоғам соған көндіккен. Адам соған төзген. Өтірік өркен жайған қазақ даласының тілі кесілген.

Мүсірепов мектебінің, стильдік, композициялық, рухани тәлімі туралы талдау өткізу қандай бақыт десеңізші! Ойлы шәкіртке ондай тәлімдік сабақтардан өту нағыз мектеп болар еді. Қазақтың мәдениеті мен әдебиеті алып дала төсінде иесіз қалған мал қораға ұқсауы жанға батады. XX ғ. 80-жылдары сәуегей Мүсірепов, ізденімпаз Әзірбайжан Мәмбетовке, ұлттық өнердің діңгегін шайқалтып, табалдырығын аласартып барамыз деп бебеу қағуында бүгінгі тексізденіп бара жатқан қазақ мәдениетінің тамыры қаталап шөлдейтін күйіне тап болудан сақтандырғаны болса керек.

Сүлбесі бар, жаны жоқ «мәдениет» кімге керек?!. Ондай «мәдениетті» тілеп алатын кеуделеріне шайтан кірген талантсыздар бар екенін ұмыту дұрыс болмас. Суррогат «мәдениетті» сырт жұрт та құяды, өз ішіміз де талмай «өсіріп жатамыз».

Саясатты дұрыс жолға қоюға, экономиканы ілгерлетуге болар, бірақ рухы құлаған ұлттық мәдениетті қайта қалыптастыру мүмкін емес.

Рухынан айрылған ел – ел болмайды, рухынан айрылған мәдениет те ешуақытта қайтып тірілмейді.

Ұлттық мәдениет, мәдениетсіздікті кешірмейді.

Ал, алыптар елінің еркін азаматы болған суреткер-жазушы Ғабит Мүсіреповтің, менің күніренген ой-толғауымда еш шатағы жоқ. Хас суреткер, қазақ даласының бары мен жоғын бірдей жырлаған алып жүрек тоқтағалы қашан?.. Ақиқат майданының ер сарбазы ерлікті айтуда да, елдікті айтуда да еш тосылған емес. Отанның бақыты үшін жанын салған үлкен суреткер-жазушының өмірлік өнегесі халқымен бірге болса деген ой, біздікі. Сол ойдың өміршеңдігін тілеу біздікі.

Алып тұлғалардың айтқан сөздері уақыт аясында ұмытылып қалып қоймасын деген уәж біздікі.

Дала

Алып далада күздің қанға малынған қып-қызыл күні көгілдір көкжиекке енді ғана иек артқан тұсы еді.

Аллаға мың да бір рахмет, дәл осы күз Қызылжар еліне мол астықты үйіп-төгіп берді-ау!.. Енді тек жинап үлгер. Игілігіне жарат.

Бейқам қазақ, ризығың мен ырысыңды тағы да төгіп алып жүрме.

Өзгені тыңдама, өз жүрегіңді тыңда. Сол жүректің айтуымен жүрсең, қор болмассың, қазақ жұрты. Қазақ жұртына тыныштық тілейік, береке тілейік, бақыт тілейік. Бұл тілектер тірі болса, болашақ Мағжандар, Сәбиттер, Ғабиттер Қызылжар өлкесінің төріне тай-құлындай тебісіп әлі-ақ шапқылап шығар. Тегі бар ұрпақ тентіремес.

Шығармалары шындық жұтқан жазушылар өлмейді. Олар көп те емес. Жақсы суреткер-жазушы өмірде сирек кездесетін құбылыс.

Ғабит Мүсірепов те сол сиректердің санатынан.

Ғабит Мүсіреповтің өмірі де өзгеше болды.

Өнері де өзгеше болды.

Өлімі де өзгеше болды.

Өзі де өзгеше болды.

Құдыретті қазақ топырағынан жаралған, құдыретті қазақтың бірі де «Жаңажолда» дүниеге келген Ғабең – Ғабит Мүсірепов болатын.

Сол алып даланың төсіне енді ғана жеткен күздің көгілдір кешінде «Жаңажолдың» төріне тізе бүгіп асыл ағамыз туралы сыр шерткен – Роллан.

Күз, 2011 жыл,
Жаңажол, Қызылжар

Әмен ӘЗИЕВ, жазушы

Ғабеңнің Күміскөлдегі күндері

Сол жылғы жазғы демалысымыздың біраз күндерін Қарқаралының самал желді, салқын белді тауларында өткізуге бел байладық. Әбден шөбі шүйгіндеп, гүлдері мен жидегі піскен, атышулы жасыл атыраптың осынау шілдедегі әсем шағы қандай қызық. Шілденің орта шеніне таман, аттануымызға аз уақыт қалғанда облыстық газетте істейтін, құлағы түрік жігіттердің бірі көшеде жолығып:

– Естіген шығарсыз?.. Ғабекең келіпті дейді ғой. Ол кісі биыл да Қарқаралыда жатып, тынықпақшы көрінеді, – деді.

Қазақ қауымының «Ғабең», «Ғабекең» деп ерекше қастерлеп, асқан ілтипатпен атайтын екі ғана адамы бар еді. Ол Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафин болатын. Соның қайсысы екенін айыра алмай, бір кішкене күмілжіп те қалдым. Себебі, құрметті Ғабиден ағамыз да келесі жылы сексенге толады. Бірақ, кәрілікке дес бермей, осыдан бір-екі жыл бұрын Ұлытау мен Жезқазғанды, Қарағанды мен Қарқаралыны аралап шыққан-ды. Ал, үлкен Ғабең болса, бұған дейін арасын үзбей, екі жаз қатарымен Қарқаралы тауларында демалғаны рас-ты. Осы жайлар көңілге түйткіл салып:

– Сенің айтып тұрғаның, қай Ғабең? – дедім, досымның жүзіне қарап.

– Неше Ғабең бар еді?.. Кәдімгі Ғабең... Асқар таудай алыстан көрінетін, Социалистік Еңбек Ері, академик-жазушы Ғабит Мүсірепов! – деді кездесіп тұрған әріптесім, бір түрлі ныктай сөйлеп.

Шынында тартымды хабар айтқан досыма қуаныш танытқандай қарап:

– Түу, Ғабеңнің келгені, керім болды-ау! Енді бірер күнде біз де Қарқаралыдағы «Шахтер» демалыс үйіне бармақшы едік, – дедім.

– Е, ендеше мұныңыз біз үшін дұрыс болды, – деді ол да жайбарақат күлімсіреп. – Егер, сіз орайын тауып, ардақты ағаның алтыннан да бағалы асыл сөздеріне сусындайтын болсаңыз, біздің «Орталық Қазақстан» газетіне қалайда бір жақсы очерк жазатын болыңыз.

– Мақұл, ыңғайына қарай көрейін, – дедім.

Шілденің 14-і күні, түс ауа Қарқаралыға жеттік. Күрделі өнеркәсіпті қаланың ығыр еткен, мазасыз шуынан аулақтап, тамаша тыныштыққа, сыңсыған табиғат аясына тап болғандықтан ба, тау арасының балбырап, тұнып тұрған хош

иісті, ғажап көріністері бірден-ақ сүйсіндіріп, мас қылғандай болды. Көңіл-күйіміз де шектен тыс шалқып, бойымыз сергіп сала берді. Бала кезден көзге таныс, көкірекке қанық сұлу суреттер үкілі жас арудың бейнесіндей сылаң қағып, жан сезімдерімізге толассыз әсер ете бастады. Бұғылының осы жақ сілеміне кіретін, үшкір басы көк тіреген, қызыл иек зәулім құз сол өзгермеген қалпында. Оның сонау шырқаудағы жақпар-жақпар тастарынан, немесе одан бергі жалтыраған тайғанақ беткейінен сирек шыршалар көрінеді. Шайтанкөл жақтағы терең шатқалдың бүкіл аңғарына сіресе өскен, қалың орман нуынан қарағай шәйірінің мұрынды жарған иісі келеді.

Ертеңіне таңертеңгі астан кейін, демалыс үйінің жаңадан салынған кеңсесі алдында Ғабеңді шағын топпен ұшыратып та қалдым. Қарағанды облысына арнайы келген, республика кәсіподақтары советінің сол кездегі төрағасы Әшімбаев Тұтқабай қасына біраз адам ертіп, кеншілердің көрікті орны – «Шахтер» демалыс үйінің жай-жапсарымен танысып жүр екен. Көршілес Талды ауданына да бармақшы болған бұл топ аттанар сәтінде сәл аялдап, өзара әңгімелесіп тұрғанда Ғабең анадайдан екі қолын артына ұстап, жалғыз өзі жай басып, келе жатты.

Халықтың сый-құрметіне шексіз бөленген атақты суреткердің жақында КСРО жазушыларының VII съезіне барған, одан қайтар жолда Солтүстік Қазақстан облысындағы өз туған ауылына соққан сапарларын жұртшылық газет арқылы білетін. Ал, мұндағы әдейілеп келген аз күнгі демалысына да хабардар ел қуанышпен іштартып қалған еді. Нақ сондай қошемет сезімнен болар, мына тұрғандар да сөздерін кенет доғарып, Ғабеңе үлкен ілтипатпен назар аударысты. Көзіне мүйіз көзілдірік киген, жұқа көгілдір шаштарын оң жағына қисайта, әсемдеп тараған, үстінде қарапайым тігілген, бірақ жарасымды сұлу костюмі бар Ғабең аяқтарын асықпай, салмақтап басып, ойлы жүзбен тақап та қалды. Жас шамалары әр қилы кісілер осы тұрған орындарына жазушының жетуін күтпей-ақ, ізет сақтап, түйдегімен қарсы жүрді. Тақала бере әуелі Тұтқабай екі қолын қатар созып, үн қатты:

– Уа, Ғабеке-е!.. – деді ол, толымды қараторы өңінен тәуір шырай аңғартып, даусын созып. – Сіз, осында ма едіңіз?.. Мен сізді дәл Қарқаралыдан, дәл осылай кездестіремін деп ойламаған едім!.. Бұл өзі, бір айтып жүретіндей жағдай болды-ау!..

Ғабең жауап қайтаруға асықпады. Ол аяқ астынан

тұтанған қуанышқа да, ренішке де айырықша ұстамды пейілмен қарайтын, ешбір аптығу, абыржу дегенді білмейтін кісі. Адамды еріктен тыс билейтін ішкі сезімдердің құбылған жалт-жұлт иірімдерінің өзін ол сыртқа оңайшылықпен, жеңіл-желпі шығара қоймайды. Айнала қоршаған сан түрлі құбылыстардың ешқайсысын шашау жібермей, қас қағымда терең зерлеп, байыбына барып үлгеретін Ғабеңнің бұл жолғы қимыл-қозғалысы да, өзіне тән жұмсақ, қоңыр мінезі мен дауыс ырғағы да мінсіз қабысып, соншалықты сабырлы естілді.

– Баршаңыз да, есен-саусыздар ма? – деп, байсалдылықтың шеңберінен ұзамай, әуелі тұрғандардың жағалай ұсынған қолдарын алды.

Алдағы 1982 жылдың үшінші наурызында 80 жасқа толатын асыл ағаның әлі көп әжім шалмаған, әдемі ақ сұр өңінен бәрімізді аялаған әкелік мейірім аңғарылады. Маңдайы ашылып, кішірек қабағы жарық айдың жартыкеш қанатындай жадырай түсті. Келісімді қиысқан еріндері сөйлеуге икемделгенде, екі бетінен түймедей шұқыр білінетін. Мінсіз тізілген тістері де көрінетін. Еш уақытта рабайсыз толып көрмеген, жұпыны, орта бойлы, сұңғыла денесін әлі де тік ұстаған Ғабең кеудесін сәл кере, көтеріңкі дауыспен, асықпай тіл қатты:

– Иә, Сарыарқаның алтын белі, жер жаннаты қаркаралыға менің келіп жүргенім бір бұл емес. Осында, осы демалыс үйінде биыл үшінші жаз тынығамын... қиыннан қиысатын көркем шығарма, кестесі келіскен өрнек сияқты нәрсе ғой. Сондықтан, жай келмей, ара-тұрасындағы ептеп ермек етейін деп, ине-жібімді де ала келгенмін. Бірақ, амал не, мына Мақаң «бізге жазушыдан бұрын, жақсы жауын керек» деп, жауын-шашыннан Қаркаралының көзін аштырмай қойды, – деді, қонақтың қасына ерген аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бекшин Махметке тұспалдап қарап.

Үлкеннің де, кішінің де көңілін жықпай, кездескеннің қайсысына болса да өте сергек қарайтын, барынша сыпайы мінезді Махмет Ғабеңнің әлгі болымсыз әзіліне бір түрлі қысылып қалғандай болды.

– Ғабеке, о не дегеніңіз? – деді ол, ағаға қарай иіліңкіреп. – Бізге жазушы ағамыз да керек, жердің жүзін жайнатқан көлкөсір жауын да керек. Екеуі де бүкіл өмірімізге жансебіл. Сізді осы жаққа әкеп, орналастырғаннан бері, тағы бір көрінбекпін. Көңіліңізді аулай алмай жатқанымызға кешірім сұраймын!..

– Жоқ, о жағы болып жатыр ғой, – деді Ғабең маңғаз дауыспен шалқая қозғалақтап.

Топпен ұшырасқан бастапқы тілдесулер осымен тәмамдалғандай болып, ендігі ретте Тұтқабай еріп шыққан жолдастарын қысқаша таныстырып өтті. Арадағы әңгіменің бір орайлы тұсында Махмет те өз ауданының келешегін азырақ сыр шертті. Соның бәрін байыптап, зейін қойып тыңдаған Ғабең:

– Міне, аз да болса маңызы үлкен жайларды естідік, – деді, тыңдаған сөздерінің сонарын қош алғандай. – Мына шағын ұшырасуда қаншама жақсылықтар айтылды. Қарқаралы баяғыдан қазақтың түп мекені, қазығы сияқты жер!.. Иә, Мака, егініңді көп бересің бе, аз бересің бе, ол биылғы маусымдық міндеттерің. Оны көктем мен жазда жүргізген тиянақты наукандарың шешеді. Бұл жағынан Қарқаралы да ешкімнен қалыс қала қоймас. Менің аға ретіндегі ақылым, осы жаңа Тұтқабай еске салғандай, біздің республикамызда мал шаруашылығы – екінші майданға толық айналып отыр. әсіресе, партия мен мемлекеттің бүгінгі кейбір басшыларының өздерінше жасаған болжамдары бойынша таяу жылдарда қазақтың ұлан-асыр даласында 50 миллион қой өруі тиіс. Азық-түлік программасының аса үлкен қайнар көзінің бірі сол болар еді. Бірақ, ол қайдан бола қойсын. Әрине, біздің қазақ қауымы ғылым-білімнен кенде болған сонау бағзы замандардың өзінде, төрт түлікті мыңғыртып өсірудің теңдесі жоқ шебері саналған. Сол ұзақ дәуірлерден үзілмей келе жатқан малсақтық, сарқылмайтын тәжірибелер алдағы ұшан еңбекте де тиісті берекесін бермек. Біздің қазақ төрт түлікті бүкіл тіршілігінің тірегі тұтпаса, іштен шыққан баласын «құлыным», «ботам», «қозым», «лағым» деп әлпештер ме еді?.. Мал жарықтықтың еті, сүті, майы, қаймағы мен айраны ауызға еркін тиіп, жібек жүні, тамаша терісі үстіне киім болып қонса, тоқшылық пен несібе көзі сол емес пе? – деп Ғабең арналы пікірін бір түйіндеп алды да, Махмет Бекшинге қайтадан бұрылды. – Тыныгып жатқан бізге көп алаң болмаңыздар. Жұмыстың аты жұмыс, ол қашан да қысылшаң. Бұған «Алғашқы қонақ соңғы қонаққа жол береді» деген де кәде бар. Халықтың ертеден келе жатқан пәтуалы дәстүрін мұқият сақтайық десек, бізден бұрын мына тұрған қадірменді жолдастарға көбірек көңіл бөліңіздер. Біз болсақ үйренген, Қарқаралының өз адамына айналып бара жатқан кісіміз.

– «Біз деуіңізге қарағанда, Ғабеке, семьяңызбен келген боларсыз? – деді Әшімбаев Тұтқабай жазушының жай-жапсарын толығырақ ұғынғысы келіп.

– Иә, семьяммен келген едім.

– Көкшеде көл көп. Биыл «Оқжетпеске» неге бармадыңыздар?

Оқжетпесте» болудай-ақ болып жүрміз ғой. Жазу жазған кісіге осындай, адам аяғы аз, тыныштығы мол, таза жер жақсы. Бұ жағынан алғанда Қарқаралы маған ұнап жүр. Мұнда табиғаттың қылтанағы сынбаған, тау-тас, өзен-көл жаңа ғана жаралғандай. Ең тәуірі, мотор үні тым аз естіледі.

– Жазу жазған кездеріңізде бөгде дыбысты қаламайтын шығарсыз?

– Әлбетте солай. Құлаққа ұрған танадай тыныштыққа не жетсін. Ой-сезімің бөлінбесе, жазу сонда өнеді ғой. Кейде суреткер азанда тұрып, жазу үстелінің басында өзімен-өзі боп, белгілі бір өмір құбылыстарын көз алдына тізіп қойғанда, өзге түгіл төсекте жатқан қимасың қорылдамасын!.. Не дауыстап шақырып, мазаңды алмасын!..

Жағалай тұрғандар көңілді күлкіге бөленді. Осы тұрыстан кейін Тұтқабайлар Ғабеңмен қоштасып, Талды ауданына аттанып та кетті. Асыл аға мені де елеусіз қалдырмай, артқа таман тұрған маған енді біржола назар аударды. Бағана Тұтқабай, қали, Махметтер қарсы жүріп, жазушыға сәлем бергенде, мен де үлкен кісінің қолын ұстап үлгергем-ді. Содан соң, сөздерін бөлмей, әңгімеге араласпай, кейінірек тұрғанмын.

– Иә, Әмен, Қарқаралы сенің туған жерің еді ғой. Қашан келіп едің? – деді Ғабең, кең асфальт жолдың үстімен ақырын аяңдап.

– Кеше келдім. Кеше кешкі жауынның алдында сіздерді іздедім, – деп ілесе жөнелдім.

– Бір-екі күнге ме, жоқ жақсылап демалуға ма?

– 16 күнге сатып алған путевкамыз бар еді. Семьяммен жатып, тынықпақшымыз, Ғабе.

– Е, онда керім болды. Мұнда Евней Букетов те бар. Өстіп, ортамыз тола берсін, – деп қойды, асықпай жай сөйлейтін ағамыз.

Жаңа Тұтқабайлар машинаға мініп жатқанда, аудан басшысы Махмет Бекшин Ғабеңдерді және біздің Қарқаралы қаласының арғы қапталындағы Кеңдара орманына, ондағы жастардың сауықтыру лагеріне тақау орналасқан коттеджге «Кешке қарай келіңіздер» деп, қонаққа шақырып кеткен. Аттануға жиналатын мезгіліміз ұлы бесін. Оған дейін талай уақыт бар. «Шахтер» демалыс үйінің орталық корпусындағы тәуір жабдықталған №12 люксіне жайғасқан Ғабеңдерді түске жақын өз жатқан жерімізге, бүгін таңертең Үлкенкөлдің сыртындағы жылқышылар ауылынан жеткізілген сары қымызға шақырмақшы болдық.



Ғ.Мүсіреповке «Еңбек Ері» атағын тапсыру. 1972 ж.

Ғабең мен Ғазиза

Тағы да бір суреткермен бақұлдасу...

Сол жақтан: Т.Әбдірахманов, Ғ.Мүсірепов, Ж.Молдағалиев, С.Мұқанов және өзбек жазушылары

Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты» романының бас кейіпкері Қайроштың протатипі Қайырғали Смағұловпен бірге

«Ақан сері–Ақтоқты» қойылымынан соң... 1980 ж.

Туған ауылдың дәм-тұзы...

Жазушылар Алматы облысының Жамбыл ауданында

З.Кедрина, Ғ.Мүсірепов, Ә.Әбішев

Солдан: З.Ахметов, К.Мырзабеков, Ғ.Мүсірепов, И.Абашидзе, С.Сейітов, О.Сүлейменов, Ш.Айтматов, М.Қаратаев Қазақстан Жазушылары одағында. 1975 ж.



В.Карпов, Ә.Тәжібаев, Ғ.Мүсірепов

Ғ.Мүсірепов, М.Симашко, Ә.Кекілбаев. 1982 ж.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері. Сол жақтан: М.Қаратаев, А.Нүсіпбеков, Ғ.Мүсірепов, Ә.Марғұлан, Ғ.Мұстафин.

Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Т.Ахтанов, С.Қирабаев т.б.

Б.Сахариев, Ғ.Мүсірепов, Р.Бердібаев

С.Сейітов, Ғ.Мүсірепов, Ж.Тілеков. 1965 ж.

Өзбек әдебиеті мен өнерінің Қазақстандағы күндері. Ғ.Мүсірепов және Ғ.Мұстафин қонақтарды әуежайда қарсы алуда

Алматыдағы Ұлттық кітапханада. Ғ.Мүсірепов, С.Оразалы. 1982 ж.

М.Әуезовтің зиратына қойылған ескерткіштің ашылуы

Жүзімді алқапта. Суретте: С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов, М.Қаратаев т.б.

Ғабит Мүсірепов, Қасым Қайсенов т.б.

Демалыс сәті... 1953 ж.

Ғабең туған жерінде

Ғабең мектеп оқушыларының арасында

«Сұхбат» телехабарынан көрініс. Замандас қаламдастары туралы толғау

Ғабең ел аралағанда

Т.Ахтанов, Ш.Айтматов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов

Немеремізге дейін ертіп, семьямыз болып келгендіктен, бізге де екі бөлмелі, кең балконды, аса жайлы орын тигенді. Сол құтты мекеніміздің алғы бөлмесіне үстел жасап, тоңазытқышта сақталған тамақты, үйден пісіріп әкелінген аздаған қазыны турап, Ғабеңді күтіп алуға әзірлендік.

Жүріс-тұрысы соншалық ауырлай қоймаған, баяғысынша бипаз, бап тілейтін, Сәкен сияқты сәндікті сүйетін, зиялы Ғабит ағаның төңірегінен Ғазиза жеңгеміз бір елі қалмайды екен. Ғабең суға, орманға, тамаққа барса да, барынша құрметтеп, ертіп жүргені. Біздің үйге де өзі ертіп әкелді. Қастарына қарағанды бассейнінің өркендеуіне қырық жылдай үлес қосқан, белгілі инженер, ғалым Рахымбеков Мәтенді, оның зайыбы, тәжірибелі дәрігер Нәзікенді қостық. Ғабеңдер бұл кісілерді жатсынбай, бірден-ақ тіл табысты. Алдына тартылған бал қымызды асықпай сіміріп, мақтауын келістіре отырып, жылқы мен қымыз жайында көңілінде жүрген ойларын ортаға салды. Өткен ғасырда орыстың көптеген мәдениетті, білімдар интеллигенттерінің, әсіресе Шоқан, Ыбырай, Абай төңірегіндегі озық адамдардың қырға, қымызға келуі дәстүр болғанын, қазіргі кезде қазақстанды мекендеген қай ұлттың ұрпағы болса да, дәмді қымызды сүйсініп ішетінін еске салды.

– Мынау Алматының бөтелкелеп сататын қышқылындай емес, ыдысы келіскен, көп пісілген, нағыз дәрі, сары қымыз екен, – деп кәрлен кеседегі асыл сусынды қайта-қайта тамсанып, іше бастады. – Жаз ортасындағы бабы келіскен қымыз осылай ерекше құнарлы, дәмді, түсі сары келеді. Ол нәрлі шөптен, көп шайқалудан туады. Шын жақсы қымыз жан сарайыңды ашып, денеңе таусылмайтын шексіз қуат береді. Көп ішсең жадыратып, маужыратып, ұйқыға шақырады, – деді.

Одақ оқырмандарына кең тараған және шетел тілдерінде де аударылған, белгілі «Оянған өлке» романының авторы қарағандының социалистік дәуіріндегі тарихына қатысты Мәтеннің аузынан шыққан мағлұматтарды тапжылмай, құмарта тыңдап отырды. Бассейннің игі жақсыларын бас-басына атап, денсаулықтарын сұрастырды. Социалистік Еңбек Ерлері: академик Сағынов әбілқасым, құрметті кеншілер Нұрмағамбетов Бәшірдің, Үрістемов Жәкеннің, Шоманов Сәкеннің және басқа абзал адамдардың қарағанды сияқты қайнаған өндіріс көрігінен пісіп шыққанын мадақтап жазу үлкен міндет деп байыптады. Ұлы Отан соғысы уақытында еңбекші қауымға мінсіз қызмет еткен облыстық «Советтік қарағанды» газетін, оның тұрақты редакторы

Тайкіманов Бейсенғалиды айырықша ықыласпен еске алды.

– Ұмытылып бара жатқан дәстүрімізді жаңартып, соғыс жылдарында халық ақындарының айтысын ұйымдастырған да осы газет болатын, – деп, жарасымды салт-сана, әдет-ғұрыптан өндитін дәстүр мәселесіне жете ой берді. – Орынсыз етек алатын жарамсыз әдеттердің өзіне бас-көз болмаса, оның өте ұнамсыздары елді ұятқа батырады. Мәселен, қазіргі уақытта біреу үйлену тойын өткізбекші болса, тізілген машиналарға үрлеген қуықтарды байлап алып, мәз болады. Сонда осы қампиған қуықтар ненің символы? Дәл маған түсініксіз, – деді.

Кешке қарай Ғабең Кеңдара орманына қонаққа баратынын ескертіп, жарым сағаттан соң орнынан қозғалды.

* * *

Ғабең Кеңдарадағы өзіне арналған сый-құрметке зайыбы Ғазиза мен қызы Гауһарды да алып жүрді. Қарағандыдан ерген қосшылар да бар екен. Олар да о жаққа аталып шақырылған-ды. Әрине, жақсының маңы қашанда пейіш, оның саясын кім сағаламайды. «Ғабит Мүсіреповтің жанында бәленшекең бар екен. Бірге демалып жатыр екен» деген, ел арасына тез тарайтын дақпырттың өзі неге тұрады. Ол елеулі бедел, абырой әкелмей ме. Ауданның басшылары да көңіл көтерген, бой жаздырған бұл қызғылықты кештің куәгері болысты.

Үстел басына жайғаспас бұрын Ғабең айналасын биік шоқылы, ирек жонды, іркіс-тіркіс таулар қоршаған, қолдың саласындай қалың өскен қарағай орманның арасындағы сауықтыру мекенін біраз көзбен шолды. Ірге тепкенінен он бес шақты жыл болған, кәсіптік-техникалық оқу орнының тәрбиеленушілерін қабылдайтын лагерь қазіргі уақытта шамалы жөндеуде екен. Оның бүгінгі жағдайына байланысты Бекшин Махмет те, Қарқаралы аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы құсайынов Совет те кезектесіп, түсініктер берді. Жастарға жыл бойына демалғызатын жайлы орынның тигізген пайдасы орасан екені аталды.

Қарқаралыдан бөлініп, жеке дара енші алған, отау тіккен Талды ауданының өркендеген шаруашылықтарын, былтырғы Кент тауында өткен шопандар тойын Ғабең ізетпен еске түсірді. Одан бүгінгі ел игілігіне қызмет еткен қарағайлы кен-металлургия комбинаты хақында түрлі жайттарды сұрастырды. Балқаш пен Арал сияқты айдын шалқар теңіздердің көз алдымызда ортайып, саяз тартқанына өзі талайдан бері алаң екен. Әйгілі Сырдарияның ауыр

салмақпен ағатын жалпақ арнасы бүгінде қылдай жіңішкеріп, жағасындағы жыңғылдары оталып, жалаңаш тартқанын қынжыла айтқанда: «Көлге тұрақ – көк құрақ, көк құраққа – көл тұрақ» деген дана нақылды келтірді. Кенет кідіріп, қол созымдағы биік қарағайлардың жасыл қылқандарына қарады.

– Байқайсыңдар ма? – деп орманның тым-тырыс құбылысына құлақ тіккендей болды. – Бұтақтан-бұтаққа қонған, сайраған құстар неге аз?.. Бір торғайдың әнін жөндеп естімейсің. қазір сар даладан аң атаулыны да кезіктіру қиын. Өзен, көлдер ортайды. Аққу, қаздар қонбайды. Ал, егер, зәуде небір қанатты құс, небір төрт аяқты аң көріне қалса, ол оңбайды. Құйындай аққан машина бар, оқталған мылтық бар. Ол даусыз қанжығаға ілінеді. Осы күні байқасаң, аннан, құстан мылтық көп, «мерген» көп. Бұл не деген сұмдық?..

Ғабеңосыны айтты да, тығырыққа тірелгендей, қынжылған ыңғай танытты. Аздан соң үзілген сөздерін қайтадан жалғап, көрші Жезқазған облысының ұлан өлкесіндегі жазда су іздейтін, қыста жем іздейтін, ылғи мың-мыңдап жоситын елік пен ақбөкен жануарларының қандай аянышты халде жүргенін айтып берді. Бұған да екі аяқты, қатігез браконьерлер кінәлі көрінеді. Олар тіпті тырым-тырықай қуғаны, үркіткені былай тұрсын, жусатып, қырып салады дейді. Оққа ұшқандарының ішінен тек құйрық таңдары жарқыраған, қоны келіскен, сұлу текелерін ғана таңдап артып, қалған жәутік-мәутік, ешкі-лақтарын ит-құсқа, шыбын-шіркейге жем қылады, тастап кетеді дейді!..

– Шөп басы жел болмаса қимылдамайды ғой, – деді Ғабең одан әрі мырс етіп. – Сол «дейді, дейдінің» шындыққа жанасатыны бар болуы керек. Менің ойымша бір он жылдай аң мен құсқа толық тыныштық бергізетін заң керек қой деймін. Әйтпесе, аяғы өкінішке айналмақ. Ақиқатын айтқанда жүдеулік, жұтандық, меніреулік құлазыған шөлден басқаға жараспайды. Тереңнен шымырлаған мөлдір бұлақтар сылдыр-сылдыр үн қатып, құлдыраң қағып жатпаса, баурайындағы шоқ тоғай жайқалып, шулап тұрмаса, не сән?.. Қайран жердің қоң етін тесіп, асыл кендерін судай сапырған мына талай ғасырды көріп отырмыз. Біздің ел бұл жөнінен өзге жұрттарды ақылға шақырып, өнеге көрсетсе ғой. Табиғатты қорғау, мәдени ескерткіштерді сақтау, ауаны, атмосфераны таза ұстау!.. қысқасы, жақсылықтың баршасына дауыс береміз!..

Біз, бәріміз Ғабеңді қоршап, жай аяңдап, әңгімесін сүйсініп тыңдап, жүріп келеміз. Ол кісінің алдында біл-

гішсініп, қисынсыз кеткен, шырық бұзған адам әзірге кездеспейді. Мұндайда қолға сирек түсетін парасат иесін үнсіз тыңдай берген жөн. Бүгінгі қазақ поэзиясының аса күшті ақындарының бірі Қадыр Мырзалиевтің:

Сүтпен қоса анаң мейір емізген,
Ақ ниетің кем болмасын теңізден.
Өседі гүл күннің алтын нұрынан,
Ал адамдар жылы-жылы лебізден! –

дегені рас қой. Жақсының кең көсілген, терең толғаған лебіздеріне не жетсін!..

Орманды алқаптың ортасында ауыл орнындай алаң бар еді. Оның көктемде су жайылған ойпаңдау жері кілем түгіндей көк шалғын, одан әрман сары жоңышқалы, алуан гүлді мол пәйек. Жібектей шүйгін, майса шөптердің нешеме түрі құндыздай өркен жайыпты. Төмендегі үйлерден басталып, қаздай тізілген шағын-шағын саяжайлардың жанымен өтетін, жиегіне біркелкі кірпіштер төселген, әрі аппақ етіліп сыланған ұзын жолды Ғабең ұнатқандай тұрып қалды. Көк жүзін көзбен шолып, алыс шырқаудан қанаттарын қақпай, қалықтаған бір үлкен құсты көрді. Мен қасына тақала түсіп:

– Ғабе, былтыр октябрь айында «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде көрнекті ақын Жұбан Молдағалиевтің 60 жылдық мүшелді тойына қатысып, құттықтап, пікір айтқаныңызда: «құс төресі – қыран. Ол ешқашан қалғымайды. қай биікке шыкса да, қыранның басы айналмайды» дегеніңіз есіңізде ме?» деп сұрадым.

Астарлы мағынада айтылған ол пікірдің енді дұрыстығын дәлелдігісі келгендей, Ғабең:

– Асылында, солай емес пе?.. Әне, кандай әсем қырағылықпен ұшып жүр, – деді, көкпеңкөк зеңгір аспанға көз жіберіп.

Әлден уақытта ол қазақ сахарасында ғасырға жуық өмір сүрген, талай ұлттардың өкілдерін өзара табыстырып, саудасаттық, мәдени қарым-қатынастар жасатқызған, атышулы қоянды жәрменкесінің осы арадан екі бекеттей жерде тұратынын сұрап білді.

Ғабеңе кездескелі, оның аузынан естілген біраз жайлар менің қойын дәптеріме түскен еді. Өрбіген сөз кезегі Қоянды жәрмеңкесіне байланысты болғандықтан, бір нәрсені ашып алғым келіп:

– Ғабе, сіз биыл атақты әнші Майра жөнінде жазылған, жаңа көркем әңгімеңізді жарияладыңыз. Соған қарағанда, сіздің Қоянды жәрмеңкесінде болуыңыз кәдік қой? – дедім.

– Жоқ, ол мүмкіншілік маған тумады.

– Неге?

– Себебі, мен қостанайлық алыс Пресногор ауданында өстім. Біздің жерімізге Сібірдегі орыс қалалары, олардағы ондаған базарлары жақын тұрды. Солардың ішіндегі ең үлкені Троицк және өзіміздің Көкшетау, Атбасар жәрмеңкелерін жас күнімізде шет жағасын көрдік. Әрине, Қоянды жәрмеңкесіне бұлардың ешбірі теңесе алмайтыны анық, – деп бұлтартпайтын дәлелдер айтты.

Тарихтың тірі сораптары өше ме? 1848 жылы көктемде Ялуторвск қаласынан шыққан Серафим және Варнав дейтін әкелі-балалы Ботовтар Қарқаралының солтүстігіндегі қарасор көлі мен Талды өзені бойындағы жайлауға жетіп, мұндағы сыңсыған қалың ауылдар ортасында ұсақ сауда (бақалшылық) жасапты. Осы ара кейін үлкен базарға айналып, ол әуелде «Ботап жәрмеңкесі», одан кейін бертін келе «Қоянды жәрмеңкесі» атанады. Бүкіл Орта Азия құрылығындағы ең ірі дала базарында жыл сайын миллиондаған мал сатылады. Оған көп елдерден саудагерлер, өнерпаз адамдар келіп, жаздың маужыраған бір жарым айында қызық думан өрістейтін. Азамат соғысы кезіндегі бірер жылғы үзілісті есептемегенде, қоянды жәрмеңкесі сексен жылға жуық өмір сүріпті. 1929 жылы базар ақырғы рет жұмыс істеп, жабылыпты.

Ресей империясының 1824 жылғы ұйғарымы бойынша Орталық Қазақстанда кешікпей Қарқаралы, Аякөз, Ақмола, Баянауыл атыраптары өз алдарына жеке-жеке ішкі округ болып құрылғанын Ғабең айта тұрып, аталған әкімшілік орындарының атқарған тарихи маңыздарын жеткізе баяндады.

Күн шоктай қызарып, шарасы да кеңейіп, тау желкесіне тақалды. Көлеңкелер ұзарып, кеш алдында желсіз рақат, марғау тыныштық пайда болды. Табиғаттың қайталанбас терең сырларын қатты қадағалайтын Ғабең біздің жағалай қаумалаған ортамыздан өзі де кіршіксіз ықылас тауып, жаңа бір тың әңгімеге ауысты.

– Басқа уақытта мүлде ұмытып жүресің де, тек осындай себепті сәтте ғана ойға оралтасың, – деп, ол жайлап, жан-жағына толғана қарап жолдың белеңдеу жеріне іркілді.

Көкірегіне құйылған бір жарқын елес сағынышқа толы, алыс кездерді көз алдына әкелгендей болды. Тау арасының ширатылған буалдыр сағымына килікпей тұрғанда, айтып қалғысы келетін тәрізді.

– «Көптен бері, көптен бері сарылып, күтіп отыр қыр астында кәрілік» деген екен бір ақын, – Ғабең тұрғандардың

өң-түстеріне барлай карады. – Сол айтпақшы, міне, жас ұлғайды. Бірақ, ажар тозғанмен, көңіл тозбайтыны рас. Көз алдыма келтіріп байқасам, бәрі күні кешегідей, баз қалпы ұмытылатын емес. 1931 жылы мен дәл 29 жаста едім. Адамның толықсыған сынаптай, бұла шағын «қылшылдаған жігіт» демей ме?.. Сол жылы май айында көк ерте қаулады. Біз, бес адам, парлап ат жегілген екі жеңіл лащеңкемен Екібастұз, Баяндатып, әлгі айтылған Қоянды жәрмеңкесінің үстімен, Қарқаралыға келдік. Казкрайкомның тапсырмасымен ел арасында оқу-ағарту шараларын, кедей, батырақ, әйел тендігін тексердік. Уақыттың қиын, тамақтың тапшы, тұрмыстың жұтаң кезі. Бірақ, солай бола тұрса да, қарқаралының жаңадан әкімшілік орталығына, округке айналған, баяғы көркі түк кемімеген шағы екен. Ол уақытта бүгінгідей, бей-берекет кез емес. Көшелері шетінен түзу, жып-жинақы таза, көгалды. Үйлері кілең ағаштан бұралған, жаппай шатырлы. Үй ернеулері, терезе, есік оюланған, өрнектелген.

Іргесінде орманы бар Семей, Қызылжар, Көкшетау, Ақмола, Баянауыл қалаларында да ағаш үйлер әрқашан осылайша тәуір салтанатпен салынғанын білеміз. Ағаштан түйін түйген, өрнек өрген шеберлер қай халықтан болсын кездеседі ғой. Сондай өнерпаздардың қолымен жасалған Қарқаралыдағы екі мұсылман мешітінің, екі орыс шіркеуінің биік күмбезді ғимараттары тау алқымындағы шағын шаһардың бүткіл бейнесіне бір түрлі сән беріп тұратын. 1936 жылдың жазында екінші рет қарқаралыға келсем, бұдан бес жыл бұрынғы көрген көріністерімнің көбісі жоқ. құнанбай мешітінің ағаш мұнарасын бір шолақ белсенді кесірі тиеді деп қиратып тастатыпты. Қызыл кірпіштен өрілген, татар мен орыс дін иелерінің ғимараттары да осының алдында талқандалыпты. 1953 жылы үшінші рет келгенімде де Қарқаралының мекендік тұрпатынан көңіл қуантқан жаңалықты, шынайы өзгерісті байқай алмадым. қазірде де сол күй. Қайта, үйлер соңғы жылдарда жөн-жобасыз салына бастаған ба деп қалдым. Осындай жарамсыз нәрселерді көргенде жаның ауырады. Сондай қынжылу үстінде бүкіл Шығыс сәулет өнерінің ғажап туындысы – қожа Ахмет Йассауи мавзолейінің қалайша аман сақталғанына қайран қаламын. Бізден алты ғасыр бұрын салынған керемет мүсін қазіргі советтік заманымызға дейін, сол үздік қалпында жетіп отыр. Рас, аталған жойқын ескерткіштің көрген көрешегін біз тарихтан білеміз. Мәселе, кірпішін сындырмай, сырын кетірмей, күтіп ұстауда. Бұл жағынан,

ең алдымен ұлы орыс халқының тамаша ұқыптылығы аскан өнеге. Ұлан-байтақ Ресейдің орасан мол сәулетті үйлері, ғимараттары, ескерткіштері көздің қарашығындай сақталып, күллі адамзатқа зор мақтанышпен паш етілуде. Бұған қалай сүйсінбессің.

Бұл ретте Батыс Еуропа елдерін айтпай-ақ, экономикасы олардан әлдеқайда төмен Үнді елін алайықшы. Онда өткендегі ата-бабаларының іскерлігін, өнерпаздығын, мінезін, адамгершілігін дәлелдейтін қаншама ғаламат ескерткіштер мұқият сақталып отыр. Қарқаралы сияқты қазақстанда бұрын орнаған, бір кездегі көрікті қаланың тарихи ескерткіштік мәні бар құрылыстарын, мекен-жайларын отызыншы жылдарда жаңсақтықпен біраз бүлдіріп, қалған уақыттарда ұқыпсыздық салдарынан тоздырып алғанымыз орны толмайтын жара. Мына әсем таулар мәңгі тұра бермек. Соның тамаша қойнауындағы қарқаралы қаласы да сәніне сән қосып көркеюі қажет.

Жазушының барқыттай майда қоңыр даусы тынған кезде, ауданның екі басшысы Махмет пен Совет оған зор зейінмен қысыла карап тұрды. Дәм әзірленіп жатқан үйден шақыру хабары жеткенше Ғабең үзілген сөздерін қайыра жалғады.

– Адам туғалы әсемдікке құмар. Оның жан сезімін әсемдік дүниесі әлдилеп, тербетпесе, ол мүлде топас болып кетер еді. Өмірінде сезімі бір селт етпеген, атқан таңға, шыққан күнге, айлы түн мен жауған қарға, болмаса мына толықсыған шілде гүлдеріне бір қызығып, сүйсінбеген адамның хайуаннан несі кем? Мына тау-тас, мына жасыл орман, сылаң қаққан бұлақ, жайқалған шөп ғажап қой! Адамның ақылды миымен, өнерпаз қолымен жасалған неше түрлі заттар да солай. Оған жоғарыда айтылған ескерткіштер де, рухани туындылар мен көркем шығармалар да кіреді. Солардың күллі жиынтығынан қажетінше сусындаған, қасиетті сәуле-ұшқындарын жүрегіне қастерлеп, жинай білген адам ғана марқабатты, дарқан, парасат иесі болып қалыптаспақ. Ондай жаны жайсаң адам елді де жақсы басқара алмақ. Танның атуы, күннің батуы ыңғай шаруашылық жұмыстарымен әлек боп, байыптап бір кітап оқымайтын басшыдан не күтуге болады? Ондай кісінің жаны жібек емес, қайыс болып кетеді. Қысқасы, жан нәзіктігі – мол тәлімнен.

Белгілі бір ортаның адамгершілік, жасампаздық тұлғасының өзі ежелден ұстанған дәстүр дағдысынан, мәдени болмысынан айқын танылмақ. Атағы шартарапқа жайылған қоянды жәрмеңкесінің сегіз көшеден тұратын қалашығы немесе академик-ғалым Әлкей Хақанұлы

Марғұлан зерттеген Кент тауындағы Қызылкеніш сарайы мүлде жойылмай, осы уақытқа дейін аман-есен тұрса ғой, ұрпақ үшін қандай тәлімдік маңызы болар еді... Пікірімізді жинақтағанда былай: елдің елдігі орындаған жоспарымен, өндірген өнімімен өлшенбейді, ет пен сүт, егін мен киім, руда мен металл көп өндірілсін; үйлер көп салынып, машина мен механика көп жасалсын; алайда, халықтың өзіне тән рухани, адамгершілік болмысына, мәдени өркені мен салт, дәстүр жоралғысына, өскелең ізденіміне ешбір нұқсан келмесін. Үкіметіміз күн сайын даналықпен айтып отырғанындай, оны бүгінгі өскелең талапқа сай өркендетуге бәріміз сақ қарауға, әліміз жеткенше атсалысуға борыштымыз!..

Ғабит аға мұндағы дастарқан басында да тартымды әңгімемен көңілді отырды. қайда жүрсе де айналасы маздаған нұр, тамаша сая сияқты көрінді. Кешегі өткен Қаныш, Мұхтар, Сәбиттердің төңірегі де осылай думанды болатын еді. Алдындағы мөлтілдеген елу грамдық хрусталь бокалды шамалап қана ортайтқан Ғабең Әнет баба, Құнанбай, Абай айналасы, орыс және поляк ойшылдары хақында әсерлі әңгімелер қозғады. Мәдидің әндерін қатты ұнататынын айырықша атады.

– Айызыңызды қандырып, құрышыңызды жазатын Мәдидің асқақ өнерінен атақты Біржанның «Жанботасы» ғана асып түсе алады. Бір «Қаракесектің» өзімен даңқы шыққан, Арқаның Шаляпинін тыңдай бергің келеді, – деді.

Ол одан арғы пікірін былай қорытты: қазақтың ән өнерінде домбыраның сағасын керіп, жойқын үнмен шығатын туындылар жеткілікті. Бүгінгі ұлттық кейбір мелодистер, тісқаққан композиторлар радиодан, теледидардан, кинодан, сахнадан естілген алуан-түрлі халықтың әуендеріне еліктеген бірдемесін қазақ әні деп ұсынбауы керек. Кейде мазмұнды ұлттық жақсы қасиет біздің бүкіл рухани, мәдени жетістіктерімізден шұғыла шашып тұрса деймін. Туған халқымыздың атынан әлемді шарлап жүретін біздің «Досмұқасан», «Гүлдер», «Гәкку» ансамбльдерінің шығармашылық тұлғасына ұлттық мәнер мен болмыстарды мол дарыта берген әбзал. Советтік Сандуғаш Күләш кеткелі Сарасыз, Қыз Жібексіз қалдық. Шолпан қартайғалы Ақтоқтысыз қалдық, Сераған кеткелі Қоңқайсыз қалдық. Қалыбек пен Елубайлар да белгілі бір дәуірдің халқымызға сыйға тартқан, асқан өнерпаздары болатын. Енді Серкебаев Ермектің, Төлегенова Бибігүлдің әншілік жолын қуған Әлібек Дінішевтен үлкен үміт күтеміз!..

Үстел басындағы тыңдаушылардың бірінің:

– Ғабеке, советтік Қазақстанның тарихи алпыс жылдық торқалы тойында жұртшылық тұңғыш рет есігін айқара ашқан, Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрының жаңа мекені сізге ұнай ма? Театр алаңына орнатылған, Мұхаңның қоладан құйылған ескерткішіне көңіліңіз тола ма? – деген сауалы қойылды.

Енді біреу:

– Дүние ғажайыптарының қатарына жатқыза алмаспыз. Бірақ, театр үйінің әдемісі ғой, – деп қалды.

Маңғаз денесін тік ұстап, жинақы және сергек отырған Ғабең мырт еткендей болды. Артықтау айтылған сөзді мазақпен шығарып салатын әдет бұл кісіде атымен жоқты. Дегенмен, ал соңғы сұрақтың рабайсыз қойылғанын сезімталдықпен байқады. Солай бола тұрса да, ой-пікірдің үлкен ғұлама қайраткері өзіне тән сабырлы әрекетке, ұнамды байсалдылыққа жол береді. Аздап қана қабағын шытқандай, тежеле, ойлана сөйледі.

– Ертедегі жеті ғажайыпты сөз етпей-ақ қоялық. Адамзаттың алыс дәуірлеріне бертінгі замандарда да сәулет өнерінің қайталанбас туындылары тоқтаусыз пайда бола берген. Бірақ, солардың бәрі ұзақ жылдар бойы, нешеме ұрпақтың ұласқан өнері, күші, жігерімен жасалған. Мәселен, Петербургтегі 14 мың адам сиятын, өзіміз сан көрген Исаакиевскі соборы XIX ғасырдың орта шенінде ұлы сәулетші Монферанның жобасы бойынша 40 жыл бойы салынған. Ал ақ мрамор, қызыл гранит, жылтыр қоңыр тастар көп жұмсалған біздің академиялық театрымызды қаз тұрғызуға бас-аяғы алты жылдай ғана уақыт кеткен. Соның өзінде, бұл кесек, монументальді құрылыс көрнекті жерден мәңгі орын тепті. Мұхаңның креслода маңдайы жарқырап, ойланып қалған мүсіні театрдың бейнесімен жарасымды үйлесім тапқан дей аламын, – деді Ғабең.

– Астанамыз Алматының соңғы он бес жыл ішіндегі сәулетіне қалай қарайсыз? – деген екінші бір сауалға, Ғабең былай деп жауап қайтарды:

– Соңғы он бес жыл астанамыз Алматының соны сипатқа, сәндісәулеткебөленуініңкереметкезеңінеайналды. Аспанмен тілдескен, мәңгі қар жамылған шыңдардың баурайындағы көсіліп жатқан қаламыздың бүгінгі сымбатын тілмен айтып жеткізу қиын. Оның гүлге оранған, күміс фонтандар атқылаған бейнесі, жаңадан салынған қонақ үйлері, зәулім мекендері, түрлі ғимараттары, басқа да әйбәт орындары, жаңадан пайда болған асфальтті алаңдары, сән түзеген көшелері озық үлгімен, жақсы талғаммен салынып жатыр

деуге болады. Тек архитекторлар мен құрылысшылардың құлағына алтын сырға ретінде айтарымыз: Алматының болашақтағы сұлу сымбатына терең мазмұн, ұлттық мәнер, ою-өрнек, өшпейтін сыр мен сымбат шұғыла шашып тұрсын демекшіміз.

Алыстан толған, алысты мегзейтін Ғабит ағамыздың парасатты бейнесі менің көзіме анадағы «Орталық Қазақстан» газетіндегі қаламгер досым айтқандай, асқар тау сияқты көрінді. Асылында, асқар тау саялы. Олай дейтініміз, жақсылықтың баршасы соның төңірегінен табылады. Сол газет талабына лайықталып, әрі тез, әрі ықшамдау жазылған көркем очерк 1981 жылы тамыз айында облыстық газетіміздің беттеріне басылды. Мен оны Алматыдағы Ғабеңе жіберіп, былай деп хат жаздым:

«Қымбатты Ғабит аға.

Сау-сәлемет, жақсы-күйлі жүрсіз бе? Ғазиза жеңгеміздің, өзіңіздің денсаулықтарыңыз тәуір ме? Сіздер Қарқаралыдан аттанып кеткелі біраз күн өтті. Уақыт шіркін, әдемі кездесулер мен әсерлі сезімдерді артқа қалдырып, үздіксіз жылжи бермек. «Шахтер» демалыс үйінде, тау арасында сіздермен болған, соншалықты қымбат, көңілді сәттерімізді сағынып жүрміз.

«Орталық Қазақстан» газеті менің сіз туралы жазған очеркімді сәл асығыстау, жол-жөнекей болса да, ұқыптап басты. Газеттің сандарын сізге әдейі жіберіп отырмын. Артық-кемі ұшырасса, кешіріп, оқып шығуыңызды өтінемін. Кейбір еркіндігіме ұрыспассыз. Жалпы, сіздің аузыңыздан шыққан ой-пікірдің көпшілігін қағазға түсірдім, тарих еншісіне қостым деп санаймын. Балаңыз Гауһарға, жеңешеміз Ғазекеңе барша семьямыздан ыстық сәлем! Қолыңызды зор құрметпен қысқан, сізден жауап күтетін ініңіз – Әмен. 26 тамыз 1981 жыл».

Осы хатты Алматының Виноградов көшесіндегі, №49 үйдің алты бөлмелі (казір музей) пәтерінде тұратын Ғабеңе жөнелткеннен кейін, үнемі тықыршып, жауап күтіп жүрдім. Жауап болмады. Сабырлық жасамай, асығыстау жазылған очерктің біраз қысқартылған нұсқасын «Ғабеңнің Қарқаралы сапары» деген атпен «Лениншіл жас» газетіне де ұсынып жібердім. Ондағы ойым: аяқ астынан гонорар табу емес, қазақ-совет әдебиетінің іргетасын қаласқан Ғабит Мүсірепов сықылды, Социалистік Еңбек Ері атанған, академик-жазушының Сарыаркаға келген, Сарыаркада тыныққан тамаша кездерін жұртшылық білсін, оқысын деген ниеттен туғанды. Республикалық жастар газеті очерктің жоғарыдағы

атын өзгертіп және көп қысқартып, «Қыранның топшысы талмайды» деген атпен қыркүйек айында басып шығарды. Ғабеңнен сонда да жауап болмады. Мен енді қобалжып, ойлана бастадым. қай жерде қателік жібердім екен деп, біраз толғанумен жүрдім. Талап-талғамы биік, асыра мақтағанды сүймейтін шебер суреткер жөнінде өзімше очерк жазып, неге әрекеттендім деп өкіндім. Сөйтіп, жүргенде, қазан мерекесінің дәл қарсаңында Ғабеңнен көптен күтілген хат та келді. Жалма-жан төрт бұрышты конвертті ашып жіберсем, көлемді қағаздың бетіне ірі әріптермен мынадай қысқа ой-пікірлер жазылыпты:

«Қадірлі Әмен!

Жауаптың кеш жазылғанына өкпелеме. Бірталай ауырдым. Көңіл онша болмады. Қазір тәуірмін. Жіберген очеркіңді екі газеттен де оқыдым. Кейін кеңейтетін, толықтыратын ойың болса, карсы емеспін. Тек әлі де иін қандырып, көркемдей түс. Қарқаралының жасыл тауларында, мүлгіген орман арасында шертілген көп-көп әңгімелердің шындық шегінен әсте шықпа. Сыпайылық қана әсемдікке, ойлаған мақсатқа жеткізеді.

Жауабым тым асығыс жазылды. Мәселе, хаттың сала құлаш ұзақтығында, немесе тікелей қысқалығында емес. Саған деген ағалық ықыласым орнында. Жазған жақсы дүниеңе ерекше алғыс! Үй-ішіңе де сәлем дегейсің!

Амандық тілеп – Ғабит.

28 қазан 1981 ж.»

Иә, қадірменді оқырман, қазір Ғабең арамызда жоқ. Жаны жайсаң, ісі үлгілі, асыл аға Қарқаралы сапарынан кейін, төрт жылдан соң, 1986 жылы қаңтарда дүние салды. Үлкен болсын, кіші болсын, әрбір адамның маңдайға жазған, әйтеуір бір тағдыры бар. Бүгін барсың, ертең жоқсың. Ғұмыр шіркін өлшеулі. Алдын-артқа қаратпай, оның қас қағымда өте шығатыны белгілі. Сарыарқаның төскейінде, Күміскөлдің жағасында, біраз күндерге созылған, жоғарыдағы тамаша тіршілікке толы күндер, қуаныш-қызықтар, түрлі қам-қарекеттер мен қаншама әсерлі әңгімелер, әрине, енді ешбір қайталанбайды. Себебі, баршасы өткендегінің ізі, болмысы болып, тарихтың еншісіне берілген. Оны тек оймен, көңілмен ғана зерделейміз. Тек жазылған қағаздан, естеліктен ғана оқимыз.

Нұрғожа ОРАЗ, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері

Кемеңгер келбеті

Қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі – «қазақ совет әдебиеті» делінетін дәуірдің классигі аталған, халқымыздың қаламгер қауымының ішінде жеке дара озық шығып, Социалистік Еңбек Ері атағын алған майталман жазушы, дарынды драматург, әдебиетімізді ғылыми жағынан екшеген ғалым, Қазақ республикасы Ғылым Академиясының академигі Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің туғанына биылғы наурыздың 8-жұлдызында (ескіше) 90 жыл. Сондықтан да халқымыз үшін биылғы жыл Ғабит жылы болмақ. Өйткені ресми түрде, мерейтойды дайындаушылар алқасының шешімінде ұлы жазушының тойы наурыз айы ғана емес, жыл бойына созылмақ. Тамыздың 7, 8, 9 жұлдыздарында туған жері Түбекте (бүгінгі Ғ.Мүсірепов атындағы кеңшардың Жаңажол ауылында), Қызылжар қаласында әдебиетіміздің алыбына арналған жиын ат шаптырған тойға ұласады. Мерейтойдың мәресі күзде, астанамыз Алматыдағы ресми, жайсаң жиынға тіреледі. Бұл халық көңілінен шығатын айтулы тойлардың бірі болары хақ. Өйткені мұндай мерейтой барша қазақ қауымы үшін айрықша аталса ғана көңіл көншитінінің белгісі.

Осы мерейтой тұсында Ғабеңнің өміріне байланысты әр жерде әр түрлі жазылып жүрген деректерді тиянақтап алған жөн. Мысалы, кейбір еңбектерде Ғабең наурыздың 22-сінде туды делінеді. Сәбит Мұқановтың Ғабең туралы еңбегінде екеуінің жылдас-құрдас екені айтылады. Туған жерінің анықтамасы да әркилы. Бірде Солтүстік Қазақстан облысы десе, бірде Қостанай облысы деп аталады. Мұндай әркилылық әдебиет сүйер қауымды, Ғабеңді ардақ тұтқан халықты шын деректен адастырып, анық тұжырымға келтірмейді. Сондықтан да осынау 90 жылдықтың үстінде біз адал шындықтың бетін ашқымыз келеді.

Біз жоғарыда айтқандай дәлелдемеге бармас бұрын ұлы жазушының ата-тегіне бір шолу жасап өткіміз келеді. Бұл да халық аузында жүрген бір жаңсақ пікірді анықтау үшін қажеттіктен туып отыр. Ғабит Махмұтұлы қазақша айтқанда керей тайпасының, сибан-керей руына жатады.

Сибан-керейдің өзі Күнгене, Шимойын, Шоқпатар болып бөлінеді де, сол үлкен тараулардан Баян-сибан, Жайылған-сибан, Әйбике, Қошетер, Сеңкібай, Қойата, Бесбай (Беспай), Боқан т.б. болып бөлініп кетеді. Біз соның Күнгенесіне

жатамыз, жайлаған жеріміз – Қаршығалы. Сол біз жайлаған жерде әлгі соңғы аталған екі атаның бірі Боқандар да бар, «Беспай көңі» дейтін ескі жұрт та бар, бірақ Бесбайлар түгел Жаңажол ауылында. Ғабиттер сибан ішінде Бесбай, Бесбайдан Тасболат, одан Қуат, Қуаттан – Әділбай, Жолғұтты. Осы Жолғұтты маңында айтылатын қауесет бар.

Қуат малды адам болған. Бірде жылқысын аралап келе жатса, айдалада ақалтеке жүйрігін қаңтарып тастап шалқасынан түсіп жатқан жігітке кездеседі. Ол кезде мал маңында ұры-қары көп болатын заман. Қуат жігітті оятып, жөнін сұрайды. «Неғып бейсауат жүрген адамсың?» – десе, анау жігіт: «Менің затым – түрікпен, елімде жазықты болып, ханымыздың өлім жазасынан осылай қарай қашып шықтым. Енді баласы жоққа бала боламын, інісі жоққа іні боламын, маған кері қайтар жол жоқ», – дейді.

Бұл кезде Қуаттың Әділбай атты баласы қайтыс болып, келіншегі жесір қалған еді. Қуат әлгі түрікпен жігітті бала қылып алады да «жолы құтты болғай» деген тілекпен атын – Жолғұтты қояды, жесір келінін осы жігітке қосады. Жолғұттыдан Еламан туады. Еламаннан Әсіреп, Мүсіреп, Кенжетай. Мүсірептен – Кәжімбай, Ботбай туады. Ботбайы сері, сал болып, елде көзге түскен. Одан – Шалабай. Оның балалары бүгінде Алматыда, Жаңажолда тұрады. Кәжімбайдан Махмұт, Ақан, Мақан, Самырат туады. Махмұттан – Хамит, Сәбит, Ғабит, Баязит, Әшім туған. Гүлсім атты бір қызы болған. Көріп отырсыздар, Жолғұттыдан бері бес ата өткен екен. Түгел қазақ қаны сіңіп, аналарының бәрі қазақ болып кеткен адамның бойынан түрікпендік жұрнақ іздегендер «Ғабит түрікпен екен» деген сөзді үнемі әр жерден тұтатып айта беруден талмайды, ал шындап келгенде бұл тұқым түгелімен қазақ болып кеткен адамдар. Қазақта қожа, төре атты рулар бар. Алғашқысының түбі араб, кейінгісі Шыңғысхан ұрпағы – моңғол. Шоқан Уәлихановты моңғол, Мұхтар Әуезовті, Қалтай Мұхаметжановты араб десек қалай ерсі болар еді, Ғабең де солай.

Енді жоғарыда айтылғандай туған жеріне шолу жасайық. Сибан-керейлер революцияға дейінгі дәуірде «Аққусақ» болысы атанып Қызылжар уезіне қарады. Сибан-керейден шыққан аға сұлтан Есеней өз тұқымын бір аймаққа орналастырып, мол жер берген ғой, бірақ патша отарлауының қысымы сибандарды үшке бөліп тастаған. Сөйтіп олар орналасқан жеріне қарай Қаршығалыдағы сибан, Түбектегі, Жаманшұбардағы (қазіргі Темирязев ауданы) сибандар атанды. Аралары ол замандағы көлікпен жүретін өлшеммен

күндік, екі күндік жер болса да бір болыстықта болған. Болыстары Есенейдің күйеу баласы – Шәйгөз уақ Торсан, кейіннен оның баласы Шери де болыстықтың тізгінін ұстады. Ара-тұра болыстықты аударып әкеткендер де болды, соның бірі Қаршығалыдағы сибан Тәукенің Ыбырайы (осы мақала авторының атасы). Дегенмен тегеуірінді Торсан тұқымы билікті қолынан шығармады.

Ал, Қазан революциясынан кейінгі территориялық бөлісте Ғабиттің туған жері Қостанай облысы Пресногорьков ауданына қарады. Жаманшұбардағы сибандар Кеңес кезінде Түбектегі сибандарға көшіп келді, Андарбай, Отарбай (Сәбеңдер) екі атаның біразы Жаңажол ауылына, біразы қазіргі Сәбит ауылына орналасты. Арасы 20 шақырымдай екі ауыл кейде бірігіп бір колхоз болып, бірде екеуі екі колхоз болып жүрді. Тек Хрущевтың аласапыран заманында бұл аудан түгел таратылып, төрт кеңшары Солтүстік Қазақстан облысына қарап қалды. Сол кезде Ғабеңнің туған ауылы Жаңажол да сол облысқа қарап кеткен еді. Кейіннен 1970 жылы сол төңіректе жаңадан Жамбыл ауданы құрылып, ол Солтүстік Қазақстан облысына қарады. Біраз уақыт жазушының туған ауылы Ғабит Мүсіреповтің атындағы кеңшар деп аталды. Қазір баяғыша – Жаңажол. Ғабеңнің осы 100 жылдығына орай бұрынғы Көкшетау облсының Чистопол, Рузаев, Куйбышев аудандары біріктіріліп оған Ғабит Мүсіреповтің аты берілді де, ол Солтүстік Қазақстан облысына қарады.

Енді бір сәт сүйікті жазушымыздың туған жылы мен айы, күніне көз салайық. Жоғарыда айтылғандай оқулықтарда, кітаптарда әркилы жазылып жүр. Ал, Ғабеңнің жерлесі, туысы Сәбит Мұқанов бұл жөнінде былай дейді:

– Ғабиттің шешесі Дина анамыз менің кіндік шешем еді. Ол кісінің айтуы бойынша Ғабитпен екеуіміздің туған жылымыз бір екен. Тек мен жылдың басында – көкек айында туыппын да, Ғабит сол жылдың аяғында туыпты. Ал құжат бойынша мен 1900 жылы туғанмын да, Ғабит 1902 жылы туған болып жүр. Бұл жерде бір кілтипан бар, – деп Сәбең сөз арасында бір әзіл қыстырады. – Жазушылар арасында Ғабит салдық-серілік, жігітшілдік, саятшылық құратын адам. Ал ондай адам жасарып көрінгісі келеді. Сондықтан екі жасын кейін салған болуы керек, – дейді де Сәбең ізінше әзілін жинап алады, – мүмкін мен жетім өскендіктен нақтылы туған жылымды білмейтіндіктен де солай болар. Екінші жағынан жылдың басында туған адам мен аяғында туған адам жаңаша есеппен келгенде екеуі екі жылға кетеді. Яғни

сиыр жылының басында көкек айында мен тусам – жылдың жалғасы келесі наурыздың басы жаңа есеппен екінші жылға ауысып кетеді. Сөйтіп, Ғабиттің құжатындағы көрсетілген жыл дұрысқа шығуы мүмкін, – дейді Сәбит.

Ал, 1985 жылы Ғабит дүниеден өткен кездегі қаралы жиында інісі Әшімнен осы жайын анықтап сұрағанымызда, ол:

– Сендер Ғабиттің өз қолымен жазған жылын ұстана беріңдер. Ал, шындығында Ғабит 85 мүшелінде дүниеден өтіп отыр. Туған күні ескіше сегізінші март еді, – деген болатын.

Бір оңаша отырыста Ғабеңнен «Ғабе, сіз шығармаларыңыздың бірде-біреуінде жағымсыз әйел кейіпкерді көрсетпедіңіз, бұл қалай?» – дегенімізде жазушы ақырын жымиып отырып:

– Мен өзім әйелдер мерекесі – сегізінші мартта тудым ғой, сондықтан болар, – дегені есімізде. Жаңаша күнпарақ есебіне келгенде ескіше 8 наурызға 13 күнді қосамыз ғой, сонда Ғабең жаңаша күнпарақ бойынша 21 наурызда туған болады. Қазіргі кітапта, зерттеме мақалаларда жазылып жүрген 22 наурызда туды дегені қате. Сиыр жылының аяғы жаңаша 21 наурызбен бітеді де, 22 наурыз жаңа – барыс жылының басы болады. Осы соңғы санды ұстанғандар Сәбеңді де, Ғабеңді де, Әшімді де, тіпті Дина шешейді де жалған сөзді етіп жүр. Дұрысты – дұрыс деп қабылдау ғылыми ауытқудан сақтандырар еді. Сөйтіп біз осы айтылғандай ұлы жазушының туған күні, айы, жылы жайын осынау торқалы той үстінде бір екшеп өтуді жөн көрген едік, оқырман қауым өз керегін алар деген ниеттеміз.

Ғабит Мүсіреповтың шығармаларына шолу жасауды біз мақсат етпедік. Өйткені, бүгінде жаппайы сауатты елміз ғой, мектеп программасы бойынша әр адам онымен таныс болуға тиіс. Сондықтан біз оқырман қауымды белгілі жайлармен мезі етпей, бұрын айтылмай жүрген бұлтарысқа ғана тоқталып отырмыз.

Ғабеңнің өзінің айтуы бойынша 1920 жылдарда Орынбордағы рабфакта оқыған кезінде Сәбит Мұкановпен екеуі Сәкен Сейфуллиннің үйінде тұрған екен. Ол жайында былай деп жазады: «Күн түспейтін қараңғы бөлме еді, темір кереуетке шайдан босаған фанер тақтайды салып жататынбыз. Сәбит бойы үлкен, толық, ол жатқан кезде аспан жарылғандай сатыр-сұтыр етіп фанер сынады да, екеуіміз еденге топ ете қаламыз. Қайтадан тұрып көлденең ағаш салып, оған әлгі сынған тақтайды төсеп жатқан боламыз.

Қараңғы жердің ластығы білінбейді, тартылған темекінің тұқылын лақтырып тастай береміз. Темекіміз таусылса, тұқылдарды жинап алып қайта тартамыз. Сөйтіп жүріп мен де өлең жазуға әуестендім. Бірақ, бір өлеңді бір күн күні бойы отырып жазатын едім. Сәбит болса айтқан тақырыбына бұрқыратып ілезде өлең жазып тастайды. Онысы газетке шығып жатады. Соны көрген соң мен өзіме іштей тоқтам салып, қой, мынадай ағып тұрған ақынның жанында өлең жазып масқара болмайын, – деп бұл кәсібімді тастап кеттім. Кейіннен 1928 жылы «Тулаған толқындар» атты әңгімемен әдебиет есігін аштым». Бұл мойындауға қарасақ, Ғабең тек қана беллетристикамен айналысқан.

Ғабиттің прозасы жұртшылықтың бәріне белгілі. Мұхтар Әуезовпен теңдесіп тұрған майталман жазушы, сөз зергері. Оған қоса Ғабеңнің әзілі, юморы, сатирасы сарказмге дейін жететіні белгілі, оны оқыған адам жиі езу тартып, әр тұста рахат күлкіге батады. Ал, өзі жоғарыда айтқандай өлең жазуды тастап кеткен десек те, осы ұлы жазушының шығармасынан біз тамаша поэзияларды кездестіріп отырамыз. Оқулықтарда Ғабеңнің ақындығы жайлы сөз болмайды. Біз феномен жазушының шығармашылық таланты сегіз қырлы десек, соның бір қыры – оның шын мәніндегі жыры. Мысалы, «Кездеспей кеткен бір бейне» деген туындысын ол поэма деп атады. Шындығында да бұл тамаша шығарма ақ өлеңмен жазылған поэзия еді. Ғабенің пьесалары – бәрі дерлік ақ өлеңмен жазылған, ал ойымызды анықтай түсу үшін Ақтоқты мен Қыз Жібек монологтарын келтіріп көрелік.

Естеріңізде ме, «Ақан сері – Ақтоқты» драмасында Ақтоқтыдай ерке қыз Ақанды ақпейілімен қарсы алады. Әншінің өз ауылына келуін тойға балайды.

Ақтоқты:

– Есенсіз бе, Ақан аға!
Төбем көкке аз-ақ тимей тұрғандай.
Жүрек біткен бірге соғып,
Ат шапқандай ел үсті...
Дабылыннан көтерілді,
Көлде сыңсып аққу-қаз.
Шаршы топты бір жылатып,
Бір күлдірген әніннен,
Айсыз түнде айрылғандай,
Арманда едік барлық жас.
Көңіл күйің қайтсек түсер,
Біз әзірміз бәріне.
Бұл жолыңа жарап кетсе,
Жанын қияр жастар барын

Құшағынан танырсың...
Сен не іздедің?
Біз сені іздеп,
Қаралы едік әр кезде,
Қоншы өзіннің орнына! –

Осы ақөлең тізбектерде ырғақ құйылып тұр. Сөз сарасы, ой ұласы мүлтіксіз жалғасуда. Төгілтіп оқып отырғанда (сахнадан, актриса лебізімен құлаққа әсерлене жеткенде) ұйқас бар ма, жоқ па деп елең қылмайсың. Әйтеуір бір ғажап дүние баурап алады да, ілгері жетектей береді.

Ал мына бір жолдарға назар салсақ, жоғарыдағы құдіретті сөз тізбегіне қоса тамаша ұйқасқа да тамсанасың.

Байлауда Ақанға арнап салған әнім,
Бір шықшы таңын жырта сары даланың,
Жай жатпай төсегінде мың аунақшып,
Оянсын ары болса бозбаланың,
Қайдасың Қарауылдың ардагері,
Қайнамай қалғаны ма бір жігерің.
Кім қалды ошағына бас болатын,
Қуылса елден түзге Ақан серің?

Жоғарыда айтқанымыздай «Қыз Жібек» бастан-аяқ дерлік өлеңмен жазылған. Мұнда ақындықтың халықтық ауыз әдебиеті түрін, жазба әдебиет поэзиясының сырлы, күрделі түрін де пайдаланады. Осы ойымыздың анықтығына бірер мысал келтірелік:

Жай таныс сырласы ма, мұңдасы ма,
Көз таныс заманының тұлғасына,
Еркі жоқ, есепте жоқ, есіркеу жоқ,
Неткен күн арнап туған қыз басына?
Аз арман сырым мәлім мұңдасыма,
Тілектес алыс-жақын сырласыма,
Несі ерсі, кімге қорлық, сол да көп пе,
Еркімен өзі қонса ұясына?

Ал мына, бір мысал ауыз әдебиетіндегі зар, қарғыс үлгісін еске салады:

Елді құртқан қарақшы,
Ел болып сені қарғасын!
Үрім-бұтақ зәу-затың

Мендей болып зарласын.
Қаңғырып қалсаң далада,
Қасыңа бір жан бармасын!
Зарланған мен қарғаған
Алдына салып айдасын!
Азаматы осы елдің,
Бармысыңдар, қайдасың?

Қазақ әдебиетінің алтын қорына біргей етіп қалдырған Ғабеңнің мол мұрасына ғалымдар, оқымыстылар әлі талай үңілер. Әр жанрға қалам тартқан қарымды қасиеттерін саралар. Әзірге біз өз ойымызды қысқаша түйіндейік. Жоғарыда біз ұлы жазушыны сегіз қырлы дедік. Соны байқап көрейік: Ғабең ең алдымен ұстамды, сабырлы, түбегейлі классикалық прозаның шын шебері; оның талай туындыларындағы жүректі елжірететін лиризмі бір жүйе; кейіпкерлерін қат-қабат айқас үстінде қазақтың айтулы шешендеріндей сөйлетуі – қазақ ауыз әдебиетінің классикалық үлгісін дамытуы; қақтығыстар тұсында бойға жігер, ойға ереуіл беретін эмоциялық қуаттылығы; еріксіз езу тарттырар әзілі (юморы); мірдің оғындай нысанаға дөп тиетін сыншылдық (сатира); келеңсіз жайларды күйретіп түсіретін астарлы, айбарлы мысқылы (сарказм); әдебиеттегі Ғабеңдік жыр тілі; дарынды драматург; академик-ғалым – міне оның сегіз қырлы қаламгерлігі. Ал өз басының өмірдегі қыр-сырлары – әдебиеттен бөлекше ой толғайтын ерекше жайлар, ол адамдық қасиетті өмір бойы асқақтатып өткен феномендік құбылысқа сай жан.

Ұлы адамнан ұлағат

(естелік)

(100 жылдығы кезінде «Егемен Қазақстанда» жарияланды)

Ғабеңді ойлап, қолыма қалам алғанда осынау ұлы адаммен өмір сапарында ұшыраскан шақтарым кино көріністеріндей көз алдыма тізіле қалады. Бұған дейін сол естегі елестерді жазуға батылым бармайтын. Ұлы адам жайлы тек өзінің тұрғыластары жазуы заңды сияқты көрінетін. Енді байқасам, мына мерейтой қарсаңында ол туралы ерсілі-қарсылы қалам сілтеп жатқандар көбейіп кетіпті. Мыңның бірі болып маңынан өткендер де «мен сөйдедім – бүйдедім» деп жатыр. Тіпті Ғабеңнің өз нөкерімен ауылына бірге барғандар Жаңажолдың желкесіндегі Қарамен ағашы мен Елтінжалды шатыстырып та жазды-ау! Ғабеңнің ондай жазбаларға мән

бермейтіні абырой еді. Ондай жазбалардың біразын көңіл аударып оқымайтын да. Мүсірептің қыстауы делініп жүрген Елтінжал ағашының бауырына бір жылдары күрлеуіт-қыпшақ (Ұлпанның төркін жұрты) Елтін деген бай қыстаған ғой. Сол байдың аты жал ағаштың аты болып бекіп қалған. Бұл жайында ауылдағы ақсақалдар, әкем айтып отыратын. Кейінгі жастарға ұмыт болған жәйт. Сол әсем ағаштың бауырында балалық шағы өткендіктен де болар – Ғабең әдемі, түзу ағаш көрсе, соны кесіп алып, үйінде оны мінсіз етіп, ұсақ бұтақ орындарын бәкімен алып тастап отыруды ұнататын.

Ие, тәуекел деп, Ғабит ағаға қатысты кейбір өмір көріністерін, осы қажетті-ау деген эпизодтарды бірге болған кездерден таңдап алып, көпшілік оқырман қауымымен сыр бөлісуді жөн көрдім. Оның сырларын осы естеліктің барысында өздеріңіз аңғарарсыздар.

Баяғыда Алматыда оқуға аттанғалы жаттым. Сонда әкем ақылдасқанда – Қажиахмет құдамыз (ол кісі Ғабеңнің жас шағынан қатынасы үзілмей жалғасқан досы):

– Ағаларың (әкемнің інілерін айтады) Махмұт, Мүсен-бектермен орыс мектебінде бірге оқыған досы еді, Ғабитке бар, – дегенін айтты да, ол ойынан тез айныды.

– Бірақ Ғабит тәкаппар ғой, қысылсаң Сәбитке бар, ол да туысың, – десті. Сол үлкендердің айтқан сөздері көкейімде мәңгіге тұрып қалғандай. Екеуін салғастырып көремін, екеуінің жақындығы бірдей сияқты – бәріміз де сибан-керейміз. Бірақ Республика прокуроры болған Махмұт аға (Таукин – біздің 1937 жылға дейінгі фамилиямыз) 1946 жылы Алматыда қайтыс болғанда Сәбит қаралы жиынды өзі басқарып, асыл ағамызды өз қолынан жөнелткенін Қазима шешей айтып келген. Әкемнің кенже інісі Нұғыман Таукин де Қырғызстандағы Мүсенбек ағасы сияқты репрессиямен атылғанда, әкем осы келінін баласымен қолына көшіріп алған, Қазима шешеміз біздің үйде бірге тұрғандықтан білемін. Қайнағасын өмірінің соңғы үш-төрт айында күтіп, қолынан жөнелтіпті. Ғабит сол Махмұт ағамен жасында бірге оқыса да халық жауы тұқымынан бой сақтап, келмепті. Бәлкім іссапарда болған да шығар... Бала көңіл оны да ұмытпайды.

Оқуға бардым, түстім, бес бала бір орынға талассақ та анау алып ағаларға бару ойға келген жоқ. Ондай батылдық түгіл Сәбең студенттермен кездесуге ҚазГУ-ге келгенде жақындап сәлем беруге де бата алмағанмын. Ал Ғабең қайда!..

Оқуды аяқтағанда жұмысқа берген жолдамамен сол

Ғабеңнің ауылы Жаңажолдағы орта мектепке мұғалім болып бардым. Әкем ондағы барша жанды жақсы танып, өз еліне келгендей қатты қуанды. Ондағы ағайындар да «оу, өзіміздің батырдың тұқымы келді»... десіп жатты. Ол бір тарихы қызық жай еді, бірақ бұл араға киліктіруге ұзақ әңгіме.

Шешем барған бетте Ғабиттің туған анасы Динаны «нағашы апа» деп тауып алды. Ол кісі төсекте, аурулы екен. «Жиенжан, сен менің жанымда көбірек бол, алай-бұлай болып кетсем, өз қолыңнан жөнелт» деп тілек еткен соң, соның бәрін орындаған анам Дина әжеміздің өзбек матасынан тіккен ала шапаны беріліп, біздің үйде көпке дейін асылдың көзіндей сақталды.

Дина шешейді қоюға Ғабең үлгермеген болар, Хұсни жеңгей келді. Ол өзі барлық Мүсіреп тұқымын маңына үйірілдіріп жүретін жоғары адамгершіліктің иесі еді, Қостанайдан қайнысы Баязиттің әйелі Шәмәшті ерітіп ала келгенін білемін. Кейіннен Ғабең Қызылжарда іссапарда жүргенде жанында Евгений Брусиловский бар, екеуі Дина шешейдің басына келіп қайтты. Сол жолы ауыл азаматтарымен бірге ағамызбен қолдасып амандастым. Әрине, жас жігітті ол кісі елемеген де болар. Бірақ Хамит аға «Махмұттың інісі» деп жігіттердің арасынан мені айрықша атағаны бар. Жастық қой -- соған да мәзбіз. Ол жолы есінде қалмағанымды кейін білдім.

Содан жеті-сегіз жыл кейінірек демалысқа елге барғанымда (ол тұста өлкелік газетте едім) Ғабеңнің елге келген тұсына тап болып қуанғаным бар. Ағайым Нұржанға туған інідей болып кеткен Есләмбек аға (Жаңажолдан 15-20 шақырым жердегі Октябрь ауылында бөлімше меңгерушісі болып істейтін) Ғабеңді қонаққа шақырды.

Туған еліне келіп жадыраңқы жүрсе де маңындағыларды сесі басып тұрады екен, жұрт ішіп көңілді отырса да ошаң еткен жан болмады. Үйге келген бетте Нұржан ағамен сөйлесіп, өзінің бірге оқыған достарын – әкемнің інілері Махмұт пен Мүсенбекті еске алып бір қойған.

Қонақасының бір үзілісі кезінде Ғабең қырға қарай серуенге шықты, жанында адам жоқ еді, Есләмбек аға «Нұрғожажан, бар, ағаң ғой, таныла бер, жас ақын екеніңді айт» деді, бардым. Ғабең менің бетіме қараған жоқ, аты-жөнімді, қызмет бабымды сұрады. Мен сұрағына қысқа ғана жауап бердім, өз тарапымнан «Нұржанның інісімін» дегенді ғана қостым. Ғабеңнің достарын – ағаларымды аузыма алсам, «осы бала жылпостанып жақындасқысы келе ме» деп ойлар дегендей, бойымды аулақтатып, ресмиліктен таймадым. Ана

бір жолғы өз ағасы Хамиттың мені таныстырғаны есінде қалмағанын аңғардым. Ғабең ақырын аяңдап, сол аяңға сәйкес баяулата өзіне өзі айтқандай сөйлей бастады.

– Бұл сенің екі аған (Есләмбек пен Нұржанды айтады) кірме болып отырған Октябрь ауылы – самай-керейлер. Мынау жалтыр көлдер мен анау ағаштар солардың бұрынғы жайлаулары, – дей келіп маған бейтаныс, өткендегі біреулердің аттарын атады. Шұғайып молдалармен іліктестігін айтты. Оның бүгінгі ұрпақтары маған таныс.

Біз оралып келгенде бағана бірге отырған өзімнің жолдастарым енді маған жағынғандай қалып танытады. Мені Ғабеңнің өз адамы санап үлгеріпті. Шіркін ұлылықтың шарапаты-ай!

Соның келесі жылы Ақмола қаласына келді. Ол тұста Целиноград атанып, өлкенің орталығы болған. Хрущев бұл өлкені бөліп әкетпек те болды ғой. Қазақстанды менсінбей, тікелей Мәскеумен ғана байланыс жасап тұрған кезде Ғабең осы асқақтаған өлкеге бір басу салғандай Қазақстан Жазушылар одағының көшпелі президиумын (құрамында ылғи ығай мен сығай 15 жазушы бар) алып келді. Ол кезде жазушылар ұйымының басшы органы секретариат емес, солай президиум деп аталатын.

Жаңадан пайдалануға берілген Советтер үйінің кең конференц залы бес облыстан келген әдебиетшілер, қоғамдық ұйымдар өкілдеріне лық толы.

Залда отырып бір керемет көрініске куә болдым. Ғабең биік президиум столының нақ ортасында, оң жағында – Тың өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Коломиец, сол жағында – өлкелік атқару комитетінің төрағасы Мацкеевич. Ғабең көзіне қара көзілдірік киетін, будда құдайының тас мүсініндей міз бақпай отыр. Коломиец пен Мацкеевич кезек-кезек екі жағынан алдына бастарын иіп келіп бірдеме дейді, бас шұлғысады. Ғабең талмай қарап отырған адам ғана аңғарарлықтай басын сәл изегендей болады, онысы көпке аңғарылмайды. Аналар әлденені айтып жамаңдап күліседі, Ғабеңнің болмашы езу тартқанын біреу аңғарып, біреу аңғармайды.

Мен жанымда отырған досыма сыбырлаймын: «Шіркін ұлылық-ай! Анау өздерін жарты құдайдай ұстайтын өлкенің «тіректерін» алдында шұлғытып қойды-ау! Па, тусаң-ту! Өлкенің Қазақстанды менсінбейтін өпірем өркөкірегін бір басты-ау!" – дейміз біз кезектесіп.

Ертеңіне туыс ретінде Ғабеңді үйіме қонаққа шақыруға бардым. Ол жатқан люкс бос, кезекші далаға қыдыруға

шыққанын айтты. Ие, сол кездегі орталық алаңдағы гүлзарында баппен аяңдап жүр екен. Жолдасым екеуміз жанына бардық.

– Өз туған келініңіз Сәтеннің ең кіші сіңлісі – Айман, – деп таныстырдым. Әшім екеуміз туған бажа болатынбыз.

– Ә-ә-ә, Қапсытбайдың қызы екенсің ғой, ие, өз қызымыз болдың, – деді өзінің өзгермейтін маңғаз, байыпты сөз әуенімен.

– Ғабе, Сізді үйімізге қонаққа шақырайық деп келдік. Сіздің араласатын ортаңызды білмейміз, бірге болсын деген қонақты өзіңіз атаңыз, – дедім. Үлкен кісі онша саспады, біраздан соң:

– Ие, оның да дұрыс, Жұбанға айт, Ғали бірге болсын, – деді. (Жұбан Молдағалиев пен Ғали Орманов).

– Аманжол ағаны жақсы көруші едім, сол да келсе қайтеді?

– Ә-ә, ол бір тәртіпті бала, қоссаң – қос, – деді Аманжол Шамкеновты бала деп. Олардан өзге «Тың өлкесі» газетінің басшылары Сапаржан Хайдаров, Әнуар Ипмағанбетовтар болды. Бұлар да жазушы, аудармашы, оның ежелгі таныстары.

Үйге келген соң әкеммен біраз әңгімелесіп, өткен күндердегі ел жайын біраз қозғасты, әкемнің інілері – Ғабеңнің достары да біраз аталып өтті. Ол әңгімелерді әкемнен талай естігенмін. Маған Ғабеңнің дастархан басындағы отырысы таңсық еді.

Жас болсақ та тыраштанып дастархан молшылығын жасағандай едік. Бірақ Ғабең анда-санда ғана аузына дәм апарады, көбіне әңгіме айтып отыр, өзге қонақтар оның аузына қарап қалған. Ғабең дәм алса, олар да алады, ал ол әңгіме айтса тыңдап отырып қалады. Тілек айтылған тұста Ғабең коньяк құйылған кішкене хрусталь құтыны аузына апарып бір жұтады, Жұбағаңнан өзгелері де соны қайталайды. Қонақтардың ішіндегі батылы да, Ғабеңнің алдындағы еркесі де Ғалекең екен. Ол кісі «Қ» әрпін «к» деп сөйлейтін.

– Кәрәктәрім, мына дастархангә қойылған тағамдар «мені жесе екен-мені жесе екен» деп тұрады, – дей отырып бар тағамнан дәм татты. Сапырулы сары қымыздың да екі-үш аяғын сіміріп жіберді. Ғабең оған баласын еркелеткен әкедей қарап:

– Осы Ғалидың тәбетіне риза боламын. Қазір де өзім ішіп-жегендей ризамын, – деп қойды.

Ертеңіне Сыраған (Мәуленов) мен Берқайыр Аманшин қонақ болғанда:

– Әй, Нұрғожа, сен өзің бақытты адам екенсің, осы жолда

нөкері болып еріп келген мықтылардың көбі Ғабеңді үйіне қонақ ете алмайды, – деді Сырағаң. «Мені неге қоспадың» деген сөзді айтпады, Сырағаңның сырбаздығы сонда ғой. Таң қалдым. Шынында да бақытты екенмін, пайғамбар іспетті ұлы адамға дастархан жайдым ғой деп ойладым.

– 1965 жылдың аяғында өлке тарап, Хрущев жауып тастаған бес облыстағы қазақ газеттері қайта ашылды. Қостанайдың облыстық газеті (бұрынғы өз ұжымым) мәдениет бөлімін маған арнайы ұстап отыр. Екі ай күтті, ақыры ертең жаңа жыл деген күні телефон соғып қостанайлықтар «не олайын, не бұлайын айт» деген соң жаңа жылды күтіп отырған кеш екеніне қарамастан Ғабеңнің үйіне телефон шалуға тура келді, арғы жақтан оның асықпайтын, баяу, барқыт даусы естілді.

– Қостанай көрмеген жерің емес қой, біз өлкелік бөлімшені тарамайтын етіп ұйымдастырғанбыз, бұрынғы аймағымен облысаралық болып қалады. Әзірге отыра тұр, кейін көрерсің, – деді. Ғабеңнің сол бір ауыз уәлі сөзі мені сол қызметке 1991 – жылдың қараша айына дейін, 30 жылға жуық еңбек етуге шегелеп тастағандай болды. Олай дейтінім – кейіннен екі рет төрт бөлмелі үй беріп жап-жақсы жұмысқа Алматыға шақырғанда бармай қалдым.

Бірінде Ілекең (Есенберлин): «Жазушы» баспасында «переиздание» редакциясын ашқалы жатырмыз. Соған редакция бастығы болып кел, мен Димекеңмен бажамын ғой төрт бөлмелі пәтер әперемін, – деді. Әкем: «мені тоқсанға жақындағанда бір киырға сүйреп қайтесің», – деді, сонымен тоқтадым. Екінші жолы Н.Е.Кручинаға ренжіп, Алматыға, жазушылар одағы басқармасының кезекті Пленумына барғанда сол кездегі бірінші секретарымыз Әнуар Әлімжановқа «Әнеке, орыс ортасы жалықтырып жіберді, осында келсем қайтеді? – дедім. Ол мені студент кезімнен жақсы көретін еді. Көп ойланған жоқ, «кел, одақтағы секциялардан таңдағаныңды ал, таңдаған секцияңның басшысы етемін. Жамбыл көшесіндегі жазушылар үйінің жанынан жаңа үй салып жатырмыз, төрт бөлмелі үй беремін» – деді. Қуандым. Кручинамен қайтадан тіл табыстым да тағы да өз орнымда қала бердім. Әлгінде «Ғабең осы жерге шегелеп кеткендей еді» дегенім сол.

Тек мына заман ауыртпалығына төтеп бере алмаған Жазушылар одағы өзінің барлық бөлімшелерін қысқартар тұста ғана «Сарыарқа» журналын ұйымдастыруыма тура келді. Ғабең сөз жоқ бұл журналды құптаған болар еді. Үйінде кездескенде осы Сарыарқа өңірін, оның әдебиетші

қауымын көбірек сұрап, ақыл айтып отыратын. Алматыдағы газет-журналдар жүгінің ауырлығын сезініп «сендер бір әдеби журнал неге ашып алмайсыңдар» – дегені де бар-тын. Өлкелік Жазушылар одағын құрғанда «сендерге бір кітап баспасын ұйымдастыру керек екен» деген. Ондай мүмкіндік көріне түсіп жоқ болғаны да бар. Мәскеуден бізге бөлінген жастар баспасын Өзбекстан иеленіп кетті. Бес жылда бір өтетін жазушылар съезінде Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының мүшесі болып бес дүркін сайланған кезде Алматыда көбірек болып, Ғабеңмен жиі кездесуім мүмкіндік туды.

Үйінде болған кездерде әңгіме көбіне әдебиетке ойысатын. Қал-қадірімше әңгіме айтқанымда байыпты тыңдайтын, пікіріме қосылса бас изеуімен, кірпік қағысымен құптайды, немесе бірер сөзбен түйіндейді.

Кейде үйіне бөгде біреулер келіп, олармен әңгімелесіп отырғанына да куә болдым, әлгі адамның әңгімесі тыңдарлықтай болса, бетінде жылылық байқалады да, берекесіздеу сөйлеп кетсе, тас мүсіндене қалады, миығы төмендеп, жақтырмай отырғандығы білінеді. Ғабеңнің ондай қалпын білмейтін анау байғұс беталды лаға береді.

Соңғы жұбайы Ғазиза апай үйіне барғанда амандық сұрасып болысымен Ғабеңе алып баратын. Ол үйдің бір заңдылығы – Ғабең кабинетінде жұмыс істеп отырса, оның ойын алаңдатып үстіне бармау керек.

Апай ғана сол жұмыс барысының жігін табады. Біраз әңгімелескен соң шайға шақырады.

Жұмыс демекші, жасының келіп қалғанына қарамастан кейінгі жылдарда күллі дүние жүзі жазушыларының арасында сирек кездесетін қайрат танытып, «Жат қолында» кітабын жазды ғой. Ол кәдуілгі оқушы дәптеріне қара қарындашпен жазатын. Екі жаққа айырылып ашылған беттің оң жақ жартысына арап әрпімен жазады. Әр бет біткен сайын үстінен оқып шығады да орнында тұрмаған сөзді жанында жатқан өшіргішпен сүртіп тастап, сол жерге нақты қажет сөзді қайтадан жазады. Әр жазылған беттерді келесі бөлмедегі Ғазиза апай алып кетіп машинкаға басып жатады.

Кітапханасы бай, өте сирек ескі басылымды кітаптар көп еді. Қажет кітабын Пушкин атындағы кітапхананың директоры Нәзира апай Қажиахмет қызына айтып (Қажекең бір сөз басында айтқан құдамыз – Ғабеңнің жастық шағының досы) таптырып алып, сұрап алып жүретін. Нәзира апай кейіннен Ғабеңнің музейін ұйымдастырып, көп жылдар оның директорлығын атқарды. Жоғарыда айтқандай біздің үйде

болғанында сол жылы шыққан «Великие ученые Средней Азии и Казахстана» деген кітапты байқап «мына кітабыңды мен оқып берейін» деді. Әрине, оны қайта сұрап алмаймыз ғой, ертеңіне кітап дүкеніне барып, бір данасын өзім үшін өтініп жүріп таптырып алдым.

Сондай дініне берік жанның бала сияқты өзгенің айтқанына сенгіштігін де көрдім. Әдебиет саласы бойынша Ғылым Академиясында бір орын босап, соған жаңа мүше сайланғалы жатқан. Сол тұста қарап отырмай:

– Ғабе, бұл орынға кімді лайық көресіз? – дедім.

– Соның ретін ойластырып көріп үшеуінің біріне тоқталдым. Алдыма келген біреуіне: «Бір адамға бір академик жетіп жатыр ғой, сен Одақтық академияның мүшесісің, бұл орынға таласпай-ақ қой дедім. Екіншісіне – өзі басқарып отырған институтта көп қарсы дауыс алыпты және кейінгі кезде жұмысбасты болды ма әдебиетке белсене араласпай жүр. Сайып келгенде бәйгеге бір аяғына ақау түскен кәрі тарланды қосып отырмыз, – деп күлді. Тағы да қарап жүрмей өзім қатты сыйлайтын, үйімде қонақ болған, ол үйге өзім де еркелеп баратын Әбекеме айтып бармаймын ба! Ғабеңнің сөзін түгел айтып бергенімде балаша мәз болып күлді. Бірақ...

Ертеңіне Ғабеңнің үйіне келсем, Ғазиза апай бұлан-талан ренжіп отыр. «Бұл сенің ағаң бала сияқты. Кеше сенің артыңнан осында бір-екі адам келіп «сенде принцип жоқ, анау жақтап отырғаның – жауың емес пе? Сен жайлы жамандап пәлен-түген деп өлең жазған, ол өлең бес томдық таңдамалысына еніп кетті» деп еді, соған сеніп шалқасынан түсті. Не деген сенгіш адам! – дейді ренжіп. Ғабеңді барлық академиктер сыйлайды, пір тұтады. Оның айтқаны бұлжымас заңдай көрінеді. Соның нәтижесінде жаңа академикті сайлау кезінде жағдай өзгеше болып шықты...

Енді бірде сынбайтын қайраттылығын көрдім. 1970 жылы болуға тиіс, Махмұт отбасынан бес адам бір жылда қайтыс болды: ағасы Хамит, қарындасы Гүлсім, Баязиттің баласы Ким, Әшімнің екі баласы. Ғабең сол тұста нарлық көрсетті. Бұрын да қазақ халқына келген ашаршылық жайлы Сталинге хат жазғанда өзгелер сөзінен танып шыққанда Ғабең бетінен қайтпады – дегенді естіп қайсарлығына риза болатынбыз.

Ғабеңнің алдында қарыздар болып қалған жайым бар, сол уәдемді орындамағаным әлі күнге жанымды жегідей жейді. 1977 жылы сол кезде дәстүрге айналған Жазушылар одағы бірінші басшыларының кеңесіне, Мәскеуге жиналғанбыз. Қазақстанның теріскейіндегі бес облыс жазушыларының

басын қосатын облысаралық бөлімшені басқарамын ғой. «Москва» қонақүйіне орналастық. Таңертеңгілік өзіміз орналасқан қабаттағы шағын ас бөлмесінен тамақтануға барсам, Ғабең кезекте тұр. Ол кісі Одақтық Мемлекеттік сыйлық комитетінің мүшесі ғой, сыйлыққа ұсынылған кітаптарды оқып, көптен сонда жатыр екен. Дереу Ғабеңді төр жақтағы дастархан басына отырғызып, өзім даяшылық атқардым. Ас үстінде көптен көкейімнен кетпей жүрген бір назымды айтып қалдым.

– Ғабе, «Суреткер парызы» атты кітабыңызды оқыдым. «Мен қалай жаза бастадым» деген өмірбаяндық әңгімеңізді өздеріңіз түскен Пресногорьковтағы жеті жылдық жоғары бастауыш аталатын орысша мектепте «Махмұт, Мүсен жолдастар болмағанда өзім де жанталаспағанда, мен ол мектепті бітіре алмайтын едім» депсіз. Әрине, біздің ағаларымыз оған Федоровкадағы (қазақша аты – Тілес) двухклассная приходская школаны» (4 жылдық) бітіріп барып түсті. Сіз біздің елден Бекет Өтетілеуіов ашқан қазақ мектебін бітіріп түстіңіз. Бірақ 1956 жылғы өмірбаяндық әңгімеңізде біздің ағалардың аты жоқ, – дедім. Ғабеңнің өмірін шала зерттеген, тіпті анығын білмейтіндер Пресногорьков мектебіне ол орысша бастауыш класты бітіріп келіп түскен еді деп қате жазып жүр. Ғабең нағашысы Оңғарбайдың қолында тұрып, Ілияс Омаровтың саудамен байыған атақты Жазы атты би атасының балалары жәрдемдесіп, Ыбырай үлгісіндегі Бекет Өтетілеуовке ашқызған қазақ мектебінде оқыған. «Жазының жазғы жолы» дейтін Орынбор мен Омбы арасын қосатын жол болған. Сол Жазыға менің шешем жиен еді, әңгімеміздің басында Дина шешейдің «Жиенжан, мені өз қолыңнан жөнелт» деген сөзін келтіргеніміз, сол Оңғарбай Жазының ауылынан. «Оянған өлкедегі» Игілік, Байжан тағы басқалары Ғабеңнің нағашылары. Солардың бейнесін, атын сол күйінде алған. Романды оқығанда әке-шешем кейіпкерлерді жарыса таратып отырғаны есімде.

Үлкен кісі менің әлгі айтқан назымнан кейін ойланып қалды. Әрине, менің төтеннен қойған сұрағымнан кейін біраз ойлану болған шығар. Дегенмен өз тарапымнан қойылған сұрақ жағдайды біле тұра өзімшілдікке салыну екенін сезіне бастадым.

– Өзің де аңғаратын боларсың, ол жігіттерден мен көз жазып қалдым ғой, – деп біраз үнсіз отырды.

Мүсенбек Таукин (біздің 1937 жылға дейінгі фамилиямыз Таукин, кейіннен атылып кеткен ағалардың салқыны тимесін деп үлкендер бүгінгі фамилияға өзгерткен ғой.) Қырғызстан

астанасы Фрунзеде республикалық РКИ (рабочекрестьянская инспекция) төрағасы (Ленин ұйымдастырған, тікелей СОКП Орталық комитетіне есеп беріп отыратын, кезінде аса беделді тексеру орыны болған), кейіннен Қырғыз республикасы коммунистік партиясының Орталық Комитетінде секретарьдың бірі болып қызметте жүргенінде 1937 жылы репрессияда тұтқынға алынған. Жоғары шенді әскери адам. Әкемнің кенже інісі Оразұлы Нұғыман Таукин Жаңаарқада аудандық атқару комитетінің төрағасы болып тұрып атылған. Екі туысы анадай болған соң Махмұттың қызметі төмендеп, 1946 жылы қалалық сот болып тұрып, Алматыда қайтыс болған.

Біраздан соң маған тіктеп қарады да:

– Сол жолдастардың алдындағы бір парызымды өтейін, сен Мүсеннің (ол жолдасын солай атайды екен) архивтегі папкасын Фрунзеден, Махмұттың өмірбаяндық құжаттарын осы Алматыдан тауып, маған алып келші. Мен олардың халқы алдында, Отаны алдында атқарған зор азаматтық қызметін көрсетіп, музейге қойдырайын. Олар оған лайық жандар! – деді сөзін қажырлы аяқтап. Мен сол істі тындыруға уәде бердім. Бірақ, бір ретін келтіре алмай, әне-міне деп жүргенде уақыт өтіп кетті, әттең уәдем орындалмай қалды!

Бірде Ғабит ағамыздан:

– Ғабе, Сіздің суреттеуіңізде де, елдегі қарттар әңгімесінде де Есеней халқына адал адам, бірақ Нұралы керейлерге неге қаталдық көрсеткен, қыстың келіп қалғанына қарамастан, керей Тоқсан бидің сөзіне де тоқтамай оларды қонысынан қуып шыққаны қалай? – деп сұрадым.

Осы әңгіме айтылса, жерінен қуылғандар ішінен бала Біржан үшін (атақты Біржан сал сол кезде 13 жаста екен) жаным ауыратын.

Ғабең қасын кере маған қарады да:

– Есенейдің өзін Мәуліттегі (Мамлют ауданы) қонысынан патша үкіметі қуып шықты ғой. «Бұл жерден Горькая линия өтеді, сен анау Нұралы керейлердің жерін ал» деген соң губернатордың жарлығын екі ете ме? Қыс қарсаңында өзі де жерін тастап шықты. Қазақтар ол жағын біле бермейді, аға сұлтанның өзі жасап отырғаны деп түсінеді – деді. Таң қалдым. Ғабең тірі тарих қой, осы уақытқа дейін қалай айтпай келген деп ойладым. Ұлы суретші «Ұлпан» романында Есенейді аға сұлтан боламын деп бола алмай қалған» деген мағлұмат береді. Бүгінгі күні ойласам, «социалистік реализм» шындығын айтқызбай тұр екен-ау. Романда Есенейді аға сұлтан ретінде көрсетсе ол кітап шықпауы да мүмкін, жарық көрсе де сын садағына ілігер еді.

Патша өкіметі зорлықты көбіне біреудің қолымен жасауды ұстанған ғой. Есенейдің руы сибан-керейлерді Мәуліттен қуған да, аға сұлтанға Нұралы-керейлердің жерін беріп, оларды орнынан кууды Есенейдің өзіне атқартып қойған. Ал Есеней аға сұлтан басымен «мені де жерімнен қуды, сендердің жерлеріңді ал деді. Қыс келіп қалғанда мен қалың елімді қайда қыстатамын» деген дәрменсіз сөзді айта алмайды. Бұл істің ішкі құйтырқы жағын өзге жұрт түсінбейді.

Енді бірде өз кітаптарының орысшаға аударылуы жайлы пікірін білгім келді.

– Ғабе, Николай Ановтың естелігіне қарап отырсақ Мұқаң шығармаларының орысшаға аударылуын мұқият қадағалап отырғанға ұқсайды. Тіпті әр күнгі аудармасын тықақтатып қарап отырыпты, келіспейтін жерін қайта аудартып, тәржімешіге өзі де көмектесетін сияқты. Сіз де неге сөйтпейсіз, орысшаңыз жақсы. Сіздің сөйлемдеріңіз күрделі, оның үстіне астарлы мысқылыңызды өзге тілде сол күйінде беру мүлдем қиын. Төгілген поэзия тәрізді «мына сөйлемді... – деп, «Оянған өлкенің» басталуын жатқа айта бастап едім, өзі де жатқа біледі екен, әрі қарай жалғап кетті. Сөйлемді аяқтады да басын изеді.

– Оның рас, Мұқаңның мұқияттылығы бізде жоқ қой, – деп тоқтады да қарсы сұрақ қойды.

– Сонда қалай, менің шығармаларымның орысша аударма сына көңілің толмай ма? – деді маған сынай қарап.

– Ғабе, біз оқып білген қазақша түп-нұсқа орысшада жоқ. Әншейін жеңілейіп, жалпы оқиға желісімен кете береді. Көркемдік ғажайып бояулары жойылып кетеді, – дедім мен ренжіп.

– Ойланатын жай екен, – деді Ғабең.

Жақсылыққа қарай бір түрткі болсам деген ойым іске асқандай еді. Бірақ ғұмыр оған жібере ме және үлкен кісінің жасы да келіп қалған кез...

Осы жасының ұлғайған тұсына орай бұрынғы қаталдығы жойылып, көңілшектікке ауысқандай еді. Ұлы жазушының сол халін кейбір адамдар өз баспайдасына пайдаланып та жүрді. Мына мерейтой үстінде оларды әшкерелеп, қабақ кірбіндігін тудырып қайтеміз. Оны айтар кездің де реті келер.

1982 жылы Ғабеңнің 80 жылдық мерейтойы өтті. Той тұсында Атырауда жолаушылап жүр едім, бірер күн кешігіп келдім.

Үйіне келсем өзінің «Қазақ солдаты» романының кейіпкері Қайырғали Смағұлов қоштасуға кірген екен.

Дастархан жасалып, үй-ішілік үш-төртеуіміз асқа отырдық. Кезегімен маған сөз ретін берді. Тілегімді ақ ниетпен айтсам да қолымдағы кішкене құтыны жерге қойып:

– Ғабе, мен ішпейтін едім, – дегенімде:

– Мен екі рет сексенге келмеймін, – деді Ғабең. Өзіме бейтаныс ішімдікті қалай жұтып қойғанымды білмеймін. – Міне, бұл ерлік, денсаулықта өз орнымен, өз сәнімен іше білу де мәдениеттілік, – деді ол.

Осы отырыстағы мүшелтойға орай болған бір әңгімесінде Ғабең маған бір тосын жайды айтып, таңдандырды.

– Менің жауларым елуге толған кезімде неше түрлі пәлелерді жазып, дер шағымдағы мерейтойымды өткіздірмей тастады ғой, – деді. Япырмау, Ғабеңнің мерейтойын өткіздірмеген ала ауыз ағайындар жер үстінде қалай сыйып жүр деп ойладым. Әлде ұлы адамдардың қарсыласы көп бола ма екен, әлде біреу болса да бірегей жау ма?

Аяулы Ғабит ағамыз қатты науқас кезінде де, мәңгіге көз жұмған тұста да туыстар бірге болдық. Төсекте қозғалыссыз көп жатып екі-үш айдай ауырды. «Өмірімде еш адамға қиянат жасамап едім, мұнша неге қинап жатқанын қайдан білейін» дегенде асыл ағамен бірге қиналдық. Барша қазақ жұрты шексіз сүйген ардагер аға, Аллатағала ұлы етіп жаратқан ерекше дарынды пендесі халқын қалтқысыз сүйгеннен басқа қандай қиянат жасаушы еді, әшейін ауру жанына батқанда айтқан болар. Содан кейін алтынның сыныгындай арамызда жүрген менің туған бажам, Ғабеңнің кенже інісі Әшім де ағасының 90 жылдығы қарсаңында марқұм болды. Өмір заңы өз дегенін жасайды ғой.

Енді, міне туған халқы аяулы ұлының торқалы тойын, болашақтың зор биігіне асудан асырып отыр. Бұл әдебиетіміздің алғашқылары, көш басылары заман өткен сайын биіктеп, асқақтап келешек ұрпақпен тілдесе бермек.

Ғабит жасаған феномен бейне

Ғабеңнің Ғабиттігі жұрт айтып жүрген болжамдардың бәрінен жоғары – діни ұғыммен айтсақ, Алла тағаланың сөз құдіретін таныту үшін жаратқан ұлы пендесі, адами түсінікпен айтсақ – талғампаздықтың Тәңірісіндей өмірде өз тұлға-бітімін қалай асқақ ұстаса, ойының жемісін де сол талғампаздықтың асыл ұрығы ретінде халқының көкей қазынасына құйып бере білген қайталанбайтын дарындылықтың иегері – дара данышпан.

Осы сөзімізді артықсынған скептиктер болуы мүмкін. Сондықтан әлгі айтылған пікіріміздің пәрменділігін төмендетпес

үшін – Ғабеңнің қазақ әдебиетінде қастерлі орыны бар, ересен еңбегінің бірі – «Оянған өлке» романынан жұрт көзіне елеусіз болып келген бір жүдеубас кейіпкерінің бейнесін талдап көрелік.

Әрине, бұл романдағы кесек тұлғалы, өз заманындағы ел тізгінін ерекше етіп ұстаған қазақ қоғамы иелерінің сомдалған, ірі тұлғалы бейнелерін Ілияс Омаровтан бастап ғалымдар әркайсы әр қырынан келіп талдап жатыр, жазып жатыр. Ілекең мемлекет қайраткері бола тұра әдебиет пен мәдениетті ұлылықпен таныған, жәй ғана танып қоймай оның жедел дамуына ынталы ықпал еткен жан еді. «Оянған өлке» жарық көрген тұста атақты Кенесары науқаны кезінде партияның ығыстыруымен «Марксизм іліміне жетіле түсу үшін» Москвада оқып жүрген болатын. Ол оқыды ма, өзгені ол оқытты ма – ол арасын білмеймін – әйтеуір, Қазақстан өмірінен шеттетілгені ақиқат. Бірақ, ол шеттемеді. Москвада тапқаны – қазақ үшін олжасы – сол алыста жүріп «Оянған өлке» романын оқи сала Ғабеңе хат ретінде осы ұлы туындыға орай өзінің айтулы пікірін жазып, өзі де салқынына ұшырап қуғын көрген Бекмахановтар трагедиясынан кейін көңілі пәс болып қалған қазақ қауымын бір желпіндіргенін білеміз.

Содан былай қарай осы аталмыш роман жайлы пікірлер, ғылыми диссертациялар лек-легімен өмірге келе бастады. Ғабең жасаған бір-біріне ұқсамайтын, бірақ қазақы өмірмен біте қайнасқан алуан түрлі бейнелер романнан шығып ғалымдардың жазу лабораториясында ғылыми дәлелдену диагностикасынан өтіп, жұртымыздың алдына үлгі-өнеге ретінде әрқайсысы бір-бір диссертацияны арқалап Ғабеңнің қалауынан тыс айқын көрінуден жазбады, жалғаса берді.

Солардың ішінде біз әңгіме еткелі отырған жүдеубас кейіпкер де жанамалай айтылып жүрді. Кейбіреулердің назарынан тыс қалып та жатты. Олай болуының себебі де бар. Ұлы жазушы осы бір беллитристика әлеміндегі феномен бейнені әдеби кейіпкер етіп жасауды ойластырмағанға да ұқсайды. Өйткені, іріктелген, роман жүгіне телінген басты бейнелер оқиғаның әр жерінде көрініп кетіп, әрбір көрінген сайын сомдала түсіп, бұрын байқалмаған жағы толыға түсіп, барған сайын ірілене беретіні анық қой.

Ал, бұл бейне – бір ғана эпизодтық бейшара халдегі жан. Сондықтан да біздің алғашқы бағдарлауымызда ол жазушының осы романда сомдалар кейіпкерлерінің «тізімінде» жоқ. Жазу үстінде, романдағы реалистік өмірдің даму барысында сол дәуірдің, сол өмір шындығы көрсетілген кең полотноның бір қапталында көрініп қалған жан. Ұлы

қаламгердің өзі жазып отырған тарихи дәуір өміріне сергек қарауының арқасында сәттілікпен көзге түскен – сом алтын тәрізді – алтындығы сол – бұл бейне әдебиет әлеміндегі өзгеде жоқ, өмірде бар, тіршіліктің тілерсегінде қалтылдап жүріп жаткан жан. Бұл тәріздес бейнеге жазушылар да, сыншылар да назар аударғанымен сол ерекше бейне әр дәуірде болған, қазір де бар, болашақта да жалғаса береді.

Олай болса, әдебиет теориясындағы айтылатын бір негізгі қағида осы тұста да өзінің пәрменді шындығын танытып отыр. Ол әдеби анықтама бойынша жазушы кейіпкерлерін алдын ала тізімге алмайды. Тақырып қана белгіленеді. Сол белгілі бір дәуірдегі жазушы көрсетпек болған тақырып жазылу үстінде кейіпкерлер өмірдің өзінен өрбіп шыға береді. Әрине, бір характерді типтендіру кезінде бір-біріне ұқсас жүздеген жандардың әрқилы мінездері, іс-әрекеттері жиынтық бейне (образ) болып сомдану заңдылығы бары рас, өйтпесе бір романда жүздеген адамдардың аты аталып, оқырмандарын толып жатқан адамдар жайлы ойдан, оларды танымнан шатастырып жіберуі хақ. Оған қоса аты аталып роман аренасына шықса болды оны жан-жақты суреттеп толыққанды бейнесін жасау қажет. Ал, ол үшін көптеген оқиға желісі алынбақ, сөйтіп шығарма жан-жаққа жайылып кетеді де діттеген бағытынан ауытқулар көбейіп кетуі хақ.

Осындай шындықты мойындасақ, жазушы оқиғаны қолдан жасап, өзі жазып отырған шығарманы алдын ала ойлаған межемен басқара алмайды. Оның есесіне романның ішкі даму дүниесі – кәдуілгі шын өмір тәрізді өз арнасымен, өз заңдылығымен, өз логикалық адалдығымен дамиды. Яғни, жазушы романның ішкі заңдылығымен өрбіген желісін қағазға түсіруші ғана. Оның ойындағы фантазиясы – өмірдің айнасы. Оған ең қиыны – сол өмірдегі бір-біріне ұқсас қаншама адамның ішінен негізгі оқиғаға қажеттісін таңдап, талғап ала білуі керек. Қиынның қиыны – сол.

Біз бұл әдебиет өміріндегі белгілі қағиданы тәптіштеп отырғанымыз – өзіміз сөз еткелі ыңғайланған бейненің романға «кенеттен ілігуі», ұлы өмірдің бір қаға берісінде жүрген жанның ұлы сатириктің қаламына қармаққа ілінген шортанша кезігуі. Тіпті жазушы сол бейнені көрсетейін деген күннің өзінде алдын ала дайындықсыз, романдағы өмір ағымында өз-өзінен сопаң етіп шыға келген көрініс. Шынайы өмірде бар адамдар, бірақ Ғабеңнің осы табысына дейін дәл осындай айқын, өткір, мірдің оғы қадалғандай көрінбеген бейне. Алдын ала айтып қояйық – әлем әдебиетінде тап осылай – эпизод арқылы көрінсе де – тайға таңба басқандай бейнеленген кейіпкер түрі болмаған.

Ғабеңнің аталмыш романдағы біз көз тігіп, таң-тамаша болып, таңданып отырған бейнеміз – түйеші Талтаяқ деген карт. Бір қарағанда көзге күйкі жан – еленбей, ескерілмей қала бермек. Оқырман да оның ұсқынына бір күледі де өте шығады. Тіпті оның сорлы халіне аяушылық көрсетіп те үлгермей оқиға желісімен әрі қарай ойын жетілдіртіп жүре беруі де заңды. Мейлі, бір бейшара адам арбада кетіп барады екен – кете берсін. Шындап келгенде соған тебіреніп жаны ашитын оқырман да бола қоймас. Шынын айтсақ, біреуге аяушылық білдіріп, жанымыз ашу үшін де ол адам сол жанашырлыққа лайық адам болуы керек қой. Енді біреулер оны нақұрыс көруі де мүмкін. Ойлау қабілеті жоқ, туа кемсін жан, оның айтқаны да ойға қонбайды деушілер көп болар.

Енді осы біз назар салып қазбалай қарап отырған кейіпкеріміз кім деген сауалға жауап беріп, Ғабеңнің ұлылығындағы феномендікті толықтырып тұрған әлгі жанға оралайық.

Жұман бай – ескіліктің символы. Тек мал басын көбейтіп, ондаған мың жылқы өсіруді ғана мақсат еткен. Сол байлықтың салтанатты рахатын көрудің де ретін білмейді, ол жайлы ойланбайды. Бар мақсаты кең даланы кернеген қос-қос жылқысы болуы керек. Сол жолда ол маңайындағы байлық жолына түскендермен бақастасып, теке-тіреске келіп, тіпті күреске түскеді. Өз қарауындағы руласын, ауылдасын, қоңсы, малшы, жалшыларын, барымташы «батырларын» сол өзі көздеген мақсатқа жұмылдырады.

Оның негізгі қарсыласы, бітіспес жауы – қазақ қоғамында бұрын болмаған жолымен жаңаша байып келе жатқан, дала рухында бұрын-соңды көрінбеген құйтырқы бағытты ұстанған Игілік бай. Бұл іші-сырты түгел қулыққа толған, үй жиһазы – қазынасы, даладағы малынан да әрі асқан, баю жолындағы ой тереңіне құрық бойламайтын, маңайындағыларға өліп бара жатса да ішін алдырмайтын өте күрделі бейне. Оның Жұман байды орға жыға жеңуі заңды. Өйткені ол – қазақ даласында XIX ғасырда көріне бастаған жаңа қоғамның – сауда капиталының өкілі. Мал байлығынан ақша капиталына ауысқан жаңа бағыттағы кейіпкер.

Ғабеңнің осы романындағы басты кейіпкерлердің біразының прототиптері өмірде бар, болған адамдар. Олар – жазушының нағашылары. Яғни, Ғабеңнің анасы Дина шешей болса, оның әкесі Оңғарбай – атақты Жазы байдың ауылының адамы. Ал, Жазы болса – Орынбор мен Омбының арасында сауда істеп байыған әрі малды, әрі ақшалы адам. «Жазының жазғы жолы» дейтін жол әлгі аталмыш екі қаланың арасын

қосып жататын болған. Игілік сол байдың баласы – Ілияс Омаровтың аталары. Байжан тура романдағы аңғырт, аңқау нағыз қазақы күйінде болған адам. Осы «Оянған өлкені» оқып отырғанда әке-шешем елең ете қалып, «мыналар жазушының нағашы жұрты ғой» десіп, арғы жағын өздері әңгімелеп әкетіп, сол тұқымды аяғынан тік қойғаны бар еді. Өйткені шешем Жазы ұрпағына жиен болатын.

Бұл естелік – роман кейіпкерлерінің деректілігін анықтайтын, яғни прототиптердің дәл берілгенінің айғағы. Ілияс пен Ғабең нағашылы-жиенді. Олай болса, біз жоғарыда айтқандай Ілекең Мәскеуде жүрсе де бірінші болып хат арқылы осынау ұлы туындыға толғана отырып теңдесі жоқ пікір айтуы заңды, әрі адал, айқын пікір. Әрине, роман болған соң ондағы кейіпкерлердің бәрі деректі шығармалардай өмірде бола бермейді. Жұман – қырдағы елдің малды байы. Шұбарлы, орманды келетін Қостанайдың теріскейіндегі Жазылар жайлаған елде Жұманның малындай жылқы ұстау мүмкін емес. Жазушы бұл кейіпкерді романның оқиғасы өтетін бүгіндегі Қарағанды облысының даласындағы Құланөтпес пен Құдаймендінің кең даласына сай алған. Игілік, Байжандардың прототипі Қостанай жағында болғанмен кейіпкер ретінде сол Қарағанды даласына әкелген. Біз әңгімелеп отырған Талтаяқ та сол көшпенді елдің көне өмірін сақтаған алып даланың бір пендесі. Жоғарыда айтылған екі дүниенің, екі дәуірдің арбасуы аралығындағы ғажайып көріністердің бірі ретіндегі деталь сияқты алынған кішкентай бейне болуы мүмкін.

Міне, осыдан екі дүниенің тартысы шеп құрғанда біздің сол бейшара кейіпкеріміз Жұман жағында өмір кешіп жатыр. Шындығына келгенде ол – байдың құлақ кесті құлы. Бірақ оны байдың тарапынан да «құл» деп атап жатқан адам жоқ, жәй әшейін «түйеші» дей салады. Өзі де «мен құлмын» деген ойды басына жолатқан емес. Тіпті, ол өзі өскен, өмір сүріп жатқан ортасында қандай орын алатынын, өзге жұртқа кім болып танылатынын ойлап көрмеген, сол ойланбастықпен қартайған жан, сондай ойға берілмегендігімен де «бақытты». Әлбетте, адам баласы өмірдегі өз орынын олқысынудан «бақытсызбын» дейді де, соған керісінше қандай қиын халде жүрсе де үй іші, бала-шағасының амандығын бақытым деп санайтын қанағатшыл жандар да бар. Ал, Талтаяқ осы екеуіне де жатпайды. Өз басына бақыт үйіріле ме, жоқ па – оны ойлап көрген емес. Тек, ол үшін таң атады, күн батады, жыл мезгілі ауысады, оның ыстық-суығы, жаңбыр-шашыны болып жатады – соның арасында қалқақ-құлқақ келе жатқан

жан. Негізгі алдына қойған мақсаты – бағып жүрген түйелері аман болса, ол үшін – шүкіршілігі сол. Сөйтіп, Талтаяқ өз ортасында өз заманында «ризашылықтың құшағында» елеусіз күн кешкен жан. Ол үшін сол қалып өзгермейді, соған өзі риза! Оның дүниеге келген кезде азан шақырып қойған аты мүлде ұмытылған, еш адам оның атын білмейді. Ал, Талтаяқ аты туа солай болғандай.

Осы сөзіміздің шындығын романдағы эпизодпен дәлелдейік. Талтаяқтың баласы Жабай – «жаманнан жақсы туар – адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туар – бір аяқ асқа алғысыз» дегендей палуан жігіт. Жылқышы, барымта кезінде батырларша қимылдайды, сөйтіп Жұман байға олжа түсіріп жүреді. Бірақ кезекті бір барымта кезінде оқыс тиген шоқпардан аяғы сынады. Оны адам екен деп сынықшыға көрсетіп жатқан бай жоқ, ақыры алпамсадай ақсақ жігіт – Жабай Жұман байдың маңынан кетіп, аяғы ақсақ болып қалған ол Қарағанды көмір қазушыларының арасынан орын табады. Енді ол байдың қолында қалған, кәртайған әкесін құлдықтан құтқарып, қолына алуды мақсат етеді. Сөйтіп ол бай ауылынан әкесінің шоқпыт дүниелерін артып алып, Талтаяқты арбаға мінгізіп, әкетіп бара жатады.

Дәл осы тұста Ғабеңнің теңдесі жоқ сарказмы найзағай отындай жарқ ете қалады. Арбаның артында отырған Талтаяқ кейінде қалып бара жатқан, өзі бар өмірін өткізген ауылға қарап келе жатқан. Кенет сол сорлы шал:

– Түйелер бағусыз қалды-ау… – дейді.

Ғабеңнің ұлылығы ғажап қой! Өзге жазушы болса қарт адамның өзі өскен ауылын қимай толғанғанын жазар еді. Ал, олай жазса – біз олжалап отырған тосын да ғажайып феномен бейне шықпаған болар еді. Мына көріністе ол толғаныстың біреуі де жоқ, сөзі – әлгі. Сонда бұл шал адами ойлану, толғану, тебіреніс сияқты сезім құбылысының бәрінен жұрдай, түйсіксіз бейшаралық халге келген жан иесі ғана болып тұр-ау. Миына сіңген – жанын басып-жаншып таптап тастаған, бойындағы бар болмысын бір бағытқа ғана бағындырған күйкі тірлік – түйе бағу! Жапан түзде түйеден өзге қыбырлаған тіршілік оны еліктірмеген, күнделікті бір себептермен ауылға келе қалса, артта қалған түйеге алаңдаумен болған. Жатса, тұрса ойлайтыны – түйе. Бүгінгі өмір жаңалығындағы құбылыстан Талтаяққа теңеу іздесек – ол роботқа айналып кеткен адам дер едік.

Дегенмен, өмірде осы Талтаяқ тәрізді қоғамның қысымынан еті өліп, әбден адамдық тұлдыры біткен, кәдуілгі түйсігі бар адамша ойлаудан қалған жандар көп.

Қоғамның қысымы неғұрлым қатал болса, соғұрлым олардың талтаяқтығы айқындала түседі. Біз бүгінгі өмірімізде сондай жандарды көріп, таңданумен жүргенде ұлы Ғабеңнің әлгі ерекше кейіпкері ойға оралады да сол данышпан суреткердің әдебиет әлемінде ерекшеленіп туған феномен бейнесін жан-жақты қарастыра бастадық. Сөйтсек, Ғабеңнің ұлылығы болар – бүгінде жанымызда өмір сүріп, бізді аяушылыққа тұншықтырып жүрген әлде біреулердің бейнесін баяғыда-ақ айна-қатесіз жазып кеткен екен ғой.

Біз әлгінде талтаяқтықты қысылшаң кезең тудырады деп қалдық. Соған қарап біреулер Талтаяқты Шолоховтың «Нағыз адам туралы хикаятындағы» Соколовқа теңер. Ол да қысшалаң кезеңнің адамы ғой. Неміс генералы жеп отырған етінен кесіп алып «Мә, Соколов!» деп лақтырады да, «Соколов, ты собака?» дейді ғой, сонда анау қағып алған етін асап жатып «да, собака» дейді шіміркенбестен, қожайынының қорлаған сөзіне мән де бермейді, етті қағып алып жей береді. Дүлей адам тәрізді.

Бірақ, Соколов өзінің басына төнген тағдырын айқын түсінеді. Сондықтан ол уақытша дүлейленіп жүр. Сәті келген кезінде ол өз дегенін істейді. Ал, Талтаяқты жоғарыда біз келтірген диалогтағы сөзінен кейін алтынға орап қойсаң да сол Талтаяқ қалпында қалады. Оның әдебиеттегі бейнесі, Ғабең көрсеткен сықпыты ешбір өзге кейіпкерлерге ұқсамайтын – тек өзіндік көрінісі бар, айқын, эпизодтық кейіпкер болса да қанық образ.

Бір ғажабы – ұлы жазушы сол бейнені жасағанда адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан, әлі де жалғасын таба беретін талтаяқтық бейнелерді дәл басып ұстаған. Өзіне дейінгі әдебиет әлемінде ол жоқ екенін айттық. Қоғамда бар, бірақ өзге қаламгердің қырағы көзіне ілікпеген, «сом алтындай» табиғи күйінде Ғабең тапқан ғаламат. Өзге жазушылардан артық Ғабеңдік ұлылығы да сол.

Ғабеңнің сатирик екенін білеміз. Бұл ғажайып бейне де сол сатириктік қырағы көзге ілігіп қалған ғой. Әйтпесе, жай қалам шеберлері байқай бермейтін қоғамның ең астыңғы астарында бұғып жатқан бейне емес пе. Шындап келгенде қоғамымыздың өзі сол талтаяқтарды басып-жаншып, кісілік қасиетін бойынан сығып алып тастаған да тек жан иесі, тапсырылған жұмысты ғана білетін, өзгеде шаруасы жоқ, маңында не болып жатқанына ой жүгіртіп бірдеме білер қауқары жоқ. Ондай қасиетін де жойып жіберген. Таңның атуын, күннің батуын да санамайды. Күндер өз бетімен бұған қатысы жоқ, өте береді.

Міне, Ғабеңнің ұлылығы, тапқырлығы – ол жасаған заман полотносының бір бұрышындағы адамды таңдандырар бір тосын бояуы.

Енді біз осыншама шұқшиған осы бейненің өмірдегі прототиптері бүгінде бар ма деген сұрақ өзінен өзі қаламның ұшына тіленіп тұр, соған жауап берелік. – Ие, бар! Бар болғанда қандай! Талтаяқтық социализм кезіндегі, «асылды жасық етіп, жасықты асыл етеміз» деген қағида тұсында, сталиндік езгінің асқынған кезінде, жалпы коммунистік режим олардың бойынан адамға тән өзіндік қасиеттерін сығып алған заманда көбейді. Сондықтан да болар олардың ұрпағы қазірде маңымызда толып жүр.

Біз сөз басында Ғабеңнің ұлылығының алдында басымызды иіп, негізгі көздеген тақырыбымызға старт алар тұста «жұрт көзіне елеусіз болып келген жүдеубас кейіпкердің бейнесі» деген сөз тіркестерін жазған едік. Сол «жүдеубас кейіпкер» – осы Талтаяқ бейнесі болды ғой.

Әлгінде ғана оның өмірдегі орынын әдебиеттегі бейнесімен шендестіре зерделедік. Сондағы шығарған сөз байламымыз мынадай екен. Талтаяқ дүниеге келгенде өзге сәбилер сияқты сүйкімді бала болуы даусыз. Тіпті, есейген тұсында да кәдуілгі жігіт болғаны байқалады. Өйтпесе Жабай тәрізді палуан, ат үстінен жау түсіргіш барымташы, ең негізгісі – намысшыл жігітке әке бола ала ма? Ал, сондай әке жоғарыда біз көрсеткен диалогка дейін құлдырап қалай төмендеген, адами арманнан, мен-меншіл мақсаттан, тіпті күнделік тіршіліктегі өз ортасын бағдарлап байқаудан қалай айырылып қалған? Қалайша байдың түйесінен басқаны білмейтін бишара халге келген?

– Біздің жанымызды түршіктірген, «ойпырмау» деген ойға итермелеген таңданудың сыры – осы сұрақтарға жауап беру еді. Бүгінгі талтаяқтыққа жауап беру де әлгі сұрақтармен қат-қабат келіп жатыр.

Біз кең даланы ен жайлаған ел едік. Көшпелілікті кәсіп еткен, арғы тамыры көненің көнесіне айналған берік тұғырлы атамұрасы бар, өзіндік сән-салтанаты – әсем өркениеті бар, тұрмыста тазалықты ұстанған ел болатынбыз. Жайылымның бабына орай ауыл көкорай шалғынға қонады, бірер жетіден кейін ол жер шаң бола бастады деп, тағы да көк шалғынға жылжып қонады – қысқасы бүгінгі тілмен айтқанда сегіз ай санаторийде жүреді екен. Ол кезде қыстау әбден құрғап, ұсақ-ұлаң жәндіктен тазарып тұрады, оған қар жауа кіреді. Сол тәріздес тұрмыс-тіршілігінің көбі көңілді, көш-қон бойғы салтанат, алтыбақан, ерулік, қыз ұзату, келін түсіру,

сүндет той т.б. бәрі – бәйге, палуан күрес, ақындар айтысы, ән-күй өзгеше өркениет.

Соның бәрінің тамырын балтамен шауып, қолдағы малды тартып алып, зорлап отырықшы етті де, кеңес үкіметі колхоздастырамыз деп қазақты қырғынға салды. Өзіндік қасиеттері: шешендік фәлсапа, айтқыр ақындық, қара қылды қақ жарар әділ билік, елін, жерін, көздің қарашығындай қорғайтын батырлық, сол жолдағы намыскерлік бойынан кетті ең алдыңғы құрбандық болып, дарынды емшілікті жойды, бала оқытатын ауыл молдаларын қуып, мұсылмандықты, имандылықты жойды, саятшылық, атбегілік, сауық түрлері – бәрі адыра қалды. Бұрынғы қазақы жылқылардың тұлпар шығарған тұқымдарын «жылқыны асылдандырамыз» деп қамбарата жануарларының бойындағы бар асыл қасиетті жойып жіберді де «шыға шаптан» аспайтын сырты сұлу, болмысы әлжік жылқыға айналдырып жіберді. Тіпті, құмай тазы, қыран бүркіттерге дейін иесіз қалды. Қысқасы – құт даланың өнірінде тұнып тұрған жүздеген, мыңдаған асыл қасиеттердің бәрін жамандап, күштеп саяси үгіт жүргізіп, өткенді жек көруді мектеп бағдарламасына тықпалап жүріп енгізеді, кейінгі ұрпақты өз ұлтынан, оның салт-санасынан жиіркендірді, баба жолын ұмыттырды. Мыңдаған жылдар бойы дала алақанында сұрыпталған өркениетті кеңес кезіндегі ұрпақтың бойынан сығып алды.

Сөйтіп, қазақтың кейіннен өсіп жетілген ұрпағын өз ата-бабасының мұрасынан бездірді. Баланы әкеге қарсы қойды, бұл тұста Павлик Морозовты үлгі етті. Қазір ғана сорлы Павлик ойдан шығарылған екендігі, оның әкесін, атасын большевиктердің өзі өлтіргені, Павликті де құрбан етіп, оның атын ғана «асқақтатқаны» бүгінгі заманда ғана ашылып жатыр.

Ал, көшпелілер ұрпағына деген өшпенділік те, аяусыздық та Кеңес державасы кеңістігіндегі өзге халықтан гөрі ерекше қатал болғанын көпшілік жұртымыз біле бермейді. Оның дәлелі өз алдына ұзақ әңгіме. Сондықтан «бүгінгі талтаяқтар қайдан шықты?» деген сұраққа қайырар жауабымыз түсінікті болу үшін өткенге шолу жасау арқылы анықтай түспекпіз.

Ие, батыс – сонау заманда өздері тарихи теперішті көп көрген көшпелілерді отты қаруымен тұншықтыру арқылы олардан жүз есе артығымен өш алды. Таразы басы өзгерген тұста батыс өркениеті көшпелілер өркениетін тұншықтырып, біржола жоқ қылды. Сол арқылы біздің қанымызға сіңген барша тіршілігіміздің ерекшеліктерін таптап, аяқ асты етті. Біздің бұрынғы болмысымызды өз арамыздан шыққан шолақ

белсенділерге – Биағаңша айтқанда – Мырқымбайларға жамандатты. Әсіресе, кешегі тыңға шабуыл кезінде үгіт-насихат жағына (парторгқа дейін) қазақтарды қойды, сөйтіп атқарылып жатқан зорлықшыл алапат жұмысты өз өкілдерімізге айтқызып, солардың аузымен бойымыздағы қазақтық қасиеттерімізді таптатты. Яғни, біздің өткеніміздің бәрі надандық, қараңғылық, топастық, тағылық болып шыға келді. Ел билегендер – мыңдаған жылдар бойына әділдікпен елін, халқын басқарған ел ұйтқысы емес, керітартпа – феодалшылдық, патриархаттық тұрмысты ұстанғандар (қоғамның дамуын басынан кешкен қай халық сол формацияны басынан кешпеді десеңізші), батырлар – елін, жерін қорғаушы емес, ел тонаушы, қарақшы, варварлар – осылай тізе берсе бәрі іске алғысыз оңбағандар. Сонда мыңдаған жылдар бойына батысқа дегенін істетіп, жүрген жерінде мәдениетін жайып келген бабаларымыз: Аттила (Еділ батыр), Орта Еуропаға дегенін істеткен Ноғай батыр (кейіннен хан), Әз-Жәнібек, Әз Тәуке, Төле, Қазбек, Әйтеке билер, кешегі ғана «Алаш» тобының алыптары – коммунистердің пайымдауында олардың ұлылығы керісінше жоғарыдағыдай күйкілікке ауысты. Өткен ғасырларда батыстың, әсіресе орыс жұртының мәдениеті де бүгінгіден мүлде басқа, ғибратты болатын, бірақ олар өз өткендеріне күл шашпады. Отар етіп басып алған бізге барлық зәрін төкті. Бірден біздей бола қоймадың деп жанышты.

Сөйтіп, қазақтың бойынан барлық жақсы қасиеттерін сығып алды, жоқ етті. Қазақ жерінде, елінде ойларына келгенін істеді, нағыз варварлықтың тағылық түрін жасап бақты. Тың өлкесінің партиялық басшысы Соколов сияқты керіауыз «қазақты неміспен будандастырамыз – өз бетімен халық болмайды» дегенді айтуға дейін барды, өзі крайкомның ауласындағы тұрағында гарем жасады. Кейін оның орнын басқан Коломиеці де Алматыны менсінбей тікелей Мәскеумен мәселе шешіп жатты. Өлкелік атқару комитетінің төрағасы Мацкеевич дегені өзі басқарып отырған ел жайын ойлаудан гөрі медбикесін ертіп алып аң аулау саяхатында жүрді. Ал бүгінгі ата-тегін ұмытқан, халқының тілінен, ділінен айырылып қала жаздағанын сезінбейтін талтаяқтар сол ел-жұртын жаншып, қорлаған өлке басшыларының жанында жақын болғанын дәреже етіп, мақтанышпен айтып, сол бастықтарын сағынып естелік жазып жүр. Оны қолдаушылар «ой, пәленшекең өлке басшыларымен бірге болған азамат екен ғой» деп газет бетінде дәріптейді. Бұл өз алдына, трагедиямыздың бір түрі.

Ал, енді біраз талтаяқтар күнделікті жеген асынан, жасаған жұмысынан әрі аспайтын нағыз соның өзі. Бүгінде сол «Талтаяқтар» артына қарағыштап (романдағыдай) «ой, кеңес кезінде жақсы еді ғой» дей береді. Олар үшін өткен ғасырларда қазақ жері ұлы мемлекеттердің құрамында болғаны, 20 ғасырдың басында қазақ халқы Ресей державасындағы халықтардың ішінде сан жағынан үшінші орында болғаны беймәлім. Сол ұлылардың ұрпағы болғандықтан да патша үкіметінің жауыздығы өз алдына, большевиктер алып даланың аңғал жұртын дүркін-дүркін қырып-жоюдың нысанасы еткеніне ойлы көзін жүгіртуге қаукары жоқ. Жалпы коммунистік режим тұсында ұлты қандай қанды кезеңді басынан өткізгенін, қандай қорлық көргенін, «ұлтым!» деген азаматтары қалай құрбан болғанын бүгінгі бостандыққа соншалықты қыспақ-құрсаудан шығып келіп отырғанымызды ойлауға қабілетсіз – нағыз талтаяқтар. Арбада кетіп бара жатып ол «түйелер бағусыз қалды-ау» десе, бұлар «кеңес кезі тәуір еді-ау» деп арт жақтан көз алмайды.

Сол бүгінгі талтаяқтар өткендегі езгіден әлі арылып болмағандығымызды да сезінбейді. Неге демографиялық қауқарсыз халге келдік, әсіресе терістіктегі шұрайлы жерлерде халық саны жағынан не себепті бестің бірі ғана болып қалдық. Соның салдарынан қазақ тілі қатердің қармағына ілініп тұрғанында олардың ісі жоқ. Әлгі бестің бірі дегеніміздің де жартысынан көбі қазақ бола тұра орысша сөйлейді ғой. Ал, генеологиялық жағынан алсақ – қазір біздің Отанымызда басқа бір халық қалыптасып жатқан тәрізді.

Әлгі талтаяқтар осылардың бәріне де көңіл аудара алмайды, көріп тұрып не болып жатқанын түсінбейді, түсінгісі де келмейді, өйткені ондай түйсігі де жоқ қой. Олар тек Талтаятың «Түйе бағусыз қалды-ау, не болар екен? Бағымы жақсы кез қандай еді!» дегендей «кеңес үкіметі кезінде тәуір еді, бәрі бар еді, ол кезге не жетсін» деген жаттанды сөзді қалыптасқан фразеологиялық сөз тіркесі тәрізді қайталай береді, сол қайталаудан жағы талмайды. Сөйтіп өткенін жоқтап жүріп жаңа дәуірдің берерінен қағыс қалып жатыр.

Олар қоғамдық қатынастың өтпелі кезеңінде уақытша аударыс-төңкеріс болатынын, ондай қоғамдық өзгерістер қиындықпен жалғасып жататынын қайдан білсін! Ал, қоғамдық өзгеріс уақыт жағынан кеңістігі мол екені ойлы жандарға ғана түсінікті. Еліміз жүріп өткен жиырма жылдағы өзге ел таңданып отырған жаңалықты көруге де қабілетсіз.

Сол артына қарай беретін, «түйелер бағусыз қалды-ау»

дейтін Талтаяқ тәрізділер өткенінен өзгені танымайтын заржақ жандар – бүгінде өмір бойына өздері көрмеген әсем дүниелердің, әдемі, жарасымды киімдердің иесі болып жүр. Біразы еуропаланған үйлерде тұрып жатыр, ішіп-жемі де өзгеше, өздері бұрын көрмеген жемістерге ауыздары жетіп жүр. Көшеде қаптаған иномаркалы машина. Бірақ, талтаяқтық хал – оларға тек өткенінен, артта қалғаннан көз алмауды ғана бұйыртқан. Өмірімізге енген шыт жаңалықты сезіне алмайды.

Шындап келгенде ондай талтаяқтарға мүсіркеп қана қараумен қоя салуға болар еді. Бірақ, олардың әлгі артта қалғанын айта беретін таусылмайтын ызыңы қоғамымызға кедергі, керітартпа қылығымен жағымсыз әсер ететіні бізді алаңдатып, осындай талдау жасауға мәжбүр етіп отыр. Оның ең негізгісі – жаңадан аяғына қаз тұрып алған соң жасампаздықтың жолына түсіп қарқынды дамып келе жатқан мемлекетіміздің жоғары басшыларына тиіскіш, яғни алдында сүрлеуі жоқ соныдан жол салып келе жатқан мемлекетіміздің бағытына күмәнмен қарап, қай жерінен мін табамын деп жүрген оппозиционер-сымақтарға – әлгі ызыңы мол, артына қарағыштардың сөзі тісіне талғажау береді, жікшілдерге жем-азық дайындап жүр. Сондықтан да жұртымызға анау талтаяқтардың талтаяқ күйін анықтап көрсетіп, оған жиіркене қарау қажеттігін айтпақпыз. Өйткені әрбір асқынған жамандықтың маңына жайылатын иіс-қоңысы, одан жұқпалы ауру тарайтыны болады, бұл да сондай. Қайталана берген сөз қарапайым адамдарға бірде болмаса бірде теріс пікір тудыруы мүмкін. Сондай жайды байқап та жүрміз.

Талтаяқтықтың бір түрі – жоғарыда біз айтқан – интеллигент-сымақ, өлке басшыларының жанында, маңында соларға қызмет еткен «батырлар» «тыңды көтеру, тыңға шабуыл» кезінде не болып – не қойғанын зерделеп ойлай алмайды-ау. Ойласа да тек сонау артта қалған – өзінің басшылары не айтса соны орындап, талтаяқтанғаны – сол есінде тұрады ғой. Өз бетінше, халқының, жердің, елдің тағдырын сараптап, діттеп жатуға, қабілетті, ойлы адамша талдауға өресі жетпейді-ау. Сен оларға қалай түсіндірсең де «баяғы жартас – бір жартас, қаңқ етер түкті байқамас» болып талтаяқ күйінде қала берері хақ.

Бұл талтаяқтар әлгі біз молынан сөз еткендерден де қауіпті. Өйткені бұлар кезінде шен-шекпеннің иелері болғандар. Сол күндерде өз басының өзге ағайындардан артықшылығына масаттануды бойына арылмастай сіңіру арқылы бойындағы

казақтықтан айырылғандар. Ал біздің халқымыздың бір осал жері – баяғыда бір биік мансаптың иесі болған, бетінде ызғары бар, жұртты сол ызғарымен ықтырып өткен жан болса – соларды енді қанша уақыт өтсе де ұмытпайды. Сол баяғы биік мансапта болған күйінде әспеттеп жатады. Олар Кеңес дәуірінің кербездері болғанында, өздерін сол кезде менсінбегенінде шаруалары жоқ. Шынын айтсақ, ондай «болған адамдар» Кеңес дәуірінде коммунист басшыларының айтқанын істеді, олардың айтқанынан басқаны білмейтін солардың жергілікті жердегі талтаяқтары болды. Ал, коммунистік режимге қарсы халқының қамын ойлап, ұлтының болмысын сақтап қалу үшін қимыл танытып, көзге түскені шамалы. Яғни, ол талтаяқтар өз бастарының қамы үшін ғана еңбек еткендер. Сондықтан да оларды мадақтап біз де талтаяқтыққа бармайық. Жарайды олар кезінде тәуір тұрмыс құрған екен, құба-құп, солай болсын, өз дәуірімен бірге тарихқа кетсін. Олардың артынан күл шашпай-ақ та қояйық, өз дәуірінің дәулері болды, солай қалсын. Тарихтың ауқымы кең, бойына сыйғыза береді, кейінгі ұрпақ та солай танып, солай көреді. Оларды бүгінгі болмысы басқа қоғамдық қатынасқа үлгі етіп, әспеттеп, артта қалған өмірді қайта жаңғыртпайық. Естелік жазғыш бұрынғы «болғандар» өздерін дәріптеп қана қоймайды, кеңестік тоталитаризмді мадақтайды. Өйткені, біз үшін, бүгінгі өмір үшін одан келер пайда жоқ. Керісінше – оларды мадақтау – баяғы кеңес өкіметі сол күйінде тұрғандай ойлап, сол дәуірді жаңғырту болып шығары хақ. Өйтетін болсақ біз мынау жаңаша алған бағытымызға кедергі жасаймыз. «Біз осы қай дәуірде тұрмыз?» деген сұраққа кептеліп қала береміз.

Ұлы жазушымыздың ұлағатты туындысындағы Талтаяқ бейнесі бізді осындай ойға салды, «бұл қалай?» деген сұраққа тіреп, соған жауап іздеуге мәжбүр етті. Олай болса әдебиет әлеміндегі Талтаяқ бейнесі романдағы эпизодтық көріністен шығып, ұлы өмірдің аумағына мол тарап, болашақта да талтаяқтар тарапына ойлы көзбен қарауға, оларды қоғамдық қатынастағы өзге құбылыстардан ажырата білуге шақырады. Біз жоғарыда әдебиеттегі феномендік бейне, жаңа кейіпкер дегеніміз де сондықтан. Ол Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекетіндегі» мәңгүрт – Сәбитжан бейнесіне өзгеше бір өрен жаратылысымен тең келетін кейіпкер.

Хасен ӘДІБАЕВ, профессор

Алатаудың биігі-ай!

...Бұл жолы да ол байсалды, маңғаз қарсы алды. Әдеттегідей, асықпай, саспай әр сөзін салмақтап, мүшелеп, байыппен сөйлеп отыр. «Сөйлеп отыр» дейтін тым жеңіл айтылған уәж. Анығында, Ғабең өзі ғана кіріп отырған мұхитты аралай жүріп, талай көздің құртын жеген жиһазды ұнатпай, сынай қарап сырып тастап, ең асылын, ең әсемін алдына суыртпақтап төгіп жатқандай... Қас мергендей кез келген айыр тұяққа сұр жебені шығын қылмайтын түрі бар.

Тұңғыш рет Ғабеңмен бір қоңыр күздің саятшылық сонарында кездестім.

Темір жол бойында тұратын Ғабеңнің ескі жолдасы Рахаң телефон соқты:

– Ғабеңе тез хабарла. Қопа төңірегінде маркадай дуадақтар өріп жүр. Тез келсін, ертіп кел!

Содан сенбі күн түс ауа қос құрдас Ғабит пен Ғабиденнің қасына еріп, Қопа қайдасың деп кете бардым. Машина ішіндегі әңгіме-әзіл, өрнекті сөз менің есімде мәңгі қалды. Талай кітапты қолдан өткізсек те, дәл осы екі күнде қызыл тілдің құдыретін алғаш сезгендей болдым.

Әдетте, біз қыз көркін бейнелеу үшін «ботакөз» немесе «мөлдір көз» дейміз. Бір әңгіме айтып отырып, Ғабең:

Өзі бір таң шығындай мөлдіреген ботакөз екен! – деп бір қойды.

Мен елең ете түстім, алдыма мөлдіреген хор қызы иіліп келе қалды. Әңгімені тарқата келіп:

– Үзілгелі тұрған құмырсқа белдің дәл өзі, – деп тағы бір тастады. Екінші құрдас іле-шала:

– Жоқ, майысып, сынғалы тұрған бұраң бел шығар, – деді.

Арада алты жыл өткен соң, Ғабит Мүсіреповтің белгілі әңгімесі «Сөз жоқ, соның ізінен» бәріміз мынадай бейнелі жолдар оқыдық:

«Мен Нәзікенді судан шығып келе жатқанда бір көргенім бар еді... Белі үзіліп тұрған мықынды да дөңгелек санды жас қыз ығыспай келіп амандасқан. Белтірлігі қиылып тұрған, өкшелі де үсітті аяқтың қып-қызыл саусағы жымдасып тұрғандай еді...»

...Қаскелең, Шамалғаннан өтіп, оңға бұрылғанда күн маркайып, кеш қараңғылығы даланы қымтай сырғып келіп қалып еді. Әудемжер жүрген соң Ғабең машинаны тоқтатқызып, ай далада конатынымызды білдірді. Қопадағы дайындықтан

хабардар менің: «Досыңыз өкпелейді, Рахандыкіне жетейік»– деген байбаламыма, Ғабекең, онша көңіл бөле қоймай, жусанды құшып жата кетті. Үнсіз жатып-жатып:

– Шіркін, жусан исі көкіректі жарып бара жатыр. Сағынып қалыппын... дала топырағы киелі гой, – деді ақырын ғана. Маған дауысы сәл босаңсып шыққандай сезілді.

Содан бері Ғабеңмен сан рет тілдесіп, сырлы әңгімесін сан рет естідік. Қашан да Ғабеңді көру, дидарласу бір ғанибет, қуаныш еді.

«Ақан сері – Ақтоқты» мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» ондаған жылдар ойнаған Серәлі Қожамқұловтың бірде былай дегені бар: «Мен Ғабеңе ризамын. Ғабеңмен тілдескенде ойың кеңіп сала береді. Көп нәрсеге биіктен қарағанадай боласың».

Ғабең – тартымды адам еді. Қоңыр жүзі нұрланып жіңішке қасын кербездене көтере салмақты сөз тастағанда нелер белді артқа қалдырған ағадан әсемдік лебі еседі. Әйтсе де Ғабит Мүсіреповпен жақындасып, араласып кету оңай емес. Биікке иық телу жеңіл болып па? Жақын жібергенмен жақындатып, іш тартып тұратын ерекше қасиеті бар еді.

Адам боп оңай туғанмен,

Адам боп қалу көп қиын! – деп ақын айтқандай, Ғабеңнің азаматтық шынар тұлғасы бәрімізге өнеге. Адам қасиеті, әсіресе, сын сағатта ашылады ғой.

Ауылды коллективтендіру кезеңінде көлденең көк аттының – солақай белсендінің ел басына күн туғызғаны белгілі. Ел ішін көп аралайтын Ғабең бұл сырға қанық еді. Сол тар жол, тайғақ кешуде өлкелік партия комитетіне бес азаматтың бірі болып ауыр ақиқатты ақтарып хат жазған Ғабит Мүсірепов еді.

Сол жылдар оқиғасын Ғабеңнің өз аузынан естігім келіп құмартып жүрсем де, ол арман орындалмай қалды. Мүмкін, мақтанғандай болмайын деп, бой тартқан шығар. Ғабең өзі туралы сөзге сараңдау еді ғой.

Ғабеңнің ең бір ыстық ықыласына бөленген жан – қаламдасы, сыйласы ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Мұхаң мен Ғабит ағаның таныстығы сонау жиырмасыншы жылдарға кетеді.

Ташкеннен Алматыға шақырылған жас Мұхтармен алғаш кездесуін Ғабең жыр қылып айтып еді. Жас Мұхтар сымбатты екен. Басында ықшам қара бүйра малақай, мойнында әдемі галстук (ол кезде біз галстук таға қоймаушы едік, деп Ғәбең, сәл езу тартты), аяғында ботинка, жылтырама жарғақ, жас Мұхтар таза, сәнмен киінген. Кең маңдайы ақ, әжімсіз,

қыр мұрын, жанары отты, шашы толқындап жатыр. Сәкен, Бейімбет, Ғабит болып Мұхтармен ұзақ дидарласады. Ішке кіре, майыстыра сөйлейтін Мұхаңның білгірлігі, сыпайыгершілігі, бірден-ақ байқалады.

– «Қаралы сұлу», «Қорғансыздың күні», «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» Мұхаңды сол кездің өзінде мойындаткан еді,– деп Ғабең ойын бір түйіп қойды.

"Көркем әдебиет" баспасының бас редакторы Ғабит Мүсірепов сол сапарда ұлы досының шығармаларын құмарта оқып, шығаруға ат салысады. Бұл ынтымақтың ұзаққа созылғаны әдеби қауымға аян. Солақай сын кезінде ауыр мін тағылған «Абай жолы» эпопеясы мен «Абай» трагедиясын Ғабит Мүсірепов айырықша бағалап, баспа бетінде терең пікір айтты.

Үңіле қарап, зер салса бұл шығармаларда көңілге түйер әлі талай сыр, ой табыла береді" – деген Ғабең сөзін сан естідік.

Мұхаңның дарқан дарынын дер кезінде таныған Ғабең ұлы қаламдасының бірде бала, бірде дана мінезіне өле-өлгенше мейірлене қарап, бағалап өткен жан.

– Бір күні– дейді Ғабең. -Мұхтар, Сәбит, Ғабиден төртеуміз Кенен ақсақалдың ауылына барып, ат мініп, аңға шықтық. Жаңға жайлы жайма-шуақ күз еді. Алатаудың қойнау-қойнауы саф алтын жалатқандай сары жапырақты ағашқа тұнып тұр. Ауылдан елең-алаңда аттанғанбыз, талай жерді шиырласақ та қасарысқандай бір қарайған көрінсеші. Бірақ үміт жол азабын байқатпай, атты асықтыра қамшылатып келеді. Шіркін, саятшылықтың сапары-ай! Таңғы шық түнған кең алқап маржан шашқандай жарқ-жұрқ етеді. Салқын ауа бойға қуат беріп, қаныңды солқылдата айдап жатқандай, тұла бойың сергіп, қуанышқа бөленесің.

– Байқаймын, көптен ат мінбеген Мұхтар мен Сәбит шаршаған тәрізді, екеуі де етженді адамдар еді ғой. Күн найза бойы көтеріліп, Алатаудың қарлы басынан қарауыл қарап тұрған.

Дәл Сәбиттің алдынан бір қып-қызыл түлкі бұлаңдап қаша жөнелді емес пе! Ой демей, өр демей шауып келеміз. Таулы жерде түлкі оңай жеткізе ме, біраз шабыс болды-ау деймін. Байқаймын Мұхаң да, Сәбит те дүниені ұмытып, әбден қызып алған: «Әне кетті! Әне-е!. Қап, сайға түсіп кетті-ау! Әне шықты! Ұстаңдар! Ұстаңдар!» деп, қатарласа айғайлап, қанаттаса шауып келеді. Өздері Ғабиден екеумізден қозыкөш артта қалып қойған, – деп Ғабең күлімсіреді.

Ғабең туған елдің рухани байлығын, асыл азаматының

әлеуметтік орнын терең түсініп, қадыр тұта білген жан. Өзің шөл болсаң, өзгеге қалай көл боласың!

Кезінде Ғабеңнің «салқынқанды» зерттеушісі, қара қылды қақ жарар сыншысы болуға талаптансам да, ағаны тани келе «ауылдасы» болып кеттім. Сондықтан да болар мені көбіне-көп Ғабеңнің творчестволық сәті қатты қызықтыра беретін. Ғабең ұзақ толғанып, тез жазатын қаламгер. Егер «Оянған өлке» (бірінші кітабы) небәрі бір жылға жетер-жетпес уақытта дүниеге келсе, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жалғыз айдың перзенті. Ал, осынау шығармаларда қаншама өмір, қаншама сезім, қаншама бояу-өрнек бар?! Оларды оқып шыққанда оқушы да бір өмір кешкендей болады. Осы жосылып жатқан қилы-қилы жандар тағдыры өмірден өнеге, өнерден қайта өмірге қалай сапар шеккенін білгім келеді. Әр нәрсенің басын шалып, осы ойды қазыққа байлаған аттай төңіректей берем.

Ғабең айтты:

Бальзак өлер алдында қатты қиналған ғой. О дүние мен бұ дүниенің арасында жатып, өз қиялы тудырған доктор Бьяншонды аласұра іздеген. «Доктор Бьяншон келсе жазылар едім!» деген жалындап жатып. Оқушылар Флоберден сұрапты: «Мадам Бовари деген кім?» деп, сонда жазушы: «Өзім!» деген екен. Тургенев: «Көзіме елестеп, көңілімде иін тіресіп жүрген жандарды көшіріп жаза берем!» деген. Наукасты суреттегенде Флобердің өз ыстығы көтерілген, кейіпкерінің пышақталғанын бейнелегенде Горькийдің өзі айғайлап жіберген, сәлден соң қызарып шыға келген денесінен пышақ ізін көрген! Осы айтқандарда үлкен екі шындық бар, – дейді Ғабең сөзін жалғастырып, – көркем шығарма да іштен шыққан перзентің (бірақ бірдей емес, деп ескертіп қойды) сияқты. Жан дүниенің сығындысы, өзіңнің екінші рухани келбетің. Әр кітабыңда мейлі үлкен болсын, мейлі кіші болсын, қуаныш пен қиналысың, өміріңінің ізі жатады. Әрине, бұл сөзімнен шығармадағы сан түрлі кейіпкерден жазушы келбетін көре беруге болады деген қорытынды тумайды. Тіпті, өзіңе жақын кейіпкер де автордың айнадағы бейнесі емес, дегенмен өмірі, парасаты, жүрек жылуы молынан табылар. Осы ойды баса айтсам, әр қаламгер өзін жазады дер едім. Өмір дәмін көп татқан сөз шеберінің творчестволық мүмкіншілігі де молая береді.

Адам баласының ішкі дүниесі қаншама күрделі, астарлы ғой. Ғабең өмірінің белгілі бір қырына куә болғандықтан соның төңірегінде сөз етуді жөн көрдік, дегенмен ағаның ішкі жан дүниесіне қатысы бар бірер ойды көзі тірі кезінде

айтқандықтан, сол сезімді тірілтіп, толықтыра түскенді парыз көрдік.

Ұлттық әдебиет дәстүрінде (әсіресе батыспен салыстырганда) пікір айтып отырған қайраткердің ішкі жан дүниесінің «кереғар, қайшы» иіріміне бара бермейміз, түптеп келгенде бұл әлі болса да балаңдығымыздың белгісі.

Ғабит Мүсіреповке арналған «Талант, талғам, тағдыр» (1971) атты еңбегімде мынадай жолдар бар: «Өмір жорығы», «Кедеспей кеткен бір бейне», «Қыран жыры» сынды соңғы уақытта жазылған шығармалар жазушының жүрек сыры, жас ұрпаққа жеткізейін деген көкірек лебі, тебіренісі. Бұлар – жазушының махаббат, сұлулық, азаматтық абзал қасиеті сияқты тым нәзік құпиясы көп құбылысқа көзқарасы, ой қорытындысы» (232-бет).

«Тұспалдап, емеуріндеп айтқан осы жолдардың сырын ашу – енді парыз сықылды. Айтулы актриса, әдемі, ай-ару Рая Мұхамедияровамен отасқан уақытының әрі бақытты, шуақты, кейінірек күрделі, қиын болғаны замандастарына аян. Адам таңқаларлық сұлу, нұрлы, астарлы новелла циклы Ғабеңнің сол бақытты шағына дәл келіп, жарының қаламгердің қиялына қанат бітіргені сөзсіз. Иә, «Сөз жоқ, соның іздері», «Қыран жыры», «Аспандағы жекпе-жек» – сол бақытты шақтың шуағына, нұрына бөленген шығармалар жазушының жүрек сыры, жан сыры, ұрпақ алдында ақтарған көңіл-күйі. Сөзсіз жарына қойған тілегі, шұғылалы сезімінің ұшқыны.

– Екіншіден, шығармаға уақыт, дәуір де айрықша әсер етеді. Көп шығарманы уақыт тынысы, уақыт келбеті деп әділ бағалап жататындарың сондықтан шығар, – дегенді Ғабең. – Жоғарыдағы даналардың пікіріне қосарым: қазіргі отты заманда шарықтаған сөз өнерінің қырантұғыр өресі қаламгерге айрықша әсер етеді.

Ғабит Мүсірепов өнерінің маңызды, мәнді саласы – драматургия, театр. «Ақан сері», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш...», «Амангелді» авторы Ғабеңнің жаңағы сөзін ескерсек, сөзсіз, қандай адам, қандай өнер иесі еді деген сұраққа дәл жауап береді. Біз сонау алпысыншы жылдары осы мәселе төңірегінде сөз – сұраққа театр саңлақтарынан жауап алған едік. Әр сөзі асыл шежіре, ой-сезімге бай, қиял оятар сол аяулы халық перзенттеріне жүгінелік. Қазақстанның халық артисі Мүлік Сүртібаев:

«Сонау жылдары сахнаға Қыз Жібек, Төлеген, Шеге, Баян, Қозылар шықпаса, халықты театрға тез тартып әкету қиын соғар еді. Сүйікті кейіпкерлерін көруге аңсары ауған жұрт театрды тез қабылдап, жылдам танып кетті...

Менің түсінігімше, Ғабең біздің актер болуымызға, актерлік пікірді ашуға зор ықпал-көмегін тигізді».

Қазақстанның халық артисі Шахан Мусиннің ой-сезімі пікірді қостай, дәлелдей түседі:

«Ақан образы менің де творчестволық тақырыбымда, артистік әуеніме айналды. Кейін кездескен рольдің қай-қайсысында болмасын Ақан ұшқыны, Ақан образының «ашытқысы» болуы мүмкін де...

Ақан образы – өлмейтін образ, сөнбейтін жұлдыз, әлі талғампаз артистер ұрпағының талайының талабына сын, өнеріне шың болатын, шын мәнісіндегі көркем бейне, тұтас тұлға».

Сахна сәні Зәмзәгүлдің де көңіл-күйі оқушы қауымның назарын аударып, жазушы сипатын аша түсетіні сөзсіз:

– Әр адамның бір бақытты кезеңі болады. Мен үшін сол бақытты сәт – Ғабеңнің Ақтотысын ойнау болды.

Өлеңмен жазылған жас жанның әрі ойлы, әрі назды тілі қандай! Ақ меруертпен тізілгендей сазды сөз, сырлы сөз көктемнің ніл аспанындай тұнық лирикасын айтсаңызшы!

Бәрінен де басым жатқан – Ақтоқты образындағы үлкен трагедия.

Ғабең қыз жанын терең ұғынып, сезініп, қасиеттеп, тебірене жазған»...

Адамға деген ақ пейіл, туған еліне деген сүйіспеншілік жазушы Ғабит Мүсіреповтің сыры да, жыры да. «Қыз Жібек» пен «Баянды», «Амангелді» мен «Ақанды», «Оянған өлке», «Қазақ солдаты» мен «Кездеспей кеткен бір бейнені» парақтап көріңізші. Қандай сыр ақтарып тұр екен. Ақан жүрегі неге қан жылайды? Аманкелді кеудесін кім үшін отқа төсейді? Қайрош кім деп қанын төгеді? Еркебұлан көзіне неге мөлтілдеп жас келеді?

Осының бәрінің кілті, Ғабит Мүсірепов творчествосы мен азаматтық тұлғасының ішкі құнары сонау отызыншы жылдары жазылған «Ашынған ана» атты әңгімеде жатыр. Содан тартылған гуманистік сезім алаулап келеді. Есіңізге түсіріңіз. Әйгілі әңгімеде ашынған ана, жалғыз ұлын ажалдан арашалап қалу үшін аштыққа да көнеді, жаланаштыққа да төзеді, зынданға да түседі, азап атаулының бәрін көреді, бәріне шыдайды. Ақыр аяғында абақтыдан шыға сала жан түршігерлік азаптың бәрін ұмытып, жалғызын көру үшін үйіне қарай құстай ұшады. Қайран ана!.. Әбден азып-тозған: үсті-басы өрім-өрім, құр сүлдері ғана қалған. Тірі аруақ секілді... Жүресінен отыра қалып алақанын ошақтағы алау отқа қақтағанда етінен арыған шидей жіңішке саусағының

бірінен кенет асыл жүзік көзі от шашқан ана көзімен шағылыса жарқ ете қалады. Бұл сәл ғана нәрсе, бірақ сырлы, сиқырлы сурет! Дәл осы тұста көңілді шым-шытырық ой басады. Ананың әрі қасіретті, әрі қасиетті тағдыры жан-жүйеңді толқытып, әлгі бір жарқ еткен нұрлы сәуле жүзік көзі ғана емес, қан жылатқан ананың жан жүрегі секілденіп сенің көз алдыңа тосқауыл дегенді білмейтін, мәңгі өшпес ана махаббатының символы болып көлденеңдейді.

Мүсірепов ана тілінің салмағын танытып, жаңа құнарын ашқан қаламгер, маржандай Ғабең зері қолға ұстап, салмақтап қарауды қалайды.

Ғабит творчествосын сарыла зерттеп жүрген кезімізде, еңбегімнен қандай қасиет көргіңіз келеді деген қолқама ағаның қинала-қинала жазып берген бір-екі ауыз сөзі бар. Шығармасындағы ой толқынын, сезім селін аш деген жоқ жазушы. Жоқ! Ғабең сөзі:

«Өнер сыры – өрнекте. Қөркем шығармада деталь, астар, символдың орны бөлек. Есіңе түсір. Жұманның қара бурыл аты шөп жеп тұрған Игілік аттарының маңайын қайыршыдай торып жүретін сияқты еді. Байжан Игілік пен Күреңкөз қожаның арасында отырған балаға:

«Әкеңе жақын отыр» деген сияқты астарлы қалжың айтқандай еді. Байжанның Омбыға келген беті!..».

Осы жолдарда Ғабит Мүсіреповке тән сыпайгершілік, талғампаздықпен қатар бәрімізді тамсандыратын әсем творчествосының, талғампаз эстетикалық алтын кілті жатқан жоқ па?!

Ғабит – бақытты жазушы. Бір халықтың рухани азығына айналған оның творчествосы ұрпақтар көкірегіне арман себе алаулап, ләззатқа бөлеп келеді. Шыншыл, сыршыл ыстыққанды әсем өнер, саусақпен санасаң кірпияз қаламгер кітаптары көп те емес сияқты, сараласаң, әсер басқаша... үлкен өмір, үлкен ойдың алқынған от тынысы көкірек қариды. Күрделі бейне белдері, қым-қуыт тағдыр толқыны, салқар тірлік– тынысы.

Ел кешегі, әдеби болашағы, ана тілдің тағдыры Ғабеңді қиын-қиын толғаныска, тағдыр талқысына салғаны аян. Бірақ аяулы аға соның бәріне мойымай, бой алдырмай, өзінің азаматтық байсалды, батыл қалпын, мінезін сақтап қалғанын кейінгі ұрпаққа жеткізу көз көрген біздердің борышымыз.

Ғабең ақыл айтпайды, ақылдасады, бірақ ақылдасқаны ақыл айтқандай. Менің түюімде Ғабеңнің ең жек көретін мінезі – арамдық.

– Адалдық – адамның ең биік қасиеті. Сөзің – ақиқат,

ісің – адал болсын, шын көңілден шықсын. Мені мақтама, ал мені мақтау үшін басқаны даттама. Менің сыншым болма, әдебиеттің сыншысы бол. Жүрегіңнің қалауына қара. Әділін айт, – деген ағаның жастау кезімізде естіген, үміт артқан аталы сөзі естен кетер ме екен.

Тағы бірде:

– Өмірден опық жеу оңай. Бірақ адамнан түңілме, арамнан түңіл. Иә, ізін білдірмеймін дейтін алаяқ-кулар жыландай өріп жүр. Сол жылмағайлардың білімі де, беті де бар тәрізді. Ал «Ар» деген атау оларға бос сөз, бет перде. Аяқ басысы, көз тастасы – бәрі есеп, бәрі жалған. Қолда барда «жақын, дос», колдан тайса «шалғай, қас». Бірақ қанша жорғаласаң да өмірді алдау қиын-ау, адалдық түбінде бәрін ретіне келтірмей қоймайды.

– Таза жанды табанды азамат болудың да кілті өз қолында. Ешкім туғаннан төгілген ақын да, тоңмойын ақымақ та емес, әлденені өсіре беру, әлденені өшіре беру керек. Бұл сана-сезімі есейген әркімнің қолынан келеді. Жаман жазушы болғанша, көптің бірі – төре болғанша, болмай-ақ қояйын деп байлам жасауға батылдық жетсін!

«Қыз Жібек» киносценарийін жазу көп уақытымды алды. Жыр ауқымы кеңіп, бүкіл халық тағдыры сөз болмай ма? Елдік, ерлік, махаббат жырланады – салт-сана мен тұрмысы, ойыны мен сауығы, қас жауымен арпалысы көз алдымыздан өтеді.

– Өзді-өзіміз болмашыға таласып, күнде қырылысып жатқанда, сырт көз бізді де бақпай ма екен? Қисық көзді, қиғаш қабақ көршің бар бір бүйірінде! Тістесе-тістесе бақсының құмалағындай шашылып кеткен еліміз бар. Күннің шығысынан батысына дейін созылған ұлан-байтақ еліміз бар. Сыймай жүрсек екен-ау, сыйыса алмай жүрміз ғой!

* * *

Әрбір үлкен оқиғаның болды дегенінен болады дегені қызық. Жаңалық аты – айтулы қаламгер Ғабит Мүсіреповке тағылған Алтын Жұлдыз. Күн жұма еді. Аяулы аға үйіндегі әдебиет, өнер тойы, ықылас тойы, сол күні-ақ басталып кеткен-ді.

Ел айтады: домбырасын безеніп, бірінші боп Жәрдем Тілеков ағамыз жеткен екен. Ол ойлапты: өзім шығармын, мен болармын той бастаушы деп, сөйтсе дастарқанның басында Темірғали Нұртазин сөз сөйлеп тұрса керек. Ол да – менен бұрын ешкім келе қоймас, тіпті есік дегенің де қатар деп кірсе, домбырасын безілдетіп Қабдікәрім Ыдырысов

досымыз «Сырымбетті» шырқап жатады. Ал, Қабдікәрім де өзімнен бұрын ешкім жете қоймаған шығар, баяғыда бастық кезінде Ғабеңе бильярд алдыртып едім, жол менікі болар деп келсе, Ғабеңнің төңірегінен ылғи мөлдіреген қаракөз қызкеліншекті көреді...

Көрген мен білген айтады: Ғабеңнің кең мінезі сұлу ару секілді, тым жақындағанды да, тым алыстап кеткенді де ұнатпайтын еді. Сол күні осының бәріне төзді-ау деймін...

Алғашқы кеште әнге де, ән емеске де шек қойылмады. Шек қойылса естілер еді, көрер едік...

Тойға бармау, әсіресе әдебиет тойына, соның ішінде Ғабең атымен байланысты қуанышқа бармау – күнә ғой, оқушым. Бозала таңнан тұрып, түймемізді жүре салып, қозғала берген автобусқа қарғып мініп кеткенімізде сол тойға бара жатыр едік. Кейбір күлкісі келмесе де күле беретіндер болады. Біздікі одан басқа: шын тойға шын қуанышпен келеміз. Ғабеңнің қолын алып, барынша қызмет жасамақшымыз. Сіресіп отыру – бізде жоқ, сірә, сірескен кісінің озғанын көрген емеспіз. Олар сіресумен жүреді дағы бір күні иіле алмай барып жалп ете түседі.

Жайсаңбек Молдағалиев екеуміз есік ашқанда, үй-араның ұясындай гулеп тұр екен. Осынша адамның осы үйге қалай сыйып тұрғанына таңқалғандайсың. Жазушы кабинетінде, өзінің емен столында, жайлы креслосына жайғасыпты. Минут сайын шылдыр еткен телефон – кемі екі үш минут құттықтау, қошемет айтып өзі де, жазушыны да ығыр қылып барып тоқтайды.

– Бұл кім? – деді жазушы трубкаға – Әбекең ғой деймісің? Қайсысы болдың екен? Ақша жейтіні ме, әлде жемейтіні ме? – Ә-ә, «қырық мың жолдың» авторы екеңсің ғой. Рахмет, рахмет, Әбулақап. Бірге болсын Ие-ие. Өзіңе де сол болсын. Ерінбесең – тағы да қырық мың жол жаз. Ә, жаздым деймісің. «Аю-дастан» деймісің... Ие-ие, сенен шығады.

Әрине, әзілге не жетсін! Әсіресе той күні. Көп күттірмей аға қаламгердің інілері қайтқан құстай тізілді. Олардың ішінде Әбдіжәміл, Тахауи, Қалтаймен қоса, Қалихан, Ісләм секілді жезтаңдай шешендеріміз және бар. Сыпайы болғысы келгенімен қуанышын жасыра алмаған Тұманбай мен Қайрат та жүр.

Ашылып, Ғабиден ағамыз көрінді. Сөзі өтімді, көңіл жақын үзеңгілес құрдас адам келгенін жұрт: «Жабағы еті жоқ болса, есікті жауып жүре берем!» – деген әзілінен-ақ сезіп қалды.

Тегі, Ғабең болмысында жұпыны тұратын адам ғой.

Ғабиден ағамыздың соны еске салуы өте орынды көрінді.

– Жұлдыз алған күні жұлдызды шәрбәт ішпесек қиын ғой – дейді Қалтай. Өзі кешегіден ештеңе қалмады ма екен деп, тоңазытқышты ашып еді қолына суық сусын ілікті...

Ғабиден: «құрдасымды бір «шауып» кетейінші!» – деп, жиналған жұртты дастарғанға шақырған. «Аянбаңдар!» – деп қояды. Дастархан басқарушы да өзі секілді. Жасы үлкен Сапарғали атамыз көрінгенде де қозғала қоймады. Сөз арасында Ғабең әзілдеп:

– Енді менің кім екеніме көзің жетті ғой, мына жұртқа есте қалар сөз айт – десе, Ғабиден ағамыз күлкі шақырар және бір қияға бастайды. Не Ғабең ұнатып, не Ғабеңді ұнатқандар отырғанын Ғабиден аға жақсы біледі ғой. «Мықты болсаң сол қаракөздің біреуін қасыңа шақыршы» деп әзілдеді. Құрдасы іштей жек көрмей, күліп қана жауап береді.

Ғабиден «еліміз үшін, Ғабит Мүсірепов секілді қаламгер туғызған халқымыз үшін!» – деп еді, одан әрі халайық сөгіліп сала берді.

– Алатауымыз Гималай сілемінде белгілі тау еді. Оның биіктігі де мәлім еді. Бірақ сол таудың шыңына әлгі биікті жазып қоятын шартты таңбасы қойылмаған еді. Ғабеңнің кеудесіне тағылған Алтын Жұлдыз – әлгі таңба -белгінің орнын басты, туған әдебиетке құрмет, өскендігіне куә.

– Ғабең онсыз да ғажайып жазушы еді. Мынау сый соған ресми дәлел деңіз.

– «Ұлпанды» ұмытпаңдар. Қас жорға қаламгер жүрісінен әлі жаңылған жоқ екен. Алтын Жұлдыз соның төлеуі.

– Мергендік те. Шеберлік мергендігі.

– Ғабең әдебиетіміздің классигі, үлкен үлгісі, Сол үшін түрегеп тұрып кетісіп қалайық.

– Қоштасу тоқтатылсын. Арқадан ғана қағатын болайық.

– Үзіліс жасаймыз ба?

– Атамаңыз. Бүгін қуанатын көзім тартып еді, Сөз Қалтайдікі.

– Ғабе, жылқыны жұлдызды әкелген соң соямысыз, әлде... бастай беремісіз?

– Бастай береді. Аянбаңдар! – Сөз Ғабидендікі.

– Жалпы, Ғабе сізді жетпісте дегенге сену қиын. Сіз Тахауидан көп үлкен емессіз...

Тағы да жазушы дастарханының төңірегіне жұрт орналасып қалды.

Бұрынғы бір үлкен бастық келді. Қошемет сөз үстіне ілікті. Антон Павлович Чехов В.Короленкоға «Сенімен замандас болғаныма қуанамын, бір аспанның астында өмір

кешкеніме мақтанамын» – деген ғой. Біреуіміз Ғабеңе осыны айтып жатыр едік, әлгі – бұрынғы үлкен бастық оны өз атына қабылдап, ондай болады», – деп қалды.

Бұл кезде іші ғана емес, басы да жылығандар бар еді. Соның бірі ас үйге өтіп, Ғазиза апайға өзінің ізгі ниетін баяндап тауыса алмай жатыр екен. Әрине, әркім-ақ әдебиет тойына ықылас көрсетсе әдемі.

«Кімде кім халық қуанышын көргісі келсе – Ғабең тойына келсін; кімде кім халық жазушысын көргісі келсе – Ғабеңді көрсін» – деп жазыппыз Ғабит Мүсіреповтің Еңбек Ері атағын алу құрметіне байланысты.

* * *

... Маржандай тізілген араб әрпі толтырылған қаттаулы қағаздар менің көңілімді еленде берген. Оны байқаған Ғабең:

«Оянған өлкенің» екінші кітабы... Творчестволық жоспар уақытында орындала бермейтін жағдай аз болмайды. Әртүрлі істер ылғи киіп кетіп жүр. Енді колға шындап алғандаймын, – деді жымиып.

5–6 күн Ғабеңді үйден таппай, ылғи жиында жүргенін естігенімді айттым.

Ғабең тағы сәл жымиып:

– 1967 жылы есептеп шығарсам, 1919 жылдың желтоқсанынан бастап (жиынға алғашқы қатынасуым) он жыл, сегіз ай көк жұлын болып жиналыста отырыппын. Демалысты, әрине, шығарып тастағанда, жиынға құмар емес екендігім содан көрініп тұрған жоқ па? – деді.

«Оянған өлке» сөз болғанын пайдаланып, мен Ғабеңнің алда тұрған творчестволық жоспарын айта түсуді сұрадым.

«Таңбалы тас» деген пьеса жазғым келеді, ойда жатқан Таңбалы тас елдің қоғамдық келбеті, шежіресі сияқты. Жайдан жай тасқа таңба баса бермейді ғой. Қазақтың алғаш рет өз алдына ел болуын бейнелегім келеді. XV ғ. Қасым хан дәуіріне әкеп тоқтатсам деймін.

Ғабеңнің Л.А.Гумилевтің, «Древние тюрки» мен «Философия тарихы» сынды кітапты үңіле оқып жүргенінің себебін түсіндім. Бірақ жүректің қалауы «Ұлпан» атты романды тудырып жіберді.

Халық талантқа бай. Әр ұлттың, әр халықтың санасында терең із қалдырған, есімі тарихқа Алтын әріппен жазылған талай дарынды ұлы бар. Бірақ солардың ішінде де айрықша бір құрметпен даңққа, махаббат пен сүйіспеншілікке бөленген ардагері болады.

– «Сүйер ұлың болса сен – сүй, сүйінерге жарар ол» – деп Абай айтқандай, Ғабең – сүюге де, сүйсінерге де жararлық абзал азамат еді.

Әбділхамит НАРЫМБЕТОВ,
филология ғылымдарының докторы

Тағылымы оның мәңгілік

XX ғ. қазақ әдебиетінің абыройын асырып, мәртебесін биіктеткен классиктердің бірі – Ғабит Мүсірепов екенін барша жұртшылық әлдеқашан мойындаған. Жазушының көзі тірі кезінде де, қайтыс болғаннан кейінгі жылдарда да оның шығармалары жайлы айтылған байыпты пікірлер, тегеурінді тұжырымдар аз емес. Ғалымдар, сыншылар суреткердің қазақ әдебиетіне, қала берді бүкіл адамзаттың, әлемдік рухани мұраға қосқан аса зор көркемдік үлгісін біршама әділ, жеткілікті бағалап келеді. Осындай әдебиет алыптарының бірі – Ғабит Мүсірепов туралы естелік жазуды біз қиын да ауыр міндет деп ойлаймыз. Өйткені, оның артына қалдырған өте бай әдеби мұрасының көпшілік қауым үшін әлі де аша түсетін алуан-қырлы сырлары қаламгердің жеке өмірімен тығыз байланысты екені анық. Ал жазушының жеке өмірі жайлы, онымен тікелей жүздескен, пікірлескен, сырласқан кісілердің ғана ой толғауға, естелік айтуға, жазуға мүмкіндгі бар екені де түсінікті. Сексеннің сеңгіріне шығып, бұл фәниден өткен, туған әдебиетіне 60 жылдан астам еңбек сіңірген жазушымен әр түрлі жағдайда кездескен, араласқан, сұхбаттасқан, пікірлескен азаматтар өте көп. Ғабеңнің өмірі, әдеті, мінез-құлқы, сыр-сипаты, шығармалары жайлы бірі көп, бірі аздап білетін ол азаматтардың қай-қайсысының да естелік жазуға толық құқы бар болса керек.

Ғабең жөнінде естелік жазуға құқылы адамдардың қатарына мен де қосылуға тиістімін деп есептеймін. Себебі мен1968 жылдан өмірінің соңғы күндеріне дейін Ғабит Мүсіреповпен шығармашылық тығыз байланыста болғандардың бірімін. Шығармашылық байланыс былай басталған еді.

1968 жылдың қаңтар айының бір күндерінде Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Мүсілім Базарбаев және әдебиетші ғалым Ысқақ Дүйсенбаевтың Ғабит Мүсіреповпен бір кездесу-сырласу болды. Әңгіме-дүкен үстінде Ғабең өзінің әдеби-сын еңбектерін жеке кітап етіп шығарғысы келетін ниетін айта отырып, сол кітапты баспаға дайындауға көмектесетін бір ғана қызметкерді институт ішінен тауып беруді М. Базарбаевтан сұрайды. Сол сәтте М. Базарбаев бірден менің фамилиямды, аты-жөнімді атапты. Ертеңіне жұмысқа келгенде М. Базарбаев өзінің Ғабеңмен болған

әңгіменің мән-жайын түсіндіре отырып, менің Ғабеңе барып шұғыл жолығуымды мақұлдады.

Жиналыстарда, көшеде, т.б. жерлерде бас изесіп сәлем-десуден басқа, бұл уақытқа дейін Ғабеңмен жақын келіп тілдесіп, сөйлесіп көрмеген едім. Ал, сол 1968 жылдың қаңтар айынан басталып кетті.

Жұрттың бәріне мәлім, Ғабең бір көргенге өр, сырбаз кісідей әсер қалдыратын, сырт көзге кім-кімді де өзіне көп жақындатпай, алыс ұстап жүруді қалайтын сияқты көрінуші еді. Бұл алғашқы сыртқы әсер ғана екен. Ал, сәті түскен, қолайлы жағдайларда кездескен, сұхбаттасқан, пікірлескен кісіге Ғабеңнің кішіпейілдігі, қарапайымдылығы жете таныла түсетініне анық көзім жетті.

Менің жазушымен алғашқы кездесуім сол 1968 жылдың қаңтар айы. Бірден Алматы қаласындағы Абай даңғылындағы Ғабеңнің пәтеріне бардым. Өрекпіген көңілімді баса алмай, есігінің қоңырауын ақырын ғана басып едім, есікті өзі келіп ашты.

Амандасқаннан кейін «Төрлет!» деген жылы сөзін естідім. Жұмыс кабинетінде біраз әңгімелестік. Бірден М. Базарбаевтың жібергенін айттым. Ол әңгіме үстінде 20 жылдардан бастап осы кезге дейінгі (1968 жыл) сын-әдеби мақалаларын өзі жинамағанын, олардың әр жерде шашылып жүргенін ескертті. Соларды газет-журналдардан, кітап-жинақтардан, өзінің қолжазбаларының ішінен іздеп, тауып, жинастырып, кітап етіп шығаруға менің көмегімнің қажет болып тұрғанын сыпайылап түсіндірді.

Мен ұлы жазушымен сол алғашқы кездесуден бастап-ақ жұмысқа кірісіп кеттім. Жиырмасыншы жылдардан бастап 1968 жылға дейінгі қазақ тілінде шыққан газеттердегі, журналдардағы, жинақтардағы, кітаптардағы жазушының әдеби-сын еңбектерін іздеп, табуға, жинауға біраз уақыт қажет болды. Айтар ауызға жеңіл болғанмен, бұрын оп-оңай жұмыс деуге болмайтын еді. Кітапханаларға барып, күндіз-түні Ғабеңнің әдеби-сын еңбектерін іздестіруге, табуға, жинауға тура келеді. Жасыратыны жоқ, араб, латын, орыс алфавитерімен мерзімді баспасөзде басылған жазушының еңбектерін тауып, оқу, оларды машинкаға бастыру, машинкадан кейін түпнұсқамен мұқият салыстырып, қайтадан оқып, қателерін жөндеу қыруар еңбекті қажет етті. Оның үстіне кейбір әдеби-сын еңбекті Ғабеңнің өзіне көрсетіп ақылдасып, пікірлесіп, мақұлдатып отыру да керек болды. Міне, осылайша жүріп жатқан жұмыс тез біте қоймай, біраз созылыңқырап кетті. Ал, Ғабең болса, ол жұмыстың

жылдам аяқталып, кітаптың тезірек шығуын асыға күтіп жүр екен. Бұл ойын ол маған білдірмей, институт директоры М. Базарбаевқа айтыпты. Менің әрбір мақаланың әр сөзінің, әріп, үтір, нүктесінің дұрыс болып шығуы үшін тер төгіп, асықпай еңбектеніп жүргенімді жақсы білетін Ғабең мен жөнінде Мүсілімге: «Ол жігіт жұмысты созыңқырап жіберді, өзі бір «педант» екен» деп «шағым» жасады. Мүсекең: «Сен, енді кітаптың нүкте, үтірін түгендеймін деп жүріп алмай, тездетіп жұмысты бітір, Ғабеңе кітаптың тез шыққаны керек болып отыр», – деді. М. Базарбаевпен болған бұл әңгімеден кейін, мен өзімнің басқа жұмыстарымды кейінге ысырып қойып, Ғабеңнің кітабын тезірек дайындап бітіріп, қолжазбаны «Жазушы» баспасына тапсырдым. Кітапқа редактор болып жазушы Сәбит Досанов тағайындалды. Сәбит Досанов өз тарапынан кітаптың жарық көруіне едәуір еңбек сіңірді. Сонымен, 1970 жылы шілде айына Ғабеңнің әдеби-сын еңбектері «Суреткер парыз» деген атпен «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Кітапқа жазушының 1924 жылы 24 наурызда «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «қисық сынға әділ төре» атты тұңғыш мақаласынан бастап 1969 жылға дейінгі, 45 жыл ішіндегі әдеби-сын еңбектерінің таңдамалары енді. Кітаптың көлемі 30 баспа табақ, тираж 9000 болып, әсем безендіріліп, көрікті мұқабамен әдемі болып шықты. Кітапқа Ғабең қатты риза болды. Менің қуанышымда да шек болған жоқ. Неге қуанбасқа, өйткені қазақ әдебиеті классигінің әдеби-сын еңбегінің тұңғыш жарық көруіне септігім тиіп, азды-көпті еңбегімнің жанып, жұртшылық ілтипатына бөленуім менің өмірімдегі аса бір елеулі оқиға еді. «Суреткер парызы кітабы шығысымен-ақ кітап туралы мақалалар баспа бетінде жариялана бастады. Олардың барлығы да «Суреткер парызын» республиканың әдеби өміріндегі мәні зор жаңалық деп танып, жазушының алғаш рет жеке жинақ болып шыққан әдеби-сын еңбектерін жоғары бағалады.

«Суреткер парызы» шыққаннан кейін де менің ол кітаптың жарық көруіне жасаған азды-көпті еңбегіме риза болған жазушы маған үлкен сенім артып, келесі кітаптарын баспаға дайындауды да маған тапсырып отырды. Сонымен 1968 жылдан 1985 жылға дейін, 18 жыл бойы жазушы кітаптарының барлығын да баспаға дайындау ісімен тікелей шұғылдандым. Бұл жылдардың ішінде мен дайындаған Ғабеңнің әр түрлі баспалардан 16 кітабы жарық көрді. Олар: 1972–1976 жылдары жарық көрген бес томдық шығармалар жинағы, 1980 жылы шыққан үш томдық таңдамалысы.

Сондай-ақ «Суреткер парызы» (1970 ж.), «Достық сапары» (әңгімелер мен очерктер, 1971 ж.), «Уақыт іздері» (Очерктер мен публицистика, 1977 ж.), «Заман және әдебиет» (1982 ж.), «Драмалық шығармалар» (1982 ж.), «Қазақ әйелі» (1982 ж.), «Дәуір дидары» (орыс тіліндегі мақалалары мен сөздері, 1986 ж.), «Әдебиет – кәсіп емес, өнер» (1987 ж.) атты кітаптары. Бұлардың сыртында, жазушы шығармалары жөнінде қазақ тілінде (1973 ж.) және орыс тілінде (1975 ж.) шыққан библиографияны шығаруға да тікелей атсалыстым.

Міне, осы аталған кітаптарды баспаға дайындау барысында жазушымен сан рет кездесулер, ойласулар, ақылдасулар, пікірлесулер болды. Сол кездесулер үстінде жазушы өз шығармаларымен қатар жалпы әдебиет мәселелері жөнінде өзінің пікірлерін, ішкі сырларын айтып отыратын. Жазушының қазақ әдебиетінің өткен, тарихы, қазіргі жайы, жеке жазушылар жайлы айтқан ой-толғамдары дәлелді, салмақты тағылым аларлық болушы еді. әсіресе, Ғабеңнің өзіне де өзгеге де қоятын талабы аса жоғары болатын. Әдебиеттегі шеберлік мәселесіне қатты көңіл бөлуші еді. Көркем шығармадағы ой тереңдігіне, тіл байлығына ерекше назар аударатын. Олардың барлығын осы бір шағын естелікте түгел айтып шығу мүмкін емес. Сондықтан жоғарыда аталған кітаптарды баспаға дайындау үстінде жазушымен кездесулердің бір-екі сәтін ғана оқушы назарына ұсынуды жөн көріп отырмын.

80-жылдың басында Ғабең «Өнер» баспасымен (баспаның ол кездегі директоры Мақсұт Әубәкіров) келісіп, драмалық шығармаларын өз алдына жеке кітап етіп шығармақ болып, оны дайындауды маған тапсырды. Кітапты баспаға дайындау үстінде Ғабеңмен кездесулер, ақылдасулар жүріп жатты. Кітаптың құрылымын (структурасын), мазмұнын (шығармалардың орналасу реті) Ғабеңнің өзі жасап берді. Драмалық шығармаларын түгелге жуық қамту ниетімен «Қынаптан қылыш» (М.Әуезовпен бірге жазылған), «Сен қайтер едің» (В.Игнатиуспен бірге жазылған) сияқты пьесаларын да мен кітапқа енгізуді ұсынып едім, Ғабең мақұлдамады. Көркем шығармалардың тақырыбы жайлы сол тұстағы қып-қызыл саясатты бекем ұстаушылардың бірі мен болатынмын. қаныма сіңіп қалған сол «саясатшыл» ғадетіме басып, Ғабеңе: «Мынау кітаптағы шығарма тек қана тарихи тақырыптағы драмалар болып кетті ғой, жарық көргеннен кейін біреулер бірдеме деп жүрмес пе екен» деп айтып қарап едім, ол менің бұндай «саясатшыларымды» жақтырмай, «Ерунда!» деген бір сөзбен қайырып тастады. Осы сәттердің

үстіне ол кісінің түпкі ойын, бекем ұстаған принципін бірден түсіне қойған мен сөзді доғара қойдым. қай кітапты дайындаудың үстінде де Ғабеңнің негізгі мұрат-тілегі біреуақ болатын. Ол – оқырманға тек қана биік шеберлікпен жазылған шығармаларды ұсыну еді. Ол тарихи тақырып па, қазіргі өміріміздің хикаясы ма – бәрібір, шығарманың көркемдік қуатының күшті болуын ғана қалайтын еді Ғабең. Аталған кітапты баспаға дайындау үстінде «Өнер» баспасының қызметкерлері де (редакторлары Жолдасбай Тұрлыбаев, Жарасбай Нұрқанов) қыруар еңбек сіңірді. Сонымен жазушының бұл кітабы 1982 жылы «Драмалық шығармалар, пьесалар, либреттолар, сценарийлер, аудармалар» деген атпен «Өнер» баспасынан жарық көрді.

1981 жылдың басында Ғабең телефонмен үйіне шақырып алып, маған әйел, ана туралы шығармаларын бір жерге топтастырып кітап етіп дайындауды тапсырды. Бұл кітабына енетін бірсыпыра шығармаларын жазушы өңдеп, жөндеді. Мысалы, 1980 жылы үш томдық таңдамалысына енген «Екі әйел – екі дүние» атты әңгімесін қайтадан жөндеп, композициясына, сюжетіне түбірлі өзгеріс жасады. Әңгіменің бас кейіпкерінің бұрынғы аты Майра болса, жаңа нұсқада оны Айжан деп атады. Әңгімеге «Айжан қойшының түндері» деген жаңа ат қойды. Ал, 1980 жылы үш томдық таңдамалыдағы «Айгүл қойшының бір күні» атты әңгімені «Айгүл қойшының күндері» деп атады да, автор осы екі әңгіменің бірінен соң бірінің кітабына қатар орналасуын қалады. Тақырыптас, идеялық мазмұны өзектес, бірін-бірі табиғи толықтыратын «Айгүл қойшының күндері», «Айжан қойшының түндері» атты әңгімелердің негізінде тұтас бір шығарма – киносценарий жазу ойы барын айтып берді. Жазушы бұл екі әңгімеге ұқсас ат қойып, кейіпкерлерінің есімдерін де ұйқастырып қою себебін өзінің түкпі шығармашылық ой-жоспарымен байланыстыра дәлелдеп түсіндірді.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1981 жылғы 27 ақпанындағы санында жарияланған «Атақты әнші Майра» әңгімесін де кітапқа жіберер алдында біраз жөндеді. «Көздің әңгімесі» атты әңгіменің атын «Атом құрбаны» деп өзгертті. Ал, «Ұлпан» романын кітапқа енгізер алдында, оны тағы бір мұқият қарап шығып, автор шығармасының 1980 жылғы үш томдықта жарияланған нұсқасына едәуір түзетулер жасады. Кітапқа жазылған түсініктерде жазушының әйел, ана тақырыбындағы шығармаларына бұл жолғы енгізілген түзетулері, жөндеулері қандай екені толық айтылады.

Кітап дайын болғаннан кейін оған алғы сөз жазуды Ғабең маған жүктеді де, онда айтылуға тиісті басты-басты ой-түйіндерді өзі айтып берді. Жазушының ескерткен тұжырымдары өзінің өмір бойы жазған шығармаларының басты-басты сипаттарын, ой қазықтарын ап-анық танытты. Олар негізінен үш түйінге саяды: бірінші, «Ананың анасы» әңгімесінде суреттелетін көне заман өкілі мен соңғы шығармаларындағы еңбек, өнер адамдарының арасында тарихи жалғастық, тұтастықтың бары. Яғни, жазушының ұзақ жылдағы шығармашылық жолында бір тақырыпқа қайта-қайта оралып, оны толықтырып, жан-жақты кемелденіп отыруы. Екінші, жазушының ана, арулар жайлы шығармаларында тұрмыстың басты-басты салаларындағы (соғыста, қоғамдық, әлеуметтік істе, бейбіт еңбекте, өнерде, отбасылық қарым-қатынаста, т. б.) қазақ әйелі өмірінің көркем де мазмұнды шежіресі жасалды. Үшінші, жазушы өздеріне де, өзгеге де қатал сын боларлық ерекше бір іс-әрекеттерімен көрініп, төтенше де ауыр, тұтқиылдан ұшырайтын қатал ситуациялардан абыроймен шығатыны.

Алғы сөздің қалай жазылуы жайлы осы кезде Ғабең Л.Н.Толстойдың «Жақсы әйел жақсы еркектердің қандайынан болса да жақсы, жаман әйел жаман еркектердің қандайынан болса да жаман» деген қағидасын келтіре отырып, Л. Н. Толстой пікірінің бірінші бөлімін, яғни жалпы дүниедегі, өмірдегі жақсы әйелдер туралы айтылған тамаша ойын толық мақұлдайтынын, түгел қолдайтынын айтса, ал екінші бөлімдегі ең жаман әйел туралы пікірімен мүлде келіспейтінін білдірді. Ғабең дүниедегі ең жаман әйелдің өзін де жаман еркектен жоғары, артық деп санайтынын ашық айтты.

Кітапқа жазылған алғы сөзде Ғабеңнің өз шығармалары туралы бұл пікірлерін мен түгел пайдаландым. Ғабеңмен пікірлесе, сырласа, келісе отырып алғы сөз жазылғанынан хабарсыз «Жалын» баспасының басшылығы кітапқа мен жазған алғы сөзді Ғабеңе оқытып, пікірін алып келуді талап етті. Амалсыздан алғы сөзді Ғабеңе қайта алып келіп едім, ол өзіме оқытып, тыңдап отырды да, қолжазбасының соңына «Ұнаттым Ғ.Мүсірепов. 16.6.81» деп жазып берді. Міне осыдан кейін, кітап 1982 жылы «Жалын» баспасынан «Қазақ әйелі» деген атпен (редакторы Кәмилә Құдабаева, көлемі 24 баспа табақ, тиражы 17000) басылып шықты. «Қазақ әйелі» атты жазушының бұл кітабының тақырыптық жоспарынан тыс, әдемі безендіріп, ең сапалы мұқабамен тартымды етіп шығаруға «Жалын» баспасының сол кездегі директоры Қалдарбек Найманбаевтың Ғабеңе айрықша ықылас білдіріп, көп еңбек сіңіргенін атап айтқан жөн.

Көзінің тірісінде ұлы жазушымен 18 жыл бойы бірге істескен шығармашылық бұл еңбегіме Ғабең қатты риза болып, кезінде жоғары баға берді. Бұған дәлел, 1980 жылы шыққан үш томдық таңдамалыға өзі жазған алғы сөзінде ол: «Шығармаларымның басыла жүре әр түрлі кемшіліктерге ұшырап келгені бар. Мысалы «Оянған өлке» романының бірінші басылымында бар бір тарауы кейінгі басылымында түсіп қалып жүріпті. Түсіп қалған, ауысып кеткен жолдар да бар екен. Корректор қателері, баспадан кеткен қателер де баршылық болып келді. Осы жолы тәңірі жарылқағыр, әдебиет ғылымының докторы Әбділхамит Нарымбетовтің қадағалауымен әрбір сүйекті шығармаларымнан 100–150, әрбір әңгімеден 10–15 қателер тауып түзетіп жібердік», – деп, менің сол жылдарда Ғабең шығармаларына баспаға дайындау барысында атқарған текстологиялық жұмысымды айрықша атап көрсетті. Сондай-ақ маған жазып берген автографтарында да менің атыма айтылған жылы-жылы сөздер баршылық. Солардан бір-екі үзінді келтіру артық болмас. 1980 жылы үш томдық таңдамалының бірінші томына жазған автографінде: «Менің бірінші жәрдемім, әр кезде ақылшым, ғалым Әбділхамитке, өлшеусіз алғысыммен – Ғабит Мүсірепов. 12.12.80» – десе, 1982 жылы шыққан «Қазақ әйелі» атты кітабында жазған автографта: «Менің Әбділхамит Нарымбетов дейтін аса құнтты, аскан еңбекші жәрдемшім болмаса, не жазғанымды өзім жинай да алмайды екенмін. Осы жайымның куәсі болсын – Ғ. Мүсірепов. 31.10.82» деп еді. Кемеңгер жазушының бұл сөздері кезінде де, кейінде де менің төбемді көкке жеткізді.

Өз шығармаларымның кейінгі басылымдарымен де менің үзбей шұғылдана беретініме көзі жеткен Ғабең, өз архивінің біраз бөлігін маған беріп кетті. Жазушының сол қасиетті сенімін адал ақтау – менің өмірлік парызым, биік мұратым екенін айта кетуді орынды деп санаймын.

Қазір Ғабит Мүсіреповтің туғанына 90 жыл толу мерейтойына орай «Жазушы» баспасынан бес томдық шығармалар жинағын шығаруға еңбектеніп жүрмін. Сондай-ақ «Балауса» баспасынан жұртшылыққа беймәлім шығармаларынан әзірленген жазушының «Тұтқын қыз» атты кітабы да таяуда жарық көрмек. Амандық болса, Ғабит Мүсіреповтің академиялық толық шығармалар жинағын баспаға дайындауға да атсалыссам деген ой-арманым, шығармашылық жоспарым да бар.

Жоғарыда айтылған шығармашылық мәселелермен тікелей байланысты он сегіз жыл бойы ұлы жазушымен сан рет кездесу-

лер өтті. Ол кездесулерде қаламгердің өз шығармаларымен қатар жалпы көркем әдебиеттің әр қилы сыр-сипаттары жайлы, оның жекелеген белгілі өкілдері туралы, қоғамдық мәселелерге, тұрмысқа, айналадағы тіршілікке байланысты пікірлер де аз болған жоқ. Өмірден көрген-білгені, оқып-тоқығаны аса мол жазушының кітаптарында жазып, айтып үлгермей кеткен ой, тұжырымдары көп болатын. Не нәрсе туралы айтса да, жазушының ой толғамдары көп жылғы өмір тәжірибесіне негізделген, дәлелді, салмақты, тағылымды болып келетін. Ол кісінің әрбір сөзі кім-кімге де ғибрат алуға әбден жарарлық, терең мағыналы, өнегелі еді. Ғабеңмен әр кездесуден әр адамның да рухани ой-әлемі, білімі, сана-сезімі жаңарып, байып шығатын. Ғабеңмен әрбір кездесу мен үшін де тағылымы, тәрбиелік мәні аса мол әрі өмірдің, әрі әдебиеттің мектебі болды. Сондықтан да Ғабеңмен бірге болған әр түрлі жағдайда ұшырасқан күндерді мен өзімнің өмірімнің ең бақытты шақтары деп білемін. Ұлы жазушымен кездескен жарқын күндер ешқашан да ұмытылмай, есімде, жүрегімде берік орын алып, ұзақ сақталатынын үлкен мақтанышпен айтуды әр уақытта да орынды деп санаймын.

Мыңбай РӘШ, ақын

Ғибраты мол Ғабең

...Ол кездері мен жиырма алты жастағы жігіт екенмін. Бұл – 1956 жыл еді. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі болатынмын. Өлеңдерім басылымдарда бұрқырап шығып жатады. Әлсін-әлі редакция тапсырысымен фельетон, очерктер жазып қоямын. Газеттің бас редакторы Абай Бейсембаев деген азамат. Ақыл-парасаты мол, майданға қатысып келген журналист. Қарапайым да ақжарқын мінезді адам.

...Тап сол жылы мен үшін үлкен жаңалық болды.

Күтпеген жерден телефон соғылды.

– Маған Мыңбай Рәшев керек?

– Тыңдап тұрмын.

– ...Ә... Жақсы, бұл жаңадан ашылайын деп жатқан «Ара» журналының жауапты хатшысы Бәри Мәзитов қой...

Мен аң-таңмын.

– Ие, – деймін...

– Мүмкінщілігің болса, түстен кейін сағат 3-тер кезінде бізге келсең. Ғабит Махмұтұлының тапсырмасы солай, жарай ма?

– Құп болады.

Телефон тұтқасын іле салдым. Ғабеңнің өзі шақырткан екен. Қалай бармассың.

Қасымда отыратын Кәкімжан Қазыбаев:

– Мыңбыш, қызарақтап кеттің ғой, немене? – деді. – Бір жаңалық бар-ау шамасы.

Кәкімжан жұмысшы жастар бөлімінің меңгерушісі болатын.

Кім білсін неге шақырып жатқанын, әйтеуір тегін емес шығар. «Неге шақыртты екен?» деген ой басымнан кетпей қойды. Түстен кейін айтқан мерзімде үшінші қабатқа көтерілдім. ««Ара-Шмель» журналының бас редакторы» деген жазуы бар есікке көзім түсті.

– Күте тұрыңыз, ішінде бір кісі бар, – деді қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз.

Әлгі кісі шығысымен хатшы қыз Ғабеңнің кабинетіне еніп кетті. Кешікпей шыға сала басын изеп:

– Кіріңіз, – деді.

Көзіндегі көзілдірігін маңдайының жоғарғы тұсына қарай ысырып қойып маған тіке қарады Ғабең.

– Ә, әнеукүні Жазушылар одағының мүшелігіне

қабылдадық қой сені, енді қаламгерлік қызметіне қатаң қарау қажет, газет басылымдарынан оқта-текте жазған сықақтарыңды оқыдым, беталысың жаман емес, жаңа журнал ашып жатырмыз, қалай, келесің бе? – деп енді төтесінен кетті. Сәл күлімсіреп қойды. Сигарының күлін сұқ саусағымен сауытшаға шертіп түсірген бойда «қалай қарайсың?» дегендей сәл үнсіз қалды.

Мен іркілгем жоқ:

– Ғабе, егер маған сенім артсаңыздар қарсы емеспін, – дедім.

– Ендеше, редакция хатшысы әрі кадр бөлімін басқарады, соған барып, жеке листок толтырғайсың, – деп қолын ұсынды. Мұнысы: «енді кете беруге болады» деген белгісіндей еді.

Болған жайды «Лениншіл жастың» бас редакторы Абай Бейсембаевқа айттым.

– Қап-ай, сен секілді елгезек жігіттер редакцияға керек-ақ еді, енді не амал бар, біржола кеткің келсе, кім тоқтатады сені, – деп сәл кейістік білдіріп төмен қарады.

Өте бір инабатты, іскер редакторға үйреніп, бауыр басып қалған едім. Маған да оңайға соқпады. Кетуге тура келді.

* * *

Мезгіл – ұры, сағат тықылымен өте шығатын сынап секілді. қалай тез! қас қағым ғана сәт сияқты. Содан бері ат пен түйедей қырық алты жыл өтіп кетіпті. Ол кезде түлкінің күшігіндей қызыл шырайлы жап-жас жігіт едім ғой. Қазір шалмын. Айнаға қарасам, маңдайым толған әжім, шашым қырауланған. Оған да шүкір, қайсыбір құрдастарымның шашы баяғыда ағарып үлгерген. Қайсыбірі үдере көшіп кеткен елдің жұртындай қылтанақ шаш көрінбейді. Тағалы ат тайып жығылатындай немесе Медеу мұз айдынындай тап-тақыр.

...Жә, «Араға» келген шағыма қайтып оралайын. Журнал өте беделді. Орталық партия комитетіндегілер болмаса өзгелер «әй, шәй» дей алмайды. Ол біз үшін. Ал Ғабеңнің беделі күштілігі сондай, Димекеңдер болмаса анау-мынау хатшылардан тайсақтай коймайды, қайта Мүсіреповтің мысы басып тұратын.

Сол кездері идеология жағын басқаратын хатшы Нұрымбек Жанділдин еді. Түсі суық. Оқтау жұтып алғандай болып отыратын. Бір жиында «қазақтар етті қолмен жейді» деп білгішсінген де сол болатын. Ғабең, құдай аманат, сол Жанділдиніңді жақтырмайтын. Билікте тұрған кезінде талайларды қан қақсатып, жазықсыз орындарынан алдырған сол бейбақ.

...Келесі жылы Ғабит ағамыз әрі Қазақстан Жазушылар одағының төрағалығына сайланды. «Ара» журналында да қоса істеп жүрді. Бұрын көз алдымызда күнде көретін Ғабеңді енді сирек ұшырататын болдық. Неге десеңіз, Қазақстанды былай қойып, Мәскеудегі Жазушылар одағының да секретары болып сайланған. Ол кезде сондай тәртіп болатын. Жылына екі-үш айдай Мәскеуде тұрып, Жазушылар одағы секретарларының бірі ретінде қызмет атқарып қайтады.

...Сол бір кездері мен өзімнің қалай сорлағанымнан сыр шертейін енді. Ғабе Мәскеуге аттанар алдында редакцияда жиын өткізді.

– Мені жоққа санамай, журналды шығара беріңдер, біраз материалды қарадым. Бәриге тастап кетермін. Келген соң жаңа редактор іздеймін...

Ғабең осы сөздерді айтып, ертеңіне Мәскеуге аттанып кетті.

– Сенің фельетоныңа қол қойыпты, осы нөмірге салынады, – деп куантты редакцияның жауапты хатшысы. Ол Ғабеңнің тікелей тапсырмасымен жазылған шағын көлемді өткір фельетон болатын. Денсаулық саласына байланысты еді. Кәдімгі шыбын. Кәдімгі ұшып-қонып жүрген қара шыбын. Тағамға, ыдысқа қонып, жер-көкке қаптай ұшып жүретін «тәртібіне» көне қоймайтын шыбындар жайлы сөз ете келіп, денсаулық сақтау министрін де түйрей кеткен едім. (Аты-жөнін айтпай-ақ қояйын, бақиға озған адам).

«Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты» дегендей, әлдекімдер «Араның» бетінен оқи сала «Оho-ho, ха-ха-лап» министрге жеткізсе керек. Министр терісіне сыймай ашуланып, дереу Жанділдинге барса керек. Жанділдин қол астына қарасты үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ивановты шақырып алып, «шара қолдану керек, жазған авторды шақырып, сөйлесіңіз» десе керек.

– Пәлен сағатта Ивановқа келіңіз, – деп телефон соқты бір әйел. Зәрем ұшып кетті. Келдім.

– Сіз неге министрді мазаққа айналдырғансыз? – деп сестене сөйледі де Иванов, – түсініктеме жазыңыз, – деді. Жаздым.

«Объяснение» деп орысша жаздым!

Ертеңіне:

– Сізді Жанділдин шақырып жатыр! – деді тағы да телефоннан. Рұқсат қағазын толтырып, Жанділдинге келдім. Иванов екеуі отыр екен. Екеуінің де түстері суық, бірі «оқтау жұтса» бірі «бас киімін жұтып» сіңіре алмай отырған іспетті.

– Жігітім, саған фельетон жаз деп тапсырма берген кім? – деп төтесінен кетті хатшы.

Шынында Ғабиттің тапсырмасымен жазылғанын іштей сезсем де, бас редакторды жығып бергім келмеді.

– Өзім, тек өзім ойлап жаздым! – деп жауап бердім.

– Үлкен дәрежедегі тұлғаларды келекелеуге болмайды, – деп Жанділдин түнере сөйледі.

– Онда «Араның» не керегі бар?! – деп айтып салдым.

– Ә, солай де, бар, кете бер!..

Соңғы естіген сөзім осы болды. Министр менің үстімнен және арыз жазып Совет аудандық (қазіргі Алмалы) партия комитетіне түсіріпті.

...Аудандық партия комитетінің бюро мүшелері аумақты столдың екі жағында тізіліп отыр екен. Мені «бұйраламақ». Бір қызметкері болған жайды баяндап шықты. Маған сұрақ қойылғаны болмаса, сөз берілген жоқ.

– Қандай шара қолдану керек? – деді біреуі.

– Қатаң шара, – деді екіншісі.

– Сонда қалай? – деді үшіншісі.

Алдын ала сөйлесіп, келісіп алса да «қитұрқыға» салып отырғандары сезіліп тұрды.

– Аса жауапты журналда бұдан былай істеуге болмайды, – деді бірі.

– Жас жігіт қой, обалдау шығар, – деді екіншісі.

...Сонымен, не керек, аудандық партия комитетінің бюросында мен тілдей есеп карточкада жазылып, қатаң сөгіс алып шыға келдім.

Ұнжырғам түсіп кетті. Көңілім пәс.

– Не болды, не болды? – деп Дмитрий Федорович Снегин хал-қадарымды сұрады редакцияға келген бетте.

– Болар іс болды.

– Ештеңе етпейді, Ғабит Махмудович келген соң ретке келтіреміз, – деді ол.

Снегин сөзі демеу болғандай еді. Өйткені, фельетон орысшаға да аударылып басылған-ды.

...Бірер айдан соң Мәскеуден Ғабит қайтып оралды. Редактордың қабылдау бөлмесіндегі Илья Ахундовна Фәтима деген ұйғыр әйелге.

– Келісімен білдірерсің, – деп алдын ала өтінген едім.

– Ғабит Махмудович кабинетіне келді, – деп хабарлады. қуанып кеттім, жүрегім оттай тулаған бойда жетіп келіп, сәлем бердім.

– Не жаңалық бар, балақан, – деді ол сигарын тұтатып жатып.

– Жаңалық сол. Сіздің жоқтығыңыз сезілді. Қатаң сөгіс арқалап шықтым, – дедім.

– Білем, білем, біздің үйге Бәри келіп бәрін айтып шықты. Саспа, балақан, фельетоның жаман емес, – деп жұбатып жатыр.

...Ертеңіне Бәриден естідім. Ғабең өз вертушкасынан Жанділдинге телефон соғыпты. «Менің қол астымдағы бірді-екілі адамды қолдау орнына, қорқыта берсеңдер, журналды неге шығарттыңдар!» деп шарт кетіпті де, «тұра тұр, Қонаевтың алдында жолығармыз» депті. Бір ғажабы, «фельетон менің ұсынысыммен жазылған» деп айтып салыпты.

Арада бірер апта өткен соң Ғабең Димекеңнің қабылдауында болып, журналды ала барыпты: «Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты» дегендей, келесі бюрода қаралған бір мәселе «сынға қысым жасау» болып шығыпты. Министр орнынан босатылыпты. Фельетон авторына берілген қатаң сөгіс алынып тасталсын делініпті.

Ал, керек болса! Ғабеңнің бүгінгі көңілді отыруының себебі осы екенін ішім сезгендей еді.

– Сенің мәселең шешілді, собака, жақсы-жақсы фельетондар жазатын бол, – деп қолымды қысты. Мен кабинетінен шығып бара жатқанда:

– Әй, сәл тоқтай тұршы, – деп күлімсіреді Ғабең. – Фельетонды жазуды бас редактор тапсырған жоқ, өзім жаздым дегеніңді байқадым түсініктемеңнен, бұл – ерлігің сенің, – деді.

– Ғабем-ау, бұл әншейін ғой, ерлік деп сонау зобалаң жылдары Сіздің баскесер қара ниетті «үш әріптен» келгендерге тайсалмай қарап: «Бейімбет жау болса, мен де жаумын, мені бірге ұстап әкетіңдер» дегеніңіз ел есінде. Міне, нағыз ерлік өзіңізде ғой», – деп едім, сәл жымиып және қолымды алды да, «бар, жұмысыңды жалғастыра бер» деді.

...Сонау қазақ даласына жұт әкелген Голощекин кезін, 1937 жылғы нәубетті зобаланды, елуінші жылдардың бас кезіндегі қызыл империяның кудалау киянатын, бар-баршасын көзімен көрген, тарлан тұлға, қазақ әдебиетінің біртума классигі, академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтің өмір жолына үніліңізші. Отызыншы жылдары мемлекеттік баспада, Халық Ағарту Комиссариаты, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы, Қазақстан большевиктер партиясы Орталық Комитетінің саяси-ағарту жұмысы секторының меңгерушісі. Қазақстан Халық Комиссарлар кеңесі өнер басқармасының бастығы, Қазақстан Жазушылар

одағының төрағасы, «Ара» журналының бас редакторы, Одақтық дәрежедегі және республика жоғарғы кеңестерінің депутаты, тағысын тағылар...

Ал шығармашылығы да әрі әрлі, әрі нәрлі, қазақ халқымен бір жасап, біте қайнасатын туындылар екені де ақиқат. Оған қоса «Оянған өлке», «Қазақ солдаты» романдары, «Ұлпан», өзге де көп-көп хикаяттар, этнографиялық әңгімелер, новеллалар, әдебиеттану саласындағы ғылыми еңбектері ұлан-ғайыр толып жатыр... Осылардың бәрі Ғабит қаламынан туған, баршасын көркем сөздің кемеңгер ұстасы кестелеген еліміздің мақтанышына айналған туындылар. Өзгені айтпағанда, бір ғана «Қыз Жібек» фильмі қанша шалғай елдерді шарлап, қазақтың киноөнеріне көрермендерін тәнті қылғанын білеміз. Ал, сахнаның сәні болып келе жатқан «Қыз Жібек» операсы ше? Оның да сценарийін жазған өзіміздің Ғабең, өзіміздің Мүсірепов.

Тәңірім-ау, бір адамның басына осыншама өнер қалай сыйған! Сыйған! Ерекше жаратылған тұлға болғандықтан сыйымды да жарасымды Ғабит дарынын айрықша бағалаған Мұхтар Әуезов Жазушылар одағының кезекті бір съезінде драматургиядан баяндама жасағанының куәсі едім.

– Мен драматургия саласында Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповті ала-бөтен бөліп айтқым келеді, – деді мысал келтіре отырып. – Мольер, Шекспирлерің ақ өлең ұйқасындай тақ-тақ түсіп жатады, басы артық сөз таба алмайсыз...

Иә, Ғабит Мүсірепов ешкімге ұқсамайтын дара тұлға, ерекше құбылыс.

* * *

Біз білетін Ғабеңнің өзіне ғана тән ерекше жарасымды әдеттері болатын. Онысы сарылып отырып ұзақсонар шығарма жазудан жалыққандықтан болар деп ойлайтынбыз. Қолы босай қалғанда Шәкен Айманов, Ғабиден Мұстафин, жас мөлшері өзінен кішіректеу Ғазиз Оспанов іспетті қаламдас тұрғыластарымен преферанс ойнайтын. Көбіне жеңбесе жеңіле бермейтін. Қолына тиген картаны бір көргеннен-ақ сезе қоятын, ұната қоймаса, қосымша сұрамай, «мен пас» дей қоятын. Тұз бастатқан біркелкілері бұйыра қалса, ақырын ғана жымиып, ашып тастай салатын.

Ғабеңнің және бір машығы бильярд ойыны еді. «Ара-Шмель» журналына бас редактор болып келген соң, бір-екі ай ішінде Жазушылар одағы ғимаратының үшінші қабатындағы фойеде аумақты стол пайда болды. Жасыл матамен тысталған бильярд столы, бес-алты бильярд ойнайтын кийлер болды.

Ғабең ол кийлерді қолына да ұстамайды. Қабына салынған өз кийі бар. Қара жолақ түсті. Ауыздығымен алысып тұрған бәйге атындай дерсің. Сол кийін суырып алады да, ойынға кірісіп кетеді.

Бірде Аскар Тоқамағамбетов екеуі ойнады. Асекең онша ойнай алмайды. Ғабең айтпаса, ойнағысы да келмейді. Көңілін қалдырғысы келмейді. Екеуі пирамида ойнап жүрді.

– ... Үш... үштің соңына түс... Он – төбесіне кон, – деп Асекең ұйқастыра әзілдегенімен аузын ашқан торлы бұрышқа тас түсіріп жарытып жатқаны шамалы. Ал Ғабең болса кийінің жіңішкелеу ұшар басын борлап алады да, асықпай көздеп, сарт еткізеді. Дәл көздейді, көбіне түсірмей қоймайды. Асекең:

– Бір де тас түсіргем жоқ, сухой қалдырдың, енді ойнаудың қажеті жоқ шығар, – деді.

– Мейлің білсін, – деді Ғабең.

Енді манадан бері қызыға қарап, үнсіз тұрған Сафуан Шәймерденовпен ойнамақ. Оның да өз кийі бар. Ерінбей үйінен ала келеді, жақсы ойнайды. Ғабеңдей емес, бойы сұңғақ, ұзындау болғандықтан, бильярд бортына бүктеле кетіп, нысанасына тез жетеді. Ғабең мен Сафуан «итжығыс» ойнайды. Бірде ұтып, бірде ұтылады дегендей. Бильярд ойнағанда алдына жан салмайтын Ғабеңнің күйеу баласы – Петя. Ұлты қазақ болғанымен, аты солай. Ол әбден машықтанған. Атқанын түсіреді. Ғабең онымен өте сақ ойнайды. Бәрібір жеңіледі де, қолын ұсынып, жеңгенін мойындайды.

Ол кезде қазіргідей емес, бүкіл қалада үш-төрт-ақ жерде бильярд бар. Бірі – 28-гвардияшылар бау-бағында, екіншісі Алматы ресторанының астыңғы қабатында, үшіншісі – Жазушылар одағында. Алғашқы екеуіне барғандар ақша төлеп ойнайды. Ал Жазушылар одағындағы бильярд тегін. Сондықтан мұнда Шәкен Айманов бастаған әртістер де әлсін-әлі келіп-кетіп жүреді.

...Ғабеңнің және бір машығы – гимнастика. Ертең ерте тұрып серуенге шығар алдында бос шөлмекпен иығы мен жауырынын ысқылап әлек. Жапондықтар солай етсе керек. Сондықтан болар, басы артық семіздік жоқ. Денесі шыпшымыр, біркалыптан айнымайды. Сеуренге шыққанда оң қолында қысқалау, әрі жуантықтау таяғы болады. Бір де тастамайды. әлсін-әлі әлгі таяқты әрлі-берлі изендетіп қояды. Бәлкім, жазумен ұзақ машықтанған қолын ширатқысы келгені шығар. Осы әдетті Ғабиден Мұстафиннен де көрдім. Ерте жылдары Ғабең мен Ғабиден ағалар «Алматы»

санаторийінде демалды, санаторийдің ауласы кең. Айнала алма, алмұрт ағаштары самсап тұр. Қыркүйек кезі болатын. Екеуі серуендеп келе жатты. Жазушы Нығмет Ғабдуллин сәлем бере бірге әңгімелесіп келе жатқан. Бір сәтте Ғабең тоқтай қалды.

– Шіркін-ай, ана бір бұтақты қарашы Ғабиден, – деді.

– Қайсыны айтасың?

Ғабең:

– Анау, – деп қолындағы тұқыл таяқпен нұсқай көрсетті.

– Ә... анау ма, өзі де курайын деген екен.

– Күні ертең бәрібір кесіп тастайды. Сол бұтақты ретін тауып алар ма еді, – деді Ғабең.

...Ертеңіне Нығмет Ғабдуллин Ғабең қызыққан бұтақты әкеп берді. Ғабең балаша қуанып:

– Өй азамат, рақмет! – деп әлгі бұтаққа жармаса кетті.

Кешкі астың алдындағы серуенге шыққанда, қабығы аршылып, әдемі қалыпқа келген тұқыл таяқ Ғабеңнің қолында еді.

...Ғабеңнің бойына сіңген әдеттің және бірі – аңшылық. Сегіз қырлы серіліктің бір түрі ғой.

– Құсни, менің малопулкамды ұмытпа, кузовқа сала сал, – деген.

Жан-жары Құсни жеңгей Ғабеңді балаша күтетін әдеті.

– Жарайды, ұмытпаймын! – деген.

Ғабеңнің үш мылтығы болатын. Бірі – кәдімгі көне бесатар, бірі – жапон мылтығы, үшіншісі – жаңағы айтқан малопулкасы. Көбіне соны алады.

...Аң аулауға кеткен Ғабең алтыншы күні шаршап-шалдығып үйіне оралған. Неге екені белгісіз, көңілсіздеу, өңі де қуаң тартқан. Бәлкім жасының ұлғайғандығынан болар...

– Мына құстардың жүнін жұлып тағам дайындарсың. Түстен кейін Шәкен бастатқан үш қонақ келеді, – деген Құсниге. Үш шұбар тауықтың жүнін жұла бастаған Құсни:

– Ғабе, бәрін де өзің аттың ба? – деді.

– Немене, менің атқанымa сенбей тұрғаннан саумысың?

– Жо-ға, бәрі де тамағынан бауыздалыпты ғой...

– Әдейі тамақтарынан тигізіп атылған кекіліктер емес пе...

– Бәсе, бәсе, көрініп тұр, мынаумен аттыңыз ғой, ә, – деп Құсни кабурадан малопулка емес, сексеуілді суырып алады. Сонда ғана барып Ғабең жымиып күліп:

– Әй, батшағар, сенің де білмейтінің жоқ әйтеуір, – деп отыра кетіпті.

Қаскелең базарынан сатып алдырған тауықтар сырттай қарағанда кекілік құстардан аумай қалса керек.

* * *

Ертеректе көршілес елдердің мәдениет, өнер майталмандарының бір-біріне жиі барысып, апталықтар өткізу дәстүрге айналған болатын. Сондай бір сапарды КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты кезінде Ғабең басқарды. Бәлкім қол астында қызмет істегендіктен шығар жас ақын ретінде мені де тобына косты. Қызба сөйлейтін Ғафу, танымал ақын Ізтай, қалжың айтуға шебер Қабдікәрім де бар. Аға ақындар тобынан барған Тайыр, Дихан, Қалижан, Хамит, Жұбан, олардың өкшебасар інісі Қуандық Шаңғытбаев пен Қайнекей Жармағамбетовтердің бірі де жоқ қазір, Дихан бабадан өзгесі. Бәрі де фәниден бақиға озған. Өзге ақындар өлеңдерін оқығанда мен «Манас» мақамына салып «Алпамыс» эпосынан үзінді орындап бергем. Сонда қырғыз ағайындар сыйлаған комуз әлі күнге дейін үйімде сақтаулы.

– Әй, собака, жарайсың, сенің мұндай да өнерің бар екенін білмеуші ем, – деп ұстазым Ғабең риза болғанын сездірген.

Ғабең «собака» сөзін жиі қолданатын. Жек көргендіктен емес, керісінше айтатын. Бір апта қалай тез өткенін сезбей де қалдық. Қырғыздар біз «иә» дегенді «ауа», біз «аяк» дегенді «бұт» дейді ғой. Ал біз айтатын «ән-би» ансамблін олар «ырби» ансамблі дейтіндері болмаса, бәрі түсінікті.

...Ғабеңнің болмысы, тұр-тұлғасы ерекше еді ғой. Сырт қарағанда бойы аласа болса да биік болып көрінетін. Бәлкім, ақыл-парасатының молдығынан болар. Қаршыға қанатындай керілген қастары торсық шекесіне жарасып жататын. қайсыбіреулердей сампылдап сөйлемейтін, реті келгенде жалғыз ауыз сөзімен-ақ қарсыласын «мұрттай» ұшыра салатын. Алла-тағаланың оның пешенесіне «біртума», «тұңғыш» сөздерін бұйыртуы тегін емес шығар. Алғашқы «Шұғыла», «Қос шалқар», «Талпақ танау» іспетті әңгімелерінің өзімен-ақ оқырмандарын тәнті еткен қаламгер кешікпей-ақ асқан дарынымен сомдаған драмалық туындыларымен сабақтаса жалғасып кеткенін білеміз.

Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен жарыса, сахнаға келген туынды «Қыз Жібек» болатын.

– 1936 жылы тұңғыш қазақтың ұлттық толық метражды кинофильмі «Амангелді» фильмінің авторы (сценарийін Бейімбет Майлинмен бірігіп жазған).

– Қозы Көрпеш – Баян сұлу...

– Ақан Сері – Ақтоқты...

– «Қыз Жібек» операсының сценарийі.

...Сахналық қойылымдар. Осылардың бәрі драма театры сахналарында, опера театрында, кинофильмдерде. Яғни,

санаторийінде демалды, санаторийдің ауласы кең. Айнала алма, алмұрт ағаштары самсап тұр. Қыркүйек кезі болатын. Екеуі серуендеп келе жатты. Жазушы Нығмет Ғабдуллин сәлем бере бірге әңгімелесіп келе жатқан. Бір сәтте Ғабең тоқтай қалды.

– Шіркін-ай, ана бір бұтақты қарашы Ғабиден, – деді.

– Қайсыны айтасың?

Ғабең:

– Анау, – деп қолындағы тұқыл таяқпен нұсқай көрсетті.

– Ә... анау ма, өзі де курайын деген екен.

– Күні ертең бәрібір кесіп тастайды. Сол бұтақты ретін тауып алар ма еді, – деді Ғабең.

...Ертеңіне Нығмет Ғабдуллин Ғабең қызыққан бұтақты әкеп берді. Ғабең балаша қуанып:

– Өй азамат, рақмет! – деп әлгі бұтаққа жармаса кетті.

Кешкі астың алдындағы серуенге шыққанда, қабығы аршылып, әдемі қалыпқа келген тұқыл таяқ Ғабеңнің қолында еді.

...Ғабеңнің бойына сіңген әдеттің және бірі – аңшылық. Сегіз қырлы серіліктің бір түрі ғой.

– Құсни, менің малопулкамды ұмытпа, кузовқа сала сал, – деген.

Жан-жары Құсни жеңгей Ғабеңді балаша күтетін әдеті.

– Жарайды, ұмытпаймын! – деген.

Ғабеңнің үш мылтығы болатын. Бірі – кәдімгі көне бесатар, бірі – жапон мылтығы, үшіншісі – жаңағы айтқан малопулкасы. Көбіне соны алады.

...Аң аулауға кеткен Ғабең алтыншы күні шаршап-шалдығып үйіне оралған. Неге екені белгісіз, көңілсіздеу, өңі де қуаң тартқан. Бәлкім жасының ұлғайғандығынан болар...

– Мына құстардың жүнін жұлып тағам дайындарсың. Түстен кейін Шәкен бастатқан үш қонақ келеді, – деген Құсниге. Үш шұбар тауықтың жүнін жұла бастаған Құсни:

– Ғабе, бәрін де өзің аттың ба? – деді.

– Немене, менің атқанымa сенбей тұрғаннан саумысың?

– Жо-ға, бәрі де тамағынан бауыздалыпты ғой...

– Әдейі тамақтарынан тигізіп атылған кекіліктер емес пе...

– Бәсе, бәсе, көрініп тұр, мынаумен аттыңыз ғой, ә, – деп Құсни кабурадан малопулка емес, сексеуілді суырып алады. Сонда ғана барып Ғабең жымиып күліп:

– Әй, батшағар, сенің де білмейтінің жоқ әйтеуір, – деп отыра кетіпті.

Қаскелең базарынан сатып алдырған тауықтар сырттай қарағанда кекілік құстардан аумай қалса керек.

* * *

Ертеректе көршілес елдердің мәдениет, өнер майталмандарының бір-біріне жиі барысып, апталықтар өткізу дәстүрге айналған болатын. Сондай бір сапарды КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты кезінде Ғабең басқарды. Бәлкім қол астында қызмет істегендіктен шығар жас ақын ретінде мені де тобына косты. Қызба сөйлейтін Ғафу, танымал ақын Ізтай, қалжың айтуға шебер Қабдікәрім де бар. Аға ақындар тобынан барған Тайыр, Дихан, Қалижан, Хамит, Жұбан, олардың өкшебасар інісі Қуандық Шаңғытбаев пен Қайнекей Жармағамбетовтердің бірі де жоқ қазір, Дихан бабадан өзгесі. Бәрі де фәниден бақиға озған. Өзге ақындар өлеңдерін оқығанда мен «Манас» мақамына салып «Алпамыс» эпосынан үзінді орындап бергем. Сонда қырғыз ағайындар сыйлаған комуз әлі күнге дейін үйімде сақтаулы.

– Әй, собака, жарайсың, сенің мұндай да өнерің бар екенін білмеуші ем, – деп ұстазым Ғабең риза болғанын сездірген.

Ғабең «собака» сөзін жиі қолданатын. Жек көргендіктен емес, керісінше айтатын. Бір апта қалай тез өткенін сезбей де қалдық. Қырғыздар біз «иә» дегенді «ауа», біз «аяк» дегенді «бұт» дейді ғой. Ал біз айтатын «ән-би» ансамблін олар «ырби» ансамблі дейтіндері болмаса, бәрі түсінікті.

...Ғабеңнің болмысы, тұр-тұлғасы ерекше еді ғой. Сырт қарағанда бойы аласа болса да биік болып көрінетін. Бәлкім, ақыл-парасатының молдығынан болар. Қаршыға қанатындай керілген қастары торсық шекесіне жарасып жататын. қайсыбіреулердей сампылдап сөйлемейтін, реті келгенде жалғыз ауыз сөзімен-ақ қарсыласын «мұрттай» ұшыра салатын. Алла-тағаланың оның пешенесіне «біртума», «тұңғыш» сөздерін бұйыртуы тегін емес шығар. Алғашқы «Шұғыла», «Қос шалқар», «Талпақ танау» іспетті әңгімелерінің өзімен-ақ оқырмандарын тәнті еткен қаламгер кешікпей-ақ асқан дарынымен сомдаған драмалық туындыларымен сабақтаса жалғасып кеткенін білеміз.

Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен жарыса, сахнаға келген туынды «Қыз Жібек» болатын.

– 1936 жылы тұңғыш қазақтың ұлттық толық метражды кинофильмі «Амангелді» фильмінің авторы (сценарийін Бейімбет Майлинмен бірігіп жазған).

– Қозы Көрпеш – Баян сұлу...

– Ақан Сері – Актоқты...

– «Қыз Жібек» операсының сценарийі.

...Сахналық қойылымдар. Осылардың бәрі драма театры сахналарында, опера театрында, кинофильмдерде. Яғни,

өнердің сан-салаларында. Бәрінің де авторы біреу. Ол – Мүсірепов.

...Ғабит Махмұтұлы! Кәдімгі көзінің тірісінде-ақ аты аңызға айналған – Мүсірепов! қазір арамызда жоқ. Астапыралла, жоқ емес-ау, бар. Тәні жоқ болғанымен, рухы бар. Өзі жоқ болса да асыл-ақық, інжу-маржандай сөздері бар. қазақ елінің һәм қазақ әдебиетінің қалыптасуына қосқан ұлан-ғайыр үлесі бар. Ғабең фәниден бақиға озғалы он жеті жыл өтіпті. Содан бері бір де рет оның жарқын бейнесін ұмыткан жоқпыз. Осыдан он жыл бұрын қазақ әдебиетінің іргетасын қаласушылардың бірі болған академик-жазушы, Еңбек Ері Ғабеңнің 90 жылдық торқалы тойында... Яғни, туғанына арналған мүшелтойын айтып отырмын. Оның соңынан ерген шәкірттерінің бірі, ғұлама һәм ыспар прозаик Зейнолла Қабдолов баяндама жасағаны есімізде.

– Ғабит Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану қажет!..

Міне, Ғабең жайлы арнайы баяндамашының түйіп айтқан тұжырымы қалай тауып айтылған сөз. Әдемі айтқан! Себебі Ғабең өз елінің тарихымен бірге жасап, біте қайнасқан еді ғой. Тұтас бір ғасырдың куәсі дерсіз. 1902 жылы, яғни, жиырмасыншы ғасырдың бас жағында дүние есігін «іңгәлап» ашты. 1985 жылы, яғни сол ғасырдың түгесілуіне аз-ақ жылдар қалғанда фәни дүниеден бақиға озды. Мәңгілік жер бесігіне түсті.

* * *

ЮНЕСКО деңгейінде таяу арада өткізілейін деп отырған Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдық мүшелтойы исі қазақтың қай-қайсысын да бейқам қалдырмаса керек. Атағы айдай әлемге аян жазушының шалғай елдерде де алатын орны ерекше. Олардың оқырмандары Мүсірепов шығармаларын өз ана тілдерінде оқып-білгелі қашан. Кинофильмдер мен драмалық шығармаларына көздерін суарып, көңілдері шалқығалы да көп уақыт болды.

Осындайда француздың атақты жазушысы Оноре де Бальзак бақиға аттанғалы жатқанда қоштасуға үлгірмей қалған Виктор Гюго көкірегін кере ауыр күрсініп:

– Бүгін Еуропа өз данышпанынан айырылды – дегені есімізге оралады.

Иә, 1985 жылы еліміз көркем сөздің ұстасы, тапқырлық пен шешендіктің нұсқасы, дүрлеген дархан дарыны, жастықтың сөнбес жалыны – өз Ғабеңімен – Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповімен мәңгі қоштасқан еді!..

Ахмет ЖҮНІСОВ, жазушы

Кербездігі де кереметінің бірі еді...

1956 жыл. Үрімжінің болып тұрған кезі. Қаланың ішіндегі жазушылар етектеріне сүрініп жүр. Өйткені, Жуңго жазушылары Шыңжаң бөлімін құру үшін құрылтайдың дайындығына мемлекет басшылары көңіл бөліп отыр. Ұйымдастыру жұмысының бел ортасында жүргендердің бірі мен едім. Кезектегі жұмысымыздың бірі ретінде құрылтайға Орта Азия және Қазақстаннан келетін жазушыларды қарсы алу үшін аэропортқа шықтық. Зия Самади бастаған Үрімжінің министрлері, жазушылары, көркем өнерпаздары бар, әйтеуір, қарсы алу үшін едәуір адам шығыппыз. Қонақтарды Ғ.Мүсірепов бастап келді. Мен ертеңгі «Шыңжаң» газетіне түнімен отырып, түндіктей мақала жаздым. «Төр сіздердікі» делінетін мақалаға Ғ.Мүсірепов пен Зия Самадидің суреттері қосылып бірінші бетте шықты. Ол кезде де, «Шыңжаң» газеті хансуша, ұйғырша, қазақша, қалмақша шығатын. Мақаланы бәрі басты…

Өлкелік үкімет бастығының орынбасары С.Әуезидің бекітуімен «Үрімжі» қонақ үйін Ғабеңдерге ерекше дайындатқанбыз. Ертеңіне біз бірнеше қазақ жазушылары сәлем бере Ғабеңдерге бардық.

«Шыңжаң» газеті қонақтарға бізден бұрын келген екен. қонақтар өздері жөніндегі мақаланы өздерінің суреттерін көріп мәз. Көп сөйлемей, бізге іш келмей Ғабең отыр. Өзбекстаннан келген Сәруар Әзимов дейтін жазушымен, Қазақстаннан келген Хизмет Абдуллин сықылдылармен жергілікті ұйғыр жазушылары кездесісімен мәре-сәре болып кетісті. Іштеріндегі ең жасы Хизмет екен, оны ұйғыр жігіттері, өте-мөте ақын Типжан Әлімов қара құрықтан бөліп шеттегі жеке бөлмеге жатқызып, төріне дутарын іліп қойды. Мұнысы: «Өзінің ұйғырына келді ғой, көсіліп бір демалсын. Ана кәрілер қақпайлай берер» дегендік болатын. Марқұм мұнымызға керемет мәз болып өзімізді бетімізден сүйіп, дипломатия дегенді ұмытып кетті. Аман, сәлем бітісімен қонақтарды тағамға тәкші еттік. Қытайда аса құрметті қонаққа дастарқан жайған сайын тағамның тоғыз түрін қою шарт. Бізге бұл тізгінді С.Әуези бекітіп берген соң, тоғыз емес тоқсан түрін жасаттық. Қай елде де, қай уақытта жүрсе де мұндай тағамды қонақтарымыздың көрмегенін қу ішіміз біліп, біреуінен бір жылы лебіз дәметіп отыр едік.

– Сіздердің қауын-қарбыз, жүзім сықылдыларыңыз әбден пісе бастаған ба, – деді, пышақ тиісімен тарс етіп екіге

бөлінген ақнауат атты қауынның тәттілігіне қайран қалған Ғабең...

Шыңжаңның ұйғырлары, өте-мөте қашқардағылары жеміс-жидекті қыста да аңыздан жаңа жұлынғандай ғып сақтайды. Дастарқандағы исі аңқыған жемісті, онан соң кәдімгі мүсәлләсті кеше ғана алғызғанбыз. Ғабең бір тілімін жеп болғанша бес-алтыдан жеп үлгерген біреуі: – Жеп отырғаныңыз былтырғы ғой! – деді.

– Маған аңыздан осы қазір үзіп әкелген секілді, – деп Ғабең және бір тілімін жеді. – Бұл жолғысы ақнауаттан да тәтті көкше дейтіні еді...

Ұйғырлардың салты бойынша қауын-қарбыз, шабдал, жүзім, анар, нәшуаттардан қонақтарды алдымен ауыз тигіздік де, артынан арнайы дастарқанға орналастырдық. Өйткені, ұйғырлардың өздері де, қонағы да, ең алдымен өз жерінде өздері өндірген жемістен ауыз тиюі шарт. Оның үстіне ішіміздегі ұйғыр жазушылары өз ұлтының кереметіне осындайда бір мақтанып қалулары керек.

Бір шеті Пекиннен, бір шеті қашқардан әкелінген астардың ішінде бір тоғыздың басын құрап кеткен жері кемпірқосақ құсап қазақтың қазы-қартасы, шұбаты, қымызы, бидай көжесі, сорпасы, тосабы, құрт, ірімшігі, қатығы да тұр...

Қонақтарды таңертеңгі астан соң құрылтай болып жатқан сарайға апардық. Баяндамашы Зия Самади сөйлеп болысымен сөз Ғабеңе берілді. Ғабең қазақтың ірімшіктей тілімен ғажайып сөздерді айтты. Әрбір сөзі, сөйлемі, сақаға құйған қорғасындай оп-орнықты. Сол кезде екі елдің достастығында айтары жоқ. Ғабең осы достықты, екі ел әдебиетін сөйлеген сайын шапалақ соғушылар, өршелене түседі. Қошемет, құрмет дегеніңіз ағыл-тегіл.

Ғабеңнің дидарын бұл жақтағы қазақтардың көріп отырғаны осы. Көбінің есілдерті жақыннан көру, сәлем беру, қол алысу. Ол кезде Ғабеңнің өзі де аса көрікті еді. Аса сері киінетіні, кербездігі жұртқа ұнады. «Нағыз ұлы адам осылай болады екен ау», – деп жастар жағы өнеге алды. Онша ұнатпай жүргеннен айналасындағы біз. Себебі: Ғабең бізге мүлдем келмей қойды. Ана Орта Азиялықтармен ұйғырлар мішіраптағы отыз жігіт құсап араласып кетті. Ғабең қомсынды ма, баласынды ма бос уақытында бізбен әңгімелесуден гөрі, залға барып бильярд ойнауға уақытын көп бөлді.

Менің қасымдағы Рахметолла Әбешұлы дейтін жазушы өзі әнші, өзі композитор, өзі жылқы мінезді, үстінен ақ исі аңқитын қазақы жігіт еді, – Аха, мына шалды сөйлетейін

бе? Бізді адам құрлы көрмеді ғой… – деді, мені иығымнан тартып.

– Өзің біл.

Қажығұмар да құптады.

Ол кезде үшеуміз де отыздан әлі алыстаумыз. Бас асауымыз басылмаған. Саясаты құрғыр әлі нокталамаған кез. Нокталайды деу ол кезде ойымызда да жоқ. Алдағы 1957 жылы жазушының бәрі ұлтшыл, оңшыл бола қалады деп кім ойлаған.

Шәкәрім қажының «Талмабел» дейтін әнін Рахметолла бастап, біз қостап жөнелдік. Зары мен сазы домбыраның екі ішегі құсаған әнді Рахан солқылдатып жіберді білем, – Мына әуенді сендер қайдан білесіңдер, – деп Ғабең бізге бұрылды.

– Біз де халықпыз ғой, көптен білеміз. Зият аға әкелген деп біз де тіркістеу тіл қаттық…

– Әй, Жабағытай шығар.

Сауысқаннан сақ Ғабең біздің: «Біз де халықпыз ғой…» дегенімізде мән жатқанын сезе қойған екен, ортамызға кеп анадайдағы диванға барып отырды.

Бұл кезде Кеңес үкіметі Ахмет Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов және Шәкәрімдерді ақтамағанымен, біз олардың шығармаларын сонау 1945 жылдан білетінбіз, көшіріп алғанбыз. Бұларды ол жаққа Райымжан Мерсаков пен Зият апарған. Бұл жөнінде қытай үкіметі де онша құзауламады. Біз ешнәрседен қаперсіз кісіше пайдалана беретінбіз.

Осы отырыста осылар туралы ептеп айтып едік, Ғабең бұнымызды ұнатты ма, ұнатпады ма, ештеңе айтпады. Жалғыз-ақ, істегені әнді қайта айтқызып ұзақ уақыт үндемей отырды… Сонан соң барып елдің жағдайын, әдебиеттің мөлшерін сұрады. Біз «Қасен – Жәмила» киносын, «Бақыт жолында» сықылды повестерді жаза бастағанымызды айттық. Мен «Шұғыла» журналының кезекті санында тізіліп жатқан «Тағдыр» дейтін көлемді әңгімемді алып тастап, оның орнына Ғабеңнің «Өмірбаяндық әңгімесін» беріп қаламақысына екі есе нарықпен бухгалтериядан мың сом алып едім, құр қол жүрменіз деп соны бердім (ол кездегі мың сом Ғабеңнің шекпен алуына да жетеді).

Алғашқыдай емес етіміз үйреніп алды. Әңгімеден әңгімені сыздықтатып аяқ жағында Ғабеңе: «Осы жақта үш-төрт айға қалыңыз» «Оянған өлкеңіздің» жақсы жазылуы үшін Еренқабырғаны, Алтайды, Боғданы аралаңыз. Бұл жерде феодализмнің қаймағы әлі бұзыла қойған жоқ» деп, ойымыздағыны осы орайда пайдаланып айтып та алдық.

– Оны ақылдаса көрейік, – деп, Ғабең үйіріне бет алды.

– Онда Пекиннен рұқсат алуға кірісе берейік, – деп, біз солай тарттық. – Жузуңли (Жұнынлай) рұқсат етіп қалар.

Кеңес үкіметінің дүрілдеп тұрған кезі. Ғабеңнің сақтығын басында біз 1937 жылғы зауалдан әлі қорқатын шығар, қазақтармен көп аралассам пәле болар, – деп ойладық. Бұл біздің сол кездегі ойымыз. Олай болған-болмағанын Алла біледі. Ол жылғы зауалдан кезінде кім қорықпады. Оның үстіне ол кезде қытай халқы кеңес халқы туралы ағат сөзді сөйлегенді білмейді. Сыпыра мақтау, мадақтау. Бұлардың ішінде екі ұрты жыртылғанша мақтайтын біз. Сондықтан бұл арада қорқа қоятындай дәнеңе жоқ еді. Бірақ, 1937 жылы қазақтың ақындарын тұтасымен қырып тастағандардың жалғасы әлі бар болатын. Атқанда да бұлардың бәрі милы, дұрыстап атпасаң ақылы қашып кетеді дегендей бәрін басынан атыпты ғой, бәтшағарлар. Мұндай үрейді ұмыту да қиын... Оның ызғары әлі бар еді. Бұлар өз жұмысын 1952 жылы және жалғастырып Алматыдағы оқығандардың кейбірін қамағанынан да хабардар едік. Осылар есімізге түсіп, Ғабеңді біз көп тақымдамай, бір күні екі-үш айға қалуы жөніндегі анадағы әңгімемізді айттық:

– Аға, Пекинмен келістік, Жузуцлидің өзі үш ай тұруға рұқсат етіпті. Енді ел мен жерді көсіліп бір аралаңыз. Көлік, атқосшы, бәрі дайын.

Біз бұйымтайымызды айтып болып, енді Ғабеңнің аузына қарап едік, ол кісі жауап бермей, алдындағы телефонға қараған күйі отыра берді.

Бір жағы шындап ойланбайтын, қайырымға тез көне қоймайтын жас кезіміз, бір жағы кітаптарымыз енді-енді шығып жазушы, ақын дегенді есітіп лепіріп жүрген шағымыз. Ғабең үндемеген соң, айылымызды іштей тартып сыртқа шықтық.

– Шәкәрімнің әнін айтып бетін бері қаратып едік. Енді Алаш орданың гимнін солқылдатсақ қайтеді, – деп, ішіміздегі әнші сыртқа шығысымен бұрқ ете түсті.

– Біз тас санағанда, ол шал құм санап отырған шығар. Оны айтып қайтеміз, – деп, үшеуміз бір-бірімізге әссабыр айттық. Болмаса бетін бері қаратудың әдісі табылады ғой...

Шыңжандағы қазақ жазушылары Ғабеңді ұлы жазушы екендігімен ғана емес, бұл кісінің жүрек жұтқан батыр екендігі жағынан да түсінетін. Бейімбетті ұстағанда қасқа атты қамбар құсап, «Би-аған халық жауы емес. Онда мен де халық жауымын» – деп жалғыз өзі қарсы шығыпты дегенді

естігенде, онан соң 1930 жылғы ашаршылықта да Сталинге хат жазып халықты арашалау жағында болғанын білгенде, Ғабеңе алғыс айтпаған кәрі, пір тұтпаған жас кемде-кем болатын.

Ол жылдарда Сталин шекараның бәріне темір шымылдық құрып, не істеп жатқанын жасырып ұстаса да қазақ сорлының «ұзын құлағының» естімейтіні жоқ қой. Біздің Ғабең туралы естігенімізді әкелген осы «ұзын құлақ».

«Тауда бұғының мүйізін самырсынның бұтағы осса, ойда өгіздің мүйізі бірге сырқырайды» деп, біздікі жоғарыдағы жағдайларды көбірек білу еді, Ғабең мұның пайдасыздығын аңғартады білем, онша ий қоймады.

Біріміз жайшылықтың өзінде:

Арғы атам ер түрік,
Біз қазақ еліміз.
Самартау, шалқар көл,
Сарыарқа жеріміз.
Сай-сай мал айдап,
Сайраңдап ен жайлап,
Арқаның ерке өскен,
Серісі өзіміз,
Серісі өзіміз,
өзіміз! –

дегенді айтып жүруші едік, сол күні де осыны ақырын ғана айтып отырғанда, Ғабең есігін ашып бізді шақырды.

– Бағанадан бері сендерге мойын бұра алмағаным Алматы телефонға шақырып ұзақ сөйлесіп қалғаным. Олардың айтатыны – менің тез қайтуым керек. Өйткені, Қазақстан Жазушылар одағына қаланың орталығынан (қазіргі үй) үш қабатты үй беруші еді, соны мен бармасам бермей қоятын сықылды. Сейтжан Омаровпен осыны сөйлестім.

Біз үш айға рұқсат алып соның дайындығында жүргенімізді айттық.

Талаптарыңа, жігерлеріне рақмет, разымын. Ондағы өздерің сықылды жазушыларға да бір шаңырақ керек қой. Еренқабырғаның сары қымызы ерсі-ақ екен, амал қанша!

– Бұл жақтың қымызы қазірше қой өткен су деп қасқыр ішкеннен аман. Оның үстіне мына феодализмнің мойны жуан ғой, әдебиетте қанша жамандаса да мәу демейді. Біз де, бұл қанша тұрады дейсіз, біздікі көріп ап жазғанға не жетсін еді... – деп, біз де сөзді бұдан әрі ұзартпай, енді Ғабеңді күтуге кірісіп, сыртқа шығып кеттік.

Ұйғырлардың қаңтарда да жаздың жаңа жемісін жейтініне Ғабең алғаш келгенде-ақ қайран қалып, бұған Қадыр Хасен мен Хизмет Абдуллиннің арқаланып қалғаны болатын. Осы есімде еді, Ғабеңнің бөлмесіне қажетті тағамды үйіп-төгіп әкелісімен қасымдағы біреуді Хизметке жібердім.

– Мына ұйғыр ағайындар жеміс-жидектің бабына шебер-ақ екен! – деді, Ғабең жаздағының өзіндей сақталған қауыннан бір тілім, қарбыздан бір тілім жеп. Сөйтті де – Ахмет әлгі күміс моншағыңнан да (қытайдың шисүи дейтін тамаша сусыны) құйып қой.

Ғабең бұдан да, шұбаттан да, қымыздан да сыздықтатып ауыз тиді.

– Қымызды сабамен ашытқан шығарсыздар. Ашытқысын қалай дайындайсыздар?

– Көбінесе, қалмақтың сақтиян сабасымен ашытамыз. Ашытқыны сол жылы сірге жиярда бір торсық қымызды піспей үстіндегі тұнығын құйып алып, түбіндегі тұнбасын және сүзіп сол қоюды өзінің тиісті ыдысымен кептіріп келесі жылы саумалға қосамыз. Кейбіреулерін рауғашпен, бидай көжемен, саумалдың өзін ашытумен жөпелдемеде жасаған әдістері қымызды онша оңдырмайды… – деп, біз Ғабеңе қымыз әкелген шытыралы торсықты да көрсетіп құрша жорғаладық. – Шіркін, бұның ішіндегіні жайлауда қасқыр ішікке оранып ішсе ғой. Отыз-қырық тостағанды кез келген қазақ ішіп кетеді.

– Аға, мына қауын – Алматының көк базарындағы саудагерлердің сатқанына өңі ұқсағанымен, дәмі бөлек, – деп, Ғабеңе Хизмет те құрақ ұшуда.

Ғабеңнің алдында ұйғырды мақтағаныма разы болып отырса керек, Ғабеңе байқатпай маған бас бармағын көрсетіп, көзін қысты…

Құрылтайдың етек-жеңі жиылып Ғабеңдерге Үрімжіні аралатып жүргенбіз. Ғабең мен апарып берген қаламақыға бірсыпыра сәлем-саукат алды. «Тарим» атты ұйғырша әдеби журналының жауапты редакторы ақын Т.Әлиев те басқаларға бірсыпыра ақша босаттырып алған екен, олар да керек-жарағын алды. Ол кезде Үрімжіде бәрі бар. Қонақтар ең алдымен, таза жүннен тоқылып, габардиннан тігілген макантождан алды.

Үрімжіні аралап болған соң, Тұрпанға апардық. – Марқұм Хизмет Абдуллин Тұрпанды көргенде, мазарларды аралағанда, кәрізге түскенде өз ұлтының еңбекқорлығына мақтанғысы келіп-ақ жүрді. Бірақ Ғабең басқарып жүргенде, өйтудің өзін көргенсіздік санап, сезімнің толқынына әзер ие болды…

Медиян шөлден көгеннің бұршағы құсаған құдық қазып, оның суын жер астындағы арықтар арқылы саумалдап, ең аяғында онан дәрия мұқым Тұрпан ойпатын суға қарық қып жатқан ұйғырдың мына еңбегі ғажап екен! – деп, бір кәріздің бір құдығына түсіп, екіншісінен шыққанда жағасын ұстады.

– Сіз арасы ең жақын құдыққа түстіңіз. Өзі қараңғы, өзі сыз, өзі шаян мен бұзаубасқа толы жер астындағы бұлардың кейбірі жүз шақырымға созылады. Осындай дозақта жүріп жер бетіндегі егістігіне су әкелу үшін жарты ғұмырын өткізеді.

– Басқа халық болса су шығарып егін салу былай тұрсын, шөлден-ақ қырылып бітер! – деп, біз отырған құдықтың аузына іннен шыққан суырдай сопаң етіп бөгде біреудің шыға келгенін көргенде, Ғабең және қайран қалды. Үстінде дамбалы, иығында кетпені, шүберек белбеуінде екі-үш зағыры ғана (ұйғырлардың жүгері ұнынан ішіне сарымсақ, шыжық қосып пісіретін наны) бар, қолы басы батпақ ұйғырды көріп, тағы да қайран қалды. Сөйтті де, «сіз кешке үйіңізге қайтасыз ба? Осыны істегеніңізге қанша болды?» деп, алып адамның ажарына тесіле, таңдана қарады…

– Үйге қайтсақ су ақпайды ғой, Осы жер астында айлап та жүреміз. Кеш батқанда бір құдықтың аузына су ала шығып түней кетеміз. Тамақ белбеудегі мына нан. Төсек – жұмсақ құм, жастық – оның дөңдеу жері. Үш адам едік, екеуі бір судың көзін аршып қалды. Үшеумізге де бұл кәрізбен айқасқалы отыз жыл.

Жер бетіндегі ең биік жер де (Тебет), ең аласа жер де (Тұрпан) қытайда ғой. Осының ойпатын ат үсті ғана көрген Ғабең бір тылсым дүниенің есігін сығалағандай өзінің үш-төрт ай қала алмағанына іштей өкінгенін Үрімжіге келгенде айтып, бізге езуінен енші берді.

Ол кезде біз де жүзіктің көзінен өтетін өрімдей жас, бетіміз қайтпаған өжет кезіміз ағамызға ағалап та, жағалап та жараған секілдіміз. Кетер кезінде бәрімізді бетімізден сүйіп, жазғандарымыздан оқып, пікір айтып аэропорттан аттанарда шығарып салғандарды қимай қарап, артына қайта-қайта бұрылып, Алматыға тартты.

Қуырдақтың әкесі түйе сойған күні болғанымен басқа кезде бола бермейтіндей, Ғабеңдерге дайындалған дастарқан Үрімжі қонақүйінде бола бермейді ғой. Шеті опырылмаған ас қаз-қалпында тұр. Мұны енді әкелген жеріне апарып тастайтын емес. Жазушылар одағындағылар жеуіміз керек, ішуіміз керек. «Жапалақ жамбасына басып жейді, ақ сұңқар айналасына шашып жейді» – деп Ғабең сарқыты келгендерге теріс болмады.

Біз Ғабеңдерді шығарып салып келгенде, елдің алды келе бастаған екен. Сол күні жұрттың алды қызып қалғандары күпті болып қас қарайғанда бірақ қайтты.

– Біз болмасақ Ахаңның пышағы күнде май үстінде ғой. Аха ертең басымыз ауырса, келіп қалғандай боламыз ба? – деп, қонақүйдің бөлмелерін өткізіп беру үшін қалған маған кейбірі қалжыңдап та бара жатты... – Олардың бүйдейтіні, мен шет елдерден келетін жазушыларды қабылдайтын жораның мүшесімін.

Сонымен Ғабең келіп кеткен жылдың келесі жылында стиль дұрыстау деген әрекет жүріп жергілікті ұлтшыл және оңшыл деген айдар тағылғанда біз Ғабеңнің сауысқандай сақтығына қайран қалдық. Егер сол жолы ол кісімен тым араласып кетсек, басымызға қыруар сөз тауып алады екенбіз.

Елге қайтып келгеннен кейін, Ғабеңді таудағы қаламгерлер үйінде бір рет көрдім. Басында танымай қалып артынан: – қарағым-ау, не ғып кәртейіп кеткенсің. Әлгі «Төр сіздікі» деген мақаланда менің есімімді Горький мен Пушкиннен кейін жазып едің-ау» деп, мені қасына отырғызды.

– Бақаның баяғы күні бар ма, аға, кәртейдік қой, – деп мен де бұл кісінің кәртейе бастағанын байқадым.

– Ахмет, сен әнеу жерде келе жатқанда тым үлкен болып көріндің, – деді. Арғыбетті асықпай аралай алмағанына әлі өкінетінін айтты.

«Елге барғанда арсаландап алдынан шығып, атын байлап, Алматыға аттандырарда артынан қимай-қимай қарап қалған қайран ағамыз кәртейіп-ақ қалған екен» дегенді ішімнен ойлап сол жолы Ғабеңнің қасында бір қауым отырдым. Ғабең сол жақтың қазағы туралы, әдебиеті туралы бір сыпыра нәрселерді сұрады... – Сендерде де мен барып қайтқан жылдың келесісінде жергілікті жазушыларды ұлтшыл деп кінәлағаны рас па?

– Рас. Бірақ 1937 жылғы Сталиннің зауалындай болған жоқ. Мұндағыдай ақылды адамды басынан атпаса, миы жер астында да тыныш жатпайды деп атып тастаған жоқ. Еңбекпен өзгертуге жіберді. Тіпті, де отырғызбады. Бірнеше жылдан соң, бәрін де қайтарды. Неше жылғы айлықтарын тұтасымен төледі. Бәріне қолма-қол баспана берді. Бұрынғы жұмыстарына орналастырды. Сондағы әрекетті қатеге шығарды. Жазушылар жағы тұтасымен аман оралды. Дәм татқан құдық қой, түкіруге болмайды,

– Қытайдың мұнысына рақмет айту керек екен. Қырып тастаса, онан кім құн сұрай алады.

– Ал, әлгі коллективтесу қалай болды? Ала қойды бөліп қырыққандай, мұндағыдай қазақтарды аштан өлтірген жоқ па?

– Коммуналасу, тайқазанға қарату ол жақта да қиын болды. Бірақ мұндағыдай үш миллионға жуық қазақты қойып, үш қазақты аштан өлтірген жоқ. Қиыншылықты қытайдың өзімен басқа халық бірге көрді. Мұнда қазақты аққұла құртуға кіріскенмен астында көлігі, жілігінде майы барлар шетелге қашып, сірі жандылары тірі қалып, әйтеуір, жер бетінен жоғалтып жібере алмады ғой.

– Е, Ахмет-ай, баланың қай жылағаны есте қалады... қытайдың мұнысына да құдайшылық бар екен.

– Олардың ана Лушауши дейтін көрнекті қайраткері 1954 жылы қытай коммунист партиясының сегізінші құрылтайында: «Жүнге халқының алты пайызы аз санды ұлт. Ал, мемлекет байлығының алпыс пайызы осы туысқан ұлттардың жерінде. Сондықтан бұларға ерекше қарау керек. құрметтеу керек, –дегенді айтқан. Ұлы адамы осыны айтқан соң басқалары қайда барады.

Түйенің өзі түйе, құмалағы түйе болмайтындай ұлы адамдарда да кемшілік болады. Табиғат оларға ылғи кереметті үйіп-төгіп бере бермей, кейде керексізді де қосып беретін көрінеді: араққеш, қарау, қатал, тәкәппар, шеншіл, зиянқор, күншіл... Бірақ жай адамдыкі сықылды бұлардікі көп көріне бермейді. Тіпті көрінсе, де оларға жарасып тұрады. Онысы туралы оларды ешкім де тергемейді. Түйедей ерекшеліктің қасындағы, түймедей кемшілік олар үшін түкке тұрмайды.

Шалатын баланың арты қисық келетіндей, жоғарыдағыларды маған жазғызып отырған осы жолғы әңгімеде Ғабең менің жаман-жақсы болса да басқа елден келгенімді, өзімнің азды-көпті мойныма кетіп жүргенімді ескеріп, қашан келдің, үйге барып сәлем беру қайда деген сықылды іштартуға бармады. «Етекті адамның етегіне бір адам емес, бір ел паналайтын, сиятын қазақтың қайран ағалары шынымен біткені ме!»... деп, мен де көп жалбаңдамағам.

Осының алдында барып сәлем бермегеніме өзімді міндідей көріп жүруші едім, бармағаныма келе жатып куандым. Танымаған періштеден, таныған сайтан артық қой, одаққа келе Хизмет пен Мұқағали кезігіп, кедейдің бір тойғаны – шала байығанына бастық... «Ақсақ иттің көңілі өзеннің арғы жағында» деп, жұпыны жерде тұрсақ та, жұмақта тұрғандай көңілді болдық үшеуміз. Хизмет, өзінің Үрімжіде болғанын, ондағы біздің күткенімізді мақтап көсіле сөйледі... – Сонда,

сені сонша күткен мына қазақты үйіне шақырдың ба? – деп, бір кезде Мұқағали оның сөзін бөлді.

– Әлхамділла шақырдым, міне өзі тұр. Үйғырдың ондай иттігі жоқ, – дегенді ұртын толтыра айтқан Хизмет маған қарап көзәйнегін алды.

– Бекер обалы ғана, бір емес бірнеше рет шақырды. Бәрінде де айран аяулы, қымыз қысулы болған жоқ. Ағыл-тегіл, – деп мен шындықты айттым. – Қайта атын ерттеп, атқосшы болған өз ағаларымдыкінен, шыны шетін тістегенім жоқ. Мені бұл жаққа келгелі сақалды басымен екі рет арнайы шақырып төреше күткен көп жақсылық жасаған, үлкендермен таныстырған тек қана Әбу Сәрсенбаев аға ғана! Ол кісі бір мен ғана емес, қытайдан келген жазушылардың көбіне аға екенін көрсетті. Біз ол кісінің алдында жаңа түскен келіндей болуға, сыйлауға міндеттіміз.

– Еттің бәрі қазы, Мекедегінің бәрі қажы бола алмайтындай, шалдың бәрі Әбең емес қой, – деп менің сөзіме Хизмет те қосылды.

Бұл – көйлекті әзер көтеріп жүрген кездегі жәйттер еді. Бәрі де артта қалды. Арманы алдыда, өкініші артта қалып отыратын бұл өмірде не болмайды. Кезінде тым керлеу ме деп айыл тартқан ағайымыздың қазір, керлігіне зармыз. Мына керліктің де түрі көп. Ғабеңнің керлігінде бір ғажайып керемет мықтылық жататын. Біз оны енді ойласақ, өзін ханындай сыйлайтын халқына арқаланып, сеніп, мен кімнің кімімін деп те істейтін көрінеді ғой…

Мүбәрак ЖАМАНБАЛИНОВ,
Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері

Отызыншы жылдардың ойраны

Биылғы жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Нәубет», «Шындық тағылымы» атты тарихи ақиқатқа негізделген мақалаларды оқып шыққанымда, бірде ауданымыздың қарт коммунисі Уақит Өтебаевпен әңгімелескенім есіме түсті.

Жоғарыда аталған мақалаларда отызыншы жылдардың бас кезінде бүкіл Қазақстанның жергілікті халқының жаппай ашаршылық апатына ұшырауының себептері ашылып көрсетіліпті. Ал, бұл жөнінде әдебиетіміздің іргетасын қалаушылардың бірі – Ғабит Мүсірепов бастаған бес адамның өлкелік партия комитеті атына жазған әйгілі хаты оқырмандарды сүйсіндіруге де, таңдандыруға да тиісті.

Сүйсіндіретін себебі – ол кезде өлкелік партия комитетінің саяси бағытын сынау былай тұрсын, оның дұрыстығына сәл-пәл күмән келтірудің өзі қара басты қатерге тігу деген сөз еді. Ол үшін адамның жүрегінің түгі болуы керек. Таңдандыратын себебі «Кіші Октябрь» саясатының халықты қайда апара жатқанын, қандай апатқа киліктіргенін сол кезде әлі бұғанасы қатпаған жас Ғабит республика басшыларынан бұрынырақ көруі қалай? Соншалықты батылдыққа қалай бара алды? Ертіс қаласының тұрғыны, партия және еңбек ардагері Уақит Өтебаевтың әңгімелерінен, міне, осының себебін айқын түсінуге болады.

Уақит Өтебаевтың жасы тоқсанға қарайды. Оның КПСС мүшелігіне өткеніне биыл 63 жыл толды. Ол елімізде Совет өкіметін орнатудың алғашқы жылдарында талай жауапты қызметтерді атқарған адам.

Ғабит – уәкіл

1930 жылдың бас кезінде Ертіс өзенінің Павлодар тұсындағы сағасының оң жақ өңірінде бұрынғы үш-төрт болыстықтың негізінде «Тереңкөл» деп аталатын үлкен аудан құрылады. Осы ауданның Сібір өлкесімен шектес «Едіге» ауылында колхоздарды пішен дайындайтын техникамен жабдықтауға арналған Тереңкөл МСС-і (машина-сенокосная станция) орнайды.

Жиырма колхозға қызмет көрсетуге тиісті осы МСС-тің саяси бөлімінің бастығы болып Уақит Өтебаев тағайындалады. Сол жылдың күзіне қарай Тереңкөл ауданына ВКП(б) Қазақстан өлкелік партия комитетінің уәкілі болып

келген Ғабит Мүсірепов сегіз айдай уақытын осы МСС-та өткізіпті.

– Әуелі Мүсірепов аудандық партия комитетіне келіп бюро мәжілісіне қатысты, – дейді Өтебаев сол кезді есіне алып, – мәжілісте ол өлкелік партия комитеті алға қойып отырған міндеттерді айтып берді. Бюро мәжілісінен кейін аупартком секретары мені кабинетінде қалдырып, Мүсіреповтің МСС-та бірнеше ай болатынын ескертті. Біздің МСС қамтуындағы ауылдардың көпшілігі Сібірмен шектес еді де, Сібір өлкесіне алдымен сол ауылдардың тұрғындары көшіп кетіп жатқан болатын. Біздің міндет ауылда қалғандарды коллективтендіру, көшіп кеткендерді қайтарып әкелу болатын.

МСС жанындағы «Заря» колхозында егін сол жылы (1931 ж.) жақсы шықты. Өмір бойы егін салып үйренген орыс мұжықтарына ата кәсібі колхоздастыру кезінде де пайдасын тигізді. Олардың малын сыпырып алғанның өзінде, ашаршылық апатынан құтылып кете алды. Жоғары орыннан келген уәкілді біздің МСС-ке жібергенде, кейбір колхоздардың табысқа жете бастағанын көрсін, өлкелік комитетке хабарласын, мүмкін, елді жайлаған ашаршылық індетінің шарпуынан аман қалсын деген болуы керек.

Мүсірепов біздің үйде 8 ай жатты. Оқу-білімім шамалылау маған ол әрі ақылшы, әрі саяси басшы болды.

Өлкелік партия комитеті тапсырған ең маңызды міндеттердің бірі конфискеден қашқан байлар мен олардың үгіттерімен бірге кеткен кедейлерді Сібірден қайтарып әкелу сапарына біз Мүсірепов келісімен аттандық.

Төрт арбаның әрбіріне қос аттан жегілді. Менімен бірге сапарға екі колхоз председателі, бір селолық Совет председателі шықты. Үшеуінде үш қос ауыз пытыра мылтық, бастығы – мен, менде – наган. Төртеуімізде де делбеші – барлығы сегізбіз.

Документтеріміз толық. Аудан басшыларының Сібір өлкесінің Қазақстанмен шектес аудандары басшыларына біз-ге көмектесуді өтінген хаты да бар. Қазіргі Новосибирск облысының территориясындағы Чаны көлін көлемін қарап қазақтар теңіз деп кеткен. Оның атын да қазақшаға икемдеп Шана дейді. Осы Шана теңізінің аралындағы қағаз жасайтын фабрикада ылғи қазақтар жұмыс істейді, шамасы төрт-бес жүз семьядан бар деп ескерткенді аупартком секретары В.Александров.

Біз тура осы теңізге бет алдық. Сібірге қарай жаяулап шұбырған қазақ семьялары біз ауылдан шығысымен кездесіп жатты. Кейбірінің жетегінде балалары, иығында қапшық

немесе мойнына мінгізген нәрестелері бар. Аштық жайлаған ауылдарынан бір үзім нан үшін безіп бара жатқан бейбақтар. Оларды күштеп қайтарудың өзі ақылға сыймайтынын түсіндік.

Бізге бірінші кездескен қазақтар тобы Юдин ауданынан Юдин совхозына таяп бергенде иен далада пішен шауып жатқан бригадада болды. Отыз-қырықтай семья екен. Бәрі де жан-жағын, төбесін пішенмен жапқан костарға жайғасқан. Совхоздың мал азығын дайындайтын негізгі бригада осы екен. Пішеншілердің аяғында тері шарық, үстінде ескі-құсқы киім. Жұмысшылардың дені, әйелдеріне дейін сайдың шалғынын кол қырғымен шауып жүргенін байқадық. Кейбіреулерін танимыз. Ішінде Сәдуақасов деген бай да жүр. Ол пішеншілердің бригадирі екен.

Олардың айтуына қарағанда, Қазақстаннан біз сияқты өкілдер бұдан бұрын бірнеше рет мазалапты. Сондықтан қару-жарақтарын жарқылдатып үркіте келген жерлестерінен қатты қорқады. Бірақ оларды алға салып айдай жөнелуіне жергілікті әкімшілік жол бермейді. Арашалап алады.

Бұл жолы да солай болды. Біздің келгенімізді естіп қалып, дереу жеткен совхоз директоры бізбен әңгімелесіп жатқан жұмысшыларын таратып жіберді де бізге: «Қызу науқанды тоқтатып, мемлекетке қастандық жасап тұрсыңдар, – деп пәле салды. – Айтатындарың өтірік, жабатындарың жала, істерің қорқыту» деп акт жасатып жауапқа тартқызбақшы болды.

Қай совхозға барсақ та осылай болатынын сездік те аудан орталығына тарттық. Бірақ онда да бізге ешкім жанашырлық көрсете қоярлықтай сыңай танытқан жоқ.

Аудан басшылары қасымызға бір милиционер ертіп берді де, оған біздің қолдағы тізімде бар байларды ұстап беруге көмектесу ғана жүктелді. Ал жұмысқа орналасып қалғандарды қозғауға болмайды деп қатаң ескертті.

– Бізге байлардың, партия саясатын түсінбеушілердің үгіттері мен коллективтендіруден қашып жүргендерді де қайтарып әкелу тапсырылған! – дегенімізде секретарь өңін суытыңқырап жауап берді:

– Адам мал емес, ал колхоз қора емес, малша айдап апарып қамайтын. Колхозға әркім өз еркімен кіретіндей жағдай туғызуымыз керек.

Сібір қаласында еріктілік принципі қатаң сақталған екен. Біздегі асыра сілтеудің дөрекілігін содан айқын түсіндік. Қай селоға барсақ та, біздің келгенімізді естісе-ақ, жерлестеріміз үрейленіп жасырына бастайды.

Бір топ жерлестерімізді біз қалың орман арасынан іздеп таптық. Олардың елдің шолақ белсенділеріне өшіккені соншалық, шу дегенде бізді көрісімен-ақ қаумалап ортаға алып, қол жұмсауға дейін барды. Өлтіре салғысы да келді. Тек біз өте кішіпейілділік көрсетуіміздің және кейбір таныс адамдарымыздың жәрдемдесуімен ғана аман қалдық.

Шана теңізінің аралындағы қазақтармен кездесуіміз де оңайға түскен жоқ. Жергілікті селолық Совет пен аралға бекітілген милиционер бізді қару-жарағымен жұртшылықты үрейлендірді, фабриканың жұмысын тоқтатты деген сылтаумен бір тәуліктей қаматтырып та қойды.

Біздің бұл сапардан бос оралуымыз аудан басшыларын біраз ренжітті. Бірақ бізді жазаламады. Бұған тегінде Сібірге аттандырғандардың көбісі бос оралғанын, ал бірлі-жарым күшпен еріксіз қайтарылғандардың тұрақтамай қайта кеткенін, қалып қойғандарының аштық апатына ұшырай бастағанын көзімен көргендіктен болуы керек.

Ал, Ғабит біздің осы сапарда көрген-білгенімізді, естігенімізді айтып келгенімізде ешқандай сыр бірдірмей үнсіз қалды. Оның біздің бос келгенімізге ренжімегенін, қайта іштей құптағанын мен кейін сездім. Халықтың хал-жағдайы төмендеген сайын ол ауыр ойға шомып, окта-текте менімен оңаша сырласқанда: «Тым асыра сілтеп барады-ау! Халқымыздан айырылып қалмасақ қалай! Өлкелік комитет қатесін тезірек түсінсе жарар еді» – деп армандайтын.

– Өлкелік комитетке жергілікті халық жағдайын хабарлаушы өздерің сияқты уәкілдер емес пе? – дегенімде, бас изейтін де ауыр күрсінетін.

Шұғыл бұйрық

Біздің МСС ауданның қарамағында болғанымен кейбір шұғыл, маңызды нұсқаулар Ғабит пен менің атыма Орталық партия Комитетінен тікелей келіп жататын. Олардың кейбірінің аудандық партия комитетіне тіпті қатысы да жоқ сияқты. Нұсқаулардың орындалуы жөнінде жауап беруді де өлкелік комитеті бізден талап ететін. Сондай шұғыл директивалардың бірі 1931 жылдың бас кезінде ақпан мен қаңтар айларының бірінде телеграммамен келіп жетті. Онда бізден МСС территориясындағы ауылдардан бір тәулік ішінде сексен бас ірі қара жинастырып, мемлекетке тапсыруды ұйымдастыру талап етілген.

Өлкелік партия комитетінің бірінші секретары Ф.И.Голощекин мен Ораз Исаевтың атынан келген шұғыл бұйрықты орындау оңайға түскен жоқ. МСС қамтуындағы

селолық Совет председательдері, активистер жиналысы шақырылды. Сексен қара салығы әр ауылға бөлінді. Бір тәулік ішінде жинастырылу талап етілді.

Ғабеңнің жас кезіндегі бір қасиеті өзінің міндетті ісін тиянақтап орындағанша дамыл көрмейтін. Сол әдетімен жиналыс өткен соң екі-үш сағаттан кейін маған ат жеткізді де, екеуіміз Сібір өлкесімен шектес бір ауылға аттандық. Алай-түлей боранға да қарамадық.

– Ауылдарда малы бар үйлер некен-саяқ қалды, – деді Ғабең, осы жолғы салықты халықты біржола тақырлап барып орындаймыз.

Айтулы ауылға жеттік. Бірақ, қалай дейсіз ғой? Кешке қарай боран үдеді де жолдан адастық. Жаяулап жол іздеп шығып, шанамыздан адастық. Шанада қалған делбешіміздің үні өшті. Ғабең екеуіміз қол ұстасып оппалап жүріп, әбден қалжыраған шақта терең карды ұңғып тыныс алдық. Қалғып оянсақ, үстіміздеп үрлесін жүріп кеткен екен. Боран біраз толастапты. Тағы да оппалап келеміз. Бір мезетте табанымыз төмпешікке ілінгенде, жер үйлердің орны болар деп қуандық. Ауылдың маңайында жүргенімізді сездік.

Қуанышымыз сол төмпешіктен түсе бергенімізде жоғалды. қас-қағымда екеуіміз де ұмар-жұмар домалап бір үңгірдің түбінде жаттық. әйтеуір, мертікпедік.

– Бұл ескі құдықтардың бірі болар ма? – деді Ғабең есімізді жиған соң, жан-жағын қармалап жатып, – Олар болса, бізді іздеп табу да қиын-ау, ә?

Маған үңгірдің бір түкпірінен жылтыраған шырақ көрінді де денем шымыр ете қалды.

– Қасқырдың апаны екен бұл! – дедім сыбырлап. – Әне көзі жылтырайды.

Шырақ көрінген жақтан адам үні естілгенде ғана жеңілдеп жүре бердік. Бақсақ, біздің әлгінде аяғымыз ілінген төмпе үйдің төбесі екен де қар үйді тұтастырып төбесінен жүріп кеткен екен. Ал құлаған үңгіріміз үйдің алдында жасалған ойық екен. Біз колхоз председателі орынбасарының үйіне тап келіппіз. Менің қонышыма қар толған етігімді үсінген аяғымнан пышақпен тіліп зорға шешіп алды. Өзім төсек тартып жатып қалдым. Ғабит міндетті ісін жалғастыра берді. Сол күні мен Орталық Комитеттің шұғыл тапсырмасы өте қиыншылықпен болса да орындалғанын есіттім.

Бұл біздің МСС қамтуындағы ауылдардың қалған-құтқан малын тартып алғандай қылып жинап кету науқанының соңғы көріністерінің бірі еді. Бұл бұйрық та орындалды. Бірақ оның зардабы елді біржола тұралатты.

Ғабең бұдан кейін елге індет болып тиген ашаршылықтың шет жағасын көзімен көрді. 1931 жылдың жазы еді. Бірде МСС жанындағы милиционер бір жас келіншектің 8-10 жасар қызының бірі ғайып боп кеткенін хабарлады... Ол мал-мүлкі конфискеленіп жауапқа тартылған кісінің әйелі болатын.

– Күйеуімді алдыңдар, малымызды түгел сыпырып әкеттіңдер! Енді біз не жеуіміз керек? – деп қарсыласты сұрланып. Есі ауысыңқырап кеткен сияқты.

Бұдан кейін бір күні кеңсемізге ақ сақалы кеудесіне түскен қарт адам кіріп келіп:

– Мүсірепов деген бала қайсың боласыңдар? – деп сұрады, соңында екі әйел бар.

Кеңседе Ғабит, мен және бір колхоз председателі отырған.

– Әйтеуір, бірің Мүсірепов шығарсыңдар, – деп қарт адам сөзін жалғастыра берді, біздің жауабымызды күтпей. – Біз қырдағы Қызылағаш болысынанбыз. Әйтеуір, бастың ауған жағына далбасалап бара жатырмыз. Мен өлетін адаммын. Бетіме ісік кірді. Кемпірім де солай. Өлгендерден артық емеспіз. Бойжетіп келе жатқан қызымыз – жалғызымыз еді, – деп қасындағы екі әйелдің бірін нұсқады, – осының өмірін сақтап қалуға жәрдемдессеңдер.

Ғабең бейбақтардың жүзіне көз тастап өтті де, маған қарады.

– Қалай жәрдемдесе аламыз?

Мен председательге қарадым.

Ақыры үшеуіміз ақылдасып: ауылдан азық жинастырып бердік те, үш өмірді аштық апатынан құтқарып қалдық.

Ғабиттің уәдесі

Еліміздің тарихындағы шым-шытырық аса бір ауыр жылдарында қиыншылық тауқыметін бірге тартысқан Ғабеңмен сегіз ай дәмдес, қызметтес болып, 1932 жылдың маусым айында қоштастық. Осы аз уақыттың ішінде Ғабең көпті көрді, ел тағдырын терең сезінді.

Ғабеңмен қоштасуға ауыл-ауылдың беделді ер-азаматтарымен бірге ақсақалдары да жиналды.

– Аман болсам, халықтың хал-жағдайын Үкімет басшыларына жеткіземін! – деп жұбатты оларды Ғабең. – Кешікпей, бәрі де жөнделуге тиісті.

Елді жайлаған ашаршылық індеті Ғабең кеткеннен кейін 1932 жылы одан сайын үдеді. Бірақ тереңкөлдіктер Ғабеңе ренжіген жоқ. Кейбір ауылдардың қаңыраған үйлері

ғана қалды. Әйтсе де халық Ғабеңнің ерлігіне, өжеттігіне сүйсінді, аянышын білдірді. Өйткені, Ғабеңнің өлкелік партия комитетіне ел ішіндегі күйзелушілік жайы туралы жазған хатта бесеудің бірі болып қол қойғандығын, сол үшін бюро мәжілісінде оған ауыр кінә тағылғандығын да есіткен болатынбыз.

Меніңше, Ғабит Мүсірепов сияқты есімі елімізге әйгілі алып тұлғаның ел басына күн туған аласапыран жылдары халықтың бел ортасында жүріп жасаған іс-әрекетін бүгінгі жұртшылыкка кеңінен көрсету қажет сияқты. Оған сол кезде өлкелік партия комитеті атынан тікелей берілген нұсқау-бұйрықтар, олардың орындалуы жөнінде Ғабеңнің қайтарған жауаптары архивтерде әлі күнге сақталуға тиісті. Соларды іздестіріп тауып алып, бұлтартпайтын шындық негізінде тамаша деректі шығарма тудыруға бүгінгі жариялылық пен демократия кезеңінде әбден болатын шаруа ма деймін. Ондай туынды Ғабеңнің отызыншы жылдардағы азаматтық, адамгершілік, партиялық, патриоттық қасиеттерін толықтыра түседі.

Бұның өзі бүгінгі жұртшылығымыздың отызыншы жылдардағы тарихи шындықты – асыра сілтеудің Қазақстанға тигізген сұмдық зардабын айқынырақ сезінуіне, тереңірек түсінуіне де себін тигізер еді-ау.

Зәкір АСАБАЕВ, жазушы

Жадымдағы жаңғырық

Рая Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында істейді. Қазақстанға еңбек сінірген әртіс. Кезінде халқымыздың заңғар жазушысы Ғабит Мүсіреповпен бас қосып, жары болған. Сол хақында әңгімелесейік дегенде, біраз уақыт қашқақтап жүрді де ақыры келісімін берді.

Рая терезеге қарап, томсырайып отыр.

– Әке-шешеңізді білуші ем, көргенмін, – дегенде барып бетіне сәл қан жүгіріп, қабағы ашылғандай болды.

– Олар жоқ қазір, қайтыс болған, – деп күбір етті.

– Имандары саламат болсын. Өнерге қатысы бар ма еді?

– Екеуінің де өнерге ешқандай қатысы жоқ. Әкем Мәжиттің туған жері – Ғани Мұратбаев, Роза апай (Бағланова), Мәдина Ералиевалар шыққан Қазалы қаласы. Тегі – төре тұқымы. Шешем Меңсұлу татар қызы. Үй шаруасынан аспаған. Әкемнің мамандығы байланысшы еді. Әр түрлі жауапты қызметтер атқарып, қаладан қалаға көшіп жүріппіз. Кейін Сарыағаш ауданына ауысты. Орта мектептің соңғы сыныбын Сарыағашта бітірдім. Әкемнің ыңғайымен Ташкенттің байланыс институтына барып, түсе алмадым да, бір жылы аупарткомда секретарь-машинистка боп жұмыс істедім.

– Әкеңіз аудандық байланыс бөлімін басқарды ғой?

– Иә, жаңа оны білемін дедіңіз ғой.

– Пысықтап жатқаным ғой. Сіз «Әнші ауыл» фильмінде түсіп, атағыңыз дүрілдеп шыққанда олар Сарыағаштан көшіп кеткен. Сонда қайда барды? Алматыға ма?

– Жоқ, Қоғалыға. Онда да байланыс бөлімін басқарды. Алматыға зейнетке шыққан соң келді.

– Орта мектепті бітіріп, жұмыс істедіңіз. Әрі қарай ше?

– Әрі қарай дейсіз бе? – деп сыңғырлай күлді Рая. – Аупарткомда істеп жүргенімде бір жігіт үйленейік деп соңымнан қалмай қойды. Анам соны білісімен Алматыда тұратын белгілі жазушы Жәрдем Тілековтің зайыбы Таира Тілекова деген немере туысының үйіне аттандырды. Сонысы дұрыс болды, әйтпесе...

– Тұрмысқа шығар ма едіңіз?

– Бәрі мүмкін ғой.

– Содан институтқа түстіңіз бе?

– 1958 жылы Шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетіне түстім.

– Киноға қалай бардыңыз?

– Екінші курсты бастағанымызға бір ай өтті ме, өтпеді

ме, бірде үшінші қабаттағы аудитория алдында ойда жоқта жолыға кеткен менен бір курс жоғары оқитын Валя дейтін қыз: «Рая, төмен түсші, «Қазақфильмненбіз» деп екі адам тұр. Фильмге түсетін қыз іздеп жүрміз дейді. Бәлкім, сенен бірдеңе шығып қалар» десін.

Аңырап сәл тұрдым да, төменге түстім. Валя айтқан адамдар ұшыраса кетті. Бірі – режиссердің ассистенті Цой Гук Ен, екіншісі жадымда жоқ. «Солай да солай, басты рөлге лайықты қыз керек, қарсы болмасаңыз, ертең фотосуретіңізді алып киностудияға келіңіз» деп адрес, телефон номерлерін қалдырды. Айтылған уақытта бардым. Кешегі екі жігіт болашақ фильмнің режиссеріне таныстырды. Ол Евгений Диордиев деген ұзын бойлы, қасы қалың, кісіге ежірейіп қарайтын біреу екен. Бірақ өңі жылы. Әңгімелестік. «Киноға түсуді ұнатасың ба?» деді ол. «Ұнатамын» дедім. «Актриса болғың келе ме?». «Болғым келеді» деп тақ еттім. «Онда мынаны оқып таныс» деп бір бума қағаз берді. «Бұл не?» «Сценарий». Сценарий дегенді білмесем де, шамалаймын.

Сценарийдің тақырыбы «Он үшінші қыз», «Әнші ауыл» деп кейін аталды. Мазмұны ұнады. Маған ұсынылған рөл де көңіліме жаққан. Күйіп-жанып киялға берілемін. Қабылдай ма, жоқ па деп аласұрайын. «Түсетін болдың» дегенде қуанышым қойнымa сыймады. Сөйте тұрып, үрейленіп те қоямын. Менде арнайы оқу, білім жоқ. Әйтеуір, мектепте оқығанда көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысушы едім.

Түсіру басталды. Сүріпіп-қабынып жүріп, бәрін үйреніп, игеруге, қатарға қосылуға ұмтылдым. Фильмге бірге түсетіндер Ермек Серкебаев, Рахия Қойшыбаева, Асанәлі Әшімов сияқты тарландар. Фильм Алматыға жақын Алексевка, Николаевка селоларында түсірілді. Енді көркемдік кеңесте талқылап, бағасын берді, экранға шығар-шықпасы сонан кейін мәлім болады деді.

Біршама уақыт өтті. Бір күні фильм көркемдік кеңестен өтпей, жауып тастапты деген суық хабар дүңк етті. Басқаларды қайдам, мен сұрапыл жан азабын шегейін. Ұзамай бастықтардың бірі: «Үйіңе қайта бер. Керек болсаң телеграмма жіберіп, шақырып аламыз» деді. Сарыағашқа қайттым.

Апта бітті, ай өтті. Күдер үзе бастадым. Сөйтіп, жүргенде киностудиядан сарт етіп телеграмма келе қалды. «Тез жет» депті. Жеттім. Фильм қайта түсіріледі дейді. Алғашқы режиссер Диордиевтің орнына Шәкен Айманов тағайындалыпты. Мен сол баяғы рөлді қайтадан ойнауым керек екен. Жұмыс қарқынды басталып, бұл жолы фильм

бұрынғыдан да жылдам бітті. Әлгі бір худсовет дейтін пәлесінен де кідіріссіз өтті. Одақтық экранға қабылданды.

– Біреулер алғашқы фильмнен соң келесі фильмге түсуден не өздері бас тартады, не жанбай жатып сөнеді. Сіз ше?

– Менде ондай болған жоқ. Шәкен Аймановтан бастап Шәріп Бейсенбаев, Абдолла Қарсақбаев, Анатолий Карпов, т.б. режиссерлер кезек-кезек шақырып, «Қорытпа» (сценарийін жазған І.Есенберлин), «Әзіл-шыны аралас», Бердібек Соқпақбаевтың туындысы бойынша қойылған «Менің атым – Қожа», Ш. Айманов пен Қуат Әбусейітов түсірген «Найзатас» секілді фильмдерге түсіп жүрдім. Ол өмірімнің аса қызық та шат-шадыман, шуақты шақтары еді.

Институтты кейін бітіріп, диплом алдым.

– Әлгіде атаған фильмдерден кейін көп уақыт көрінбей кеттіңіз ғой.

– Себебі бар. Ғабеңмен тұрмыс құрып, бала-шағалы болдық...

– Ғабеңмен қалай танысып, табыстыңыз? Араларыңыздағы жас айырмашылығы 37 жыл. Бұл не, кіршіксіз адал махаббат па, әлде бақай есепке құрылған кездейсоқтық па? Ата-ана, тума-туыс, былайғы қауым, өсек өртіне май құюға әуес тоғышар орта қалай қарап, қабылдады оны? Ғабеңнің қыздары қандай күйде болды? Ғабеңнің бұрынғы әйелінің көзі тірі ме еді ол кезде?

Бұл сұрақтарға жауап берместен бұрын Рая Мәжитқызы орнынан тұрып, бөлме ішін аралап біраз жүрді. Күрсініп қояды. Еріндерін жымқырып алған. Асханадан екі шыны шай әкелді. қарама-қарсы отырды.

– Болды, бәрі болды. Бәрі өтті, – деді даусы жарықшақтана шығып. – Бүгінде барлығы көрген түстей, – деп сөзін жалғастырды шайдан бір ұрттап қойып. – Бәрі сағым іспетті. Мен осы ғұмырымда тек екі нәрсеге – өнерге келгеніме және Ғабеңнің жары болғаным үшін ризамын. Өнерге қалай келгенімді шамалап айттым. Енді Ғабеңмен тұрмыс құрғанымды баяндаудан бұрын қосымша айтпағым – бірінші фильм шыққан соң мені «Қазақфильм» штатқа жұмысқа алған-ды. Сөйтіп, киноактриса болдым. Кинематографистер одағына мүшелікке өттім. Дубляжға қатысып жүрдім. Орысша сөйлеп,орысша ойлайтын адам үшін ол жеңіл тиген жоқ. Жатпай-тұрмай тіл үйрендім, жаттықтым, машықтандым. Абдолла Қарсақбаевтың «өз рөліңді өзің аудар» дейтінінің де көп пайдасы тиді.

Ол кезде киностудияда лайықты зал жоқтықтан, кинематографистердің түрлі жиыны Жазушылар одағының

конференц-залында өтетін. Сондай бас-қосулардың бірінде катты шөлдеп, су ішуге сыртқа шықтым. Ол құрғыр табыла коймады. Шамасы, бұл 1962 жылдың март айы болуы керек. Одактың екінші қабатында дағдарып тұрғанымда, сонадай жерде әңгімелесіп тұрған екі адамның бірі жаныма таяды да: «Неғып жүрсіз?» деді күлімсіреп. «Шөлдеп кеттім» дедім. «Онда бері келіңіз» деп бір бөлмеге ертіп кірді де, графиннен су құйып берді. Бұл менің Ғабеңді тұңғыш көруім еді. Жыға танымасам да шырамыттым.

Кинематографистердің жиынында Зейнеп Розымұхамедова апаймен қатар отырғанмын. Көңіліміз жақын, сыйлас едік. Ол драматург Мұхамедқали Хасеновтің зайыбы болатын. Жиналыс бітіп, тысқа шықтық. Қарсы алдымыздан мана маған су берген адам жолыға кетсін. Жанында генерал формалы біреу бар. Зейнеп апай Ғабеңмен таныс екен, шұрқырап көрісті екеуі.

Ол шақта менде пәтер жоқ. Бір үйден бір үйге көшіп жүремін. Көп өтпей Зейнеп апайдың үйіне шықтым. Бір күні Зейнеп апай аяқ астынан: «Қонақ шақырамыз» деп түнімен әзірлендік. Ертеңіне қонақтар келді. Марқасқасы – Ғабит Мүсірепов. Сәнді киінген, сыланып-таранған. Асығып-аптыға, қастарын керіп, бипаздап сөйлейді екен. Ашық-жарқын көңілді отырды бәрі де. Маған бәлендей мән бергенін аңғарған жоқпын. Кейін онымен қосылған соң ойлаймын: «Сонда Ғабең отырысты Зейнепке әдейі жасатып, мені сынағысы келді ме екен» деп. Зейнеп апай ештеңе деген емес.

Ақыл-ой антологиясы

Еркектің ашуы түске дейін, әйелдің ашуы кешке дейін.

* * *

Еркектің ашуы аспен тарайды, әйелдің ашуы төсекте тарайды.

* * *

Әйел ашуланса жеңіледі, еркелесе жеңеді.

Ғабит Мүсірепов

Мен Зейнеп апайдың үйінен тағы да басқа пәтерге кеттім. Киноға түсіп жүргенмін. Бірде киностудия директоры: «Рая, кеше сен түскен фильмді қалалық аткару комитетінің председателі Есен Дүйсенов арнайы келіп көрді. Өте ұнапты. Соны пайдаланып, саған пәтер сұрадым. Уәде берді. Документтеріңді әзірлей бер» деді. Қуанғаннан секіріп-секіріп алдым.

Екінші жолы директор тағы да: «Сүйінші, Рая! Таяуда Қазақстанның кинематографистерінің съезі болады. Сен делегат болып сайландың» дегенде одан сайын марқайдым. Съезд әдеттегіше Жазушылар одағының залында өтті. Әлдебір себеппен сәл кешігіңкіреп барсам, бос орын көрінбейді. Екінші, әлде үшінші қатардағы киносуретші Ыдырыс Қарсақбаев ұшып тұрды да, мені шақырып орнына отырғызды, өзі басқа жерге кетті.

Президиумда кілең ығай мен сығай: өзіміздің Кинематографистер одағының басшылары, мәскеулік режиссер Рошаль Орталық Комитет хатшысы Н. Жанділдин, Ғабит Мүсірепов, тағы біреулер сіресіп отыр.

– Бұл қай жыл еді?

– 1962 жыл. Съезд бітерде біреу келіп: «Жиын біткен соң кетіп қалмаңыз. Сізбен Ғабит Махмұтұлы сөйлескісі келеді» деді. Аң-таңмын. Маған салса кеткім бар. Әбден шаршап қалжырадым.

Жұрт тұруға ынғайланғанда, Ғабең жаныма келіп: «Сізбен сөйлесетін сөз бар, уақытыңыз бола ма?» деді. Қалай бас тартамын, жарайды дедім. «Онда есік алдында ақ «Волга» тұр, соның жанында тосамын» деп кете барды. Сыртқа шықтым. Машина есігін өзі ашып: «Отырыңыз» деді. Қала сыртына бардық. Іргеде сылдырап су ағып жатыр. Қоңыр салқын жел еседі. Дәм таттық. Сөзім бар деген Ғабең үндемейді. Сыпайы, сырбаз отыр. Менде көңілі барын сезгендей болдым.

«Я хочу домой» дедім. «Бұдан былай телефон соғып тұрамын» деді ол. «Менде телефон жоқ». «Онда өзің хабарлас» деп визиткасын берді. Байзақов пен Ғабдуллин көшелерінің қиылысынан пәтер алғанмын, сонда шығарып салды.

Ғабеңе көпке дейін хабарласпадым. Телефон соғуды ар көріп, әрі бата алмадым, бір жағы ұялдым. Бір күні киностудиядан шыға берсем, қарсы алдымда машинасын көлденеңдетіп күтіп тұр. Сәлемдестік.

– Рая, сіздің, сірә, қарныңыз ашқан болар, – деді орысшалап. қала сыртына шығып, шағын отырыс жасайық.

Қарным ашқаны рас-тын. Бірақ ол үшін емес, жасы да, қызметі де үлкен адамның сөзін жерге тастай алмадым. Қаладан ұзап, жағасында ақ қайыңдар өскен әлдебір өзен жағасына бардық.

Қала сыртына онан кейін де шығып жүрдік. Ғабең өзен жағасын ұнатады екен. Мен де жақсы көремін. Анатолий шатыр тігіп, дастарқан жаяды. Ішіп-жеу, әңгіме-дүкен. Кей уақытта «Шамасы, Ғабеңнің көңілі жоқ-ау, болса осы кезге

дейін шетін шығармас па еді» деп те ойлап қоямын. Онысы ұнады, әрине. Бізде тәрбие басқа еді ғой. Отбасында да, мектепте де қия басу жоқты.

Күндер өтіп жатыр. Ғабең тосын кылық, оғаш мінез байқатпайды. Не наксүйер, не жар бол дейтін ниеті жоғына көзім әбден жеткендей. Алайда, бұл алдамшы әсер екен.

– Үйіне кірейін, – деді Ғабең бір жолы шығарып сала келгенде.

– Жоқ, – деп ыршып түстім.

Оның бір себебі, үйімде бір үстел, екі орындық, жинамалы темір кереуеттен бөлек дәнеңе жоқ. Қос бөлме қаңырап бос тұр. Бірінші, содан ұялдым. Екінші, әйелі, бала-шағасы бар кексе адамның басы бос жас қыздың үйіне кіруі қай қағидаға сыяды? Сондықтан сол күннен бастап сейілге барудан үзілді-кесілді бас тарттым. Шофері күнде келіп есік қағады. «Не?» деймін. «Төменде Ғабит Махмұтұлы күтіп отыр». «Уақытым жоқ» деп есікті тарс жабамын. Ертеңіне де, одан соң да келеді. Бірнеше рет: «Үйінде жоқ деңіз» деп кері қайырдым.

Келесі жолы Анатолий: «құдай үшін өтірік айта алмаймын. Шықпасаңыз, барып өз аузыңызбен айтыңызшы» деп жалынғандай болды. Өзімнің де бір ойым Ғабеңе: «Таныстық, білістік, сол жетер, енді мазалауды доғарыңыз» демекпін. Соны айтайын деп Анатолийге ілесіп тысқа шықтым. Ғабең машинаның артқы кабинасында бүкшиіңкіреп отыр екен. Өң-түс жоқ, жүзі солғын, көздерінің айналасы қарауытып кеткен. Жадап-жүдеп, мүжіліп қалған. Қашанда әсем, сәнқой көрінетін сабаз ең болмаса шашын да дұрыстап тарамапты. Мүсәпір халде мөлиіп отыр. Жанарымыз түйісіп, бір-бірімізге үнсіз қарастық. қарастық та ұғыстық, түсініскендей болдық. Жүрегім дүрс-дүрс соға жөнелді. Буындарым босап, қос тізем дір-дір етеді. Көздеріне ұялаған мұң, айықпас нала, қасірет табы жүрегімді қанжардай тіліп, өртеп барады.

– Здравствуйте, Габит Махмудович, – дедім.

– Здравствуй, – деді ол да басын көтермей, үні әрең шықты.

Бойыма күтпеген жерден батылдық пайда болды да: «Подвинтесь» деп жанына отырдым.

Жүріп кеттік. Бағыт кәдуілгі өзен жағасы. Ғабең мен бармын ба, жоқпын ба, ісі жоқ адамша үнсіз мүлгіп отыр. Жеткенше ләм-мим дескен жоқпыз. Ішімнен: «Аз күнде қалай жүнжіген, неткен азап бұл? Бәрі мен үшін бе? Рас па, өтірік пе? Осы күнге дейін неге білмей келдім екен?» деп пұшайманмын. Оны ұнатады екенмін. Солай екенін бүгін, осы әлгінде білдім.

Күні бойы демалып, мұңымызды, сырымызды айтып кешке қалаға қайттық. Ғабең есік алдында:

– Үйге кірейін, – деді жұмсақ сөйлеп.

– Болмайды, – дедім бұрынғыша.

Бірақ кіргенін жек көріп тұрған жоқпын. Өйтуге ұят. Бөлмелер бос, жабдықтан жұрдай. Қалай көрсетемін?

Ғабең менімен көбіне орысша сөйлесетін. Сол әдетімен:

– Тебе придется меня пускать в дом, – деді әзіл-шынын араластыра. Таңертеңгіліктей емес, өңі кіріп, түр-түсі біраз түзелген, ажарлана түскен. Көздері күлімдеп тұр.

– Кіріңіз, – дедім амалсыз.

– Бөлмелер кең, жақсы. Сырттағы ауа да таза, жел соғады екен, – деді Ғабең бөлмелерді аралап шығып. – Ертең Анатолий екеуің дүкенге барып, қандай мебель керек, түгел алыңдар. Қаржы менен, қысылмай-ақ қой, – деп маңдайымнан сүйді. Бірінші сүюі.

Ақыл-ой антологиясы

Шығармалары ағылшын тілінде сөйлеген Гоголь, Достоевский, Толстой, Стендаль және Бальзак Ұлыбританияның XIX ғасырдағы ұлы романистері еді.

Штефан Визинци

Абырой болғанда, қажет мебель тез табыла кетті де, кіргізіп алдық. Сонан соң Ғабеңмен көңіліміз жарасып, құпия қосылдық. Келіп-кетіп жүрді. 1964 жылдың көктемінде әйелі дүние салды. Менің аяғым ауыр-тын. Алдағыны ойласам, үрейім ұшады. «Некесіз бала туды» дегеннен өлердей қорқамын. «Үйленейік» дегеніме Ғабең көнбейді.

– Әйелімнің жылы өтпей, хақым жоқ, – дейді сызданып.

– Сен түсінесің бе? Ел бетіне қалай қараймын мен? – деп шырылдаймын. Жылағандай боламын.

– «Сен» деп сөйлеуші ме едіңіз?

– «Сен» деп айт деген өзі болатын. «Сіз» дегенді жаратпаймын дейтін.

– Содан үйлендіңіздер ме, жоқ маркұмның жылын күттіңіздер ме?

– Ғабең мені түсінді. Шілде айында үйлендік. Той саяжайда өтті. Онша көп адам болған жоқ. қатысқандар: Ғ.Мұстафин, Ә.Әбішев, тарихшы-ғалым С.Бейсембаев, тағы біреулер. С.Мұқанов келген жоқ. Неге екенін қайдам, ол кісі біздің үйленгенімізді құп көрмей өтті жалғаннан.

Дастарқан тысқа жайылған-ды. Ғабең де, мен де көңілді емеспіз. Себебі, бас қосқанымызды шын ниетпен қостап,

қолдаушы аз, көпшілігі жаман көзбен ішіп-жеп қарайды (әсіресе маған).

Той енді қызғанда жаңбыр құйып берсін. Шілде туған айым еді. Нөсер жауынды көз жасыма жорыдым. Амалсыз ішке ауыстық. Ішіп-жеп, іштеріне ел қонып, ащы су ұрттаған қонақтар енді жадыраған рай байқатып, жылымшы сөздерін айтып, құттықтаған болды. Бірақ оған Ғабең де, мен де селт еткен жоқпыз. Той жасалды, міндет өтелді. Осы жолы анық білгенім – ол мен үшін құрбандыққа барып, ерлік жасады.

Жаз өткенше саяжайда тұрдық. Күзде Ғабеңнің үйіне шықтық. Менің пәтеріме Сарыағаштан көшіп келген ата-анам кірді.

– Ғабең балаларымен тұра ма екен?

– Жоқ, жалғыз өзі.

– Перзенті канша еді?

– Үш қызы бар-тын. Ғалия, Роза, Райхан деген. Үшеуі де көргенді, тәрбиелі, ақылды еді. Жазмыштан озмыш жоқ, Райхан мен Роза Ғабең тірі кезде көз жұмды, екеуі де жас кетті. Кей білгіштердің Ғабең қыздарының қазасына қайғырған жоқ, тиісті жөн-жоралғы жасамады дейтіндері сандырақ. Іштен шыққан қос гүліне неге қайғырмасын, қайғырды. Сырттай сыр білдірмей, сабыр сақтаса, сақтаған шығар, бірақ көл боп аққан көз жасы ішіне құйылғанына мен куәмін. Неше күн, неше түн ұйқы көрмей, ас батпаған шақтары жадымда.

– Ғабеңе шыққаныңызға қыздары қалай қарап еді?

– Жүректері жарылып, аспанға секірмесе де, бәрі ақылға салып түсініп қарады. Әкесіне де, маған да бөтен қылық көрсеткен жоқ. Қайта кезектесіп қонаққа шақырып, шай-суларын берді. Бірінші Райхан шақырды. Марқұм аса зиялы, білімді еді. Ғабеңнің Құсни апайдан кенжесі ғой. Роза мен Ғалияның үйлерінде талай рет болып жүрдік. Үшеуімен де жақын араластық. Қазір көзі тірісі – Ғалия. Сәбит Мұқановтың келіні. Ол анау жылы қайтыс болған Арыстанның әйелі ғой. Бүгінде жасы келіп, бала-шаға, немерелерінің жанында отыр. Анда-санда телефонмен хабарласып тұрамыз.

– Ғабеңмен тұрмыс құрғаныңызға әке-шешеңіз қарсы болмады ма?

– Ештеңе деген жоқ. Шешем «өзің білесің» деді. Әкем іштен тынды да қойды.

Ақыл-ой антологиясы

Актерлер ешқашан зейнет демалысына кетпейді.

Бірте-бірте олар ойнайтын рөл атаулы кішірейе береді, кішірейе береді.

Дэвид Нивен

– Ғабең мен Сәбеңнің арасында сізге байланысты әлдебір кикілжіңдер болды деген сөздер айтылушы еді. Одан не білесіз?

– Жоғарыда айттым ғой, Сәбең біздің некемізге ешқашан оң қараған жоқ. Ғабеңді жөнді-жөнсіз іліп-шала бергені ақиақат-тын. Үлкен ақынның дастарқанында екеуі сөзге барып, ушыға жаздағаны да жалған емес. Онда мен перзентханада едім. Ғабең жіпке тізгендей баяндап берген бәріне де. Іргеміз ажырағанша менен сыр бүккен емес жарықтық.

– Әлгінде саяжайдағы тойға шақырған шағын топтың сіздерге тоң-терістеу қарап, адалдық таныта алмағанын ауызға алдыңыз. Олар Ғабеңнің жақын санап, іштартып жүрген дос-жарандары. Солардың сіздерге кейін жылы қарағандары болды ма?

– Ғабеңмен атқұйрығын біржола үзіп, безіп кеткендерді білмеймін. Көбінің жылтыр, сырты бүтін, іші түтін сырдаңдар екеніне сан рет көзім жеткен. Бірақ Ғабиден Мұстафин мен Әлжаппар Әбішев жайлы айта алмаймын. Екеуі де инабатты болатын. Басқаларының біразына осы күнге дейін қарным ашты.

– Ғабең туралы базбір естеліктерде сізді алғашында кішіпейіл, шаруаға епті, қонақжай еді, кейін өзгерді... Ғабеңнің жолдас-жоралары келсе, үйден кетіп қалушы еді дегендей пікірлер ұшырасады.

– Не дейін, ауыз өздерінікі, айта берсін: Дамылсыз келімкетім, у-ду, таң атқанша карта соққанға қай әйел төзеді? Ол үшін темір болу керек шығар. Екі қызым жас, үйдің таусылып бітпейтін қым-қуыт шаруасы бар. Ғабеңнің бір басына қаншама бап, күтім керек. Солар оңай ма? Сондықтан, жасырмайын, жыным ұстаса, не Райхан, не Розаның үйіне кетіп қалатынмын. Көшеде жүрмеймін ғой. Қонаққа барудың да, қабылдаудың да реті болмай ма? Айтулы қонақты біз де шын пейілмен қабылдайтынбыз. Көлденең көк аттылардың жөні басқа. Нансаңыз, әбден титықтап, шаршаған шақтарда «ойпырмай, бір рет ұйқым қанатын күн болар ма екен?» деп армандайтынмын.

– Карта деп қалдыңыз. Ғабең карта ойнаушы ма еді?

– Пәлі! Естімеп пе едіңіз? Түбін түсірмейтін бе еді? Мені де үйретті ғой. Атақты карташылардың үйімізде болғаны кемде-кем. Бір жолы Ғабиден Мұстафинмен ойнап, 37 сомын ұтым алдым. Сонда оның: «қатынмен ойнап ұтылған соң, преферансты қою керек шығар» дегені есімде. Ғабеңнің қыздары да ойнайтын. Роза мен күйеуі және Ғабең төртеуіміз талай рет сызып жіберетінбіз.

– Ғабең сізге үйленгені үшін түрткі көрмеді ме?

– Қандай түрткі? Қоғамдық ұйымдарды айтасыз ба? Сондай ыбыр-жыбыры бірдеңе болды-ау деймін. Орталық Комитет ескерту жасады деп отыратын. Егер әйелі қайтыс боп, басы бос болмағанда, шыбындай ызыңдап, қарадай жауыққандар біраз сілкілер ме еді, кім білсін.

– Тұрмыс құрған соң жұмыстан қол үздіңіз, әрине. Киноға түсуді де қойдыңыз ба?

Осы сәтте орнынан қалт көтерілген Раяның өңі алабұртып, көздері жасаурады. Бұған дейін де әлсін-әлсін көз жасын сығып тастап отырған-ды. Әйел жаны нәзік, өткенді қозғау кімге оңай бола қойсын. Ас үйден тағы да екі шыны шай әкеліп, үстелге қойды да:

– Қайдағы жұмыс, – деді кең маңдайы сәл қыртысып. Дауысы тарғылданып шықты. – Пәле сол жұмыстан басталмады ма? Үйленгеннің ертеңіне-ақ Ғабең: «Жұмысты тастайсың», – деген. Үндемей қоя салғанмын. Шынында да ол кезде қайдағы жұмыс. Айналасы екі жылда Гауһар, Гүлнәр атты қыздарым дүниеге келді. Гүлнәрді босанғанда тұңғышым әлі емшектен де шықпаған-ды. Перзентханадан келген соң екеуін қатар емізіп жүрдім.

– Ғабең оларды жақсы көрді ме?

– Жақсы көрді, әрине. Бірақ Гауһар мен Гүлнәрдің бірі ұл болмағанына назаланатын. Өзім де өкінетінмін: «Бұрынғы әйелінен үш қыз, менен екеу, құдай неге біреуін ұл етіп бермеді екен?» деп. Алдына-ала айта кетейін, қыздарым жақсы боп өсті, екеуі де тұрмысқа шықты. Гауһар қыз туып, есімін Әсел қойды. Гүлнәр екі ұл туып, бірін атасының құрметіне Ғабит, бірін Мәди деп атады. Ғабең ұл немерелерін көрген жоқ. Олар туылғанда қайтыс болған-ды. Кіші Ғабиттің жұлдызы (туған жылы деп ұғыңыз) – шаян. Астрологтардың пайымдауынша, шаяндар әлдебір жақын адамның қазасынан соң өмірге келеді екен.

– Сол жылдары сізді балалар және жасөспірімдер театрының сахнасынан көретін едік қой.

– Ол сәл кейін шығар. Сізге өтірік, маған шын, адам үйде отырудан жалығып, өз-өзіне жақпайды екен. Мен де кинодағы кездерімді аңсап, тұра сап, сонда қарай жүре бергім кеп тұратын. Бірақ, енді ол жақтың ауылы алыс. Сәті келсе, театр да жаман болмас еді. Ғабеңе соны айтсам, ер-тоқымын бауырына алып тулайды, көнбейді. Сонда да бір күн жастар театрына бардым. Директоры Гүлжаһан Жанысбаева қуана қарсы алды. «Қабылдаймыз» деді. Ғабеңе айтып ем: «Иә, жалақысы қалай екен?» деді езуіне мысқыл ойнап. «150

сом». «Мен жарты сағатта 300 сом табамын. Не жетпейді? Қолыңды жылы суға малып, үйде отырмайсың ба?». «Жоқ, мәселе ақшада емес, жұмыс керек, жұртпен араласуым керек». Ғабеңнің түсі кілт бұзылып, өңі құп-ку боп кеткен. Теріс бұрылды да, кабинетіне кіріп кетті. Мен жұмысқа шықтым. Ажырасуымыздың басты себебі сол, меніңше.

– Бұл қай жылы?

– 1969 жыл. Менің кінәм жоқ. Ғабеңді о баста шын сүйіп, құлай берілгенімді сізге айттым. Қыздарым жас, бала-шағамды ойламайтын миғұламын ба? Оның үстіне әлі тұғырдан тайып тұрған Ғабең жоқ. Өзі ғой бәрін бүлдіріп, туталақай еткен. Менің басты кінәм Ғабеңді тыңдамай, театрда жұмыс істегенім болса, оны мойындаймын. Сахнада сан алуан рөлдер ойнап, жаным жай тапқанын да жасырмаймын. Көңілім өсті, өзімді адам секілді сезіндім. Соған қуанбай ма қайта ол? Өйтпек тұрмақ, ертелі-кеш жөн сөйлеуден қалып, нілдей бұзылмады ма? Отырсам опақ, тұрсам сопақ етті. Қыздарға да көп елжіремейді. Ешқайда бірге бармаймыз, бірге жүрмейміз. Бұрын бильярдқа ерітуші еді, оны да доғарды.

Бәрін былай қойғанда, үйге әлдебір әйел келіп жүретін болды. Айтпақшы сіз ол әйелді білесіз. Редакцияда істепті ғой, мамандығы машинистка. Аты-жөні Ғазиза Бисенова.

– Аздап білемін. Қартаңдау сияқты емес пе?

– Сол кезде алпысқа жақындаған. Бәлкім, Ғабеңе жас көрінген шығар.

Қызғанған екенсіз ғой.

– Әңгіме қызғану-қызғанбауда емес, баса-көктеп кіріп, нақ бір әкесінің үйіне келгендей, көстеңдеп жүруінде. Ондай нәрсе кімге ұнайды? Қарадай жер боп, тапталғандай боламын әрдайым. Не істерімді білмей, сенделіп қаламын.

Күнім күнемес. Жұмыстан соң үйге қарай басқым келмейді. Екі гүлім үшін ғана сүйретіліп әрең ораламын. Байқаймын, Ғабеңнің бері қарайтын түрі жоқ. Қайта бұрынғыдан бетер суық, ызғарлы. «Не жаздым? Қыр соңымнан қалмай жүріп қолына қондырған өзі емес пе еді? Енді шынымен керек емеспін бе? Неге?»

Ақыл-ой антологиясы

Ер адам ішіп алғанда немесе іші пысқанда сөзшең болып кетеді. Ал әйел жаттығу үшін тіл мен жағын да дамыл таптырмайды.

Макс Брандт

– Сөйтіп болар іс болды. Түйін шешілді. «Бітті. Енді сенімен тұрмаймын. Бәрін бүлдірдің. Бүлдірген өзіңсің. Сөзге ердің, өсекке сендің! Обалың өзіңе!» дедім.

Ертеңінде пәтер іздеп, көбін жаратпай, «Весновкадан» табылған біреуін сатып алдық та, қыздарыммен сонда көштік.

– Ғабең қыздарды менде қалсын деген жоқ па?

– Деген жоқ, әрине, қалай өсіріп, бағып-қағады?

– Заңды түрде алимент кесілді ме, көмектесіп тұрды ма?

– Пәтер сатып әперді, рақмет. «Екі қызға ай сайын екі жүз сомнан беремін, оны сен емес, анаң келіп алып тұрады» деді.

– Көңілі әбден қалған екен ғой?

– Қалса да, қалмаса да сол.

– Ғабеңнен кейін тұрмыс құрған жоқсыз ба?

– Жоқ, әрине! Қыздарды қалай қиямын.

– Өмірдің аты – өмір. Сөз салып, ықылас білдіргендер болған шығар?

– Сіз не өзі сонша тергеуші ұқсап? Ал болды, оны қайтесіз? Бір жігіттің сұлтанын жақсы көрдім. Ол да жақсы көрді мені. Сол ма есітпегініз?

– Атын атамайсыз ба?

– Атамаймын. Құпия.

– Қыздарыңыз Ғабеңді көзі тірісінде әкеміз деп қабылдады ма? Барыс-келіс жасады ма?

– Қыздарым Ғабеңнің көзі жұмылғанша тығыз қарым-қатынас жасады. Қалаған уақыттарында барып-келіп тұрды. Обалы нешік, Ғабеңнің менен кейінгі әйелі Ғазиза оларды кері итерген жоқ. Жылы-жұмсағын ауыздарына тосып, имандылық танытты. Ғазиза қайтқанда мен Өскеменде едім, топырақ сала алмадым. Жерлеу рәсіміне Гауһар мен Гүлнәр бастан-аяқ қатысыпты.

– Ғабеңмен ажырасқан соң театрдан кетіпсіз, оған себеп не?

– Себеп әр түрлі. Ажыраспай тұрғандағы дарқаншылық Ғабеңнің арқасы екен. Қалай іргеміз бөлінді, солай қуғын басталды. Айналадағылардың көзқарасы өзгеріп сала берді, қарым-қатынас нашарлады. Күні кешегі менің қолымды қысқанды мәртебе санайтын біреулер енді көрсе де көрмегенсіп, аулақ жүру, сәлемдеспеуді шығарды. Құдайға қарайды дегендердің өзі сызданып, салқын сөйледі. Кемсіту, табалау, күншілдік, өсек-аян көбейді.

В. Пұсырманов дейтін режиссер Ғабеңнің «Қазақ солдатын» сахнаға шығарды бірде. Премьерасына Ғабең Ғазизамен барыпты. Мен барғаным жоқ. Вестибюльде менің портретім ілулі тұратын. Фамилиям Рая Мүсірепова деп жазылған. Соны көрген Ғазиза: «Мынаны өзгертіңдер» деп

бұйырыпты. Жаппарқұлда жан бар ма?! Театр басшылары дереу кірісіп, ертеңіне барсам, портретім еденде жатыр. Жанында жүрген жұмысшылардың бірі: «Фамилияны өзгертеміз» деді. Сондағы көңіл-күйімді сіз сұрамаңыз, мен айтпай-ақ қояйын. Одан өтер қорлық болмас.

Директорға бардым. Бәрібір ештеңе өнбеді.

Осы тұста Рая сөзін тоқтатты да, босаған шыныларды алып, асханаға кетті. Сәлден соң ыстық шай әкеліп, бірін менің, бірін өзінің алдына қойды. Асханада көзінің жасын бір сығып алғаны көрініп тұр.

– Сөзіңді сөйлейтін ешкім болмады ма? Бас режиссер ше?

– Бас режиссер дейсіз бе? Қайдан! Ол тым жас та, жасамыс та емес, мұнда келгеніне көп болмаған жігіт еді. Біреуді нұқып, біреуді шұқып, зекіріп, зіркілдеп сөйлеуден қанағат табатын. Бірде жиналыс үстінде денсаулығы кемтар актер қызды тұқырта берді. «Мұның жағдайы мәз емес, кейін сізге оңаша айтайын?!» деп едім, өзіме шаптықты. Көзін ежірейте: «Кто вы такая?!» деді қалшылдап. « Я актриса» дедім. «Вы никто!» деді зілденіп. Бір қалтарыста оңашалап: «Вы самодур!» дедім де кетіп қалдым. Қайтып онда ат ізін салмадым. Тек документтерімді алуға барғанда директор Гүлжаһан Жанысбаева: «Мен тұрғанда сені ешбір театр алмайды, облыстық театрдың да есігі жабылады» деп бажылдап жатты. «Пешенедегіні көреміз, апай. Ентігіңізді басыңыз» дедім.

– Жаңағы режиссер кім еді?

– Қажет пе? Маман Байсеркенов. Сонымен театрдан кеттім. Қызық енді басталсын. Жұмыссыз, жалақысыз, ішер ас, киер киімге зар болған күн туды басыма. Жанашыр тірі пенде жоқ.

Тегінде құдай бары рас. «Өлмегенге өлі балық» дегендей, бір күні Мәскеуден бір әйел телефоннан: «Рая Мәжитқызы сіз боласыз ба?» деді. «Иә» деймін. «Товарищ кино» деген Бүкілодақтық мәдени жорық ұйымдастырмақшы едік. Соған қатысуыңызды өтінеміз. Жалақы, басқа шығынның бәрі мойынымызда. Табысыңыз жаман болмайды. Келісесіз бе?– деп қиылды. Шалқаятын заман қайда. «Мақұл» дедім. Сонда 4–5 жыл істеп, Сахалин, Түркия, Чита, Красноярск, т. б. қалаларда болдық.

– Әрі қарай ше, қалай болды?

– Шамасы, Ғабең жай-жапсарды сыртымнан естісе керек. Бір күні телефонмен: «Ертең киностудия директоры Әзірбайжан Мәмбетовке бар, қызметке тұрасың» деді.

Бардым. Актрисалыққа алды. Содан он бес жылдай істедім онда. 1995 жылдан жасөспірімдер театрындамын.

– Спектакльдерге қатысып жүрсіз бе?

– Қатысамын. Берген рөлден бас тартпаймын. Баяғы танымал серкелердің қатары бүгінде селдіреген. Ол кезде

жастар театрының алтын ғасыры еді ғой. Небір жақсы спектакльдер қойылатын. Қазір Ғабеңнің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы» әзірленуде. Бұйырса, Мақпалдың рөлінде көрінермін.

– Зейнеткерсіз бе? Тұрмыс-халіңіз қалай?

– Зейнетке баяғыда шыққанмын. Тұрмыс-халім жаман емес. Үй осы, көріп отырсыз. Қыздарым бөлек тұрады. Немерелер өсіп келеді.

Рая мына екі бөлмелі пәтерге жарты жыл бұрын кіріпті. Оған дейін он бес жылдай Гүлнәрдің отбасымен бірге тұрыпты.

– Бір қызық айтайын, – деді ол көздері күлім қағып. – Көз ашқаннан орысша оқып, орысша сөйледім. Ойлауым да орысша. Бірақ ғұмырымша жеп келе жатқан наным – қазақ тілінің арқасы. Осыған сенесіз бе?

– Қазақша кітап, газет-журналдар оқисыз ба?

– Ғабеңнің барлық шығармасын оқығанмын. Басқалардың да шығармаларымен біршама таныспын. Күнделікті газет-журналды оқимыз ғой. Онсыз бола ма?

– Ғаухар мен Гүлнәр жұмыс істей ме? Мамандықтары қандай?

– Ғаухар журналист. Гүлнәр кәсіпкер.

– «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісінен» басқа қандай атағыңыз бар? Орден, медаль, грамота...

– Содан басқаша ештеңе жоқ.

– Ғабит Мүсіреповтей біртуар тұлғамен тағдыр қосқаныңызға өкінбейсіз бе?

– Оны жоғарыда айтпадым ба? Актриса және Ғабеңдей асыл адамға жар болғаным үшін тағдырыма ризамын. Ғабеңмен сегіз жыл тұрдым. Аз да, көп те демеймін. Шүкірлік етемін.

* * *

Әңгімеміз аяқталды. «Жазушыға осылар жетер, енді былайша әңгімелесейікші» деп Рая Мәжиткызы тағы да біраз сыр шертті. Әртүрлі фотосурет, Ғабеңнің қолтаңба жазып берген кітаптарын қарадық.

Түннің әлден уағында қош айтысып, тысқа шықтым. Қалың қар басқан қала ақ тұманға малынып, мүлгіп тұр.

Ақыл-ой антологиясы

Әйел шынын айтса да себебі бар, өтірік айтса да себебі бар.

* * *

Әйел асқақтаса – жылағаны, еркек асқақтаса – құлағаны.

Ғабит Мүсірепов

Ғабит пен Құсни жайында

Сәбит қайтқаннан кейінгі алғашқы жылдары Союзда (Жазушылар одағы) қандай кеш болмасын, жиылыс болмасын арнайы шақыру жіберіп, жиі шақыратын. Баруын барсам да, Сәбиттің үңірейген орнын көріп, көңілім бұзылып қайтамын. Тек Сәбит қана емес-ау, президиумда қаздай тізіліп отыратын өңкей жақсы мен жайсандарды, наркасқаларды іздеймін. Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит...

Өздері де бір шекелері торсықтай, көрсең көз тоятын азаматтар еді. Арада қаншама жылдар өтсе де көмескіленбейтін, тот баспайтын асыл азаматтар екен ғой!

Қара шаңырақ, Жазушылар одағы, кезінде киелі ордадай еді. Өзім үшін әлі күнге шейін солай. Сәбиттердің кезінде сәл-пәл ауыздарына жынды су тигендердің өздері ішке кіруге бата алмай, айналсоқтап жүретін... Талай бастық келді, кетті. Солардың ішінде менің есімде жақсы қалғаны – марқұм Жұбан Молдағалиев еді. Жазушылардың жесірлеріне ерекше құрметпен қарайтын. Жиын, бірдеме бола қалса, қалдырмаушы еді.

Жазушы біткеннің бәрімен де араластық қой. Қазір аузыма түспей отырғандары болса, құдай кешірсін. Қанша дегенмен, естелік айту, өткеннің бәрін қазбалау да оңай емес екен...

Ғабит пен Ғабиденнің тірі жүргендері де көңілге демеу еді. Сәбиттің етене жақын жүрген достары деп қарайтынмын. Оның үстіне Ғабитпен құдамыз. Қайтарынан бір жыл бұрын ғой деймін, 31 желтоқсан күні кешкі сағат 6-ның кезінде Төлебаев көшесіндегі орындықта отырғанын көрдім. Жұрттың бәрі Жаңа жылды қарсы алуға дайындалып, абыр-сабыр болып жатыр. Мен де дүкеннен бірдеме керек болып, сыртқа шығып ем. Жақын келіп, амандасып: «Ие, неғып отырсың? Ғазиза қайда?» – дедім. «Ғазиза кешірек келетін шығар, әйелдер дачада жиналып, сонда отыр» – деді. «Бізге жүр, Ғазиза кешіксе, жалғыз отырма» – дедім. Рақметін айтып, үйде болатынын айтты. Ғабит Сәбиттей емес, салқынқандылау, сырбаздау адам ғой. Адамды ішіне онша жіберіңкіремей, сырт жүретін. Сәбит екеуі бір елдің адамы, бірге өсіп, біте қайнаса да, екеуі екі мінезді еді. Сонау 24-жылдан бері қарай екеуі бірге жүріпті, өмірдің асу-белдерінен де бірге асыпты. Екеуінің әдебиет турасындағы айтыс-тартысын жете түсіне алмаспын, жалпы қарапайым адам ретінде де екеуі бір-біріне ұқсамайтын. Ғабит отбасына

көп көңіл бөлмейтін сал-серінің өмірін кешті. Қара жер хабар айтпасын, семьялық өмірдің бақыты бұйырмаған адам болды. Өзі қайтыс болып, артында қалған мұрасы талан-таражға ұшырап, әлдекімдердің қолында кеткенін естігенде, жаным ашыды. Өсек өрттей қаулап, «ойбой, Ғабиттің пәлен сом ақшасы қалыпты; оған аналар пәлен алыпты, түген алыпты» деп естігенде, «өзіндікі өзіңе бұйырмады-ау!» деп қынжылдым. Әсіресе, Ғабиттің бейітінің басын бекіту кезінде көп әңгіме жүрді ғой, әйтеуір, жақсы етіп салған екен.

Маркұм, Құсни тірі болса, жоғарыдағыдай әңгімелердің бірі де болмас па еді, қайтер еді... Газет-журналдарды үзбей қарап отырамын. Солардың бірде-біреуінен алғашқы қыздай қосылған қосағы – құсни туралы ешнәрсе көрмедім. Кейінгі әйелдері Рая мен Ғазиза туралы дерек келтіреді, ал Құсни маркұм өмірде болмағандай...

...Құсни бір аяулы жан еді. Биязы, жібектей есілген, жуас адам еді. Ғабиттің қандай қылығы болса да, үнсіз төзді. Күйеуін балаша мәпелей күтті, бір ауыз қатты, қайыра сөз айтпады. Тамақты қандай дәмді пісіруші еді, ұстаған дүниесі қандай!.. Жүрген жүрісі білінбейтін, зиянсыз, көнбіс адам болатын.

Екеуміз сырлас болдық. Біз Сәбит екеуіміз Мәскеуде жүргенде Ғабит пен Құснидан хат жиі келетін. Достық қарым-қатынасымызды балалар онан әрі бекітіп, құда болдық. Немерелер келді өмірге. Солардың қызық-қуанышында бірге жүрдік. Сәбит қызғаншақ еді. Немерелерін қызғанып, Ғабиттердің үйіне бір-екі күн қонсын десең соған келіспей, қабағы түйіліп қалатын. Мен айтатынмын: «Сәбит-ау, Құснидан ұят қой. Ол болса, бар дәмдісін пісіріп, сенің балаларыңды жаны қалмай күтеді, шыда бірер күнге» десем көнбейтін. Трамвайға отырып, алып келеміз деп мені қоса ала шығады. Құсни сонда күліп: «Бәсе, Сәбит неғып шыдап отыр екен десем, жеткен екенсіндер ғой. Жарайды, келіңдер, дастарқан дайын» дейтін. Ренжу дегенді білмеуші еді... Өмірімде мұндай момын адамды көрмедім. Ғабит не айтса да – заң, түн келе ме, күн келе ме – бір ауыз сөз айтпайтын. Бар дәмдісін аузына тосып, үсті-басын мұнтаздай ғып күтті. Шалбарды үтіктеген кезде су емес, хош иісті әтір құйып үтіктегенді сол Құсниден көрдім.

1949 жылы Мәскеуде қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігі өтетін болды. Жазушы біткеннің әзірлігі өз алдына, әйелдер де қалыспай, жарыса киім тіктіріп, дайындалып жатырмыз. Күніне бірнеше рет телефонмен хабарласып, қалай

дайындалып жатқанымызды айтысып, дуылдасып қоямыз. Құсниден сыбыс жоқ. Бұған не болды деп, хабарлассам – Құсниым жайбарақат. «Е, сен неге тым-тырыссың? Декадаға бармаймысың?» десем, «Ғабит ештеме деген жоқ қой» дейді. Мен: «Сөзді қой. Барамыз. Жұрттың бәрі дайындалып жатыр. Өзі қайда?» – дедім. «Тауда демалып жатыр». «Жүр, өзіне барып айтамыз» – деп, құсниды еркіне қоймай ертіп алып, тауға тарттық.

Ғабит күліп қарсы алды. «Дауылдатып не қылып жүрсің?» – дейді маған. «Сенің жағдайыңды білейін деп келдім. Әйел біткен Мәскеуге барамыз деп дайындалып жатырмыз. Жалғыз сенің бәйбішең жайбарақат, немене, бармай ма?» дедім. «Өзі білсін», – дейді. Мен ыза болып кеттім. Өктемдігіме басып: «Өзі білгенің не? Әйда, давай, ақша бер. Киім тіктіреміз. Болды, болды, сараңданба. Жұрттан кем қаламыз ба? Бірге барамыз, сөз бітті» деп, Ғабиттің бар ақшасын қағып алып, екеуіміз кері қайттық. Жол бойы: «Ынжықсың, неге соның аузына карап отырасың?» деп ұрсып келем. Ақырын жымиып күліп қояды сонда. Міне, сондай жан еді, жарықтық. Мен болсам, ол кезде алты баланың анасымын, жасым қырыққа енді келеді. Оның үстіне Сәбит әбден еркелетіп жіберген, бар билік өз қолымда, жалын атып тұрған кезім. Кей-кейде Ғабит маған қалжыңдап: «Сені маған жолықтырмаған құдайға рақмет!» дейді. «Е-е, маған жолықсаң, бұрап-бұрап жөнге салар ем сені» деп құшырланып қоямын. Рақаттанып күліп алатын. Сәбиттің кәрі жолдасы емес пе, өзін көргенде Сәбитті көргендей болушы ем. Ескіден қалған көз ғой, кездескенде бір-біріміздің қолымызды алып, тәптіштеп хал-жағдай сұрасатынбыз. «Мәриям, сен мықтысың» деп қолпаштаушы еді. Қызылды-жасылды дүние өтті, кетті.

Сәбит қайтқаннан кейін, Ғабит пен Ғабиденнің жұрт жиылған бір жерде Сәбиттің ақшасын қалай ұрлағандарын айтып, күлдіргендері бар еді. Үшеуі бір-бірімен қатты қалжыңдасатын. Сол қылықтары өздеріне жарасып тұрушы еді. Осы арада айта кетейін.

Сәбит Жазушылар одағының бастығы. Айлық алатын күні одақтың маңына жазушы-ақын біткен тегіс жиналады екен. Кәссір қыз Сәбиттің ақшасын кабинетіне алып кеп, қағазға қол қойдырып жатыпты. Сол кезде бұлардың үстіне Ғабит пен Ғабиден кеп, жайғасып диванға отырады. Сәбит пәшкі-пәшкі ақшаны газетке орап, үстелінің тартпасына сала салыпты. Жайғасып отырған екеуіне бұрылып, әңгімелесе жөнелген көрінеді. Хатшы қыз есіктен қарап, Сәбитті бухгалтерияға шақырып жатқанын айтыпты. Ол шығып

кетеді. Бұл екеуі қала береді. Ғабит: «Сәбиттің ақшасы көп көрінеді. Байқадың ба, санаған жоқ. Аздап, білдірмей алайық» деп тартпаны ашып, газеттің орауын жазып, буда-буда ақшадан бір-бір пәшкеден қалталарына сұңгітіп жіберіп, жып етіп, түк көрмегендей орындарына отыра қалады. Үшеуі қатты ойнайтын. Сәбит қайтып келіп, ойында ештеме жоқ, әңгімені соғып, біраз отырды. Бұлар: «Ал, жарайды, біз қайтайық» деп сырбазданып шығып кетеді. Былай шыққан соң, Ғабиден Ғабитке: «Әй, Ғабит, сенің алған пәшкең қалыңдау сияқты, сен маған жұқасын бердің» деп қиғылық салыпты. Сонда Ғабит: «Атаңның аузын бәлен қылайын, немене, сен айлығынды алып тұрсың ба? Бұл қай сасқанын» деп жатып кеп ұрысты. Осы уақиғаны Ғабит айтып, жұрттың шегін қатырып, күлдірмесі бар емес пе. Сол арада мен де: «Айтқандарың жақсы болды. Сәбиттің ақшасын енді мына жесіріне қайтарыңдар» деп жабысып жатырмын. Ғабит: «Ол қай заманғы ақша? Мәке, мен жай мойныма қарыз болмасын деп айтып жатырмын. Сен де қызықсың» деп жолатпай қойды. Осы күні қалжыңдасар адамымыз да қалмады. Е, дәурен-ай десеңші... Айтпақшы, Ғабиттің тағы бір қылығы есіме келе қалғанын қарашы...

Ертеректе, 50-жылдардың іші болар. Олай дейтінім, қазіргі Арыстандар тұратын үйге 1956 жылы көштік. Ал оған дейін, Артиллерийскийде отырдық. қыстың бас кезінде Сәбит екеуміз тағы елге кеттік. Содан әрі Мәскеу бармақшымыз. Кетер алдында соғымды сойып, етін терісіне орап, үлкен верандамыз болушы еді, соның бір бұрышына жиып, тастап кеттік. Ол кезде Алматының қысы қатты. Әлгі орап кеткен етіміз тас боп қатып жатады. Мұздатқыш деген жоқ. Жол жүрер алдында бала-шаға, көрші-қолаң, осы Ғабиттер бар, бәрі дуылдасып, соғымның етінен дәм татып, тарасқан. Содан біздер кете бардық. Елге барып, Шәкен қайнымның үйінде үш-төрт күндей болып, Мәскеуге тарттық. Біз кетісімен Шәкен қайнымның адресіне, біздің атымызға телеграмма келеді. Ғабит салыпты: «Все, что было на веранде – украли!» – деген сөз тұр дейді. Шәкенге әңгіме қып, соғым сойғанымызды, верандаға орап, тығып кеткенімізді айтқанбыз. Сол жерде Шәкен уайым жеп, қыстық тамақтарынан айырылып қалды-ау деп қиналыпты. Бізге, Мәскеуге, хабарласайын десе, адресімізді білмейді. Сонымен, жіпсіз байланып отырады. Бірнеше күн Мәскеуде болып, Алматыға оралсақ, Ғабит мұртынан күледі. «Телеграмма алдыңдар ма» дейді. «Қайдағы телеграмма» дейміз біз. Мән-жайды ұққан соң, ал күлейік кеп... ерінбей-

жалықпай телеграмма салып жүргенін көрмеймісің. Біздер осылайша қалжыңдасушы едік...

Обалы не керек, Ғабит мені сыйлайтын. Қанша өктем сөйлесем де, бетімді қайтарып көрген емес. Сәл келіспей қалғандай жағдай болса, өзі кешірім сұрайтын. «Мәриям, мен сені ренжіттім ғой, кешір» деуші еді.

Ғабит 80 жасқа толған тойын өткізер алдында мені шақыртты. Той «Алматы» ресторанында өтетін болған екен. Барған соң Ғабит маған: «Мәриям, дастарқанның жайын өзің барып көрші, ұятқа қап жүрмейік, бәрі мол болсын» деп тапсырды. Ресторанға барып, бәрін жайғастырып, еттерді сұрыптап, қысқасы, басынан аяғына дейін өзім қарап жүрдім. Той өткен соң, Ғабит телефонмен хабарласып: «Мәриям, саған рақмет. Бәрі жақсы болды, үйге келіп, дәм іш. Бірге отырайық» деп өзі шақырды. Көңілі түссе көл, көңілі түспесе шөл боп отырушы еді, жарықтық!

Раиса МҮСІРЕПОВА-Мұхамедиярова

Кездесіп еді сол бейне

Әлкисса, әңгімемді Э.Хэмингуэйдің сөзімен бастайын. Ол өзінің «Африканың жасыл жоталары» деген шығармасын жазарда «ешкім жазбаған проза жаза қоймаған шығармын» деген екен. Сол сияқты Ғабең жайлы мен жазған естелік те басқалар жазған естеліктен артық деген ой жоқ. Мен тек ұлы адаммен бірге өткізген аз болса да мәз болған жылдарым жайлы сыр шерттім. Оның ішінде ешбір қоспа жоқ. Тіпті кезінде Ғабең екеумізді көре алмаған кейбір сәуегей жандар бұл естеліктердегі менің жазғандарыма өздерінше күмән келтіріп, сөз етуі мүмкін. Бірақ мен біздің аз жылғы өмірімізде не болды, Ғабеңнің үлкен адамгершілігін, ұлылығын, азаматтығын барынша сүйікті халқыма жеткізуге тырыстым. Қашанда ұлының аты ұлы, биіктің аты биік. «Өмірдің өзі ең үлкен сахна да, адамдардың бірін-бірі қайталамайтын үлкен, кіші рольдері бар» деген О.Бальзак сөзінің мәні зор екенін осы ғұмырымда біршама көріп білдім.

Ғабең адам, азамат, қаламгер ретінде де біртуар жан. Мүмкін бұл пікіріме біреулер келісіп, біреулер келіспес. Бірақ оның сондай асыл жан екеніне, ана, әйел, жары ретінде менің көзім анық жетті. Олай дейтінім Ғабең өте мейірімді, кешірімді адам еді. Сондықтан да болар менің жастыққа тән кейбір албырт мінезіме кешіріммен қарап, ақылын айтып отыратын. Өзінің ұнататын тағамдарын әзірлетіп, менің көңілім көтерілсін дегендей оны мақтап жылы-жылы сөздер айтатын. Ғабең, көбінесе ащы қуырдақты, қазы, қартаны, балқаймақты ұнататын. Ауылда туып өстім емес пе, қазы, қартаны бабымен пісіріп алдына қоятынмын. Ал балқаймақты жасай алмаушы едім. Сонда Ғабең маған өз анасының балқаймақты қалай жасайтынын айтып отыратын. Соның айтқанынан ұғып алып балқаймақ жасауды да үйрендім. Ғабеңнің ойынан шығуға тырысатынмын. Ол жұмыс бабымен жолсапарға жиі шығатын. Жердің қай түкпірінде жүрсе де телефонмен хабарласып, үй-ішінің, қыздарының амандығын біліп, жеделхат салып, өзінің қай қалада жүргендігі жайлы дерек беріп отыратын. Демалыс орындарына бірге барып, демалатынбыз. Ең соңғы рет бірге Берікқара деген жерге барып демалдық, сол жерде Ілияс Омаров ағай да жанұясымен демалды, онда Ғабең бірер апта болды да, одан соң Алжирге кетті. Мен ол келгенше Гаухар, Гүлнәрмен сонда болдым. Ғабең Алжирден оралған соң, Берікқараға келіп, біраз тыныгып, бізді Алматыға алып қайтты. Бұл біздің соңғы рет бірге демалғанымыз екен. Амал не?!.

Ол жыл мезгілдерінің ішінде көктемді ұнататын. Сол кезде аң аулап, балық ұстауға құмар еді. Әсіресе, Іле бойына, Қаскелең тауларына баратын еді. Осы бір қызықты сәттеріне мені де куә болсын дегендей өзімен бірге ала баратын. Өзен жағасындағы жасыл желек, маңғаз тау көңілімізді көтеріп, кеудеміз тазарып, табиғат ананың құшағында тербеліп бір жасап қайтушы едік. Театр, киноға бірге баратынбыз. Әсіресе, Ғабең драма театрын жақсы көретін. Астанаға келген шетелдік қонактарды үйге шақырып қонақ етуді ұнататын. Ондайда мен де құрақ ұшып Ғабеңнің айтқандарын екі етпей орындап, меймандарымызды риза етіп шығарып салушы едік.

Менің өнердегі бірінші ұстазым Шәкен Айманов десем, екіншісі өз Ғабем. Ол маған өнерді сүюді, оны бағалауды, құрметтеуді үйретті. Сахнадан гөрі халыққа кино тез жетеді, кинода бір басты бейне жасасаң деуші еді. Сол үшін «Қыз Жібек» фильмінің сценарийін жазды. Маған Жібек өзің боласың деп Сұлтан Қожыков екеуі келісіп жүргенде, киноға түсірілер кезде Сұлтан ағамыз уәдесінен тайқып шыға келді. Өмірінде кісіге ренжімейтін Ғабең сол жолы қатты налыды. «Қазақ өнерінде бірігіп бір дуэт жасасақ» деп үнемі айтушы еді, бірақ сол арманымыз амал не, орындалмады.

Қазір сол Ғабеңнің сөзі жадымда, шығармашылықта бір үлкен бейне жасау арманым. Уақыт өтіп жатыр, кезінде Ғабеңнің қас-қабағына қарап мен де білек сыбана қоймадым. Отыз жылға жуық киноны жағалап жүріп жатырмын. Қазір мен үшін бір Ғабең ғана жетіспейді. Құдайға шүкір, оның өзі болмаса да көзі бар. Екі қызымнан үш немерем бар, бірінің аты Ғабит, екіншісі Мәди, үшіншісі Адэля. Ұлы Ғабиттің артынан сол ағаштың бүрі, гүлі сәби Ғабит өсіп келе жатыр. Оған да тәубә деймін. Бұлар да Ғабең өмірінің жалғасы, ізбасары деп қуанамын. Іншәллә, бергеніне де, береріне де шүкір, қанағат дегеннен басқа не айтамын.

Мен естелігімді Ғабеңнің өз сөзімен аяқтайын. Ғабең бір қойын дәптеріне былай деп жазған еді. «Қыпшақ қызы Аппақпен бірге өткен он жыл өмірім: Өзі де аппақ, аты да аппақ, көңілі де аппақ, жібек мінез биязы, сөзі әдепті әрі көркем. Не жазсам да көз алдымда, көнілден кетпек емес... Менің жүрегім жұмақтай болып кетіп еді...» деген Ғабеңнің осы сөзін өзіне арнап айтсам артық болмас. Өйткені, онымен бірге болған әр күнімді мен де дәл осылай бағалаймын.

Ендігі әңгімені Ғабеңнің хаттары жалғастырады.

Бой тұмар болған хаттар
Қымбатты ММ, РР!

Әңгімені жер бетіндегі тұңғыш еркек Адам сияқты әйелге сөз айтудан бастайын. Адресің қайда? Менің даусым саған жете ме? Мен саған адресіңді толық жаз деп едім ғой. Саған калай хат жазамын? Әрине, саған бәрібір, өйткені сені ойлайтын, бір сәт те есінен шығармайтын адам бар, ол сен үшін мәңгілік! Қазір ол сенен қашықта болса да сен туралы ойлап, сені сағынып мазасы кетуде. Сені іздеп таппай жаны жай табар емес. Сен жүрген қаладағы барлық қонақ үйлерге телефон соғып, іздесе де таппады. Қайда жүрсің, менің қара қызым! Кеткелі бір апта болды, хабарың жоқ, жеделхатпен үйге адресіңді хабарла, өтінемін. Аэрофото ма, теле-космоспен бе тез хабар бер! Бұл үйде қалған сенің ең қымбат адамың үшін өте қажет. Сенің жаның қандай таза, ММ! (менің махаббатым деген сөз). Тіпті кейде сәбидей томпиып, өкпелеп қалғанда да өте сүйкімдісің. Кінәлі болмасаң да кінәлі жандай мойындай салатын әдетің ше?! Мұндай қылық көп адамда кездесе бермейді. Әйтеуір мені кінәлаудан қашан да аулақ тұрушы едің. Сенің әр қимылың мен қылығың есіме түсіп, мазам кетіп отыр. Жалғыз адам ойшыл болады екен. Тезірек оралшы ММ. Саған үш нәрсе тілеймін: Біріншіден ауырма, екіншіден жұмысыңның сәтті аяқталуын, үшіншіден өзіңнің сүйіктіңнің құшағына оралуды.

Мәңгілік сүюші М.М.Ғ.

«Мәңгілік деген сөзді осы уақытқа дейін ешкімге айтқан жоқ едім».

Н.М-ды көргенім жоқ. Олардың сана сезімі төмен жандар екен, оларды тек жазалау керек. Айтарым ондай қомағайлар аштан қиналсын!

22.09.62 ж.

М.М. Қ.Қ !

Қазір біз Индиядамыз. Бір-екі күнде Москвада боламыз, самолет күтіп жатырмыз. Сағындым, жаным сенде екен. Ендігі әрі ешқайда ұзап кетпеуге ант етемін!

Мәңгі сенің Ғабитің, 26.07.63 ж.

Менің алтын қызым, Гауһарым!

Папаң бұл хатты Москвадан жазып отыр. Мен сенің күлкіңді мойнымa асылып бетіңді басыма тигізіп иіскелегеніңді сағындым. Менің кішкене ботам, хатты мамаңа бер. Бірақ ол үшін маңдайыңнан, бетіңнен ... сүйгіз, әбден жалынсын саған.

Сен мамаңа айт, әкеңоны өте жақсы көреді. Жақсы көргені соншалық оның жүрегі тынымсыз соққан самалдай лүпілдеп тұрады, шамасы сағыныш сезімі болса керек.

Сен мамаңа айт, ол ең сұлу, ең мейірімді жалғыз әйел жер бетіндегі. Папаң сол үшін оны мәңгі сүйеді, ол өмірлік серігім. Сен ренжіме, папаң бірінші қара қызын жақсы көреді, сосын сені. Жапонияға көкектің 10-да ұшамыз. 8 сағат поезбен, сосын екі тәулік пароходпен жүреміз. Ол жерде мен 21 күн боламын, яғни Токио қаласында. Қара қыз, сен кешір, бұл хатым Гауһарыма арналды. Қызымды, сені сағындым. Хатта жазылған сөздерім жүрегімнен шыққанын сезерсің. Бәріне сәлем айт. Айтпақшы, «Ана Жер – Ана» келесі жылға қалдырылды. Майканова, Шарипова, режиссер жайлы пікірлер жақсы, Римова – ??

Амансың ба, менің жалғызым!

Бүгін таңертең Гауһаржанның атына сендерге хат жазып едім. Сөйтсе де саған айтам деген бірер ойым айтылмай қалған сияқты болып, күні бойы мені мазалай берді. Міне, түрлі жиналыстардан қол босап, сол мазалаған ойларымды саған қағаз арқылы жеткізуге тағы отырдым.

Біріншіден, аман-есен жүрмін, денсаулығым ойдағыдай. Екіншіден, қатты сағынып жүрмін, құдайдан сұрайтыным күніміз ертеңбатып, түніміз мезгілсіз тұтылмасын. Үшіншіден, сен «Ана Жер – Ана» жайлы білгің келетін шығар. Оны комиссия мүшелері келесі жылға қалдырды. Сыйлыққа Шарипова, Майканова, қоюшы-режиссер ілігетін түрі бар. Биыл өтсін деп қақшиып тұрып алатын адам болмады. Серкебаев келмей қалды, ал мен әдебиет секциясындамын. Сөйтсе де пленумда келесі жылдың тізіміне кіргізуге күш салдым. Дауыс берерде жазушылар – Смирнов, Симонов, Паустовский, А.Кулешов, К.Кулиев, И.Андроников, Ю.Марцинкявичус, театр мамандарынан – Завадский, Мордвинов болды. Кинодан «Гамлет», «Тірілер мен өлілер» трилогиясы жақсы бағаланды. Кейбір шығармалар бірауыздан қабылданды, ал енді біріне ескертулер, пікірлер айтылуда. Ең соңғы шешім дауыста ғой. Ол көкектің 13-де басталады. Әзірге негізгі жұмыстар бітіп, шешуші түйін 13-не қалды. Әркім өз бақытынан көрер. қаламдас достардан Соболевті, Берді ағаны көрдім, саған шексіз сәлем айтып жатыр. Олардан басқа Боковты, Татьяничеваны, Штокты, тағы басқаларды кездестіргемін жоқ. Телефон соғуға да уақытым болмады. Оларды 1-Май мерекесімен құттықтауды ұмытпа. Сенің дайындыққа барып жүргеніңді естіп қуандым.

Студияда кешкі жұмысқа қалуға тырыспа. Оның орнына үйге келіп демал.

Ботаканым өсіп келе ме? Ақылы кіріп, жылауды азайтты ма? Жалғыз өзің оның жұпар иісін иіскеп рахаттанып жүрсің ә?! Қымбаттым, саған тапсырма мынау. Май қарсаңында маған ұзақ етіп хат жаз.

Адресім: Мәскеу қаласы, Воровской көшесі, 52 үй. КСРО Жазушылар одағы, Инкомиссия, Мүсірепов Ғ.

Енді сенің жағдайың жайлы. Ақшаң бар ма, қысылып жүрген жоксын ба? Керек болса Жұматайдан ала тұр, береміз ғой, немесе Мұстафиндерден ал, қиналып қалма. Байқауға бара жатырмын, жұрттың жиналуы қиын. Ертең кешкі 9-да телефон соғамын.

Әдеттегідей сүйдім, өзіннің мәңгілік Ғабитың. 8.04.65 ж.

Үш театрда болдым. Үлкен театрда, Моссоветте және Колонный залда. Сонда әлем-жәлем киінген келіншектерді, не бірде-бір моншақ таққан жас әйелдерді кездестірмедім. Қазір әйелдерде қарапайымдық модаға айналған сияқты.

Ғ.М.

Қымбатты қара Қ, қара қыз!

Осы к-дан басталатын төрт сөзде менің саған деген барлық айтар асыл сөздерім сияды. Ешкімге ешқашан айырбастамас жалғызым, сен менің дәл қазіргі жағдайымды, көңіл-күйімді көрсең?! Үйге кеткім келеді, ештеңеге зауқым соғар емес. Түсіме жиі кіріп жүрсің, бөпелі боламыз ба? Алыста жүрсем де бар есіл-дертім, жаным сенімен бірге. Самолетпен ұштық, одан түсіп пароходқа келдік. Қазір жағада тұрмыз. Енді 10 минуттан соң пароход жүреді. Бұл жақ салқындау екен, күздік пальтомды алмағаныма өкіндім. Қараша айының ортасында бұл жақта 30 – 32 градусқа дейін аяз болады дейді. Гауһарға қара, ол бота ғой оны ренжітуге болмайды. Беттеріннен сүйдім, тағы көп, көп сүйдім, сені … өз Шалың.

31.10.66 ж. Находка.

Екпін МАХМҰТОВ

Ғабең – ел мақтанышы

Үстіміздегі жылдың 22 наурызында Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің туғанына 100 жыл толады.

Осы датаны Біріккен Ұлттар Ұйымы (ООН) жанындағы Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі арнайы мекемесі ЮНЕСКО-ның ұйғарымы бойынша дүние жүзі мәдени жұртшылығының атап өтетіндігін 2001 жылдың 31 мамырында республикамыздың сол кездегі вице-премьері Иманғали Тасмағамбетов Парижден ел құлағына жеткізді.

Бұл Абай, Мұхтар, Қаныш, Сәбит тойларынан кейінгі ЮНЕСКО-ның шешімімен өткізілетін бесінші мерейтой болмақшы. Алла жазса, келесі 2003 жылы тап осылай қазақтың тағы бір серкесі – Махамбет Өтемісовтің 200 жылдағы аталып өтпекші. Егер осы айтылғандарға әлемдік деңгейде 2000 жылы өткізілген Түркістан қаласының 1500 жылдығын, биыл өткізілетін Тараз қаласының 2000 жылдығын қоссақ, онда ел тәуелсіздігінің 10 жылдығын күні кеше ғана тойлаған қазақ елінің, қазақ халқының дүние жүзіне таныла бастаған алғашқы қадамдарына сүйсінесің де қуанасың. Біз үшін бұл үлкен мақтаныш!

Ғабит Мүсірепов өзінің өмірбаянын толық түрде жазбаған адам, 1985-тің қазанында (қайтыс боларынан екі ай ғана бұрын) Қазақ қыздар педагогикалық институты студенттерімен кездесуде (бұл институтқа жыл сайын дерлік барып тұратын еді) сұраққа жауап ретінде: «Енді өмірбаянымды жазайын деп жүрмін. Уақыт кеспейік. Хабарласамыз» депті. (Сөз магнитофон таспасына жазылған Е.М.) «Автобиографиялық әңгімесін» оқыған адам оның осы сөзіне таң да қалар. Бірақ, Ғабит өмірбаян дегенді анкеталық мәліметтерден гөрі кеңірек түрде түсінеді екен. Өзінің 1980 жылы баспадан шыққан таңдамалы шығармаларының үш томдығына жазған алғы сөзінде Ғабең: «Мен үстіміздегі ғасырдан екі-ақ жас кіші адаммын. Осы ұлы ғасырмен бірге жасасып келе жатқан адамдарды, олардың ішінде өзімді де мен бақытты буын санамаймын: біз енді қайтып оралмас заманды көрдік, ата-бабаң арман ете алмаған заманды жасасып келеміз... Өзінің өмірбаянын жазған қартаң жазушы осы сияқты екі өмірдің астасқан, айқасқан, жеңілген, жеңген шағына соқпай өте алар ма еді? Жоқ, өте алмас еді... Ғасырмен құрдасқа жақын қол ұстасып өмір сүріп келе жатқан жазушы осы 60 жылдың ішіне кірмей, сыртында қалып отырып өмірбаянын жаза алар ма еді? Жоқ, әрине» депті. (Бұл жерде сөз Қазақстанның 60 жылдығы: 1920–1980 жылдар туралы Е.М.).

«Өзің қатарлылар азайып барады. Сол өткендер туралы, сонау 30-жылдарды көзбен көріп, бастан өткізгендер жазбағанда, кім жазады?» деген менің сұрағыма: «Өзім де ойланып жүрмін» – деп еді маған ол кісі соңғы жылдарының бірінде. Бұл өзі өте қиын да жұмыс болар шамасы. Тіпті қаламы жүйрік Сәбит Мұқанов та «Өмір мектебін» 1937 жылға тіреп тоқтаған ғой...

Ғабиттің арғы тегі мен жеті атасы туралы

Ғабит өзінің қойын дәптерлерінің бірінде мына өлеңді жазыпты:

Дүниенің бүгінгісі, ертеңгісі –
Кеше мен арғы күннің жаңа елесі,
Бір күндік өмірі бар көбелек те
Сол күннің айтып кетер ертегісін:
Құдай-ау, қандай ұзақ өмір еді,
Кеше жоқ, келер күн жоқ, бір күнгісі!
Қалғанмен өте шыққан бір күндікті
Ұмытпас баласы мен немересі,
Олардан естімей ме шөбересі!

(Алматы, күнделік, 1977 ж., 164-б.)

Төмендегілерді жазуыма осы бір өлең жолдары түртпек болды. Ғабит Махмұтұлының арғы тегі Керей тайпасының Ашамайлы тармағына кіретін Сибен руына жатады.

Керей – бүгінгі қазақ халқын құрайтын ежелгі түркі тайпаларының бірі. Тарихи жазба мәліметтерден «Керейт» деген атпен белгілі. Соңғы «т» әрпі көпше жалғауы. «Керейт» – тунгус, моңғол тілдерінде «керейлер» деген сөз.

Қазақтың Арғын, Керей, Найман, Қоңырат, Қанлы, Жалайыр, т.б. сияқты көптеген тайпалары 552–745 жылдары дәурен құрған Көк Түрік қағандығының құрамында болған секілді. Сол заманның тас белгісі Күлтегін жазбасының тас көшірмесі 18.5.01 күні Астанаға жетіп, орналасты. Қағандық ыдырағаннан кейін Керейлер өз алдына 900 мыңдай халқы бар, 8 тайпадан тұратын хандық құрып, XIII-ғасырдың басындағы моңғол шапқыншылығына дейін сол Байқал көлінің оңтүстік бетіндегі Селенга, Онон, Керулен, Орхон өзендерінің бас ағыстарын жайлапты. Бұл – осы күнгі Моңғол Халық Республикасының солтүстігі. 1189 жылы моңғол ұлыстарының басын біріктіріп мемлекет құрған Есугей батырдың баласы Темужин «Шыңғыс хан» атағын алды. Араны ашылған Шыңғыс хан көрші отырған мықты деген Найман мен Керейлерге тиіседі. Керейдің ханы

Тогорилдің әскерін 1203 жылы талқандап, билігін алады. Содан керейлердің Ашамайлы тармағы Ертіс, Омь, Тура, Есіл, Тобол, Торғай өзендеріне дейін ығысып көшеді. Енді бір тармағы, Абақ Керей Алтай маңында қалады. Шыңғыс хан әскерінің 1218 жылы үйсін, қыпшақ даласына (осы күнгі Қазақстан жеріне) енгені белгілі.

Осы бір тарихи кезең ертедегі тарихшылардың, этнографтардың, саяхатшылардың, кейінгі жазушылардың жазба еңбектерінде кездеседі. Халық есінде де сақталған көрінеді. Соның бір айғағы ретінде Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптерінен алынған мына бір жазуды ұсынамыз: «Теке деген ақ сақалды, қызыл жүзді, зор денелі адам жүзге таяп барып, біздің он беске жеткен кезімізде өлді.

Бұл кісі жылда жайлауда қасына көп адам ертіп алып, біздің ауылдардың өлім-жетіміне бата қылып, келіні түскен үйлерге қайырлы болсын айтып кететін. Бір жолы Ботбай деген кісі сол Текеден мынау өлеңді жазып алыпты:

– Уа, дариға-ай, дариға-ай,
Байқалға барып құятын,
Селекені жайлаған,
Керей деген ел едік.
Тұрауыл деген ханы бар,
Зарлауымның мәні бар –
қара-құрым қаласын
Тартып алып Шыңғыс хан
қатындарын ханымның
Бөлісіп алды маңғұлдар,
Бес батпан кір малғұндар.
Бытырай қашты қайран ел,
Адыра қалды туған жер,
Уа, дариға-ай, дариға-ай!
Керей деген ел едік,
Атымыздан айрылып,
қысық көз маңғұл атандық,
Уа, дариға-ай, дариға-ай!

Ботбайдың баласы Шалабай кейін 20-жылдардың тұсында әкесінің айтуынша өзі жазып алғанын көрсететін еді. Менің одан жазып алғаным бар еді. Өлең ұзақтау еді, біраз жолы ұмытылған. Жазып алғанның қайда кеткенін кім білсін...» («Күнделік», 14-б.) Бұл әңгімедегі Теке – Мүсіреп баласы Кәкімбайдың құдасы, оның Шұғайып деген баласы Кәкімбайдың Кәтіш деген, Махмұттан үлкен қызын алған.

Текенің шөбересі Нұрқан Сәдуақасов осы Қызылжарда тұрады. Ал, Ботбай – Мүсірептің екінші баласы, Шалабай оның үлкен ұлы, Ғабиттен 5 жастай үлкен еді.

Өлеңде оқиға ұтымды жазылады ғой. Керей туралы көптеген тарихи зерттеулер мен әдеби шығармаларда айтылғандар детальсіз алғанда осы өлең жолдарына сыйып-ақ тұр. Керей тайпасының қазақтың ел болуына және оның ғылымы, әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі мол. Кісі аттарын атамай-ақ қояйық.

Енді Сибан туралы шежірелерден алынған аз сөз. «Шежіре» деп кімдерден кімдер туып, қалай өрбігенін баяндайтын ерте заманнан атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша деректерді айтады» дейді Сәбит Мұқанов (Халық мұрасы, 1974 ж. 9-бет). Сибан-Керей тайпасының Ашамайлы тармағына жататын ру. «Ру» ұрық деген сөздің өзгерген түрі. Сондықтан бір руға жататындарды қандас туыс адамдар деп ұғыну керек.

Тарих ғылымының докторы, этнограф Марат Сәбитұлы Мұқанов көп жылдар бойы қазақ тайпалары мен рулары жөніндегі ел аузындағы шежірелерді жинастырып, «Этнический состав и расселение казахов среднего жуза» (1974 ж.), «Из исторического прошлого» (1998 ж.) деген және т.б. ғылыми еңбектер жазған адам. Осы Марат Мұқановтың соңғы кітабы оның 1957 жылы Ақтөбе, Қостанай, 1957 жылы Көкшетау, 1959, 1987 жылдары Шығыс Қазақстан, 1966 жылы Солтүстік Қазақстан облыстарына, 1980 жылы Орталық Қазақстанға барған, т.б. этнографиялық экспедициялары және әкесі Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясы мен белгілі шежіре жинақтаушы солтүстікқазақстандық Қаратай Биғожиннің еңбектеріне негізделіп жазылған. Оған қоса Рашид ад-Дин, Аристов, Левшин, Шоқан Уәлиханов секілді әйгілі шығыс ориенталистеріне сүйенген. Оның айтуы бойынша қазақта бірінші жазба түрде шежіре қалдырған кісі – Көшебе Таузардың баласы Дәулен батыр. Бұл – Толыбай сыншының әкесі. «Елім-ай» дастанын жазған атақты Қожаберген жыраудың (1683–1786 жж.) атасы.

Міне, осындай еңбекке сенбеуге болмайды. Осы еңбектен, орынды көп алмау үшін, тұқым қуалау тізбектерін ғана келтірмекпіз және мақсатымыз Сибанның шығу тегі болғандықтан, төменде аты аталған кісілердің басқа балаларын атамай, Сибанға тіке тартпақпыз. Сонымен шежірелер былай дейді. Қазақ (шын аты Әбілхайыр) – Жүзей – Жанарыс (орта жүздің атасы) – Ысмағұл қожа (бәйбішеден) – Ошыбай ата – (Керейдің ұраны болған) – Керей батыр – Арыстанбек –

Наурызбай – Ғали (Ашамайлы) – Үйшібай – Төбей – Тұрсынбай – Бекарыстан – Наурызбек – Халид – Хажығали – Бекімқожа – Али-мұхаммед – Фархад – Танаш би – Балға (үлкен баласы) – Сибан – (шын аты Әзім).

Сегіз серіден (Мұхамедканафиядан) жеткен шежіре бойынша Танаш би – осы күнгі біздің облыста тараған керейлердің атасы. Оның 19 баласының төртеуінен ғана ұрпақ қалған. Олар – Балға, Балта, Көшебе (бәйбішеден) және Тарышы (тоқалынан). Алғашқы үшеуі де Алтын Орда ханы Мамайдың, кейін Әмір Темірдің (Ақсақ Темірдің) әскер басылары болыпты. Ал Танаштың өзі Алтын Орданың Мамайдан бұрынғы хандарына және Мамайдың өзіне де кеңесші болып қызмет жасаған дейді әскер Кенжеғожин Сегіз серіден жеткен шежірелерге сүйеніп («Жұлдыз», 1999 ж., №2). Балта батырдан туған Әзімді жеңгелері қазақтың атын атамау дәстүрі мен «Сыйбала» деп, кейін еркелетіп «Сибан» деп кеткен. Кейінгі ұрпаққа осы атымен жетеді. Сибан туралы айтарымыз осы. Кейбіреулер оны Уаққа жатқызады. Ал, Марат Мұқановтың аталған кітабында Уақтың өзін жоғарыдағы тізбектегі Арыстанбектің үлкен баласы депті. Керей мен Уақтың бірге көшіп, жақын қоныстанып жүргендігіне және ертедегі тарихи мәліметтерде Уақ тайпасы аталмайтынына қарағанда осы дұрыс ұйғарым. Уақ намыстанбасын. Уақ батырларды көп туғызған тайпа.

Ендігі сөз Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің жеті атасы мен аналары жайында. Бұл жолы мен өз әкем Хамит Махмұтұлының айтқандары мен қалдырған жазбаларына, оның інісі Баязит Махмұтұлының мәліметтеріне және өзімнің естіп, көргендеріме көбірек сүйенемін. Оның үстіне Ғабиттің қойын дәптерінде жазылған «Адам ата даңқымен емес, өз даңқымен атақты болсын» деген сөзін ұстанамын да тек қана шындықты жазуға тырысамын.

Ғабиттің әкесі – Махмұт Кәжімбайұлы, шешесі – Дина Оңғарбайқызы. «Махмұт Кәжімбайұлы 65 жасында сенбі күні кешкі сағат 5-6-да қайтыс болды. Қазақша мешін жылы туған. Сиыр жылы қайтыс болды. 12.XII.1936 ж.» деп жазыпты әкем Хамит. Сонда Махмұт 1871 жылы туған, 1936 жылы қайтқан болады. Атам шағын денелі, көп сөйлемейтін, арабша оқыған, құраннан түсінігі бар, мәсі тігетін, қамшы өретін, аз уақыт ауыл старшині ретінде атқамінер болған кісі еді. Кескін жағынан оған ұқсайтыны менің әкем, ал Ғабит шешесіне көбірек ұқсайды, әсіресе ашу қысқанда, бірдеңеге ренжігенде кескіні ақ сұрланып кететін қасиеті. Шешесі Дина туралы әкемнің жазғаны: «Дина Оңғарбайқызы 80

жасында 11 февраль 1957 жылы дүйсенбі күні сағат 3 кезінде қайтыс болды. Жылы сиыр». Ендеше әжем 1877 жылы туып, 1957 жылы қайтыс болған. Әжемнің әкесі Оңғарбай деген кісі Обаған бойының арғыны, Ілияс Омаровтың әкелерімен ағайындас кісі екен. Арғы атасының аты Молдахмет. Әжемнің інісінің аты Әсерғали дейді Сәбит Мұқанов. Білетінім – шешесінің аты – Ділдә. Әжем де шағын бойлы, ауыл арасының өсек-аяңына мән бермейтін, кісіге сенгіш, аңқаулау. Ғабиттің аты шыға бастаған кезде оның шешесімін деп мақтанбайтын, қазақ дәстүрін мықты ұстаған адам еді. Ептеген юморы да болатын. Соғыс кезінде бір немересі (Амангелді Баязитұлы) «Біздің күш» деген пластинканы патефонға қойыпты. Әжем намаз оқып жатыр екен. «Ой, тәйір-ай! «Біздің қыз, біздің қыз» деп, намазымнан жаңылып қалдым-ғой» деп тұрып жатыр жайнамаздан. 1951 жылы ауырып Алматыға келді. Совнарком ауруханасына жатқан. Бір күні барсам «Осындағы першіл (фельдшер деген) «Клатай, Клатай» дей бергесін, Күләтай келіп қалды ма деп есіктен қарасам ешкім жоқ» деп күлді. Сөйтсе «Клатайы» глотай (дәріні) деген сөз екен ғой.

Бір қызығы, үлкен балалары (Ғабит та) әкесін «аға», шешесін өз атымен «Дина» деп атайтын. Кейін сұрастырсам, қазақ дәстүрі бойынша алғашқы балаларын атасы Кәжімбай бауырына салыпты ғой. «Неге жалғыз өзің Мүсірепов болдың, басқалары – Махмұтовтар?» дегенде маған айтқан Ғабиттің жауабы: «Мен Пресногорьковтағы орыс мектебіне барғанда фамилиямды сұрады. Фамилия дегенді білмейтін едім. Атаңның аты деп түсіндірді. Кәжімбайдың баласы болып жүргендіктен менің фамилиям Мүсірепов болып шықты».

Оқырмандар мен жазушылардан бір өтініш. Көп қазақ Махмұтты Мақмет деп, тіпті біреулер Мақымет деп те өзгертіп алып жүр. Қайсысы дұрыс, қайсысы қате деп дауласпай-ақ Ғабиттің өзінің жазуын және энциклопедияларға енген түрін сақтап, Махмұт делік. Орысшасы Махмуд. «Мағбуд» – араб сөзі, ибадат ететін зат, ал пенделерге Алладан басқаға ибадат қылуға болмайды. Ал, «Дина» көне еврей тілінде сот, әділдік дегенді білдіреді.

Ғабит Махмұтұлының атасы Кәжімбай (дұрысы Қажымбай болуы керек, себебі әжем кей жерде осылай атапты және «кажым» құрметті, сыйлы деген араб сөзі. Е.М.) Мүсіреповтің үлкен баласы. Әкемнің жазуы мынадай: «1927 жылы март айында Қажымбай Мүсірепұлы 80 жас шамасында қайтты». 1930 жылдарға дейін фамилиясын

Қажымбаев деп жазып жүрген. Ғабиттің інісі Баязит Махмұтовтың үй архивінде «Кәжімбай 1927 жылы 81 жасында қайтқан» деген жазу бар екен. Екеуін салыстырып, Кәжімбай 1848 жылы туып, 1927 жылы қайтыс болған дейміз. Әйелінің аты Мырзақыз, 1922 жылы қайтыс болған, төркіні Шұбарат Самай, Жалтыр ауылы, Шал ақын ауданы. Туған жылы, әкесінің аты белгісіз. 1943 жылдың наурызында Марьевкаға (Шал ақын ауданының бұрынғы орталығы. Е.М.) астық сатып алуға Ғабиттің ең кіші інісі әшімге еріп барғанымда сол Жалтырда тұратын атамның нағашы жұртынан қалған Бименде мен Хамза деген кісілерді көріп едім. 1999 жылы сұрастырсам солардан қалған жастар жөнді ештеңе білмейтін болып шықты. Кәжімбай момын шаруа адам болыпты. Ауыл үлкендері шапшаң, шалт қимылды адам еді, шөп шапқанда бел орақпен етігінің тұмсығын орып, шеберлік істесе қолын не пышақпен кесіп, не балғамен ұрып ала беретін еді дейтін. Домбыра тартса керек. Әкем Қажекең домбыра пернелерінің дұрыс орналасқанын мына әуенмен тексеруші еді деп, маған бір әуенді тартып үйретіп еді. Әлі құлағымда сол әуен. «Атаңның жасын берсін» деп ырымдап мен туғанда (1930 ж.) сол кісінің күпісінен көрпе жасап, оның бас жағына сол кісінің көрпесінің бас түймесін қадап, 3–4 жасқа келгенімде апамның (шешемнің) бір сауысқан тымақ жасап бергені есімде. Тіпті сол ашық көк түйменің түрі мен тымақ сыртының түстері әлі көз алдымда. Қазір 72-ге қараған маған сол ескерткіштер әлі де қуат беріп, ұлы атам жасаған 81-ге жеткізер...

Ғабит өзінің атасы туралы қойын дәптеріне мына сөздерді жазыпты:

Менің атам, Кәжімбай Мүсіреп баласы, бес уақыт намазды қалдырмай оқиды: Отырып-тұруын, оқитын дұғаларының бірін қалдырмай оқиды. Мен молдадан үш жыл оқығаннан кейін атамның оқитын дұғаларын тексерсем, бір дұға білмейді екен. Жығылу-тұрудың бес уақыт намазда қанша екенін біледі, неше рет қол жайып иек сипауды да түгел біледі, бірақ дұға түгіл, бір ауыз арапша сөз білмейді.

Дегенмен, атам намаз оқығанда мен атамның жүзіне ылғи қарайтын әдетім болды. Намаз үстінде атам керемет ажарланып кетеді. Атамның мұндай ажарлы, мұндай мейірімді, мұндай таза кескінін мен күнделікті бір көрген емеспін. Ол құдайға шын жалынып тұр, күнделікте қандай күнә жасап алғанын мойнына алып енді кешірім сұрайды. Соған бет алғанда-ақ, ол тазаланып, ажарланып кетті». (Күнделік, 17-б.)

Кәжімбай мен оның бәйбішесі Мырзақыз Елтінжалдан

1,5 шақырым терістікке қарай орналасқан Кәрікөң зиратында жерленген.

«Кәжімбайдың әкесі Мүсіреп Еламанұлы 1800 жылы туып, 1889 жылы қайтыс болған» – дейді Баязит Махмұтов. Есеней зиратында жерленген. Үлкен атасы Мүсірептің осы «Байдың ауылы» деп аталатын жердегі зиратта жерленгенін, оның басында өздігінен шыққан өзі жуан ақ қайыңның өсіп тұрғанын Ғабит «Ұлпанында» жазған ғой. Есеней мен Ұлпан да сонда жерленген. Мүсірептің екінші баласы Ботбай (1825–1913 жж.) сонда жатыр. Мүсіреповтің «Ұлпандағы» суреттемесін дұрыс деуге болады. Менің бала кезімде ел карияларынан естігендерім: «Жаксы, таза, елге сыйлы кісі еді.Ептеп батырлығы да болатын – бір жолы Наурызбай (Кенесарының інісі. Е.М.) куып әкеткен ел жылқысын басты айғырға міне сала шауып, Нұрбайдың сайынан шыға келіп, алдын орай елге бұрып, қайырып алып қалады. Сонда қасында тағы бір ер жігіт қана бар екен» деген сөздер ғана. Ал, Мүсірептің әйелінің аты Асылтас, Шынар емес. Шамасы Шынар Әсірептің әйелінің аты. Олай дейтінім – Әсірептен Бейсен туады, Бейсен қызының атын Шынар қояды. Ол кісі 1960 жылдары қайтыс болды. Сүйекті ірі денелі, ашық мінезді, бет-пішіні бір көруге әдемі, қызғылт жүзді адам еді апайымыз. Мүмкін сол кісінің аты ұнады ма жазушыға, кім білсін. Әйтеуір, «Ұлпанда» Асылтас әжеміз Шынарға айналып кетіпті. Мүсірептен ертерек қайтыс болған ол кісі де сол Есеней зиратында жерленген. Ол кісінің төркіні маған беймәлім.

Ата-бабалар тарихына бойлаған сайын нақты мәліметтердің азая беретіні түсінікті нәрсе. Мүсірептің әкесі Еламан Жолғұттыұлының қай жылы туып, қай жылы қайтыс болғаны біздің тұқымға нақты белгілі емес. Белгілісі ол кісінің қыстауы мен көлі, жерленген зираты мен әйелінің заты. Осындай жағдайларда этнографтар қолданатын бір ғасырда бір тұқымның 3 не 4 буыны өмірге келеді дейтін ережесін қолданып және басқа қосымша оқиғаларға сүйеніп қана туу жылдарын жуықтап анықтауға болады.

Еламанның қыстауы, зираты, көлі Петропавл–Қостанай трассасының бойындағы Светлое және Чапаевка селоларының аралығында, Сәбит Мұқанов ауылына 10 шақырымдай жерде, тарихынан белгілі «Горькая казачья линияның» Қазақстан бетінде жатыр. Ескі әдіспен орланып, оба салынып 50–60-тай адам жерленген. Бір оба өте биік болған секілді, оны біреулер қазыпты. Зираттың айналасы егістік. Зират дөңде. Алыстан зиратта өскен 3–4 қайың көрінеді. Дөңнің асфальт

трассасы бетіндегі сайда Еламанның қыстауы «қоянды ағаш». Қасында Есенейдің қыстауы. Дөннің келесі бетінде Еламан көлі. Аққу ұялайды екен. Қалың камыс басқан. Қасындағы Чапаевканың (қазақтар Исаевка деп бұрынғы атымен атайды) орыстары көлді ертеректе Еламановка десе де, қазіргі жастары «Лимановка» деп кетіпті. Осылай, қазақ бейқамдығы күннің ашығында тағы бір тарихи мұрамыздан айырмай тұрғанда, сол жерге бір ескерткіш белгі қойған жөн болар еді.

Марат Мұқанов Еламан Шақшақ бидің қызы Ханшайымға үйленген дейді. Ал, Шақшақ би (1740–1863 жж.) – Қожаберген жыраудың інісі Қарабастың немересі. Ханшайым Шақшақтың 3-баласы екен. Ол, қалмақтармен соғысқа қатысып, «Қыз батыр» атанипты жас кезінде. Ханшайымды әкесінің 35 жасында 1775 жылы туды, ал Еламанды одан бір 5 жастай үлкен деп жорысақ онда Еламан 1770 жылы туған болып шығады. Және бұл қисынға келеді. Себебі сонда Еламан өзінің екінші баласы Мүсірептен 30 жас үлкен болып шығады. Еламан кемінде 40–50 жасқа келгенде, 1810–1820 жж. тұсында, қыстау мен көл атына ие болған шығар. Ал қасындағы орыс селолары бұдан кейін 1891 жылы Ресейден көшірілген шаруалардың мекендері екендігі тарихтан нақты белгілі.

Сонымен, Еламанның туған жылын шамамен 1770 жылы деп, ал оның бәйбішесі Ханшайымды 1775 жылы туған деп есептейміз. Тегін адамға жер, көл аты тағылмайды ғой. Еламан да қалмақтармен қақтығыстарда әкесі Жолғұттымен бірге ерлік көрсеткен дейді жұрт. Жолғұтты да сол баласының атындағы зиратта жерленген депті Сәбит Мұқанов. Мүмкін зираттағы ең биік оба Еламанның немесе оның әкесі Жолғұттының қабірі болар...

Ғабиттің бесінші атасы Жолғұттыны Сәбит Мұқанов: «Осы жерде бір кілтипан бар, ол елінен қазақ даласына қашып келген түрікпен жігіті екен» деп, Ғабиттің ұлтын түрікменге айналдырып жібергені оқушы жұртшылыққа сонау 30-жылдардан мәлім. Біздің 4–5 үйлі ауылымызды түрікпен ауылы деп біздің елдің атайтынын мен де бала кезімде естігенмін. Ғабиттің өзінің «Ұлпандағы» екі Мүсірептің бірін түрікпен Мүсірап деп атағаны да белгілі. Мен ел қарияларынан сұрастырып жинаған және әкемнің 1969 ж. 24.XI-дегі шежіре жазбасынан алған мәліметтерімді жеткізгеннен кейін, Ғабит «Ұлпанның» 1975 жылғы 1-басылымына 1980 жылы мынадай өзгеріс енгізді, бұрынғы 113-беттегі: «Тіпті атам заманғы ертеден болса керек.

Бұлардың арғы аталары түрікпен екен» деген сөйлемді соңғы басылымда: «Бұлардың арғы аталары жаугершілік заманда колға түскен бір түрікпен қызына үйленіпті. Өзі батыр кісі екен. Ерте өліпті. Содан қалған жетімді ел «түрікпен» деп кетіпті» деп түзетті.

Марат Сәбитұлы Мұкановтың 1998 жылы басылып шыққан «Из исторического прошлого» деген кітабында бұл мәселе одан әрі айқындалады. Кіші жүздіктермен қосылып түрікмендермен соғысқан батыр жігіт біздің елде белгілі. Беспайдың 18 жасар тектес інісі Шыныбай екен. Шыныбай сол соғыста колға түскен түрікменнің бір бекзадасының қызына үйленеді. Оның аты Зульфия. Шыныбай мен Зульфиядан Құдайберген, Есет, Жолымбет, Бектімбай, Мендігерей деген бес бала туады. Әкесі, шешесі, өлген жас жігіт Жолымбет Сибан еліне, Беспай ағасына кетеді де, басқа төртеуі сол кіші жүз Беріш руы ішінде қалып қояды. Кім білсін, сол жақта да олардан тараған біздің Сибандар бар шығар...

Сонымен Ғабит Мүсіреповтің бесінші атасы түрікмен емес, қазақ Жолымбет. Бұл 60 жылдан кейін анықталған шындық.

Жолымбеттің кімге үйленгендігі беймәлім. Өзі батыр, өтімді жігіт болып өсіпті немере ағасы Бесбайдың қолында қалмақтармен соғысқа да қатысқан. Ел оны «жолы құтты Жолымбет» дейді екен. Содан қалған оның лақап аты «Жолғұтты».

Біздің елдегі қария Дінбайдың Ыбырай деген кісіден 1977 жылы 10.VII-де жазып алған шежіре бойынша Жолғұтты – Бесбайдың 9 баласының екіншісі болып саналады екен. Жолғұтты қайтыс болғаннан кейін оның әйелін Бесбай әлі үйленбеген бесінші баласы Тасболатқа қосады. Одан Қуат, Сәдір деген екі бала туады. «Ұлпандағы» Сәдір осы кісі. Сәдірден – Тұрсын, Қуаттан – Жүсіп, одан Шәймерден, Сұлтанғазылар. Осы соңғы аталғандармен біздің үйлердің өте жақын қатынаста болатындығының мәнісі осында екен. Бұрынғы қыстаулары да қатар. «Ұлпанда» да Сәдір мен Мүсіреп бірге. Сәдірдің жасы үлкенірек. Ғабиттің кіндік шешесі сол тұқымнан – Жүсіптің бәйбішесі Тойжан деген кісі. Осы айтылғандардың бәрі-бәрі үйлесімді келісіп, шындықты көрсетіп тұр-ау.

Жолымбеттен (Жолғұттыдан) Еламан, Жоламан деген екі бала туады. Жоламаннан ұрпақ қалмаған. Ілгеріде Еламанды 1770 жылы туған деп топшыладық. Олай болса Жолымбет (Жолғұтты) 1740–1745-жылдар арасында дүниеге келген болады. Көп жасамай, қырықтарға жетпей қайтыс болыпты.

Шамамен сол 1780 жылдың маңында. Жерленген жері Еламан зираты.

Ғабиттің алтыншы атасы Шыныбай, 6-анасы түрікмен бекзадасының қызы Зульфия екендігін ілгеріде айтып та кеттік. Бұған қосатынымыз төмендегілер: бірінші кіші жүзге барып дос болған батырлары Жайбасар мен Жауғашар Байғұлының Беріш руынан; екінші – төрт баласы сол ру ішінде қалған; үшінші – өзі балалары туғаннан кейін көп ұзамай қайтыс болған. Олай болса 18 жасында елден кеткен Шыныбай 20 жас шамасында үйленген, бес баланың әкесі содан кейін 10 жыл шамасында (әр балаға 2 жылдан берсек) 30 жасқа жетіңкіремей қайтыс болған: төртіншіден – жоғарыда біз Жолымбетті 1740–1745 жыл аралығында туған деп жорығанбыз. Жолымбет Шыныбайдың 3-баласы, яғни әкесінің 25–26 жасында туып отыр. Ендеше, Шыныбай 1715–1720 жылдар аралығында туған кісі болып шығады. Ал, қайтқан жылы 1745–1750 жж. Күйеуі қайтқаннан кейін Зульфия ақсақалдар рұқсатымен өзінің төркініне барса, түрікмендер оны жақсы қарсы алмапты. Ере барған баласы Жолымбетке сиыр бақтырып қойыпты. Көп ұзамай өледі. Сол себепті жетім Жолымбет бір топ тұтқынға түскен қазақ жігіттеріне қосылып елге қашыпты дейді Марат Мұқанов. Олай болса Зульфия шешеміз де шамамен сол 1715 жылы туып, 1755 жылы қайтыс болған деп ұйғарамыз.

Ғабиттің жетінші атасы Тоқпанбет туралы мәлімет тіпті аз. Марат Мұкановтың айтуынша ол Сибанның (әзімнің) 8-ұрпағы: Сибан-Хажы – Жаныбек – Майқы батыр – Есіл – Тау – Қортық – Қошқарбай – Тоқпанбет. Тоқпанбеттің екі-ақ баласы болған. Үлкен баласы Беспайдың атымен біздің Жаңажол төңірегінде он шақты көлдер аталыпты заманында. Мұндай үлкен құрмет ұрпағы көп тараған, елге сыйлы, қадірлі адамдарға ғана көрсетілетіні белгілі. Сол көлдер 1961 жылғы бір географиялық картада да солай аталған. Тағы бір қосарымыз Тоқпанбеттің ағасы Ақпанбеттен Сейіт туады. Сейіттен Естемес, Естеместен Есеней туады. Есеней (1780–1870 жж.) Шоқанның әкесі Шыңғыстан кейін оның орнына Құсмұрын, Аманкарағайда 1838 жылдан 1865 жылға дейін аға сұлтан болған қарадан шыққан алғашқы адамдардың бірі «Ұлпанның» геройы. Міне, Тоқпанбет туралы әңгімені осындай жанама мақтаулармен тәмамдаймыз. Өмір сүрген мерзімі шамамен алғанда 1690–1750 жылдар аралығы.

Сонымен, Ғабит Мүсіреповтің жеті атасының тізбегі мынадай. Тоқпанбет – Шыныбай – Жолымбет – Еламан – Мүсіреп – Кәжімбай – Махмұт. Міне оқып-біліп отырсыздар

жеті аталарының ішінде асқан әйгілі адамдар жоқ. Жаман атаққа іліккен, арын сатқандары да болмаған. Ғабиттің «Адам ата даңқымен емес, өз даңқымен атақты болсын» деген сөзі осыған да байланысты болар. Бұл әрі келешек ұрпаққа арнаған өсиеті де шығар... Кім білер енді оның ойындағысын.

Өмір деректері

Бұл мақала Ғабиттің «Автобиографиялық әңгімесіне» (1956 ж., орыс тілінде 1979 ж. шыққан), оның үлкен ағасы Хамит Махмұтовтың 1935 ж. және одан кейін жазып қалдырған мәліметтеріне, Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебіне» (1976 ж.), Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы шығарған Библиографиялық көрсеткішке (1994 ж.), Алматыдағы жазушының мемориалдық мұражайындағы құжаттарға және өзімнің тікелей көрген-білгендеріме негізделіп жазылды.

Ғабиттің әкесі Махмұт (1872–1936 жж.) – Қажыбай баласы, Мүсіреп немересі. Шешесі Дина (1877–1957 жж.) – Оңғарбайқызы.

Махмұт пен Динадан туған балалар: Хамит (1896–1970 жж.), Сәбит (1898–1939 жж.), Ғабит (1902–1985 жж.), Баязит (1904–1976 жж.), Хажым (1907–1912 жж.), Гүлсім (1910–1970 жж.), Әшім (1914–1992 жж.).

Ғабиттің бауырларының кімдер болғанынан қысқа-қысқа мәліметтер.

Хамит Махмұтов – ауылда хадимше және жадитше оқып хат таныған, совет заманында Қызылжарда әр түрлі мұғалімдік курстарды тауысқан, 1941 жылы Алматыдағы қазақ педагогикалық институтының сырттай оқу бөлімінің 1 курсына түсіп, соғысқа байланысты оқуы тоқталып қалған, 1917 жылдан 1961 жылға дейін осы облыстың қазіргі Жамбыл ауданына қарайтын Жаңажол, Богоявленка, орталық ауыл-селоларында мұғалімдік қызмет атқарған, 1961 жылы көпжылдық мұғалімдік еңбегі үшін Ленин орденімен марапатталған. 1923–1924 жж. ел төңірегіндегі Елтінжалда тұңғыш мектеп үйін салдырып, сабақ берген, Сәбит Мұқановтың сауатын ашқан бірінші ұстазы болған адам.

Сәбит Махмұтов – көп оқымаған, колхозды ауылда кілтші, бригадир болып жұмыс істеген кісі. Қайтыс болғанша қара шаңыраққа ие болып, әке-шешесін қолында баққан шаруа адам еді.

Баязит Махмұтов – көбінесе, Қостанай облысында МТС поли-

тотделін басқарған. Меңдіғара ауданы райисполком председателі болған, облыстық газет редакциясында істеген, өмірінің соңғы жылдарында Қостанай облыстық мұражай директоры қызметін атқарған адам. Ұлы Отан соғысының ардагері еді.

Гүлсім Махмұтқызы Жанғожина – бар өмірін мұғалімдікке арнаған, көпшілік уақытын өзінің туған ауылы Жаңажол мектебінде, біраз жылдар бұрынғы Көкшетау облысындағы қызылту ауданында еңбек еткен еді. Мұғалімдік қызметі үшін Еңбек қызыл Ту орденімен марапатталған. Қолынан шыққан көп оқушыларының бірі Ермек Серкебаев құттықтау телеграммасын жіберген сол жолы.

Әшім Махмұтов – Алматыда ҚКӘБ-тың (Қазақстан көркем әдебиет баспасының) жауапты корректорлық, 30-жылдардың ішінде Новосибирскідегі татар-башқұрт тіліндегі баспада Ғабиден Мұстафинмен қатар жұмыс істеген, соғыс басталған 1941 жылы елге – Жаңажолға келіп, қара шаңыраққа иелік еткен кісі. Шеберлік, ұсталық қызметтер атқарды. Ғабиттің 90 жылдық юбилейі жылы 24 мартта дүниеден озды.

Енді Ғабиттің тікелей өзі жайында алдымен өзіне сөз берейік, «Автобиографиялық әңгімесінің» орысшасында («Рассказы разных лет», «Жазушы»,А.А. 1979 ж.) «Менің туған жылым астрономиялық дерлік дәлдікпен анықталған. Сеніңіз, сенбеңіз, салыстырмалық теориясы бойынша деуге болады сонда қолданылған әдісті: оң көзі соқыр жирен атты қасқыр талаған жылғы күзден кейін көктемде күн мен түннің теңелетін, сиыр жылын барыс жылынан айыратын күні мен дүниеге келіппін. Қыс әлі кетпеген, көктем әлі жетпеген. «Наурыз» екен. Анық емесі бір ғана жағдай: бала күн шыққанша туды ма, кейін бе? Егер сиыр жылына жатқызсаң, онда бала келешекте шеті көрінбес сиыр табындарына қожа болып, өмірі қайырлы тоқтықта өтеді екен. Барыстың қоластына жіберсең – ол да жаман болмас – кім оған жүрегі батып шабуылдар алдымен!» (Осы сөздердің қазақшасы болмаған соң, орысшадан аударған мен. Е.М.) XX-ғасырдың бертінгі 40-жылдарына дейін ауыл арасында қазақ баласының туған күні мен жылын тап осылай анықтайтын. Тіркеу қағаз да жоқ, мөр басылған куәлік құжат та жоқ. Мықтаған қазақ жылдың, айдың, баласының аттарын Құранға жазып қояды екен. Революциядан кейін Құран да жоғалды ғой...

Қазақтың ескі әдісін өзіне тән жұмсақ ирониямен суреттеген Ғабит, кейін анасының айтқаны мен ағасының жазғандарына сүйеніп, өзінің туған күні – 22 наурыз, 1902 жыл деп кетеді. Осы күн оның 100 жылдық мерейтой жылының бірінші күні болып аталмақшы.

Көзі қарақты, кәрі құлақ, зердесі мықты кейбір оқушы азаматтар бұрынғы латын әрпімен жазылған әдебиет оқулықтарында «1901 жылы 8 мартта туған» деген жазуларды да кездестірер. Бірақ, олар сиыр жылының 1901 жылдың 22 мартынан 1902 жылдың 21 мартына дейін созылатынын да білер...

Ғабит Мүсіреповтің туғанда азан шақырып қойған аты Ғабдул-Ғабит екен. Осы екі сөздің біріншісі «абд ұл», қазақша оқығанда «ғабд ұл» болып естілетін, араб тілінен аударғанда «құдайдың құлы» деген ислам дінін қабылдағандардың барлығына ортақ атақ, тіпті міндетті атақ. IX ғасырдан бастап ислам діні қазақ арасында тарайды. Содан қазақтың кісі атауларына осы сөздің Қабдал, Ғабдулла, Абдолла, Әбділда, т.т. секілді варианттары кіре бастаған. Ал, «Ғабит» «аллаға тағзым етіп, табынушы, діни қызметші» деген ұғымды білдіретін араб сөзі. Міне, осылай дейді Ислам энциклопедиялық сөздігі (орыс тілінде басылған), Халифа Алтайдың «Құран кәрімі» және Т. Жанұзақовтың «Есімдер сыры» атты кітабы (Алматы, «Қазақстан», 1974). Ертеректе Б.Ғафуровтың «Этимология имен...» деген еңбегінен Ғабит – қуаныш, сүйініш мағынасын білдіретін сөз дегенді де оқыған сияқтымын.

1927 жылы әліби Жангелдин мен Сәкен Сейфуллиннің рекомендациялары бойынша партия қатарына енген. Мүсіреповтің есімінің алдындағы «Ғабдулдың» түсіп, жалаң «Ғабиттің» қалғаны және ол сөздің мазмұны енді түсінікті болар оқушы қауымға.

Білгеннің артықтығы болмас: «Хамит – мақтаулы, мақтауға лайық, зиянсыз, қауіпсіз» деген, Алла тағаланың 99 қасиетінің біреуін білдіретін араб сөзі; Сәбит – иран (парсы) сөзі, тұрақты, мықты, берік, табанды, тайсалмайтын – деген мағыналы сөз; Баязит түркі тіліне өзгеріп кірген «Абу язид» деген араб сөзі. «Абу» – әке, «язид» – ерекше, Әшім арабтың «Хашим» деген сөзінің қазақша өзгерген түрі, мағынасы – қадірлі, құрметті.

Аз ғана сөз жазушының туған жері жайында Ғабиттің нақты туған жері осы күнгі Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл ауданына қарайтын Жаңажол ауылының шығыс-терісітігінде 2–3 шақырым жердегі ұзын жал ағаш – Елтінжал, дәлірек айтқанда сол ағаш ішіндегі біздің «Төрт үйлі түрікпеннің жаңа қыстауы» дейтін. Осы Елтінжалға 1840 жыл шамасында көшіп келген аталарымыздың «ескі» және «жаңа» деп аталатын екі қыстауы болған. Сол жаңа қыстаудағы Ботбай үйінде 1901 жылы (1900 емес) Сәбит

Мұқанов дүниеге келген. Оның кіндік шешесі менің әжем – Дина. Содан бір жыл кейін – Ботбай үйінен 40–50 метрдей жердегі Кәжімбай үйінде Ғабит Мүсірепов дүниеге келді. Оның кіндік шешесі ағайындасы Жүсіптің бәйбішесі Тойжан деген кісі екен. Сол жерде 300–400 метрдей шығысқа қарай біздің ескі қыстау, одан әрі 200 метрдей жерде сол маңайдағы 5-6 ата Сибан ауылдарын жалғастыратын ескірген «күрең жолдың» шығыс жақ жиегіне 1923–1924 жылдары Ғабиттің үлкен ағасы, Сәбиттің тұңғыш ұстазы болған Хамит Махмұтов салдырған сол төңіректегі ең бірінші мектеп үйінің орны бар. Қазірдің өзінде сол мектепте 1926 жылы оқыған 80-дерден асқан Мұқалы, Үміт, Сағит дейтін кісілер бар. Солар тірі куәлар.

Сол Елтінжалдың шығыс шетінде Есенейдің екі баласы Аманжол мен Мықи жерленген зират бар. Ал, бергі батыс ұшында Біржан салдың аталарының зираты бар. Соның қасынан Есеней – Сибан ауылдарының жайлауға көшер жолының ескі сүрлеуі өтеді. Елтінжалды Ғабит Мүсірепов жайдан-жай лақап аты (псевдонимі) ретінде алмаған шығар – өзінің алғашқы фельетондары мен мақала-очерктерінің біразына «Елтінжал» деп қол қойған ғой. Ғафу Қайырбеков оған арнаған кітабын «Елтінжал» деп атаған.

Міне, осындай тарихи орманды соңғы жылдары орманшылар отынға беріп құрта бастаған. Өзінің қарнынан асып басқаға көзі жетпейтін жергілікті тоғышар бастықсымақтар Елтінжал тарихы түгіл, сол Елтінжалдан 1930 жылы көшіп барып, Жаңажол колхозын құрғандардың ұрпақтарының, келешегін былай қойғанда, бүгінгісін де ойламайды.

Осы айтылғандарға байланысты менің екі ұсынысым жоғарғылардың құлағына жетсе екен деймін: біріншісі – екі ұлы жазушымыз дүниеге келген, сол төңіректегі тұңғыш мектеп салынған осы орман ішінен бір қолайлы жерге, аса қымбат емес болса да, бір ескерткіш қойылса, тым болмаса жидек теруге барған балалар, шөп шабуға, отын-бұтақ жинауға барған ересектер оқып, көріп, ойға қалар ма екен, шіркіндер; екіншісі – Елтінжал ағашын тіпті осы ғана емес, сол маңайдағы ел тарихына байланысты орман-ағаштарды қорғау қажет! Бұл тіпті тарих, тәрбие үшін ғана емес, ең алдымен денсаулық үшін де керек.

Осы күні кейбіреулер Ғабиттің туған жерін «Ғабит ауылы» немесе «Мүсірепов кеңшары» дейді әлі күнге. Осылай аталатын заңдасқан ауыл бар ма? Сондықтан айтқысы келетіні Жаңажол.

Мен Ғабиттің өз ойын айтайын: ертеректе ауылдағы құрдастары мен арқылы Ғабитке сәлем айтатын: «Ел тозып барады, ауылға, ана Сәбитке ұқсап, өзінің атын қойғызсын» деп. Ол кісінің сондағы жауабы: «Жаңажол» жаман атау емес, жаксы атау. Жаманы өздеріңсіңдер. Атын өзгерту тіпті қажет болса, Ұлпанның атын қойсын». Уақытында мен осыны ауылға жеткізгенмін. Осы облыстың ат қоюға «шеберлігін» естіп-біліп жатырмын: бір аудандағы бір мектепте сол мектепте оқығанынан басқа қатысы болмаған бір адамның атын қойыпты. Марқұм иманды болсын. Жаман адам емес еді. Ал, сол мектепте көп жылдар сабақ берген, елге белгілі ұстаздар бар еді ғой... Тап солай біздің Жаңажол да өз мектебіне Ғабит Мүсіреповтің атын сұрап алған ба қалай? Ғабитке осындай атақ сәйкес пе еді, ағайын? Ауылынан адамдар күн көре алмай көшіп жатқан бұл күнде 119 ғана оқушысы қалған орта мектеп Мүсіреповтің кейбір жаксы атағын шығара қояр деймісің. Мүмкін жөндеу жасалынып, жылу берілер. Ол қаншаға созылады. Ғабиттің 90 жылдығын, сондағы асығыс салынған «құрылыстардың», соның ішінде Мұражай мен Мәдениет үйінің кешегі мен бүгінгісін салыстырсаң, әңгіменің ат, атақта емес, жаңағы Ғабең айтқан «Жаңажол» жаман, емес, жаңажолдықтардың жаман екендігі дәлелді шығады. Менің ойымша сол ауылда өзгертетін екі-ақ нәрсе бар. Бірі – «Жаңажол» немесе «Жаңажол» демей, «Жаңа жол» деп дұрысын жазу. Бұл жеңілі. Ауыры – сол Жаңа жол» тұрғындары өз ауылының патриоты болу керек. әкімдер – бір күндік, ал халық – мың жылдық екенін ұмытпаңыздар, менің қымбатты жерлестерім. Олар бүгінгіні ғана ойласа, сіздер келешекті де ойлаңыздар! «Балам, саған айтарым» осы сөз. Келіндер де ойланар...

Ғабиттің алғашқы мектептері

Мектеп – мұғалімнің басшылығымен жас ұрпаққа білім беріп, тәрбие мәселелерін жүзеге асыратын оқу-тәрбие мекемесі ғой осы күнгі біздің түсінігімізше.

XX ғ. бастапқы ширегінде біздің солтүстік қазақ даласында осы күнгі мағынадағы мектептердің болмағаны мәлім.

Ғабиттің тұңғыш мектебі – өз ауылындағы молданың алды. Ескі «қадим» әдісімен сабақ берген сол молдадан өзінің жазғанындай «үш жаз, екі қыс» оқып, араб грамматикасының «ми қатырарлық» ережелерін жақсы оқушылар қатарында игеріп, қазақ айтқандай «хат танып» шығады. Көптеген киссаларды заулатып оқитын дәрежеге жетеді. Олардың

біразын жаттап та алыпты. «Ескі «қадимше» оқығанда араб әліппесінің жиырма тоғыз харпының әрқайсысы 8–9 түрлі өзгеріп 232-261 дыбыс болып шығады» – деп жазады. Құран кітаптары осы ескі қадимше жазылған ғой. Ғабит құранды жап-жақсы оқып, ептеп түсіндіре алатын. Оның үйінде қайын бикесі Мәриям әпкайдан сұрап алған, Қазанда басылған, шағын форматты құран 40-жылдарға дейін болушы еді... Ал, жаңа оқу жадиті, яғни еуропалық білім алу жүйесіне бағытталған, араб грамотасын немесе оқып-жазу деңгейіндегі білімнің жаңа дыбыстық әдісін, – Ғабит өз бетінше үйренеді.

Ғабиттің ауыл молдасынан оқып – «тіл сындырып», хат таныған уақыты 1908 жылдың көктемі мен 1910 жылдың күзі аралығындағы «үш жаз бен екі қыс».

«Содан кейін мен не ескіше, не жаңаша, қазақша оқыған емеспін» – деп жазады Ғабит «Автобиографиялық әңгімесінде» (алғаш 1956 жылы басылған 3 томдығында).

Ғабиттің екінші мектебі – Обаған өзені бойындағы нағашы жұрты ауылындағы белгілі педагог Бекет Өтетілеуов сабақ берген «Двухклассное начальное училище». Оқыған уақыты – 1916 жылдың декабрінен 1918 жылдың жазына дейінгі аралық. Оқу орыс тілінде. Бұл шамасы осы күнгі қостанай облысы Урицкий ауданына қарайтын, кейінірек атақты «қара оба» мектебі салынған ауылдағы училище.

Қазақша «мектепті» де мектеп, «училищені» де мектеп деп жүрген осы шақта, сол училищенің ерекшеліктері жайында, Ғабиттің одан алған білімінің деңгейін білдіру мақсатында көпшілік біле бермейтін 4 томдық «Педагогикалық энциклопедиядан» алынған мәліметтерді қысқа түрде келтіремін. «Двухклассное начальное училище» («Екі сыныпты бастауыш училище») – оқу бағдарламасы жеткілікті түрде күрделі, оқу мерзімі 5–6 жылдық, Ресейде XIX ғ. 70 жылдары ашыла бастаған, көбінесе ұсақ қалалар мен ауылды жерлерге арналған, жастарды өмір тіршілігіне тез дайындауға бейімделген жан-жақты бағдарламасы бар оқу орны. Ол кезде қазақтар да Ресей қол астында болғанын ұмытпаңыздар. Училищенің бірінші үш жылын оқығанда 1-сыныпты, қалған үш жылын оқығанда 2-сыныпты бітіргендер болып саналатын. Осындай училищелерде негізінен орта шаруа, ұсақ саудагерлер мен ремесленниктердің балалары оқып, орыс тілі, арифметика (бөлшектер, прогрессиялар, пайыздар), сызу геометриясы, табиғаттанудың алғашқы түсініктері, физика, геометрия, сызу пәндерінен білім алып шығатын болған.

Ғабит, екі оқу жылына жетіңкіремейтін уақыт ішінде (1916–1918 жж.) сол училищенің алғашқы үш жылдық программасын игеріп, 1-сыныбын бітірді деген атақ алып шығады. Міне, осы кездерден бастап білімнің бірқатар салаларынан Ғабиттің хабары болады.

Ғабиттің үшінші мектебі – осы күнгі Қостанай облысы Ұзынкөл ауданына қарайтын Пресногорьков станциясындағы «Высшее начальное училище». Оқыған уақыты 1918–1921 жылдар арасындағы үш оқу жылы. Бекет Өтетілеуовтің жолдамасымен осы училищенің 2-сыныбына 1918 жылдың күзінде түскен Ғабит, 1921 жылдың жазында оның 4 жылдық оқу программасын толық игеріп, оқуын бітіреді.

Ілгерідегі секілді, осы училище жөнінде де қосымша мәлімет береміз. Бұл 1912 жылы 25 июньде шыққан Ереже (Положение) бойынша бұрынғы 3–4 сыныптық қалалық училищелердің орнына жаңадан құрылған 4 сыныпты, әр сыныпта бір жылдық оқу курсы бар, өзінің аты айтып тұрғандай, бастауыш училищеден бастауыш мектеп не училище бітірген орта байлығы бар қала адамдарының 10–13 жасқа толған балалары қабылдануға тиіс екен. Онда дін сабағы, орыс тілі мен әдебиет,арифметика мен алгебра, геометрия, география, Ресей тарихы және әлемдік тарихтан мәліметтер, табиғаттану мен физика, сурет салу мен сызу, дене шынықтыру сабақтары өтілуге тиіс. Бұл училищені бітіргендердің мұғалімдік семинарияларға немесе техникалық училищелерге түсуге құқығы болған. 1916 жылы Ресей империясы жерінде осындай 1573 училище болған.

1922 жылдан бастап Пресногорьков училищесі 7 жылдық мектепке айналды.

Ғабит Мүсірепов: «Пресногорьков жоғары бастауыш мектебін әлі күнге дейін алғыспен еске алам. Орыс тілі, орыс әдебиетін ұғындыруға аса бір ұқыптылығы бар еді. Суффикс, флексияларға екі жыл бойы тілім келмей қойғанда (осының алдындағы Бекет Өтетілеуовтен оқыған екі жылды айтады. Е. М.), сол дөкір тілді еріксіз икемге келтірген, түріне тілім келмесе де мағынасын терең ұғындыруға жанын салған оқытушыларымды алғыспен еске алам. Үйрене алмаған өзім кінәлы, ол мектеп етік тігу, есік-терезе жасау, кірпіштен үй салу өнерлерін де үйретіп еді. Бір жағынан әрі шайқалмаған ескілігі болса, екінші жағынан жаңалыққа да жатсырай қарамайтын», – депті өзінің «Автобиографиялық әңгімесінде». Қандай жылы сөздер. Бұл сөздер сол ұстаздарына деген алғысы ғана емес, училищенің білім беру деңгейінің суреттемесі де. Әркімдер-ақ талай

қиыншылықтар мен қызықтарға толы 35-40 жылдан кейін өзінің алғашқы оқыған жерін және ұстаздарын осылай еске алсын! Пресногорьковтағы ұстаздарынан аттары Ғабиттің есінде қалғандары көп емес училище директоры Михайлов, дін сабағының мұғалімі – поп Малиновский, орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі, Ғабиттің жазушылық жолына тұңғыш бағыт сілтеп, жігер берген аса қымбатты – Сильвия Михайловна ғана.

1960 жылдарға дейін біздің колхоз «Жаңажол» қараған аудан орталығы болған Пресногорьковка туралы Ғабиттің өміріне байланысты тағы бір-екі қосымша мәлімет. Ғабит алғашқы кездегі қысқаша өмірбаяндарында өзінің туған жері ретінде қостанай облысы Пресногорьков ауданын көрсететін. 1999 жылы мен сол Пресногорьковкаға арнайы бардым. Барсам менің бала кезімде көрген екі этажды Ғабит оқыған мектеп 1959 жылы өртеніп кетіпті. 1861 жылы бөренелерден салынған үй екен. Қасында шіркеу, одан жарты шақырымдай жерде оқшау тұрған аудандық аурухана болатын еді. Ескі мектептің орнында 1982 жылы салынған үлкен жаңа мектеп. Өздері сұрап осы мектепке, алғашқы шәкірттерінің бірі, Ғабит Мүсіреповтің атын 1989 жылы қойғызыпты.

Бір бөлмесінде арнайы мұражай. Мен оларға Алматы мұражайынан алған 10 шақты кітап, 5–6 фотосуреттерді апарып бердім. Осындай игі істердің бастаушысы – сол мектептің завучы Винниченко Сергей Николаевич маған бірталай тарих айтты. Сол жолы бұрын белгісіз тағы бір мәлімет алдым: Ғабит оқыған тұста математикадан сабақ берген жалғыз мұғалім Меринова Татьяна Дмитриевна деген кісі екен. 1898 жылы туған, қыз күніндегі фамилиясы Беляева, 1917 жылы қорған қаласында 2 жылдық педучилищені бітірген кісі. Пресногорьковкаға байланысты басқа да әңгімелер естідім Сергей Николаевичтен...

Енді, осы Пресногорьковтағы оқу жайлы жазғанымды аяқтай келе, Ғабит туралы тағы бір тың мәлімет берейін. Үлкен ағасы Хамит 1970 ж. қайтыс болғаннан кейін, Ғабит мені кісі қатарына қосып, ана-мына әңгіме айтып, ата-бабаларының тарихы туралы біліп келуге тапсырмалар беретін болды. Сол кезде әлі көзі тірі Бейсек, Дәйкөш, Жұрымби, т. б. сияқты ел қарияларынан естіген, бұрынғы Сәбит Мұқановтың бүкіл елге жайған «түрікпен Жолғұттының» түрікпен емес, қазақ, бірақ түрікпенге жиен екендігі, Мүсіреповтің де сол Ұлпан жерленген Есеней зиратында, ал Кәжімбайдың Кәрікөңдегі зиратта жатқанын айтып келгенмін.

Сөйтіп, Ғабит Мүсірепов Пресногорьковтағы жоғары бастауыш мектепке (училищеге) шамасы 1918 жылдың қыркүйегінде түсіп, 1921 жылдың маусымында бітіріп

шығады. әрі тарихи өткен оқиғалардың мерзімдік тізбегін сақтау, әрі төңірегінде болып жатқан істерге Ғабиттің бейжай қарамайтын қасиетін көрсету мақсатында екі-үш әңгімені қыска түрде болса да баяндай кетейік.

Солардың біріншісі туралы Ғабит «1921 жылға карай біздің жакта Колчактың жұмысы біткен. Бірақ әлі өткенді көксейтіндер бар болатын. 21-дің көктемінде Совет өкіметіне карсы ак бандылар көтерілісі бұрк ете калды. Сол Пресногорьков мектебінің кару-жарак ұстай алатын ересектеу 9 баласы Дмитрий Ковалевтің басқаруындағы «Акмола губерниясы партизандарының оң жак тобы» деп аталатын отрядка қосылдық та кеттік. Ұзамай бандиттер көтерілісі күшпен басылды. Үш айдан кейін біз мектебімізге кайттык. Осы еңбегімізді бағалаған мектеп дирекциясы бізден мемлекеттік экзамен орнына шығарма жазғызумен канағаттанды» деп жазады өмірбаяндык әңгімесінің орысшасында. Сол жолғы сапарынан үйде калдырған қызғылт түсті әскери ер, былғарымен тыстаған ердің үстіне салуға лайыкталып тігілген жастык, калың, жалпак тартпа кайысты ес білген шағымда мен де көрген едім.

Екінші әңгіме оқуын бітіріп елге келген Ғабит жайында 5 жылдай сыртта оқуда жүріп, есейіп, ер жеткен 20-ға караған оны: «Төңіректегі болыстык, ауылдык кеңестерді баяғыша байлардың балалары билеп отыр. Совет өкіметі не үшін орнады?» деген орынды сұрак мазалайды. Сөйтіп, ауылда мұғалім болып жүрген Есім Досполовтың бастауымен, кастарында тағы белсенді үш жігіт бар, бесеуі осы жайды «өзгертуге» аттанады Таузар болысының орталығына. Бұл Сәбит Мұканов Мәриямға үйленерде карсы болып, бүкіл Балуан көшені басқарып келген Досполов. «Бірак өзіміз де заңсыз кимылдадык. Жарты сағаттың ішінде бұрынғы болыс, военком, оқу бөлімі, жер бөлімі сияқты мекемелерді басқарып отырғандарды түгел орындарынан түсіріп бәрін де өз колымызға алдык. Орталыкты көшіріп, баска елге апарып орналастырдык... Мен военкомдыкты калап алдым.. Бір кызығы, біздің заңсыздығымызды облыс орталығы сөккен жок, бекітіп берді» дейді Ғабит өзінің «Өмірбаяндык әңгімесінде».

Ғабит Таузар болысының военкомы болып 9 ай жұмыс істейді. Бұл шамалағанда 1921 жылдың тамызы мен 1922 жылдың мамырының аралығы. Осы кызметте жүргенде Ғабит Сәпі дейтін байдың Қаншайым атты жас келінін алып кашып үйленіпті. Қаншайым көшебе Андамас деген байдың кызы екен. Осы кісімен Ғабит 1923 жылдың күзінде

Орынборға оқуға кеткенше 1,5 жылдай тұрмыс құрыпты. Бұл туралы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебінде» жазды. Осы мәселені өткен жылы шыққан тағы бір кітапта қайталапты ауылдағы Ғабит мұражайының директоры болған Айдарбек Аткелтіров деген кісі. Ғабиттің өзі осы бір, менің ойымша, «жастық-мастықпен» жасаған қылығы туралы үндемейтін. Менің шешем Рәзия Мырзахметқызы сол абысыны жөнінде «Жаксы адам еді. Жылай-жылай кетті Қаншайым төркініне» деуші еді. Бір жолы Ғабиттен: «Сұлу кісі ме еді? Неге алдың? Неге ажырастың?» – деп сұрағанымда, «Онша сұлу емес. Жай өңді ғана болатын» деп қысқа жауап қайырды маған. Ол кісіден туған Ғабиттің ұрпағы болған емес. Кейінгі тағдыры маған белгісіз осы бір жан жөнінде жазбай-ақ қойсам да болатын еді. Бірақ жаңағы кітаптарды оқығандардан сұрақтар түсе береді. Сондықтан осы бір шындықты жасырмай, өзімнің естіген-білгендерімді қосып отырмын. Егер сол кісіден тараған көзі тірі ұрпақтар хабарласса, туысымдай қарсы алар едім оларды. Хабарласуға ұялғандарына бақытты ғұмыр тілеймін.

Осы жерде біржола айта кетейін. Ғабит еш уақытта әке-шешесін, аға-інілерін тыңдап, үйленіп-ажыраспаған. Әр жолы өз ақылын, өз жүрегін ғана тыңдаған адам. Бұл да оның ерекше бір мінезі еді...

Совет өкіметінің алғашқы кезеңінде жергілікті үкімет билігі жиі өзгерістерге ұшырайтын. Болыстық военкомдар жойылып, орнына іріленген болыс-аралық военкомдар құрылған кезде жұмыссыз қалады да, «қылыш, мылтықты ұнататын» Ғабит милиция жұмысына араласады: Жекекөлде (Благовещенкада) орналасқан бірнеше ұсақ қазақ болыстары қарайтын аудандық милиция начальнигінің орынбасары болып тағайындалады. «Ел мені «Ғабит – орынбасар» деп атай бастады. Төрт жарым айдан кейін ол қызметке қызықпай қоштастым» дейді өзі. Бұл уақыт 1922 жылдың маусым-қазан айларының шамасы. Содан кейін ол 1 жылға жуық қызметсіз елде жүреді де, білімін одан әрі көтеруді және Қазақстанда болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды сол кездегі астанаға барып жақыннан танысуды мақсат еткен. Ғабит Сәбит Мұқановқа еріп Орынборға кетеді 1923-тің күзінде.

Орынборға барып рабфакка түседі. Бұл Ғабиттің төртінші мектебі болатын.

Рабфак («рабочий факультет») – РСФСР Халық Комиссарлар Советінің 2/VIII 1918 жылғы декреті бойынша жоғары оқу орындарына түскісі келетін ересектер үшін ашылған арнайы оқу орны еді. 1921/22 оқу жылынан

бастап рабфактағы күндізгі оқу мерзімі 3 жылдық, кешкі оқу мерзімі 4 жылдық болып бекітілген. Апталық оқу мөлшері күндізгісінде – 30-32 сағат, кешкісінде – 20 сағат болатын. 1940 жылы рабфактар жабылып, 1970 жылдан бастап «Дайындық бөлімі» («Подготовительное отделение») деген атпен бір жылдық оқу курсы ретінде қайтадан ашылды. 1970–1976 жылдары арасында мен Жамбыл қаласындағы (қазіргі Тараз) «Су шаруашылығы және құрылыс институтының» жанынан ашылған осындай оқу орнының деканы болып қызмет атқарған едім.

Бұрын 5 жыл орысша оқыған Ғабитқа рабфақта оқу қиын болмайды. Үш жыл оқып 1923-1926 жылдары рабфакты жақсы бітіреді.

Сол кезде рабфактың директоры Шейнессон деген кісі екен. Сол кісінің баласы Саша Шейнессон менімен бір факультетте оқып, 1950 жылы бұрынғы КазГУ-дың физматын бітіріп кетті.

Орынбор рабфағын бітірер жылы Ғабит үйленеді. Таңдағаны сол қалада педучилищені бітіргелі тұрған, 1904 жылы туған құсни Мұстафақызы Ягофарова деген кісі. Түбі – Орск татары. 1926 жылдан 1964 жылға дейін отасқан ол кісіден Энгелина, Роза, Ақмарал, Райхан атты төрт қыз туды. Бұл күндері бары жалғыз Энгелина (1927 жылы Омск қаласында туған). Мектепте оқып жүрген кезінде жастай қайтыс болған Ақмаралдан басқасынан ұрпақтар бар. 1964 жылдың май айында қайтыс болған Құсни шешеміз сол Ақмаралының жанында Алматының бұрынғы Ташкент трассасы бойындағы үлкен зиратта мәңгі ұйқыда. Мені «балам» деуші еді, мен оны «мама» деп шын жүрегімнен атайтынмын. Біз үй болғанда Мәскеуден 1957 жылы арнайы әкелген ыдыс-аяқтары, дастарқандарын, балаларға арналған одеялдарды келіні Бикен (менің бәйбішем) осы күнге дейін қымбатты ескерткіш ретінде сақтап келеді. Өзі қайтар 1964 жылы Ғабит екеуінің Орынборда 1926 жылы түскен суретін балаларының бәріне көбейтіп, таратып берген еді. Үйде сақтаулы, заты татар демесең, ол кісі қазақ дәстүрін қазақтан кем білмейтін.

Елден шал-кемпірлер келерде, солардың дене шамаларын менен анықтап алып, екі-екіден көйлек-дамбал, шапан, бөрік, кебіс-мәсі сатып алып, әрқайсысына бір чемодан алып, ауылға – үйіне апаратын, шай-қанттары мен өрік-мейіздеріне дейін дайындаушы еді, қайран Мама. Ол кісі білімді, мықты психолог, қонақ күтуді, бала тәрбиелеуді жақсы білетін, жазушы және серілігі мол Ғабиттің үстіне шаң жуытпай

баға білетін, оның көңіл-күйін тез аңғаратын өте ақылды еді. Пісірген тамағы қандай дәмді болушы еді. 1950 жылы білем, Мұхтар Әуезовтің осы күнгі мұражай болған үйінде, Үкіметтің тапсырысы бойынша болар, Англиядан келген қонақ – Бейбітшілік лауреаты Моника Фелтон ханымды күтетін болыпты. Ол кездегі үлкен жазушылар өте ұйымшыл болушы еді. Бәрі жабылып, біреуі бесбармақ (мүмкін Мәриям апай болар), екіншісі бауырсақ, тағы біреуі ірімшік дегендей, әйтеуір ағылшын қонақты қазақ дастарқанымен таныстырып жіберуді ойластырған. Сол жолы Мама чак-чак дайындап еді. Сол чак-чакты мен көтеріп апарып, қонақтарды есіктен ғана сығалап көріп едім. Біраздан кейін телефон шылдырлады. Чак-чак қонаққа қатты ұнап, рецепті сұраған екен. Сол рецептіні ағылшын тіліне аударып жазуға қиналғанымыз есімде қалыпты...

Құсни маманың осындай қасиетті кісі екендігін өз замандастары Сәбит Мұқанов, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Қалыбек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов сияқты көптеген әйгілі адамдар аузынан тастамайтын. Тіпті Ғабиттің одан кейінгі үйленген әйелі Рая Мұхамедиярова да мойындапты өзінің бір естелігінде. Аса бір баса айтатын нәрсе – Құсни шешеміздің Ғабиттің «Ғабит» болып елге-жұртқа, Кеңес Одағына жаңа таныла бастаған алғашқы кездегі, 1937 жылы партиядан шығарылып, 18 жыл бойы шеттетіліп ұсталған кезінде Ғабитке серік бола білгендігі. Осыдан болар, мен Ғабиттің кейінгі әйелдері жөнінде жазбаймын енді...

Орынбор рабфагының Ғабитке бергені көп. Мен білім алып, үйленгенін ғана айтып отырған жоқпын. Рабфакта Ғабит Сәкен Сейфуллинмен, Бейімбет Майлинмен танысады. Оларға деген Ғабиттің құрметі өз жүрегінде өмірі бойы сақталды. Рабфакта оқып жүргенде Ғабиттің тұңғыш повесі «Тулаған толқынданын» алғашқы варианты «Теңіз тепкінінде» деген атпен қабырға газетіне басылды, оны Бейімбет оқып, артық кеткенін көрді...

Ғабиттің бесінші мектебі – Омбы қаласындағы ауылшаруашылық академия. Оны қысқа түрде «Сибак» («Сибирская академия») дейді екен. Сол Сибакта Ғабит бір жыл, 1926–27 оқу жылы оқиды. Осы Омскіде Ғабит пен Құснидың тұңғыш қызы Энгелина туады. Бұл сол кезде дәстүр бойынша қойылған. «Энгельс» деген сөзден туған қыз аты. Бір интеллигент жолдасы ұсынған болар.

Сибактың бір-ақ курсын бітірген Ғабит, осымен «мектептерде» оқуын тоқтатып, жаңа ғана тәй-тәй басып келе жатқан Қазақстанның буынын бекіту үшін әр салада қызмет

етуге кіріседі. 1927 жылы Сәкен Сейфуллин мен Әліби Жангелдиннің рекомендацияларын алған Ғабит Коммунистік партия қатарына енеді де, одан кейінгі уақыттарда сол партиясының тапсырмаларын орындайды. Бүгінгі жастар дұрыс түсіне қояр ма екен, Ғабит өз адамының және өз даласының баласымын деп, қашанда осы өмірлік кредосынан ауытқымай өткен адам, Ғабит өмір бойы өз білімін заманына сәйкес дәрежеге келтіріп отырған кісі.

Осыдан кейінгі Ғабит жайындағы әңгімені таза анкеталық хронология ретінде ғана жазамын.

1927 жылдан Компартия мүшесі.

1927–1928 оқу жылдары – Ғабит Бурабайдағы орман техникумының оқытушысы. 1928–1932 жылдары – Қазақстан Мемлекеттік баспасының бас редакторы. 1933 жылы Қазақ АССР Оқу Халық Комиссариаты өнер секторының меңгерушісі. 1934–1935 жылдары алдымен «Қазақ әдебиеті», кейін «Социалистік Қазақстан» газеттерінің бас редакторы. 1936 жылы – ВКП (б) Қазақстан өлкелік комитеті баспасөз бөлім меңгерушісінің орынбасары. 1937 жылы – Қазақстан Компартиясы саяси-ағарту бөлімінің меңгерушісі. 1934 жылдан бері КСРО Жазушылар одағының мүшесі, 1938–1955 жылдары бірыңғай жазушылық еңбекпен шұғылданады. Бұл партиядан шығарылған кезеңі. 1956–1957 – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің органы «Ара-Шмель» атты екі тілде шығатын сатиралық журналдың бас редакторы. 1956–1961, 1964–1966 жылдары – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары. Айта кетейік, сол кезде Жазушылар одағы осы күнгі орналасқан сәулетті үйге көшеді. 1959–1985 – КСРО Жазушылар одағы басқармасының секретары. 1972 жылы – Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары. 1958 жылдан – КСРО Министрлер Советі жанындағы әдебиет, өнер және архитектура саласы бойынша Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитет мүшесі. 1960 жылдардан бері – «Европа мәдениеті» қоғамының мүшесі және Азия-Африка жазушыларымен байланыс жөніндегі Советтік комитет председательінің орынбасары. 1958 жылдан – Қазақстан Ғылым академиясының академигі. 1937, 1960, 1961 – Қазақстан Ком. партиясының I, X, XI съездеріне Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1958 жылы – СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. 1963, 1967,1971, 1975, 1980, 1985 жылдары – Қазақ КСР Жоғарғы Советінің депутаты. 1974 жылы – Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Председателі болып сайланды.

«Еңбек қызыл ту», «Халықтар достығы», «Қазан Революциясы», үш Ленин ордендерімен марапатталды, 1974 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

1970 жылы «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін Абай атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты болды.

1977 жылы «Суреткер парызы» кітабы үшін қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді.

1984 жылы «Қазақ ССР халық жазушысы» атағы берілді. Бұған қоса 20-дан аса әр түрлі медальдар, белгілер, құрмет грамоталарымен марапатталған.

Біздің облысымыздағы «Жамбыл ауданының (Благовещенка) құрметті азаматы» (диплом № 156) және «Петропавл қаласының құрметті азаматы» (диплом № 123, 16.03.72 ж.).

Ғабит Махмұтұлы Мүсіреповтің жазушылық еңбегін сипаттайтын аздаған мәліметтер келтіріп, мақаламды аяқтаймын. 1927 жылы жазылып, 1928 жылы баспадан шыққан «Әмірқан бидайығы» («Американский пырей») деген тұңғыш аудармасынан бастап, 1984 жылы басылып шыққан «Жат қолында» романымен аяқтаған Ғабит өзінің 59 жылдық жазушылық өмірінде қазақ тілінде әдебиеттің барлық жанрларын дерлік қамтыған 525 шығармалар мен мақалалар жазған. 1950 жылдардан бері жазушымен тығыз байланыста болған, оның шығармаларын баспаға дайындаған, библиографиялық көрсеткішін жасаған ғалым, филология ғылымының докторы, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Тіл және әдебиет институтының қызметкері Әбділхамит Құтқанұлы Нарымбетовтің жобалауы бойынша Ғ.М.Мүсіреповтің еңбектері 12 томдық жинақ болар еді.

Ғ.Мүсіреповтің шығармалары дүние жүзінің 34 тіліне аударылған. Солардың ішінде француз, ағылшын, бельгия, неміс, испан, венгер, вьетнам, монғол, т.б. тілдерінде. Орыс тілінде басылып шыққаны 295 шығармасы.

«Әлемдік әдебиет кітапханасы» деп аталатын 200 томдыққа қазақ жазушыларынан енген М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы мен Ғ.Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгімесі» ғана.

Бүгінгі күнге дейін Ғ. Мүсіреповтің әдеби шығармашылығына арналып жазылған екі монография бар (Х.Әдібаев және Н.Ғабдуллин), докторлық екі диссертация (Х.Әдібаев және С.Ашимханова), кандидаттық алты дис-

сертация қорғалған (Б.К.Ақбергенова, Н.Ғабдуллин, С.Қалиев, Ж.Молдағалиев, С.М.Төртқарина). Жалпы оның шығармашылық ерекшеліктерін 55 диссертант пайдаланған.

Осы мақаланың авторы Екпін Махмұтов – Ғабит Мүсіреповтің немере інісі, оның үлкен ағасы Хамит Махмұтовтың баласы. Ескі шежірелердің негізінде жазылған кітап-журналдардан, қариялардан естіп-білгендерімнен жинақтап жазған осы мақаламда кемістіктер кетуі әбден мүмкін. Сондықтан Ғабиттің туған облысында тұратын ескікөз, ескіқұлақтардан сұрайтын өтінішім бар: Ғабитің ата-тегі туралы, өз қара басы мен отбасына байланысты білгендеріңіз, мақалаға қосатындарыңыз болса, осы «Солтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы Бақыт Мұстафиннің атына хатпен хабарлассаңыздар екен. Мекенжай газеттен белгілі ғой.

Ғаділша ҚАҺАРМАНҰЛЫ, Мағжан ақынның туысы

Қыран биіктен шолады

Бұл 1975 жыл еді. Бір күні Торғайда тұратын туысым Қазыбек Зағыпаров келіп: «Оқжетпесте демалып жатырмын. Онда Ғабит Мүсірепов те бар. Сол кісі сені шақырып жатыр» деді. Барып сәлем бергенімде Ғабең қолымды босатпастан: «Атыңның неге Ғаділша деп қойылғанын білесің бе» деп сұрады. Мен Ғаділ деген сөз қазақ тілінде әділ деген ұғымды береді, ал ша парсыша шах деген сөз екен дедім. Ғабең бұл сөзіме риза болып, одан әрі өзінің Мағжан ағамызбен заманы бір жолдас болғанын, оның өлеңдерін жоғары бағалайтынын айта келіп, ақынның жазықсыз жапа шеккені орны толмас өкініш екенін білдірді. Сондай-ақ ол бұл жерде (Бурабайда) Мағжанның талай болғандығын, оның Ақан сері өмірінен тарихи очерк жазғандығын, «Көкшетау», «Оқжетпестің қиясында», «Батыр Баян» поэмалары да осы Бурабайдың баурайында туғандығын еске алды.

– Сенде ағаңның суреттері бар ма? – деп сұрады бір кезде ол менен.

– Бір көрінісі сақталған, – дедім мен.

– Қалай, көруге бола ма?

Мен Ғабеңе үйде кәрі шешемнің барын, ол кісінің Мағжанның туған жеңгесі екендігін айттым. Ғабең онда өзім барып қайтайын деді. Үйге келген соң шешеме Ғабеңмен кездескенімді, үйге шақырғанымды айтып, ертең келеді дедім. Жазушы ертесіне Сәкен Жүнісов екеуі үйге келіп, шешейге сәлем беріп танысты. Олардың сәлемін алып жатып, анам менен: «қайсысы төремді (ол кісі Мағжанды солай атайтын) іздеп келген» – деп сұрады. Мен Ғабеңді көрсеттім. «Келші қарағым, төремнің өзі болмаса да көзі екенсің, бетіңнен сүйейін» деп ол кісі Ғабеңе ілтипат білдірді.

Осы отырыста Ғабеңмен менің анам екеуі ұзақ әңгімелесті.

– Мағжанды ақтап алу біздің азаматтық міндетіміз. Ондай ақын мына жарық дүниеге көп келе бермейді деген ол маған қарап-өзіңнің архивіңде Мағжанның асыл қазынасынан сақталғандары бар ма? Болса маған бер, көшірмесі болса да архивімде жатсын. Мағжан түптің түбінде жарыққа бір шығар.

Ғабең менің кенже ұлымның аты Мағжан екендігін білгенде: «қалай сен қорықпай ағаңның атын балаға бергенсің» деп сүйсіне таңданып қалды. Мен ол кісіге ақынның аты өшпесін деп ұлыма осы атты қойғанымды

айттым. Әрі асыл жеңгеміз Зылиқаға осылай ұйғарым жасап отырғанымды, оны қалай көретінін айтып, хат жазғанымды да тілге тиек еттім. Ғабең аты қайырлы болсын деп батасын берді де, өзінің «Ұлпан» атты кітабын сыйға тартты.

Мағжанның фотосуретін көріп отырып, Ғабең осыны маған берсең қайтеді, мен үлкейтіп берейін деп қолқа салды. Әрине, өтінішін орындадым. Бұл Коммунистік партияның үстемдігі жүріп тұрған кез еді ғой. Мағжан әлі ақталмаған. Соған қарамастан, Ғабең Мағжанды елінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен, соны аңсап өткен ақын деп тайсалмай айтып, әруағына бас иді. Сол кездесуді еске алғанда Мағжанның мына өлеңі еріксіз есіме түседі:

Ертегі уатпай ма баланы да,
Сөз сыйқыр ғой, жазбай ма жараны да,
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған.
Еркімен өзі-ақ отқа барады да…

Бәрімізге белгілі, ол кезде үш кісінің басы қосылса, біреуі КГБ-ның тыңшысы болып шығатын. Әсіресе, 30-40 жылдары бала болсам да есімде, бізді қызылжардың көшесінен жүргізбейтін. Өзіміздің қазақтар-ақ: «әне, қасқырдың бөлтірігі, «халық жауының» інісі алашордашыл Мағжанның туысы» – деп көзге түртетін. Сол шолақ белсенділерді көргенде, кіруге тесік таба алмайтын едім. Осындай қорлаудан әбден зәрезап болып, шешемнің төркініне, Көкше жеріне 1946 жылы көшіп келдік. Содан кейін ғана еркін тыныс алғандай болдым. Осының бәрін Ғабеңнің жүрегі сезген де болар. Ғабеңнің кіршіксіз пейілі мені қатты қуантты. Бұл менің атақты жазушымен алғаш рет кездесуім еді.

Ғабеңнің тағы бір азаматтығын айта кетсем деймін. Мен кемеңгер жазушыдан Мағжанның ақталуына атсалысуын сұрағанымда, ол кісі көп ойланбастан келісімін берді. Кейін Ғабең Оқжетпестен аттанар шағында жүгі ауыр болғандықтан келесі бір келгенде алмақшы болып, біздің үйге артық заттарын тастап кетті. 1979 жылы Ғабең шілде айында Бурабайға тағы келгенде үйге телефон соғып: «Мен Оқжетпесте жатырмын, келіп кет» – деп хабарласты. Бұл жолы Ғазиза жеңгеймен бірге келіпті, ол кісі де мені жатырқамай, бірден шүйіркелесіп кетті. Ғабең екеуміз көлдің басына барып көп әңгімелестік. Былтырғы өзімен бірге ала кеткен суретті үлкейтіп әкелген екен соны берді. Одан кейін Д.Қонаевпен арнайы болмаса да кездескендігін, сол кезде

Мағжан жайын айтқандығын тілге тиек ете келе, аған түбі ақталады, сеніміңді жоғалтпа деді.

1980 жылы әскер қатарынан ортаншы ұлым Мұрат оралғаннан кейін Алматыға оқуға баратынын айтты. Мен оған Ғабеңе сәлем беру керектігін тапсырдым. Балам сол бетімен барып, оқу орнына құжаттарын тапсырған екен, бірақ әскери бөлімшеден жолдама керек болыпты. Ал әскери бөлімше болса қиыр Шығыста. Амалы қалмаған балам Ғабеңді іздеп барып, жағдайды жасырмай айтады. Сол кезде Ғабең баламның қалтасына қажетті қаржысын салып тұрып, қиыр Шығыстан жолдаманы алып келіп, оқуға түсуіне кеңес береді. Осы бір адамгершілігі, қиыншылық сәтте қол ұшын созғаны естен кетер ме. Бәлкім, бұл Мағжан ұрпағына көрсеткен жәрдемі шығар, ақын аруағын сыйлағаны болар. Қалай десек те ұлы адамның ісі бөлек екен-ау.

Сол жылы мен Қырғызстанға демалуға бара жатып, Ғабеңе сәлем беруге соққаным бар. Ғабең де жылы жүзбен қарсы алды. Шүйіркелесіп көп отырдық. Ол кісі ертеңгі күнде мұражай ашуға керек болар деген оймен өзінің кітапханасынан біраз кітаптарды еліне жібергенін айтты. Мен осы жолы Ғабеңе Мағжан ақынның біраз шығармаларын, атап айтқанда «Өтірік ертек», «Қойлыбайдың қобызы», «Көк теке», «Туған жерім Сасыккөл», «Батыр Баян» және басқа да туындыларының көшірмелерін ала барғанмын, соны бердім. Бұл менің Ғабеңмен соңғы кездесуім болды.

Жанат МАХМҰТОВА

Атам туралы есте қалғандар

Биылғы наурызда тоқсан жылдығы тойланғалы отырған қазақтың ардагер жазушысы Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов менің әкем Әшімнің туған ағасы еді. Біз ол кісінің әкесінің атын фамилия етіп алған екенбіз. Сондықтан әкем де, оның балалары біз де Махмұтовтармыз. Ғабит пен Әшімнің туған шешелері Дина әжемнің қолында (кенже ұлы болған соң, әрі елде тұрады) болып, мен туардан екі жыл бұрын қайтыс болған екен, зираты ауылда.

Біз кейінгі балалар әкемнің ағасы Ғабитті ата дейміз. Ауылға келгенде, әрине, інісінің үйіне түсетін. Сондықтан сәби шағымыздан бастап ондай ауыл, бүкіл сол төңірекке мерекелей қабылданатын құбылыс біз үшін үйреншікті болып кеткен. Дегенмен, ұлы адамның ұлылығы дараланып тұрады ғой. Жай кездегі қатар жүрген құрбыларымның өзі атам келген тұста менен төменшіктеп, ығыма тығылып қалғандығының өзі мен үшін дәрежемді арттырумен бірге жауаптылық салмақ та артатындай сезілетін.

Сондықтан болар атам неше рет келсе де оған деген ілтифат та, назар салу, ынталана тыңдау да ерекше еді. Жүріс-тұрысы, әр сөзі ғибрат екенін кейіннен білдік қой, дегенмен, балалық көңіл де өз қал-қадірінше көп жайды түйіп қалғанға ұқсайды.

Мен атамның бәйбішесі Құсни шешемізді де көрдім. Жасымда әкемдердің бәрінің үлкені Хамит атаның баласы Екпіннің қолында біраз болып, орта мектептің кейбір сыныптарын сонда оқығаным бар. Кейіннен Алматыға жоғары оқу орнына келгенде, көбіне атаның үйінде болатынмын. Ал ол кісінің өмірінің соңғы үш-төрт жылында үйлерінде бірге тұрып, кәрілік шағын қолдан күтіп, туыстық септігімді тигізуге тура келді.

Бұл жайларды тәптіштеп айтуымның себебі атам жайлы көрген, өз аузынан естіген, білген-түйгенімді қағазға түсіріп, қалың көпке ұсынуға қандай хақысы бар деп жүрмесін дегеннен туып жатыр.

Сөйтіп, мен атам жайлы есте қалғандарымды біртіндеп қағазға түсіруге бел будым. Мүмкін бұл өмірдің кішкене детальдары ұлы адамның бейнесін толығырақ танып-білуге септігін тигізер. Кімнің де болса бейнесі үй-ішілік кішкене тіршіліктен басталады ғой. Жазғанымның көркем туынды болмайтындығын алдын ала ескертіп, оқырман қауымнан кешірім сұраймын.

Балалық шағынан

Әлі күнге қаймақ жесем болды, атам есіме түседі.

1982 жылы ЖенПИ-дің кітапхана факультеті бойынша оқу бітіріп, институт жолдамасымен Алматыдағы А.С.Пушкин атындағы республикалық кітапханада жұмыс істей бастаған кезім еді. Сол жылы Ғазиза апай қатты наукастанып ауруханаға түсті. Мен солармен бірге тұрдым. Өйткені, екеуі де қартайған, күтетін адам керек болды да, (үй-жай шаруасына) мені қолдарына алған болатын.

Бірде таңертеңгі ас үстінде едік. Ғазиза апа ауруханада, екеуден-екеуміз. Ол кісінің піскен қаймақты сұмдық жақсы көретінін білетінмін. Ғазиза апайдан үйренгенім бар, соны істеп беріп, шай ішіп отырғанбыз. Ол кісі онша шешіліп сөйлей бермейді ғой, ал, кейде көңілі түссе шешіліп-ақ кетеді. Сол қаймақ жайлы әңгімелейтін күні таңертең кеседегі қаймағын тәбеттене жеп болды да, бас бармағын қайқайтып:

– Қызым, вот это чудо, класс! – деп өзімді бір мақтап алды да, (әлдене көңіліне қатты ұнаса, айтатын өзінің бір сөзі осы). – Мен саған осы қаймақ туралы жас кезімдегі басымнан кешкенімді айтайын, – деді.

– Ата, айтыңызшы, – деп мен тыңдай қалдым. Көзін сығырайта сәл ойланып:

– Ол кезде мен жеті-сегіз жас шамасында едім, қаймақ десе ішкен асымды жерге қоятынмын, – деп бір тоқтады, – шешем Дина сиыр сауып келген соң үйдің ортасында тұрған ошақтағы қазанға сүтті құйып пісіретін еді. Содан кейін бетін жауып қоятын. Мен ойын баласы болсам да сүт пісіретін уақытын, оның қаймағы қашан қалыңдайтын шағын аңдып жүретінмін. Сүт пісіріп, бетін жауып, өз шаруасымен жүрген шешем қаймақ қалыңдаған шақта үйден алысырақ кететін кезін аңдушы едім. Алысырақ шығып кетті-ау дегенде, жүгіріп келіп, қазанның бетін аша салып, бес саусағымды батырып, бар бетіне тұрған піскен қаймақты қомағайлана, сілекейім шұбыра жеймін-ай келіп. Соны аз ғана күн кәсіп еттім. Күнде жеймін, содан кейін дым білмегендей қайтадан ойын қуып кете беретінмін.

Біразға дейін шешем бұл кімнің ісі екенін біле алмай жүрді. Әсіресе, кешке дейін тұрған сүттің бетін айтсаңшы! Қаймағы тым қалың болушы еді. Бірде тағы осы әдетіме басып жатыр едім, шешемнің кіріп келмесі бар ма?

– О, антұрған, Ғабит, бәрін бүлдіріп, құртып жүрген сен екенсің ғой! Кімнен көрерімді біле алмай жүр едім, – деп шешем мені қуып жүр, мен құтылудың амалын іздеп

әлекпін. Бірақ қайтсе де мені ұстап алып, сабап тастады. Содан екі күн нәр татпай жатып алдым. Тамаққа шақырса да тұрмадым. Өзімнің істегендеріме емес, шешемнің ұрғанына ыза болдым.

Сондықтан ғой, шешем айтушы еді: – Бұл Ғабитті ашуландырмаңдар, бір ашуланды ма, ашуы тым қатты. Үш күн тамақ ішпеуге бар – деп өзі де мәз, мені де бір күлдіргені бар.

Сайтан «болуы»

Бірде жұмыстан келіп, кешкі тамақ ішіп болған кезіміз еді. Кейде кешкі астан кейін серуенге шығып кететін, не отырып жазуын жазушы еді, одан қала берсе кітаптардың суреттерін қарап отыратын. Бұл жолы кабинетіне кірді де тез шықты.

– Қызым, (мені осылай атаушы еді) бері келші, отырып әңгімелесейік, – деді.

– Тағы қандай қызық оқиға айтасыз? – дедім.

– Бұл өзімнің балалық кезімдегіден айтылмай жүрген сыр еді. Ол кезде мен тоғыз-он шамасындамын. Өзіміздің ауылдағы Әндіғожа деген картты білесің ғой, – деп бір тоқтатады.

– Иә, білемін, – дедім.

– Соның ағасы болатын, атын ұмытып отырмын. Сол кездің өзінде ол карт кісі еді. Ел жайлауға көшкен кез болатын. Жұртында тек ескі қорасы ғана қалған. Мен бір жұмыстармен сол жаққа бара қалдым. Күн кешкірген. Бір кезде алыстан арбаның салдырын естідім. Мойын созып қарасам, сол шал мен Әндіғожа екен. Қораларының сырғауыл, бөрене, тақтайларын бұзып әкетпекші ойы бар-ау деймін.

Осыларды бір қорқытып көрейінші деп, әлгі қораның ішіне кірдім де тырдай жалаңаш шешініп алдым. Ағайынды екеуі қораның үстіне шығып, ағаштарды бұзып ала бастады. Қора төбесі біраз ашылды. Олар мені, мен оларды ап анық көретін кез болды. Сол кезде даусымды өзгертіп қораның ортасына айғай салып жүгіріп шықтым. Әрнені былдырлап, бірдеңелерді айтып жатырмын.

– О, құдай, шайтан-шайтан! – деп әлгі шалымыз төбеден құлап түсті. Әрине, ала көлеңкеде мен оларға бір құбыжық болып көрінгендеймін ғой. Оның үстіне тырдай жалаңаш болсам, шайтан демей көрсін. Жапан түздегі иесіз қораға ауылдан кісі келеді-ау деген кімнің ойында болды дейсің. Содан алды-арттарына қарамай екеуі ауылға қарай зытты.

Сол оқиғадан кейін әлгі карт шошымалы ауру болды. Төсек тартып біраз жатты. Ақыры сол аурудан қайтыс болды.

Ауылға келген соң олар көргендерін айтып беріпті. Бар жұрт таңғалып жүрген.

Кейін шешеме айтып едім, «оны шошытқан мен едім, барып кешірім сұраймын» деген едім, шешем: «Құдай-ай, қарғыстан қорқамын, айта көрме, білмей өтсін», – деп бастыртпай қойды.

Міне, сонда осылай ойнаймын деп жүріп, ойыннан от шығарып алғанмын, – деді атам байсалды әңгімелеп.

Сөйтіп аз отырды да күрсінді:

– Міне, өмірімде тек екі ғана жан білесіңдер, – деп тоқтады.

Темекі жорығы

Атамның жастыққа басы тисе болды кор ете түсетін әдеті бар. Сөйтіп, ол кісі күніне үш-төрт рет ұйықтап алатын. Содан кейін жазуын түнде жазушы еді. Бастапқы кезде шаршап жүр ме екен бұнысы несі, жаңа ғана тұрған жоқ па деп ойлаумен болатынмын. Кейде таңертеңгі шайын ішіп бола сала «мен бір жатып тұрайын» дейтін. Сонда мен күліп:

– Ата-ау, тұрғаның жаңа ғана емес пе еді? – дейтінмін.

Ол маған қарап:

– Бұл менің жас кездегі әдетімнің жалғасы. Мен сұмдық ұйқышыл едім, – деп күлетін.

Содан мынандай бір жайды айтып берді.

Он-он екілер шамасында Самрат ағасы екеуі күз кезінде шөп шабуға шығады екен.

– Таңертең ерте тұрып кетеміз, – дейді, таңғы ұйқы қандай тәтті десеңші. Ол кісі насыбай ататын еді. Бірде насыбай бітіп қалып, мені өзіне шақырып алды да:

– Ғабит, Исаевкадағы тамыр орыстардан темекінің жапырағын алып кел. Егер алып келсең, ұйықтатамын, – деді. Шаршап маужырап жүрген мен келісе кеттім. Исаевка біздің шөп шабатын жеріміздің жеті-сегіз шақырым шамасы. Алып келдім, уәдесінде тұрып, ол кісі мені кешке дейін ұйықтатты. Темекі әкеліп берген сайын солай. Кешке үйге қайтамыз. Үйге келген соң мені мақтайды-ай келіп.

Солай бірнеше күн шөп шауып жүрдік. Насыбай біткен сайын мені жіберіп алып тұрды. Бұдан да жалығып шаршайды екенсің. Күніне он төрт шақырым әрі-бері жүру оңай ма. Содан бір кулыққа көше бастадым. Насыбайлық темекі әкеле жатып, жартысын жолда бір ағаштың түбіне тығып қоятын болдым.

– Ғабит, насыбай бітті, бар, алып кел, – деген кезде жүгіріп ала жөнелемін. Содан әлгі темекі тығылған ағаштың түбіне

келе салып ұйықтап аламын да, қайтадан уақыт болды-ау дегенде тұрып, ағамызға темекіні әкеп беремін.

– Ой, шаршадың ғой, енді жатып демал, – дейді ол.

Сөйтіп екі жеп биге шығып жүрдім, – деп күлді атам. Оны тыңдап отырған мен де мәз боламын.

Шайтан шақыру

Ол кісі жұмыс істесе, оның көңілін бұзып, ана-мынаны айтып мазаламаушы едік. Мазаласаң болды, өз басыңа сор тілеп алдым деп біле бер. Ол тынышын бұзған адаммен бірнеше күн сөйлеспей қояды. Үлкен кісінің тарапынан мұндай «жаза» көруден қиыны жоқ. Қашан жақсы қабағын бергенше пұшайман болып жүргенің. Сәл нәрсеге сонша пайым жандардың тұрмыс-тіршілігіне келе бермейтін бір қасиеттері болар деймін де қоямын.

Кейде ерте тұрып жазуына отырып қалады. Сол кезде шайға шақыру біз үшін бір қиямет. Кабинет жанына келіп біраз тұрамыз. Қазір сөз естимін-ау деп те ойлайсың.

Осындай қиын мінезіне біраз уақыттан кейін үйрендім-ау! Мінезін бақылап жүріп ақыры тапқан амалым мынау болды. Жазу үстінде бас көтермей жазады. Ал бір кесек ойын түгел қағазға түсіріп болған кезде басы да көтеріле бастайды. Әлгіндей бағып тұрамын да, қағазға нүкте қойған кезде барып ойын бөлемін. Міне, ол кезде:

– Ие, шай ішетін де уақыт болды, – деп орнынан тұрады. Мен де сәтті ісіме масаттанып, атамды қолтықтап шайға алып келемін.

Үнемі ұтылатын «хоккейші»

Атам спорт десе ішкен асын жерге қоюшы еді. Әсіресе, спорт біткеннің ішінде хоккейді ұнататын. Бертін келе Ғазиза апайды да сол әдетіне үйретіп алды. Екеуі қосылса болды, бүкіл үйді басына көтеріп айғайға басушы еді. Қандай команда ойнаса да екеуі екі командаға жақ болады. Кімнің командасы жеңілсе, сол ұтылғаны үшін айып есебінде ақша төлейді. Әрине, ол үшін екеуі алдын ала ақшаға бәс тігіседі. Екеуінің ортасында мен ішек-сілем қатып күліп отырамын.

Ғазиза апай қулау ғой, күні бұрын маған айтып пошта жәшігіндегі газетті әкеліп алады. Сондағы теледидардан берілетін бағдарлама бойынша берілетін хоккей ойынының жүйесін қарап көреді де, жақсы командасын өзіне таңдап алады. Содан кейін атама барады. Ол кісі атамды «көкесі» деуші еді.

– Көкесі, бүгін мына командалар ойнайды екен мынаған жақпын, – деп, шапшаң айта қояды.

Атам аузын да ашып үлгермейді. Қайтсін, қалған команда шама-шарқы қандай болса да сол кісінікі. Содан кейін ақырына дейін көріп, кейде атам жеңілетінін біледі де (ақша төлеу керек қой), «мен шаршадым, жатып демалайын» деп сылтау қылады. Онда апам, атамды жібермейді, «тым болмаса айыбынды төлеп кет» дейді. Атам көнбей, бұлқынған болады, ақыры зорға деп төлеп құтылатын.

Апамның тағы бір қулығы бар, кейде бір сырын білмейтін командалары болса, таңертең ертемен радиодан спорт жаңалықтарынан түнде қай команда жеңгенін алдын ала біліп алады. Ондай күндерде апам ерекше батылданып, көп ақшаға бәс тігісетін. Сөйтіп, апамның алдында атамның аңқаулығы көп болушы еді. Дегенмен, сырт қараған кісіге екеуінің осылай ойнап отырғаны тым қызық болып көрінеді.

Елге барғанда

Атам екі жылда бір, туған ауылы Жаңажолға барып тұратын. Онда өзінің туған інісі Әшім бар. Туған жерін, өскен ортасын, әлде бірге туған бауырын сағына ма кім білсін. Ол келген кезде ел түгел мәз-мәйрам болатын.

Көбінесе, ол жалғыз келмейді, бір топ жазушыны өзімен бірге ерте келетін. Әр сапарында әр түрлі ақын-жазушылар жанында жүреді. Осы жүрісі ертедегі нөкерлерімен жүретін қазақтың сал-серілері тәрізді десе де болар еді. Әр келген жолында елде тұратын құрдас, жолдас-жораларымен әңгімедүкен құратын. Әсіресе, атамның құрдастарына айтатын әзілдері жерлестерін мәз етуші еді.

Ал кеш түсе бастаса болды, бүкіл ауылдың кішкентай балаларын көшенің ортасындағы көк шөп үстіне жинап алып, бәйге, ат жарыс, күрес ұйымдастырады. Ат жарысы шыбыққа мінген балалардың жарысы. Кішкентай қыздарды билетіп, ән айтқызуды тым жақсы көруші еді. Ат бәйгесінен озып келгендерге, сол сияқты өзге де жарыстар жүлдегерлеріне өзінің арнап атаған, беретін сыйлықтарын күні бұрын дайындап қоятын.

Балалар да, кішкентай қыздар да бейтаныс адам екен деп атамнан қысылмай, бойларындағы барын салатын. Өйткені, атам ондайда үлкендерді еркін жібермейтін, алдындағыларды мысы басып отыратын қалпынан арылып, балаларға тым жақын болып кететін қасиеті бар еді. Сол дағдысын көрген біз атамның алдында өзімізді еркін ұстайтынбыз. Артынан сол кездесуді жыр қылып айтып жүретін ел адамдары дән риза болатын.

Сөйтіп елге келіп, өзі де, жұртты да мәз қылып, демалып қайтушы еді.

Шағын концерт

Атам кейде әлденеден ерекше көңілдене қалатын. Ондайда қасы аса керіліп, жүзіне жылылық ұялап, миығынан күлімсіреген күйге енеді. Ондай шақта атамның жүзіне қараудың өзі бір ғанибет.

Сондай көңілді болған кездерінде, жазудан қолы босай қалған шақта домбыра шертіп, ыңылдап өлең айтатын. Лирикалық әуен болғандықтан ба екен, ыңылының өзі құлаққа жұғымды-ақ. Қазір қандай ән екені есімде жоқ, әйтеуір мен естімеген бір әнді айтатын.

Бүгінде радиодан кең насихатының арқасында қазақ әндерін молынан естіп, көбінің макамын ұғып, өзіміз де ыңылдап айтып жүреміз. Бас қоскан жерлерде қосылып, жеке әндетеміз. әйтеуір біз естімеген әндер некен-саяқ. Ал, атамның әні мүлдем бөлек. Шіркін-ай, не жазып алмай, не үйреніп үлгермей қапыда қалғаныма өкінемін, мүмкін ол өз туындысы болар. Ондай адамдардың қалтарыс, құпиялары көп қой.

Кейде мені шақырып алып өзі домбырамен сүйемелдеп, маған ән айтқызатын. Әрине, мен әлім келгенше барымды салып айтып беруші едім. Сонда мені ренжітпейтін дей ме екен, «жарайсың, аз ғана отырыстарын да айтатын даусың бар екен» деп қоятын. Мен үшін сол бағасы ат мінгізген сыйлықтан кем болмайтын. Өзі домбырада сүйемелдеп, өзі бағасын беріп отырған атамның айтқаны қалың елдің мойындауынан кем емес еді. Сөйтіп, әкелі-балалы екеуіміз отырып шағын концерт қоятынбыз.

Бұтақ жорығы

Оның бір хоббиі ерекше мүсінді ағаштарды жинау еді. қай жерде демалса да көңіліне ұнаған, бір жанды, не жансыз заттарға, адамға ұқсаған ағашты кесіп ала келетін. Үйге келгенде, соны асықпай отырып жанып, мүсіндеп іліп, не сүйеп қоятын. Сөйтіп, көрмеге қойғандай жинай беруші еді. Қазір соларының жиырма шақтысы музейде сақталған.

Қазіргі өзінің музейі болып тұрған үйдің жанында қара қарағай өсуші еді. Бертін келе ол ағаш қартайды, қурай бастады. Бірақ сол кәрі ағаштың бір бұтағы бұл кісіге өте қатты ұнады. Өзі барып ол ерекше бұтақты кесіп алуға қорқады немесе ұялады. Әйтеуір, Ғазиза апай екеуімізді күнде кешке үгіттейді. Біз де тура барып кесіп алуға қорқып жүрдік.

Бірнеше айдан кейін Жамбыл қаласында ағасы Хамиттің баласы Екпін тұратын, құдай жолын оңғарып сол үйге келе

қалмасы бар ма. Енді атам өзінің көптен іске асыра алмай жүргенін сол кісіге айтып, «сен бірдеме ғып сол бұтақты қолыма түсіріп бер» деп үгіттеп, үйден екеуі бірге шықты. Көшеде біреу келе жатса болды, өзі қашып кететін көрінеді. Екпін «тым болмаса көрсетіп жіберіңіз» деп әзер жақындатып, ақыры сол ұнаған бұтағын үйге әкеліп тынды. Оны бірнеше күн әдемілеп жонып, өз қиялындағы мүсінге ұқсатып болғанша еңбектенді. Ол да үйде, экспонаттармен бірге сақтаулы. Ол кісі сұлулықты сүюші еді ғой, ағаштарына қарап, атамның сол бипаздығын еске түсіресің, бірінен-бірі өткен сондай сүйкімді таяқтар.

Келгендерді қабылдауы

Біздің үйге жазушы, ақын, журналист, студент сияқты әр түрлі келушілер көп болатын. Соның бәрі ол кісіден ақыл сұрайды, жазғандарын оқып береді де сынатпақ болады, жәрдем тілейді. Ондайға не ерінбейді, не жалықпайды тыңдай береді.

Әбден оқылып болған соң асықпай, баяу сөйлеп отырып ақыл-кеңесін айтады. Соңғы жылдарда көп адамдар атамның көңілденіп отырған кезін пайдаланып, өздері туралы жақсы лебіз жазылған қағаздарына қол қойдырып әкетіп те жүрді.

Ал, кейде көңіліне ұнамайтындары келсе, (біреуді ұнатпайтын мінез әр адамда болады ғой) қабағы ашылмай, дұрыс та тыңдамай, тез кетсе екен деп отыратын. Ондайда ұйықтағандай қабағы жабылып, төмен қарап отырады. Кейде орынсыз қимылдап, қақырынып та қояды. Келген адам атамның ондай сырын білмейтін бейтаныс болса, өз дүниесін өзеуреп оқи береді. қалай тыңдап отырғанына да көңіл аудармайды. әбден оқылып болған соң ғана басын көтеріп атама қарайды. Ал атам болса «уh» деп бір күрсінгендей сыңай танытады да, бір-ақ сөзбен қайырып қоя береді. Анау байғұс неден жазғанын білмей, пұшайман күйінде кете барады. Ол кеткеннен кейін «өзі бір көк мылжың» деп қоятын.

Ата жазған қағаздар

Атам өмірінде жеңіл әзілді (юморды) ұнатушы еді. Бір күні таңертең тұрсам үстел үстінде мынандай бір жазылған қағаз жатыр.

«Тәтесі!

Мынау саған Шалбарбайдан, таңертеңгі почтамен жіберіпті» деген жазуы бар. Осының алдында Ғазиза апай шалбарын қысқартып берген болатын, өзіне жоғарыдағыдай ат қойып алуы содан шығып тұр. Кейде көңілі түссе апамызды

«тәтесі» дейтін. Қағазды оқып Ғазиза апай екеуіміз мәз болып күлдік. Апай атамды біразға дейін солай атап жүрді. Әрбір айтқан сайын үшеу ара жымиысып қоятынбыз.

Кейде мен ұйықтап жатсам, ертемен тұрады да өзіне бір кітаптар керек бола қалса, мені оятып мазаламай, қажетті жұмысын қағазға жазып, үстел үстіне қойып кететін. Сондағысы мынадай қысқа ғана жазу болатын.

«Ж..

Мынадай кітапты кешке ала кел.

Атаң» деп керек кітабының атын толық жазып қояды, немесе әлгі жазылғанға қосымша «Назира апайыңа айт, осы кітапты тауып берсін» деген сөздер болатын. Қазіргі музей директоры Назира Қажиахметқызы Дәулетова ол кезде республикалық кітапхананың директоры-тын.

Жазу столы

Атамды бала жастан білемін десем де, күнделік тіршілікте көп жайларын біле бермейді екенбіз. Үйде бірге тұрған үш-төрт жылда соның біразын аңғардым.

Мысалы, ол кісінің өз басы қанша қылап болғанымен кабинетін жинауды ұната қоймаушы еді. Оның себебі, мен үстелінің үсті шашылып жатыр деп бәрін реттеп қоюшы едім, кейін білдім онысы өзінің жұмысына қарай қойғандары екен. Бір кітапты оқып, зерттеп отырады. Әр қағазға әртүрлі ойларын жазып қойып жатады. Тағы бір дүниесі бұрын жазылған қолжазбасы, соны үстінен стол үстінде жайылып жатады екен. Оларды көңілі түсуіне орай әрқайсысын әр кезде қарайды.

Жұмыс істерде қай қағазының қай жерде тұрғанын өзі ғана біледі, сондықтан оңай тауып алады да жұмысын жалғастыра береді. Ондай дағдысын білмеген мен барлық қағазды тап-тұйнақтай етіп жинап қоятын көрінемін.

Менен кейін ренжіп әр нәрсесін көп іздейтін болыпты. Содан мен кабинетті жинайын десем, «кабинетті жинасаң – жина, тек үстелге тие көрме» дейтін.

Балаларын күткенде

Атамның әсіресе, бір көңілденетін шағы балаларын қонаққа шақырған кезі. Ол кісі балаларын айына бір рет шақырып алып қонақ қылып жіберетін. Балалары деп отырғаным – Раядан туған екі қызы Гауһар мен Гүлнәр. Мен атамдармен бірге тұрған кезде олардың есейіп қалған шақтары.

Сол қыздары келеді дегенде таң атпай тұрып, өзі кербез кісі ғой, айнаның алдында бір сағаттай таранып-сипанып:

– Қай көйлегімді кисем жақсы болар екен? – деп жүргені.

Ондайда жүзінде шаттық ойнап, ерекше нұрланып тұратын. Үй ішінде де жайшылықтағыдай емес, жадыраңқы, сөзуар болып кетеді.

Ал қыздары келген соң тіпті өзгеріп, өзіне-өзі ұқсамай кететініне таңғаламын. Қашан солар кеткенше мәз болатын.

Шешем Сәтеннің айтқаны

1976 жылдың шілде айында атам қызы Райхан екеуі елге келіп демалып жатқан болатын, Ғабиттің ағасы Хамит атамның баласы Екпін де әйелі Бикенмен жазғы демалыста біздің үйде еді. Атамның келгендеріне бір күн болған, екінші күні Баязит ағай өзінен кейінгі інісі болатын. Ол кісі Қостанай қаласында тұратын. Көп жылдан бері сол қаладағы өлкетану музейінің директоры болып істеп, пенсияға кетті.

Бәрі сонда аттанып кетті.

Інісінің қазасын естігенде үнсіз сазара қалды. Еш адамға тіс жарып ештеме айтпады, көзіне жас алмады. Басын жоғары кекшите ұстаған күйінде машинаға мінді де жүре берді.

Қостанайға барып, мәйітті жерлеу үстінде де сол бірқалыптан таймапты. Шешем: «Осы кісі өте қатал ма, әлде беріктігі ме екен?» деп келді. Атамның осы кейпін кейіннен Махмұт тұқымынан өзге де қаза көрген тұстарда байқап, қайран қалатынбыз.

* * *

Сол жылы өлікті жерлеп, үйге қайтып келе жатады. Елден бірнеше жеңіл машинамен кеткен. Бірінші машинада атам, менің шешем – Сәтен және Екпіннің әйелі Бикен үшеуі ғана болды. Жолда, елге жеткенге дейін өзінен-өзі күңіреніп, қайталап «Зәуреш» әнін айтумен болыпты. Бұларға қосылыңдар дейді. Сонымен бұлар да қосылады. Сөйтіп Жаңажолға ең таяу Исаевка деген селоға жетеді. Ол жер біздің ауылдан жеті шақырым шамасында. Сол жерге жеткенде менің шешемді сынамақ болды ма екен:

– Ал, Сәтен, мына жерде жол екі айырылады, соның қайсысына түсеміз? – дейді. Әрине, машина жүргізуші бәрін біледі ғой. Шешемнен сұраған ұзақ жолдағы мезі қылған ойдан серпіліп, көңіл көтергісі келгені болар. Бір жағынан енді ел маңына жақындадық, ары қарай жолды білер ме екен дегісі келді ме екен, кім білсін.

Елден ешқайда ұзап шықпаған шешем, әрі ол жақпен жүріп те көрмеген ғой.

– Өзіңіз біліңіз, екеуінің біреуіне түсе салсаңызшы, – дейді. Атам бір мырс ете түседі де:

– Ие, Сәтен, Кәжімбай атаңа ұқсаған екенсің, – дейді.

Кәжімбай атамыз Махмұттың әкесі ғой. Ол сондай аңқау кісі болғанға ұқсайды. Барған жерінде мініп келген атын, не өгізін сол барған үйіне түскенде, келген жағына бұрын жатқызып қояды екен. Ондағысы кейін қайтқанда елдің бағытынан айырылып қалмауға жасайтын әрекеті көрінеді.

Сөйтіп, аталарының аңқаулығын айтып біраз күлісіп алады. Елге келіп туыстарға айтып, біразға дейін күліп жүрді.

Қос қолдақ нан

Алматыда атамдармен бірге тұратын кезім. Үйде екеуіміз ғана. Түскі ас ішіп отырғанбыз. Бір туралған нанды алды да, біраз нанға қарап отырып маған:

– Жанат, қос қолдақ керек пе, әлде солқылдақ керек пе? – деді. Мен ештеңе түсінбей «қос қолдақ» деген бір ауырырағы шығар деп ойлап:

– Әрине, қос қолдақ керек, – дедім. Біраз кеңкілдеп күліп алды да:

– Ие, біз де бала кезімізде солай түсінуші едік, – деді де, әңгімесін әрі қарай жалғады.

– Бала кезімізде нанға онша тоя қоймайтынбыз. Атамыз нанды турар алдында бізге осы сұрақты қоятын еді. Біз бәріміз «қос қолдақ», «қос қолдақ» деп шулайтынбыз. Олай дейтініміз, әрине, нанды көбірек, қалыңырақ береді ғой деп дәметкендіктен. Сөйтсек, оның мағынасы былай екен: «қос қолдақ» дегеніміз өте жұп-жұқа, ар жағынан күн көрінетіндей, бір қолмен ұстауға келмейтін, ұстасақ үзіліп кететіндей кесілген бір тілім нан екен. Оны тек қос қолмен ғана ұстау керек екен. Ал солқылдақ дегеннің бір қолмен ұстауға болатын бір тілім нан.

Сөйтіп, біз атамның бала кезіндегі сондай аңқаулығына біраз күліп алдық.

Қасқалдаққа шақырылған қонақ

Атам аңшы еді ғой. Жиі-жиі достарын ертіп аңға шығатын. Керек-жарағын Құсни апамызға дайындатып алады да бір-екі күнге аңға кетеді екен. Қанжығасына аң, құс іліксе тастамайды, ілікпесе жақсылап демалып қайтады. Үйге әйтеуір құр қайтпайық дей ме, бір қасқалдақ болса да алып келеді екен. Бір жолы сондай аңнан қайтқан кезі. Құсни анамызға:

– Құсни, сен жаңағы әкелген құсты аса ғой, мен Сафуанды бір қатырайын, – дейді. Сөйтіп Сафуан ағайға телефон шалады.

– Сафуан, сен тез біздің үйге жет. Мен бүгін көп олжаға кенелдім, елу-алпыс қасқалдақ атып әкелдім. Содан ауыз ти, – дейді. Сафуан ағай ол кісі айтты болды, тез арада желпілдеп жетіп келеді. Келсе Ғабең төсекте жатыр екен. Сафуан ағай келген соң тұрып, аңға қалай барғанын, соншама құсты қалай атып алғанын жыр ғып айтады. Әр қасқалдақты атқаны бір-бір әңгіменің эпизоды. Әбден ұйытып тастайды. Сафуан аға аузы ашылып тыңдайды. «Сонша құстан біз де біразын байланатын шығармыз» деп қояды. Құсни апамыз келіп тамаққа шақырады.

– Сауфан шырағым, жүріңдер, мына Ғабеңнің атып әкелген қасқалдағынан ауыз ти, – дейді.

Сөйтсе алдарына қойған жалғыз ғана қасқалдақтың еті. Құсни апай оның мән-жайын айтып береді. Сөйтсе елу-алпыс қасқалдақ әкелдім дегені аңнан бос қайтқаны екен.

Жер сілкінсе де қозғалмады

1983 жылдың 31 желтоқсаны, Жаңа жылды қарсы алып отырғанбыз. Алматыша сағат он екіде бір қарсы алдық та, енді Мәскеуше қарсы алуды тосып отырғанбыз. Үй тола қонақ.

Сағат үшті соққаны сол еді, жер сілкінісі басталды да кетті. Бәріміз асып-тасып үстел басынан өре тұра келдік. Ғазиза апам бәріне «босағаға тұрыңдар!» деп жатыр. Кейінге қарасам, стол басында тек атам ғана жалғыз қалыпты.

– Ата, тұрыңыз! – десем, үндемейді. Қайсарланып үнсіз отыр. Біреулері қалжыңдап «ол кісі жер сілкінгенді біліп отыр дейсің бе, үйдің шайқалғаны жаңағы шампанның қызуы деп отырған шығар» – дейді.

Ал атам болса сол тапжылмай отырған күйінде.

Қайтсек жанымыз қалады деп, есіктің босағасына сығылыса жармасып, жабысып тұрған бізге миығынан күле қарайды. Жер шайқалып жатқаны оның жырына да кіретін емес. Осыдан ол кісінің ештеңеден қорықпайтын, батырлығына таңқалдым.

Енші алыс

Тағы да екеуміз ғана. Ғазиза апай ауруханада. Таңертеңгі шәй үстіндеміз. Атамның келесі шәшкесіне шәй құя бергенім сол еді, бір шамба бетіне қалқып шыға келді. Бала кезімізде кімнің кесесіне шамба түссе, соған қонақ келе жатыр дейтінбіз. Осы жолы да сол ырымдау ойыма түсе кетіп:

– Ата, қонақ келе жатыр, – дедім. Ол кісі күлді де, бірдеңе ойына түсті ме, біраз ойланып отырып барып:

– Мен саған осы шамба туралы бір әңгіме айтып берейін. Осы шамбадан шығып жатыр, баяғыда шайға түскен бір шамбаның ақыры дауға айналып, ағаларымыз енші алысқан, – деді.

– Ата, айтыңызшы! – деп мен тыңдай қалдым.

Сондағы айтқаны мына төмендегі әңгіме еді:

1911 жыл, мамыр айы еді. Жұт қатты болды. Мал дегеннен елеулі ештеңе қалған жоқ. Атамыз Кәжімбай, әжеміз Мырзақыз кедей болды. Сол жылдарда бәріміз түгелімен Кәжекеңнің үйіндеміз. Оның балалары – біздің әкеміз Махмұт, оның інілері Самрат, Мақан, Ақан – таңертеңгі шәй үстіндеміз. Менің әкем Махмұт пен шешем Динаның сол жылдары бес ұлы, бір қызы бар. Олар: Хамит, Ғабит, яғни мен, Ғазиз, Баязит, Гүлсім, сенің әкең Әшім ол жылы әлі туған жоқ. Самрат пен Сақан да үйленген, әйелдері бар – олардың аттары Сахи, Разия. Самраттың бір жастағы қызы бар. Бірақ сол жылы жұтқа ұшыраған ба, байлардың есігінен қайтып келгелі айға жақын. Самрат Тыран деген байдың есігінде он жеті жыл, Мақан Тұртай деген байда он екі жыл, Ақан Байтас деген байда он-он бір жыл жалшы болды. әкеміз Махмұт аса шаруақор адам емес еді. Жұт болар жазда тамшы тамбаған құрғақшылық болды.

Сол жазда он шақты жылқы, бес-алты сиыр, жиырма шақты қой-ешкі бар еді. Дәл жұт тұсында қолда аман қалған мал шамасы қанша екенін мен анық білемін.

Қас қылғандай қазақтармен бірге орыстар да жұтқа ұшырады. Біздің әкеміз қысқа қарай өз малының бірін союға қимай, орыс қалаларынан қойдың құнына алуға болатын үш-төрт бас орыс жылқыларын әкеліп сойды.

Жоғарыда айтқан бар малға әзірленгені киіз үйдей ғана бір шошақ шөп болатын. Қысқасы мал дегеннен жұрдай болдық.

Екі бөлмелі балшық үйіміз бар, киіз үй біреу-ақ. әлгінде айтқан барша жан сол үйде тұрамыз. Сонша жан жиылып таңертең шай ішіп отырдық. Шәй дегеніміз шие ағашының тамыры, суға қайнатқан соң қына сары «шәй» болып шығады.

Біздің шешеміз Дина үй ұстауға шебер, қолы берекелі адам. қайдан табатынан білген емеспін, әйтеуір шие тамырына қосып бір күміс қасық кәуілгі шайдан өзін бірге қайнатады. Ол жылы шайдың шамбасын қыс бойы тастамаған болуы керек, ішетін «шайымыздың» бетінде көңіл аулау үшін қосылған шамба қалқып жүреді.

Шәйға берілетін тамақ бір-екі ащы, бір-екі тұщы

әжеміздің қорғауында болады. Нан тұқымынан қуырған бидайды әжеміз әркімге қасықпен бөліп береді. Көзіміз сол қасықта болады, шеше қолы жаңылмайды. Күндегісінен бір бидай артық, не бір бидай кем болмайды.

Бір уақытта Сәбит:

– Ойбай, қонақ келе жатыр! – деді. Қонақ келсе ол бір қуаныш қой, мен оның шашке табағына қарасам сойталдай бір шамба қалқып жүр екен. Денелі кісі көрінеді деп ойладым да:

– Мұса құда! – дедім мен. Біздің ұғымымызда шай бетінде шамба қалқып жүрсе, ол сөз жоқ келетін қонақтың хабаршысы. Менің әлгі жобалауымды ұнатпаған Сәбит:

– Мұса емес, Қойтеке құда! – деді.

Мұсаның қызы Разия жеңгеміз шап ете түсті.

– Мұсаны сағынып отырған кім бар дейсің осы үйде!

– Қойтеке күнде келіп, сенің мазаңды алып жүр ме еді? Неменеге қызғанып шап ете түстің! – деді Сахи жеңгеміз.

– Мұса да сенің бар-жоғыңа ортақтасып отыр ма еді? Өзің неге киліге кеттің?

Керіс басталды да кетті... Әрі-беріден соң, ақыл салып тоқтау айтып отырған менің шешеме екеулеп жабыла кетті.

– Саған айтудың канша қиындығы бар? Осы үйдің жарты тамағын бес балаңмен сен ішіп-жеп, жаның тыныш отырсың. Біз жалғыз басымыз аштан-аш жүреміз?

Қысқасы осы дау-дамай әңгіме кешке дейін үзілген жоқ. Әр еркек өз дәлеліне бейім бірдеме айтып қалады. Үш әйелдің үшеуі де әлденеше рет жылады. Жылап жүріп ұрысудан тыйылған жоқ. Сол күні жатар алдында төрт ағайынды жігіттер енші алысып тарасты, – деп атам әңгімесін бітірді де маған қарады.

– Міне, балам, шамбаның хикаясы осыған апарып соққан, – деп кеңкілдеп күліп алды. Оған қосыла мен де мәзбін.

Торай

(әкем Әшімнің айтқанынан)

Ертеректе Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов Басарық көшесінде (қазіргі Абай даңғылы) қарама-қарсы көрші тұрыпты. Көшенің шетімен арық ағып жатады екен. Бір күні кешке таман екеуі де үйден шыға қалса арықтағы суда тыпырлап торай жатқан көрінеді.

Есіне Ғабеңнің «Талпақ танауы» түсе кеткен Сәбең әзілдеп:

Өзі семіз мал екен,
Еті тәтті бал екен.

Мұны таңдаған Ғабиттің
Шын ырысы бар екен, –

депті.

Сонда Ғабең де жұлып алғандай:

Е, несі бар,
Ешкі тапса егізден,
Шошқа табар сегізден,
Қашатұғын қазақ па,
Сегіз бенен семізден, –

деп әзілге әзілмен жауап қайтарыпты.

Құданың қарымтасы

(Хамит баласы Екпін ағадан естуім)

Жетпісінші жылы болуға тиіс. Ғабең әдеттегінше ауылға келіп демалып жатқан болатын. Сол кезде Екпін де өз жанұясымен демалыста, ауылда еді. Суаткөл деген ауылда оның әйелінің әке-шешесі тұратын. Әкесінің аты – Сыралы. Сол Сыралы карт Ғабеңді, балаларын қоса қонаққа шақырды. Ол үйде қонақ болып, енді аттанғалы жатқанда Сыралы карт:

– Ғабең, сізге ат мінгізсем де көп емес. Бірақ қазір оны істемеймін. Мына келген көлігіңді, яғни машинаңды осы жерде тартып алсам, сен маған ештеңе дей алмайсың, – дейді.

Ғабең аң-таң болып жаңағы кісіге біраз ойлана қарайды.

Карт:

– Ие, карай түс, тіктеп қара, таныдың ба? – дейді.

Ғабең ойлана қарап біраз тұрды да:

– Сол сіз бе едіңіз? – дейді.

– Ие, мен едім, – дейді Сыралы карт.

Маңайындағылар бұл не жұмбақ деп таңырқауда. Ештеңе түсініп болмайды.

Сөйтсе, жағдай былай болған екен. 1919 жылы Ғабең военкоматта қызмет істеп, ауыл-ауылды аралап, елді бандылардан тазартып жүрген кезі. Сөйтіп, жанында бір жолдасы бар Суаткөл маңайындағы ағаш ішімен кетіп бара жатса, алдарынан отыз жеті-қырық шамасындағы бір аттылы кісі кезігеді. Әй-шайға қаратпай жаңағы адамның атын тартып алып өзін жаяу тастап кете барады. Ол кісі кейін өзінің құдасы болатынын, Ғабең ол кезде білген де жоқ еді. Міне, сол уақиға елу жылдан кейін қайтадан көз алдына тұра қалды. Сыралы карт соны ұмытпай осы уақытқа дейін есінде сақтап келген.

Сөйтіп, Ғабит атам құдасына ат-шапан айыбын төлеп құтылған көрінеді.

«Кір жумақ»

Түскі үзіліске келіп, атамды тамақтандырып болып, жұмысқа баруға жиналып жатқан болатынмын. Кетіп бара жатып, күндегі әдетімше:

– Ата, үйде боласыз ба, әлде бір жерлерге барып келесіз бе? – дедім.

Ол кісі маған көзін бажырайта біраз қарап тұрды. Ондағысы сынайын дегені болар. Мен бұл несі екен деп қалдым. Көңілім біраз қобалжып кетті. Әлде ұрсайын деп тұр ма екен, тағы нені бүлдіріп алдым екен деген ойлар сан-саққа жүгірді. Өзі ренжулі де сияқты. Сөйтіп біраз тұрды да:

– Жоқ, мен қазір кір жуамын, – деді. Даусы қатыңқы шықты.

Мен таңырқап қарап қалыппын.

– Ие, кір жуамын, – деп тағы қайталады. Менің таңырқағанымды ол да түсінген болуы керек.

– О не дегеніңіз? Қайдағы кір? – дедім. Әлі ештеңені түсіне қоймай.

– Көйлектерімді жууға бергеніме қанша күн болды, қолың тимейді екен, енді соларды өзім жуамын, – деді де ваннаға кіріп кетті.

Ие, расында бірер күн турасында бір-екі көйлегін тағы басқа заттарын жууға берген болатын. Мен әрі кітапханадағы жұмыс, әрі үй шаруасы, одан қала берді Ғазиза апай ауруханада жатқан, тамақ істеп алып соған жүгіремін. Сөйтіп, жүргенде тарс есімнен шығып кетіпті.

Ғабит ата өте таза, пақ, сырбаз адам ғой, күнде бірнеше көйлек ауыстырады. Бір жерге барайын деген де болуы керек, анау шифоньердегі көйлектерді кисе, олардың біреуі де ұнамаған болар. Сол себептен жууға берген көйлектерін іздеген. Шкафта ілулі тұрғандар арасында жоқ болған соң, кір қойған жерді қараған ғой. Сөйтсе әлі сол қалпы жуылмай жатқан. Соған ренжіген болуы керек. Сөйтіп, «сені осылай бір үйретейін» деген болар.

Қатты қысылдым. Соңынан ваннаға кірсем, ақыры көйлектерді суға салып жатыр. Әзер деп көндіріп, шығарып жібердім. Міне, содан кейін екінші рет айтқызбай, бәрін реттеп қоятын болдым.

Сондағы қатты ұялғаным-ай!

МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан..... 3
Мұхтар Әуезов. Реалистік драма жолында 5
Сәбит Мұқанов. Ғабит Мүсірепов туралы 11
Ғабиден Мұстафин. Ғабит туралы бірер сөз..... 26
Әлжаппар Әбішев. Жан дауыс..... 29
Дихан Әбілев. Өнеге 62
Әбділдә Тәжібаев. Ғабе, құлағым сізде! 72
Хамит Ерғалиев. Іні лебізі 76
Мұхаметжан Қаратаев.
Ғабитпен қауышқан шақтар 81
Дмитрий Снегин. Күрескер..... 91
Сафуан Шаймерденов.
Көңілдің кейбір пернелері 95
Қасым Қайсенов. Ғабеңе еріп 112
Зәки Ахметов. Терең таным, биік талғам 117
Серік Қирабаев. Ғабит Мүсіреповті еске алу 124
Зейнолла Қабдолов. Мүсірепов туралы сөз 140
Сырбай Мәуленов. Жол үстіндегі әңгімелер 150
Мұзафар Әлімбаев. Тарлан талант тағылымы..... 158
Тұрсынбек Кәкішев. Тәбәрік 172
Өмірбектің Жаппары. Сырбаз суреткер 206
Кәукен Кенжетайұлы.
Ұлы Ғабең туралы бір-екі ауыз сөз..... 214
Манаш Қозыбаев. Ғабеңнің аясында 219
Мүсілім Базарбаев. Ғабит Махмұтұлы жайында.... 230
Шериаздан Елеукенов. Толық адам 243
Ғафу Қайырбеков. Ағаның ауылында 257
Шерхан Мұртаза. Қаңтарулы қазанат 270
Морис Симашко Ғабит аға ғибраттары..... 278
Нығмет Ғабдуллин. Ғабит аға туралы 282
Герольд Бельгер. Кәрілік 305
Жұмағали Ысмағұлов.
Батырлыққа бергісіз батылдық 311
Ғалым Ахмедов. Ғабеңмен аңға шыққанда 324
Мұхтар Мағауин.
Менің жолымды ашқан – Ғабит аға 338
Рымғали Нұрғалиев.
Жал құйрығын сүзген жүйріктер..... 346
Сұлтан Оразалы.

Алыптар тобының соңғы сардары 356
Қоғабай Сәрсекеев. Өшпес өмір 392
Роллан Сейсенбаев. Өмірде де, өнерде де өнеге
өркейткен – Ғабит Мүсірепов 415
Әмен Әзиев. Ғабеңнің Күміскөлдегі күндері 428
Нұрғожа Ораз. Кемеңгер келбеті 444
Хасен Әдібаев. Алатаудың биігі-ай! 474
Әбділхамит Нарымбетов.
Тағылымы оның мәңгілік 485
Мыңбай Рәш. Ғибраты мол Ғабең 493
Ахмет Жүнісов.
Кербездігі де кереметінің бірі еді 503
Мүбәрак Жаманбалинов.
Отызыншы жылдардың ойраны 513
Зәкір Асабаев. Жадымдағы жаңғырық 520
Мәриям Мұқанова. Ғабит пен Құсни жайында..... 534
Раиса Мүсірепова-Мұхамедиярова.
Кездесіп еді сол бейне 539
Екпін Махмұтов. Ғабең – ел мақтанышы 544
Ғаділша Қаһарманұлы. Қыран биіктен шолады..... 570
Жанат Махмұтова. Атам туралы есте қалғандар.... 573

Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер

(екінші басылым)

Құрастырған – Сұлтан Оразалы

Редакторы Е.Мақажан
Корректоры Ж.Әбсадық
Беттеген Б.Айдынұлы
Дизайнері Е.Қожабаев

Басуға 08.10.2012 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$.
Офсеттік басылыс. Қаріп түрі Times New Roman. Шартты
баспа табағы 35.0. Есептік баспа табағы 37.0.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №7237.

«Алаш жолы» баспасы
050057, Алматы қаласы Радостовец көшесі, 152/6,
офис 515,
e-mail: alash-zholy@mail.ru
Баспа директоры – Еренғайып Қуатайұлы

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



ISBN 978-601-7401-01-6

9 786017 401016